

Женіс Сәдуақасұлы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Ғылыми-зерттеу, әдістемелік
еңбектер мен мақалалар жинағы*

Алматы 2017

УДК
ББК
С

Коркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
Ғылыми-әдістемелік кеңесі баспаға ұсынған.

Редакция алқасы:

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетенің профессоры
Б.Қасым, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетенің профессоры
А. Салқынбай, Қыздар педагогикалық университетенің профессоры
Т.Ермекова, ҚР БЖФМ А. Байтұрсынулы атындағы тіл білім институты грам-
матика бөлімнің мәнгерушісі **О. Жұбаева**, Мемлекеттік тілді дамыту инсти-
тутының директоры **Б.Қапалбек**.

Пікір білдірушілер:

Б. Шалабай – филология ғылымдарының докторы, профессор
Ж.Жақыпов – филология ғылымдарының докторы, профессор

Сәдуақасұлы Ж.

С Қазақ тілі мәселелері (Ғылыми-зерттеу, әдістемелік еңбектер мен мақа-
лалар жинағы). – 528 бет.

ISBN

Жинақта ғалымның әр кезеңде жазылып, мектептің және жоғары оку-
орындарының білім алушылары мен ұстаздарының игілігіне айналған таңда-
улы зерттеу және әдістемелік еңбектері, макалалары тоңтастырылған. Моногра-
фиялық зерттеу еңбектері, негізінен қазақ тіл білімінің морфология және
синтаксис салаларындағы өзекті мәселелерді жана теориялық бағытта шешү-
ге арналса. «Тілдік талдау практикумы» атты әдістемелік құрал ретінде да-
ярланған енбегі оку орындарының жиі сұранысына ие болған шығарма. Ал
макалаларының тақырыптары алуан-түрлі: олар – тілдің түрлі салаларына
байланысты көзқарастар, әдістемелік ұсныстар мен тәжірибелер, жеке тіл-
ші-ғалымдардың еңбектерін талдау, көркем әдебиеттің, жазушы-авторлардың
тілдік ерекшеліктері жайындағы пікірлер, қазіргі тілдік ахуал мен тілдік қол-
даныстар, терминжасам, жер-су атаулары т.б.

Кітап мектеп оқушылары мен студенттерге, ғылым жолына бет бүрған
магистранттар мен докторанттарға, маман ұстаздарға, жалпы қазақ тілінің
қыры мен сырына қаныққысы келетін кез келген оқырманға ариналған.

УДК
ББК

ISBN

© Сәдуақасұлы Ж., 2017

Теңізде туып, қырда өскен...
(қысқаша өмірбаяндық анықтама)

Ұлы Отан соғысы аяқталған жылдың қаңғаған қысы. Желтоқсан айының соңғы күндерінің бірінде Арап ауданының «Ұялы» ауылдық кенесінің «Балықшылар» колхозына карасты «Жалпақ» аталатын шағын мекенде балықшы Сәдуакас пен Зұлқияның отбасында дүниеге үл бала келеді. Соғыс аяқталып, ел-жүрт қуанышқа кенелген осы бір кезеңге сайн ерестенің аты Женіс деп қойылады.

Орталықтан қашықта орналасқан шағын ауылда бірден құжаттан-дыру кайдан болсын. Қыс өтіп, жол катынасы түскеннен кейін гана ауылдық кенеске жеткен эке төрағаның «өткен жылға толық жасқа ілінбейді, жаңа жылдың басына жазайық» деген ұсынысымен ұлының күәлігіне 19 кантар 1946 жыл деп жаздыrsa керек.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Женістің мектепке барап мезгілі де жетті. Сөйтіп 1953 жылы Ұялыдағы жетіжылдық мектептің 1-сыныбына қабылданады. Мектепке дейін-ақ жан-жақтан келіп, үде жатып оқитын туысқан ересек аға-апаларынан ертерек хат танып өскен зерек бала бастауыш сыйнапта да, кейінгі сыйнаптарда да өте жақсы оқиды.

1960 жылы жетіжылдық мектепті үздік бітіреді. Үл кезең Арап теңізінің тартылуы байқалып, елдің алды үдерे көшуге бет ала бастаған кез болатын. Алдымен соғыс кезінде жер аударылып келген шешен, қалмақ, кәріс, қырым татарлары, орал казактары, астрахандық қазақтардың басы 50-жылдары-ақ көше бастаған болса, балалары аудан орталықтарынан білім алғып, сол жақтан жұмыс тауып не окуға түсіп қайтпай қалғандарының отбасылары да көше бастады. Міне, осы тұста алдыңғы ағаларының бірі Қазалыдағы ауылша-руышылық техникумын бітіріп, сол ауданының Бозқөл кенешарына қызметте қалуына байланысты бұлардың да отбасы көштің басын сол жаққа бағыттаған.

Онда да орта мектеп болмағандықтан, басқа да бір себептерге байланысты болуы керек, оқуды Қызылорда қаласында бір ағайынның үйінде жатып жалғастыруға тиис болды. Жаңа жерге келіп, окуға қабылдану кезінде байқалады – оның туу туралы күәлігі кешіп-қону кезінде жоғалған болып шығады. Сондықтан, Кеңес дәуірінің «кеңшилігінің» арқасында Қазалы ауданының Бозқөл ауылында тұған деген ауылдық кенестен жаңа туу туралы күәлік алдыруға мәжбүр болады. Сол кезден бастап Женіс Сәдуақасұлы қағаз жүзінде осы аудандағы осы ауылдың тұмасы болып есептеледі. Сөйтіп, осы құжат арқасында 1960-1961 оку жылында Қызылорда қаласындағы F.Мұратбаев атындағы орта мектептің 8-сыныбына қабылданып, осында бір жыл оқиды.

Келесі жылы Қазалы стансасындағы № 420 (қазіргі № 70 Жанқожа батыр атындағы) орта мектептің 9-сыныбына ауысып, осында 1964

жылы орта мектепті тамамдайды. Мектептен мектеп ауысып окуына қарамастан, мектепті жақсы бітіреді.

Бұл кезде мектеп бітірушілерді, есіресе комсомолдарды, жолдамамен мемлекеттік құрылыштарға, өндіріс орындарына, ауылшаруашылығына жіберу дәстүрі бар болатын. Сөйтіп, Ж.Сәдуақасұлы комсомолдық жолдамамен жанадан ашылуға тиісті кеншардың орталығын салу құрылышына аттанады. Аудан орталығы Казалыдан Караплақстанға қарай 270 шақырымда орналасатын «Қызылқұм» атты кеншар орны төніз жағалауына жақын, бұрынғы өзі туған Ұялыдан 30-40 шақырымдай қызылдың ішінен белгіленеді. Осы жерде алғаш үйлер тұргызуға, мектеп, мәдениет үйін салтуға қатысады. Ақырында сондағы жанадан ашылған сегізжылдық мектепке мұғалім етін қалдырылады. Осында ол ұстаздықтың қыр-сырымен танысады, мектепті, кабинеттерді көрінекілік құралдармен жабдықтау, іші-сыртын сөндеу т.б. жұмыстармен айналысумен бірге, мектепте және ауылдық мәдениет үйінде көркемөнерпаздар үйрмесін құруға атсалысады.

Келесі жылдан бастап екі рет Алматыда оқуға талпынып көргенімен, жолы болмайды. Содан соң арман болған ару қала Алматыдан мұлдем қол үзуге тұра келген.

Әйтсе де оқысам, жоғары білімді болсам деген арман 1967 жылы Қызылорданың Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтына алып келеді. Мұнда да, конкурстан ете алмау қауп төнген. Осы кезде деңсаулығының нашарлығына қарамастан, касында жанашыр боп жүрген туған ағасы факультет деканына кіріп жағдай айтуда тәуекел етеді. Інісінің барлық жағдайын, есіресе оның үш жылдық мұғалімдік етілі бар екенін, колының сурет салу, плакаттар жазу, әр түрлі аспаптарда ойнап, ән салу көлетінің түсіндіріп айтқаннан кейін, декан оны кабинетіне шақырып, бірсызыра сынақтан еткізеді де, ертеннің конкурста колынан келгенінше көмектесетінін білдіреді. Сөйтіп, Женіс ертеніне филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша студенттікке кандидат болып ілінеді. Жарты жылдан соң барлық сабакты «5»-ке тапсырып студент катарына қабылданады, бірінші курстың қорытындысы бойынша үздік студент ретінде «Жамбыл» атындағы стипендияның иегері болады.

Осы кезден бастап Ж.Сәдуақасұлының институтішлік, қалалық комсомол үйымдарының қоғамдық жұмыстарына араласуы басталады. Осындей белсенді жұмыстардың арқасында 1971 жылы көктемде Алматыда өткен үздік студенттердің республикалық слетіне қатысады. Осы тұста Қызылорда топырағының тұмасы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті, академик Ш.Есеновпен кездесуін ол естен мәнгі кетпес ерекшеле құбыльыс деп есептейді. Ол кісінің қол таңбасы жазылған Ғылым Академиясы туралы кітап әлі күнге бойтумардай сактаулы. «Мүмкін, менің бұдан былайғы өмірімде ғылымға қарай бетбүрүс жасауыма осы кездесудің игі әсері болған шығар», – дейді Ж.Сәдуақасұлы.

Сонымен, 1971 жылы институттың үздік бітірген оны факультет де-каны филология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Е.Жұнісов ин-ститутқа ұстаз етіп қалдыруға қаншалықты тырысқанымен, оның реті келмейді. Дегенмен, көп ұзамай, 1972 жылдың қантарынан бастап қа-ладағы № 217 орта мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі қызметіне қабылданады. Осы мектептегі бес жыл мұғалімдік қызметінде Ж.Сәдуақасұлы білікті ұстаз, шебер әдіскер, үздік үйымдастыруши ретінде көзге түседі. Қалалық, облыстық оку бөлімдерінің, комсомол, кесіподақ комитеттерінің бірнеше мактагу грамоталарына не болады.

1977 жылы Ж.Сәдуақасұлы қаладағы № 11 Май атындағы орта мектепке директордың орынбасары қызметіне ауыстырылады. Мұнда да ол өзінің үйимдастыруышылық қабілетін жогары дәрежеде көрсеттіп, ұжым мүшелерінің, оку бөлімі басшыларының ілтишатына бөлене биледі. Дегенмен, ғылымға деген құштарлық оны екі жылдан педин-ститутқа ауысуға мәжбүр етеді. 1979 жылы әуелі пединституттың «Педагогика және психология» кафедрасына оқытуши болып қабылданады да, бір жылдан соң жаңадан ашылған «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен методикасы» кафедрасына ауысып оқытуши, кей-інірек аға оқытуыш қызметтерін атқарады.

1980 жылы институтқа лекция оқу үшін арнайы шақырылған Қаз-МУ-дың профессоры, филология ғылымдарының докторы Мархабат Томанұлы Томановпен танысусы жас маманның ғылыммен айналыссам деген арманың жүзеге асыруға себеп болады. Өйткені, факультет де-каны Н.Е.Жұнісовтің ұсынысымен ол М.Томановтың тікелей ғылыми шәкіртіне айналады. Осы жылдан бастап негізгі ұстаздық жұмысынан кол үзбей жүріп, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады және 1988 жылы «Қазақ тіліндегі етістіктерің жақ категориясы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын жогары дәрежеде қорғап шығады. Дис-сергатацияның бірінші оппоненті болған филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қалыбаева да, екінші оппоненті болған москва-лық филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.А.Чеченев те, шығып сөйлеген диссертациялық Кеңестің басқа мүшелері де дис-сергатацияға оң баға беріп, оның докторлық жұмысқа жалғасуына ұсы-ныс етеді.

Бұл енбектің жаңалығы, ғалымдардың бағалауынша, мынаған са-яды: «Сырттай қарағанда, жұмыс қазақ тілінде бұрыннан зерттеліп, белгілі болған тақырыпты қозғайтын тәрізді. Алайда, ізденуші мәсе-лені бұрын-соңды қазақ ғалымдары мүлде қадам баспаган жаңа қы-рынан қарастырган. Яғни, жақ категориясы бұл зерттеуде тек грам-матикалық тұлға, жіктелу парадигмасындағы форма түрғысынан ғана қаралып қоймай, оның сейлем құраудағы предикативтік қызметі, сол қызметі үстіндегі қатысымдық, стильдік қызметі, мағыналық ерек-шеліктері айқындалған».

Ж.Сәдуақасұлы 1987 жылы «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен методикасы кафедрасының» мемлекеттік мемлекеттік сыйнаптың, оны 1989 жылы «Қазақ тіл мен әдебиеті кафедрасына» аға оқытушы болып ауысқанға дейін атқарды. 1990 жылы Қазақ тілі кафедрасы мен мемлекеттік кызметтін атқарушы кызметтіне тағайындалды. Осы кезде А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінде мемлекеттік, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Есеновпен танысып, сол кісінің кеңесшілігімен докторлық жұмысын бастап та кеткен болатын.

Ғалым 1991 жылы доцент атағын алғаннан кейін, аталмыш кафедраның мемлекеттік кызметтіне сыйнапады. Ал 1994 жылы докторлық диссертациясын аяқтау максатында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтына аға ғылыми кызметкер ретінде ауысып, онда 1996 жылға дейін зерттеу жұмысымен айналысу наука жесінде докторлық диссертациясын толық аяқтайды. Сейтіп, 1997 жылы мамыр айында «Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын осы институттың Кеңесінде абыраймен қорғап шықты. Жұмысқа оппонент болған филология ғылымдарының докторлары, профессорлар А.Аблақов, Т.Сайрамбаев, М.Оразов жұмысты ете жоғары бағалады. Олардың пікірлерін кеңес мүшелері академик Ә.Қайдар, ғылым докторлары Е.Жампейісов, Р.Сыздықова, М.Серғалиев, К.Құсайинов, ғылым кандидаты, ғалым хатшы Н.Үәлиев т.б. ғалымдар жұмыстың теориялық жағынан да, практикалық жағынан да құнды екеин айтып, докторлық дәреже беруді бір ауыздан қолдады. Ғалымдар тілге тиек еткен жұмыстың бірнеше жаңалығы бар еді. Олар, біріншіден, қазақ тілі білімінде бұған дейін бір құрамды сөйлемдер жөнінде аталағаны болмаса, жеке-дара зерттеу нысаны болмаған. Екіншіден, осы кезеңде дейінгі синтаксис саласында сөйлем бір жақты, тек грамматикалық түрғыдан қаралып келсе, бұл жұмыста сөйлемнің құрылымы екі жақты – грамматикалық жағы мен семантикалық жағы түрғысынан бірдей қарастырылады. Үшіншіден, қазақ тіл білімінде бұрын-соңды сөйлем құрылымын арнайы ұлгімен беру үрдісі болмаған еді.

Ж.Сәдуақасұлы 1996-1999 жылдары Қорқыт Ата атындағы ҚМУДың «Қазақ филологиясы мен журналистикасы» болып қайта құрылған кафедрасының мемлекеттік кызметтін жалғастырды. 1999 жылдан кафедраның профессоры кызметтін атқаруда.

Ғалым 2002-2004 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің оку ісі жөніндегі проректоры кызметтінде болып, 2004 жылы Қорқыт Ата атындағы университетке қайта оралып, Қазақ тілі кафедрасын 2006 жылға дейін басқарды.

Ж.Сәдуақасұлы 2006 жылы Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті болып сыйнапады.

Ғалым қазақ тілі бойынша облыстағы бірден-бір ғылым докторы бола жүріп, көптеген қоғамдық жұмыстар да атқарды: ол – Абай атындағы Қазақ ҰПУ-і жанындағы кандидаттық (докторлық) ғылыми дәреже беретін Д 14.09.04 Диссертациялық кенес мүшесі (2005-2010); Коркыт Ата атындағы ҚМУ ғылыми кенесінің, факультет кенесінің, университет Ардагерлер кенесі бюросының және аттестациялық комиссияның мүшесі; Облыстық ішкі саясат басқармасы жанынан құрылған Тіл саясаты жөніндегі жұмыс тобының және облыстық Тілдерді оқыту орталығы ғылыми кенесінің мүшесі.

Ғалым Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырмасымен әр түрлі іс-шараларға қатысады (конкурстарда қазылар алқасының терағасы, мүшесі, тексеру комиссияларының құрамында т.б.), қала, облыс түргындарының алдында, халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі конференцияларда тілді жетілдіру, қолдану бағытында баяндамалар жасап, БАҚ құралдарында осы мәселе жөнінде өз пікірін білдіріп отырады, облыстық Мұғалімдердің белгілілігін арттыру институтында қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері жөнінде дәріс оқиды.

Ғалым 11 докторлық, 19 кандидаттық диссертациялық жұмысқа сарапшылық жасап, 70-тен астам докторлық және кандидаттық диссертацияларға пікір білдіру арқылы қазақ тілші ғалымдарының сандықта, сапалық та жағынан өсүіне зор үлесін қосып келеді.

Оның жетекшілігімен 1 ғылым кандидаты, 16 магистрант диссертацияларын қорғап, ғылыми дәрежелерге ие болды. Қазіргі кезде 2 докторантқа ғылыми жетекшілік жасауда.

Ж.Сәдуақасұлы өзінің осындай табыстарға жетуінде қазіргі кезде о дүниелік болған ұстаздары филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қоңыратбастың, ғылым кандидаттары, доценттер Н.Е.Жұпісов, М.Бимағамбетов, Н.Нұржанов, А.Шамшатова, Ә.Байжоловтардың зор үлесі бар екенін ешқашан естен шығарған емес. Олар туралы өз шәкірттері алдында болсын, кездесулерде болсын үнемі айтып та келеді, баспасөзде жазып та келеді. Өзін өмірден өткен осы ұстаздарының кафедрадағы «көзімін» деп есептейді.

Ж.Сәдуақасұлының 50 жылдан астам уақыттағы ұстаздық қызметінде білім беріп, тәрбиелеген шәкірттерін қазір еліміздің кез келген түкпірінен кездестіруге болады. Олардың дені ағарту саласында қызмет атқарып, ұстаз жолын жалғастыруда. Ұстаздан білім алып, ғылым докторлары мен кандидаттары атағын иеленген Алматы, Астана т.б. қалалардағы жоғары оку орындарында қызмет жасайтын шәкірттерімен бірге (ғылым докторлары З.Ерназарова, Қ.Есенова, ғылым кандидаттары К.Әбенова, Ж.Исаева, А.Әмірбекова т.б.) қазіргі кезде өзімен әріптес боп қызмет атқарып жүрген кафедра ұстаздарының да бірсызырасы, мәселен, филология ғылымдарының докторы М.Айтимов, ғылым кандидаттары С.Тайманова, Б.Боранбай, Қ.Қамзаева,

Ш.Елемесова, Ж.Исаева, Ф.Тұяқбаев, Г.Бекмағамбетова және бірсыншыра магистранттар өздерінің осындай дәрежеге жетулерінде ұстаздарының үлесі зор екенин мактап етеді.

Ж.Сәдуақасұлы көп жылғы ұстаздық қызметіндегі, қоғамдық және ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы табыстары үшін төмөндегідей марапаттауларға ие болды:

«ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісімен (1992), «ҚР-ның 10 жылдығы» төсбелгісімен және Елбасының «Алғыс хатымен» (2001), Елбасының екінші «Алғыс хатымен» (2005), «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен (2006), Қызылорда облысы әкімінің «Стипендиясымен» (2006), «10 жыл Астана» медалімен (2008), «Қызылорда облысына 70 жыл» мерекелік медалімен (2009), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен (2011), университеттің «Қорқыт Ата» атындағы алтын медалімен (2016), ҚР БЖФ министрлігінің «Ы.Алтынсарин» белгісімен (2016), ҚР Мәдениет және спорт министрлікінің «Құрмет грамотасымен» (2017), бірнеше рет Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет грамоталарымен», Облыстық мәслихаттың «Алғыс хаттарымен» марапатталған.

Ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмыстарының нәтижелері ғалымның 100-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерінде баяндалған. Оның негізгілері мыналар: «Қазақ тіліндегі біркұрамды сейлемдер. Монография». – Алматы, «Білім», 1996; «Қазақша іс қағаздары (әдістемелік нұсқау)». – Қызылорда, «Қызылордаполиграфия» ААҚ, 2001; «Қазақ грамматикасы (ғылыми басылым, ҚР ҰҒА А.Байтұрсынулы атындағы Тіл білімі институты». – Астана, «Астанаполиграфия» ЖАҚ, 2002 (авторларының бірі); «Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері (оку құралы)». – Қызылорда, «Тұмар», 2004; «Тілдік талдау практикумы (оку құралы)». – Қызылорда, «Қызылорда- Қанағаты», 2014; «Жіктік жалғау парадигмасы: синтаксистік және семантикалық қызметтері. Монография». – Қызылорда, «Қызылорда-Қанағаты», 2015; «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар (монография-окулық)». – Алматы, «МТД институты», 2016 (авторлар құрамында) т.б.


Сонымен, еліміздегі көзі тірі санаулы синтаксистердің бірі, қазақ тілі ғылымында өзіндік орны, ізі бар, әлі де болса шәкірт тәрбиелеуді өзінің мұраты тұтқан, танымал ғалым Ж.Сәдуақасұлына зор санаулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, 50 жылдан астам ұстаздық ғұмырындағы елеулі еңбектерінен құрастырылған осы жинағы жас ұрпақтың, қазақ тілі жанаышыларының, жалпы оқырмандардың іздел өкітін шығармасына айналатынына сенім білдіреміз.

*Ш.Бекмағамбетов – филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.*



I бөлім

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ және ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕР



ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БІР НЕГІЗДІ СӨЙЛЕМДЕР (*етістік бас мүшелі түрлері мен типтері*)

Кітапта казак тіл білімінде кейінгі кезге дейін жеке қаралмаған жай сөйлемнің ғылымда «бір құрамды» (біздінше – «бір негізді») деп аталағын түрлері жалпы тіл біліміндегі және түркітанудағы осы бағытта айтылған пікірлер мен жазылған енбектерді талдау негізінде айқындалып, анықтамасы белгіленеді. Бір негізді сөйлемдердің типтік түрлеріне белгілі, белгісіз, жалпылама және жанама жақты сөйлемдер енгізіліп, аталаған сөйлемдер ішінен етістік бас мүшелі түрлері құрылымдық және мағыналық түрғыдан сипатталады.

Енбек жоғары оқу орындарында оқылатын «Жай сөйлем синтаксисі» курсына қосымша ретінде ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге арналып ұсынылып отыр.

(Монография алғаш рет 1996 жылы «Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер (етістік бас мүшелі түрлері мен типтері)» деген атпен «Білім» баспасынан шыққан болатын. Үл басылымда «бір құрамды» термині «бір негізді» терминімен ауыстырылып беріліп отыр.)

Мазмұны:

Алғысөз.

I. Жай сөйлемдерді зерттеудің теориялық мәселелері.

- 1.1 Сөйлемді зерттеудің аспекттері жайында.
- 1.2 Сөйлемді оның басты сипаттары негізінде зерттеу

II. Бір негізді сөйлемдердің жалпы сипаты.

- 2.1 Бір негізді сөйлемдердің ерекшеліктері мен анықтамасы.
- 2.2 Бір негізді сөйлемдердің зерттелу жайы.
- 2.3 Бір негізді сөйлемдерді жіктелеу (классификациялау).

III. Бір негізді сөйлем түрлері: ерекшеліктері, жасалуы мен құрылымдық типтері.

- 3.1 Белгілі жақты сөйлем.
- 3.2 Жалпылама жақты сөйлем.
- 3.3 Белгісіз жақты сөйлем.
- 3.4 Жанама жақты сөйлем.

Корытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

АЛҒЫСӨЗ

Қай тілде болмасын сөйлем синтаксистін ең күрделі де сан қырлы нысаны ретінде танылып келеді. Жалпы тіл біліміндегі сөйлемді, оның құрылымдық сипаттарын зерттеудің «логикалық», «формалдық», «психологиялық» т.б. толып жатқан бағыттары мен алуан-турлі көзқарастардың пайда болуы және осы кезге дейін сөйлемге 250-ден астам анықтама берілуінің өзі – осының айғағы.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисін зерттеп, оны ғылыми жүйеге келтіруде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев тәрізді ірі ғұламалардың енбектері зор. Олардың бұл саладағы пікірлері мен тұжырымдары кейінгі салиқалы синтаксистердің (Ф.Демесінова, Қ.Есенов, Р.Әміров, М.Серғалиев, С.Исаев, Ә.Аблаков, Т.Сайранбаев т.б.) де, олардың шекірттері мен ізбасарлары болып танылған көптеген кейінгі ғалымдардың да ғылыми зерттеу жұмыстарына арқау болып, жалғасын табуда.

Сол бір аға ұрпақ жасап кеткен теніздей мұраға тамшыдай болып қосылар деген үмітпен жазылған бұл еңбек жай сөйлемнің бүрын-сонды аталып немесе белгілі себептермен аталмай келген кейбір типтік түрлерін «бір негізді» (бір құрамды, бір бас мүшелі) деген атаумен біріктіріп, тілдегі соны жаңалықтарды ескере отырып сипаттауға арналды.

Біраз жылғы зерттеу жұмысының қорытындысы іспеттес болып табылатын кітапта жалпы тіл білімі мен түркологиядағы сөйлем құрылымына қатысты зерттеу жұмыстары мен жеке пікірлерді талдау, оларды қазақ тіліндегі материалдармен салыстыру негізінде «бір негізді» сөйлемдердің «екі негізді» (кос құрамды, екі бас мүшелі) сөйлемдерден, жай сөйлемдердің басқа да құрылымдық түрлерінен (толымсыз т.б.) ерекшеліктері айқындалып анықтамасы берілді, тұлғалық және семантикалық ерекшеліктері негізінде топтастырылды. Осы топтастыру ынғайында айқындалған етістік баяндауышты сөйлемдердің «белгілі жақты», «белгісіз жақты», «жалпылама жақты» және «жанама жақты сөйлем» түрлері кітаптың негізгі тарауларына арқау болды.

Сейтіп, еңбектің атальыш тарауларында бір негізді сөйлемдер олардың типтік түрлері және құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері ыңғайында талдауға түсіп, бұл ерекшеліктер тілдік үлгілерге салынды.

Кітап жоғары оку орындарының филология факультеттерінде оқылатын «Жай сөйлем синтаксисі» курсына қосымша оку құралы ретінде қызмет атқара алады, сонымен бірге, ғалымдар мен ізденушілерге, мұғалімдер мен студенттерге, жалпы тіл сүйер қауымға пайдалануға жарайды деген ниетпен жазылды.

I тарау. ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІН ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ

1.1 Сөйлемді зерттеудің аспектілері жайында.

«Сөйлем – белгілі бір мағыналық және интонациялық тұгастыққа ие, грамматикалық тәртіппен байланыскан сөздер тізбегі ретінде көрінетін адамдар тілінің кіші бірлігі (единицасы). Сөйлем, сонымен бірге, қарым-қатынас единицасы бола отырып, ойдың да қалыптасуы мен берілісінің бірлігі ретінде тіл мен ойлаудың сәйкестігін көрсетеді. Сөйлем логикалық пікірмен қатысты, бірақ онымен барабар емес: әрбір пікір сөйлем түрінде беріледі. Бірақ кез-келген сөйлем пікірді білдіре бермейді... Сөйлем адам әрекетін білдіре отырып, оның еркі мен сезіміне қатысты эмоциялық, сезімдік ұғымдарды білдіруге де қызмет етеді. Сөйлемнің грамматикалық негізін шақ, жақ, модальдік категорияларының және хабарлау интонациясының жиынтығынан тұратын предикативтілік құрайды...» [1: 227-б.]

Синтаксистің ең басты объектісі болып табылатын сөйлемге берілген осы сипаттаманың өзі-ақ оның қаншалықты көп қырлы, күрделі тілдік құбылыс екенін байқатса керек. Сөйлемді арнайы зерттеудің екі ғасырға жуық тарихи жолында пайда болған іргелі-іргелі ой қорытындылары мен тұжырымдарға қарамастан, ол әрбір уақыт кезеңінде жаңа қырларымен көріне түсуде. Сөйтіп, бұрынғы идеялар жаңа идеялар мен көзқарастарға қаншалықты орын берген сайын, сөйлем бұрынғыдан да күрделене түсетін, ашылмай келген сырларын бұрынғыдан да көбірек көрсететін тәрізді.

Сөйлемді синтаксистің объектісі, негізгі категориясы ретінде зерттеу қолға алына бастағаннан-ақ, оның ең басты деген ерекше сипаттарын, белгілерін тауып, соны тірек ету барысында зерттеудің белгілі бір идеялық бағыттары, соған сай ғалымдардың басын біріктірген ғылыми мектептер қалыптасты. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін бастауын өте ерте дәуірдің философиясынан алғынан, одан соң орта ғасырдағы схоластикалық ғылымға ұласатын, кейінгі дәуірлерде де көптеген ғылымдардан жалғасын тауып келе жатқан логикалық бағыт үстем болды. Осыған байланысты тілдің грамматикалық құрылымы мен логикалық құрылымын бірдей деп қараша, ойға ең басты мән беру басым роль атқарды. Осы бағытты жақтаушылар (К.Ф.Беккер, Н.И.Греч, Ф.И.Буслаев) сөйлем мен ойдың немесе пікірдің айырмашылығын танымады, нақтырақ айтқанда, сөйлемді сөзбен берілген ой деп түсіндіруге тырысты. Осы негізгі концепцияға байланысты басқа да грамматикалық категориялар мен логикалық категориялар тенденстірліп қаралды. Мысалы, сонау алғашқы философтардан бері

қарай қолданылып келе жатқан ойдың құраудың негіздері болып саналатын «субъект», «предикат» деп аталағын логикалық категориялар грамматикалық (синтаксистік) категориялар болып танылатын «бастауыш» және «баяндауыш» ұғымдарымен бірдей деп есептелді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда бола бастаған психологиялық бағытты жақтаушылар сөйлемді ойдың көрінісі деп есептейтін логикалық бағытты сынға алды. Психологиялық бағыт сөйтіп логикалық бағытқа қарама-қарсы бағыт ретінде пайда болды (Бұл бағыттың негізін салған – Х.Штейнталь, ал оның Россиядағы қолдаушысы А.Потебня, А.Шахматов болды). Тілді зерттеудегі бұл жаңа бағыт бойынша, «тіл – адам психикасында пайда болған процестердің көрінісі». Осы бағытты жақтаушылар сөйлемді хабаршы санасында пайда болған белгілі бір ұғымдардың бірлесе қызмет етуін көрсететін психикалық құбылыс деп таныды. Олар сөйлемнің бас мүшелерін оның тұлғалық (формалық) белгілеріне қарай емес, адам санасында пайда болу мезгіліне байланысты қарап, «психологиялық бастауыш» және «психологиялық баяндауыш» деп атады. Өмір бұл бағыттың да кемшиліктерін көзінде дұрыс көрсетті. Сөйтіп, психологиялық бағыт тарих беттерінде қалды.

Сырттай қарағанда бір-бірінен өзгеше, тіпті, біріне-бірі қарама-қарсы пайда болған бұл екі концепцияға тән бір ортақ кемшилік бар еді. П.С.Кузнецовтың пікірінше, сөйлемді логикалық пікірдің, ойдың көрінісі деп есептейтіндердің де ортақ кемшилігі – олардың тілдік белгілерден аулақ болуы болды [2: 69-б.]. Осындаі пікірді И.П.Распопов та айтады: «Сөйлемді пікірдің көрінісі ретінде қарай отырып, қай бағыттағы тілшілер болса да – логикалық (К.Беккер, Ф.И.Буслаев) немесе психологиялық (Г.Штейнталь, Г.Гобелени, Г.Пауль, кейде Потебня) – айналып келгенде, функционалдық шарттарға (мағына, мән, айтылған сөйлем мазмұнының мақсаттылығы) жүгінеді. Бірақ бұл шарттарды қолдану қажетті дәлдікпен негізделмелі және бірізділік болмады. Сөйлемнің не үшін айтылатыны, оның анықтауыш және анықталушы құрылымдық жақтарының өзара қатынасы, сөйлемнің лексика-грамматикалық құрамындағы жеке мүшелердің қызметтері – осының бәрі көп жағдайда бұрмаланып көрсетіледі де, тілдік шындықпен алғашқы қақтығыстарда-ақ жарамсыз болып қалады» [3: 5,6-66].

Бұл екі бағытты да кезінде қатты сынап, оларға мүлде қарама-қарсы позицияда пайда болған формалдық (тұлғалық) тіл білімін қолдаушы бағыт болды. Бұл бағыттың негізін Москва университетінің профессоры Ф.Ф.Фортунатов салды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болған осы бағытты жақтаушылар кейін тіл білімінде аты әйгілі болған ғалымдар арқылы (А.Шахматов, А.Пешковский т.б.)ғылыми мектеп болып қалыптасты.

Бұл мектептің өкілдері тілді, оның басты единицасы (бірлігі) деп есептелеңді сөйлемді де грамматикалық құрылым (синтаксистік құрылым) тұрғысынан қарауды жақтайдын еді. Дегенмен, осы кездерде «сөйлемді және басқа да тілдік единицаларды талдауда функционалдық шарттар (критерийлер) тілдік құрылымның өзіндік ерекшеліктерін айқындауға толық мүмкіндік бермейді» деген көзқарастар пайда бола бастады да, синтаксисті зерттеушілердің басты назары енді сөйлемнің тұлғалық құрылымын оның мағынасынан тыс қарауға ауа бастады. Сөйлемнің семантикалық белгілерін ескеруден бас тарту тұлғалық бағытты ұстаушыларды «синтаксистік міндеті – сөз таптары мен сөз тіркестерін ғана айрықша тілдік единица ретінде қарау» деген ойға, ал сөйлемді осы сөз тіркесінің бір түрі деп есептеуге әкеліп соктырды. Сөйтіп, сөйлемнің қатысымдық (коммуникативтік) міндетіне сай мәселелер зерттеушілер назарынан тыс қалды.

Осы концепция бойынша, сөз таптары мен сөйлем мүшесі арасына немесе олардың формалары арасына тендік белгісі қойылды да, соның нәтижесі синтаксистік категорияларды морфологиялық категориялармен бірдей деп қарауға алып келді. Жалпы осы концепцияны (тұжырымдаманы) негіз еткен бірнеше бағыт өкілдерінің пікірлерін талдау барысында А.А.Холодович «бұл концепция синтаксис ғылымы үшін қауіпті болды» деген қорытынды жасайды [4: 218-б.].

Формалдық концепцияның осындай кемшілігін болдырмау мақсатында А.А.Потебня және оның идеясын жақтаушылар сөз таптарын басқаша топтастырады: сын есім, есімдік, зат есімдерді есім тобына топтастырады да, кимыл есімдерін етістіктерден бөліп алады, есімше мен көсемшені үsteулермен бір топтастырады [5: 67-б.]. Синтаксистік және морфологиялық категорияларды ажыратпай қарау салдарынан А.А.Потебня мектебі де сынға ұшырады.

Лингвистикалық құбылыстарды зерттеуге формалдық тұрғыдан қарауды батыстың да кейір лингвистикалық мектептері жоққа шығармайды. Мысалы, 30-50-жылдарда Әмір сүрген негізін американ ғалымы Л.Блумфильд қалаған *дескриптивтік лингвистика* деп аталатын мектеп өкілдері де, осы тұста батыс еуропада структуралистік лингвистиканың жарқын көрінісі болған, негізін Л.Ельмслев салған *глоссематиктер* де сөйлемнің формалдық жағына ғана назар аударады да, семантикаға көніл бөлмейді [6: 107,130-бб].

Синтаксис пәнін осылай түсіну дәстүрлі лингвистикаға да эсер етпей қойған жоқ. Тіпті соңғы жарты ғасырдан астам уақыт бойы орыс ғалымдары ғана емес, түркі тілдерінің мамандарына да синтаксисті зерттеуде үлгі болып келе жатқан акад. В.В.Виноградовтың өзі бұл көзқарастан құр алақан емес. «Сөйлемнің нақты мазмұны оны грамматикалық тұрғыдан зерттеудің материалы бола алмайды. Грамма-

тика сөйлемнің құрылымы мен типтік формаларын ғана зерттейді», – деп жазады ғалым өзінің 50-жылдардағы бір еңбегінде [7: 389-б.]. Осы теориялық қағиданы басшылықка алған түркологтардың басым көпшілігі осы кезге дейін сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу түрлерін айқындаумен, осы аталған синтаксистік бірліктердің (единицалардың) структуралық типтерін сипаттаумен ғана шектеліп келеді. Алайда, синтаксистің объектісі сөз тіркесі мен сөйлем құрылымын ғана зерттеумен шектелмейтінін уақыт көрсетіп отыр. Оның үстінен, жалпы тіл білімінде бұрын айқындалған көптеген мәселелердің казіргі кезде қайта қарауды қажет етіп отырғаны белгілі. Қазіргі кезде синтаксис ғылымы өзінің ауқымын зерттейтін нысандары тұрғысынан ғана емес, сол нысандарға қатысты арнайы өзекті мәселелер (аспектилер) мен зерттеу әдістері тұрғысынан да көніктенін атап көрсетеді И.Х.Ахматов [8: 9-б.].

Мысалы, Н.Ю.Шведова қазіргі синтаксистің зерттеуге тиіс нысандары ретінде негізгі бес түрлі тілдік бірлікті (единицаны) атайды. Олар – сөз формасы, сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін (текст). Ғалымның айтуыша, бұлар құрылымдық жағынан да, құрылымымен де өзара тығыз байланыста болып күрделі бір синтаксистік тұтастықты құрайды [9: 129-б.]. Қазір осы аталғандардың ішіндегі тек сөйлем мен мәтінді ғана тіл біліміндегі ең басты синтаксистік бірліктер деп тану жөніндегі көзқарастар басым екені анғарылады. Мәтін мәселесі соңғы жылдарда ғана зерттеу нысанына айнала бастағандықтан, оны жан-жақты зерттеу элі де алдағы уақыттың еншісінде. Бұның есесіне, мәтінді құрайтын сөйлемнің зерттелуеге тиісті қыры мен сыры элі де жеткілікті. Себебі, тек сөйлемнің ғана ете бір күрделі құбылыс болуына байланысты оған жан-жақты қарau талабы қажет еткендіктен де, дүниеге жоғарыда аталған, кейін де аталағын алуан түрлі бағыттар, көзқарастар мен пікірлер келді. Соңдықтан да қазіргі тіл білімінің басты ерекшелігі сөйлемді көп аспектілі, сан қырлы құбылыс ретінде танып зерттеу болып табылады.

Қазір тіл мамандарының барлығы да сөйлемнің көп аспектілі (көп қырлы) құбылыс екенін мойындауды және олардың басым көпшілігі өздерінің зерттеу еңбектерін сөйлемнің негізгі зерттеу аспектілерін айқындау проблемасына арнауда. Мысалы, В.Г.Адмони тілдік тізбектің көп салалығы («о многолинейности речевой цепи» – [10: 40-б.], грамматикалық құбылыстардың көпөшемдігі («о многомерности грамматических явлений» – [11: 35-б.], сөйлемнің партитуралық құрылымы («о партитурном строении предложения» – [12: 6-б.]) туралы идеяларды ұсына отырып, сөйлемнің жеті түрлі аспектісін көрсетеді: 1) логико-грамматикалық, 2) модальдық, 3) сөйлем толымдылығы, 4) жайылма сөйлеудегі сөйлемнің ролі (яғни, оның сөйлеу тізбегіндегі басқа

сөйлемдермен қатынасы), 5) сөйлемді актуалды мүшелеу атымен кең танылған сөйлеуші белгілеген танымдық құрылым, 6) сөйлемнің коммуникативтік міндеті (хабарлы, лепті, сұраулы) болуы, 7) эмоционалдығы [12: 6-б.]. Фалымның ойынша, бұл аспектілердің әрқайсысы сөйлемнің ең маңызды деген жақтарын сипаттайтын және зерттеу барысында әрбіреуі өте қажетті болумен бірге тығыз бірлікте карауды қажет ететін сөйлемнің грамматикалық компоненттері болып есептеді.

И.П.Распопов сөйлем аспектілерін былай бөлуді ұсынады: 1) конструктивті-синтаксистік және 2) коммуникативті-синтаксистік. Фалымның ойынша, бірінші аспект ыңғайында сөйлем өзінің құрылымы үшін негіз болатын белгілі бір типтегі синтаксистік конструкцияны сипаттайтын, ал екінші аспект бойынша сөйлем өзіне тән тұлғалық хабар беруушілік мағынасы бар бірлік (единица) ретінде көрінеді [13: 31-б., 3: 21-б.]. Сөйлем аспектілерін топтастыру жөніндегі П.А.Леканттың пікірі де осы қөзқарасты толықтыра туследі. Ол аспектілерді: 1) структура-синтаксистік, 2) коммуникативті-синтаксистік, 3) логика-синтаксистік деп бөледі [14: 4-б.]. Ал Н.Д.Арутюнова болса, «сөйлемнің алуан тұрлі сипатта болуы оның танбалылық сипатына байланысты» дей отырып, сөйлемнің номинативтік және коммуникативтік аспектілеріне баса назар аударады. Фалымның ойынша, сөйлем: 1) қандай да бір ситуацияны атайды (көрсетеді) және 2) сол ситуация туралы хабарлайды [15: 31-б.]. В.И.Кодуховтың шікірінше, егер аспект ұғымын онтологиялық деп түсінген жағдайда (яғни, тілдік бірліктердің басты белгілерін бөліп көрсетеу) оның екі белгісін – коммуникативтік және структуралық (құрылымдық) белгілерін атап керек. Ал қалған белгілер осы екі белгінің айналасына топтасады. Сондай-ақ, ол сөйлемнің бұл екі белгісінің де өзіндік тұлғалары мен мазмұндары бар екенин айта келіп, коммуникативтік дегенді тілдік формалар мен тілдік актуализацияның ойлау формасымен сәйкес келуі деп есептейді [16: 33-б.].

Сөйлем аспектілері жөніндегі пікірлер мен қөзқарастарды салыстыра отырып, В.В.Богданов бұл аталған аспектілер бірін-бірі толықтыратынын және аспектілерді белгілі бір атаулармен жіктеп көрсету шартты болатынын ескерте келіп, бұның себебі олардың бәрі де мәтінде (фалым сөйлем орнына мәтінді алады – Ж.С.) қажет және бір-бірімен байланысты болатынын айтады. Сөйтіп өзі де сөйлем аспектілерінің мынадай түрлерін атайды: 1) сез таптары, 2) синтаксистік қызметі (сөйлем мүшелері), 3) синтаксистік фразашілік байланыстар, 4) синтаксистік единицалардың орны, 5) сөйлемнің интонациясы, 6) сөйлемнің актуальды мүшеленуі, 7) фразааралық байланыстар және фразадан тыс бірліктердің құрылымы, 8) жеке сөйлемнің мағынасы. Аталған аспектілердің алдынғы бесеуі синтаксистік құрылымға тән,

соңғы үшесінде семантикалық құрылымға тән аспектілер деп есептеледі [17: 148-б.].

Сөйлем аспектілерінің бұлай сан жағынан болсын, аталауы жағынан болсын түрлі-түрлі болуы мамандардың «сөйлем аспектісі» терминін қалай түсінудеріне байланысты да болып жатады. Көпшілік ғалымдар бұл терминді В.Г.Адмонидің ізімен сөйлемнің «оны ерекше бір синтаксистік бірлік ретіндегі танытуға қажетті тұлғалық көрсеткіштерге ие болатын жақтары» деп түсінеді [18: 3-б.]. Ал сөйлем аспектілерін оның бірін-біріне қарсы қойып қарастыруға себеп болатын жақтары (ерекшеліктері) емес, бір тұтас нәрсениң өз алдына жеке қаралатын жақтары деп түсінген И.П.Сусов сөйлем аспектілерін алдымен екі үлкен аспектілер типіне (тұлғалық аспектілер және семантикалық аспектілер) бөледі де, тұлғалық түрін іштей сегіз аспекттіге, семантикалық түрін он екі аспекттіге бөледі [19: 61-б.]. Бұл жіктеудің ерекшелігі оның тым ұсақ түрлерге бөлінуінде болмаса, негізінен бұрынғы бөліністерде кездесін түрлер қайталанады.

Көріп отырғанымыздай, қазіргі тіл білімінде сөйлемнің ең қажетті деген қырларын (аспектілерін) анықтау жолында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Алайда, сөйлемнің аспектілерін анықтаумен шұғылдану негізгі де, басты да мақсат болмаса керек. Бұның өзі синтаксистік құрылыштың, әсіресе ең күрделі құбылыс ретіндегі сөйлемнің сан қырлы жақтарын анықтай отырып, тілдің синтаксистік бірліктеріне негізгі және жүйелі турде сипаттама беру болып табылады. Дегенмен, бұл жұмыстың шешімін табуда ғалымдардың үлкен киындықтарға кездесіп отырғанын жоғарыдағы іздемістерден айқын көруге болады. Ең басты киындық, М.Греппль айтқандай, зерттелетін объектінің орасан көлемділігі мен күрделілігінде, екіншіден, осы объектінің сипаттай аларлықтай нақты зерттеу әдісінің болмауында. Оның ойынша, қазірге дейінгі белгілі болған әдістердің қай-қайсысы да белгілі бір кемшін жақтарымен көрінеді [20: 4-б.].

Жоғарыда аталғандай, кемшіліктер тілдің жалпы синтаксистік жүйесін зерттейтін әдістерге ғана емес, соның бір бөлігін құрайтын жай сөйлемдерді зерттеу әдістеріне де тән [8: 18-б.]. Алайда, орыс тіл біліміндегі соңғы 20-30 жыл көлемінде пайда болған синтаксисті зерттеудегі табыстар, жай сөйлемнің де құрылымын жаңаша сипаттауға жағдай жасайды. Әсіресе бұған осы жылдар ішінде әр түрлі бағыттағы мектептер зерттеп дүниеге келтірген «сөйлем үлгісі (модель предложения)», «сөйлемнің жүйелі құрылуды (регулярные реализации предложения)», «сөйлем парадигмасы (парадигма предложения)», «синтаксистік деривация (синтаксическая деривация)», «синтаксистік үдерістер (синтаксические процессы)» деген ұғымдар зор мүмкіндік береді. Бұл ұғымдардың әрқайсысы және сөйлемнің алуан түрлі аспек-

тілері орыс тіл білімінде арнайы зерттеу нысандары болды. (Бұл туралы кітап сонында берілген Н.Ю.Шведова, Г.А.Золотова, Н.Д.Арутюнова, И.П.Сусов, Т.Б.Алисова т.б. ғалымдардың еңбектерін қараңыз).

Жай сөйлемді сипаттау үлгісі жөніндегі кейінгі кезеңдегі бір іргелі жұмыс – қазіргі орыс әдеби тілінің жай сөйлем синтаксисін сипаттауға арналған Н.Ю.Шведованаң жұмысы [21]. Бұл жұмыста жай сөйлемнің құрылымдық үлгісінің (схемасының) тұлғалық сипаттамасы беріліп, оның негізіне мынадай мәселелер алынған: 1) сөйлемнің тұлғалық (формалдық) және қызметтік (функционалдық) аспектілерін ажырату; 2) құрылымдық схеманы (үлгіні) өзіндік құрылымы мен мәні бар элементтарлық (қарапайым) үлгі ретінде тану, 3) предикативтіліктің жеке жақтарын көрсететін сөйлем формаларының (парадигмасының) жүйесі, 4) сөйлемнің грамматикалық және семантикалық құрылымы катеорияларының сәйкес келмеуі т.б. Бұл проблемалардың кай-кайсысы да кезінде баспасөзде көнінен талқыланып, айтыс-тартыстар туғызғанымен, жалпы алғанда, тілдегі үлкен жетістік ретінде қабылданды. Осы еңбектегі бірсыныра ұғымдар мен көзқарастар қазір ғылыми ізденістерде ғана емес, оқулыктарда да басшылықка алынып келеді [22: 49-113-бб].

Жай сөйлемді сипаттаудың жаңа үлгісін И.О.Москальская да ұсынды. Өз еңбегінде ғалым жоғарыда аталған синтаксистік жаңа ұғымдардың басын біріктіре, тұтастықта қарашаға тырысады [23: 84-б.].

Міне, жалпы тіл білімінде сөйлемді сипаттаудың жаңа үлгісін И.О.Москальская да ұсынды. Өз еңбегінде ғалым жоғарыда аталған синтаксистік жаңа ұғымдардың басын біріктіре, тұтастықта қарашаға тырысады [23: 84-б.].

1.2 Сөйлемді оның басты сипаты негізінде зерттеу

Жалпы тіл біліміндегі сөйлем синтаксисі жайындағы зерттеулердің талдау оның ең басты деген үш түрлі сипаты бар екендігін көрсетіп отыр: 1) сөйлемнің тұлғалық (формалдық) жағынан ұйымдасуы яки предикативтік конструкция ынғайындағы құрылымы (мұны формалдық немесе структуралық құрылым деп те атайды); 2) мазмұндық жағынан ұйымдасуы яки белгілі бір объективті шындықты білдіру ынғайындағы құрылымы (мұны семантикалық құрылым деп атайды); 3) хабар білдіру ынғайындағы құрылымы, яғни сөйлем арқылы берілген хабардың белгілі бір қарым-қатынастық мақсатқа лайық құрылуы (мұны коммуникативтік құрылым деп атайды) [24: 4-б.]. Сөйлем синтаксисін зерттеуші ғалымдардың қайсысы да бұл аталған құрылымдық түрлерді жоққа шығармайды. Олардың өзара тығыз бай-

ланыста қаралуға тиіс құбылыстар екенін де біледі. Бірақ, осы ерекшеліктерді бірлікте қараша кезінде біреуіне негізгі, басты сипат ретінде басым назар аударылады да, қалған ерекшеліктерінің сөйлем құрылымындағы рөлі өз мәнінде айқындалмағандықтан, теориялық жағынан қарама-қайшылықтар пайда болып, соның салдарынан жаңа, басқаша бағыттағы пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуына экеліп соктырады. Бұл жаңа бағыт сөйлемнің енді осы басқа сипатын үстем дәрежеде дөлелдеуге тырысады. Бұрынғыға мулде қарама-қарсы концепциялар ұсынады. Алғашкы бөлімде аталған бағыттар мен концепциялардың пайда болуы да осындағы қайшылықтарға байланысты. Алайда, сол эр түрлі аталған бағытты жақтаушылардың қайсысы болмасын сөйлем құрылымын бас мүшелердің *предикативтік қатынасымен* байланыстырады. Себебі, «*предикативтілік* – синтаксистің негізгі бірлігі болып табылатын сөйлемнің функционалдық ерекшелігін танытатын синтаксистік категория; хабарды шындыққа қатысты етіп, сол арқылы сөйлемді тілдік бірлік ретінде қалыптастыратын сөйлемнің ең басты, шешуші белгісі; синтаксистің құзырына енетін барлық бірліктерге сөйлемді қарама-қарсы қойып зерттеуге арналған категория» [6: 392-б.]. Осы анықтамадан предикативтіліктің сөйлемнің жоғарыда аталған үш түрлі сипатымен де тығыз байланысты, сол құрылымдық сипаттарды анықтайтын белгі екенін байқауға болады. Соңықтан да, сөйлем предикативтілігі жөнінде ғалымдардың көзқарасы мен түсініктері де олардың алған бағыттарына қарай ерекшеленіп жатады. Нақтырақ айтқанда, сөйлемді тұлғалық (структуралық) тұрғыда қарайтындар үшін предикативтілік – бастауыш пен бағыттың немесе синтаксистік бас мүшелердің қатынасы (байланысы), сөйлемді семантикалық құрылым тұрғысынан қарайтындар үшін – логикалық немесе бас мүшелер деп есептелетін субъекті мен предикаттың қатынасы, ал коммуникативтік құрылым ыңғайында зерттеушілер үшін – сөйлеу (выскаживание) мүшелерінің – тема мен реманың (актуальдық мүшелердің) қатынасы болып табылады. Негізгі тақырып жай сөйлемнің **бір негізді (бір құрамды)** түрі болғандықтан және мұндай сөйлем түрлері үшін де предикативтілік ортақ белгі деп есептелетіндіктен де, алдымен сөйлемнің құрылымдық сипаттарын предикативтіліктің қатысы тұрғысынан зерттеу мәселеісіне тоқтала кеткен орынды.

1. Ғалымдар сөйлемді **тұлғалық құрылымы** (немесе «структуралық құрылым», «формалды-логикалық құрылым», «синтаксистік құрылым» деп атайдындар да бар) тұрғысынан талдауда оны құрайтын компоненттерге синтаксистік сөйлем мүшелерін жатқыздады. Мұнда сөйлемнің дәстүрлі бес мүшесі екі топқа: тұrlаулы және тұrlаусыз мүшелерге бөлінеді де, сөйлемді құрауға негіз болатын ең басты екі

мүшес ретінде тұрлаулы мүшелер – бастауыш пен баяндауыш атала-ды. Бұлардың арасындағы байланыс (қатынас) предикативтік катынас ретінде қаралады да, ол сөйлемнің предикативтік құрылымының негізіне алынады. Ал тұрлаусыз мүшелер сөйлемді жасауға тікелей қатыспайтын, тек сол бас мүшелерді мазмұндық жағынан толықтыруши, анықтаушы мүшелер деп түсіндіріледі.

Осы бағыттағы ғалымдардың басым көпшілігі сөйлемнің предикативтік құрылымын белгілеуде синтаксистік категорияларға ғана емес, морфологиялық категорияларға да сүйенеді. Яғни, олар сөйлемнің ойға қатысты мазмұнын осы жалпы грамматикалық категориялардың бірлігі құрайды деп есептейді. Нактырақ айтқанда, олар сөйлемді таза синтаксистік категория емес, логика-грамматикалық категория ретінде де танып, оны ойлау мен тіл арасындағы қатынас негізінде түсін-діруге тырысады. Осыған байланысты, ойлау мен пікірді бір деңгейде қарастыра отырып, олар «сөйлемді құрайтын компоненттер логикалық компоненттерге (ойдың бөліктеріне) сәйкес келеді, сондықтан сөйлем пікірге де сәйкес келеді» деген принципті ұстанады. Мысалы, К.Г.Крушельницкаяның пікірінше, «Егер лексикалық мағыналар заттар мен құбылыстарды (адамдардан тыс объективті өмір сүретін және адамдардың субъективті түсінігі, сезімі ретінде өмір сүретін) білдірсе, ал грамматикалық мағыналарда заттар мен құбылыстардың арасындағы барынша жалпы қатынастар бейнеленеді», – дейді. Осы пікірі негізінде ғалымның сөйлеу мен ойлау (пікір) арасындағы, олардың мүшелері арасындағы қатынастарға көзқарасы айқындалады. «...Мен грамматикалық мағыналар да объективтік шындықтың жалпы көріністерін білдіреді деген көзқарасты құптаймын», – дейді ол [25: 217-218-бб].

Бұл тұжырым И.И.Мещаниновтың пікірімен сабактасып, бірін-бірі толықтырып жатқанын байқау қын емес. Ғалым былай деген болатын: «Субъект, предикат, атрибуттарды анық көрсететін мазмұн сөйлем құрылымында қандай қызметімен көрінсе, тілде де, сол қызметімен бейнеленеді.

Грамматикалық категориялар логикалық мазмұнға сай келе отырып, ездігінен грамматикалық формага ие бола алады» [26: 13-б.].

Кезінде ірі түркітанушылардың басым көпшілігі дерлік осындай пікірді қолдауға бейім болғаны белгілі. Әрине, олардың бәрі бірдей сөйлемнің предикативтік ынғайда құрылуын тек грамматикалық бас мүшелердің қатынасы ғана деп түсіне бермесе де, грамматикалық бас мүшелер мен логикалық бас мүшелерді бір-біріне сәйкес келеді деп түсіну ірі түркітанушы ғалымдардың көпшілігіне тән болды. Мысалы, Н.К.Дмитриев «кез келген сөйлемнің логикалық жағынан алғанда да, грамматикалық жағынан алғанда да екі полюсі – баста-

уыш және баяндауышы – болатынын, бұл екесінің бірлігінсіз сөйлем болмайтынын» айтса [27: 202-б.], А.Н.Кононов «сөйлемдегі ең басты нәрсе коммуникативтік қатынастың мүшелері ретінде субъекті мен предикаттың көріну», ал субъекті мен предикат синтаксистік тұргыдан «бастауыш пен баяндауышқа сай беріледі» деп есептейді [28: 382-б.]. Сондай-ақ, Н.А.Баскаков та «барлық сөйлем атаулы екі мүшелі болады» деген концепцияны жақтайдынын білдіре келіп, логика-грамматикалық тұргыдан қарғанда да, бұл екі мүшенин (логикалық бас мүше мен грамматикалық бас мүше – Ж.С.) бір-бірімен белгілі бір мөлшерде сәйкес келетінін ескертеді [29: 52-б.]. Фалымның ойынша, тұрлаусыз мүшелер сөйлемнің негізгі элементтерін құрай алмайды (бұл да сонда, 58-б.), бірақ «...пікір негізгі элементтен – субъекті және предикаттан (құрамына дәнекер де кіреді) тұрады; сөйлем осы құрылымын екі негізгі аймақ түрінде (бастауыш және баяндауыш аймағы) сақтай отырып, езінің даму процесінде сөйлемнің атрибутивтік мүшелер жүйесімен (анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш) толығып отырады (сонда, 182-б.). Бұл пікір мынадай түсінкіті анғартады: ойлау предикаты грамматикалық предикатпен сәйкес келеді, бірақ олардың айырмашылығы ойлау предикаттілігінің тұрлаусыз мүшелермен толығып отыруында. Сонымен, келтірлген пікірлердің қайсысы болмасын сөйлемнің құрылымын түсіндіруде олардың бас мүшелері – бастауыш пен баяндауышқа ерекше басымдылық беретінін көрсетеді. Сонымен бірге бас мүшелер арасындағы предикативтік қатынасты сөйлемнің логикалық мазмұнымен байланыстыра қарауга ұмытылуышылық та байқалады. Алайда, логикалық бас мүше мен грамматикалық бас мүшелерді сәйкес келеді деп түсіну және оларды (грамматикалық бас мүшелерге сәйкес келетін логикалық бас мүшелерді) сөйлемнің мазмұндық жағын бірден-бір ұйымдастыруши ретінде ұғыну, айналып келгенде тұрлаусыз мүшелердің рөлін жоққа шығаруға экеліп соқтырады. Осыған байланысты да Г.Г.Почепцев: «Формальды-логикалық негізде құрылған сөйлем мүшелерін тұрлаулы-тұрлаусыз деп бөлу сөйлем мүшелерінің сөйлемге қатынасы проблемасын шеше алмайды», – деп көрсетеді [30: 31-б.].

Шындығында да, кейбір кездері тұрлаусыз мүшелердің қажеттілігі сөйлемнің семантикалық (мағыналық) құрылымында бас мүшелерден кем соқпайды. Бір мысал келтірейік:

– *Кеие құдіретіңді аға сұлтан бол жүргізіп ең...* (М.Әуезов) Бұл сөйлем әдетте толымсыз сөйлем қатарында қаралып жүр. Егер осы бастауышы түсірлген толымсыз сөйлемді бастауышпен толықтырып, тұрлаусыз мүшелерінсіз бастауышты баяндауышпен тіркестірсек, бұл екі мүше жақтық жағынан қызықсанымен, мағыналық толымсыздық

айқын аңғарылады: «(Сен) жүргізіп ең...» – формалды-логикалық бағытты сынаушылар осы мағыналық жетімсіздікті тілге тиек етеді. Олардың ойынша, сөйлем мүшелерінің предикативтік қатынасы на құрылатын ең кіші сөйлемдік единицаның өзінде мазмұндық толымдылық болуға тиіс. Сыншылардың бұл ойы құптауға тұрарлық. Әйткені, сөйлемді тұлға мен мазмұнның бірлігі ретіндегі тұтастық ыңғайында қарау осыны талап етеді. Аталған сөйлемді осы жағынан басқа сөйлем мүшелерімен, әсіресе тұра толықтауышпен жайылмаландыру қажеттігі байқалады. (Сен құдіретінді жүргізіп ең). Сөйтіп, осы құрылым сөйлемнің негізіне алынады. Баяндауышпен пысықтауыштық қатынас құрайтын мүшелер де (кеше, аға сұлтан бол) белгілі дәрежеде сөйлем семантикасын толықтыра туғаседі. Әйтсе де, олардың сөйлемнің ең басты мазмұны үшін шешуші рөлі жоқ. Ал басқа бір сөйлемдерде бұл мүшелердің рөлі басым болуы әбден мүмкін. Мұндай ерекшелік, әсіресе, бір негізді сөйлемдерде жиі кездеседі. Жалпы, бұл кемшіліктің өзі баста «сөйлем атаулының бәрі екі мүшелі болады» деген қағиданы басшылыққа алушан туғаны айқын.

Қарашай-балқар тілі синтаксисінің маманы И.Х.Ахматов сөйлемді формалды-логикалық тұрғыда зерттеушілердің енбектерін талдай отырып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің де сөйлемнің семантикалық құрылымында белгілі бір дәрежеде қажетті жақтарының болатынын ескермеу басты қателіктердің бірі екенин, оның өзі түркологияда әлі де болса сөйлем семантикасын зерттеудің толық мәнінде болмай отырғанының әсері екенин айтады [8: 21-б].

Сөйлем мүшелері жеңіндегі аталған дәстүрлі теорияның тағы бір әлсіз жағы ретінде мынадай кемшілік аталады. Талдауга алынатын сөйлем мүшелері сөйлемнің ішінен алынғанымен, жалпы сөйлемге, оның мазмұнына қатыссыз, көбінесе олардың өзара тіркесу қабілеті тұрғысынан ғана қаралады да, синтаксистін басқа бір аспектің болып табылатын сез тіркесі синтаксисінен асып кете алмайды. Әсіресе, жоғарыда аталғаныңдай, тұрлаусыз мүшелердің тағдыры осындей. Олар сөйлемнің басқа мүшелерімен белгілі тәсілдер арқылы тіркесу қабілетіне ие бола алатын синтаксистік бірлік ретінде ғана қаралады. Ұған мысалды алыстан іздемей-ак, қазақ тілі синтаксисінің білгір маманы М.Балақаевтың енбегінен табамыз. Фалым сез тіркесі мен сөйлемнің өзара тығыз байланысты бірліктер екенин айта отырып, олардың өзіндік ерекшеліктері туралы мынадай тұжырым жасайды: «Сонымен, сөздердің синтаксистік қатынастары оларды (сез тіркесі мен сөйлемді – Ж.С.) ажыраттын басты белгі болады: атрибуция – сөздердің атрибутивтік, объективтік, пысықтауыштық қатынастары – бұлар сез тіркестері, ал предикация – бастауыш пен баяндауыштың қатынастары – бұл сөздердің сөйлем жасайтын тіркесі» [31: 75-б].

Бұл идея ғалымның 1992 жылы қайта өндөліп басылған оқулығында да қайталанады [32: 15, 16-бб].

Сейлем мүшелерін сөз тіркестерімен ауыстыруға болмайтынына мынадай себеп бар: сейлемдегі сөздердің тіркесуі, ондағы грамматикалық мағыналардың берілуі бір морфологиялық тұлғалар арқылы жүзеге асады. Ал морфологиялық тұлғалар еш уақытта синтаксистік категория бола алмайды. Сейлем мүшелерін семантикалық қатынастар түрғысынан қарау ғана оларды синтаксистік категория ете алады. (Бұл жөнінде алда кенірек айтылады).

Осы тұста М.Балакаевтың сейлемге берген анықтамасын да талдай кеткен артық болмайды. «Предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тізбегін сейлем дейміз», – дейді ол [32: 15, 16-бб]. Бұл анықтама ғалымның өзі көрсеткен сейлем белгілерінің барлығын дерлік (интонациядан басқа) камтыған: 1) аяқталған ойды білдіруі, 2) сөз тіркестерінен тұруы, 3) предикаттық қатынасты білдіруі. Анықтаманың ойға қатысты белгігінен басқасы сөз тіркесіне қатысты қаралғаны айқын. Ал «біршама ойды білдіруі» – сейлемнің мазмұнға қатысты жағы. Қазіргі тілшілер «сейлем ойды білдіреді» немесе «ойдың көрінісі болады» деген тұжырымдарды құттай бермейді. Оның есесіне, «сейлем ойдың тұжырымында көрінісі болатын пікірді білдіреді, сондықтан пікір мүшелері (субъект, предикат т.б.) синтаксистік мүшелерге кейде сай келіп, кейде сай келмей жатады» деген көзқарасты көбірек макулдайды. Ал сейлемді ойдың көрінісі ретінде қарау сол дәстүрлі формалдық грамматикаға тән болғандықтан да, тілде бұл бағытты кейде «формалды-логикалық» деп атап бар.

Сейтіп, бұл анықтама сейлемнің ерекшеліктеріне қазіргі жаңа пікірлер мен көзқарастар қоятын талапқа сай келе бермейтіні байқалауды. Оның үстінен, анықтамадағы «предикативтік қатынас» ұғымын ғалымның өзі айтқандай «бастауыш пен баяндауыштың қатынасы» деп түсінер болсақ, онда бұл анықтама сейлемнің барлық типтік түрлерін толық қамти алмайтын да тәрізді. Әсіресе, бұл бір негізді сейлемдерге сәйкес келмейді.

Қазақ тілі грамматикаларында ұзақ уақыт бойы беріліп келе жатқан анықтамалардың бәрі дерлік осы мағыналас болып келеді. Бұл айтылған сыни пікірлерімізді М.Балакаевтың жеке ғылыми көзқарасына, оның қазақ синтаксисін зерттеуге қосқан үлесінен күмән келтіргендік деп түсіну эsteтік болар еді. Бұл тіл ғылымы дамуының белгілі бір кезеңінде етек жайған, тамыры теренде жатқан, жалпы тұтас бір тілдік бағытқа тән, жаңа кезеңдегі соны ізденістер жарыққа шығарған кемшиліктер, тұтас бір ұрпакқа тән олқылықтар. Тіпті, мұны кемшилікке жатқызуға да болмас. Себебі, қазақ тілінің сейлем синтаксисін дамытудағы тарихи жолында бұның өзі жаңалық болатын. Сондықтан

М.Балақаевтың қазак тіл ғылымындағы сінірғен зор еңбегіне жалпыға бірдей бұл олқылықтар көленкे түсіре алмаса керек.

Қазіргі тіл білімі сөйлемнің формалдық құрылымы жөніндегі ілімді тұтастай жоққа шығармайды, қайта соған сүйенеді. Әсіресе, бұл бағыттың түркі халықтарының грамматикасын қалыптастыруда, дамытуда ерекше рөлі болды. Соңдықтан да сөйлем синтаксисін зерттеуши ғалымдардың белгілі тобы әлі де осы ішіммен айналысады, оны жана бағыттағы теориялармен байыта отырып, аталған кемшіліктерден корытынды шығаруға тырысады. Сөйлемді осы бағытта зерттеуши ғалымдардың соңғы ширек ғасыр көлемінде қол жеткен табыстарының бірі – сөйлемнің формалдық құрылымының үлгісін (моделін) жасау болды. Бұл жөнінде де алуан түрлі қөзқарастар мен әр түрлі белгілеу үлгілері бар. Бұнымен айналысатын синтаксис саласы «конструктивтік синтаксис» (түзілістік синтаксис) аталады. «Сөйлемнің құрылымдық үлгісі дегеніміз – хабардық ең кіші (минимальный) тәуелсіз, дербес боп құрылған дерексізденген үлгісі», – дейді Н.Ю.Шведова [21: 547-б.]. Бұл анықтама бойынша сөйлемнің құрылымдық үлгісінде оны жайылмаландыратын компоненттердің (тұрлаусыз мүшелердің) ешқайсысы енбейді. Сөйлем үлгісі тек «предикативтік минимум» деп аталатын ең кіші компоненттердің, яғни бастауыш пен баяндауыштардың (олардың мағыналық толымсыздығына қарамастан) өзара қатынасына негізделеді. Мысалы: «Мен жатырмын» және «Ол атқа мінди» деген екі сөйлемді алатын болсақ, формалдық құрылымы түрғысынан алдыңғы сөйлемдегі тәрізді соңғы сөйлемде де сөйлем неғізіне предикаттық қатынас құрайтын «Ол мінди» тіркесі алынады. Ал мағына жағынан келсек, алдыңғы сөйлем толық болғанымен, соңғы сөйлем толық емес. Мұндағы міну әрекеті міндетті түрде неге мінгендікті, яғни қымыл әрекестінің объектілік бағытын білдіретін сөзді қажет етеді. Мысалы, *атқа, машинага, столга* т.б. болуы мүмкін. Егер осыны Н.Ю.Шведова ұсынған құрылымдық модельге (үлгіге) салсақ, екі сөйлемнің де үлгісі $N_1 - V_f$ болып шығар еді. (Мұндағы N_1 – атап тұлғалы есім сөз, V_f – жіктелген етістік).

Міне, жоғарыда Й.Х.Ахматов атагандай, бұл бағыттың кемшілігі де осында: екі түрлі мағыналық құрылымдағы сөйлем, бір ғана тұлғалық құрылымда сипатталады. Н.Ю.Шведова ұсынып, орыс грамматикаларында пайдаланылған бұл үлгі (модель) сөйлемнің морфологиялық белгісін неғізге алып, сөйлем мүшелерін соған бағындырса (мысалы N_1 - атап тұлғалы зат есім, бастауыш V_f - жіктелген етістік баяндауыш), ал кейбір ғалымдар шартты белгіде әуелі сөйлем мүшесін алып, оның сөз табылық (морфологиялық) ерекшелігін соған бағындырады. Мысалы, түрік тіліндегі сөйлем құрылымы типтерінің үлгісін А.Н.Баскаров билай құрады:

1. П + С – құрылымдық типі (казакша: БС + БН). Мұнда бастауыш ретінде зат есім мен субстантивтеген басқа да (есім немесе етістік) сөз таптары, ал баяндауыш ретінде жіктелген етістіктер келеді. Бұл құрылымның іштей бірнеше түрлері болады.

1-түрі: Пи + Сг (БСЕс + БНЕт). Мұнда бастауыш кез келген есім бола алады, ал баяндауыш түрлі формадағы етістіктер болады. Мысалы: *Ит үреді. Бала жылады, т.б.*

2-түрі: Пг + Сг (БСЕт + БНЕт). Мұнда бастауыш – субстантивтенген етістік (көбіне есімше), баяндауыш – түрлі формадағы етістіктер. Мысалы: *Күган жетеді. Оқыган жыламайды, т.б.*

Үлгіде бастауыш пен баяндауыштың қай сөз таптарынан жасалғаны, олардың құрамы, компоненттері (морфологиялық) толық көрінеді [33: 85-95-бб]. Бұл үлгіде де тұрлаусыз мүшелер ескерілмеген. Яғни, аталған бағыттың түркологиядағы бірден-бір көрінісі осы үлгі болса, ол да жоғарыдағы үлгіден пәлендей ерекшеленбейді. Фалым осы үлгіні бір негіздел сейлемдерге де пайдалануға болатынын айтады.

Сонымен, аталған бағытты жақтаушылардың пікірінше, сейлемнің структуралық құрылымы дегеніміз хабардың ең кіші предикативті құрылымы болып табылатын бастауыш пен баяндауыштың қатынасына негізделген құрылымы болып табылады. Мұндай жағдайда грамматикалық абстракция басым рөл атқарады да, біrsызыра нақты тілдік фактілерді дерексіздендіруге тұра келеді. Атап айтқанда: 1) сейлеу жағдаяттымен байланысты сейлемнің коммуникативті ынғайда құрылуынан; 2) сейлемнің мазмұндық ынғайдағы құрылуының барлық фактілерінен [34: 610-б].

Қорыта айтқанда, сейлемді тұлғалық (формальдық) құрылым тұрғысынан зерттеудің мәні зор. Алайда оны жалаң, басым деңгейде емес, сейлемнің басқа сипаттарымен бірлікте қарау қажеттігін өмір көрсетеп отыр. Сондай-ақ, осы ерекшеліктерді өзара бірлікте қарау кезінде лексико-морфологиялық тұлғалардың синтаксистік-мағыналық ерекшеліктеріне де назар аударып отырудың рөлі айрықша. Мұндай ерекшеліктер сейлемді үлгілеп беру кезінде (модельдеу) айқын көрінуге тиіс.

2. Сейлем құрылымын тұлғалық (формальдік, грамматикалық) тұрғыдан зерттеудегі жоғарыда аталған олқылықтарды толтыру жолындағы ізденистер кейбір ғалымдарды сейлем құрылымын сейлеудің логикалық сипаты ретінде түсіндіретін актуальды мүшелеу принципін ойлап табуға алып келді. Осы идеяны жақтаушылардың ойынша, бұл тұлғалық (синтаксистік) принципке қосымша, сонымен тығыз байланыста болатын сейлем құрылымын зерттеудегі жаңа бағыт деп есептеледі.

Жалпы лингвистикада В.Матезиустың басшылығымен чех ғалымдары қолға алып дамытқан бұл ілім біздін дәуірдің 40 жылдарынан бастап шықты да, лингвистердің назарын тез аударды.

Осы бағыт көнестің дәуірі тұсында И.П.Распоповтың «Актуальное членение предложения» (Уфа, 1961) деген еңбегі жарықта шыққаннан кейін, орыс тіл білімінде өзінің көптеген қолдаушыларын тапты.

В.Матезиус тұлғалық (грамматикалық) және актуальды мүшелеуе принциптерін салыстыра отырып, олардың айырмашылығы, ең алдымен, курамында екенін көрсетеді. «Сөйлемді тұлғалық мүшелеудің негізгі элементтері грамматикалық субъект және грамматикалық предикат болып табылады. Сөйлемді актуальды мүшелеудің элементтері – бұл *сөйлеудің бастапқы нұктесі (негізі)*, яки *сөйлеу жағдаяты көзіндегі белгілі наරсе, сөйлеушінің не туралы айтқысы келгенін туsинуге болатын болігі* мен *сөйлеудің ядросы, яки сөйлеудің негізі (бастапқы нұктесі) туралы сөйлеушінің хабары*», – дейді бұл жөнінде ғалым [35: 239-б.]. Бұл анықтаманы қарапайым түсіндірсек, грамматикалық мүшелеу бойынша сөйлемнің тек екі бас мүшесі (бастауыш пен баяндауыш) сөйлем негізін құрайды деп есептелсе, яғни онда сейлемнің тұрлаусыз мүшелері сөйлем құраға қатыстырылмаса, ал актуальды мүшелеу принципі бойынша тұтас сөйлем предикативтік қатынас құрайтын екі мүшеге жіктеледі. Бұл екі мүше тіл ғылымында «тема-рема», «данное-новое», «логический субъект-логический предикат», «исходная точка и ядро высказывания» т.б. аталып жүр. Жалпы бұл идея сөйлемді (предложение) тілдік таңба деп түсінеді де, сөйлеуді (высказывание, речь) пікірдін, көрінісі ретінде қарайды. Ал пікір адамдар арасындағы қатынас құралы ретіндегі сөйлеу-сөйлесу арқылы білдірілгенде мәтінмен де, басқа да экстралингвистикалық сипаттармен де тығыз байланыста қаралады. Сөйтіп, сөйлеу сөйлеммен көп жағдайда тен түсіп жатқызымен, кейде олардың тен келмейтін жақтары да бар екені ескеріледі. Мысалы, сөйлемді тұлғалық құрылымы тұргысынан қарастырганда мәтінмен жағдаяттан тыс қарайтын болса, актуалды мүшелеу тұргысынан алғанда мәтін мен жағдаятқа тікелей сүйеніледі.

Сонымен актуалды мүшелеу принципі бойынша пікірдің (сөйлеудің, сөйлемнің) негізіне тема мен реманың арасындағы предикативтік қатынас алынады. Қазақ тіліндегі сөйлемдер арқылы бұны қалай түсіндіруге болады? Мысалы: *Бұл жолға Құнанбай бір жыл бұрын бекінген болатын.* (М.Әуезов) деген сөйлемнің грамматикалық бастауышы – *Құнанбай*, баяндауышы – *бекінген болатын*. Осы екі мүшениң арасындағы қатынасты сөйлемнің синтаксистік құрылымының негізіне алғатын болсақ, онда баяндаудың толық мазмұны берілмейді (*Құнанбай бекінген болатын*), тек грамматикалық бас мүшелердің арасындағы синтаксистік байланыс (жақтық, шақтық) қана бар. Бұ-

дан сейлемнің мазмұндық толымсыздығы байкалады. Яки субъекттің неге және қашан бекінгенін білдіретін тұрлаусыз мүшелердің жоқтығы осындай мағыналық толымсыздыққа алып келген. Бұл ерекшелік тұрлаусыз мүшелердің бас мүшелерден бөлініп қалтынан болып тұр. Ал актуальды мүшелеу бойынша: *Бұл жолға Құнанбай – баяндаудың, хабардың сөйлеушіге де, тындаушыға да белгілі бөлігі, яки темасы болады да, бір жыл бұрын бекінген болатын – хабардың жаңа белгілі – рема, айтушының жеткізуге тиісті, тындаушының білуге тиісті жаңалығы да осы болады.* Дәлдеп айтқанда, сөйлеуші тындаушыға өздеріне бұрыннан таныс Құнанбайдың осы жолға бұрыннан бекініп жүргенін жаңалық ретінде жеткізеді. Сонда, тема мен рема (немесе логикалық субъекті мен логикалық предикат) шекарасы интонация (бунақ арасындағы үзіліс – пауза) арқылы ажыратылатыны байкалады. Сонда сейлемнің тема белгілі бір екпінге ие болады. Осыған байланысты: «Актуалды мүшелеудің барынша әмбебап құралы – сейлем мүшесінің біреуін (немесе мүшелер тобын) интонация арқылы беліп көрсету. Мұндай интонациялық беліп көрсетуді кейде логикалық екпін деп атайды», – дейді М.С.Солнцев [36: 8-б.].

Сейлемнің коммуникативтік құрылымындағы интонацияның, екпіннің рөлі – қай уақыттан да проблемалық мәселелердің бірі. Орыс тілінде сейлемнің кез-келген мүшесін екпін түсіру арқылы сейлемнің предикативтік бас мүшесі етуге болады. А.А.Шахматов «Испуганная нами ворона взлетела на высокую липу» деген сейлемді психологиялық-коммуникативтік мүшелерге ажыратқанда, осы интонацияның рөлін баса көрсеткен болатын [37: 29-б.]. Ал А.М.Пешковский интонацияны баяндаушытық қатынас жасаудың бір тәсілі ретінде танып, оның шығу тегі жағынан логикалық та, психологиялық та, ритмикалық та болатынын көрсетумен бірге, интонация қандай типте болғанына қарамастан, баяндауыш категориясын жасаудың негізгі тәсілі болып есептелестиңін айтады [38: 176-б.].

Қазіргі лингвистикада сейлемді актуализациялаудың бірден-бір құралы, тәсілі – интонация делінеді де, соның ішінде көбіне логикалық екпін аталағы. Мысалы, Т.М.Ломтев: «Логикалық екпіннің міндеті сейлем мазмұнның логикалық тіркесімділігін (валентность) өзгерту емес, мазмұнның негізгі бір элементіне назар аударту», – деп, логикалық екпіннің сейлем мазмұндағы рөліне дұрыс баға берді [39: 21-б.]. Ал В.Е.Шевякова бұл пікірді үзілді-кесілді нақтылайды. Фалым интонацияны барлық сейлем атаулыға тән, онсыз сейлем болуы мүмкін емес дей отырып, оны сейлемнің бір белгісіне жатқызытынын білдіреді [40: 108-б.].

Ал кей ғалымдар логикалық екпінді сейлемнің міндетті түрдегі белгісіне жатқызбайды. Мысалы, И.П.Распоповтың ойынша, сейлем

ешқандай логикалық екпінсіз де айтыла береді. Ол сөйлемге арнаулы коммуникативтік, экспрессивтік-стильдік мән беру үшін ғана қолданылады [41: 43-б.].

Сөйлем интонациясы жөніндегі ғылыми пікірлерді талдай келгендеге, бұл мәселе төңірегінде де әлі шешімін таппаған мәселелер бар екенин көруге болады. Мұндай ала-құла көзқарастар түркітанушыларда да, соның ішінде казақ тілшілерінде де бар.

Казақ тілінде Р.Әміров сөйлемді актуализациялық мүшелеуде интонациядан ғөрі сөйлем мүшелерінің орын ауыстырудың зор мәні бар екенин айтады [41: 34-б.]. Әрине, қазақ тілінде, басқа да түркі тілдері тәрізді сөйлем мүшелерінің белгілі тұрақты орын тәртібі бар деп есептеледі және олардың орын ауысуы сөйлем мазмұнына өзгеріс әкелетіні бұрыннан айтылып жүрген, тіпті, өткен ғасырдың 50-жылдарында (Н.Х.Демесинова – 1958) арнайы зерттеу нысаны болған мәселе [42]. «Казіргі қазақ тілінде» (М.Балақаев, Т.Қордабаев): «Сөздердің сөйлемдегі орын тәртібін өзгерту – қалайда сөйлем мағынасын түрлендіруге есер етеді», – деген пікір айтады да, авторлар мұндай орын ауыстыруларды «инверсия» деп атайды [43: 169-б.]. Бірақ авторлар осы құбылыстың сөйлемнің логикалық мүшелеріне әсерін көрсетпейді. Осы тұрғыдан келгендеге, Р.Әміровтің сөйлеуші сезін өзінің қарым-қатынас жасау мақсатына лайықтап, ойын тартымды, ойнақы және хабардың өзін құрайтын жаңа бөлікті айқындалап жеткізу мақсатына сәйкес құратыны жөніндегі пікірін жаңа бағытқа қадам basу деп түсіну қажет. Себебі ол – казақ тіл білімінде сөйлемді логикалық ерекшеліктері тұрғысынан сипаттау жөнінде алғаш пікір айтушы және ол жөнінде өз көзқарасын батыл дәлелдей білген ғалым [44: 34-б.].

Жалпы тіл білімінде сөйлем мүшелерін актуальдандыруда олардың орын тәртібін өзгертуді жоққа шығармайды. Бұл негізінен жалғамалы (агглютинативті) тілдерде мүмкін деп есептеледі. Ал орыс тіл сияқты (флективті) тілдерде пікір мазмұнын интонация айқындалады. Соңдықтан бұл тілдерде сөйлем мүшелерінің орын тәртібі шешуші рөл аткара бермейді. Ал түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де, жоғарыда атап өткенніздей, сөйлем мүшелерінің қалыптасқан орын тәртібі бар деп есептелеңдіктен, кез келген сөйлемнің мүшелерін қалай болса солай орын ауыстыра беруге болмайды. Мұндай сөйлем интонация жағынан да тұрақты болады. Бұл тұрақтылық қазақ тілінде екпіннің баяндауыштың алдындағы сөзге немесе баяндауыштың тікелей өзіне түсіуімен айқындалады. Осыған байланысты сөйлемге айтушы тарағынан түсірілетін семантикалық салмаққа сай оның грамматикалық бастауышы орын өзгертіп, реманың құрамына енүі мүмкін. Мұндай жағдайда логикалық субъекті кез келген тұrlаусыз мүше болады да, ол грамматикалық бастауышпен позициялық жағынан сәйкес келмейді деп

есептеледі. Ал грамматикалық бастауыш орнын өзгертуеген жағдайда, тема позициясында болады да, бұл екі бас мүше бір-біріне сай келеді деп есептеледі. Мысалы: *Үй ішіндегі үлкендер / бала мінезіне сүйсініп қалды* (М.Әуезов). *Асқардың олай еткенін / ешкім сезген жок* (С.Мұқанов). Мысалдардан көріп отырганымыздай, қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің ішіндегі ең орны жағынан тұрақтысы баяндауыш болып табылады. Осыған байланысты сөйлем мүшелерін актуальдандырудың қандай жағдайында болмасын ол (баяндауыш) өзі үнемі актуальды мүше болады. Бұл жайды Р.Әміров былай түсіндіреді: «Басқа түркі тілдері тәрізді қазақ тілінде де баяндауыштан басқа мүшелерді актуальдандыратын бір ғана позиция бар. Ол – баяндауыш позициясы. Ал баяндауыштың өзі арнаулы актуализациялық тәсілді қажет етпейді. Ол өзінің табиғатынан барлық уақытта хабардың жаңа бөлігін білдіріп отырады. Соңдықтан баяндауыш өзінің тұрақты орнында тұрганда барлық уақытта коммуникативтік белсенділікке не болып отырады» [44: 36-б.]. Мысалы: *Бұл кеңеске Донғелек саз жайлайынан келіп кіріскең Серікбай еді* (М.Әуезов). – деген сөйлемнің бастауышы болатын Серікбай сөзін автор әдей есімшемен (*кіріскең*) ауыстыру арқылы баяндауыш етеді де, оны рема құрамына енгізу арқылы тындаушы назарына басқа мүшелерден гөрі айрықша ілінуіне жағдай жасайды. Нактырақ айтқанда, автордың мақсаты – кеңеске қатысқан адамның басқа емес, тек Серікбай екенін білдіру, яғни айтайын деген ойдың басты жаңалығы да осы болады.

Сөйтіп, сөйлемді коммуникативтік құрылымы тұрғысынан зерттеу дегеніміз, сөйлемді адамдардың пікір алысу құралы ретінде қолданылғанда болатын логикалық байланыстар ынғайында зерттеу болып шығады. Нактырақ айтқанда, сөйлем құрылымын тема мен реманың (логикалық субъект – логикалық предикат) предикативтік қатынас ретінде тану болып есептеледі.

Сонымен, сөйлемді сөйлеуге теңестіріп қараудың да синтаксис үшін өзіндік мәні бар. Себебі, біздің сөйлемдеріміздің басым көпшілігі белгілі бір хабарды білдіретіндіктен, көбіне сөйлеумен сәйкес келіп жататыны белгілі. Осы ынғайда сөйлемді зерттеу кезінде оның актуальдық сипаттары да, яғни коммуникативтік құрылымы да ескеріледі. Әсіресе, бұл сөйлем мүшелерінің позициялық орналасуында, соған сай семантикалық құрылымдағы өзгерістерді айқындауда байқалады.

3. Сөйлемді тұлғалық құрылымы тұрғысынан зерттеу немесе тек коммуникативтік құрылымы тұрғысынан бір жақты қарау лингвистикалық теорияның синтаксистік жүйесін, соның ішінде сөйлемді жан-жақты зерттеуде толыққанды жетістіктерге жеткізе алмайтыны белгілі болған сайын, ғалымдар тілдік единицалардың мағынасына (мәніне) назар аудара бастады. Бұл лингвистердің алдына тілдік еди-

нициалардың таңбалық сипатын зерттеу мәселесін қойды. Өйткөні, «тіл – адамдар қоғамында олардың коммуникативтік әрекетін жүзеге асыратын, тілден тыс фактілерді жинақтап көрсетуге арналған таңбалар жиынтығынан тұрады» [8: 24-б.].

Бұл ілмінің басты сипаты, тілді мағынасыз тұлғалардың жиынтығы емес, оны нағыз ойдың мазмұнына толы тұлға ретінде тану болып табылады. Осының негізінде «таңбалар жиынтығынан тұратын» тілдің ең кіші мағыналы белгіне нені жатқызу керектігі жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі айтыстар болды. Солардың ішінде А.М.Мухин, Н.Ф.Пелевина, К.Г.Крушельницкая, А.В.Суперанская, Т.С.Клычков т.б. ғалымдар тілдің ең кіші мағыналы белгі ретінде морфемаларды таныды. Мысалы, осы көзқарастағы Н.А.Слюсарева «морфема – белгілі бір таңбалылық қасиеті бар – яғни мағынаның иесі болып есептелеудің және таңбалылық ситуациясына ене алатын элемент екенін» атап көрсетеді [45: 20-б.]. Осы көзқарасты И.Х.Ахматов та қолдап, «морфема сөйлемнің семантикалық құрылымындағы мағыналық элемент бола алады» деген пікір айтады [8: 29-б.].

Шынында, сөйлемнің мазмұндық құрылымының элементтері синтаксистік мүшелерден басқа морфемалар арқылы да беріледі. Әсіре се, бір негізді сөйлемдердің жасалуында синтаксистік қатынастардың морфемалар арқылы берілуінің мәні көбірек байқалады.

Сөйлемнің өзінде таңбалық қасиет бар ма? деген мәселе жөнінде де әр түрлі пікір бар. Ой-пікірлердің басым көпшілігі оның таңбалылық сипаты бар екендігін мойындаиды. Сөйтіп, сөйлемнің семантикалық құрылымын зерттеу, оны сейлемнің басқа құрылымдың сипаттарымен тығыз бірлікті қарастыру көзінде жүргізілгенде ең басты мәселе болып отыр.

Қазіргі тіл білімінде сөйлемнің семантикалық құрылымы туралы әр түрлі көзқарастар бар.

Тіл білімі елемінде зерттеушілерге көнінен танымал идеяның бірі – В.Г.Гактың ситуациялық (жағдаяттық) концепциясы. Бұл концепция бойынша синтаксистік түзілістердің (конструкция) сыртқы және ішкі (поверхностное и глубинное) құрамы ажыратылады. Синтаксистік түзілістердің сыртқы және ішкі құрылымдары, ғалымның айтуыша, сипатталып отырған жағдаят (оқиға) құрылымымен салыстыру ыңғайында айқындалады. Ал жағдаят құрылымы белгілі бір «актанттар» арқылы белгіленеді. Галым 7 түрлі актантты атайды. Осы актанттардың кез келгені мен предикаттың қатынасына құрылған ядролық (элементарлық) сейлем сөйлемнің семантикалық (ішкі – глубинный) құрылымының негізіне алынады [46: 81-б.].

В.С.Храковский де сөйлемнің тұлғалық және мағыналық құрылымы туралы мәселеге көңіл беледі. Ол «мағыналық элемент пен элементтік мағынаны» ажыратып көрсетеді [47: 18,19-бб].

И.П.Сусов тілдің ішкі белгісі ретінде абстрактілі сөйлемге тілдің сыртқы белгісі ретіндең нақты сөйлемді қарама-қарсы кояды [48: 12-б].

Сөйлемнің семантикалық құрылымын зерттеу бағытында Н.Д.Арутюнова еңбектерінің орны ерекше. Ол сөйлем семантикасын логика-грамматикалық катынастар түрғысынан қарайды, яғни сөйлем семантикасын зерттеуде сөйлемде берілген тілден тыс нақты ситуациялық құрылымына, яғни оның денотативтік немесе ситуативтік құрылымына сүйенеді [15: 19-б]. Бұдан басқа Т.Б.Алисова, Т.В.Шмелев, В.В.Богданов, Н.Ю.Шведова, Н.В.Арват т.б. ғалымдар бұл мәселе де атуан түрлі концепциялар (тұжырымдамалар) ұсынды. Мәселен, бұлардың кейбіреуі сөйлем мазмұнын тілден тыс фактілерден ізде се (Н.Д.Арутюнова), енді біреуі таза тілдік фактілерді негізге алады (Н.Ю.Шведова), ал қайсыбір зерттеушілер осы еki фактіні бірлікте қарайды (В.Г.Адмони).

Мысалы, ең алдымен, ғалымдардың арасында сөйлемнің семантикалық құрылымын зерттеуде қандай терминдерді пайдалану жөнінде бірдей пікірдің жоқ екені көрінеді. И.Х.Ахматов сөйлемнің семантикалық құрылымын зерттеуші ғалымдардың пікірлерін талдай келіп, оларда сөйлемнің семантикалық құрылымын сипаттайтын төмөндегідей өзара байланысты төрт түрлі терминдер қатары бар екенін айтады: 1) предикат-аргумент (семантикалық септіктер), 2) предикат-субъект-объект, 3) баяндауыш-бастауыш-толықтауыш және 4) рема-тема. Бұл терминдерді ғалымдар бірдей дәрежеде қолданбайды [8: 61-б].

Түркі тілі синтаксисін зерттеушілердің кейбіреулерінде осы терминдердің 2- және 3-түрлери қолданылады, ол да көбіне біріне-бірі сәйкес келетін терминдер ретінде сөйлемнің сыртқы құрылымына (поверхностный) сай түрде қолданылады [49: 343-б]. Қазақ тілінде сөйлемнің семантикалық құрылымы арнайы зерттелмегендіктен, сөйлемді ойдаң көрінісі ретінде баяндайтын барлық грамматикаларда осы терминдердің 2 және 3-түрі араластырыла, көп жағдайда синонимдік ынғайда қолданылады. Бір ғана мысал: «Тіл мен ой тығыз байланысты. Сөйлем пікірді хабарлаудың амалы болғандықтан, құрылымы жағынан да оған ұқсамай, оны қайталамай тұра алмайды. Пікір әр уақыт еki мүшелі, ол субъект пен предикаттан құралады. Пікірдің осы еki мүшесіне сөйлемде бастауыш пен баяндауыш мүшелер сай келеді», – дейді Р.Әміров [42: 54-б]. Терминдердің 4-түрі түркі тілдерінде сирек те болса қолданыла бастады. Қазақ тілінде Р.Әміровте бұл терминнің теориялық мәні (актуализациялық) туралы сез арасында ғана болмаса, семантикалық құрылым термині ретінде арнайы атап майды [42: 58-б].

Алайда, осы бағытта еңбек етуші көптеген ғалымдар «субъект», «объект», «предикат» ұғымдарын сөйлемнің ішкі мазмұндық (глу-

бинная структура) құрылымы үшін пайдаланады. Мұнда субъекті мен объектінің предикатқа катынасын белгілеуде де әртүрлі көзқарастар бар екенін көруге болады. Сөйлем мазмұнын логикалық құрылым деп түсінетін ғалымдар (Ч.Филлимор, И.П.Сусов, Е.В.Падучева, А.К.Желковский т.б.) сөйлемнің семантикалық құрылымы предикат пен оның аргументтерінен (олардың саны предикаттың валенттілігіне – тіркесу қабілетіне байланысты) тұрады деп есептейді. Сонда сөйлем субъектісі де сол аргументтердің (баяндауышпен байланысатын септіктердің) бірі ретінде есептеледі. Ал ол аргументтердің қанша орын иеленетінін (место) предикат анықтайды. Бұл жердегі «орын» термині синтаксистік тұрғыдан алғанда сөйлемнің бас мүшесінің, яғни предикаттың бір сөйлем ішінде қанша сөйлем мүшесімен тіркесе алуын анықтау үшін алынған. Мысалы, баяндауыш-бастауыш (1 сөйлем мүшесі, 1 орын), баяндауыш-бастауыш-толықтауыш (2 сөйлем мүшесі, 2 орын) т.б.

Осыған байланысты да, предикат «бір орынды» және «көп орынды» болып бөлінеді. Бір орынды предикат тек субъектімен ғана байланысады да, көп орынды предикат субъектімен және бірнеше объектімен байланысады деп есептеледі. Мұндай объекті саны әдетте 3-ден астайды. Бірак бұл көзкараспен барлық синтаксистер көлісе бермейді. Көптеген ғалымдар жоғарыдағы пікірлердің ортақ белгілерін бөлісе отырып, «субъект», «объект», «предикат» ұғымдарын предикаттың лексикалық және синтаксистік мағыналарынан туындаитын мазмұн ыңғайына бейімдеп атауды ұсынады. Сонда предикатпен байланысатын субъекті де немесе онымен байланысатын объектілер де предикаттың жалпы мазмұндық атауымен аталады және компоненттердің саны да көбейеді. Мысалы, *Марат сөйлеі* сөйлемнің семантикалық құрылымы: «сөйлеу предикаты – сөйлеу субъектісі», *Бала хат жазды* сөйлемнің семантикалық құрылымы: «әрекет предикаты – әрекет субъектісі – әрекет объектісі» т.б. болады.

Алдыңғы сөйлем бір орынды, соңғы сөйлем екі орынды болып есептеледі. Сонда ер сөйлемнің семантикалық құрылымын құрайтын компоненттер (субъект, объект) предикаттың оларды өзіне тартуына қарай орын саны және оның лексикалық мағынасына қарай көптеген іштей топтары (подкатегориялары) айқындалады да, сөйлемнің семантикалық жағынан алуан-түрлі құрылымын көрсетеді. Әрине, сөйлемнің семантикасын зерттеуші ғалымдардың семантикалық компоненттердің саны жөніндегі шікірі түрлі-түрлі. Мәселен, жоғарыда біз сөйлем мазмұнның негізіне үш қана компонентті (предикат, субъект, объект) жатқызатын ғалымдардың пікіріне тоқталдық. Ал кей ғалымдар сөйлемнің сыртқы құрылымына қатысы жоқ деп есептелеғін анықтауыш пен пысықтауыштардың сөйлемнің мазмұнын құрауда

манызы бар екенін ескеріп, соған сәйкес «атрибут» және конкретизатор» аталатын компоненттерді ұсынады. Осылай сәйкес Н.Н.Арват сөйлемнің семантикалық компоненттері ретінде предикат, субъект, объект, атрибут және конкретизаторды таниды [24: 13,14-бб]. Бұлардың әрқайсысы предикаттың мазмұнына қарай іштей түрлерге бөлінеді (булу субъектісі, өмір сүру субъектісі, болмау субъектісі, қалып субъектісі, сезу субъектісі, ойлау субъектісі т.б). Осы тәрізді И.П.Суслов осындай компоненттердің сегіз түрін атаса [48: 35-б.], И.В.Альтман алты түрін [50: 218-221-бб], В.В.Богданов [17: 37-б.] пен Т.Б.Алисова [51: 37-б.] он төрт түрін атайды.

Сөйлемнің семантикалық құрылымын терең зерттеп, оның қарашай-балқар тіліндегі ұлгілерін (моделін) жасаған И.Х.Ахматов осы жоғарыдағы ғалымдардың енбектеріне ғылыми талдау жасай отырып, Н.В.Арват ұсынған семантикалық компоненттерді қуаттайтынын білдіреді [8,70]. Сонымен бірге, ол бұл компоненттердің, сырттай қарағанда, сөйлемнің синтаксистік мүшелерімен ұқсастығы бар тәрізді көрінуі мүмкін екенін ескерте отырып, олардың іштей айырмашылықтарын билай көрсетеді: «Семантикалық компоненттер (функции) – бұл сөйлемнің семантикалық құрылымының бөліктері, ал сөйлем мүшелері – бұл сөйлемнің грамматикалық құрылымының бөліктері. Сөйлемнің семантикалық құрылымы мен грамматикалық құрылымы арасында күрделі байланыс бар. Ол форма мен мазмұнның өзара байланысы арқылы реттеліп отырады. Сөйлем мүшелері мен мағына компоненттері арасында сәйкес келушілік те болуы мүмкін. Бірақ бұл үнемі кездесе беретін құбылыс емес» [8: 73-б.].

Бұдан сөйлемнің семантикалық құрылымын зерттеуде оның ішкі мазмұндық жағы мен сыртқы тұлғалық (грамматикалық) жағын тығыз байланыстыра қараудың зор мәні бар екені айқын көрінеді. Осы бағыт шындыққа сай келеді.

Семантикалық компоненттердің сөйлем мүшелерінен бір ерекшелігі – ол сөзтұлғалардың құрамындағы морфемалар арқылы да беріле алуында. Сөйлем мүшелерінде ондай қасиет байқалмайды. Өйткені, әр сөзтұлға бір сөйлем мүшесі болып есептеледі. Мысалы, «Мен оқымын» және «Оқымын» сөйлемдерін сыртқы құрылымы жағынан алсақ, алғашқысы бастауыш пен баяндауыштан, соңғысы тек баяндауыштан тұрады. Ал семантикасы тұрғысынан екі сөйлем бір мазмұнға құрылған: әрекет предикаты – әрекет субъектісі. Алдыңғы сөйлемде ол предикат құрамындағы жіктік жалғауы арқылы берілген. Міне, осындай ерекшеліктерге байланысты сөйлем мүшелері: 1) бір ғана семантикалық компонентті білдіретін (моноэлементный), 2) екі немесе одан да көп семантикалық компонентті білдіретін (полиэлементный) болып бөліне алады [8: 73-б.]. Түркі тілдерінде, соның ішінде жіктік

және тәуелдік жалғауларында, кейбір септік жалғауларында осындай полиэлементтік қасиет бар.

Кез келген құрылым тәрізді сөйлемнің семантикалық құрылымы да элементтер арасындағы өзара ішкі тәуелділік пен қатынастар жүйесіне құрылған белгілі бір тұтастық болып есептеледі. Бұл тұтастық: 1) сөйлем компоненттерінің синтаксистік орын ерекшелігі, 2) бұл орынның категориалды-лексикалық тұрғыда толығуы; 3) лексикалық және синтаксистік семантикалардың бірлесе әрекет етуінен тұрады.

Мұнда лексикалық және синтаксистік мағыналардың бір-біріне әсері өте курделі құбылыс болып есептеледі. Себебі лексикалық мағына тәуелсіз болады да, ал синтаксистік мағына тәуелді болады. Сөйлемдегі сөздердің тіркесуінде бас мүшениң лексикалық мағынасы на байланысты сөзтұлға әр түрлі сөйлемде әр синтаксистік мағынаға не болады. Мысалы, «*Құс агашиқа қонды*» және «*Машина агашиқа соқты*» сөйлемдеріндегі барыс септікті *агашиқа* сөзі екі сөйлемде екі түрлі синтаксистік мағынаға ие болып тұр: 1-де, *қайда?* деген сұраққа жауап беріп пысықтауыш болса, 2-де, *неге?* деген сұраққа жауап беріп толықтауыш болып тұр. Бұл олардың әр түрлі лексикалық мәнді етістікпен тіркесуіне байланысты. Алғашқы сөйлемде предикат козғалысты білдіретіндіктен және объекті де сол қозғалыстың жүзеге асуына қатысты болғандықтан, «*қозғалыс объектісі*» болып есептеледі. Ал екінші сөйлемдегі объекті әсер ету предикатымен байланысқан-дықтан, «*әсер ету объектісі*» болады.

Бұдан байқайтынымыз – сөйлемнің семантикалық құрылымында предикаттың лексикалық мәні басқа компоненттерге қарағанда тәуелсіз, өзгермейтін мән болады. Әрине, кейде басқа компоненттердің лексикалық мәндерінің де предикатқа әсері тиіп жатады. Бірақ бұл жиі кездесетін құбылыс емес. Әсіресе бұндай құбылыс предикаттың субъектіні тікелей қажет етіп тұруын білдіретін сөйлемдерде байқалады. Мысалы, «*Бала жылады*» сөйлеміндегі *жылау* сезінің лексикалық мәні адамға қатысты болып, субъектінің *бала* сөзі болуын қажет етсе, керісінше *бала* сөзі ғана *жыла* етістігімен тіркесе алады. Бұл арада компоненттер өзара бірлікте болып тұр. Әйтсе де, көп жағдайда предикаттың лексикалық мәні басым рөл аткарады.

Кейде белгілі бір компоненттің мағыналық сапасын предикат емес, өзінің лексикалық мәні айқындал тұрады. Мысалы: *аттеп келдім, жусу-мыстен келдім, Ермектеп келдім* деген сөйлемдік тіркестерде бірдей предикат әр түрлі лексикалық мәнді бірақ бірдей формалы сөздермен тіркесу арқылы, бірінде қозғалыс туралы, екіншісінде мақсаттылық (конкретизатор), үшіншісінде бірлескен қимылды білдіріп тұр.

Сонымен, семантикалық компоненттердің жасалуына әртүрлі факторлар ықпал етеді: 1) сөйлемде белгілі бір орындарды иеленетін

сөздің лексикалық мағынасы, 2) сол сөздің синтаксистік тұлғасы (формасы), 3) сөйлемнің каралып отырған компонентке қатысты өзекті элементінің семантикасы. Бұдан шығатын қорытынды: семантикалық компонент дегеніміз – лексикалық және синтаксистік семантиканың өзара әрекетінен пайда болып, коптеген жалқы құбылыстардың жалпыланған түрі ретінде көрінетін, шындықтағы қандай да бір құбылыстың білдіретін сөйлемнің семантикалық құрылымының мағыналық элементі болып табылады.

Сонымен, сөйлемнің семантикалық құрылымының компоненттері ретінде предикат, субъект, объект, конкретизатор, атрибут аталады. Осылардың ішінде предикаттың рөлі компоненттерді сандық жағынан да, сапалық жағынан да белгілеуде және оларды ұйымдастыруда да айрықша екенін ғалымдардың қайсысы да мойындейды. Сондықтан оны ең басты компонент ретінде бірінші атайды. Ал маңыздылығы жағынан екінші орынға субъектіні, үшінші орынға объектіні, төртінші орынға конкретизаторды, бесінші орынға атрибутты қояды. Бұлардың әркайсының осы қойылған реті мен деңгейінде сөйлем семантикасын ұйымдастыруды өзіндік рөлі бар. Осы компоненттердің арасында мынадай мағыналық байланыстар (қатынастар) пайда болады: предикаттық (бастауыш-баяндауыштық), объектілік (толықтауыштық), конкретизаторлық (пысықтауыштық), атрибутивтік (анықтауыштық).

Компоненттер арасындағы бұл қатынастар объективті шындықтағы фактілер арасындағы қатынастардың көрінісі болып табылатын синтаксистік және мазмұндық қатынастардың негізінде құрылады.

Семантикалық құрылым компоненттерінің сапасы және олардың арасындағы қатынастар арқылы анықталатын әр семантикалық құрылымның ерекшелігі талданып отырған сөйлемді семантикалық типтің қайсысына жатқызу қажеттігін көрсетеді. Мысалы, *Мақсұт қалага барды. Інісі аласына қарады*. Ол күімдерін үйге Асанмен жіберді т.б. сөйлемдер жоғарыда көрсетілген негізде әр түрлі семантикалық типке жатқызылады.

Сөйлемнің семантикалық құрылымында мазмұн компоненттердің тізіміне сай болшектеліп берілсе, ал сөйлемнің жалпы семантикасында тұмас күйінде беріліп, сөйлемнің жалпыланған ақпараттық мәнін көрсетеді. Нәктырақ айтқанда, сөйлемнің жалпы семантикасы оның компоненттері семантикаларының жиынтығы емес, олардың арасындағы қатынастарды көрсету арқылы мұлде жаңа мазмұнды білдіреді. Мысалы, *Сенің кітабың бар* және *Сенің науқасың бар* деген сыртқы құрылымы жағынан бірдей сөйлемдер мазмұны жағынан екі түрлі семантикалық типке жатады. 1-сөйлемнің семантикалық құрылымы: иелену субъекті – барлық объекті – барлық предикаты. Оның жалпы семантикасы: белгілі бір заттың жақтық субъ-

ектіде барлығы. 2-сөйлемнің семантикалық құрылымы: хал-жағдай субъектісі – хал-жағдай предикаты. Жалпы семантикасы: субъектінің хал-жағдайын білдіру.

Сөйтіп, сөйлемнің семантикалық құрылымы оның модельдерін жасауға негіз бола отырып, оның нақты мазмұнын білдіретін болса, ал жалпы семантикасы ол жеткізетін хабардың негұрлым жалпыланган көрінісі болып табылады. Бұл екеуінің айырмасы тек осы нақтылық пен жалпылық мәндерінде ғана.

Сөйлемді зерттеудің семантикалық аспектісі оның грамматикалық құрылышымен тығыз байланысты қаралатындықтан және онсыз семантикалық талдаудың мүмкін еместігіне сай тіл ғылымында сөйлемді зерттеудің бұл түрі семантика-сintаксистік (немесе структура-семантикалық) деп те аталып жүр.

Сонымен, көтерілген теориялық мәселелерге қатысты көзқарастар мен пікірлерді жинақтай отырып мынадай тұжырым жасауға болады:

I. Сөйлем – сintаксистің басты зерттеу объектісі, сан қырлы, көп аспекттілі, өте күрделі құрылымды тілдік единица.

2. Сөйлем күрделілігі оның құрылымдық ерекшеліктерінен көрінеді: а) белгілі бір тұлғалардың, сөз тіркестерінің сintаксистік қатынастарынан тұратын, предикативтік құрылымға негізделген сыртқы тұлғалық құрылымы болады; ә) тұлғалық құрылымға енетін әрбір элементтердің (грамматикалық тұлғалардың), сintаксистік қатынастардың ерекше семантикалық (мағыналық) байланыстарынан туындастырын, логикалық бас мүшелер болып есептелетін субъект пен предикаттың предикативтік қатынасына негізделген семантикалық құрылымы болады; б) сөйлемнің қатынас құралы болу (коммуникативтік) қызметіне қарай «тема-ремалық» қатынаста келетін актуальды мүшелеу ынғайындағы құрылымы болады. Бұл құрылым сөйлемнің аталған еki негізгі құрылымын толықтыруда маңызды.

3. Сөйлемнің аталған бұл сипаттары оның барлық типтік түрлеріне ортақ болып табылады және жай сөйлемнің типтік түрлеріне қатысты зерттеулерде осы ерекшеліктер үнемі бірліктे қаралуға тиіс.

ІІ тарау. БІР НЕГІЗДІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

2.1 Бір негізді сөйлемдердің ерекшеліктері мен анықтамасы

Тіл ғылымында ойдың (пікірдің) тілдік көрінісі ретінде саналатын сөйлемнің екі негізді болуы, яғни әр сөйлем екі бас мүшениң предикативтік қатынасына негізделуі ерте дәүірде философиялық қағида ретінде қалыптасқаны белгілі. Бұл қағида кейінрек тіл білімі ғылымының басты зандылықтарының бірі әрі негізгі ретінде орнықты. Сөйтіп көп жылдар бойы тілдік единица болып табылатын сөйлем ой единицасы ретінде де екі бас мүшениң байланысынан тұратын категория ретінде танылып, осы түргыда зерттеліп келді. Сөйлем атаулының предикативтік қасиеті болатыны жөніндегі идея осылай қалыптасты. Сөйлемнің предикативтік қасиеті жөніндегі зерттеулер қай тілде болмасын аз емес. Бұл жөнінде автордың бұдан бұрынғы бір еңбегінде біршама түсінік берілген еді (Садуахасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы. – А., 1994). Сол себепті бұл жөнінде арналы тоқтамай, тек бір ғана нәрсені атап кеткен жөн деп есептедік.

Тілді грамматикалық түргыдан қарайтындар да, логикалық аспекттіде қарайтындар да сөйлемнің қандай түрі болмасын предикативтілік қасиетке ие және бұл оның ең басты белгісі болып саналады деп есептейді. Осыған байланысты да қөп уақытқа дейін сөйлем атаулының барлығы дерлік тек екі бас мүшелі болуға тиис деген идея үстем болып келді. Алайда, сөйлемді үздіксіз әрі жан-жақты зерттеу нәтижесі құрылымдық ыңғайда оның белгілі бір қалыпқа (стандартқа) сыймайтынын, сөйлем сан қырлы сырьы бар құбылыс екенін көрсетті. Сөйлемнің сондай ерекшелігінің бірі – олардың бір бас мүшелі болып та, тіпті, мүшеленбейтін құрылымда да келуі. Осыған байланысты тіл ғылымында «бір бас мүшелі» (бір құрамды, бір негізді) сөйлемдер идеясы қалыптасты. Сөйлем синтаксисін зерттеушілердің қайсысы болмасын бір негізді сөйлемдердің де предикативтік құрылымға неғізделетінін жокқа шығармайды. Дегенмен, осындай сөйлемдердің предикативтілік ерекшеліктерін белгілеуде алуан түрлі пікірлер мен көзқарастар бар. Мұндай ала-құла, қарама-қайшы пікірлер сөйлемнің сыртқы және ішкі (мазмұн) құрылымдарын кей зерттеушілердің – «сәйкес келеді», енді біреулердің «сәйкес келмейді» деуінен немесе сөйлем құрылымдарын предикативтілік құбылысымен бірдей, болмаса бөлек құбылыстар деп түсінуден т.б. әрекесттерден туындаиды.

Тілде «бір бас мүшелі сөйлемдер» ұғымын алғаш қолданған А.А. Шахматов болды. Ол орыс тіл білімінде «психологиялық коммуникация» ілімін дүниеге әкеліп, тіл ғылымының кейінгі дамуына елеулі үлес қосқан ғалым екені белгілі. Ол кез келген сөйлемді адамға тән

психологиялық үдерістің (процестің) көрінісі ретінде қарайды да, олар *психологиялық субъекті мен психологиялық предикаттың* катынасы арқылы жасалады деп есептейді. Ол сөйлемдер «бір бас мүшелі де, екі бас мүшелі де, атаулы да болатынын» ескерте отырып, «олардың бәрі де осы екі мүшениң қатынасына негізделеді», – дейді [37: 29-б.]. Фалым бір бас мүшелі сөйлемдердің түрлерін «*бастауышты*» (подлежащее), «*бастауышсыз*» (бесподлежащее), «*жасақсыз*» (безличное), «*вокативти*» (вокативное) деген терминдермен атап көрсете отырып, бір негізді сөйлемдердің мәнін грамматикалық түргыдан қарағанда «*субъекті мен предикат мәнінің сөйлемнің бір бас мүшесі арқылы көрінүі*», – деп түсіндіреді [37: 50-80-бб]. Сонымен, А.А.Шахматов концепциясы бойынша, *кез келген бір ғана бас мүше арқылы құрылған сөйлем (ягни, субъектісі мен предикатының мәні бір бас мүшеге жинақталған сөйлем) бір негізді болып есептеледі*.

Тіл білімінде бастауыштың (субъектінін) айтылмай немесе түсіріліп айтылуы турасында А.А.Шахматовтан бұрын да пікір болған. Мысалы, Е.Ф.Будде етістіктің жіктік жалғауын «собственно подлежащее» деп, ал қаралайым түсінкітегі (сөзben берілген) бастауышты «словесное выражение подлежащего» деп атайды да, сонғысын етістіктің жалғауына қарағанда сөйлем үшін оншалықты қажетті элемент деп есептеймейді. Сейтіп, бастауышы болсын-болмасын, мұндай сөйлемдерді ғалым бастауыш-баяндауыштық қатынастағы екі негізді (көс құрамды) сөйлемдер ретінде қарайды [52: 21-б. – пікір И.Х.Ахматовтан алынды: 8: 148-б.]. Міне, осы пікір біздін дәуіріміздегі кейбір орыс ғалымдарының көзқарастарына арқау болды. Мысалы, Ю.М.Костинский сөйлемнің екі негізділігі үшін де осы тұжырымында қолдануға болады деп есептейді [53: 10-б.]. Ал Г.А.Золотова орыс тіліндегі *белгілі жақты*, *белгісіз жақты* сөйлемдерді екі негізді сөйлемдер катарына жатқызады. Фалымның пікірінше, субъектінің лексикалық ынғайда берілмеуі бұл сөйлемдерді бір негізді сөйлемдер катарына жатқызуға негіз бола алмайды. Себебі, ол субъектінің сөйлеуші арқылы берілуінің бір жолы (тәсілі) ғана немесе сөйлемнің мәтін ішіндегі толымсыздығының бір көрінісі болып табылады [54: 165-б.].

Байқап отырғанымыздай, сөйлемнің екі негізділік және бір негізділік табиғаты туралы пікірлер біріне-бірі қарама-қайшы екі бағытқа жіктелді. Алғашқы бағытқа негіз болған А.А.Шахматовтың «*психологиялық коммуникация*» ілімі кезінде ғылыми түргыдан қатаң синалғынымен, оның сөйлемді «екі құрамды» (двусоставное) және «бір құрамды» (односоставное) деп бөлу жөніндегі идеясын синтаксистердің басым көпшілігі қолдады. Бұл тұжырымдаманы (концепцияны) жақтаушылардың пікірлері бойынша, бастауышы мен баяндауышы лексикалық жолмен берілген сөйлемдер екі құрамды сөйлемдер болады да,

ал мәтін, жағдай (ситуация) ыңғайына қарамастан бір ғана бас мүше (баяндауыш-предикат) арқылы құрылған сөйлемдер бір құрамды сөйлемдер болып есептеледі. Ал екінші тұжырымдаманы жақтаушылардың пікірінше, сөйлемнің құрылымдық ядроның субъекті мен предикатты білдіретін арнаулы құралдар болуға тиіс. Нактырақ айтқанда, баяндауышта субъектінің білдіретін, оны танытатын немесе іздел табуға мүмкіндік беретін морфологиялық тұлғалар (мысалы, жақ көрсеткіші) болады. Мұндай жағдайда сөйлем екі құрамды болып есептеледі. Сондай болады қөзқарас бойынша бір негізді сөйлемге тек етістік баяндауышы «жақсыз етістіктен» болатын жақсыз сөйлемдер ғана жатқызылуға тиіс.

Түркі тіл білімінде де сөйлемнің бір негізділігі жөніндегі ойлар осы аталған екі бағыт төңірегінде өрбиді. Мысалы, әсіресе, алғашқы уақытта екінші бағытты жақтаған қайсы бір түркі тілінің мамандары бұл тілдерде «жақсыз етістіктердің» болмауына байланысты жақсыз сөйлем де, соған сайнан бір негізді сөйлемдер де болмайды деген пікірде болды [55: 95-б.]. Кейіннірек бұл идеяның қате екенин оны жақтаушылардың бәрі де мойыннады. Осыған байланысты синтаксистік құрылымында бір бас мүшелі бола отырып, семантикалық құрылымы ыңғайында субъектінің мәні болатын сөйлемдердің бір негізді сөйлемге жатқызуы біз де қолдаймыз. Оған басты себеп – сөйлемнің семантикалық құрылымын түзетін компоненттер (субъекті, предикат, объекті т.б.) тек қана лексикалық жолмен емес, морфологиялық тәсілдермен де беріледі, соған байланысты семантикалық компоненттер мен синтаксистік мүшелер бірімен-бірі үнемі сәйкес келе бермейді дейтін тұжырымдама. Нактырақ айтқанда, кез келген сөйлем семантикалық компоненттер (мағыналық құрылымы жағынан) мен синтаксистік компоненттерден (грамматикалық құрылымы жағынан) тұрады. Ал синтаксистің нысаны болып табылатын семантикалық компоненттер морфологияның нысаны болып есептелетін жалғаулар арқылы да (жіктік, тәуелдік, кейбір септік жалғаулары) беріле береді. Мұндай жағдайда сөйлем компоненттері әр түрлі синтаксистік қызметтер атқару арқылы синтаксистік категория болып есептелетіндіктен, оны морфологиялық тұлғалармен бір деңгээлде ешбір болмайды. Мысалы, сөйлемдің құрайтын кез келген мүшелер тәрізді бастауыш та сөйлемнің сыртқы құрылымдық элементі болып табылады және ол үнемі атап тұлғадағы сөз арқылы беріледі. Ал субъекті басқа логикалық ұғымдар тәрізді мазмұн құрылымының элементі болып есептеледі және ол морфологиялық тұлғалар арқылы да беріле алады. Бұл элементтердің арасында тәндік белгісінің қою, яғни синтаксистік мүше – бастауыш пен жақ жалғауы арқылы берілген субъектінің бір деңгээлде ешбір болмайды. Аталған тұжырымдаманы жақтаушылар көбіне осы тұрғыдан қателеседі. Өйткені

олар сөйлемнің сыртқы грамматикалық құрылымын есепке алмай, тек ішкі семантикалық (логикалық) құрылымын ғана негіз етіп бір жақты кетеді немесе осы екі құрылымды тен, бірдей деп қарайды. Дәлірек айтсақ, лексикалық сөзбен берілген бастауыш, морфологиялық тұлға арқылы берілген субъектімен тен деп есептеледі. Біздінше, бұл дұрыс емес. Мысалы, *Сен елге қайт және Қайт елге!* сөйлемдері мазмұны (семантикалық) жағынан бір-бірінен ерекшеленбейді. Әрқайсының үш мазмұндық компоненттен тұрады: субъект – бағыттық конкретизатор – предикат. Бірақ берілу тұлғасы жағынан бір-бірінен ерекшеленеді: алғашқы сөйлем үш синтаксистік компоненттен (бастауыш – мекен пысықтауыш – баяндауыш), екінші сөйлем екі компоненттен (мекен пысықтауыш – баяндауыш) тұрады. Осы сөйлемдердің мазмұн бірлігін ғана ескерген кейбір синтаксистер бір негізді белгілі жақты сөйлемді екі негізді сөйлемнің «стильдік варианты» деп қате көрсетеді [56 және 57].

Есімдік бастауышы бар және бастауышы жоқ жақты сөйлемдердің құрылымдық айырмашылықтарын дұрыс ескерген ғалымдар белгілі, белгісіз және жалпылама жақты сөйлемдерді бір негізді сөйлемдер деп есептейді. Сөйлемнің семантикалық құрылымы мен тұлғалық құрылымындағы сәйкесіздік тек жай сөйлемдерде ғана емес, құрмалас сөйлемдерде де байқалады. Мәселен, кейбір құрделі оралымды жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемдерден ажырату мүмкін емес, соған қарамастан ғалымдар оларды жай сөйлем синтаксисінде қарайды. Мысалы: *Ауылдан кеши келген Асан бугін таңертең қайтып кетті // Асан ауылдан кеши келип, бугін таңертең қайтып кетті.* Осы сөйлемдердің алдыңғысы жай сөйлем болса, соңғысы түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілі грамматикаларында құрмалас сөйлем ретінде қаралып жүр. Бұл түрғыдан алғанда, екеуі екі құрылымдағы сөйлем болғанымен, семантикалық жағынан айырмасы жоқ сөйлемдер. Сөйлемдердің осы семантикалық ерекшеліктерін ескерген Қ. Есенов сөйлемнің соңғы түрін құрмалас сөйлемге жатқызбай, оны құрделенген жай сөйлем деп есептейді [58: 19-б.].

Осы айтылғандарды негізге алсақ, «түркі тілдерінде бір негізді сөйлемдер жоқ» деген үзілді-кесілді қорытынды жасау дұрыс болмайды. Ал мұндай көзқарасты басшылыққа алатын синтаксистердің бірсынырасы белгілі және белгісіз жақты бір негізді сөйлемдерді екі негізді сөйлемдерге жатқызғанда, «морфологиялық жолмен берілген мағыналық компонент синтаксистік конструкцияның мүшесі болады» дегенді негізге алады. Егер бұл шікірді дұрыс деп есептесек, Әкем ауылдан келді сөйлеміндегі әкем сөзі де екі мүшелі синтаксистік конструкция болуға тиіс. Себебі ол да морфологиялық тәсіл арқылы берілген (тәуелдік жалғай) бір компонент болып есептеледі. Бірақ мұндай сөзтұлға-

ларды қарастыруда екі негізділікті жактаушылар бұлай деп есептеймейді. Сөйтіп өз-өздеріне қайшы келеді. Шын мәнінде, әкем сөзі мен менің әкем тіркесі бір-бірінен берілу жағынан ғана ажыратылады (*барамын – мен барамын тәрізді*). Сөйтіп, біздінше ядролық мүшесі (баяндау бөлігі) етістіктің жақтық тұлғасы арқылы берілген, ал бастауышы лексикалық тәсілмен берілмеген жай сөйлемнің кейбір түрлерін бір негізді сөйлемдер деп қараша қажет (Мұндай сөйлемдердің кейбіреулері екі негізді тольымсыз сөйлем болуы да мүмкін және оны контекст айқындаиды. Бұл туралы кейін сөз болады – Ж.С.).

Мазмұндық компоненттер морфологиялық тәсілдермен тек бір негізді сөйлемдерде ғана және тек жіккіт немесе тәуелді жалғаулармен ғана беріліп қоймайды. Мұндай құбылыстар екі негізді сөйлемдерде де және предикат мүшениң септік жалғауларының кейбіреулерімен түрлсіп келуі арқылы да беріледі. Мысалы: *Балам, мынау саган, ал мынау атаңа. Адам күні – адаммен. Баланы жастаң, т.б.* Мазмұндық жағынан алғанда (в плане содержания) көп элементті болып көлтін жоғарыдағыдан есім баяндауышты сөйлемнің синтаксистік құрылымының компоненті (немесе сөйлем мүшесі) сөйлемнің сыртқы құрылымының (поверхностная структура) бір ғана компоненті ретінде қаралу қажет. Өйткені мұндай сөйлемдер тарихи жағынан етістік баяндауышты сөйлемнен қалыптасқан, қазіргі кезде етістік баяндауыштың эллипсистенуіне (түсіріліп ықшамдалуына) байланысты септік жалғаулы есім баяндауышты сөйлемдер болып әбден тұрақталған, яғни бұрынғы тұрлаусыз мүше енді тұрлаулы мүшеге (бас мүше) айналған. Сонымен, сөйлемнің кез келген синтаксистік бір мүшесі мағыналық жағынан бірнеше компонентті бола алады. Бір негізді етістік бас мүшелі сөйлемдер көбінесе мағыналық жағынан кемінде екі компоненттен тұрады. Егер осындағы сөйлемдердің екі негізді сөйлемдерге жатқызыар болсақ, бас мүшесі үш элементті сөйлемдерді үш негізді, төрт элементті болса, төрт негізді деп атауға тұра келеді. Бірақ ешбір ғалым, ізденуші бұлай атамайды. Олай болса, бір бас мүшелі сөйлемдер мазмұндық жағынан көп элементті болуына қарамастан, бір негізді сөйлем ретінде қаралуға тиіс. Ал бас мүшелері жеке лексикалық сөздермен берілген (немесе контекст ынғайында түсірілген) сөйлемдер екі негізді сөйлем деп есептелгені орынды. «Бір негізді» және «екі негізді» деген үғымдарды осылай түсіну ғана, біздінше, сөйлемдерді құрылымдық типтерге бөлу кезінде оның грамматикалық құрылым белгілеріне (логикалық белгілеріне емес) сүйенуге негіз болады.

Ендігі бір басы ашылмай жүрген мәселе – осы қос элементті бас мүшени атайдын термин әзірге жалпы тіл білімінде жоқ. Жоғарыдағыдан фактілерден байқаганымыздай, екі негізді сөйлемнің бас мүшесі де,

бір негізді сөйлемнің бас мүшесі де қос элементті болып келе береді. Осындай жағдайда барлық синтаксистер екі негізді сөйлемнің предикаттық бас мүшесіне «баяндауыш» терминін пайдаланады. Бұлай атап сәйкес келмейді. Өйткені, «баяндауыш» термині де, «предикат» термині де мағыналық жағынан «субъект» (жақ) ұғымын қамтымайды. Ал жалғыз ғана бас мүшесі бар бір негізді сөйлемдер үшін бұл термин тініті сәйкес келмесе керек. Сондықтан да, етістікті бір негізді сөйлемнің бас мүшесін «баяндауыш», есімді бір негізді сөйлемнің бас мүшесін «бастауыш» терминдерімен атайтын ғалымдар оларды екі негізді сөйлемнің бас мүшелерімен сәйкес келеді деп есептейді. Мысалы, И.Расулов «...бір негізді сөйлемнің структуралық негізін бастауыш немесе баяндауыш құрайды», – десе [59: 8-б.], ал У.Б.Алиев: «Бір негізді сөйлем деп грамматикалық жағынан бір бас мүшениң – бастауыштың немесе баяндауыштың айналасына топтасатын сөйлемді айтамыз», – дейді [60:100]. «Башқорт тілінің грамматикасында» да (редакциясын басқарған А.А.Юлдашев) бір құрамды сөйлемнің бас мүшесін атауда «бастауыш» және «баяндауыш» терминдері қолданылған [61: 435-б.]. Мұндай мысалдарды түркі тілдерінен көтеп көлтіруге болады. Бір негізді сөйлемдердің бас мүшелерін бұлай атап жалпы тіл біліміндегі формалды-грамматикалық көзқарасты жақтаушылардың дәстүрі болатын. Осы көзқарасты өзгертуге тырысқан А.А.Шахматовтың өзі де кезінде бұдан қашып құтыла алмағаны белгілі. Сондықтан да, кезінде В.В.Виноградов А.А.Шахматовтың бір негізді сөйлем бас мүшелерін екі негізді сөйлем бас мүшелерімен тұлғалық жағынан сәйкес келеді дей отырып, екінші жағынан, бұл мүшениң әрі предикат, әрі субъектілік мән беретінін де ұмытпау кажеттігін айткан екі жақты пікірін сынаған болатын [62: 261-б.].

Бір негізді сөйлемдердің бас мүшесі жөніндегі екінші көзқарас В.В.Виноградовтың «бір негізді сөйлем бас мүшелерінен таза бастауыштық немесе таза баяндауыштық қасиеттерді, болмаса, солардың эквивалентін іздеу дұрыс болмайтыны» жөніндегі пікірімен байланысты туындаиды [62: 261-б.]. Мысалы, А.А.Чувакин бір негізді сөйлемнің бас мүшесі екі негізді сөйлемнің бас мүшесімен сәйкес емес екенін айта отырып, екі негізді сөйлемнің бастауышы сөйлемнің предикатты-анықтауыштық компоненті болса, баяндауышы предикатты-анықталушы компонент ретінде бірі екіншісінің болуын қажет ететіндігін, ал бір негізді сөйлемде бұл екі мүше бір тұтастықта жылдасып келу арқылы бір бас мүше жасайтындығын айтады [63: 7-б.]. Бір негізді сөйлемдер бас мүшесін осындай тұрғыда деп түсінетін ғалымдар көбінесе жай ғана «бас мүше» терминін пайдаланады. Мысалы, М.З.Закиев: «Тек бір ғана бас мүшесі бар сөйлемдерді бір бас мүшелі сөйлем дейміз», – дейді [64: 368-б.].

Дәстүрлі грамматикаларда екі негізді сөйлемдердің бастауышы – тәуелсіз, баяндауышы – тәуелді мүше ретінде қаралады. Ал бір негізді сөйлемдердің бас мүшесі басқа ешбір мүшеге тәуелді емес, сөйлемді ұйымдастыруға негіз болатын жалғыз ғана предикативтік мүше болып табылады. Бұл ерекшелік бір негізді сөйлемдердің өзіне тән ерекше синтаксистік құрылымы бар екенін көрсетеді. Және осы ерекшеліктің өзі-ақ бір негізді сөйлем бас мүшесін екі негізді сөйлем баяндауышымен тең дәрежеде қарауга болмайды деген ойға алып келеді. Осыған байланысты Ю.М.Костинский орыс тілінде екі мағына бірігіп келген дәстүрлі жақты сөйлемдердің бас мүшесін мынадай терминдермен: а) жіктік жалғаулары арқылы берілген баяндауыштарды – субъектілі-предикаттық мүше, ә) септік жалғауларының пысықтауыштық мағына беретін түрлерімен келген баяндауыштарды – предикатты-пысықтауыштық, б) септік жалғауларының толықтауыштық мағына беретін түрлерімен келгендерін – предикатты-объектілік мүше деп белгілеуді ұсынады. [53: 11-б.] Ю.М.Костинскийдің бұл ұсынысын И.Х.Ахматов та құптайтынын білдіреді. Ол: «...Түркі тілдеріндегі бір негізді етістікті сөйлемдердің бас мүшесін *предикатты-субъектілік мүше* деп, ал тәуелді тұлғалы есім формалы бас мүшені *субъектілі-атрибутивтік* (*атам*), септік жалғаулы бас мүшелерді *субъекті-предикатты-толықтауыштық* т.б. деп атауға болар еді», – деген пікір айтады [8: 154-б.]. Галымның ойынша, бұл сөйлем мүшелері категориясын көп элементті сөйлем мүшелері есебінен кеңейтуге әкеледі.

Сонымен, сөйлемнің құрылымындағы негізгі бас мүше болып табылатын предикаттық (немесе баяндауыштық) мүшениң терминдік жағынан атауда осы мәселеғе қатысты зерттеулерде бірнеше түрлі көзқарас бар екенін байқаймыз. Алайда, бұлардың әр түрлі аталуының өзі сөйлемнің кай аспектіде зерттелуіне байланысты тәрізді. Сонда да болса, қазіргідей сөйлемнің семантика-синтаксистік құрылымы на баса назар аударылып отырған мезгілде И.Х.Ахматовтың ұсынысы орынды да тәрізді. Бірақ бұл – әлі де арнағы зерттеуді, дәлелдеуді қажет ететін мәселе. Сондықтан, бұл енбекте бір негізді сөйлемдерді зерттеушілер көбірек қолданатын «бас мүше» термині пайдаланылды. Оған себеп: 1-ден, бір негізді сөйлемде бір ғана предикаттық бас мүше болады, 2-ден, енбекте бұл мәселе формадан мазмұнға қарай принципі басшылыққа алынды, соған байланысты, негізінен сөйлемнің структуралық құрылымына (формальді-грамматикалық) баса назар аударылды. Әрине, ретті жерінде «субъектілік-предикатты» немесе «предикат» терминдері қолданылар болса, одан пәлендей қателік болмайтын тәрізді.

Сөйлемді сөйлем ретінде танытатын белгілердің бірі ретінде предикативтікпен бірге модалдық, кейде интонациялық белгілер де ата-

лады. Дегенмен, бұл белгілердің екі негізді сөйлемдер мен бір негізді сөйлемдерді ажыратарлықтай ре.п байкалмайды. Эрине, екі негізді сөйлемдерге қарағанда бір негізді сөйлемдерде субъективтік модалдық пен интонацияның қызметтері басымырақ көрінеді. Бұл ерекшелік олардың мазмұндық құрылымына көбірек қатысты. Ал сөйлемнің бір негізді немесе екі негізді болуы, негізінен, синтаксистік (структуралық) құрылымына байланысты болғандықтан да, оларды ажыратар шарт (критерий) ретінде предикативтік белгіні ғана алу занда құбылыс болып табылады.

Корыта айтқанда, екі негізді сөйлемдер мен бір негізді сөйлемдердің айырмашылықтарын белгілейтін басты шарт олардың грамматикалық құрылымы болып есептеледі. Екі бас мүшесі де (бастауыш және баяндауыш) лексикалық сөздермен предикаттық қатынас ынғайында берілген (ішінде толымсыз сөйлемдер де бар) сөйлемдер екі негізді болып табылады да, предикаттық-жақтық қатынас бас мүше ретіндегі бір ғана лексикалық сөзben берілген сөйлем бір негізді болып табылады. Алайда, мұның өзі сөйлемнің мағыналық (семантикалық) жағы ұмыт калады деген сөз емес Бұл, бір жағынан, пердикаттық-жақтық қатынас дегеннен-ақ белгілі, екіншіден, бір негізді сөйлемдердің типтік түрлерін ажырату олардың семантикалық құрылымымен тығыз байланысты. Оны сол сөйлемдердің аттарының өзі аңғартады (белгілі жақты, жалпылама жақты, белгісіз жақты, жанама жақты (жақсыз), атаулы). «...Бір негізді жағы белгілі, жағы белгісіз, жағы жалпылама сөйлемдердің әрқайсысына арналған жеке тұлға жок», – дейді И.Х.Ахматов [65: 166-б.]. Шынында да, бірін ұйымдастыруға қатысқан тұлғалар екіншісіне де қатыса береді. Мысалы, белгілі жақты сөйлемнің бас мүшесі, негізінен 1, 2-жақтық жіктелген етістіктерден жасалса, белгісіз жақты сөйлемнің бас мүшесі 3-жақта беріледі. Ал жалпылама жақты сөйлемдер де негізінен 2-жақта беріле тұрып, кейде 1- және 3-жақтарда да беріледі. Сондай-ақ, 3-жактық тұлға жақсыз сөйлемдерді жасауға да қатыса береді. Бұл ерекшеліктерді мына мысалдардан айқын көруге болады: 1. Әбдіғаппар серінің фәніден бақылаға көшкенін жақында ғана естідім. (М.Магауин) – белгілі жақты сөйлем. 2. Тәжісім еттік бізді тәрбиелеген аналарға! (Ж.Аймауытов) – жалпылама жақты сөйлем. 3. Қайтеміз, жыртық көңілді кейде осылайша жұбатуға тұра келеді. (Д.Исабеков) – жанама жақты сөйлем. 4. Жерді қазақтың қара тоқпазымен өлшейді (СМұқанов) – белгісіз жақты сөйлем. 5. Шақпақ шақрапайсың. Білте тұтаттайсың Кезеніп үлгірсөң бітті... (М.Магауин) – жалпылама жақты сөйлем. Осы сөйлемдердің барлығы да бір ғана бас мүше арқылы берілген. Бас мүше тұлғаларының әр түрлі болуына байланысты олардың мағыналық құрылымдары да әр түр-

лі. Бірақ, сонымен бірге, үкісас тұлғалардың да әр түрлі мағынада құрылғанын байқаймыз. Міне, осындағы сөйлемдер аталуы жағынан да әр алуан болады. Дегенмен, бұл сөйлемдердің барлығын бір топқа біріктіретін ортақ басты белгі бас мүшелердің қандай тұлғалармен және қандай семантикалық мағынада берілгені емес, субъекттің лексикалық тәсілмен берілмеуі, соган сай бір ғана предикаттың бас мүшениң болуы болып табылады. Әрине, бір синтаксистік мүшениң болмауының басты себебі оның қызметін екінші бір мүшесе аткару арқылы семантикалық жағынан күшеюі болып есептеледі. Осыған байланысты бір негізді сөйлемнің бас мүшесі семантикалық жағынан субъекттілік мағына арқылы толықкан болады. Бұл сөйлемдерді структура-семантикалық ынғайда зерттеудің мәні де осында. Сондықтан да, жай сөйлемнің бір негізді және екі негізді болып бөлінуі, бір негізді сөйлемдердің жеке түрлерге топтастырылуы синтаксистік семантика мен грамматиканың бірлігі ынғайында зерттелетін туралы айтқан болатын В.В.Бабайцева [66: 6-б].

Сонымен, жоғарыда келтірілген салыстырулар негізінде бір негізді сөйлемге мынадай анықтама беруге болар деп есептейміз: *бір негізді сөйлем деп, бір ғана бас мүшесі предикативтілік құрылымда келіп, синтаксистік құрылымы жағынан екінші бас мүшемен толықтыруды қажет етпейтін жай сөйлем түрін айтамыз.*

2.2 Бір негізді сөйлемдердің зерттелу жайы

Жалпы тіл білімінде бір негізді сөйлемдер туралы XIX ғасырдың аяғында сөз бола бастағанымен, оның кейір түрлері туралы (жақсыз сөйлемдер) одан да ертерек ауызға алынды. Ал түркітануда сөйлемнің бұл түріне ғалымдардың назары кейінірек аударылды. Себебі, XIX ғасырда жалпы түркі тілдерін зерттеу қолға алына бастаса да, оның нағыз ғылыми сипат алуы XX ғасырда Кеңес үкіметі тұсында болды. Онда да бір негізді сөйлемдер жөніндегі алғашқы пікірлердің айтылуы 40-жылдарға сәйкес келеді. Осыған байланысты бір негізді сөйлемдердің зерттелу тарихын қырғыз ғалымы Б.Тойшыбекова көрсеткеніндей, үш кезеңге бөлөу шындыққа сай келе қоймайды. Өйткені, ғалымның өзі мойындағандай, «Бірінші кезеңнің өн бойында (XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 30-жылдары аралығы) ғалымдар бір негізді сөйлемдерді зерттеуге аса көңіл белгендегі жоқ...» [67: 10-б]. Шынында да, алғашқы түркітанушылардың бірі деп есептелетін А.Казем-Бектің енбегінде бір негізді сөйлемдер туралы ғана емес, сол тұста орыс тіл білімінде жақсыз сөйлем жасайды деп есептелген жақсыз етістіктер жөнінде де еске алынбайды. Еңбектен ғалымның түркі тілінде «жақсыз» деп аталатын етістіктердің болмауына байланысты, жақсыз сөй-

лем де болмайды деген ойда болғандығы анық анғарылады. Мәселен, ол орыс тіліндегі «Светает», «Вечереет» тәрізді сөйлемдерді ғалым «одночленные глаголы» деп атап, етістік кагарына жатқызады. Себебі, бұл сөйлемдер бір ғана үдерісті білдіреді [68: 306-б.]. Осы ізben орыс ғалымдарында мұндай сөйлемдер бір негізді жақсыз сөйлемдер ретінде танылады. Кейінгі кездегі кейбір түркітанушылар да осындаи сөйлемдердің аудармасы тәрізді Жарық түсін келеді немесе Таң атып келеді (*светает*). Кеш түсін келеді (*вечереет*) т.б. сөйлемдерді жақсыз сөйлемдер («*бір негізді сөйлем*» деген нақтырақ болар) қатарына жатқызып жүр. Өйткені, шынында да, жаратылыс құбылыстарының атауы болатын зат есімдер бастауыш болып келген түркі тілдеріндегі мұндай сөйлемдер логикалық жағынан бір ғана табиғи процесті білдіретін рас және олар бір сұраққа жауап беріп, бір ғана предикаттық (ремалық) мүше қызыметін атқарады.

Түркі тілдерін зерттеушілер көп уакытқа дейін осы А.Казем-Бек пікірін басшылыққа алып келді. Мысалы, татар тілін зерттеуші В.А. Богородицкий мен түркімен тілін зерттеуші А.П.Поцелуевский бұл тілдерде орыс тіліндегідей «Морозит», «Светает», «Вечереет» деген тәрізді жақсыз етістіктер жоқ деумен щектеледі. Бұл ғалымдардың А.Казем-Бектен ерекшелігі – жоғарыдағыдан табиғи процесті білдіретін сөйлемдерді әдеттегі екі негізді сөйлемдерге жатқызады. Нақтырақ айтқанда, В.А.Богородицкий: «Орыс тілінде жақсыз сөйлемдерге жатады деп есептелеғін бір сөзден тұратын табиғат құбылысын білдіретін бастауышсыз сөйлемдер татар тіліндегі әдеттегі екі құрамды сөйлемдерге сәйкес келеді», – десе [69: 141-б.], ал П.П.Поцелуевский: «Орыс тіліндегі жақсыз берілетін «Морозит», «Вечереет» деген сияқты сөйлемдер түркімен тілінде субъектісі айқын жақты сөйлемдермен беріледі», – дейді [70: 213,214-бб]. Бұл пікірлер ғалымдардың бір негізді сөйлемдер жөнінде А.Казембектен басқаша ойда болмағандықтарын көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы, ғұлама ғалым А.Байтұрсынов еңбектерінде де бір негізді сөйлемдер түрі қаралмаған. Оның, эрине, себебі де бар болуы керек. Ол кездегі ең басты міндет халықты сауаттандыру болғандықтан, ғалым ғылыми зерттеуден гөрі қарапайым грамматикалық мағлұматтар беруді, соның әдістемесін жасауды мақсат етті. Сондықтан да ол өзі бастауышы да, баяндауышы да бар деп есептеген сөйлемдерді ғана мысал ретінде көлтіреді.

Түркі тіл білімінде бір негізді сөйлемдердің кейбір типтері туралы 40-жылдардан бері қарай ғана сөз бола бастанды. Міне, осы жылдардан берігі дәүірді түркітанудағы бір негізді сөйлемдердің зерттелу дәуірі ретінде екі кезенге бөліп қарауға болады. I кезенде (40-60 жылдар) түркі тілдерін зерттеушілер еңбектерінде бір негізді сөйлемдер жөнін-

де алғаш әңгіме болады және кейінрек кейбір түрлөрі арнағы зерттеу нысанына айналады.

Бір негізді сөйлем типтерін орыс тілінің әсерімен формалдық грамматика негізінде сөйлемнің жақсыздығы түргысынан қараган осы тұстағы ғалымдар (солардың ішінде түркі тілдерін зерттеушілер де бар) жақсыз сөйлемдердің бұл тілдерде басқаша жасалу жолда-ры бар екенін аңғарды. Мысалы, түрк тілі грамматикасын зерттеген А.Н.Кононов орыс тіліндегі табигат құбылыстарын білдіретін жақ-сыз етістіктер түрк тілінде жақты сөйлемдермен берілестінін айта келіп, мұндай сөйлемдердің баяндауышының 3-жақтық жекеше тұлға-дағы етістіктер ғана жасайтынын, ондай етістікті «однородные гла-голы» деп атайдынын ескертеді. Сонымен бірге ол түрк тілінде жақ-сыз сөйлемдер «керек», «мүмкін» т.б. сөздер қатысқан обороттармен берілестінін де айтады [71: 213,214-бб]. Башқұрт тілінің грамматика-сын жазған Н.К.Дмитриев те осы тілдегі жақсыз сөйлемдерді орыс тіліндегі жақсыз сөйлемдермен салыстыра қарайды. Ғалымның бір негізді сөйлемдерді тек жақсыз сөйлемдер деп түсінгенін мынадан байқауға болады: оның мысал ретінде келтірген сөйлемдерінің басым көпшілігі қазіргі жалпылама жақты сөйлемдер болып есептеледі. Автор егер ондай сөйлемдердің мағыналық жағынан жалпылық мәнді білдіретінін білген болса, сыртқы құрылымына қарай бір негізді екенін де ажыратқан болар еді [27: 234-238-бб]. Якут тілін зерттеген Л.Н.Харитонов орыс тіліндегі «Снежить», «Идти снегу» деген сөй-лемдердің мәні мен якут тіліндегі «хаарда» сөзінің мәні сөйкес ке-леді, сондықтан, бұл сөз субъектісіз сөйлем ретінде қолданылады деп есептейді [72: 102-б.].

Осы пікірлердің өзі 50-жылдарға дейін түркітанушылардың басым көпшілігі әлі де болса бір негізді сөйлемдерді тек жақсыз сөйлемдер ғана деп түсінуге бейім болғанын байқатады. Эйтсе де, 50-жылдардан былайғы кезеңде орыс тіл біліміндегі бұрын жалпы жай сөйлемдердің жеке түрлөрі ретінде каралып келе жатқан бірсыныра сөйлемдерді құрылымдық ынғайда бір бас мүшелі сөйлемдер ретінде топтап типтік негізде зерттеу жұмыстары түркі ғалымдарына да әсерін тигізді. Сөйтіп, осы тұстан бастап екі бас мүшелі сөйлемдерден құрылымы жағынан езгеше болып табылатын бір бас мүшелі (бір негізді) сөйлем-дерді арнағы зерттеу түркітануда да қолға алына бастады.

А.Н.Кононов осы тұста қайта жазған түрк тілінің грамматикасы жөніндегі енбегінде «бір мүшелі сөйлемдер» деген атпен мына сөй-лемдерді бір топтастырады: жақсыз сөйлем, жағы белгісіз сөйлем, жағы жалпылама сөйлем, атаулы сөйлем, вокативті (лепті) сөйлем (1956). Ғалым осы енбектің 1960 жылғы қайта басылымында жақсыз сөйлемді «модальды жақсыз» деп атаған [73: 400,401-бб].

Міне, осыдан кейінгі түркологиялық грамматикаларда бір бас мүшелі сөйлемдерді топтастырып беру мәселесі кеңінен етек алды. Әсіресе, 60-жылдар тұсында жеке түркі тілдерінің грамматикасымен бұрыннан айналысып келе жатқандар да, зерттеуді енді колға ала бастағандар да жай сөйлемдердің осы бір ерекше түрлерін жан-жақты зерттеуге ат салысты. Әрине, олардың ішінде бір негізді сөйлемдер жөніндегі орыс тіл біліміндегі көзқарастарды тікелей басшылыққа алғандар да, жеке тілдің ішкі зандағылыштарын негіз етіп алғандар да болды. Осылың нәтижесінде болу керек, бір негізді сөйлемдердің анықтамасы төнірегіндегі пікірлер де, оның типтік түрлерін бір-бірін ажыратып, ерекшеліктерін анықтау жөніндегі көзқарастар да алу-ан түрлі. Алайда, көшілік ғалымдардың ой толғамдары ұқсас, бірін екіншісі толықтыратын деңгейде келеді.

Мысалы, М.З.Закиев татар тіліндегі бір негізді сөйлемдерді алдымен үш топқа: *етістікті*, *есімді*, *сөз-сөйлем* деп бөледі де, етістікті түрлеріне белгілі жақты, белгісіз жақты, жалпылама жақты және жақсыз сөйлемдерді топтастырады. Ал есімді түріне *атаулы* сөйлемді, сөз-сөйлемге *мушеленбейтін* сөйлемді жатқызады [64: 39-52-бб]. Осылай топтастыру үзденісінде болып кетеді де, оның типтік түрлерін бір-бірін ажыратып, ерекшеліктерін анықтау жөніндегі көзқарастар да алу-ан түрлі. Алайда, көшілік ғалымдардың ой толғамдары ұқсас, бірін екіншісі толықтыратын деңгейде келеді.

Тұва тілін зерттеуші А.Ч.Кунаа бір негізді сөйлемдерді: *жақты*, *жақсыз*, *атаулы*, *қыстырмалар* деп бөледі де, жақты түріне *жасы* белгілі, *жасы* белгісіз, *жасы* жалпылама сөйлем түрлерін жатқызады [74: 83-96-бб]. Бұл жерде екі ғалымның бір негізді сөйлемді екі түрлі аспектіде қарағанын көреміз. М.З.Закиев бір негізді сөйлемнің бас мүшесі қай сөз табынан жасалуына қарай грамматикалық ынғайда топтастырса, А.Ч.Кунаа сөйлемдерді субъект-жаққа қатысы (семантикалық) ынғайында топтастырады. Әрине, тұлғалық (грамматикалық немесе синтаксистік) тұрғыдан қарасақ, М.З.Закиевтің топтастыруын дұрыс деуге болады, ал семантикалық тұрғыдан қарасақ, А.Ч.Кунааның топтастыруы орынды тәрізді. Алайда, қазіргі ғылым талабы деңгейінен қарасақ, екеуін де бір жақты тұжырымдар деп қаруға болар еді. Соңғы кезде бұл екі аспекттің біріктіре қару талабы басым. Соңдықтан да, В.В.Бабайцева сөйлемнің екі құрылымы (синтаксистік және семантикалық) бірі тұлға, екіншісі мазмұн ретінде өзара тығыз диалектикалық байланыста болатынын айта отырып, «...семантика сөйлемнің барлық қасиеттерін білдіре алады, бірақ барлық синтаксистік единицаларды, соның ішінде сөйлемдерді жіктеуде құрылымдық аспекті негізге алынаады, себебі құрылымдық көрсеткіштер единицаларды бақылау мен зерттеуді айқын, женіл етеді, сыртқы құрылымда тек грамматикалық

немесе лексика-грамматикалық құралдар арқылы берілетін мағыналар ғана болады», – дейді [66: 4,5-бб]. Егер осы пікірді дұрыс деп есептесек, онда М.З.Закиевтің топтастыруын басшылыққа ала отырып зерттеу жұмыстарын жүргізген ізденімпаздарды құттамасқа болмайды.

Бір негізді сөйлемдерді топтастыру бұнымен шектеліп калмайды. Мысалы, У.Б.Алиев қарашай-балқар тіліндегі бір негізді сөйлемдерді «бастауышсыз» және «баяндауышсыз» деп бөледі де, бастауышсыз түріне жасы белгілі, жасы белгісіз, жасы жалпылама және жақсыз сөйлемдерді топтастырады, ал баяндауышсыз сөйлемге атаулы сөйлемді жатқызады [60: 100-110-бб]. Бұл еңбек жоғарыдағы еңбектерден беріректе жазылғанымен, бір негізді сөйлемдерді топтастыруға ешбір жаңалық қоса алмайды. Жаңалық тәрізді көрінетін «бастауышсыз», «баяндауышсыз» деген ұғымдардың өзі бір негізді сөйлемдердің табиғатына сай алынбағаны байқалады. Автор сөйлемде жоқ және болуға да тиіс емес бастауышты қритерий етіп, сөйлемнің негізіне алынатын предикативтік мәні бар бас мүшени назардан тыс қалдырады. Бұл, бір жағынан, предикативтілікті тек қана синтаксистік бас мүшелердің қатынасы ретінде түсінуден туған ұғым, яғни, нақтырақ айтқанда, баяндауышпен қызысатын бастауыш болмаса, сөйлем бір негізді болады. Сонда бұл сөйлемнің толымсыз сөйлемнің кей түрінен айырмашылығы қайсы? Екіншіден, «бастауышсыз» деген ұғым атаулы сөйлемге тіпті сай емес себебі, кай тілде болмасын, зерттеушілер атаулы сөйлемнің өзінде, тіпті мүшеленбейтін сөз-сөйлемдердің өзінде де предикативтік мән бар деп есептейді. Оның үстіне, мұндай сөйлемдерді «баяндауышсыз» дер болсақ, оның эллипсис сөйлемдерден айырмасы болар ма еді? Міне, осындай кайшылықтарына байланысты болар, қарашай-балқар тілі синтаксисін кейінрек терең зерттеген И.Х.Ахматов осы тілдің синтаксисін алғаш зерттеген У.Б.Алиевтің сөбебін бағалай отырып, «... оның еңбегіндегі жай сөйлем жөніндегі мәліметтері үстірт және қарнама-қайшылықты», – деп орынды сынаиды [8: 22-б]. И.Х.Ахматовтың өзі болса, М.З.Закиевтің ізімен бір негізді сөйлемдерді формальды-грамматикалық тұрғыда *етістікти*, *есімді* және *устеулі* деп бөледі де, етістікті тұрларі ретінде белгілі, белгісіз, жалпылама жақты сөйлемдер мен жақсыз сөйлемді атайды [75: 135-б].

1970-жылдардан бері қарайғы кезең орыс тіл білімінде болсын, түркологияда болсын, сөйлемді жаңа қырынан, әсіресе семантикалық құрылымы жағынан зерттеу кезеңі болды. Әрине, мұнда зерттеушілер дәстүрлі формальды-грамматикалық (синтаксистік) құрылымға да сүйенеді. Соңдықтан негізгі зерттеу әдісі мазмұннан формага қарай принципі бойынша жүзеге асады. Сонымен бірге бұл кезеңде сөйлемді коммуникативтік құрылымы тұрғысынан зерттеу де біршама ілгеріледі. Сөйтіп, осы кезең сөйлемді зерттеудің негізгі үш аспектісін

(формальды, семантикалық, коммуникативтік) жекелей де, өзара байланыстыра да зерттеуде де біршама табыстарға қол жеткен кезең болды. Бұл жағынан орыс тіл білімінде В.Г.Адмони, Н.Н.Арват, А.М.Мухин, В.В.Богданов, Н.Ю.Шведова, В.В.Белошапкова, И.П.Распопов, Т.П.Ломтев, Г.А.Золотова т.б. ғалымдардың сөйлемнін алуан түрлі аспектілері туралы зерттеу еңбектері, есіресе сөйлемнің құрылымдық модельдері жөніндегі ілім түркі тілдері үшін соны жаңалық болып табылатындығы жөнінде жоғарыдағы тарауда көрсетілді.

Бұл кезеңде түркі тілін зерттеушілер де шама-шарқына қарай мұндай жаңалықтарға үн қосып, кейбір жеке түркі тілдеріндегі жай сөйлемдердің бір негізді түрін аталған бағыттарға сай зерттеуге атсалысты. Бұған Э.В.Севортаяның, Н.А.Басқаковтың, З.И.Будагованың, А.А.Юлдашевтың, Н.К.Дмитриевтің, М.З.Закиевтің, Р.Г.Сибагатовтың, А.А.Ахматовтың т.б. ғалымдардың жай сөйлем синтаксисінің жалпы теориялық мәселелеріне, бір негізді сөйлемдерге, оның же келеген түрлерін зерттеуге арналған алуан түрлі ғылыми мақалалары мен түбебейлі еңбектері айғақ. Осы ғалымдардың арқасында ғана дүниежүзілік лингвистикадағы жаңалықтар түркітануға батыл еніп отырды. Соның нағайесінде бір негізді сөйлемдер туралы да жана ізденістер мен ғылыми көзқарастар пайда болды. Мысалы, бір негізді сөйлемдер туралы өзбек тілінде И.Расолов, қыргыз тілінде Б.Тойшебековалар докторлық диссертациялар қорғаса, түркімен тілінде Б.Сарыев кандидаттық диссертация қорғады. Соңдай-ақ, бір негізді сөйлемдердің жеке түрлері де зерттеу нысандарына айналуда.

Қазақ тіл білімінде бірлі-жарым еңбектерде ғана термин ретінде аталағыны болмаса, бір негізді сөйлемдер өзіндік жеке ерекшеліктерімен дәстүрлі екі негізді сөйлемдерге қарама-қарсы қойылып, арнағы зерттелген емес. Әрине, бұдан бір негізді деп есептелестан сөйлемдердің ешқайсысы зерттеу нысаны болмаған деген қорытынды жасауға болмайды. Олардың кейбіреуі 30-жылдардан бастап-ақ әр түрлі оқулықтарға енгізілген болса, ал жеке түрлері 50-жылдардан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз болды.

Қазіргі орыс және басқа түркі тілдеріндегі зерттеулерде бір негізді сөйлем түріне жатқызылатын «атаулы» сөйлем жай сөйлемнің ерекше құрылымдағы түрі ретінде қазақ тілінде алғаш С.Аманжолов пен С.Жиенбаевтардың еңбектерінде сөз болады. 1940 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» деп аталағыны оқулық еңбегінде С.Аманжолов атаулы сөйлем мен жақсыз сөйлемдерді енгізіп, оларға анықтамалар береді, жасалу жолдары мен түрлерін белгілейді. Бұл еңбекке, сонымен бірге, толымсыз сөйлемдер де енгізілген. Ғалым сөйлемнің бұл үш түрі сыртқы құрылымдық жағынан екі бас мүшелі (бастауыш-баяндауыштық) сөйлемдерге

ұқсамайтын ерекше құрылымдағы сөйлемдер екенін айтады, тілдік деректермен дәлелдеуге тырысады [76: 170-175-бб]. Көп жағдайда бұл сөйлемдердің ерекшеліктері туралы ғалымның ой-пікірлері сол тұстағы немесе одан бұрынғы орыс ғалымдары айтқан пікірлермен сабактасып та жатады. Алайда, оның кайсыбір тұжырымдары казіргі тіл білімі талаптары деңгейінен ғана емес, сол тұстағы деңгейден қарағанда да дәл емес екендігін байқауға болады. Ондай дәлсіздіктерді сол кездің өзінде-ақ белгілі ғалым С.Жиенбаев байқап, әділ сындар айтқан еді [77: 34-39-бб].

Міне, осыдан кейін-ақ бір негізді сөйлемдердің жеке түрлері туралы ой-толғамдар, пікір-таластар баспа бетінен жіңінен бастанды, қысқа ғана таныстыру материалдары көлемінде оқулықтарға да снігізді. 50-жылдарға дейін көлемді ғылыми ізденістер болмағанымен, азды-көпті талпыныстар токтаған жок.

1958 жылы Н.Т.Сауранбаевтың педучилище оқушыларына арналған «Қазақ тілі» оқулығы жарық көрді. Осы оқулықта автор жай сөйлемді «тұрлаулы мүшелерінің айтылу-айтылмауына, бар-жоқтығына қарай жақты-жақсыз, толымды-толымсыз, атаулы» деп үшке бөледі де, одан ері сөйлемнің толымды түрі мен жақты түріне анықтама береді. Ал жақсыз, толымсыз, атаулы сөйлемдерді бір бөлек қарайды. Автордың сөйлемнің осы үш түрін бөлек қарапайым олардың өзара ұқсастығын тануынан болса керек. Ондай ұқсастық, ғалымның ойынша, «олардың тұрлаулы мүшелерінің жоқтығында» [78: 190-б.]. Беліністің бұл түрі С.Аманжоловта да бар болатын.

1954 жылы қазақ тілі мамандарының көп жылғы зерттеу жұмыстарының корытындысы іспепті алқашқы академиялық грамматика жа-рыққа шықты. Бұл енбекте де жалпы жай сөйлемдердің құрылымдық түрлері ретінде жақты, жақсыз, толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдер аталауды. Енбекте сөйлемдерді жіктеуде олардың, негізінен, синтаксистік ерекшеліктері ескерілгені байқалады [79: 498-503-бб].

Осы жылдар қазақ тілі синтаксисін зерттеудегі жемісті жылдар болып есептеледі. Әсіресе, жай сөйлем синтаксисін зерттеуде елеулі табыстарға қол жетті. Мысалы, синтаксисті 40-жылдардан бері зерттеп келе жатқан М.Балақаев 1950 жылы жай сөйлем синтаксисінен докторлық диссертация қорғап, 1957 және 1959 жылдары сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксистеріне арнаған ғылыми кітаптарын жарыққа шығарды. Соңғы енбегінде «баставышсыз» деп аталағын сөйлемдер қатарына бір бас мүшесіл сөйлемдер деп танылып жүрген «белгісіз» және «жалпылама жақты» сөйлемдерді қосады. Бір негізді сөйлемдердің бұрынғы аталаған толымсыз, жақсыз, атаулы сөйлем түрлеріне өзіндік көзқараспен анықтама береді, жасалу жолдарын толықтырады.

50-жылдары бір негізді сөйлемнің негізгі бір түрі болып есептесетін жақсыз сөйлемдерді арнайы зерттеу нәтижесінде F. Мадина кандидаттық диссертация қорғады. Бірақ автор бұл сөйлем түрін бір негізді деп есептемейді. Солай бола тұrsa да, қазіргі ғылым дамуы деңгейінен қарағанда, біз келіспейтін даулы және олқы тұстарының болуына карамастан, өз тұсында қазақ тілінің синтаксисіне косылған қомақты үлес деуге болады. Кейінірек ғалым жақсыз сөйлемдерді қосып бір кітапша етіп шығарды. Мұнда да сөйлемнің бір негізділігі жөнінде ештеңе айтылмайды. Соңдай-ақ, автор белгісіз жақты сөйлем мен жалпылама жақты сөйлемді бірдей сөйлемдер ретінде қарайды [80]. Әрине, бұған дейін қазақ тілінде белгісіз жақты сөйлем жеке сөйлем типі ретінде қаралмаған болатын. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіл білімі үшін мұның өзі де елеулі жетістік деуге тұрарлық. Калай дегендес де, М. Балақасев пен F. Мадинаның еңбектерінен кейін қазақ тіл білімінде бұрын аталаған келген белгісіз және жалпылама жақты деп аталаған сөйлем түрлері белгілі болды. Сонымен, осыдан bylай қарай грамматикаларға бір бас мүшелі (бір негізді) сөйлем типтері ретінде топтастыруға болатын жалпылама, белгісіз жақты, жақсыз, атаулы деген сөйлем түрлері енгізілді. «Бір бас мүшелі сөйлем» (немесе «бір құрамды», «бір негізді») термині қазақ тіл білімінде 60-жылдардан бастап көрініс береді. Бұл терминді алғаш рет К. Аханов «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде (1965) қолданды. «...Сөйлемнің құрылымдық үлгісін құрастыратын (жасайтын) мұндай сөз формалары сөйлемнің тұрлаулы немесе бас мүшелері деп аталағы. Жай сөйлемнің екі түрлі құрылымдық үлгісі бар: оның бірі – екі құрамды (бастауыш, баяндауышты) үлгі (двусоставные схемы), екіншісі – бір құрамды үлгі (односоставные схемы). Екі құрамды сөйлемнің үлгісі екі бас мүшеден құралса, бір құрамды сөйлемнің үлгісі бір ғана бас мүшеден құралады», – дейді ғалым [81: 402-б]. Бұдан әрі еңбекте *bір құрамды* сөйлемдердің өзіндік сипаттары, оларды топтастыру немесе жіктеу т.б. мәселелер жөнінде ештеңе айтылмайды. Дегенмен, 1967 жылы шыққан академиялық «Қазақ тілі грамматикасында» алғаш рет «Бір тұрлаулы мүшелі сөйлем» деген бөлім беріліп, оған белгісіз жақты сөйлем мен жақсыз сөйлем енгізілді. (Бөлімді жазған – F. Мадина). Ал атаулы сөйлем бұл бөлімге енгізілмей, бөлек қаралады. Тақырыпты жазған А. Эбілқаевтың айтуынша, «...ол өзінің (атаулы сөйлем) құрылымы мен магынасы жағынан жай сөйлемдердің бірде-бір түrine ұқсамайды». Автор бұл сөйлемнің мынадай белгілерін атап көрсетеді: «(а)...тұрлаулы мүшелерге талданбайды, ә)...баяндау қасиеті болмайды». Бұл сипаттамаларға қарағанда, сөйлем мүшеленбейтін немесе сөз-сөйлемге жақындатылатын тәрізді. Бірақ бұл жағы ашип көрсетілмейді [82: 130-б.].

Жазылуы осы еңбекпен тұстас келетін О.Төлегеновтың жалпы модальдікті білдіретін жай сөйлем түрлерін зерттеуге арналған еңбегінде сөйлемнің топтастырылу жүйесі туралы айта отырып, жай сөйлемді алдымен «мүшеленетін» және «мүшеленбейтін» деп бөледі де, мүшеленетін сөйлемдерді баяндауыш арқылы қалыптасуына қарай: бір бас мүшелі және екі бас мүшелі деп жіктейді. Бір бас мүшелі сөйлемдерге: белгісіз жақты (жақсыз) және жалпылама жақты сөйлемдер енгізіледі де, ал мүшеленбейтін сөйлемдер қатарына есімдерден құралған (атаулы) сөйлемдер, арнаулы модальдік сөздерден және одагайлардан жасалған сөйлем дегендер енгізіледі [83: 49-б.]. Одан ері автор бұл жіктеу түрін негіздейтін немесе аталған сөйлем түрлерін айқындастын ғылыми деректерге тоқталмайды. Бірақ, бір байқалатын нәрсе – сол тұстағы ғалымдар атаулы сөйлемді мүшеленбейтін сөйлем қатарында қарайтын тәрізді.

Осы кезеңде жазылған тағы бір еңбек – А.Әбліқаевтың «Казіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері» деп аталатын еңбегі. Мұнда жай сөйлем төртке бөлінеді: жақты, жақсыз, толымсыз және атаулы. Жақты сөйлем: арнаулы, ауыспалы және бастауышы белгісіз жақты деп іштей үшкे жіктелген. Мұнда автордың сөйлемді жіктеудің басты белгісі етіп, негізінен жақты алғандығын және оны бастауышпен тең деп қарағанын байқаймыз [84: 18-28-бб].

Осы аталған еңбектердегі сөйлемді топтастырулар мен жіктеулерді саралай келіп, мынадай түжырым жасауға болар еді:

1) Қазак тілінде де, басқа түркі тілдері тәрізді, бір негізді (бір бас мүшелі, бір түрлаулы мүшелі) сөйлемдер бар екені анық.

2) Бір негізді сөйлемнің типтік түрлеріне жақсыз, белгісіз жақты және жалпылама жақты сөйлемдер енгізіледі. Бұл жерде ескеретін нәрсе – жақсыз сөйлем мен белгісіз жақты сөйлемнің бір негізді екені даусыз. Ал жалпылама жақты сөйлемнің бір бас мүшелі екенін М.Балақаев 1959 жылы айтса да, 1967 жылғы академиялық грамматикаға бұл пікір ендрілмей, белгісіз жақты мен жалпылама жақтыны бір деп қарайтын F.Мадинаның пікірі ендрілген. Нәктырақ айтқанда, еңбекті құрастыруышылар он жылға жуық ішінде болған тілдегі өзгерісті дұрыс көре білмеген тәрізді. Атаулы сөйлем мүшеленбейтін сөйлемдер қатарына жатқызылады.

70-жылдардан бергі кезеңде бір негізді сөйлемдерге байланысты аса түбекейлі зерттеулер де, жеке дара пікірлер де бола қойған жоқ. Тек, Р.Әмірдин «Жай сөйлем синтаксисі» деп аталатын еңбегінің қазақ тіл білімі үшін біршама жаңаңыз экелгенін айта кеткен орынды. Бұл еңбекте жай сөйлем алғаш рет логика-грамматикалық тұрғыдан коммуникативті қызмет ыңғайында қаралады. Осыған байланысты сөйлем пікірді білдіретіндікten тек екі мүшелі болады деп есептеледі. Автор бір негізді сөйлемдерден тек атаулы сөйлемді алады да, онда

«бастауыш-баяндауыш болып күрылатын предикативтік катынас болмағанымен, предикативтің өзі бар», – дейді [42: 90-б.].

Осы тұстағы бір негізді сөйлемдердің жеке типтері туралы азын-аулақ мәліметтер мектеп окулықтарында болсын, орта, жоғары оқу орындарына арналған окулықтарда болсын, ешбір өзгеріссіз, өзгеріс болғанның өзінде ешбір ғылыми дәлелдемелерсіз беріліп келеді. Әр окулықтағы анықтамалардың берілу сипаттараты, сырттай қараганда, өзіндік сөйлем құрылыштарымен ерекшеленіп жатқанымен, мазмұндары жағынан бір-бірінен онша алшақтап кеттейді. Жасалу жолдары мен алынған мысалдарда да ұқсастық басым жатады. Айырмашылық – бірінде бар сөйлем түрі екіншісінде кездеспей қалуы немесе екеудің бір тақырыпқа қосақталуы мүмкін. Бірақ ешқайсысында орыс немесе басқа түркі тілдеріндегідей «бір негізді сөйлем» деген атпен топтастырып беру кездеспейді. Мысалға, 90-жылдан бері қарай еліміздің егеменендік атуы арқасында ірілі-ұсақты, әр түрлі мақсатта шыққан окулықтарды салыстырып көрейік:

1. 1992 жылы М.Балақаевтың «Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі» жарыққа шықты. Бұл – ғалымның сонау 1961 жылы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналып жазылған оқулығының бірнеше рет қайта басылғаннан кейінгі өндөліп, толықтырылған шығарылымы. Окулықта жай сөйлем түрлері: 1) жақты сөйлем, 2) жақсыз сөйлем, 3) белгісіз және жалпылама жақты сөйлемдер, 4) толымды және толымсыз сөйлемдер, 5) атаулы сөйлем деген тақырыптармен бөлініп берілген. Тақырыпқа сай анықтамалары, жасалу жолдары мен мысалдар көлтірлген. Бірақ, ғалым осы жай сөйлем түрлерін қандай белгілеріне қарай, қандай принциптер негізінде жіктегенін айтпайды. Жай сөйлемнің әрбір түрінің неліктен сол түріне жататынын дәлелдейтін ғылыми деректер де жок. Әрбір сөйлем түрінің көлемі мектеп окулықтарындағы көлемнен аспайды. Әрине, бұдан 30-40 жыл бұрын жазылған окулыққа қазіргі заман талабын қоюмыз артық та болар, әйтсе де ен жана деген кейінгі шыққан оқу құралдары да бұл мәселеде аталған окулықтан артық ешбір жаналық ұсынбайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін осы енбектердегі сөйлем түрлерін жіктеу мен бір ғана жақсыз сөйлемге берілген анықтамаларды М.Балақаев енбегімен салыстырып көрейік.

М.Балақаевта: (Сөйлем түрлері жоғарыда берілді). Жақсыз сөйлем анықтамасы: «...бастауышы жоқ, оның орны жокталмайтын, айтылған іс-әрекет баяндауыш арқылы үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмсалатын сөйлемдер жақсыз сөйлем болады» [32: 240,241-бб].

М.Ә.Қараевта жай сөйлемдер құрылышына қарай: толымды, толымсыз, жақты, жалпылама жақты, жақсыз, атаулы деп бөлінеді. Мұнда белгісіз жақты сөйлем анықтамасы: «Атау тұлғада тұрған

бастауышы жоқ және оны баяндауыш арқылы тауып алуға болмайтын сөйлемді жақсыз сөйлем дейміз» [85: 187-б.].

С.Исаевта жай сөйлем түрлері: *жасақты сөйлем, жақсыз сөйлем, толымды сөйлем, атаулы сөйлем*. Бұл енбекте жалпылама және белгісіз жақты сөйлемдер аталмайды. Жақсыз сөйлем анықтамасы: Бастауышы мүлде жоқ және баяндауышы арқылы бастауышын табуға болмайтын, баяндауыштың өзі ғана сөйлемге үйтқы болатын жай сөйлем түрін жақсыз сөйлем дейді» [86: 139-б.].

Н.Оралбаева, Г.Әбдіғалиева, Б.Шалабаевтардың бірлескен еңбегіндегі жай сөйлемдердің бөлінісі: *жасақты, жалпылама жасақты, жақсыз, атаулы, толымсыз*. Жақсыз сөйлем анықтамасы: «Тек баяндауыш тұрлаулы мүші негізде құрылған, бастауышы жоқ сөйлемді жақсыз сөйлем дейміз» [87: 221-б.].

Ш.Бектұров пен М.Сергалиевте жай сөйлем түрлері: *жасақты, жақсыз, толымды, толымсыз, атаулы*. Кітапта жалпылама және белгісіз жақты сөйлемдер аталмайды. Жақсыз сөйлем анықтамасы: «Тұрлаулы мүшелерден құрамында тек баяндауыш қана бар және баяндауыштың тұлғасына қарай бастауышты табуға болмайтын жай сөйлем түрін жақсыз сөйлем дейміз» [88: 187-б.].

Бұл салыстырудан мынадай қорытынды жасауға болады. Егер жай сөйлемді түрлерге жіктеу тұрғысынан келсек:

1-ден, барлығында бірдей емес. Қазіргі зерттеулерде сөйлемнің типтік түрінен ғөрі оның жай ғана бір түріне жатқызылып жүрген толымды және толымсыз сөйлемдер барлық аталған енбектерде кездеседі. Оның есесіне, қазіргі орыс тілі ғана емес, түркі тілдерінің басым көпшілігінде бір негізді сөйлемнің типтік түрі ретінде танылған «белгілі жақты сөйлем» ешбір енбекте аталмайды. Жалпылама жақты сөйлем мен белгісіз жақты сөйлемдер бірінде аталса, бірінде аталмайды, ал енді бірінде екеуі бірге қаралады.

2-ден, осы сөйлемдерді бір негізді сөйлем ретінде танып, сондай терминмен атап топтастыру былай тұрсын, сөйлем түрлерінің атауын айқындастын басты белгілер де, оның ғылыми негіздері де көрсетілмейді. Оның үстіне, анықтамалардың берілу дәлдігі мен нақтылығы, сол сөйлем түрінің бойындағы қажетті сипаттарды қамтуы да бірдей емес.

Ал жақсыз сөйлем анықтамалары бойынша мынадай тұжырым жасауға болар еді:

1-ден, сөйлемнің тек сыртқы тұлғалық ерекшеліктері ғана негізге алынады. Сөйлемнің мазмұндық (семантикалық) жағы ескерілмейді; 2-ден, егер жақсыз сөйлем бір негізді сөйлемнің негізгі бір типтік түрі ретінде басқа тілдерде әлдеқашан дәлелденген болса, біздегі жақсыз сөйлемге берілген анықтамаларды тұластай бір негізді сөйлемнің

жалпы анықтамасы стін беруге болар еді. Сондай-ак, М.Балақаевтың анықтамасындағы «үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмсалады» деген пікірі жалпылама жақты сөйлемге берген анықтамада да қайталанып, бірдей мысалдармен дәлелденеді [32: 243-б.].

Бұл қайшылықтардың бәрі, айналып келгенде, қазақ тілінде жай сөйлем синтаксисін зерттеу кезінде бір негізді сөйлемнің типтік түрлерін айқындауға ғылыми түрде назар аударылмағандығын көрсетеді. Жай сөйлем синтаксисі дегендегі, бізде басты назар көбінесе сез тіркестері мен сөйлем мүшелеріне аударылады және көбіне бұл мәселе-лер екі негізді сөйлемдер түрғысынан қарастырылады. Ал сөйлемнің құрылымдық түрлері негізінен дәстүрлі түрғыда жіктеледі.

Сонымен, қорыта келгенде, қазақ тіл білімінде жай сөйлем синтаксисін зерттеуде қол жеткен табыстар барышлық. Алайда, жай сөйлемнің типтік түрлерін айқындаі тусу, әсірессе оның бір негізді түрлерін жалпы тіл біліміндегі жаңа идеялар негізінде арнайы зерттеу заман талабы екені айқын.

2.3 Бір негізді сөйлемдерді жіктеу (классификациялау)

Дәстүрлі грамматикаларда, соның ішінде қазақ тілінде де, сөйлемді жіктеудің үш негізгі ұстанымы (принципі) белгілі: 1) айтылу мақсатына қарай (мақсат мәнді сөйлемдер), 2) құрамына қарай, 3) құрылымына қарай. Сөйлемді айтылу мақсатына қарай жіктеуде оның коммуникативтік қызметі басты назарда ұсталып, сөйлеу кезіндегі жалпы модальдік ерекшеліктері мен интонациялық белгілерінен туындайтын хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты деген түрлері ажыратылады. Сөйлемді құрамына қарай жіктеуде (яғни сөйлемді құрайтын мүшелер жағына қарай) оларды жсақты, жсақсыз, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, атаулы деп бөлү барлық тілдерге, соның ішінде қазақ тілінде де тән екені жоғарыдағы талдаулардан белгілі. Ал құрылымына қарай сөйлем негізінен жай, курделенген және құрмалас сөйлемдер деп бөлінеді. Осылардың алдыңғы және соңғы жіктеу түрлері, екіншіден жалаң жайылма, толымды, толымсыз түрлері бір негізді сөйлемдерге де ортақ. Оны мына мысалдардан көруге болады: ... Жерді қазақтың қара тоқпагымен олишіді (С.Мұқанов) – хабарлы, жай, бір негізді; – Ал өзіңізден бұл жайыда сұрауга бола ма? (М.Иманжанов) – сұраулы, жай, бір негізді; – Ұста! Сой, екі штит! (М.Әуезов) – бұйрықты, жай, бір негізді; – Шіркін, сауаты бар адамга не жетсін! (Д.Исабеков) – лепті, жай, бір негізді; ... Өзіміздің ауылдың балаларын мал шыгарсаң, түгел амандал алып қалуга болатын көрінеді. (М.Әуезов) – хабарлы, құрмалас сөйлем, компоненттері бір негізді. Ал жақты, жақсыз, атаулы сөйлемдерді басқаша қарауға тура келеді.

Алдымен, «құрылыс» терминін «құрылым» терминімен ауыстырған орынды болады. Себебі, «құрылыс» сөзі (строй) сөйлемнің сыртқы құрылымына (формальді-грамматикалық), яғни синтаксистік мүшелердің қатысына ғана негізделген атау болып есептеледі. Ал «құрылым» сөзі (структурда) көзіргі тіл білімінде сөйлемнің сыртқы құрылымына да (поверхностная структура), ішкі мазмұндық құрылымына да (глубинная структура) қолданылады. Ал сөйлемнің бұл екі құрылымы бірімен-бірі тығыз байланыста қаралатыны белгілі. Сөйлемдерді жіктеуде осы екі құрылымның да предикативтік қатынасқа негізделетіні ескеріледі. Сөйлемдерді «екі бас мүшелі», «бір бас мүшелі» және «мүшеленбейтін» деп саралауда олардың алдымен сыртқы (синтаксистік немесе грамматикалық) құрылымы ескеріледі. Біз осы принципті ұстанамыз. Бірақ, «бір бас мүшелі» терминін «бір негізді», «екі бас мүшелі» терминін «екі негізді» терминімен ауыстырамыз. (Енбектің бұдан бұрынғы басылымында орыс тілінің тұра аудармасы есептелеғін «бір құрамды» және «кос құрамды» терминдері қолданылған болатын. Оның себебі – «құрам» сөзі сыртқы құрылымы жағынан бір бас мүшелі болып келетін сөйлемдердің қайсысы болмасын мазмұндық (семантикалық) құрылымы жағынан предикативтік бас мүшелердің құрамынан тұратынын билдіреді деп есептелінді. Алайда, кейінгі кезде кезінде проф. Р.Әмір қолданған «бір негізді» және «екі негізді» терминдерін дұрыс деп таптық.

Екі негізді сөйлемдер әдеттегі «бастауыш-баяндауыш» қатынасына негізделген айқын жақты сөйлемдер болады. Қазақ тілі синтаксисін зерттеуде тілге тиек болып келген де негізінен осы сөйлем түрі. Бұл сөйлем әрі қарай «етістікті» және «есімді» (бас мүшелерінің жасалуына қарай) жіктеліп зерттеледі. Орыс тілінде болсын, түркі тілдерінде болсын, бір негізді сөйлемдердің өзі іштей бірнеше типтік түрлерге белінетін жоғарыдағы белімнен белгілі. Бұл бағыттағы зерттеулерді талдау бір негізді сөйлемдерді жіктеудің бірнеше бағыты бар екенін көрсетеді. Оларды былайша топтастырып беруге болады: 1) Синтаксистік бас мүшелердің қатысына қарай: *бастауышсыз* (бұған белгілі, белгісіз, жалпылама жақты және «жақсыз» сөйлемдер жатқызылады) және *баяндауышсыз* (бұған атаулы сөйлем жатқызылады) деп бөлінеді (И.Расолов, У.Алиев т.б.); 2) Бас мүшелердің логикалық ынғайда берілуіне қарай: *жақты* (бұған белгілі, белгісіз және жалпылама жақты сөйлемдер енгізіледі де, жақсыз сөйлемдер «екі негізді» деп есептеледі) және *атаулы* деп бөлінеді (Б.Тойшыбекова т.б.); 3) Бас мүшелерін структура-семантикалық (құрылымдық-семантикалық) ынғайда қарап жіктеу: *предикатты-субъекттілік* (бұған белгілі, белгісіз, жалпылама жақты сөйлемдер енеді), *жсанама жақты* (бұған субъекттік тұрлаусыз мүшелер арқылы берілген сөйлемдер енеді),

жасақсыз (бұған бас мүшесі ырықсыз етіс арқылы жасалып, грамматикалық бастауышы да, логикалық субъекті де болмайтын сөйлемдер енеді) және *номинативті* (атаулы) сөйлемдер деп белгінеді (И.Х.Ахматов). Бір негізді сөйлемдерді жіктеудің бұл көрсетілген бағыттарының ішінде соңғы жіктеу біздің де көзкарасымызға жақын келеді. Дегенмен, алдағы тарауларда өзіміз басшылыққа алатын, жіктеудің көпшілік колдайтын тағы бір түріне тоқтала кетейік. Бұл – бас мүшениң жасалуына қарай топтастыру.

Бір негізді сөйлемдерді де екі негізді сөйлемдер төрізді етістікті және есімді деп топтастыру, бұл, әсіресе оны формальды-грамматикалық тұрғыдан зерттеушілерде жиі кездеседі. Етістікті бір негізді сөйлемдерге, әдетте белгілі, белгісіз, жалпылама жакты және жақсыз сөйлемдер жатқызылады, ал есімді түріне белгілі жақты сөйлемнің жіктелген есім бас мүшелі түрі мен атаулы сөйлемдер жатқызылады. Қалай болғанда да, бұл аталған жіктелістер мен топтауларда ескерілмейтін, ескерілген жағдайда да қайшылық туғызатын бір мәселе бар. Ол – мәтін (контекст) мен жағдаят (ситуация) мәселесі. Бір негізді сөйлемдер, атаулы сөйлемдер тобына еніп жүрген бірсыптыра сөйлем түрлері осы мәселе мен тығыз байланыста қаралады. Себебі, олардың кейбіреулерін екі негізді сөйлемдермен, әсіресе оның толымсыз түрімен шатастыруда осы мәселеңің қатысы бар. Сондықтан, әуелі бір негізді сөйлемдердің толымсыз сөйлемдерден ара жігін ашып, өзіндік белгілерін айқындаپ алған жөн.

Сырттай қараганда, бір негізді сөйлемдер мен толымсыз сөйлемдердің белгілі бір дәрежеде ұқсастықтары бар екені рас. Бұл сөйлем түрлерін ажыратқа қаруага көпке дейін кесірін тигізіп келген де осы ұқсастықтар. Мамандар бұл ұқсастықтарды, ең алдымен бас мүшелердің (әсіресе, субъектінін) «түсірілуінен» көреді. Рас, толымсыз сөйлемдерде бас мүшелердің біреуі немесе екеуі де, кейде тұрлаусыз мүшелер де түсірілгені айқын байқалып отырады. Бұл сөйлемнің синтаксистік құрылымынан да көрініс береді. Сөйлем құрылымындағы мұндай жетімсіздік, әдетте сөйлем мәтін ішінде және жағдаяттық ыңғайда келген кезде занды болып есептеледі. Себебі, сөйлемнің коммуникативті сипаты соны талап етеді. Сондықтан да, ғалымдардың басым көпшілігі өздері берген анықтамаларда толымсыз сөйлемнің «өмір сүруін» тек осы мәтін және жағдаятпен байланыстырады. Нақтырақ айтқанда, мәтін мен жағдаяттан тыс алғанда, сөйлемнің магыналық құрылымында елеулі кемшілік байқалады да, оны сол мәтіндегі бар сөзбен толықтыру арқылы немесе жағдаяттық ыңғайда түсінуге болады деп есептеледі. Мысалы, Б.П.Ардентов: «Орыстың дәстүрлі грамматикаларында айтылатын ойдың мазмұнына кіретін ұғымдар мен түсініктердің бәрі бірдей сөз арқылы беріле бермейтін сөйлемдерді толымсыз деп

атайды; кейбір ұғымдар мен түсніктер ойда болғанымен, арнағы сөзбен беріле бермейді. Ойдың толықтығы үшін қажет болатын сөйлем мүшелері ойда бар деп есептеледі; олар алдыңғы ойдан белгілі болады немесе олар туралы сөз сөйлену кезіндегі жағдайдан анық түсінуге болады», – дейді [89:8]. Бұл туралы В.В.Бабайцева айтқан пікір де жоғарыдағы ойды қуаттай және толықтыра түседі. Ол: «...Толымсыздықтың негізгі шарты (критерий) – сөйлемде берілуге тиісті ойдың сипатын өзгертпей-ақ, оның құрамына ене алатын сөздің мәтінде болуы», – дейді [66: 8,9-бб]. Фалымның ойынша, сөйлем құрамына ондағы жетіспейді деп есептелетін, бірақ мәтінде бар сөзді ендіргенде, сөйлемнің мағынасына нұксан келмесе, «толымсызы» болады да, ал нұксан келсе, ол толымды болады. Міне, осы қағиданы ол бір негізді сөйлем мен екі негізді сөйлемді ажыратудың да басты белгісі етеді. «Сонымен, – дейді В.В.Бабайцева, – екі негізді және бір негізді сөйлемдерді ажырату үшін, сөйлемнің формалды-структуралық типтері білдіретін пікір түрлерін де ажырату керек» (бұл да сонда). Фалымның мұндағы айтайын деген ойы, біздінше – сөйлемнің сыртқы құрылымын ғана емес, олар білдіретін пікірді де ескеру. Бұл ойды қазақ тіліндегі мынадай сөйлемдерді салыстыру арқылы түсіндіруге болады:

1. *Төре тез оңалды. Әуелі басын шайқаган. Қырындай шегініп, тілмаштан аулақтаган...* (М.Магауин). 2) *Оны осындағы аянышты халде тастап кеткім келмеді.* Әйтсе де. Махамбековке бүгінгі берген уәдем есіме түсіп, сағатыма қарадым (Д.Исабеков). 3) – *Қандай жсақсы!..* – деді Шақан керіле есінеп. - Қоқаңдаған, дікеңдеген ешкім жоқ. *Тып-тыныш.* Дұрыс болды, оңшең шуылдақтан боліне кеткеним. *Rахат.* Иен қамыс, кең дала... (М.Магауин).

1-мәнмәтінде (контексте) үш сөйлем бар. Алғашқы сөйлем бастауыш пен баяндауыштың және оларға сәйкес келетін логикалық субъекті мен логикалық предикаттың қатынасына құрылған. Ал соңғы екі сөйлемде бастауыш түсірілген. Соған байланысты логикалық субъектісі жоқ бұл екі сөйлемді мәнмәтіннен бөліп жеке алсақ, пікір олқылығы айқын байқалады. Ал мәнмәтінде түрганда бұл олқылық байқалмаған болатын, себебі бастауыш немесе пікір субъектісі – алғашқы сөйлемде берілген «*төре*» сөзі. Егер осы сөзді кейінгі сөйлемдерге де жеке-жеке бастауыш етсек, олар мәнмәтіннен тыс тұрып та, сөйлемдік дәрежесін сақтайды, пікір толықтығы да сакталады (*Төре әуелі басын шайқаган. Төре қырындай шегініп, тілмаштан аулақтаган.*). Сөйтіп бұлар контексте өзін толықтыруға болатын сөздер есебінен толымды болады да, екі негізді сөйлем болып табылады. Сонда бас мүшелердің түсірілуі есебінен «толымсызы» болатын негізінен екі негізді сөйлемдер екен.

2-мәнмәтінде (контексте) екі сөйлем бар. Екі сөйлем де мәнмәтіндік ынғайда жалпы күрделі ойды білдіру мақсатында өзара жақындықта

тұрғанымен, жекелей алғанда, өз алдына пікір білдіретін сөйлемдік дәрежеде тұр. Алдыңғы сөйлем – бір негізді сөйлемнің «жақсыз» (жалпылама жақты) сөйлемге жатқызылатын түрі. Осы құрылымда оған атау тұлғалы бастауышты енгізуге ешбір мүмкін емес. Бірақ, сөйлем семантикасынан 1-жақтық субъектінің бар екені анғарылады. Оны сөз күйінде сөйлемге ендіруге де болар еді, бірақ сөйлемнің сыртқы құрылымы да, ішкі құрылымы да (семантикасы) мұны қажетсініп тұрған жоқ. Өйткені онсыз да бас мүше құрамындағы тәуелдік жалғауы осы субъектінің бар екенін айғақтайды. Соңдықтан да, сөйлем бір бас мүшелі күйінде қала береді, толымсыз болып есептелмейді. Осындағы екінші құрмалас сөйлемнің басынқы компоненті кей ғалымдарда белгілі жақты бір бас мүшелі сөйлем деп есептеледі. Бірақ, қазақ тілінде әлі күнге дейін мұндай сөйлемдер толымсыз сөйлем қатарында қаралып жүр. Бұл сөйлем де осы күйінде бастауышты еш қажет етіп тұрған жоқ. Себебі 1-жақтық мағына баяндауыш құрамындағы жіктік жалғауы арқылы белгілі болып тұр. (Бұл жөнінде арнайы тарауда то-лық түсінік беріледі).

Енді, 3-диалогтық мәнмәтінді алсақ, мұнда да бір ғана бас мүshedен тұратын сөйлемдер бар. Мысалы, «Қандай жақсы», «Тыл-тыныш», «Рахат», «Иен қамыс», «Кең дала» дегендер – осындаи сөйлемдер. Бірақ бұл сөйлемдер осы құрылымында сөйлеу жағдаяттымен, сөйлеушінің ортаға деген психологиялық танымымен тығыз байланысты. Осы жағынан келгенде (әсіресе, жағдаяттық жағынан) толымсыз сөйлемдерге де өте үқсас. Тіпті олардың бірсыптырасын (сын есімнен жасалғандарын) бас мүшелермен толықтыруға болатын да тәрізді. Алайда, олай етуге ешбір мүмкіндік жоқ. Себебі, 1-ден, толымсыз сөйлемдер тәрізді бір негізді сөйлемдердің де бірсыптырасының сөйлем ретінде өмір сүруі мәнмәтін мен жағдаятқа байланысты (бұл жөнінде кейінірек айттылады). 2-ден, бұл сөйлемдердің құрылымы сөйлеуші ойының қорытындысы ретінде пікірмен, нақтырап айтқанда, шындықта бар табиғи орта мен оған деген сөйлеушінің психологиялық қатынасы арасындағы предикативтік қатынаспен тығыз байланысты. Яғни, олардың сөйлемдік дәрежеге жетуі осы сөйлеуші логикасын мәтін (жағдаят) ынғайында тұрып білдіруімен айқындалады. В.В.Бабайцеваның жоғарыда «пікірді де ескеру керек» деуі осыған байланысты. Бұл сөйлемдердің бірі осы тұрысында мүшеленбейтін сөйлемдер болса, бірі – атаулы сөйлемдер.

Осыдан туындаитын тағы бір мәселе – толымсыздықтың сөйлем мағынасына да қатысты болуы. Әдетте, екі негізді сөйлемді зерттеуде оның кіші құрылымдық үлгісін (структурная схема) негізге алатын ғалымдар кейір сөйлемдердің мағыналық құрылымында бас мүshedен басқа да мүшелердің толымсыздыққа себеп болатынын біле тұра,

ондай құбылысты есепке ала бермейді. Ал бір негізді сөйлемді зерттеушілер бұл қағиданы сөйлемнің осы құрылымдық түрлеріне де қолдануға болады деп есептейді. Алайда, казак тілі материалдары бір негізді сөйлемдердің де толымсыз болатыны және бұл тұлғалық толымсыздық мағына толымсыздығына да алып келетінін көрсетеді. Мұндай толымсыздық бір негізді сөйлемдерде тұрлаусыз мүшениң (сөйлем мазмұнына тікелей қатысты) түсірілуінен көрінеді. Мысалы: – *Әуппа! Тұрдық!* – деді Шақан апыл-гұптыл сырт күмдерін киіп. – *Құлыншақ, сен де тур.* Жылы қыстау жоқ, үйрену керек... (М.Магауин).

Осы контекстегі «(Бізге) Жылы қыстау жоқ, үйрену керек» деген салалас құрмаластың бағыныңқы компоненті екі негізді де, басыңқысы – бір негізді жанама жақты сөйлем. Егер контекст ыңғайында қара-сақ, осы сөйлем толымсыз да болып есептеледі. Себебі, сөйлемде белгілі бір субъектілерге мекен болуға тиіс объектінін жоқтығы және осы жағдайға сол субъектілерге үйрену қажеттігі хабарланған. Ал ол субъектілер – сөйлесу жағдаятынан белгілі сөйлеуші және сөз арналған адресат. Лексикалық жағынан бұл мағыналар «біз» есімдігіне сәйкес келеді. Егер сөйлемді осы сөзben толықтыра болсақ, сөйлемнің мағыналық құрылымына нұқсан келмеу үшін ол сөзді барыс жалғаулы етіп беруге тұра келеді. Соңда бұл сөйлем барыс жалғаулы жанама толықтауыш (тұрлаусыз мүшесі) болатын мүшемен толығады. Құрмалас сөйлемнің екі компоненті үшін де ортақ болатын бұл мүше бағыныңқы компонент үшін де, басыңқы компонент үшін де логикалық субъектіні білдіретін болады. Сөйтін бұл мүшениң сөйлемге ендірілуі оның мағынасына нұқсан келтірмейді, қайта толықтыра, нақтылай түседі. Сөйтіп, сөйлем толымсыз болу үшін бас мүше орнына қолданылатын семантикалық субъектінің (барыс септігіндегі жанама толықтауыш) түсірілуі де жеткілікті болады екен. Сонымен, толымсыз болу тек екі негізді сөйлемдерге ғана тән емес, бір негізді сөйлемдердің де толымсыз болу мүмкіндітеріне не екендігін байқауға болады. Осыған байланысты, З.И.Будагованаң мынадай пікірі еске түседі: «Толымсыз сөйлем сөйлемнің айрықша жеке типтік түрі емес. Олар екі құрамады және бір құрамады сөйлемдердің жалпы түрлерінің бірі ғана бола алады» [90: 5,10-66].

Толымсыз сөйлемдер мен бір негізді сөйлемдерді салыстыра қаралу екеуіндеңгі бас мүшелердің болмау себептерінің де әр түрлі екенін көрсетеді. Толымсыз сөйлем бас мүшесі коммуникативтік-стильдік мақсатта түсіріледі. Эринс, мұндай түсірілу қалай болса солай емес, белгілі қажеттіліктен туындаған заңдылық бойынша жүзеге асады. Ол заңдылық түсірілген мүшениң контекст немесе жағдаяттан белгілі болып, орнына қойылу мүмкіндігінің болуымен сипатталады. Ал бір негізді сөйлемдерде бас мүше «бастауыш» түсірілмейді, ол о бастан

болмайды немесе түсіп қалу нәтижесінде қалыптасқанымен, сінді сөйлем мазмұны ондай мүшениң ендіруді қажет етпейтіндей дәрежеде әбден тұрактаған болады. Сөйлемнің осындай құрылымда болуының өзі занды құбылыс болып табылады.

Осындай ерекшеліктеріне байланысты, толымсыз сөйлем бас мүшелері түсіріліп айтылғаның өзінде де бар деп ұғынылып, бір-біріне тәуелді мүшелер ретінде екі негізділікті білдіретін предикативтік катынаста болады деп қаралады. Бұл жөнінде И.Х.Ахматов: «...толымсыз сөйлем субъектісі әр уақытта нақты және ол – іс-эрекеттің белсенеңді орындаушысы (иесі). Ол атаптаған жағдайда да, контекст бойынша тез тауып, орнына қоюға болады. Оның бар екенін екінші бас мүшениң формасы айқын ангартып тұрады. Толымсыз сөйлемнің предикаттық бас мүшесі сөйлемдердің немесе контекстегі субъектілік мүшениң тұлғасына сай жекелік және көптік формада тұрады», – дейді [8: 157-б.]. Ал бір негізді сөйлемдердің бас мүшесі (баяндауыш) басқа ешбір мүшеге тәуелді емес. Ол сол күйінде тұрып предикативтік қасиетке ие, сөйлемді ұйымдастыруши жалғыз ғана мүше болып табылады.

Толымсыз сөйлемдерді зерттеу түркітануда әлі де болса өз дәрежесінде емес. Қазак тілінде де бұл мәселе әлі тын күйінде жатыр десе болады. Дегенмен, осы кезге дейінгі барлық грамматикаларда толымсыз сөйлем жай сөйлемдердің бір түрі ретінде енгізіліп келеді. Ондағы анықтамалар, негізінен орыс тіліндегі бұрынғы көзқарастарда (бас мүшелері түсірілген, кейде бұған толықтауышты да қосады) берілген сипаттарды қамтиды да, қазіргі бір негізді сөйлемдер қатарына жататын бірсыныра сөйлемдер түрі оларға мысал ретінде беріледі. Толымсыз сөйлем негізгі тақырып болмағандықтан және бір негізді сөйлемдердің жеке түрлерін әңгімелуе кезінде олармен арадағы айырмашылық және ұқсастықтар жөнінде азды-көпті әңгіме болатындықтан, бұл жерде толымсыз сөйлемдердің барлық ерекшеліктерін қамтитын дәлелдер келтірудің аса қажеті болmas. Әйтсе де, осы мәселемен қатысты тағы бір жайға тоқтала кеткен орынды.

Жоғарыда атапт өткенней, толымсыз сөйлем мен бір негізді сөйлем айырмашылықтарын тануда мәтін мен жағдаяттың айрықша рөлін байқадық. Алайда, осы шарт бұл екі сөйлемнің ара жігін ашуға барлық уақытта негіз бола бермейтін тәрізді. Мысалы, бір негізді сөйлемдердің қай түрі болмасын құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да мәтінмен, кейде жағдаятпен белгілі бір дәрежеде байланысып жататындығы байқалады. Бұл, әсіресе, жақсыз сөйлемдер мен атаулы сөйлемдерде айқын көрінеді. Жақсыз сөйлемнің логикалық субъектісі немесе толықтауыш мүшесі түсіріліп айтылуы осы мәтінмен байланысты болса, ал атаулы сөйлемнің мәтіннен тыс ешуақытта жеке дара сөйлем бола алмайтынын қай маман да жоққа шығармайды.

Сондықтан, мәтін мен жағдаят бір негізді сейлемдер мен толымсыз сөйлемдердің ара жігін ажырату үшін емес, толымды сөйлем мен толымсыз сөйлемді ажырату үшін ғана белгілену керек тәрізді. Өйткені, бір негізді сөйлемдер де екі негізді сөйлемдер тәрізді толымды да, толымсыз да бола алады және олар конситуациямен тек осы жағынан ғана байланысты болады.

Осы мәселеге (толымсызыққа) байланысты айтылатын «сөз енгізу» туралы жайға да тоқтала кеткен орынды болар. Кейбір сөйлем түрлері мәтін ішінде келгенде екі жақты сипатта болатыны, яғни сөз енгізуге байланысты толымсыз сөйлем, енгізбеген жағдайда, бір негізді толымды сөйлем ынғайында келетіні байқалады. Мамандарды шатастырып келген «белгілі жақты» сөйлемді айтпағанда, белгісіз жақты сөйлемнен де осындағы қасиет көрінеді. Бір ғана мысал келтірейік: «... Қазір мен ерекше бір баппен жасалған неміс жаппасында отырмын. Тобесін қатар-қатар айқыш-ұйқыш етіп тогыз қабат бөренемен жауыпты» (F.Musiripov). Осы мысалдағы екінші сөйлемді мәтіннен бөліп алып, іс иесінің белгісіз болуына байланысты белгісіз жақты сөйлем деп есептеуге мүмкіндік бар. Бірақ, алдыңғы сөйлемдегі мағына ынғайына қарап, қажетті сөздерді енгізу арқылы бұл сөйлемді екі түрлі құрылымда қаруға болады: 1. Жаппаның тобесін қатар-қатар айқыш-ұйқыш етіп тогыз қабат бөренемен жауыпты. 2. Немістер жаппаның тобесін қатар-қатар айқыш-ұйқыш етіп тогыз қабат бөренемен жауыпты. Алдыңғы сөйлем «жаппаның» сөзін енгізу арқылы толымдылық сипат алғанымен, бір негізді белгісіз жақты сөйлем күйінде қала береді. Ал екінші сөйлем «немістер» және «жаппаның» сөзін енгізгеннен кейін бастауышы бар екі негізді толымды сөйлемге айналады. Сөйлемге енгізілген екі сөз де мәтінде бар сөздер және оларды енгізгеннен сөйлем мазмұнына зиян келіп тұрган жоқ. Сонда бұл сөйлемнің қайсысы дұрыс? Біз алғашқы белгісіз жақты бір құрамды сөйлем түрін дұрыс деп есептейміз. Себебі, сөйлемнің мағыналық құрылымын ескерсек, «немістер» сөзін енгізудің артық екені өзінен-өзі белгілі болады. Алдыңғы сөйлемнен не мәтіннен алдыңып енгізілетін сез соңғы сөйлем үшін мағыналық жағынан аса қажет сөз болуға тиіс. Ондай сез «жаппа» сөзі болады. Автор сол сөйлемде оқушы назарын тек сол сөзге аудару үшін әдейі актуализациялап, рема құрамына енгізген. Екіншіден, сол сөйлемнің өзінде жаппаны немістердің жасаганы алдыңғы планда емес, кейінгі планда келтірілген. Оны «жасалған неміс жаппасы» деген тіркестегі ырықсыз етіс формасынан көреміз. Сөйтіп, осындағы мағыналық құрылымды ескеру нәтижесінде сөйлемге «неміс» сөзін енгізу артық болатынын байқаймыз. Сондықтан, сөйлем белгісіз жақты деген қорытындыға келеміз. Эрине, белгісіз жақты сөйлемге 3-жақтық бастауышты қоя беруге бо-

латындаған және мұндай жағдайда ол екі негізді сөйлемге айналатында көрінеді. Бірақ олай ете беруді сөйлемнің мазмұндық құрылымы көтермейді. Бұл жөнінде кейінгі тарауларда айқынырақ айтылады.

Сонымен, жинактай айтканда, сөйлемнің толымсыздығы мен бір негізділігі мәселесін сөз қылғанда, олардың өзара ұқсастықтары тек сыртқы көрініс екенін, шындығында олардың бірі (толымсыздық) барлық сөйлем түрлеріне ортақ сипаттық мәні бар түрі де, екіншісі (бір негізді) екі негізді сөйлемге қарама-қарсы қойылып қаралатын сөйлемнің типтік түрі болып табылады. Нактырақ айтсақ, алғашқысы жай сөйлемнің структура-семантикалық кез келген компоненттінің түсіріліп айтылуына байланысты пайда болатын толымды сөйлемдердің стильдік варианты болады да, ал бір негізді сөйлем тарихи жағынан сөйлеушінің хабарды жеткізуге байланысты тіл бірліктерін өзінше ойната, құбылта пайдалануынан қалыптасқан, басқа ешбір сөйлемнің варианты бола алмайтын сөйлем түрі болады. Бұл екі сөйлем түрінің ұқсастықтарына осы соңғысының тарихи қалыптасуының да әсері болуы мүмкін. Өйткені, бір негізді сөйлемдер екі негізді сөйлемдердің ықшамдалуынан пайда болды дейтін деректер бар. Осы пікірдің жаны болуға тиіс. Бірақ бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді.

Сөйтіп, жоғарыда келтірілген деректер мен дәлелдер негізінде жай сөйлемдерді мынадай ерекшеліктеріне қарай топтастыруға болады:

- 1) айтылу мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты;
- 2) мүшелену сипатына қарай: мүшеленетін және мүшеленбейтін;
- 3) мүшеленетін сөйлемдерді предикативтік бас мүшелерінің қатысина қарай: екі негізді, бір негізді;
- 4) мүшеленбейтін сөйлемдерді: атаулы сейлем, сөз-сейлем;
- 5) тұлғалық-семантикалық компоненттерінің қатысина қарай: толымды, толымсыз, жалан, жайылма.

Бір негізді сөйлемдердің өзін былай жіктеуге болады:

- 1) бас мүшесінің жасалуына қарай: етістікті және есімді;
- 2) субъекті-жактың қатысина қарай: жакты және жанама жақты;
- 3) жақты сөйлемдер субъекті-жактың семантикалық ерекшеліктеріне қарай: белгілі, жалпылама, белгісіз, жанама;
- 4) жанама жақты сөйлем субъектінің көріну-көрінбеуіне қарай: белгілі жанама жақты, белгісіз жанама жақты болып бөлінеді.

ІІІ тарау. БІР НЕГІЗДІ СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ЖАСАЛУЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТИПТЕРІ

3.1 Белгілі жақты сөйлем

A. Жалпы ерекшеліктері мен аныктамасы. Белгілі жақты (определенно-личное) бір негізді сөйлем туралы алғашқы пікірлер орыс тілін зерттеушілер тараапынан XIX ғасырдың аяғында айтыла бастағанымен, ол туралы нағызғылыми түрде сөз бола бастауы XX ғасырдың 40-50-жылдарынан кейінғана. Бұл жөнінде А.А.Потебня [5], Д.Н.Овсяннико-Куликовский [91] тәрізді ғалымдар «Мен барадын (Я иду) сијакты сөйлемдердің есімдік бастауышына екпін түспеген жағдайда оны бір негізді (бір құрамды) деп есептеуге болады, себебі жақтық мағына етістік тұлғасы арқылы белгілі болатындықтан, есімдік бастауыш тек көмекшілік қана қызметке не болады» деген пікірді алғаш рет айтқан болатын. Бұл жерде олардың «бастауышқа екпін түспеген жағдайда» деген ойларын бастауышты түсіріп те айтуға болады деген ұғымда түсінуге болатыны анық.

Осы идеяны куаттаған А.А.Шахматов сөйлем бастауыштарын негізгі (екпінді) және көмекші (екпінсіз) деп бөледі де, «негізгі бастауышсыз баяндауыш өз мәнінен айрылады, ал көмекші бастауыш баяндауыш мәнінен ешқандай өзгеріс экелмейді» деп есептейді [37: 163-б.]. Осы тұстагы бір мақаласында Т.П.Ломтев те «негізгі бастауышты түсіріп айтқанда баяндауыштың мәні емес, сөйлемнің мағынасы өзгереді, ал көмекші бастауышты түсіргеннен сөйлем мағынасына ешбір нұқсан келмейді», – деп, жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін жақтап, нақтылай түседі. [92: 17-б.] 50-жылдардың орта тұсында бұл идея сол тұстагы танымал синтаксистердің бірі А.М.Пешковский еңбегінде бұрынғыдан да нақтырақ сипатталады. Ол тілде 1 және 2-жақтық жіктеу есімдіктерсіз айтылатын сөйлемдер болатыны, бұл сөйлемдер сондай құрылышымен нақты, тұжырымды ойды білдіретіні, ал осындағы сөйлемдерге есімдік бастауышты қойып айтатын болсақ, ойдың ұғымсызы, сылбыр, түсінуге ауыр болатыны жөнінде айтады [38: 184-б.]. Ғалымның бұл ойын жоғарыда айтылған пікірлерден қорытынды шығара отырып, белгілі жақты сөйлем туралы шындыққа біршама жақын айтылған тұжырым десе де болады. Міне, осы идеялар кейінрек орыс тіліндегі болсын, түркітануда болсын дәстүрлі «екі негізді» сөйлемдерден өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылатын «бір негізді» сөйлем түрін тануға және бұрын екі негізді сөйлем қатарында қаралып келген кей сөйлем түрлерін (әсіресе, белгілі жақты сөйлемді) бір негізді сөйлем түрі ретінде айырып тануға, сөйтіп оларды арнайы зерттеу нысаны етуге негіз болды.

Орыс тіл білімінде бір негізді сөйлемнің айқын субъектілі түрлерін зерттеген ғалымдардың осы сөйлем түрі туралы көзқарастары да, оған берген анықтамалары да, негізінен, мазмұндас болып келеді. Мәселен, В.В.Бабайцева: «Белгілі жақты сөйлем деп, баяндауышы жақтық қосымша арқылы сөйлеуші немесе тындаушы ретіндегі белгілі (нақты) жақты (мен, сен, біз, сендер, сіздер) білдіретін ыңғайда жасалған сөйлем түрін айтады», – десе [66: 29-б.], ал В.Белошапкова: «Белгілі жақты сөйлем деп, бас мүшесі 1, 2-жакта жіктелген етістіктер арқылы беріліп, белгілі (сөйлеу ситуациясынан айқын) жақтың әрекетін білдіретін бір құрамды сөйлем түрін айтамыз», – дейді [34: 627-б.].

Түркі тілдеріндегі жай сөйлем синтаксисін арнайы зерттеген маマンдардың еңбектеріне зер салсақ, олардың басым көпшілігі ұзақ уақыт бойы белгілі жақты сөйлем туралы сөз қозғамайды. Тек, 60-жылдардан кейін ғана кейбір еңбектерде көрініс бере бастайды. Осы кезден бастап үшіл дәстүр жалғасын тауып, қазірге дейін осы сөйлем түрі бірсыбыра түркі тілдерінде бір негізді сөйлемнің жеке бір түрі ретінде зерттеліп, грамматикалардан орын алды. Үшіл сөйлемдерді екі негізді сөйлемдердің толымсыз түрінен және бір негізді сөйлемнің басқа түрлерінен ажыратып аларлықтай ерекшеліктерін айқындайтын бірсыбыра ғылыми еңбектер жарық көрді. Үшіл еңбектердегі пікірлер мен тұжырымдар да алуан түрлі. Мысалы, белгілі жақты сөйлемдерді құрылымдық жағынан зерттеген татар тіліндегі М.З.Закиевтің, азербайжан тіліндегі А.А.Гасановтың, алтай тіліндегі Е.Н.Чунжекованың, қарашай-балқар тіліндегі У.Б.Алиев пен И.Х.Ахматовтың т.б. ғалымдардың ойлары орыс тілі мамандарының белгілі жақты сөйлемге берген анықтамаларынан өте-мөте алшақтан кетпегенімен, сол тілдердің өздеріне тән ерекшеліктерін қамтитындей деңгейде беріліп жатады. Осы анықтамалардың бірсыбырасына салыстырмалы түрде тоқтала кеткеннің артықтығы болмайды.

Қарашай-балқар тілі синтаксисін зерттеп еңбек жазған У.Б.Алиев белгілі жақты сөйлемге мынадай сипаттама береді: «...белгілі жақты сөйлемдерге баяндауыштары 1,2-жақтық жекеше және көпше турдегі етістіктермен берілген, ал бастауыштары 1,2-жақтық жекеше, көпше есімдіктер болып келетін, бірақ, әдетте олар түсіріліп айтылатын сөйлемдер жатады» [60: 110-б.]. Ал тұва тіліндегі белгілі жақты сөйлем жөнінде А.Е.Куна: «Бас мүшесі 1, 2-жақтық формада болатын бір құрамды сөйлем жағы белгілі сөйлем деп аталады», – деген анықтама береді [74: 36-б.]. Осы екі анықтаманы салыстыра қарасақ, екеуі де сөйлемнің грамматикалық құрылымын негізге алған және екеуінің де орыс тілінде берген анықтамаларды (мысалы, В.Бабайцева т.б.) нысана еткендері байкалады. Мазмұн жағынан да шамалас. Алайда, У.Б.А-

лиевтің сипаттамасына қарағанда А.Е.Кунааның анықтамасы қысқа да тұжырымды әрі белгілі жақты сөйлемнің сыртқы құрылымын дәлірек айқындаиды. У.Б.Алиев анықтамасы әрі шұбаланқы, әрі белгілі жақты сөйлемнің ерекшелігін айқын бере алмайды. Себебі, автордың тұжырымынша, бұл сөйлемнің бастауышы бар, бірақ түсіріліп айтылатын сиякты. Ал бастауыштың түсірілуі толымсыз сөйлемдерге де тән екендігі белгілі.

Қыргыз тіліндегі бір құрамды сөйлемді семантикалық құрылымы ынғайында зерттеген Б.Тойшыбекованаң анықтамасы жоғарыдағы пікірлерді семантика-синтаксистік тұрғыда тереңдетеді. «Жақтық субъектілердің (1, 2-жақтық) объектіге (предметтік), мекендік орынға, мезгілге, адресатқа қатысты қелген белгілі кимыл-әрекетін, амалын (предикаттық) білдіретін бір құрамды сөйлем жағы белгілі сөйлем деп аталады», – дейді ол [67: 26-б.]. Бұл анықтамада бір негізді белгілі жақты сөйлем семантикалық құрылым тұрғысынан қаралғандықтан, екі негізді сөйлем анықтамасынан пәлендей өзгеріс байқалмайды. Қалай болғанда да, бұл үш анықтамадан белгілі жақты сөйлемдердің тек қана 1 және 2-жақтық мәндегі сөйлемдер болатыны, олардың грамматикалық бастауыштары болмайтыны, жақтық мағына, соган сай предикаттық қатынас тек грамматикалық баяндауыш арқылы берілетін сөйлем болатынын анғарамызы.

Алайда, біrsыпты түркі тілдерін зерттеушілер жоғарыдағы пікірлерді мақұлдай отырып, белгілі жақты сөйлемнің 3-жақтық мағынада да берілетінін айтады. Мысалы, өзбек тіліндегі бір негізді сөйлемді арнайы зерттеген И.Расулов осы тілде орыс тіліндегідей 1, 2-жақтық белгілі жақты сөйлемдермен бірге 3-жақтық та сөйлемдер болатынын мол материалдармен дәлелдегенін айтады. Бірақ, авторефератында бұған дәлел боларлық ешбір мысалдар келтірілмейді [59: 19-б.]. Ал түркімен тіліндегі бір негізді сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктерін зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаган Б.Сариев бұл сөйлем түрлерін: 1) ситуациялық және 2) контексттік деп екіге бөледі де, алғашқысына көбіне 1,2-жақтық бастауышсыз сөйлемдерді жатқызыса, соңғысына контекст ынғайында бастауышы түсіріліп келген барлық жақты сөйлемдерді жатқызады [93: 7-б.]. Бұл аталған ерекшелік (3-жақтық белгілі жақты сөйлем болуы) осы тілдердегі 3-жақтық сөйлемдердің жасалуында қазақ тіліне қарағанда өздеріне тән тұлғалық айырмашылықтың болуына (мысалы, көптік жалғауда берілуі) байланысты болса керек. Дегенмен, көпшілік түркі тілдерінде бас мүшелердің берілуі мен олардың мағыналық құрылымдарында айырмашылықтар аз байқалады.

Белгілі жақты сөйлемді басқа сөйлем типтерінен ажырататын өзіне тән ең басты ерекшеліктерін анықтаудағы осындаі пікір қайшылықта-

ры ғалымдардың әлі де болса осы сөйлем түрі туралы бір тоқтамға келмегендіктерін байқатады. Әсіресе, бұл, бір жағынан, белгілі жақты сөйлемді толымсыз сөйлемнен басқа сөйлем типі ретінде танытарлықтай нақты меженің болмауынан көрінсе, екінші жағынан, бұл мәселе мәтін және сөйлеу жағдаяты мәсеселесімен де, сөйлемнің семантикалық құрылымын ескеру мәсеселесімен де тығыз байланысты. «3-жақтық мағынада құрылған сөйлемдер бастауышы болмаған жағдайда белгілі жақты емес, толымсыз сөйлем болады» дейтін ғалымдар, міне, осы ерекшеліктерге сүйенеді. Мысалы, В.Бабайцеваның: «3-жақтық тұлғадағы етістіктер белгілі жақты сөйлем баяндауышы бола алмайды, себебі олар белгілі бір әрекеттің нақты иесін көрсете алмайды... Бұндай баяндауышы бар сөйлемдер толымсыз болады, олардың бастауышы контексте айқындалады», – деген ойы осыған байланысты айтылған [65: 34-б.]. Осы пікірге қарағанда, бастауышы жоқ сөйлемдерді мәтін мен жағдаяттан тыс алғанда, сыртқы құрылымы жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын, сөйлемдік минимумға сәйкес келіп тұрса, яғни ең кіші сөйлемдік дәрежеде көріне алатын болсағана, ол белгілі жақты сөйлем бола алады. Бұл пікір, негізінен орыс тілінде де, түркологияда да басшылыққа алынып келеді.

Толымсыз сөйлем мен белгілі жақты сөйлемнің арасын ашатын межелер (критерий) жөнінде әлі де қайши пікірлер кездесіп қалады. Мәселен, түркілік ғалымдардың басым көшпілігі сөйлем толымсыздығын оның сыртқы (грамматикалық) құрылымындағы ең қажетті мүшелердің түсіріліп айтылуымен байланыстырады. Белгілі жақты сөйлемнің ұзақ уақыт бойы толымсыз сөйлем қатарында қаралуының да басты себебі осы болса керек. Сондықтан да И.Х.Ахматов М.З.Закиев, У.Б.Алиев т.б. ғалымдардың бастауыштың түсірілуі жөніндегі ойлауына қосыла отырып, былай деп көрсетеді: «Біріншіден, олар (бастауыштар – Ж.С.) тілге қатысқан анық, конкретті жақтарды білдіреді. Екіншіден, бұл жақтар сөйлемде екі түрлі жолмен: жіктеу есімдіктерімен және баяндауыштың жақтық жалғауларымен беріледі. Сондықтан есімдік арқылы берілген бастауыштар түсіріліп айтылғаннан кейін де жақ нақты, айқын күйінде қала береді» [75: 136-б.]. Ал Э.В.Севорян бастауыштың бұлай түсіріліп айтылуы барлық түркі тілдеріне тән құбылыс деп есептейді [94: 6-б.].

Алайда, қазақ тілінің материалдары белгілі жақты сөйлем 1,2-жақтық грамматикалық бастауышы жоқ тек етістік баяндауыш арқылы жасалған сөйлемдер болатынын, ал 3-жақтық мағыналы сөйлемдердің бір негізді белгілі жақты бола алмайтынын көрсетеді: 1. *Бізде қазір жұмыс жосқ.* Аудыла бос жүрміз. 2. *Сен мында неге келдің?* Үйге бар. 3. *Мал қазір қолға қарамайды.* Далада жүр. 4. *Асан жайлап шешінді де, жағада біраз отырды.* Содан сон суга түсті.

Әр контексте бір-бірден бастауышы жоқ сөйлемдер бар. 1 және 2-контекстегі бастауышсыз сөйлемдердің мағынасы оларды бастауышпен толықтыруды қажет етпейді деп есептеледі, өйткені олардың баяндауышындағы 1 және 2-жактық тұлғалар (1-жактық көпгік тұлға және 2-жактық нөлдік тұлға) бастауыш беретін жактық мағынаны айқын білдіреді. Бұл сөйлемдерді алдыңғы сөйлемдерден бөліп, жеке алғанда да осы сипат сақталады. Алайда, мұндай сөйлемдерді кей ғалымдар грамматикалық құрылымы (сыртқы құрылым) жағынан екі негізді сөйлемнің толымсыз түрі деп есептесе, кейбірі мағыналық жағынан толымсызың байқалмайтындықтан, оны белгілі жактың бір негізді толымды сөйлем деп таниды. Шынында да, осы соңғы пікірге иллануға болады. Өйткені, сөйлемді қалай құру жазушының не сөйлеушінің хабар мағынасын жеткізу тәсілімен, логикасымен байланысты болады. Ал 3 және 4-контекстердегі екінші сөйлемдерді контекстен бөліп алғанда, олардың бастауышының кім немесе не екенін білуге болмайтындықтан, осыған байланысты олардың мағыналық жағынан алдыңғы сөйлемге тәуелді екендігі ескеріліп, екі негізді сөйлемнің толымсыз түрі деп есептеледі. Бұл 3-жактық мағынаның затқа да адамға да қатысты болуымен байланысты. Осыған байланысты В.Бабайцева: «Белгілі жакты сөйлем толымсыз болып есептелмейді, өйткені етістік формасымен сәйкес келетін сөзбен берілген бастауыштың болмауы ол үшін синтаксистік норма болып табылады», – дейді [65: 30-б.].

Сөйтіп, *жалпы тіл біліміндегі, соның ішінде түркістанудагы белгілі жақтың бір негізді сөйлем туралы зерттеулер олардың екі негізді сөйлемдермен үқсастығын тек мазмұндық жағынан (в плане содержания) яғни семантикалық құрылымы жағынан ғана таниды, ал берілуі жағынан (в плане выражения) яғни грамматикалық түргыдан бұл бір негізді сөйлем болып табылады*. Қазақ тіліндегі сөйлемдерді талдау да осы қағиданың дұрыс екенін көрсетеді. Мысалы, ...Осы оныны класти бітірер жылды өзіммен бірге оқытын Загида дейтін қызыга ғашық болды. Бірақ оның жүргегінде маган деген жылдылық бар ма, жоқ па, ол жағына көз жеткізе алмай, дал болдым. Ынтыга тустым (Д.Исабеков).

– Токтат, жсаным! Бар! Айтқаныңды құмаймын. Тек ашуыңды аулақ экет! Болды. Бар!.. – деп жай ғана бітірді (М.Әуезов).

Алғашқы контекстегі сөйлемдер уақығаны сөйлеуші жақ атынан баяндағандықтан, барлық сөйлем бастауышсыз айтылса да, әр сөйлем мазмұнды толық жеткізерлік дәрежеде құрылған. Бас мушедегі 1-жактық тұлға бастауыштың (іс-эрекет иесі болатын субъектінің) сөзбен берілуін, яғни синтаксистік бастауышты қажет етіп тұрған жоқ. Екінші диалогтік сөйлемде де бұйрық райлы етістіктен болған бас мүшелер сөйлемдерді бастауышсыз-ақ мағыналық жағынан толымды бір

негізді сөйлем дәрежесіне жеткізіп тұр. Мұндағы 3-жақтық «Болды» сөйлемінің мағыналық құрылымы өзгеше. Бұл сөйлем осы тұрысында толымсыз да бола алмайды. Мұндай сөйлемдер тіл білімінде мүшебенбейтін сөйлемдер ретінде қаралады. (Сөйлемнің бұл түрі де казақ тілінде арнайы зерттеуді қажет етеді).

Сонымен, айтылған пікірлер мен көзқарастарды талдап қорыту барысында және қазақ тілінің өзіндік сөйлем құрылымдарын ескеру негізінде белгілі жақты сөйлемге мынадай анықтама беру лайық болар деп ойлаймыз: *нақты іс-әрекет иелерінің (субъектілерінің) мәні бас мүшедегі 1, 2-жактық тұлғалар арқылы берілетін және оның сөзбен берілуін сөйлем семантикасы қажсет етпейтін бір бас мүшегі сөйлем түрін белгілі жақты бір негізді сөйлем дейміз.*

1, 2-жактық сөйлемдер көп жағдайда бір негізді болып келгенімен, сөйлемнің мәтіндік және жағдаятқа байланысты жалпы мағыналық құрылымдарында бастауыштың лексикалық сөзбен берілуін айқын талап етіп тұратын жағдайлары да болады. Ондай кездерде сөйлем екі негізді болып келеді. Бастауышты «түсіріп», бір негізді етуге ешбір мүмкін болмайды немесе түсірілген жағдайда конситуациядан тыс кезде толымсыздық мағынада болып, бастауыш сөзбен толықтыруды қажет етеді. Сондай жағдайлардың бірсынырасын атап көтейік:

1. Иc-әрекетке қатысты субъекттің айқындалап, даралап, ешбір шубесіз етіп көрсету қажеттігі болғанда бастауыш айқын сөз арқылы беріледі: ...*Мен үндемедім. Поезд қозгала берді.* (Д.Исабеков) Сол күні кешке облыстық «Ұш жуз» комитетінің жиынысы болды. *Мен де бардым.* (F.Мусірепов)

2. Бастауышты нақтылай, даралай түсідің көрінісі – оны актуализациялап, рема құрамында көрсету болып табылады. Бұл, әсіресе, сөйлеу жағдаяты ынғайында айқын байқалып, бастауыш логикалық екпінмен дараланды: – *Қарыздары мен болармын, Бәке!* Эл-шамамның келгенінше қойным мен мойнымда өсірермін! (М.Әuezов) – *Барсаңызы, сіз мұсылмансыз.* Сол мешітке сіз де барып, жұма намазында сіз де сойлесеңзіш!.. (М.Әuezов)

3. Жағдаяттық және мәтіндік ынғайда бір сөйлем ішінде немесе көршілес жай сөйлемдерде 1 және 2-жактық іс-әрекеттердің салыстырыла, қарсы қойыла айтылуы кезінде бастауыштардың ең болмағанда біреуі айқын көрінеді: – *Сен білгенді мен білмеймін. Сен көргеннің берін мен көруге тиісті емеспін.* Бұл омір заңы (Д.Исабеков). – *Біз киргиз даласына таңдан отырып әкімдер сайлаймыз.* Сіз оның берін жаман дейсіз, жауыз адамдар дейсіз... (М.Әuezов)

4. Компоненттерінің баяндауыштары әртүрлі жақта қатысты болып келетін құрмаластарда бастауыштардың кем дегендे біреуі анық лексикалық сөзбен аталып беріледі. Мұндай құбылыс құрмалас сөйлем-

дердің карсылыкты, салыстырмалы, шартты, түсіндірмелі түрлерінде кездеседі: ...*Олардың шынын білсеңіз, мен ғана емес, өзіңіз де жауыз демек түгіл, көбін жазалар едіңіз* (М.Әуезов. – *Мен мемлекеттік жоспардың көзімен қарап айтып түрсам, ал қолын сілтейді!* – деді *Бейсембай бар дауысымен айқайлан* (F.Mусиропов).

Осы тұста тағы бір жайды ескеруге тиіспіз. Жоғарыда айтканымыздай, бір негізді белгілі жакты сөйлем екі негізді сөйлеммен мазмұндас болып келеді. Солай болғандықтан да, кез келген жағдайда бір негізді белгілі жакты сөйлемді бастауышпен толықтырып екі негізді стuge, немесе екі негізді сөйлемнің бастауышын түсіріп бір негізді етуге бола беретін тәрізді көрінеді. Шынында, бұлай етуге барлық сөйлем түрлері көне бермейтінін жоғарыдағы мысалдардан байқадық. Бастауышсыз берілген сөйлемдер де сол тәрізді. Егер ондай сөйлемдерге бастауышты сіндіруге болады деп есептесек, онда әнгіме бір негізділіктен ғері то-тұмысыз сөйлем жайында болуға бейімделеді. Ал зерттеушілердің басым көпшілігі 1, 2-жақтық бастауышсыз айтылған күйін бір негізді сөйлем деп қараша қажет екенін ұсынады. Өйткені, сөйлемнің құрылымын көп жағдайда оның мазмұны (семантикасы) белгілейтін болғандықтан, оны қолдан толықтыру немесе мүшелерін түсіріп тастау, бір жағынан оның сыртқы құрылымын өзгертсе, екінші жағынан мағынаға аз болса да эсер етпей қоймайды. Кезінде бұл ерекшелікті ақад. В.В.Виноградов тұмысыз сөйлемдерге байланысты қарап, былай деген болатын: «...Алайда, көп жағдайда мұндай сөйлемдерді орыс тілінің синтаксистік нормасын бұзбай, грамматикалық жағынан толықтыру мүмкін емес. Сөйлемнің мұндай жанды құрылымдық типтерін... тұлғалық жетім-сіздігі (толымыздығы) тұрғысынан емес, өздеріне тән құрылымдық сипаты мен қызметі (функциясы) тұрғысынан зерттеу қажет...» [62: 83-6.]. Айтылған пікірлерге көз жеткізу мақсатында мынадай бірнеше сөйлемді салыстырып көруге болады: 1. – *Базеке-ау, сіз сойлесеніз, ақындар кезегімді алып қойды демейді* (М.Әуезов). 2. *Молда*: – *Шыгарма дыбысынды!.. Көзінді ағызыармын!..* (Б.Майлін)

1-сөйлемдегі бастауышты (*сіз*) түсіріп айтудың еш мүмкіндігі жоқ. Сөйлем құрылымдық жағынан ғана емес, мағыналық жағынан да то-тұмысыздықка ұшырайды. Бұл жерде, кей сөйлемдердегі тәрізді қаратпа сөздердің де септігі тимейді. Бұған басты себеп болып тұрған, жоғарыда аталаған кеткендей, сөйлемнің құрмалас болып құрылуы, соған сай басынқыдағы бастауыштың 3-жақта берілуі болып табылады. Сонда бұл сөйлемді тек толымды екі негізді сөйлем тұрғысынан қараша қажет. Оның «бастауышын түсіруге бола ма, болмай ма» деп бас ауыртып жатудың қажеті жоқ. 2-сөйлемді де берілген құрылымы ынғайында бірден-ақ бір негізді белгілі жакты сөйлем ретінде танимыз. Себебі, бұл сөйлемдердегі бастауыштардың болмауы олардың

сыртқы құрылымына да, мазмұнына да еш әсер етіп тұрған жоқ. Қайта сол сөздерді косар болсақ, сөйлем семантикалық жағынан өзгеріске ұшырайтыны байкалды: сөйлемнің эмоциялық-экспрессивтік бояуы жойылады, іс-әрекеттің орындалу шешімділігі әлсірейді. Бұл ерекшелік 1, 2-жактық жіктік жалғауларының семантикалық сипаттарынан туындауды.

Тағы бір есте болатын нәрсе – 1, 2-жактық бастауышсыз сөйлемдердің бәрі бірдей белгілі жақты бола бермейді. Әсіресе, бұл сөйлемдердің 1-жактық көпше түрі, 2-жактық жекеше түрлері стильдік қолданыс ынғайында жалпылық, белгісіздік мәнді білдіріп, белгілі жақты сөйлемнің басқа бір құрылымдық типтеріне айналады. Бұндай сөйлем түрлері кейінгі тарауларда арнайы сөз болады.

Ә. Белгілі жақты бір негізді сөйлемнің бас мүшесінің жасалу жоллары. Дәстүр бойынша, сөйлем құрылымындағы ең негізгі ұйымдастырушы мүшес предикаттың бас мүшес деп есептеледі. Осының негізінде сөйлемді құрылымдық жағынан зерттеуде алдымен осы мүшениң өзіне тән сипаттарына назар аударылады. Сөйлемдердің етістікті және есімді деп бөліп қараша да осыған байланысты. Белгілі жақты сөйлемдер бас мүшесінің жасалу жолдарын анықтауды осы дәстүр тұрғысында қарашаған жен.

Жоғарыдағы тарауда байқалғанында, етістік предикат бойында сөйлемнің тұтас мазмұнын (ең кіші единица ретінде) құрауға қатыстаын барлық грамматикалық тұлғалардың мәндері жинақталады. Осының негізінде етістік предикатты сөйлемдердегі хабар мазмұны (немесе сөйлем семантикасы) осы грамматикалық мағыналар мен синтаксистік мағыналардың бірлігінен тұрады деп есептеледі. Мысалы, 1-ден, ең алдымен, сөйлемдегі іс-әрекеттің субъектісі мәнін білдіретін жақ жалғауынсыз ешбір етістік бас мүшесі сөйлем өз алдына жеке тұрып сөйлемдік мәнге, қатынас құралы ретінде тұтастыққа ие бола алмайтыны белгілі. Оның үстінен, бір негізді сөйлемдердің жаққа қатысы грамматикалық тұрғыдан тек осы тұлғага байланысты болғандықтан, оның болуы міндетті. 2-ден, жақтың әрекетін белгілі бір шаққа қатысты етіп беру де сөйлемнің негізгі белгілерінің бірі. Сондықтан жақ тұлғасы әр уақытта шақ тұлғаларымен қатар жүрді. 3-ден, іс-әрекет, уақыға қай жаққа қатысты болса да, сөйлеуші жақ (немесе баяндаушы) тарарапынан берілетін болғандықтан, оның объективтік дүниені тану қабілеті мен субъективтік көзқарастары қатар, бірлікте беріледі. Бұлардың да өзіндік берілу тұлғалары (рай) осы етістік бас мүшемен тығыз байланыста болады. Сондай-ақ, 4-ден, айтуши ойды сөйлеу арқылы дәл жеткізу дің, ықшамдаудың, тұжырымдаудың әр түрлі тәсілдері мен жолдарын (мәтін, ситуация, интонация, эллипсис т.т.) барынша қолданады. Міне, осылардың бәрі етістіктің лексикалық мағыналарымен қосыла отырып,

оның предикативтік ынғайда құрылышында белгілі бір рөл атқарады. Сонымен бірге, мына нәрсе ескерілуге тиіс. Атап көрсетілгендей, әрбір грамматикалық тұлға белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіреді дегені мізбелен, сөйлемнің тұтас семантикасын білдіру кезінде, бір тұлғалардың негізгі мағынасынан басқа да мағыналарға ие болуы, бір тұлғаның басқа тұлғалармен синонимдес келуі кездесе береді [95]. Оның үстіне сөйлем мазмұнын толықтыруда қосалқы факторлар – шылаулар, модаль сөздер т.б. көмекшілер қосымша қызмет атқарады. Сейтіп сөйлем семантикасы құбылып, түрленіп отырады. Осыған байланысты да предикат мүше құрамындағы морфологиялық тұлғалардың қызметі сөйлемнің семантикасына бағынышты болады делінеді. Соңдықтан, әр грамматикалық тұлғаның жеке тұрғандағы беретін мағынасы мен оның сөйлемдегі семантикалық мағынасы әр уақытта сәйкес келе бермейді. Әсіресе бұндай құбылыстар бір негізді сөйлемдерде жирик кездеседі. Соңдықтан, сөйлем құрылымын зерттеуде оның тұлғалық (грамматикалық) белгісі мен семантикалық (мазмұндық) ерекшеліктерін тығызы байланыста қараудың мәні айрықша. Бұл ынғайда дәстүрлі тәсілді қолдануға тұра келеді. Нактырақ айтқанда, әуелі предикат мүшенің морфологиялық (грамматикалық) құрылымын негізге ала отырып, соган байланысты сөйлемнің семантикалық құрылымы анықталады.

Бір негізді белгілі жақты сөйлемнің етістіктен жасалған бас мүшесі (предикаты) екі негізді сөйлемдердің бас мүшесі тәрізді дара етістік түбірдің грамматикалық тұлғалармен түрленіп келуі арқылы, негізгі сөздерге көмекші сөздердің тіркесіп келіп құрделенуі арқылы және тұрақты тіркестер арқылы беріледі.

Белгілі жақты сөйлемнің предикативтік мүшелерінің негізіне алынатын дара түбір етістіктер, мейлі ол негізгі болсын немесе туынды болсын, адамның әр түрлі қимыл-эрекстін, қозғалысын, қалпын т.б. білдіретін сөздер болып келеді де, міндетті түрде бір етіс тұлғасында тұрады.

Казақ тіліндегі материалдар түбір етістіктердің салт, сабакты түрлері арқылы жасалған белгілі жақты сөйлемнің предикатының басқарайларға қарағанда **бұйрық** **райда** жекеше және көпші түрде бір етіс тұлғасында тұрады.

Бұйрық **райда** 1-жақтық тұлға **жекеие** – **-айын, -ын, (-ейін,-ін)** **көпше** – **-айық, -ық (-ейік, -ік)** болып келеді.

Бұл жерде райлық мән мен жақтық мән тарихи біріккен бір тұлға арқылы беріледі деп есептеледі. Салт, сабакты етістіктерге олар тұра жалғана береді. Мысалы:

– Не айтам? Ойланайын... Кабыргаммен кенесейін (Е.Домбаев).

– Онда екеуінде бірсігүні түнде үйлерінде бауыздан өлтіреін бе? (М.Әуезов)

– Балам-ай, келий, басын көтерейік. Өлі ме, тірі ме? (F.Мусірепов)

– Тәкексан, бар өлеңді жоймайық. Оның тіл бата алмас зорлық болады (М.Әуезов).

Бүйрық райдың **2-жағында**, әдетте, райлық мән де, жақтық мән де **нөлдік тұлғада** болады. Яғни етістік түбірге тән етіс жұрнактары мен көптік жалғау ғана жалғана алады.

... Кебекпенен мені аз ғана арыздастыр.

Олген соң бірге қосып таспен бастыр (Шәкәрім).

– Токтат, жсаным! Бар!.. Тек ашуыңды аулақ әкет! Болды. Бар!..

– деп жай ғана бітірді (М.Әуезов). – ... Барындар, не десе де, ана Еркекжансың өзінен естіндер. Байлауын өзі айтсын! – деді (М.Әуезов).

Түркі тілдерінде, оның ішінде казақ тілінде, бүйрық рай түрінің нөлдік тұлғада қолданылуы оны басқа рай түрлерінен оқшауландырады. Алайда, хабаршының сөйлеменің мазмұнына салар семантикалық салмағына қарай бүйрық райдың таза бүйрық немесе талап, тілек, етініш т.б. мағыналарды білдіруі де бар. Мысалы:

...Сый әдеметпе, берсе, алма еш адамнан,

Нең кетеді, жақсы өлең сөз айтқаннан (Абай). – **талаң**;

– ...Ойлан, ойлан. Ақыл тоқтатқан адамдармыз... (Е.Домбаев).

– **тілек**; Үркімбай барлық өз жігіттеріне ақырып, бүйрық етті: – Ұста! Сой екі итті! – деді. (М.Әуезов) – **бүйрық**; – Киши апа деймін!.. Не дегенін сұрашы тым құрымаса! (М.Әуезов) – **өтініш**.

Ал **1-жақтық** бүйрық райлы тұлғаның мағыналық ерекшеліктері жөнінде түркітанушылар арасында да, қазақ тілі мамандары арасында да әр түрлі пікір бар екені байқалады.

А.Н.Кононов мағыналық ұқсастық жағын ескере отырып, **1-жақты** басқа жақтардан бөліп алғып, оны қалау райына қосады [73: 87-б.].

Н.К.Дмитриев **1-жак** бүйрық райының көпше түрін «жартылай бүйрық, жартылай үндеу, мағынасын білдіреді, тарихи жағынан ол қалау райының **1-жағының тұлғасы**» деп есептейді [27: 163-б.].

А.М.Щербак та бұл тұлғаны қалау райы қатарына жатқызады [96: 52-б.].

Қазақ тілі ғалымдары арасында бұл мәселе туралы екі түрлі көзқарас бар екені байқалады. А.Ысқақов бұл жөнінде жоғарыда аталған түркітанушылар пікірін де жоққа шығармайды, бірақ ол: «**1-жак** формалары іске қозғау салмайды, біреуге сілтемейді, сөйлеушінің амалды өзі істейтінің, яғни оны жүзеге асыруға өзі ынталанатының, өзі бел байлағанын білдіреді... Бүйрық-тілек райының белгілі бір дара мағынасы және оның арнаулы көрсеткіші болады», – деп, бүйрықтан гөрі тілек, қалау мәні басым екендігіне иланатын тәрізді [97: 32-б.].

Бірсыныра мамандар бір парадигмалық қатардағы тұлғаларды бұлай бөліп қарауға карсы екенін білдіреді. Мысалы, Н.Т.Сауранбаев

бір кезде: «...бұйрық рай басқа райлар сияқты барлық жақтық формаларға ие болады, – дей келіп, – ...бұйрық райы түркі тілдерінде бірыңғай грамматикалық категория құрайды», – деген тұжырым жасайды [98: 265-269-бб].

Бұл пікірді И.Маманов та қолдайды. Оның ойынша, «1-ден, басқа райлардың бәрі де үш жақта өзіне тән формалармен көрінгенде, бұйрық райдың тек 2 және 3-жақта көрініу ретсіз. 2-ден, бұйрықтық мән береді деп есептелеғін 2, 3-жақтық формалардың өзі барлық уақытта бұйрықтық мән бере бермейтін белгілі» [99: 152-б.].

Осындай кейінгі пікірлер – басқа түркі тілдерінде де, қазақ тілінде де тұрақталған құбылыс. Әрине, бұйрық райының қалау, тілек, өтініш мәнінде қолданылуы тек 1-жақта ғана емес, басқа жақтарда да кездеседі (2-жақта, жогарыда келтірілді). Алайда, мұндай өзгешелікті сөйлемнің тұтас семантикасына, ондағы интонация ынғайына байланысты деп қараған орынды тәрізді. Жалпы бір тұлғалардың екінші бір мағыналарды аудыспалы түрде білдіріп жатуы тілдегі занды құбылыстардың бірі деп есептесек, бұйрық райының 1-жағының да осындай қасиеті бар. Сондықтан дара етістіктен жасалған белгілі жақты сөйлемнің предикат мүшесінің қалау райлық мағынасы бұйрық райлы мағынасымен интонация ынғайында сабактасып жатады. Мысалы:

– Барындарши, сосын көрерміз ретіне қарай. Тез барындар, қалып қоймандар. (С.Жұнисов) – Кемінізде, отінемін!.. Сау болыңыз! (Д.Исабеков)

Осындағы -ши жүрнағы бұйрықтан гөрі қалаулық мағынаға жақын мәнді білдіретіні байқалады.

Кейде түбір етістік шартты рай тұлғалы болып келіп, оған -ши/-ши жүрнағының жалғануы арқылы да қалаулық мағына беру бар:

– Жаным-ау, адам баласысың ғой... Айттың олтірсениш... (М.Әуезов).

Құрмалас сөйлемнің бағының компоненттерінің предикативтік мүшесінде кездесетін шартты рай тұлғасы шарттылықтан гөрі екі іс-әрекетті біріне-бірін қарама-қарсы қою, шенdestіру, салыстыру сияқты мәндерді білдіру үшін қолданылады:

– Альссан, тенектек деп бізден алыс... (М.Әуезов) – Барсак та, атты тастап жаяу барайық... (М.Әуезов) – Не көрсөн, бірге көресің! (М.Әуезов)

Сейтіп бір негізді белгілі жақты сөйлемнің біреу де болса, бірегей предикаттық мүшесі жогарыда көрсетілгендей, етістіктің түбір күйінде де, оның грамматикалық тұлғалармен түрленіп келуі арқылы да 1 және 2-жақтық белгілі субъекттің іс-әрекеттің көрсететін мүше болып есептеледі.

Бұл бас мүше тек дара етістіктің түрленуі арқылы жасалып қоймайды, әр түрлі негізгі және көмекші сөздердің өзара тіркесіп келіп құрделенуі арқылы да жасалады.

1) Етістіктің аналитикалық форманттары арқылы жасалып, іс-эрекеттің әр түрлі сипатын (қарқынын, басталу-аяқталуын, жалғасуын, біткенін т.б.) білдіреді. Мысалы:

— Не деп тұрсың? Алжығанбысың?... (М.Әуезов) — Тысқа шығып келсек қайтеді? С.Мұқанов) — ...Қанша талтынсан да бір дерегінді біле алмадым-ау, қайран Ана!.. (С.Досанов) Алғашқы сөйлемде 2-жаққа тән іс-эрекеттің әлі де орындалу үстінде екені көрінсе, 2-сөйлем алдағы уақытта болатын іс-эрекетті білдіреді. 3-сөйлемде жүзеге аспаған іс-эрекет белгілі болып түр. Бұл құрделі предикат негізгі және көмекші етістіктердің өзара көсемшे жүрнақтары арқылы байланысқан түрі (аналитикалық формант) арқылы жасалған.

Етістіктің аналитикалық форманттары арқылы жасалған бас мүше кейде бір негізгі сөзге тіркескен бірнеше көмекшілердің арқасында құрделеніп келе береді: — Барып та қалармын. Ал сау бол... Одан айрылып кала жазадаңық (Д.Исабеков).

Еріне, соңғы жылдары қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарын құрделі етістікten бөліп алғы қарада оның құрделі қымылды білдіруден көрі, бір қымылдың әр түрлі сипатын білдірестін құрделі тұлға ретіндегі ерекшелігін танытты [100]. Бұл ерекшелік оның беретін мазмұндан туындаиды.

2) Есімшеге көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалады: — Жаман, сасық ұрыңды тапкан екенсін!... (М.Әуезов) — ...Қайтейін, билік менің қолымда болса, бұл күйге не тусер едің, не түспес едің... (Б.Майдан).

3) -ушы тұлғалы қымыл атауына көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады: — ...Ауыздарыңнан шығаруышы болмандар... (С.Мұқанов) — Сізді көрген сайын «Осы кісі неге согысқа бармайды» деп ойлауышы ем (Д.Исабеков).

4) Толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің қатысуы, жіктелген шартты райлы етістіктердің қайталанып келуі арқылы немесе өзара менгерілуі арқылы келген тіркестерден жасалады:

Оған Байдалы құндіз бұйрық беріп: — Бір қымылды істемін істедін. Бірақ енді сақ бол! — деген (М.Әуезов).

— Тоқтат, қаңғырган налем, булдірдің деген сон булдірдің, — деп буынды да қалды (А.Тоқмагамбетов).

— ...Кетсем кетемін, батырсам батырайын қарамады. Ал қош бол! (Д.Исабеков)

5) Үйрлі баяндауышқа *де* көмекші етістігінің тіркесіп келуі арқылы: ...Осыдан бәле басы болғаның сол бәленің тауқыметін тұра өз мойныңмен көтересін! «Кашан айтып ен» деме! — деп Сүйіндік бар сөзді бір-ақ тұжырыды (М.Әуезов). «...Аш-арығымды асырап жүрмін» дей бер... (М.Әуезов)

6) Бас мүше фразеологиялық тұркакты тіркестерден жасалады: а) кейде фразеологиялық тіркестердің өзі (идиомалар) айтылатын оймен астасып, сөйлем ретінде беріледі. Ондай жағдайда басыңқы мазмұнды сактайтын бірнеше сөздер сакталады: ...Ел аузына қакпак болып көрши... (М.Әуезов) – Ақылдассаң, әліптін артын бағайық (Е.Домбаев); ә) тұркакты сөз тіркестерінен: – ...Саган... бүгін осы үйден кара су татырсам ба. – деді (Ә.Нұртейісов). – Жанқияр молдага ұшықтатыны, дем салдырымадық па?.. (О.Бекеев).

7) Әртүрлі модальдік мәндерді білдіру ынғайындағы құрылымдар:

а) – Таң да атын қалды гой. Осында қона кетсем қайтеді? (Д.Исаbekов) – өтініш; ә) – Бұл сөздің аузыма қалай түскенін білсем негылдайсіз! (Д.Исаbekов) – ақталу; б) – Пәлі, ерсініп жүрген көкжалда-рыца болайын! (F.Мүсірепов) – менсінбеу; т.б.

8) Есім сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы ашық райды келген бас мүшелердің мынадай жасалу жолдары бар: а) табыс септігі жалғауының түсірілуі арқылы: – Әй, шырагым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Салем бер (М.Әуезов). – Жалғыз шауып не тындырмаксын, көп бол барып не бітірмексін! (Д.Исаbekов); ә) атаяу тұлғалы есім сөздердің көмекші етістіктермен тіркесіп келуі арқылы: – Телгара! Айналайын Телгара! Соқталаңай азамат болып кетіпсін-ауды! (М.Әуезов) т.б.

Сөйлем баяндауыштарының шақ тұлғаларында келуі тіл-тілдің қайсысында болса да ашықраймен байланыстырылады. Сөйлемнің баяндауышы болатын кез келген сөздер шақ тұлғасын қабылдай бермейді, оны қабылдайтын, негізінен, етістік қатысқан баяндауыштар болады. Осыдан да, кез келген етістікті бас мүшелі сөйлем мәтін ішінде болсын, одан тыс болсын, шақтық мағынамен байланысты болады. Өйткені, сөйлем баяндаушы жақ арқылы қандай да бір қимыл-қозғалыс, іс-әрекет, құбылыстар туралы хабарды білдіретіні рас болса, ол хабар белгілі бір уақыт мөлшерімен, мезгіл кезеңімен тығыз байланыста өтеді. Ал баяндауыштың жақтық тұлғамен түрленуі – осы ерекшелікте айқын танытатын бірден-бір тәсіл. Анығырақ айтсақ, баяндауыштың жақтық тұлғамен түрленуі деген сөз – нақты бір субъектіге тән нақты бір іс-әрекеттің нақты бір уақыт аралығында отуи ақиқат құбылыс ретінде танылады деген сөз.

Сонымен, баяндауыштың шақ жұрнактарымен түрленуі әр уақытта жақтық түрленіспен бірлікте келеді. Өйткені осы екеуінің бірлігі ынғайындаған обьективтік шындық анық танылады. Жақ пен шақтың үнемі бірлікте келуінің тарихи негізі де бар: ол – қазіргі етістіктердің бір кезде «есім-етістіктерден» (немесе қимыл есімінен) қалыптасуы. Бұл жөнінде А.М.Щербак: «Қимыл есімдерінің рөлі ұшан-теніз: оларсыз етістік те өз алдына грамматикалық класс ретінде бөлініп шықпаған

болар еді. Олар өзгеріске ұшырамаған, синкретикалық есім-еңістіктердің іс-әрекет пен құмылдың атауын білдірген кезінде пайда болды. Құмыл есімдері іс-әрекеттің сөйлеу кезеңіне қатынасын және іс-әрекет пен оның орындалуы арасындағы қатынасқа айтуши көзқарасын тілдік құралдар арқылы білдіруге негіз болды», – дейді [96: 13-б.]. Бұл пікірді Т.Қордабаев та қолдап: «Бұл екі категорияның тіліміздің қазіргі даму сатысындағы бірлігіне қарағанда, іс-әрекет жеке субъектіге меништелгенге дейін, яғни баяндауыш формасы шыққанға дейін, тіліміздегі қазіргі түсінігіміздей субъектіленген шақ та болмаган деген қорытынды шығаруға болатын сияқты», – дейді [101: 47-б.].

Баяндауыш жақ тарапынан берілетін хабар мазмұны сөйлеу жағдайынан бұрын болған немесе сол кезеңде болып жатқан, болмаса кейін болатын іс-әрекет туралы болуы мүмкін. Осыған байланысты **осы шақ**, **өткен шақ**, **келер шақ** дес аталатын үш шақ түрі, оларға сай шақтық тұлғалар жүйесі (парадигмасы) бар екені белгілі. Аталған шақтық қосымшалардың мәндері әр уақытта езі тіркесстін еңістіктердің лексикалық мағынасымен, ондағы жақтық мәннің берілуімен тығыз байланыста анықталады. Бұл, әсіресе, бір негізді белгілі жақты сөйлем тәрізді субъектісі тек жақ тұлғасы арқылы ғана анықталатын сөйлемдер үшін айрықша қажет.

Бір негізді белгілі жақты сөйлемдердің шақтық мәндерінің берілуі екі негізгі сөйлемдердің шақтық мәндерінің берілуінен аса бір айрымашылығы жоқ. Қөп жағдайда екеуі бірдей дәрежеде көрінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, белгілі жақты сөйлемдегі шақтық мәннін берілуі арнаулы тұлғалар арқылы да, лексикалық жолмен де (нөлдік тұлғада), синтаксистік жолмен де (сөйлеу жағдайты, мәтін ыңғайында) беріле береді. Мысалы, таза бұйрықтық мағына білдіретін түбір етістіктің лексикалық мәнінде 2-жактық мағына болумен бірге, көбінесе келер шакка мегзелетін мағына да болады. Сондай-ақ, қалау, шартты райлары да үнемі келер шақта орындалатын іс-әрекетке мегзеліп тұрады. Бірақ бұл райлардың келер шақтық мәні арнаулы шақтық формалар арқылы емес, оны жасап тұрған сөздердің семантикалық мәнінен, сөйлемнің тұтас мазмұнынан белгілі болады да, негізінен сөйлеушінің хабар мазмұнына деген субъективтік көзқарасын айқындайды. Етістік баяндауыштың ашық рай формасында ғана үш шақтың да арнайы тұлғалары болады.

Осы шақтың семантикалық мәні сөйлеу әрекеті кезінде болып жатқан іс-әрекет, жай-қүйдің субъектіге қатысын баяншы тарапынан білдіру болып табылады. Қазірге дейінгі зерттеулерде болсын, оқулықтарда болсын, осы шаққа беріліп жүрген анықтамалар осы мазмұн-дас. Шақтың бұл түрі жөнінде ғалымдар арасында пәлендей қайшы пікірлер кездеспейді.

Шақ категориясын арнайы зерттеген Т.Қордабаев осы шакты үшке (нақ, жалпы, ауыспалы) бөлсе, А.Ысқақов та осылай бөледі. И.Маманов арнайы бөліп қарамаса да, мектеп грамматикасында беріліп жүрген екі түрін (нақ және ауыспалы) қолдайтындығын көрсетеді. Қалай бөлгенде де, белгілі бір нормага сүйену қыны. Өйткені, көп жағдайда, шактық мәнді сөйлемнің тұтас мазмұны (семантикасы) шешеді.

Алайда, зерттеулерге және жиналған тілдік материалдарға қарағанда, осы шакты жасауда қалып етістіктерінің (*отыр, тұр, жатыр, жур*) мәні айрықша екені байқалады. Олар баяндауыш ретінде жеке келіп те, негізгі етістіктерге көмекшілік қызмет атқарып та, түбір күйінде, ешбір жалғаусыз осы шактық мәнді білдіреді. Біrsыптыра еңбектерде «жақтық жалғау қалып етістіктеріне тұра жалғанады, осы шактың өзіне тән арнаулы шактық тұлғасы болмайды» деген тұжырымдардың айтылуы осы ерекшеліктерге байланысты [97: 341-б.] және [99: 143-б.].

Қалып етістіктерін арнайы зерттеген М.Оразов осы төрт етістіктің осы шактық мәнінің өз бойында болуын олардың тарихи қалыптастырынан, нақтырақ айтқанда, олардың бойындағы -ыр, -ұр, -үр тұлғалары бір кездегі осы шактық мағынаны білдірген тұлғалар болып, кейін олардың түбірге сінісіп кетуінен деп түсіндіреді [102: 80-б.].

Қалып етістіктері жақтық жалғауларды I, 2-жақтарда тікелей қабылдайды да, әрі субъектілік мәнге, әрі предикативтік мәнге ие болып, сөйлемдік дәрежеге жетеді. Бірақ олардың түбір күйіндегі предикативтік мәні (*жур-ден басқасы*) тек субъектінің белгілі бір қалпын білдіруден басқа активті іс-әрекет, қозғалыс, қымылды білдірмейді (*отырмын, жатырсың, тұрмын*). Ал субъектінің активті іс-әрекетін, қымыл-қозғалысын білдіру үшін предикаттық бас мүшениң негізі міндетті түрде осында мәнді етістіктерден болады да, қалып етістіктері тек көмекшілік қызмет атқарады. Мұндай жағдайда олар өзінің бастанпқы мағынасын және жіктелу ерекшелігін сол күйінде сақтап қалады. Мысалы: а) ...*Не істерімді білмей, кунделігімді атып жазып отырмын* (*Ж.Аймауытов*); ә) ...*Сөз өз басыңда болған соң келіп тұрмыз* (*М.Әуезов*). Бұл сөйлемдерде субъектінің қымылын негізгі етістіктер (*жаз, кел*) білдіріп тұр да, ал қалып етістіктері жіктелген күйінде әрі субъектінің өзін, әрі оның қалпын білдіріп тұр.

Қалып етістіктерінің бұл ерекшеліктері негізінен ашық райға қатысты. Алайда, қалып етістіктері түбір күйінде бүйрек райын да білдіре алады. Бұл жағдайда оның шактық мәні де, жіктелу үлгісі де басқаша болады. Мысалы:

– *Отыр да, сөйле! Мен тындаимын* (*М.Жұмабаев*). – *Жалға жур, жат жерге кет, мал тауып кел...* (*Абай*)

Осы сөйлемдердегі бүйрек райлы қалып етістіктері басқа етістіктер тәрізді 2-жақтық мағынаны өз бойында сактаған. Сондықтан, ол

жіктік жалғаусыз-ақ жақтық мағынаны білдіріп, келер шактық мағынада қолданылып түр. Ал 1-жақта ол сөздер «отырайын», «жүрейін» түрінде жіктеліп келген болар еді. Осы ыңғайда олар келер шактық мәнді иеленеді. Бұл тұста қалып етістіктерінің әмбебап (универсалды) қызметі айқын көрінеді.

Осы шактың бұдан басқа берілу жолы көбіне сөйлеу жағдаяты ыңғайында байқалады:

- *Кошке, кайтесіз, тұрыныз...*
- *Ал тұрмаймын. Ал жатам. Құшті болсаң, қане тұргызып көрші!*
- деп қыңыр шал ежелгі қисықтығына басып кетті (Ә.Нұрпейісов).
- Ендеши бірге жүрдім не, жеке жүрдім не? Ал кеттім! – деп, соқтыра жөнелді (М.Әуезов). Алғашкы сөйлемнің баяндауыштары келер шактық тұлғада тұрганымен, осы шакты білдіріп түр. Жатқан адамнан сол сөйлем тұрган мезстте (сөйлеу жағдаяты) тұруын етінеді, бірақ ол тұрган жок. Диалогтың екінші сыңарындағы баяндауыштардың да тұлғалары келер шактікі болғанымен, мағыналық жағынан осы шакты білдіреді. Өйткені онсыз да сол сөйлеу кезінде жатқан адам, әлі де жататындығын білдіреді.

Келесі сөйлемдегі асты сызылған баяндауыш мүше жедел өткен шактық (-*mi*) тұлғада тұрганымен, іс-әрекеттің сол жағдай үстінде жаңа басталып, әлі аяқталмағанын, болып жатқанын білдіреді.

Сөйтіп, белгілі жақты бір негізді сөйлемдегі жақ іс-әрекеттің осы шакка қатынасын білдіру тәсілдері екі негізді сөйлемдерден пәлендей айырмашылықта көрінбейді. Мұнда тек 3-жақтық мәнде бір негізді сөйлем бола алмайтындығын ғана ескеруге тұра келеді.

Келер шақ – сөйлеу кезеңінен кейін болатын, болуға тиіс іс-әрекеттер мен жай-күйдің субъектіге қатысын білдіретін шақ категориясының бір түрі. Бұл шактық мән субъекті тарапынан іс-әрекеттің кеслешкеп дәл мұлтіксіз орындалуын айқындаумен бірге, алдағы уақытта әйтегір бір орындалуға тиіс іс-әрекет жөнінде де білдіреді. Соңдықтан мұндай шактық мәнде құрылған сөйлемдерде хабаршының субъективтік көзқарасы басымырақ болады. Оның түрлері де көбіне осы мәніне байланысты ажыратылады. Бірақ осы мәнді әр ғалым әр түрлі түсінеді. Осыған байланысты да келер шакты топтастырудагы олар койған атаулар әр басқа болып шығады. А.Ысқақов пен И.Мамановтың топтастыруы бір-біріне жақын келеді. Бірақ айырмашылық аттарында ғана және И.Мамановтың «аудыспалы келер шақ» деп отырғаны тек тұлғаның қолданылуын ғана ескергендейстен. А.Ысқақовтың «жалпы келер шақ» деген атауы да сол тұлғаның семантикалық мәнін толық аша алмайды. Соңдықтан Т.Қордабаевтың «сенімді келер шақ» деп аталағын түрі мен «болжалды», «мақсатты» деген жоғарыдағы ғалымдардың топтастыруларын біріктірген орынды деп есептейміз (ав-

торлардың аталған енбектерін караңыз).

Сенімді келер шақ көсемшениң -*гали*, -*гели*, -*қалы*, -*келі* жүрнағы арқылы түрленген етістікке көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалып, әр уақытта курделі болып келеді. Мысалы: – ...*Олай-бұлай болса, көз-құлақ боларсың. Сырымды саган айткалы отырмын*, – деді Сарсен (F.Mусірепов).

Сондай-ақ, көсемшениң -*а*, -*е*, -*й* жүрнағы негізгі етістіктерге жалға-нып келіп жіктелген жағдайда да сенімді келер шақтық мән тузызады: – *Оны кезінде көреміз* (Ә.Нұрпейісов).

Болжады келер шақ етістікке есімшениң -*ар/-ер/-р*, -*с* жүрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Мұндай тұрғыдағы сөз жіктеліп келіп (1, 2-жакта) предикаттық сипат алғанда, субъекті іс-әрекетінің орындалуы тек тұспалдалап, болжадап қана көрсетіледі. Накты орындалуға сенім бола бермейді. Мысалы: – *Артқы күнді коріп алармыз. Жасқанбасын қалың жастақ бауырым!* (М.Әуезов). – *Атта, тарт былай! Аруақ бары рас болса, бұдан келген көрді көрермін!* – деді (М.Әуезов).

Мақсатты келер шақ етістік түбіріне -*мак*, -*мек*, -*пақ*, -*пек* жүрнағының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы: – *Елге қашан жүрмексің?* (С.Сейфулин) ...*Таңертеңгі қатқақпен жүріп кетпекпіз* (М.Әуезов).

Келер шақтың аталған түрлерінің мәні көрсетілген тұлғалардың келуімен ғана шектеліп қалмайды. Етістіктің бұйрық, қалаурайларының қайсысында болмасын келер шақтық мағына болады. Мысалы: 1. – *Көш! Қасымнан кет!*, – деп бұйрық берді (М.Әуезов). – *бұйрық*; 2. ...*Адам күнімде асыл махаббатымды саган тапсырсам деп едім* (Д.Әбілев). – *қалау*; 3. – ...*Барыңдар, не десе де, ана Еркекжанның өзінен естіңдер*, – деді (М.Әуезов). – *бұйрық*; 4. Ел аузына қақпақ болып көрши (М.Әуезов). – *бұйрық*; 5. *Осыншама малды бірдемеге ұрындырып, Бигайшаны үятқа қалдырымасам екен* (Қ.Жұмайділов). – *қалау*.

Откен шақ субъектіге тән іс-әрекет пен қымыл-қозғалыстың сөйлеу жағдаятынан бұрын болғандығын білдіреді. Бұл шақ мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да тілде өте жи қолданылады және ол болып откен іс-әрекетті білдіретіндікten, накты мағынага ие болады.

Казіргі қазақ тілінде откен шақты мағыналық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі топтау байқалады. Солардың ішінде *жедел откен шақ*, *аудиспалы откен шақ*, *бұрынғы откен шақ* деп жіктеу көнірек етек алған.

Жедел откен шақ әдетте негізгі, туынды және етіс тұлғалы етістіктерге, кейде курделі етістіктің көмекші құрамына -*ды/-ді* (-*ты/-ти*) жүрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Ис-әрекеттің орындалу шегі жедел откен шақта сөйлеу кезеңіне өте жақын болады. Өте жақын-

дығы сондай, кейде бұл тұлғаның осы шақтық мән де беріп кетуге дайын тұратындығы жоғарыда ескертілген болатын. Жедел өткен шақтық тұлғадан кейін жақ жалғауы қысқарған күйде (1-жақ: *-и*, көшпе: *-қ*, *-қ*; 2-жақ: *-и*, көшпе: *-қдар*) жалғанады. Мысалы: 1. – *Бақа! Бақа салып жібердім койлегіце*, – деп. *Абайды бұрынғыдан да жасаман тітіркен-дірді* (М.Әуезов). 2. *Ерте ояндым, ойландым, жесте алмадым*. Етек басты көп *кордім* елден бірақ (Абай). 3. – *Көкешім, келдін бе, келдін бе маган, ұмытапсың, ғой агаңды*, – деп ол мені қыса *түсті де*, бұныны босап *құлай берді* (Д.Исабеков). 4. *Бір жарым-ай өткен соң ауылашураушылық институтының студенті болдым*. Қандай *қуандым* десеңі *сонда!* (Д.Исабеков).

Эрине, жедел өткен шақ тұлғасының негізгі мәні жоғарыда айтқанымыздай болғанымен, сөйлеу жағдаяты және мәннәтін ынғайында сөйлемнің тұтас мазмұнымен де байланысты болып жатады. Жоғарыдағы 1, 3-мысалдардың шақтық мәні мен 2, 4-мысалдардың шақтық мәнінде шамалы да болса айырмашылықтар бар екені байқалады. 1, 3-сөйлемдерде *-ды* жүрнағы жедел өткен шақтық мәнді нақты берсе, 2,4-сөйлемдерде бұрынғы өткен шаққа жақын мән бар екені сөйлемнің тұтас мағынасынан айқын көрінеді. *-ды/-ди, -ты/-ти* тұлғасының жедел өткен шақтық мән беруінің негізі тарихи-этимологиялық жағынан есім-етістікте жатқанын және оның жалғауының қысқа түрін қабылдауды да осы ерекшелікпен байланысты екенін А.М.Щербак нақты тарихи фактілермен дәлелдейді [96: 78-81-бб]. Бұл пікірді ғалымдардың көпшілігі қолдайды.

Бұрынғы откен шақ – субъектіге қатысты іс-эрекеттің сөйлеу кезеңінен әлдекайда бұрын болып өткендігін білдіретін шақ тұлғасы. Бұндай шақтық мән, әдетте, есімше, көсемше тұлғалары арқылы беріледі. Бұл екі тұлға беретін шақтық мәндерде мезгілдің шегі жағынан аздал болса да айырмашылық бар деп есептеген кайсыбір ғалымдар оларды ежелгі және бұрынғы деп бөліп жатады. Кейде мұндай шекараны айқындаі түсу үшін мезгіл мәніндегі зат есім, үстене сөздер қолданылады.

– *Сол күні кәллектіптің көкжасал айғырын құдыққа жылқамыз...* (F.Мұсірепов)

– *Таптан хабарым болмаса да, үстем таптың тізесіне жөргек-те-ақ ілініппін* (Г.Мұсірепов).

– *Сонша жерді шарлаганда талай сұлумен сұкбат күрган шыгарызыз-аң, ағай, ә?* (С.Досанов)

Осы сөйлемдерден бұрынғы өткен шақтық жұрнақтардың дара етістіктерге де, курделі етістіктерге де жалғана алатынын байқауға болады.

Бұрынғы өткен шақ *-уышы* тұлғалы тұйық етістікке «*еді, емес, екен*» көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы да жасалады: – *Сізді көрген*

сайын «Осы кісі неге соғысқа бармайды» деп ойлауышы едім (Д.Исабеков).

Сонымен бірге, есімшениң ауыспалы өткен шакты білдіретін жүрнағы болатын **-атын** (-*etin*, -*ytin*) тұлғасы арқылы да бұрынғы өткен шак жасалады: ... *Ботаны көргенде өзімді көргендей, інгенді көргенде ишешемді көргендей болатын болдым* (F.Мусірепов).

Кейде мәнмәтін ынғайында келер шактық тұлғалар өткен шактық мән береді: ... *Сол жылы Ыбырай байдың төл үйінде қыстадық... Мал жайлайым. Отын тасыым. Ас пісерем. Кул шығарам...* (F.Мусірепов)

Сонымен, бір негізді белгілі жақты сөйлемнің де шактық мәнін білдіретін алуан түрлі тұлғалар, оның жақтық мәнін білдіретін тұлғалармен бірге бас мүше бойында бірліктे болып, сөйлем предикатын оның субъектісімен бірлікте ұстайтын грамматикалық тұлғалар ретінде қызмет атқарады.

Б. Жақтық мағыналардың берілві мен стильтік ерекшеліктері. Қазақ тіліндегі бір негізді белгілі жақты сөйлем түрлерін бақылау осындаи сөйлем түрлерінің семантикалық (мазмұндық) құрылымында жақ тұлғаларының (категориясының) ерекше орны бар екенін көрсетеді. Өйткені бұл тұлғалар сөйлемнің семантикалық құрылымында субъекттің мәнін білдіретін бірден-бір көрсеткіштер болып табылады. Соңдықтан сөйлемнің жақтық мағынасын айқындастын, предикативтік мәнін белгілейтін жақ тұлғаларының мағыналық және стильтік қолданыс ерекшеліктерін жеке-жеке қарай отырып, олардың контекске, жағдаятқа сай модальдық, шактық белгілермен бірлікте, интонация ынғайында беретін мағыналарының шенберін көнірек қараган орынды.

Жақ тұлғаларының мәні мен стильтік қызыметі контексте және жеке сөйлем мазмұнында, сөйлеу жағдаяты ынғайында олардың негізгі және ауыспалы мағыналарда әр түрлі модальдық ренде көрінуі арқылы беріледі. Сонымен бірге жақтық мән сандық мәнмен де тығыз байланыста қарапады. Әдетте жақтық тұлғаның бірде жекеше, бірде көптік мәнде колданылуы, бір жағынан, олардың негізгі, тұра мәнін айқындаса, екінші жағынан, олардың өзі бірінің орнына екіншісі қолданылып, ауыспалы мәнге ие болып жатады. Ондай жағдайда бұл ауыспалылық сөйлемді типтік жағынан да өзгертіп жіберуі мүмкін.

Сонымен, белгілі жақты сөйлемдердің субъекті-предикативтік мүшесі (бас мүшесі) арқылы берілетін жақтық мәннің семантикалық-стильтік ерекшеліктеріне тоқталып көрйік.

1. **1-жақтық жекеше тұлғаның тұра мағынасы** предикат мүшенің негізі арқылы танылатын іс-әрекет, құмыл-қозғалыс т.б. белгілерді нақты бір уақыт мерзіміне сыйғызып, шындыққа сай-сай емес түрғыда сөйлеуші тараپынан (агенс) логикалық бір субъекттеге тән етіп көрсету болып табылады. Мұндағы іс іесі сөйлеушінің өзі болуы мүмкін. Он-

дай жағдайда сөйлеуші хабарды өз басынан еткен іс-эрекет ретінде монологтың сөйлемдер ынғайында жеткізді. Ал енді бірде ол сөйлеуші хабарының ішіндегі немесе сейлеу жағдаяты ынғайдағы іс-эрекет иессі болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда хабар диалог немесе төл сөз ретінде құрылған сөйлемдер ынғайында келеді. Ауызша сөйлеуде де, әдебиетте де соңғысында белгілі жакты сөйлем ерекшелігі молырақ көрінеді.

Мұндай сөйлемдерде тындауши назары предикат мүшеге баса аударылатын болғандықтан, сөйлемнің тұтас семантикасындағы жактың қатысы осы бас мүше арқылы айқындала беріледі. Предикат негізіне адамға қатысты болатын кез келген негізгі, туынды, дара, қурделі сөздер алына береді. Әрине, басым көпшілігі етістік болатыны белгілі. Бірнеше мысалдарға талдау жасап көрейік.

1) *Жайық ағызып қалаға апаратынын білетінмін (F.Мұсірепов)*. 2) Ерте ояндым, ойландым, жесте алмадым. Етек басты көп көрдім елден бірақ (Абай). 3) – Онда екеуінде бірсігүн түнде үйлерінде олтіреін бе? (М.Әуезов). 4) Не істерімді білмей, күнделігімді алтын жазып отырмын (Ж.Аймауытов). 5) – Саган... Сен қақбасқа бүгін осы үйден кара су татырсам ба! – деді (Ә.Нұрпейісов). 6) – Таң да атып қалды гой. Осында қона кетсем кайтеді?.. (Д.Исабеков). 7) – Адам күнімде асыл маҳаббатымды саган тапсырсам деп едім... (Д.Әблев). 8) – Тіздірермін танауларыңан! Қөгендермін қозыдай! – деді Ебелек (F.Мұсірепов). Ең алдымен, мағыналық жағынан 1-жақтық жекеше белгілі жақты сөйлемдер хабарлы да, сұраулық та, бұйрықтық та мағыналарда айтыла отырып, таза объективтік модальдық ынғайда да (1, 2, 4-сөйлемдер), субъективтік модальдық ынғайда да (3,5,6,7,8-сөйлемдер) берілетіні байкалды. 2-ден, әрбір сөйлемдегі іс-эрекеттің орындаулы белгілі бір шаққа байлаулы. Мысалы, 1, 2-сөйлемдер іс-эрекеттің бұрынғы және жедел өткен шаққа қатыстылығын, 4-сөйлем осы шаққа қатысты әрекетті, қалғандары келер шаққа қатысты іс-эрекетті білдіреді. Келер шаққа қатысты іс-эрекетті білдіру барлық ирралды (неғайблі) райларға тән (А.Ысқақов). 3-ден, бұл сөйлемдердің барлығы дерлік ашық райлы етістік формасы арқылы келгенімен, кейбіреулері үйгарым (3,5,8), өтініш (6), тілек (7) тәрізді субъективтік модальдық мәндерді қоса білдіреді. Ақыр сонында, барлық сөйлемдердегі іс-эрекет иесі (субъект) тек бір ғана сөйлеуші жақ болады.

Міне, осы сөйлемдердің өзі-ак 1-жақтық жекеше тұлғаның тұра мағынасына жоғарыдағы біз берген анықтаманың сәйкес келетінін байқатады.

Жекеше 1-жақтық тұлға *аудиспалы мәнде* өте сирек, тіпті, қолданылмайды десе де боларлық. Әйтсе де, тұракты сөз тіркестерінде, мақал-мәтедерде, өлең сөздерде қолданылатын түрлөрі бар. Бұлардың өзі де 1-жақта сирек қолданылады. Мысалы: *Сөйлеуге сөз тап-*

тым да, тындауга құлақ таптадым (мақал). ... Өздеріңдегі хандардың, Қарны жуан билердің Басын кессем деп едім (Махамбет). Осы сөйлемдердің 1-жақтық мәндері сырттай қарағанда нақты жақтық тұра мағынаны білдіріп тұрган сияқты қөрінгенімен, мазмұндық жағынан жалпыланған мәнге ие екендігін көреміз. Әрине, сөйлеуші мақал-мәтелді өз сөзіндегі түрлендіріп айта беруі де, тіпті түрлендірмей-ақ, өз басындағы іс-эрекетпен сәйкес келетін нақты мағынада да айта беруі мүмкін. Мұндай жағдайда, яғни мәтін ішінде келетін осындағы сөйлемдер белгілі жақты болады. Ал жоғарыдағыдан айт羞ыға да, мәтінге де байланыссыз айтылған сөйлемдер бір негізді жалпылама (әсіресе, мақал-мәтелдер) жақты сөйлем болады.

Өлең сөз ішінде кездесетін ақындық «Мен»-ге сәйкес келетін 1-жақтық мән де осылай. Ақындар сөйлеуші ретінде өз өміріне қатысты түрде айтсағана, (акындарда бұл сирек кездеседі) белгілі жақты болар еді. Басқа жағдайда олар үнемі жалпылық мәнде баяндайды.

Көпше 1-жақтық тұлға бір негізді белгілі жақты сөйлемдердің предикативтік мүшесінің құрамында келгенде тұра мағынасында іс-эрекеттің іесі етіп ішіне сөйлеуші де қатысатын көптеген жақтарды көрсетеді. Осы көптеген жақтардың қимылға, әрекетке қатысы әр түрлі семантикалық варианнан байқалады. Яғни, мұндағы жақтық мағына «мен»-нің көптігіне емес, «мен+басқалар» мағынасындағы субъектіні білдіру болады. Жіктік жалғауының көптік мағынасы *-мыз*, */-міз*, *-пым* */-піз*, *-қ/-қ/* жалғаулары арқылы беріледі. Мұнда да шақ, райлық мағыналардың жақпен байланысы айқын байқалады. Мәтін мен сөйлеу жағдайының да елеулі маңызы бар.

1-жак көпше тұлғалар мынадай мағыналарды білдіреді:

а) Ис-эрекеттің орындалуына бір мезгілде көптеген жақтардың қатысы барлығын көрсетеді: (*Еңлік*): *Ей, азаматтар! Өлтірерде үш тілек бар емес не? Үш-ақ түрлі тілек айтам.*

(*Дауыстар*): *Керегі жоқ, тыңдамаймыз!* (М.Әуезов).

ә) Сөйлеуші жақ пен сөз арналған адресаттың қымыл бірлігін көрсетеді (мен+сен): – ...*Нартай деген атты естуші едім, өзін көргенім осы. Келиш, Нарым, қайта көрісілік,* – деп Оспанқұл орнынан тұрыт, төс түйістіруге ыңғайланды (М.Рустемов). Мұндағы жақтық мәнді айқындауга қосымша себеп болып тұрган – қаратпа сөз. Сондай-ақ, ортақ етістің де өзіндік рөлі бар. Мәтін немесе сөйлеу жағдаятының қажеттілігі де осында.

б) Сөйлеуші мен көптеген адресаттардың іс-эрекетке қатысының бірлігін көрсетеді (мен+сендер): – *Кел, жігіттер, темекі тартай-ық* (F.Мусірепов). – *Oу, жігіттер, бұл не отырыс?* *Кемтік тойға!*.. (Б.Мұқаев) Бұл сөйлемдерде де көптік тұлғадағы қаратпа сөздің елеулі әсері болып тұр.

в) Сөйлеуші мен көптеген бөгде жақтардың әрекет, қымыл бірлігін көрсетеді (мен+олар): ... Шай ішіп, жадырап кең отырдық... Біраздан соң тер басып, бой жазуга далага шыққанбыз (Ә.Әлімжанов). Бұл соңғы екі варианты бір-бірінен ажырату көбінесе мәтіндегі, сөйлем ішіндегі қаратпа сөздін болу-болмауына байланысты.

Көпше 1-жақтық тұлғаның бұдан да басқа мәндері бар. Бірақ олар негізінен екі негізді сөйлемге, яғни субъектісі сөзben берілген сөйлемдерге тән болып келеді.

Сонымен, *көпше 1-жақтық тұлғаның тұра мәғинасы* көп варианты бола отырып, сөйлемнің тұтас мәғинасының баяншының еркіне қарай әр түрлі жағдайда түрлі стильдік реңде келуін қамтамасыз етеді. Бұл ойдың сөз авторы белгілеген семантикалық ыңғайда берілуіне мүмкіндік жасайды.

Көпше 1-жақтық тұлғалар *аудиспалы мәнде* де қолданылады. Бұл аудиспалылық сөйлемге нақты жақтық мәғинадан гөрі жалпылама жақтық мән беру үшін қолданылады. Сөйлемнің бұл түрі кейнірек арнауы тарауда қаралады.

2. **2-жақтық мәғина** арнаулы тұлғалар арқылы да, етістік түбірінің лексикалық мәғинасы арқылы да беріледі. Соңғы жағдай етістіктің бұйрық райына тән құбылыс екені бізге бұрыннан белгілі. Осыған байланысты 2-жақтық мәннің семантикалық, стильдік ерекшеліктерін атап-тұрғыда бөліп қарастауды.

Жекеши 2-жақтық көрсеткіштердің тұра мәғинасы сөйлеуші тарапынан белгілі бір шаққа қатысты (ашық райда) орындалуға тиіс іс-әрекетті шындыққа сай тұрғыда сөз арналған нақты жаққа (адресатқа) тиісті етіп көрсету болып табылады. Сөйлемнің 2-жақтық мәні әр кезде диалогтік сөйлемдерде сөйлеу жағдаяты ыңғайында айқындалады. Өйткені берілетін хабар әнгімелеге қатысатын екі жақтың пікір алысуы тұрғысында бірінен екіншісіне қарата, соған арнау беріледі. Сөйлемдер мәғиналық жағынан хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті де болуы мүмкін. Бірақ олардың қайсысы да грамматикалық бастауышсыз бір негізді сөйлем түрінде келеді. Бірнеше мысалдар келтірейік:

1. – *Қокешім, келдің бе, келдің бе маган, ұмытпапсың гой агаңды...* (Д.Исабеков) 2. *Жәлел отырып саулығын сұрап бастап еді, Султан-махмұт: – Тірі екенімді көріп отырып, несін сұрайсың. Жәлел мырза?!* – деді (Д.Әбілев). 3. ... *Үшінші – орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жасат санаитынын ескермейсің!..* (М.Әuezov) Мысалдардағы 2-жақтық мәннің бәрі белгілі бір шаққа (1 – өткен шақ, 2,3 – келер шақ) телінген жеке жақтың іс-әрекеті ретінде көрінген. 2-жақтың бұл тұлғасы әдетте арнау түрі деп аталады. Ал сыпайы түрі -сыз/-сіз түрінде беріледі. Бірақ ол жақтың берілісіне өзгеріс әкелмейді, тек сөйлеушілер арасында психологиялық, адамдық қатынастарды

белгілеуде ғана маңызды. Сондықтан, стильдік ынғайда бірде сыпайылық, ізеттілікті білдірсе, бірде кекесін, мысқыл, менсінбеу т.б. мінездерді танытады. Мысалы: – *Әлі-ақ жазылып кетесіз*, – деді дәрігер жұмысақ үнмен жұбата сөйлеп (Б.Бодаубаев). – *Менің енді сізде жұмысым жоқ Ал сіздің жұмысының болса, уйге келіп айтарсыз*, – дедім де, бұрылып кете бердім (Б.Сокрақбаев).

Жекеше 2-жақтық тұлғаның *аудыспалы магыналарда* қолданылуы сөйлемді айрықша стильдік, модальды-экспрессивтік реңдермен түрлендірумен бірге олардың типтік түрін де өзгертерді. Әсіресе, тілдегі бір негізді сөйлемдердің «жалпылама жақты» деп аталатын түрінің әр түрлі стильдік модификацияларын жасайды. Сөйлемнің бұл түрі арнағы қаралатын болғандықтан, бірнеше мысалдармен ғана шектелеміз:

Жақсымен сөйлессен, қуанасын. Жаманмен сөйлессен, мұнаясын (мақал).

– ...*Бәрі-бәрін қайdan оқисын, уақыт бар ма?* *Оқисын-ау, есте турмайды* (О.Бекеев). ... «*Қан*» *деп айтуға оңай*. Бірақ оны қайdan *аларсын?* (Е.Оразақов)

Сондай-ақ, 2-жақтық жекеше тұлға 2-жақтық көшпе тұлға орнына қолданылады. Мұндай жағдайда сөйлем ішіндегі төлеу сөздегі субъектілер, қаратпа сөздер көптік магынаны білдіріп тұрады. Сол арқылы ғана субъекттің көпгік мәні айқындалады. Бірақ сөйлем алдыңғы сөйлемдердегі типтік өзгеріске ұшырамайды. – *Уа, Албаның баласы, неге жисналдың, басыңа күн тұган соң жисналдың?* Ұзынды күні бір аудыз сез айттай, үйлігін отырамысың, түге?! (М.Әуезов).

2-жақтық **көптік мағына** көптік жалғауы (-лар) арқылы беріледі. Бұл мағынаның негізгі мәні (мазмұны) іс-әрекеттің белгілі бір мезгілге (шакқа) қатысты, шындыққа сай-сай емес тұрғыда сез арналған адресатқа қатысты етіп білдіру.

Бұл мәннің де бірнеше вариантары бар:

1) Іс-әрекеттің бір мезгілде бірнеше адресатқа қатыстылығын білдіреді (сен+сен/дер/): *Майор Ветков бірден-ақ: – Бір-біріңді танисыздар ма?* – деді (F.Мусірепов).

2) Іс-әрекеттің орындалуына бір мезгілде бір адресат және бір не месе бірнеше бөгде жақтың қатысын білдіреді (сен+ол/олар). (Мұнда адресат қаратпа сез арқылы белгілі болады): *Бұзаубақ: – Ей, батыр-ан, енді күр каласындар гой!* – деді (С.Сейфуллин).

2-жақтық көптік тұлға аудыспалы магынада қолданылмайды. 2-жақтық мәннің нөлдік тұлға арқылы берілуі етістіктің түбір күйіндегі мәнімен, яғни бұйрық райымен сәйкес келеді. Бұйрық райы таза бұйрықтық мәннен басқа талап қою, үндеу, тыйым салу, өтіну т.б. райлық мәндерді де білдіретіні белгілі. Осы модальдық мәндердің ай-

тушы сөзі арқылы қарсы жақтағы адресатка арналуы, яғни айтушы тараапынан адресаттың іс-эрекетке қосылуына козғау салу – осы нөлдік тұлғаның тұра мағынасы болып табылады. Сөйлемнің мазмұны әр уақытта келер шаққа қатысты беріледі. Сонымен бірге бұл тұлға көшпе, сыйайылық тұлғаларын, етіс категориясы жүрнақтарын қабылдайды: – *Жылқыдан салт мінептін екі ат алып кел. Таңжарық шалға салем айт...* (F.Mусірепов). – *Мұғалім келді, орын берініздер.* – деді біреуі (Б.Майлин). – *Тенде шешітірме, үйге де әбігер болма!* Ертең тағы *көшесін!* – деді Кұнанбай (M.Әуезов).

Бұйрық райлы сөйлемдер мынадай ауыспалы мәндерде қолданылады:

а) 1-жақтық жекелік мағына орнына: (*Ырысбала*): ... *Комсынган Шоқпарбайым, маңдайға сыймай кетті. Өл, өл бұдан да, кепкен ит, өл...* (шашын мойнына орап өзін қылғындырады) (F.Мұстафин). Бұл сөйлемдегі ауыспалылық мән контекстен (жакша ішіндегі түсіндірмс сөзден) айқындалады. Көркем әдебиеттің прозалық түрінде бұл мән автор сөзі арқылы белгілі болады;

ә) 2-жақтық көптік мағына орнына қолданылады: – *Қапта, қапта!* – *Өлтір имтерди, өлтір!* - деген қалың шумен, оңшең бір көк аттылар тиіп кеп кетті (M.Әуезов). б) Көпші 1-жақтық мағына орнына қолданылады. Мұндай қолданыста ол жалпылық мән алады: – Я, жағдайымыз мәз емес: далага бар. қалага бар. коретінің – баяғы бір көздің жасасы (С.Мыңжасарова).

Сонымен, жоғарыда бір негізді белгілі жақты сөйлемдердің жақтық мәндерінің берілуіне және олардың семантикалық, стильдік ерекшеліктеріне шолу жасалды. Жасалған талдау мынадай қорытындыға алып келді:

1-ден, 1, 2-жақтық тұлғалармен түрленген белгілі жақты сөйлемнің бас мүшесі (субъект-предикаттық мүшес) бастауыш есімдікпен берілмесе де, тұтас сөйлемнің жақтық мәнін айқындаиды;

2-ден, бұл жақтық тұлғалар сөйлемнің белгілі жақтық мәнін білдіруде шақтық, модальдық мәндермен тығыз байланыста болады;

3-ден, жақтық тұлғалар әр уақытта нақты мәнді білдірумен бірге, сөйлеушінің еркіне, сөйлемнің талап еткен құрылымдық ерекшеліктеріне қарай ауыспалы мәнде де қолданылады. Бұл сөйлемнің модальдық, экспрессивтік, ондағы жақтардың мінезд-құлық сипаттарын ашуға байланысты болады. Осы жағдай кейде сөйлемнің типтік жағынан өзгеруіне де алып келеді (жалпылық). Мұндай ауыспалылық 1-жаққа қарғанда 2-жақта көбірек байқалады.

В. *Құрылымдық түрлері мен семантикасы*. Жоғарыда атап көрсетілгенідей, бір негізді белгілі жақты сөйлем де предикативтік қатынасқа негізделіп құрылатындықтан, оның бірден бір бас мүшесі ретінде синтаксистік баяндауыш белгіленеді. Сөйлемнің ең басты

ұйымдастырушысы бола отырып, өз бойына субъектінің де (іс иесі) мағынасын сінірген бұл мүше сөйлемнің грамматикалық (структуралық) болсын, мағыналық (семантикалық) болсын құрылымдарының негізгі тірекі болады.

Алдыңғы бөлімде көрсетілген оның жасалу жолдарынан-ак бұл мүшениң қандай күрделі құрылымда болатыны анғарылады. Осындай күрделі құрылымдағы бас мүше жеке дара тұрып та, басқа сөз тапта-рымен әр түрлі жолдар арқылы қарым-қатынасқа түсіп те белгілі бір сөйлемдік дәрежеге жетеді. Нәктырақ айтқанда, белгілі бір ойдың қорытындысы болатын пікірді сыртқа шығаратын, соның тілдік көрінісі болатын сөйлемді (немесе хабарды, ақпарды) түзеді. Бұл хабарды құрайтын оның сыртқы (формальдық) компоненттері (синтаксистік мүшелер) болады да, осы компоненттердің лексика-грамматикалық мағыналарының қатысуымен құрылатын (белгіленетін) пікірді білдіретін мазмұндық құрылымы болады.

Міне, осы екі құрылым кейбір жағдайда бір-бірімен сәйкес келіп жатады, кейде хабардың коммуникативтік ерекшелігіне, соган сай оның грамматикалық құрылымындағы компоненттердің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктеріне қарай бірін-бірі сай келмей де жатады. Сондай-ақ, бас мүшениң валенттілік сипатына қарай сөйлемнің, неғұрлым жайылмалана түсүі оны мағыналық (мазмұндық) жағынан көнегітеді, күрделендіреді. Міне, сөйлем құрылымындағы осы сипатты ашып көрсету – осы белімнің басты міндеті болмақ.

Жоғарыда белгілі болғанындей, хабар білдіру құралы бола алғатын әр сөйлем белгілі бір синтаксистік мүшелерден, ал әр мүше белгілі бір лексика-грамматикалық мағыналарды білдіретін морфологиялық тұлғалардан құралады. Сөйлемнің жалпы семантикасы (мазмұны, мағынасы) осылардың абстракцияланған (жалпыланған) бірлігінен тұрады. Ал осы жалпыланған құрылымның мазмұнын айқындау үшін орыс талыздары сөйлем құрылымын үлгілеп көрсету қажет деп есептейді. Сөйтіп, сөйлем құрылымын (формальды-грамматикалық және семантикалық ынғайда) үлгі түрінде берудің мәні логика-грамматикалық ынғайда құрылған субъекті-предикаттық бас мүшениң сөйлемнің сандық және сапалық жағынан құрылымдық түрлерін жасаудағы орнын дәлелдеп көрсету болып табылады. Онда сөйлемнің әр мүшесін құрайтын лексика-грамматикалық бөліктер (элементтер) айқын көрсетіледі және сөйлемнің мүшелік құрылым түрлері бас мүше алдынан олардың иеленетін орын санына (еістіктің валенттілігіне) қарай (дәстүрлі грамматикада оны «сөйлемнің жайылмалануы» деп атайды) айқындалады.

Мұндағы тағы бір ескеретін нәрсе – 1-ден, үлгіге алынатын мүшелер, негізінен сөйлемнің басты мазмұнуна қатысты бір-бірімен

мағыналық байланыстағы мүшелер болады да, ол мүшелермен тікелей катысы жағынан онша мәнді деп есептеле мейтін, тек сөйлемнің жалпы мазмұнын көңейту, айқындаі түсін қатысатын косалқы тұрлаусыз мүшелер не оқшаша сөздер бұл улгіге енбайді. Фылымда ондай мүшелерді детерминанттар деп атайды. 2-ден, сөйлем хабар білдіруші тілдік бірлік болғандықтан, оның өзіне тән субъектісі болады. Ал сөйлемнің жалпы мазмұны, семантикасы сөйлеуші жақ тұрғысынан белгілі болады.

Бір негізді сөйлемдердің жеке түрлерінің тұлғалық (структуралық) құрылымын үлгі түрінде жазып көрсету үшін бәріне ортақ символдық белгілер (шартты қыскартулар) тағайындалады. Бұларға: 1) сөйлемнің кіші синтаксистік құрылымын (оған сөйлемнің мағыналық негізін құрайтын мүшелердің өзара катысы жатады) жасауға қатысатын компоненттердің білдіретін шартты белгілер мен 2) сол компоненттердің құрайтын морфологиялық элементтерді көрсететін шартты белгілер және 3) семантикалық компоненттердің білдіретін шартты белгілер жатады.

Шартты қыскартулардың барлық сөйлем типтеріне ортақ белгілері мен түсінігі мынадай болмак:

1) **синтаксистік мүшелер:** Б – бас мүше (баяндауыш), Т – тұра толықтауыш, Т_ж – жанама толықтауыш, Пш_{МЕК, МЕЗГ, т.б.} – пысықтауыштың мағыналық түрлері, Аш – анықтауыш;

2) **морфологиялық тұлғалар:** З_{1,2,3, 7} – септелген зат есімдер немесе субстантивтенген басқа сөз таптараты, Сын – сын есім, Сан – сан есім, Ес – есімдік, Ү – үстене, Е – етістік (ашықрай), Е_{1,2,3(ж – жекеше, к – көпше)} – бас мүшениң жақтық көрсеткіштері, Е_{өзд., езг., орт., ыр.} – етіс тұлғаларымен түрленген етістік, Е_{шп. – фан} – етістіктің көсемші жеңе есімші түрлері, Е_{шп. ад. – а кел., т.б.} – етістіктің аналитикалық форманттары, Е_{кем} – көмекші етістік, Е_{у – гы} – қимыл есімдері, Е_{у – үз} – жақсыз сөйлем бас мүшесінде кездесетін барыс септік жалғаулы қимыл есімдері, Е_{у(1,2,3), – гы(1,2,3)} – жақсыз сөйлем бас мүшесінде кездесетін тәуелдік жалғаулы қимыл есімдері.

3) **Семантикалық мүшелердің аттары:** С – субъект, О – объект, А – атрибут, П – предикат. (Бұлардың әрбіреуінің тәмсенді жағына олардың предикат семантикасынан туындастырын мағыналары жазылады. Мысалы: П_{КОРЕ} – қозғалыс предикаты, С_{АР} – әрекет субъектісі т.б.)

Бір ескеpte кететін жайт – пысықтауыш мүшеге сәйкес келеді деп есептеле ти семантикалық мүшениң кей ғалымдар «конкретизатор» деп атауды ұсынғаны жоғарыда ескеptілген еді. Бұл кітапта анықтауыш пен пысықтауыштың қызмет ұқсастығы ескеріліп, екеуі «атрибут» терминімен аталып берілді.

Сөйлемдер синтаксистік мүшелердің қатысина қарай (бас мүшениң қоса есептегенде) бір мүшелі, екі мүшелі, үш мүшелі т.б. болады да,

баска мүшелердің бас мүшениң алдынан алатын орнына қарай бір орынды, екі орынды т.б. аталағы.

Сөйлем құрылымы мынадай ретпен жазылып көрсетіледі:

- 1) синтаксистік құрылым (сөйлем мүшелерінің өзара қатысы);
- 2) морфологиялық құрылым (бұл синтаксистік мүшелердің қандай морфемалардан тұратынын көрсету арқылы семантикалық мазмұнды айқындауға септігін тигізді);
- 3) семантикалық құрылым (бұл сөйлемнің немесе хабардың сөйлеуші тарапынан білдіретін жалпы мазмұн-мағынасын – семантикасын – білдіреді).

1. **Бір мүшелі белгілі жақты сөйлемдер.** Баяндауыш мүшениң жеке тұрып та сөйлемдік мағынада болатыны жөнінде қашаннан айтылып келе жатыр (әңгіме, эрине, жіктік жалғауларымен түрлінген баяндауыштар жөнінде). Бұл ұғым лингвистикада, әсіресе формальдық грамматика тұсында кең тарады да, казірге дейін көпшілік ғалымдар енбегінде ол күшін жойған жоқ. Сондықтан да, жалғыз баяндауыштың өзін сөйлемнің ең кіші құрылымдық ұлғісі ретінде тану тіл ғылымында әлі де бар. Осы жөнінде М.Балақаев: «...казақ тілі сөйлемдері баяндауыштарының дені – етістік баяндауыштар. *Айттым, болды. Кестім, үзілді!.. Тараңдар!.. Жур!* (F.Mусірепов) дегендегідей олар да дара күйінде-ак баяндауыштық қызметте бір құрамды тиянақты сөйлем болып та келеді немесе *Тереңге мені сал, биікке мені жұмса.* (F.Mусірепов) дегендегідей, өзіне басқа сөйлем мүшелерін ілестіре көп құрамды сөйлемнің жетекшісі болып та кездесе береді», – дейді. [32: 123-б.]

Ғалымның бұл жерде алдынғы сөйлемдерді «бір құрамды» деп, соңғыларды «көп құрамды» деп атауында қандай негіз себепші екені бізге белгісіз. Шамасы, алдынғысын «бір құрамды» атауы сөйлемнің бір ғана мүшеден тұруынан болса, соңғысын көп құрамды деп атауы – оның үш мүшеден құрылуына байланысты болса керек. Біздінше, бұл екі сөйлемнің екеуі де бір негізді (бір құрамды), бірақ әр түрлі компонентті сөйлемдер.

Әйтсе де, автордың алғашқы сөйлемдерді мысалға келтіруінен-ақ баяндауыштардың жеке тұрып та сөйлем құрай алады деген пікірін анық түсінеміз. Шынында, солай, бұл пікірді жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, баяндауыш бас мүшениң 1,2-жақтық тұлғаларда жеке тұрып бір құрамды сөйлем құрауының мағыналық жағынан кейбір ерекшеліктері бар. Нақтырақ айтқанда, мұндай бас мүшениң кейбірін мәтінді, сөйлеу жағдаятын қажет етіп, мағынасы солармен тығыз байланысты болып жатса, ал кейбірі ондайларды қажет етпей-ақ, жеке тұрып сөйлем бола алатыны байқалады. Мысалы, 1-жақтық тұлғадағы етістіктердің 2-жақтық тұлғадағы етістіктерге қарағанда жеке тұрып бас мүше болуында мағыналық жетімсіздік байқалатын тәрізді.

– *Көшеке, қайтесіз, тұрыңыз...*

– *Ал тұрмаймын. Ал жатам... (Ә.Нүрпеісов)* Осы диалогтағы (сөйлесу жағдаяты) екі сөйлемнің бірі – 2-жак, екіншісі – 1-жақта. Синтаксистік құрылымы жағынан екеуі де бірдей – баяндауыш бас мүшелер. Бірақ мағыналық жағынан алсак, 1-сөйлем 2-ге қарағанда жеке тұрып, толық мағыналы сөйлемдік дәрежеде. Ал 1-сөйлемді айтпай, тек екінші сөйлемді қалдырасақ, оның мағыналық кемшіндігі байкалады. Себебі, бірінші сөйлемде сөйлеуші бар және сөз арналған адресат бар. Осы адресат – бір жағынан қимылдың активігі иесі болуға тиіс. Ал екінші сөйлемде сөйлеуші де, іс-әрекет іесі де бір субъекті. Мұнда іс-әрекеттің орындалуына басқа бір жактың ісері жоқ. Нактырақ айтсақ, алдыңғы сөйлемде 2 түрлі жак (1- және 2-жак) және қимыл болса, екіншісінде бір ғана жақ және қимыл бар. Оның үстінеге бұл әрекеттер – екі жақтың сөйлесуі үстінде ғана жүзеге асатын әрекеттер. Мағыналық кемшіндік осы жағдаят кезінде толығып, білінбей кетеді. Соңдықтан, бұл сөйлемдердің ешқайсысы құрылымдық жағынан жетіспейтін бас мүшемен (бастауышпен) толықтыруды қажет етпейді. Осыған байланысты оларды белгілі жақты бір компонентті сөйлемдер ретінде қараймыз. Себебі, бұл сөйлемдердегі жіктік жалғаулары оларды грамматикалық құрылымы жағынан болсын, семантикасы жағынан болсын ең кіші құрылымдық дәрежедегі сөйлем етіп көрсете алады. Осындағы бір ғана бас мүшесі бар бір компонентті сөйлемдер тілде жиі көздеседі. Мысалы:

Жаса, жайна! Жадыра! Жаңар далам! Қаталаган құмыңда қала орнаған. (И.Оразбаев) – Кетіңізій, отінемін!.. Сау болыңыз. (Д.Исабеков) – Амансыңдар ма, айналайындар! (С.Асылбеков) – Отыр да, сөйле!.. (М.Жұмабаев) Осы сөйлемдерде де мағыналық толымсыздықтар сөйлемнің кіші мағыналық құрылым үлгісіне (хабардың түйінді мазмұнына) ісер етпейтін, синтаксистік мүшелердің (бұл жерде тұрлаусыз мүшелердің) жоқтығына байланысты ғана пайда болатын толымсыздықтар болып табылады. Ал бұл толымсыздықты контекст пен сөйлеу жағдаяты және бір ғана бас мүшениң (баяндауыш) өзара бірлігі біліндірмей жібереді.

Сонымен, белгілі жақты сөйлемнің ең кіші құрылымдық үлгісі бола алатын сөйлем – бір ғана предикаттық етістік бас мүшеден тұратын сөйлем болып есептеледі. Мұндағы құрылымдағы сөйлемдердің синтаксистік құрылымы бірдей болғанымен (Б – бас мүшесе), олардың семантикасы бас мүшениң негізі болып табылатын етістіктің семантикасына және грамматикалық тұлғалардың әрекшеліктеріне қарай алуан түрлі болады. Бұның өзі сөйлем бас мүшесінің морфологиялық құрылымынан да айқын сезіледі. Мысалы: – *Кетіңізій, отінемін!.. (Д.Исабеков)* Бұл сөйлем салалас құрмалас ыңғайында, бірін-

ші компоненті 2-жакта, екінші компоненті 1-жакта құрылған түрде берілген. Сөйлемдердің құрылымын мынадай үлгіде беруге болады:

Синт.: Б, Б;

Морф.: Е^{2ж}, Е_{өзл. ет.}^{1ж};

Сем.: С_{козғ.} – Π_{козғ.}, С_{әр.(сезім)} – Π_{әр.(сезім)}.

Бұл үлгіден сөйлемнің синтаксистік құрылымдарында айырмашылық байкалмайды. Бірақ сөйлем мазмұнына зер салсақ, мағыналық өзгешеліктер айқын көрінеді. 1-сөйлем семантикасы – етістіктің қозғалыс мағынасын білдіруімен байланысты болады. Соған сай оны (сөйлем семантикасын) *сөйлеуші жақтың адресатты* (сөз арналған жақ) қозғалысқа ендіру талабын білдіреді деп түсінген орынды. Яғни бұл мазмұн сөйлемнің морфологиялық құрылымы (сөздердің лексикалық мағынасы және тұлғалардың грамматикалық мағыналыры) мен ондағы тұлғалардың жалпыланған семантикасының бірлігінен туындаиды. Ал 2-сөйлем семантикасы сөйлеуші жақтың өзіне тән пассив әрекетін (абстракциялық сезімдік әрекет) білдіреді. Сонда сөйлемдердің синтаксистік құрылымы бір мүшелі болса да, семантикалық құрылым екі мүшелі (субъекті және предикат) болып, біріне бірінің сәйкес келмей тұрғаны айқын көрінеді.

Осындай құрылымдағы сөйлемдерді бақылауда байқалған тағы бір ерекшелік – бір компонентті белгілі жақты сөйлем жасауға көбінесе салт етістіктер қатысады. Себебі, сабақты етістіктер қалайда тікелей объектіге қатысты болып, сондай сөздердің мәнгеретіндіктен, мұндай етістіктер бас мүше қызыметінде келгенде сөйлем толымсыздығы байқалады. Сөйтіп, олар логикалық жағынан кем дегендеге екі компонентті болады.

Сөйтіп, 1,2 - жақтық тұлғадағы баяндауыштар (бас мүше) жеке тұрып-ақ қарапайым сөйлем структурасын құра алады. Себебі – сөйлем грамматикалық құрылымы жағынан бір ғана бас мүшеден тұрғанымен, семантикасы жағынан айқын жақты білдіріп, сол ыңғайда мағыналық жағынан екі бас мүшелі болып табылады. Бір негізінде сөйлемдердің предикативтік ерекшелігі де осы семантикалық (логикалық) бас мүшеслердің предикативтік қатынасына байланысты болады. Осыған байланысты Н.А.Басқаков бір кезде «етістіктің жіктелу парадигмасы – бастауышы жіктеу есімдігі арқылы, баяндауышы соған сай жіктік жалғаумен түрленген етістік немесе есімдер арқылы жасалған шағын сөйлеммен барабар» екенін айтқан болатын [29: 49-б.]. Ал И.Х.Ахматов 1,2-жақ жалғауларымен түрленген лексемалар, шынында да, тек бір ғана синтаксистік мүше – баяндауыштан, бірақ логикалық субъекті мен предикаттан тұратын шағын сөйлемдер жасайтынын макұлдай отырып, мұндай лексемалар нөлдік тұлғада келгенде, қарашай-балқар тілінде екі негізінде толымсыз сөйлемдер жасайтынын айтады [8: 104-б.]. Фалым

пікірінің соңғы белігі, ол көлтірген мысалдарға қарағанда, 3-жактық сөйлемдер үшін ғана орынды.

Сөйлемнің мұндай құрылымы бір негізді белгілі жақты сөйлемнің бір ғана типтік түрін жасайды. Белгілі жақты сөйлемнің басқа типтік түрлері осындаи баяндауыштардың валенттілігіне (басқа мүшелердің менгерге алу мүмкіндігіне) қарай басқа лексемалармен (тұрлаусыз мүшелермен) толығуы ынғайында жасалады.

2. Екі мүшелі (екі компонентті) белгілі жақты сөйлемдер құрылым-дық жағынан бірнеше варианты болып келеді:

а) Бас мүшениң табыс септігіндегі тұра толықтауышты менгеруі арқылы келетін екі мүшелі сөйлемдер болады. Мұндай сөйлемдер тек осы екі мүше арқылы да немесе бұлардан басқа факультативтік (қосалқы) мүшелермен жайылмаланып та жасалуы мүмкін. Бірақ, сөйлемнің кіші құрылымдық үлгісін жасауда тұра толықтауыш басты мағыналық рөл атқарады да, басқа мүшелер тек мағыналық қажеттілікке қарай енгізіледі немесе мүлде енгізілмейді. Бұл ерекшелік, бір жағынан, сөздердің тұркесу кабілетімен де байланысты болады. Осы жөнінде Ә.Аблаков: «Қымыл-әрекетті білдіретін етістіктер ең алдымен табыс жалғаулы сөздерді талап етіп, тұра толықтауышпен берік мағыналық байланыста тұрады», – дейді. [103; 99-б.] Мына мысалдарды салыстырып көрсейік: – *Басыңызды көтердіңіз бе?*.. (Е.Домбаев) – *Тәкекжан, бар өлеңді жоймайық...* (М.Әуезов) Алдыңғы сөйлем тек тұра толықтауышпен бас мүшеден тұрады. Бас мүшениң сабакты етістікten жасалуы тек бір ғана табыс септікті сөзді қажет етіп тұр. Ал екінші сөйлемдегі «бар» (барлық) есімдігі бас мүшеге қатысты емес, тек «өлең» сезінің анықтаушы ғана қызметін атқарады. Сөйлемнің кіші құрылымын жасауда оны түсіріп айтқаннан келер зиян жоқ. Сондықтан, сырттай қарағанда бірі екі мүшелі, бірі үш мүшелі сөйлем төрізді болып көрінгенімен, кіші сөйлемдік құрылымы жағынан бірдей болады (екі мүшелі: Т – Б). Семантикалық құрылымы: субъект – объект – предикат. Сөйлемдердің құрылым үлгісін былай көрсетуге болады:

синт: Т – Б және Т – Б;

морф.: $Z_4 - E^{2\text{ж}}$ және $Z_4 - E^{1\text{ж}}$;

семант.: $C_{\text{ер}} - O_{\text{ер}} - \Pi_{\text{ер}}$ және $C_{\text{ер}} - O_{\text{ер}} - \Pi_{\text{ер}}$.

Екі сөйлемнің құрылымдарындағы өзгеріс бас мүшелердің жақтық тұлғаларында ғана. Міне, осы өзгешелік және бас мүшелердің семантикалық мәндерінен туындағының мағыналар сөйлемдердің жалпы семантикалық мазмұндарын да айқындаиды. Осыған байланысты алғашқы сөйлем семантикасын – сөз арналған субъекті (адресат) қимылының объектіге тікелей бағытталуын сөйлеуші жақ таралынан шындыққа сай білдіру деп түсінсек, екінші сөйлем семантикасын –

ішінде сөйлеуші де, тыңдаушы да бар көптеген жақтардың объектіге тұра бағытталған әрекетін сөйлеуші жақ тарапынан білдіру деп түсінеміз.

Бас мүшелер күрделеніп келгенде де немесе тұра толықтауыш күрделеніп келсе де, семантикалық өзгерістер сол күрделі мүшелер семантикасынан туындауды.

ә) Сөйлемнің синтаксистік құрылымына енген жанама толықтауыштар да баяндауышпен тығыз мағыналық байланыста болып, оны сөйлем құрамынан шығару мүмкіндігі болмайтын кездері көп болады. Синтаксистік құрылымы жағынан жанама толықтауышпен жайылмалынып келген белгілі жақты сөйлемдердің үлгісі бірдей болғанымен ($T_{\text{ж}} - B$), семантикасы оған қатысады мүшелердің лексика-грамматикалық мағыналарына қарай өзгеріп отырады. Мына үш сөйлемді салыстырып көрсейік: 1) – ...Арттағы елден күдер узгеміз. (М.Магауин) 2) – Эй, қатын, жап аузыңды. Мына кісілерге шай қой. (Ә.Нұртейісов) 3) – Анау Абай гой, айналайын-ай! Анасына айттайныши... (М.Әузов)

Алғашқы сөйлем құрылымын мынадай үлгіде көрсетуге болады (бұдан былай төмендегідей ретпен жазылады):

$T_{\text{ж}} - B;$

$3_{\text{ж}} - \dots E^{1*};$

$C_{\text{ж}}^{\text{6}} - O_{\text{ж}} - P_{\text{ж}}$ ал жалпы семантикасы – ішінде сөйлеуші жақ та бар көптеген субъектілердің мекендік объектіге қатысты қоңіл-куйлерін сөйлеуші тарапынан білдіру. Бұл жерде шығыс септігінің грамматикалық мағынасын дәл танудын мәні зор. Өйткені, бұл септік бірде объектілік мағынаны білдірсе, бірде мекендік, бағыттық мағыналарды айқындал, пысықтауыштық (атрибутивтік) қызмет атқарады. Кейде осы екі мағынаны қоса қамту да мүмкін. Бұл сөйлемдегі шығыс септігінде тұрган сөз нақты заттық мағынада тұргандықтан (мағынаны сұрақ қою арқылы білуге болады – *неден?*) объектілік қызмет атқарады. Сөйлем семантикасы да осы мағынаға қатысты түсініледі. 2 және 3-сөйлемдердегі барыс септік жалғаулары да бұл сөйлемдерде нақты объектілік мағынада қолданылып тұр. Соңықтан, бұл сөйлемдердің бас мүшелерінің грамматикалық құрылымындағы өзгерістер ғана олардың жалпы семантикаларында еттеген өзгерістер жасауға себепші болады. 2-сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$T_{\text{ж}} - B;$

$3_{\text{ж}} - \dots E^{1*};$

$C_{\text{ж}}^{\text{3}} - O_{\text{ж}} - P_{\text{ж}}$ түрінде болады да, семантикасы – сөйлеуші жақ тарапынан адресатты объектілік жаққа бағытталған қимыл-әрекетке міндеттеуді білдіреді. 3-сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$T_{\text{ж}} - B;$

$3_{\text{ж}} - \dots E^{1*};$

$C_{\text{эр. (сөйлеу)}} - O_{\text{эр. (сөйлеу)}} - \Pi_{\text{эр. (сөйлеу)}}$, ал семантикасы сөйлеуші жактың объектілік жаққа бағытталған сөйлеу ерекетін орындаға ниеттенген-дігін білдіреді.

Ә.Аблаков әр түрлі семантикалық етістіктердің басқа сөздерді менгеру қабілеті де әр түрлі болатынын айта отырып, әр етістіктің бір ғана септік жалғауын да, бірнеше септік жалғауын да қатарап менгеру қабілеті болатынын ескертеді. Соның ішінде, әсіресе бірнеше септік жалғауын қатарап менгергенде, олардың ішінде біреуі мағыналық жағынан басым, етістік мағынасына етене жақын болатынын, сонымен бірге олардың объектілік және пысықтауыштық қатанаста болатынын айтады. Фалым: «...Сондықтан да, толықтауыштық қатанастағы сөз тіркестерінің бағыныңызы сынарларында, негізінен, адам атаулары не солардың орнына жүретін есімдіктер болып келеді де, басынды сынарлары осылармен мағыналық қатанаста орайласып жатқан қозғалыс мөнді етістіктер болады», – дейді. [103: 122-125-бб] Салт етістіктердің басқа түрлеріне де осы пікір сәйкес келетінін байқаймыз. Бұл ерекшелік жоғарыда келтірген мысалдардан да (2,3-сөйлемдер) айқын көрінеді.

Мұндай сөйлем құрылымы кейде актуальдану эсерінен мүшелерінің орын аудысуы арқылы да жасалады. Мұндай жағдайда сөйлем құрылымында өзгеріс болғанымен, семантикасында өзгеріс болмайды. Мысалы: – *Айтпа, айтпа деймін анаған!* Айтушы балма анаған!.. (М.Әуезов) – *Тіздірермін танауларыннан!* Көгендермін қозыдай! (Г.Мүсірепов)

Салт етістіктермен объектілік қатанаста келіп, екі компонентті бір орынды сөйлем құрауға жатыс және көмектес септіктері де қатасады. Бірақ олардың ауқымы өте кең емес. Олардың пысықтауыштық қатанастағы сөйлем құрауы басымырақ көрінеді.

6) Табыс септігінен басқа септік жалғаулы сөздер (барыс, жатыс, шығыс, көмектес) бас мүшемен пысықтауыштық (мекен, кеңістік т.б.) қатанаста байланысып, екі мүшелі белгілі жақты сөйлем жасайды. Ондай сөйлемдер құрылымының морфологиялық элементтері жоғарыдағыдан болғанымен, синтаксистік мағыналарына қарай семантикалары да өзгереді. Мысалы:

– Ана жылы сендер жақта болғанмын... (М.Рустемов) Сөйлемнің кіші құрылымы жатыс жалғаулы мекен пысықтауыш пен бас мүшениң тіркесінен тұрады. Оның құрылымдық үлгісі:

Пш_{мек} – Б;

З₁ – ... Е_{ған}^{1ж};

$C_{\text{қозз}} - A_{\text{мек}} - \Pi_{\text{қозз}}$ болады да, ал сөйлемнің жалпы семантикасы

– сөйлеуші жақтың болып өткен өз қозғалысын мекендік жағынан нақтылай көрсетуі болып табылады.

– Ата, шынымен ауылдан сойлесіп тұрмысың? (С.Асылбеков) Кіші күрылымдық сөйлем: «...ауылдан сойлесіп тұрмысың?». Сөйлем үлгісі:

$\text{Пш}_{\text{мек}} - \text{Б};$

$\text{З}^{\text{б}} - \text{Е}^{2\text{ж}}$;

$\text{С}_{\text{сөйл}} - \text{А}_{\text{мек}} - \text{П}_{\text{сөйл}}$. Сөйлем семантикасы – сөз арналған адресаттың сөйлесу әрекеттің орны сейлеуші жақ тараپынан нақтыланады.

Пысықтауыш мүшениң негізгі қызметі бас мүше (предикат) мағынасын – мезгілдік, мақсаттық, мекендік, орындық, сындық жағынан нақтылау, айқындау болғандықтан, олар көбіне үстендердің осы мағыналас түрлерінен де, көсемшелерден де, үстен мағынасындағы сын есімдерден де жасалады. Бұлардың әрқайсысы бас мүшемен жекелей іргелес байланысып, екі мүшелі кіші күрылымдық сөйлемдер жасайды:

... Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым... (Абай) Күрылымдық үлгісі:

$\text{Пш}_{\text{мезг}} - \text{Б};$

$\text{Y}_{\text{мезг}} - \text{Е}^{1\text{ж}}$;

$\text{С}_{\text{калып}} - \text{А}_{\text{мезг}} - \text{П}_{\text{калып}}$ болса, семантикасы – сейлеуші жаққа тән қалып-қүйдің нақты бір мезгілге қатысты орындалуын білдіру болып табылады.

– Жаңым-ау, адам баласысың ғой... Айтып олтірсеңі! (М.Әуезов) Күрылым үлгісі:

$\text{Пш}_{\text{сж}} - \text{Б};$

$\text{Е}_{\text{ып}} - \text{Е}^{2\text{ж}}$;

$\text{С}_{\text{ерп}} - \text{А}_{\text{сж}} - \text{П}_{\text{ерп}}$. Бұл үлгі бойынша, сөйлем семантикасы – сөз арналған жаққа (адресатқа) тән әрекеттің орындалу амалы сейлеуші жақ тараپынан айқындалып көрсетіледі.

– Енді бірауық аяқ суытайық... (С.Асылбеков) Сөйлемнің күрылымдық үлгісі байläй беріледі:

$\text{Пш}_{\text{мешш}} - \text{Б};$

$\text{Y}_{\text{мелш}} - \text{Е}^{1\text{ж}}$;

$\text{С}_{\text{калып}} - \text{А}_{\text{мешш}} - \text{П}_{\text{калып}}$. Сөйлемнің жалпы семантикасы – сейлеуші жақ ішінде өзі де бар көптеген жақтардың қозғалыс-қалпын өзгертуге ниетін мөлшерлік жағынан нақтылай білдіреді.

– Сөз өз басында болған соң келіп тұрмыз. (М.Әуезов) Сөйлемнің күрылымдық үлгісі:

$\text{Пш}_{\text{себеп}} - \text{Б};$

$\dots \text{Е}_{\text{-ған соң}} - \text{Е}^{1\text{ж}}$;

$\text{С}_{\text{козр}} - \text{А}_{\text{себеп}} - \text{П}_{\text{козр}}$. Семантикасы – сейлеуші жақ өзі ішіне катыскан көптеген жақтар қозғалысының себебін айқындаپ білдіреді.

Актуальдануға байланысты кейде пысықтауыштың бас мүшеден кейін келуі кездеседі. Мұндайда күрылымда болатын позициялық өзгеріс сөйлем семантикасына әсер етпейді.

Сонымен, 1.2-жактық тұлғада келген бас мүшелер белгілі жақты сөйлем құрылымында басты ұйымдастыруыш мүше қызметін аткарып, басқа сөйлем мүшелерімен бір орындық ынғайда байланысады да, екі мүшелі құрылымдағы сөйлемдер жасайды. Бірдей синтаксистік құрылымдағы сөйлемдер оны түзуге қатысатын грамматикалық элементтердің жалпыланған семантикасы әсерінен түрлі-түрлі семантикалық мазмұндар білдіреді.

3. **Үш мүшелі** белгілі жақты сөйлемдердің де бірнеше құрылымдық варианты болады.

а) Кейде предикаттың бас мүшесі бір орынды болып келетін сөйлемдер үш мүшелі құрылымда да кездеседі. Үшінші мүше, негізінен, семантикалық атрибут болады да, ол предикат мүшеге емес, толықтауыш мүшеге (көбінесе тұра толықтауыш) қатысты болады. Нақтырақ айтқайда, бас мүше толықтауыш мүшемен байланысуы кезінде сол толықтауышты белгілі бір сапалық, сандық т.б. белгілері жағынан анықтап тұратын анықтауыштың да сөйлем мазмұнына белгілі дәрежеде қатысы болады. Анықтауыш мүшелерсіз сөйлемнің кіші құрылымы мағыналық жағынан өте-мәте толымсыз болады. Сондықтан бұл мүшениң сөйлемнің құрылымдық үлгісіне енгізуге тұра келеді. Бірнеше мысалдар:

— Артқы құнді көріп алармыз... (М.Әуезов) Осындағы «артқы» сөзі толықтауыш мүшениң анықтап тұр және бұл сөзді құрылымнан шыгарасқ (құнді көріп алармыз) мағына олқылығын туғызады. Сөйлемнің құрылым үлгісі:

Аш – Т – Б ;

Сын – 3₄ – Е_{-ал ал}^{1к} ;

С_{ор} – А_{катыс} – О_{ор} – П_{ор}. Осы құрылымға сай сөйлем семантикасы былай түсініледі: ішінде сөйлеуші жақ та бар көптеген субъектілердің қатыстық мәнді мезгілдік объектіге бағытталған көрү әрекетінің орындалуына сөйлеушінің сенімсіздік (модальдік) көзқарасы білдіріледі.

— Бір қымылды істейін істедің. Бірақ енді сақ бол. (М.Әуезов). Құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б ;

Сан – 3₄ – Е^{2ж} ;

С_{ор} – А_{менш} – О_{ор} – П_{ор}.

Семантикасы – белгілі адресаттың (тындаушы, сөз арналған жақ) белгісіз қымылдық объектіге бағытталған іс-әрекеті сөйлеуші тараپынан шындыққа сай орындалғанын білдіру.

... Оған деген маҳаббатымды ұмыта алар емесстін (К.Жұмаділов). Құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б ;

3₄ Е_{-ген} – 3₄ – Е_{-ал ал, көм}^{1ж} ;

$C_{\text{ойлау}} - A_{\text{көкшіл}} - O_{\text{ойлау(сезім)}} - P_{\text{ойлау}}$. Семантикасы – сөйлеушінің бөгде жаққа арналған сезіміне (дерексіз объекттіге) бағытталған ойлау әрекетін білдіруі.

...Жақсы ағаның зор дәмесін әмсес өстіп ақтагайсың (М.Әуезов).
Күрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б ;

$3_2 - 3_4 - E^{2ж}$;

$C_{\text{ар}} - A_{\text{меншик}} - O_{\text{ар}} - P_{\text{ар}}$. Сөйлем семантикасы белгілі бір субъекті-жаққа тән абстрактылық объекттіге тікелей бағытталған адресат іс-әрекетінің орындалуын сөйлеуші тарарапынан қалайтындықты білдіреді.

Міне, талданған сөйлемдерден көріп отырганымыздай, бірдей синтаксистік мүшелермен келген сөйлемдердің, сол мүшелердің лексика-морфологиялық, синтаксистік мағыналарының өзара үйлесіп келуіне қарай олардың семантикалары да өзгеріп отырады екен.

ә) Предикат құрамындағы етістіктің салт-сабактылық мағыналарымен етіс жүрнақтарын қабылдау арқылы пайда болатын грамматикалық мағыналарына қарай олар тұра толықтауышпен де, жанама толықтауышпен де бір мезгілде тіркесстін жағдайлары болады. Баяндауыштың осындай екі валенттілігіне байланысты оны жайылмаландыратын толықтауыштардың бірі міндепті түрде тұра толықтауыш болады да, екіншісі басқа септік жалғауларындағы жанама толықтауыштар болады. Сөйтіп белгілі жақты сөйлемнің екі орынды үш мүшелі типтері жасалады. Мысалы: ...Сый дәметте, берсе, алма еш адамнан... (Абай) Сөйлемнің кіші құрылымы қара сөзбен берілгенде былай болар еді: «адамнан сый дәметте». Сонда бұның құрылымдық үлгісі:

Т_ж – Т – Б ;

$3_2 - 3_4 - E^{2ж}$;

$C_{\text{ар}}^6 - O_{\text{ар}} - O_{\text{ар}} - P_{\text{ар}}$ болса, жалпы семантикасы белгілі тыңдаушының заттық объекттіге тұра бағытталған әрекеті сол объектті иессі болатын жаққа да жанамалай бағытталатындықты білдіру болады.

... Кебекпенен мені аз ғана арыздастыры... (Шәкәрім). Курсивпен жазылған сөздер сөйлемнің кіші құрылымының компоненттері болып есептеледі. Сонда сөйлемнің құрылымы:

Т_ж – Т – Б ;

$3_2 - 3_4 - E^{2ж}$;

$C_{\text{ар}}^7 - O_{\text{ар}} - O_{\text{ар}} - P_{\text{ар}}$.

Бас мүшедегі ортак етіс (-c) көмектес септікті сөзді қажет етсе, өзгелік етіс жүрнағы (-тыр) табыс септікті сөзді қажет етеді. Сонда бұл сөйлемнің семантикасы – сөйлеуші жақ пен бөгде жақтың бірлескен әрекетін жүзеге асыру жөнінде сөйлеуші жақ атынан сөз арналған белгілі адресатқа өтіну болып табылады.

...Адал күнімде асыл маҳаббатымды саған тапсырса деп едім (Д.Әбілев). Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{l} \text{T} - \text{T}_\text{ж} - \text{Б} ; \\ \text{З}_4 - \text{З}_3 - \text{E}_\text{-са} \dots \text{E}_\text{кем}^1 ; \\ \text{С}_\text{ерп} - \text{О}_\text{ерп} - \text{О}_\text{ерп} - \text{П}_\text{ерп} . \end{array}$$

Сөйлемнің семантикасы – белгілі сөйлеушінің дерексіз заттың объекті ретіндегі сезімін сөз арналған адресатқа бағыттауды калайтынын билдіру.

б) Предикаты екі валентті болғанда тұра толықтауыштан басқа пысықтауыш та баяндауыш алдынан бір орынды иемдене алады. Ол пысықтауыштар негізінен предикатты мезгілдік, мекендік, амалдық т.б. сипаттары тұрғысынан нақтылайды (конкретизациялайды). Бірнеше мысалдарға келтірейік:

– ... Тек ашуыңды аулақ әкет!.. (М.Әуезов). Құрылым үлгісі:

$$\begin{array}{l} \text{T} - \text{Пш}_\text{мер.} - \text{Б} ; \\ \text{З}_4 - \text{Y}_\text{мер.} - \text{E}^2 ; \\ \text{С}_\text{коғз.} - \text{О}_\text{коғз.} - \text{А}_\text{коғз.} - \text{П}_\text{коғз.} . \end{array}$$

Жалпы семантикасы – адресаттың дерексіз объектіге бағытталған қимылы сөйлеуші арқылы мекендік жағынан нақтыланады.

...Не істерімді білмей, күнделігімді алып жазып отырмын. (Ж.Аймауытов) Құрмалас сөйлемнің басыңқы компоненті – белгілі жақты сөйлем. Оның құрылымы төмендегідей болады:

$$\begin{array}{l} \text{T} - \text{Пш}_\text{жк} - \text{Б} ; \\ \text{З}_4 - \text{E}_\text{-ып} - \text{E}^1 ; \\ \text{С}_\text{калып} - \text{О}_\text{калып} - \text{А}_\text{амал} - \text{П}_\text{калып} . \end{array}$$

Бұл сөйлемнің семантикасы мынадай сипатта болар еді: сөйлеушінің (сөз авторының) объектіге бағытталған қимылдық қалпы амалдық сипаты жағынан нақтыланған.

–...Оны кезінде көрерміз... (Ә.Нуртепісов) Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{l} \text{T} - \text{Пш}_\text{мер.} - \text{Б} ; \\ \text{З}_4 - \text{Y}_\text{мер.} - \text{E}^1 ; \\ \text{С}_\text{ерп} - \text{О}_\text{ерп} - \text{А}_\text{мер.} - \text{П}_\text{ерп(көрү)} . \end{array}$$

Сөйлем семантикасы – ішінде сөйлеуші бар көптеген жақтың белгісіз объектіге бағытталғанын көру әрекеті мезгілдік жағынан нақтыланғандықты білдіреді.

Кейде пысықтауыштар актуальданған жағдайда іс-әрекет бағытталған объекті баяндауыштан кейін шығатыны бар. Бұндай жағдайда грамматикалық құрылым өзгергенімен, сөйлем семантикасында өзгеріс болмайды. Мысалы:

– Жүдә, қатты шошыттың гой бізді. (С.Асылбеков)

Құрылымдық үлгісі:

$$\text{Пш}_\text{жк} - \text{Б} - \text{T} ;$$

$$\begin{array}{c} Y_{\text{сқ}} - E_{\text{кем.}}^{2\text{ж}} - 3_4; \\ C_{\text{куй}} - A_{\text{куй}} - \Pi_{\text{куй}} - O_{\text{куй}}. \end{array}$$

Семантикасы – адресат әрекетінің ішінде сөйлеуші жақ бар обьектілік жақтардың көніл-куйіне әсерін сөйлеуші тарағынан айқындаі көрсету.

Сонымен, бұл мысалдардан байқағанымыз – пысықтауыштар предикат мүшемен тікелей байланысып, бір орынға ие болады да, сол арқылы сөйлем семантикасында сол предикат білдіретін іс-әрекет, қозғалыс, қимылдарды мезгілдік, мекендік, сын-сипаттық жағынан нақтылап, айқындаған отырады.

Белгілі жақты сөйлемдердің бастауыштары болмауына байланысты олардың құрылымдық мүшелері үшеуден артық болмайды. Эрине, сөйлем әр мүшениң жеке дара сөздерден ғана емес, курделеніп келулерінен де жасалады. Тіпті, кей мүшелер тұтас үйріл мүшелерден тұруы да мүмкін. Осындай жағдайда сөйлем өте құрделі құрылымда болады.

Еңбектің мақсаты белгілі жақты сөйлемдердің де белгілі бір құрылымдық сипаты мен оған сай семантикалық ерекшеліктерін көрсету болғандықтан, барынша қарапайым (элементарлы), түсінуге женіл, аса құрделі емес мүшелерден тұратын сөйлемдер алынды. Оның үстінен әр мүшениң барлық түрлену мүмкіндігіне қарай түгел мысалдар келтіре берудің де қажеттігі аз деп есептелінді. Дегенмен, осы келтірлген мысалдардың өзі сөйлемнің ең кіші деген құрылымының өзінде сол құрылым айқын көрсететіндегі мағына мазмұн болатынын көрсетеді.

Сейлемнің жалғыз ғана тірегі болып есептелетін бас мүше (баяндауыш, предикат) оның қандай құрылымдық жүйесінде болмасын, берілетін қандай мағынада болмасын, бірден-бір ұйымдастырушылық қызмет аткарады. Ен бастысы – оның бойында логикалық предикат пен логикалық субъектінің бірлігінен туатын предикативтік қатынастың болатындығы. Соңда, белгілі жақты деп аталатын бір негізді сөйлем грамматикалық (формальдік) құрылымы түргысынан бір бас мүшелі болғанымен, семантикалық құрылымы жағынан екі мүшелі болатынына ешбір күмән жок.

3.2 Жалпылама жақты сөйлемдер

Белгісіз жақты сөйлемдерден ерекшеліктері. «Жалпылама жақты» және «белгісіз жақты» деп аталатын сөйлем түрлері жалпы тіл білімінде, соның ішінде түркітануда да бір негізді сөйлем түрлері ретінде танылып келеді. Бұл сөйлем түрлері өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін жай сөйлемнің «жаксыз», «толымсыз» аталатын түрлері-

нен бөлініп алынған жоқ. Қайсыбір еңбектерде, әсіресе мектеп грамматикаларында, бұлар әлі де бірге қаралып келеді. Тек орыс тілінің әсерімен түркі тілдерінде бір негізді сөйлем түрлері жеке әнгіме бола бастағанда қазақ тілінде де осы сөйлем түрлері зерттеу нысанына айнала бастайды. F.Ластаеваның (F.Мадина) алғашқы бір мақаласында осындай сөйлем түрлерінің қазақ тілінде де бар екені сөз болып, олар «жалпылама» және «белгісіз жақты» деген атпен алғаш рет аталады. Бірақ ол тұста бұл екеуінің ерекшеліктері нақты ажыратылмаған болатын. Ізденуші: «...Жағы белгісіз сөйлемдерде бастауыш болмайды және оның орны жоқталмайды...» – дей келіп, «... жағы белгісіз сөйлем мен жалпыланған жақты сөйлемнің сарыны бір. Айырмашылық тек тұлғасындаған, – дейді де, – Бұл екеуі мағыналас болғандыктан, екеуін бір ғана терминмен – белгісіз жақты сөйлем деп атау керек», – деген тұжырым жасайды [104: 37-39-бб]. Зерттеуші кейінгі бір енбегінде белгісіз жақты сөйлемге: «Баяндауышы егістіктің екінші және үшінші жағында тұрып, мағына жағынан үш жаққа бірдей ортақ, жалпыланған қимылды көрсететін грамматикалық бастауышы жоқ сөйлемдерді белгісіз жақты сөйлем дейміз», – деп аныктама береді де, осы белгісіз жақты сөйлемнің, әдетте, іштей «жалпылауыш» және «белгісіз» жақты сөйлемдер деп екіге бөлініп жүргендігін, бірақ олай бөлудің қазақ тілі үшін мәнді емес екендігін айтады. Өйткені, зерттеушінің ойынша, белгісіз жақты сөйлемді бұлай бөлу таза мағыналық жағын ескергендіктен. Соңдықтан бұл сөйлем типтерін бір ғана «белгісіз жақты» деп атау қажет деген тұжырым жасайды [80: 58,59-бб]. Алайда, «жалпылауыш жақты» және «белгісіз жақты» терминдері 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасы» атты академиялық еңбекке енгізілгенімен, окулық грамматикалардан орын алған жоқ.

Сол тұстағы М.Балақаевтың енбегінде бұл сөйлемдер осы аттас екіге бөлініп қарастырылса [105], Н.Т.Сауранбаевта бұрынғыша толымсыз және жақсыз сөйлемдер қатарында жүр [78].

Басқа ғалымдар ішінде А.Әбілқаев сөйлемді стильдік ерекшеліктеріне қарай топтастыра отырып, соның ішінде жалпылама жақтық мәнді сөйлемдерді «ауыспалы» деп атайды да, белгісіз жақты сөйлемді арнайы бөліп қарайды [84].

Одан бергі жердегі, тіпті, 80-90-жылдардағы оқулықтарда да осы үш бағыт сақталынған. Мысалы: «жалпылама» және «белгісіз» жақты деп беліп қараушылар: О.Күлкенова [106: 175-б.], М.Балақаев [32: 242,243-бб], ал жалпылама жақты ретінде қараушы: М.Қараев [85: 186-б.]; бұларды жақсыз және толымсыз сөйлем ішінде қарайтындар: Ш.Бектұров, М.Серғалиев [89: 187-б.], С.Исаев [107: 139-б.]. Алдыңғы топтағы мамандар анықтамалар бергенде жалпылама жақтыға 2-жақтық жіккітік жалғаулы баяндауышы бар сөйлемді алса, белгісіз

жактыға 3-жактық баяндауышты сөйлемді алады. Екінші топтағылар бұл екеуін бір анықтамаға біріктіреді.

Мінс, осы ала құлалықтың өзі-ақ қазақ тілінде «белгісіз» және «жалпылама» жакты сөйлемдердің өзіндік белгілерінің нақты анықталмағандығын көрсетсе керек.

Рас, F.Мадина айтқандай, орыс тіл білімінде сөйлемнің бұл екі түрі сол 50-жылдардан бері қарай нақты түрде ажыратыла бастады. Оған дейінгі орыс тіліндегі зерттеулерде бұл сөйлем түрлері әр түрлі қаралып келген. Мәселен, А.А.Шахматов «жалпылама» мен «белгісіз» жакты сөйлем түрін ажыратпайды, бірақ екеуін бір ғана «белгісіз жакты бастауышсыз сөйлем» деген тақырыппен қарайды. [37: 70-81-бб] Ал Е.М.Галкина-Федорук те бұл сөйлемдердің жалпылық және белгісіздік мәндерін бір-бірінен айырмайды. [108: 101-103-бб]

70-жылдардан бері қарай тілдегі сөйлем семантикасын зерттеуге байланысты қол жеткен табыстар орыс тілінде болсын, басқа тілдерде болсын бұл екі сөйлемді ажыратып қараудың қажеттігін дәлелдей отыр.

Сонда «белгісіз» жакты сөйлем мен «жалпылама» жакты сөйлемді ажыраттар меже не дегендеге, біз олардың мағыналық ерекшеліктерін, яғни сөйлемнің семантикалық құрылымын басты нысана етеміз. Бірақ бұл мағынаның берілуінде сөйлемнің грамматикалық құрылымының мәні бар екенін де естен шығармауымыз керек.

Осы тұста Т.П.Ломтевтің заттың жалпылығы мен белгісіздігі турылы мынадай пікірін ескермеске болмайды: «Мына екі жағдайды қанағаттандырғанда ғана зат жалпыланған деп есептеледі: а) егер ол белгілі бір жиынтық көптің мүшесі ретінде ұсынылса; б) егер ол осы жиынтық көптің қандай мүшесі екеніне қарамастан шығарып тастауга болмайтын нақты мәндегі белгілі бірі болса.

Егер мына екі жағдайды қанағаттандыратын болса предикаттың зат белгісіз деп есептеледі: а) егер ол белгілі бір жиынтық көптің мүшесі ретінде ұсынылса; б) егер ол осы жиынтық көптің қандай екеніне қарамастан шығарып тастауга алмайтындар осы бірінші ұқсастықты ғана түсінеді.

Ал анықтаманың екінші бөліктерінің бір-бірінен айырмашылығы бар. 1-ні былай түсінуге болады: жалпы жиынтық көптеген заттар ішінде белгілі бір хабарға қатысадын нақты сөйлеуші, тыңдаушы, бөгде жақтар (субъектілер) да бар. Сол нақты жақтардың бірін білдіретін тұлға қалған екі жакты да білдіре алатындаі немесе бір жақтың субъ-

ектіге тән іс-әрекетті басқа да жақтық субъектілер орындаған алатындағы іс-әрекет болып көрінуі жиі кездеседі. Яғни, тілдік тұлға (бұл жерде жақтық жалғай) бастапқы нақтылық мәннен жалпылық (үш жаққа бірдей) мәнгеге ауысады (абстракцияланады). Бұл – бастапқы нақты мәннің ауыспалы түрі болады. Жалпылама жақты сөйлем осындағы мәнгеге негізделеді.

Ал сөйлемнің белгісіз жақты түрі дегенде, іс-әрекеттің әйтеуір бір субъекті арқылы жүзеге асқаны, әйтеуір бір жаққа тән екені белгілі болғанымен, ол жақ хабарда әдейі аталып көрсетілмейді. Яғни, іс-әрекетті орындаушы жалпы жиынтық, көптің кез келген біреуі болуы мүмкін. Бірақ хабардың мазмұны үшін оны атаудың қажеттігі болмайды.

Міне, Т.П.Ломтев пікірінің екінші бөлігін осылай түсіну ғана жалпылық пен белгісіздік ұғымын бір-бірінен ажыратады. Тіл ғылымында жалпылама жақты сөйлемнің бас мүшесі көбінесе 2-жақтық тұлғада келетіні, үш жаққа бірдей жалпылық ұғымды білдіретіні басым негізде қаралады.

Ал белгісіз жақты сөйлем бас мүшесі өруақытта 3-жақта тұрады деп есептеледі. Себебі, 3-жақтық магынаның өзі о баста хабарға, сөйлеуге қатыспаған бөгде жақты білдіретіндіктен, оның мәні нақтылықтан гөрі белгісіздікке жақын екендігі байқалады. Нақтылай айтқанда, жалпылама жақтық мән 2-жақтық мәннен пайда болған деуге болады.

Т.П.Ломтевтің бұл пікірі жалпылама және белгісіз жақты сөйлемдерді бір-бірінен ажыратудың басты межесі деп үқсан орынды.

Сондықтан, бұл тұжырымы мақал-мәтеддер, афоризмдер тәрізді синтаксистік құрылымы жағынан болсын, семантикасы мен қолданылу орындары жағынан болсын, ерекше сөйлемдерге де қолдануға болады. Эрине, бұл сөйлемдер (мақал-мәтеддер, афоризмдер) кезінде құнделікті өмірдегі көдімгідей хабар білдіретін сөйлемдер ретінде пайда болады да, қолданыла келіп, ұзақ мерзім ішінде белгілі бір тәжірибелердің жинақы, жалпы қорытынды ұғымын білдіретін тұтастықка ие болады. Енді белгілі бір нақты жаққа карата айтылудан гөрі, жалпыға бірдей (үш жаққа) қатысты іс-әрекетті білдіретін ұғымдық мәнгеге ие болады. Бұл жалпылық мән сөйлемнің тұтас мазмұнына қатысты болумен бірге, екінші жағынан сол жалпының бөлшегі ретіндегі жеке жақтарға да қатысты болып келеді. Осындағы қолданыста мақал-мәтеддер тұра магынаны да, ауыспалы магынаны да білдіріп жатады. Осы соңғы аталған құрылымдық ынғайдағы жақтардың қатысы түрғысынан алсақ, бұлар да екі негізді және бір негізді болып құрылумен бірге, бір негізді болып келген жағдайда, көбіне жалпылама және белгісіз жақтық магынадағы құрылымда келеді. Осы ынғайда олар белгілі жақты сөйлемдерден ерекшеленеді.

Көркем әдебиеттен және ауызекі сөйлеуден жинақталған тілдік материалдар мен ғылыми зерттеу жұмыстарын талдау жалпылама және белгісіз жақты сөйлемдердің ұқсастық жақтарын жоққа шығармайды. Бұл жөнінде F.Мадинаның жогарыда келтірген кейбір дәйектері шындыққа сай келеді. Алайда, бұл екі сөйлем ұқсастығын, ол айтқандай, жақтың белгісіздігінен ғана емес, жалпылығынан да көруге болады. Бұған макал-мәтелдердің тарихи қалыптасуы да дәлел бола алады. Макал-мәтелдердің, афоризмдердің о баста қалыпты хабарды білдіретін, сөйлеуші тарапынан арнағы бір жакқа қарата айтылған сөйлемдер болғаны анық. Келе-келе олардың мәні накты жақтан үш жақтың кез келгені орындай алатын іс-әрекетті көрсететіндей дәрежеде жалпыланған. Сөйлем мағынасын жалпыланыруда 1-жақтан ғөрі 2 және 3-жақтар ыңғайлы болса керек. Осындағы сөйлемдердің кейбіреуі одан әрі жалпыланып, жақтық мәні белгісіздік дәрежеге дейін жеткен. Мұндай сөйлемдердің жасалуында 3-жақтық мән бейім болған. Сөйтіп, әуелі белгілі жақты сөйлем, одан кейінрек жалпылама жақты сөйлемдер, тіпті кейінрек белгісіз жақты сөйлемдер пайда болған деген тұжырым жасауға болады. Бұл сөйлемдердің ұқсастықтары сол тарихи қалыптасудан қалған сыртқы ұқсастықтар болып шығады. Сонда бұларды бір-бірінен ажыратар меже олардың мағыналық құрылымы екендігі айқын анғарылады. Осы ыңғайда оларды жеке-жеке сөйлем типтеріне жатқызуға әбден болады.

Әрине, макал-мәтелдердің қай сөйлем типтеріне жататынын айқындауда олардың семантикалық құрылымына баса назар аударылу керектігі осы айтылған тұжырымнан туындаиды. Мысалы, F.Мадина «Еңбек ет те, міндет ет» және «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деген екі макалды алады да, екеуін де жалпылама жақты сөйлем деп есептейді. Екі сөйлемді де бір сөйлем типіне жатқызуда автор олардың семантикалық ерекшеліктерін дұрыс ажыратға алмағаны байқалады. Алғашқы сөйлемнің осы құрылымында жалпылық мәнде қолданылғанында сөз жоқ. Өйткені бұл сөйлем о баста жеке адамға арналып айтылған да, кейінрек жалпыға бірдейлік мән алған. Ал екінші сөйлемнің құрылымы семантикалық жағынан хабардың мазмұннан ғөрі жеке бір сөздің лексикалық мағынасын білдіретін дәрежеге дейін жалпыланған сөйлем екенін байқаймыз. Нақтырақ айтқанда, бұл сөйлем сөйлемдік дәрежеден айрылып, сөздік мағына беретіндей болып идиомданған. Ал осы сөйлемді белгілі бір хабарды білдіріп түрған сөйлем деп түсінер болсақ, онда тек қана белгісіз жақты деп түсінуіміз қажет. Өйткені, бұл сөйлемнің жағын табу мүмкін болмайды. Бұл мағынаны 3-жақтық қатынас байқатады. Сондықтан макалдың мұндай түрлерін жалпылама жақты деп қарau орынды болмайды.

Осы тұстағымның «мұндай сөйлемдерді 3-жақтық субъектілермен толықтыруға болады, ондай жағдайда сөйлем арнаулы жақты

сөйлем болады» деген пікіріне ешбір қосылуға болмайды. Себебі, 1-ден, белгісіз жақты сөйлем (егер аталған сөйлемді белгісіз жақты деп есептер болсақ) мұндай толықтыруды ешбір қажет етпейді, 2-ден, ондай толықтыруды қажет етсе, онда сөйлем толымсыз болар еді де, екі негізді сөйлемнің бір варианты болып есептелер еді. Бұл, әрине, ғалымның сөйлемнің бәрі екі негізді болады деген ойынан тұғаны белгілі. Мұндай тұжырым кез келген сөйлемнің құрылымы үшін сойкес келмейтінін заман көрсетіп отыр.

Жалпы, мақал-мәтеддер екі негізді де, толымды да, толымсыз да болып келе береді. Олардың ішінде тіпті сөздік мағынаға дейін жалпыланғандарының болатыны да байқалды. Сондықтан, мақал-мәтеддердің бәрін бірдей я жалпылама, я белгісіз деп қарай беруге бола бермейді. Олардың ішіндегі қандай да бір жаққа қатысты іс-әрекетті айқын танытатында хабарды білдіретін сөйлем құрылымындағы түрлерін алған орынды болады. Мысалы: *Күшіңе сенбе, ісіңе сен – жалпылама; Әкесі өлгенде де естіртеді. – белгісіз; Жаман иттің атын Борібасар қояды. – белгісіз т.б.*

Сондай-ақ, тек мақал-мәтеддер ғана жалпылама және белгісіз жақтық мағынаны білдіреді екен деуге де болмайды. Кез келген сөйлем жалпылық және белгісіздік мағынада құрыла алады. Сейтіп, сөйлемнің жалпылама немесе белгісіз жақтық мағынасын оның сөйлеуші белгілеген семантикалық құрылымы шешеді.

Жалпылама жақты сөйлемнің белгілері мен анықтамасы. Жоғарыда жалпылама жақты сөйлем мен белгісіз жақты сөйлемдердің ұқсастық жақтары мен өзіндік айырмашылықтары айқындалды. Сондайғы айқын нәрсе – жалпылама жақты сөйлемдер бір негізді сөйлемдердің типтік түрі ретінде қазіргі тіл ғылымында жеке қаралатындығы. Сонымен, жалпылама жақты сөйлемнің өзіне тән басты ерекшелігі неде? деген сұраққа мамандардың барлығы да бірдей жауап береді. Ол – *бас мүше белгілі бір жақтық тұлғада тұрганымен, оның мағынасы нақты жақтық емес, жалпылық мәнді білдіреді, яғни осындай құрылымдағы сөйлем семантикасы іс-әрекет, қымылдың уи жаққа бірдей болатын жалпы мағынасын білдіруі болып табылады.* Бұл пікір ғалымдардың бәрінендерлік ортақ болғанымен, бас мүшениң қандай жақтық тұлғада келетіні жөнінде пікір алалығы бар екені байқалады.

Орыс ғалымдары ішінде жалпылама жақты сөйлемді өз алдына сөйлем типі ретінде қарайтындардың бірсызырасы оның бас мүшесі тек 2-жақтық тұлғада болады деп есептейді. Мысалы, А.М.Пешковский жалпылама жақтық сөйлемдердің 2-жақтық тұлғада келетінін айта отырып, сөйлемді айтушы тарапынан осылай берудін тұрмыста болсын, әдебиетте болсын мәні зор екенін көрсетеді. Ол «қандай да

бір өзінің соншалыкты жақындығын, көңіл қошын жүргітқа ашық түрде нақты жақ тарапынан айтуға болмайтын жағдайда сөйлеуші оны жалпыға тән етіп көрсетуге тырысады, сол жалпының ішінде өзін бірдей қабылдайтын тыңдаушы да болатындығын» айтады [38: 375,376-бб]. А.М.Пешковскийдін пікірін В.Белошапкова да қолдайды. Ол бұл сөйлем түріне мынадай анықтама береді: «Жалпылама жақты сөйлем деп, бас мүшесі ашық райдың осы және келер шақтарында 2-жақтық жекеше жіктік жалғауымен түрленген немесе бұйрық райында келген, сөйтіп жалпылық жақты білдіретін сөйлемді айтады» [34: 627-б.].

Ғалымдардың бір тобы жалпылама жақты сөйлем тек 2-жақтық тұлғадаған емес, сирек те болса, 1 және 2-жақтық тұлғаларда да көлетінін айтады. Мысалы, В.В.Бабайцева жалпылама жақты сөйлем: 1) етістіктің осы және келер шағындағы 2-жақтық жекеше тұлғада, 2) 2-жак бұйрық райының жекеше, көпше түрінде, 3) 1-жак көпше осы және келер шақта, 4) 3-жак көпше түрінде жасалатынын айтса [66: 47-48-бб], бұл пікірді В.Т.Гневко да қолдайды. Ол 1-жақта тек көпше түрдеған емес, жекеше түрде де жалпылық жақты мәндегі сөйлемдер жасалатынына мысалдар келтіреді [109: 18,19-б.]. Осындай пікір Д.Э.Розенталь мен М.А.Маленкованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» де қайталанағы [1: 156-б.].

Орыс тіліндегі осы екі жақты қөзқарас түркі тілі мамандарының арасында да бар екені байқалады. Мысалы, У.Б.Алиев қарашай-балқар тіліндегі жалпылама жақты сөйлемді бір негізді сөйлем типтеріне жатқыза отырып, оның жалпылық мағынасы 2-жақтық көрсеткіш арқылы берілетінін айтса [60: 108-б.], И.Расулов та өзбек тіліндегі жалпылама жақты сөйлем бас мүшесі 2-жақтық бұйрық райлы етістік арқылы берілетінін айта отырып, мұндай сөйлемнің «бастауышы болмауы – синтаксистік норма» деген пікір айтады [59: 22-б.]. А.А.Юлдашев башқұрт тіліндегі «жалпылама жақты сөйлем тұлғалық жағынан 2-жақты көрсеткенімен, барлық жақтарға арналған іс-эрекетті көрсеттінін айтады [61: 437-б.].

Н.К. Дмитриев бұл сөйлем түрін түркімен тіліндегі жақсыз сөйлемдер қатарына енізіп, белгісіз жақты сөйлем екеуінің орнын ауыстыра қарайды. Ғалым: «...жалпылама жақты сөйлемге келсек, түркімен тілінде ол орыс тілімен сәйкес келеді», – дейді де, мынадай мысал келтіреді: – *Түркменче бейле айытмаяялар* (*Туркменски так не говорят*). Белгісіз жақты сөйлемді де орыс тілімен сәйкес келеді деп есептеп, «*Не рой яму другому*» (*Біреуғе ор қазба*) деген мысалдар келтіреді. Мысалдарды салыстыра қарағанда, ғалымның екі сөйлем түрін алмастыра қарағаны аңғарылыды [27: 382-б.]. Бұл, әрине, түркітанушылардың орыс ғалымдарының алғашқы қөзқарастарын басшылыққа алуынан туған пікір екенін білдіреді. Себебі, сөйлемнің осы түрін

алғаш сөз еткен А.А.Шахматов та, Е.М.Галкина-Федорук те оны жақсыз сөйлемнің бір түрі ретінде қараған болатын.

Жалпылама жақты сөйлем жөнінде пікір білдірген түркі ғалымдарының ішінде жалпылық жақтық мән тек 2-жақтық көрсеткіш арқылы ғана емес, 1-жақтық көпше түрі арқылы да, 3-жак арқылы да беріледі деген ойды қолдаушылар бар. И.Х.Ахматов қарашай-балқар тілінде «жалпылама жақты сөйлемде жасырын түрде үш жақты да білдіретін субъекті» болатынын айта отырып, жалпылық мәннің негізінен 2-жақ тұлғасы арқылы берілүмен бірге 1-жақ көпше және 3-жақ көпше түрде де берілетінің нақты мысалдар келтіреді [75: 139-141-бб]. Ал А.Н.Басқаков түрік әдеби тіліндегі жалпылама жақты сөйлемді бір құрамды сөйлемдер катарына жатқыза келіп, олардың бас мүшесі 1,2-жақтық тұлғаларда берілетінін айтады да, 3-жактық тұлға белгісіз жақты сөйлем жасайды деп есептейді [33: 99-101-бб].

Ал қазақ тілінде жалпылама жақты сөйлем жөнінде ауыз тұштыып айтарлық ғылыми деректер жоқтың қасы десе де боларлық. Жалпылама жақты сөйлемді алғаш жеке сөйлем типі ретінде қараған М.Балақаев [105]. Сол тұста бұл сөйлемді сөз еткен Ф.Мадина оны белгісіз жақты сөйлемнің бір түрі ретінде қарағаны жоғарыда айтылған болатын [80]. Одан бергі жердегі енбектердің қайсысында болмасын кейде атаптып, кейде атамай, атапса да ат үсті бір-екі мысалмен бар екенін білдіру ынғайында ғана көрінгені болмаса, арнайы зерттелген емес. Сондықтан, алдымен жалпылама жақты сөйлемнің өзіне тән ерекшелігін белгілеп, анықтамасын айқындаған орынды.

Орыс тіл біліміндегі болсын, түркітанудағы болсын, жалпылама жақты сөйлемге берілген анықтамаларды салыстырсақ, олардың екі бөлімнен тұратынын байқаймыз. Бірінші бөлімде іс-эрекеттің жалпы жаққа тәндігі немесе сөйлемнің жалпылық жақтық ұымды білдіретін туралы, екіншісінде оның қандай жақ тұлғасы арқылы берілетін туралы айтады. Сонда алғашқысы сөйлемнің мазмұндық жағын қамтитын ерекшелігін білдірсе, екіншісі оның сыртқы құрылымдық жағын білдіреді. Бұл жағынан анықтамалардың бәрі де осы сөйлем ерекшелігіне біршама сәйкес келетініне дау жоқ. Алайда, жақтың «жалпылық мәні» дегенді әлі де нақтырақ түсіндіре кеткен орынды тәрізді.

Жоғарыда Т.П.Ломтевтің жалпылық пен белгісіздікті ажырату жөніндегі тұжырымы ұсынылған еді [39: 139-146-бб]. Егер осы тұжырымды ұстанар болсақ, онда әрбір жақ (1,2,3 жақтар) қимыл-эрекетке түсे алатын, іс-эрекеттің иесі бола алатын барлық заттар мен адамдардың (жақтардың) ішінде, солардың бірі ғана бола алады. Сонымен бірге олар сөйлеуші жақ тарарапынан берілетін әрбір хабардың негізіне алынатын іс-эрекет, қимыл иесі ретінде айрықшаланатын

1,2,3-жактық субъектілер де болады. Сонда әр сөйлем үшін нақты жактық субъектілер жекеше және көпше түрде кездесетін осы үш жак қана. Мысалы, «*Асан оқып жүр*» деген сөйлемде «*оқу*» әрекетіне ие болатын субъекті – *Асан* деген кісі және ол біреу-ақ. Оқу әрекетіне Асан тәрізді мындаған, миллиондаған адамдар ие бола алады. Ал сөз иесі хабар мазмұны талап етуіне сай сол миллиондар ішінен тек Асанды ғана бөліп алып отыр. Ал Асанның орнына «*ол*» есімдігін пайдаланса да, бәрібір оқу әрекетінің бір адамға ғана тән екені белгілі болар еді. «*Олар*» есімдігі айтылса да, іс-әрекет иесі сол көптін бәрі емес, белгілі бір тобы деген ұғымда нақты жактар айқындалар еді. Яғни, көпше субъекті де белгілі бір сөйлем ішінде нақты жақ болып табылады. Бұл нақты жактық мәндер екі негізді сөйлемдерде арнаулы лексикалық сөзбелен (бастауышпен) немесе жактық тұлғалар арқылы айқындалып берілетін белгілі.

Бір негізді сөйлемдерде дә жақтық мән осы негізде беріледі. Әйтседе, екі негізді сөйлемдердегі тәрізді жақтық мағына мен оның берілу тұлғасы бір негізді сөйлемдерде сәйкес келе бермейді. Белгілі бір тұлғалардың өзінің негізгі мағынасынан ауытқып басқа мағыналарда колданылуы тіл зандылығына қайшы құбылыс емес. Жақ тұлғалары да осындай сипатта ие. Сөйлемнің жалпылама жақтылығы да, белгісіз жақтылығы да осындай сипаттан туындастын құбылыстар.

Сонда, бір негізді сөйлемдердегі жалпылама жақтылық мәнді қалай түсіндіруге болады? Қандай да болсын заттың (құбылыстың) нақтылық касиетімен бірге жалпылық та қасиеті болатыны – философиялық қағида. Егер осы қағиданы тілге қатысты айтсақ, кез келген тілдік тұлға өзінің нақты мағынасынан басқа жалпылық мағынаға да ие бола алады. Дәлірек айтсақ, бір жақтық жалғау нақты мағынасынан басқа бөтен жақтық мағыналарды да білдіретін дәрежеге жетеді (яғни, абстракцияланады). Немесе, одан да дәлірек келсек, сөйлемнің бас мүшесі қандай жақтық көрсеткішпен берілгеніне қарамастан, тындаушы (окушы) сөйлем мазмұнынан сол хабардағы іс-әрекет, қымыл-қозгалыстың өзі үшін де, сөйлеуші үшін де, бөгде жақ үшін де бірдей қатысты екенін үғынады.

Сонда «*жалпылық*» деген ұғым іс-әрекетке ие бола алатындаі сан мындаған субъектілердің (жақтардың) бәрін емес, солардың ішінен тек 1,2,3-жактардың ғана белгілі бір қимылға ортақ бола алатындығын білдіру болып табылады.

Сонымен бірге, мұндай сөйлемдер сөйлеушінің субъективтік көзқарасымен де тығызы байланысты болады: сөйлеуші өзі атқаруға тиісті іс-әрекетті белгілі бір себептерге байланысты басқа жактарға да ортақтастырып көрсеткісі келеді. Соған байланысты сөйлеушінің жеке психологиялық ерекшеліктерін танытатын (сыпайылық, ізеттілік т.б.)

модальдік реңдері де байқалады. Мысалы: а) Жер үстінде адам бала-сы болудан қасиетті не бар дейсің. (F.Мұсірепов) ә) Бүгін сағы сынды деп, жақыныңды басынба. (Қаз дауысты Қазыбек) б) Келбеті келген-нен кеңес сұра. (мақал)

Осы сөйлемдердің үшеуінде де предикат бас мүше 2-жакта берілген (1-де ашық райдың 2-жақтық жіктік жалғауымен берілген, 2-де бұйрық райдың болымсыз түрі, 3-де бұйрық райдың болымды түрі). Алғашқы сөйлемде сөйлеушінің өмірлік көзқарасын, идеялық мұратын білдіру мағынасы бар. Бірак бас мүшениң 2-жакта берілуі үл мәғынаны жалпыға тән етіп көрсетуге себеп болған. Автор мұндай идеалдың тек өзінде ғана емес, басқаларда да болуын қалайды. Үл – ізгілік қасиет. Осындай жалпылық мән бас мүшениң сөзбен берілуін қажет етпейді. Осы айтылған ерекшеліктерді кейінгі сөйлемдер бойынан да табуға болады. Қаз дауысты Қазыбек бидін сөзі мен мақалдың жалпылық мәндері де осындай жеке жаққа тән іс-эрекеттің жалпыға арналуында. Үл жалпылық мәндер сөйлемнің сыртқы құрылымынан емес, мазмұндық құрылымынан пайда болған. Міне, осы айтылған пікірлер негізінде жалпылама жақты сөйлемге мынадай анықтама беруге болады: *бас мүшесі белгілі бір жақтық тұлғада (көбінесе 2-жас, кейде 1 және 3-жасқтар) тұрганымен, сөйлем семантикасы іс-эрекеттің үш жақтың кез келгеніне қатысы бола алатында мәғынаны білдіретін бір негізді сөйлем түрін жалпылама жақты сөйлем дейміз.*

Бас мүшениң жасалу жолдары. Жалпылама жақты сөйлемнің бас мүшесі (предикаты) ашық райлы 2-жақтық жіктік жалғаулы дара және курделі етістіктерден болады. Мұндай жағдайда грамматикалық (морфологиялық) құрылымы жағынан екі негізді және белгілі жақты бір негізді сөйлемдердің бас мүшелерінен ешбір айырмасы болмайды. Бірак, семантикалық жағынан сөйлем нақты бір жақтың қатысын білдірмейді. Әйттеуір бір жалпыланған жаққа қатысты болатын қимылды білдіреді, яғни, қимыл-эрекет үш жақтың кез келгеніне де қатысты бола алатын мағынада құрылады. Сөйлемнің семантикалық, стильдік талаптарына қарай сан-алуан модальдық реңдер байқалып отырады.

1. а) Бас мүшесі етістіктің дара, болымды, болымсыз ашық райлы түрінен жасалған жалпылама жақты сөйлемдер:

...Ол кезде партия-сартияңды кім білген, атын күнде естін отырсан да, затына түсінбейсін. (F.Мұсірепов)

— *Кү тіршілік, — деді ол дүниенің опасыздығын енді ғана танып тұрган адамдай қыстыға сөйлеп. — Бүгін бар, ертең жоқ. Мәңгі жа-сайтындаи алыссасын, жұлыссасын, тартысасын, куанасын, кулесін, үрысасын... Не үшін келдің, не үшін кеттің, не бітіріп кеттін? Тұңғызық... (Д.Исабеков).*

ә) Бас мүшесі күрделі құрылымда келген жалпылама жақты сөйлемдер негізгі және көмекші етістіктердің тіркесінен тұратын күрделі етістіктерден жасалады:

...Бірақ қай жақтағы бір боқмұрынның алдында білмеймін деп қалай кішіріе қоярсын. (С.Асылбеков) ...Тіршілік заңы қатал, оны тек көз жасымен жібіте алмайсын. (Д.Исабеков)

б) Бас мүшесі есімдерге *де*, *бол* көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

...Күйіп бара жатсан қалай сыйтай боларсын. (Д.Исабеков) ...Бұл не деген опасы жоқ өлім десенізіші. (О.Бокеев)

в) Тұрақты сөз тіркестері арқылы:

— Қараса қайтеді! Топ ішінен жалғыз сені жаса алар дейімісін. (Д.Исабеков) Кейбір дақ тұспей, сау қалған үйлерді көргенде тан кала-сын... (F.Мүсірепов) Машина үстінде тәңселе түсіп осылардан көз алмайсын. (Д.Исабеков)

2. Бас мүшесі бұйрық райлы етістіктен болған жалпылама жақты сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

а) 2-жақтық бұйрық райлы етістіктің дара күйінен:

Бала уысыңнан бір шығып кетті дегеніше, оған сөзің *отіп*, дегенімен жүргізем деп ойлама. (С.Жунісов) Бүгін сағы сынды деп, жақыныңды басынба. (Каз дауысты Қазыбек би) Айттас жерде тіліңді тарт. (мақал)

ә) *қой, қара, көр* т.б. бұйрық райлы етістіктерге *-ши* жүрнағының тіркесуі арқылы:

— Қап, мына тентек кемтір ме! Иси Үргеziбайдың ақсақал, қара-сақалдарын жысып *ап*, қызып отырганын карашы. (М.Әuezов) — О, шіркін, балалықты койсайши! (Д.Исабеков) — Ақ күмістей жылтыл-даган қар тозаңын карасанышы! (Д.Исабеков)

б) 2-жақтық бұйрық райлы етістіктердің басқа етістіктерге көмек-шілік қызмет атқаруы арқылы:

Ал осыдан кейін мықты болсаң тырыспай көр! (С.Асылбеков)

Осы тұста ескерте кететін бір жай бар. Тілдік категориялардың бір-біріне ауысып, өзгеріп отыруына байланысты бірінің қызметін екіншісі атқарып, бірінен екіншісі жасалып жататыны заңды күбылыс ретінде танылған. Міне, осындай ауысу процесі бірден бола қоймайды да, кейбір категориялар аралық категория ретінде екеуінің де қызметін атқара беретін кезі болады. Бұл ерекшелік сөйлемдерде де болады. Мысалы, В.Бабайцева бір негізді сөйлемді екі негізді сөйлемнен пайда болды деген идеяны дәлелдеу тұсында осы екі сөйлем типінің арасында аралық сөйлем болатынын айтады. Мұндай сөйлемдер бойында екі негізділік те қасиет болады деп есептейді. Бұл ерекшелік бір негізді сөйлем мен мүшеленбейтін сөйлем арасында да, сондай-ақ бір негізді

сөйлем типтерінің өз ішінде де болатынын айтады ғалым [62: 20-22-бб]. Әрине, қазақ тілінде бұл мәселе арнайы зерттелуге тиіс. Әйтсе де мына сияқты сөйлемдерді осындай сөйлем ретінде қараған дұрыс болатын тәрізді:

Осы бір таза ауаны кеудеңді толтыра жұста бергін келеді. (Ә. Сарсенбаев) Біздің ауылда жестінші кластан дәрі қарай жоқ, егер «ілім» қусаң, Арысқа баруын керек. (Д. Исабеков)

Сырттай қараганда, осы сөйлемдерді грамматикалық бастауышсыз (толымсыз екі негізді) сөйлемдер ретінде де талдай беруге болатын тәрізді (*Сен* осы бір таза ауаны кеудеңді толтыра жұста бергің келеді. Біздің ауылда жестінші кластан дәрі қарай жоқ, егер *сен* «ілім» қусаң, Арысқа баруын керек). Бірақ, мағынасына қарасақ, жалпылама екені белгілі. Өйткені логикалық субъект сияқты көрініп түрган 2-жақ мұнда өзінің нақты мағынасында емес, ауыспалы, жалпыланған мағынада (1-жақ орнында) түр.

2. Жалпылама жақты сөйлем 1-жақта да жасалады. Осы көзқарастағы ғалымдардың пікірінше, көбінесе көпше жақтық жалғау осындай сөйлем жасауға бейім тәрізді және көбіне үндеу, бірлесе қимыл жасауға шақыру мағынасындағы көпше жақтың 1-жақ жекеше орнына ауыспалы қолдану ыңғайында берілген сөйлемдерді жалпылама жақты деп есептейді.

Қазақ тілінде көптік қана емес, жекелік тұлғада келген, мақал-мәтеддер мен афоризмдерге де осы құбылыс тән. Бұлар, негізінен, ашықрайлы формада келеді. Бірақ шақ жағынан да жалпыланған болады. Сөйтіп, мынадай мысалдарды жалпылама жақты деп есептеуге болады:

Қысыла-қысыла кызы болдым. (мақал) *Мұнан да жасаман күнімде тоіға барғанмын*. (мақал) *Ауру емес, жын емес, мінезді қайтіп жасазмыз*. (мақал) *Қызығы жоқ қырық отірік*. Эдебиетке жсанымыз ашылмаса ашымасын, оқушыны аяйык. (Д. Исабеков) *Шежіреміздің біздің тарихымыздагы орнын жақсы* білсекші. (М. Элімбаев)

Онга келдім – ойнадым, қызығына тоімадым.

Жиырмага келдім – бойладым, онда да балалықты көймадым.

Есейе келе – жақсы сөзге сүйіндім, жасаман сөзге күйіндім.

Барымды бойға күйіндім, сұлу қызы-келіншектерге шүйілдім.

Жауларыма түйілдім... (Жетес би):

3. Жалпылама жақтық мағына мақал-мәтеддердің, афоризмдердің 3-жақтық формалар арқылы жасалған түрлерінен де байқалатыны туралы жоғарыда айтқан едік. Бұларды белгісіз жақты сөйлемнен ажырата білу керек. Мәселен, 3-жақтық сөйлемнің жалпы семантикасында 1,2-жақтарға да қатысты болатында мағына болса, оны жалпылама жақты сөйлем деп есептеу қажет. Мысалы:

Көре-көре кесем болады.

Сойлей-сойлей шешен болады.

Сұрай-сұрай Мекені де табады. т.б.

Осы тәрізді мақалдардың 2-жак тұлғасында қолданылуы да жиі кездеседі және олар осы қолданыстарында үш жакка да тән іс-әрекетті көрсететін айқын байқалады (Көре-көре кесем боласың..., сұрай-сұрай Мекені де табасың). Ал енді мына мысалдардан ондай ерекшелікті байқауға болмайды. Сондықтан бұларды белгісіз жақты деп есептеген орынды:

Елде болса, ерінге тиеді.

Ауылда болса, ауызга тиеді;

Әкесі олгенді де естіртеді; т.б.

Міне, жоғарыда аталған бас мүшелерінің жасалу ерекшеліктері мен семантикалық сипаттары жалпылама жақты сөйлемді бір негізді сөйлемдердің жеке бір типтік түрі ретінде тануға мүмкіндік береді.

Құрылымдық типтері мен семантикасы. Жалпылама жақты сөйлем бас мүшесі (предикат) етістік сөз таптарының дара және күрделі болып келуі арқылы және осы бас мүшениң валенттілігіне қарай басқа да тұрлаусыз мүшелермен жайылмаланып келуі арқылы көп компонентті (көп мүшесі) құрылымда келеді. Мұндай жағдайда бас мүшениң етістіктен не есімнен жасалуы немесе етістіктердің салт не сабакты болып келуі, етіс журнақтарының тіркесуі сөйлемнің синтаксистік құрылымында да, семантикалық құрылымында да елеулі рөл атқарады. Жалпылама жақты сөйлем құрылымындағы осындаи ерекшеліктерді ескере отырып, осы сөйлемнің құрылымдық типтерін компоненттерінің саны ынғайында, сондай-ақ, етістіктердің валенттілік сипаттарына қарай тұрлаусыз мүшелердің иеленетін орын санын есепке ала отырып талдап, олардың семантикалық ерекшеліктерін де айқындаپ көрсетуге болады.

1. Белгілі жақты сөйлемдердегідей емес, жалпылама жақты сөйлемдер бір мүшелі нөл орынды, яғни жалаң бір ғана бас мүшеден тұратын жай сөйлем күйінде кездеспейді. Нақтырақ айтқанда, мұндай құрылым болады, бірақ ол тек контекст ынғайында немесе құрмалас сөйлемдердің бір сынары ретінде ғана кездеседі. Мұндай сөйлемдерді контекстең тыс алып көрсек, ол белгілі жақты сөйлемге айналады. Сондықтан, мұндай бір мүшелі сөйлемдердің жалпылық мәні контекстегі, құрмаластың немесе құрделенген жай сөйлемнің басқа сынарындағы жалпылық мәнмен байланысты болатынын ескере отырып, сөйлемнің мұндай құрылымдағы түріне бірнеше мысал көлтірумен ғана шектелеміз. Мысалы: Жақсымен сөйлессең, қуанасың, жаманмен сөйлессең, муңаясың. (мақал) Өлімнен қорықсан, өлесін. (мақал) ...Көлденең кесіп Ілеге откение тамши су жоқ. Өлесін. (M.Магауин)

...Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың алданбайсын, артынан ере берсең. (Шәкәрим)

2. Екі мүшелі құрылымдағы сөйлемдердің бас мүшесі сабакты және салт етістіктерден болуына қарай, қандай түрлаусыз мүшелермен тіркесе алу мүмкіншіліктері ескеріліп топтастырылады.

2.1 а) Сабакты етістіктер бас мүше болып келгенде, сөйлемнің кіші синтаксистік құрылымы «тура толықтауыш – бас мүше» (Т – Б) болып келеді. Тек тура толықтауышты менгеруіне байланысты бас мүше бір орында деп есептеледі. Сөйлемнің жалпы семантикасы етістіктің және толықтауыштың лексика-грамматикалық және семантикалық ерекшеліктеріне қарай құрылады. Мысалы: – Мә, көкемдерді кара!.. (С.Асылбеков) ...Шакпак шакпайсын. Білте тұтаттайсын. Кезеңіп үлгірсөн бітті. (М.Магауин) Керді мінбегенде, жерді мінемін бе? (мақал) ...Өзің осында болсан да, қиялың қиянда жүреді. Үйінді, әйелінді, бала-шаганды ойлайсын. (Д.Исадеков)

Осы берілген төрт сөйлемдегі асты сызылған кіші құрылым мүшелерінің дара немесе курделі болып келулеріне қарамастан, тіпті олардың семантикалық ерекшеліктеріне қарамастан, синтаксистік құрылымдары бірдей: Т – Б. Бас мүшениң морфологиялық құрылымдары бір-бірінен оларды құрайтын элементтері жағынан және етістіктердің лексика-семантикалық сипаттары жағынан өзгешеленіп жатады да, осы өзгешеліктер сөйлемдердің жалпы семантикалық құрылымдарын да айқындаиды. Сонымен, 1-сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Т – Б ;

3₄ – E^{2ж} ;

C_{ерп} – O_{ерп} – П_{ерп} болады да, оның жалпы семантикасы – жалпыланған жақтың көру әрекетінің тура объектіге бағытталуын сөйлеуші тарапынан білдіру болып шығады. Себебі, сөйлемдегі бұйрық райлы етістіктен жасалған бас мүше өзінің тура мағынасында тұрган жок, белгілі бір заттың объектіні тосыннан көрғенде пайда болатын сейлесуші жақтың таңданыс сезімінен пайда болған ауыспалы (субъективтік) мағынада тұр. Осы тұста бас мүше болып тұрган етістіктің мынадай ерекшелігін де ескерген орынды тәрізді. *Қара* етістігі әдеттегі тура мағынасында салт етістік ретінде барыс жалғаулы сөзді менгеруге тиіс. Бұл жерде ол өзімен синонимдес келетін *қор* етістігінің орнына колданылып, сабакты етістік қызметінде тұр. Бас мүшениң жалпылық мән алуында осы мағына ауысуының да белгілі мөлшерде мәні болса керек.

2-сөйлемнің құрылымдық үлгісі мынадай:

Т – Б ;

3₄ – E_ж^{2ж} ;

C_{ким} – O_{ким} – П_{ким}. Сөйлем семантикасы – жалпыланған жақтың тура объектіге бағытталған қымылын сөйлеуші тарапынан білдіру бо-

лады. Алдыңғы сөйлемнен айырмашылығы тек бас мүшениң семантикасындаға ғана. Сондай-ақ, 3 және 4-сөйлемдердің де жоғарыдағы сөйлемдерден айырмашылықтары осы бас мүшениң семантикаларында: бірінде кимылды білдірсе, екіншісінде ойлауды білдіреді. Сөйлемдердің жалпылама жактық құрылымы және олардың интонациялық ерекшеліктері олардың негізгі семантикасына қосымша модалдық рендер жамайды.

Ә) Жалпылама жакты сөйлемдердің бас мүшесі салт етістіктен болғанда, әдетте барыс, жатыс, шығыс, көмектес септікті сөздерді менгеретіні, ал бұл септік жалғаулы сөздер бірде жанама толықтауыш қызметінде келіп объектілік қатынаста, бірде пысықтауыштық қатынаста келіп бас мүшени мекендік, мақсаттық т.б. ыңғайда нақтылауыштық (пысықтауыштық) қызмет атқаратыны бұрыннан белгілі. Бас мүше осындай сөзформалардың әрқайсысымен жекелей тіркесіп, сөйлем құрғанда, екі компонентті сөйлемдердің бірнеше варианты жасалады.

Бұл септіктердің ішінде заттық (жанама объектілік) мағынада көбірек қолданылатындары – барыс, шығыс, көмектес септікті сөздер. Ал жатыс септігі бұл мағынада ете сирек, тіпті қолданылмайды десе де болады. Бірнеше мысалдар талдап көрейік:

...Ол кезде партия-сартияңды кім білген, атын кунде естіп отырсаң да, затына түсінбейсің. (F.Мүсірепов) Күшіңе сенбе, ісіңе сен. (мақал) Осы екі сөйлемнің грамматикалық құрылымы бірдей үлгіде көрсетіледі:

T_{*} – B;

Z₃ – E^{2*}. Ал семантикалық құрылымында мағыналық өзгешеліктер бар: алғашқы сөйлем құрылымы C_{ap} – O_{ap} – П_{ap (ойлау)} болса, мұнда ой әрекетін білдіретін предикат заттық жанама объектіге бағытталған. Сонда сөйлемнің жалпы семантикалық мазмұнын былай түсіндіруге болады: жалпыланған жақтың ойлау әрекеті белгілі бір заттық ұғымдар ретіндегі объектіге жанамалай бағытталғандығы сөйлеуши тарапынан хабарланады.

2-сөйлемнің семантикалық құрылымы: C_{ap} – O_{ap} – П_{ap (ойлау)}.

Бұл сөйлемнің семантикалық құрылымы да жоғарыдағыдан, өйткені бас мүшелердің екеуі де ойлау предикаты болады да, белгілі бір заттық жанама объектіге бағытталған болады. Айырмашылық предикаттың бүйрек рыйда келуімен, және о бастагы 2-жақтық толымсыз сөйлемнің мақалға айналып, жалпылануымен байланысты.

Өлімнен корықсан, олерстің. (мақал).

Шартты рай оралымды құрделенген жай сөйлемнің алғашқы сыңары бас мүшениң шығыс септікті сөзді менгеруінен жасалған. Синтаксистік құрылымы жағынан алдыңғы сөйлемдермен бірдей болға-

нымен (T_{\ast} – Б), морфологиялық элементтердің өзгешеліктері сөйлем семантикасына да өзгеріс екеледі. Сөйтін, сөйлемнің құрылымы:

T_{\ast} – Б;

3_{\ast} – Е^{2 \ast} ;

$C_{\text{куй}}$ – О_{куй} – П_{куй}. болады да, семантикасы сөз арналған жалпыланған субъекті көніл-күйнің пайда болу объектиң сейлеуші тарарапынан белгіленгенін білдіреді.

Бірмен сырлас, мыңмен кеңес. (мақал) Бұл сөйлемде бас мүше көмектес септікіт сөзбен жайылмаланған. Құрылымдық үлгісі:

T_{\ast} – Б;

3_{\ast} – Е^{2 \ast} ;

$C_{\text{ерп}}$ – О_{ерп} – П_{ерп(сейлеу)}. Сөйлемнің жалпы семантикасы жалпыланған субъектінің сейлеу әрекеті басқа объектилік жактармен бірлесе жүзеге асатыны сейлеуші тарарапынан берілгендейді.

Сонымен, жанама толықтауыш пен бас мүшениң ғана тіркесінен тұратын екі мүшелі сөйлемдердің синтаксистік құрылымы бірдей болғанымен, морфологиялық элементтердің лексика-грамматикалық әрекшеліктеріне қарай жалпы семантикаларында өзгешеліктер болады екен.

2.2. Жалпылама жакты сөйлемнің екі мүшелі болып құрылуында бас мүшемен байланысатын пысықтауыштардың да мүмкіншіліктері мол. Пысықтауыш бас мүше мәнін сапалық, мезгілдік, мекендік, мақсаттық, себептік мағынада нақтылайды, айқындайды. Мысалы:

a) Жеті күн толғансаң да, жеткізіп айт. (мақал)

Құрмалас сөйлемнің екі сынары да өз алдына жалпылама жакты жай сөйлемдер бола алады. Олардың әрқайсысы екі мүшеден тұратын синтаксистік жағынан «пысықтауыш-баяндауыштық» катынастағы сөйлемдер. Бірақ, пысықтауыштардың және бас мүшениң лексика-семантикалық әрекшеліктері сөйлемдердің жалпы семантикалық мағыналарын айқындайды. Сонымен, құрмаластың бағыныңы сынарының құрылым үлгісі мынадай болады:

Пш_{мәнш.} – Б;

Сан3₁ – Е^{2 \ast} ;

$C_{\text{куй}}$ – А_{мөлш.} – П_{мөлш.}. Семантикасы – жалпыланған жақтың көніл-күй әрекетін сейлеуші жақ мөлшері жағынан нақтылай көрсетеді.

Құрмаластың басынқы сынарының құрылымы:

Пш – Б;

Е^{сқ} – Е^{2 \ast} ;

$C_{\text{сөйл.}}$ – А_{сөйл.(сапа)} – П_{сөйл.}. Сөйлем семантикасы жалпыланған жақтың сейлеу әрекеті сипаты жағынан нақтыланғандықты сейлеуші тарарапынан білдіреді.

ә) – Ку тіршілік, – деді ол қыстыға сөйлеп. – Мәңгі жасасайтында алысасың, жұлышасың, тартысасың, куанасың, күлесін... Не уиін кел-

дін, не үшін кеттің, не бітіріп кеттін?.. (Д.Исабеков). Асты сызылған бірінші сөйлем бірынғай бас мүшелі жалпылама жақты сөйлем. Оның құрылымдық үлгісі:

$\text{Пш}_{\text{ок}} - \text{Б};$

$\text{ҰСын} - \text{Е}^{2\text{ж}};$

$\text{С}_{\text{ким.}} - \text{А}_{\text{ким.(сапа)}} - \text{П}_{\text{кимыл.}}$

Мұндағы туынды сын есім етістікпен іргелес байланысу арқылы қымылды сындық сипатты тұрғысынан нақтылай, айқындей көрсетеді. Сонда сөйлем семантикасы сөйлеушінің жалпыланған жақтың қимыл-эрекетін сындық сапасы тұрғысынан айқындей көрсетуі болып табылады.

Келесі сөйлем үш жай сөйлемнен тұратын салалас құрмалас сөйлем ретінде берілген. Бұл сөйлемнің жалпылық мағынасы алдыңғы сөйлеммен тығыз байланысты. Егер алдыңғы сөйлемнен бөліп алар болсақ, жалпылықтан ғері белгілілік мағына басым көрінер еді. Бір негізді сөйлемдердің мағыналары кейде контекспен байланысты болып жататыны осындай сөйлемдерден көрінеді. Сөйлемнің алғашқы екі сынары бірдей құрылымда болғандықтан, оны былай көрсетуге болады:

$\text{П}_{\text{мак.}} - \text{Б};$

$\text{Ес}_{\text{көм.(үшін)}} - \text{Е}^{2\text{ж}};$

$\text{С}_{\text{әр.}} - \text{А}_{\text{әр.(максат)}} - \text{П}_{\text{әр.}}$

Сөйлемнің жалпы семантикасы жалпыланған жаққа тән әрекетті (дуниеге келу) мақсаты тұрғысынан нақтылай тұсу жөніндегі сөйлеушінің субъективтік модальдық көзқарасын білдіру болып табылады.

б) *Kісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлттан бол.* (мақал) Сабактас құрмаластың екі сынары да синтаксистік мүшелері мен морфологиялық элементтері жағынан бірдей болғандықтан, олардың құрылымдық үлгілері де бірдей үлгіде беріледі:

$\text{Пш}_{\text{мек}} - \text{Б};$

$3_2 3_5 - 3_1 \text{Е}_{\text{көм.}}^{2\text{ж}};$

$\text{С}_{\text{әр.(болу)}} - \text{А}_{\text{әр.(мек.)}} - \text{П}_{\text{әр.(болу)}}$.

Сөйлемдегі ілік септікті зат есімнің семантикалық құрылым үшін маңызы жоқ, ал бас мүше құрамындағы зат есімнің елеулі рөлі бар. Сонда сөйлемнің жалпы семантикасы жалпыланған жақтың сөйлеуші белгілеген басқа бір заттың субъектіге оту (аудысу) әрекетін мекендік жағынан нақтылау, анықтау болып есептеледі.

в) ...Ал мықты болсаң, осыдан кейін тырыспай көр! (С.Асылбеков) Бұл сөйлемде пысықтауыш шығыс жалғаулы зат есімнің кейін шылауымен тіркесуінен жасалған. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі мынадай:

$$\begin{array}{l} \text{П}_{\text{мезг.}} - \text{Б}; \\ \text{З}_{\text{б(кем.)}} - \text{З}_1 \text{Е}_{\text{кем.}}; \\ \text{С}_{\text{ер.}} - \text{А}_{\text{ер.(мезг.)}} - \text{П}_{\text{ер.}}. \end{array}$$

Сөйлем семантикасында пысықтауыштың жасалу үлгісінің мәні бар. Ол процестің басталғаннан кейінгі аралықта өтуін белгілейді. Сөйтіп, сөйлемнің жалпы семантикасы жалпыланған жақ әрекетінің белгілі бір уақыт кезеңінде өтуге тиіс екендігін сөйлеуші тарапынан белгілеу болып табылады.

Сонымен, жоғарыдағы талдаулар жалпылама жақты сөйлемдер пысықтауыш мүшелердің бас мүшемен қатысы ынғайында екі мүшелі, семантикалық жағынан үш мүшелі болып құрыла алтынын көрсетеді.

3. Жалпылама жақты сөйлемнің синтаксистік **үш мүшелі** құрылымы тұрлаусыз мүшелердің бас мүшениң алдынан екі орынды иеленуі арқылы жасалады. Тұрлаусыз мүшелердің бас мүшемен байланысуындағы көп түрлілік сөйлемнің грамматикалық құрылымы жағынан да, семантикасы жағынан да алуан түрлі варианктарын туғызады. Мұнда бас мүшениң қос мағыналы (әрі салт, әрі сабакты) етістіктен жасалуының да, етіс жұрнақтарының да, сондай-ақ есім негізді бас мүше болып келуінін де әсері бар. Сондай-ақ, осындай сөйлемдердің семантикалық құрылымы субъектімен толығып, төрт мүшелі болады.

3.1. а) ...Жөнін білмесен, *туфлиіце тақа да қага алмайсың*. (М. Магауин) Сөйлемнің кіші құрылымы бас мүшениң барыс және табыс септік жалғаулы сөздермен байланысынан құрылған. Оны мынадай үлгіде беруге болады:

$$\begin{array}{l} \text{T} - \text{T} - \text{Б}; \\ \text{З}_1 - \text{З}_2 - \text{Е}_{\text{ад.}}^{\text{2ж}}; \\ \text{С}_{\text{ким.}} - \text{О}_{\text{ким.}} - \text{О}_{\text{ким.}} - \text{П}_{\text{ким.}}. \end{array}$$

Жалпы семантикасы жалпыланған субъектінің қимылы өзара қатысты екі объекті арқылы жүзеге асатынын сөйлеуші тарапынан білдіру болып табылады.

ә) ...Тіршілік заны қатал, оны тек көз жасымен жібіте алмайсың. (Д.Исабеков) Бас мүшедегі етістіктің әрі салттық, әрі сабактылық мағынасына байланысты сөйлем туралықтауышпен де, жанама то-лықтауышпен де жайылмаланған. Оның құрылымдық үлгісі мынадай болады:

$$\begin{array}{l} \text{T} - \text{T}_{\text{ж}} - \text{Б}; \\ \text{З}_1 - \text{З}_2 - \text{Е}_{\text{ад.}}^{\text{2ж}}; \\ \text{С}_{\text{куй.}} - \text{О}_{\text{куй.}} - \text{О}_{\text{курад.}} - \text{П}_{\text{куй.}}. \end{array}$$

Сөйлемнің жалпы семантикасы жалпылама жақтың туралықтауышпен де жайылмаланған көңіл-күй әрекетінің басқа бір жанама объекті арқылы жүзеге асатынын сөйлеуші тарапынан білдіру болады.

б) Малды енінен таны, адамды сөзінен таны. (мақал) Сөйлемнің екі сынарында да бас мүше тұра толықтауышпен және шығыс септік жалғаулы жанама толықтауышпен байланысқан. Мұнда да бас мүшедегі етістіктің әрі салттық, әрі сабактылық мәні бар екені аңғарылады. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$T - T^* - B;$

$3_4 - 3_6^* - E^{2k};$

$C_{ap.(ой)ay} - O_{ap.} - O_{ap.} - P_{ap.(ой)lay}$ болады да, жалпы семантикасы сөйлеуші жалпыланған субъектінің белгілі бір нақты обьектіні тануға бағытталған әрекеті оның белгісі ретіндегі жанама обьекті арқылы жүзеге асуға тніс екендігін білдіруі болады.

в) Сөйлеуге сөз таптым да, тыңдауга құлақ таппадым. (мақал) Сөйлем бас мүшениң барыс септіктеңі сөз берін табыс септіктеңі сөзді бірдей менгеруі арқылы жасалған. Құрмаластың екі сынары да осы құрылымда келген. Тек бірі болымдылық, бірі болымсыздық мағынада. Сондықтан екесін бір үлгімен беруге болады:

$T - T^* - B;$

$3_3^* - 3_4 - E^{1k};$

$C_{ap.(ой)} - O_{ap.} - O_{ap.} - P_{ap.(ой)}$. Сырттай қарағанда сөйлемдер бірдей құрылымда. Бірақ толықтауыштардың семантикалық өзгерісіне қарай сөйлемнің жалпы семантикасында да етептөн өзгеріс болады. Алғашқы сынарының семантикасы жалпыланған субъекті әрекеті сөйлеу әрекетінін материалы ретіндегі заттық ұғымға тұра бағытталғандықты білдіру болса, екінші сынарының семантикасы сөйлеушінің тындау әрекетін орындау үшін қажетті обьектіні табу әрекетінің орындалғанын білдіру болады.

3.2. Үш мүшелі жалпылама жақты сөйлемдер бас мүшениң тек пысықтауыш мүшелермен ғана тіркесіп келуі арқылы да жасалады. Пысықтауыштар мен бас мүшениң лексика-грамматикалық және семантикалық сипаттарына қарай бүндай құрылымдардың да әр түрлі варианты болады.

а) ...Таң салқынымен сергек жүреді екенсің. (О.Бекеев) Сөйлемнің бас мүшесі көмектес септікті зат есім мен және үстен қызыметіндегі сын есіммен пысықтауыштың қатынаста байланысқан.

Сөйлемнің құрылымы:

$Psi - Psi^* - B;$

$3 - S_{kom.} - EE_{kom.}^{2k};$

$C_{kozg.} - A_{kozg. (mezg.)} - A_{kozg. (sipaqt.)} - P_{kozg.}.$

Бас мүшемен қабыса байланысқан сын есім қозғалыстың сындық сипатын білдіреді. Ал көмектес септікті зат есімнің бас мүшемен байланысында екі түрлі семантика байкалады. Біреуі – тікелей

баяндаудың мағынасына қатысты (*Тан салқынымен жүру – қашан?*) – мезгілдік мағынаны білдіреді, екінші – екіші пысықтауыштың семантикасымен байланысты (*Тан салқынымен сергек жүру – не себепті?*) – қозғалыстың белгілі сипатта болу себебін білдіру. Сөйлемнің жалпы семантикасында осы соңғы ерекшелік ескерілген орынды боллады. Бұл сөйлемді актуалды мушелеу ынғайында айқын көрінеді. Бас мүше жалғыз өзі рема бола алмайды, ол тек сергек сөзімен бірге ғана ремалық қызмет атқарады. Соңда «*таң салқынымен*» түркесі бас мүшени оның алдындағы пысықтауышпен қоса (*сергек жүреді екенсің*) нақтылайтыны көрінеді. Сейтіп, сөйлемнің жалпы семантикасы жалпыланған субъекті қозғалысының белгілі бір сапаға ие болу себебін сөйлеуші тарапынан нақтылай көрсету болып есептеледі.

ә) ...*Күйтіп бара жатсаң қалай сытайы боларың.* (С.Асылбеков). Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{l} \text{Пш} - \text{Пш} - \text{Б} ; \\ \ldots \text{E}_{\text{са}}^{\text{сөздеи}} - \text{Еc}^{\text{сқ}} - \text{СынE}^{\text{2ж}} ; \\ \text{С}^{\text{куй}} - \text{A}^{\text{куй}} - \text{A}^{\text{сұрау}} - \text{П}^{\text{куй}} . \end{array}$$

Сөйлемнің бас мүшесі есім негізді болумен бірге (*сытайы болу*), сырттай қарағанда, болымдылық мағынада тұрган сияқты болғанымен, сипаттық мәндегі сұрау есімдігімен түркесуі және айрықша интонациясы болымсыздық модальдық мән туғызады. Ал шартты райлы күрделі оралым тұтасымен бір мүше ретінде әрекеттің себебін білдіретін мән туғызады. Сонымен, сөйлемнің жалпы семантикасы жалпыланған субъекті иеленуге тиіс мінез-құлықтын жағымсыз сипат алу себебін сөйлеуші тарапынан нақтылау болып табылады.

3.3. Жалпылама жақты сөйлемнің бас мүшесі толықтауыштармен объектілік қатынаста келгенде, толық мағыналы кіші құрылым жасай алмайтын кездері болады. Ондайда сөйлемнің семантикасы осы қатынасты мезгілдік, мекендік т.б. мағынадағы пысықтауыштың қатынаспен толықтыруды қажет етеді. Сейтіп, Пш – Т – Б құрылымдағы үш мүшелі сөйлемдер пайда болады. Толықтауыш көбінесе тұра объектінің білдіреді де, сөйлем семантикасы пысықтауыштар мен бас мүшенің семантикалық ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады.

а) *Дәлден атып жауды өлтір, дәлден айттып дауды өлтір.* (мақал) Құрмаластың екі сынары да бірдей құрылымдық үлгімен беріледі:

$$\begin{array}{l} \text{Пш} - \text{T} - \text{Б} ; \\ \text{Е}^{\text{3}}_{\text{ынп}} - \text{3}^{\text{4}} - \text{Е}^{\text{2ж}} ; \\ \text{С}^{\text{ор}} - \text{A}^{\text{сқ}} - \text{O}^{\text{ор}} - \text{П}^{\text{ор}} . \end{array}$$

Жалпы семантикасы – сөйлеуші тұра объектіге бағытталған жалпыланған жақ әрекеттің орындалу сипаты тұргысынан нақтылай көрсетеді.

ә) *Үстаз үшін ұстараны да жұт.* (мақал) Құрылымдық үлгісі:

$\text{Пш}_{\text{макс.}} - \text{T} - \text{Б};$
 $\text{З}_{\text{жем. (үшін)}} - \text{З}_4 - \text{E}^{2*};$
 $\text{С}_{\text{әр}} - \text{А}_{\text{макс.}} - \text{О}_{\text{әр}} - \text{П}_{\text{әр}}.$

Жалпы семантикасы – сөйлеуші объектіге тура бағытталған жалпыланған жак әрекетін максаты тұрғысынан нактылай білдірген.

б) Әлім келсе *Арыс сүйн байлар ем.* (*мақал*) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$\text{Пш}_{\text{сқ}} - \text{T} - \text{Б};$
 $\dots \text{E}_{\text{сө}} - \text{З}_4 - \text{E}_{\text{п}} \text{E}_{\text{кем.}};$
 $\text{С}_{\text{кимыл}} - \text{А}_{\text{меншік}} - \text{О}_{\text{ким.}} - \text{П}_{\text{кимыл}}.$

Жалпы семантикасы – тура объектіге бағытталған жалпыланған субъекті қымылының жүзеге асуы сөйлеуші әрекетіне байланысты болады.

3.4. Осындай құрылымдардағы сөйлемдерде тұрлаусыз мүшелердің орындары ауысып келетін жағдайлары болады ($\text{T} - \text{П} - \text{Б}$). Мұндайда сөйлемнің семантикалық құрылымы өзгереді. Себебі пысықтауыш мүшениң актуализациялануына байланысты бас мүше семантикасы алдымен осы мүшениң мағынасымен тығыз байланысады да, содан кейін ғана толықтауыштан байланысады. Бір-екі мысал:

а) *Темірді қызған кезде соқ.* (*мақал*) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$\text{T} - \text{Пш}_{\text{мезг.}} - \text{Б};$
 $\text{З}_4 - \dots \text{З}_5 - \text{E}^{2*};$
 $\text{С}_{\text{ким.}} - \text{О}_{\text{ким.}} - \text{А}_{\text{мезг.}} - \text{П}_{\text{ким.}}$ болады. Жалпы семантикасы сөйлеуші жалпыланған жақтың тура объектіге бағытталған қымылын өту мезгілі жағынан нақтылай білдіреді.

ә) – Жаттан шыққан, қаптап жатқан жсауыз бер жсауыздықты қайттын тыясың. (*M.Әуезов*) Сөйлем құрылымын мынадай үлгіде беруге болады:

$\text{T} - \text{Пш}_{\text{сқ}} - \text{Б};$
 $\text{З}_4 - \text{Е}_{\text{п}} - \text{E}^{2*};$
 $\text{С}_{\text{әр}} - \text{О}_{\text{әр}} - \text{А}_{\text{сқ}} - \text{П}_{\text{әр}}.$

Ал жалпы семантикасы – жалпыланған субъектінің объектіге тура бағытталған әрекетін амалдық жағынан нақтылау шарасы сөйлеуші тарапынан белгіленген.

3.5. Уш мүшелі жалпылама жақты сөйлемнің ендігі бір түрі – «анықтауыш – толықтауыш – баяндауыш» ($\text{Аш} - \text{T} - \text{Б}$) тіркесі ыңғайында келетін құрылым. Етістік бас мүшелі сөйлемдегі анықтауыш мүше, негізінен, толықтауыш болатын сөз табына ғана қатысты болатындықтан, ол бас мүше алдынан арнаулы орын иеленбейді. Соған байланысты бас мүше бір орынды деп есептеледі. Алайда, сөйлемнің кіші құрылымының мағынасы толықтауыштардың өз анықтауышта-

рымен бірге болуын талап етіп тұратын жағдайлары кездеседі. Мінде, осындай сөйлемдердің бас мүшесі анықтауышпен жайылмаланады. Сөйлем құрамына енген анықтауыштардың жасалу жолдарына, толықтауыштардың түрлеріне және бас мүшениң лексика-грамматикалық сипаттарына қарай сөйлем семантикасы түрленіп отырады.

а) Бас мүшемен толықтауыштың қатынаста келетін мүше өзін анықтайтын сөзбен изафеттік қатынаста келеді: ...Тіпті, бет бейнесі бұлдыры *қыз бер жігіттің* көніл түкпіріндегі *сырын танисың*. (*M. Magaunin*) Сөйлемнің кіші құрылымдық үлгісін асты сызылған мүшердің өзара қатынасы (*Қыз бер жығіттің сырын танисың*) құрайды:

Аш – Т – Б;

$3_2 - 3_4 - E^{2ж}$;

$C_{\text{әр.(ої.)}} - A_{\text{шмелек}} - O_{\text{әр.(ої.)}} - \Pi_{\text{әр.(ої.)}}$.

Жалпы семантикасы – жалпыланған субъекттің ойлау әрекеті бөгде субъекттіге тән сезімдік объекттіге бағытталғандығын сөйлеуші таралынан білдіру.

ә) Анықтауыш мүше негізгі яки туынды сын есімнен болады: ...Күні бойы... *корғасындағы* ауыр құммен алысасың да жүресің. (*F.Musipetrov*) Сөйлемнің асты сызылған бөлігі кіші құрылымдық үлгіге сәйкес келеді. Жанама толықтауышты анықтайтын туынды және негізгі сын есімнің біреуін енгізуін өзі де сөйлемнің мағыналық толымдығы үшін жетіп жатыр. Егер бұл екі сөздің екеуі де болмаса, «алысу» мәні толық ашылmas еді. Сонымен, сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б;

Сын – 3^* – $E^{2ж}$;

$C_{\text{коғз.}} - A_{\text{сана}} - O_{\text{коғз.}} - \Pi_{\text{коғз.}}$ болады, ал семантикасы жалпыланған субъекттің қимыл-қозғалысы белгілі бір сындық сапаға ие заттық объекттіге байланысты өткендікті сөйлеуші атынан білдіреді.

б) – *Ақ күмістей жылтылдаған қар тозаңын карасаңы!* (Д.Исабеков) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б;

$E_{\text{-тан}} - 3_4 - E^{2ж}$;

$C_{\text{әр.(көрү)}} - A_{\text{сана}} - O_{\text{әр.}} - \Pi_{\text{әр.(көрү)}}$.

Сөйлемнің жалпы семантикасы сөйлеуші жақтың жалпыланған субъекттің көрү әрекетін бейнелік сапаға ие заттық объекттіге тікелей аударуды мақсат еткенін білдіреді т.б.

Сонымен, анықтауыш мүшениң сөйлемнің кіші құрылымдық үлгісіне енүі көбіне сөйлемнің мазмұндық толымдылығына байланысты болады. Олай болмаған жағдайда факультативті мүше ретінде сөйлем құрылымына енбейді.

4. Жалпылама жақты сөйлемдердің кіші құрылымдық ынғайда келетін ең күрделі түрлері төрт мүшелі болып келеді. Мұндай сөй-

лемдердің предикаттық бас мүшесін жайытмаландыратын тұрлаусыз мүшелердің бірсыпрыасы бас мүшениң валенттілігіне байланысты тікелей соның өзімен байланысса, бірсыпрыасы сөйлемнің кіші құрылымдық мазмұны талап етуіне сай басқа мүшелермен атрибуттық катынаста келетін мүшелер болып табылады. Міне, осындай мүшелер санының бұрынғы сөйлемдерге қарағанда көбірек болуы олардың құрылымдық вариантының көбейтіп, семантикасын күрделендіре түседі. Соңдықтан бірнеше мысалдар ғана талдаумен шектелуге тұра келеді.

а) ...Ондай қоңторғай жүргітпен ештеңе бітіре алмайсың. (Ә.Кекілбаев) Сөйлемнің белгіленген белгілігінің кіші құрылымы негізіне алыну себебін былай түсіндіруге болады. Егер сөйлемнің кіші құрылымына негіз етіп бас мүше мен тұра толықтауыш (ештеңе бітіре алмайсың) тіркесін алсақ, 1-ден, жалпылықтан ғері белгілілікке жақындейды және «ештеңе» сөзінің белгісіздік мағынасы да тіркесті сөйлемдік тұрғыда айқындан алмайды; 2-ден, бас мүshedегі негізгі етістіктің әрі сабактылық, әрі салттылық қасиеті оның екі валенттілігін айқындейды да, соған байланысты бұл сөздін «жүргітпен» сөзімен байланысу мүмкіндігі пайда болады. Кіші құрылымға бұл сөзді (мүшениң) енгізгеннен кейінгі мазмұн толымсыздығы «қоңторғай» сөзін енгізуі қажет етеді. Сөйтіп, сөйлем синтаксистік құрылымы жағынан төрт мүшелі болады. Сонымен, сөйлемнің жалпы құрылым үлгісі мынадай болады:

Аш – Т – Т – Б ;
 Сын – 3^ж – 3¹ – Е^{2ж} ;
 С_{әр} – А_{сапа} – О_{әр} – О_{әр} – П_{әр} .

Ал жалпы семантикасы жалпыланған субъекттінің белгісіз заттық объектіге тұра бағытталған әрекеті сол әрекетті орындауға бірлесе қатысадын (көмектесстін) бөгде субъектілердің сапалық (әлеуметтік) жағдайына байланысты орындалу мүмкіншілігіне ие бола алмайтын-дығын сөйлеуші арқылы білдіру болып табылады.

ә) Суды сіңетін жерге қүй, сөзді үзатын адамга айт. (мақал) Бірдей екі сыңардан тұратын мақалда басы артық мүше жоқ. Әбрір сөз бір синтаксистік мүше ретінде келе отырып, сөйлемнің семантикалық құрылымын да айқындейды. Сөйлемнің жалпылық мәні оның тек мақал ыңғайында құрылуында ғана. Егер осы сөйлемді белгілі бір нақты жаққа қарата айтылған деп есептесек, белгілі жақты сөйлем болып шыға келер еді. Сонымен, сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Т – Аш – Т – Б ;
 3⁴ – Е^{әтпін} – 3³ – Е^{2ж} ;
 С_{әр} – О_{әр} – А_{сын} – А_{мекен} – П_{пп} болады.

Бұл үлгі сөйлемнің екі сыңарына да бірдей. Бірақ екі сөйлемнің мазмұны бір-біріне шенdestіру ыңғайында құрылғандықтан, олар-

дагы сөйлем мүшелерінің грамматикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты жалпы семантикасында айырмашылықтар бар. Мысалы, 1-сөйлем семантикасы – орындалуы белгілі бір сапалық сипаттағы объекттіге тұра бағытталған жалпыланған субъекті әрекетінің орындалуы орны жағынан нақтыланғандықты билдіру болса, 2-сөйлем семантикасы жалпыланған субъектінің сөйлеу объектісіне тұра бағытталған әрекетінің белгілі бір сындық сипатка ие жақтық объекттіге бағытталғандығын сөйлеуши тараپынан нақтылай билдіру болып табылады.

б) *Дұмбіlez сөзің дұмбіlez жасаap аласың. (мақал)* Бұл сөйлемде де жоғарыдағы сейлем тәрізді артық-аудыс мүше кездеспейді. Бірақ құрылымында ерекшелік бар. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Аш – Б;

Сын – З₃* – Сын – З₄E^{2*};

C_{ер.({сөйлем})} – A_{сапа} – O_{ер.} – A_{сапа} – П_{ер.({сөйлем})}*

Сөйлемнің жалпы семантикасы – жалпыланған субъектінің белгілі бір сападағы сөздік объекттің қабылдау әрекетінің бұрынғы сөйлеу әрекетінің сапасына байланысты орындалатындығын билдіру болады.

Сонымен, жалпылама жақты сөйлемдер жөнінде жоғарыдағы келтірілген фактілер мен оларды талдау мынадай тұжырымдар жасауға негіз болады:

1. Жалпылама жақты сөйлем – өзіндік ерекшелігі бар бір негізді сөйлем түрі. Басты ерекшелігі – бас мүше (предикат) білдіретін жақтық мәннің аудыспалы мағынада абстракцияланып, үш жаққа да ортақ мағынаны білдіретін мәнде қолданылуы. Мұндай мағына көбінесе мақал-мәтедерге, афоризмдер мен лұғатты сөздерге тән.

2. Жалпылама жақты сөйлемдердің бас мүшесі негізінен ашық және бұйрық райдың 2-жақтық жекеше тұлғасында және кейде 1-жақтың жекеше және көпше тұлғасында (мақал-мәтеден мен үндеу), сирек те болса 3-жақта (мақалдарда) жасалады.

3. Жалпылама жақты сөйлемдердің типтік түрлерін айқындауда оның кіші құрылымдық үлгісін белгілеудің мәні зор. Осы тұрғыда сөйлемнің бас мүшесінің синтаксистік ерекшеліктеріне қарай бір (контекстік ынғайдаған), екі, үш, төрт мүшелі түрлері жасалады. Компоненттер санының ұлғаюына қарай сөйлем семантикасы да күрделене туследі.

4. Сөйлемнің грамматикалық мүшелеріне семантикалық мүшелер бірде сәйкес келіп отырса, бірде сәйкес келмейді.

3. БЕЛГІСІЗ ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМ

Жалпы ерекшеліктері мен анықтамасы. Белгісіз жақты сөйлемнің өзіндік ерекшеліктерін зерттеген түркологтардың пікірлери бойынша, бұл сөйлем предикаты 3-жақта келіп, көп жағдайда толымсыз сөйлемдер предикатына ұқсас болады. Бірақ сөйлемнің белгісіздік мәнін негізінен сөйлемнің семантикалық құрылымы шешеді.

M.Закиев татар тіліндегі бір негізді сөйлемдердің бас мүшесі 3-жак, көпше, ашық райлы шақ тұлғаларында келетінін айта отырып, бұндай жағдайда олар екі негізді толымсыз сөйлемнің баяндауышымен сәйкес келетіні, бірақ ондай сөйлемдер контексте, сөйлесім кезінде болатынын айтады. Ал бір негізді белгісіз жақты сөйлемдер контекстен тыс тұрып, белгісіз жақтық мәнде тұратынын, іс-эрекетті орындаушы жақ (агенс) белгісіз немесе көмескі болатынын ескереді [110: 106-б].

A.А.Юлдашев башқұрт тілінде де белгісіз жақты сөйлемдер, негізінен, 3-жақтың көпше түрінде, ашық және шартты рай тұлғаларында жасалып, қымылдың белгісіз жаққа тән екенін білдіру үшін әдейі субъектісіз берілетінін айтады [61: 437-б].

И.Расулов өзбек тіліндегі белгісіз жақты сөйлемдердің де 3-жақтың тұлғада жасалатынын, оның бұл түрінен сөйлемнің субъектісін табуға болатын тәрізді көрінгенімен, бірақ ол ойда тұратынын айтады. Галымның ойынша, «белгісіз жақты сөйлемдегі қымыл иесінің мәні мағыналық (семантикалық) құрылымға байланысты. Сондықтан бастауышы болмайды. Бұл – синтаксистік норма. [59: 21-б.]

Жоғарыда айтылған пікірлер мен қазақ тіліндегі материалдарды салыстыра қарағанда, басқа түркі тілдеріндегі белгісіз жақты сөйлемге тән ерекшеліктер қазақ тіліне де жат емес тәрізді. Мына мысадардан оны анық көруге болады: 1. *Жиылыста* Омбы мен Қызылжарды большевик билеп алғанын хабарлады. (F.Мұсірспов) 2. *Бүгінгі шыққан ауылымызды* «*Ерекен атты*» дейді. (Б.Майлин) 3. ...*Тұрмесіне апарса апарсын*. (F.Мұсірепов) Осы сөйлемдерді салыстыру барысында, мынадай ортақ белгілер көрінеді:

- 1) Сөйлемдерге бір ғана бас мүше (предикат) тән.
- 2) Бас мүше 3-жақтық, мағынаны ашық, бүйрық райларында білдірген.
- 3) 3-жақтық мағынаға қатысты субъекті белгісіз. Оны белгілеп, атап көрсетудің сөйлем семантикасы үшін шешуші мәні жоқ. Себебі, хабардың негізгі мақсаты – орындалған іс-эрекеттің өзін ғана жеткізу.
- 4) Бас мүше ерекше сезімдік-модалдық мағынаны білдіруде ғана не тұрақты тіркестер, мақал-мақалдармен курделеніп келген жағдайда ғана болмаса, белгілі жақты сөйлемдердегідей жеке тұрып сөйлемдік мазмұнға ие бола бермейді. Жағы белгісіз болғандықтан, іс-эрекеттің

объектіге қатыстығы басым көрінеді. Сондықтан белгісіз жакты сөйлем жайылма түрдегі құрылымда ғана кездеседі.

5) Бас мүше құрамы жағынан дара да, күрделі де болып келеді.

Міне, осы аты атаптардың барлығы дерлік – кез-келген түркі тілдерінің белгісіз жакты сөйлемдеріндегі кездесетін ерекшеліктер. Эйтсе де, әр тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес накты өзгерістер кездеседі.

Сонымен, бір негізді белгісіз жакты сөйлемге мынадай анықтама беруге болады: *бас мүшесі 3-жақта берілгенімен, іс-әрекеттің орындалу-орындалмауы белгісіз жақ арқылы жүзеге асатыны мағынасынан (семантикасынан) айқын байқалатын, сойлеуші тарапынан тек әрекеттің орындалуы туралы хабар беру мақсатында құрылған сөйлем түрін бір негізді белгісіз жақты сөйлем дейміз.*

Бас мүшесінің жасалу жолдары. Қазақ тіліндегі бір негізді белгісіз жақты сөйлемдерді бақылау оның бас мүшесінің төмендегідей жасалу жолдарының бар екенін көрсөтеді.

1. Дара етістіктерден болған бас мүше:

а) Ашық райдың өткен шағы мен ауыспалы осы шағында келген болымды, болымсыз етістіктердің етіс жұрнақтарымен түрленуі (өздік етістіктен басқа) арқылы жасалады. Сөйлем 3-жақтың арнаулы тұлғасы арқылы да (-ы, -ты), нөлдік тұлға арқылы да құрылады. Бірақ олар арнаулы 3-жақтық мағынаны емес, белгісіздік мағынаны білдіреді. Мысалы: Жерді қазақтың қара тоқпазымен өлшейді. (С.Мұқанов) – негізгі етіс; Төбесін (блиндажедың) қатар-қатар айқыш-үйқыш етіп тогыз қабат бөренемен жасауды. (F.Мусірепов) – негізгі етіс; Жолаушыга салғанда бұл құмалақты «шығып қара» деп айтады. (М.Әуезов) – негізгі етіс; Кеше «Біз Кронштадтанбыз» атты кинофильмің алдында деректі хроникадан қирап жасаған неміс танкісін корсетті. (В.Еременко) – өзгелік етіс; Аナン мен алыспайды да, атыспайды да. (F.Мусірепов) – ортак етіс.

ә) Дара бүйрек райлы етістікten жасалады: – Онда бәрімізді айтын-тасын! (Е.Әлімкулов); – Қош, ағайын! Дам, ырзық бүйирса, амандық шаттықпен қайта көрісуге жасысын!.. (М.Әуезов)

б) Өткен шақтық және ауыспалы өткен шақтық есімшелерден: – ...Бұл итті неге мұнша әлпештеген!.. (F.Мусірепов); Қарабаладан бір қабат қара адырды аса Досымбай, Балқыбек, Ақирек жақтардағы кең далага шығатын. (М.Әуезов)

2. Бас мүшениң қүрделі түрлері:

а) Негізгісі есімшелер болып, оған 3-жақта жіктелген «е-» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы: – *Міне, саган! Тапқан екен* бет ашатын кісіні! (Д.Исабеков); Бұрын наңды кунде бір мезгіл өлишен беретін еді. енді екі кунде бір беруге айналды (С.Сейфуллин);

ә) *-ap, -er, -p, -c тұлғалы болымды, болымсыз есімшелерге осындай тұлғалы «бол» көмекші етістігінің тіркесіп келуі арқылы келер шакта болатын я болмайтын іс-әрекетке мегзейтін баяндауыш жасалады: ...Бұлаңда мұңды баланы жәбірлемес болар. (Ә.Сәрсенбаев); Тауга былай салдық құрып шыкпас болар. (С.Шаймерденов)*

б) Етістіктің аналитикалық форманттары арқылы беріліп, қымылдың әр түрлі сипатын, түрлі модалдық мәндерді білдіреді: *Қырсыққанда, менің тортінші бітіруіме қарап тұргандай, мектепті өткен жылы жасауды тастады гой.* (С.Асылбеков); *Әбенге келген бір молнияны мен жоқта апарып беріп койыпты.* (F.Мұсірепов); – *Ойбай-ау, тонап кетті гой. тонап!* – деді *Ардақ жыларман халде.* (Д.Исабеков); *Бұны бүйтіп пешінен тің сыртынан буына ма екен?* (Б.Соқпақбаев); – *Тез келіңіз, етті түсіріп жатыр...* (О.Бекеев)

в) Тұракты сөз тіркестерінің қатысуы арқылы: *Өзінен асқан адамды жасаксы көре бермейді.* (Д.Исабеков)

г) «де» етістігінің көмегімен жасалған курделі бас мүшелер:

- негізгі компонент атап тұлғалы зат есім: *Сақалы жоқ ереккіті әйел демей ме?* (А.Тоқмагамбетов)

- негізгі компонент курделі сөз тіркестері: *Бұғынгі шыққан аулыңызды «Ерекен аулы» дейді.* (Б.Майлін)

- негізгі компонент тұтас сөйлем болады: – *Әскер тәртібі ката-ты болады дейді...* (F.Мұсірепов); *Сізді ертең келеді демеп не еди?* (Д.Исабеков)

- негізгі компонент макал-мәтелдер болып келеді: *«Булдіршиң көзін сүзбесе, буырышын бүйдасын үзбейді»* деуші ме еди? (F.Мұсірепов); *«Жолдасын таппаган ер азады, басшысын таппаган ел азады»* десе болады. (М.Әуезов)

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, белгісіз жақты сөйлем бас мүшесінің алуан түрлі жасалу жолы бар екен. Бас мүшениң бұл жасалу түрлері сөйлемнің модалдық құрылымына да, тұлғалық-семантикалық құрылымына да елеулі есеп етеді.

Белгісіз жақты сөйлемнің құрылымы мен семантикасы. Жоғарыда ескерткеніміздей, белгісіз жақты сөйлемдердің де бас мүшесінің дара күйінде тұрып сөйлемнің кіші құрылымын жасауы сирек кездеседі. Соңдықтан, бұл бас мүше үнемі басқа тұrlаусыз мүшелерімен тіркестеғана сөйлемнің кіші құрылымын түзеді. Әрине, мұндай жағдайда, сөйлемнің мазмұндық жағынан толымды болуы ескеріледі. Осыған байланысты сөйлем кем дегендे екі немесе одан да көп мүшелі болады. Синтаксистік ынгайда баяндауыш бас мүшениң басқа тұrlаусыз мүшелермен байланысы, оның семантикалық құрылымын да айқындаиды.

1. Бас мүшениң тура толықтауышпен және жанама толықтауышпен жеке-жеке байланысуы арқылы екі мүшелі белгісіз жақты сөйлем типтері жасалады.

а) – Онда бәрімізді айыптасын. (Е.Әлімқұлов) Сөйлемнің кіші синтаксистік құрылымына «бәрімізді айыптасын» тіркесі алынаады. Сөйлемнің құрылымын былай белгілеуге болады:

Т – Б ;
З₄ – Е^{3ж} ;
С_{3р} – П_{4р} .

Сөйлемнің жалпы семантикасы – сөйлеушінің белгісіз жақтағы субъектінің жақтық объектіге тура бағытталған әрекетін білдіруі.

ә) Аманен алыспайды да, атыспайды да. (F.Мусірепов) Сөйлем ашық райлы баяндауыштың жанама толықтауышпен тіркесінен құрылған. Сөйлем құрылымы:

Т_ж – Б ;
З_ж – Е^{3ж} ;
С_{кимыл} – О_{кимыл} – П_{кимыл} .

Баяндауыш құрамындағы ортақ етістің журнағы сөйлемнің семантикалық құрылымын айқындаған. Ортақ етіс белгісіз жақтың іс-әрекетіне объект ретіндегі басқа бір жақтың іс-әрекетін ортақтастырады. Сөйтіп, семантикасы белгісіз субъекті мен объектілік жақтың бірлескен қимылын орындалмайтын ынғайда білдіретін сөйлем пайда болған.

б) Белгісіз жақты сөйлемдердің екі мүшелі болып келуі бас мүшелері күрделі болып келгенде де жиі кездеседі. Бас мүшениң күрделілігі оған қосымша семантикалық сипат қосады. Сондықтан, бұл сөйлемдерді талдау кезінде сөйлемнің жалпы семантикасында олардың модалдық ерекшеліктерін де коса беруге болады. Бұл сөйлемнің стильдік қолданыс ынғайын айқындауға да мумкіндік жасайды.

– Тез келіңіз, еттің түсіріп жатыр... (О.Бекеев) Құрмалас сөйлемнің екінші компоненті – белгісіз жақты сөйлем. Сөйлем предикаты «түсіріп жатыр» әдеттегі екі негізді жақты сөйлемнің баяндауышына ұқсас негізгі етістік пен көмекші етістіктің кесемше журнағы арқылы тіркесуінен жасалған. Қалып етістігі осы шақтық мағынаны береді. Негізгі етістік құрамындағы өзгелік етіс (-ip) журнағы ол етістіктің тура толықтауыш мүшесімен байланысуын белгілейді. «-in жатыр» аиалиткалық формантың қимыл үдерісінің (процестін) өту үстінде (басталып, бірақ аяқталмаған) екенін білдіреді. Баяндауыштың ашықрай тұлғасында болуы оның жақтық (3-жақ) және жалпы модалдық мәнде екенін де білдіреді. Міне, осы грамматикалық ерекшеліктердің бәрі күрделі етістік бас мүшениң бойынан көрінеді. Сондықтан бұл сөйлемнің синтаксистік құрылымында брынғы талданған сөйлемдер-

ден ерекше жана белгілер бар екенін көруге болады. Сонымен, сөйлемнің грамматикалық құрылымы ашық райдың 3-жағындағы осы шақтық өзгелік етісті қурделі бас мүшениң зат есімнің табыс жалғауындағы тұра толықтауышпен тіркесі болады. Үлгісі:

T – Б ;
 3₄ – Е_{ин жат.}^{3ж.} ;
 С_{ким.} – О_{ким.} – П_{кимылы.}

Бұл жерде бір ескерте кететін нәрсе, сөйлемдегі бас мүшениң тек бір ғана толықтауышпен тіркесі етістіктің бір валентті екенін көрсетпейді. «Тұс» етістігінің өзі көп валентті (*аттан байқап тұс*), бірақ салт етістік. Өзгелік етіс жүрнағы бұл етістікті тек сабактыға айналдырғаны болмаса, оның көп валенттілігін өзгерте алмайды, кайта валенттілігін арттырады (*аттан оны байқап тұсір*). Бұл сөйлемде табыс септігінен басқа баяндауышпен байланысуға тиісті сөздер факультативті болғандықтан, сөйлем құрылымында олар түсірілпейтін жүр. Әдетте, мұндай сөйлемнің семантикасын қымылдың субъектіге тұра бағытталуы деп түсінуге болады. Алайда сөйлемнің жалпы семантикасын толығырақ мазмұнда былай айтуға болар еді: белгісіз жақтағы субъектінің белгілі бір объектіге әсер ету үшін бағытталған, басталып, бірақ аяқталмаған қымылын сөйлеуші тара-пынан білдіру.

в) – Әбенге әкелген бір молнияны мен жокта *апарып беріп қойынты* (*F.Mусірспов*).

Синтаксистік құрылымы жағынан келсек, жоғарыдағы сөйлемнен аса айырмашылығы жоқ қурделі баяндауыштың тұра толықтауышпен байланысынан тұратын сөйлем (*молнияны апарып беріп қойынты*). Мәселе оның құрамында. Оның негізгі компоненті қозғалысты білдіретін етістік (*апар*) мен қымылды білдіретін етістік (*бер*). Әдетте мұндай қурделі етістіктердің біреуін негізгі, қалғанын көмекші деп жатады. Бұл жерде бұл екі етістік те семантикалық мәндерін толық сақтайды. Қымыл мен қозғалыс бір мезгілде, іркес-тіркес, үзіліссіз болады. Бұлар өзара көсемше жүрнағы арқылы жалғасқан. Әрине, сөйлемдегі «*апарып*» сөзін факультативті мүше ретінде де қарауға болар еді, бірақ сөйлем семантикасы айт羞ы талабына сай беру әрекетінің (яғни қозғалыс пен қымылдың қатар болуы) болғандығын көрсетеді. Сондықтан бұл екі етістіктің мәндері бірге қаралады да, екеуі «*қойынты*» көмекші етістігімен тіркеседі немесе екі негізгі етістік аналитикалық «-ып қой» тұлғасымен түрленеді де, қозғалыс пен қымылдың тез, шұғыл бітіп қалған үдеріс екенін байқатады. Құрылым үлгісі:

T – Б ;
 3₄ – Е_{ин қой.}^{3ж.} ;
 С_{козг.} – О_{козг.} – П_{козг.}.

Сөйлем семантикасын объекті мен қимылдың қатысы түрғысынан алсақ, алдыңғы сейлемнен айырмасы болмайды: қимыл-эрекеттің тұра объектіге бағытталуын білдіру. Ал оны мазмұндық жағынан толығырақ былай беруге болады: сөйлеуші белгісіз жақтағы субъектінің тұра объектін іске қосуға бағытталған қимыл-эрекеттің шындыққа сай шұғыл түрде орындалғанын білдіреді.

д) Енді мына бір сөйлемді көрейік: – Мен тіл тартпай кетсем де мойныма алмаспын! *Tүрмесіне апарса апарсын.* (F.Mусірепов) Екінші сейлем – белгісіз жақты сейлем. Бұл сейлемнің баяндауышы бір етістіктің өзара шартты рай жүрнагы арқылы байланысып қайталауынан болған бұйрық райында тұр. Құрделі баяндауыш барыс септікті зат есіммен тіркескен. «*апар*» етістігі бұл жерде салттық мағынада қолданылғанымен, көп валентті етістік ретінде сабакты да болады. Жоғарыда байқағанымыздай, белгісіз жақты сейлемдердің лексикалық ынғайындағы бастауышы болмағандықтан да, баяндауыштың тұра толықтауышпен байланысы көбірек байқалатын сияқты көрінген. Алайда бұның сырты сейлемнің коммуникативтік қажеттілікке сай құрылуына байланысты болса керек. Өйткені мына талдауға алынған сейлемде де тұра толықтауыштың қатысуына эбден болады. (Мені апарса апарсын). Бірақ сейлемдегі хабар негізінен айтушының өзіне қатысты екені контекстен белгілі болғандықтан да, оны айтудың қажет еместігі көрінеді, оның есесіне сейлемдегі негізгі хабар, жаңалық (рема) «*түрмеге апару*» болғандықтан да, тыңдаушы назарын осыған аудару қажеттігіне байланысты осы тіркес алынған. Сонымен, бұл сейлемді де толымсыз бір негізді деп есептеуге болады (тура толықтауыш туғірліген). Сейлемнің құрылым үлгісі былай көрсетіледі:

Пш_{mek} – Б ;
 З_{ca} – Е^{жк} ;
 С_{коф.} – А_{коф.} – П_{коф.}

Бұл жерде барыс септікті зат есім тұра заттық мағынаны емес, қимыл бағытын орын (мекен) жағынан нақтылайтындықтан, синтаксистік қызметі түрғысынан мекен пысықтауыштың қызметін атқарады да, сейлем семантикасы осы мағынаға ынғайланды. Сондықтан, сейлемнің жалпы семантикалық мазмұнын сөйлеушінің белгісіз жаққа тән қимыл эрекеттің бағытын аяқтарлар орны жағынан нақтылай көрсетуі деп түсінеміз. (Бұл жерде қимыл-эрекет бағытталған объектінің де семантикаға қоса көрсетудің артықшылығы болмайды).

2. Белгісіз жақты сейлемдер үш мүшелі болып келген кезде бас мүшениң валенттілігіне қарай бір орынды да, екі орынды да болып келе береді. Бір орынды болып келген жағдайда ондағы артық (екінші) орынды көбіне атрибут мүше иеленеді. Оның факультативтік мән алу-алмауы сейлем семантикасына байланысты болады. Сөйтіп, үш

мүшелі сөйлемдердің мынадай типтерін көрсөтүге болады:

а) ...Біраң үақыт өткен сон, вагонның есігін ашты. (*C. Сейфуллин*)
Басыңың сөйлемнің кіші құрылымы «есігін ашты» болуға тиіс. Бірақ тұра толықтауыш болып тұрган табыс септігіндегі сөз тәуелденген тұлғада тұрып, есіктің белгілі бір затқа тәуелді, соның бір бөлшегі екенін білдіруіне байланысты, сөйлем семантикалық жағынан толық болуы үшін ілік септігіндегі сөздің қажеттілігі байқалады. Осыған байланысты, сөйлем семантикасының талабына сай осы екі сөзді құрылымдық құрамға енгізуге тұра келеді. Соңда сөйлем бір орынды үш мүшелі сөйлем болып шығады. Құрылым үлгісі мынадай болады:

Aш – Т – Б ;

$3_2 - 3^{ж} - E^{ж}$;

$C_{ким.} - A_{менш.} - O_{ким.} - П_{ким.}$

Сөйлемнің жалпы семантикасы – сөйлеуші белгісіз жақтық субъектінің белгілі бір заттың бөлшегі ретіндегі объектіге тұра бағытталған қимылын білдіреді.

ә) ...Төбені қатар-қатар боренемен жасауды. (*F. Мусірспов*) Сөйлем құрылымының негізін «Төбені боренемен жасауды» тіркесі құрайды. Яғни, ашық райдағы етістік бас мүшесі тұра және жанама толықтауыштармен мәнгеріле байланысадан. Бас мүшениң негізіне алынған іс-әрекет етістігінің лексикалық мағынасы оның әрі салттық, әрі сабактылық грамматикалық мәнімен қосылып, объектіге тұра да, жана-малай да бағыттала алатындығын көрсетеді. Сөйлемнің құрылымдық үлгісін былай беруге болады:

T – T – B ;

$3_3 - 3^{ж} - E^{ж}$;

$C_{ким.} - O_{ким.} - O_{ким.} - П_{кимыл.}$

Семантикасы – белгісіз жақтың белгілі бір обьектіге тұра бағытталған қимылы белгілі бір заттың жанама объектінің қатысуымен жүзеге асқандығын сөйлеуші тарапынан білдіреді.

б) – Бұл итті неге мұнша алғаштеген? (*F. Мусірепов*) Сөйлем синтаксистік құрылымы жағынан алдыңғы сөйлемнен өзгешелігі жоқ сияқты көрінгенімен, жанама толықтауыш болуға тиіс мүшениң семантикалық өзгерісі (пысықтауыштық мән алуы) сөйлемнің жалпы семантикасына да әсер етеді. Құрылымдық үлгісі:

T – T – B ;

$3 - П_{шебеп} - E^{ж}$;

$C^4_{ар.} - O_{ар.} - A_{себ.} - П_{ар.}$ болады да, семантикасы белгісіз субъекті әрекетінің объектіге бағытталу есебебін сөйлеуші тарапынан анықтауды білдіреді. Бұл жерде сөйлемнің жалпы сұраулық модалдығынан басқа таңдану модалдығы ынғайында да құрылымы өзгеше сөйлем екенін байқау киын емес.

в) – Мені де интернатқа алды... (Б.Бодаубаев) Бұл сөйлемдегі ба-
рыс септікі зат есім бас мүше мен толықтауыш мүшениң қатынасынан
туатын мазмұнды жай толықтыруши ғана емес, жалпы семантикалық
құрылым үшін маңызды мүше болып есептеледі. Сонымен, сөйлемнің
құрылым үлгісі:

T – Пш_{мек.} – Б ;
3 – 3 – Е^{зж} ;
C₄^{зр.} – О_{зр.} – А_{мек.} – П_{зр.}.

Сөйлем семантикасы – белгісіз субъекттің объектілік жаққа тура
бағытталған әрекеттің сөйлеуші (жазушы) мекендік түргыдан нақты-
лай көрсетеді.

г) – ...Бірақ осы дүниe кезінде көп сыналды. Қазір оны
мақтайды. (М. Магауин) Сөйлемнің құрылымы:

Пш_{мез.} – Т – Б ;
Y_{мез.} – 3₄ – Е^{зж} ;
C_{зр.(сойл.)} – О_{зр.} – П_{зр.(сойл.)}.

Сөйлемнің семантикалық мазмұны – белгісіз жақтың объектіге
тура бағытталған әрекеттің сөйлеушінің (жазушының) мезгіл жағынан
нақтылай көрсетуі болып табылады.

д) ...Кадиша кеткелі ауруға шалдығып, қысы-жазы көзінің құйрығы
құрдын артындағы қызыарып жүретін болғандықтан, оны «Қызыл көз»
атап еді. (А.Тоқмагамбетов)

Сөйлемнің кіші құрылымдық үлгісіне құрмаластың басыңқы компоненті (оны «Қызыл көз» атап еді) алынады. Оның құрылымы:

T – Пш_{кө} – Б ;
3₄ – 3₁ – Е^{зж} ;
C_{зр.(сойл.)} – О_{зр.} – А_{ск} – П_{зр.(сойл.)} болады.

Сөйлемнің бұл құрылымындағы пысықтауыш зат есімнен болып, қалай? сұрағына жауап бергенімен, сөйлем семантикасында оның
заттық мағынасы басым рөл аткарады. Сөйлем семантикасын былай
түсінуге болады: белгісіз субъекттің объектілік жаққа бағытталған
сөйлеу әрекеті кезінде объектіні есім жағынан нақтылай көрсету бел-
гіленген. Бұл жерде синтаксистік пысықтауыш мүшениң объектілік
конкретизатор болу мәнісі, біздінше, эллипсиске байланысты. Себебі,
о баста «Қызыл көз» сөзі «деп» көмекші етістігімен тіркесіп келген.
Бұл жағдайда оның пысықтауыштық қызметі анық байқалады. Кейін
көмекші етістік түсіріліп, оның қызметі негізгі есім сөзге ауысып сол
куйіндегі сақталып қалған.

Сонымен, белгісіз жақты сөйлемдердің үш мүшелі құрылымы он-
дагы тұрлаусыз мүшелердің ерекшеліктеріне қарай түрлі-түрлі бола-
тындығын көрсетеді.

3. Бас мүшениң басқа сөйлем мүшелерімен байланысы артқан сайын, сөйлемнің құрылымдық жағынан жайылмалануы да артып, осыған байланысты оның грамматикалық құрылымы да, семантикалық мазмұны да курделене түседі. Сөйлем төрт мүшелі құрылымда келгенде, әдеттегідей, бұнда да негізгі қызыметті бас мүше атқарғанымен, сөйлемнің жалпы семантикасында түрлаусыз мүшелердің де, әсіресе тұра толықтауыштың рөлі басым көрінеді.

а) ...Жерді қазақтың қара тоқпағымен өлиеиді. (С.Мұқанов) Бұл сөйлемнің кіші құрылымына бас мүше және онымен менгеріле байланысатын тұра толықтауыш пен жанама толықтауыш енеді. Бірақ осы жанама толықтауыштың тәуелденіп келуі сөйлем құрамына ілік септікті сөздің енуін қажет етіп тұр. Сөйлемнің морфологиялық құрылымы тұргысынан қарасақ, ілік септікті сөздің құрылымға енуі дұрыс. Өйткені, бұл сөз матаса байланысқан күйінде жатыс жалғаулы сөзбен бір мүше құрайды деуге негіз жок. Ал енді сөйлемнің логикалық құрылымы жағынан келсек, «тоқпақтың» кез келген жай тоқпақ емес, тек қазакқа тән «қара тоқпақ» екенін баса көрсету байқалатын тәрізді. Мұнда «қара» айқындауыш сөз ретінде «тоқпақ» сөзімен бір мүше құрайды. Осыған байланысты сөйлемнің құрылымдық үлгісін байлай көрсетуге болатын тәрізді:

T – Аш – Т_ж – Б ;
 3₄ – 3₂ – СыңЗ₇ – Е^{3ж} ;
 О_{ким} – А_{меншк} – О_{ким} – П_{кимыл}.

Сөйлемнің жалпы семантикасы – белгілі бір объектіге тұра бағытталған белгісіз жақ қымылның белгілі бір объектіге тән құрал арқылы жүзеге асатынын сөйлеуші нақтылап көрсетеді.

ә) ...Бұрын *нанды* күнде бір мезгіл өлишеп беретін еді, енді екі күнде бір беруге айналды. (С.Сейфуллин) Салалас құрмаластың екі компоненті де белгісіз жақты сөйлем. Талдауға бір сынарын алуға болады.

Сөйлемнің кіші құрылымын «нанды өлишеп беретін» күйінде алуға болар еді, бірақ сөйлемнің семантикасы қымылды мезгілдік жағынан нақтылайтын мүшени де қажет ететіні байқалады. Сонымен, бас мүше тұра толықтауыш, мезгіл пысықтауыш және сын-қымыл пысықтауыштармен тіркесіп үш орынды болады да, сөйлемнің кіші құрылымы осы ынғайда ғана толық мәнді болып есептеледі. Сөйтіп сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

T – Пш_{мезг} – Пш_ж – Б ;
 3₄ – Y_{мезг} – Е_п – Е_{стін}^ж – Е_{ким} ;
 О_{ким} – А_{мезг} – А_ж – П_{ким} болады.

Ал сөйлемнің жалпы семантикасы белгісіз субъектінің заттық объектіге тұра бағытталған қымыл-эрекеті сөйлеуші тарапынан мезгілдік

және мекендік ынғайда нақтылана берілгендейті білдіру болып табылады.

б) – Ендеше осы естіген, көрген жайдан жыр тұгызыса нетеді? (М.Әусзов) Бұл сөйлемнің құрылымын талдағанда, ең алдымен бас мүше құрамының ерекшелігіне назар аудару қажет. Бас мүше «тұгызыса нетеді» деген өзара шарттас мәнде тіркескен сөздерден құрылған. Бұл сөйлем осы жағынан шартты бағыныңылы құрмалас сөйлемге ұқсайды. Шынында да бұл баяндауыш құрмаластың осындай түрінен ықшамдалғаны рас. Егер екі баяндауыштың арасына үтір қойып, құрмаласқа тән интонациямен айттар болсақ, бұл анық байқалар еді. Ал қазіргі құрылымында ол екеуі бір интонациялық ынғайға бейімделтіп, жай сөйлемнің баяндауышын құрап тұр. Соңғы «нетеді» сұрау есімдігі бір жағынан сұраулық модальдік мән тұгызыса, екінші жағынан сөйлемді жақтық, шактық жағынан тиянақтайды. Соңда, негізгі кимылдық мән «тұгызыса» сөзінің мағынасымен байланысты болады. Осы жағынан алғанда сөйлемнің кіші құрылымы «жыр/ды/ тұгызыса нетеді» болатын тәрізді көрінер еді. Бірақ, «жыр тұгызы» тұрақты тіркес болғандықтан, ол «нетеді» сөзімен тіркескен күйінде бас мүше болады да, сөйлем семантикасының олқылығы осы бас мүшені «жайдан» сөзімен толықтыруды қажет етеді. Ал бұл сөз өзінің анықтауышын қоса қажет етеді. Сонымен сөйлемнің синтаксистік құрылым төрт компонентті болып шығады. Сөйтіп сөйлемнің кіші құрылым улгісі мынадай болады:

$$\begin{array}{l} \text{Аш} - \text{Аш} - \text{T}^{\text{ж}} - \text{Б}; \\ \text{Ес} - \text{E}^{\text{гем}} - \text{Z}^{\text{ж}} - \text{E}^{\text{3ж}}; \\ \text{A}_{\text{сипт}} - \text{A}_{\text{ер}} - \text{O}_{\text{ер}} - \text{П}_{\text{ер}}. \end{array}$$

Сөйлемнің семантикалық құрылымында бас мүшенің өзгелік етіс тұлғасымен (-ғыз) түрленуінің мәні бар. Бұл субъекттің белгісіз етеді. Сөйлемнің грамматикалық құрылымында бас мүшеден басқа үш мүше болғанымен, оның екеуі ғана етістіктің валенттілігіне байланысты бос орындарды иеленген. Ал анықтауыш мүше объекттің ғана айқындастын атрибуттық мүше болып есептеледі. Сонымен, сөйлем семантикасын мынадай мазмұнда түсінуге болады: көру ерекетінің нәтижесі ретінде абстракциялық объектіден жаңа бір объекттің жасауға бағытталған белгісіз субъекттің ерекетін сөйлеушінің инициаторынде білдіру.

Міне, осылай бас мүшесі етістіктен болған белгісіз жақты сөйлем вариантарын жалғастыра беруге болады. Дегенмен, осы мысалдардың өзі-ақ белгісіз жақты сөйлемдердің компоненттері қаншалықты қөбейген сайын олардың семантикасы құрделене түсстінін, сонымен бірге, сөйлемнің құрылымдық элементтері барлық жағдайда семантикалық мүшелермен сәйкес келе бермейтінін байқатады. Нақтырақ айтқанда, етістіктің валенттілігіне байланысты мүшелік қызмет атқа-

ратын сөздер сөйлем семантикасында негізгі рөлді аткарады да, басқа мүшелер косалқы қызмет атқарып, сөйлемнің жалпы семантикасына бірде еніп, бірде енбейді. Сондай-ақ, сөйлем семантикасы мүшелердегі логика-грамматикалық элементтерге байланысты да өзгеріп отыратыны көрінеді.

4. ЖАНАМА ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМ

Зерттелуі, ерекшеліктері, анықтамасы. Жалпы тіл білімінде жакты сөйлемдермен бірге, оларға қарама-карсы қойылып қатар зерттеліп келе жатқан «жақсыз сөйлем» аталатын сөйлем түрлері де бар екені белгілі. Бұл енбекте осы сөйлем түрі «жанама жақты сөйлем» атауымен қарастырылады. Бір негізді сөйлем турлерінің ішінде «жанама жақты сөйлем» түрі «жақсыз сөйлем» атауымен ертерек ғалымдар назарына ілінген. Осыны ескере отырып, бір негізді сөйлемдердің басқа түріне қарағанда «жақсыз сөйлемнің» зерттелуі ертеден басталады деу орынды. Орыс тіл білімінде жақсыз сөйлем жасайтын «жақсыз» етістіктер бар екені белгілі. Міне осыған сүйенген ғалымдар ол тілде жақсыз сөйлемдердің жасалуы мен ерекшеліктері жөніндегі шілдесінде жақсыз сөйлемдердің жасалуы мен ерекшеліктері жөніндегі шешімін таплаған даулы мәселелер жеткілікті. Түркі тіл білімінде жақсыз сөйлем жайындағы ой-толғамдар 50-жылдарға дейін бір бағытта, яғни орыс тіліндегі тәрізді «жақсыз» етістіктердің түркі тілдерінде болмауына байланысты бұл тілдерде жақсыз сөйлемдер де жоқ» деген пікір болды. Сол тұстан бастап жақсыз сөйлемдер жөніндегі сөз болған енбектерді қарап отырсақ, бір-біріне қарама-қайшы көзқарастарды, тіпті, бір автордың әр жылдардағы енбектерінен де көруге болады. А.Н.Кононов алғашкы жылдардағы бір енбекінде «өзбек тілінің фактілері, тіпті шартты түрде болса да, орыс тіліндегідей жақсыз сөйлемдердің бар екендігін дәлелдуге ешбір мүмкіндік бермейтіндігін» айтқан болса [111: 228-б.], ғалым бұл ойды одан бүрүн түркі тіліне байланысты да айтқан болатын [73: 213-б.]. Бірақ кейінгі кездердегі осы тілдерге арналған енбектерінде жақсыз сөйлемді арнайы сөйлемнің жеке типі ретінде қарайды [28: 506-510-бб].

Жақсыз сөйлемдердің жоқ екендігі туралы пікір Н.А.Басқаковта да болды. Ол былай деді: «Түркі тілдерінің баяндауыштары жақсыз болмауына байланысты, оларда жақсыз сөйлем де болмайды». [55: 95-б.]

Н.К. Дмитриев те алғашында түркі тілінде жақсыз сөйлем жоқ деген пікірде болады да [27], кейінгі башқұрт тілінің грамматикасы на арнаған енбекінде сөйлемнің бұндай түрінің башқұрт тілінде бар екенін мойындаиды. Бірақ автор жақсыз сөйлемдер қатарына белгілі, белгісіз, жалпылама жақты сөйлемдерді де жатқызады. [112: 238-б.]

Сол тұстағы түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың қайсысы болмасын жақсыз сөйлемді анықтауды сөйлемде жақсыз етістіктің болмауымен, яғни С.Д.Кацнельсон айтқандай, «уакиғаны ешбір бөлшектемей, тек оны тұтастай атایтын», «нөлдік предикацияны» білдіретін етістіктің болмауымен байланыстырады [113: 107-б.].

Жақсыз сөйлем жөніндегі түркологиядағы осы көзқарас түптен келгенде А.Казем-Бектің пікірінен бастау алған. Түркі тілдерінде жақсыз етістіктің жоқ екендігі жөнінде алғаш пікірді сол кісі айтқан болатын [67: 306-б.].

Алайда, 50-жылдардан бері қарайғы түркі тілдерін зерттеушілердің бірсыпрыасы жақсыз сөйлемнің бар екені және оның бір негізді сөйлем типтеріне жататыны жөнінде шешімді пікір айтты. Ал қазіргі кезде ғалымдардың қайсысы болмасын түркі тілдерінде жақсыз етістік болмауына қарамастан, жақсыз сөйлем бар деп есептейді және олар ортақ белгілері негізінде әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты зерттеу нысандары болып келеді. Әрине, кей зерттеулерден түркі тілдерінде әлі де жақсыз етістіктер бар деген пікірлерді байқауға болады.

Мысалы, К.З.Зинатуллина татар тілінде жақсыз етістіктер бар екендігін айтса [114: 160-б.], М.С.Бектұров қазақ тілінде де «Құн суытты», «Таң атты» т.б. сөйлемдер негізінде осындаі пікірді қостап, өзінше дәлелдер келтіреді [115: 7,8-бб].

Қазіргі түркі тілдеріндегі жақсыз сөйлемге берілген анықтамаларды салыстырып отырсақ, олардың бір-бірінен айырмашылықтарын табу қыын. Өйткені, ондай еңбектердің бәрінде де жақсыз сөйлемге тән белгілер ретінде бірдей ерекшеліктер аталады. Мысалы, түркі тілдеріндегі жақсыз сөйлемнің белгілеріне мына ерекшеліктер жатқызылады: 1) тек бір ғана бас мүшениң – баяндауыштың болатындығы, 2) грамматикалық бас мүше – бастауыштың жоқтығы және оның болуының мүмкін еместігі, 3) субъекттің іс-эрекеттің активті орындаушысы етіп көрсететін баяндауыш көрсеткішінің болмауы, 4) субъекттің логикалық ынғайда келуі. Дәлелді болу үшін бірсыпрыра анықтамаларды салыстырып көрейік.

Қазіргі якут (сақа) тіліндегі жақсыз сөйлемге берілген анықтама мынадай: «Грамматикалық бастауышы жоқ, баяндауыштың формасы арқылы оны табуга болмайтын сөйлемдерді жақсыз сөйлемдер дейді» [116: 19-б.]. Осындаі анықтаманы хакас тіліндегі жақсыз сөйлемге Г.И.Донидзе де береді: «Грамматикалық бастауыш формасындағы субъекттің жоқ және болмайтын, баяндауышы бар сөйлем жақсыз сөйлем болады», – дейді ол [117: 39-б.].

Қарашай-балқар тіліндегі жақсыз сөйлем жөнінде У.Б.Алиев «бастауышы жоқ, оған сілтенбейтін, тек кана баяндауыштан тұра-

тын» [60: 106-б.] десе, И.Х.Ахматов: «субъекті болмайтын, ол предикативтік бас мүшеден көрініс таптайтын сөйлемдер жатады» деп анықтама береді [75: 141-б.]. Дәл осындай анықтамаларды қыргыз тілінде И.Д.Джакубов [56: 31,32-бб], азербайжан тілінде З.И.Будагова [57: 36-б.], осы тілде А.М.Джавадов [118: 7-б.], өзбек тілінде А.С.Сафаев [119: 56-б.] береді. Бұлардың барлығында да, жоғарыда аталған басты белгілердің кемінде екеуі аталаған.

Қазақ тілінде сөйлемнің осы түрін арнағы зерттеген Ф.Мадина берген анықтама да осы сарындас: «Субъекті грамматикалық бастауыш арқылы берілмеген және оны баяндауыш формасы арқылы тауып алуға да болмайтын сөйлемді жақсыз сөйлем дейміз», – дейді ол [80: 14-б.]. А.Әбліқаев жақсыз сөйлемдердің айрықша белгілерін: «1) грамматикалық бастауышы мүлде болмайды, яғни құрылышы жағынан тек бір ғана тұрлаулы мүшеден – баяндауыштан тұрады; 2) іс иесі ілік я барыс септігінің тұлғасында болып, сөйлемде анықтауыштың не то-лықтауыштың қызметін атқарады; 3) баяндауышы негізінде күрделі болады және арнаулы формалар арқылы жасалады», – деп көрсетеді де, мынадай анықтама береді: «Бастауыш жоқ және оның жоқ екендігі баяндауыш формасынан аңғарылатын бір тұрлаулы мүшелі жай сөйлем түрін жақсыз сөйлем дейміз» [84: 56-б.].

Профессор М.Балакаевтың жақсыз сөйлемге берген анықтамасы мынадай: «...бастауышы жоқ, оның орны жоқталмайтын, айтылған іс-әрекет баяндауыш арқылы үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмысалатын сөйлемдер жақсыз сөйлемдер болады» [32: 241-б.]. Бұдан басқа жақсыз сөйлемге берілген Н.Т.Сауранбаевтың [78: 192-б.], О.Күлкеннованың [106: 73-б.], М.Қараевтың [85: 187-б.] т.б. окулық авторларының анықтамалары да осы мағыналас болып келеді.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер туралы сөз еткен еңбектерде оған берілген анықтамалар бір сарындас болумен бірге, бұл сөйлем түріне тән ерекшеліктер мен сипаттарды толық қамтыған деп айтуға келе бермейді. Оның үстінен, ғылыми негіздер жоқтың қасы және тілдік фактілер де үнемі сәйкес келе бермейді. Мысалы, анықтамалардың барлығында кездесетін «грамматикалық бастауышы жоқ, оны табуға болмайтын» деген пікірге сәйкес айтылатын жақсыз сөйлемнің бір ғана бас мүшесі – баяндауышының болуы – тек бір негізді сөйлемдердің осы түріне ғана емес, белгілі, белгісіз, жалпылама жақты сөйлемдердің бәріне де тән. 2-ден, «бастауышы, грамматикалық субъекті болмайтын» деген ұғымды да нақтырақ карау керек тәрізді. Өйткені, кей жағдайда бас мүшесі табиғат құбылышын білдіретін сөйлемдерге немесе бас мүшесі сапалық сын есімдер болып келетін жақсыз сөйлемдерге грамматикалық бастауышты енгізуге болатын да ынғайлары кездеседі. И.Х.Ахматов қарашай-балкар тілінде осындай

мүмкіншілікке ие болатын бірсыныра сөйлемдерді мысалға келтіреді. Ал мұндай сөйлемдер қазақ тілінде де кездеседі. Мысалы: *Тұн ортасынан ауды // Мезгіл тун ортасынан ауды; Алматыда жақсы гой // Алматыда тұру жақсы гой т.б.* Сондай-ақ, Қалага барғым келеді деген сөйлемді *Мен қалага барғым келеді* немесе *Қалага баруым керек* сөйлемін *Мен қалага баруым керек* түрінде қолдану – қазіргі тілімізде жиі кездесіп отырады.

М.Балақаев ілік септікті сөздің атау тұлғалы сөзге айналуы жөнінде ерте кездің өзінде-ақ былай деген болатын: «Бұл есімдердің ілік жалғауларының түсірілуінің себебі оның мәні жағынан белгісіздік сипат алуынан емес, олардың логикалық субъектісінің белсенді қимыл-әрекет иесі ретінде танылуында. Бұл атаулардың субъектілік мәнін айқындастырын тағы бір нэрсе – енжар бастауыш (тәуелдік жалғаулы есім) предикат құрамында болады» [120: 27-б.].

Бұл пікірді F.Мадина да қолдап, «Әдетте ілік септікті сөз анықтауыш болатынын білеміз. Бірақ жоғарыдағы сияқты сөйлемдердегі ілік септікті сөздің анықтауыш болудан оның субъектілік мағынасы базым», – дейді [80: 48-б.].

Сонда, осында құрылымдағы сөйлемдерді біздің екі түрлі ынғайда қарайтындығымыз көрінеді: бірде бір негізді жақсыз, бірде екі негізді жақты. Семантикалық жағынан бірдей сөйлемдердің екі түрлі синтаксистік құрылымда берілуінің коммуникативтік мәні бар екенін ескерген орынды болатыны сондыктан. Алайда, жақсыз сөйлемдердің бәрі бірдей субъекттің активтілігінде көне бермейді. Жақсыз сөйлемдердің басқа бір негізді сөйлем түрлеріне қарағанда курделілігі де осында. Кейде бұларды бір-бірінен ажыратып алушың өзі ете-мете қыныға соғады.

Жақсыз сөйлемдерге қатысты тілдік материалдарды талдау олардың субъектінің қатысын білдіруі жағынан үш түрлі сипатта болатынын көрсетеді: 1) бір сөйлемдерде логикалық субъекті активті жақ ретінде анық сөзформалармен беріледі: *Маган үйге сога кету керек;*; 2) кей сөйлемдерде ол бұлғынғыр, пассив түрде көрінеді. Осыған байланысты, субъекттің мәтіннен іздеуге болады немесе мәтіннің жалпы мағынасына қарай ішік, барыс септіктегі субъекттің қоюға болады: *Қайтеміз, жыртық көңілді кейде осылай жұбатуға да тұра келеді;*; 3) қайсыбір сөйлемдер ешбір жаққа қатыссыз, іс-әрекетті өзі орындалғандай етіп көрсетеді. Мұнда ырықсыз етіс тұлғасының ролі айқын көрінеді. Осында сөйлемдердің кейде грамматикалық бастауышы ретінде объекті алынады: *Бізде пысықтарға көп көңіл болінеді. Пішен шабылды. т.б.*

Міне, осы тәрізді аталған ерекшеліктер жоғарыдағы анықтамалардан толық орын ала алмаған. Бұл кемшіліктердің өзі жақсыз сөйлем-

дерге анықтамалар беруде о бастағы орыс тілінде берілген анықтамаларды негізге алғаннан пайда болғаны белгілі.

Түркологиялық зерттеулерде жақсыз сөйлемдер грамматикалық белгісіне қарай анықталады. Анықтамалардағы «грамматикалық бастауышы жок (яғни арнайы сөз таптары ынғайында берілмеген)», оны «баяндауыш арқылы табуға болмайды (яғни баяндауышта жіктік жалғауы жок)» деген пікірлер осыған байланысты айтылған. Бұл критерий кейде мағынамен байланыстырылғанымен, ол көп еңбектерде басты ерекшеліктер ретінде аталмайды. Осыған байланысты да жақсыз сөйлемдерді «есімді» және «етістікті» деп бөліп қараша бар. Жақсыз сөйлемді осылай жіктеуді алғаш ұсынған А.А.Шахматов болатын. Әйткені ол жақсыз сөйлемді жақты сөйлемге қарама-қарсы қоя отырып, оның субъектісі мен предикаты бір бас мүше арқылы берілген деп есептейді де, сол жалғыз ғана бас мүшениң (баяндауыштың) жасалуына қарай жіктеіді.

Етістікті жақсыз сөйлемдер жөнінде айтқанда, әдетте, ғалымдар өздері зерттеп отырған тілдердегі белгілі бір топ сөйлемдерді бас мүшениң морфологиялық табиғаты жағынан сұрыптаап алып, тілдік деректер ретінде соны негізге алады. Алайда, түркі тілдеріндегі бірдей деректер жайында әр түрлі ғалымдар түрлішке пікір айтады, түрлі-түрлі көзқараста болады. Мысалы А.Джавадов пен З.И.Будагова азербайжан тілінде жақсыздық мағынада негізгі және ырықсыз етіс тұлғалы және қалау райлы етістіктер қолданылатынын айтады да, ырықсыз етіс тұлғалы етістіктерді жақсыздық мағынада қолданылатын бірақ жақты етістік ретінде қарайды. [49: 347-б. және 57: 37,38-бб].

Ал М.М.Мұждабаев ырықсыз етіс тұлғалы етістіктерді «жақты салт етістіктер» деп атауды ұсынады. Сонымен бірге ол «...өзбек тілінде жақсыз салт етістіктер ретінде адам әрекетін білдіретін салт етістіктер, оның ішінде де бәрі емес, тек адамның ерікті, саналы, белсенді қымылын білдіретін салт етістіктер ғана қолданылды» деп өз пікірін айқындаі түседі. Соңыларға автор адамның қозғалысын, қалпын, кеңістікте болуын білдіретін етістіктерді жатқызады [118: 34-б.]. Әрине, автордың бұл пікірлерінің белгілі бір дәрежеде шындыққа сай келетінін жоққа шығармағанымызбен, оның етістіктерді «жақты», «жақсыз» деп бөлуін құптаі алмаймыз. Себебі, 1-ден, бұлай бөліп қараша – түркі тілдерінде де орыс тіліндегідей жақсыз етістік бар дегенге әкеп саяды. Ал ондай етістіктің түркі тілдерінде жоқ екенін түркітанушылардың басым көшпілігі (бірлі-жарымын есептемегендеге) мақұлдаған. 2-ден, бір етістікті оның екі түрлі етіс тұлғасында келуіне қарай екі етістік ретінде тану (бар – барыл) онша көнілге қонбайды. Дәлрек айтсақ, мұндай пікір грамматиканың дәстүрлі қағидаларына қайшы келеді. Әйтсе де, мына нәрсені ескеру қажет: ырықсыз етіс

тұлғалы етістік арқылы жасалатын бас мүшелі жақсыз сөйлемдерге жақты (субъектіні) енгізу мүмкін емес. Ал негізгі етіс тұлғалы етістікті бас мүшелі жақсыз сөйлемдерге жақты енгізуге мүмкіндік бар. Мысалы, «Фермаға осы жолмен барылады» деген сөйлемге жақты ешбір жағдайда енгізу мүмкін емес. Ал, мына сөйлемдерге жақты енгізуге болады: «Күн батуға аз қалды // Күн батуға аз уақыт қалды», «Жазғы демалысқа елі көп бар // Жазғы демалысқа көп уақыт бар» т.б. А.Джавадов мұндай сөйлемдердің көбінесе бастауышыз қолданылатынын, соған байланысты оның субъектісі нақты белгілі бір жақты айқын көрсетпейтінін айтады [49: 347-б].

Сөйлемнің бұл түрін ғалымдардың бірсыпрыасы арнайы бөліп қарамайды. Ол, әрине, мұндай сөйлемнің сол түркі тілдерінде жоқтығынан емес, оның белгілі бір дәрежеде толымсыз сөйлемдерге ұқастығынан болса керек. Қалай болғанда да, бұл сөйлемдерді баяндауышы ырықсыз етіспен келетін сөйлемдермен қатар қоюға болмайды.

Түркітануда әр түрлі пікір туғызып жүрген жақсыз сөйлемдердің тағы бір түрі – бас мүшесі барыс септікті есімше, қымыл есімдерінің «керек», «тура келеді», «болады» т.б. сөздермен тіркесіп келетін түрлері. Жақсыз сөйлемнің бұл түрлері барлық түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де өте жиі кездеседі. Оларға тән ерекшеліктер – олар барыс септікті субъектімен де, ондай субъектісіз де қолданыла береді. Барыс септікті субъектілермен келгенде жақ айқын танылады. Бірақ бұл субъекті септік жалғауында келуіне байланысты, ғалымдар сөйлемді бір негізді жақсыз сөйлем қатарына жатқызады. Әйтсе де, сөйлемнің бұл түріне басқаша қарайтындар да бар. Мысалы, М.З. Закиев бұл сөйлемдердегі субъектінің анық екенін ескеріп, оны белгілі жақты сөйлемнің қатарына жатқызады [64: 40-б]. Ал Т.Болчурева оны «жақты-субъектісіз» деп атауды ұсынады [122: 98-б].

Орыс тіл білімінде осы сияқты сөйлем конструкцияларын екі негізді сөйлемге жатқызу жөнінде нікірлер бар. Мысалы. А.М.Мухин барыс септік жалғаулы субъектіні сөйлемді құрайтын конструкциялық мүше ретінде таниды да, оны бас мүше ретінде қарап, сөйлемді екі негізді сөйлем қатарына жатқызады [123: 134,135-бб]. Г.А.Золотова да атая септігіндегі субъекті мен барыс септігіндегі субъектіні қарама-қарсы қойып, сөйлемді осы тұрғыда жақты, жақсыз деп бөлу дұрыс емес екенін, өйткені бұл екеуі жақты білдірудің екі тәсілі болатынын айтып, мұндай сөйлемді екі негізді сөйлем қатарына жатқызады [52: 163-б]. Ал В.С.Юрченко мұндай құрылымдағы сөйлемдерді «жанама жақты» (косвенно-личный) сөйлемдер деп атауды ұсынады. Ғалымның ойынша, осындай сөйлемдердегі барыс септігі тек жақтық субъектіні белгілеуге арналған, мұндай сөйлемдердегі субъекті нақты емес, объекті мен субъекті аралығындағы жақтық-заттық ұғымды

білдіреді, оған толықтауыштық мән беретін септік жалғауының әсері [124: 129-б.]

Ғалымның барыс септігінің екі жакты сипаты жөніндегі осы пікіріне илануға әбден болады. Яғни, барыс септігіндегі сөз әрі субъекті, әрі объекті мәнінде қолданылады. Қазақ тілінде бұған ілік септікті субъектімен келген сөйлемдерді де қосу керек. Себебі, ілік септігімен байланысқа түсетін жақсыз сөйлем бас мүшесіндегі сөздер де есімше және қимыл есімдері болып келеді де, көп жағдайда барыс жалғаулы субъектімен келетін сөйлемдермен синонимдес болады. Соңда, қазақ тіліндегі «*Маган қалага бару керек*», «*Мениң қалага баруым керек*» деген тәрізді сөйлемдердегі «*маган*», «*менің*» сөздері әрі субъектілік, әрі объектілік мәнде қолданылады. Егер бұл сөйлемдерді жақсыз сөйлемдер қатарына жатқызу қажет болса, онда тек грамматикалық құрылымы тұрғысынан ғана жатқызуға болады. Ал семантикалық жағынан сөйлем субъектілік (жақты) сөйлем болып есептелуге туіс. Мұндай сөйлемді субъектісіз (жақсыз) ету үшін бас мүшедегі етістік ырықсыз етіс тұлғасында берілу керек: «*Маган қалага бару бұйырылды*». Нагыз жақсыз сөйлем осы болып шығады. Бірақ, оның есесіне, түйік етістік грамматикалық бастауыш болады. Міне, осы сияқты сөйлемдердің қайсысын жақсыз сөйлем деп есептеуге болатыны жөніндегі мәселе әлі де болса өз шешімін тапқан жоқ. Егер, ырықсыз етіс тұлғасы арқылы субъектісі жоққа шығарылған сөйлемдердің бәрін жақсыз сөйлем дер болсақ, онда «*Шөп шабылды*», «*Окушылар мектепке шақырылды*» т.б. осындай сөйлемдерді де жақсыз сөйлем қатарына жатқызу қажет. Өйткені бұл сөйлемдерде де қимыл-әрекет иесі ретіндегі субъектілер жоқ, бірақ грамматикалық жақ (бастауыш) бар. Мұндай сөйлемдерді түркологияда көпшілік ғалымдар жақсыз деп есептемейді және олар үнемі екі негізді сөйлемдер қатарында қаралып келеді. Дегенмен, Ф. Мадина осы сөйлемдерді жақсыз сөйлем қатарында қарайды. «*Жақсыз сөйлемнің осы түрі басқа түркі туыстас тілдердің кейбіреуінде де бар*. Бірақ, солардың көбінде осындай сөйлемдер өзінің дұрыс орнын таба алмай жүр», – дейді ол [80: 43-б.].

Жақсыз сөйлемдерді анықтаудағы осы тәрізді қарама-қайшылықтар жалпы түркологияда әлі де болса олар жөнінде нақтырақ зерттеуді қажет ететін мәселелер бар екенін көрсетеді. Ең бастысы – осы субъекттісі жанама септіктер арқылы берілген сөйлемдерді жақсыз конструкцияға жатқызуға бола ма, болмай ма деген мәселе. Бұндай мәселеңін өзі де сөйлемді мазмұндық құрылымы жағынан қарауға байланысты туындал отырганы белгілі. Өйткені, қазіргі кезде атау тұлғадағы бастауыштың болуы сөйлем субъектісі болуының бірден бір көрінісі бола алмайтыны белгілі. Оған жоғарыда келтірілген мысал (*Шөп шабылды*) дәлел бола алады. Жалпылай айтқанда, субъекттінің берілуінің

әр түрлі көрсеткіштері бар. Ол жөнінде И.Х.Ахматов: «Субъекті көрінісін күралдары рөлінде жақтық-предикативтік аффикстер, мен-шіктілік аффикстері және барыс септікті сөздер қызмет атқарады», – дей келіп, олардың алғашқылары өз бетінше субъектілік қызмет атқара алатынын ескертеді [8: 289,290-бб]. Бұдан біз субъекті морфологиялық тәсілмен (жақтық жағлаға арқылы) берілгенде жақтық тұлға лексикалық сөзben (жіктеу есімдіктері) үнемі сәйкес келіп отыратынын ұғамыз. Соңдықтан, 1 және 2-жақтарда лексикалық бастауыш түсірілгенімен, грамматикалық құрылымы жағынан ғана бір негізді болады да, мағыналық тұрғыдан екі бас мүшелі сөйлемдермен сәйкес келетін сөйлемдер болып қала береді. Ал, 3-жақтағы бастауышты түсіргендеге сөйлем ондай жеке өмір сүре алу қабілетінен айрылып, мәтінге тәуелді болып қалады. Оған себеп: 1-ден, баяндауыштың 3-жақта арнағы морфологиялық тұлғасы болғанымен, оның жеке сөйлем ретінде өмір сүруге қабілетсіз болуы, 2-ден, лексикалық сөздің (ол) белгісіздік сипатының басым болуы, 3-ден, 3-жақтық тұлғаның жақтық та, заттық та мәнді білдіруі. Осы ерекшеліктерге байланысты мұндай сөйлем тек толымсыз сөйлем түрінде танылады.

Егер, жақсыз сөйлемді бастауышы түсірілгсі немесе бастауышы жоқ сөйлем ретінде танысада, онда жоғарыда көрсетілген 1,2-жақтық бастауыштың түсірілуі жақсыздыққа әкелмейтінін көреміз. Соңдықтан, сөйлемді жақсыздандыру үшін 1,2-жақтың тұра бастауышын білдіретін морфологиялық көрсеткіші бар сөйлем емес, белгісіздік бастауышты көрсететін морфологиялық көрсеткіші бар сөйлем (3-жақты) ынғайлы болады. Бірақ, мұндай субъектінің өзін жоюға, сөйтіп жақсыз сөйлем жасауға негіз болатын алуан түрлі факторлар бар. Соның бірі 3-жақтық етістікті жоғарыда көрсетілгендей, ырықсыз етіс тұлғасына көшіру болып табылады. Бұл жөнінде М.М.Мұждабаевтың мына пікірі орынды айтылған: «Өзбек тіліндегі етістіктің 3-жақтық жекеше жағлауы кем дегенде үш қызмет атқарады: жақты сөйлемдерде нақты жақты білдіреді, белгісіз жақты сөйлемдерде – белгісіздікті. ырықсыз етіс жұрнағымен түрлену арқылы грамматикалық жақты сөйлемнен шығарып, жақсыз сөйлем жасайды» [125: 7-б].

Сонымен, 3-жақтық баяндауышты ырықсыз етіс тұлғасында қолдану, жақсыз сөйлем жасаудың бір жолы болып табылады. Бірақ, қазақ тілінде мұндай құрылымдағы жақсыз сөйлемдердің қолданылу ауқыны ете-мәте кен емес. Оның есессіне, субъектісі ілік, барыс септікті болып келетін түрі жиі қолданылады. Алайда, жақсыз сөйлемдер жөніндегі жоғарыдағы талдаулар сөйлемді «жақсыз» деп тану жөніндегі пікірлердің өзі әр түрлі екенін көрсетеді. Соның бірі – грамматикалық бастауышы жоқ, оны баяндауыш тұлғасына қарап табуға болмайтын сөйлемдерді логикалық субъектілерінін барлығына қарамастан «жак-

сыз» деп тану болса, екіншісі – грамматикалық бас мүшесінің болуына қарамастан, логикалық субъекті болмайтын сөйлемдерді «жаксыз» деп тану. Енбекте осы екі концепцияның алдыңғысы басшылыққа алынады. Оған мынадай себептер бар: 1-ден, енбектің басты максаты бір негізді сөйлем типтерін айқындау болғандықтан, сөйлемді грамматикалық құрылымы тұрғысынан талдау зерттеу алдынғы планда болады да, оның семантикасы сол құрылым негізінде пайда болатын күбылыс ретінде грамматикалық құрылыммен тығыз байланыста қаралады. Оның устіне, жалпы енбектің объекті етіп отырған тақырыбының «бір негізді» аталаудының өзі, түптеп келгенде, сөйлемнің осы грамматикалық ерекшеліктерін негізге алудан туындаған. 2-ден, жоғарыда аталған септік жалғаулар арқылы берілетін субъектілер накты, тұра жактық субъектілер емес, жанама субъектілер болып табылады. Соңдықтан да, ендігі жерде бұл сөйлемдерді (жақсыз сөйлемдерді) «жанама жакты» деген жалпы атаумен атап, содан соң іштей «белгілі жанама жакты» және «белгісіз жанама жакты» деп атаған орынды. Мұның алғашқысына ашық және жасырын түрдегі ілік және барыс септікті логикалық субъектісі бар сөйлемдер, соңғысына предикат мүшесі (бас мүше) ырықсыз етіс тұлғасы арқылы берілген сөйлемдер жатады. Бұл екеуінің бір-бірінен айырмашылығы – бірінде субъекті арнайы сөзбен берілуіне байланысты активті болып көрінеді. Екіншісінде – арнайы сөзбен берілмеуіне байланысты субъекті пассивті болып көрінеді. Қазақ тілінде мұндай сөйлемдердің соңғысына қарағанда алдыңғысы жиқе қолданылады.

Сонымен, субъектінің мәні ілік және барыс септікті сөздер арқылы берілетін немесе субъекті мәні мүлде көрінбейтін, іс-әрекеттің орындалуына субъектінің қатысы бар екені бас мүшениң тұлғасынан емес, сөйлем семантикасынан жанамалай байқалатын бір негізді сөйлем түрін жанама жакты сөйлем дейміз.

Бас мүшесінің жасалу жолдары мен мағыналары. Жанама жакты сөйлемнің бас мүшелері үнемі құрделі болып келетін болғандықтан, оларды белгілі бір жасалу тәсілдеріне қарай жіктел алған орынды болады. Ол үшін бас мүшениң негізгі сөзіне баса назар аударып, жіктеуді сол ыңғайда жүргізу қажет. Себебі, жанама жакты сөйлем бас мүшесінің бір ерекшелігі – оның бірінен кейін екіншісі тіркесіп келген, бірі негізгі, екіншісі қосалқы предикаттық ыңғайда құрылуы болып табылады. Бұл қос предикаттың алғашқысы екі негізді жакты сөйлемнің баяндауышы болады да, екіншісі сол сөйлемнің грамматикалық жағын (бастауышын) жою үшін қолданылатын қосалқы предикат (баяндаушы) деуге болады. Оны мына сөйлемді талдау арқылы түсіндіру онай. Мысалы, жазушы Ә.Әлімжанов «(Ол) машиналады қойларды адаптация мен алмаган» болып ашық райдың

өткен шағындағы З-жақтық баяндауыш арқылы жасалуға тиісті екі негізді жақты сөйлемді жақсыздандыру үшін баяндауыштан кейін автордың субъективтік көзқарасын модалдық тұрғыдан белгілейтін «кумән жсөк» тіркесін қосқан. Сөйтін «(Оның) ...Машинадағы қойларды адаптажолмен алмаганына кумән жсөк» құрылымындағы жанама жақты бір негізді сөйлем жасаған. Аталмыш модалдық мәнді тіркестің қосылуы бұрынғы негізгі баяндауышты тәуелденіп барып барыс септік жалғаудында тұруға мәжбүр еткен де, ол жасырын бастауышты (ол) ілік септігіне ауысуға әкеледі. Сөйтін, бұрынғы баяндауыш тәуелдік жалғаулы барыс септігіне ауысуына байланысты, жанама толықтауыштық қызметте тұрған тәрізді болып көрінеді де, ал баяндауыш қызметі «кумән жсөк» тіркесіне ауысқан сиякты тәрізденеді. Сырттай қарағандагы осы көрініс мектепте осыған ұқсас сөйлемдерді талдауда кедергі де болып келді. Шын мәнісінде, бастапкы баяндауыш сөйлемді құрайтын басқа сөздермен (мүшелермен) бұрынғыша мағыналық байланыста қалатындықтан, езі де сол бұрынғы негізгі баяндауыштық қызметінде қала береді. Тек, сөйлемді әрі жақсыздандыратын, әрі оған модалдық мән қосатын қосалқы баяндауышты қосып алып күрделенеді. Мұндай қосалқы баяндауыштар қызметін көбінес модалдық мәндегі көмекші етістіктер мен модаль сөздер дара, күрделі күйде атқарады.

Кейде, осындай модалдық мәндегі сөздердің жеке тұрып екі негізді сөйлемдердің баяндауышы қызметін атқаратыны кездері де болады. Ондай жағдайды сөйлемнің мағыналық құрылымы мен интонациясы байқатады. Сөйлем мағыналық жағынан жақты да, жақсыз да болуы мүмкін. Мысалы: Ол жаққа жазда бару // мүмкін, қыста бару // мүмкін емес. Мұндай маман бізге // қажет емес – Мұндай маманның бізге // қажеті жсөк. Адалдықпен еңбек ету // әркімге қажет – Әркімнің адалдықпен // еңбек етуі қажет т.б. Міне, осы тәрізді сөйлемдерді бас мүшелерге талдау, оларды жақты немесе жақсыз, бір негізді немесе екі негізді деп ажыратып жату онайға соға бермейді. Мұндай қындық бас мүше тұрақты тіркес болып келгенде де кездеседі. Мысалы, идиомды тіркестер бас мүше болып келген сөйлемдер мағыналық жағынан қарағанда да, сырттай да екі негізді сөйлем тәрізді көрінеді. Бірақ, «Әбден қарным ашыт қалытты. (С.Асылбеков)» деген сөйлемді «қарным» – бастауыш, «ашыт қалытты» – баяндауыш, «әбден» – пысықтауыш деген күйде талдауға болмайтыны белгілі. Өйткені, «қарны ашу» – тұрақты тіркес ретінде бас мүшелерге ешбір ажыратуға келмейді. Олар семантикалық тұрғыдан өзара ажырамас тұтастықта қалыптасқан тіркестер болып табылады. Соңдықтан ол осы тұтас күйінде немесе көмекші етістікпен күрделеніп те бір ғана синтаксистік мүше (баяндауыш) қызметін атқарады да, сөйлем бір негізді жанама жақты сөйлем болады.

Сейтіп, төменде жақсыз сөйлемдердің осындай ерекшеліктері ескеріле отырып, бас мүшелерінің жасалу жолдары топтастырылды.

1. Белгілі жанама жақты сөйлемдер.

1.1. Белгілі жанама жақты сөйлемдердің бас мүшелері негізгі сөзі -у (тұйық етістік) тұлғалы қымыл есімдері арқылы жасалады.

а) Аналитикалық форманттар ыңғайында келген тұйық етістіктердің «ке~~рек~~» сөзімен тіркесіп келуі арқылы жасалғанда, аналитикалық форманттардың семантикасы бас мүшениң жалпы семантикасына елеулі әсер етеді: ...*Маган үйге сөга кету керек.* (Д.Исабеков) Қыын түйіндерді шешүге жол табатын *сауалдар қоя білу керек.* (Н.Габдуллин) Алғашқы сөйлем бас мүшесі, қозғалыстың үзіліп барып, одан әрі жалғасу мүкіндігін білдірсе, соңғы сөйлем бас мүшесінде әрекеттің нақты орындауға шешім жасау мағынасы бар.

ә) Тұйық етістіктердің жоғарыдағыдан курделі тұрларі мен «ке~~рек~~» сөзінің орнына оған қарама-қарсы мағына туғызытын «ма» сұраулық шылауының келетін көздері болады. Онда бас мүше мағынасы модалдық жағынан өзгереді: ...*Бір заманда арымды аяқтың астына тастап, бас қамын ойлан кеткен адамға енді аяуышылық көрсетіп, құшағымды жаяқарсы алу ма?* (Д.Исабеков). ...*Оның айтқанын орындаамай калу ма?* (Д.Исабеков) Екі сөйлемде де бас мүше істің орындау-орындалмауына шешімділік мағынасын береді.

б) Дара және күрделі тұйық етістіктердің тәуелденіп келіп «ке~~рек~~» сөзімен тіркесіүі арқылы: ...*Немене, сонда сол баяғының есесі үшін мені түү Ақтауга асыруы керек не?* (С.Асылбеков). ...*Бекіністі алар болсақ, шаташақ, тез алуымыз керек.* (Л.Есенберлин) ...*Сорлы ба-сым-ай, бақыт ізден нем бар еді, одан да Кулакметті суюім керек еді зой мені...* (Д.Исабеков).

Бұл сөйлемдердегі тәуелдік жалғауының мәні қимылдың логикалық иесінің жақтық көрсеткіші болу. Бұл сөйлемдерде бас мүше құрамындағы кейбір тұлғалар әсерінен қосалқы модалдық рендер қосылған (1-сөйлемде – сұраулық, 3-сөйлемде – өкініш).

в) жанама жақты сөйлем бас мүшелері -у тұлғалы тұйық етістіктің дара, күрделі, тәуелденген тұрларінің барыс жалғауында келіп «тура кел» күрделі көмекші етістігімен тіркесіүі арқылы жасалады: ...*Есімімді амалсыз үшінші рет айттуға тура келді.* (Д.Исабеков) – ...*Көрдіңіз бе, қараңғы тунде жалғыз кайтуға тура келді.* (Л.Есенберлин)

Мұндай сөйлемдердегі бас мүшелердің мағынасы амалсыздықтан, шарасыздықтан болатын іс-әрекетті көрсетеді.

г) -у тұлғалы тұйық етістіктің барыс септікте келген түріне «бол» және «мұмкін», «мұмкін емес» модаль сөздерінің тіркесіүі арқылы жасалған бас мүше әрекеттің болу-болмауын нақты немесе болжалдаپ білдіреді: ...*Ал өзінізден бұл жайыда сұрауга бола ма?* (М.Иманжанов)

Эрине, мұнодай жағадайда маган мұнда оқытуши болып калға мүмкін емес еди. (С.Көбебев)

1.2 Жанама жакты сөйлемдердің бас мүшелерінің жасалуында есімшелердің рөлі айрықша. Олар тәуелдік жалғауын қабылдаған, қабылдамаған және дара, құрделі күйлерінде басқа да көмекші тұлғалармен тіркесіп, алуан түрлі модалдық, шақтық, мағыналық ерекшеліктерде келеді. Есімшениң тәуелденген түрі сөйлемнің логикалық субъектін жақтық көрсеткіш жағынан айқындаі туследі.

а) -ған, -ген тұлғалы есімшелердің жеке тұрып жіктелген ынғайда келуі: – Ку шұнақ шалдың кімді корлаганы? (Ә.Нұрпейісов) – Ақ боз ат өзеннің ар жағына шығып кетпесін... Онда айрылғанымыз. (Ғ.Мусірепов)

Мұндағы предикаттың мағыналары – белгілі жанама жақтық мәндегі логикалық субъектілерге тән кимыл-эрекетті ғана көрсету.

ә) Есімшелердің «ма», «той», «шамалы», «шығар», «несі» т.б. тәрізді көмекші сөздерді тіркестіріп әр түрлі жалпы,райлық мәндерді білдіретін бас мүше ретінде қолданылуы жиі кездеседі: – Осымен бәрінің біткені ме? (Д.Исабеков). – Кешіріз, ата... Өзіңізге қарап сізді сексенге кимай жатканым гой. (С.Асылбеков) –...Сондықтан айтып қалайын дегенім шығар. Сонда да асырып бара жатканым шамалы-ау. (Д.Исабеков)

б) -атын, -етін, -йтін тұлғалы есімшелер мен -ған тұлғалы есімшеге «бол» көмекшісінің тіркесіп келуі арқылы жасалған бас мүшелер шешімге келу мағынасы мен шақты (еткен) нақтылау мағынасында қолданылады: – Сонда менің дайындаған тамагымның сізге ұнамайтын болғаны гой. (Д.Исабеков) – Оның Марияны ұнаттайтын болғаны ма сонда? (Д.Исабеков)

в) тәуелденген есімшелердің «бар» модалдық сөзімен тіркесіп келуі іс-эрекеттің болып кеткендігін білдіретін мағынадағы бас мүше жасайды: Осы сияқты бір ауруы бар патианың жайын бұрын да естігенім бар еди. (Ғ.Мусірепов) ...Монжалоны қырық екінші жылы күтпеген жерден тағы кездестіргенім бар. (С.Бақбергенов)

1.3 -зы, -ғі, -қы, -кі жұрнақтары арқылы жасалған кимыл есімдері «кең» көмекші етістігімен тіркесуі арқылы іс-эрекеттің орындалу-орындалмауын қалайтындық, соған ұмтылу мағынасын білдіретін бас мүше жасайды: –...Менің ешкімді сүйгім келмейді. Лике. (Д.Исабеков) –...Бар сөзің осы гой. Тәжекжан мырза! Зорлығыңа, содыр-сойқаныңа жауап та бергін келмейді гой!

 (М.Әуезов) ...Айынты екені есіне түсін кетіп, аяғына жығылып кешірім сұрағысы да кеп кетті. (Л.Есенберлин)

Кейде ауызекі сөйлеуде, сирек те болса, осындаі кимыл есімдерінің «бар» модаль сөзімен тіркесіп келуі кездеседі. Мысалы: Жиналыста осы туралы сөйлегім бар (ауызекі сөз).

1.4 Тәуелденген есім сөздер жеке тұрып та, жоғарыда көлтірілген әр түрлі қомекші, модаль мәнді сөздерді тіркестіріп те, кейде үйрлі мүше ретінде де жақсыз сөйлемнің бас мүшесін жасайды: – Жұмысын болмасын, бай өзімдік! (Б.Майлин) Ұландай азаматқа шіліп төсек, жайылып жастық болатын жөні бар емес не мұның. (Б.Мұқаев) Сенің біреуге, біреудің саған кажеті жок. (Д.Исабеков) ...Әрі кешегі оқыгадан соң оны ұмытуға да какым бар гой! (Д.Исабеков) Па, шіркін!.. Қазақы жалпақ ерге бір жамбастай шіренүін өзінің! (С.Асылбеков) Сенің бастаған бәлеңе көзді жұмып ере берер жайым жок. (М.Әуезов)

1.5 Құрамында тәуелденген зат есімдері бар тұрақты сөз тіркестері тұтасымен жанама жақты сөйлемнің бас мүшесі болады: ...Адамның неге болсын еті оліп кетеді білем. (О.Бекеев) Бірақ қазір менің сол сапалы тамақтарға тәбетім шауып тұрган жок. (С.Асылбеков) Ақ патшаның елисінің алдында қадірлі екенімді көрсетіп, айбынымды асырып қалам деген дәмесінің кулі көкке үшты. (Ә.Кекілбаев) Кеше өліп қалады екен деп зәре-иманым қалмады (Д.Исабеков) – Өзі де Абайдың ғылыми, жолында сияқты. Сонысына шілім жылиды! (М.Әуезов)

Талдаудан байқағанымыздай, жанама жақты сөйлем бас мүшелерінің барлығы дерлік айқын немесе түсірілген ілік, барыс септіктерін қажет ететіндей ыңғайда құрылған. Ондай сөздердің болуын сөйлем семантикасы да, мәтін мен сөйлеу жағдаяты да байқатады. Мұндай септік жалғаудағы сөздер синтаксистік мүшелер ретінде кейбір анықтауыштық немесе толықтауыштық қатынаста болғанымен, семантикалық жағынан белгілі бір жақтық-субъектілік мағынаны жанамалай болса да білдіреді.

2. Белгісіз жанама жақты сөйлем.

Жанама жақты құрылымдағы сөйлемдердің бірсынырасы ілік, барыс септігіндегі сөздердің синтаксистік ыңғайда да, семантикалық жағынан да онша қажет етпейді. Сырттай қарағанда ондай сөздердің қоюға болатын тәрізді көрінгенімен, сөйлем мазмұны үшін олардың аса қажеттілік мәні болмайды. Себебі, мұндай сөйлемнің семантикасы нақты логикалық субъектіден гөрі жалпылық, белгісіздік мәнді білдіруге жақын болады. Сондықтан да болу керек, кей түркітанушылар осындаи сөйлемдерді жалпылама немесе белгісіз жақты сөйлемдер түрі ретінде қарайды (Қараныз: М.Балашаев, Н.К.Дмитриев т.б.). Еңбекте мұндай сөйлемдер белгісіз жанама жақты сөйлем деген атаумен қарастырылады. Бұл сөйлемдердің бас мүшелері де негізінен жоғарыдағыдан тәсілдермен жасалатындықтан, тек мысалдар көлтірумен ғана шектелеміз. Сонымен, белгісіз жанама жақты сөйлемдердің бас мүшелерінің мынадай жасалу жолдарын көрсетуге болады:

а) Қымыл есімдеріне, қымыл есімдерінің жіктелген және барыс септікте келген түрлеріне әр түрлі модаль мәнді сөздердің (косалкы предикаттардың) тіркесуі арқылы жасалған түрлері: ...Өмірдегі барлық шыныдыққа қозді ашып, батыл қарау керек. (Д.Исабеков) ...Қайта соларга қолы батыл жасасты салу керек. (М.Әуезов) – Иә, қазір дірменді токтата туру керек. (С.Мыңжасарова) – Қайта елдің тізгініне ерік жіберу керек. (Ф.Мұсірепов) – ...Жүре жаттызып кетуге болар еді ғой. (М.Иманжанов) Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. (Абай)

ә) Көсемше және шартты рай тұлғалы етістіктерге «бол» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы: ...Мынау елдің, қажырлы елдің дәл бұл ісін аяксызын тастап болмайды. (М.Әуезов) ...Мына жұмысшыларды пәледен куткармай болмайды. (Ф.Мұсірепов) ...Қалайда дереу օқуға отырмаса болмайтын болды. (Ф.Мұсірепов) ...Бұл елдің егінге су беретін арығын жыл сайын тазалап тұрмаса болмайды. (С.Мұқанов)

б) -ған, -ғен; -мақ, -мек формалы есімшелерге «дұрыс», «жөн», «шарт», «керек» сөздері тіркесіп келу арқылы жасалады: ...Бұл екейнің қайсысын тандаган дұрыс. (Д.Исабеков) ...Сол өрістемін, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейткек керек. (Абай)

в) «не», «неге» сұрау есімдіктерінің қатысуы арқылы жасалған бас мүшелі сөйлемдер: – Бір сөздің басын дұырта беріп не керек? (Ф.Мұсірепов) – Колхозды ұйымдастырған, халыққа жасағып, көп жыл бір шаруашылықты басқарған тәжірибелі адамнан неге үйренбеске. (Ж.Еділбаев)

г) Субъектісі мүлде белгісіз болып келетін жанама жақты сөйлемдер ырықсыз етіс тұлғалары арқылы жасалатыны жөнінде жоғарыда айтылған болатын. Қазақ тілінде де осы қағида сақталғанымен, сөйлемнің бұл құрылымда қолданылуы сирек кездеседі. Оның орнына көбіне екі негізді варианты (*Ағаш егілді. Шоп шабылды. т.б.*) жиі қолданылады. Әйтсе де, бір негізді болып келетін сөйлемдердің үлгісі ретінде төмендегідей мысалдарды келтіруге болады: ...Бізде пысықтарға көп коніл болінеді. (С.Досанов) ...Жас ақынның жалған гуендеріне тезірек қатаң тыйым салынуы керек. (С.Досанов) – Хат сұрауга тыйым салынган. Сұрауга болмайды... (Д.Исабеков)

Мысалдардан көрінін тұрғанында баз мүшелер негізінен тұрақты тіркестер болып келген. Бірақ, жанама жақты сөйлемдердің басқа тұрлеріндегідей субъективтік модалдық мәнмен бірге объективтік модалдық ынғайда да келе береді.

Сонымен, талдауға алынған сөйлемдер баз мүшелерінің жасалу жолдарын, олардың мағыналарын бақылау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Жанама жақты сөйлемдердің бас мүшелері (предикат) қосалқы модальдік сөздермен тіркесіп келеді де, көбінесе сөйлеуашінің субъективтік көзқарасын білдіру ынғайында құрылады және олар үнемі күрделі құрылымда келеді.

2. Күрделі бас мүшениң негізгі сөзі ашық немесе жасырын тұрган барыс, ілік септік жалғаулы сөздермен байланысатында ынғайды келеді. Бұл ерекшелік кейде мәтін, сөйлеу жағдаятында байқалатында дөрежеде көрінеді. Мұндайда барыс, ілік септікті сөздер сөйлемнің логикалық субъектісі қызметін атқарады.

3. Осындаи құрылымдағы сөйлемдер кейде, сөйлемнің жалпы семантикасы талап етуіне байланысты субъектіні анық қажет етпейтіндей болып та құрылған болады.

4. Жақсыз сөйлемдер ырықсыз етіс тұлғасы арқылы жасалғанда, олардың субъектісі мүлде көрінбейді. Бірақ мұндай сөйлемдердің қазақ тіліндегі қолданысы біршама бәсекен.

5. Аталған ерекшеліктер жанама жақты сөйлемдерді семантикалық жағынан «белгілі жанама жақты» және «белгісіз жанама жақты» деп бөліп қарастыра да болатынын көрсетеді.

Жанама жақты сөйлемнің құрылымы мен семантикасы. Жанама жақты бір негізді сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктері «белгілі жанама жақты» және «белгісіз жанама жақты» түрлері ынғайында қарастырылады.

1. **Белгілі жанама жақты** сөйлемдердің логикалық субъектілері ілік немесе барыс септік жалғаулы есім сөздердің ашық немесе жасырын күйінде беріледі. Түсіріліп айтылғанда, олардың жақтық мәні бас мүше құрамындағы субъектімен байланысты сөздің тәуелдік жалғауында немесе барыс септік жалғауында келуінен анық байқалады.

1.1 Белгілі жанама жақты сөйлемдердің тек бас мүшеден тұратын бір мүшелі түрлері жиі кездесе бермейді. Кездескен жағдайда да, көбінесе мәтінмен, сөйлеу жағдаятымен тығыз байланысты болып келеді. Осындаи жағдайда келетін бір мүшелі жанама субъектілі сөйлемдердің құрылымдық типтерін бас мүшелердің жасалу ерекшеліктеріне қарай топтастырамыз:

а) негізгі сөзі тұйық етістіктің (-у) тәуелденіп келуі арқылы:

— *Айттауыма да болар еді, сіз бен біз екінші рет кездеспейміз гой...* (Д.Исабеков).

Кұрмаластың алғашқы сыңары – 1-жақтық субъектілік мәні бар ілік септікті анықтауышы түсірілген толымсыз жанама жақты сөйлем. Бұл мүшениң орнына қойса да болар еді, бірақ екінші жай сөйлемдегі бастауыштың анық сөзбен берілуі бұлай етуді қажет етпейді. Сондықтан сөйлем бір мүшелі болады да, оның құрылымдық үлгісі:

Б ;

E_{-у3 бол.} ^{1ж.} ;

C_{сөйл.} – П_{сөйл.} болады. Жалпы семантикасы – сөйлеушінің өзіне тән сөйлеу әрекетінің орындалмау мүмкіндігі бар екенін білдіру.

ә) негізгі сөз тәуелденіп келген есімше арқылы: – Дәркембай! *Айттасыңа болмаган шығар*. Орайлы арызың болған соң, қысылшаң жерде айтсан да айыптай алмаймын... (М.Әузев). Контекстегі асты сызылған жай сөйлем белгілі жанама жакты.

Құрылымдық үлгісі:

Б ;

E_{-с3 бол.} ^{2ж.} ;

C_{сөйл.} – П_{сөйл.}

Семантикасы – сөз арналған адресатқа тән сөйлеу әрекетінің амал-сыйдан орындалуын сөйлеуші тарапынан білдіру.

б) негізгі сөз тәуелденген зат есім: – *Жұмысың болмасын*, бай өзімдікі... (Б.Майлин). Құрмаластың алғашқы компонентінің құрылымдық үлгісі:

Б ;

Z₁_{-^{2ж.} бол.} ;

C_{әр.(болу)} – П_{әр.(болу)} болады.

Семантикасы тындаушы жақтың әрекетіне сөйлеуші тарапынан тыйым салуды білдіреді.

в) тұракты тіркестерден жасалған бас мүшелер: – *Көсегең көгерсін*, көп жаса, карагым! (Б.Нұржекеев).

Құрылымдық үлгісі:

Б ;

Z₁ E_{-^{3ж.} еп} ;

C_{әр.(сезім)} – П_{әр.(сезім)}.

Сөзілем семантикасы – сөйлеушінің тындаушыға арналған алғыс сезімін білдіру.

1.2 Екі мүшелі құрылымда келген белгілі жанама жақты сөйлемдер, ең алдымен, логикалық субъекті мәніндегі сөздер мен бас мүшес қызметіндегі сөздердің предикаттық қатынаста келіп, сөйлемнің кіші құрылымын жасайтынын көреміз. Бірақ сырттай қарағанда бұл байланыс жақтық қатынасты көрсеткенімен, мағыналық жағынан келгенде ол барлық жағдайда іс-әрекет пен оның иесі арасындағы предикаттық қатынасты білдіре бермеуі мүмкін. Көбінесе сондай қатынаска сөйлеушінің көзқарасын білдіру басым болады. Сөйлемнің предикативтік мәні оның тұтас мазмұнынан білінеді.

а) Синтаксистік құрылымы «анықтауыш – бас мүше» (А – Б) түрінде келетін екі мүшелі сөйлемдердің бас мүшелері ғана құрылымы

жағынан өзгеріп, сол ынғайда мағыналық жағынан да әр түрлі варианты болып келеді **Мысалы**:

...*Намаздыгердің болып қалғаны ғой.* (С.Асылбеков)

Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Аш – Б ;

З₂ – Е_{ган}^{3ж} ;

С_{болову} – П_{болову}.

Жалпы семантикасы белгілі бір мезгілдік құбылыстың шашаң болуына сейлеушінің таңданыс сезімін білдіру болады. Ілік септігіндегі сөз синтаксистік ынғайда ғана анықтауыш болғанымен, семантикасы – заттық-жақтық мағынада тұр. Бұл жерде бас мүшениң аналитикалық формант арқылы берілуі үлгіде толық орын алмаған. Себебі, субъектімен тәуелдік жалғауында байланысатын сол форманттың есімшелі сынары ғана, сондықтан бұл тіркес бір тұлға ретінде белгіленеді. Бірақ, аналитикалық формант беретін семантика сөйлемнің жалпы семантикасынан орын алады.

– *Менің картайғым келмейді.* (Д.Исабеков)

Кұрылым үлгісі:

Аш – Б ;

З₂ – Е_{ты}^{1ж} кел.

Жалпы семантикасы – сейлеушінің жас ерекшелігіне сай өзгерісті қаламайтын сезімін білдіру.

...*Соңғы күндері әйелінің аяғы ауырлан жүр.* (О.Бекеев) Сөйлемнің кіші құрылымдық үлгісіне мезгіл пысықтауыштың (*соңғы күндері*) пәлендей қатысы жоқ. Ал бас мүше – тұракты тіркес (идиома). Біз мұндай тұрақты тіркестің ішіндегі логикалық субъектімен қатысты сезді жақша сыртына, қалған сөздерді жақша ішіне береміз. Сонда құрылымдық үлгісі былай болады:

Аш – Б ;

З₂ – З₁^{3ж} (Е_{-ып жүр}) ;

С_{кальп} – П_{кальп}.

Сөйлемнің жалпы семантикасы белгілі бір субъектіге тән табиги өзгеріс қалпын айтуши тарарапынан білдіру болады.

Міне, синтаксистік құрылымы жағынан бірдей мүшеден тұратын (Аш – Б) екі мүшелі сөйлемдердің өзі бас мүшениң грамматикалық-модалдық ерекшеліктеріне қарай алуан түрлі семантикалық мағыналарды білдіріп жатады екен.

ә) Синтаксистік құрылымы «жанама толықтауыш – бас мүше» (Тж – Б) болатын сөйлемдер. Мұндай екі мүшелі белгілі жанама жақты сөйлемдердің ішіндегі барыс септігі арқылы келген түрінің сөздің лексика-грамматикалық мағынасына қарай және олардың бас мүшемен мағыналық байланысына қарай бірнеше варианты болады.

1) Барыс септік жалғаулы сөздің логикалық жағынан субъектілік күзметі басым сезіледі:

— *Саган бұлай етуге болмайды!* Сен әлі жассын... (Д.Исабеков)

Күрылымдық үлгісі:

$T_{ж}$ — Б ;

Z^3 — Е_{бол.} ;

$C_{эр.}$ — П_{эр.} .

Жалпы семантикасы сөз арналған субъект жағынан болуға тиіс еректеге сөйлеуші тарапынан тыйым салуды білдіреді.

Осылай сөйлемдерде жакты айқындай тұсу максатында каратпа сөздер қабаттаса қолданылады және бас мүшениң басқа да түрлеріне қарай мағына модалдық-семантикалық өзгерістерге ұшырайды:

— *Саган, Серега, соғыс бітіп, үйіне барған соң есеп беруге тұра келеді.* (С.Луганский) Асты сызылған сөздер тіркесі сөйлемнің кіші күрылымын белгілейді. Күрылымдық үлгісі:

$T_{ж}$ — Б ;

Z^3 — Е_{тура кел.} ;

$C_{эр.}$ — П_{эр.} .

Сөйлем семантикасы – адресаттың орындауға тиіс ерекетіне сөйлеушінің көзқарасын (ұсынысын, талабын) білдіру.

Ал мына сөйлемді сыртқы қүрылымдық ұқастығына қарай жоғарыдағы сөйлемдермен бірдей мағыналық қүрылымда деп есептеуге болмайды. Жоғарыдағы сөйлемдерде адресаттың субъектілік (іс иесі) мағынасы басым болса, бұл сөйлемде оның объектілік мәні басым:

— Салтанат, Салтанат, Салтанат! *Не болды саган?* (Д.Исабеков)

Осылай сөйлемдердің бір ерекшелігі – бас мүшениң бастауыш-баяндауыштық қатынаста келіп, бір мүше курауы болса, екіншіден, осы куранды бас мүше үш жакқа да бірдей өзгеріссіз қатысты бола береді (маған, саған, оған). Сөйлемнің актуализациялық ерекшелігіне қарай мүшелеңдердің орны ауысып келген. Бірақ ол сөйлем семантикасына әсер етпейді. Күрылымдық үлгісі:

$T_{ж}$ — Б ;

Z^3 — Е_{бол.} ;

(C)O_{сезім} — П_{сезім} .

Жалпы семантикасы – адресаттық объектіде болған психологиялық құбылысты білуге сөйлеушінің құштарлығын білдіруі.

Барыс жалғаулы басқа да есім сөздердің объектілік мағынада бас мүшемен тіркесіп екі мүшелі қүрылым жасауы сирек те болса кездесіп қалады. Олай дейтін себебіміз – бұл септік жалғауы мекен, бағытты білдірген кезде пысықтауыштық қатынаста болады.

...Алғаш рет өз үйіне жасы ашиды. (Д.Исабеков) Әдетте «үйіне» сөзі мекен-орынды білдіргенімен, бұл жердегі оның синтаксистік

мағынасы үй-іші адамдарын білдіру болғандықтан, ол толықтауыш болады. Сонымен, сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$T_{ж} - Б;$
 $З_{ж}^* - Е^{3*};$
 $C_{сезим}^{\phi} - О_{сезим} - П_{сезим}.$

Бұл түрғыдан ол екі мүшелі. Ал мағыналық жағынан келсек, бас мүшениң негізгі есім сөзі тәуелдік жалғаулы болуына байланысты үш компонентті болады: субъект-объект-предикат.

Семантикасы бөгде жақтың объектіге бағытталған сезімі сөйлеуші тараپынан шындыққа сай түрғыда берілгендейті білдіреді.

Жанама толықтауышты болып келетін мұндай құрылым жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде аз кездеседі:

– Осы жана *поездан түскен күйтіміз*. (С.Асылбеков)

Құрылымдық үлгісі:

$T_{ж} - Б;$
 $З_{ж}^* - Е^{31k};$
 $C_{ким}^{\phi} - О_{ким} - П_{кимыл}.$

Сөйлем семантикасы ішінде сөйлеуші де қатысқан көптеген субъектіге тән қимылдық басталар орнын сөйлеуші тараپынан білдіру болады.

– *Хатыымен айқайласуыма бола ма?* (З.Шашкин)

Құрылымдық үлгісі:

$T_{ж} - Б;$
 $З_{ж}^* - Е^{1ж};$
 $C_{сөйлеу} - О_{сөйлеу} - П_{сөйлеу}.$

Жалпы семантикасы сөйлеушінің жақтық объектіге бағытталған әрекетіне өз көзкарасын білдіруі болады.

б) Құрылымы «тура толықтауыш – бас мүше» ($T - Б$) болып келетін екі мүшелі сөйлемдер де синтаксистік құрылымы жағынан екі мүшелі деп есептелгені болмаса, мағыналық жағынан үш компонентті болады. Субъекті әр уақытта ілік жалғаулы сөз болады.

– ...Кете берініз! *Сізді көргім де келмейді!* (Д.Исабеков)

Құрылым үлгісі:

$T - Б;$
 $З_{ж}^* - Е^{1ж};$
 $C_{көрү} - О_{көрү} - П_{көрү}.$

Семантикасы сөйлеушінің объект-адресатка бағытталған көрү әрекетін орындауга құлдыксыз екендігін білдіреді.

– ...Бұл жер, бауырым, қала емес – ауыл!.. *Осыны ұмытпағаның жөн!* (Ғ.Тәшімбаев) Сөйлемнің құрылым үлгісі:

$T - Б;$
 $З_{ж}^* - Е^{2ж};$
 $C_{ойлау} - О_{ойлау} - П_{ойлау}.$

Сөйлем семантикасы адресат әрекетінің объектіге тұра бағытталуына сөйлеуші таралынан талап қоюды білдіреді.

в) «Пысықтауыш – бас мүше» (Пш – Б) құрылымындағы жанама субъектілі сөйлемдердің жақтық ұғымы да негізінен ілік септікті сөздер арқылы белгілі болады. Пысықтауыштардың жасалу жолына және бас мүшенің құрылымдық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі сөйлем вариантыны болады:

1) пысықтауыш шығыс септікті сөзден:

– Бастаныңыз неғып қосыла қалған?

– *Жиналыстан шыққанымыз гой.* (Б.Мұқаев) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Пш_{мек.} – Б ;
3₃ – Е_{-танғой}^{1ж} ;
С_{коғ.} – А_{мек.} – П_{коғ.}.

Сөйлемнің жалпы семантикасы – ішінде сөйлеуші де бар көптеген субъектінің қимылын шыққан (басталған) орны жағынан сөйлеуші таралынан нақтылай көрсету.

2) пысықтауыш барыс септікті сөзден: ...*Вокзалга қарағай бұрылғым келді.* (Д.Исабеков) Құрылымдық үлгісі:

Пш_{мек.} – Б ;
3_{3 көм.} – Е_{-ғыз кел.}^{1ж} ;
С_{коғ.} – А_{бағыт} – П_{коғ.}.

Жалпы семантикасы – сөйлеуші өз қимылын белгілі бір мекендік объектіге бағыттауға мүдделі екенін білдіреді.

3) пысықтауыш жатыс септікті сөзден: – Мен қайтайын, бірсігүні жұмыста болуым керек. (Д.Исабеков) Құмаластын екінші компонентінің құрылымдық үлгісі:

Пш_{мек.} – Б ;
3₅ – Е_{керек}^{1ж} ;
С_{ар.} – А_{мекен} – П_{ар.} болса, жалпы семантикасы – сөйлеуші өз қимыл-әрекетін орны жағынан нақтылай көрсетеді.

4) пысықтауыш үстеулер арқылы жасалады: – ...*Ақырын сөйлер жайым жоқ.* (С.Асылбеков) Құрылым үлгісі:

Пш_{сқ} – Б ;
Y_{сқ} – Е_{-ер}^{3_{1ж}} ;
С_{сөйлеу} – А_{сқ} – П_{сөйлеу}.

Сөйлемнің жалпы семантикасы – сөйлеуші өзінің сөйлеу әрекетін сапалық жағынан өзгертуге мүдделі емес екенін білдіреді.

5) пысықтауыш көсемшелерден жасалады: ...*Өліп қалады еken dep зәре-иманым қалмады.* (Д.Исабеков) Құрылым үлгісі:

Пш_{себеп} – Б ;
...Е_{-ип кал. көм.} – (3^{1ж})Е^{1ж} ;

$C_{\text{калып-күй}} - A_{\text{себеп}} - \Pi_{\text{калып-күй}}$

Жалпы семантикасы – сөйлеуаш өзінде болған сезімдік өзгерістің себебін білдіреді.

1.3. Белгілі жанама жақты деп аталатын сөйлемнің үш мүшелі болып құрылуының екі жолы бар екені байқалады: бірі – бас мүшениң бір тұрлаусыз мүшемен және ілік немесе барыс септік жалғауларында тұрып логикалық субъектіні білдіретін анықтауыш және жанама то-лықтауыштармен тіркесуі болса, екіншісі – бас мүшениң ілік септікті анықтауыш пен барыс септікті толықтауыштан басқа тұрлаусыз мүшельермен тіркесіп келуі болады. Соңғы жағдайда сөйлемнің логикалық субъектісі бас мүше құрамы арқылы белгілі болады да, сөйлемнің синтаксистік құрылымы да логикалық құрылымы да үш мүшелі болып келеді.

Осындай құрылымда келген сөйлемдердің өзі тұрлаусыз мүшельердің тұра, жанама толықтауыштар, әр түрлі мағыналы пысықтауыштар болуына қарай және бас мүше құрылымы мен олардағы әлементтердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай да алуан түрлі сөйлем вариантыны жасалады.

1) Аш – Т – Б варианты:

а) бас мүше есімше арқылы жасалады: ...*Оның Марияны ұнаттайтын болғаны ма?* (Д.Исабеков) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б ;

$Ec_2 - 3^4 - E^{3ж} ;$
 $C_{\text{сезім}} - O_{\text{сезім}} - \Pi_{\text{сезім}}$

Сөйлем семантикасы – бөгде жақтың белгілі бір объекті-жаққа арналған сезімдік әрекетіне сөйлеушінің құмәнін білдіру.

– *Кү шұнақ шалдың кімді басынғаны?* (Ә.Нұрпейісов) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б ;

$3^2 - Ec_4 - E^{3ж} ;$
 $C_{\text{ер.}} - O_{\text{ер.}} - \Pi_{\text{ер.}}$

Жалпы семантикасы – бөгде жақтың белгісіз объекті-жаққа бағытталған әрекетіне сөйлеушінің көзқарасын білдіруі.

ә) бас мүше қымыл есімдерден (-у, -зы) жасалады: ...*Одан да Құлахметті суюм керек еді гой менің.* (Д.Исабеков) Сөйлемнің актуализациялық ерекшелігіне қарай субъектіні білдіретін ілік септікті сезіндің орны ауысып келген. Бұл орын ауысу сөйлемнің магынасына нұқсан келтіре алмайды. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі мынадай болады:

Т – Б – Аш ;

$3^4 - E_{\text{у керек}}^{1ж} - Ec_2 ;$
 $C_{\text{ер.(сезім)}} - O_{\text{ер.}} - \Pi_{\text{ер.(сезім)}}$

Сөйлемнің жалпы семантикасы – сейлеуші жақтың белгілі бір обьекті-жаққа бағытталып, жүзеге аспаған сезімдік әрекетіне өкініш білдіруі.

– ...Мениң ешкімді сүйгім келмейді, Лиқа. (Д.Исабеков)

Құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б ;

E₂ – E₄ – E_{1ж} ;

C_{ар(сезім)} – O_{ар.} – П_{ар(сезім)}, болады да, жалпы семантикасы – сейлеуші өзінсөн сезімдік әрекеттін ешбір жақтық-объектіге бағытталмайтындығын түңілу ренқінде білдіреді.

б) бас мүшесі тұрақты тіркестер арқылы жасалған: ...Қиястың тұла-бойын үрэй билеп кетті. (Т.Нұрмаганбетов)

Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Аш – Т – Б ;

3₂ – 3₄ – E(3, E_{инкет})^{3ж} ;

A_{зат} – O_{ар(сезім)} – П_{ар(сезім)}.

Сөйлем құрылымдық жағынан жогарыдағы сөйлемдермен бірдей тәрізді көрінгенмен, олардан мағыналық жағынан ерекшелігі бар. Мұндағы ілік септік жалғауының сөйлем субъектісін білдіруге еш мүмкіндігі жоқ. Себебі, ол меншік иесі ретінде қатынастықты білдіреді, нақтырақ айтқанда, ол тікелей толықтауыш болып тұрған сөздің (тұла бойы) иесі, сонымен изафеттік қатынаста болғандықтан ғана анықтауыш болып тұр. Сейлем мағынасы бойынша «үрэй» сөзінің бастауыш болуға мүмкіндігі бар сияқты. Бірақ ол тұрақты тіркес құрамында тұрып баяндауыш позициясын иеленген. Сөйлемнің жанама жақтылығының өзі, міне, осы құрылым ыңғайында қалыптасады. Ал сөйлемнің бөгде субъектілік мағынасы да осы «үрэй» сөзімен қатысты болғандықтан, сол күйінде сақталады.

Сонымен, бұл сөйлемнің семантикасы бөгде бір субъектінің дене мүшесі болатын заттық обьектіге бағытталған сезімдік әрекетті сейлеуші атынан шындыққа сай етіп білдіру болып табылады.

2) А – Т – Б құрылымындағы сейлемдердің де түрлі варианттары болады. Ол, біріншіден, анықтауыш мүшениң бірде жанама толықтауышқа, бірде баяндауышқа (бас мүше) қатысты болуына байланысты болса, екіншіден, жанама толықтауыштардың әр түрлі септік жалғауында келуіне байланысты болады. Оның үстінен, бас мүшениң түрлі мағыналық құрылымдары да бұған елеулі эсер етеді. Соңықтан, олардың тек етістік негізде келген түрлерін ғана іріктеп, мысал ретінде талдаймыз.

а) – ...Мениң әлі сізбен біраз сойлескім келеді... (М.Әуезов) Сөйлемнің құрылым үлгісі:

Аш – Т_ж – Б ;

$E_{C_2} - E_{C_7} - E_{opt. k_i}$ ж.;
 $C_{er.(сейл.)} - O_{er.} - P_{er.(сейлеу)}$.

Сөйлем семантикасы – сөйлеуші жақтың адресат жақпен ортак әрекет жасауға ниет білдіруі. Сөйлемнің барлық күрылым үлгісі үш мүшелі. Себебі, логикалық субъекті ілік септігінде келіп, әрі анықтауыш, әрі сөйлеуші жақтың өзі болып тұр. Бұлай болмаган жағдайда семантикалық компонент төрт мүшелі болады.

ә) – Сонда менің дайындаған *тамагымның* сізге ұнаматтың болғаны ғой. (*Д.Исабеков*) Құрылымдық үлгісі:

Аш – Т_{*} – Б ;
 $Z_2 - Z_2 - E_{итих бол.}$;
 $C_{er.(сезим)} - O_{er.(сезим)} - P_{er.(сезим)}.$

Жалпы семантикасы – сөйлеуші жақ өз әрекеттің нәтижесі ретіндеғі заттық обьектінің адресат-объектіге бағытталуының сезімдік сипатын (ұнамау) білдіреді.

3) Т_{*} – А – Б құрылымындағы сөйлемдер осының алдындағы вариантын актуализацияланған түрі: ...Ондай жерде *маған ұят атаулының* керегі болmas еді. (*Д.Исабеков*)

Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

Т_{*} – Аш – Б ;
 $Z_3 - Z_2 - Z_1^{3ж.}$;
 $C_{er.(болу)} - A_{меншік} - P_{er.(болу)}.$

Сөйлем семантикасы – сөйлеуші жақтың белгілі бір психологиялық құбылысты өзіне қажетсінбейуін білдіруі.

4) Аш – Пш – Б варианты: – *Барлас ақынның біздің үйге қонақ бол кеткені бар еді.* (*М.Әуезов*) Сөйлем құрылымы:

Аш – Пш_{мек.} – Б ;
 $Z_2 - Z_3 - Z_1^{3ж.}$;
 $C_{er.(болу)} - A_{er.(болу)} - P_{er.(болу)}.$

Сөйлемнің жалпы семантикасы – бөгде жаққа тән іс-әрекеттің белгілі бір орынға сай жүзеге асқанын сөйлеуші тарапынан білдіру.

5) Пш – Аш – Б варианты: ...*Bireudі көргенде адам бойындағы кайының үдей тусетін әдеті шығар.* (*Д.Исабеков*) Құрылымдық үлгісі:

Пш_{мезг.} – Аш – Б ;
 $Z_4 E_{-ген5} - Z_2 - \dots E_{-тін} Z_3^{3ж.}$;
 $C_{er.(ойтай)} - A_{er.(мезг)} - P_{er.(ойтай)}.$

Семантикасы – адам бойындағы психологиялық өзгеріс қарқынын сөйлеуші тарапынан мезгілге қатысты етіп көрсетуі.

6) Толықтауыштар катысқан сөйлемдердің вариантыннан:

а) Т – Т_{*} – Б құрылымындағы сөйлемдер (бұдан былай үлгінің морфологиялық және семантикалық түрлері ғана беріледі):

— Кешірініз ата!.. Өзіңізге қарап сізді сексенге қымай жатқаным гой. (С.Асылбеков) (Кұрылым үлгісіне морфологиялық және семантикалық үлгілер ғана алынды):

$$\begin{array}{c} \text{З}_4 - \text{З}_3 - \dots \text{Е}_{\text{-кан}}^{\text{1ж}}; \\ \text{С}_{\text{ар.(сезім)}} - \text{О}_{\text{ар.}} - \text{О}_{\text{ар.}} - \text{П}_{\text{ар.(сезім)}}. \end{array}$$

Жалпы семантикасы – сөйлеушінің объекті-жақтың жасына қатысты сезімдік әрекетін білдіруі.

ә) Т_{*} – Т – Б: ...Сол көзқарасының өзінен-ак әлденеден қауіптеніп тұрғанын ангаруга болатын еді. (Д.Исабеков)

Кұрылымдық үлпіс:

$$\begin{array}{c} \text{Ес}_6 - \dots \text{Е}_{\text{-бып тұра}}^{\text{3ж}} - \text{Е}_{\text{-үд бол}}^{\text{3ж}}; \\ \text{С}_{\text{ар.}} - \text{О}_{\text{калып}} - \text{О}_{\text{ар.}} - \text{П}_{\text{ар.}} \end{array}$$

Семантикасы – бөгде жақтың ойлау әрекеті оның сезімдік құбылысын таныттыны сөйлеуші тарапынан хабарланады, т.б.

7) Т – П – Б құрылымдағы сөйлемдердің де пысықтауыштың түрлеріне қарай бірнеше варианты болады:

а) Т – П_{мөлші} – Б: ...Есімімді амалсыз үшінші рет атаяuga тұра келді. (Д.Исабеков) Кұрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{З}^1_{\text{4}} - \text{Сан}_{\text{рет}} - \text{Е}_{\text{-үз көм.}}^{\text{3ж}}, \\ \text{С}_{\text{ар.(сейл.)}} - \text{О}_{\text{ар.}} - \text{А}_{\text{мөлші.}} - \text{П}_{\text{ар.(сейлеу).}} \end{array}$$

Сейлемнің жалпы семантикасы – сөйлеуші жақ өзінің объектіге бағытталған сөйлеу әрекетін сандық мөлшер жағынан нақтылай білдіреді.

ә) Т_ж – П_{мекен} – Б: ...Маган үйге соға кету керек. (Д.Исабеков) Кұрылымдық үлгісі:

$\begin{array}{c} \text{З}_3 - \text{З}_3 - \text{Е}_{\text{-а кет. көм.}}; \\ \text{С}_{\text{коғ}} - \text{А}_{\text{коғ}} - \text{П}_{\text{коғ}} \end{array}$ болады, ал семантикасы – сөйлеуші жақ өз қозғалысының бағытталар орнын нақтыладап көрсетеді. Бел сейлемнің грамматикалық құрылымы да, семантикалық құрылымы да үш мүшелі болып тұр. Оған себеп – логикалық субъектінің толықтауышпен сәйкес келуі.

б) Т – П_{сқ} – Б: ... Машинадағы қойларды адаптация мен алмаганына күмән жоқ. (Ә.Әлімжанов) Сейлемнің құрылымы:

$\begin{array}{c} \text{З}_4 - \text{Сын} \text{З}_7 - \text{Е}_{\text{-ған}}^{\text{3ж}}; \\ \text{С}_{\text{күмән}} - \text{О}_{\text{күмән}} - \text{А}_{\text{сқ}} - \text{П}_{\text{күмән}}, \end{array}$ семантикасы – бөгде жақтың объектіге тұра бағытталған әрекетіне сөйлеушінің күмәнін білдіру.

8) П – П – Б құрылымындағы сөйлемдер (бұлар да бірнеше варианты болады, біреуіне ғана мысал келтірілді): ...Ол жаққа тағы бір қаралым келді. (Д.Исабеков) Кұрылымдық үлгісі:

$\begin{array}{c} \text{Ес} \text{З}_3 - \text{Сан} - \text{Е}_{\text{-ғы кел.}}^{\text{1ж}}; \\ \text{С}_{\text{ар.}} - \text{А}_{\text{мек.}} - \text{А}_{\text{мөлш.}} - \text{П}_{\text{ар.}}, \end{array}$ семантикасы – сөйлеуші өзінің белгілі бір орынға бағытталған көру әрекетін мөлшер жағынан нақтылайды.

1.4. Жанама белгілі жақты сөйлемдердің **төрт мүшелі** синтаксистік құрылымда келетін түрлери де бар. Бұлардағы тұrlаусыз мүшелердің позициялық ерекшеліктері мен лексика-грамматикалық, мағыналық құрылымдарына қарай варианттары да көп болады. Сондықтан бірнеше мысалмен ғана шектелуге тура келеді.

а) А – А – Т – Б құрылымындағы сөйлемдер: ...Осы сияқты бір ауруы бар патшаның жайын бұрын да естігенім бар еді. (F.Mусірспов) Сөйлемдегі асты сызылған сөздердің тіркесі сөйлемнің кіші мағыналық құрылымына сәйкес келетін үлгіні құрайды. Бұл жерде сөйлемнің синтаксистік құрылымы үшін «ауруы бар» тіркесі артық болып көрінуі мүмкін. Бірақ оны сөйлемнің мағыналық құрылымы қажет етеді. Өйткені, сөйлемнің негізгі мазмұнына тема ретінде алынып отырылған «патшаның жайы» деген тіркес әңгіменің кез келген патша емес, аурулы патша екенін білдіреді. Екіншіден, «патшаның» деген ілік жалғаулы сөздің бас мүшеге қатысы жоқ, сондықтан ол субъектілік мәнді білдіре алмайды. Бұл сөз «жайы» сөзімен меншіктілік қатынаста болады. Сейтіп, ол анықтауыштық қызмет атқарады. Ал субъектілік мән бас мүшедегі 1-жақтық тәуелдік жалғауынан белгілі болады. Сонымен, бұл сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{3}_1^{\text{ж}} - \text{3}_2 - \text{3}_4 - \text{E}_1^{\text{ж}}; \\ \text{C}_{\text{ер.(есту)}} - \text{A}_{\text{хал}} - \text{O}_{\text{ер}} - \text{П}_{\text{ер(есту)}} \end{array} \text{ болады. Семантикасы – сөйлеушінің белгілі бір обьекті-жақтың физиологиялық жағдайын білуғе бағытталған сезімдік (есту) әрекетінің жүзеге асқанын білдіру.}$$

ә) П – А – Т – Б құрылымындағы сөйлемдер: – Бала ушін ежелгі достармен ренжісіуімізге де тұра келер. (Д.Исабеков) Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{3}_1^{\text{ж}} - \text{Сын} - \text{3}_7 - \text{E}_1^{\text{ж}}; \\ \text{C}_{\text{ер}} - \text{A}_{\text{ себеп}} - \text{A}_{\text{ катыс.}} - \text{O}_{\text{ер}} - \text{П}_{\text{ер}}. \end{array}$$

Сөйлем семантикасы – сөйлеуші жақтың баска да субъектілермен ортақ әрекетінің белгілі бір себептен болу мүмкіндігінің бар екенін білдіру.

Сонымен, талдау көрсеткенідей, бұл сөйлемдердегі жақтық қатынас екі негізді сөйлемдердегідей тікелей іс-әрекеттің иесі ретіндегі жақтық қатынасты білдірмейді. Ол (субъекті-жак) сөйлем семантикасын (мазмұнын) құрауға қатысатын мүшелердің (лексикалық немесе грамматикалық) қатарында немесе сөйлемнен тыс тұрып, бас мүшемен жанамалай болса да мағыналық қатынаста болады және морфологиялық жағынан ілік немесе барыс жалғауларының бірінде тұрады. Міне, сондықтан да, сөйлем грамматикалық құрылымы жағынан «жаксыз» аталаудың көбінесе жақсыз жағынан субъектінің қатысы белгілі болып тұратындығына байланысты екенін жогарыдағы мысалдар дәлелдейді.

2. Жанама жакты сөйлемдердің «белгісіз жанама жақты» түрлері бас мүшелерінің жасалуы жағынан жоғарыдағы сөйлемдерге ұксас болып келгенімен, олардың жақтық мағынаның мүлде көрінбеуіне қарай ажыратылатындықтан, арнайы бөлек қаралып отыр. Сөйлемнің осылай құрылудың басты себебі – негізгі хабар предикат бас мүшесінде беріледі де, оның белгілі бір жаққа қатысы міндепті болмайды. Нәктырақ айтқанда, адам орындауға тиіс іс-эрекет, қимылдың белгілі бір орындаушыға бағытталғаны байқалмайды. Осындай сөйлемдердің катарына жанама жақты сөйлемдердің ырықсыз стіс тұлғасы арқылы жасалған түрі де енеді. Сонымен, жанама жақты сөйлемнің бұл түрін де жоғарыдағыдан түрде, бас мүшениң тұrlаусыз мүшелермен жайылмалануы ынғайында қараймыз.

2.1. Бір мүшелі, нөл орынды яғни бір ғана бас мүшениң өзінен тұратын сөйлемдік құрылым, негізінен, кездеспейді, кездескен жағдайдағы өзінде мәтін ішінде немесе жағдаяттық ынғайдың көздеседі. Осындай жағдайда сөйлем толымсыздығы байқалып, ол логикалық субъектінің түсірілуінен көрінеді. Мұндайда сөйлем жанама субъектілі толымсыз сөйлем ретінде танылады. Мысалы: – Аландамай, (*сізге*) *абай болу керек* қой, періште!.. (Д.Исабеков) – Иә, (*сізге*) *солай еткен жөн*. (Д.Исабеков) – Демек, (*бізге*) *асырудың қажеті жоқ екен*. (Д.Исабеков) Міне, осы мысалдар негізінде субъектісіз сөйлемдер бір компонентті құрылымда кездеспейді деген қорытынды жасауға әбден болады.

2.2 Екі мүшелі бір орынды сөйлем түрлері.

а) Т – Б құрылудың сөйлемдер:

– Эке, мынаны тоқтаппаса болмас... (*С.Мыңжасарова*) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{З}^4 - \text{Е} \\ \text{C}^{\text{а}}_{\text{р}} - \text{О}^{\text{а}}_{\text{р}} - \text{П}^{\text{а}}_{\text{р}} \end{array}$$

Семантикасы – объектіге тұра бағытталған белгісіз субъекті әрекетінің қажеттілігін сөйлеуші тарапынан білдіру.

– Тесік тамақты тығындау керек... (*F.Mүсірепов*)

Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{З}^4 - \text{Е}^{\text{а}}_{\text{рек}} \\ \text{C}^{\text{а}}_{\text{р}} - \text{О}^{\text{а}}_{\text{р}} - \text{П}^{\text{а}}_{\text{р}} \end{array}$$

Сөйлем семантикасы – объектіге тұра бағытталған белгісіз субъектінің әрекетінің қажеттілігін сөйлеуші тарапынан білдіру.

ә) Т_ж – Б құрылудың сөйлемдер: ...*Оқуға отырмаса болмайтын болды.* (*F.Mүсірепов*) Сөйлемнің құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{З}^3 - \text{Е}^{\text{а}}_{\text{бод}} \\ \text{C}_{\text{калып}} - \text{О}_{\text{калып}} - \text{П}_{\text{калып}} \end{array}$$

Семантикасы – белгілі бір процеске бағытталған белгісіз субъекті әрекетінің қажеттілігін сөйлеуші тарапынан білдіру.

...Құнанбаймен ақылдаусуға болмайды. (М.Әуезов)

Құрылымдық үлгісі:

$Z_3 - E_{\text{ура бол.}}$;
 $C_{\text{әр.}} - A_{\text{әр.}} - \Pi_{\text{әр.}}$.

Сөйлемнің жалпы семантикасы – белгісіз жақтың белгілі бір обьекті-жақпен бірлескен әрекетіне тиым салу сөйлеуші тарарапынан беріледі.

б) П – Б құрылымындағы сөйлемдер: ...Енді не істей керек? (Д.Исабеков) Құрылымдық үлгісі:

$Y_{\text{мезг.}} - E_{\text{-у керек}}$;
 $C_{\text{әр.}} - A_{\text{мезг.}} - \Pi_{\text{әр.}}$.

Семантикасы – белгісіз жақтың белгілі бір мезгілге қатысты әрекетінің орындалуына сөйлеуші тарарапынан шарасыздық таныту. ...Карақойын, Қашырлыға көшкен жөн. (Л.Есенберлин)

Құрылымдық үлгісі:

$Z_3 - E_{\text{-көн жөн}}$;
 $C_{\text{қозғ.}} - A_{\text{мек.}} - \Pi_{\text{қозғ.}}$.

Сөйлем семантикасы – белгілі бір мекенге бағытталған белгісіз жақ қозғалысна сөйлеуші тарарапынан нұсқау.

2.3 Үш мүшелі екі орынды сөйлемдер.

а) А – Т – Б :

...Кәрі адамдарды кешіруге болады. (Д.Исабеков)

Құрылымдық үлгісі:

Сын – $Z_4 - E_{\text{-үте бол.}}$;
 $C_{\text{әр.}} - A_{\text{әр.}} - \Pi_{\text{әр.}}$.

Семантикасы – белгілі жағдайдағы жақтық обьектіге бағытталған белгісіз жақтың әрекетін сөйлеуші жақ тарарапынан білдіру.

...Оның айтқанын орындағай қалу ма? (Д.Исабеков)

Құрылым үлгісі:

$Z_3 - E_{\text{-кан4}} - E_{\text{-й кан}}$;
 $C_{\text{әр.}} - A_{\text{әр.}} - \Pi_{\text{әр.}}$.

Сөйлемнің жалпы семантикасы – бөгде жақтың сөйлеу әрекетін бодырмауға белгісіз жақтың мүмкіншілігі жоқтығын сөйлеуші тарарапынан білдіру.

...Бұл екеуінің қайсысын таңдаған дұрыс? (Д.Исабеков) Құрылымдық үлгісі:

$Z_2 - Ec_4 - E_{\text{-тан дұрыс}}$;
 $C_{\text{әр.}} - A_{\text{әр.}} - \Pi_{\text{әр.}}$.

Семантикасы – белгілі бір сандық обьектінің бөлшегі болатын обьектіге бағытталған белгісіз жақ әрекетінің дұрыстығына сөйлеушінің көзі жетпенеу.

ә) А – Т_{*} – Б :

–...Сондықтан сенің сөзіңе ренжсуге болмайды. (Д.Исабеков).

Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{З}_2 - \text{З}_3 - \text{E}_{\text{үте бол}}; \\ \text{С}_{\text{куй}} - \text{А}_{(\text{суб.})} - \text{О}_{\text{куй}} - \text{П}_{\text{куй}}. \end{array}$$

Сөйлем семантикасы – адресаттық субъектінің сөйлеу әрекетіне қатысты белгісіз жақтың көніл-күйін сөйлеушінің субъективтік көзқарасы түрғысынан білдіру.

...Көп жыл ел басқарған тәжірибелі адамнан неге үйренбеске.
(Ж.Еділбаев)

Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{Сын} - \text{З}_6 - \text{EcE}; \\ \text{С}_{\text{әр.}} - \text{А} - \text{О}_{\text{әр.}} - \text{П}_{\text{әр.}}. \end{array}$$

Жалпы семантикасы – сөйлеуші белгісіз жаққа тән белгілі бір әрекеттің шығар (басталар) объектісін сапалық жағынан айқындалап көрсетеді.

б) Т – Т_ж – Б : ...Арқа-басыңызды бұдан былайғы ауыртпальқтан босату керек. (М.Әуезов) Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{З}_4 - \text{З}_6 - \text{E}_{\text{ү керек}}; \\ \text{С}_{\text{әр.}} - \text{О}_{\text{әр.}} - \text{О}_{\text{әр.}} - \text{П}_{\text{әр.}}. \end{array}$$

Сөйлем семантикасы – тұра объектіге эсер ету мақсатында соған қатысты жанама объектіге бағытталған белгісіз жақ әрекетінің қажеттілігін сөйлеуші тараҧынан білдіру.

Кейде тұра және жанама толықтауыштардың орындары ауысып та келеді (Т_ж – Т – Б). Мысалы: ...Қайта оларға қолы батыл жасты салу керек. (М.Әуезов) Сөйлемнің құрылым үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{З}_3 - \text{З}_4 - \text{E}_{\text{ү керек}}; \\ \text{С}_{\text{әр.}} - \text{О}_{\text{әр.}} - \text{О}_{\text{әр.}} - \text{П}_{\text{әр.}}. \end{array}$$

Жалпы семантикасы – жанама объектіге эсер етуші тұра объектіге бағытталған белгісіз жақ әрекетінің қажеттігін сөйлеуші жақ тараҧынан білдіру.

в) Т – П – Б : ...Білім де аңшының бүркіті сияқты. Оны орнымен жұмыссау керек. (Д.Исабеков) Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{c} \text{Ec}_4 - \text{З}_7 - \text{E}_{\text{ү керек}}; \\ \text{С}_{\text{әр.}} - \text{О}_{\text{әр.}} - \text{А}_{\text{әк}} - \text{П}_{\text{әр.}} \end{array}$$

б) болады да, семантикасы – белгісіз жақтың белгілі бір объектіге бағытталған әрекетінің белгілі бір сипатта етуіне сөйлеушінің нұсқауы болады.

Пысықтауыш мүшелердің мағыналық түрлеріне қарай осындаи сөйлемдердің де бірнеше варианттары болады және соған сай олардың семантикаларында өзгерістер болып отырады. Мысалы: ...Әуелі бәрін ойда жазып алу керек. (Д.Исабеков) деген сөйлемде пысықтауыш мекенді білдіріп түрғандықтан, сөйлем семантикасы объектіге бағытталған белгісіз жақ әрекеті өтетін орны жағынан айқындалады т.б.

г) $T_{*} - П - Б$: Жауыңда да парасатпен қаралу керек. (Д.Исабеков)
Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{l} 3_3 - 3_2 - E_{-y \text{ керек}}; \\ C_{\text{көрү}} - O_{\text{көрү}} - A_{\text{сқ}} - \Pi_{\text{көрү}}. \end{array}$$

Жалпы семантикасы – белгісіз жақтың объектіге бағытталған көрү әрекетінің белгілі бір сипатта болуына сөйлеушінің субъективтік көзқарасын білдіруі.

д) $\Pi - П - Б$: – Көрдіңіз бе, қараңғы түнде жалғыз кайтуға тұра келді. (Л.Есенберлин) Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{l} 3_5 - Y_{\text{менш.}} - E_{-y^3 \text{ тұра кел}}; \\ C_{\text{козг.}} - A_{\text{мезг.}} - A_{\text{менш.}} - \Pi_{\text{козг.}}. \end{array}$$

Семантикасы белгісіз жаққа тән қозғалыстың орындалуы сөйлеуші тарапынан мөлшерлік және мезгілдік жағынан нақтылай көрсетіледі.

Осындай құрылымдағы сөйлемдерде де пысықтауыштардың орындарының ауысуы және мағыналық түрлерінің өзгерістері олардың әр түрлі варианттарын туғызады және семантикасына өзгерістер әкеледі.

Сонымен, үш мүшелі белгісіз жанама жақты сөйлемдердің жасалуында баяндауыш құрамынан гөрі, оның қандай сөйлем мүшелерімен байланыса алатынының мәні зор. Өйткені, сөйлем мүшелерінің өзгеріп отыруы бас мүше білдіретін мағынамен тығыз байланыста келіп, жалпы сөйлем семантикасын өзгертуге, сөйтіп оның әр түрлі вариантарын жасауға себеп болады.

2.4. Субъектіз сөйлемдердің төрт компонентті құрылым түрі оның құрделі түрі болып есептеледі. Мұнда тұрлаусыз мүшелердің үш түрі де бір мезгілде катыса алады, немесе бір түрі кемінде екі рет қайталанып келе алады. Сөйлем мүшелерінің бұлай ауысуын сөйлемнің жалпы семантикасы реттейді. Енді осындай құрылымның бірнешеүіне ғана тоқталайық.

а) $T_{*} - Аш - Т - Б$ құрылымдық түрдегі сөйлемдер: ...Ал өзіңізден бұл жаіды сұрауга бола ма? (М.Иманжанов)

Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{l} 3_6 - Ec - 3_4 - E_{-y^3 \text{ бол...}}; \\ C_{\text{ер.}} - O_{\text{ер.}} - A_{\text{олт.}} - O_{\text{ер.}} - \Pi_{\text{ер.}}. \end{array}$$

Семантикасы – белгісіз жақ ретіндегі сөйлеушінің сұрау әрекетінің тұра бағытталған объектісі жайында сөз арналған адресаттан білу мақсатын көрсетеді.

ә) Аш – Т – Пш – Б құрылымы: – Мынау елдің, кажырлы елдің бұл ісін аяқсыз тастап болмайды!.. (М.Әуезов).

Құрылымдық үлгісі:

$$\begin{array}{l} 3_2 - 3_4 - Y - E_{\text{нип бол...}}; \\ C_{\text{ер.}} - A_{\text{менш.}} - O_{\text{ер.}} - A_{\text{кат.}} - \Pi_{\text{ер.}}. \end{array}$$

Семантикасы – менишк иесі субъекттің қымылдық объектіге бағытталған іс-эрекеттің белгісіз жақ тарапынан сөзсіз орындалуына тұжырымды нұсқау.

2.5. Белгісіз жанама жақты сөйлемдер сирек те болса бес компонентті болып та келеді. Ол сөйлем мазмұнының талабына сай сөйлем шіндегі баска да мүшелердің жайылмаланып келуіне байланысты. Мысалы:

а) – Мен айтсам, шабытты тек шаттықтан таптай, елдің, ердің күйінде жүздеу күйінен де таптақ керек. (М.Әуезов) Сөйлем құрылымы:

$T - A - A - T - B;$

$3_4 - 3_2 - \text{Сын} - 3_6 - E_{\text{пак керек}};$
 $C_{\text{әр.}} - O_{\text{әр.}} - O_{\text{менш.}} - A_{\text{сапа}} - O_{\text{мек}} - \Pi_{\text{әр.}}$

Семантикасы – белгілі бір субъекттің тән сапалық жағдайдағы нәтижесі ретіндегі объекттің бағытталған іс-эрекеттің орындалуын сөйлеуші тарапынан белгісіз жанама жаққа тән етіп көрсету.

ә) Жаманыштықтан жақсылық туа бермесе де, кейбір жаман жүрістен де жақсы олжас алып шығуга болады екен-ау! (М.Әуезов) Құрылымдық үлгісі:

$A - T - A - T - B;$

$\text{Сын} - 3_6 - \text{Сын} - 3_4 - B;$

$C_{\text{әр.}} - A_{\text{сапа}} - O_{\text{бағыт}} - A_{\text{сапа}} - O_{\text{әр.}} - \Pi_{\text{әр.}}$

Семантикасы – қымыл бағытталған сапалық мәнді объекттің шығар орны нашар сапалы қымылдың объекті екенін сөйлеуші тарапынан шындықта сай белгілеу.

3. Субъектісіз сөйлемдердің ырықсыз етіс формасы арқылы жасалған түрінің өзі екі бас мүшелі және бір бас мүшелі болатынын біз жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Сөйлемнің бір бас мүшелі жақсыз түріне қатысты бірнеше мысал келтіре кеткенді орынды көрдік.

а) Екі компонентті құрылым түрі ($T_{\text{ж.}} - B$): ... – *Xat сұрауга тыым салынған. Сұрауға болмайды.* (Д.Исабеков)

Құрылымдық үлгісі:

$3_3 - 3_1 E_{\text{шын}};$

$C_{\text{әр.}} - O_{\text{әр.}} - \Pi_{\text{әр.}}$

Семантикасы – белгілі бір әрекетке белгісіз жақ тарапынан қарсы жасалған әрекетті сөйлеуші шындық көрініс ретінде көрсетеді.

ә) Уш компонентті құрылым түрі ($T_{\text{ж.}} - P_{\text{ш.м.}} - B$):

– *Бізде пысықтарға көп көңіл болінеді* (С.Досанов).

Құрылымдық үлгісі:

$3_3 - Y_{\text{мемш.}} - E_{\text{-иін}};$

$C_{\text{әр.}} - O_{\text{әр.}} - A_{\text{мемш.}} - \Pi_{\text{-иін}}$

Семантикасы – белгілі бір объекттің белгісіз жақ тарапынан бағытталған әрекет мөлшерлік жағынан нақтыланып, айтушы жақтан шындық көрініс ретінде беріледі.

б) Төрт компонентті құрылым түрі (Аш – Аш – Т_ж – Б): – Жас ақынның жалған ғуендеріне тезірек қатаң тыйым салынуы керек. (С.Досанов) Құрылымдық үлгісі:

З₃ – Сын – З₃ – ...Е_{ин} ;
С_{эр.} – А_{менш.} – А_{саны} – О_{эр.} – П_{эр.}.

Семантикасы – белгілі бір субъекті әрекетінің жемісі ретіндегі жаңама обьектіге бағытталған белгісіз жақ әрекетінің сөзсіз орындалуы сөйлеуші тарпынан талап етіледі.

Сонымен, жақсыз сөйлемдер де бір негізді сөйлемдердің басқа түрлері тәрізді өздеріне тән құрылымдық әрекшеліктерімен көрінеді. Мұнда басты рөлді күрделі бас мүше атқарады. Әрине, біз жақсыз сөйлемдердің бас мүшелері етістік (қымыл есімдері) арқылы немесе солар көмекші болып келген түрлерін ғана алдық. Солай болғанның өзінде де бас мүшелердегі етістіктердің валенттілігіне қарай екі, үш, төрт, тіпті бес компонентті де болып келетін түрлері және олардағы синтаксистік мүшелердің орындарына қарай алуан түрлі вариантырының бар екенин айқын аңғарамыз. Сөйлемнің синтаксистік құрылымындағы осындағы өзгерістер және әрбір компоненттердің лексика-морфологиялық элементтерінің грамматикалық мағыналары оның семантикалық құрылымдарын да айқындастырындығы байқалады.

Қорытынды

Жалпы тіл білімінде сөйлемді сан қырлы, мол аспектілі курделі нысан ретінде қараша дәстүрі ертеден қалыптасқан. Осыған байланысты түрлі бағыттағы зерттеулердің дүниеге келуі орыс тіл білімінде ғана емес, түркі тілдерінде де, соның ішінде қазақ тілінде де зерттеушілерді сөйлем синтаксисін жаңаша қараша мәжбүр етіп отыр. Сөйлем курделілігі оның үш түрлі құрылымдық ерекшеліктерінен көрінеді: а) белгілі бір тұлғалардың, сөз тіркестерінің синтаксистік қатынастарынан тұратын, предикативтік құрылымға негізделген сыртқы тұлғалық құрылымы болады; ә) тұлғалық құрылымға енетін әрбір элементтердің (грамматикалық тұлғалардың), синтаксистік қатынастардың ерекше семантикалық (мағыналық) байланыстарынан туындастырын, логикалық бас мүшелер болып есептелетін субъект пен предикаттың предикативтік қатынасына негізделген семантикалық құрылымы болады; б) сөйлемнің қатынас құралы болу (коммуникативтік) қызметіне қарай «тема-ремалық» қатынаста келетін актуальды мүшелеу ыңғайындағы құрылымы болады.

Сөйлемнің аталған құрылымдық сипаттары оның барлық типтік түрлеріне ортақ болып табылады және жай сөйлемнің типтік түрлерін айқындауға қатысты зерттеулерде осы ерекшеліктер үнемі бірліктे қаралуға тиіс.

Қазақ тілінен жинақталған теориялық және тәжірибелік материалдар бір негізді сөйлемдерді байлаша жіктеуге болатынын көрсетті:

- 1) бас мүшесінің жасалуына қарай: **етістікті және есімді;**
- 2) субъекті-жақтың қатысы мен семантикалық ерекшеліктеріне қарай: **белгілі жақты, жалпылама жақты, белгісіз жақты, жанама жақты;**
- 3) жанама жақты сөйлем субъектінің көріну-көрінбеуіне қарай: **белгілі жанама жақты, белгісіз жанама жақты.**

Еңбекте етістік бас мүшелі сөйлемдердің қай түрі болмасын бір ғана бас мүшениң сөйлем құрай алу мүмкіншілігінен бастап, етістіктің валенттілігіне байланысты бірнеше типтік түрлерге бөлінетін және семантикалық жағынан өзгерін, толығып отыратыны айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – Москва: «Просвещение», 1985.
2. Кузнецов П.С. О принципах изучения грамматики. – Москва: «МГУ», 1961.
3. Распопов И.П. О предмете синтаксиса // Очерки по теории синтаксиса. – Воронеж, 1973.
4. Холодович А.А. Проблемы грамматической теории. – Ленинград: «Наука», 1979.
5. Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. I. Введение. II. Составные члены предложения и их замены в русском языке. Изд. 2-ое. – Харьков, 1898.
6. ЛЭС: Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва: «Советская энциклопедия», 1990.
7. Виноградов В.В. Основные вопросы синтаксиса предложения. // Вопросы грамматического строя. – Москва: 1955.
8. Ахматов И.Х. Структурно-семантические модели простого предложения в современном карачаево-балкарском языке. – Нальчик: «Эльбрус», 1983.
9. Шведова Н.Ю. Об основных синтаксических единицах и аспектах их изучения // Теоретические проблемы синтаксиса современных индоевропейских языков. – Ленинград: «Наука», 1975.
10. Адмони В.Г. Основы теории грамматики. – М.-Л.: «Наука», 1964.
11. Адмони В.Г. Типология предложения // Исследования по общей теории грамматики. – Москва: «Наука», 1968.
12. Адмони В.Г. Содержательные и композиционные аспекты предложения // Теоретические проблемы синтаксиса современных индоевропейских языков. – Ленинград: «Наука», 1975.
13. Распопов И.П. Строение простого предложения в современном русском языке. – Москва: «Просвещение», 1976.
14. Лекант П.А. Синтаксис простого предложения в современном русском языке. – Москва: «ВШ», 1974.
15. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл: логико-семантические проблемы. – Москва: «Наука», 1976.
16. Кодухов В.И. О двух аспектах предложения // Теоретические проблемы синтаксиса индоевропейских языков. – Ленинград: «Наука», 1975.
17. Богданов В.В. Семантико-синтаксическая организация предложения. – Ленинград: «Наука», 1977.
18. Адмони В.Г. Партитурное строение речевой цепи и система грамматических значений в предложении // «Филологические науки», 1961, № 3.

19. Сусов И.П. Формальные и семантические аспекты предложения // Теоретические проблемы синтаксиса современных индоевропейских языков. – Ленинград: «Наука», 1975.
20. Грепль М. Из теоретического опыта описательной синтаксической системы // Грамматическое описание славянских языков. – Москва: «Наука», 1974.
21. Шведова Н.Ю. Синтаксис простого предложения // Грамматика современного русского литературного языка. – Москва: «Наука», 1970.
22. Современный русский язык (под ред. В.А.Белошапковой). Синтаксис (учебное пособие). – Москва: «ВШ», 1977.
23. Москальская О.И. К Модели описания предложения // Теория языка: англистика, кельтология. – Москва: «Наука», 1976.
24. Арват Н.Н. Семантическая структура простого предложения в современном русском языке. – Киев, 1984.
25. Крущельницкая К.Г. Грамматические значения в плане взаимоотношения языка и мышления // Язык и мышление. – Москва: «Наука», 1976.
26. Мещанинов И.И. Соотношение логических и грамматических категорий // Язык и мышление. – Москва: «Наука», 1967.
27. Дмитриев Н.К. Стой турецкого языка. – Ленинград, 1939.
28. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.-Л., 1956.
29. Баскаков Н.А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков. Словосочетание и предложение. – Москва: «Наука», 1975.
30. Почепцев Г.Г. Конструктивный анализ структуры предложения. – Киев, 1971.
31. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: «Ғылым», 1987.
32. Балақаев М. Қазіргі казак тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
33. Н.А. Предложение в современном турецком языке. – Москва: «Наука», 1984.
34. Современный русский язык (под ред. В.А.Белошапковой). Синтаксис (учебное пособие). – Москва: «ВШ», 1989.
35. Б.Матезиус. О так называемом актуальном членении предложения. Пражский лингвистический кружок. – Москва: «Наука», 1967.
36. Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. 2-изд. – Москва: «Наука», 1977.
37. Шахматов А.А. Синтаксис русского языка. – Ленинград, 1941.
38. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. Изд. 7-е. – Москва: «Учпедгиз», 1956.
39. Ломтев Т.П. Предложение и его грамматические категории. – Москва: «Наука», 1972.

40. Шевякова В.Е. К вопросу о логической ударений // «Вопросы языкоznания», 1977, № 6.
41. Распопов И.П. Актуальное членение предложения. – Уфа, 1961.
42. Демесинова Н.Х. Порядок слов в простом предложении русского и казахского языков. АКД. – Алма-Ата, 1958.
43. Балакаев М., Кордабаев Т. Қазіргі казақ тілі. Синтаксис. – Алматы: «Мектеп», 1966.
44. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Мектеп», 1983.
45. Материалы конференции «Язык как знаковая система особого рода. Ответы по анкету». – Москва, 1967.
46. Гак В.Г. К проблеме синтаксической семантики (семантическая интерпретация «глубинных» и «поверхностных» структур) // Инвариантные синтаксические значения и структур предложений. – Москва: «Наука», 1969.
47. Храковский И.С. Очерки по общему и арабскому синтаксису. – Москва: «Наука», 1973.
48. Сусов И.П. Семантическая структура предложения. – Тула, 1973.
49. Грамматика азербайджанского языка (под общей редакцией Ширазиева М.Ш. и Севортияна Э.В.). – Баку, 1971.
50. Альтман И.В. Исследование семантики трехчленных конструкций // Проблемы структурной лингвистики, 1976. – Москва: «Наука», 1978.
51. Никитин В.М. О соотношении и взаимодействии между лексическим и грамматическим значением слова в предложении // Ученые записки Рязанского госпединститута: «Вопросы грамматики и лексикологии русского языка», т. 114. – Рязань, 1972.
52. Будде Е.Ф. К учению о синтаксисе простого предложения. Отд. оттиск. – СПб, 1894.
53. Костинский Ю.М. Генетивные субъективные конструкции в современном русском языке. АКД. – Москва, 1971.
54. Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка. – Москва: «Наука», 1973.
55. Баскаков Н.А. Структура простого предложения в тюркских языках // Труды института языка и литературы АН Кирг.ССР, вып. IV. – Фрунзе, 1956.
56. Джакубов И.Д. Основы синтаксиса простого предложения современного киргизского языка. АДД. – Баку, 1965.
57. Будагова З.И. Простое предложение в современном азербайджанском литературном языке. АДД. – Баку, 1963.
58. Есенов Х.М. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. – Алматы: «Ғылым», 1992.
59. Расулов И. Односоставное предложение в современном узбекском литературном языке. АДД. – Ташкент, 1973.
60. Алиев У.Б. Синтаксис Карабаево-балкарского языка. – Москва, 1972.

61. Грамматика современного башкирского языка (под редакцией Юлдашева А.А.). – Москва: «Наука», 1981.
62. Виноградов В.В. Исследование по русской грамматике. Избранные труды. – Москва: «Наука», 1975.
63. Чувакин А.А. О разграничении внешне сходных двусоставных и односоставных предложений // Вопросы синтаксиса русского языка. Вып. III. – Рязань, 1975.
64. Закиев М.З. Синтаксический строй татарского языка. – Казань: «Изд-во Казаньского университета», 1963.
65. Ахматов И.Х. О безличных предложениях в тюркских языках. Синтаксис простого предложения // Исследование по карачаево-балкарскому языку, вып. I. – Нальчик, 1977.
66. Бабайцева В.В. Односоставные предложения в современном русском языке. – Москва: «Просвещение», 1968.
67. Тойчубекова Б. Односоставные предложения в киргизском литературном языке. АДД. – Алматы, 1994.
68. Казем-Бек М.А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – Казань, 1846.
69. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1934.
70. Потелусовский А.П. Избранные труды. – Ашхабад: «Ылым», 1975.
71. Кононов А.Н. Грамматика турецкого языка. – М.-Л., 1941.
72. Харитонов Л.Н. Типы глагольной основы в якутском языке. – М.-Л., 1954.
73. Кононов Н.А. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.-Л., 1960.
74. Кунаа А.Ч. Простое предложение современного тувинского языка. – Кызыл, 1970.
75. Ахматов И.Х. Выделение основных типов глагольных односоставных предложений в карачаево-балкарском языке // «Ученые записки», т. 27, сер.: филологич., КБНИИ. – Нальчик, 1975.
76. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қыскаша курсы (2-басылуды). – Алматы: «Санат», 1994.
77. Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. Құрмалас сөйлемнің топтастырылуы туралы. – Алматы, 1941.
78. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілі. Педучилищелерге арналған. – Алматы: «Қазмембас», 1963.
79. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: «КазССР ФА баспасы», 1954.
80. Мадина Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер. – Алматы, 1959.
81. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. 3-басылуды. – Алматы, 1993.
82. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. II бөлім. – Алматы: «Ғылым», 1967.

83. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: «Мектеп», 1968.
84. Әбілқаев А. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. – Алматы: «Мектеп», 1963.
85. Қараев М. Қазақ тілі (фонстика, лексикология, морфология, синтаксис). – Алматы: «Ана тілі», 1993.
86. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
87. Оралбаева Н., т.б. Практикалық қазақ тілі. – Алматы: «Мектеп», 1993.
88. Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. – Алматы: «Білім», 1994.
89. Ардентов Б.П. Номинативные предложения в современном русском языке. – Кишинев, 1959.
90. Будагова З.И. Эллиптические предложения в современном азербайджанском языке // «Советская тюркология», 1972, № 5.
91. Овсянко-Куликовский Д.Н. Из синтаксических наблюдений к вопросу о классификации бессубъективных предложений. – СПб, 1901.
92. Ломтев Т.П. Выражение главных членов предложения в белорусском языке // «Ученые записки Беларусского университета», серия: филол-я, вып. I. – Минск, 1940.
93. Сарыев Б. Односоставные предложения в современном туркменском языке. АКД. – Ашхабад, 1988.
94. Севортян Э.В. О структуре предложения в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. III т. Синтаксис. – Москва: «Наука», 1961.
95. Серғалиев М. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы. – Алматы, 1991.
96. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Глагол. – Ленинград: «Наука», 1981.
97. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: «Мектеп», 1974.
98. Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкоznания. Избранные труды. – Алматы: «Наука», 1982.
99. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: «Мектеп», 1966.
100. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: «Мектеп», 1975.
101. Қордабаев Т.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы. – Алматы, 1953.
102. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы: «Мектеп», 1980.
103. Аблаков Ә. Менгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. – Алматы: «Мектеп», 1986.

104. Ластаева Ф. Қазірғы қазақ тіліндегі жағы белгісіз сөйлемдер // «Халық мұғалімі», 1954, № 6.
105. Современный казахский язык. Синтаксис. – Алматы, 1959.
106. Күлкенова О. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Мектеп», 1988.
107. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1993.
108. Галкина-Федорук Е.М. Безличные предложения в современном русском языке. – Москва, 1958.
109. Гневко В.Т. и др. Современный русский язык: Односоставные предложения. Неполные предложения. Слово-предложения. Простое осложненные предложения. – Минск, 1975.
110. Закиев М.З. Об односоставных предложениях в татарском языке // Ученые записки Казанского университета. Т. 116. Кн. 5. – Казань, 1963.
111. Кононов А.Н. Грамматика узбекского языка. – Ташкент, 1948.
112. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л., 1940.
113. Кацнельсон С.Д. О категории субъекта предложения // Универсалы и типологические исследования: Мещаниновские чтения. – М., 1974.
114. Зинатуллина К.З. Залоги глагола в современном татарском языке. – Казань, 1969.
115. Бектурев М.С. Русские безличные предложения и их эквиваленты в казахском языке. АКД. – А., 1966.
116. Неустроев Н.Н. Безличные предложения в современном якутском языке. – Якутск, 1972.
117. Донидзе Г.И. Безличные предложения в хакасском языке. – Абакан, 1957.
118. Джавадов А.М. Безличные предложения в современном азербайджанском языке. АКД. – Баку, 1965.
119. Сафаев А.С. Исследование по синтаксису узбекского языка. – Ташкент, 1968.
120. Балақаев М. Активизация субъекта в казахском языке // Изв. АН КазССР. Серия лингвистическая. 1948, вып. 5.
121. Мұждабаев М.М. Безлично-страдательные предложения в современном узбекском языке. – Ташкент, 1960.
122. Болчуррова Т. Об основных вопросах безличных предложений // Известия АН КиргССР, 1971, № 3.
123. Мухин А.М. Структура предложений и их модели. – Л., 1968.
124. Юрченко В.С. Простое предложение в современном русском языке: двусоставное именное, односоставное глагольное, односоставное именное. – Саратов, 1972.
125. Мұждабаев М.М. Безлично-страдательные конструкции в современном узбекском языке. АКД. – Ташкент, 1963.

[М.Томанов] Ж.Сәдуақасұлы

СӨЙЛЕМНІЦ ТҮРЛАУСЫЗ МУШЕЛЕРІ (көмекші оку құралы)

Мазмұны:

Алғысөз

1. Түрлаусыз мушелердің жалпы сипаты (кіріспе орнына)

2. Толықтауыш

2.1 *Тура толықтауыш*

2.2 *Жанама толықтауыштар*

3. Анықтауыш

3.1 *Қабыса байланысқан анықтауыштар*

3.2 *Матаса байланысқан анықтауыштар*

4. Пысықтауыш

4.1 *Мезгіл пысықтауыш*

4.2 *Мекен пысықтауыш*

4.3 *Амал пысықтауыш*

4.4 *Мақсат пысықтауыш*

4.5 *Себеп пысықтауыш*

4.6 *Мөлшер пысықтауыш*

Пайдаланылған әдебиеттер

Алғысөз

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері жайындағы мәселе жай сөйлем синтаксисі жөніндегі еңбектердің (грамматикалардың) қай-қайсысында болмасын айтылып та, жазылып та келеді. Аталмыш кітапшаның мазмұнына да сондай ғылыми еңбектердің бірі – 1967ж. «Ғылым» баспасы шығарған «Қазак тілі грамматикасындағы» (Шт., Синтаксис) «Тұрлаусыз мүшелер» атты бөлім негіз етіп алынды.

Себебі, бұл бөлімді кезінде казак тіл білімінде өзіндік өшпес із калдырыған белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мархабат Томанов ғылымға алғаш қадам басқан балаң кезінде жазған екен. Екі бөлімнен тұратын және сол кезге дейінгі қазақ тіл біліміндегі алдыңғы қатарлы идеялардың негізінде даярланған аталмыш грамматика осы кезге дейін өз құнын жоймай қолданылып келеді. Алайда, ғылымдағы өскелен өйлар мен жаңа қөзқарастардың пайда болуы бұл грамматиканы жаңалау қажеттігін әлдеқашан көрсеткен еді.

Ұстазым М. Томанов көзінің тірісінде-ақ (1989 жылы дүниeden өтті) осы өзі жазған бөлімді қайта қарап, жаңалау қажеттігін, әсіресе, оны жеке кітапша етіп студенттерге оқу құралы ретінде ұсынуға болатынын айтып жүретін. Аға ұстаздың сол бір аманатын орындау мақсатында автордың өзі ұсынған басты идеяларының негізінде және ол идеяларды соңғы кездегі жаңа теориялық қөзқарастармен мүмкіндігімізге қарай толықтыра отырып, азғантай таралымда ғалымның 70 жасқа толуы қарсаңында кітапша етіп, оқырманға ұсынды.

Студенттерге арналған қосымша оқу құралы ретінде аталмыш еңбекте кейінгі ғылыми зерттеулердің тұжырымдарын басшылыққа алу арқылы сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы мағлұматтарды студенттердің еркін түсініп, терен менгеруі және осы бағытта өздерінің де зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар алуы көзделген. Мұнда тұрлаусыз мүшелердің сөйлемді құрылымдық жағынан ғана емес, мағыналық жағынан да жайылмаландырып, ойды толық мазмұнға сай білдірудегі рөлі басты назарға алынған. Сондықтан бұл мәселеге еңбектің кіріспе бөлімінде біршама жан-жақты түсінік берілді.

Ж.Сәдуақасұлы

1. Тұрлаусыз мүшелердің жалпы сипаты (кіріспе орнына)

Сөйлемнің логика-грамматикалық құрылымында оның бас мүшелерінің ғана емес, сол бас мүшелердің айналасына топтасып, солармен белгілі бір катынаска тұсы арқылы сөйлемді жайылмаландыратын тұрлаусыз мүшелердің де рөлі аса зор. Мысалы, «*Бала әкесін сүйеді*» деген сөйлемде субъекті (*бала*) мен оның сезімдік қалпының (*сүйеді*) объектіге (*әкесін*) бағытталған катынасын көреміз. Мұнда жай сөйлемнің негізі болатын субъекті мен предикат (тұрлаулы мүшелер) арасындағы мағыналық байланыс табыс септігіндегі сөздің катысы арқылы ғана нақтыланып, айтушы ойын саралап, оны күрделендіру де осы сөз арқылы жүзеге асып отыр. Осы сөйлемді бұдан әрі «*Бұл бала әкесін қатты сүйеді*», «*Бұл бала әкесін қашаннан қатты сүйеді*» т.б. түрінде жайылмаландыра беруге болады. Мұнда субъекті сілтеу есімдігімен тіркесу арқылы нұсқау мәнімен толықса, ал предикат (*бајандауыш*) пысықтауыш мүшениң ені арқылы әрі сапалық және мезгілдік мәнмен жайылмаланған. Сөйлемге жаңадан қосылған әрбір сөз (сөзформа немесе сөзтұлға) оған белгілі бір жаңа лексика-грамматикалық мағыналар косу арқылы оның мазмұнын толықтыра әрі нақтылай түседі де, сөйлемнің қосалқы мүшелеріне немесе сол мүшелерді семантикалық жағынан байытуши элементтерге айналады. Сөйлемнің семантикалық құрылымы дегенде біз сөйлем мүшелерінің лексикалық және грамматикалық мәндерінің бірлігінен пайда болатын абстрактылы (жалпыланған) тілдік мәнін айтамыз.

Сөйлемді грамматикалық тұрғыдан (тұлғалық құрылымы жағынан) ұйыстыратын синтаксистік бөлшектері болып табылатын *тұрлаулы* және *тұрлаусыз* мүшелері оның семантикалық компонеттерімен (мазмұнды құрайтын логикалық бөліктер) сәйкес келуі де, келмеуі де мүмкін. Мысалы, «*Кеудемі қуаныш кернеді*» деген сөйлем грамматакалық жағынан үш мүшеге – бастауыш (*қуаныш*), баяндауыш (*кернеді*), толықтауышка (*көкірегімді*) ажыратылады. Ал семантикалық тұрғыдан бұл екі ғана компонеттен – субъектілік қызметті де қамтитын объекті (*кеудемі*) мен оның калыптық жағдайының (*куаныш кернеді*) арасындағы қатынастан тұрады. Сондай-ақ, «*Ымырт*», «*Тылсым тыныштық*» т.б. сияқты атаулы сөйлемдер «*Ымырт үйіріліп келеді*», «*Далада тылсым тыныштық орнаган*» деген тәрізді сөйлемдермен семантикалық жағынан сәйкес келгенімен, грамматикалық жағынан сәйкес келіп тұрған жок. Нактырақ айтқанда, бұл сөйлемдердің семантикалық компоненттері олардың мүшелерін құрайтын грамматикалық тұлғалар мен мағыналары арасындағы қатынастарға сәйкес келмейді. Бұдан шығатын қорытынды – сөйлемнің тұлғалық жағынан құрылымы өзінің грамматикалық мәнін әр уақытта сактап отырумен бірге, әр

сөйлемнің грамматикалық құрылымынан туындастын семантикалық құрылымы да болады. Бірақ, бұл екеуі барлық уақытта бірдей болып, сәйкес келе бермейді. Соңдықтан сөйлемнің тұrlаусыз мүшелері жөнінде сөз еткенде, олардың грамматикалық ерекшеліктерімен бірге семантикалық сипаттары жөнінде де сөз етіп отыру қажет.

Сөйлем, ен алдымен, тұrlаулы мүшелердің грамматикалық және семантикалық қатынасы арқылы предикативтік байланыс негізінде жасалады да, айтылар ойдың аумак-көлеміне, сипатына қарай тұrlаусыз мүшелермен жайылмаланып отырады. Бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық байланысы сөйлемнің қарапайым (элементарлық) тана негізі болады да, ол көбінесе ойды толық жеткізіп бере алмайды. Ойдың анық та дәл, толық жеткізілуі тұrlаусыз мүшелердің сөйлемде каншалықты мол және орынды қатысуына байланысты. Алғашқы академиялық грамматиканың өзінде-ақ М.Балакаев тұrlаулы және тұrlаусыз мүшелердің сөйлемдегі өздеріне тән қызметтерін билайша анықтап берген болатын: «Сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелерді тұrlаулы мүшелер дейміз. Тұrlаулы мүшелердің маңына топтап, не тікелей соларды, не бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратын мүшелерді тұrlаусыз мүшелер дейміз» [1;411]. Ал бұл күнде осы анықтамалардағы ойдың түп негізі А.Байтұрсынұлының еңбегінде жатқандығы айқын болып отыр. Ол: «Сөйлем мүшелері тұrlаулы, тұrlаусыз болып екіге бөлінеді. **Тұrlаулы мүше** болады сөйлем болған жерде қалмай айтылатын сөздер немесе қалса да қалғандығы сезіліп тұратын сөздер. ...сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер немесе керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып отырған сөздер, жана да қалған жерде, қалғандығы ашиқ сезілмейтін сөздер тұrlаусыз мүше деп аталады», – деп алғаш анықтама берген болатын [2;265]. Сонымен, талай зерттеулерге арқау болған осы анықтама толықтырыла, нақтылана түсіп, М.Балакаев ұсынған анықтама дәрежесіне жетті де, қазақ тілінде тұрақтады. Ал тұrlаусыз мүшелер жайындағы көзқарас грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да бас мүшелердің айналасына топтаса, соларға қатысты бола отырып, хабарланатын ойдың толық жеткізілуінде елеулі қызмет атқаратын мүшелер ретінде орнықты.

Қазіргі тіл ғылымы сөйлем мүшелерін екі топқа бөліп қарауда оның логикалық негізі мен грамматикалық зандылықтарын қатар алып отыруды талаң етеді. Әрине, сөйлем мүшелерін «тұrlаулы» және «тұrlаусыз» деп бөлу, негізінен, сөйлем құрамындағы сөздердің өзара синтаксистік байланыстарының сипаттарына сүйенуден тұған. Кезінде С.Аманжолов: «Мағына жағынан қараганда, сөйлем мүшелерін тұrlаулы, тұrlаусыз десу өтсे ұшқары айтылған нәрсе. Себебі: бастауыш, баяндауышы жоқ сөйлем де белгілі мағына береді. Өйткені бір сөйлем

бір сөйлемді толықтырады. Байланыссыз еш нәрсе жок. Олай болса, сөйлем мүшесін тұрақты, тұрақсыз деп бөлу дұрыс емес», – деген болатын [3,94]. Расында, қазіргі ғылымда сейлемді «мүшеленетін» және «мүшеленбейтін» деп бөлу қажеттігі туралы ой басым рөл атқарып отыр. Бірақ сөйлем мүшелерінсіз «мүшеленетін» сөйлемдердің құрылмайтыны анық және мұндайда олардың қызметі тұрғысынан алғанда, әр қайсысының өзіндік орны, мәні бар. Олар өзара мағыналық, грамматикалық байланыста келіп қана ойга қатысты мазмұнды (пікірді) толық бере алады. Осында жағдайда кейде тұрлаусыз мүшелердің рөлі тұрлаулы мүшелерден кем түспейтіні аңғарылып жатады. Соңда біздің «турлаулы» немесе «турлаусыз» деген атауларымыз сейлемнің структуралық құрылымындағы сөйлем мүшелері атқаратын қызметтерінің негізгілігіне (бас мүшелер) немесе қосалқылығына қарай қойылған шартты атаулар болып табылады. Мысалы, сөйлемнің бас мүшелері – бастауыш пен баяндауыш өзара сандық және жақтық қиысу арқылы байланысып сөйлемнің грамматикалық құрылымының негізгі предикативтік канқасын құраса, ал тұрлаусыз мүшелер бас мүшелермен, негізінен, септік жалғаулары және орын тәртібі тәсілдері арқылы кабыса, менгеріле, матаса байланысып, оларды мағыналық жағынан нактыладап, дәлдеп отырады.

Сонымен, тұрлаулы мүшелердің айналасына топтасып, соларға қатысты болатын, сөйтіп заттың сындық, сапалық, қатыстық т.б. қасиетін, құмылдың тарау аумағын, көлемін, бағытталған обьектісін т.б. білдіріп, сөйлемді құрылымдық және семантикалық жағынан кеңейтіп, толықтырып тұратын мүшелерді тұрлаусыз мүшелер деп атайды.

Тұрлаулы мүшелерсіз тұрлаусыз мүшелер жеке айтылып ешбір сөйлемдік мәнге ие болмайды. Мысалы, «Мұрат кітаптың атын қайта-қайта оқыды» деген сөйлемдегі бас мүшелерді түсіріп, тек тұрлаусыз мүшелерді ғана қалдырсақ, «кітаптың атын қайта-қайта» деген сөздер номинативтік мән бергенімен коммуникативтік қызмет аткара алмаған болар еді. Бірақ олар сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы қатысканнан кейін ғана солардың әркайсысымен және өзара грамматикалық қатынаска тұсу арқылы өздеріне тән қызметке не болады. Осы қызметтері үстінде олар бас мүшелерге грамматикалық тұрғыдан да, семантикалық тұрғыдан да қатысты болып, солармен бірге тіркес жүйесін құрайды. Соңда жогарыда берілген сөйлемдегі сөздердің өзара тіркесі мынадай құрамда болып шығады: *Мұрат → оқыды; қайта-қайта → оқыды; кітаптың → атын; атын → оқыды.* Бұл сөйлемдегі барлық тұрлаусыз мүшелер баяндауыштың жетегінде айтылып, тек сол арқылы ғана сөйлем мүшесі қызметіне не болған. Мұндағы ерекшелік «кітаптың → аты» қатынасында. «Кітаптың

сөзі толықтауыш қызметін атқарып тұрған зат есіммен байланысып, анықтауыш қызметін атқарып тұр. Бірақ, оның өзінде де оның баяндауышпен толықтауыш мүше арқылы сатылай байланысқаны көрінеді. Өйткені *kītāp* болмаса оның *атын оқу* да мүмкін болмас еді, процесс жүзеге аспас еді. Бұдан тұрлаусыз мүшелердің бас мүшелермен турда, сатылай да байланысатыны, калай болғанда да, олармен мағыналық жағынан болсын, грамматикалық жағынан болсын байланыссыз болмайтыны айқындалады.

Тіл білімінде тұрлаусыз мүшелерді үш түрге – анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деп бөліп қарастырылады.

Әріге бармай-ақ, А. Байтұрсыновтың 1928 ж. басылып шыққан «Тіл құралын» алсақ, оның «Сөйлем мүшелері» деп аталатын I-бөлімінде жоғарыда берілген анықтамадан кейін тұрлаусыз мүшелердің жайылма сөйлем жасауда кажеттілігін айта келіп, олардың 1) анықтауыш мүше, 2) толықтауыш мүше, 3) пысықтауыш сөздер деп үшке бөлінетіндігін айтады [2;276]. Кейін проф. Қ. Жұбанов тұрлаусыз мүшелердің бұл бөлінісін сынай отырып, олардың бәрін бір-ақ атаумен – «айқындауыш мүше» деп атайды да, оларды іштей аталған топтарға бөлуді ұсынады [4;214-232]. Әрине, сөйлем мүшелерін топтастыру туралы бұл ғалымдардың пікірлерінде кемшіліктердің бары рас. Алайда кейінгі синтаксистер тұрлаусызы мүшелердің атауларын қалдыра отырып, олардың ерекшеліктері жөнінде бірдей тоқтамға келді.

Тұрлаусыз мүшелерді топка бөлуде, әдетте, олардың бас мүшелерге мағыналық катысы негізге алынады. Дегенмен, олардың кай сөз табынан болған мүшемен қатысы да ескеріледі. Осыған байланысты толықтауыш пен пысықтауыш мүшелер көбіне баяндауышпен және етістіктен болған басқа да мүшелерімен байланысатын болса, ал анықтауыш көбіне бастауышпен және зат есімнен болған (немесе субстантивтенген) басқа да мүшелермен байланыста болады. Мұның өзі көбіне сөз таптарының сөйлем ішіндегі қызметі мен қолданылу ыңғайына, яғни сөйлеуіш хабарындағы ойдың құрылымына қарай семантикалық жағынан өзгеріп отыруымен тығыз байланысты. Мысалы: «Ол шебер сөйледі», «Шебер кісінің қолынан бәрі келеді», «Жақсы ісімен жсақсы», «Жақсы кісі қасында болғаны қандай жсақсы», «Ол жсақсы оқиды» деген сөйлемдердегі «шебер» сөзі бірде пысықтауыш, бірде анықтауыш болса, «жсақсы» сөзі бірде бастауыш, бірде баяндауыш, бірде пысықтауыш, бірде анықтауыш қызметтерін атқарып тұр. Әрине, мұндагы сөздердің кай мүшеге жатуы, олардың кай сөз табындағы сөздің орнына қолданылуына және оның әлде есім сөздермен, әлде етістік сөздермен тіркесуіне байланысты екені өзінен- өзі айқын көрініп тұр.

Сондықтан, сөйлемнің тұрлаусызы мүшелері жөніндегі мәселелердің кай-қайсысы да сөздердің тіркесуі жөніндегі іліммен де бай-

ланысты қаралғаны орынды. Интонациялық тұтастыққа, грамматикалық бірлікке, предикативтік және модальдық қатынастарға негізделген сөйлем қурауда сөз тіркестері ерекше рөл атқарады. Осы тұрғыда ғана сөздердің сөйлем ішіндегі өз орны, қызметі айқындалады. Алайда, сөйлем мүшесі жөніндегі мәселе сөз тіркесінің нысаны бола алмайды: ол сөйлем синтаксисінің нысаны болып табылады. Сондықтан да бір сөз тіркесі, тіпті бірнеше сөз тіркестері бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы әбден мүмкін. Тұrlаусыз мүшелердің жіктең топтастыруда осы ерекшеліктер түгелімен ескерілуге тиіс. Сонымен бірге әр топтың өзіне тән грамматикалық та, семантикалық та негіздері бар.

Ең алдымен, тұrlаусыз мүшелердің әрқайсысина ғана тән грамматикалық тұлғалары мен байланыс тұрларі бар. Мысалы, ілік септік тұлғасы, негізінен, анықтауыш мүшениң айырым белгісі болса, табыс септік – тұра толықтауыштың грамматикалық көрсеткіші. Сол сияқты, өзінен кейінгі сөзben матаса байланысу анықтауышқа тән болса, етістіктен болған мүшемен қабыса байланысу – пысықтауышқа тән заңдылық, сонымен бірге, белгілі бір тұrlаусыз мүшелер қызметінде жұмысалуға біршама бейім тұратын сөз таптары да бар. Мысалы, сын есімдер көбіне анықтауыш болады, ал үстеулер тек әр түрлі мағынадағы пысықтауыш мүшелер қызметінде, зат есімдер бастауыш және толықтауыш қызметінде жұмысалады. Бұл ерекшеліктер, эрине, қатып қалған, бұлтарыссыз заңдылықтар да емес. Өйткені жеке мүшелерге тән, соларға лайық деп отырған тұлғалар мен байланыс тұрларі, сөз таптарының жеке мүшелерге лайық болу қасиеттері айтуши еркіне қарай модальдық жағынан өзгеріп, әр түрлі семантикалық ынгайда кездесе беруі мүмкін. Бұл жерде әнгіме әрбір ерекшеліктің өзінің тұра мағынасында, негізгі қызметінде жиі жұмысалуы турасында болып отыр.

Мағыналық жағынан тұrlаусыз мүшелердің әрқайсысы белгілі бір семантикалық мәнді білдіреді. Бірак кейде қолданылу орнына қарай тұлғалас сөздер әр сөйлемде әр түрлі мүшелік қызмет атқара береді. Мысалы: «Әкен Мұқан біздің ауылга жиен еді (С.Мұқанов). Ол біздің ауылга келді» деген сөйлемдер құрамындағы барыс жалғаулы «ауыл» сөзі екі түрлі мүше қызметінде жұмысалған: бірінші сөйлемде – жанама толықтауыш, екінші сөйлемде – мекен пысықтауыш. Алдыңғы сөйлемдегі «ауылга» сөзі есімге (жиен) қатысты болса, соның сөйлемде етістіктен болған мүшеге (келді) қатысты. Бұл жердегі семантикалық өзгеріс мынада: берілетін хабарды құрайтын сөздерді айтуши (информант) өз еркіне сай предикативтік, модальдық ынгайда қолдануына байланысты олардың тіркесетін сөздері, орны өзгерген. Ал мұндай орнын өзгертуге де мүмкіншілік беретін құбылыс – «ауылга» сөзінің

тура мағынасынан басқа сол мағынадан тараган ауыспалы мағынада да қолданыла алу ерекшелігі. Алдыңғы сөйлемде «ауылға» сөзі «ел», «халық» деген мағынаны, «адамдар тобы» ұғымын берсе, соңғы сөйлемде «орын», «мекен» ұғымын білдіріп түр. Сөйтіп, бұл сөздердің синтаксистік қызметі өзі тіркесстін сөздің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты болып отыратыны көрінеді. Нактырақ айтқанда: «жиен» сөзінің лексика-грамматикалық мағынасы бір ауыл-дагы ағайын адамдар ұғымын беретін «ауыл» сөзінің мағынасымен сәйкес келсе, екінші сөйлемдегі етістік «келді» динамикалық қозғалысты білдіруіне байланысты сол қозғалыс бағытталған мекендік (ауыл) мағынаға сәйкес келіп түр.

Сондай-ақ, қазақ тілінде барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғалуы сөздердің синтаксистік қызметі де ер сөйлемнің семантикалық ерекшелігіне карай құбылып отырады. Олардың қай сөйлем мүшесіне жататындығын ажырату үшін оның грамматикалық тұлғасы мен қай сөз табына жататындығын ескерумен бірге, сөздердің мәнмәтіндік (контекстегі лексикалық) мағынасын да қарастыруға тұра келеді. Мысалы: *«Гауһар қаладан кеше келді. Өзеннің ең терең жері белден асады. Түсі келгеннен түңілме»* сөйлемдеріндегі асты сызылған сөздер бірінғай шығыс септігінде тұрып етістіктен жасалған баяндауышқа катысты болғанымен, қызметтері бірдей емес. Алғашқы сөйлемдегі «қаладан» сөзі мекен пысықтауыш болса, соңғы екеуіндегі сөздер жанама толықтауыштар. Осы сөйлемдердегі аталмыш сөздердің синтаксистік қызметтері олардың мәнмәтіндік (контекстік) мағыналарымен астасып жатқандығы айқын. Пысықтауыш болып тұрған сөз осы мәнмәтін ішінде мекендік мағынаны білдірсе (жеке тұрғанда – елді мекеннің жалпы аты), ал толықтауыш болып тұрған сөздің екеуі де (жеке тұрғанда бірі – объект, екіншісі – субъекті) объектилік мағынаны білдіреді. Бұдан байқалатын тағы бір ерекшелік – сөйлемдегі сөздердің мүшелік қызметін оның мәнмәтіндік мағынасы айқындаиды.

2. Толықтауыш

Сөйлем құрамында кездесетін тұрлаусыз мүшелердің ішінде бас мүшелерден кейінгі орынды толықтауыш мүше иеленеді. Себебі, толықтауыш бас мүшелердің, әсіресе субъекті (бастауыш) кимылның жүзеге асуына себепші, оның әсеріне (ықпалына) ұшырайтын, соған жанамалай да, тікелей де қатысты болатын объектіні (затты, кісіні, сол мағынадағы басқа да атауларды т.б.) білдіреді. Мысалы: *Құлыниң Абайға қарай түсіп, улken сары шақшасын тырнағымен сыртылдата қазып отырып, бір кезде көк бүйра на-*

сыйбайын екі танауына құшырлана тартып қойды (Эуезов) деген сөйлемдегі Абайга, шақшасын, тырнағымен, насыбайын, танауына сөздері – толықтауыш қызметіндегі сөздер. Осы сөздердің баяндауышқа қатысы да, оларды өзара байланыстыратын тұлғалары да әр түрлі. Осыған сай бұл сөздердің семантикалық мәнері де бірдей емес. Мәселен, осы сөйлемдегі кейбір толықтауыштар (тырнағымен, танауына) өздерін менгеретін етістіктің салттылығына байланысты қымылдың жанама бағытталған объектісін білдірсе, кейбіреулері (шақшасын, насыбайын) етістіктің сабактылық мәніне байланысты субъекті қымылдының тікелей бағытталған объектісін білдіріп тұр. Ал Абайга толықтауышы қара сезінің әрі салттылық, әрі сабактылық мәніне сай тұлғалық жағынан барыс септік жалғауында тұруына қарамастан, семантикалық жағынан тұра объектінің білдіріп тұр.

Менгеруші сөз бен толықтауыштар арасындағы мағыналық қатынас басқа мүшелердің тіркесіне қараганда тығыз болады. Өйткені, менгеруші (толықталушы) яки баяндауыш немесе етістік болып тұрған сөздің сөйлемдегі семантикалық мағынасы толықтауыш мүше арқылы ғана толық ашылып, өзінің бар мүмкіндігімен айқын көрінеді. Мысалы, жоғарғы сөйлемнің «*Улken сары шақшасын тырнағымен сыртылдата қағып отырып*» деген компонентін алып көрейік. Сөйлем құрамындағы «*шақшасын, тырнағымен*» толықтауыштарының бірін түсіріп, «*улken сары шақшасын сыртылдата қағып отырып*» немесе «*тырнағымен сыртылдата қағып отырып*» десек, менгеруші «*сыртылдата*» (пысықтауыш қызметіндегі етістік) және «*қағып отырып*» (баяндауыш қызметіндегі етістік) сөздерінің семантикасы толық ашылmas еді. Бұл сейлемнің жалпы семантикасына да әсер етер еді. Нақтырақ айтқанда, алдыңғы варианта сыртылдау әрекетінің не арқылы жүзеге асқаны белгісіз болса, соңғы вариантта тырнағымен сыртылдата қағып отырганы не зат екені байқалmas еді. Сөйтіп, толықтауыш пен толықталатын сөздер арасындағы байланыс тығыз болу себепті, толықтауыш тек іс-әрекеттің объектісі ғана емес, толықталушы сөздің мән-мағынасын түсіндіруші, саралаушы, нақтылаушы да болады. Жоғарыда көлтірілгендей, Қ.Жұбановтың тұrlаусыз мүшелерді «*анықтауыш*» деп бір-ақ атауының мәні де осында тәрізді.

Толықтауыштардың менгеруші сөз білдіретін іс-әрекетке, қымылға қатыстылық дәрежесі мен семантикалық мағыналары, соңдай-ақ, сөйлем құрамындағы синтаксистік қызметі де бірдей емес. Мұндай әрекешліктері олардың тұлғалары арқылы көрінеді. Осыған байланысты толықтауыш мүшелерді тұра толықтауыш және жанама толықтауыш деп ажырату қалыптасқан.

2.1 Тура толықтауыш

Сабакты етістікten болған іс-қимылға, әрекетке тікелей қатысты болып, сонымен бір тіркесте ғана үғынылатын толықтауштарды тура толықтауыш деп атайды. Тура толықтауыш өз жетегінде айтылатын сөзге мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да бүтіндій тәуелді болады. Мағыналық жағынан тәуелді болатын себебі – сабакты етістіктер қымылды субъектінің тікелей әрекеті етіп көрсетпейді. Субъекті қымылын объекті бар жерде ғана жүзеге асатындей етіп көрсетеді. Толықтауштың мән-мағынасы осыған сай етістіктің лексика-грамматикалық ерекшелігімен айқындалады.

«*Кітапты оқыды*», «*тамақты ішті*», «*баланы жұбатты*» тәрізді тіркестер құрамындағы «*кітап*», «*бала*», «*тамақ*» сөздерінің табыс септік жалғауымен түрленуі оларды менгеретін «*оқыды*», «*ішті*», «*жұбатты*» етістіктерінің лексика-грамматикалық қасиетімен айқындалған. Бұл етістіктердің қайсысы да өз мәндеріне сай *нені?* деген сұрапқа жауап беретін сөзді (мұшени) қажет етеді де, соған сай бағынышты сөздің табыс септікте тұруы керек болады. Сөйтін, табыс септік жалғауы тура толықтауштың грамматикалық тұлғасы қызметін атқарып, олардың сабакты етістіктердің жетегінде айтылуына жағдай жасайды. Оның үстіне, менгеруші сөздің лексикалық мағынасы да өз кезегінде елеулі рөл атқарады. Себебі, тура мағынасында оқу әрекеті тек жазылған нәрселерге қатысты, ішу әрекеті тамаққа (сүйік аска), жұбату әрекеті балаға (адамға) қатысты ғана айтыла алады.

Сөйтіп, сөйлемдегі іс-әрекеттің жүзеге асуына себеп болатын объектиң білдіретін тура толықтауыш қызметіндегі сөздер менгерілетін сөзбен табыс септік жалғауының ашық не жасырын тұлғасы арқылы байланысады. Мысалы: *Аши мен тұшыны татқан білер, жасын мен алысты жортқан білер (Мақал). – Жаңадан уш жуз жұмысқер ала-мын (F.Мусірепов)*.

Бұл ерекшелік басқа түркі тілдеріне де ортақ. Тура толықтауштың жалғаулы-жалғаусызы болуы түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де, зерттелуінің алғашқы кезінен бастап-ақ ғалымдардың на зарын аударды. Мөселең, А.Казембек «...қымылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол етістіктің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады», – дейді [5;381-382]. Кейін алтай тілін зерттеушілер де осы пікірді қолдан, тура толықтауштың жалғаулы-жалғаусызы болуы заттың (объектінің) сөйлеушіге белгілі-белгісіз болуымен байланысты деген көзқараста болды.

П.М.Мелиоранский бұл пікірді жоққа шығармай, оған мынадай ойын қосады: «...это бывает, вообще говоря, тогда, когда слово, стоящее в винительном падеже, не определено или говорящий не хочет

обращать на него особого внимания слушателя. Таким образом, употребление оформленного или неоформленного винительного падежа весьма часто зависит от личного взгляда говорящего или пишущего» [6;15].

М.Балакаев кезінде бұл пікірдің субъективтік жағдайға сүйеніп айттылған шікір екенін ескертеп, грамматиканың жалпыға ортақ занын жеке кісінін еркімен байланыстырудың дұрыс болмайтынын айткан болатын [7;144-148].

Табыс жалғауының ашық не жасырын келуі кейде даралық, жалқылық ұғыммен ұштасып жататын кездері болатынын жокка шығаруға болмайды. Мысалы: «*Колхозишилар егін орып жастыр. Балалар агаши тасыды. Құрылышылар үй салды. Оқушылар сабақ оқыды*» тәрізді сөйлемдер құрамындағы «егін», «агаш», «үй», «сабақ» сөздерінін жалғаусыз колданылуы, бір жағынан сол сөздердің накты, дара затты білдірмей, жалпылық ұғымда колданылуымен де байланысты. Екінші сөзбен, нақ қай егін түрі емес, жалпы егін атаулы егілгені, нақ қай ағаш емес, жалпы ағаш атаулы тасылғаны т.б. туралы айтылған. Тіл фактілеріне қарағанда, сөз бірөнкі заттардың бәрін емес, солардың бірін не бір тобын накты білдіру үшін жұмысалғанда, табыс жалғауы ашық түрінде қолданылады. Мысалы, «*Құрылышылар үйді салып бітірді*» десек, жалпылық мәнде емес, нактылық, даралық мәнде ұғынылар еді де, «*үй*» сөзі табыс жалғауының ашық түрінде келер еді. Бірақ, дәл осы ерекшелік барлық жағдайда сақала береді деуге де болмайды. Кейде жалқылық ұғымда қолданылатын сөздер де табыс жалғауының ашық түрінде келе беруі мүмкін. Мысалы: «*Кошкен ел малын айдал, азан-қазан бол жолға түсті*» деген сөйлемдегі «*мал*» сөзін даралық мағынада тұр деп есте де айтуға болмайды. Мұндай ерекшеліктер, сірә, сөздерге логикалық екпін түсірумен (актуализациялаумен) тығыз байланысты болса керек.

Тура толықтауыштың алдында мөлшерлік, не сапалық анықтауыштардың келуі де олардың әр уақыт табыс жалғаулы болуының мызғымас шарты бола алмайды. Мысалы: 1. *Қар түсін, мұз қатқан соң да Жандыз бойынан бау-бау қоға шапты* (Т.Ахтанов). 2. *Аңышлар он күннен бері бүркітпен, тазымен көп тұлқі алды* (М.Әуезов). 3. *Қазіргі оқығаннан сіз ойлаган адамды таппадым* (М.Әуезов). Алдынғы екі сөйлем құрамындағы тура толықтауыштар табыс жалғауының жасырын түрінде келсе, соңғы сөйлемдегі толықтауыш табыс жалғауының ашық күйінде келген. Оның үстінс, осындағы жалғаулы толықтауышты жалғаусыз (сіз ойлаган адам), жалғаусыз толықтауыштарды жалғаулы (бау-бау қоғаны, көп тұлқіні) етіп айтуға да болады. Ол үшін толықтауыштардың орындарын ауыстырса не баяндауышпен екі араға басқа сөз түссе жетіп жатыр. Олай болса тура толықтауыштың

алдындағы басқа мүшелермен, анықтауыштармен бірге қолданылуы олардың табыс жалғауында ашық не жасырын келуінің шарты бола алмайды. Сондай-ақ, тұра толықтауыштардың жалғаулы не жалғаусыз келуі тек белгілі-белгісіздікке қана байланысты да бола бермейді. Бұл ерекшелік, жоғарыда көрсетілген мысалдағылардай, тілдің әр қылы заңдылықтары мен қолданыс ерекшеліктеріне барып саятынын байқау қыын емес. Олар бірде сөздердің лексика-грамматикалық қасиеттіне байланысты болса, бірде сөйлем құрамының интонациялық және грамматикалық ерекшеліктеріне де байланысты болуы мүмкін. Міне, соларды ажырата жүйелеп талдағанда ғана бұл қасиеттер толық түсінілуі мүмкін.

Тұра толықтауыштардың жалғаулы және жалғаусыз келу жағдайларын бас-басына жеке-жеке баяндау қажет бола бермейді. Үйткені, егер тұра толықтауыштың жалғаулы болып келетін орындарын айқындаса, сонымен қабат оның жалғаусыз келу себептері де ашылады. Сондықтан тұра толықтауыштардың жалғаулы келетін жағдайларына шолу жасау мақұл.

Тұра толықтауыштың табыс жалғауының ашық түрде жұмысалу орындары төмөнде көрсетілдегідей:

1. Тұра толықтауыш менгерілетін сөзден алшақ тұрса, жалғаулы болып келеді. Мысалы: *Қекітай хатты қалтасына салды* (М.Әуезов).
2. Аналитикалық етістіктер тұра толықтауыштармен байланысып экспрессивтік мәнде айтылған жағдайда тұра толықтауыш жалғаулы болады. Мысалы: *Аскар есікті ашип кеп жіберді* (С.Мұқанов).
3. Тұра толықтауыш пен сабакты етістік бір логикалық предикаттың құрамда (рема) келіп, алдыңғысына логикалық екпін түсетін болса (актуализацияланса), тұра толықтауыш жалғаулы болып келеді. Мысалы: *Қасқыр алатын тазылар борсықты жіберсін бе?* (F.Мұстафин)

4. Бір сөз сөйлем ішінде әрі субъектілік, әрі объектілік қызметте жұмысалынып қайталанса, объектілік қызметтегі тұра толықтауыш жалғаулы болады. Мысалы: *Балықшы балықшыны алыстан көреді* (*Мақал*).

5. Бірінғай толықтауыштардың соңғысы көбіне жалғаулы болады. Мысалы: *Әдебиет пен тарихты болуге бола ма?* (С.Мұқанов). *Болат пен кірпіштерді өріп қалап, тәбесі айнаменен шатырланбақ* (Д.Әблөв). Бірақ кейде бірінғай мүшелердің әр қайсысына баса көніл болу қажеттігінен олардың айрықша дауыс екпінімен айтылуына байланысты бірінғай мүшелердің әр қайсысы табыс жалғаулы болып келе береді.

6. Тәуелдік жалғаулы сөздер тұра толықтауыш болғанда, жалғаулы болып келеді: *Адрестерін алып қалуым керек қой...* (F.Мұсірепов).

7. Қайталама қос сөздерден жасалған тұра толықтауыштар әрдайым жалғаулы болып келеді: *Біз сай-сайды жасагалап ұзақ жүрдік.*

8. Тұра толықтауышты менгерін тұрған сөз сейлемнің баяндауышы қызметін атқармай, басқа мүшелік қызметте тұрғанда тұра толықтауыш жалғаулы болады. Мұндай құбылыс қебіне метафоралық қолданыста айқын байқалады: *Ол қызына екі пікірді сіңірге тырысты* (С.Мұқанов).

9. Тұра толықтауыштың табыс жалғаулы болуы кейде оларды анықтайтын сөздерге де байланысты болады:

а) Сілтеу есімдіктерінен болған анықтауышы бар тұра толықтауыштар: *Мен осы кітапты оқыын.*

ә) -ған формалы есімшеден болған анықтауышы бар тұра толықтауыштар: *Жолда отырған кісіні көрдік.*

б) -ғы/-гі, -қы/-қі тұлғалы анықтауышы бар тұра толықтауыштар: *Олар кешкі тамақты ішіп, әңгімелеге кірісті. Ернеудегі қаймақты ала бергенде, жазатайым қаймақ басына құйылып кетті* (F.Мұстафин).

10. Есім мен көмекші етістік тіркесінен болған баяндауыш тұра толықтауыштың табыс жалғаулы болуын қажет етеді: *Бір кемпір бір кемпірді әже дейді* (Мақал). Бұл пайда колхозды миллионер етеді (F.Мұстафин).

11. Кейде менгеруші сөз тұра мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылғанда, тұра толықтауыш жалғаулы болады: *Құнанбай қеудесін көтеріңкіреп, қарсы алдына жалғыз козін қадай отырып сойледі* (М.Әуезов).

12. Синтаксистік икемділігі жағынан толықтауыштан гөрі басқа мүшелер қызметінде жұмсалуға бейім сөздер тұра толықтауыш болғанда жалғаулы келеді. (Мысалы, бастауыш болуға икем кісі аттары мен олардың орнына жүретін сөздер, жіктеу есімдіктері, анықтауыш болуға бейім есімше, сан есім, сын есімдер т.б.). *Өйткені Ақботаны көрсем, онымен бірге күйеуін де көремін деп қорқам* (F.Мұсірепов). Ұзақ күрес біреуді жалықтырады, біреуді қызықтырады (F.Мұстафин). *Ішерін ішіп болмай, айтарын айтып болмай, адам деген өле кете ме екен?* (F.Мұсірепов).

13. Мағынасы абстракт туынды зат есімдер де толықтауыш қызметінде қебінесе жалғаулы болып келеді: *Айбарша аса бір тәттілікті үгады* (С.Мұқанов).

14. Белгілі бір сөздің тұра толықтауыш қызметінде жұмсалуы сабакты етістіктермен тіркесіп, солардың жетегінде айтылғандағанда мүмкін жағдай екені мәлім. Қазақ тіліндегі сабакты етістіктер мағыналық мәндері жағынан да көп түрлі және грамматикалық тұрғыдан да әрқылы. Біrsыптыра етістіктер түбір тұлғасында сабактылық мән берсе, кейбір етістіктер аффикстер қосылып, туынды түбірге айналғандаған

сабактылық мән алады. Енді бір топ етістіктер мәнмәтін құрамында бірде салттық, бірде сабактылық мән бере алады. Негізгі түбір тұлғасында сабактылық мән беретін етістіктер: *окы, тоқы, іш, ат, сой, ой, біл, сез, көр, есті, шұқы т.б.* Бұл топка жататын етістіктер түбір күйінде-ақ әр уақытта өзіне бағынышты сөздің табыс септік жалғаулы (ашық, не жасырын) болып келуін, яғни тура толықтауыш қызметінде болуын қажет етеді. Сонымен қатар, түбір тұлғасында салттық мән беретін етістіктерге өзгелік етіс аффиксі қосылғанда, олар алғашқы салттық мәннен ажырап, сабактылық мәнге ие болады. Екінші сөзбен, бұрын істі істеуші субъектіге тікелей байланысты айтылатын етістік енді бұрынғы мәніне қоса тура толықтауышты қажет ететін болады: *кір-кіргіз, отыр-отыргыз, ауыр-ауырт, агар-агарт, т.б.* Мысалы, *Ол үйге кірді* – дейтін болса, «*кір*» етістігі өзінің алдында тура толықтауышты қажет етіп тұрған жоқ, егер соңғы етістік тұлғасын өзгертіп *Ол үйге кіргізді* болса, онда сол етістік тура толықтауышты қажет етіп, сөйлем құрамын толықтырып айтуды керек етеді. (*Ол отынды үйге кіргізді*). Сөйтіп, етістіктің лексика-грамматикалық қасиетіне лайық сөйлем құрамында бірде тура толықтауыштың орны жоқталады да, бірде оның ешбір қажеттігі болмайды. Екінші жағынан, сөйлем құрамында субъектінің білдіретін сөз қажетіне қарай сабакты етістіктің жетегімен обьектіге (тура толықтауышқа) айналуы да мүмкін: *Ол үйге кірді – Оны үйге кіргізді. Мал ауылга келді – Малды ауылга келтірді т.б.* Алдыңғы сөйлемдерде бастануыш қызметіндеңі қазір сөздер кейінгі сөйлемдерде тура обьектіге айналған. Мұндай құбылыс, эрине, салт етістіктердің сабактыға айналуы арқылы ғана мүмкін болып отырады.

Сабакты етістіктер баяндауыш қызметінде дара жұмсалмай, құрделі етістік құрамында жұмсалғанда немесе *керек, қажет, тиis, т.б.* модаль сөздермен бір тіркесте жұмсалғанда да өзінің тура толықтауышты қажет ететін қасиетінен айрылмайды, яғни оның сабактылық мәніне нұксан келмейді. Мысалы: *Орнын жаңа тапты білем.* (F.Мұстафин). *Мен-ақ алып кетейін бұларды.* (F.Мұстафин). Енді бізге ауылдагы адамдардың көңіл-куйін білу керек. (С.Мұқанов). Құрделі баяндауыш құрамындағы сабакты етістік әр түрлі аффикстермен құрделенуі де мүмкін. Ол жағдайда да сабактылық мән сакталады: *Енді ол Қарагандыны басқаратын Некрасовты біраз бөріктіріп алғысы келді* (Мұсірепов). *Барар жолын, аңсар арманын, алысар тәсілін танытқанымыз жоқ* (Әуезов).

Сабакты етістіктер аффикстер арқылы есім сөздер тобына айналғанда да өзіне бағынышты сөздің табыс септікте тұруын қажет етеді. Ондай есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалса, оған бағынышты сөз тура толықтауыш болып ұғынылады: *Оның көзі әрқашан қалт еткенде байқагыш, көңілі бар жәйді айтпай-ақ сезгіш* (газеттен).

Тура толықтауыштардың жалғаулы түрі де, жалғаусыз түрі де бірыңғай күрделі және үйірлі болып келе береді. Мысалы: 1. Аши мен тұшыны татқан білер, Жақын мен алысты жортқан білер (Макал). 2. Донбастан келгендерді сұықтан қауіптеніп жақын жердегі бірінші баражқа орналастырыды (Г.Мұстафин). 3. Партизандар орман ішінде, тау арасында жатса да. ...өмір мен өлімнің шайқасы басталарын сезіп жатыр (Ә.Ә.).

2.2 Жанама толықтауыштар

Етістікten болған баяндауышпен не басқа бір мүшемен барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері арқылы байланысып, іс-әрекеттің орындалуына обьектінің қатысын қосымша, жанамалай көрсететін толықтауыш түрі жанама толықтауыш деп аталады. Жанама толықтауыштар менгеретін мүшелермен біршама еркін байланыска түседі. Бұл да толықталатын мүшениң лексика-грамматикалық сипатына байланысты болып келеді. Жанама толықтауыштардың мәндері олардың грамматикалық тұлғаларына сай алуан түрлі болады.

Зат есімдер немесе заттанып солардың орнына жұмсалған сөздер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып, жанама толықтауыш қызметін атқарады. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде жанама толықтауыштарды менгеретіндер тек салт етістіктері емес, сабакты етістіктер болуы да мүмкін. Мысалы: *Бала бір кезде көзін жесімімен сұртті*. (С.Мұқанов). *Қазіргі оқығаннан сіз ойлаган адамды таппадым* (М.Әуезов). Бұл сөйлемдердегі сабакты етістіктерге қатысты болатын жанама толықтауыштың бірі – көмектес, бірі шығыс септіктерінде тұр. Бұл арада мынадай ерекшелік бар: жанама толықтауыш етістік-баяндауыштың мәнін жіктеуші екінші дәрежелі мүшеғана болады. Етістік-баяндауышқа тікелей қатысты, онымен тығыз байланысты, қалайда айтылуға тиіс мүше – тура толықтауыш. Егер тура толықтауыш айтылмай қалса, оның орны жоқталып тұрады, ал жанама толықтауыш айтылмаса, байқалмайды. Өйткені, жанама толықтауыш етістік-баяндауыштың ықпалынан, соның мәнінен тумайды. Осы тұста мына бір мәселеге де назар аудара кеткеннің артықтығы болмайды.

Откен ғасырдың орта тұсынан орыс тіл білімінде сөйлем мүшелерін дәстүрлі тұрғыда «тұрлаулы» және «тұрлаусыз» мүше ретінде бір-біріне қарама-карсы екі топқа жіктелп мүшелеудің кейбір түсініксіз, осал тұстары бар деген ойлар пайда болды. (Бұл көзқарастар сөйлемнің тілдік құрылымы мен логикалық құрылымы сәйкес келе бермейтіндігін, сондықтан оның осы екі сипатын қатар, салыстыра қаруа қажеттігін түсінгеннен туған болатын). Орыс ғалымдарының пікірінше, сөйлемді

жайылмаландыруға қатысатын мүшелердің өзі құрамы мен құрылышы жағынан түрлі-түрлі болып келеді: кейбір тұrlаусыз мүшелердің қызметі тұrlаулы мүшелерден кем түспей, хабар мазмұны үшін олардың қажеттілігі айқын аңғарылып тұrsa, кей жағдайда олардың сөйлем мүшелерімен байланысы бәсек болып, қызметі бір жақты, яғни нақты бір сөйлем мүшесіне тәуелді болмай, сөйлем мағынасын кенейту қызметін ғана атқарады (Ф.Б.Бусласев, А.В.Попов, Д.Н.Овсянико-Куликовский, А.М.Пешковский, И.И.Мещанинов, В.В.Виноградов т.б.). Осылай ой-пікірлердің негізінде тіл ғылымында «детерминант» термині пайдалайды.

«Детерминант» терминін 1964 жылы орыс ғалымы Н.Ю.Шведова ұсынған болатын [8]. Міне, осы кезеңнен бастап лингвистикалық сөздіктерде, академиялық орыс грамматикаларында осы терминге анықтамалар беріліп, зерттеу нысанына айналғаның бастады [9].

Соңғы кездерге дейін түркі тілдерінде сөйлемді жайылмаландырушы детерминанттық мүшелер арнағы зерттеу нысаны болған емес. Тек, көрнекті татар ғалымы М.З.Закиев өз еңбегінде жоғарыдағы орыс ғалымдарының дерминанттар жөніндегі пікірлеріне талдау жасай келіп, «семантикалық тұрғыдан алғанда, детерминант сөйлемнің темасы бола отырып, предикативтік топтан тұратын қалған бөлігіне (ремаға) немесе өзінің предикативтік тобындағы мүшелерге қатысты болады. Ал синтаксистік құрылым тұрғысынан татар тілінде детерминант қалайда белгілі бір сөйлем мүшесіне грамматикалық құралдардың көмегі арқылы бағынышты болады» деген пікір білдіреді. Осылай ой қорытындысы нәтижесінде М.З.Закиев детерминантқа мынадай анықтама береді: „Детерминант – это дополнение или обстоятельство, выражающее тему, поэтому семантически относящееся к оставшейся предикативной части предложения в целом, но синтаксически связанное с каким-нибудь отдельным его членом“ [10, 342].

Ғалымның бұл анықтамасы қазақ тілі үшін де қолдануға тұрарлық. Детерминант – қазақ тіл білімінде арнағы зерттелуін күтіп тұрған мәселе. Дегенмен, осы құбылысты жоғарыдағы анықтаманы басшылыққа алып түсіндіруге болады. Мысалы, «Сол күннен бастап ол Кутузов дегеннің кім екенін білмекке құштар болды» сөйлемі синтаксистік құрылымы жағынан мынадай мүшелерден тұрады: пысықтауыш (сол күннен бастап), бастауыш (ол), тұра толықтауыш (Кутузов дегеннің кім екенін), баяндауыш (білмекке құштар болды). Ал коммуникативтік құрылымы жағынан тема – сол күннен бастап ол, рема – Кутузов дегеннің кім екенін білмекке құштар болды. Сөйлемнің осы екі бөлігінде екі тұrlаусыз мүше – пысықтауыш және тұра толықтауыш бар. М.З.Закиевтің анықтамасы бойынша, осы тема құрамындағы пысықтауыш (сол күннен бастап) – детерминант мүше.

Енді, дәл осы мүшениң дәтөрминант екенін қалай білуге болады? Ол үшін орыс ғалымдарының хабардың негізгі өзегін құрайтын предикативтік қатынасқа негізделген кіші құрылымдық үлгісін (ол білмекке құштар болды) басшылыққа алу туралы тұжырымдарын да ескеру қажет. Сонда осы сөйлем білдіретін хабар мазмұны (семантикасы) субектінің белгілі бір обьекті жөнінде мәлімет білуге құштарлығын (сезім әрекетін) білдіру болса, бұл «Ол Құтузов дегенниң кім екенін білуге құштар болды» сөйлемі арқылы берілпіп тұр. Бұл сөйлемді сыртқы құрылымдық жағынан алсақ та, мағыналық құрылымы жағынан алсақ та жетімсіз сөйлем деуге келмейді. Сонда «сол күннен бастап» деген пысықтауышсыз-ақ сөйлем хабар білдірушу, қатынас құралы болу қызметін толығымен атқарып тұр. Оған сөйлемнің тұра толықтауыш арқылы жайылмалануы да өз септігін тиғізген. Ал сөйлеу барысында баяншы хабарын мезгіл жағынан толықтыра, нақтылай тұсу мақсатын көздел, негізгі сөйлемді мезгіл мағыналы пысықтауыш мүшемен қосалың түрде жайылмаландырады. Міне, осы қосылған мүше дәтөрминант мүше болады. Сонда бұл мүшениң сөйлемге енгізбей қойса да, сөйлемнің негізгі мазмұндық құрылымына (баяндалатын хабар мазмұнына – ремага) пәлендей нұқсан келе қоймайтыны анғарылады. Дәтөрминант мүшениң әдеттегі мүшелерден айыра қарауда осы ерекшелік ескеріледі.

Барыс септік жалғаулы жанама толықтауыштар зат есім сөздерге *-қа/-ке, -ға/-ғе* және *-а/-е, -па/-не* (тәуелдік жалғауынан кейін) жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Жасымда албырт өстім ойдан жырақ, Айлага, ашуга да жақтым шырақ* (*Абай*). *Көзіңді салиш дағама Тұкті кілем түгіндей* (*Жамбыл*).

Басқа сөз таптараты да (сын есім, сан есім, есімдік т.б.) субстантивтену арқылы барыс септік жалғауын қабылдап, жанама толықтауыш қызметін атқара алады: *Абай әңгіме айтуга бір түрлі шешен, шебер болып барады*. (*М.Әуезов*). – *Мен де отызы екіге шықтым* (*М.Магсатин*).

Барыс септік жалғауы жіктеу есімдіктерінің жекеше түрлеріне жалғанғанда *-ған* тұлғасында келеді (*маган, саган, оған*). Бұл қосымшаның тарихи қалыптасуын анықтауда мына фактілер ескерілуі керек: «Көне түркі тілінде, қазіргі кейбір түркі тілінде де (құмық тілінде) барыс септіктің *-гар* форманты бар. Н.К.Дмитриев шағатай әдеби тіліне тән деп қарайтын *-гар* о баста дербес сөзден қалыптасқан деп есептейді. Соңғы пікірді ескерсек, казақ тіліндегі *-ған* көне түркілік *-гар* қосымшасына қатысты болмауы әбден мүмкін. ...*-ған* тұлғасын *-ға* және *-н* құрама элементтерге бөлуге дәлел мол. Жоғарыда айтылғандай, жіктеу есімдіктерінің жуан дауыстылы варианиттары болуын мүмкін деп қарасақ, *-ған* қосымшасының алдыңғы бөлігінің (*-ға*) жуан айтылуын түсінуге болады. Оның үстіне, көне түркі тілдерінде де

мага, сага тәріздес тұлғалану бар. Солай деп есептесек, *-ған* қосымшасының сонғы элементін, В.Банг, Э.В.Севорянның ізімен, басқа бір жалғау деп қараяға болар еді [11;159].

Барыс септікті жанама толықтауышты тек етістік сөздер ғана емес, есімдер де менгере алады. Әсіресе, бұған сын есім бейім тұрады. Мысалы: *Ол жасынан оқуға жүйрік. Білт мөсек жасында дөңгелек столға шынтақтап, оңаша ғана отырган Абайға* есіктен кірген са-
мал да **жайлы**. (М.Әугезов).

Жоғарғы мысалдардан көрініп отырғандай, барыс септікті жанама толықтауыштар іс-әрекетке ұшыраған жанама объектіні (кісіні, затты) білдіреді. Жанама толықтауыштар етістік-баяндауыштың әсеріне ті-
келей емес, жанама ғана ұшырайды. Мысалы, мына сөйлемді талдап көрейік: *Бір провокатор оны полицияның қолына алдан туғырпіті*. Ис-әрекеттің әсеріне ұшыраған алғашқы объект – «ол(ны)», содан соң ғана ойды әлде де жіктей, айқындау түсін «полицияның қолына» дейтін жанама толықтауыш айтылып тұр. Сөйлемді осы жанама то-
лықтауышсыз да айтуға болар еді, онан ой сындарлылығы бұзылmas
та еді.

Осы мысалдан туындастын тағы бір мәселеге тоқтала кеткен орынды болады. Ол – *-на/-не* қосымшасына (*қолына*) байланысты. Тек тәуелдеулі сөздерге ғана жалғанатын бұл қосымшаны кезін-
де В.Котвич 3-жак тәуелдік жалғауы мен барыс септік жалғауышың қосындысы (-ы+н+a) деп түсіндірген болатын [12;324]. Бұл – алтай тіліндегі (монгол тілінде сақталған) ерекшеліктерге байланысты айт-
тылған пікір. Ал тәуелдеулі сөздердің септелуі көне және жаңа түркі тілдерінде *-ын* (-н) қосымшасын сақтауын қалай түсіндіруге болады? Бұл сұрапқа жауап беруде тілдердің даму барысында болып отыратын кейір факторлардың рөлін еске алу керек. Түркі тілдерінің құрылышы түбір мен қосымшаның бірынғай дауысты дыбыстардан тұруын қажет етпейді. Соның салдарынан да барыс септіктің ең ежелгі қосымшасы тәуелдіктің 3-жағының ежелгі түрімен «бірігіп» қалған деуге толық негіз бар [11;159].

Барыс септікті жанама толықтауыштар іс-әрекеттің орны болатын, немесе барып тірелер затын, кейде тіпті мөлшерін де білдіруі мүмкін. Жоғарғы мысалдардағы «*отыз екіге шығамын*» тәрізді жанама толықтауыштар сондай. Кейде жанама толықтауыш кісінін айрықша қасиетін де білдіруі мүмкін (*оқуға жүйрік*). Сонымен, жанама то-
лықтауыштың мәні кейде сол қызметте жұмысалған сөздің не менге-
руші етістіктің лексикалық мәнімен ұласып, соның салдары болып отырады.

Кейде, сөйлем ішінде жанама толықтауыш пен тұра толықтауыш қатар жұмысалғанда, тұра толықтауыш іс-әрекет бағытталған объек-

тін білдіреді де, жанама толықтауыш іс-әрекетті жүзеге асырушы (не жүзеге асыратын) субъектіні де білдіретін кездері болады. Мысалы: *А.Рязанов мырза саган соны тапсырған екен гой* (*Мұсірепов*). Барыс жалғаулы жанама толықтауыш (*саган*) болашак істі жүзеге асыратын субъектіні білдірген де, табыс жалғаулы тұра толықтауыш іс-кимыл бағытталатын объектіні білдірген. Мұндай мағыналық ерекшелік әрі сабактылық, әрі салттылық мәнді білдіретін етістіктер баяндауыш қызметінде қолданылғанда ғана болуы мүмкін. Мұндай жағдайда екі толықтауыштың біреуін детерминант мүше деп карауға болмайды. Екенін де хабар мазмұны ушин мәні бірдей.

Барыс септікті жанама толықтауыш болатын мүше әр уақытта *кімге?* және *неге?* деген сұрауларға жауап беретін сөздер болуға тиіс және олар курделі, бірыңғай жане үйірлі де болып қолданыла береді.

Жатыс септік жалғаулы жанама толықтауыштар зат есім және басқа да заттанған сөз таптаратына *-да/-де, -та/-те, -на/-не* жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Оның әрекетінде байытты іскерлік, тиянақты тындырыымдылық жоқ* (*Т.Ахтанов*). *Тұңсіз терең жүректе жарықыраган шындық бар* (*F.Мұстафин*).

Бұл жалғаулардың ішіндегі *-да/-де* қосымшасы тәуелденген сөздерге, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне *-нда/-нде түрінде* жалғанады. Бұл ерекшелікті де жоғарыда барыс септігіне байланысты айтылған тарихи дерекпен түсіндіруге болады.

Есім сөздер жатыс септікте тұрып, жанама толықтауыш қызметін атқарғанда, көбінесе, іс-кимыл таралған объектіні, зат, құбылыстың орны болған объектіні білдіреді. Сонымен бірге, жатыс жалғаулы жанама толықтауыштар статикалық күй-қалыпты, әрекетті білдіретін етістіктермен тіркеседі. Есім сөздердің жатыс септікте тұруын қажет ететін етістіктер де, жатыс септікте жанама толықтауыш қызметінде қолданылалатын сөздер де байырғы қазақ тілінде аса көп емес. Бірақ қазіргі әдеби тіл құрамында жатыс септік тұлғасы арқылы жанама толықтауыш қызметінде жұмысала алатын сөздердің сан жағынан молайғандығын айту керек. Әрқашан әдеби тілдің молығып, толығуымен оның құрамындағы сөздердің тіркес құрау кабілеті артып, кенеіп отырады. Бұл, әрине, халық тілінде жана ұғымдардың пайда болуымен, сейлем құрамының күрделенуімен ұштасып жататын құбылыс. Мысалы: *Жоба аясында салынып жатқан «Наурыз» алаңы келесі айда пайдалануга берілмек. Жоба композициясында табиги факторлар мен жер бедерлерінің ерекшеліктері басты назарға алынған* (*«Ана тілі» газетінен*). Осы келтірілген сейлемдер құрамындағы сөздердің жатыс септік жалғауын қабылдауды да, сөйтіп жанама толықтауыш қызметінде жұмысалуы да қазіргі әдеби тіл атқаратын қызметтің, оның қолданылатын ауқымының кенеюінен барып пайда болған құбылыс. Сөз-

дердің жатыс септікте жанама толықтауыш қызметінде жұмсалуынан кейде халық тілінде қалыптасқан ізben үйлеспейтін де фактілерді кездестіруге болады. Қазіргі әдеби тілімізде *тианинода ойнау*, *скрипка да ойнау* т.б. тәрізді жатыс жалғаулы есім мен етістіктер тіркестері кездеседі. Мысалы: *Өзі режиссер әрі драматург, домбыра тартады, скрипка да ойнайды, нота таниды, білімді* («*Қазақ әдебиеті*» газетінен). Егер халық тілінде қалыптасқан із сакталса, *скрипка тартады* болуға тиіс еді. Кейде *тианинода ойнайды* дегеннің ізімен халық тілінде, ертеден бар тіркестін өзін өзгертіп, *домбырада ойнау* деп те сөйлеу ийндері кездеседі. Бұл, шындығында, орыс тілінің әсерінен («играет на баяне, играет на гитаре» дегендердің тұра аудармасы) кейін пайда болған құбылыс. Мұндай тіркестерді тұлғалық ерекшеліктеріне қарай, әдетте, менгеріле байланысқан сөздер ретінде жеке мүшелер тұрғысынан талдау бар. Ал сөйлемді логикалық құрылым тұрғысынан қарастыратын орыс ғалымдары (кейбір түркі ғалымдары да) мұндай тіркесті бір процесті білдіретін, бір ғана сұраққа жауап беретін күрделі құрылым деп есептейді. Расында да, «*домбыра тартты*», «*ән салды*» тіркестеріндегі «*тартты*», «*салды*» баяндауыштарын жекелей алғып баяндауыш деп есептер болсақ, олардың өз мағынасында тұрмаганын, олардың мағынасы тек алдындағы сөздермен ғана айқындалатынын байқауға болады. Осыны ескерген кейбір ғалымдар оларды көмекшілікке ауысқан етістіктер деп түсінетін тәрізді. Әйтсе де, қазақ халқының ауызша қалыптасқан тілінде мұндай абстракцияланған күйінде де түсінікті болатын талай сөздер жеткілікті. Мәселен, қандай да бір керілген, созылған затты (арқан, жіп, сым, домбыраның ішегі) тартып тұрып, жіберіп қалғанда, дыбыс шығаратыны белгілі. Осы бір физикалық құбылысты біздің халқымыз бір ғана «*тартты*» сөзімен берген және бұл осы бір абстракцияланған мәні арқылы қимыл-эрекетті айқын білдіріп тұр. Алайда, ұзақ уақыт қолданылу барысында интонациялық жағынан бір-бірінен ажырамастан болып қалыптасқан бұл тіркес қазіргі кезде бір ғана сұраққа жауап беретін бір логикалық мүше ретінде қызмет етеді. Сондықтан осындай тіркестерді грамматикалық тұрғыдан жеке лексикалық сөз ретінде талдауға болғанымен, жеке сөйлем мүшелер ретінде талдау орынды бола қоймайтын тәрізді. Қалай болғанда да, жас ұрпаққа ғасырлар бойы қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан «*домбыра тартты*»-ның тарихи қалыптасу жолын түсіндіре отырып, оның орнына «*домбыра ойнады*» деп қолдану тілбұзарлықтың бір көрінісі болып табылатынына көздерін жеткізіп отыру орынды болады.

Сондай-ақ, «*ән салды*» дегендегі «*салу*» сөзінің де мағынасы сол өзінің бастапқы «*салу, құю*» деген мағынасына саяды. Содан да «*еске (ойга, мига) салу (құю)*», одан «*журекке салу (жеткізу, құю)*» деген

тәрізді тіркестер пайда болған. Яғни халық әннің ойға, жүрекке әсер ететін құбылыс екенін түсініп, осындай тіркестер туғызған.

Жатыс жалғаулы сөздердің екі түрлі басты мағына беріп, екі түрлі синтаксистік қызмет атқаратыны белгілі. Олар бірде жанама то-лықтауыш болса, бірде пысықтауыш болады. Бұл әрине, көбінесе сол сөздердің лексикалық мағынасына байланысты, бірақ жатыс септікте қолданылатын кей сөздердің синтаксистік қызметі, сонымен қатар мәтінге және етістік-баяндауыштың мәніне де байланысты болады. Мысалы, «Жылқыда өт жоқ», «Ол жылқыда болды» дейтін сөйлемдер құрамындағы «жылқыда» сөзінің синтаксистік қызметтері бірдей емес. Алғашқы сөйлемде «жылқыда» сөзі жанама то-лықтауышта, соңғы сөйлемде – мекен пысықтауыш. Бұл – 1-ден, «жылқыда» сөзінің мәнмәтінде қолданылу ерекшелігінің салдары: алғашқы сөйлемде ол мал ретіндегі лексикалық тұра мағынасында қолданылып тұрса (сұрағы – *неде?*), соңғысында «жылқы бағылатын жер» деген ауыспалы мағынада қолданылып тұр (сұрағы – *қайды?*). 2-ден, алғашқы сөйлемнің мағынасын «жоқ» сөзімен предикативтік қатынасқа түсіп тұрған жылқының ағзасының атавы «*өт*» сөзі де нақтылай түседі. Ал екінші сөйлемдегі «жылқы» сөзінің мағынасын оны менгеріп тұрған қозғалыс бағытын білдіретін «барды» етістігі айқынрайды. Сонымен, осы сөйлемнің алғашқысы ғана жанама то-лықтауышты сөйлем болып табылады. Жалпы, жанама то-лықтауыш қызметінде жұмсалатындар орын-мекен, кеңістік мәнін бере алмайтын, *кімге? неге?* дейтін сұрақтарға жауап болатын заттық мәндегі сөздер ғана.

Жатыс септіктік жанама то-лықтауыштар да дара, күрделі, бірынғай және үйірлі болып қолданылады.

Шығыс септік жалғаулы жанама то-лықтауыш қызметіндегі сөздер -дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен формасы арқылы беріледі. Бұл жалғауды Б.А.Серебренников *-да* негізінде қалыптасқан, ал *-н* «белгілі бір орыннан басқа жаққа жұмсалған қымылдың бағытын (латив) білдіретін қосымша болу керек» деп есептейді [13;114]. Қазіргі қазақ тіліндегі шығыс септігінің мәні мен қызметін ескерсек, ғалымның бұл пікірі шындыққа жақын екенін мойында масқа болмайды.

Шығыс септік тұлғасының ерекше түрі *«мен»*, *«сен»* есімдіктерінің септелуінде кездеседі: *мен-ен*, *сен-ен*. Мұндай тұлғалану көне түркі жазбаларында да, қазіргі түркі тілдерінде де кездеспейді. Осы қосымшаларды дыбыстардың өзара әсерінен болды деуге де ешбір тарихи негіз жоқ. Сондықтан *«мен-ен»*, *«сен-ен»* тұлғалануындағы шығыс септіктің ерекше қосымшасын, Б.А.Серебренниковтың ізімен, түркі тілдері тарихындағы есімдіктер септелуініңrudimenttik көрінісі деп есептеуге болады [11;163-164]. (М.Томановтың осы пікірін өзінің кей-

інгі зерттеу еңбегіндегі мына пікірі арқылы толығырақ түсіндіре кетуді орынды санадық: «Есімдіктердің шығыс септік тұлғасының менен, сенен түрінде, яғни қосымшаның басқы -и дыбысынсыз айтылуы элизия құбылысының эсерінен болуы мүмкін. Ежелгі ескерткіштер тілінде сендін, сенін, сеніден, сеніңден түрінде ұшырасады. «Кодекс Куманикусте» сенден, менден тұлғасында да кездеседі. Бұған қаралғанда, қазіргі қазак тіліндегі сенен, менен тұлғалары қосымшаның басқа -и(о) дыбысының нәтижесі». – Ж.С.)

Шығыс септік жалғаулы сөздерді менгеретіндер – қорқу, үркү, жалтару, сескену, тайсалу, сақтандыру, қаймыгу, айыгу, тазару т.б. тәрізді кісінің көңіл күйін, сезімін білдіретін етістіктірмен бірге алу, шыгу, қайту, басталу, кету т.б. сиякты кеңістіктегі қозғалыс ұғымдарын білдіретін етістіктер. Кейде менгеруші сөз қызметінде жақсы, артық, кем, кіши, улken т.б. тәрізді сын есімдер де жұмсалады.

Шығыс септігін менгеруші етістіктер (баяндауыш қызметіндегі) салтта, сабакты да болуы мүмкін. Сабакты етістік баяндауыш қызметінде жұмсалса, шығыс септікті жанама толықтауышқа қоса турған толықтауыш айтылуы мүмкін. Сөйтіп, кейбір сабакты етістіктер та-бысын шығыс септіктерін де қатар менгеру отырып, сөйлемде әр қылы мағыналық мәнерлер туғызады. Бұл көбінесе толықтауыштардың сөйлем ішінде орналасуына да, өздері тіркесетін сөздердің лексикалық мағынасына да байланысты болады. Жанама толықтауыштың басқа түрлеріне қаралғанда шығыс септікті жанама толықтауыштардың қолданылу аясы да кең. Бұлар жанама толықтауыштың қызметпен бірге пысықтауыштық та қызметтер атқарады.

Шығыс септік жалғаулы жанама толықтауыштар **кімнен?**, **неден?** сұрақтарына жауап берे отырып, мынадай мағыналарда қолданылады:

1. Заттың тегін, неден жасалғанын білдіреді: *Өнер-білім бар жүрттарат тастан сарай салғызды* (Алтынсарин). Тастан жерошақ жасап, шай қайнаттым (F.Мустафин).

2. Кісінің, заттың, құбылыстың салыстырмалы ерекшелігін, белгісін білдіреді: *Ештен кеш жақсы* (Мәтел). Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (Нақыл сөз). Мұндай кезде Барлас Абайға күндізгі Барластан тіпті басқа бол көрінеді (М.Әуезов).

3. Іс-құмылдың шығар арнасы болған объектіні білдіреді: *Бар өңештен бірдей оқ боратып, бізді жау атып жатыр* (F.Мусіропов). Он шақтың тал қысқа шаш маңдайынан төмен түсіп, кіртігіне тірелген, оны да байқар емес (Т.Әлімқұлов). Сабадан қымызың құйдырып, ортасына қойдырып... (Абай).

4. Шығыс септікті жанама толықтауыш кейде логикалық түрғыда істі істеген, орындаған субъектіні де білдіру мүмкін. Бірақ ондай субъекті грамматикалық тұлғаның ықпалымен жанама объекті бол-

лып ұбынылады. Мысалы, «*Улкен ұстаздан талай жас тәрбие алғыш шықты (Газеттен)*» деген сөйлем құрамындағы «*ұстаздан*» тіркесі толықтауыш болумен бірге, логикалық субъекті екені де айқын.

5. Кейбір жанама толықтауыш іс-әрекеттің тірелген, тұра келген объектісін білдіреді: *Сол ұрыста ол қолынан ауыр жараланды (Газеттен)*.

6. Іс-қимылдың тұра объектісінің неңдей заттан, құбылыстан т.б. белініп, ажырап шыққандығын білдіреді. Мысалы: *Олардың бұтақтарынан, не салбыраган мәуелерден алма мен алмұрттың, өрік пен інжірдің, шие мен шабдалдың неше сорттарын кездестіресің (Мұқанов)*. Ендеше, осы естіген, көрген жайдан жыр туғызыса неғеді? *Қызыгатының бар ма?* – деді (Әуезов). *Ішінде қазақтан төртеуміз (Мұқанов)*. Түстен бері осы қонақтар Абайдың үстіне келіп *салем берісін, тұстік астан, күндізгі шайдан ішісті* (Әуезов). Егер жанама толықтауыш қызметінде жынтық зат атаулары жұмысалса, шығыс септікегі сез олардан сол заттың түгелдей емес, белгілі бір ғана белілі ажырап шыққандығын білдіреді. Соңғы сөйлемдегі «*(тұстік) астан*», «*(күндізгі) шайдан*» дейтін сездер сондай. Егер, ішілген заттың аумақ-көлемін айқындау керек болса, онда сез табыс септікте (көбіне жасырын түрі) жұмысалып ол «*bir кесе шай ішті*» немесе «*bir табақ ас ішті*» түрінде айтылар еді. Заттың аумақ-көлемін айқындау қажеттігі болмаған реттерде шығыс септікті жанама толықтауыштар қолданылып, процеске қатысы бар объекті ғана айтылады. Жанама толықтауыштардың осы тобымен байланысты сөйлем құрамында мынадай ерекшелік кездеседі: егер сөйлемде жанама толықтауыштардың басқа тобы жұмысалса, керегіне карай сөйлем ішінде тағы да тұра толықтауыш айтылуы мүмкін (*Олардың бұтақтарынан, не салбыраган мәуелерден алмамен алмұрттың... неше сорттарын кездестіресің*). Ал сөйлем құрамындағы жанама толықтауыш жоғарыдағыдай жынтық зат атауларынан жасалған болса, онда сөйлем ішінде тұра толықтауыш қолданылуының мағыналық түрғыдан ешбір қажеттігі болмай қалады. Қазіргі қазақ тілінде «*күндізгі шайдан шай ішісті*» деп сөйлеу норма да емес, оның үстіне ой айқындығы түрғысынан да ешбір қажеттігі жоқ деп қаралады.

Сонымен шығыс септік жалғауын қабылдап, жанама толықтауыш болатындар – *кімнен? нeden?* деген сұралкқа жауап беретін зат есімдер немесе субстантивтенген басқа да сез тапттары. Шығыс септік жалғауын қабылдайтын сездер көп, бірақ *қайда?* сұрағына жауап беретін көлем-көністік, мезгілдік мән беретін сездер сөйлемнің басқа мүшесі (псықтауыш) қызметін атқарады.

Шығыс септікті жанама толықтауыштар да курделі, бірыңғай және үйрлі құрамда қолданылады.

Көмектес септік жалғаулы жанама толықтауыштар (косымшалары – *-мен*, *-пен*, *-бен*) көбінесе шабу, кесу, сойлеу т.б. тәрізді іс-қимыл етістіктері, танысу, кездесу, ойласу тәрізді күй-қалыпқа байланысты айтылатын ортақ етіс тұлғалы етістіктеге менгеріледі. Көмектес септігінің жоғарыдағыдан тұлғада келуі – тек қазақ тілінің өзіне ғана тән ерекшелік. Басқа түркі тілдерінде бұл жалғаулардың қызметін «*біле*» (білән) шылауы аткарады. Ал көне түркі тілінде осы шылаудың «*бірле*» варианты және *-ын*, *-иң*, *-н* косымшалары қатар қолданылған. «*Birle*» шылауы қазақтың ауызекі тіліндегі қолданыс барысында түрлі дыбыстық варианта (білән, мынан, пынан) айтыла жүріп, «-мен (-бен, -пен)» жалғауы мен «менен, бенен, пенен (мен, бен, пен)» шылауына ажыраған. Сөйтін омонимдес тұлғаларға айналған.

Көмектес септік жалғаулы жанама толықтауыш қызметін көбіне орын-мекендей, мезгілдік, кимыл-процестік мәні жоқ зат есімдер не-мессе солардың мағынасына ие болған (субстантивтенген) басқа сөздер аткарады. Ондай сөздердің көмектес септік тұлғасында болуы – менгеруші сөздердің (баяндауыш қызметіндегі) ықпалы, соның лексика-грамматикалық мәнінің салдары. Егер «*шапты*» деген етістікті сөйлем баяндауышы қызметінде қолданатын болса, сол етістік мәнінен туатын бірінші сұрақ – *нені?* одан соң сол мәнді жіктей түсү үшін қойылатын екінші заңды сұрақ – *немен?* – *Агашты балтамен шапты.* Дегенмен, сөйлем құрамында көмектес септік тұлғасында келген, бір ғана лексика-грамматикалық топқа жататын сөздердің синтаксистік мәні мен қызметі әр түрлі болып та келе береді. Соңықтан да көмектес септікті жанама толықтауыштардың негізгі мағыналық топтарын білу қажет. Ол мағыналар мыналар:

1. Іске бірлестік, ортақтастық катынасты білдіреді. Мысалы: *Райшан Марияммен сүйісін амандасты* (Б.Майлин). *Андрей Жабай қартпен шүйіркелесе кетті* (С.Мұқанов).
2. Материалдық, заттық обьектіні білдіреді: ...*Абайды далага алып шығып, жаңа сойған қойдың өкпесімен қақты* (М.Әуезов).
3. И-қимылдың құралы ретіндегі обьектіні білдіреді: *Атты қамашымен айдама, жеммен айда* (Мақал). *Бәріміз де атып тұрып, көзді жұдырықпен үқалай бастадық*. (F.Мусірепов).

Көмектес септікті толықтауыштар білдіретін мағыналар осы тәріздес. Осыдан бүрін ескертілгендей, көмектес септікті сөздер сөйлем құрамында екінші бір қызмет – пысықтауыш мүшелер қызметінде де жұмысалады. Колдану ауқымы мен жиілігін еске алсақ, сірә соңғы түрі мол болуы да мумкін. Жалпы көмектес септікті сөздер (тіпті жоғарыда толықтауыш есебінде талданғандардың кейбірі де) үстсегілік мән беруге әлдеқайда бейім, ыңғайлы сезіледі. Мысалға, жоғарыда келтірілген мына сөйлемді алайық: *Абайды далага алып шығып, жаңа сойған қой-*

дың өкпесімен қақты (М.Әуезов). Осындағы «окпесімен» деген сөзге баяндауыштың ынғайымен қалай? деп те сұрақ қоюға болатын тәрізді. Немесе: Агашты балтамен шапты – қалай шапты? – түрінде де талдауға болар еді. Дегенмен, көмектес септікті сөздердің бұл тобын жанама толықтауыш деп талдауға үлкен дәлел – олардың сөйлем құрамында етістік-баяндауышпен грамматикалық байланысқа түсінеде де өздерінің заттық, объектілік мәнінен айрылмауы. Ал егер мәтін ішінде не сөйлем құрамында зат есімдер тобына жататын, бірақ нақты затты емес, дерексіз ұғымды білдіретін немесе сол мағынада қолданылған сөздер көмектес септіктік жұмысалғанымен, сөйлем ішінде жанама толықтауыш ретінде ұғынылмайды. Мысалы: *Жаңа күн өзінің жаңа жорасын, жаңа тілегін жаса көңілмен айтады.* Шукіман кішкене Әзіл қатып, тағы да сәнмен күліп... жігіттің өз-өзіне сенімділігін азырақ ажсау қып отырды. Жастар үріккендей бол туғылған қабақпен, шошынған жұзбен қарасады (М.Әуезов). Осы сөйлемдердегі «жаса көңілмен», «қабақпен», «жұзбен» сөздеріне немен? дейтін сұрақ қоюға эсте келмейді. Бұл ретте тек қана қалай? деген сұрақ қойылады. Сөйлем мағынасы осы сұрақты қажет етеді. Сөйтін, баяндауыш қызметіндегі етістіктің ықпалымен мұндай сөздер көмектес септіктік үsteулік жаңа мән алады. Бұлар, ерине, жанама толықтауыш емес, пысықтауыш мүше деп қана қаралғаны жөн.

Бұл айтылғандардан басқа *туралы, жайында, тақырыпты, жөнінде* септевілтерінің негізгі сөздермен тіркесі және мезгіл есімнен басқа есім сөздермен тіркесе айтылатын *сайын* шылауы қатысқан сөздер де жанама толықтаушытық қызметте жұмысалады. Мысалы: Екеуди совхозды суландыру жайында бірсынъра кеңесті (F.Мұстафин). Мен сіз туралы бұрынырақта естігенмін. Өзіңмен кездесіп сөйлескен сайын бір жасарып қалам (F.Мусірепов). Негізгі сөздер мен осы септевілтердің тіркесі сөйлемде айтылған ойдың бағытын, бағдарын білдіреді. Жанама толықтаушытың бұл түрі де курделі, бірыңғай және үйірлі болып қолданыла береді.

3. Анықтауыш

Анықтауштар сөйлемнің зат есімнен болған немесе зат есім қызметіндегі мүшелерін анықтайды да, соған катысты болады. Мысалы: Сәлделі кісі ернін анда-санда бір қымылдатып ұзақ отырып, жұрттың қары талған кезде алақандарын маймитып әкеп барып бетін сипады (С.Мұқанов). Анықтауштың мән-мағынасы да сол анықталатын сөзбен бір тіркесте қарастырғандаған анық байқалады. Соның салдарынан, анықтауыш пен анықталатын сөз сөйлеуде де бір әуенмен, бір ғана ритмикалық топта айтылады. Анықтауыш пен анықталушы

сөздер тіркесінің мұндай тығыз бірлігі сөйлеу практикасында олардың күрделі сөзге айналып, қалыптасуына да негіз болған. «Жарқабақ», «қарагаш» тәрізді біріккен сөздер мен «Көктің көлі», «Иркөл», «Талдықорған» тәрізді жер-су аттары, эрине, о баста анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркесі болғанына сөз жоқ. Дегенмен, осы ізben анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркесін беліп-жаруга келмейтіні бір ғана лексика-грамматикалық бірлік (единица) деуге болмайды. Қазіргі казак тіліндегі анықтауыштар сөйлем құрамында лексикалық та, грамматикалық та дербестігі бар элемент ретінде өзіне лайық синтаксистік қызметті атқарады.

Анықтауыш қызметінде жұмсалатын негізгі сөздер – сын есімдер мен сан есімдер. Өйткені бұл екі сөз табының да қызметтері тікелей зат есімге қатысты белгіленеді: бірі – заттың сындық, сапалық белгісін, екіншісі – сандық мөлшерін білдіреді. Мысалы: *Жарau, жатаган, қарагер ат пен қаракок биені жетегіне алып Нұрыни келеді* (Әлімқұлов). *Ат-сойылы дайын отырған Бекениш тобынан жісуз жігітті жісуз боз атқа мінгізіп жіберіп, дәл күн батарда Жігітекке аттандырыды* (Әуезов).

Бұлардан басқа, анықтауыш қызметінде зат есімдер мен есімдіктер, етістіктең есімге жақын топтары (есімшелер мен кимыл есімдері), т.б. сөздер де қолданылады. Бірақ ондай сөздер сөйлем, сөз тіркесі құрамындағы тұрған орны, не арнаулы грамматикалық тұлға арқылы өздерінің бұрынғы мәнінен ажырап, сын-сапалық, иелік мән алғандаған анықтауыш бола алады: *Караи пен Елеусіз қырышиқ жолмен шоқыта тасырлатма жөнелді. Нұриша самарқұа оянды да, алақанын шырагданың сағалесіне тосып қалқалап қарады. Саган кез келген адам шешіліп сырын айта бермейді* (Әлімқұлов).

Бірінші, үшінші сейлемдер құрамындағы «қырышиқ» (зат есім), «кез келген» (есімше) сөздері өздерінен соң тұрған есім сөздермен орын арқылы байланысып анықтауыштық мән алған. Егер олардың орнын өзгертіп есімдерден соң койып айтатын болсақ, олардың синтаксистік қызметі де өзгеріп кетер еді. Сондай-ақ, екінші сөйлем құрамындағы «шырагдан» зат есімінің анықтауыш қызметінде жұмсалуы да ішік жалғауына байланысты екені анық.

Анықтауыштар, негізінен, сөйлемнің бастауышын анықтайды, соның сындық сапасын, мөлшер санын, иелік белгісін, әлде процес-суалдық ерекшелігін білдіреді: *Калиманың төркіндері бірінен соң біріне жылжып, соларда екі күн жастаты* (Мұқанов). Сол күні, қудай көрсетпесін, *бір қатты боран басталып, ... бар қой ығып кетіп, қырылыпты...* (Әуезов). Дегенмен, анықтауыштар тек кана бастауышқа қатысты болып қалмайды, ол есімнен болған толықтауыш пен баяндауышка да қатысты болып, солардың сындық сапасын, басқа да бел-

гілерін білдіріп тұрады. Соңғы күндер көбінише дөмбыра алты, **мөлдір** күйлер, **сұлу** әндер тарта беруші еді (Әуезов). (Ол) қысты күндері **ауыр** жұмысқа жарапайды (Мұқанов). Күйеүі де **тым тауір** қызметкер, ұжымында сипатылығымен құрметтегетін ерекше адам (Ахтанов). Осы сөйлемдер құрамындағы **мөлдір**, **сұлу**, **ауыр** сөздері толықтауыштарды (күйлер, әндер, жұмысқа) анықтаса, **тым тауір**, **ерекше** сөздері есім баяндауыштарға (қызметкер, адам) қатысты айтылып, солардың сындық сапасын билдіріп тұр.

Сейтіп, әдетте, анықтауышты бастауыш тобына ғана қатысты деп карайтын көзқарастың мызғамас заң бола алмайтындығы көрініп отыр. Қазіргі қазақ тілінде анықтауыштың сөйлемдегі орнын анықталатын сөз ынғайымен бірде сөйлемнің басқы позициясында келсе, бірде орта шенінде, бірде тіпті сөйлемнің соңғы бөлімінде де жұмсалуы мүмкін. Сонымен, анықтауыштың сөйлемдегі мәнін жалпы сөйлем құрамының ерекшелігінен қарастырмай, анықтауыш-анықталушы сөз байланысы тұрғысынан қарастырғанада ғана айқын түсінуге болады.

Сейлем құрамында бір сөзге бірнеше анықтауыштар қатысты болып, бірынғай анықтауыштар қатарын құрады: *Олар автобустан түсіп, төрт қабатты шомбал, сұр үйге қарай бұрылды* (Әлімқұлов). Мұндай бірынғай анықтауыштардың ішінен сапалық, тұрақты сынды білдіретіндері анықталатын сөзбен іргелес келіп, арасына сөз салмай байланысады да, қалғандары алшак тұрып байланыса береді. Әдетте, анықталатын сөзден ең шеткегі тұратындар – есімшелерден болған анықтауыштар.

Кейде іргелес тұрған анықтауыш пен анықталатын сөз бір тұтас грамматикалық топ болып ұғынылады да, басқа анықтауыш сол грамматикалық топқа қатысты болып, соны түгелімен анықтайтын болады. Мысалы: *Жоғарыдағы төрт жігіт Қодар денесін қаумалап іл-герілі-кейінді толқытып тұрып, бір кездे мастан жіберді*. Болыс өзі мен маңындағы атшабар, старшындарының аттарынан құрастырып төрт пәннен құрастырылғандағы екінде зорға жүргізді (Әуезов). Бірінші сөйлемдегі «жоғарыдағы» анықтауышы, «төрт жігіт» тіркесін тұтасымен анықтап тұр. Сондай-ақ, екінші мысалдағы «Өзі мен маңындағы» дейтін анықтауыштық тіркес, «атшабар, старшындарының аттарынан» дейтін анықтауыштар мен анықталушы сөз тіркесіне тұтас қатысты айтылған. Мұндай анықтауыштар есімнен болған мүшениң әр түрлі жағынан сипаттайтын болады. Сонымен қатар, бір ғана анықтауыштың екі, یүш түрлі анықталушы сөзге қатысты айтылуы да кездеседі: *Сипаганда талғамай сипаса, инесін қадарда екі сирактагы жара мен жарыкты тауып алты қадайды* (Мұсірепов). Міне, осының

салдарынан өткен жылды қаладагы базалар мен қоймаларда көп тауар жатып қалды (газеттен).

Анықтауыш пен анықталушы сөз арасындағы қатынастың мұндай ерекшеліктері тек қана сөйлем құрамында болуы мүмкін. Бұлар – сөз тіркесі аясына сыймайтын, сөйлемнің ритмикалық зандылықтарынан ғана туатын құбылыстар.

Анықтауыштар құрамына қарай дара, күрделі және үйірлі болып келеді. Бір ғана сөзден жасалған анықтауыштар дара болады: *Көңілде-әі жел осылай басылды, бірақ алі төзімді, қайыспас ерлік келген жоқ* (Ахтанов). Екі я үш сөзден, сөздер тіркесінен құралса, күрделі анықтауыш болады: *Астанды қара қоңыр бұлт торлап алды...* Ең шетіне *бармақ басындаи май қойынты*. *Жалғыз-жарым* әйелдер, балалар тұра қалып, поезга қол бұлгайды (Ахтанов). Күрделі анықтауыш жасайтын сөз тіркестері бөліп-жаруға келмейтін лексикалық бірлік есебінде ғана үгүйнелады. Күрделі анықтауыштардың бірнеше жасалу жолдары бар. Солардың негізгілері мыналар:

1) Екі негізгі сын есімдердің өзара тіркесін не қосарланып барып басқа бір мүшеге анықтауыш болып қолданылуы: *Астанды қара қоңыр бұлт торлап алды* (Ахтанов). Астындағы қошылар мінген *қара кер бесті үсті-үстіне үрып отырмаса кейін қалып қоя береді* (Майлін). *Сенгір-сенгір* таулардан секіріп алып жөнелді (Эпостан).

2) Негізгі сын есім мен қатыстық сын есім тіркесі: *Сұңғақ бойлы, кең жсауырынды, кең маңдайлы, шолактау дөңес мұрынды, сүйрлеу иекті, толық мойынды, аршиң тік денелі* Байжан жолықтан сайын Гүлнардың құмарлышын арттыра тусти (Мұқанов). Күрделі анықтауыштардың бұл тобының жасалуындағы мына бір ерекшелікі атап айтуды керек: ең әуелі негізгі сын есім мен зат есім тіркесі құралады да (кең маңдай, аршиң тік дене, сүйрлеу иек, кең жсауырын т.б.), сөйлем құрамында басқа бір есімнен болған мүшеге қатысты болудың салдарынан барып, тіркестің соңғы компоненті (зат есім) сын есімдік қосымшаны қабылдайды. Сөйтіп, алдыңғы сын есім (тіркестің бірінші компоненті) туынды сын есімнін (тіркестің екінші компоненті) анықтауышы болады да, оның өзі (туынды сын есім – екінші компонент) есімнен болған мүшемен тікелей байланысады. Мұндай анықтауыштардың анықталатын мүшемен байланысын шартты түрде сатылы деп атаяға болар еді: *кең – маңдайлы – жігіт*. Күрделі анықтауыштардың бұл тобы – қазіргі әдеби тілімізде кең жайылған құбылыс.

3) Негізгі сөздер мен көмекші есімдер тіркесі сын есімнің сөзжа-самдық -ты/-ті жүрнағын қабылдау арқылы күрделі анықтауыш болады: *Таң алдындағы мұнар мен қалғыған Қокшетаудың білгінің басына қарап тұрды* (Сейфуллин). Екінде әлемтінде тұрып далага шықсам, ауылдың сыртындағы белесте ішінде *Қажысбай ақсақал бар бірта-*

лай адам сойлесіп отыр екен (Майлін). *Үй ішіндеі үлкендер бала мінезіне сүйсініп қалды* (Әуезов). -ғы//гі жұрнағы арқылы негізгі не туынды сын есімдердің зат есіммен тіркесі күрделі анықтауыш болады: *Желісіз түндегі үнсіз ауаны қақ жарып ақырган отарбаның даусы жұмсақ, әдемі тынық түнде маужыраган, қалғыған тоңіректі селк еткізді* (Сейфуллин). Сілтеу есімдігі мен зат есім тіркесі де осы тәсілмен күрделі анықтауыш болады: *Сол күнгі ауаның райы да әлі кунге есімнен қалмайды* (Сейфуллин). Сан есімдер мен зат есімдер тіркесі де -ғы//гі аффиксі арқылы күрделі анықтауыш қызметінде жұмсалады. *Елу қадам жердегі нәрсе, қара-құра завод үйлері көрінбейді* (Сейфуллин). Осы ізben күрделі сан есімдер де күрделі анықтауыш болады: *Жұрттың он алтындағы баласы кісіге жалданып, я үйінде қасіп етіп, әке-шешесін асырап отыр* (Майлін). Кейде қымыл есімдері де -ғы//гі аффиксі арқылы (-дағы/-дегі) өз айналасына топталған сөздермен бірге күрделі анықтауыш бола алады: *Жарыс озаттарының... өндіріс резервтерін толық пайдаланудағы тәжірибесін іліп әкетіп, бүкіл жүртшылыққа таратада білу керек* (Газеттен).

-ған, -атын тұлғалы есімшелер мен зат есімдер тіркесі де -ғы//гі аффиксі арқылы сол қызметте жұмсалады: *Откен түнгі оқиға оның есінен шықрай қойды* (Газеттен).

4) Мына төмөндеғідей сөздер тіркесі де -лы аффиксі қосылу арқылы күрделі анықтауыш қызметінде жұмсалады:

а) екі зат есім тіркесі: *Қиял бірден бірге қошіп...* «*жұлдыз қозді, ай маңдайлы*» сұлуға келіп тірелді (Сейфуллин). ә) сан есімдер мен зат есімдер тіркесі: *Солардың ішінде де он бес-жисирма қойлы, отыз-қырық қойлы алға зорға барды* (Әуезов).

5) Мынадай сөздер тіркесі қосымшасыз қатар тұру арқылы күрделі анықтауыш болады: а) екі сын есім тіркесі: ...*Көк шолақ ат күректің тықырымен Егеубайды танып, жем ізден оқыранып қойды* (Майлін). ә) сын есім мен зат есім тіркесі: ...*Қара қыл шылбыры жұпның көрінгенмен, бәрі бір-біріне үйлесімді еді* (Сейфуллин). б) есімше мен туынды сын есім тіркесі: *Асқақтаган таусыз, мұнартқан ормансызы...* шол даладан бұл жерге келген Асқар рақаттанып қалды (Мұқанов). в) екі зат есім тіркесі: *Қамыс құлақ ат мініп, қолына бүркіт қондырып кәрі аңызы аңға шықты* (газеттен). Алайда мұндай тіркестер қазіргі әдеби тілімізде соншалық мол емес. г) сан есім мен зат есім тіркесі: *Кәдірдікі мал сойып бес ауыл ағайынның басты-бастыларын шақырып, жаңбыр алдында дәм татқызып, бата қылдырып тарқатты* (Сейфуллин).

6) Күрделі анықтауыштардың қазіргі әдеби тілімізде кең тараған түрі – есімшелі тіркестер. Күрделі анықтауыш қызметінде жұмсалған есімшелі тіркес компоненттері өзара менгеру, қабысу арқылы байла-

нысып келеді. Мысалдар: *Киикене қолы тырбыып, уысына сыйган бір-екі шоопті сырғауылды сындыргандай қылышындырады. Терезенің көзінен түскен күн сәулесі Бақыттың бетінен сүйіп, еркелетіп ойнатқандай болады...* Сызық *шын сүйікен* жүректен айрылды (Майлин). Күн батын бара жатқан кезде *күйеулер отырган* үйден уш-төрт жігіт шығып, қыз-келинишек *отырган* үйге қарай жүрді (Сейфуллин). Құрделі анықтауыш қызметіндегі есімшелі тіркестер кейде құрделі құрамды, жайылынқы да болып келеді: *Ана Қәдірдің үлкен баласы Сонабайдың үйінің сыртында жолдастарымен отырган төрт-бес кісі – сол Боранбайдың баласы* (Сейфуллин). Мұндай құрделі тіркестер құрамындағы сөздер каншалық көп болғанмен, бәрі де не сатылай келип, немесе тікелей тіркестің соңғы басынқы компоненті есімшеге қатысты болып, соның мән-мағынасын әр түрлі жактан айқындалап, саралап тұрады. Жоғарғы сөйлемдегі «Сонабайдың үйінің сыртында жолдастарымен отырган» дейтін анықтауыштық шумақты басынқы компонент – есімшеге қатысы тұргысынан екі топқа бөлүгे болар еді: «Сонабайдың үйінің сыртында отырган», «жолдастарымен отырган». Сөйтіп, құрамында осы шумақты тағы да одан әрі құрделендіре түскен – «Ана Қәдірдің үлкен баласы». Бірақ соңғы тіркес ештеңеге қатысты емес, шумақтың соңындағы Сонабайдың өзіне қатысты, соның анықтауышы болып тұр. Сөйтіп, құрделі анықтауыштардың құрамы кейде соншалық кең, аумақты да болып отырады. Дегенмен, мұндай жайылынқы құрделі анықтауыштар өзі ішінде қатысты сөздін ынғайына қарай жіктеліп тұрады. Ондай топтардың бірі мағыналық жағынан да, грамматикалық жағынан да басынқы, ал екіншісі қай жағынан да бағынынқылы топ болады. Жоғарғы сөйлем құрамындағы құрделі анықтауыш та сондай: «Ана Қәдірдің үлкен баласы» – бағынынқы топ та, «Сонабайдың үйінің сыртында отырган» – басынқы топ.

7) Құрделі анықтауыштар жалқы есімдер мен *сықылды, сияқты, тәрізді*, деген, дейтін көмекші сөздерінің тіркесуінен де жасалады: Қатыны олген, үйінде жетім баласы бар, бетін шешек жеген, қи-сық қара сақалды Шәкір бай атақты, мықты адамдар қыздарын отыз шақты қарага бере қоймайтын болған соң, бөтен елге келип. *Қәдір сияқты* кісінің *Айша сияқты* көк өрімдей қызын мал-жасын сала қадалып алғалы жатыр... Міне, Боранбайдың Шәкірі біреуден *Қәдір дегенниң Айша деген* тал шыбықтай бұралып отырган қызы бар дегенде естіп келип, алғы жөнмен екі күннен бері Бименде байың *Қоржынбай* деген «дәвернай» кісісін салып, *Қадірдің* өзімен, үлкен балаларымен және *Қадірдің* ағайындарымен сөйлесіп келісіп отыр (Сейфуллин). «Сияқты», «сықылды» «тәрізді» деген сөздердің мұндай тіркес құрамындағы қызметі – өзінен бұрын тұрған жалқы есімді кейінгі

есімнен болған мүшемен атрибуттық қатынаска түсіру. Сөйтіп, бұлар мұндай реттерде сөз бен сөзді байланыстыруши аффикстің қызметін атқарады. Құрделі анықтауыштардың бұл тобының алдыңғы топтардан ерекшелігі де осында. Қурделі анықтауыштың басқа топтарының мән-мағынасы бір-бірімен байланысқа түскен негізгі сөздердің лексикалық жағынан ұласуынан қалыптасатыны белгілі. Ал, мына топтың мағынасы ондай құрделі емес, негізгі сөз – жалқы есім де, екінші компонент грамматикалық байланыс тәсілі дәрежесіндеға.

Үйірлі анықтауыштар деп аталатын синтаксистік топ өзінің мүмкіндігіне қарай сөйлем құрамына ұқсас болады, нақтырақ айтқанда, негізгі ойды білдірестін сейлемнің бастауышымен іштей предикаттық қатынаста тіркескен сөздер тобы тұтасымен бір ритмикалық топта айтылып, бір мүшелік қызмет атқарады. Сонда ішкі бас мүшелік тіркестің басыңғы сынары (негізгі сейлемнің бастауышы) зат есім, сын есім, сан есім, есімші және модаль сөздер болуы мүмкін. Мысалы:

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Казактың келістірер кай баласы (Абай).

Екі козі қыран буркіттің көзіндей, кере карыс жазық мандайына жарыса біткен қалың кара касы бар, жасы 25 шамасындағы, ұзын бойлы қазақ жігіті келеді (Ә.Әбішев). Осы мысалдардағы асты сызылған анықтауыштық топтардың қайсысы да өз ішінде жіктеліп, бас мүшелердің және басқа сөйлем мүшелерінің қызметіне ұқсас мәнде жұмысалған.

Анықтауыштар жасалу жолдары мен байланыс тәсілдеріне қарай қабыса байланысқан анықтауыштар (немесе сапалық анықтауыштар) және матаса байланысқан анықтауыштар (немесе меншікті анықтауыштар) дейтін топтарға бөлінеді. Анықтауыштардың мұндай түрлері осы қызметте жұмысалатын сөздер мен олардың мағынасынан пайда болады. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері жоғарыда айтылғандықтан, соларды қайталамау үшін бұл арада анықтауыштар түрлері санамалап қана беріледі.

3.1 Қабыса байланысқан анықтауыштар

Өзі қатысты сөзben қабыса байланысып, анықтауыш қызметінде жұмысалатын сөздер – сын есімдер мен сан есімдер, етістіктің есімге ұқсас түрлері (есімші және қимыл есімдері), зат есімдер мен есімдіктер.

1) **Сын есімдер** есім сөздерден жасалған кез келген мүшениң алдынан тіркесіп, олармен қабыса байланысады да, анықтауыш қызметінде жұмысалады. Сын есімдердің заттың сапалық және қатыстық сындарын білдіру негізгі мәні екендігі мәлім. Олай болса, олардың

анықтауыш болуы – негізгі синтаксистік қызметі деп каралуға тиіс. Мысалы: *Біздің үйдің қара құманы шыданап-ақ келе жатыр гой, неше жыл бойы* (F.Мұсірепов). *Көп үлі, көп ауылды аймақтың анасы есепті болған Ұлжансаннан базарлық дәмеметтін жандар көп* (М.Әуезов).

2) Сан есімдердің негізгі мәні заттың нақты сандық, мәлшерлік шамасын білдіру болып табылады. Сөйлем құрамында сан есімдер ездерінің тұра мәнінде жұмысалып, зат есімдермен кабыса байланысады да, анықтауыштық қызмет атқарады:

Сегіз агаңның бары рас еді, жұт жылы кетіп еді (Ертегілер). *Ат-сойылы дайын отырган Бокенші тобынан жісуз жігітті жісуз боз атқа мінгізі... аттанадырыды. Абай осы кезде «арбага отырайық» деп екі әйелге қолымен белгі етті* (М.Әуезов). *Бірінші хатым Валодяга жазылды* (F.Мұсірепов).

3) Есімдіктердің барлық топтары бірдей анықтауыштық қызметте жұмысалуға икем емес. Жіктеу есімдіктері түбір күйінде есімнен болған мүшсемен қабыса байланыса алмайтыны мәлім. Сөйлем құрамында есімдерден жасалған мүшелерге қатысты болып, анықтауыш қызметінде жұмысалатындар – сілтеу, өздік есімдіктері мен кейбір сұрау, белгісіздік, жалпылауыш есімдіктері: *Қыстығуні жаман-жасутик, арық-тұрагымызben әрбір сайга бұқрапалап, панарап тіршілік етеміз* (М.Әуезов). Совет жерінің өз иесі келіп, күн санап іргесін бекіте туспін жатыр (F.Мұсірепов). *Жігіт кезінде де бұл мінезін озгертуей, сынықтан сылтау тауып, талай қазақты ұрган* (С.Мұқанов).

– *Неше ұя қырман шаптыңдар?* (М.Әуезов).

4) Есімшелер сөйлемнің анықтауышы қызметінде жұмысала отырып, қымылды, процесті білдіру мәнінен де ажырамайды. Анықтауыштардың басқа түрлері (есімдерден болған анықтауыштар) есім мүшени әр түрлі сын-сапалық, мәлшерлік т.б. жағынан анықтаса, есімшелер өзі тіркесетін есімдерді бұрын болып кеткен қымылға қатысы тұрғысынан анықтайды.

Осы жсолы да сөйтіп қиялға мұлғіп келе жатқанда, жолдасының оқыс *шыққан даусынан селк ете қалды* (Т.Әлімқұлов). Елеусіздің *сыйласатын да, сырласатын да* дос-жараны бар (Т.Әлімқұлов). ...*Жаяу итерген қол арбалар, сапырылысқан адам, мал лек-легімен кетіп барады* (Т.Ахтанов). Содан бері оған *шақырайған күн, сақылдаған аяз болса да, сөйлеушінің жалаңбас тұруры парыз сияқты еді* (F.Мұстафин).

5) Зат есімдер біріне-бірі іргелес орналасып, алдыңғысы соңғысына анықтауыш болып жұмысалады. *«Ағаш үй, кірпіш үй, ер бала»* тәрізді зат есімдер тіркесінің алдыңғы компоненті анықтауыш қызметінде жұмысалса, соңғысы анықталатын сез болады. Сөйлем құрамында мұндай тіркестердің соңғы компоненті басқа мүшес (бастауыш,

баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш) қызметтің атқарады да, алдыңғы компонент соңғысының мағынасын нақтылаушы, айқындаушы анықтауыш мүшес болады. Мысалы: *Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстіндеге қызыгылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жасын тұр* (М.Әуезов).

3.2 Матаса байланысқан анықтауыштар

Бұл – анықтауыштардың екінші бір үлкен тобы. Бұндай анықтауыштар ілік септікте тұрады да, анықталатын сөздің тәуелділік жалғаудың үш жағында тұруын талап етеді: *сениң інің, менің балам, Асанның үйі, адамның үлкені, сиырдың сүті, койдың семізі т.б.*

Ілік жалғауында тұрып, анықталатын сөзben матаса байланысатындар – зат есімдер мен есімдіктер, заттанған басқа сөз таптары: *Тостік шешесінің қолын босатып жіберді* (Ертегілер). **Жаманқұлдың** жынысы әуелі арық бойлат жүзін жүрген үйрек-қаздарға түсті (Т.Нұрмагамбетов). **Біздің** азығымыз өзімізге жеткілікті және дәмді де азық... (С.Мұқанов).

Кейде мұндай анықтауыштар ілік жалғаусыз да колданылады. Ондай жағдайда сөздің ілік септікте тұрғандығы тағы да анықталатын сөздің тұлғасы арқылы белгілі болады. Кеңсе, мекеме т.б. күрделі атаулар құрамында ілік жалғаудың түсіріліп айтылуы қазіргі казақ тілінде нормага айналған. Қазақ мемлекеттік университетті, облыстық ауылшаруашылығы басқармасы, студенттер үйрмесі, т.б. Сондай-ақ, бұлардан басқа кейбір іргелес байланысқан тіркестерде де ілік септігінің түсіріліп айтылуы жиі кездеседі (*ауыл малы, ел ағасы, теңіз сүы т.б.*). Бірақ осындай сөздердің барлығы бірдей кез келген жерде ілік жалғаусыз айтыла бермейді. Эр түрлі лексика-грамматикалық занылыштарға сәйкес олар мынадай реттерде ілік жалғаулы болып, сейлем құрамында анықтауыш қызметтің атқарады.

1) Анықтауыш пен анықталатын сөз арасына басқа бір сөз түсіп айтылады: *Көп болменің әрбір есігін ашип, басын сұгып жүріп, осы болмені зорға тапқан-ды* (М.Әуезов). **Теңіздің өкпек сүық дем алысын бақайшагыңа дейін сезініп, бар дeneң түршигіп қояды** (F.Мұсірепов). Осы сөйлемдер құрамындағы «**болменің, теңіздің**» анықтауыштарын ілік жалғауынсыз – «**болме әрбір есігін ашип**», «**теңіз өкпек сүық дем алысын**» деп айттуға сірә болмайды, сөздер арасындағы грамматикалық байланыс жүйесін бұзылып, мағынасындағы соқтырады.

2) Жіктеу, сілтеу есімдіктері, сол сияқты заттанған басқа да сөздер анықтауыш қызметтінде жұмсалса, ілік жалғаулы болып қана айтылады. Мұндай мінез **біреуіміздің** қарабасымызға арнаулы сөзі болып келгенде байқалатын еди (F.Мұсірепов). Ал, тек үй оңаша, кең болғанмен,

менің жолым тар гой. «Өмірде қадір тұтар замандастының бірі боларсың» деп байлады (М.Әуезов). Бекіністі қорғауга қалған он шақты солдат автоматтарын бізге қалдырып, бұдан былай хабарсыз кеткендердің тізіміне қосылатын болды (F.Мусірепов).

Анықтауыш қызметінде кісі аты (жалкы есімдер) жүмсалса, олар да ілік жалғаулы болып қолданылады: *Салтанаттың атынды шолтасы бірде жіңішке шыңғыр салып, бірде сұлдырай түседі* (М.Әуезов).

Мұндай сөздердің ілік жалғаулы болып қолданылуы сөздердің синтаксистік қызметін сарапау заңдылығынан туындаласа керек. Өзінің бастапқы қызметі анықтауыштық емес жіктеу есімдіктері ілік жалғаулы болмаса, анықтауыш ретінде ұғынылмас та еді. Сол сиякты, заттық мәні жоқ сан есімдер мен сын есімдер т.б. сөздер ілік жалғауы арқылы заттық мән алғып, матаса байланысу мүмкіндігіне не болады.

3) Алдынан сілтеу есімдігінен, сан есім, сын есім, есімшелерден жасалған басқа бір анықтауыштар айтылса, матаса байланысқан анықтауыштар ілік жалғаулы болып қолданылады: *Абай... құла жириен аттың ері мойнына кетіп, шоқтығынан асып, құларман болған қалтына қарамады... Жұныған сұлудың қос шынтағы шашын котеріп булқілдегендей* (М.Әуезов). *Улken бір кітаптың бетін ашты да, сол күйтінде тастап майданга кетті* (F.Мусірепов).

Егер анықтауыш қызметінде жүмсалған сөз тәуелдік жалғаулы болса, ілік жалғауы түсірілмейді: *Көбінің жұзі ақышыл не қызығылт, сарғыш* (М.Әуезов). Қазіргі әдеби тілімізде ілік жалғауының жасырын түрінде келген сөз бен тәуелдіктің ушинші жағындағы сөздер тіркесі аса көп қолданылатыны белгілі. Мұндай тіркестер құрамындағы компоненттердің мағыналық қатынастары да көп түрлі. Олар бірде этникалық атаулар (казак халқы, қазақ баласы) болса, бірде жер-су аттары (Арал теңізі, Балқаш көлі), бірде заттың арналған ісі, мақсатын білдіруі мүмкін (балалар бақшасы, мұғалімдер бөлмесі, шөп машинасы). Ондай тіркестердің бірінші сыңары, сонымен қатар заттың тенденция, ортактастығын, жалпылығын да (құс ұясы, колхоз малы, оқушылар комитеті, жастар үйі) немесе мезгіл-мерзімдік мән де (қыс күні, 1964 жылды) беруі мүмкін. Кейде мұндай тіркестің компоненттері өзара бір-біріне балама болып, метафоралық ынгайда да келуі мүмкін (сенсің жан ләззаты, сенсің жан шәрбәті). Алайда, мұндай тіркестер сөйлем құрамында қолданылғанда, олардың компоненттері бір-бірінен дара тұрған сөйлем мүшелері ретінде ұғынылмайды. Бір-бірімен тығыз лексикалық және грамматикалық қатынаста болудың салдарынан бір ғана құрделі мүше болып ұғынылады, Мысалы: *Түнде, ел орынга отыра, отарба Қекшетау қаласына келді. Бетіне ай сәулесі нұрын төгіп, төсектен жібек шашы салбырайды*. Осы сөйлемдер құрамындағы «*Қекшетау қаласына*», «*ай сәулесі*» дейтін тіркестердің

алдыңғы сыңарын анықтауыш, соңғы сыңарларын анықталушы мүшелер (пысықтауыш, бастауыш) деп талдауға келмейді. Бұкіл тіркес бір ғана күрделі мүше ретінде жұмысалған. Сондықтан мұндай тіркестер (компоненттері өзара атрибуттық катынаста болса да) күрделі мүшелер деп қаралады.

Осы тұста анықтауыштардың сейлем ішіндегі кездесетін «айқындауыш мүшелерден» елеулі айырмашилығын да көрсете кеткен орынды болады:

- анықтауыш өзі анықтайтын сөздің (сейлем мүшесінің) алдынан келсе, айқындауыш өзі анықтайтын сөзінің соңынан келеді;

- анықтауыш өзі тіркесстін сөзбен бір ұласпалы интонация арқылы байланысса, айқындауыш өзі анықтайтын сөздерден бөлініп, ерекше ыргақпен айттылады және осыған сай арнаулы тыныс белгілері де болады (косарлы жәнс оңашаланған айқындауыштар);

- анықтауыш жеке сейлем мүшесі қызметін атқарса, айқындауыш өзі айқындаитын сөзбен бір мүше қызметін атқарады, яғни анықтауыштар еркін сөз тіркестеріне тән қасиетке ие болса, айқындауыштар өзі айқындаитын сөздермен ондай қатынасқа ие бола алмайды;

- сейлем ішіндегі кез келген сөздің (сейлем мүшелерінің) өзіне тән айқындауыштары бола алады. Айқындауыштардың, анықтауыштарға ұқсастығы олардың мағыналық жағында. «Қосалқы», «қосарлы» және «оңашаланған» деп аталағын айқындауыштардың анықтауыштардан айырмашилықтары олардың орындарында ғана. Мысалы, «ақын Абай» тіркесінде «ақын» анықтауыш болса, «Абай ақын» тіркесіндегі «ақын» – айқындауыш. Алдыңғы тіркестегі екі сөз жеке сейлем мүшелері болса, соңғы тіркес тұтасымен бір ғана мүше болады. Мысалы: *Девяткин фельдшерге кісі жіберген-ди* (М.Әуезов).

Қосарлы айқындауыштар қос сөз ретінде дефис арқылы жазылып, бір ғана мүше болады: *Әйел-ана барлық қызындықты жесеңетін сарқылмайтын күш, көзөі булақ емес пе ?!* (F.Мусірепов).

Оңашаланған айқындауыштар өзі айқындаитын сөздермен тұлғалас болып келеді де, арнаулы тыныс белгілері (ұтір, сыйықша) арқылы ажыратылып жазылады: – *Бұл істі істеген – мен. Базаралымын! Өзі сері, әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жасас бала – қызыга да, тамашалай да қараган* (М.Әуезов).

4. Пысықтауыш

Сейлем баяндауышына көбірек қатысты болып айтылатын мүшенің бірі – пысықтауыш. Мән-мағынасы тұрғысынан пысықтауыштар анықтауышпен астасып, орайласып жатады. Мысалы: *Сондықтан көнірек жайға орналасу керек...* Бұл қарт өзге ойаз адамдарынан қа-

зат ішін жақсы-ак біледі (М.Әуезов). Бұл сөйлемдер құрамындағы бірі қатыстық, бірі сапалық «кеңірек», «жақсы-ак» сын есімдері лексикалық мән-мағынасы түрғысынан орайлас, яғни екені де сын-сапалықтың білдіреді. Бірақ олардың грамматикалық мәндегі етістікке өткенде бірдей емес. Өйткені алдыңғы сөйлемдегі «кеңірек» сын есімі «жай» зат есіміне қатысты айтылады да, анықтауыш қызметін атқарады, ал «жақсы-ак» сөзі қымыл-әрекет сынның білдіріп, етістіктен болған мүшеге қатысты айтылады да, пысықтауыш мүше ретінде танылады.

Әдетте, пысықтауыш мүше үстен сөздерден, мезгіл мәнді есім сөздерден, барыс, жатыс, шығыс септіктеріндегі кеңістік, орын, амалдық мағыналы сөздерден жасала отырып, өздері қатысты мүшени (қебінен-се етістік баяндауышты) мекен, мезгіл жағынан және де істің істелу амалы, себебі мен мақсаты жағынан пысықтайды деп есептеледі. Дегенмен, оладың есім баяндауыштармен қатысты болатын жақтары да бар. Мысалы: Бұғын бұл жастар ұлы майданның алдыңғы қатарында (Б.Бұлқышев). Екеуде әзірше откелсіз екі жағада... Кеңе урядник осы хабарды әкелген екен, бұғын ел іші шаптын Был Ашысудың толқыны мол, жайылымы кең корінеді (М.Әуезов). Алғашкы сөйлемде пысықтауыш болуға тиісті «алдыңғы қатарында» есімді тіркес баяндауыштың қызметін атқарып тұрса, қалған сөйлемдерде есім баяндауыштарды пысықташ тұр. Осыған байланысты мынаны айтуга болады: біріншіден, есімнен болған баяндауыштардың барлығы бірдей пысықтауыштармен байланыса бермейді. Кебінесе қымыл-процестік мәні бар сөздерден болған немесе жатыс жалғаулы есімді тіркестен жасалған есім баяндауыштарға пысықтауыштарды өзіне бағындыра алады. Екінші жағынан, пысықтауыш мүшелердің барлығы бірдей есім баяндауышына қатысты айтыла бермейді. Мезгіл үстеулері мен мезгіл мәнді есімдерден жасалған мезгіл пысықтауыштарға жоғарыда келтірілген мысалдардағыдан есім баяндауышпен байланыса қолданылады. Пысықтауыштардың басқа түрлерінің есім баяндауышқа қатысты айтылуы кездеспейді деуге болады.

Пысықтауыштардың есімді баяндауыштарға қатысты болуының тарихи қалыптасу зандалығы бар. Себебі, мұндаидар есім баяндауышты сөйлемдер, әдетте, етістік баяндауыштары түсірілген, эллипсистен-ген сөйлемдер болып табылады да, ықшамдалған есімдік баяндауыш етістік баяндауыштың кей сипаттарын өз бойына қабылдайды. Мысалы: Екеуде әзірше откелсіз екі жағада (тұр).

Кейде пысықтауыш сөйлем баяндауышына тікелей қатысты болмай, өз ара бірі екіншісіне қатысты айтылу арқылы баяндауышпен сатылай байланысады. Мысалы: Татар байлары Хамитов, Негматуллин, Тухфатуллиндер магазиніне сәл уақытқа... бас сұғып шықкан еді (М.Әуезов). Бұл сөйлемдегі «сәл уақытқа» пысықтауышы «бас сұғып»

дейтін екінші пысықтауыш мүшеге қатысты айтылып барып сөйлем баяндауышымен байланысқан. Бұл жерде сатылай байланыстың алдыңғы пысықтауышының мәні екінші пысықтауыштың мәніне емес, соның түбіріндегі етістіктің мәніне қатысты екені айқын (*сал уақытқа бас сұгу*).

Пысықтауыш мүшениң тағы бір ерекшелігі – ол пысықталатын мүшемен сондайлық тығыз байланысты бола бермейді. Логикалық екпін өзіне түскен жағдайдаған (актуализацияланғанда) пысықтауыш өзі айқындастын етістік баяндауыштың нақ алдында тұрады да, қалған реттерде бірде арасына сөз салып, сөйлемнің орта шенінде, бірде сөйлемнің бас шенінде, тіпті баяндауыштан кейін де келе береді. Мысалы: *Мұрат мектепке кеше барды. Мұрат кеше мектепке барды. Кеше мектепке Мұрат барды. Мұраттың мектепке барғаны кеше.* Осы сөйлемдер құрамындағы пысықтауыштардың орнын ауыстырып айту мүмкіндігі айтылған пікірдің дәлелі бола алады. Алғашқы сөйлемдеған логикалық екпін «*кеше*» сөзіне түскенде, ол баяндауыштың тікелей алдынан орын алған. Қалғандарының бәрінде де логикалық екпін пысықтауышқа түспей, басқа сөздерге түскен, соның салдағынан орыны да әр қылы өзгере берген. Соңғы сөйлемдегі пысықтауыштың сөйлем соңынан келу жағдайы көбіне ауызекі сөйлеуде кездеседі. Мұны да Р.Әмір актуализацияның әсері деп есептейді [14: 57]. Пысықтауыштардың мұндай «еркіндігі», әрине, сөздің стильдік қолданылу заңдылықтарымен ұштасып, инверсия заңдылығын туғызады. Екінші жағынан, бұл ерекшелік пысықтауыштың өзі пысықтастын сөзбен байланысының бір шама әлсіздігін, көбіне, грамматикалықтан ғөрі мағыналық жағынан ғана ұласып жататындығын дәлелдейді. Сөйлем құрамында бірінғай пысықтауыштардың жұмсалуы да белгілі бір мағыналық ізben келеді. Алдымен жалпы, кең мағыналы сөз айтылады да, содан кейін сол мағынаны дәлелдейтін, туралайтын, саралайтын сөз қолданылады. Мысалы: *Қыыр жайлайдан итарқасы кияннан... «балам абақтыда сарғайып жатыр, аман-жаманың біліп бер»* деп көрі шешесі мені жүмсады (М.Әуезов).

Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөз таптары да әркелкі. Грамматикалық табиғаты мен лексикалық мағынасы жағынан пысықтауыш болатын сөздер – үстеулер. Үстеулердің осы қасиеті кейде оларды «қымылдың сыны» деп айқындауга да негіз болып жүргені мәлім. Сонымен қатар пысықтауыш қызметінде зат есімдер, етістіктің есімше, көсемше, шарттырай тұлғалары, еліктеуіш сөздер мен көмекші сөзді тіркестер, тағы басқалар да жұмсалған алады. Мысалы: *Соңғы жылдарда ағайын ауқымында Абайдың ірілеп келе жатқанының бір белгісі осындайда көрінетін* (М.Әуезов). *Шынар базарлықта алып бара жатқан болек-салагын буып-түйіп болған еди* (Т.Әлімқұлов). Осы

кеште Абай істеген сый-құрметке, жақсы ретке өлардың өздерінің де көздері әбден жестті (Әуезов). Екеуі қайнаган суга қарай жүгірді (Т.Әлімкұлов). **Салқында** кісі сусынды шайқап ішеді, ыстықта аң-сан ішеді (F.Мустафин). **Сексенде қайта жасарттың**, **Жастармен бірге мені де** (Жамбыл). **Мына боранда қашып құтылғылары келеді** (F.Мүсірепов).

Жоғарыдағы мысалдарға зер сала отырып, үстеуден басқа сөз таптарының пысықтауыш қызметінде жұмсалуы, көбінесе синтаксистік қоршауға, қандай грамматикалық тұлғада келуіне, сонымен қатар, кейде сөздің лексикалық мағынасының ерекшелігіне байланысты болып отыратынын байқау қын емес. Көсемше етістіктердің пысықтауыш қызметінде жұмсалуы олардың етістік баяндауыштың алдында келіп, субъекті әрекетінін болу, істелу тәсілін, т.б. білдіруіне байланысты. Егер оны сөйлем баяндауышының орнына қойса, онда ол баяндауыш болып ұғынылар еді. Өйткені оның грамматикалық табиғаты соған бейім. Сол сияқты, сын есімдердің пысықтауыш болуы да оның етістік-баяндауышқа қатысты айтылуына байланысты. Ал, жеке күйінде пысықтауыштық мәні жоқ зат есімдердің бұл қызметте жұмсалуы қандай грамматикалық тұлғада (септік жалғауларында) келуіне және олардың лексикалық мағынасына бағынышты болып отырады. Мысалы, қалам, дәптер тәрізді конкретті зат есімдер қандай грамматикалық тұлғада қолданылып, қандай сөзге қатысты айтылса да, пысықтауыштық мәнге ие бола алмайды.

Онан соң, осы айтылып отырған сөз таптарының әрқайсысы (әрине, үстеуден басқалары) пысықтауыштың барлық түрлерін жасай алмайды. Олардың әрқайсысы өздерінің лексика-грамматикалық мағыналарына сәйкес пысықтауыш мүшелердің белгілі бір түрлерін ғана жасай алады. Мысалы, көсемшелер амал пысықтауыш және мақсат пысықтауыш мүше бола алады. Ал, пысықтауыштың басқа түрлерінің қызметінде көсемшелердің қолданылуы – аса сирек кездесетін құбылыс. Сол сияқты, сын есімдер мезгіл, амал пысықтауыш қызметтерінде қолданылығанымен, басқа ынғайда көп байқала қоймайды, т.б.

Пысықтауыштардың мұндай жасалу жолдары көп реттерде, әсіресе, есім сөз таптары ынғайында толықтауыштың жасалу жолдарымен астасып жатады. Сол себептен де қазақ тіл білімінде пысықтауыштар мен жанама толықтауыштардың ара жігін айыру мәселесі ұзак айтыс туғызғаны мәлім. Откен ғасырдың 50-жылдарына дейін шыққан жеке оқулықтарда, кей ғылыми енбектерде септік жалғауларында тұрған есім сөздерді олардың мағынасы мен контекстегі синтаксистік қызметіне қарамай, жанама толықтауыш деп талдау басым болды. Эрине, мұндай бағыт сөз мағынасы мен оның функциялық ерекшелігін еске алмаудан туғандығы айқын.

Пысықтауыштар, жоғарыда айтылған жасалу жолдары мен тәсілдеріне ылайық, өздері пысықтайдын мүшемен қабысу және менгеру арқылы байланысады. Бұл тұста барыс, жатыс, шығыс септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалған үстеулердің өздері пысықтайдын сөзбен (етістікпен) қабысу арқылы, ал осы септіктердің тұра мағынасында (көлемдік – мекен, кеңістік, бағыт) қолданылуының менгеру арқылы байланысатынын ескеру қажет. Мысалы: *Ауылдан шығып, қалага бет алдық (менгеру); Сүрініп кетіп, етпетінен құлат түсті (қабысу); Кешке қарай келіп қалар (қабысу) т.б.*

Пысықтауыштар да, сөйлемнің басқа мүшелері сияқты, құрамына қарай күрделі және үйірлі болып келеді. Дара пысықтауыштар бір ғана сөзден жасалады. Пысықтауыштардың мұндай құрамдық типін жасайтын, негізінен, үстеулер (дара үстеулер). Үстеулер өз мәніне, мағынасына сай сөйлем құрамында басқа сөздердің көмегінсіз-ақ дара тұрып та пысықтауыш қызметінде қолданыла алады. Бірақ бірсыныра сөздер пысықтауыш қызметінде арнаулы грамматикалық қосымшаларды қабылдаумен бірге, басқа сөздермен бір тіркесте айтылғанда ғана жұмсалғанда алады. Дегенмен, мұндай тіркестер тұтас, күрделі пысықтауыш мүше ретінде ғана ұғынылады. Мұндай күрделі пысықтауыштардың жасалу жолдары, негізінен, мына төмөндеғідей:

1) Негізгі сөздер мен көмекші сөздердің (көмекші есімдер, демеулер) тіркесінен жасалады. Мұндай тіркестердің бірінші сынары болып, көбінесе, мезгіл мәнді сын есімдер мен зат есімдер, сілтеу есімдіктері, қымыл есімдері, кейбір күй-қалыпты, мекен-орынды білдіретін сөздер жұмсалады. Тіркестің екінші сынары қызметінде көмекші сөздер қосымшасыз (демеулер) немесе әр түрлі септік жалғаулары арқылы (көмекші есімдер) пысықталатын мүшемен байланысады.

Таянған сайын сыңсыған ызың анығырақ шығады, таянған сайын жүрек елжіреп оксиді. Тез басып демігіп келсем, өзеннің жағасында бір түп талдың түбінде көзінің жасын көл қылып егіліп, зар жылап отырган Мұслимажсан екен (С.Сейфуллин). Өлке бойында Жаптасбай ауылы атақты, даққыты ауыл: бір кезде аруагы жер жарып, аймагын бір шыбықпен айдаған ауыл. Міне, осы оқиғадан бері байлар бізге қатерін тігіп отыр. Жақыптан кейін Рабига сөйлемеді. Одан кейін бір-екі батырақ шығып сөйлемеді (Б.Матынин). Енді шай үстінде Абайдан осы жолдың бейнеті, қауіп-қатері, ауыртпалығы қандай екенін сұрастыруды (М.Әуезов). Мұндай күрделі пысықтауыштардың екінші сынары қызметінде көмекші сөздер екі түрлі қызмет аткарады: біріншіден, олар екі негізгі сөздің (түйдекті тіркестің бірінші сынар болып табылатын негізгі сөз берін пысықталатын мүшенин) арасын байланыстырады. Екіншіден, өзінен бұрынғы нетізгі сөздің мағынасын нақтылаушы, сол

сөзді басқа бір мүшемен пысықтауыштық катынаска икемдеуші дәнекер де болады;

2) мезгіл мәнді туынды сын есімдер мен құбылыс-процесті білдіретін есімдер тіркесі: *Қызықи қүйзелісте Игілік кіресіне еріп көшіп келген (F.Мусірепов);*

3) сондай сын есімдер мен мезгіл мәнді сөздердің тіркесі: *Бірақ соңғы әзірде Раушанда да өзгеріс бар сияқтанаады (Б.Майлін);*

4) сілтеу есімдіктері мен процес-құбылысты, мекен-орынды білдіретін зат есімдер тіркесі: *Оның рас-ау, қарагым! Бірақ жаңа кеш баты сол Мұсақұлга зорға кеп жетіп ек... Түн ішінде, мына боранда қайда барады (М.Әуезов);*

5) мезгіл-мәнді туынды сын есім, сан есім және мезгіл мәнді зат есімдер тіркесі: *Бірақ осы соңғы екі жылда Жұмагұл орын тапты (М.Әуезов);*

6) мезгіл мәнді сөздерден немесе көлем-көңістік мәнді сөздерден құралған изафеттік тіркестер: *Содан Сәйгедің ауылына келсем. Ермек қызыны ұзатпақшы болып той қылым жастыр екен (Майлін). Енді 1921 жылдың күзінде «банды» деген бле шыға бастаган соң, момын шаруа тағы да тыныш үйінштейн алмауга айналды (Сейфуллин);*

7) күрделі сан есімдер тіркесі: *Елу бесте біз-дағы сенісер адам таптақ па? (Абай);*

8) үстегердің тіркесі: *Былтыр ала жаздай серілік құрып, ел қыдырып, қызы-келіншекпен сауық-сайран салмадым ба (М.Әуезов). Мұндай бір түйдек болып келіп, күрделі пысықтауыш жасайтын үстегердің біріншісі біршама үлкен кезеңді білдіреді де, екінші сыңары бір шама қыска, аз уақытты білдіретін болады;*

9) -дай тұлғалы туынды сын есімдер өз анықтауышымен бірге етістікке катысты болғанда күрделі пысықтауыш болады: *Жаураган қойдай бүрісін, үйлігын қалыпты (Газеттен);*

10) күрделі пысықтауыш жасайтын сез тұлғаларының қатарына көсемшелік, есімшелік тұлғаларды, кимыл есімдерін де жатқызу қажет. Бұлар сөйлем құрамында көбінесе өздерін нактылайтын, саралайтын басқа сөздермен бірге жүмсалады: *Үркіп қалғандықтан аңгара алмапты... Осындаи қарбаласта «бармақ басты, көз қысты» бол талай момынның тоқты-торымы сотқар ауылдардың жемі бол жүреді (М.Әуезов). Игілікке істелетін жұмыс болған соң, жондең істегенге не жетсін... Доспол мен Қасен тұмалас. Насыбай тостаганга бола тобелеспесе қайтеді (Б.Майлін). Міне, енді Кудряның ізін, кімдермен байланыс қылатынын астыртын жансыз жүріп биліп, ұстауга әрекет күлуга политюбро Хамитті жүмсап отыр (С.Сейфуллин). Оспан... борбайлай қамышылап қүйгыта жөнелді (Әуезов).*

Есімшелер мен көсемшелер, қымыл есімдері өздерінің лексика-грамматикалық ерекшелігіне лайық әр уақыт өздерін нактылайтын, саралайтын сөздерді керек етеді. Сөйлем ішінде мұндай есімшелік, көсемшелік, қымыл есімдік шумактардың көпшілігі өз арасында жіктелмейтін лексика-грамматикалық тұтас топ есебінде бір ғана күрделі мүше қызметін аткарады. Күрделі пысықтауыш қызметінде жұмсалған шумактардың құрамынан сөйлемге тән элементтердің бәрі табылмайды. Жоғарғы мысалдар құрамындағы «осындаи қарбаласта», «жөндеп істегенге», «насыбай тоостаганга бола» шумактарын шартты түрде болса да, сөйлем құрамына тән грамматикалық қатынастарға ажыратуға келмес еді.

Қазіргі казақ тілінде үйірлі пысықтауыш мүшелер де мол кездеседі. Үйірлі пысықтауыштар құрамында, күрделі пысықтауыштардай емес, өз алдына дербес қарастырганда сөйлемге тән предикативтік қатынастың ізін айыруға болады. Егер аса жайылынқы құрамды үйірлі пысықтауыш болса, оның құрамынан бастауыш-баяндауыштық қатынас қана емес, тұрлаусыз мүшелерді де ажыратуға болады: *Өзі жоқта Нұрыштың қақпанына оп-оңай түскеніне ол айқай салмады, бишара қартқа нали сөйледі* (Х.Есенжанов). Мәз болады болысың *арқага ұлық қаққанга* (Абай). Алдыңғы сөйлем құрамындағы «озі жоқта» үйірлі пысықтауышты тек бастауыш пен баяндауыштан ғана қураған болса, соңғы сөйлемдегі «арқага ұлық қаққанга» үйірлі пысықтауыш құрамында басқа тұрлаусыз мүше де (*арқага*) бар.

Пысықтауыштар мағыналық жағынан, негізінен, алты топқа бөлінеді. Олар: мезгіл, мекен, мақсат, амал, себеп, мөлшер пысықтауыштар.

4.1 Мезгіл пысықтауыш.

Мезгіл пысықтауыш істің орындалу мезгіл-мерзіміне байланысты түрлі мағыналық мәнер білдіретін жеке сөздер мен сөздер тіркесі болып келеді. Мезгіл пысықтауыштардың бір тобы ешқандай нактылығы жоқ мезгіл-мерзімді білдірсе, енді бір тобы біршама дәл мерзім-уақытты білдіреді. «Ол кеше келді. Ол сағат бесте келді» деген сөйлемдердегі «кеше» сөзінен ғері «сағат бесте» дейтін тіркестің біршама дәл уақытты білдіретіні айқын. «Кеше» сөзі өтіп кеткен уақыттың кез-келген күнін білдіруі де мүмкін және дәл кешегі күннің өзі болғанда да оның қай мерзімі екендігі белгісіз. «Сағат бесте» деген тіркес сол күннің дәл қай мерзімі екендігін дәл көрсете алады.

Мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер әр алуан және ол сөздерді осы қызметке икемдейтін грамматикалық тұлғалар да әр түрлі. Ең алдымен мезгіл пысықтауыш болатын сөздер, әрине, мезгіл үстеулері. Сонымен қатар бұл қызметте мезгіл мәнді зат есімдер,

қымыл-процесті білдіретін сөздер, көсемшеслер, сын есімдер, негізгі сөздер мен көмекші сөздер тіркесі, т.б. қолданыла алады.

1) Мезгіл үстеулердің біразы дерексіз мәнді мезгіл-мерзімді білдіретін пысықтауыштар жасайды: Оқыста сыртқы есік ашылды да, Магышқа тұра қарама-қарсы қарап, үйге кіріп келе жатқан Абай көрінді... (М.Әуезов).

Кейбір мезгіл үстеулері біршама анық, біршама шектелген мезгіл-мерзімді білдіретін пысықтауыш жасайды. Мысалы: ... комендант жаздай құргақ айқаймен жүрді де, қыс түскесін уні өшті (С.Ерубаев). Қаранғы інірде өзеннің аргы бетінен таныс белгі берілген дауыс естілді (F.Мусірепов).

Мезгіл үстеулердің дерексіз уакытты, әлде біршама шектелген, біршама анық мезгілді білдіруі олардың этимологиясымен ұштасып жатады. Оқыста, қапелімде, жөпелдемеде т.б. тәрізді сөздер дерексіз мерзімді білдіретін болса, жаздай, қыстай, құздей т.б. тәрізді сөздер олармен салыстырында, біршама айқын мерзімді білдіретіні белгілі.

Мезгіл үстеулерінің мағынасын нақтыладап, дәлелдеудің, сөйтін біршама айқын мерзімдік ұғым берудін бір тәсілі – оларды өз ара тіркестіріп қолдану болады. Мұндай реттерде жалпы мағыналы сөзден ғөрі біршама шағын мерзімді білдіретін сөз қолданылады. Мысалы: Былтыр ала жаздай серілік құрып, ел қыдырып, қызы-келіншекпен сауық-сайран салмадым ба (М.Әуезов). Жұмыскерлерді кеше кешке қонақ етіп, бугін қоштасып қалғалы тұр (F.Мусірепов). Ертен танертен тағы сол күй басталды (М.Әуезов).

2) Мезгіл пысықтауыш қызметінде жиі кездесетін сөздер – зат есімдер. Мұндай қызметте мезгіл мағыналы зат есімдермен қатар түрлі құбылыс, процесс атаулары болатын зат есімдер де қолданыла алады.

Мезгіл мәнді зат есімдер атау, ілік, табыстан басқа септік жалғаударда келеді: Қоктемде бұл жесел – иғлік жесел (М.Әуезов). Жас уакытта көңіл ғұл (Абай). Осы күзге Күнанбай тағы да бір топ жанды қырына алынты... Бұл күнінен мынадай адамшылық қиянаткерлік, зұлымдыққа барған соң, ілгеріде кім боларсың (М.Әуезов). Құбылыс, процесс аттары, кей дерексіз ұғым беретін зат есімдер, көбінесе, жағыс септікте тұрып мезгіл пысықтауыш болады. Мысалы: Егесте сойыл соғар, еседе құм қабар (Мәттел). Жауында... басқалар жатса да, малиш жаттайды (F.Мұстафин). Таршылықта қайраңдан, Кеншилікте ойрандан. Көп батырга қалдыңыз (Абай). Мұндай сөздер кейде өз анықтауышымен бір топ құрап барып мезгіл пысықтауыш болады: Ал, Инеш болса бұл сабакта алдыңғы столга отырғысы келді (С.Шаймерденов). Қысқы қүйзелісте Иглік кіресіне ілесіп келген. ...Олар мына боранда қашып құтылғылары келеді (F.Мұсірепов).

нов). Бұл сөйлемдер ішіндегі мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалған сөз тіркестері – «бұл сабақта», «қысқы күйзелісті», «мына боранда». Негізгі мән зат есімдерде (сабақ, күйзеліс, боран) болса да, дәл осы қызметте оларды өзін анықтайтын сөздерден бөліп, дара карастыруға келмейді.

Жатыс, кейде көмектес септік жалғауларында келіп кейір сапалық сын есімдер де мезгіл пысықтауыш болады: Салқында алсірен, өздігінен оліп қырыла бастайды (М.Әуезов). Каранғыда қорқытқан күшті дүрсілді жарықта козімен бір көргісі келіп, артына қарады Жамал (F.Мустафин). Бірінен-бірі қызық романдардың күндіз оқуга тоймай, түн жарығымен де оқығысы келеді (М.Әуезов).

3) Жатыс септіктегі -ған, -ар тұлғалы есімшелер мен сан есімдер де мезгіл пысықтауыш қызметінде колданыла алады: Қазір коштасарда мен саған осыны гана айтып қалармын (F.Мусірепов). Туганда дүние есігін ашаады олең (Абай).

Есімшелік тұлғалар бұл қызметте өзіне бағынышты сөздермен бір тіркесте тұрып та қолданылады: Бет-аудын сөз сойлерде жұз құбылытын қас кермек, мойын бүрмақ, қоразданбақ (Абай). Сисан жүргенде көзіміз қайта-қайта түскен (F.Мусірепов).

4) -ғалы, -а-е, -й тұлғалы көсемшелер де сөйлем құрамында мезгіл пысықтауыш болады. Бұл қызметте олар, көбінесе, өзіне бағынышты есім сөзбен тіркесте (мұндай күрделі құрылым тұрақты сөз тіркесі де, еркін тіркес те болуы мүмкін) қолданылады. Мысалы:

– Оnda, Байжеке, сен сол маңға көз байланбай жетіп, жолдың бұрау-бұлтарысы мен талы қалың бергі жарқабақтың астын байқай берсең қайтеді? (F.Мусірепов). Корықтан күн шыға атқа мінейік (М.Әуезов). Көзі кеткелі жұрттың көбін аяқ басысынан, тінти есік жабысынан, адам көнілін сөз дүенінен танитын (F.Мустафин).

5) Мезгіл пысықтауыш болатын сөздердің үлкен бір тобы – көмекші есімді және септеулік шылаулы түйдекті тіркестер.

Мезгіл пысықтауыш болатын көмекші есімді түйдекті тіркестер, көбінесе жатыс, шығыс септік жалғауларында тұрады. Мысалы: Ет артынаң Сүйіндіктің көптен сауғызып отырған қысырларының сары құмызы да келді (М.Әуезов). Заводты жүргізіп жібер деген Ушаковтың хабары да осы борандардың алдында келді (F.Мусірепов). Қадірбай бұл мәжілістер түсында даңғыл жолға түскендей бол жазылып кетті (М.Әуезов). Адам қуаныш устінде қайғырып, кайғы устінде қуана алмайды (F.Мусірепов). Бір көңіл аудараптың жәй – мезгіл мағынасын беретін мұндай көмекші есімді түйдекті тіркестердің бірінши сынары болып күй-қалыпты, процесті білдіретін сөздер немесе белгілі мерзімге тән құбылыс аттары ғана жұмсалған алады.

Мезгілдік мән туғызып, сейлем құрамында мезгіл пысықтауыш қызметін атқаратын тіркес жасайтындар, көбінесе *усті, арты, алды, тұсы* тәрізді көмекші есімдерға.

Негізгі сөздер мен *кейін, дейін, бері, бұрын, бастап, соң, сайын, таман, жсақын шылауарының тіркесі* де мезгіл пысықтауыш қызметіндегі жиі қолданылады. Бұл мәнде аталған шылаулармен тіркесетін негізгі сөздер: мезгіл мағыналы зат есімдер (*саяғірдің он бесіне дейін, сол күннен бастап*), құбылыс пен процесті білдіретін зат есімдер (*соғыстан бұрын, айтыстан кейін*), *-ған тұлғалы есімшелер, -у тұлғалы қимыл есімдері* (*сойлеуден бұрын, келген соң*), модаль сөздер, т.б. Мысалы: *Сондықтан ат Амантайдың алты үшінші көңіліне серік болмай, ат-таган сайын сүрініп зорға жетті* (С.Мұқанов). Неміс армиясы *күн сайын бөгеліске көбірек ұшырап, ілгері аттай алған жоқ*; *Бірақ әр ай-кастан кейін бір жағы жеңіске, бір жағы жеңіліске жақындей берді* (F.Мусірепов). *Уш бала биыл қоктемнен бері бір кішлеу қайыққа ие болыпты* (М.Әуезов). *Бекітуден бұрын өз ара бір сөйлесерміз, – деп*. Ушаков бір уәде *аңгартып қалды* (F.Мусірепов).

Көмекші есімдермен, шылаулармен келген түйдекті тіркестер жаңама толықтауыш немесе мекен пысықтауыш қызметтерінде де жұмсалуы мүмкін. Олардың мұндай функциялық әр қылышы, көбінесе, олармен тіркесетін негізгі сөздердің мағыналарына байланысты болады.

4.2 Мекен пысықтауыш.

Мекен пысықтауыш іс-қимылдың бағытталған мекенін, шығар жерін, тірелер орнын білдіреді.

Мекен пысықтауыш қызметіндегі қолданылатын арнаулы сөздер – мекен үстеулері: *кейін, әрі, әріде, жоғары, төмен, алда(н), артта(н), үске, іште, алдеқайдан, тысқары, осында, сонда, мұнда, т.б.* Мысалы: *Дәл шаңқай тұс кезінде Құнанбай шарт күнін*, *Байсал, Майбасарды ертіп, тыска шығып кетті* (М.Әуезов). Аяңдан кеткенде алдымызда отыратын Семен Зонин еңбектегендеге ен *артта қалды* (F.Мусірепов). *Жоғары, төмен үйрек-қаз ушып тұрса сыйылдан* (Абай). Полк *ілгері жүріп кетті* (F.Мусірепов).

2) Мекен пысықтауыш қызметіндегі, сонымен бірге, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларында тұрған есім сөздер де жұмсалады: 1944 жылдың 24 февралі күні *штабка шақырып алты*,... Қызыл жүлдөз орденін табыс етті... 1954 жылы *Самарқанд қаласында тери аурулары жоннен кандидаттық диссертация қоргайды*... Тазы бір кездे *Ғабитхан әдебілел тұрып Қараشوқыга*. *Құнқениң ауылына барып, екі қоржын басы кітап әкелді* (М.Әуезов).

Барыс жалғаулы есімдер істің, қымылдың бағытталған не тірелер мекенін білдіреді де, жатыс жалғаулы есімдер іс-қымыл болған мекен-орынды көрсетеді. Ал, шығыс жалғаулы сөздер іс-қымыл басталған орнын, мекенін білдіреді. Сөйтіп, септік жалғауларының ауысумен бірге мекен пысықтауыштардың мән-мәнері де өзгеше болып отырады.

Мұнаймен бірге мекен пысықтауыш болатын сөздердің лексикалық мағынасының да белгілі дәрежеде әсері болатынын ескерген жөн. Кез келген сөз барыс, шығыс, жатыс, көмектес септіктерінде тұрып мекен пысықтауыштық мәнге ие бола бермейді. Мекен-көлемдік мәні жоқ сөздердің аталған септік жалғауларында келип, тек қана жанама толықтауыш болатындығы бұдан бұрын айтылған болатын. Соңдықтан, аталмыш септік жалғауларында тұрып, мекен пысықтауыш болатындар, негізінен жер-суға байланысты атаулар, нақтырақ айтқанда, қалайда болса мекендік мәні бар, біршама аумақ-көлемді білдіретін сөздерғана. Дегенмен, қазақ тіліндеге кейір бір сөздердің әрі толықтауыштық, әрі пысықтауыштық мәнде жүмсалуы кездесіп отырады. Мысалы, ауызекі сөйлеу тіліндеге болсын, көркем әдебиетте болсын *Әкем жылқыда жүр, ол малға кетті* («Әкем жылқы фермасында жүр, ол мал қыстайтын жерге кетті» деудің орнына) тәрізді қолданыстар кездесе береді. Мұндағы «жылқыга», «малға» сөздерін қалайда мекен пысықтауыш деп танууга тұра келеді. Мұны осы сөздердің ауыспалы мәндері шешеді. Сөйлем арқылы беріліп отырған хабар мазмұны кез келген мал баққан қазаққа түсінікті. Бұл, бір жағынан, көп сөзбен берілуғе тиіс ойды бір сөзге сыйғызып, ықшамдал берудің де бір тәсілі. Бірақ осылар немесе осыған ұқсас сөздер барлық уақытта мекен пысықтауыштық мән береді деген тұжырым жасауға негіз бола алмайды. Дұрысында, мұндай сөздер өзінін тұра мағынасындағы қолданысында жанама толықтауыштық мән береді. Аталған ерекшелік – сөйлеуші мен тындаушы арасындағы өзара тығыз қатысымдық әрекеттеген, психологиялық тығыз байланыстан, түсіністікten пайда болатын құбылыс.

3) Мекен пысықтауыш қызметінде **қарай**, таман шылауларымен және алды, қасы, басы, жаны, түбі, маңы, бойы, арасы тәрізді көмекші есімдермен келген тіркестер басқа сөздерге қараганда мекен-орынды біршама анығырақ, дәлірек көрсетеді. Бұл ерекшелік, әрине, шылаулар мен көмекші сөздердің грамматикалық қасиетінен туып жатады. Мысалы: *Түнгө қарай жасауынгерлерімді көпірдің алдына қойсам, кундіз жол бойын өрлей, әр сайдын қабагына коям* (F.Mусірепов). *Калың топ – бата оқушы шаңқай тус кезінде сансыз көп салт атты бол күнбатыстағы Жәнібекке қарай тартты...* Салиқа қыз... осы *Балқыбек басында болатын* (М.Әуезов). *Көз алдыма тұмсығын қарға тығып, өлген су тышқандай бүкшип жатқан манагы жау ка-*

титаны келеді... Бірақ Москва түбінен жау армиялары оқыс шегін-генде, мрамор біздің қолға түсіп қалыпты (F.Mусірепов). Мұндай қызметте қолданылатын түйдекті тіркестердің бірінші компоненті болып жер-су аттары, мекен-көлемдік мән бере алатын басқа сөздер жұмсалады. Егер бірінші компонент қызметінде басқа мағыналық топқа жататын сөздер қолданылса, онда мұндай тіркестер мекен пысықтауышта бола алmas еді.

Көмекші есімді түйдекті тіркестер бұл қызметте шығыс, жатыс, барыс, көмектес септік жалғауларында тұрып жұмсалады. Басқа септік жалғауларын (атау, ілік, табыс) иемденген сөздер мекендік мән бере алмайды. Мысалы: – Гитлер енді Москва маңын көре алмайды, бұл анық, – дейді тағы да Ревякиннің даусы (F.Mусірепов). Осы сөйлемдегі «Москва маңын» тіркесі табыс септік жалғауымен түрленіп, тура толықтауыштық мәнге ие болған.

Сонымен, көмекші сөзді түйдекті тіркестердің мекен пысықтауыш болуы олардың бірінші компоненті қызметіндегі негізгі сөздердің лексикалық мағынасына және көмекші сөздің грамматикалық тұлғасына байланысты болып отырады.

4.3 Амал (сын-қимыл) пысықтауыш.

Пысықтауыштың бұл түрі істің, қымыл-эрекеттің сапасы мен белгісін, сынын және орындалу тәсілін, амалын білдіреді. Мағыналық жағынан бұларды екі топқа: 1) істің сын-сапасы мен белгісін білдіретін пысықтауштар және 2) істің орындалу тәсілі мен амалын білдіретін пысықтауштар деп белін қарастыру мүмкіл. Бұл екі топта жұмсалатын сөздердің сипаты да осыны қажет етеді.

1. а) Сын-сапанды, белгіні білдіретін пысықтауштар қызметінде жұмсалатын сөздер – ең алдымен үстеулер. Олар: *едауір, оншама, шашаш, алінше, пәрменінше, біржсолата, тікелей, іле-шала, арен-арен, дереу, жедел, жаттай-тұрмай, ашиқтан-ашық, т.б.* Мысалы: Жақын ауылдарга тегіс шашаш кісі шаптырыңдар. Үйкисы қатты еді, арен ояттым (Т.Әлімқұлов). Теніз тағы да алай-тулей долданатын болар, – дейді Валодя (F.Mусірепов).

Осы қызметте -ша/-ше жүрнағы арқылы есімдерден жасалған туынды үстеулер де қолданылады: ... Энді сүйсен, меніше сүй (Абай). Турникке ойнаганда ол ұришықша үйрілетін (Газеттен). Құмырса-дай қаптаған сұрғұлт түсті жауға қарсы Совет адамдары ерлерие күресті.

ә) Іс-қимылдың сапасын, белгісін білдіріп, амал пысықтауыш қызметінде жиі жұмсалатын сөздер – сын есімдер. Бұл қызметте негізгі сын есімдер де, сонымен қатар басқа сөз таптарынан жүрнектар

арқылы жасалған туынды сын есімдер де кездеседі. Мысалы: *Мирошник* сыпайы *гана* езу *тартты* да, қолымды қысып отыруға нұқсады... Сол біраз калжыңмен талай күнгі азап ауырлығын жасып тастагандай, жауынгерлерім женіл *жүртіп* келеді... *Жалғыз* зар қақсан домбыра үні әлсіз *сарнады* (*F.Мусірепов*). *Жаксы* *айтты-ау..* *Салтанаттың* алтынды шолтысы бірде жінішке шыңғыр салып, бірде сұлдырай түседі (*М.Әуезов*).

Туынды сын есімдердің ішінде көп жұмсалатындары – -дай/-дей аффиксі арқылы жасалған сын есімдер: *Қазір-ақ* усті-басымыз малмандаи болып, жаураган койдай бүрснеміз-ау... (*F.Мусірепов*). Бірақ, мына суретте сол жараптық шымыр денсаулықта арманышыл көніл күйіне жалғасып түрганын айтқанда, *Лиза* алденеден уялғандай қызырып кетті (*Т.Әлімкулов*).

б) Сын-сапалық пысықтауыш қызметінде -ып/-іп және -а-/е-/й тұлғалы көсемшелер де жиі қолданылады: *Нелла* *Борисовнаның* өзі жасақтауын *pisire* *тұс* *дегендей* шалқи жадырап, үй ішінде киетін кең қара жібек шалбарын сусылдатып, әрі-бері көлбендең өтті (*Т.Әлімкулов*).

Көсемшелердің амал пысықтауыш мәнінде қолданылуы бұл сөздердің баяндауыштың тікелей алдында келуімен байланысты.

2. а) Истін орындалу тәсілі мен амалын, орындалу ерекшелігін білдіріп, амал пысықтауыш қызметін аткаратын сөздер: *акырын*, *жай*, *жалма-жсан*, *шапшаң* тәрізді т.б. үстеулер: *Қоқіректегі* *байлаулы арыстан* қозғалып, *бостандықты* *ойлат* акырын қимылдайды (*C.Сейфуллин*).

-ша жүрнағы немесе баска да тәсіл арқылы (мысалы, көнерген септік жалғаулары арқылы) жасалған кейбір туынды үстеулер де истің атқарылу тәсілін, орындалу ерекшелігін білдіреді: *Кісі* мінезіне жүйрік *Әйгерім* өзінше *окшау* сын жасаған (*М.Әуезов*). *Батыраш* көк *арбаны* орталап *салып алған* шөптің устіндеге шалқасынан жатыр да, екі жігіт оны үстап отыр (*F.Мусірепов*).

ә) Шығыс, жатыс, көмектес септікті кейбір есім сөздер де етістік баяндауышқа катасты болып, амал пысықтауыш қызметін атқара алады. Мысалы: *Жүректен* сүйіп *еліңді*, *жүрт* *мейірін* қандырдың (*Сыздықов*). Чиновнике түңгілиқ қара көк көздерін кейіспен бүрдесі. *Абайга* соншалық *мейірлі* жузбен, көз кызығымен бір қарап, бетін басып төмөн иелді (*М.Әуезов*). Амал пысықтаушық қызметте жұмсалатын мұндай сөздер, көбінесе, дерексіз зат аталаудары болып келеді.

Есімдердің амал пысықтауыш қызметінде жұмсалуына байланысты айтыла кетуге тиіс бір жәй – сондай есім сөздердің екі жақтылығы. Осыдан бүрін толықтауышқа байланысты ескертілгендей, кейбір есім сөздер көмектес септік тұлғасында екі түрлі түсінілуі мүмкін: жанама

объектілік мәнде немесе амал пысықтауыш мәнде. Дерексіз зат атап уарын былай қойғанда, конкретті зат есімдердің өздері де көмектес септік тұлғасында екі түрлі сұралкка (немен? қалай?) жауап беруі мүмкін. Мысалы, «*Ол ауылга атпен келді.*» сөйлеміндегі «*атпен*» сөзіне қалай? деп те, немен? деп те сұралк коюға болар еді. Дегенмен, сөйлем құрамында өзінің бұрынғы заттық мәнінен ажырамаған сөздер жанама толықтауыш деп, ал, дерексіз зат есімдер және бұрынғы заттық мәнінен сөйлем құрамында ажырап қалған сөздер амал пысықтауыш деп танылғаны жөн (кейіспен бурылды, жақтырмаган қабақпен қарады).

б) *Арқылы, құрлы шылау сөздерінің есімдерге тіркесуі де амал пысықтауыштық мән береді: Елеңдей қарасып, ақтар да тілмаси арқылы бұл хабарды есітіп, атыл-құлтыл аттана жөнелді (С. Сейфуллин). – Несі бар, жасаман Несінбай құрлы істей алмас дейсің бе? (Б. Маттин).*

в) Кейде сөйлем құрамында тәрізді, сияқты, сықылды сөздерінің есімдермен тіркесі де етістік баяндауышқа қатысты болып, амал пысықтауыштық мән туғызады: *Тыңдаған жұртқа ол кекеш сияқты көрінеді. Есіктен кірді де, қалжыраған адам тәрізді отыра кетті болағага* (Казақ әдебиеті).

г) Сөйлемде қарай, бойыниша сөздерімен келген тіркестер де амал пысықтауыштық қызметте қолданыла алады: *Бастықты бағыныштылары түріне карай бағаламайды, тындырган ісіне карай бағалайды... Оның жыл бойы істеген ісі, бітірген шаруасы, келтірген пайдасы жылдық корытынды бойыниша сарапқа салынып, әділ бағасын алуы керек* (Газеттен). Дегенмен, бұл терізді тіркестер әр уақытта амал пысықтауыштық қызметте жұмсалады деп қорытындылауга болмайды.

Тіркестің бірінші сынары болатын негізгі сөздің лексикалық мәніне және синтаксистік қоршауға қарай олардың сөйлем ішіндегі қызметі де құбылып отырады.

д) Бұл қызметте ең жиі жұмсалатындар – еліктеуіш сөздер. Еліктеуіш сөздер сөйлем құрамында, көбінесе, етістік баяндауышқа қатысты болады да, іс-қымылдың орындалу ерекшелігін, тәсілін білдіріп, амал пысықтауыш мәнін береді: *Дон өзені шурк-шурк тесіліп, қайта тасып кетті...* Сөйткени болған жоқ, төбеден тасталған екі граната ішке түсіп, *гурс-гурс* қатар жарылды (F. Мусірепов). Жүректен тиғен қатты тепкіден Нұрғаным талықсып барып, *сылқ құлан түсті* (М. Эуэзов).

Еліктеуіш сөздер және кейбір есімдер е-, де көмекші етістіктерімен немесе басқа бір көмекші етістікпен тіркесіп, тұтас тіркес күйінде амал пысықтауыштық қызметтің атқаралғаны: *Жұқа көкше мұз сынган айнадай жалт-жалт етіп сумен бірге атылып, сыңғырап келіп жағаға түсіп жатыр. Өткелді өткел деп сұрау керек* (F. Мусірепов).

Еліктеуіш сөздерден жасалған көсемші етістіктер де іс-қимылдың тәсілін, істелу ерекшелігін білдіреді: *Абылгазының қоңіл жүйріктігіне сүйсініп кеткен Абай сакылдан күліп жіберді* (М.Әуезов).

е) Кейде бірге көмекші есіммен келген түйдекті тіркестер де амал пысықтауыштық мән береді: *Жұқа қокилемүз сынған айнадай жалт-жалт етіп, сүмен бірге атылып, сыңырап келіп жағага түсіп жастыр* (F.Mусірепов).

4.4 Мақсат пысықтауыш.

Пысықтауыштың бұл түрі іс-қимылдың арналған мақсатын, көздесген нысанасын білдіреді.

Мақсат пысықтауыш төмөндегідей жолдармен жасалады:

1) Әдейі, әдейілеп, арнағы, жортта, қасақана тәрізді мақсат мәнді үстеулер: ...*Абай уншіл жүйрік домбыраны әдейі* Әйгерім үшін тар-маттын (Әуезов). Ол қасақана қырыс сойладі.

2) -ғалы тұлғалы көсемшелер сөйлем құрамында, негізінен, екі түрлі мәнде (мезгілдік, мақсаттық мендерде) ғана қолданылады. Соның ішінде, мақсатты білдіруі – бұл көсемшелердің басты мағынасы болса керек. Ал мезгілді білдіруі – тіркесетін сөздің ықпалымен синтаксистік коршауға байланысты беретін мағынасы. Мысалы: *Мен оның кескінін көргөлі қаша үңілсем де, қарауытып кеткен жүзіне, бетіне батып кеткендей мұрнына жарық дұрыстап бір түспей қойды* (F.Mусірепов).

3) Осы қызметте кейде -а, -е, -й және -п тұлғалы көсемшелер де жұмсалады: *Сығырайған білте шамның жарығымен лейтенант қағазын жазып отыр да, мен мінезін танығым кеп қадалып турмын* (F.Mусірепов). Лосовский арқылы бір үміт бола ма деп келіп едім. Баганагы топ артынан Абайдын хабарын біле келген екен (М.Әуезов).

-а, -е, -й және -п тұлғалы көсемшелер мақсат пысықтауыш қызыметінде дара жұмсалмайды, жоғарғы сөйлемдердегідей өздеріне қа-тысты, бағынышты сөздермен тіркесе тұтасып, үйрлі мүше болып қолданылады. Бұндай реттерде әлгі көсемшелерге қатысты сөздер тек кана есімдер емес, кейде бұйрық, қалау райлы етістіктер де болуы мүмкін. Мысалы: *Баламды медресеге біл деп бердім* (Абай).

4) Мақсат пысықтауыш қызметінде барыс септік жалғаулы қимыл есімдері де жұмсалады: *Қазір біз сол маңайды барлап қайтуға келеміз* (F.Mусірепов). Енді ыңғырағымды арқалап, кезбені қойып, мынадай ел арасына байыздыруға келдім (М.Әуезов).

5) Қимыл есімдері үшін, мақсатымен, ниетімен сөздерімен тір-кеңіп келіп те мақсаттық мән туғыза алды: *Колхозшылар алдағы жылы егіннен мол өнім алу үшін қажырлы еңбек етуде* (Газеттен).

Жұмыста мұндағы кемшіліктерді енді қайталаатпау максатымен басқарма арнаулы қаулы қабылдады. Әкесі баласын қалайды көндіру ниетімен келіп еди.

4.5 Себеп пысықтауыш.

Пысықтауыштың бұл тобы – іс-кимылдың болу себебін не сол қимыл-әрекеттің болу-болмауына түрткі болған жағдайды, белгіні білдіреді. Мұндағы пысықтауыштар қимыл-әрекеттің болу-болмауына қатысты себеппен катар, іс-әрекеттің нәтижесінен, салдарынан болған ерекшеліктерді де білдіруі мүмкін. Соңыңтан ғылымда оларды «себеп-салдар пысықтауыш» деп атау да бар. Мәселен, «Ол қысылғаннан қызыарып кетті. Ол аурулы себепті жисналысқа катыса алмады.» деген сөзді «қызыарып кетті» баяндауыштың себебі деп танысадақ, соңғы сөйлемдердегі «аурулы себепті» тіркесінде «катыса алмады» деген баяндауыштың себебі есебінде, ері оған дейінгі басқа бір қүй-қалып, процестің салдары болып ұғынылады. Сөйтіп, кейде себептік мән мен салдарлық мән бір-бірімен астасып жатады. Себептік мән туғызатын үстеулер қазақ тілінде көп емес және олар құрамы жағынан туынды түбірлер болып келеді. Себеп пысықтауыштың жасалу жолдары төмендегідей:

1) Себеп пысықтауыш себептік мән туғызатын үстеулер арқылы жасалады. Олар: босқа, құр босқа, бостан-бос, текке, тектен-текке, бекерге, амалсыздан, лажсыздан, амал жақыттыстан, шарасыздан, әншешін, құр әншешін, жәй, жәйден-жәй үстеулері. Мысалы: Талайының үйіне жаңағы сөзді амалсыздан қосып, хат та жаздым (*F.Мұсірепов*).

2) -ған тұлғалы есімшеге -дықтан жүрнағының (қимыл есімі мен шығыс септік тұлғасы) жалғануы арқылы: *Осы күйлерді сезгендіктен Абай әдей үндеңей кетті* (*М.Әуезов*). Балға солай әнніккендіктен Кайыркеннің «араның үясын таптым» деген сөзіне иланым да, соңына ердім (*С.Мұқанов*).

3) -ған тұлғалы есімшениң өзі де шығыс сеіптікте тұрып себеп пысықтауыш қызметін атқара береді: *Председатель қысылғаннан* абдырай қалды да, жөнді жасауда алмады (*Газеттен*).

4) -ған есімшелеріне соң себепті, үшін көмекші сөздері тірке-сіп келу арқылы да себеп пысықтауыш жасалады: *Әке-шешем кеікеке дейін тосады да, келмеген соң* әкем малдың орген жасауда жауын издең кетеді (*С.Мұқанов*). Мұғалім сабак білмегені үшін балага қатты үрысты.

5) *Көңілшектік, жеңілтектік, жалқаулық, кедейлік, байлық* тәрізді дерексіз зат есімдер шығыс жалғаулы түрде келіп себеп пысықтауыш

қызметтін атқарды: Кедейлігінен бе, дәуірлері жүріп-тұрган кезінде тізелерін батыргандықтан ба, бұл елде төре атауыдан жексүрын кісі жоқ (С.Мұқанов). – Кедейліктен қол қысқа, шырагым, – деді шаруа (Ертегіден).

6) Кейде көсемшелер де өз айналасындағы сөздермен бірге күрделі себеп пысықтауыш қызметтін атқарды. Бірақ осылай деп қызызың бағын байлап отырғаны болмаса, калын мал да түгелдемей, үрын да келе алмай, өз әйелінен аса да алмай шырмалып жүр екен (М.Әуезов). Эрине, көсемшелермен келген осындай тіркестерді кейде амал пысықтауштармен шатастырып алу әбден мүмкін. Бірақ соларды баяндауыш мәнімен салғастырып, сонымен байланыстыра қараса, баяндауышта айтылған іс-әрекеттің себебі екендігін байқау қын емес. Солай екендігі онын синтаксистік синонимімен салыстырғанда бірден көзге түседі. Жоғарғы сөйлемдердегі көсемшелі тіркесті «әйелінен аса алмагандықтан шырмалып жүр екен» деп айтатын болса, себептік мәні өзінен-өзі айқын болады.

4.6 Мөлшер пысықтауыш.

Мөлшер пысықтауыш іс-қимылдың мезгілдік созылу, көлемдік таралу мөлшерін немесе істің қайталану дәрежесін, істі істеуге объектілердің қатысу дәрежесін білдіреді.

Мөлшер пысықтауыш қызметтінде ұзақ қысқа сын есімдері мен көп, аз модаль сөздері, тегіс, жаптап, онша, сонша, бірен-сарап, ондай, екеулеп, аз-аздан, азды-көпті, едгүір, бастан-аяқ, талаі, бірталаі, түгел, бірқыдыру, біртіндең т.б. сан-мөлшерлік мәндегі үстегулер, сан есімдер, сан есімдер мен зат есімдер тіркесі, зат есімнің бойы көмекшісімен тіркесі т.б. жұмсалады. Мысалы: Ұмытып барады екем: шайды мен шешеме еріп недауір іштім... Әрқайсысына жузден жылқы, мындан қой бітеді (С.Мұқанов). Біздің өзбек халқы өмір бойы су ішінде жүреді (F.Мұсірепов). Ол туралы Дәркембай қысқа айтты (М.Әуезов).

Мөлшер пысықтауыш етістік баяндауышты пысықтап, соның сан-мөлшерлік дәрежесін білдіреді. Мән-мағынасы жағынан ол анықтауыштың кейбір топтарына ұқсас. (Жалпы тіл білімінде пысықтауштарды етістіктің анықтауышы ретінде қарастыру бар). Мөлшер пысықтауыш қызметтіндегі кейбір сөздерді есімнен болған мүшеге қатыстырып айтса, олар анықтауыш та болады. Мысалы, жоғарғы сөйлемдегі «қысқа» сөзін есіммен тіркестіріп, «қысқа жіп» ыңғайында колданса, ол анықтауыш болар еді. Сөйтіп, мөлшер пысықтауыштың жасалуы етістік баяндауышқа қатысты болып, соган бағыныштылық қатынаста айтылуына байланысты болып отырады.

Мөлшер пысықтауыштар мағыналық жағынан үш түрлі топқа ойысады. Бір тобы – іс-эрекеттің мерзімдік созылуын, қанша уақыт болғанын білдіреді де, екінші бір тобы – іс-эрекеттің көлемдік, мекен-дік таралу, жайылу дәрежесін білдіреді. Мөлшер пысықтауыштардың үшінші бір тобы – баяндауыштың мәнін таза сан-мөлшер жағынан пы-сықтай анықтайды.

1) Ис-эрекеттің мерзімдік созылуын, мерзімдік жайылуын біл-діретін мөлшер пысықтауыш қызметінде ұзак, қысқа, аз, көп создері мен *едәүір, тез, бірталай, сонша, қанша, лезде үстеулері* жұмсалады. **Мысалы:**

Осы елдің өзінен шыққан жігіт болғандықтан, ұлықтың қасына ерген болса да, мынау *айтылғанды тез аңгарды* (М.Әуезов). *Сергей тырс-тырс етіп тұрған тістерін қанша қатты басқанмен, тырсыл-дагын қойдыра алар емес* (С.Мұқанов).

Осы мәнде сан есім мен мезгіл мәнді зат есімдердің тіркесі де қолданылады. Мұндай тіркестер атая, барыс, жатыс септік тұлғалы болады: *Базаралы тағы екі күн болытты... Жатақтың мынау қазір жалаңаш қалған, баспанасыз қалған үйлерінің бәрін де бір-ак сәтте көтеріп көшіріп әкетіпти* (М.Әуезов).

Сонымен қатар, бойы көмекші есімімен және дейін, шейін, бері шылауларамын келген тіркестер де мерзімдік созылуды білдіруге икем: *Он шакты күннен бері Абай Семейде каталашқада отыр* (М.Әуезов). *Менің творчестволық жолым бірталайдан бері окоп, айқастар арқылы өтті гой* (F.Мусірепов). – *Өмір бойы болса қайтеді, – дейді Қайырке. – Сиыр бағып откен кісі бізден кем емес. Сиырлар түске шейін жайылғаннан кейін, мерзімді уақытында көлдің жағасына жу-саттық* (С.Мұқанов).

Сан есімдер мен мезгіл зат есімдердің тіркесі, бері, дейін (*шей-ін*) шылауларамын және *бойы* көмекші есімімен келген тіркестердің мөлшерлік мәні мезгілмен ұштасып жататыны айқын. Бірсыныра окулықтарда бұндай синтаксистік топтарды мезгіл пысықтауыш деп талдауға да сол себеп болса керек. Бірақ бұлар айқын мерзім-уақытты білдірмей, солардың сандық мөлшерін ғана білдіре алады.

Мөлшер пысықтауыш қызметінде *бие сауым, сүт пісірім, көзді ашыт-жұмғанша, қас қакқанша, қас пен көздің арасында тәріздес мөлшерлік мәнде айтылатын тұрақты тіркестер де жұмсалады*.

2) Ис-қимылдың көлемдік таралу, жайылу дәрежесін білдіретін мөлшер пысықтауыш қызметінде сан есімдер мен мөлшер, көлем мәнді зат есімдердің тіркесі жұмсалады: *Машина алтыс километр журоді. Бала бір шақырым жүгірді*.

Көлем мәнді зат есімдер мен дейін (*шейін*) шылауларамының тіркесі де осындаидай мағына береді: *Шыңғыс сыртындағы Бақанас, Байқо-*

иқарға дейін көшіп барыстақ (Әуезов).

3) Мөлшер пысықтауштардың үшінші бір тобы, жоғарыда аталғандай, баяндауыштың мағынасын сан-мөлшер жағынан пысықтайды. Мұндай пысықтауштар істін қайталаңу дәрежесін білдіреді: *Сол арыз көрилес Жетісу мен Семейдің екі жаңадаралының да кеңестің көп аралаған екен. Найман өзінің малын бір қуса, қрестьян начальнигінің кегін және қуынты (М.Әуезов).*

Қымылдың мөлшерлік шегін білдіреді: 1960 жылы электр энергиясын жылына үш триллионга дейін өндіруге болады (Газеттен).

Іс-кимылға обьектілердің катысу дәрежесін білдіреді: *Бағанагы Абаймен келген жатактар да тегіс осында жур. Бұл шырайдың артынан мынау үйде көп отырмай. Байқөкше, Шәке. Баймаганбеттер біртіндей сүсып. Абайды ізден шығып кетті (М.Әуезов).*

Іс-кимылдың сапалық мөлшерін білдіреді: *Әйеліммен кездесудің бір түрі онаша үнамайды да, ішімнен «отставить» деп, басқа бір түрін ойлат қараймын (F.Мусірепов).*

Сондай-ақ, шана-шана, қора-кора, уыс-уыс, тай-тай тәрізді мөлшер мәнді қос сөздер көмекші стістіктермен бір тіркесте келіп сөйлем құрамында мөлшер пысықтауыш болады: *Су сіңіп борсыған балишықты... далага шана-шана қылып төктірді (F.Мусірепов).*

Қорытынды

Сонымен, сөйлемнің катынас құралы болу қызметінде тұrlаусыз мүшелердің тұrlаулы мүшелерді жайылмаландыру арқылы ойды кеңейтіп, дәлдеп, нақтылап берудегі орны айрықша екені, тіпті, кей жағдайда олардың бұл қызметі тұrlаулы мүшелерден кем түспейтіні біршама талдауға түсті. Жоғарыда солардың әрқайсысының грамматикалық сипаты мен жасалу жолдарына біршама түсініктер берілді деуге болады. Алайда, ауызекі сейлесу барысында сейлеушінің хабарды ықшамдал айту немесе стильдік жағынан түрлендеріп айту, оған эмоционалдық бояу қосу тәрізді субъективтік еркіне сай пайда болатын тұrlаусыз мүшелердің басқаша құрылымдағы кейбір стильдік баламалары қалыптасады. Р.Әмірдің айтуынша, мұндай құрылымдар тұrlаусыз мүшелердің бәріне де қатысты.

Мысалы: *Осы келгеннің өзінде де Тымақбайдың атын сұрап жегіп келип отырмыз, – деді қозін жаутаңдатып (Б.Майлін). Орта мектепті бітірген соң бұлар бүкіл класс болып колхозда қалды (С.Мұратбеков).* Алғашқы сөйлемдегі «келгеннің өзінде» күрделі мезгіл пысықтауышын «келгендे» деген дара пысықтауышпен алмастыруға әбден болады және сол мезгіл пысықтауыштың мағынасын сақтап қалады. Бұл жерде автор кейіпкердің психологиялық құйзелісін көрсе-

ту мақсатында негізгі сөзге «өзі» сөзін қосып хабарды қоюландырып беруді көздейді. Расында да, кейіпкер сөзінде пысықтауыштың дара сөзбен берілген күйінен гөрі күрделі күйінде берілуі хабардың экспрессивтік мәнін аша түскені анғарылады.

Келесі сөйлемде де сын-кимыл пысықтауыштың «бүкіл класпен» деген түрінің орнына «бүкіл класс болып» деген күйде берілуі хабардың мәнін аша түсіп тұр. Фалым пысықтауышка тән осындаи синонимдік құрылымның сегіз түрлі жасалу жолын көрсетесе, толықтауыштың – үш, анықтауыштың – 2 түрлі жасалу жолын көрсетеді [14: 149-157].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазіргі казақ тілі. –Алматы, 1954.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қыскаша курсы. – Алматы, 1994.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
5. Казембек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – ПБ., 1846.
6. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – ПБ., 1997.
7. Балакаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1997.
8. Русская грамматика (глав. ред. Н.Ю.Шведова). ч. II, – Москва, 1982.
9. Лингвистический энциклопедический словарь (глав. ред. В.Ярцева). – Москва, 1990.
10. Закиев М.З. Татарская грамматика. Синтаксис. – Казань, 1995.
11. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.
12. Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962.
13. Серебренников Б.А. О некоторых проблемах исторической морфологии тюркских языков. // Сб. «Структура и история тюркских языков». – Москва, 1970.
14. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1983.

Қ. ЖАЛАЙЫРИ: ЖАМИ-АТ ТАУАРИХ
(Жай сөйлем синтаксисі)

Мазмұны:

1. XV-XVII ғ.ғ.-га тән жазбалар және Қ.Жалайыридің «Жами-ат тауарих» шыгармасы.
2. «Жами-ат тауарих»-тың бізге жетуі туралы
3. «Тауарих»-тағы жай сойлем түрлері
4. Сойлем мүшелері
 - 4.1 Тұраулы мүшелер
 - 4.2 Тұраусыз мүшелер
5. Бірыңгай мүшелер
6. Айқындауыш мүшелер
7. Сойлем мүшелерінің орын тәртібі

Пайдаланылған әдебиеттер

Алғысөз

Жоғары оқу орындарында «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» атты пәннің оқытылғанына біраз уақыт болды. Бұл пәннен оқу құралдарының аздығы үнемі байқалып келеді. Мысалы, қазіргі уақытқа дейінгі оқулық ретінде қолданылып келе жатқан ең жаңа деп есептелетін еңбек – профессор М.Томановтың осы аттас оқулығы (1981, 1988, 2002 ж.ж.) мен доцент Е.Ағмановтың «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі» (1986 ж.) аталатын еңбегі. Бұларға қосымша ретінде Қ.Жұбанов, С.Аманжолов F.Мұсабаев, Т.Кордабаев, F.Айдаров, Б.Сағындықұлы терізді санаулы ғалымдардың көне түркі, орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуге арналған ғылыми еңбектері пайдаланылады. Бұл кітаптардың баспадан шыққанына көп уақыт болғандыктан, қазір ескіріп жарамсызданған немесе кітапханаларда өте аз мөлшерде қалған. Ал жаңадан жазылып жатқаны жоқтың қасында. Әсіресе, синтаксис тарихына катысты тіпті жоқ. Бұны, біріншіден, тіл тарихында синтаксистік өзгерістердің баяу жүретіндігі, соған байланысты ұзақ уақытты қамтитындығымен, екіншіден тарихи синтаксис мәселесімен айналысадын ғалымдардың қазіргі таңда өте аз екендігімен түсіндіруге болады.

Ұсынылып отырған шағын еңбектің авторы боп отырған біз де бұл мәселемен тікелей айналысқан емеспіз. Алайда, жоғары оқу орнында ара-тұра осы пәннен сабак беру кезінде пайда болған ізденісіміздің бір парасын оқыту кезінде септігі тиер деген ниетпен, қосымша оқу құралы етіп беруді жөн көрдік.

Оқу құралы Қ.Жалайыридың «Жами-ат тауарих» шығармасы тұра-лы бұрын жазылған еңбектермен салыстырылып, ол еңбектерде терең талдауға түспеген жай сөйлем синтаксисін сипаттауға арнالды.

Автор.

1. XV–XVII ғ.ғ.-ға тән жазбалар және Қ.Жалайыридиң «Жами-ат тауарих» шығармасы

Қандай тіл болмасын, сол тілдің иесі болып есептелестін халықты басқа халық түрінен ерекшелендіретін ұлттық белгі ретіндегі басты категория болып табылады. Өйткені ол – өзін қолданатын халықпен бірге жасап, өсіп-өрбіп, дамып отыратын құбылыс. Қазақ тілі де тарихи тұрғыдан XY ғасырдан бастап мемлекеттікке ие болды деп есептелестін «Қазақ» аталағының тілі болып табылады. Және ол өзінен әлдеқайда бұрын пайда болған түркі тайпалар бірлестігінің тілі ішінде біртіндеп қалыптаса отырып, бір жағынан осы тілде сөйлейтін біртектес туыстас тайпалардың бірігіп, қазақ халқының қалыптасуына себепші болса, екінші жағынан, өзі де сол халықпен бірге өсіп, басқа туыстас халықтар тілдерінен ерекшеленіп, бөлініп шықты.

Қазір, сінді бірнеше ғасырлық бодандық бұғауын бұзып өзіне-өзі келіп кемелденген, егемендік арқасында басқа да елдермен терезесі тенліген тұста еткенге көз жүгіртіп, халқымыздың тарихымен бірге тілінің де даму тарихын бұрынғыдан да гәрі теренірек ері жүйелірек зерттейтін мезгіл жеткен тәрізді. Әрине, Кеңес дәүірі тұсында қазақ тілі тарихы зерттелмеді деп ауызды қу шөппен сұртуге болмайды. Өйткені қазақ тілін тарихи тұрғыдан зерттеуге дәл сол кезеңде біршама көніл бөлінді. Әсіресе, бұл тұрғыда қазақтың өз ішінен шықкан Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, F.Мұсабаев, Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев, Р.Сыздық, F.Айдаров, Ә.Қайдар, М.Томанов т.б. тілші-ғалымдар қазақ тілі тарихын әр түрлі қырынан белгілі дәрежеде зерттеп, қазақ тіл ғылыминың дамуына өз үлестерін қости. Бұл ғалымдар зерттеудерінің негізінә сонау көне түркілік дәүірде тасқа жазылған ескерткіштерден бастап қазақ тілі дамуының түрлі кезеңдеріне қатысты жазбаша, ауызша тілдік материалдардың барлық түрін арқау етті. Зерттеу еңбектерінің басым көпшілігі ол материалдардың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударды да, ал синтаксис саласы тарихи тұрғыда терең зерттеле қойған жоқ. Бұл бағытта ауыз толтырып айтартылған екі еңбекті ғана айтуға болады, олардың бірі – профессор Т.Қордабаевтың «Тарихи синтаксис мәселелері» (1964 ж.) кітабы болса, екіншісі – Е.Ағмановтың «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі» (1991 ж.) аталағының зерттеу еңбегі.

Т.Қордабаев сибіргінің өзіндік ерекшелігі сол – ол жазылуы қазақ халқының өз алдына мемлекет болып қалыптасуының алғашқы кезеңіне (XV–XVII ғ.ғ.) сай келетін, қазақ тілінде жазылған алғашқы шығарма ретінде танылып жүрген Қ.Жалайыридиң «Жами-ат тауарих» шығармасы, басқа да қазақ тіліне жақын туыс тілдерде жазылған

(Әблігазы ханның «Шежіре-и түрк») шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілерінің синтаксистік құрылышына арналады. Осы тұрғыдан енбектің құндылығында дау жоқ. Алайда, профессор Р.Сыздық кезінде атап көрсеткендей, «енбекте синтаксистік ерекшеліктер сипаттама түрінде берілген. Автордың өз тарарапынан жасалған бірде-бір накты тұжырымы не ой қорытындысы байқалмайды. Тіпті, өте-мөте терең де байыпты талдаулардың өзіне қорытынды жасалмаған.» [1; 110] Сонымен бірге, Т.Кордабаевтың Қ.Жалайыридин шығармасын М.Дулатидің енбегімен бір деңгейге қойып (соңғысы парсы тілінде жазылған), оларды түркі тілдеріне ортақ мұра деп қарауының өзін сол шығармалардың тілдік ерекшеліктерінің толық та, терең зерттеуге алынбағандығынан деп қаруа орынды.

Е.Ағманов өзінің жоғарыда аталған зерттеу енбегінде қазақ тілі синтаксисін тарихи-салыстырмалы негізде қарауда кебіне көне түркі жазбаларының деректеріне сүйенеді. Бұл материалдардың тек қазақ тіліне ғана емес, жалпы түркі текстес халықтарға ортақ екені белгілі. Соңдықтан ол қазақ халқы қалыптасуына дайындық кезеңіне тән тілдік ерекшеліктерді айқындайды. Қалай болғанда да, қазақ тілі синтаксисінің тарихи тұрғыдан зерттелуінде бұл екі енбектің де өзіндік үлесі бар екендігінде дау жоқ.

Қазақ тілі синтаксисін халқымыздың «Қазақ» деген атпен мемлекет болып қалыптасу және даму кезеңдеріне сай жазба материалдар негізінде зерттеудің мәні айрықша. Өйткені бұл кездегі материалдар көне дәуір материалдарына қарағанда қазақ тілінің ерекшеліктерін нактырақ көрсетеді. Қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерін былайша бөліп қарауға болар еді деп есептейміз.

1-кезең: Қазақ халқының мемлекет ретінде жеке өмір сүре бастаған кезінے дейінгі немесе жалпы түркілік дәуірдегі тілдік құрылыш (сртс дәуірден XY ғасырға дейінгі кез); 2-кезең: қазақтың дербес хандық құрып өмір сүруінің алғашқы дәуіріндегі тілдік құрылыш (XV-XVII ғ.ғ.); 3-кезең: орыс патшалығына бодан болу дәуіріндегі тілдік құрылыш (XVIII-XX ғасырдың басы); 4-кезең: Кеңес үкіметі дәуірінде-гі тілдік құрылыш (XX ғасырдың 90-жылдарына дейін); 5-кезең: жаңа дәуірдегі тілдік құрылыш (XX ғасырдың 90-жылдарынан бері қарай).

Қай халықтың болмасын, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуы оның тіліне де белгілі дәрежеде әсер етіп жататынын ескерсек, біздің халқымыздың да өз алдына мемлекет болып қалыптаса бастау дәуірінің ерекшеліктеріне соқпай кетуге болмайды. Сонымен бірге, ол кезеңге сай тілдің тарихын, оның грамматикалық құрылышының даму жолдарын зерттеп үйрену үшін сол тілдің өткен дәуірдегі қүйін білдіретін тілдік фактілері сақталған материалдары болу керек. Әсіресе, аталған кезеңге сай жазба материалдарының тіл тарихын зерттеу, ол

жөнінде нақты, дәл тұжырым айту мүмкін бола бермейді. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілі тарихының басын сонау Хүн дәуірінен бастаушылар да бар. Әрине, ол дәуірдегі тілдік құрылышты зерттеудің қазіргі түркі тұыстас халықтардың бір шаңырақ астындағы жалпы түркілік сипатын, олардың біртіндеп жеке мемлекет ретінде бөлініп шығу себептерін және сол тұстағы тілдік ерекшеліктердің сипатын айқындау үшін аса қажет. Осы ыңғайда қазақ халқының да тарихы жалпы түркілік дәуірмен тығыз байланысты. Соңдықтан ол кезеңнің тілдік ерекшеліктерін зерттеудің қажеттілігі, өзіндік мәні осы тұрғыдан айқын.

Т.Қордабаев бұрынғы түркітанушылардың ізімен қазақ тілі тарихын зерттеудің алғашқы кезеңнің өзін үшке бөліп қараша керек деп есептейді. Ғалым мұнда осы кезге дейінгі сақталған жалпы түркілік жазба материалдарды негізге алып: «Батыс түрік, Қарлұқ қағандықтары дәуірі – қазақ тілі тарихын зерттеудің бірінші дәуірі, X-XIII ғасырлар арасы (Оғызы-қыпшақ бірлестігі дәуірі – Ж.С.) – қазақ тілі тарихын зерттеудің екінші кезеңі. XIII-XIV ғасыр, яғни монғол империясы дәуірі – қазақ тілі тарихын зерттеудің үшінші кезеңі болмақ», – деп көрсетеді. [2; 10-12]

Біздінше, бұлардың берін қосып «жалпы түркілік дәуір» деп бірақ атаған орынды тәрізді. Әрине, халық тарихын болсын, оның тілі тарихын болсын зерттеуде бұлай шек қойып, кезеңдерге бөлу шарттылыққа негізделетіні белгілі. Өйткені, ер кезеңнің арасында белгілі шекара, үзіліс болмайды. Жаңа кезең ескі кезеңнің негізінде, соның койнауында жасалып, қалыптасып, дамитындықтан, бұлардың арасында ұласпалы байланыс болады. Соңдықтан, бір кезең туралы әңгіме ету барысында оның алдындағы кезенге оралып соғып, сілтеме жасап отыруға мәжбүр боламыз.

Біз әнгімелеп отырған кезең қазақ халқының мемлекет ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңі болып саналады. XY ғасырдың орта тұсында (1456 ж.) қазақтар Еділ мен Жайық өзендерінің арасын мекен еткен Өзбек хан билеп тұрған Ноғай ордасынан бөлініп, жеке хандықтар құра бастайды. Олар алғашында Шу, Сарысу, Сырдария, Қаратая өнірлерін, Ташкент және Түркістан маңын мекен еткен. Бұл халықтың негізін бұрынғы кезде Түркі қағанатына белгілі рулар – қаңды, қыпшақ, үйсін, дулат, албан, конырат, жалайырлар құрса, кейінірек оларға батыс, арқа бойындағы Еділ-Жайық, Есіл, Тобыл, Ертіс бойындағы найман, керей, уақ, шекті, жагалбайлы, тама, табын, аргын т.б. рулар да қосылады. Сөйтіп, осы рулар көшіп-қонып жүрестін аймақ біртұтас қазақ жерін, қазақ мемлекетін құрайды. Ал XVI ғасырда бұл мемлекет бір ханға біріккен біртұтас мемлекет ретінде танылады. Әрине, бұл феодалдық, тек мал шаруашылығымен айналысқан, көшпелілікке негізделген мемлекет еді. Оның мәдениеті, әдебиеті, негізінен ауызша

дамығаны белгілі. Әйтсе де, мемлекет ретінде өзін-өзі сақтап қалуы үшін сол кездегі ел билеген хандар мен билердің өздері сауатты болуы керек еді немесе хан сарайларына өз кезінің білімді, сауатты адамдарын жинауы қажет болатын. Сауаттылық ол кезде жалпы халықтық сипат алмағанымен, хан сарайларында дипломатиялық қарым-қатынас қағаздарын, хандық шежірелер жазып отыратын арнайы адамдар ұсталатын. Өте сирек болса да, шығыс елдерінен өз бетінше білім алып келген халықтық шежіре жазушылар, көшірмешілер де болған. Дегенмен, халкымыз дамуының осы тұсындағы жазба материалдардан бізге жеткені ете-мете аз, саусакпен санараптықтай ғана. «Софы Алдияр», «Бадуам», «Бакыргани» тәрізді халық аңыздарына құрылған шығармалармен бірге Әбліғазы Баһадүр ханының «Түрік шежіресі», Қадыргали Қосымұлының «Жами-ат тауарих» атты еңбектері, тағы да басқа бірсыпты шежірелік мәні бар шығармалар сол дәуірге қатысты жазба материалдар ретінде аталады. Бұларға осы тұстағы қазақ хандарының орыс патшалығымен жазысқан хаттарын, басқа да мемлекеттік мәні бар жазбаларды қосуға болады.

Егер тілді тарихи тұрғыда зерттеуде жазба ескерткіштердің маңызы аса зор екенін еске алсақ, жоғарыда аталған азын-аулак шығармалар мен жазба деректер бойынша тілдің сол кезеңге сай алуан-түрлі синтаксистік белгілерін толық анықтау мүмкін бола бермейтіні өзінен-өзі айқын көрінеді. Онда XV-XVII ғасырларда өмір сүріп, аттары, шығармалары халық көкейінде жатталған Асан Қайғы, Қазтуған, До спамбет, Шалкез, Жиembet, Марғасқа, Актамберді тәрізді жырауладың туындыларын да, қала берді, кейір фольклорлық шығармаларды да ескергеннің артықтығы болмайды. Бірақ бұл шығармалардың алғашқыда ауызша тарапып, кейінрек қана хатқа тұсуі жолында олардың бастапқы синтаксистік құрылыштары елеулі өзгерістерге ұшырап, үнемі уақыт тезіне сай бейімделіп отырғанын ескермеске тағы болмайды. Олардан ең көне деген, сол дәуірдің белгісі деп есептелетін ерекшеліктердің ажыратып алудың өзі онай емес. Міне, осының бәрін ескере отырып, ескі мен жаңаны салыстыру барысында ғана сол кезеңнің өзіне тән синтаксистік белгілерін біршама айқындауға болады.

Эрине, синтаксистік ерекшелік – тілдің басқа белгілеріне қарағанда ете баюу өзгеретін құбылыс. Осынысына қарай да ғалымдар бұл құбылысты арнайы зерттеу объектісі етуге құлықты бола бермейді. Оның үстіне, жоғарыда аталғандай өзіндік қыыншылықтары да баршылық. Фактілерді нақты, дәл саралай білмесе, тұра жолдан тайып кету де қыын емес. Қазақ тілі синтаксисінің тарихына байланысты зерттеулердің аз болуы да, бір жағынан, осыларға байланысты болса керек. Зерттеу нысаны болып отырған дәуірдің бірден-бір жазба дерегі болып табылатын «Жами-ат тауарих», «Шежіре-и түрк» тәрізді

шығармалар мен бірсыптыра ауыз әдебиеті материалдарының синтаксистік ерекшеліктерін сипаттауға алғаш қалам тартқан Т.Қордабаев екені жоғарыда аталған болатын. Қадыргали Жалайыридің аталған енбекін Р.Сыздық та зерттеп, мәтінін транскрипциялаған. Фалым бұл енбектің қазақ тілін тарихи тұрғыда зерттеуде маңызды екенін атайдырып, ондағы фонетика-лексикалық, кейбір стильдік ерекшеліктері жайында сөз еткені болмаса, оның синтаксистік құрылышын арнайы талдамайды.

Бұл енбекті диссертациялық ғылыми зерттеуге негіз еткен татар зерттеушісі З.А.Хисамиева да оның лексика-морфологиялық сипаттырын ғана тілге тиек етеді.

Қазақ әдеби тілінің тарихына арналған бірсыптыра енбектерде де (Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы, 1993; С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы, 1989) бұл дәүір шығармаларының синтаксистік ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалмайды.

Сонымен, қазақ тіл білімінде XV-XVII ғасырлардан сақталған жазба, ауызекі материалдарды жекелей қайта қарап, сол кездегі қолданылған сөйлем түрлерін, ол сөйлемдердің жасалу, өсу-өрбу жолдарын кейінгі тілдік ерекшеліктерін салыстыра орып, қазіргі тіл ғылыми талабы деңгейінде бағамдап, белгілі бір тұжырымға келу аса қажет екені анық. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында бұл шағын енбекте Р.Сыздықова транскрипциялаған мәтін мен Т.Қордабаевтың енбекі негізге алынды.

2. «Жами-ат тауарихтың» бізге жетуі туралы.

Қадыргали Қосымұлының бұл шығармасы алғаш рет ғылыми ортаға орыс түркітанушысы И.Н.Березиннің 1854 жылы шығарған «Библиотека восточных историков» деген енбекі арқылы таныс болғаны белгілі. Осы басылымға жазған ескертпесінде И.Н.Березин бұл қолжазбаны өзі қызмет атқарып жүрген Қазан университетіне Хальфин деген кісінің әкеліп тапсырығанын айтады. Бұл енбек ғалымның қолына тиғенге дейін ғылымға белгісіз болғанын және оның аты жазылған мұқабасы мен алғашқы және соңғы бірнеше беттері жоқ болғанын ескертеді. Кітапты оқып көргеннен кейін, оның бұған дейінгі ғылымға белгілі Рашид-әд Диннің «Жами-ат Тауарих» атты енбекінің ықшамдалған көшірмесі деген тоқтамға келіп, ол Рашид-әд Диннің кітапының атын осы енбекке қояды.

Шығарманың авторы Қадыргали Қосымұлы тарихта белгілі адам болған. Ол – Жалайыр руынан шыққан, XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, сол кездегі Қасым қаласының (қазіргі Татарстан жері) ханы болған Ораз-Мұхамедтің

әрі тәрбиешісі, әрі би болған тарихта белгілі Тәусекел ханның жисені. Оның атына «Жалайыри» деген ныспыны кейін ғалымдар қоссан.

Сол тұстағы және одан бұрынғы хандардың тәжірибесінде хандар тарихын көрсететін шежіре жазу дәстүрі болған. Бұл еңбек те сол дәстүрдің жалғасы іспеттес. Енбектің негізгі бөлігінде Шыңғыс ханнның ата-бабалары, өзі, оның үрпактарының өмірлері, олардың жаугершілік әрекеттері баяндалып, шығарма Ораз-Мұхемедтің Қасым қаласына хан болуымен аяқталады. Ал шығарманың бастапқы беттері сол тұстағы орыс патшасы Борис Годуновтың (шығармада Барыс хан – автор) байлығын, әскери күшін, әділдік, адамгершілік қасиеттерін дәріптейтін арнау хат тәрізді. Шамасы, автор орыс патшасымен достық қарым-қатынаста болу үшін, оны барынша мақтай отырып, өздерінің де хан тұқымынан шыққанын, сондықтан бұлармен сана-сып отыруы кажеттігін білдіруді мақсат еткен болуға тиіс.

И.Н.Березин шежірениң басқы тарауындағы орыс патшасы Б.Годуновқа арналған бөлімі мен Қырым жайын баяндайтын бөлімін Қадыргалидың өзі жазған, ал одан басқалары Рашид-әд Диннің «Жами-ат Тауарих» атты шығармасының көшірмесі деп есептейді.

Бұл шығармамен И.Н.Березиннен кейін қазақтың ұлы ғалымы Ш.Үәлиханов танысады. Ол «Тауарихтың» ғылым үшін аса маңызы бар шығарма екеніне баса назар аудара отырып, тілі жағынан сол тұстағы қазақ тіліне өте жақын шағатай тілінде жазылған деген токтамға келеді. [3; 122-123] Бұдан соң орыстың түркітанушы ғалымы В.В.Вельяминов бұл шығарманың құнды жактарын өзінің «Исследование о Касимовских царях и царевичах» деген еңбегінде атап көрсетеді. Одан кейін, 1922 жылы татар ғалымы Р.Рахим Қазан қаласындағы Орталық шығыс кітапханасына молда Г.Галеев-Борудий тапсырыған мұралар ішінен Жалайыри шығармасының екінші колжазбасын табады. Шамасы, қолжазбаның бастапқысы да, негізгі де осы болса керек. Өйткені, мұнда автордың аты мен шығармасының жазылған жылы (1602 ж.) анық көрсетілген.

Қазақ халқы, әсіресе қазіргі оқырман, «Тауарихпен» академик Ә. Марғұлан арқылы таныс болды. Ғалым Ш.Үәлиханов енбектерін бастырып шығаруға байланысты жазған «Очерк о Чокане Валиханове» атты еңбегінде Шоқанның аталған енбекті жоғары бағалағанын және оны алғаш рет орыс тіліне аударушы екенін көрсетti.

1960 жылдардан бергі кездерде бұл шығарма жөнінде К.Жунісбаев бірнеше хабарламалар жазды. Ол «Жами-ат Тауарих» XVI ғасырдағы қазақтың жазба әдеби тілі негізінде жазылған деген пікір айтып, ол кездегі мемлекеттік құжагтардың да, ауызекі шығармалардың да тілі осы шығарманың тіліне ұқсас болып келетінін ескертеді. [4; 209-210]

Сонымен, Қадыргали Қосымұлының бұл сөбегі, ғалымдардың айтуынша, қазақ тілін тарихи тұрғыда зерттеу жұмыстарына практикалық материал бола алғатын шығарма болып есептеліп отыр. Шығарманың тілдік құрылышы, әсіресе синтаксистік ерекшеліктері, әлі де теренірек, жан-жакты зерттей түсуді қажет етеді.

3. «Тауарихтағы» жай сөйлем түрлері

«Тауарихтың» синтаксистік құрылышындағы басты ерекшелік – онда жай сөйлемдердің басым болуы. Соның ішінде, әсіресе, бастауыш-баяндауыштық қатынасқа құрылған екі негізді (екі бас мүшелі) жай сөйлемдер шығарманың өн бойына арқау болған десек, қателеспейміз. Эрине, бір негізді және екі негізді жай сөйлемдерден күралған құрмалас сөйлемдердің де кездесстін орындары бар. Олардың өздері де салаласып және сабактасып келгенімен, салалас түрі сабактастан басым, бірақ қазіргі колданыстағыдай қүрделі де оралымды емес. Ал екі негізді жай сөйлемдер олардан әлдеқайда көп және олар көбінесе ықшам, жинақы, эллипсистенген түрде келіп отырады. Мысалы:

...Тамам ләшкәрлері білән екісі урушиқалы атланды. Ол йерні Утку Багул теб айтурлар... Аңлардун жасасу хабар берді. Бұлар һам ләшкәр тартты. Чиңгиз хан андын қашты. (173) т.б.

Жай сөйлемдердің дені осындай құрылымда келеді. Ең күрделі деңген сөйлемдердің өзі мына тәмендеңідей іспетте құрылған:

...Ор ханның қызын бір неча кәнізәклар бірлә дарыа қырығында та- машага чықыб ńұрұрларін көрді. (150) т.б.

Құрмалас сөйлемдер мынадай құрылымда келген:

...Ол Чиңгиз хан(га) душманлық қылды. Тайжутқа бірікті, андын Оң ханга барды, андын Дурбанге барды. (162) ...Аның соңғудан Оң хан білән оғлы Сәнгән бір болуб, ләшкәр тартыбы накан Ҙиңгиз ханның үстіне барғайлар. (173) т.б. (Сөйлемдердің соңынан жақшаша ішінде келтіріліген сандар проф. Р.Сыздық транскрипциялаған мәтіндегі сөйлемдердің реті екендігін ескертеміз – автор.)

Шығармада жай сөйлемнің қазіргі қазақ тіліндегі түрлерінің бәрі болмағанымен, басым көпшілігі кездеседі. Олардың өздері де шығарма ішіндегі мағыналық қатысы жағынан әр түрлі деңгейде. Мәселен, айтылу мақсаты жағынан алғанда, басынан аяғына дейін хабарлы сөйлеммен берілген десе де болады. Ал сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер өте аз, бірен-саранған. Бұлай болуының өзі шығарманың жазылу ерекшелігі мен жанрлық сипаттына байланысты болса керек. Өйткені шығарманың басынан аяғына дейін автордың мақсаты өзіне дейінгі тарихи деректерді оқырманға баяндал жеткізу болған. Мұнда автор тек болған оқигаларды сол күйінде баяндаушыған. Онда көр-

кем әдебистек тән басқа белгілер (көркемдегіш құралдар, модальдық сөздер т.б.) жоқтың қасы. Сондыктан, баяндау мақсатындағы хабарлы сөйлемдер шығарманың өн бойына арқау болған да, сөйлемнің басқа түрлери азын-аулак қажетті жерінде ғана қолданылған. Бұл жөнінде Т.Қордабаевтың: «...Талданып отырған енбек – жеке бір автордың баяндауы түрінде жазылған шығарма. Мұнда өзара сөйлесетін, бірдемелерді бірінен-бірі сұрайтын, я біріне-бірі бірдемелерді бұйыратын персонаждар жоқ. Бірді-екіл болса да кездесіп қалатын сұраулы я лепті сөйлемдер болса, олардың өздері де белгілі бір тарихи адамның сөзі ретінде келген төл сөздерде ғана кездесіп қалады. Ал ондай төл сөздердің өздері де өте санамалы... Бұл жағдай талданып отырған шығарма жазылған дәүірде сұраулы, лепті сөйлемдер пәлендей амал-тәсілдер арқылы жасалыпты деген тәрізді жинақы пікір айтуды қыннадатады», – деген пікіріне косылmasқа болмайды. [2; 72-73]

Шынында да, қай шығармада болмасын белгілі бір тілдік дерек өте аз болса, ол деректердің табигаты мен ерекшеліктері туралы белгілі бір тұжырым жасау, қорытындыға келу өте қыын, тіпті мүмкін де емес. Алайда, осы шығармада кездесетін азын-аулак сұраулы сөйлемдердің қазіргі тіліміздегі сұраулы сөйлемдерден, жасалуы жағынан болсын, мағыналық-интонациялық жағынан болсын айырмашылығы жоқ екенін байқауға әбден болады. Мысалы:

...Оғуз аңлар арасында йашурун барыб, ол қызга айды: – Мени білүрмісің? (150) ...Мұнлуқ қатун айды: – Мениң оғланлар(ның) ат чабыт ойнар йерлерін нечун чукур қазарсыз? – теб. (153)

Алғашқы сөйлемде сұраулық шылау (-ма, -ме) баяндауыш қызметіндегі етістік түбіріне бірігіп кетіп (жұрнаққа айналып), сұраулық мағына туғызып тұрса, екінші сөйлемде сұраулық мағына сұрау есімдігі (нечун – не үшін) арқылы беріліп тұр. Сұраулы сөйлемнің жасалуының бұл екі тәсілі де қазіргі тілімізде сақталған және біршама жиі де қолданылады.

Ал шығармадағы лепті және бұйрықты сөйлемдерді олардың мағыналық ерекшеліктеріне қарай ғана ақыратуға болады және бұн-дай сөйлемдер соншалықты көп те емес (Ескертү: Р.Сыздық мәтіннің тыныс белгілерін сөйлем мазмұнына, семантикасына қарай қойып отырған – Ж.С.). Мысалы:

Йыл ашаусун, ыуз йашасун аты ғақшы Барыс хан! (140) – мақтаяу, мадақтаяу; ...Аны, аны тірік етмен! (149) – аишу, ыза; ...Айдылар: – Мұның үгланларын һәм олтурмей тынmasмыз! – теділер (151) – ант. Бұлардың бәрі де лепті сөйлемдер. Себебі, мағыналық жағынан сөйлеушінің алуан түрлі сезім-күйі сөйлемнің әртүрлі интонациялық ынғайдағы тілдік бірліктер арқылы жасалуына себепші болған. Ал бұйрық мәнді сөйлемдер бұйрықтық интонациямен берілген:

...Менің сүңгейімні турған сандықны альб, өз уйлайатыңызға йуз буруңыз. Йолда һәр кішіні йолықса өлдүрүнүз, та хабар һәр тарафқа чықмасын! – теб бу уасиятны қылды. (180) ...һәр йерде аны айтганин еткіл. (197)

Алғашқы сөйлемнің баяндауышы (чықмасын) бүйрық райлы 3-жактық жіктік жалғауы (-сын) арқылы берілген. Бұл ерекшелік қазақ тілінде қазіргі кезде берік орныққан. Ал екінші сөйлемнің баяндауышы (еткіл) бүйрық райының 2-жактық тұлғасы (-кіл) арқылы берілген. Бұл жұрнақ қазіргі кезде қазақ тілінде диалектілік сипат алып, дыбыстық езгеріске (-ғын, -ғін, -қын, -қін) түсінен күйінде онтүстік өнірлерде аудызекі тілде қолданылады.

Шығармадағы жай сөйлемдер сөйлем мүшелерінің қатысына қарай толымды, толымсыз және жалаң, жайылма құрылымда да кездеседі. Мысалы:

1. ...Алан Күа неча уақытдын соң ерсіз тул ерді. 2. Бір уақытта үйтінде ғалғуз ерді. 3. Үйінің түңлігі ачылмыши, андын нұры пайда болды.
4. Аның құрсағы үстіндегі түшті. (157)

Осындағы 1, 3-сөйлемдер толымды, ал 2, 4-сөйлемдер толымсыз (бастауышы түсірілген). Жалаң және жайылма сөйлем түрлеріне мына төмөндегі сөйлемдерді жатқызуға болады:

...Қийат дегенлері бу туур. (148) – **жалаң**; Аналары Алан Күа туур. (155) – **жалаң**; ...Анларның саны ер уа қатун білән шұз мың ерділер. (160) – **жайылма**; ...Бу учісі үч қауым болдылар бу заманга дегендегі. (161) – **жайылма**; ...Андын бір мақбулрақ ғана оғынды түгеди. (155) – **жайылма**. т.б.

«Тауарихта» қазіргі қазақ тілінде «бір негізді» (бір бас мүшелі) атап жүрген сөйлем түрлерін (белгілі, белгісіз, жалпылама және жанама жақты) де кездестіруге болады.

Бір негізді белгілі жақты сөйлемдер, сырттай қараганда, бастауышы түсірілген толымсыз сөйлемдерге ұқсас болып келеді. Бір негізді сөйлемнің мұндаидың түрі ерте кезде сөйлем соңында келетін бастауыш қызметіндегі жіктеу есімдіктерінің баяндауышқа тартылып, жіктік жалғауына айналуынан пайда болған. Сөйтіп бастауыш мәні осы жіктік жалғаулары арқылы айқындалған. Ал кейінрек қымыл иесі ретінде бастауышты атап көрсету қажеттігі болған жағдайда ғана бұл қызметтегі есімдіктер сөйлем ішінде баяндауыштың алдыңғы жағына қойыла бастаған. Сөйтіп, жақтық мағынасы аранайы есімдік арқылы да немесе баяндауыш құрамындағы жіктік жалғаудың грамматикалық мағынасы ақылы да білдірілетін сөйлемдер пайда болған. Сондай-ақ, тарих бойында жіктеу есімдіктерінің атап септігі ғана емес басқа да септіктер арқылы (ілік, барыс) түрленіп басқа мүшеге айналуы негізінде жақтық мағынасы тек логикалық ынғайда ғана сақталған бір

негізді сөйлемдер дүниеге келген. Бұлар атап есімдіктерін бастауышты мүлдем қажет етпейді. Сонымен, қазіргі қолданыста жіктеу есімдіктерін бастауыш қызметінде қажет ететін сөйлемдер де, қажет етпейтін сөйлемдер де бар. Кейінгі кездерге дейін бастауышы жоқ сөйлемдер я екі негізді сөйлемнің толымсыз түрі (бастауышы түсірілген), я жақсылық сөйлемдер ретінде қаралып келді. Т.Қордабаевтың аталған еңбегінде осы ынғайда қарастырылған. Біз сөйлемнің бұл екі түрін де бір негізді (бір бас мүшелі) сөйлем деп есептеп, оларды іштей мағыналық жағынан жіктеп көрсеткен болатынбыз. [5] Мысалы, шығармадан мына екі сөйлемді де бір негізді сөйлемдер деп есептеуге болады: ...*Аның құлаптарын соң айғаймыз.* (191) – *Мені білурмісін?* (150) Себебі, 1-ден, алғашқы сөйлемнің бастауышы сөзben берілмеген, оның мағынасы баяндауыш күрамындағы жіктік жалғау арқылы айқындалады яғни предикативтік қатынас мазмұны осы бір тұлғаның бойында тұр; 2-ден, баяндауыш сырттай қараганда көптік жалғауда тұрғанымен, дәл көптік мағынаны смес, жекелік мағына орнына қолданылып тұр. Себебі, мұны айтып отырған автордың өзі. Автор өзінің әрекетін жалпылап (абстракциялап), көпке тән әрекет ретінде көрсетуді мақсат етеді. Ол үшін 1-жақтық жекеше тұлғаны көпше тұлғамен ауыстырады. Бұл өз ретінде авторға тән сыпайлықтың көрінісі болатын мән туғызады. Сол себепті бұл сөйлем бастауыштың сөзben берілуін қажет етпейді. Сондықтан оны «жалпылама жақты бір негізді сөйлем» деп атауға болады. Келесі 2-сөйлемдегі баяндауыш бұйрық райда берілген. Сөйлеуші тындаушыға сұрауды көзбе-көз сөйлесу жағдайында бірден бергендейстен, оны жақтық жағынан (сен) атап көрсетуді қажет етпейді. Егер атап көрсетер болса, оны көптеген тындауши ішінен даралап көрсету қажеттігін білдіретін семантика пайда болар еді. Шындығында, бұл жерде тындауши біреу ғана, сондықтан оны даралап көрсетудің мәні жоқ.

Ал мына бастауыш қызметіндегі есімдік (*мен*) баяндауыштан кейін келген сөйлемді жоғарыдағы сөйлемдермен салыстыра қарап, екі негізді сөйлем ретінде түсінуге болады.

...*Жаһан Шулхата ішінде дүнианың бурчын кездім мен.* (142) Мұның екі түрлі себебі бар деп ойлаймыз. 1-ден, бұл – көне дәуірден қалған ерекшелік. Етістік баяндауыш бойындағы жіктік жалғауының жіктеу есімдігінен пайда болғаны – тарихи жағынан дәлелденген құбылыс. Ал, 2-ден, одан соң есімдік бастауыштың баяндауыш позициясына қайта келуі, біздің ойымызша, сол бұрынғы дәстүрмен іс иесін дәлдеп көрсету, яғни актуализациялау мақсатында қалыптасқан. Және бұл құбылыс шығармада, әсіресе оның Барыс ханға арналған белгінде жиі қайталанды. Мұның өзі сол тұста бұл екі құбылыстың (жақтық мағынаның жіктік жалғауы арқылы берілуі мен жіктеу есімдігінен

болған бастауыштың) қатар келуі қазіргімен салыстырғанда жиірек болғанын көрсетеді. Соған қарағанда, жіктеу есімдігінен болған бастауыштың біртіндеп баяндауыштың алдынан орын ала бастауы кейінірек барып қалыптасса керек. Сондықтан осындаі сөйлемдерді екі негізді сөйлем қатарына жатқызу әбден орынды деп есептейміз.

Шығармада баяндауыш қызыметі бастауышқа ауысып, оның көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалған бір негізді сөйлемдер де кездеседі. Мысалы: ...*Шул атадан төрт ұғыл ерділер.* (149)

«Таурихта» қазіргі қазақ тілінде жиі кездесетін, алуан түрлі жасалу жолы бар «жаксыз» аталаған жүрген (біздіңше – «жанама жақты») сөйлемдер жоқтың қасында. Оның есесіне белгісіз жақты мағыналы сөйлемдер жиі кездеседі. Бірнеше мысал келтірейік:

...*Ошбу нұңдағ қаумны ауналдан беру, қадым алатымдын беру анларны түрк теб айтурлар.* (144) ...*Уа тақы огузның барча қаумын ол уақытда түркмен теб айттур ерділер.* (145) ...*Ол сабабдын Оғыз атадылар.* (149) ...*Бұу уч оғулнұның наслілі барчасын Нирун теб айтурлар.* (155)

Осы сөйлемдердің барлығының да баяндауыштары бірдей көптік жалғаумен келген де, ешқайсысы бастауышты қажет етіп тұрған жоқ. Яғни іс-әрекет исесінің (субъектінің) бар екені, оның әйтеуір адам екені сөйлем мазмұнынан белгілі болғанымен, нақты қай жақ екені белгісіз. Сондықтан мұндаі сөйлемдерді біз «белгісіз жақты сөйлемдер» деп атадық.

Т.Қордабаев бұл типтес сөйлемдер жөнінде атап көрсетпейді. Ол біз «бір негізді белгілі жақты» (бір құрамды) деп атайдын сөйлемдердің бәрін толымсыз сөйлемдер деп есептеумен бірге, атаулы сөйлемдер шығармада жоқ деген тоқтамға келеді. [2;70]

Қазіргі кезде түркі ғалымдарының көпшілігі «мүшеленбейтін сөйлем» деп есептейтін атаулы сөйлемдердің осы күнгі тілімізде қолданылатындаі түрлерінің шығармада жоқ екені рас. Бірақ, қайсыбір сөйлемдердің қазіргі атаулы сөйлемдерге ұқсап немесе соның мағынасын беріп тұратынын байқауға болады. Мына үзінділерге назар салайық:

...*Хикаят қаум Огуз йігірмі төрт уруг болды. Қаум үйгыр, уа қып-чак, уа қанқылы, уа карлық, уа калыч.* Бу халықтар пайда болды. (143) ...*Дастан Добун Байан, Алан күа.* Дастан Алан Куадан – уч оғул. (142) ...*Лу йылы алты шүз төртде уа ақи ражаб айында.* Чингиз хан бу йыллар жасалайыр Мұқалы гәйәні сол қолы білән үебірді. (177)

Бұл үзінділердегі асты сызылған сөйлемдер өзинен кейінгі сөйлемдермен мағыналық жағынан тығыз байланыста. Р.Сыздық енбегінде сөйлемдер осы ыңғайда берілсе, Т.Қордабаевта бұлар тұтас бір сөйлем ретінде берілген. Соңғы ғалымның бұл шығармада атаулы сөйлем жоқ деуінің мәнісі осында болса керек. Шындығында, шығарма сөйлемдерінің шегарасын дұрыс белгілеудің өзі ондағы сөйлемдердің

құрылымдық түрлерін дәл ажыратуға мүмкіндік береді. Соңдықтан да ғалым осында ала-құлалыктардың боларын алдын-ала біліп, мынадай ескерту жасайды: «...белгілі бір дәуірде шыққан бір шығарманы талдау арқылы тілдік пәлендей категория сол уақытта болмады деген қорытынды жасау үшкәрілген болады. Ол үшін сол дәуірде шыққан жазу нұскаларының бөрін, ен болмаса, көпшілігін қарап шығу керек. Осы тұрғыдан алғанда, пәлендей тілдік категория болмады дегендеге, бүкіл сол дәуірде болмады деген мағынада емес, талданып отырған енбекте болмағандығын айтамыз». [2; 70]

Р.Сыздық терең талдаған транскрипциялаған бұл еңбекті мұқият қарғанда, онда атаулы сөйлемдердің де бар екенін көруге әбден болады. Шығармадағы әр ру тармагының басы «Дастан» сөзінің тіркесуімен келген ең үлкен ру басының не атасының атымен басталады. Мәселен, екінші үзіндідегі асты сыйылған осындаі тіркестер казіргі атаулы сөйлемге өте жақын келеді. Ал үшінші және төртінші үзіндідегі асты сыйылған сөйлемдер – жыл және ай атаулары. Шынғыс ханның әрбір жорығы, тірліктері барлық әрекеттері осындаі сөйлемдермен басталып берілген. Кейде, ешбір қосымшасыз, кейде жатыс жалғауымен, кейде «болғай» сөзі тіркесіп беріледі. «Болғай» сөзінің тіркесуі сирек, соган қарағанда бұл кейінректе қосыла бастаған етістік атаулы сөйлемді грамматикалық баяндауышты сөйлем ету үшін қажет болған тәрізді. Яғни бұл – атаулы сөйлемдердің тарихи бұрын пайда болғандығын, ал бас мүшелі сөйлемнің кейін пайда болғандығын дәлелдейтін мысалдар. Нактырақ айтқанда, осы кезеңде атаулы сөйлемдердің бас мүшелі сөйлемдерге айналуының жалғасып жатқандығын осы сөйлем құрылыштарынан көруге болады.

Әрине, белгілі бір замандағы халық тілінің ерекшеліктерін жанжақты айқындауда жазба мұралардың мол болғаны аbzal. Бірақ қазақ халқының қалыптасу дәуірінен мұндаид мұралардың аз қалғанын ескерсек, «Тауарихтағы жай сөйлем түрлерінің өзи-ақ сол тұстағы халық тілінің сөйлемдік құрылымынан біршама хабар берумен бірге, сол ерекшеліктердің тілдің кейінгі дәуірлерде дамуына бастама болғанын, казіргі тілдік құрылымының сонын көп жылғы тарихи қалыптасуының жемісі екенін байқатса керек.

4. Сөйлем мүшелері

4.1 Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш. Екі негізді сөйлемдердің неғізгі қазығы болатын бастауыш мүше қазақ мемлекетінің қалыптасу дәуіріндегі тілдің ғана емес, жалпы тіл дамуы тарихының өн бойында, соның ішінде жалпы түркілік дәуір кезіндегі тілдің дамуы жолында да басты мүше болып қалып отырғаны белгілі.

XV-XVII ғасырлар кезіндегі қазақ тілінің ерекшеліктері одан бұрынғы түркі дәуіріндегі тілдік қалыптасулардың занда жалғасы десек, сол дәуірдегі жазба шығармаларда қазіргі колданыстағы жай сөйлемдердің барлық түрлері дерлік кейбір құрылымдық ерекшеліктермен кездесіп отыратынын байқаймыз. Сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктері, ең алдымен оның предикативтік сипаттынан көрінеді. Ал предикативтік құрылым, әдетте, грамматикалық бас мушелердің өзара қатынасына негізделеді деп есептеледі. Осы тұрғыдан келсек, сол тұстағы бастауыш мүшениң қазіргі кезде де айтартықтай өзгере қоймаганын, тек жасалу тәсілдері ынғайында ауқымын кеңейткенін көреміз. Мәселен, есім сез таптары сол кездің өзінде де бастауыш қызыметін атқаратын негізгі тұлғалар болған зат есімнің атау тұлғада жай және тәуелденген күйде келіп дара, күрделі бастауыш болуы жиі кездеседі және барлық жағдайда қазіргі бастауыштардан айырмасы да байқалмайды. Бірнеше мысалдар көлтірейік:

1. *Халайиқын адлік білән сурған хан.* (140)
2. *Қыши уа йаз, ай уа йыл хазинада бар малын хақ үолында ихсан қылған хан.* (140)
3. *Андағ кім жерлері Иран заминда 'араб-у мұлки болғай.* (144)
4. *Йыл ашаасун, йуз йашасын аты йақыны Барыс хан!* (140)
5. *Падшаһның падшаһлығы халқ бірлә турур.* (141)

Мысалдарда көрініп тұрғанындей, зат есімнің бастауыш болу қабілеті сол кездің өзінде активті болғаны көрінеді. Жоғарыда аталағы кеткіндей, шығармадағы сөйлемдер көбіне екі негізді болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, мысалдар ішіндегі 1,2,4-сөйлемдер бастауышы баяндауыштан кейін келген (сөйлем соңында) екі негізді жай сөйлемдер болып есептеледі. Ал қазіргідей сөйлем құрылымының жетіліп күрделенуі дәуірінде мұндай сөйлемдер бұрынғыша да колданылумен бірге, көбіне атаулы сөйлемдер ретінде де, күрделенген үйірлі мушелі оралымдар ретінде де колданылады. Сондай-ақ, қазіргі кезде осындағы сөйлемдер мәтін ішіндегі баяндауышы зат есімнен бастауышы жіктеу есімдігінен құрылған сөйлемнің бастауышсыз толымсыз түрі ретінде де колданылуы мүмкін ((Ол) – халқын әділдікпен басқарған хан).

1,2,4-сөйлемдердегі «хан, Барыс хан» сөздерін бастауыш деп қаралудың тарихи бірнеше себептері бар. Біріншіден, көне дәуірдегі сөйлем бастауыштарының қазіргідей (бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады деген тәрізді) белгілі орны болмаганы белгілі. Түркі дәуірі тұсындағы жазба ескерткіштерде жіктеу есімдіктерінен болған бастауыштардың сөйлем басындаған емес, сөйлем соңында да келуі есімдіктің ежелгі кезде сол орында жеке дара қолданылып, кейін жіктік жалғауына айналуынан қалған із болса керек. [6, 143] Бастауыштың орын жағынан тұрақсыздығының ізі қазірге дейін бар. Бірақ ондай ауыстырудың бел-

гіл бір семантикалық, стильдік мәні бар. Шамасы, ауыстырудың мұндаидай мәні сол тұста да болған сияқты, себебі шығармадағы осындай сөйлемдерден бұл ерекшелік айқын байқалып қалып отырады.

Алынған мысалдар ішінен 3, 5-сөйлемдер – кәдімгі бастауышы баяндауыштан бұрын келген сөйлемдер. Екеуі де зат есімнің тәуелденген түрі. Бұдан басқа зат есімдердің (деректі, дерексіз) тәуелденбеген дара күйінде бастауыш болып қолданылуы көп кездесетін болғандыктан және қазіргіден еш айырмасы болмағандықтан, бір-екі мысалмен шектелейік: ...Ад келді, зұлым котерілді. (142) ...Андын бір мақбулрақ йақышы оғул түгеды. ...Андын уч су ақар тағдын пайда болуб. (155)

Бастауыш болатын сөз таптарты ішінде жіктеу есімдіктерінің рөлі сол кездің өзінде басым болғаны байқалды. Мысалы:

1. Жаһан ішінде дүнианың бүрчын кездім мен. (142)
2. Біз аңа иңкар қылдымыз. (151)
3. Сізлер мамлакатлерінізге улусынызғе барыңыз... (195)
4. Ол Чинғиз хан(га) душманлық қылды. (162)
5. Нируг мұтлақтан анлар он алты уруг қауым болдылар. (143)

Казіргі казак тіліндегі жіктеу есімдіктерінің бастауыштық қызыметіндегі бір ерекшелік – 1,2-жактық жіктеу есімдіктері қажеттілікке байланысты болмаса (сөйлем семантикасына сай), айтыла бермейді. Әйткені баяндауыштың жіктік жалғау формасы бастауыштың жақтық мағынасын өз бойында сақтаған. Оның тарихи негізі түркологиялық зерттеулерде дәлелденген. [7]

Талдауға алынған еңбекте 1, 2-жактық мағынадағы сөйлемдер аз кездеседі, соның ішінде аталағын отырган ерекшелікін сол кездің өзінде-ақболғаның аңғаруға болады. «Мен» бастауышы сөйлемнің басынан гөрі сонында көбірек келеді. бұл да, шамасы, көнеден қалған белгі болса керек. Ал 2-жактық «сен»-нің яғни аныбылық мағынада қолданылатын жіктеу есімдігінің бастауыш болып келуі кездеспейді. Оның орнына «Сіз» есімдігі қолданылады. Эрине, бұл шығармадағы диалог, тәл сөздердің өте аз болуына байланысты болуы да мүмкін.

Ал 3-жактық бастауыш бұл еңбекте негізінен зат есімдер арқылы беріледі. Мәтін ынғайында кейде «Ол» есімдігінің қолданылатын орындары да кездеседі. Бірақ оның жіктеу есімдігінен гөрі сілтеуілік мағынада берілін, анықтауыштық қызыметте қолданылуы басымырақ. Кейде оның қай мағынада қолданылып тұрганын айыру да киынға согады. Мысалы: ...Уа ол қызы насахатын қабул қылмады деген сөйлемдегі «ол» бастауыш тәрізді болып тұрганымен, шындығында сөйлемнің анықтауышы қызыметтін атқарып тұр. Оны келесі жай сөйлемнің мағынасынан аңғаруға болады: Уа айды атаңа айттурмын теді. (150) Яғни осы сөйлем арқылы іс-эрекет иесі бөгде біреу емес, қызы екенін айқын аңғарамыз. Тағы бір ескеретін нәрсе – «ол» есімдігі тек атаяу

тұлғада ғана осы дыбыстық құрамда кездеседі. Ал септелген, тәуелденген, көптелген жағдайда *анлар, ана, аны* түрінде беріледі. Соган қарағанда, бұл дәуірде сілтеу мен жіктеу мағынасындағы «ол/ан» есімдіктерінің бұрынғы әр түрлі дыбысталуынан омонимдес сөздерге айналуы басталған тәрізді. Кейін жіктеу есімдігінің «ол» түрі бізде тұрактап қалған да, «ан» түрі басқа кей түркі тілдерінде (татар, қырғыз т.б.) сақталған. Қазір біздің тілімізде екі «ол» да бастауыш қызметінде қолданыла алады, бірақ екеуін айыру онай: жіктеу есімдігі етістік баяндауышпен, сілтеу есімдігі есім баяндауышпен қысады. Сондай-ақ, сілтеу есімдігі қабыса байланысқан сөз тіркесінің бағыныңқы сынары болады (*ол қыз...*).

Есімдіктердің басқа тұрларі ішінен жалпылау, белгісіздік есімдіктері бастауыш қызметінде қолданылған. Мысалы: ...*Бұ сөзіні ештігәни Огуздин ағридылар баршасы Огузны өлтүрмәккә атфан қылдылар.* (151) ...*Дарға суын һіңкім ерса іңіб түгәне алмас.* (141)

Сонымен, талданып отырған шығарманың жанрлық, құрылымдық ерекшелігі ме, әлде қазақ жазба әдебиетінің әлі де болса балаң кезіне тән ерекшелік пе, қалай да дара бастауыштардың жасалу жолдары мен әдіс-тәсілдерінің мол екені айқын.

«Тауарихта» бастауыштың құрделі тұрларі де кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі құрделі бастауыштардың басым көпшілігі жасалу тәсілдері жағынан сол кездегі құрделі бастауыштармен сәйкес келіп жатады. Солардың тұрларіне бір-бір мысалмен шолу жасап өтейік:

1. Өзара қабыса байланысқан қосалкы айқындауышты тіркестен жасалған: ...*Йесуге баһадур Чиңиз ханның өз атасы ерді.* (165)

2. Өзара матаса байланысқан изафеттік құрылыштағы сөздер тіркесінен жасалған: *Падшаһының падшалығы халқ бірлә турур, халкның даулаты падшаһ бірлә турур.* (141)

3. Қазіргі тілімізде бір атаулық мағынаға айналып кеткен түбір сөз берілдік жағдайда сөздің тіркесіп келген түрі (Арал теңізі, Қазақстан Республикасы т.б.) ол кезде тәуелдік жағдайынан және орны ауыстырып берілген (*Шахар Мәскәу, уаләйт Тибет т.б.*): ...*Хикаят қаум Огуз тігірмі төрт уруг болды.* (143)

4. Негізгі сөз берілдік жағдайда сөздің тіркесінен жасалған: ...*Кийат де-генлері бу турур.* (148)

5. Заттанған сапалық есімдердің тіркесінен жасалған: ...*Дүниа падшалары үлус лашқар башлаганлар анлар турур* (157). ...*Шаксауаның уч үгелі бар ерді.* *Бу үчісі уч қаум болды.* (161)

Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, шығармадағы құрделі бастауыштардың жасалу тәсілдері алуан түрлі және қебінесе қазіргі құрделі бастауыштарға сәйкес келіп отырады. Әрине, қазіргі құрделі бастауыштардың жасалуы аталған тұрлармен шектелмейді.

Кейінгі дәуірлерде күрделі бастауыштардың жасалу жолдары мен тәсілдерінің ауқымы әлдекайда қеңіген.

Тағы бір ескертे кететін нәрсе – бастауыш болатын сөздер дара түрінде де, курделі түрінде де тәуелденіп келуі жи кездеседі. Тәуелдік жалғауының парадигмасы ол кезде дыбыстық және буындық үндесулер болмағандықтан, қазіргідей жүйелі емес. Әйтте де, үш жакта да қазіргі тәуелдік жалғауарымен сәйкес келіп жатады.

Бастауыштар бірынғай да болып келеді. мұндауда кебінесе шылаулар, жалпылауыш сөздер тіркесіп келіп отырады. Мысалы: ...*Онда уа солда сұлтантар, беклер уа мырзалар ач арслан тек һәр бір баһадурлар жауапан қылур.* (141) ...*Уа һәм Қара хан, уа Ор хан, уа Қөр хан, уа Қоз хан – бұлар анда пайды болды.* (146) ...*Қара ханның ағасы, інісі, аға оғланлары барчасы* ызығылып *Огуз білән бір бірісі үеттіши ылға деген тоқуш қылдылар.* (152)

Сонымен, сөйлемнің негізіне алынатын бас мүшесі – бастауыш шығарма жазылған дәуірде де сөйлем құрауда басты рөл аткарган. Олардың жасалуында болсын, қолданылуында болсын, құрамында болсын қазіргі бастауыштармен астасып жататын сабактастық байқалады. Бірақ қазіргі бастауыштарға қарағанда ол кездегі бастауыштар қай жағынан болсын қарапайымдау, аясы тарлау болып келеді.

Баяндауыш. Тіл ғылымында сөйлемнің тарихи жасалуында бастауыштың қажеттілігі қандай болса, оның одан әрі дамып, қазіргідей курделі де сан қырлы дәрежеге жетуінде баяндауыш мүшесінің де рөлі сондай болатыны, тіпті одан да қажеттірек екені дәлелденген қагида.

Осы түрғыдан алғанда, XV-XVII ғасырлардағы сөйлемдерге тән бас мүшениң бірі баяндауыштың ерекшелігі оны бұдан бүрінші көне түркі жазбаларымен және кейінгі дәуірдегі, әсіресе осы кездегі жазба материалдармен салыстыра қарағанда айқын көрінеді.

Сырттай қарағанда, қарастырылып отырған дәуірдің жазба материалдарындағы сөйлем баяндауыштарының жасалуында қазіргі сөйлемдердің баяндауыштарының жасалуынан пәлендей айырмасы көрінбейтін тәрізді. Сонымен бірге, ол өзінен бүрінші жазба материалдарға да ұқсайды. Мәселен, сөйлемдегі баяндауыш қызметінде жұмсалатын етістік тұлғаларында баяндауыштың күрделеніп қолданылуы, сондай-ақ, сөйлем мүшелеңінің, соның ішінде баяндауыштың да орындарының тұрақсыздығы жағынан алғанда көне түркі жазбаларына ұқсастық, содан қалған ерекшеліктері бар екені көрінеді. Ал баяндауышты жасайтын сөз таптарының саны, қайсы бір баяндауыштың тұлғалардың қазіргі тұлғалармен сәйкес келіп жатуы, оның бастауышпен қысысып предикаттық қатынас жасаудағы ұқсастықтары сол кездегі сөйлемдердің өзінен бүрінші жалпы түркілік сипаттан белгілі бір халықтық (қазақтық) сипатта қарай даму ерекшелігіне ие болға-

нын көрсетсе керек. Міне, осындай ерекшеліктерді жиып көрсетуге әбден болады.

«Тауарихтан» қазіргі тіл білімінде баяндауышқа тән сипаттардың басым көшілігін, тіпті бәрін дерлік табуға болады. Ең алдымен баяндауыштың есім және етістіктен дара және күрделі болып жасалған түрлерін көреміз. Дара баяндауыштардың есімнен жасалған түрінен гөрі етістіктен жасалған түрі өте көп кездеседі. Мысалы: ...Екінчі оғлы Үгетай ханның - Күтән. (204) ...Бұларның ба'зы фарзандарының аты - Йесуту, уа бірінің аты - Даууру Буту. (160) ...Таб'a қаумның өзлери қадимдан беру анларның улуғлары ма'lум болды. Қисм аууал, ыа'ни аууал белек. (160) Осы сияқты бірен-сарап сөйлемдерде болмаса, қазіргі кездегідей кез келген есім сөз таптарынан дара баяндауыш жасала бермеген сыңайлыш. Нактырақ айтқанда, шығармада дара есім баяндауыш кызметінде тек зат есім (негізінен – жалқы есім) және сын есім ғана қолданылған. Оның есесіне, баяндауыштың күрделі түрінде есім сөздер жиі қолданылған да (құрама баяндауыш ретінде), ал етістіктердің күрделеніп қолданылуы өте сирек. Бірнеше мысал келтірейік: ...Падишаһның падишаһлығы халық бірлә турур. (141) ...Екі ләшкәр бір-бірі білән токуш кылды. (152) ...Бусун Салжысы, тамам салжыннут уруғы аның турур. (157) ...Ол Чингиз ханға дүшманлық кылды. (162) ...Қиат дегендері бу турур. (148) ...Оларның саны ер уа хатун білән үз мың ерділөр. (160) ...Анларның қасраты өнгін қауымдың артуқрак болды. (147)

Сөйлемдерден көріп отырғанымыздай, есім сөздердің барлығы дерлік күрделі құрама баяндауыштар жасауға қатысып тұр. Әрине, бұлардың да мөлшері бірдей емес. Баяндауыштың бұл түрін жасауға, есіреле зат есім мен сын есім көбірек қатысқан. Содан соң сан есім мен есімдіктің де араласқанын байқауға болады. Ал үстеулер мен модаль сөздер аз кездеседі. Бір ескерстін нәрссе – зат есімдер мен есімдіктердің атау тұлғалы түрлерімен бірге ілік, барыс, жатыс, қемектес септікті түрлері де қемекші етістікпен тіркесіп, күрделі құрамды баяндауыш жасай береді. Мұндағы «турур» қемекші етістігінің қызметі нақ осы шақтық мәғынаны айқындаі түсү екенін байқау қыын емес. Осы тұста екі түрлі тарихи өзгеріс байкалады. Біріншіден, қазіргі қолданыста «турур» қемекші етістігі тек етістікпен тіркесте «тур» күйінде қолданылады да, есімдермен тіркесте қолданылмайды. Оның есесіне есімдердің өзі баяндауыш кызметінде жеке дара қолданылады, мұндайда есім баяндауыш осы шақтық мәғынаны білдіреді деген пікір бар. Оның есесіне қазіргі күрделі құрама баяндауыштар басқа қемекші етістіктермен тіркесіп қолданылады (*адам еді, бала екен, жақсы болатын, осы еді, сол екен, ол емес т.б.*). Екіншіден, баяндауыш құрамындағы септік жалғаулы есімдердің сол құрамын қазіргі кезде сақтағаны да байкалады. Мәселен, мысалдағы алғашқы сөйлемді қазіргі кезде

«Патшаның патшалығы – халқымен, халқының дәулеті – патшасымен» деген түрде айтуға болады және осынан ұқсас макалдар солай айтылып та жүр. Сол заманда түбір сөзден бөлек қолданылған «білән, бірлә» сөздерінің бұрынғы көне түркі тілдеріндегі бір сөзден қалыптастаны және сол тұстағы қолданыстан қалған із екені, кейінгі дәуірлерде қазақ тіліндегі қолданыс барысында екеуі екі түрлі (бірі – көмектес септігінің жалғауы, бірі – жалғаулық шылау) қызметке аудискан тілдік бірлік болғаны қазіргі ғылымда дәлелденген [8, 138-139] Олай болса, шығарма жазылған дәуірде бұл тілдік бірліктер мағыналық жағынан елі де болса сарапана қоймаған деген тұжырым жасауға болады.

Осы сиякты ерекшеліктер басқа сөйлемдерден де байқалады. Мәселен, З-сейлем баяндауышы (*аның турур*) З-жақтық ілік септік жалғаулы жіктеу есімдігінің көмекші етістікпен тіркесуінен жасалған. Бұл қолданыс та қазіргі тіліміңде пайдаланылмайды, оның орнына *онікі, олардікі* түрінде қолданылады немесе шығыс септігімен алмасады (*олардан, солардан*).

Сондай-ақ, жоғарыда айтылғандай, «*турур*» көмекші етістігінің «*тұр*» немесе «-ты» косымшасына айналуы көне түркі жазбаларында-ақ байқала бастағаны белгілі. «Тауарихта» да осы осы құбылыс жалғасқан. Ал біздің дәуірімізге дейінгі тарихта пайда болған есім баяндаушты сөйлемдер осы көмекші етістіктің түсіп қалуынан пайда болғаны айқын. Соңғы жылдардағы есім баяндауыштардың қалыптасуы жайындағы зерттеу осыны дәлелдейді. [9] Мысалы: ...*Аналары Алан Күа турур* (Аналары – Алан Күа); ...*Қийат дегендері бу турур* (Қийат дегендери – осы (бұл)); ...*Ол шаһарның баш-айтақға дегәч айланасы бір күнлік йер турур* (Ол шаһардың басынан аяғына дейін бір күндік жер).

Көмекші етістіктердің ішіндегі си көп қолданылатыны – жедел еткен шақ тұлғасындығы «*ерді*» (*еді*) көмекші етістігі. Бұл көмекші етістік есім сөздердің алуан түріне тіркесіп, еткен шақтық күрделі баяндауыш жасайды. Баяндауштың бұл түрі қазіргі тілімізде де сол шақтық мағынасын сақтап қолданылады: ...*Қара хан атасы тұрган тұртында ерді* – Қара хан атасы тұрған жұртында еді; ...*Шул атадан төрт оғұл ерділер* – Сол атадан төрт ұл еді; ...*Ол қауым қафр ерділер* – Ол қауым кәпір еді; т.б. Сырттай қарағанда осы сөйлемдерді де көмекші етістіктерсіз де айтуға болатын тәрізді. Бірақ бұлай деуге болмайды, себебі «*ерді*» көмекшісіз айтылғанда сөйлемнің шагы өзгеріске ұшырайды, яғни осы шакқа аудисады. Бұндай ерекшелік «*турур*» көмекшісі арқылы жасалған сөйлемдерге ғана тән. Өйткені «*турур*»-дың өзі осы шақты білдіреді де, оны түсіріп айтқанда осы шақтық мағына есім түбірге аудисады. Сондықтан «*ерді*» көмекшісі сөйлемнің өткен шақта берілуін ғана қамтамасыз ететіндігін есте сактау қажет.

Бұлардан басқа жеке тұрып толық мағынада қолданыла алғын, ал басқа сөздерге тіркескенде мағыналарынан толық және жартылай айырылатын етістіктер де көмекшілік қызметте қолданылады. Ондай қолданыстардың бірсыптырасы қазіргі қолданыстармен сәйкес келіп жатса, кей жағдайда ондай сәйкестік байқалмайды. Қазіргі қызметімен көбірек сәйкес келетін көмекші етістік – қыл: *тоқуи қылды, ақлық қылды, уофа қылды, уруги қылды, уасийат қылды*, т.б. Осы баяндауыштардың бірсыптырасы қазіргі кезде де осы тіркес құрамын сактаса, бірсыптырасы қолданыстағы мағыналық өзгерістерге сай келетін көмекші етістіктермен орын ауыстырылан. Бұл қоғамның, адам ойының дамуына сәйкес келетін жаңа сөздердің пайда болуымен, яғни тіліміздің лексикалық жағынан бауымен түсіндіріледі. Мысалы: қазіргі тілімізде *сөгыс* (*ұрыс*) қылды дегеннен гөрі *сөгыс салды* (*ұрыс салды*) немесе *сөгысты* (*ұрысты*) деп айту қолданылады. Соңдай-ақ, *она қылмады, осиет қылды* дегеннен гөрі *она бермедин, осиет етті* күйінде жиі қолданылады. Ал *ақылдық қылды* – *ақылдылық қылды* (*етті, жасады*), *отан қылды* – *отан қылды* (*етті*) күйінде қазіргі кезде де айтыла береді. Жалпы бұл көмекші етістік сол тұста жиі пайдаланылғанымен, кейінгі даму барысында оның қолданылу аясы тарылып, орнын басқа синонимдес көмекшілермен ауыстыра бастаганын анғарамыз.

Бұлардан басқа бол (мұнкар болдылар), тут (дос туттмадым), таб (шуұрат табты), ет (достылқ етішди) тәрізді етістіктер де есімдерге көмекшілік қызмет атқарып, курделі баяндауыш жасайды. Бұлардың ішінде «бол» көмекші етістігі басқаларға қарағанда жирик қолданылған, бірақ мағынасында қазіргі қолданыстан пелендей айырмасы жоқ. Негізине амалдың тез арада орындалғанын, бітіп қалғанын білдіретін семантикалық мәнде қолданылады. Сирек те болса, бір есім сөзге бірнеше көмекшінің бір мезгілде тіркесіп келуі де кездесіп қалады: ...*Андуң уч қаум болып кетті. Бу ма'нидын хазрат Үгетай хана арз қылғам турур.*

Етістік баяндауыштың курделі түрі қазіргіге қарағанда біршама аз. Мысалы: ...*Дарийа сүйн һің кім ерсә ічіб тұгане алмас*. ...*Тамами анларның уругы ол йерлерде олтурур ерділәр*. ...*Хинду дарийасы ыңақсыда үстап қалдылар*. Уа тақы огузның барча қаумын ол уақытда түркмен теб *айтур ерділәр*. ...*Ол оғлан анасының сүтін еме башлады*. ...*Огуз анлардан башка үүрүр ерді*. ...*Менің дінім үолындан қайтып ерміш*.

Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, курделі баяндауыштардың негізгі сыңары мен көмекші сыңары өзара көсемшениң -е, -н, -ып және есімшениң -ур жүрнәктары арқылы байланысқан. Бұл тұлғалардың қазіргі тұлғалардан айырмашылы жоқ деп есептеуге болады. Қазіргі кезде етістіктің мұндай курделі түрлері етістіктің

аналитикалық форманттары ретінде қарастырылып, сипат категориясының көрсеткіші деп есептеледі. [8, 251-265]. Бұлар ол кезде де осындай мағыналық қызметте қолданылған тәрізді. Ерекшелік – кейін бұл тұлғалардың әр түрлі варианттары пайда болып, беретін мағыналарында да кеңейгендік, толықандық көрінуінде. Бұл туралы тәменде толығырақ айтылады.

Сонымен, «Тауарихтағы» баяндауыштар құрамы жағынан да, семантикалық ерекшеліктері тұрғысынан да, қолданылу аясы тұрғысынан да қазіргіге қарағанда қарапайымдау болғанымен, сөйлемнің предикативтік құрылымын жасауда сол түстүң талабына сай қызмет аткарғаны анғарылады.

Баяндауыштың сөйлем құраудағы басты сипаты оның өз бойына барлық грамматикалық мағыналарды жинақтауында екені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, сөйлемнің басты сипаты болып есептелетін предикативтік белгінің жасалуында оның бір тәсілі болып табылатын бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс – **жақтық** қысыудың мәні ерекше. Жоғарыда аталып өткен бірлі-жарым бір негізді сөйлем түрлерін ескермегендегі, шығармадағы барлық жай сөйлем жактық жағынан қысыуға негізделген. Бірақ шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай 1,2-жақтық қатынастағы сөйлемдер жіп кездесе бермейді [2, 47] де, көбінесе 3-жақтық қатынастағы сөйлемдер болып келеді. Эйтсе де, шығармада сирек те болса кездесіп қалатын төл сөздер ынғайындағы сөйлем түрлерінен-ақ сол кездегі қолданылған сөйлемдердегі 1,2-жақтық мағыналардың берілу сипатын біршама анықтауға болады және қазіргіге соншама жақын екенін байқау да аса қын емес. 1-жақтық мағынадағы сөйлемдерден мысал келтірейік:

1. *Жаһан ішінде дүнийаның бұрчын кездім мен.* (142) *Анлар білән сұхбат қылмадым.* (150)

2. *Уа ілгәреі уа соңғы йүргүзуб анларға алтунлы тонлар білән кел-түрдүм.* (201) *Уа туар қарасын анларның ғайырымдарынан оттулған салынуда отқаздым.* (201)

3. *Мен тілемесмін үйде өлмекні.* (195)

4. *Біз аңа инкәр қылдымыз. Аның соңына кірмединіз.* (151)

5. *Біз нечук андын кечелім, аның фарманын нечук хилаф қылалым.* (192)

6. *Аның оғланлары өз дастаныда келүр, соң айгаймыз.* (221)

7. *Біз аңға атландық, көп тағ өкүзін өлтүрдүк.* (201)

Келтірілген мысалдардан мынадай ерекшеліктерді көруге болады: 1-ден, сөйлемдердегі предикативтік байланыс бастауыштың тікелей қатысуымен де, қатысуының да жүзеге асқан; Т.Кордабаев аталған еңбегінде бұл екі мүше арасындағы байланыстың үш түрлі жолмен – комбинаторлық, синтетикалық және аналитикалық жолдармен жасалатының көрсеткен болатын. [2, 10] Осында комбинаторлық тәсіл

– бастауыштың катысумен 1,3,4,5,7-сөйлемдер жасалған болса, синтетикалық тәсіл арқылы (жақтық қатынас баяндауыш арқылы белгілі болады) 2,6-сөйлемдер жасалған. Ал предикаттық байланыстың үшінші түрі (жақтық қатынас тек бастауыш арқылы белгілі болады) шығармада бар-жоғы бір-екі сөйлем ғана. Мысалы: ...*Қисм аууал, ға*'ни аууал бөлек.

(147) 2-ден, жақтық қысымен бірге сандық қысы да айқын анғарылады. Қысыудың жекеше түрі «мен» (бастауыш) жіктеу есімдігі мен баяндауыштағы жекеше жіктік жалғауының (-м, -ым, -ім, -мін) сәйкес келуінен байқалады. Соңдай-ақ, көпші түріндегі қысы да жіктеу есімдігінен көпші түрі (*bіз*) мен жіктік жалғауының көпші түрінін сәйкес келуі арқылы берілген. Эйтсе де, қазіргі кездегі жақтық қысыудың кейір өзгешелігі бар екенін де жоққа шығаруға болмайды. Мысалы: 1-жақтық жалғаулар ашық райда -м, -мын, -мін, бұйрық райда -йым, -йім, -йін. Мұндай дыбыстық өзгерістердің болуы – тілдің ішкі даму заңдылығына байланысты екені де дәлелденген мәселе.

(Ескерте кететін бір жайт – қосымша құрамындағы «м» дыбысының «н»-ға айналғанда бастауы сол кездің өзінде басталғанын осы шығармадағы бірлі-жарым сөйлемдерден көруге болады: *Елиш йәберді ел болайын теб*). 1-жақтық қысыудың көпші түрі -мыз, -міз, -қ жақтық жалғаулары арқылы берілген. Бірақ бұл қосымшалардың етістікке жалғануында қазіргідегідей дыбыстық, буындық үндесулер, т.б. заңдылықтар сақталғанда бермейді. Мысалы: *кірмәдіміз* (*кірмәдік*), *тілемесмін* (*тілеместін*), *інкәр қылдымызы* (*інкәр қылдық*) т.б.

Осы шығармада кездесетін -лы/-лім жалғауы бірде жекелік, бірде көптік мағынаны білдіретін тәрізді. Тұлғалық жағынан күрделі қосымша екені анық (-лы+м). Мұндағы -л тұлғасы фольклорда кейінгі кезге дейін баяндауыштың тұлғасы ретінде қолданылып келді (баралы, айталы). Ал -м – 1-жақтық жіктік жалғауының қыскарған түрі. Олай болса, бұл жекелік тұлға болуға тиіс. Оның үстіне, бұл қосымшаның көпші түрі (-лы+қ// -н+к) ауызекі тілде, фольклорда осы кезге дейін сирек те болса қолданылып келеді. «Тауарихта» көпші -қ// -к жалғауы жедел өткен шақтан кейін бірен-саран ғана қолданылғанымен, -лық формасында еш жерде кездеспейді. Соған қарағанда, -қ // -к көптік жалғауы сол тұста қолданылғанымен, алі де толық еніп, орнығып кете қоймаган жаңа тұлға болса керек. Соңдықтан да кей жерде оның орнына жекелік тұлға қолданылып кетіп отырған. Оған қоса, бұл енбекті жазба ескерткіш есебінде танығанымызben, таза әдеби тіл дәрежесіндегі шығарма ретінде санау шындыққа жанаса қоймайды. Соңдықтан, жоғарыдағыдай біршама заңға қайшы ерекшеліктердің болуына таңдануға болмайды, ол ауыз әдебиетінің ізі болуы әбден мүмкін. Қалай болғанда да, қазіргі қолданыстан ерекше көрінетін осындай белгілер бар екені – шындық.

Тағы бір ескеретін нәрсе – 1-жақтық жекелік (*мен*) бастауыш көп жағдайда түсіріліп айтылады. Ал бастауышты айқындаң көрсету қажет болғанда, ол тек сөйлем сонында беріледі. Бұл да сол көне түркі дәүірі кезінен қалған ерекшелік болса керек. Себебі көшпе түрдегі есімдік бастауыш ретінде үнемі сөйлемнің басында келіп отырады.

2-жақтық қысу да көшпе және жекеше түрде бастауыштың айқын және түсіріліп келуі түрінде кездеседі. Колданылу ынгайы да, жақтық тұлғалар да кейбір дыбыстық өзгешеліктер болмаса, қазіргі 2-жақтық қысуға сәйкес келеді. Мысалдарға жүргінейік:

1. Оғландын ауаз келді «Менің атымны Огуз кайуыныз» теб. (149)
2. Огуз анлар арасына йашурун барып, ол қызыга айды: – Мені білурмісін? (150)
3. Тіледім, кім «Көкнің худайға имам келтүргіл, аңа дост болғыл» теб. (150)
4. Нечук құллышумызыны Чиңгиз ханға тигердін, менің сөзімні гараз қылдын.

5. Чиңгиз хан: «Бу улугларны сізлерге бердім, оғланларым, сізлер hanuz йашсыз. Сіз анларны өз көңілін бірлән өлтірмегіл меңә кеңешли-суга. Мендін соң бір-біріңіз білән кенәч етініз». (191)

6. ...Іар жерде аны айтғанын еткіл. (197)

Мысалға алынған сөйлемдерден көрініп тұрғанында, 2-жақтық жіктік жалғаулары -*и*, -*ыңыз*, -*иңіз*, -*сыз*, -*сін*, -*кіл* түрінде кездесіп отырады. Осындағы -*кіл*, -*гіл* тұлғаларынан басқасы 2-жақтық бүйрық, ашық райының тұлғалары ретінде қазіргі тілімізде қолданылатыны белгілі. Ал -*кіл*, -*гіл* жайында жоғарыда айтылған болатын. Тағы бір ерекшелік – қазіргі кезде 2-жақта көптік тұлға ретінде -*лар* қосымшасы қолданылады да, -*сыз* түрі осы жақта сыпайылықты білдіретін қосымша ретінде қолданылады. Ал XV-XVII ғасырларда бұл тұлға әлі де болса әрі көптікті, әрі сыпайылықты білдіретін түркі дәүіріндегі қасиетін сактаған көне қосымша екені тарихи зерттеулерде дәлелденген. [6]

Сонымен, «Тауарихтағы» сөйлемдердің 1,2-жақтық мәндері жіктеу есімдіктері мен баяндауыштың 1,2-жақтық тұлғаларының предикативтік байланыстары арқылы жүзеге асқан. Ал олардың берілу жолдағында, жақтық мағына тұғызатын тұлғалардың құрылыстарында кейінгі дәүірлердегі тарихи дамуға сай енген кейбір өзгерістер (дыбыстық құрамы жағынан, тұлғалардың саны мен мағынасы жағынан молаюы мен күрделенуі, дыбыстық, буындық үндесу жағынан тұрақталуы т.б.) байқалады.

Шығарманың мәтіні баяндау стилінде құрылуына байланысты ондағы сөйлемдердің басым көшпілтігі дерлік 3-жақтық қысуға негізделген. Алайда, 1,2-жақтық қысуға қарағанда 3-жақтық қысуудың елеулі

ерекшеліктері бар екенін көреміз. Ең бастысы – 3-жақтық мағынаны білдірелік арнаулы жақ тұлғасының кездеспеуі. Профессор Т.Қордабаев 3-жақтық мағына -ды, -di шақтық тұлға арқылы берілген деп көрсетеді. [2,17] Фалымның еңбегі жазылған кезде осындай қөзқарас болғаны да рас және «Тауарих» жазылған дәүірде бұл тұлғаның екі мағынаны бірдей білдіргенін де жокка шығаруға болмас. Әйтсе де, қазіргі қазақ тіл білімінде етістік түбіріне тікелей жалғанатын -ды, -di тұлғасы таза шақтық мағынаны білдіретіні, мұндай жағдайда жақтық мағына нөлдік тұлға арқылы берілді деп есептелетіні – тұрақталған пікір. Сонымен бірге 3-жақтық мағына білдіретін -ды, -di жалғауының бар екені де, олардың шақтық жұрнақтардан кейін келетіні – қазіргі тіліміздегі шындық. Дегенмен, шығарманың біз талдауға алыш отырған нұсқасында осындай құрылымдағы сөйлем де бар екені анықталды. Мысалы: ...Ол екі(ci) бір-бірі бірлә урушмайдурлар. (173) Мұндағы болымсыз түбір етістікке жалғанған -й жұрнағы келер шақты білдіретін көсемше жұрнағы да, одан кейінгі -dur қосымшасы 3-жақтық мағынаны білдіретін қазіргі -ды, -di жалғауының көне нұсқасы болып табылады. Сондықтан, Бұл тұлғалардың бірі – жалғау, бірі – жұрнақ бол болінүі сол тұста-ақ басталып, кейін біржола тұрақталған деп тұжырымдауға болатын тәрізді.

Сонымен, шығармада 3-жақтық мағына нөлдік тұлға арқылы яғни етістіктін шақ тұлғалы түбір күйі (негізгі және туынды, болымды және болымсыз) мен бастауыштың (субъектінің) қысысу ынғайында анғарылады.

Мұнда, әсіресе, шақ тұлғалы етістіктердің, соның ішінде жедел еткен шақ тұлғалы түбір етістіктер мен есімше тұлғалы етістіктердің жиі қолданылғанын көреміз. Мысалы:

1. Қара хан атасы тұрган йұртында ерді. (149)
2. Ол Оғлан, анасының сүтін еме башлады. (149)
3. Бір күн(i) тағ өкүзін өлтүрді. (155)
4. Аның құрсағы үстінде түшті. (157)
5. Тақы өзі Чинғиз хан Термездеке барды. (178)
6. Ол қаум ол күндін бу күнге дегәч бисиар қаум болуб кечтіләр. (145)
7. Анларның саны ер үа хатун білән үз мың ерділер. (160)
8. Тамам ләшкөрлері білән екісі урушқалы атланды. Йарашиб, хыттай үстінен бардылар. (173)

Келтірілген сөйлемдердегі баяндауыштар дара да, күрделі де, есімді де, етістікти де болып келген. Бірақ ешқайсысында 3-жақтық арнаулы жалғау жоқ. Жақтық мағына бастауышпен қысысу арқылы, бастауыш жасырын тұрган жағдайда оның 3-жақтық нөлдік тұлғасы арқылы (бұл жақтық мағына баяндауыштың ол есімдігімен байланысу мүмкіндігінен көрінеді) берілген.

Киысадың бұл түрі – қазақ тіліне жат емсс, қайта белгілі бір заңдылық түрінде қалыптасқан күбылыс. Эйтсе де, қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы – 3-жақтық киысадың көптік жалғау арқылы берілуі болып есептеледі. Бастауыш көптік мәнді сөздер арқылы берілген жағдайда баяндауыш та көптік жалғаумен түрленеді (6,7,8-сөйлемдер). Бұл бұрынғы жалпы түркілік зандылық қазіргі кезде кейбір түркі тілдерінде сакталған да, қазақ тілінде жоқ болуы зандылық ретінде қалыптасқан. Әрине, мәтіндең берілген сөйлемдерде бұл зандылықтың өзі сактала бермеген. Мысалы: ...*Тамам ләшкарлері білән екісі урушкалы атланды.* *Бұлар һәм ләшкар тартты.* (173) Бұл сөйлемдерде бастауыш көптік жалғауда тұрғанымен, баяндауыш көптік жалғаумен түрленбеген. Соған қарағанда баяндауыштың көптік тұлғада түрленуі тек бастауыштың мағынасына ғана байланысты болмаған. Осыған байланысты кейде баяндауыштың құрамындағы сөздердің бірі көптік ұғымда қолданылғанда, күрделі баяндауыштың құрамында да осындаі көптік мағыналы сөздер болғанда, сөйлем бастауышы жалпылық ұғымда берілгенде осындаі тәсіл қолданыла берген-ау деген ой туындаиды. Мысалы: ...*Соң заманда анларның уругы үкүш қаум болып түрділер.* (152) *Анларның саны еруа хатун білән йуз мың ерділер.* (160) *Шу қаумны Нирун атадылар.* (155) Оның үстінен, бірдей мағыналы екі сөйлемнің біріне көптік жалғау жалғанып, екіншісіне жалғанбауының өзі осы дәуірде 3-жақтық көптік жалғауының міндетті болу зандылығы бұзыла бастағанын көрсетсе керек (салыстырыңыз: *Тамам ләшкәрлері білән екісі урушқалы атланды* – *Ол екісі бір-бірі бірлә урушмайдурлар*). Нақтырақ айтқанда, қазіргі қазақ тіліндегі 3-жақтық көптік тұлғаның баяндауыш құрамында берілмеуі сол кездің өзінен басталғаны айқын. Бастауыш пен баяндауыштың жақтық қиысуы бірен-саран да болса, есім бастауыш пен есім баяндауыш арасында да кездеседі (жоғарыдағы мысалдардан қараныз).

Сонымен, бастауыш пен баяндауыш арасындағы қиысу сол кездің өзінде сөйлемнің предикативтік сипатының негізі болғанын және баяндауыш тұлғаларының кейбір ерекшеліктері қазіргі қазақ тілінде қалыптасқан зандылықтарға негіз болғанын көреміз. Бұлардан басқа шақтық, райлық сипаттағы бірсыныра өзгерістер де бар. Ол өз алдына әнгіме етуді қажет етеді.

Баяндауыштың (әсіресе етістік баяндауыштың) ендігі бір басты грамматикалық сипаты – оның арнаулы тұлғалар арқылы берілстін шақтық мағынада қолданылуы. Баяндауыштың шақтық мәндеге қолданылуындағы басты ерекшелік деп, ең алдымен шығарманың белгілі бір баяндау ерекшелігіне қарай ондағы сөйлемдердің көбіне өткен шаққа қатысты берілуін айттуға болады. Шығарма сөйлемдеріндегі өткен шақты казіргідегідей жедел, бұрынғы, ауыспалы деген сияқты түр-

лерге бөліп жатудың пәлендей рөлі байқалмайды. Себебі, уақығалардың езі жазылып отырған кезеңнен әлдекайда бұрын болғандықтан, бұлай бөлудің реті жок. Сол себепті баяндауыштардың шактық мәнін бір ғана «өткен шак» деп атаған орынды болады. Осыған орай баяндауыштың шактық мәні дегенде, олардың негізінен екі түрлі тұлға арқылы өткен шактың білдіргені көрінді: бірі – -ды / -ді, -ты / -ті, екіншісі – өткен шактық есімше тұлғалары. Алғашқысы жөнінде жоғарыда жақ тұлғасынан ажыратуга байланысты айтылып отті. Соңғысына мысалдар келтіреік:

1. *Кыш уа ғаз, ай уа ғыл хазинада бар малын хақ ғолында ихсан қылған хан.* (140)
2. *Андың үч су акар тағдын пайды болуб.* (155)
3. *Тамами анларның уругы ол йерлерде олтурур.* (145)
4. ...ата-анасының оты, йурты, малы, туар қарасы, үй тірлігі кічіг оғулға қалур. Аны мөгөл отчигин деб айтур.
5. *Андағ кім йерлері Иран заминда Тараб-у мулки болгай. Челлерінде сусыз от көп болгай. Андағ кім йерде теуәзе миесін болгай.* (144)
6. *Дарға сүйн һіңкім ерсә ічіб тұғане алмас.* (141)
7. *Бу заман Ыаман ішні тутуб йұрур ерміш. Менің дінім ғолындын қайтып ерміш.* (151)
8. *Садардың данә инжудек сачылды, һәр бір данәсі Рум білән Хытайга тигмес дүр.* (141)

Осы сөйлемдердің бірсыныра шактық тұлғаларына талдау жасап көрейік.

Сейлем баяндауышы -ған тұлғалы есімшеден жасалған. Есімшениң бұл жүрнағының өткен шактық мағына беретіні тіл білімінде қашаннан белгілі. «Тауарихта» да сол мәнде қолданылған. Әрине, -ған тұлғалы есімшениң баяндауыштық қызметінен басқа анықтауыштық та қызметі бар. 1-сөйлемдегі есімше, қазіргі сөйлем құрылымдарымен салыстырғанда, сондай қызметте тұрған тәрізді. Бірақ сөйлемнің қалыптасу тарихында жіктеу есімдіктерінен жасалған бастауыштардың сөйлем соңында келген дәуірді басынан кешкенін және ол дәуір қазіргіден гөрі еңбек жазылған дәуірге жақын екенін ескермеске болмайды. Сондықтан есімше тұлғалы сөзді баяндауыш деп, ал оның тұлғасын өткен шақ тұлғасы деп тану қажет. Мұны сөйлем семантикасынан да аңғаруға болады.

Аталмыш шығармада жиі қолданылатын есімше жүрнақтарының бірі – -ар, -ур, -ұр, -ор, -ұр. Т.Қордабаев баяндауыш құрамында көсемшениң -а, -е, -й жүрнақтары келетін орындарда осы аталған қосымшалардың келетінін айтады. Әрине, ғалымның мұндай тұжырым жасауына белгілі бір себептер де болуы мүмкін. Мәселен, мына сұраулы сөйлемдерде бұл тұлғалар шынында көсемшениң -а, -е, -й жүр-

нағының орнына қолданылған тәрізді: «...Мұнгук хатун айды: – Менің оғланларның ат чабын ойнар іерлерін нечүн казарсыз? – теб. Оғуз анлар арасына ғашурун барыб, ол қызга айды: – Мені білурмісін?»

Екіншіден, казіргі кейбір түркі тілдерінде есімшениң бұл қосымша-сының орнына көсемше қосымшасының қолданылатыны бар. Дегенмен, мұл мәтінде есімшениң осы жұрнағы жіңі қолданылады және оның бәрін көсемше орнына қолданылған деп үзілді-кесілді айтуға да болмайтын. Себебі, осы тұлғалар арқылы берілген көптеген сөйлемдердің өткен шаққа қатысты екені айқын және оны сөйлем семантикасынан да анғаруға болады. Ал көсемшениң аталған тұлғалары қазіргі кезде ауыспалы шақтық мәндеге қолданылатыны да ғылымда дәлелденген. Осыған байланысты есімшениң аталмыш жұрнақтары казіргідегідей келер шақта емес, өткен шактың болмауымен де байланысты. Ал мысалға алынған сөйлемдер, жоғарыда көлтірілген бірді-екілі сөйлем болмаса (соның өзінде сөйлем жіктік жалғауына біткен), барлық жағдайда 3-жақта жақтық тұлғаның болмауымен де байланысты. Ал мысалда (соның өзінде сөйлем жіктік жалғауына біткен), барлық жағдайда 3-жақтық (жіктік жалғауының нөлдік тұлғасы) баяндауыш құрамында келеді. Соңдай-ақ, 3-жақта көсемше тұлғасы келуі қажет болса, онда міндетті түрде жіктік жалғауын (-ды) қабылдауы тиіс. Аталған енбекте жіктік жалғауының арнаулы тұлғалары бола тұра, жоғарыдағы есімше тұлғалары жіктеліп келмеген.

Тағы бір ескеретін жай – Т.Қордабаев: «Келер шақтық есімше қазіргі әдеби тіліміздегі -ар, -ер жұрнақтарымен қатар қазіргі тілімізде кездеспейтін -ор, -р, -ур, -ұр, -ур жұрнақтары арқылы да жасалған», – деген пікір айта отырып, *tурор, айттор, барор, берор* тәрізді мысалдарды көлтіреді. [2,34] Бұл жerde ғалым жұрнақтардың есімшениң екенін дұрыс айтқанымен, оның шақтық мән беруі жөнінде жаңылысқан. Сөйтіп көлтірілген мысалдардағы жұрнақтарды келер шақтың жұрнағы деп көте тұжырымдаған. Шынында, бұл сөздердің бәрі, сырттай қарағанда, қазіргідегі келер шақтық мағынада қолданылған сияқты болып көрінгенімс, сөйлем ішінде келгенде өткен шақтық мәндеге қолданылғаны айқын аңғарылады. Сонымен -ар, -ер, -р тұлғасы сол кезде әр түрлі вариантта келіп, бірлі-жарым жағдайда болмаса, көбіне өткен шақтық мағынада қолданылған. Тіпті, оның шығармада аз кездесетін болымсыздық түрі де (-с) бірде келер шақтық, бірде өткен шақтық мәндеге қолданылған. Бұл жұрнақтардың осындай екі түрлі мәндеге қолданылуы сол кезден бастап олардың біртіндеп келер шақтық мәнге ауысуы басталған деген тұжырым жасауга негіз болады.

Баяндауыш кұрамында -*гай* қосымшасы да кездеседі. Бұл тұлғаның қазіргі әдеби тілдегі қолданысы сиреп бара жатыр десе де болады. Тілдегі белгілі қолданыстары ынғайында бұл қосымша көбіне істің алдағы уақытта орындалуына мегзейтін қалау райының жұрнағы ретінде танылған. Өйткені ашықрайдан басқа райлардың бәрі де (ирреалды райлар) алдағы уақытта орындалатын іс-әрекетке мегзелуді білдіреді. Ал «Тауарихтағы» -*гай* қосымшасының мәні қазіргі қалау райлық мәннен ғөрі есімшениң -*ган* тұлғасының мәніне ұқсас. Мысалы: ...*Андағ* кім йерлері Иран заманида араб-у мулкі болгай. Челлерінде сусыз от от көб болгай – деген сөйлемдерді анықтап, түсініп оқысад, бұл ойымыз дәлелденген тәрізді болады. Олай болса, сол тұста -*ган* жөн -*гай* тұлғалары бірдей шақтық мағыналарды білдіргенімен, кейін біртіндеп -*ған* тұлғасының нақты шақтық мағынада (ашықрайда) қолданылуы басым орын ала бастағандықтан, -*гай* жұрнағы бірынғай райлық мән алуға көшкен. Бірақ бойында нақты болмаса да, жалпылық мәнде алдағы уақытқа мегзелу мағынасы ізін сақтап қалған. Бұл соңғы жалпылық шақтық мағына – барлық ирреалды райларға тән ортақ құбылыс. [10]

Қазіргі тілімізде сирек те болса қолданылатын демеулік шылау қатарындағы -*мыши* / -*мыс* тұлғасы да сол кездегі есімшениң еткен шақтық мән беретін тұлғасы ретінде қолданылған (7-сөйлем).

Сонымен, «Тауарих» тілін бақылау сол кездегі сөйлемдердің өзіне тән ерекшеліктері болғанын, бірақ сол ерекшеліктердің негізінде көне түркі дәүірінен бастау алатын қазіргі тіліміз дамуының жалғасын, нақтырақ айтқанда, тіліміздің қазақтық беталысының бастамалық белесін көреміз. Әсіресе, сөйлем негізіне алынатын тұрлаулы мүшеслерді бақылай отырып, олардың жасалуында, өзара байланысында, жалпы сөйлем жасаудағы ерекшеліктеріндес қазіргі қолданыстағы тілдік деректерге ұқсастықтар мен сәйкестіктер барлығын, солармен сабактасып, тамырласып жататынын байқаймыз.

4.2 Тұрлаусыз мүшелер. Т.Қордабаевтың айтудынша, «Тауарихта» қазіргі әдеби тілімізде кездесетін сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің барлық түрі де кездеседі. Шығарманы талдау бұл пікірдің дұрыс екенін көз жеткізеді.

Толықтауыш. Қазіргі қазақ тіліндегі тәрізді «Тауарихта»да толықтауыш мүшениң тұра жөн жанама түрлері молынан кездеседі.

Тұра толықтауыш табыс септік жалғауы арқылы жасалып, сабакты етістікпен менгеріле байланысатыны белгілі. Толықтауыштың осы түрі енбекте жиі байқалады. Тұра толықтауыш, негізинен, зат есімдер мен есімдіктерден жасалған. Мысалы: ...*Оғланлары Оттарны* алыб, атасы алдыға келділәр. ...*Уа Жочи, уа Чагатай, уа Үгетай* буларны

Хорезмга ие бірді. ...Жайхунды кечті. (178) ...Чиңгиз хан бу йыллар жасалайыр Мукалы гәйәні сол қолы білән ие бірді. (177) Мұндағы бір ерекшелік – тұра толықтауыш жалғауларының қазіргі қазақ тіліндегідей көп варианты емес, негізінен бір ғана түрде (-ны/-ні) келуі. Сондықтан болар, бұл жалғыз жалғау сөзге қазіргідей үндестік зан-дышықтарын сактамай жалғана береді (*Отырарны, бұларны, Мукалы гәйәні т.б.*).

Тура толықтауыштың сын есімдерден, есімшелерден және бірлі-жарым қымыл есімдерінен жасалған түрлері де кездеседі. Бірақ бұлар зат есімдер мен есімдіктерден жасалғандардан біршама аз. Бірақ осының өзі де басқа сөз таптаратының заттануы сол тұста да жат болмаганын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктің шығармада аз қолданылуы оның жанрлық ерекшелігімен, жазылу стилімен де байланысты болуы мүмкін. Шығарма көркем әдебиет емес, дерекнама-шежіре болғандықтан, әрбір затты, құбылысты өз атауымен атая қажеттігінен де болған болар. Бірнеше мысалдар келтірейік: ...Қоруқты әзәр ашқара қылсам худайға табунмақны, аны оғлы білән бірге өлтіргей теб сыйқынды. (149) ...Мен тілемесмін үйде олmekні. (195) ...Өткәзә конұл кылғанларны тақы айтып түрүр. (109) ...Уа йакиыларны уа мундақ маст қылулар етмәсләр. Бу тарап тарасын маст еткүашіні конұл йузі білән көрмәс. (202)

Тура толықтауыштың жалғаулы да жалғаусыз да кездесуі қазіргі-дегідей. Олардың жалғаусыз келуі көбіне баяндауышқа іргелес орналаскан жағдайда болады. Мысалы: ...Қара ханның оғлы Оғыз атанды. Нече ыл патшалық биледі. (146) ...Мұнлук хатун айды: – Ай, мениң оғланлар/ның/ ат чабын ойнар тиерлерін нечүн чукур қазарсыз? – теб. (158) ... Бұлар hәм ләшкәр тартты. (173) Табыс септік жалғауының жасырын тұруы арқылы келген мұндай сөздердің басым көпшілігі көмекші етістіктермен тіркесіп, баяндауыш құрамына еткен. Сондықтан бұл екеуінің арасын ажырату оңайға соға бермейді.

Жанама толықтауыштар атая мен ілік септікten басқа септік жалғауларымен түрленіп келген зат есімдер не заттанған басқа сөз таптарынан жасалатыны сөйтіп етістікке менгеріле байланысады. Талданып отырған шығармада да осы қағидаға сай келетін толықтауыштардың барлық түрі бар. Олардың ішінде, есіреле барыс және шығыс септіктері арқылы жанама толықтауыштар жағы басым. Ал жатыс жалғаулы жанама толықтауыш көп кездеспейді. Қазіргідей арнайы жалғауы бар көмектес септігі арқылы жасалған жанама толықтауыш болмағанымен, алайда осы септік мағынасымен сәйкес келетін «білән», «бірлән» шылауларының тіркесуі арқылы берілген сөздер жеткілікті. Енді әр септік жалғаулары арқылы берілген жанама толықтауыштарға мысалдар келтірейік:

а) Барыс жалғаулы жанама толықтауыштар:

-а, -ә: ...*Ай оғланларым, аңлаңыз сізлер, бу дүниадын сафар қылмақ уақты менә тиіб турур.* (195) ...*Тақы екінчі ағасы Көзханның қызының жиһат аңа алды.* (150)

-на, -не: ...*Мажар, Рум уилайатының мурад ол турур, кім андын ھәм мундын барыш-келіш етішип, достуна дос болуб, душманына дүйнен болуб, достылық етішді.* (140)

-ға, -ге: ...*Бу соз Чингиз ханга хүш келді.* (181) *Тіледім кім «Көкні» худайға иман келтіргіл, аңа дост болғыл теб.* (150) ... *Андағ кім йерде теге мінәсін болғай.* (144)

Бұл соңғы екі жалғау қазір де осы күйінде қолданылады. Бірақ ол кезде казіргідегідей қатаң дауыссыздан басталатын түрлері (-қа, -ке) болмаған тәрізді. Өйткені ол тұста сөз аяғының қатан дыбысқа бітуінен гөрі үян, үнді дыбыстарға аяқталуы басым болған көрінеді.

ә) Шығыс септікті жанама толықтауыштар негізінен -дын, -дан жалғаулары арқылы жасалған. -дын жалғауы көбінесе «м» және «н» мұрын жолды сонорлардан кейін жалғанған: ...*Мениң дінім ғолындың қайтып ерміш.* (151) *Үйнің туғлігі ачылмыши, андын нұры пайдада болды.* (157)

-дан жалғауы негізінен дауысты дыбыстарға және ауыз жолды сонорларға, үян дыбыстарға біткен сөздерге жалғанған: ...*Шул атадан төрт оғул ерділер.* (149) *Барча оғланларыдан Фұжин беги аттылғы қызы мундын улуг ерді.* (205) *Огузның хатуны бу халдан уахиб ерді. Огуз анлардан башка үйрүр ерді.* (151) *Ол судан кешті.* (159)

б) Жатыс жалғаулы жанама толықтауыштар ете аз кездеседі. Бұл жалғаумен түрленген сөздер жалпы мәтінде мол болғанымен, олардың көбі пысықтауыштық қызметте қолданылған. Толықтауыш болатындары зат есімге -да жалғауы жалғанып объектілік мағынада қолданылатындары ғана. Мысалы: ...*Чингиз ханда бу төрт бек мағлум турур.* (186) ...*Хаса ханның өзінде тәгілік бар ерді* (187). Алдыңғы сөйлемде жатыс жалғауы барыс жалғауының орнына ауысып қолданылғаны байкалды. Мұның өзі кей септік жалғауларының сол тұста әлі де саралана коймағандығын көрсетеді. Ал септік жалғауларының ауысып қолданылу құбылысының ізі тілімізде қазірге дейін сақталған (*атты мінди – атқа мінди т.б.*).

в) Шығармада білән, бірлән шылаулары бірде шылаулық, бірде көмектестік (бірлескен кимыл, құралдық) мағынада қолданылады. Бұның өзі ол кезде әлі септік жалғауының шылаудан ажырап болмаған дығын анық көрсетеді. Сондықтан оны септіктің бір түрі ретінде атап көрсетудің кажеті де болmas еді. Алайда, қазіргі қолданыстағы көмектес септігі мағынасымен салыстыра отырып, осы септікпен мағыналас кей сөйлемдерді көрсете кетуді орынды болар деп есептедік. Мысалы:

...Чиңгиз хан білән уруш қылдылар. (162) Ор ханның қызының (ың) бір неча қанізәклар бірлә дарыа қырығында тамашаға чықыб йүргүрлерін көрді. (150) Осы шылау түркескен көптеген сөздер мекен, мезгіл пысықтауыштық мағыналарда қолданылған.

Сонымен, келтірілген мысалдар толықтауыш мүшелердің казіргіден пәлендей айырмашылығы жоқ екенин дәлелдейді. Өзгешелік тек жалғаулардың саны мен дыбыстық құрамында болуы мүмкін.

Анықтауыш. «Тауарихтағы» анықтауыш мүшенің жасалуы мен қызметі де казіргіден соңшалықты алшак емес. Мәселен, казіргі анықтауыштар сын есім мен басқа сөз таптарының адъективтенуінен жасалатын болса, осы ерекшелік «Тауарихта» да кездеседі. Сондай-ақ, мәтіндегі анықтауыштар құрамы жағынан да казіргі анықтауыштарға сәйкес келеді: дара және күрделі болып келіп, өздері анықтайтын мүшелермен қабыса және матаса (ілік септігі арқылы) байланысады. Анықтауыштардың бірсыптырасы өздері анықтайтын сөздермен сапалық, сындық қатынастарда байланысса, бірсыптырасы салыстырмалы қатынастық ынғайда, ал біршамасы мөлшерлік, шамалық қатынаста байланысып жатады. Бұл жағынан да пәлендей өзгешелік анғарылмайды. Енді олардың жасалуына мысалдар келтіреік.

а) Сын есімнен жасалған анықтауыштар:

...Йыл ашасун, шұз յашасун аты یакышы Барыс хан! (140) Андын бір мақбурақ іакышы огул түгеды. (155) ...Уа тәтті арик ақын сулардан ічірдім. Уа туар қарасын анларның іакышы оттық, сұлық йерлерде отқыздым. (201) ...Чиңгиз хан бу шыллар Бухарага келіб, алды һәм ошбу шыл ок аның тәграссінде шаһарларны алды. (178) ...Бату бұлар білән шамал тарағындағы көб үйлайатларыны бақтурды. (209)

Осы келгірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, анықтауыштар сапалық сын есімдерден де, негізгі және туынды сын есімдерден де жасалып, дара және күрделі құрамда зат есімдермен қабыса байланысып, олардың сындық сапалық т.б. касиеттерін айқындау қызметтерін аткарып тұр.

ә) Зат есімнен анықтауыштар екі жолмен жасалады: ілік септігі арқылы (матасу) және түбір зат есімдердің өзара қабыса байланысуынан. Мысалы: ...Падшаһының падшылығы халқ бірлә турур. Халк-ның даулаты падшаһ бірлә турур. (141) ...Оғузның хатуны бу халдан нахиф ерді. (151) ...Бу төртісінің ен кітігі(нің) оғлы бар ерді Құлұн Сақал аттығ. (155) Хикайт қаум Оғуз түігірмі торт урга болды. Атасы Қара хан(ның) өз агасы Көр хандың тұган гайат хуб Сахиб Жамал қызы бар ерді. (150) Күлканы шыл, шағын сычкан шылы /болгай/. (177) Мысалдардағы жақшага алынған ілік септігінің жалғаулары мәтінде жазылмаған. Бұл сол кездің өзінде олардың эллипсистену ерекшеліктерінің болғандығын көрсетеді.

б) Сан есімнен болған анықтауыштар зат есімдердің сандық мөлшерін, көлемін анықтайды: ...Бу үчісі үч қаум болдылар бу заманга дегендегі. (160) Бу Қайду – Чиңгиз хан(ның) алтынчи атасы турур. (144) Шул атадан төрт оғул ерділер. (149) Ахир бешінчі оғлум болғыл теді. (189)

в) Есімдіктердің ішінде сілтеу, жалпылау, белгісіздік есімдіктері анықтауыш қызметіндегі жиірек қолданылған: ...Нечук кім жасалайыр, татар, ойрат, меркит уа тақы андын башқа қаумлар могул ішінде ерділер. (145) Ол оғлан анасының сүтін еме башлады. (149) Шу қаумны Нирун атадылар. (155) Бу күн(i) аутурлар Қайду кечуі теб. (159) Тамам ләшкәрлери білән екісі урушқалы атланды. (173)

ғ) Есімшеден болған анықтауыштар: ...Аның үйілдегі Өр тағтагы Қөр тағ деген тағ ерді. (149) Қара хан атасы турған йуртында ерді. (149) Ай оғланларым, аңлаңыз сізлер, бу дүниадын сафар қылмак уақты меңә тиіб турур. (195)

Т.Қордабаев «Тауарихта» қазіргі қазақ тілінде бар үйірлі мүшеслердің жоқтың қасы екенін айтады. Шынында бірлі-жарым ғана есімше және сын есімдер арқылы жасалатын түрлөрі болмаса, қазіргідей күрделенген түрлөрі кездеспейді десе де болады. Мысалы: ...Тақы бұлардан башқа өзгө хатундын тұған бір оғул бар ерді. (163) Йыл ашасун, ыуз үашасын аты нақиши Барыс хан! (141)

Пысықтауыш. «Тауарих» мәтініндегі пысықтауыш мүшениң де қазіргі қазақ тіліндегі пысықтауыштардан айырмашылығы жоқтың қасы. Қазіргі бар пысықтауыш түрлерінің бері де шығарма мәтінінде кездеседі және олардың жасалуында да пәлендей ерекшеліктер бай-қалмайды. Нақтырақ айтқанда, шығармадағы пысықтауыштар дара да, күрделі де болып келіп, баяндауыштардың әр түрлі белгілерін (мезгіл, мекен, мақсат, амал, себеп) білдіреді. Сондықтан қазіргі пысықтауыштардың жасалуы мен мағыналық қолданылуы ынғайында олардың әрқайсысына 2-3 мысал келтірейік.

1. Амал пысықтауыш:

а) білән, бірлә шылауларының есімдерге тіркесуі арқылы жасалады: ...Халайиқын адллік білән сурған хан. (140) ...Уа бұ біліклерні өз акым бірлә истинбат қылдым. (196)

ә) Устес сөздерден жасалады: ...Оғуз анлардан башка үйур ерді. (151) ...Хатун үашурун иман келтүрді. (149)

б) Көсемшениң -уб, -б (қазіргі -ып, -п) жүрнағы арқылы жасалады: ...Ол қаум ол күндей бисийар қаум болуб кечтіләр (145). ...Бу күн айттурлар Қайду кечуі теб. (159)

в) -дек (қазіргі -дай, -дей) жүрнағы арқылы жасалады: ...Садафдың дана инжудек сачылды... (141) Бұл жүрнақ негізінен сын есім жасай-

тын тұлға болып есептеледі. Мұндай туынды сын есімдер етістікпен тіркесіп пысықтауыш мүше бола алатындығы сол тұста да болған тәрізді.

г) Зат есімге *-інче* журнағының жалғануы арқылы жасалған үстеулерден болады: ... Чинғиз хан Тайан ханны олтіргендін соң ол хатунны Чинғиз хан могол дәстүрінче никах қылыб алды. (168)

д) Ырықсыз етіске көсемшениң *-а* журнағы жалғануы арқылы жасалады: Черака Байсонқұрның хатунын інегелата алды. (160)

е) Сын есімнің салыстырмалы журнағының *(-рақ)* зат есімге жалғануы арқылы жасалады: ... Чинғиз хан Илжитай нойанны барча қарындашларыдан муны дусрак тутар ерді. (190) Шығармадағы амал пысықтауыштың қазіргі тілден ерекшелігі осы ғана. Өйткені қазіргі қазак тілінде аузыекі қолданыста болмаса, әдеби тілде мұндай қолданыс кездеспейді.

2. Мезгіл пысықтауыштың негізгі мағынасы іс-эрекет, кимылдың жүзеге асу-аспауды мезгіл жағынан нақтылай, айқындаі түсү екені белгілі. Шығармадағы мезгіл пысықтауыштардың да жасалу жолы мен тәсілдері амал пысықтауыштан кем емес.

а) Мезгіл атаулары немесе олардың есімдіктермен тіркеліп келуі арқылы жасалады: ... Кыш уа йаз, ай уа йыл хазинада бар малын йолында ыхсан қылған хан. (140) ... Бу куні айтурлар Қайду кечуі теб. (159) Бір күні тағ өкүзін олтірді. (155) ... Күлкана йыл, ыа'ни сычкан йылы (болгай). Чинғиз хан бу йыллар жасалайыр Мукалы гәйәні сол қолы білән йебірді. (177)

ә) Осы сөздердің жатыс септігінде келуі немесе барыс септікті сөзге дегәч шылауының тіркесуі арқылы жасалады: ... Бу уақытда анларның падшаһы Оң хан ерді. (174) ... Бу үчісі уч қаум болдылар бу заманға дегәч. (160) ... Добун Байан йігітлігте өлді. (156)

б) соң сөзінің бірде негізгі, бірде көмекші мағынада келуі арқылы жасалады: ... Уа соң аны Ауалун ене деб айтурлар ерді. (163) ... Сон заманда анларның уругы үкуши қаум йүрділер. (157) ... Аның оғланлары өз дастаныда келүр, соң айғайтызы. (221)

в) Шығыс септік жалғаулы сөз бері бері көмекші есімнің тіркесіп келуі арқылы жасалады: ... Оң ханның падшаһлығы қадымдың беру кечіб ерді. (174)

г) жазғы, қысқы тәрізді туынды сын есімдерге *-сын* журнағының жалғануы арқылы жасалған мезгіл үстеулерден болады: ... Чинғиз хан бу йылларда йазғысын өз үйінде ерді. Қышқысын меркитнің падшаһы Тоқба бенигеге атланды. (175)

д) Бірлі-жарым жерде соңыратын үстеуі арқылы берілетіні бар. Бұл сөз шығармада аз кездеседі, алайда оның түбірі қазіргі кейін үстеуінің

мағынасында қолданылатын соң сөзімен түбірлес екені анық. Қазіргі тілімізде осы сөзбен түбірлес соңыра үстейі сақталған: ...Моголлар уа түркілер соңыратын бу сөзін суарлар, ликін түрклер йафесні Абулжса хантеб айтурлар уа маҳкан білмеслер. (149)

Міне, келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, мезгіл пысықтауыштың да сол кездегі жасалу жолы алуан түрлі болғанын көреміз. Бұл пысықтауыштардың біразы мезгіл үстелерімен сыйкес келеді.

3. Мекен пысықтауыштардың да жасалуында қазіргіге ұқсастық жақтары мол.

а) Мекен үстелерінен жасалады: ...Агаларың қызыларының йырак түруб, онларны дост туттамадым. (150) ... Уа шілдегі, уа сонғы йүргезүб анларга алтуналы тонлар білән келтүрдүм. (201)

ә) Жатыс септігіндегі мекен, бағыт, кеңістік, орын т.б. осында ұғымдарды білдіретін сөздердің дара және күрделі болып келуінен жасалады: ...Ол йерде Кара ханның оғлы түздө. (149) ...Анын курсағы үстінде түшті. (157) ...Чиңгиз хан ол йерде Оң ханны өлтүрді. (174)

б) Барыс септігі арқылы жасалады: ...Аннапрасына йашаурун барыб, ол қызға айды... (150) ...Оғланлары Отырарны алыб, атасы алдыға келділер. (178) ...Шам білән Иракға тарих мың да бешде мундағ хуруш қылды. (141) ...Күндерде бір күн Огуз йазыға чықты. (150)

в) таба шылауы арқылы жасалады: ...Йафесні күн тұгыш таба иебірді (148).

4. Себеп пысықтауыштың мынадай жасалу жолдарын көреміз:

а) -дын тұлғалы шығыс септікті сабаб сөзінің сілтеу есімдігіне тіркесуі арқылы және осы септіктегі зат есімнен жасалады: ...Бу сабаб-дын анаңы йығалап тазарру қылды. (149) ...Кара ханга қылыш тігді. Ол закымдын оқ өлді. (152)

ә) -уб, -б тұлғалы көсемшелерден жасалады: ...Бір нечәсі өлді, бір нечәсі қорқуб қачты. (158) ...Йолда һәр кішіні йолукса өлдүргүніз. та хабар һәр тарафка чыкмасын теб бу уасийатны қылды. (180)

5. Максат пысықтауыштың жасалуына назар аудапрайық:

а) Учін шылауы арқылы жасалады: ...Анын учін анларны өзімдін йырақ қылдым. (150)

ә) -қалы тұлғалы көсемшеден: ...Тамам ләшкәрлері білән екісі урушқалы атланды. (173)

б) Барыс жалғаулы мақсатты есімшеден: ...Жаһат аңа ат ата-макға кеңештілер. (149) ...Алауан айында Чиңгиз хан бу йылларда урушмакға қаум Алчы татарда шаған татарга атланды. (173)

Сонымен, «Тауарихта» кездесетін пысықтауыш мүше түрлерінің қайсысы да казіргіден алшақ емес екенін осы мысалдар дәлеледесе керек.

5. Бірыңғай мүшелер

Бұл шығармада бірыңғай мүшелер де мол қолданылған. Олар барлық сөйлем мүшелері ынғайында кездеседі. Бірыңғай мүшелер шылаулы да, шылаусыз да, дара да, күрделі де жөне жалпылау есімдіктерімен де келеді.

1) Бірыңғай бастауыш: ...Нечук кім жалайыр, татар, ойрат, меркит ва тақы андын ба'зи қаумлар могул ічінде ерділер. (145) ...Уа һәм Кара хан, уа Ор хан, уа Қор хан, уа Көз хан – бұлар анда пайды болды. (146) ...Кара ханның агасы, інісі, ага оғланлары – барчасы йығылып. Оғыз білән бір-бірісі йетміш беш йылга дегендеген тоқуш қылдылар. (151)

2) Бірыңғай баяндауыш: ...Йыл ашасун, үз үашасун аты ғақшы Барыс хан! (149) ...Йерлерінің аты Йұрсұх, уа Қатан, уа Қаркурм турур. (149)

3) Бірыңғай анықтауыш: ...Анларның шұрты Онан, уа Келуран, уа Тогла деген йерлер ерді. (155)

4) Бірыңғай толықтауыш: ...Конқырат, құрлас, икирас, елжисіген, оріянкыт, кәлгәнүт анлардың онғұнні(н) жүмләсін мөгөлдар ләкин теб айттура. (145) ...Уа Жочи, уа Чагатай, уа Үгітай – бұларны Хорезга ие бірді. (178)

5) Бірыңғай пысықтауыш: ...Қыши уа йаз, ай уа йыл хазинада бар малын ҳақ үолында ихсан қылған хан. (140) ...Онда уа солда сұлтанлар, беклер уа мырзалар ач арсылан тек һәр бір баһадурлар жауап қылур.

(141)

Мысалдардан көрініп тұрғанындей, бірыңғай мүшелердің де жасалуынан ерекше өзгешеліктер байқалмайды. Әйтсе де, бірыңғай мүшелерде қолданылатын жалғаулықтар қазіргіге қарағанда сан жағынан ете шектеулі екенін көреміз. Әсіресе уа жалғаулығы ете жиі қолданылады. Бұл жөнінде Т.Қордабаев: «Шығармада қолданылатын орындарына, атқаратын синтаксистік функцияларына қарағанда уа жалғаулығы сол дәүірдегі ең бір икемді, актив дәнекер болған тәрізді», – дейді. [2,85]

6. Айқындауыш мүшелер

Еңбекте айқындауыш мүшелерден қосалқы айқындауыш пен оңашаланған айқындауыштар кездеседі. Қосалқы айқындауышты табу қыындық келтірмейді. Ал оңашаланған айқындауышты сөйлем мазмұнына қарап немесе контекст ынғайында ажыратпаса, сөйлемдерде тыныс белгілері болмағандықтан, оларды табу қыынға соғады. Жалпы шығарманың негізгі мәтінінде тыныс белгілер болмаған. Оны кейінгі

зерттеушілер қойып отырған. Қосалқы айқындауыштар мынадай жерлерде кездеседі:

а) Қосалқы айқындауыштар негізінен адам аттарымен қатар келіп, оларға берілген қосалқы атақтар, дәрежелер, ру аттарын білдіреді: ...Дастан Чингиз хан Йесуге баһадурның оғлы ерді. (143) ...Төртінчі оғлы Темуге отчиген аттыға ерді. (164) ...Ол қаумның (ічинде) жасалайыр Жамуған деген бар ерді. (158)

ә) Онашаланған айқындауыштар сөз тіркестері және түсіндірмелі сөйлемдер ынғайында кездеседі: ...Ол Хамга өз оғланлары судан атасы ерді, ға ни кара зәңгилер. (148) ...Анларның саны, ер уа хатун білән, ғуз мың ерділер. ...Отчигин ма'нида мөгөллің әсімі ол турур, кім кіңігін отчигин дерлер. ға ни ата-анасының оты, шұрты, малы, туары, қарасы, үтірлігі кіңігі оғлыға қалур.

(165) ...Барча хатунларыдан улугы Аудалун Фұжин Хатун ерді, уа сон аны Аудалун ене деб аутурлар ерді. (163)

7. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

«Тауарихтағы» сөйлем мүшелерінің орналасу ынғайына қарасақ, сол кездін өзінде-ак қазіргі қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің орналасу жүйесі біршама қалыптасып қалғанға ұқайды. Әйткені сөйлемдердің көпшілігі дерлік жіктелген баяндауышқы аяқталып отырады. Сөйлем бастауышы, негізінен, баяндауыштың алдыңғы жағында айқын да, кейде түсіріліп те келе береді. Анықтауыштар өздері анықтайтын сөздердің алдында, толықтауыш пен пысықтауыштар да көбіне етістік баяндауыштың алдыңғы жағында, сөйлемнің мағыналық құрылымына қарай орындарын ауыстырып отырады. Мұндай қалыптаты фы сөйлемдер мына тәрізді болып келеді: ...Чингиз хан бу ғыллар Бұхарага келіб алды, ғам ошбу ғыл оң аның тегрәсіндегі шаһарларны алды. Уа Самарқанды алды. Оғланлары Оттарны алыб, атасы алдыға келділәр. Уа Жочи Йаңы кент, Барчын кент – анларны алыб келді. Уа Жочи, уа Үгетай бұларны Хорезмга иебірді. Такы өзі Термездеке барды. Жайқунды кечті.

(178)

Міне, осы мәтіндегі кез келген сөйлемнің мүшелерінен қазіргі орналасуға тән емес ауытқуларды табу қыын. Сөйлемде ойға қатысты мүшелердің толық болу, болмауына байланысты қазіргідегідей то-лымсыз сөйлемдердің де сол тұста мол пайдаланылғаны байқалады. Мұның өзі одан бұрынғы да (көне түркі т.б.), сол тұстағы да жазба шығармаларға тән құбылыс болғанға ұқсайды. Себебі, сөйлемді ықшамдап, тұжырымдап, айтылар ойдың негізін ғана беру сол кезде басты қажеттілік болған. Қағаз тапшылығы, сонша ұзақ шығармаларды қолмен жазып шығу сөйлемдерді осылай ықшамдап қолдануға

мәжбүр еткен тәрізді. Қалай болғанда да, сөйлем толымсыздығы – осы еңбекке тән құбылыс. Қазіргі тіліміздегі толымсыз сөйлемдер мен бір негізді сөйлемдердің бастауы да осы аталған ерекшеліктерде жатқанын ескермеске болмайтын тәрізді. Әрине, кей сөйлемдердегі ықшамдаулар жеке сөйлем мағынасын бірден түсінуге кындықтар да келтіріп жатады. Дегенмен мұндай түсініксіздіктерден контекст құткарады.

Сонымен, жалпылай алғанда, шығармадағы сөйлемдер құрылымы сөйлем мүшелерінің қазіргі орналасу жүйесіне сәйкес келеді дегеніміз-бен, сөйлем мүшелерінің орналасу жағынан кейір сәйкесіздіктер де байқалады. Мұндай азды-көпті ауытқушылық, шығарманың мазмұндық құрылымы түрғысынан алғанда, елеусіз де болар. Дегенмен, осындағы елеусіз нәрсенің өзі тарихи түрғыдан мәні зор, қажетті нәрсе болып шығуы ёбден мүмкін. Біздінше, мұндай ауытқушылық сол тұста әлі де болса көненің ізі толық жойылып болмағанын көрсетеді. Ал бұл – занды құбылыс. Сөйлем мүшелері қазіргідей белгілі бір орналасу ретін сактай бермейтін көне түркі жазбалары мен қазіргі тілді салыстыра карасақ, «Тауарихтағы» сөйлем құрылымы осының екі арасындағы ерекшеліктерді де камтитын, әсіресе кейінгі дәуір ерекшелігіне жақындығы молырақ екенін көреміз. Міне, сөйлем мүшелерінің орын ауытқушылығы бар сөйлемдер жөнінде әңгіме ету қажеттігі де осында. Сонымен, еңбекте сөйлем мүшелерінің бәрінде де орын ауытқушылық кездеседі.

1) Бастауыштың орын ауысуы. Бастауыштың орын ауысуының бір көрінісі – оның сөйлем сонында айтылуы. Мысалы: ...*Халаиқын адллік білән сурган хан*. ...*Тарихың мың да төртунде пайды болды орыс мамалакатында а'зам хан*. Бастауыштың бұл ауытқуын автордың психологиялық сезімінен туған деп қарауға да болар еді. Себебі, шығарманың алдыңғы кіріспесі орыс патшасы Барыс ханының байлығын, батырлығын, әлілдігін т.б. ерекшеліктерін сипаттайтын мақтауға толы шабытты сөздермен берілген. Алайда, бұндай ауытқу автордың өз атынан айтылған сөйлемдерде де кездеседі: ...*Жаһан ішінде дүнийаның бурчын кездім мен*. *Көб китаблар оқуб һәм білдім мен...* (142) *'Адл уа инсаф хабарін һәм көрдүм мен*. (142) Олай болса, біріншіден, мұндай ауытқулардың тамырын тереңде, яғни көне түркі дәүірінен іздеу қажет тәрізді. Түркітанушылардың тұжырымдарына сенсек, көне түркі дәүірінде, тіпті одан да ертерек, эуелі хабардың баяндау бөлігі яғни баяндауыш айтылып, хабардың иесін білдіретін жіктеу есімдіктері сөйлем сонынан айтылған. Бұған дәлел – қазіргі жіктік және тәуелдік жалғауларының пайда болуы. Тіл тарихын зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл жалғаулар сөйлем сонынан келетін бастауыш қызметіндегі жіктеу есімдіктерінен пайда болған

деп есептейді. Және бұл – ғылымда дәлелденген құбылыс. Егер осы сөйлемдерді қазіргі ғылым деңгейінен карасақ, алдыңғысы – күрделі құрылымдағы атаулы сөйлем, ал соңғысы тілімізде қазір де ретіне қарай қолданылп қалатын – актуализация құбылысының әсерінен болған позициялық ауытқу.

Бұдан шығатын қорытынды – шығарма жазылған тұста бастауыштың сөйлем соңында келуі көне жүйенің ізі ретінде сақталған болса, кейінгі тарихта ол екі қызметті: бірі – күрделі атаулы сөйлем қызметін және осы құрылымда күрделенген сөйлемін бір мүшесін жасау қызметін, екіншісі – сөйлем мүшесін актуальдандырудың құрали қызметін атқаратын дәрежеге дейін өзгерген.

2) Баяндауыштың ауытқуы баста қазіргідегідей коммуникативтік қажеттілікке, соған сай интонациялық ерекшеліктерге (актуализациялық құбылысқа) байланысты болмаған, бұл да сол көнс дәуірден сақталған із деуге болады. Алайда, кейінгі тарихи қолданыста осы қызметке ауысқан. Мысалы: ...Айтурлар, кім Дорбан қаумы андын пайда болды.

(155) Тіледім, кім бізі «Көкнін худайга иман келтуреіл, аңа дост болғыл» теб.

(150) ... Тіледі, кім бізін өзіне муафақат қылгаймыз.

(151)

3) Толықтауыш көп жағдайда баяндауыштан кейін орналасып жатады: ...Коруқты әгәр ашқара қылсам худайга табунмакты, аны оғы білән бірге өлтіргей теб сақынды.

(143) ...Мен тілемесмін үйде олмекни.

(195)

4) Анықтауыштың орын ауысуы өзінің анықтайтын сөзінен кейін де, баяндауыштан кейін де келіп орын ауысуымен көрінді. ...Бу төртісінің ең кішігі(нің) оғы бар ерді Кулун Сақал атлығ.

(155) Екінчи оғы Үгітай ханның – Күтән.

(204)

5) Пысықтауыштың орын ауысуы, әсіресе баяндауыштан кейін келуі – шығармада жиі кездесетін құбылыс. Мысалы: ...Оғландын ақаз келді «менің атымы Оғуз койуының» теб.

(149) ...Бу үчісі уч қаум болдылар бұ заманга дегач.

(160) Сіз анларны өз көңлің бірлән өлтүрмегіл мен а кенешмегүнгә.

(191)

Сонымен, қорыта келгенде, халқымыздың пайда болуымен, оның тарихымен тығыз байланысты осы бірегей еңбекті талдай келіп, оның жай сөйлем синтаксисі жөнінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1-ден, «Тауарихта» қазіргі тіліміздегі жай сөйлемнің барлық түрлері де кездеседі. Соның ішінде, әсіресе, екі негізді жалаң, жайылма, толымды, толымсыз болып келетін жақты кездеседі;

2-ден, еңбекте қазіргі тілімізде кездесетін сөйлем мүшелерінің бәрі де бар. Сөйлемдер құрылымында баяндауыштың орны айрықша;

3-ден, сөйлемдегі бірынғай мүшелер мен оңашаланған мүшелердің түрлері, жасалу жолдары да қазіргіге өте ұксас;

4-ден, сөйлем мүшелерінің орны жағынан қазіргі қолданыска ұқсастығы болғанымен, олардың орын ауысуында біршама ерекшеліктер кездеседі. Бұл ерекшелік шығарма тілін көне түркі жазбаларына жақындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздық Р.Г. Язык «Жами-ат Тауарих». – А., «Наука», 1989.
2. Кордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – А., «Ғылым», 1964.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – А., «Жазушы», 1985.
4. Жұнисбаев К. Қадыргали Жалайыры // Великие ученые Средней Азии и Казахстана. – А., «Наука», 1965.
5. Садуакасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. –А., «Білім», 1996.
6. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. –А., «Мектеп», 1988.
7. Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. –А., «Мектеп», 1986.
8. Гаджиева Н.З. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. –М., «Наука», 1973.
9. 7. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі (оку құралы). – Астана, 2011.
10. Ыскаков А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А., «Мектеп», 1991.

ТІЛДІК ТАЛДАУ ПРАКТИКУМЫ

(ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚУ ҚҰРАЛЫ)

Оқу құралы қазіргі қазақ тілінің барлық салалары бойынша теориялық тұжырымдар мен ережелерді негізге ала отырып талдау-жаттығу жүмыстарын жүргізуін әдіс-тәсілдері мен түрлерін жүйелі көрсетуді максат етеді. Енбек жоғары және арнаулы оқу орындары мен орта мектептерде казак тілінен қосымша пән (факультативтік, элективтік т.б.) ретінде пайдалану үшін оқытушылар мен мұғалімдерге арналып даярланған. Оны мектеп оқушылары, жоғары оқу орнына түсуші талапкерлер, студенттер мен магистранттар және қазақ тілін терең менгергісі келетін кез келген азамат пайдалана алады.

Мазмұны

Алғысөз

1. Фонетикалық талдау
2. Лексикалық талдау
3. Сөзді морфемдік құрамына талдау
4. Сөзжасамдық талдау
5. Морфологиялық талдау
6. Синтаксистік талдау
7. Тыныс белгілеріне талдау
8. Стильдік қателер: түрлері мен себептерін анықтау және болдырмау жолдары
9. Мәтін талдау үлгісі (қосымша ретінде)

Корытынды

Пайдалануга ұсынылатын әдебиеттер

Алғысөз

Егемен еліміздің болашағы оның әр азаматының ұлттық ана тілін қаншалықты терең менгеріп, оны қунделікті тұрмыста, өскелен өндіріс өмірінде, техникалық, экономикалық, ғылыми мәдени қатынастарда қалай қолданып, пайдалана алымен байланысты. Егер тілдің көфам мен адамзат дамуындағы, халық және ұлттың өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасып өсүіндегі аса зор орнын есте ұстар болсақ, талай қиын да килы кезеңді бастан өткізе отырып, бір кезде аса бай, құнарлы да қуатты дәрежеге жеткен қазақ тілінің қазіргі жағдайы мен болашағы әр қазакты ойландырмай қоймайды.

Еркіндікке қол жеткізген жиырма жылдан астам уақыт ішінде қазақ тілінің мәртебесін арттыру бағытында, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын көңеиту, республика азаматтарын мемлекеттік тілді менгеруге бағыттау жолында бөлініп жатқан қаражат та, түрлі іс-шаралар да аз емес. Бірақ, қандай да бір заңнама немесе міндеттеу бұл мәселені толықтай шеше алмайтыны айқын. Тек әр азаматтың адамгершілік, отаншылдық, борышкерлік міндетін тани білуі, сонымен бірге қазақ тілін терен менгеріп қолдануды парызым деп түсінуі ғана мемлекеттік тілдің өз қызметін толықтай атқаруына негіз болады.

Мұндай дәрежеге жетудің басты жолы – жас үрпақты отбасында, одан бері мектепте, жоғары оку орындарында қазақ тілінің қыры мен сырына үлкен азаматтық жауапкершілікпен қанығуға үйрету. Бұл мәселе леге Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауларында, халықаралық, үкіметтік жиындарда, жастармен кездесулерінде үнемі көніл бөліп келеді. Алайда, қазіргі таңда орта мектепті бітіріп, жоғары оку орнына түсken талапкерлердің біршама бөлігі қазақ тілінің теориялық қағидаларын орта мектеп бағдарламасы деңгейінде толық мәнгермелегендігі, мектептен алған азды-көпті (кебінесе жаттанды) білімдерін практикалық тұрғыда дәлелдеп, көрсетіп бере алмайтындығы – көпке белгілі құбылыс болып отыр.

Қазақ тілі пәннің басты мақсаты – оқушыларға тілдің теориялық қағидаларын жан-жақты менгерту екесін еске алсақ, бұл талаптың жүзеге асуында, оку орнының қай деңгейінде болмасын, жаттығу-талдау жұмыстарының рөлі айрықша екені белгілі. Әрине, жекелей алғанда, жаттығу мен талдау жұмыстарының өздеріне тән ерекшеліктері де, қолданылатын орындары да бар. Мысалы, жаттығу жұмыстары, әдетте, білім беру үстінде жеке тақырыптар бойынша өтілестін ережелер мен анықтамаларды дәлелдеу, түсіндіру, есте сақтауға жол ашу мақсатында мұғалімдердің активті рөлі арқылы жүргізілсе, ал талдау тапсырмалары алған теориялық білімнің есте сақталуын бақылау, орнықтыру мақсатында, негізінен оқушының басым әрекеті арқылы мұғалімнің

көмегімен орындалады. Алайда, бұл екі әрекеттің тығыз байланыста жүргізуі жақсы нәтиже беретін ғылымда дөлелденген. Соңдықтан да бұл екеуін «жаттығу-талдау» деп бірге атайды. Сонымен, жаттығу мен талдау жұмыстары мектептегі білім беру үстінде де, үй тапсырмаларын орындағанда да бір-бірімен өте тығыз байланыста жүретін әрекет ретінде жүзеге асырылуы тиис.

Жаттығу-талдау жұмыстары кезінде тілдік бірліктердің барлық түрлері – ең кіші бөлшек дыбыстан бастап жоғарғы бөлшек сөйлемге (тіпті мәтінге) дейін тақырып ынғайына қарай нысана (объекті) етіп алынуы мүмкін. Бірақ олардың өзіндік жүйесін сақтау орынды болады. Мысалы, фонетикалық талдаудың нысанасы жеке тілдік дыбыстардың қызыметін айқындау болып көрінгенімен, ол міндет жеке сөзді нысанана етіп алмайынша жүзеге аспайтыны анық. Соңдай-ақ, лексикалық, сөз-жасамдық және морфологиялық талдаулардың нысаны да сөз болып табылады. Ал синтаксистік талдаудың нысаны осы сөздердің жүйелі тіркесі және сол арқылы жасалған сөйлем мен мәтін болады. Дегенмен, тәжірибелі ұстаздардың басым көпшілігі қандай талдау болса да сөйлем арқылы, сөйлем ішіндегі жеке сөздер мен сөз тіркестерін талдаудың түрлері мен сипаттына қарай ірікten алу арқылы жүзеге асуы қажет деп есептейді.

Қазақ тілінен орындалатын жаттығулар мен талдау жұмыстары жөнінде осы кезге дейін талай еңбектер жарыққа шықты және олардың әр кезеңде өзіндік пайдалы жақтары болып отырды. Бұл еңбектер көбінесе ұстаздардың өз тәжірибесінен жинақталған пікірлері мен көзқарастарын билдіреді. Алайда әр маманың өз тәжірибесі мен өзінің еңбегін жемісті еткен әдіс-тәсілдік қолтанбасы болады. Осындай тәжірибелі ортага салып отыру ортақ міндетті атқаруға – жас ұрпақтың ана тілінің қыры мен сырын терсөн мснгеруіне септігін тигізетіні сөзсіз. Осыны ескере отырып, біз де көп жылғы ұстаздық қызыметіміздің өн бойында қолданған тәжірибемізді көпке ұсынуды ойладық.

Еңбектің басты мақсаты – қазақ тілінен білім берудегі ішін-ара кездесетін олқылықтардың орыннан толтыруға, шәкірттердің өз бетінше ізденіп, білімін көтеруіне, оқытушылардың осы жолда оларға дұрыс бағыт бере білуіне көмектесу. Аталған мақсаттың орындалуында ұсынылып отырган оқу құралының титтей де септігі тиер болса, еңбекіміздің ақталғаны деп білеміз.

Автор.

I. Фонетикалық талдау

Фонетика – тіл дыбыстарын (фонемаларды), олардың жіктелуін, бір-біріне әсер ету (ықпал) заңдарын, буын түрлерін, олардың жасалуын, ұндесуін, сөздердің айтылу-жазылу заңдылықтарын сөйлем ішіндегі сөздердің негізге ала отырып зерттейді. Соңдай-ақ, ол екпін мәселесіне де назар аударады.

Фонетикалық талдау-жаттығу кезінде ең алдымен дыбыс түрлерін есте сактау жаттығулары, содан соң дыбыстарға жіктеу, талдау жұмыстары жүргізіледі. Ол үшін мұғалім фонетика ғылымындағы бұрынғы ізденістер негізінде (А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М. Балакаев, F.Бегалиев, Н.Сауранбаев, С.Кеңесбаев еңбектері) қалыптасқан дәстүрлі қағидалармен бірге кейінгі кездегі көзқарастар мен пікірлер жөнінде де (Ж.Аралбаев, Ә.Жұнісбеков, С.Мырзабеков, З. Базарбаева т.б.) хабардар болғаны жөн. Мысал үшін белгілі фонетист Ә.Жұнісбектің казақ тілі дыбыстарының құрамы мен жүйесі жөнінде гі зерттеулер қорытындысымен таныстыра кетейік.

Галымның қорытындысы бойынша, қазақ тілінде 28 (F, Г-ні қоса есептегенде) тәл әліпби-дыбыстар бар. Оның 9-ы – дауысты дыбыстар, 19-ы – дауыссыздар. Дауыстылар алдымен: 1) құрамына қарай – жалаң (А, Ә, І, I, Ү, Y) және құранды (дифтонг) – (О, Ө, Е); 2) жақтың қатысына қарай – ашық (А, Ә) және қысан (Ы, I, Ү, Y); 3) еріннің қатысына қарай – еріндік (Ү, Y, O, Ө) және езулік (А, Ә, І, I, Е); 4) жасалу орнына қарай – тіл ортасы (Ә, I, Y) және тіл арты (A, Ы, Ү) болып жіктеледі; 5) «Дауыс қатысы барлық дауыстылар үшін ортақ болғандықтан, дауыстылардың жіктелімінде ескерілмейді. Оның есесіне дауысты дыбыстарды ұндесім (сингармонизм) ерекшелігіне қарай: тіл әуез (жуан-жінішке) және ерін әуез (еріндік және езулік) деп бөліп талдауға болады», – деп есептейді Ә.Жұнісбек. Соңда «тіл әуез» термині бұрынғы «тілдің қатысына қарай» деген терминмен сәйкес келеді, яғни дауыстылар тілдің қатысына қарай жуан (A, Ы, Ү, O) және жінішке (Ә,I,Y,Ә,E) болып бөлінеді.

Қазақ тіліндегі тәл дауыссыз дыбыстардың саны – 26. Дәстүр бойынша Қ – K, F – Г дыбыстарының жасалым айырмашылықтарын ескеріп, жеке-жеке дауыссыздар деп есептеп келеді. Ал Ә.Жұнісбек көп жылғы эксперименттің қорытындысында соңғысы алдыңғысының ұндесім варианты екенін дәлелдей, оларды бір дауыссыз деп қарастырады. Сонымен, дауыссыз дыбыстар 1) жасалу орнына қарай – ерін-ерінді дауыссыздар (тоғысынқы және жуысынқы – П, М, Б, У); тіл үшін дауыссыздар (тоғысынқы және жуысынқы – Т, Д, Н, С, З, Р, Ш, Ж, Л); тіл ортасы дауыссыздар (тоғысынқы және жуысынқы – К, Г); тілшік дауыссыздар (тоғысынқы және жуысынқы – Қ, F, Й); 2) дауыс қатысы-

на қарай: қатан дауыссыздар (П, Т, Қ-Қ, С, Ш), ұян дауыссыздар (Б, Д, Ғ-Г, З, Ж) және үнді дауыссыздар (М, Н, Ң, Р, Л, Й, Ү) деп бөлінеді. Осы тұста бір ескеретін нәрсе – дәстүрлі грамматикаларда Й және У дыбыстарын бірде дауысты, бірде дауыссыз, дауысты болған кезде бірде жуан, бірде жінішке деп түсіндіру болып келгені бар. Фалымның бұл екі дыбысты дауыссыздар қатарына қосуының үлкен мәні бар. Бұл дыбыстарды айтқан кезде, басқа дауыссыздар сияқты, алдыңғы жағынан дауысты дыбыстар естіліп тұрады – *бар-ұу (бару), кел-іу (келу), тый, тий (ти), сый, жійі (жсі) т.б.* Осы сөздердегі бұл дыбыстардың бірде дауысты, бірде дауыссыз, бірде жуан, бірде жінішке болуы орфографиялық (ықшамдауға негізделген жазу ережесі) заңдылық деп есептепеді. Қазақ дыбыстарының бүрмалануы да осы себептен. (Бұл жөнінде толығырақ – «Қазақ грамматикасы», Астана, 2002. 11-98-бб). Міне, тіл дыбыстарын ажыратуға арналған талдауларды бастамас бұрын осы бөліністерді бұрынғы дәстүрлі бөліністермен салыстыра отырып түсіндіруді ескерген дұрыс. Бұл жерде профессор Ә.Жұнісбектің тіл дыбыстарын зерттеуде олардың айтылу, естілу, үндесім ерекшеліктерін базаса назарда ұстағанын да ескерген орынды болады.

Сонымен, дәстүрлі және жаңа көзқарастарды салыстыра қарау барысында окушылар тіл дыбыстарының жіктелісі жөнінде теменде-гідей ереже-қағидаларды менгеруге тиіс. Ал мұғалім окушылардың фонетикалық ұғымдарды төзірек есте сактауы және жазуды үнемдеуі мақсатында жіктеліс түрлерін арнайы дыбыстық қысқарту таңбаларымен белгілеп алған дұрыс болатынын ескертуі қажет және оны өзі көрсетуі керек.

I. Тіл дыбыстары өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырау-ұшырамауына қарай (немесе салдырыдың қатысына қарай) – (*с.қ.қ.*) дауысты(Д) және дауыссыз(Дз) дыбыстар деп ажыратылады.

II. Дауысты дыбыстар өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамай, еркін шыгуынан жасалады. Қазіргі қолданыстағы дауысты дыбыстар саны – 12: **а, ә, е, и, о, ө, у, ұ, ү, ы, і, ә** (мұның ішінде қазақ тілінің төл дыбыстары – 9 екені, **и, у** дыбыстарының өзін-дік ерекшеліктері және ә дыбысының тек орыс сөздеріндеған қолданылатыны түсіндірілуі қажет). Олар:

- 1) құрамына қарай – (*қ.қ.*) жалаң (монофтонг): **а, ә, ы, і, ү, ү** (Ж) және құранды (дифтонг): **е, и, о, ө, у** (Кр);
- 2) тілдің қатысына қарай (*т.қ.қ.*) – жуан (гуттураль): **а, ө, ұ, ы, у** (Жн) және жінішке (палагаталь): **ә, ө, ү, і, е, (у), и, ә** (Жк);
- 3) ерін қатысына қарай (*е.қ.қ.*) – еріндік (Ер): **о, ө, ұ, ү, у** және езулик (Ез): **а, ә, ы, і, у, и, ә;**
- 4) жақ қатысына қарай (*ж.қ.қ.*) – ашық (Аш): **а, ә, ө, о, е** және қысан (Кс): **ұ, ү, ы, і, и, у, ә;**

III. Дауыссыз дыбыстар өкпеден шыккан ауаның ауыз құзында кедергіге ұшырап шығуынан жасалады. Қазіргі қолданыстағы қазақ, орыс сөздеріне ортақ дауыссыз дыбыстар саны – 15. Олар:

1) дауыс катысына қарай (*д.қ.қ.*) – катан (К): **п, ф, қ, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч; ұн** (Ұ): **б, в, г, ғ, д, ж, з; үнді** (Ү): **л, м, н, ң, р, й, у;**

2) жасалу орнына қарай (*ж.о.қ.*) – ерін фонемалары (Е): **п, б, в, ф, м, у; тіл фонемалары – тіл алды** (Тал): **т, д, с, з, ш, ж, ң, ң, л, р, тіл ортасы** (Тор): **й, тіл арты** (Тар): **ғ, ғ, қ, ң, ҳ; көмей фонемасы: һ.**

3) айтылу жолына қарай (*а.ж.қ.*) – шұғыл (Ш): **п, б, т, д, қ, қ, ң, ң, м, н, ң; ызың** (Ыз): **ф, в, с, ш, ж, з, ҳ, ғ, л, й, у; діріл** (Др): **р болып бөлінеді. Дыбыстарды жіктеуде дыбыстау мушелерінің қозғалысына, өзара катысына аса мән беріп отыру орынды болады.**

Тіл дыбыстарының айтылу, естілуі (орфоэпиясы) мен оның жазылуы (орфографиясы) арасында айырмашылықтар болады. Соңдыштан олар арнайы тілдік зандалықтар ретінде бескітілген. Бұл зандалықтар оқулықтарда берлген. Бір-екі мысал мынадай:

1. А әрпі *жс, ш* мен *й* әріпперінің ортасында келгенде, ә болып оқылады, бірақ а әрпі жазылады. Мысалы: *шаі/шай, шәйнау/шайнау, жәй/жай, жәйлап/жайлап* т.б...

2. ...*Й, ң, һ* әріппері сөздің басында қолданылмайды (*под сөзінен басқасы*), тек сөздің ортасында және аяғында ғана қолданылады. Мысалы: *жаңа, аң, жай, Қайрат, қаңар* т.б...

Фонетикадан өтілетін тақырыптарға байланысты талдау-жаттығу түрлері мынадай үлгіде болуы мүмкін:

а) Мына сөздердегі дыбыстарды салдырдың катысына қарай (*с.қ.қ.*) ажыратыңыз:

мұғалім: дауыссыз+дауысты+дауыссыз+дауысты+дауыссыз+ дауысты+дауыссыз (ұлғ: Дз+Д+Дз+Д+Дз+Д+Дз);

мектеп: Дз+Д+Дз+Дз+Д+Дз; т.б.

ә) Сөйлем ішіндегі сөздерден дауысты дыбыстарды тауып, жіктеніз: *Қос аққу бізге қарай жузіп келеді* (Ы.Кенебаев).

о : **қ.қ.** – күранды, **т.қ.қ.** – жуан, **е.қ.қ.** – еріндік, **ж.қ.қ.** – ашық, **ж.о.қ.** – тіл арты;

а : **қ.қ.** – жалаң, **т.қ.қ.** – жуан, **е.қ.қ.** – езулік, **ж.қ.қ.** – ашық, **ж.о.қ.** – тіл арты;

і : **қ.қ.** – жалаң, **т.қ.қ.** – жінішке, **е.қ.қ.** – езулік, **ж.қ.қ.** – қысан, **ж.о.қ.** – тіл ортасы;

е : **қ.қ.** – құранды, **т.қ.қ.** – жінішке, **е.қ.қ.** – езулік, **ж.қ.қ.** – ашық, **ж.о.қ.** – тіл ортасы;

ү : **қ.қ.** – жалаң, **т.қ.қ.** – жінішке, **е.қ.қ.** – еріндік, **ж.қ.қ.** – қысан, **ж.о.қ.** – тіл ортасы.

б) Сөйлем ішіндегі сөздерден дауыссыз дыбыстарды тауып, жіктеңіз: *Сарыарқаның сары қымызын аңсан жеткен Шоқан төрениң мінезімен санастыды* (С.Мұқанов).

c : д.қ.қ. – катаң, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – ызын;
p : д.қ.қ. – үнді, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – діріл;
қ : д.қ.қ. – катаң, ж.о.қ. – тіл арты, а.ж.қ. – шұғыл;
n : д.қ.қ. – үнді, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – шұғыл;
ң : д.қ.қ. – үнді, ж.о.қ. – тіл арты, а.ж.қ. – шұғыл;
m : д.қ.қ. – үнді, ж.о.қ. – ерін, а.ж.қ. – шұғыл;
з : д.қ.қ. – ұян, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – ызын;
п : д.қ.қ. – қатаң, ж.о.қ. – ерін, а.ж.қ. – шұғыл;
ж : д.қ.қ. – ұян, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – ызын;
t : д.қ.қ. – қатаң, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – шұғыл;
к : д.қ.қ. – катаң, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – шұғыл;
ш : д.қ.қ. – қатаң, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – шұғыл;
й : д.қ.қ. – үнді, ж.о.қ. – тіл ортасы, а.ж.қ. – ызын.

в) Сейлем ішіндегі асты сызылған сөздерге кешенді дыбыстық талдау жасаңыз: *Жақсы сез – жсан азығы (мақал)*.

c : с.қ.қ. – дауыссыз, с.қ.қ. – қатаң, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – ызын,
ө : с.қ.қ. – дауысты, т.қ.қ. – жіңішке, е.қ.қ. – ерін, ж.қ.қ. – ашық;
з : с.қ.қ. – дауыссыз, д.қ.қ. – ұян, ж.о.қ. – тіл алды, а.ж.қ. – ызын;
а : с.қ.қ. – дауысты, т.қ.қ. – жуан, е.қ.қ. – езулік, ж.қ.қ. – ашық;
ы : с.қ.қ. – дауысты, т.қ.қ. – жуан, е.қ.қ. – езулік, ж.қ.қ. – қысан;
ә : с.қ.қ. – дауыссыз, ү.қ.қ. – ұян, ж.о.қ. – тіл арты, а.ж.қ. – ызын.

Осындай талдау түсінда дыбыс түрлерінің аттарын бас эріптері арқылы қыскартып, жинақтап беруге де болады. Мысалы, *сөз* – (Дз: Қ, Тал, Ыз) + (Д: Жқ, Ер, А) + (Дз: Ү, Тал, Ыз).

Фонетика ауызекі сөйлеу тілі лексикасында және тілмізге ауысып келген кірме сөздерде молынан кездесетін түрлі дыбыстық құбылыстарды да зерттейді. Тілмізге басқа тілден енген кірме сөздердің дыбыстық құрамы түрлі игерулерге түседі: оларды айту кезінде өз тілміздің зандылығына бағындыру мақсатында кей дыбыстарды тілмізде бар басқа дыбыстармен алмастыруға, кей дыбыстарды түсіруге немесе дыбыс қосуға мәжбүр боламыз. Фасырлар бойы үздіксіз жүргізілген осындай әрекеттердің барысында көптеген сөздердің кірмелігі байқалмай, өз сөзіміздей болып кетеді. Бұған араб-парсы тілінен енген, кейбір орыс тілінен енген сөздер күэ бола алады. Осыған байланысты мұғалім сөздердің айтылуы барысында *протеза* (сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы: *ы+лақ*, *ы+рас*, *ұ+руқсат т.б.*), *энтептеза* (сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауысты дыбыстың қыстырылуы: *бөрене – ор*: бревно, *жеребе – ор*: жребий, қас батыр – қаса батыр, *тұп-тұра – тұпа-тұра т.б.*), *элизия* (бунакта қатар келген екі

дауыстының алдыңғысының түсірілуі: *қара ала – қарала, ала алмады – алалмады, жақсы олең – жақсөлең т.б.*), *метатеза* (сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың орын ауыстырулары: *қақпан – қапқан, есіт – есті, еліт – елті, қолғап – қолқап т.б.*), *гапология* (сөз ішіндегі үқсас буындардың бірінің түсірілуі: *балалар – балдар, араластыр – арластыр т.б.*), *дыбыстық үнем* (сөз құрамындағы жеке дыбысты, дыбыстар тіркесін айтпау, үнемдеу, ықшамдау: *алып бар – апар, алып кел – әкел, солай ет – сойт т.б.*) тәрізді құбылыстардың болатыны жөнінде хабардар болып, осындаи құбылыстарға арналған түрлі жаттығулар мен талдаулар орынданату арқылы окушылардың көзін жеткізе білуі тиіс. Бұл әрекет лексемалардың айтылу және жазылу (орфография және орфөпия), дыбыстардың, буындардың үндесу, ықпалдасу (өзгеру) заңдылықтарына байланысты емделік талдау-жаттығу жұмыстарын жүргізу барысында жузеге асады (Бұл жөнінде толығырақ: «Ф.Ш.Оразбаева т.б. Қазіргі қазак тілі. Оқу құралы. – А., 2005» кітабында. 118-164-б.б.).

Бұл тұрғыдағы жаттығулар мен талдау әрекеттерінің бірсынырасы төмендегідей үлгіде жүргізіледі:

а) Айтылуы бойынша жазылған сөздер мен сөз тіркестерін (сөйлемді) дұрыс жазып көрсет: *жасса, сәудегер, сиез, аишиң, поңкіт, Жаңағорған, тұндуқ, тірес, ұстассыс, т.б. Үнер таптай мақтамба (Абай)*. Орындалуы: *жазса, саудагер, съезд, аисын, пункт, Жаңақорған, тұндық, трест, ұстазсыз, т.б. Өнер таптай мақтанба (Абай).*

ә) Жазылу ережесін сактаған мына сөздер мен сөз тіркестерін айтылуы бойынша жаз:

абиыр, бүгінгі күн, жадығойлік, кеюі, қара қоңыр т.б. Орындалуы: абыйұр, бүгінгүгүн, жәдүгөйлүк, кейүү, қарагонұр, т.б.

б) Сөйлем ішіндегі ықпал заңдарын түсіндір (ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдарға жеке-жеке сөйлемдер беруге де болады): *Кейде қабагы түксіеді, кейде бет алнеті құлім қағады (Б.М.)*.

кей+де – ілгерінді ықпал (ұян → ұян);

қабақ(ә) + ы – кейінді ықпал (қатаң ~ ұян ← дауысты);

қақ(ә) + а + ды – кейінді ықпал (қатаң ~ ұян ← дауысты);

в) Дыбыстардың бір-біріне ықпал етуі сөздердің, сөз тіркестерінің айтылуы кезінде жиі кездеседі. Тапсырма үлгісі:

Мына сөздер мен сөз тіркестерін айтылу күйінде жазып, ықпал заңдарын түсіндір: *клубқа, қара көз, қашса, көп бала, ақ жауын, сенбеді, қосиы, Қазанқап, бас жақ*, т.б.

клуп + қа – кейінді ықпал (б~п←қ); қара гөз – ілгерінді ықпал (→);

қаш + ша – ілгерінді ықпал (ш→с~ш); көп пала – ілгерінді ықпал (п→б~п);

ағ жауын – кейінді ықпал ($\kappa\sim\tau\leftarrow\text{ж}$); *сем + беді* – кейінді ықпал ($\text{н}\sim\text{м}\leftarrow\text{б}$);

қош + шы – кейінді ықпал ($\text{с}\sim\text{ш}\leftarrow\text{ш}$); *Қазақ + ғап* – тоғыспалы ықпал ($\text{н}\sim\text{ң}\leftarrow\text{ғ}\sim\text{қ}$);

баш + шақ – тоғыспалы ықпал ($\text{с}\sim\text{ш}\leftarrow\text{ш}\sim\text{ж}$) т.б.

Фонетика буын мен тасымалдауды да зерттейтін болғандықтан, осыған байланысты талдаулар кезінде буын үндестігімен бірге буындардың тұрларіне ажырату, тасымалдау ережелері қоса ескерілпі талданады.

Әдette, буын ондағы дауысты дыбыстардың айтылу ерекшелігіне қарай – *жуан, жіңішке* деп, дауыссыз дыбыстардың дауыстылармен тіркесіп орналасу ынғайна қарай – *ашық, тұйық, бітей* буындар деп бөлінетін белгілі. Ал тасымалдауга болмайтын жағдайлар жөніндеги мына ережелер есте болуға тиіс: 1) бір дауысты дыбыстар тұратын ашық буынды тасымалдауға не жолда қалдырып кетуге; 2) бір буыннан тұратын сөзді тасымалдауға; 3) қысқарған сөздерді тасымалдауға (буындар арқылы қысқарғандардан басқасы); 4) адамның аты-жөндерінің қысқарған дыбыстарын тасымалдауға; 5) қысқарған өлшем бірліктерін сан есімнен бөлек тасымалдауға болмайды.

Сонымен, буын мен тасымалдауға байланысты талдаулар төмендеғідей үлгіде жүргізіледі. Мысалы: *Бұл – ақ құба, сымбатты, қаз мойын, ботақөз сұлу жсан* (I.E.).

Бұл – бір буынды, жуан, бітеу, тасымалданбайды;

ақ – бір буынды, жуан, тұйық, тасымалданбайды;

құ + ба – екі буынды, екеуі де жуан, ашық, буын үндестігі занымен тасымалданады;

сым + бат + ты – үш буынды, үшеуі де жуан, 1,2 – бітеу, 3 – ашық, буын үндестігі занымен тасымалданады;

қаз – бір буынды, жуан, бітеу, тасымалданбайды;

мо + ын – екі буынды, екеуі де жуан, 1 – ашық, 2 – бітеу, үндестік занымен осылай тасымалданады (*мой + ын* емес);

бо + та – екі буынды, екеуі де жуан, ашық буындар;

коз – бір буынды, жіңішке, бітеу, тасымалданбайды;

сұ + лу – екі буынды, екеуі де жуан, ашық буындар;

жсан – бір буынды, жуан, бітеу, тасымалданбайды.

Буынға талдау кезінде де буын тұрларын шартты тұрде әріптегімен және танбалармен беруге болады. (Мысалы: 1,2,..., – буын саны; буын тұрлары: жуан – Ж, жіңішке – ж; ашық – А (немесе – І), тұйық – Т (немесе – І), бітеу – Б (немесе – ІІ). Мысалы: *ботақөз – 3, ЖА + ЖА + жБ* (немесе *Ж[+ Ж[+ ж][]*). Бұл буын тұрларын тез еске сактауға әрі жазуды (уақытты да) үнемдеуге септігін тигізеді.

Осы тұста жоғарыда аталған ықпал заңдарының буындардың өзгерісіне де әсер ететініне көніл бөлінуі тиіс. Мысалы, «қабақ» сөзі екі буынды – қа(A)+ ба(Б), оған -ы тәуелдік жалғауы жалғанса, қа(A)+ба(A)+ғы(A) болып үш буынды сөзге айналады да, екінші бітеу буын соңғы «Қ» дауыссызының кейінгі буынға жылысуынан ашиқ буынға өзгереді. «Қагады» сөзінде де осындай буындық өзгеріс болады.

Фонетиканың жеке тақырыптары бойынша жүргізілген талдау түрлерінен кейін (әсіресе, қайталау сабактары тұсында) «кешенді талдау» жүргізуге болады.

Тапсырма: *саудағер* сөзінде кешенді талдау жасаңыз:

8 дыбыстар (ішінде бір дыбыс екі рет қайталаңады) тұратын 3 буынды сөз;

с – Дз, Қ, Тал, Ыз;

а – Д, Жн, Ез, А;

у – Дз, Ү, Тор, Ыз;

д – Дз, Ү, Тал, Ш;

а – –

г – Дз, Ү, Тар, Ш;

е – Д, Жк, Ез, А;

р – Дз, Ү(a), Тал, Dr.

Сау+да+гер – буын аралығында екі дыбыстық ықпал бар, екеуі де ілгерінді ықпал (...у→да→г...); 3 буынды: Б([]), Жн; А([]), Жн; Б([]), Жк, -*гер* – үндестік занына бағынбайды, осылай тасымалданады.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Дыбыс, әріп, фонемалардың өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары қандай?

2. Тілдік дыбыстар қандай ерекшеліктеріне байланысты «дауысты» және «дауыссыз» деп бөлінеді?

3. Тілмізде қанша дауысты дыбыс бар, олар қалай жіктеледі?

4. Тілмізде қанша дауыссыз дыбыс бар, олар қалай жіктеледі?

5. Тіл дыбыстарының жасалуында дыбыстар мүшелерінің рөлі қандай?

6. Дыбыстардың айтылу мен жазылуында қандай ерекшеліктер мен занылықтар бар, олар қалай айтылады?

7. Сөздерді буынға бөлудің занылықтары қандай, буын түрі нешеу, олар қалай аталауды?

8. Айтылу және жазылу барысында сөздің құрайтын дыбыстарда қандай құбылыстар болады, олар қалай аталауды?

9. Үндестік заны деген не, оның түрлері қандай?

10. Дыбыстардың бір-біріне ықпалы және олардың түрлері қандай?

11. Ерін үндестігін қалай түсіндіруге болады?

12. Қазақ тіліндегі екпіннің рөлі қандай?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Сөйлемдегі дауысты дыбыстарды дыбыстау мүшесерінін катысына қарай ажыратып жазыңыздар.

Бәріміз де қалың баудың көлеңкесіндебір-бір жастықты қолтықша қысын шалжыныт-шалжыны жеттің (Т.Нұрмагамбетов).

2-тапсырма. ІІ, I дыбыстарының жазылу емлесіне мысалдар келтіріп, түсіндіріңіз.

3-тапсырма. Сөйлемдегі дауыссыз дыбыстарды тауып, жіктеп көрсетіңіз.

Аяқ астынан уртиіп, жудеп қалған балаларының зәресін алғысы келмеді ме, Зылиқа жылдам ширап басын көтерді.

4-тапсырма. Сөздің барлық буындарында кездесстін дауыссыздарға мысалдар келтіріп, түсіндіріңіз.

5-тапсырма. Сөйлемдегі сөздерді буынға бөліп, буын түрлеріне сипаттама беріңіз, тасымалданыз.

Бәрі де жазғы каникула тарап кеткен болар деп, чемоданымды алып, вагонның аузына келдім (Ә.Нұршайыков).

6-тапсырма. Сөйлемді айтылуы бойынша жазып, дыбыстық өзгерістерге сипаттама беріңіз.

Ол мінбеке шығып, сөзді неден бастарын білмей біраз бөгелді де, манадан бері үшілмей стаканда тұрган суды тұбіне дейін бір-ақ көтерді (Қ.Жұмаділов).

Өзіндік жұмыс тапсырмаларына қажетті мәтіндер (Фонетикалық талдаудың кез келген түріне осы мәтіндерден жеке сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді алып пайдаланумен бірге, талдау-жаттығу корын басқа да мысалдармен толықтыруға болады.):

1) ...Ентігін басып, тынығып алған соң, тағы да ілгері жылжыды. Темірқазықты бетке алып, сүйт жүріп келеді. Қанша жүргені белгісіз, әйтеүір бірнеше қырқаны асып түсті... Етекке жақындал, Саршоқының мойнағына шыға келгенде, табанының астында жапырлап жанған отты көрді. Өкпе тұсынан жылқы кісінеді. «Жеттім-ау ақыры, деді ол кекірегі қарс айырылып, – мынау дәу де болса, «Кекөзек» колхозының орталығы болар. Шамдары тұнде де сөнбейді екен-ау бұлардың... Жұлдыздай самсап тұр.

Шығыс жақ құлланіектеніп, таң атуға айналды. Қарт тұла бойының қан қақсан ауырганына қарамай, тістеніп, бар қайратын жинап, тағы да алға жылжыды... (Қ.Жұмаділов)

2) ...Кызтумас кемпір сөзуар еken. Өткен-кеткенді айтып, аузы бір тынбады. Ақырында, оны-мұны сұрағыштап, жігітті де сөзге араластырды. Жігіт бөсіп ала жөнелді... Соры арылмаған сорлы жетім боп шықты. Кімнен, қайда туғанын білмейді еken. Кейбіреулердің айтуына қарағанда, Сыр бойында, Қармақшы маңайында туса керек... Қөрмегені де, жоқ еken, білмейтіні де жоқ еken. Келіні екеуі аузын ашып қалыпты.

— Алда байғұс-ай, ә! Соры ашылмаған сорлы-ай, ә! Е-е, шырагым-ай, қорлықты көп көрген екенсін-ay! – деп, кемпір таңдайын қағып, басын шайқай берді... (Ә. Тарази)

3) ...Жазық мандайы жарқырап, қыз түрған жерінен сәл кейін шеңінді де, менің бұзаубас керзі етікті аяғыма бір, әлі шаш өссе қоймаған тақырлау басыма бір қарап, шомбалдау боп біткен тәпелтек бойымды лезде шолып өтті... Өн бермеген құдай маған құнгтап бой да бермеген гой. Қыз байғұс бейнеттеніп қанша қарағанымен, бәйтерек емес, бір жарым метрден аз-ақ асатын тапал бойға қанша бөгеледі...

Әскерде кіші командир, үлкен командир болатынын оның билетін, білмейтіні маған беймәлім. Алайда ол менің кіші командир болым дегенімдібойымның кішілігіне апарып сайды. Әдейі сөйтті ме, жоқ білмегендіктен солай ойлады ма, оны да анғара алмадым. Әйтеуір қыздар оның «көрініп тұр» дегенине ду күліп жіберді. Басымды қайта-қайта сипалап, өзім де күлдім... (Ә. Нұршайықов)

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А., 1992.
2. Кенесбаев I., Мұсабаев F. Казіргі қазақ тілі (фонетика, лексика). – А., 1962.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – А., 1997.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
5. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
6. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

II. Лексикалық талдау

Лексикалық талдаудың басты мақсаты қазақ тілінің лексика саласынан шәкірттердің алған теориялық білімдерін байқау мен оны қолдану мүмкіндіктерін сарапау болғандықтан, мұғалім алдымен оқушыларға тәмендергідей білім түрлерін беруді басшылыққа алады.

Сөздік құрамдағы жеке бірліктердің мағыналарын, оның түрлері мен дамуын, ауысуы мен өзгеруін қарастыратын лингвистиканың саласы *семасиология* деп аталады. Осыған байланысты сөз мағынасын лингвистикада «семантика» деп те атайды. Сөйлем ішіндегі сөздердің

мағынасы екі түрлі болады: тұбір сөздің (тұбір морфеманың) мағынасы – лексикалық мағына болады да, аффикстердің мағынасы – грамматикалық мағына болады.

Қазақ тілінің лексикология саласы сөздің лексикалық мағыналарын (семантикасын) зерттейтін болғандықтан, талдау негізіне тілміздегі барлық сөздердің сөйлем ішіндегі лексикалық мағынасы тұрғысынан жіктелуі алынады. *Лексикалық мағына* – зат, құбылыс, іс-әрекеттің санда бейнеленіп тұрақталған ұғымының мазмұны. Лексикалық мағына – сөздердің бір-бірінен ажыратып танытатын ең негізгі мағына, ол арқылы сөз жеке даралық (единицалық) сипатқа ие болады, ол сөздің басқа мағыналарының тууына негіз болады, сол себепті сөз мағыналарын саралағанда алдымен оның лексикалық мағынасына көніл аударылады.

Лексикалық мағынаның бірнеше типі бар: 1) шындық болмысқа қатысты – *атауыш (тура несе номинатив)* мағына, *аудыс* мағына; 2) шындыққа қатысына қарай – *нақты және дерексіз (абстрактілі)* мағынасы; 3) сөздердің шығу тегіне байланысты – *түпкі* мағына, *туынды* мағына; 4) сөздердің тіркесімділігіне байланысты – *еркін* мағына, *шартты* мағына, *фразеологиялық байлаулы* мағына; 5) сөздердің стилистикалық қызметіне байланысты – *бейтарап* мағына, *бейнелі* мағына, *терминдік* мағына, *поэтикалық* мағына. Лексикалық мағыналардың аталған типтері қолданыс барысында іштей тағы да типтерге бөлініп, арнаулы терминдермен аталады.

Егер біз практикалық тұрғыдан жиі қолданылатын мектеп бағдарламасына сай берілген лексикалық материалдарды негізге алар болсақ, талдау теориясы мынадай терминдермен аталған мазмұнды қамтиды: сөз тұра және ауыспалы мағыналы болып бөлінеді де, сөздің тұра мағынасы олардың жеке тұрған кезінде де, сөйлем ішінде тұрған кезінде де айқын аңғарылады. Ал аудыс мағына – белгілі бір қасиеттеріне қарай шындық құбылысты білдіретін сөздің басқа бір құбылыска атау болуынан туатын және тек сөйлем ішінде ғана айқындалатын мағына. Мұндай мағына заттар мен құбылыстардың қандай да бір ұқсастығына, шектестігіне байланысты сөздің тұра мағынасынан өрбиді. Мысалы: *айыгу* – аурудан жасылу, күннің ашилуы; *жүйрік* – жүйрік ат, жүйрік ой, жүйрік қалам т.б.

Аудыспалы мағыналы сөздер (әдебиетте – көркемдегіш құралдар) семантикалық ерекшеліктеріне (сөйлем ішіндегі мағыналық қолданысына) қарай – жай троптар (тенеу, эпитет), курделі троптар (метафора, метонимия, ирония-сарказм, синекдоха, гипербола, литота), тұракты сөз тіркестері (идиомдық, фразалық) болып жіктеледі. Сондай-ақ, сөздер этимологиялық жасынан: байыргы, басқа тілден енген (кірме), жаңа (неологизм), көнерген (архаизм, историзм), кәсіби (тер-

миндік), диалектілік (говорлық), жаргон сөздер, варваризмдер, табу, эвфемизмдер болып та бөлінеді. Бұларды тілде *nassisiv* (қолданыс аясы шектеулі) сөздер деп те атайды.

Сондай-ақ, сөздер қолданыс ыңғайында синонимдес, омонимдес, антонимдес және көп мағыналы (полисемия) сөздер болып іштей бөлінеді. *Синонимдес сөздер* – мағынасы толық немесе жартылай сәйкес келетін, бір сөз табына жататын сөздер. Сөйлеу барысында бір ұксас мағынада қолданылатын бірнеше сөздер тобы бір синонимдік қатар құрай алады. Тілмізде синонимдік қатар құрай алмайтын да сөздер бар. *Омонимдес сөздер* – мағынасы бір-бірімен байланыссыз, әр түрлі тіл бірліктерінің бірдей дыбыстырып айтылуы. *Антонимдес сөздер* – өздеріне тән сапалық белгілерін сақтап, бір-біріне қарама-қарсы мағынада қолданылатын сөздер. Бұған бір-біріне қарама-қарсы шартты мағынадағы сөдер (*пайды – зиян, биік – аласа, ыстық – суық т.б.*), қымыл-әрекеттің қарама-қарсы бағытын билдіретін сөздер (*ашу – жабу, айырылу – қосылу, бату – шыгу т.б.*) жатады. *Көп мағыналылық* – сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуы. Көп мағыналылық сөздердің алғашқы мағыналарының түрленін дамуы нәтижесінде туған. Мысалы: *түп* – 1) бір нәрсенің ішкі, төмөнгі қабаты (*судың түбі, сөздің түбі, ыдыстың түбі*); 2) түпкір, арғы мағынасында (*түпкі болме*); 3) адамның т.б. шыққан тегі (*түбі қазақ, түбі арган, түбі осы елдік*); 4) бір нәрсенің жаны, қасы (*Мәскеу түбіндегі шайқас*). (Басқа да аталған терминдердің анықтамасын мына сөздіктен табуга болады: Қалиев F. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмे сөздігі. –Алматы, «Сөздік-Словарь». 2005.)

Лексикалық талдау нәтижелі болу үшін білім алушылар аталған лексикалық бірліктерді жеке тақырыптар түрінде өту кезінде түрлі жаттығулар арқылы олардың анықтамаларымын таныстырылған болуга тиіс және әр тақырыптың соңында қаншалықты игерілгендігін байқау мақсатында шағын талдау жұмыстары жүргізіледі. Сабактағы лексикалық талдауга арналған мысалдар жеке сөз, сөз тіркесі және сөйлем күйінде беріліп, жоғарыда аталған лексикалық бірліктердің әркайсысы бойынша жекелей де, топтай да олардың әрекшеліктері мен сипаттары тұрғысынан сараптай талдау тапсырылады. Мысалы:

а) Берілген сөйлемдегі сөздерге лексикалық сипаттама беріңіз: *Атаман екі бүктеле ілгері ұмтылды* (Ә. Сарсенбаев).

атаман – осы сөйлемде тұра мағынада тұр (сөйлемнің мағыналық құрылымына қарай ауыспалы мағынада да жумсала алады);

- омонимдік, антонимдік қатар құрай алмайды;

- синонимдік қатары: әскербасы (казак әскерінің атаманы), топ басшысы (ауыспалы мағынада – үрлардың атаманы, жастардың атаманы т.б.), бұзық, үрдажық, тәртіпсіз (кісі);

- кірме сөз;
- архаизм.

екі бүктеле – ауыс мағынада қолданылып тұр (эпитет);
- омонимдік қатар құрай алмайды;
- синонимдік қатары: еңкею;

- антонимдік қатары: бойын жазу, көтеріле беру, тұра келу т.б.;

- фразалық тіркес;

- байыргы сөз.

ілгері – тура мағынада жұмсалған;
- омонимдік қатары жоқ;

- синонимдік қатары: алға, озық;

- антонимдік сынары: кейін;

- байыргы сөз.

ұмтылды – ауыс мағынада (эпитет) қолданылған;
- омонимдік қатары жоқ;

- синонимдік қатары: ұмысыну, тұра жұғіру, атылу, т.б.

- антонимдік қатары: шегіну, тоқтап қалу, кері кету т.б.

- көп мағыналық қасиеті бар: биікке ұмтылу, мақсатқа ұмтылу, айға ұмтылу(ауыс мағынада), т.б.

- байыргы сөз.

ә) Мына мысалдардағы троп турлерін (көркемдегіш құралдар) ажыратыныз:

*Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жұз, ал-қызыл бет тіл байлайды.
Жұп-жұмыр ақ торғындаі мойыны бар,
Улбіреген тамағын күн шалмайды (Абай К.).*

Қырлы мұрын, ақша жұз, ал-қызыл бет – эпитет;

Маңдайдан түскен – метафора;

Ақша жұз – метонимия (бет орнына);

Тіл байлайды – метафора;

Ақ торғындаі мойын – тенеу.

б) мына сөздердің синонимдік, омонимдік, полисемиялық (көп мағыналық) қатарларын, антонимдік сынарларын табыңыз: **көз** (з.е.), **қара** (ет), **ыстық** (сын е.), **бері** (үст.).

Синонимдік қатары:

көз: шырақ, жанар, қарашақ;

қара: көр, бұрыл, назар сал, көзіңді сал, жүзіңді бұр т.б.

ыстық: ыссы, қайнаган, оттай, жалынды, жүрекке жсақын;

бері: бермен, жақын.

Омонимдік қатар:

көз – 1) адамның (малдың) көзі;

2) ағаштың, матаның көзі (жөнімен жарылмайтын ағашты, жөнімен жыртылмайтын матаны осылай атайды).

Қара – 1) етістік (алдыңа қара);

2) түс (бояу);

3) қарапайым халық (қара халық);

4) аумак, көлем, топ (адамдар тобы);

мал (ірі қара).

Істық – 1) катыстық сынды білдіреді;

2) денеге тұтас шығатын майда берітпе жара;

3) дene қызы.

Бері – жоқ.

полисемиялық қатар:

көз – 1) адамның көзі,

2) терезенің көзі,

3) оттың көзі,

4) күннің көзі,

5) машинаның көзі,

6) иненің көзі,

7) бұлактың көзі, т.б.

қара – 1) түс (қара көйлек),

2) бейне (алыстан қара көрінеді),

3) теріс іс (істің ақ пен қарасы),

4) жағымсыз мінез (қара жүрек, қара бет), т.б.

ыстық – 1) ыстық ас,

2) ыстық жүрек,

3) ыстық сәлем,

4) ыстық жүз (бейне), т.б.

бері – 1) бағыт (аудыдан бері шықты),

2) көмекші сөз (кешеден бері).

антонимдік қатар:

көз – антонимдік қатары жоқ,

қара – ақ,

ыстық – сұық,

бері - ері.

в) Мына сейлемдегі аудыс мағыналы сөздерді тауып, сипаттама берініз: *Тұрмыстың тауқыметінде жүріп, көзін енді ашқан секілді* (*К.Жұмадилов*).

турмыстың тауқыметі – эпитет;

көзін ашқан – метафора.

Лексикалық талдау кезінде ерекше көніл бөлінетін тағы бір тілдік бірлік – **фразеологизмдер (тұрақты сөз тіркестері)**.

Фразеология дегеніміз – құрамындағы сыйнаптардың ете тұрақты болып келетін, колданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Мұнда тіркес құраушы сөздер өздерінің бастапқы тұра мағыналарынан мүлдем немесе жартылай айырылып, өзара жындаста келіп, бір ғана фразеологиялық жалпы мағынаға ие болады. Бұл мағынаға ауыспалылық пен бейнелілік тән.

Ертеректегі еңбектерде (А.Ысқаев, М.Балақаев, Т.Кордабаев) тұрақты тіркестерді идиомдық және фразалық тіркестер деп топтау орын алғып келсе, ал кейінірек шыққан Ә.Болғанбаев пен Ф.Қалиевтің еңбегінде фразеологиялық тұгастық (тұгасып, жындастып, мағыналык жігін ажыратуға келмейтін дәрежеге жеткен – *мұрнынан шашылып жүру, түйені түгімен, биені бүгімен жүстүт т.б.* тәрізді тіркестер), фразеологиялық бірлік (бастағы еркін тіркестен пайда болғандығы білініп тұратын, бейнеленген туынды мағыналы – *ит көйлекті бұрын тоздырган, ит байласа тұргысыз, құлақ естімес жер т.б.* тәрізді сөздер тіркесі), фразеологиялық тізбек (мағынасы мүлдем жойылмағанымен, құнғырт тарта бастаған, көбіне фразеологиялық байлаулы мағынада жұмсалатын – *көк бет, қолаң шаш, жуан жұдырық, көз көрім жер, қалған құлақ т.б.* тәрізді сөздер тізбегі) деп жіктелген.

Фразеоглизмдерді құрылым-құрылышына қарай: а) сөйлем құрылымдас, ә) сөз тіркесі құрылымдас деп, ал беретін мағынасы мен сөз табына қатыстылығы тұргысынан: а) *етістік мағыналы*, ә) *сындық мағыналы*, б) *заттық мағыналы*, в) *үстен мағыналы* деп белу (Ә. Болғанбаев, Ф.Қалиев) тұрақталған. Ал Г.Смағұлова бұған: а) *модаль сөздерден жасалған*, ә) *одагай тұлғалы*, б) *сөйлеу дағдысында қолданылатын фразеоглизмдер* деген түрлерін косады.

Сондай-ақ, тұрақты тіркестер белгілі бір сөз табының мағынасын беретіндіктен сөйлем ішінде сол тобымен мүшелік те қызмет атқарады.

Сонымен, тұрақты тіркестер, әдетте, сөйлем ішінде кездесетін-діктен, оны талдау да сөйлемді не мәтінді тұтас қүйінде алу арқылы жүзеге асады және талдау оның мына белгілерін анықтау бағытында жүргізіледі:

- 1) тұрлеріне қарай;
- 2) құрылышына қарай (жасалуына қарай);
- 3) мағынасына қарай;
- 4) қызметіне қарай.

Сабактағы талдау үлгісі мынадай болады: Сөйлемнен тұрақты тіркестерді тауып, ерекшеліктерін көрсетініз: *Жұмыққа жығып бердің деп, анада бұған қырын қарап қалып еді.* Содан бері бұл жаққа *ат ізін салмай қойды* (Қ.Жұмаділов).

жығып берді – фразеологиялық тұтастық, сөйлем құрылымында (негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесу), көмектесу мағынасындағы етістік, үйірлі мүшениң баяндауышы;

қырын қарап қалып еді – фразеологиялық бірлік, сөйлем құрылымында (үстен мен етістік тіркесі), сойлеспен мағынасындағы етістік, баяндауыш;

ат ізін салмай қойды – фразеологиялық тұтастық, сөйлем құрылымында, келмеу, хабарласпау мағынасындағы етістік, баяндауыш.

Теориялық білімдерін байкау үшін берілетін сұрақтар:

1. Лексикологияның зерттеу нысанына нелер жатады?
2. Сөздік құрам мен сөздік қордың анықтамасы және олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын қалай түсіндіресіз?
3. Сөз мағынасын зерттейтін саланы қалай атайды?
4. Сөз мағынасының түрлерін атанаң. Бұл жөніндегі қазақ ғалымдарының ой-пікірлері қандай?
5. Синоним дегеніміз не, олар қандай жолдармен жасалады?
6. Омоним дегеніміз не, олардың түрлері, қандай жолдармен жасалады?
7. Полисемия дегеніміз не, оны омонимнен қалай ажыратуға болады?
8. Антоним, ерекшеліктері мен жасалу жолдары қандай?
9. Фразеологизмдер дегеніміз не?
10. Фрезеологизмдер қандай жолдармен жасалады, қолданылуы жайында не білесіз?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Мәтіннен ауди мағыналы сөздер мен тіркестерді тауып, сипаттама беріңіз.

Даңқы жер жарған атақты кісілермен жолыққанда, сені қашанда олардың мысы басып тұрады. Манадан бері иығымнан басып тұрган сондай бір сиқырлы салмақтан енді-енді гана арыла бастағандаймын. Оған, сірә, үлкен ғалымның қазіргі қарапайым отырысы, өзіне жан тарта қарайтын ерекше жыныы көзқарасы себеп болған шишиғар (К.Жұмаділов).

2-тапсырма. Мәтіннен кірме сөздерді тауып, сипаттама беріңіз.

Әлекен мені бірінші қабаттағы өзінің кабинетіне бастап апарды. Даға деп аталғанымен, мұнда да әжептәуіржүйназдар қойылған. Ди-ван, орындықтар, үлкен жазу столы тұр. Стол устінде әр түрлі папкалар, сиясы кептей бүркүрап жатқан қолжазбалар (К.Жұмаділов).

3-тапсырма. Көркем әдебиеттен тұрақты тіркес қатысқан 5-10 сөйлем тауып, мағынасын талдаң түсіндіріңіз.

4-тапсырма. «Алыс» сөзінің синонимдеріне сейлемдер құрастырыңыз.

5-тапсырма. «Бақ», «бай» сөздерінің омонимдерін тауып сөйлем құрастыру арқылы мағыналарын талдаң көрсетіңіз.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Құндес қатындардың құдайы берді. Олар бәрін көрді. Бәрін білді. Не көрсе, не білсе, ым-жымы бір көлишектер соның бәрін жілік тізіп, біріне-бірі сол бойда дереу жеткізіп жымыңдаса қалады. Бұл қалай үйден шықса, солай әлгі ым-жымы бір қатындар дереу мұны ымдал, басы түйіспіп, пыш-пыштасып жатқаны. Бұл соны көруі көрсе де, тек есітпеді. Бірақ қөкірегі сезеді. Е, Құдай, байын тастаған қатынның сұртынан тіл безегенде бал тамбай, зәр төгілмеуші ме еді. Мыналар да мұны не қарық қылып жатыр дейсің!.. (Ә.Нұрпейісов)

2) Даңқы жер жарған атақты кіслермен жолыққанда, сені қашанда олардың мысы басып тұрады. Манаңдан бері иығымнан басып тұрган сондай бір сиқырлы салмақтан еді-еңді арыла бастағандаймын. Оған, сірә, үлкен ғалымның қазіргі қрапайым отырысы, өзіне жан тарта қарайтын ерекше жылы көзқарасы себеп болған шығар.

...Мен жадыма сақтап қалғым келіп, Әлекеңнен көпке дейін көз алмай қарап отырдым. Ғалым ағаның терісі жұқарып, шытынап әжімтүсек ажарына, сахараңың сары белінен асып жатқан қасқа жолдай кен мәңдайына, әлі де қайраты қайтпаған толық та тұтас тұлғасына қадалып қараймын...

...Дүниеде қаламнан аскан қару жоқ... Ақ қағазға өшіге өрнек салатын қара сиядан қасиетті не бар бұл жалғанда? Ол қазір мына заманнан роман жазамын де жанықлады. Бұрк-сарқ қайнаған өтпелі дәуір бір қалыпқа түссін, қанды көбігі тарап, сорпасына дәм кірсін... Әйткенмен қолдан қалам түспеуге тиис. Алдағы уақытта тұтас бір әңгімелер топтамасын жазуға бел байлаған... (Қ.Жұмаділов)

3) Хатты оқып, алдымен ішек-сілем қатып күліп алдым. Артынан өзімнің алғашқы лекцияда: «Аға сержант Есенов!» деп орнымнан атып тұрып, одан рұқсатсыз отырмаймын деп қалшиып тұрып алғаным есіме түсіп, кірерге тесік таба алмай, өз-өзімнен қысылған едім. Дегенмен, ...әскер тәртібінің осылай, сүйекке сіністі боп, көпке дейін көңілден кетпегеніне өз басым, бір себептен, өкінбеймін де... (Ә.Нұршайықов)

Әдебиеттер:

1. Калиев F., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – А., 2003.
2. Оразақынова Н.А., т.б. Лексикалық материалдарды сатылай комплексті талдау. Оку құралы. – А., 2005.

3. Синонимдер сөздігі. – А., «Арыс», 2007.
4. Орфоэпиялық сөздік. – А., «Арыс», 2007.
5. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің вариантылығы. – А., 1996.
6. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

III. Сөзді морфемдік құрамына талдау.

Жоғарыда сөйлемде көлданылатын әр сөздің лексикалық мағынасы болатыны жайлы айттылған еді. Алайда, тек лексикалық мағыналық сөздердің өзі хабар білдіретін сөйлем құрай алмайтыны белгілі. Лексикалық мағыналы сөздер грамматикалық қатынастарға түсү арқылы ғана сөйлем құрай алады. Ал грамматикалық қатынастар белгілі бір грамматикалық формалар (тұлғалар) арқылы ғана жасалады. Дәлірек айтқанда, сөздер сөйлем ішіне енгендес түбір құйіндес ғана қолданылып қоймай, қандай да бір құрылымдық-құрамдық өзгерістерге енеді. Бұл олардың өзара мағыналық байланыстарға түсіп сез тіркесін, одан сөйлем құрауы үшін қажет. Сонда сөйлем ішіндегі сөздің өзі белгілі бір бөліктерден құралатын болып шығады. Ол бөліктер тіл ғылымында *морфемалар* деп аталады. Сөйтіп сөйлем ішіндегі сөздердің қандай құрамнан тұратынын білу үшін оларды морфемдік талдауға салу қажет болады. Мұндай талдау алдағы сөзжасамдық және морфологиялық талдауларды менгеру үшін қажетті баспалдақ та болып есептеледі.

Сөздерді морфемдік құрамына қарай талдау үшін, алдымен морфеманың анықтамасын біліп алу керек. *Морфема дегеніміз – тілдің грамматикалық мағына білдіре алатын ең кіші болшегі* («Қазақ грамматикасы», 176-б.) (салыстырыныз: «Ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі» – сөздік: Қалиев F., 219-б.). Анықтамадағы «грамматикалық мағына» дегеніміз сөйлеу барысында (контексте) сөздің лексикалық мағынасының үстіне түрлі грамматикалық категориялар арқылы жамалатын қосымша мағына болып табылады. Осы қағидалар білім алушыларға жаттығулар арқылы түсіндіріледі. Грамматикалық мағынаның лексикалық мағынадан айырмашылығы да осында. Сондай-ақ, морфемалардың *түбір морфема, қосымша морфема* және *көмекші морфема* болып бөлінетінін, олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін танытатын анықтамаларын біліп алу орынды. Мысалы, түбір морфема – құрылышы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі, негізі, онда лексикалық мағына да, грамматикалық мағына да болады, сондықтан сөйлемде түбір құйінде де қолданыла алады, ал қосымша және көмекші морфемалар – сөздің өз алдына жеке тұрып ешбір мағына бере ал-

майтын бөлшегі, сондықтан олар тек түбір морфемаларға қосылып не тіркесіп, соған әртүрлі қосымша грамматикалық мағыналар үстей алады (көмекші тіркескен сөз *көмекшілі сөзформа* деп те аталады). Сонымен бірге, түбір мен қосымшалардың дара және күрделі болуы, қосымшалардың жалғау және жұрнақ болып бөлінуі, олардың іштей жіктелістері (жалғаулар – көптік, септік, тәуелдік, жіктік; жұрнектар – сөз жасаушы, сөз түрлендіруші) туралы да, көмекшілердің түрлері (есім және етістік көмекшілер, шылаулар мен модаль сөздер), түбір мен қосымша және көмекшілердің тіркесу, орналасу заңдылықтары туралы да алдын-ала мәліметтер берілген болуы тиіс.

Морфемдік талдаулар сөйлем ішіндегі сөзтұлғаларға (сөзформаларға) жасалады (сөзтұлғаларға – жеке түбір сөздер, түбір сөздерге қосымшалар тіркесу арқылы жасалған сөздер, түбір не қосымшалы сөздерге көмекшілер тіркесу арқылы жасалған күрделі сөздер жатады). Сабактағы морфемдік талдаулар мынадай бағытта жүргізілуі мүмкін:

а) Сөйлемдегі сөздерге морфемдік сипаттама берініз: *Есеней ұзай берген бала жігітке ұзақ қарап қалды* (F.Mұс.).

Есеней – қосымшасыз сөзтұлға, түбір морфема;

ұзай берген – көмекшілі сөзтұлға, *ұзай* – қосымшалы негізгі сөз, *ұза* – түбір морфема, *-й бер* – аналитикалық формант, күрделі қосымша морфема (жұрнақ + көмекші етістік), сөз түрлендіруші; *-ген* – қосымша морфема, жұрнақ, сөз түрлендіруші.

бала – қосымшасыз сөзтұлға, түбір морфема;

жігітке – қосымшалы сөзтұлға, *жігіт* – түбір морфема, *-ке* – қосымша морфема, сөз түрлендіруші, барыс септік жалғауы.

ұзақ – қосымшалы сөзтұлға, *ұза* – түбір морфема, *-қ* – қосымша морфема, жұрнақ, сөз жасаушы;

қарап қалды – көмекшілі сөзтұлға, *қара* – түбір морфема, *-п қал* – аналитикалық формант, күрделі қосымша морфема (жұрнақ+көмекші етістік), сөз түрлендіруші; *-ды* – қосымша морфема, жұрнақ, сөз түрлендіруші.

ә) Морфемаларға мағыналық, қызметтік және категориялық сипаттама берініз: *Ал Мұстафа жаздығүнгі кикілжісінде деңін Айкумістің айтқанынан шығып көрген емес* (З.Ақышев).

ал – көмекші (шылау) морфема, лексикалық мағынасы жоқ; грамматикалық мағынасы – қарсылықты; осы сөйлемді алдыңғы сөйлеммен байланыстыруыш қызметтік атқарып тұр;

Мұстафа – нәлдік тұлғалы түбір морфема, лексикалық мағынасы – кісі есімі; зат есімнің сандық, септік категорияларын нәлдік тұлғада иемденуіне байланысты мынадай қосымша грамматикалық мағыналарға ие: зат есім, жекеше, атау септігінде, 3-жақтық баяндауышпен қызыса байланысқан; бастауыш қызметтінде;

жаздығынгі – қосымшалы сөз, туынды түбір морфема, бастапкы түбірі (жаздығын) кіріге біріккен күрделі туынды түбір (мезгіл атапу), -ғи – қосымша морфема – сөз тудыруши (сөзжасам) жүрнақ, заттың мезгілге қатысын білдіретін сын есім жасап тұр; грамматикалық жағынан алғанда, зат есіммен (*күкілжің*) қабыса байланысып, анықтауыш қызметін аткарып тұр;

күкілжіңде – құрамы жағынан қосымшалы сөз бер септеулік шылаудың (көмекші морфема) тіркесінен құралған біртұтас күрделі сөзтұлға; *күкілжің* – түбір морфема, психологиялық күйдің атапу ретіндегі зат есім, -ғе – қосымша морфема – барыс септік жалғауы, негізгі сөз бер *дейін* шылауының арасын байланыстырады және шылаумен бірге іс әрекеттің мезгілге қатысын білдіретін пысықтауыш мүшениң жасалуына септігін тигізеді;

Айкүмістің – қосымшалы сөз, *Айкүміс* – бірігу арқылы жасалған күрделі түбір морфема, кісі есімі; *-тің* – ілік септігінің жалғауы, тәуелдік жалғаулы сөзбен матаса байланысып, меншік исесі грамматикалық мағынасын туғызады; анықтауыш қызметінде;

айтқанынан шығып көрген емес – тұрақты сөз тіркесінс (айтқанынан шығу) көмекші етістіктер тіркескен күрделі сөзформа: *айтқанынан* – қосымшалы сөз; *айт* – дара түбір морфема, сөйлеу әрекеттің білдіреді; *-қан* – қосымша, етістіктен есімше тудыруши жүрнақ; *-ы* – тәуелдік жалғауы, заттанған қимылдың меншіктілігін білдіреді; *-нан* – шығыс септігінің жалғауы, әрекеттің шығу объектісін білдіреді; толықтауыш қызметінде;

шығып көрген емес – көмекшілі күрделі сөзформа; *шық* – дара түбір морфема, қозғалыс қимылын білдіреді; *-ып көр* – қосымша – аналитикалық формант – амалдың өту сипатын білдіреді; *-ген* – қосымша, сөз түрлендіруші жүрнақ, өткен шақтық мағына білдіреді; көмекшілі сөз баяндауыш құрамында; *емес* – болымсыз мағыналы көмекші морфема, баяндауыш қызметтіндегі күрдесі сөз құрамында тұрып, сөйлемнің болымды мағынасын болымсыздыққа ауыстырады.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Морфема дегеніміз не?
2. Морфтың морфемадан айырмашылығы неде?
3. Сөзформаның (сөзтұлға) әрекшеліктері қандай?
4. Түбір морфеманың әрекшелігі неде?
5. Сөздің қандай бөлшегі қосымша морфема деп аталады?
6. Қосымша морфемалар калай жіктеледі?
7. Көмекші морфемаларга нелер жатады, қызметтері қандай?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Сөйлемдегі сөздерді морфемаларға талдаңыз.

Бел-Аранның ығында отырган балықшылар поселкасының орта тузындағы еңсөлі биік үтіге қатарласа бергенде, сен машинадан қарғын түсіп едің ғой (Ә.Нұрпейісов).

2-тапсырма. Сөйлемдегі сөздерді сөзтұлғага (сөзформаға) ажыратыңыз.

Үш-төрт қадам шегінің, болашақ мүсінді козіне елестеткендегі, аз гана бөгелді де, шапашаң басып барып, сол жақтағы тасқа... жалпақ шапқысын тіреп тұрып, он қолындағы балғамен шық еткізіп, қатарайнаң үш рет шекіді (М.Магауин).

3-тапсырма. Көркем әдебиеттен терілген 5 сөйлемнің түбір морфемаларын тауып, қай сөз табына жататынын анықтанаңыз.

4-тапсырма. Қосымша морфемаларды тауып, сипаттама берініз.

Олар ойда жоқта қалай тез танысса, ойламаған жерден дәл со-лайша тез жақындастып кетті (Н.Ораз).

5-тапсырма. Төмендегі көмекші морфемаларды қатыстырып сөйлемдер құраныз, көмекшілердің қызметі мен мағынасын түсіндіріңіз.

Қасы, соңы, дейін, соң, үшін, да.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Қарашаның жаңбырлы күндері басталды. Ауыл арасындағы қара жол аяқ алғып жүре алмастай, ми батпағы шығып езіліп жатыр. Күн де сүйеттің күнде сүйетті. Аспаннан жаңбыр бір тамса, жапырағын жел тонаған сидам теректердің бұтағынан екі тамшылайды. Айналаның бәрі де көнілсіз. Күз аспаны қанын ішіне тартып, сұрлана жылайды. Көк күмбезі енді қайтып жадырап ашылмайтындей, бұдан былай күн де жарқырап ешқашан шықпайтындей көрінеді...

Ауданнан күніне бір рет қатынайтын пұшық автобустың екі бүйірі сатпақ-сатпақ, миң шығып езіліп жатқан қара жолмен қиқаландап әрен жетті. Бүгін азанда базарға кеткен азын-аулақ адам сөмкелерін, қапшықтарын көтеріп түсіп жатыр... (Н.Ораз).

2) Жас бұзау қалжырай бастады. Аяқтары шалынысып, бұларға ере алар емес. Мұқа қамшымен түрткілеп қаттырақ жүргізген болады. Онысы да ұзаққа созылмайды. Бұзау ақыры біржола жүрістен қалды. Бір кезде сымдай аяқтары маймынып, жол жиегіне құлай кетті.

Мұқа қарадай шаршады. Атынан түскен күйі, жол жиегінде өкпесі сирыйлап жатқан жас бұзауға ұзақ қарады. Аймүйіз бұзауының үстіне түсіп өлеңтін түрі бар. емірене ыңырып, бас салып жалап жатыр. Бұзауының денесінде оның тілі тимеген жері жоқ шығар.

Сәлден соң жас бұзау қалқынып қайтадан тұрды. Енесін еміп әлденгендей болды. Мұқа енді атының мойнынан қыл арқанды шешіп алды

да, бұзаудын мойнына байламақ болды. Шаршап тұр десе де, бұзау денесіне Мұқаның көрі саусағы тиғенде қатты тулады. Мойнына тым дөрекі арқан байланған жас бұзау енесіне еріп, қайта журе бастады... (Т.Нұрмагамбетов).

3) Неге екенин білмеймін, мен әйелдер туралы, олардың жаратылыс-табиғатындағы мәңгілік мазасыздық жайында көбірек толғанымын. Кейде мен әйелді түнгі бөлмеде маздалап жаңып тұрган шыракқа тенегім келеді. Олай дейтінім, шырақ бүкіл бөлмелеге сәуле шашып, нұр таратады. Соның жарығымен үй ішінің құндізгі тіршілігі жалғасып, , шаруасы істеліп, реттеліп жатады. Сағат сайын шырактың майы азайып, бойы аласара береді. Ең соңғы тамшы майы сарқылып, білтесі біткеннен кейін, «ал маған разы болындар» дегендей, қеудеден ақтық рет дем шығарғандай бір дір етеді де, шырақ сөнеді. Ол жан-жағына үздіксіз жарық шашып, қаранғылықты куалаумен бар өмірін өткереді де, мәнгі өшеді. Байқап, барлап қарасақ, әйелдің де өмірі осыған ұқсайтын сияқты... (Ә.Нұршайықов).

Әдебиеттер:

1. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – А., 1986.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – А., 1992.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

IV. Сөзжасамдық талдау

Қазақ тілінің «Сөзжасам» саласы өткен ғасырдың соңғы ширегінде ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеліп (профессор Н.Оралбаева), соңғы онжылдық көлемінде ғана оку орындарының бағдарламалары мен оқулықтарына ене бастады. Бұған дейін қазіргі сөзжасам нысаны болып есептелеғін тілдік бірліктер лексикология мен морфология салаларында қарастырылып жүрді. Мұның өзі сөздердің жасалуына тән теориялық мәселелердің толыққанды шешілмеуімен, сөздерді жасаушы және сөздерді түрлендіруші формалардың өзара ұқсастықтарымен тығыз байланысты болып келді. Қазақ тіл білімінде жинақталған ғылыми деректер мен тілдік материалдар негізінде жасалған зерттеулер «Сөзжасамды» тілдің бір саласы ретінде тұрақтандырыды. Зерттеу жұмыстары тілміздегі атаулардың басым бөлігінің байырғы түбір сөздердің негізінде кейін жаңадан жасалған сөздер екенин көрсетіп берді. Соның негізінде сөздердің жасалуының өзіндік жүйесі бар екендігі, сөздердің жасалуының белгілі тәсілдері мен түрлері, айқындалды, арнайы еңбектер жазылды. Сонымен, сөзжасамға байланысты талдау

түрлерін өз алдына жүргізу мүмкіндігі мен әдістемесі дүниеге келді. Сөзжасамдық талдау кезінде мынадай теориялық мәселелер басшылыққа алынуы тиіс.

Ең алдымен, сөздердің жасалуының қалыптасқан үш тәсілі: *синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдері* есте болу керек. *Синтетикалық тәсіл* (немесе морфологиялық тәсіл) – біздің тілімізде ең көп қолданылатын тәсіл. Мұнда екі тілдік бірлік қатысады: лексикалық мағынасы бар түбір сөз және сөзжасамдық жүрнек. Ал сөзжасамдық жүрнектар: 1) лексикалық мағына жасайтын жүрнектар және 2) лексикалық мағынаны түрлендіретін жүрнектар болып бөлінеді. Әрбір жүрнектенің жеке мағыналарымен бірге жалпы мағыналары болуына байланысты олар әр сөз табына телулі болады. *Аналитикалық тәсіл* (немесе синтаксистік тәсіл) де көп қолданылатын тәсілдің бірі. Мұнда екі я онан да көп сөздер тіркесіп, жаңа мағыналы сөз жасайды. Оның іштей бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым (біріктіру – *Қырықбуын, қолбасы, білеziк т.б.*), 2) қосарлау (*бау-бақша, үлкенді-кішілі, он-он бес, қын-қызыл т.б.*), 3) тіркестіру (*су жылан, елу бес, Алматы қаласы, қызыл-ала т.б.*) және 4) қысқарту (*Асеке, ҚазҰУ, теледидар т.б.*). *Лексика-семантикалық тәсіл* (немесе мағына ауысу тәсілі) бойынша сөздің тұлғасында еш езгеріс болмай, езгеріс оның мағынасында ғана болады. Яғни, сөз сөйлем ішінде қолданылу барысында жаңа мағынаға ие болып, бұрынғы мағынамен қатар жүре береді. Мысалы: *ақ сөзінің мағыналары*: 1) адаптация (ақта құдай жасақ), 2) сұт, айран, қымыз, шұбат тәрізді тағамдар (ақ iшті), 3) ақиқат, шындық мағынасында (*Жұмыр басты пендеге олім ақ*).

Сондай-ақ, бұрын қолданылып жүрген туынды түбір мен туынды сөз терминдерінің айырмашылықтарын білу қажет. Туынды түбір – туынды сөздің бір ғана бөлігінің атауы, яғни жүрнектар арқылы жасалған сөздердің ғана атауы. Ал туынды сөз жалпы сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған барлық сөздердің атауы болып табылады.

Бұдан соң сөзжасамдық бірліктерге жататын *сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық саты* терминдерінің де мәнін білгеннін артықшылығы болмайды. Бұдан кейін әр сөз табының сөзжасамдық ерекшеліктерін білу қажет. Бұл жерде қазіргі тіл білімінде атальп жүрген тоғыз (С.Исаевтың көрсетуі бойынша – модаль сөздермен он сөз табы) сөз табының барлығының бірдей сөз жасамдық сипаты бола бермейтін де есте болады. Бұлардың ішінде көмекші сөздердің (шылау, одағай, модаль сөздер) жасалуының өзіндік ерекшеліктері болатын болса, ал қалған жеті сөз табының (атауыш сөздердің) жасалуында да сөзжасам тәсілдерінің қолданылуы түрлі-түрлі. Міне, осы ерекшеліктер талдау кезінде ескеріліп отырылады.

Сөзжасамдық талдауды негізгі екі бағытта жүргізуғе болады: сөзжасамдық бірліктерді анықтау және сөйлем ішіндегі сөздердің (сөз таптарының) жасалу тәсілдерін анықтау.

1. Сөзжасамдық бірліктерді анықтау бойынша жеке сөздер берілін, ол сөздердің сөзжасамдық ұяға ену қабілеттері, жұптары, тізбек құрау, тарамдалу, саты жасау мүмкіндіктері айқындалады. Мұнданай талдаулар мен жаттыгулар, негізінен синтетикалық (морфологиялық) жолмен жасалуға тиіс сөздерге жүргізіледі. Мысалы, «Қазақ грамматикасында» **жел** деген негізгі түбір сөзден 105 туынды түбір жасалып, олардың бәрі бір ұяға енетінің айтады: **желбекей**, **желбекейле**, **желбезек**, **желде**, **желдет**, **желдік**, **желкем**, **желкек**, **желқом**, **желпіл**, т.б. («Қазақ грамматикасы», 262-б.). Бұл жерде окушы бір ұяға енетін сөздердің ең бастапқы түбірі бір ғана лексикалық сөз болатынын және ол түбірге бір немесе бірнеше жүрнәктар тіркестіру арқылы бірнеше жаңа туынды түбірлер жасауға болатынын және сонымен бірге мұнданай сөздердің әр түрлі сөз таптарына жататынын да біледі. Кез келген лексикалық сөзді алғып, оның сөзжасамдық ұясын жасату окушының сөз байлығын арттыруға да септігін тигізеді. Мысалы, окушы **жол** негізгі түбірінен, ең әуелі тікелей 10 туынды түбір жасалатынын (**жола**, **жолай**, **жолақ**, **жолдас**, **жолдық**, **жолсыз**, **жолиши**, **жолишил**, **жолық**), содан соң осы туынды түбірлерге әр түрлі жүрнәктар жалғау арқылы тағы да бірнеше туынды түбір жасауға болатынын (**жолат**, **жолаушы**, **жолаушылық**, **жолақсыз**, **жолдама**, **жолдастық**, **жолдашыл**, **жолишибай**, **жолықтыр** т.б.) өзі іздену арқылы табады.

Енді, осы бір ұядағы сөздердің өзара **жұп** құратуға болады. Ең аз деген сөзжасамдық ұяда кем дегендे бір немесе екі жұп болады деп есептеледі. Соңдықтан, бір ұяға топтастырылған сөздерді жұптастырып та үйретудің мәні зор. Мысалы, **пай**, **пайши** ұясында бір ғана жұп бар: **пай**—**пайши**; ал бық, быққызы, бықтыр, бықтырғызы, бықтырт, бықтыртқызы ұясында мынадай 5 жұп бар: **бық**—**быққызы**, **бық**—**бықтыр**, **бықтыр**—**бықтырғызы**, **бықтыр**—**бықтырт**, **бықтырт**—**бықтыртқызы**. Сөзжасамдық жұптың қурамындағы сөздердің алдыңғы сыңары сөз тудыруши негіз сөз болады да, екінші сыңары туынды сөз болады. Осы талдау арқылы окушы кез келген түбір сөзден жаңа сөздің жасалуын ғана емес, сол жаңа туынды сөздің өзінен тағы да жаңа туынды сөз жасауга болатынын үйренеді.

Сөзжасамдық ұядағы сөздер өзара **тізбек** құрайды. Тізбек бір немесе бірнеше жүргіткан құралады. Мысалы, **дін** сөзінен жасалған ұяда 8 тізбек болады: 1) **дін**—**діндар**—**діндарлық**, 2) **дін**—**діндар**—**діндарсы**, 3) **дін**—**дінде**, 4) **дін**—**дінді**, 5) **дін**—**діни**—**дінишілік**, 6) **дін**—**дінкор**—**дінкорлық**, 7) **дін**—**дінсіз**—**дінсіздік**, 8) **оін**—**оіншіл**—**оіншілдік**. Соңда,

бастапқы бір түбірден тараған, бірінсі-бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталағы. Сөзжасамдық тізбектің құрамындағы сөздер бір сөз табына да, әр сөз табына да катасты бола береді.

Бір сөзжасамдық ұядағы сөздер сөзжасамдық **сатыларға** және ол сатылардың кез келгені **тарамдарға** (парадигмаларға) жіктеле алады. Жаңа сөздің жасалуына арқау, негіз боллуши сөз бен сөз тудыруышы жүрнектан құралған туынды сөз сөзжасамдық **сатыны** құрайды. Мысалы, *аз* сөзінен жасалған ұяда 4 сөзжасамдық саты бар: 1-сатыға сол сөзден жасалған *аzdыр*, *аzғын*, *аzғыр*, *аzғыш* туындылары енеді де бұлардың өзі бір тарам болып есептеледі. Себебі, сөзжасамдық тарамның құрамына бір сөзден жасалған әр түрлі лексикалық мағыналы туынды сөздер ғана енеді. Нактырақ айтқанда, бір сөзден бір сатыда түрлі жүрнектар арқылы жасалған туынды сөздердің жиынтығы сөзжасамдық тарам деп аталағы. 2-саты алдыңғы сатының құрамында екінші түрган *аzdыр* сөзінен жасалады: *аzdырыл*, *аzdырт*, *аzdырушы*, *аzdыргыш* – бұлардың өзі бір тарам болады. 3-сатыда *аzғыр* сөзінен туындаған *аzғырынды*, *аzғырыл*, *аzғыргыш* туындылары бар. Ал 4-сатыда «*аzғыш*» сөзінен туындаған «*аzғыштық*» сөзі түрледі Анығырақ болу үшін бұл талдауды мынадай үлгіде көрсетуге болады:

1-саты: *аzdыр*, *аzғын*, *аzғыр*, *аzғыш* – бұлар бір тарам болады;

2-саты: *аzdырыл*, *аzdырт*, *аzdырушы*, *аzdыргыш* – бір тарам;

3-саты: *аzғырынды*, *аzғырыл*, *аzғыргыш* – бір тарам;

4-саты: *аzғыштық* – бұның өзі бір тарам.

Кейде бір сатының ішінде бірнеше сөзжасамдық тарам бола беруі мүмкін.

2. Сөз таптарының жасалуын талдауда басты назар олардың жасалу жолы мен сөйлем ішіндегі қызметіне аударылады. Сөздердің синтаксистік қызметі сұрап қою арқылы анықталады. Әр сөздің жасалуында түбір мен қосымшаның (сөз жасаушы және түрлендіруші жүрнектардың) рөлі, сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі және қысқаруы арқылы жасалуы морфологияда, ал мағына арқылы жасалуы лексикология (полисемия – көпмағыналылық, неологизм, терминдер) мен синтаксисте (субстантивация – заттық мағынаға ауысу, адъективация – сын есімдік қызметкес ауысу, адвербализация – үстеге ауысу, прономинализация – есімдікке ауысу, вербализация – етістікке ауысу) мен синтаксисте (субстантивация – заттық мағынаға ауысу, адвербализация – үстеге ауысу, прономинализация – есімдікке ауысу, вербализация – етістікке ауысу) біршама беріліп келді. Алайда, мектеп грамматикаларында көбінесе сөзжасамның алғашқы екі тәсіліне, оның ішінде де сөздердің жасалуы ынғайында сөз жасаушы жүрнектар арқылы жасалатын сөздерге көбірек көnl болінетін. Ендігі жерде курделі сөздердің де, ауыспалы мағыналы сөздердің де сөзжасам құбылысының жемісі

екендігін түсіндіру қажет. Сөз таптарын өткенде талдау осы тұрғыдан жүргізуі керек және мысалдардың сөйлем күйінде, тіпті абзац күйінде алынғаны орынды. Мысалдарға жүгінейік.

а) Сөйлемдерден синтетикалық (морфологиялық) тәсіл арқылы жасалған сөздерді табыңыз, кай сөз табына жататынын анықтаңыз:

1. *Құлаштап сермелген алленешекке Абай мен Төгжан кезек-кезек биктеп түсін, теңсегіл тұрып ән шырқасты (М.Ә.).*

құлаш+та+n – зат есімнен -та жүрнағы арқылы етістік, содан соң -н жүрнағы арқылы етістіктің көсемше түрі жасалып тұр;

серме+л+ген – салт етістіктен -л етіс жүрнағы арқылы жаңа сабакты етістік, содан соң -ген жүрнағы арқылы етістіктің есімше түрі жасалған;

аллен+шек – зат есімге -шек жүрнағы жалғану арқылы жаңа зат есім жасалған (тариҳи тұрғыдан осылай дегенімізben, қазір тұтас түбір ретінде ажыратылмай қарастырыла береді);

бийк+те+n – сын есімге -те жүрнағы жалғанып, етістік жасалған, оған -н жүрнағы жалғанып, етістіктің көсемше түрі жасалған;

түс+ин, теңсег+ин, тұр+ын – етістіктеге -in, -ын жүрнақтары жалғанып, етістіктің көсемше түрін жасаған;

шыр+қа+c – еліктеуіш сөзге -қа жүрнағы жалғану арқылы етістік жасалған, оған -с жүрнағы жалғанып, етістіктің ортақ етіс түрі жасалған.

2. Еріншек егіншіден ерінбеген масақшы артық (мақал).

ерін+шек – етістікке -шек жүрнағы жалғану арқылы сын есім жасалған;

ек(2)+ін+ши – етістікке -ін жүрнағы жалғану арқылы зат есім жасалған, осы туынды түбірге -ши жүрнағы жалғанып, жаңа зат есім жасалған;

ерін+бе+ген – етістік түбірге -бе жүрнағы жалғану арқылы етістіктің болымсыз түрі, оған -ген жүрнағы жалғану арқылы етістіктің есімше түрі жасалған.

ә) Сөйлемдерден аналитикалық (синтаксистік) тәсіл арқылы жасалған сөздерді тауып, тұрларіне қарай түсіндіріңіз:

1. *Жазғытурымызы сай-саланы қуалай ақшан қар суындаи қазақ қолдары тарамданып, жсан-жсаққа аттана бастады (І.Е.).*

жазғы+тұрым – туынды сын есім мен туынды зат есімнің бірігуі (кірігуі) арқылы жасалған күрделі сөз (зат есім);

сай-сала – екі түбір зат есімнің қосарлануы арқылы жасалған күрделі сөз (зат есім);

жсан-жсақ – екі зат есімнің қосарлануы арқылы жасалған күрделі сөз (зат есім);

аттана бастады – негізгі және көмекші сөздің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөз (еістік).

2. Қазгидрометтің хабарлауынша, ТМД-га қарасты батыс мемлекеттерде күн күрт сұйтуы мүмкін (теледидардан).

қаз+гиdro+мет – үш сөздің алдыңғы буындарынан қыскару арқылы жасалған күрделі сөз (зат есім);

T+M+Д – үш сөздің басқы дыбыстарынан қыскару арқылы жасалған күрделі сөз (зат есім);

Теле+дидар – алғашкы сөздің қыскарған басқы буыны мен түбір сөздің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөз (зат есім).

б) Сөйлемдерден лексика-семантикалық жолмен жасалған туынды мағыналы сөздерді табыңыз:

1. *Шалқыган шаңқай тұс кезінде адамның көлеңкесі де саялауга жер таптай, бауырыңа кіріп кетеді (F.Mүс.).*

шалқыган: негізгі мағынасы – еістік, туынды мағынасы – сын есім;

жер: негізгі мағынасы – зат есім (планета), туынды мағынасы – зат есім (орын, мекен);

бауыр: негізгі мағынасы – конкретті (деректі) зат есім (ағза – дене мүшесі), туынды мағынасы – абстрактілі (дерексіз) зат есім (кеуде, құшак).

2. *Қазақ тіліндегі байыргы сөздер негізінен бір не екі буынды болып келеді («Қазақ грамматикасы»).*

тіл: бастапқы мағынасы – дене мүшесі (физиологиялық), туынды мағынасы – сөйлеу аппараты, сөз, лингвистикалық термин;

буын: бастапқы мағынасы – дененің бөліктерін жалғайтын мүше, туынды мағынасы – фонетикалық термин.

Енді осы сөзжасам тәсілдерін әр сөз табын өту кезінде олардың жасалу ерекшеліктерін нақтырақ түсіндіру мақсатында пайдаланып отырудың айрықша мәні бар. Бір-екі мысалы келтірейік:

1) зат есімдердің жасалуы:

а) синтетикалық тәсіл арқылы – қойши, тілші, егінишілік, адамишылық, кісілік, қателік, өсімдік, апталық, екілік, ондық, қаламгер, дәрігер, өнерпаз, жемқор, бөлме, көрме, білім, төзім, бүрге, күлкі, айтыс, құрылыс, бұйрық, білгеш, олишеуш т.б.;

ә) аналитикалық тәсіл арқылы – бәйтерек, елтаңба, белбеу, көкпар, қолбасы, қайнага, қолқанат, жарқанат, Қызылорда, Ақмола, Сырдария, ата-ана, ақыл-айла, ас-су, бала-шага, кемпір-шал, ел-жүргүт, тері-терсек, ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым министрлігі, қасір одагы, Облыстық білім департаменті, ҚР ҰФА, ҚазМҰУ т.б.

б) семантикалық тәсіл арқылы – көк (аспан), мал (байлық), жақын (жакын), жақын (жакын), бас (жұмыстың басы), кітап, «Алға»

(атай), *Бек* (есім), *Ерегіскен* (ел болмайды)..., (*Досы*) көтпен (сыйлас)..., (*Заттың*) жасағасы (жсақсы), (*Достың*) ескісі (жсақсы), т.б.

2) сын есімдердің жасалтуы:

а) синтетикалық тәсіл арқылы – *ауызғы, торғі, артқы, ішкі, кітаптағы, уолі, атақты, икемді, балалы, ақылсыз, көліксіз, даусыз, үйқышыл, өзімшіл, аттай, түгедей, мендей, өлердей, үялас, сыйлас, тікірлес, мұңdas, қойлекшең, ашуашаң, созшең, ескери, мәдени, өнерпаз, білімпаз, ашық, тұнық, жалтақ, адырақ, шығыңқы т.б.*

ә) аналитикалық тәсіл арқылы – *Қара көк, қара шұбар, қызыл ала, торы ала, кішкене- кішкене, үлкен-үлкен, малды-малсыз, орынды-орынсыз, ағалы-інілі, ойлы-қырлы, үлкенді-кішілі, бес кіслік, он адам сиярлық, күн көрерлік, ғылыми-әдеби, әлеуметтік-экономикалық, қолы ашық, бас бос, жөні тузу т.б.*

б) семантикалық тәсіл арқылы – *басқа (кісі), өзге (біреу), темір (күрек), ағаш (үй), батпақ (жер), бояма (мінез), жалдама (еңбек), екпе (шөп), жайылма (сойлем), сүзеген, қашаган, мақтанишақ т.б.*

Осы мысалдарды барлық сөз таптары бойынша жалғастыруға болады. Бір ескеретін нәрсә – сөз таптарының семантикалық тәсіл арқылы жасалуын өту кезінде адъективтену (сындық мағынаға ауысу), субстантивтену (заттық мағынаға ауысу), вербалдану (стістік мағынасына ауысу), адвербиалдану (үстеулену) тәрізді терминдермен таныстыра кету артық болмайды. Сонымен бірге, кез келген сөз табы сөзжасамның осы үш тәсілі ынғайында жасала бермейтіндігін де ескерту кажет. Мысалы, сан есім басқа сөз таптарынан еш уакытта жасалмайды, керісінше, өзі басқа сөз таптарының жасалуына неғіз болады. Сан есімнің жасалуы тек өз ішінде ғана болады (Мысалы, есептік сан есімнен жұрнақтар жалғану арқылы сан есімнің басқа түрлері жасалады, өзара тіркесуі арқылы құрделі сан есімдер жасалады). Қомекші сөздер туралы да осыны айтуда болады. Калай болғанда да, сөзжасамдық талдау окушылардың сөз байлығын арттыруға, ойлау қабілетін жетілдіруге септігін тигізеді. Талдаудың мақсаты да осы болуға тиіс.

Сондай-ақ, сөзжасам лексикологиямен тығыз байланысты болғандықтан, қазіргі кезде тіліміздің құрамында молынан кездесетін көп буынды бірақ түбір мен қосымшаға ажыратуға келмейді деп есептелеңтін сөздерді тарихи-этимологиялық, салыстырмалы талдау неғізінде сөзжасам тәсілдері арқылы жасалғандығын дәлелдестуге болады. Бұл окушыларды қызықтырып, ғылыми ізденістерге жетелейді, тіліміздің баю жолдарын терең білуге итермелейді. Бір-екі мысал келтіре кетейік:

пышақ – қазіргі мағынасы – жүзі өткір, бірнәрсені кесуге арналған темірден жасалған құрал. Бұл сөздің түбір және қосымшадан тұраты-

нын былай дәлелдеуге болады: көне түркі жазбаларында бічку – қазіргі пышақ мағынасында бір нәрсені (күйді) пішуге (кесуге) арналған құрал; біч (піш-пішу) – қазіргі қазақ тілінде де етістік сөз табы ретінде қолданылады, сонда – -ку (қазақ тілінде – -ақ, -ек, -қ, -к, -қы, -кі) етістіктен есім тудыратын жүрнақ болып табылады. Қазір осы негізде жаңа сөздер жасалынуда: тұрақ, ұшақ, санақ т.б.;

буын сөзі үш мағынада қолданылады: 1) өздік етіс тұлғалы етістік (белгіді бу-ын), 2) адам мүшелерінің өзара қосылатын қозғалмалы жері (қолдың буыны), 3) лингвистикалық термин (*ашық буын*). Бұлардың соңғы екеуінің жеке мағыналы сөз болып қалыптасуына бірінші сөздің түбірінің (бу) мағынасы себеп болған. Мысалы, белді буынғанда адам денесі екіге бөлініп тұрған сияқты болып көрінеді. Осылан ұқсату арқылы алғаш дене бөліктерін қосатын жерді, кейін сөзді құрайтын бөліктерді «буын» деп атау қалыптасқан.

Теориялық білімдерін байкау үшін берілетін сұрақтар:

1. Сөзжасам нені зерттейді?
2. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі дегенді қалай түсінесіз?
3. Аналитикалық тәсіл – қандай тәсіл?
4. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздер қалай жасалады?
5. Сөзжасам бірліктеріне нелер жатады?
6. Әр сөз таптаратының жасалуына байланысты талдаулар кезінде соған байланысты қосымша сұрақтарды қойып отыруға болады.

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Мәтін ішінен туынды сөздерді тауып, сөзжасамның қандай тәсілі арқылы жасалғанын түсіндіріңіз.

...Сондай сәттерде егіншілердің қосында аспаз бол жүрген Бибікүз өзін іштей мүжіген қайғыны бір пәс ұмытып, көңіл сергіп қалғандай болатын. Кокірегін кре терең тыныс алтып, жүргегін жаңышып жатқан қайғыны оңашада ауыр курсініспен сыртқа шыгаратын. Салқын да сабат ауда іштегі өрттің жалынын сал де болса жеңілдетуші еді (Н.Ораз).

2-тапсырма. Тәмнедегі түбір сөздерден сөзжасам тәсілдері арқылы қанша туынды сөз жасауға болатынын көрсетініздер.

Жер, көк, бөл, өнер, қара, құс, ақ, бұрыш, сөз.

3-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіз.

...Бұл кезде Мұхтар Әуезов Ленинград университетінің студенті болатын. Денсаулығына байланысты бір жыл Семейде академиялық демалыста болып, 1925 жылы оқуын жалғастыру үшін қайтадан жүрмек болды. Мұхаң сол жылы техникумды тәмамдаган Әлкейге

Ленинградқа бірге кетуге кеңес береді. Сойтіп, аға-інідей туысып кеткен, гылымға сусаган қазақ даласының екі талантты перзенті Ленин қаласындағы білім ордасына бірге сапар шегіп еді... (Қ.Жұмаділов).

4-тапсырма. Көркем шығармалардан зат есімнен жасалған есім сөздері бар сөйлемдер теріп, олардың сөзжасамдық тұлғаларына талдау жасаңыз.

5-тапсырма. Басқа сөз таптарынан сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған етістіктері бар сөйлемдер теріп, сөзжасамдық талдау жасаңыз.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) «Жаксыдан шарапат. Танабай деген бір айналайын бала болып тұр ғой» – дейді Сұлтан. Танабайдың қалада Мақа деген бір жолдасы бар екен. Сол іздең келіпті. Жігіт – шегір көз, арық сары. Танабайдың өзіне сай. Ешкімнің көңілін жыңпайды. Келген күні «ал-алдан» бас тарта алмай, қалбалактап қызып қалды. Сырын ақтарып-ақ салды. Қарт еке-шешесінің қысымымен қызы іздей шығыпты. Сұлтанның үйінде жатып, қарындасты Гүлгаяндарды жақтырып, алмақ болды. Келесі сенбі күні, кешкі сағат бесте келіп, осы ауылда тойын өткізіп, алып кетуге келісіп аттанды... (Ә.Тарази)

2) Баяндамашы кемшіліктерді де ұмыт қалдырған жоқ. Жұмыс тәртібінің босаңсып кеткені, кеш келіп, ерте кетушілердің бар екені еске алынды. Бір-екі жігіт өткен айда жұмысқа арақ ішіп келген екен, олардың сілікпесін шығарды. Содан кейін үстіміздегі бесжылдықтың сапа және тиімділік бесжылдығы екені, қазір шығып жатқан кейбір бұйымдар осы жаңа талапқа сай келмейтіні атап өтілді...

Бұдан кейін жарыссөз басталған. Цех бастықтары, бригада жетекшілері түгелге жуық мінбеге көтеріліп, жанағы Өсербай салған ізбен ете орнықты сөйлеп шықты... (Қ.Жұмаділов)

3) Қалайда, сол жылдар көнілді еді-ау! Әзім астанада тұратын құрылышы ағасының үндеге жатқанмен, көбіне жатақханада жүреді. Табыскер, күйлі ағасы Әзімді келген бойда мұздай қып киіндерді. Бұрын да ақсары әдемі жігіт бас-аяғы сықып киініп алғанда, қыздар тұрсын, көшеде көзі түскен көлденең жүрт бұрылып бір қарамай өтпейтін...

Бірінші курсты бітіріп келгесін Әзім балықшы ауылдың жастарын ұйымдастырып Орынбор жағалауына апарды...

...Ал, Әзім... Залым ғой, өзін жақсы ұстады.

Үлкен орында жүріп әбден ысылып алған. Жүрт алдында кимыл-қозғалысының бері өлшеулі. Сөзі санаулы. Бас изесіне дейін басқа жүрттанды. Қарсыластар жағы сөйлесе де, жақтастар жағы сөйлесе де бет өнінен бір нәрсе анғарып болмайды... (Ә.Нұрпейісов)

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің сөзжасамы. – А., 2002.
2. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – А., 1988.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
4. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері. – А., 2002.
5. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – А., 2003.
6. Орта мектептің «Қазақ тілі» окулықтары.

V. Морфологиялық талдау

Морфологиялық талдаудың ен негізгі түрі – сөз таптаратына талдау. Сөйлемді сөз таптары тұрғысынан талдау үшін, алдымен сөздерді тапқа бөлудің принциптерін (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік), содан соң әр табының жеке-жеке ерекшеліктеріне сай өзіндік белгілерін аса терен және дәл біліп алу керек. Мәселен, сөз таптарының есімдер (зат есім, сын есім, есімдік, үстөу) және етістік, көмекші сөздер (шылау, одағай, көмекші есімдер мен көмекші етістіктер, модаль сөздер) болып бөлінуін, одан соң әр сөз табының өзіндік белгілерін танытатын анықтама-ержелерін, түрлену ерекшеліктері мен мағыналық сипаттарын, сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметтерін білу қажет болады.

1. Зат есімге қатысты талдау жұмыстарын жүргізу үшін оның анықтамасын, құрамы жағынан – дара-құрделі, лексика-семантикалық (мағыналық) жағынан – жалпы-жалқы, деректі-дерексіз, персондық-бейперсондық (адамзат-ғаламзат есімдері) болып бөлінуін, бұл мағыналардың *кім?* және *не?* сұрақтарына жауап беру ынғайында берілетінін біліп алу орынды. Содан соң, зат есімнің өзінс тән грамматикалық категориялары – морфологиялық түрленуі тұрғысынан алғанда, торт түрлі жалғаумен (көптік, тәуелдік, септік, жіктік) түрлене алатыны, бұл жалғаулардың сөздің лексикалық мағынасына үстейтін алуан түрлі грамматикалық мағынасы туралы, сондай-ақ, негізгі және туынды (субстантивтенген) зат есімдердің сөйлемдегі атқаратын мүшелік қызметі туралы да теориялық мәліметтерді біліп алу қажет. Білім алушыларға берілетін бұл мәліметтер зат есім тақырыбына байланысты өтілетін әр сабактың үстінде жүргізілуге тиісті оқу, әдістемелік жұмыстардың, жаттыгу-талдаулардың арқасында жүзеге асады.

Сабактағы зат есімге байланысты талдауларды оның алуан түрлі ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке де, кешенді (комплексті) турде де жүргізуге болады. Мысалы:

а) Мына сөйлемдегі зат есімдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай ажырату қажет: *Күлтай ауылнай болмаганмен, сельсовет мүшесі*

болжып салланды, болыстық кеңес съезіне өкіл болжып отті (Б.Майлин).

Култай – зат есім, жалқы есім, деректі, адам есімі; сұрағы – кім?

ауылнай – зат есім, жалпы есім, дерексіз, адамға қатысты есім; сұрағы – не?

сельсовет – зат есім, жалпы есім, дерексіз, затка қатысты; сұрағы – не?

мүшіе – зат есім, жалпы есім, дерексіз затқа қатысты; сұрағы – не?

кеңес – зат есім, жалпы есім, дерексіз, затқа қатысты; сұрағы – не?

съезд – зат есім, жалпы есім, дерексіз, затқа қатысты; сұрағы – не?

өкіл – зат есім, жалпы есім, дерексіз, адамға қатысты; сұрағы – кім?

Осы талдау үстінде зат есімнің лексикалық сипатты түрғысынан да өзіндік белгілерін қоса талдау кеткен орынды болар еді. Мысалы: **ауылнай** – кірме сөз, орыс тілінен енген (*аулный*), қазактың байырғы съезіне (*ауыл*) орыс тілінің қосымшасы (-*ный*) қосылу арқылы жасалып, сейлеу тілі негізінде қалыптасқан историзм (тарихи) сөз, «орыс тілінде сын есім» болса, қазақ тілінде зат есім мағынасында; «**съезд**» сөзі де – кірме сөз;

мүшіе – казак тіліндегі байырғы сөз негізінде мағынасын кенейту тәсілімен жасалған неологизм (жаңа) сөз, «кеңес», «өкіл» сөздері де – осындей жана сөздер т.б.

ә) Зат есімдердің грамматикалық тұлғаларын анықтап, сипаттама жасаңыз: **Ауқаттылар мен байлардың бәрі қазір жалданған адамдарымен** «Қосшы одагы» арқылы шартқа отырады (С.Мұқанов).

ауқаттылар (субстантивтенген сын есім): -лар – көптік жалғауы, атау септігінің нәлдік тұлғасында, сын есімнің заттық мағынаға ауысуы арқылы бастауыш қызметін атқарып, баяндауышпен 3-жақта байланысады;

байлардың (субстантивтенген сын есім): -лар – көптік жалғауы, -дың – ілік септік жалғауы, меншік иесін білдіреді, тәуелдік жалғаулы сөзбен байланыстырады;

адамдарымен: -дар – көптік жалғауы, -и – тәуелдік жалғауының 3-жағы, меншіктілікте білдіреді, -мен – көмектес септік жалғауы, бірлесіп атқарылған қимылды білдіреді, сөзді етістікпен байланыстырады;

шартқа: -қа – барыс септік жалғауы, қимыл бағытталған затты (объектінің) білдіреді, сөзді етістікпен байланыстырып, тұракты тіркестің жасалуына (шартқа отыру) септігін тигізіп тұр.

б) Сөйлемдердегі зат есімдердің мүшелік қызметін анықтап көрсетіңіз: **Арқатты залға ертін келіп, диванга отыргызыды да, қолына альбом үстаратып, әр алуан фотолармен таныстыра бастады. Орманиш формасында түскен әкесінің суреті, шешесінің суреті** (К.Жұмаділов).

Арқатты – күрмаластың алғашқы сынарының тура толықтауыш мүшесі, сұрағы – *кімді?*;

зalga – осы сөйлемнің мекен пысықтауышы, сұрағы – *қайда?*;

диванға – екінші сынардың жанама толықтауыш мүшесі, сұрағы – *неге?*;

альбом(ды) – үшінші сынардың нөлдік тұлғалы тура толықтауышы, сұрағы – *нені?*;

фотолармен – басыңқы сынардың жанама толықтауышы, сұрағы – *нелермен?*;

орманыш(ның) формасында – екінші сөйлемнің күрделі сын-ки-мыл пысықтауышы, сұрағы – *қалай?*;

әкесінің (шешесінің) – анықтауыш, сұрағы – *кімнің?*;

суреті – баяндауыш, сұрағы – *несі?*.

в) Мына сөйлемдегі зат есімдерге толық морфологиялық сипаттама беріп, сөйлемдегі қызметін айқындау қажет:

– *Хатышы жолдас, маган осы болмеге стол қойып беріңіз. Дүйсенбай істі тапсырысын, маган қол қойдырмай, бір қазазды жөнелтуши болмаңыз* (Б.Майлин).

хатышы – дара, деректі, адамға қатысты, жалпы, нақты, туынды (-ши жұрнағы арқылы жасалған), атау тұлғалы зат есім, сұрағы – *кім?*, қаратпа сөз тіркесінің бағыныңқы сынары;

жолдас – дара, деректі, адамға қатысты, жалпы, туынды (-да+с күрделі жұрнағы арқылы жасалған), атау тұлғалы зат есім, сұрағы – *кім?*, қаратпа сөз тіркесінің басыңқы сынары;

бөлмеге – дара, деректі, нақты заттық мағынадағы туынды (-ме жұрнағы арқылы жасалған), барыс септік жалғаулы (етістік баяндауышпен байланыстырады) зат есім, сұрағы – *қайда?*, мекендік мағынаны білдіріп, пысықтауыш қызметін атқарады;

стол(ды) – дара, деректі, жалпы, нақты заттық мағынадағы, жа-сырын (нөлдік) табыс жалғаулы (-ды), орыс тілінен енген зат есім, сұрағы – *нені?*, баяндауышпен байланысып тура толықтауыштық қата-наста тұр;

Дүйсенбай – күрделі, деректі, жалқы, адам есімі мағынасындағы біріккен атау септікті зат есім (*Дүйсен+бай*), сұрағы – *кім?*, бастауыш қызметінде баяндауышпен З-жакта байланысып тұр;

істі – дара, дерексіз, жалпы, аудиспалы заттық мағынадағы табыс септік жалғаулы (-mi) сөз, сұрағы – *нені?*, қимылға тікелей қатысты затты білдіріп, тура толықтауыш қызметін атқарып тұр;

қол – жеке тұрганда зат есім болғанымен, осы сөйлем ішінде «*қою*» сөзінен бөліні алуга болмайтын тұрақты тіркес құрап, етістіктік мағына да қолданылған;

қагазды – дара, деректі, жалпы, накты заттық мағынадағы табыс жалғаулы (-ды) сөз, сұрағы – нені?, баяндауышпен тұра толықтатыштық катынаста түр.

Талдауды зат есімнің жеке категорияларына арнайы жүргізуге де болады. Мұндайда басқа сөз таптарының сөйлем ішінде келгенде заттану (субстантивтену) қабілетінің болатыны да ескерілуі қажет. Заттану процесі, негізінен, сын есімдер мен етістіктің есімше түрінде болады. Бұл зат есімнің лексикалық тәсілмен жасалуы деп те аталып жүр. Басқа сөз таптары заттанған кезде бастапқы лексикалық мағынасынан түгелдей айырылып, заттық мағынаға толықтай ауысатыны да болады немесе сейлем ішінде басқа сөздермен тіркесу ыңғайына қарай үстіне қосымша заттық мағына үстеп, зат есімдерше түрленетін де болады. Қалай болғанда да, бұлар сөйлем ішінде зат есім ретінде талдана береді. Мысалы: *Бес күн болды, ыстығы қайтпай тұр* (О.Бекей). *Бір қосыннан қырық-елу ғана мінгіш қалғаны бар*(М.Әуезов). *Соқырдың тілегені – екі козі*(мақал).

ыстығы – негізгі сапалық сын есім заттық мағынада тәуелдік жалғауын (-ы) қабылдау арқылы заттанып, бастауыш қызметінде түр;

мінгіш – етістіктен жұннак (-ғиши) арқылы жасалған туынды сын есім атая тұлғада заттанып, бастауыш қызметінде түр;

қалғаны – етістіктің есімше түрі тәуелдену арқылы заттанып, баяндауыш құрамында түр;

соқырдың – сапалық сын есім заттану арқылы ілік септігінде (-дың) келіп, анықтауыш қызметін атқарған;

тілегені – етістіктің есімше түрі заттық мағынада тәуелдік жалғауын қабылдаپ, бастауыш қызметінде келген.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Зат есімдер мағыналық жағынан қандай топтарға бөлінеді?
2. Қөптік мәнді есімдерге қандай сөздер жатады?
3. Қемекші есімдер және олардың ерекшеліктері қандай?
4. Зат есімнің қөптік категориясы қалай жасалады?
5. Септік жалғауларының түрлері, қызметі, мағынасы туралы не білесіз?
6. Тәуелдік категориясының қызметі, мағынасы, жасалуы туралы не білесіз?
7. Зат есім қалай жіктеледі?
8. Зат есім сөйлемде қандай қызмет атқарады?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Мәтін ішінен зат есімдерді тауып, мағыналық (семантикалық) талдау жасаңыз.

Үй ішің жұмынынан: шопандар көш-қон кезінде дүние-мұлкін артып жүрмейтіні мәлім, төрге құрақ көрпе төсөлін, жастық тастаныпты. Дастанхан жайылған, наң туралын, май, қаймақ қойылыпты... Булар шай ішіп бола бергенде үйге көк көз сары қатын кірді. Кабагы түгел, сұзы қатты жан сияқты... (Ә. Тарази).

2-тапсырма. Мәтіндегі зат есімдерге толық грамматикалық талдау жасаңыз.

Ертеңіне Ерекең Мәдібай шалдың былтыр он жылдықты бітіріп, ауылда тракторышы болып қалғанбаласы Қорғанбайга қолқа артып, тұс ауа екеуді кабинасы қызыл, тұмсығы көк селкілдек «Беларусьпен» станцияға тартты. Әкесі марқұм мойнына мініп жасатсаң да мыңқ демейтін үндемес жсан еді. Ұлы да аумаған әкесі көрінеді... (Н. Ораз).

3-тапсырма. Көркем шығармалардан көптік жалғауынсыз көптік мағына беретін сөздері бар сөйлемдер теріп, олардың көптік жалғауынан ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

4-тапсырма. Мына есім көмекшілерге сөйлемдер құрап, олардың түрлену ерекшеліктерін талдап көрсөтіңіздер.

Сырт, қас, маң, жсан, алд(ы), арт(ы), қас(ы), үст(i).

5-тапсырма. Мәтіндегі зат есімдердің синтаксистік қызметтеріне талдау жасаңыздар.

...Машинадан үзап кеткен екен. Күн үясына еңкейіпти. Шығысқа қарай тұра қалып, әдеті бойынша қолеңкесін іздел еді, тұт-тұт ши анық қорсетпеді, қолеңкесімен қоштасуга өзінің де зауқы жсоқ-ты. Отарға ымырт жасбыла қайтып келген... (Н. Ораз).

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Бас аяғы он шакты үйден аспайтын бұл ауыл Арқатқа жақсы таңыс. Соңғы бір жарым ай уақытын осы ауылда өткізді десе де болғандай. Айманға келіп-кетіп жүріп, осындағы орманшы жігіттермен үүрлесіп алған. Әр қуыста бес-алты үйден шашырап отыратын бұл қауым осы төніректе»орман шаруашылығы» дейтін бірлестікті құрайды екен. Өне бойы таза ауада, табиғат аясында жүргендікі ме, адамдары шетінен кен пейіл, ак жарқын. Арқат сәуір айының бас кезінде, бір күні таңертең күнгейде көшет отырғызып жатқан жігіттердің қасына барып, сөлемдесіп танысты да, карап тұрмай күні бойы ағаш етуге көмектесті. Өздігінен келіп кол ұшын берген жігітті орманшылар да шетке қақкан жоқ, бауырларына тартып, жылы қабақ танытты. Кейін сұрастыра келе, оның окудан қашып, бой тасалап жүргенін біліп, жас жігітті тіпті жақсы көріп кетіп еді. Орманшылардың ойынша, қала-дағы жұрт, ақыл білсе, бір-бірлеп осында көшіп келуі керек (Қ. Жұмадилов).

2) ...Өнс бойым жерге желімделіп қалғандай боп, басымды көтертпей, бір ауыр қол желкемнен ныгарлай басып тұрган тәрізденіп, біраз үnsіз жаттым. Танктің тұра маған қарай зымырап келе жатқанын, окопты ойрандап, оның ішінде үnsіз бұғып жатқан зенбірек екеумізді жаныштап, жермен-жексен етіп кететінін біліп жатырмын. Білсем де, танк таптап, жанышса жанышып-ак кетсін, бірақ басымды кетермесе қайтеді деп ойлаймын. Бір кезде дұбір жақындарап, айналам, астым дірілдеп бара жатты. Осы кезде танкке қарсы колданатын гранатты қыса ұстап, орнынан қалай атып тұрганымды өзім де білмей қалдым...

Іә, сонымен, орнынан тұрганнан кейін мен де темір танкten бетер тістеніп, жағым қисая ашылып, бар қуатымды қос қолыма жиып, шокпардай гранатты сілтеп кеп қалдым... (Ә.Нұршайыков).

3) Шал төмен қарай құлдырап аққан жауын суларымен жарқырап көріпген әлгінде митында өздері жүріп келген қиядағы жолға көз салды.

Дәл осы жолмен осыдан он жыл бұрын көшкені есіне түсті. Онда Мұқаның қөнілі ересен куануышты еді. Қасында жана қосылған жас келіншегі, басына құндызы берік кийп, женіл машинаның кабинасында отырған. Екі жүк, екі женіл машинамен көшіп, дәл осы Шырағданнан асып еді-ау.

Озгелер сонда Мұқаға қызыға қарады. Тамсана әңгіме етісті. Сонда Мұқа шал женіл машинаның терезесінен жан-жағына пандана қарап отырып: «Жұртта есік-терезелерім қалып кетіпті-ау. Жарайды біреуді жіберіп алармын» деп ойлаған... (Т.Нұрмағамбетов).

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

2. Сын есім сөз табына қатысты жаттығуларды талдау үшін алдын ала мына теориялық мәселелер жөнінде, атап айтқанда: мағыналық қолданысы жағынан – тұра және ауыспалы болуы, құрамы жағынан – дара және күрделі болуы, жасалуы тұргысынан – негізгі және туынды болуы, лексика-семантикалық жағынан – салалық және қатыстырылған болып жіктелуі, өзіне тән шырай категориясының (салыстырмалы, күшайтпелі) болуы, олардың жасалу тәсілдері туралы мәліметтер беріліп, жаттығу жұмыстары жүргізілуге тиіс. Сондай-ақ, сын есімдердің сөйлемдегі қызметін де ажыратада білуге барынша назар аудары-

лады. Себебі, сөйлем ішінде сын есімнің заттанып (субстантивтеніп) кетуі, керісінше зат есім мен үстеулердің сын есімнің қызметін атқарып кетуі (адъективтену) – жиі кездесетін құбылыс. Мұндайда сын есімнің негізгі анықтауыштық қызметі оның сұрақтары арқылы (қандай? қай?) айқындалады. Сонымен бірге, сын есімнің сөйлем шіндегі тұрақты орны зат есім немесе зат есім қызметіндегі сөздің алдыңғы жагы екені және баяндауыш қызметінде сөйлем соңында да келе беретін ескерілуге тиис. Мұндай мәліметтердің біреуі жөнінде шала түсінік болса, онда талдау нәтижелі болмайды. Ондайда түсінілмеген мәселелер қайта түсіндіріліп, жаттығуларды бірнеше рет қайталауға тура келеді.

Сын есімнің жоғарыда көрсетілген жалпы грамматикалық ерекшеліктерін жеке-жеке талдау нысаны етіп алуға болады. Әйтсе де, талдаудың негізгі бір-екеуіне тоқталайық.

а) Сөйлемнен сын есімдерді тауып, мағынасына және құрамына қарай талдаңыз: *Сүйиқтау, қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. Шымқай қызыл ғұлдердің үлкен шогы бірден назар аударады* (*М.Иманжанов*).

сүйиқтау – дара, ауыспалы, негізгі, сапалак (-*tau* – салыстырмалы шырай жүрнағы арқылы жасалған);

қоңыр – дара, тура, негізгі, сапалық;

шымқай қызыл – күрделі (кушайтпелі шырай арқылы жасалған), тура, негізгі, сапалық;

үлкен – дара, тура, негізгі, сапалық.

ә) Мына сөйлемдегі сын есімдерге толық сипаттама берініз:

Оның сүмбілдей сүп-сүр денесі. жай теңсөлген шолақ көк толқындармен бірде тұмас көміліп, бірде тұмас көрініп, суга қара қоңыр сәле түсіреді (*І.Есенберлин*).

сүмбілдей – дара, тура, туынды (зат есімнен -*дей* жүрнағы жалғану арқылы жасалған), катыстық сын есім, анықтауыштық қызмет атқарады;

сүп-сүр – күрделі, тура, негізгі, сапалақ, күшайтпелі шырайлы (*сүп-буыны* арқылы жасалған) сын есім, анықтауыш (алдыңғы сөзбен екеуі күрделі анықтауыш мүшениң құрайды) қызметінде:

шолақ – дара, ауыспалы, негізгі, сапалық сын есім, күрделі анықтауыштың бір сынары;

көк – дара, негізгі, сапалық сын есім, *шолақ* сөзімен тіркесіп күрделі анықтауыш болады;

тұмас – үстеу қызметіндегі сапалық сын есім, пысықтауыш мүше;

қара қоңыр – күрделі, тура, негізгі, сапалық сын есім, анықтауыш қызметінде.

Осы сөйлемдегі «*тұмас*» сөзі зат есімнің алдында келсе, сын есім қызметін атқарар еді, бірақ осы сөйлем ішінде етістікпен қабыса бай-

ланысу аркылы үстеулік мағынаға ауысып, пысықтауыш қызметін атқарып тұр. Бұл сын есім мен үстеудің, біріншіден, қызмет жақындығын көрсетсе, екіншіден, олардың бірінен екіншісіне ауыса алатындаі мағыналық жақындығының да бар екенін байқатады. Соңдай-ақ, сын есімдер сөйлем ішінде бастауыш та, баяндауыш та, толықтауыш та қызмет атқара береді. Бастауыш пен толықтауыш болуы оның заттану сипатына байланысты болса, баяндауыш болуы затқа тән сапаны, сынды білдіру сипатына байланысты. Мысалы: *Сұнгак бойлы, акқуба қызы, айтары жоқ, әдемі* (К.Жұмаділов).

б) Мына сөйлемдердегі сын есімнің шырай түрлерін ажыратыныз: *Қараойға қараганда Сұлутөбе бойшаңырақ* (F.Мусірепов). Сол ауылда *таныстау бір шал бар еді* (F.Мусірепов). *Аппақ ет, қып-қызыл бет, жасап-жасалаңаши, қара шаш қызыл жүзді жасырғанда* (Абай). Ол *тіптен жақсы адам екен* (А.Тоқмагамбетов).

бойшаңырақ – салыстырмалы шырай;

таныстау – салыстырмалы шырай;

аппақ, қып-қызыл, жасап-жасалаңаши – күшейтпелі шырай;

қара, қызыл – жай шырай;

тіптен жақсы – асырмалы шырай.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Сын есім қандай сөз табы, зат есімге қатысы қандай?
2. Сапалық сын есім деп қандай сын есімдерді айтамыз?
3. Қатыстық сын есімге қандай сын есімдер жатады?
4. Құрделі сын есідер қандай жолдармен жасалады?.
5. Шырай категориясының қандай түрлері бар?
6. Шырайдың қызметі туралы не білесіз?
7. Сын есім сөйлемде қандай қызмет атакарады?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Көркем шығармалардан сын есімдері бар сөйлемдер теріп, оларға семантикалық талдау жасаңыздар.

2-тапсырма. Мәтіндегі сын есімдерге мағыналық және қызметтік талдау жасаңыз.

Сойіт мениң студенттік дәуірімнің алгаишақы күндері өте бастауды. Университетке, оның білік-білік аудиторияларына бойым үйреніп, біртіндең көшелі студент санатына қосылып келе жаттым...

...Оқытушыларымыз да әр түрлі, алуан мінезді адамдар. Мысалы, біреуі биязы, білімдар, басы артық сөзге жоқ кісі. Біреуі байсалды, маңғаз, енді біреуі жеңілtek деген сияқты... (Ә.Нұршайықов).

3-тапсырма. Қатыстық сын есімдерге мысалдар теріп, жасалу жолдарына талдау жасаңыз.

4-тапсырма. Мына шырай жүрнәктары қатысқан сөздері бар сөйлемдер құрастырып, жүрнектардың семантикасына талдау жасаңыз.

-ырақ, -леу, -шыл, -ғылт, -шіл, -ғыш.

5-тапсырма. Көркем шығармалардан күшайтпелі шырайлы сын есімдері бар сөйлемдер теріп, мағыналық ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) ...Төрт жыл бойы майданда санаусыз солдат, сансыз техника, каптаған кала, дервняларды толассыз жалмап отырғанның үстіне арттағы елде көзге көрінгенниң бәрін түк қалдырмай қылғып, жұтып келген жебір соғыстың жойылғанына жарты жыл ғана толған ол кезде студент үшін бір сауыт сиянын қасқалдақтың қанындағы қымбат қазына екенін мен артынан білдім... Кішкентай эсем аппақ қол мен быртықайлау қап-қара қол біріне-бірі тиіскенде электр сымының екі ұшы біріне-бірі жанасып, сол жерден жарқылдап ұшқын ұшып жатқандай, екеуін тез айырып жібермесе, өшпес от тұтанатындағы күй тұған екен...

Бірақ қызы сабырлы болған сайын менен сабыр кете бастады. Оның ақ саусақ, ақ білек, ақ мойынына көзім түскен сайынбуын-буыным құрып, безгекке ұшырағандай бойым қалтырай түсті... (Ә.Нұршай-ықов)

2) Ақ үйден қамыс қалпақ ұзын ерек шықты.

Жап-жасыл, дөп-дөнгелек, көкпенбек далада аппақ үй, ерсілі-қарсылы шапқан жылқы, желі басында иқы-жиқы тізілген құлын, құдыққа асықпай беттеген ұзын ерек, оны айнала зыр жүгірген үлкенде-кішілі ұш ер бала Тарагайдың есіне жағырапия окулығының Онтүстік Америка деген бөліміндегі бір суретті түсірді.

Жылқышы Қанатбай ақ сары кісі екен. Сөзге саран, бірақ тұйық емес, іс-қимылы байыпты, сырлып емес, адамның бетіне тік қарайды, жанарында жұмсақ бір ілтифат бар...

Ақ үйдің іші кен екен, салқын екен, жасаулы екен. Қызыл-жасыл көрпелер төсөліп, кілемдер ілініпті. Төрде аппақ ақ киімешек, ақ кейлек, қара барқыт камзол, әміркен мәсі киген тіп-тік кемпір жайғасыпты. Одан төменірек бала емізіп отырған жалпақ сары келіншек қонақтарды онынан тұрып қарсы алды... (Ә. Тарази)

3) Өзелде қимылы шалт, сөзі шапшаң еді, аздан соң байсал тапты. Жаңа ғана шолақ жаңбыр өткен, күн ала бұлтты, женіл самал; көлеңкелей жайлап жүріп, баяу әңгімелесіп келеміз. Әңгіме болғанда, іші толып кетсе керек, сөйлеуші – Саржан, мен – тыңдаушы ғана. Реніш, кейіссіз, салмақпен айтса да, ауыр әңгіме. Ерте шыққанына өкпелі. Ал менін байыбымша, бәрі керісінше. Ерте танылу – өзгеше бакыт

емес пе. Арындағы өнер алыштарының тағдырын еске алыңыз. Бәрі де жарқырап көтерілген, жалындан өткен. Саржанның соры – заманында. Және... бәлкім, мінезінде. Соншама өткір, өтімді бола тұра, тым жұмсақ, әлде, шектен тыс баққұмар, мансапқор. Мүмкін болған атақтың бәрін алыш бітті, енді кім зорлық жасамақ. Немесе әуелде мол қарпышған, енді карызын өтеп, соның бәрін қайта құсуы керек. Бүгінгі же-руі – тоғайған, күпті көнілден гана... (М.Магаун).

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. –А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

3. Сан есім сөз табының өзіндік ерекшеліктері мен сипаттарын анықтау мақсатында жүргізілетін жаттығу жұмыстары кезінде талдау нәтижелі болу үшін сан есімнің құрамы жағынан дара және күрделі түрлөрі, мағыналық жағынан есептік, реттік, болжалдық, топтық, бөлшектік түрлөрі жөнінде мәліметтер беріледі. Сан есімдер сөйлем ішінде зат есімдермен қатысты болып – анықтауыш, етістіктермен қатысты болып – пысықтауыш, кейде дерексіз ұғым атауы ретінде және ауыспалы мағыналарда келіп – бастауыш, толықтауыш және баяндауыш қызметтерінде болатынын ескеру қажет.

Сан есімдердің аталған ерекшеліктерін таныту мақсатында жеке жаттығулар жүргізілгеннен кейін, берілген мәліметтердің қаншалықты игергенін анықтау үшін жалпы кешенді талдау жүргізуге болады. Бірнеше сөйлемдердегі сан есімдерге талдау жасап көрейік:

...Бір енеден бес едік.

Бесеуіміз жүргенде.

Алашақа болман деуші едік... (Махамбет).

Екеудің үлесі үшеуге үнем (мақал).

Түркү кейде бес, кейде алты мың километр саналатын бұл қамалдың *торттімен үші* осындағы тастан қаланған (Б.Момышұлы).

Төрт мыңдай жылқы сату керек (F.Mусірепов).

бір – дара, тура, есептік, анықтауыш;

бес – дара, ауыспалы (адам, бала мағынасында), есептік, күрделі баяндауыштың негізгі сынары;

бесеуіміз – дара, ауыспалы (әрі сандық, әрі адам мағынасында), жинақтық (-еу жүрнағы арқылы жасалған), тәуелдеулі көпші түріндегі бастауыш;

екеудің – дара, ауыспалы (әрі сандық, әрі адам мағынасында), жинақтық (-еу жүрнағы арқылы жасалған), ілік септік жалғаулы анықтауыш;

үшеуге – дара, ауыспалы (әрі сандық, әрі адам мағынасында), жинақтық (-еу), барыс септікті жанама толықтауыш. Осы тұста мынаны ескеру керек: басқа сан есімдер тіркескен зат есімдері түсіріліп айтылғанда ғана сандық мағынасының үстіне заттық мағынаны қосып алатын болса, жинақтық сан есімдер сол жеке күйінде әрі сандық, әрі заттық мағынаны бірден білдіреді.

бес мың, алты мың – тура, күрделі (бірлік және мыңдық сандардың тіркесі арқылы жасалған), есептік сан есім, анықтауыш;

төрттен уші – тура, күрделі, бөлшектік (шығыс септік жалғаулы арқылы жасалған), тәуелдеулі бастауыш;

төрт мыңдай – тура, күрделі (бірлік пен мыңдық сандардың тіркесі), болжалдық (-дай жүрнағы арқылы жасалған), анықтауыш.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін ұрактар:

1. Сан есімнің өзіндік ерекшеліктері қандай?
2. Есептік сан есім деп қандай сан есімді айтамыз?
3. Реттік сан есім қалай жасалады?
4. Жинақтық сан есім қалай жасалады?
5. Топтық сан есім қалай жасалады?
6. Болжалдық сан есім қалай жасалады?
7. Сан есімдер басқа категориялармен түрлене ала ма?
8. Сан есім сөйлемде қандай мүшелік қызмет атқара алады?

Талдау тапсырмаларының үлгісі:

1-тапсырма. Сан есім кездесетін сөйлемдер теріп, ондағы сан есімдерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

2-тапсырма. Сан есімдердің жазылу емлесіне қатысты сөйлемдер құрастырып, түсінірініздер.

3-тапсырма. Төмендегі тұлғалар сан есімнің қандай түрлерін жасайды, мысалдар көлтірініздер?

-у, -ышы, -ині, -дан, -ден.

4-тапсырма. Болжалдық сан есімдердің жасалу тәсілдерінін әрқайсысына мысал сөйлем құрастырыңыздар.

5-тапсырма. Сөйлемдегі сан есімдерді цифрмен жазу емлесіне сайжазып сөйлем құрастырыңыздар.

Бестіши бөлме; екеуі келді; жасы бестерде; он-оннан байлады.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Саржанның шеберханасы ат шаптырым көрінді. Үлкен ғимараттың астынғы, бірінші этажы. Тұтасымен бе деп едім. Жартысы екен. Екінші қанат – ол да атақты, пәленбай деген ақсақалмұсіншіге тиесілі.

Кең ғана емес биік... Яғни әдепкі пәтер үйдің екі қабатына тақау. Ал аумағына шаршылап бөлсө, кең пәтердің бес-алтауы сиып кетердей.

– Екі жүз тоқсан квадрат метр, – деді менің жан-жағыма аңыра қарғанымды байқап. – Осы жасқа келгенше тапқан жалғыз қазынам. Басқасының бәрін қиратып, түгел қайта жасау керек. Түгел халтура! – деді каткыл үнмен.

Мен ынғайсыздынып, ештеңе дей алмай қалдым.

– Бірақ тәуба... – деді сосын. – Әлі қартая қойғам жоқ. Әлі жасаймын. Бәрін жанадан. Енді бір жиырма жыл тұрсам...

– Қазір жас – отыз...

– ... екі, – деді Сержан.

– Мен де отыз екіге шықтым.

– Міне, көрдің бе, – деді Саржан көнілденіп. – Бар ғұмыр алда... деп бір-бірімізді алдарқатуға жақсы.

– Әдтест мұсіншілер мен сәүлетшілер ұзак жасайды, – дедім мен. – Микеланджело...

– Сексен тоғыз, – деді Саржан. – Леонарда да Винчи – алпыс жеті. Бірақ бұл ақсақалдар әуел бастан тұра жолға түсken. Ал біз... алғашқы он жыл зая кетті!.. (М.Мағаун)

2) – Африка мен Оңтүстік Америка құрлықтарының ажыраганына шамамен екі жүз миллион жыл болған сияқты...

– Қалай? – дедім мен таңқалып.

– Мысалы, Гренландия Европадан жылына отыз бес метр алыстауда. Ал Корсика аралы соңғы сексен жылда шығысқа қарай он-он екі метр жылжыған...

– Қойыңызша! – деп Зайтуна апай таңдайын қақты.

– Еш қалжыны жоқ. Ирландияның Кастер қаласының маңындағы үлкен батпақ 1900 жылдары орнынан «жылжып» бір тәуліктің ішінде жисегіндегі селоны қиратып, «жұтып» қойды. 1957 жылы ФРГ-дағы Фосленберг деген тауды астынан батпақ кеүлеп, ақыры құлатты... (М.Дүйсенов)

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

4. Есімдік сөз табына катысты талдау жұмыстарын жүргізу кезінде бұл сөздердің есім сөздер, соның ішінде заттың атаву және заттың белгісі ұғымындағы сөздер екені, соған байланысты *субстантивтік* есімдіктер және *атрибутивтік* есімдіктер болып бөлінетіні, бірақ олар кай сөз табының орнына колданылса да, сол сөз табының накты мағынасын білдірмейтіні, сол ұғымды не ойды жалпылама мегзеу арқылы ғана білдіретіні ескеріледі. Есімдіктер осы мағыналық сипаттына қарай түрленеді де (мысалы, субстантивтік есімдіктер зат есімдерше түрленеді де, атрибутивтік есімдіктер түрленбейді), сол ерекшелік негізінде синтаксистік қызмет атқарады.

Есімдіктер мағыналық жағынан *жіктеу*, *сұрап*, *сілтеу*, *өздік*, *белгісіздік*, *болымсызыңық*, *жалтылау* болып бөлінетіні белгілі. Талдау есімдік түрлерінің әрқайсысының өзіне тән морфологиялық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметтері жөнінде білім алушының то-лық әрі нақты мәліметтері болғанда ғана нәтижелі болады. Мәселең, жіктелу құбылысы есімдіктердің бәріне бірдей тән болмайтыны тәрізді септелеу мен тәуелдену құбылысы да есімдіктердің бәріне бірдей тән емес. Сондай-ақ, есімдіктер септелген жағдайда олардың түбірлерінде дыбыстық өзгерістер болады. Қайсыбір есімдіктер жаңа сөз жасауга негіз болса, қайсыбірі оған көнбейді. Есімдіктердің күрделі түрлерінің жазылуында да өзіндік ерекшеліктер бар.

Есімдіктер жөнінде теориялық мәлімет беру кезінде олардың жеке түрлеріне байланысты түрлі жаттығу жүргізіледі. Талдау, негізінен, корытынды, қайталу сабактарында орындалғаны дұрыс болады. Сабактағы талдау түрлері мұнадай болуы мүмкін:

а) Сейлемдердегі есімдіктердің қандай мағыналы сөздер орнына колданылып тұрғанын және түрлерін анықтаңдар: *Қасендікінде Төлеген отыр* екен. *Ол сонда қызмет қылатын. Бұл жол – жұмаққа апаратын жол. Тұратын үйлері қандай!* *Біреу желіт, біреу шоқытып келеді* (Ж.Аймаутов).

ол – жіктеу есімдігі, субстантивтік, зат есім орнына;
сонда – сілтеу есімдігі, атрибутивтік, үстен орнына;
бұл – сілтеу есімдігі, атрибутивтік, сын есім орнына;
қандай – сұрап есімдігі, атрибутивтік, сын есім орнына;
біреу – белгісіздік есімдігі, субстантивтік, зат есім орнына.

ә) Сейлемдердің ішінен есімдіктерді тауып, толық сипаттама берініз:

Сол күш Қаракөзді көп заман қинап жүрді (М.Әуезов). *Калима екеуміздің қосылғанымыз бүкіл ауылга ертеңіне аян болды. Машина жолышабай бірнеше жерге тоқтады: біреулер кіріп, біреулер түсіп жатыр. Тек не керек, құрбыларымның ешқайсысы көзіме шалынбады* (Н.Фабдуллин). *Құллі адам баласын қор қылатын үш нарсе бар. Сонан қашпақ керек* (Абай).

сол – атрибутивтік, сын есім орнына қолданылған сілтеу есімдігі, дара, негізгі, анықтауыштық қызметте;

бүкіл – атрибутивтік, сын есім орнына қолданылған жалпылау есімдігі, дара, негізгі, анықтауыштық қызметте;

бірнеше – атрибутивтік, сан есім орнына қолданылған белгісіздік есімдігі, күрделі (екі сөздің бірігі арқылы жасалған: *бір+неше*), туынды, анықтауыштық қызметте;

біреулери – субстантивтік, зат есім орнына қолданылған, III жақта тәуелденген, көпше түрдегі, атая септікті белгісіздік есімдігі, дара, туынды (лексикалық тәсіл арқылы жасалған), бастауыш қызметінде;

ешқайсысы – субстантивтік, зат есім орнына қолданылған, III жақта тәуелденген, жекеше, атая септікті белгісіздік есімдігі, күрделі, туынды (екі сөздің бірігі арқылы жасалған: *еш+қайсысы*), бастауыш қызметінде;

кулі – атрибутивтік, сын есім орнына қолданылған жалпылау есімдігі, дара, туынды (кірме сез – лексикалық тәсіл), анықтауыштық қызметте;

сонан – субстантивтік, зат есім орнына қолданылған, жекеше, шығыс септік жалғаулы (*со+нан*) сілтеу есімдігі, дара, негізгі, жана ма толықтауыш қызметінде тұр. Жоғарыда ескерткеніміздей, септілген сілтеу есімдігінің түбірінде дыбыстық өзгеріс болып тұр. Бұл – тарихи күбылыс. Фалымдардың айтуынша, мұндай есімдіктердің әу бастағы түбірі осы қысқарған күйіндегідей болған (о, бұ, ме/ма, со т.б.). Расында, қазіргі кезде де ауызекі сөйлеуде осылай қолданылатыны жиі кездеседі.

Талдауға алынған сөйлемдер есімдіктің барлық түрін және ерекшеліктерін толық қамтыған жоқ. Дегенмен, есімдік сез табына байланысты талдаулар осы бағытта жүргізледі.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұраптар:

1. Есімдіктер қандай сез табы?
2. Жіктеу есімдіктерінің басты қызметі қандай?
3. Есімдіктердің басқа қандай түрлерін білесіз?
4. Есімдіктер түрлене ала ма, түрленсе, қайсысы қалай түрленеді?
5. Есімдіктердің синтаксистік қызметі қандай?
6. Субстантивтік және атрибутивтік есімдіктерді қалай түсінесіз?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Мәтіннен есімдіктерді тауып, сипаттама беріңіздер.

...Иә, көп кісіге оның пәннен анықтауыштық базын байлан жүргендей. Әйтпегенде, осы ауылда қызыл тілге келгенде тірі жсанға дес бермей, суқып тұратын сол. Білімді де сол. Тек бір жсан оның қайда оқығанын білмейді. Қанша оқығаны да белгісіз... (Ә.Нұрпейисов).

2-тапсырма. Жіктеу есімдіктері қатысқан сөйлемдерден олардың қай сөз табының орнына колданылып тұрғанын анықтаңдар.

3-тапсырма. Мына есімдіктерді қатыстырып сөйлем құраныздар да, олардың өзіндік ерекшеліктерін талдаң көрсетіңіздер.

Мынау, өз, қайда? барша, ештеңе.

4-тапсырма. Сөйлемдерден сілтеу есімдіктерін тауып, олардың сөйлемдегі мүшелік қызметтерін анықтаңыздар.

Сонау бір күндерде құтқарғаның былай тұрсын, мінезің естен кетпейді. Мен емес, сен қиналдың-ау сонда. Осында бір қызы жүр, жүртттың барі соган қарайды. Соларга алдымен су, нан, баспана кепек, ал бізде оның бірі де жоқ. Өкіл сөзін осымен аяқтады.

5-тапсырма. Сөйлемдердегі есімдіктерді тауып, құрамына, мағынасына, қызметіне талдау жасаңыздар.

Неменені естідің? Өзінің ниетіне астыртын ауыстырмай тұра ма? Әлденемеге үзіле ойланып қалыпты. Бұдан алдеқайда кеңейте сойлеймін. Ешкімге ұрысқан жоқ па? Қашан да қашан боп сырғын кетіпти-ау өзі.

Озіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Бәқизаттың бүнан алып қашып тұрған көзі ар жағындағы айнага түсті. Айт-тойға баратында сәнденіп киініп алыпты. Бәрі де анада демалыста болғанда ателиеге тіккізген инеден жаңа шыққандай әдемі, сәнді киімдер. Асығып тұрғасын ба, әлде құйындағы үйтқыған әлдебір күпия сезім көкірген алып-ұшырып бара жатқасын ба, әйтеуір эне бір қызы кезіндегідей екі беті алаулап құлпырып кетіпті. Жанары жалтылдаған шаралы қара көз айнага бір, өзіне бір карат, бас-аяғын шолып өтті. «Қайда асығып тұр? Әлде, анадағы ренішін ұмыта алмай, бұған істеп тұрған кесірлік пе? Солай ма? Сонда, шамасы бұнын Сырдарияға барғанын кешірмеген болды-ау?» Ендеши, сен неге кекірейесін? Бұрын бүндайда ылғи басыңды ніп, кешірім сұраушы едің гой. Тағы да ил. Басқа кездे кінән болды ма, жоқ па, ал осы жолы кінәлісін. Осы жолы бірінші рет Бәқизаттың дегенімен журмедін... (Ә.Нұрпейісов)

2) – Біз білеміз, сіз істі болғансызы.

– Ұмыткам жоқ, – деді бұл.

– Ұлтшылдық үшін. Барлық уақытта да қатерлі дерпт. Әсіресе, қазір, еліміз егемендік алып отырған кезде.

Мұның көзі атыздай болды.

– Қалай, қалай?

– Сіз оқыған адамсыз. Қалай екенін өзініз де білуғе тиссіз... Ал еткенге келсек,, осы мәселені қолға аларда, ісінізбен толық танысып шықтым...

– Менің өзімे танысуға болар ма екен?

- Мен сізді тәжікелесуге шакыргам жоқ.
- Сонда жауапка ма, тұтқынға ма?
- Оған әлі ерте. Немесе тиесілі орындар айналысады. Біздің қазіргі қызметіміздің жайы бөлегірек... (М. Мағауин)

3) – Біреуге күнім түсіп көрген жоқ, мен де өз еңбегіммен күнелтіп жүрмін, – деді ол тоғайдан шығып, кенерे жолға тускен соң... – Үлкен орында отырган сениң алдыңа мен әлі бір рет барғам жоқ. Ал сен, септердің інім, бәтінкенің өкшесіне темір қаққызы үшін мениң жаман дүкеніме екі-үш рет келгенсің...

– Дұрыс қой... Қызметім үлкен деп сізбен таласып отырган біреу бар ма? – деді ол, сатырлап жауа бастаған жауынға қарап қойып. – Мен, тіпті, сізге қызығып отырмын...

– Шырағым, сениң жөнінді сұрамадым ғой, – деп шал енді қасындағы Жарқынға бұрылды. – Осы қаланікісің бе? Не кәсіп істейсің?

– Мен бе?.. Мен де осы өзініз секілді енбекпен күн көріп жүрген адаммын...

– Қалай, бұл қалада көп боласың ба?

– Жоқ, ертен қайтамын... (К. Жұмаділов)

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі оқулықтары».

5. Етістік қай тілде болмасын өте күрделі сөз табы ретінде танылады. Ол лексика-семантикалық (мағыналық) жағынан алуан түрлі (эрекет, қалып, қозгалыс, түрлі дыбыстық әрекеттер, белгінің өзгерістері, қабылдау, ойлау, сөйлеу әрекеттері т.б.) құбылыстарды білдіреді. Бірақ бұл құбылыстар сөйлем ішінде сол сейлемнің негізіне алынатын немесе сөйлеу әрекетінде кездесетін – заттық ұғымдағы атауларға қатыстылығы жағынан, оның белгілі шақта өтуіне байланыстылығы жағынан т.б. әрекшеліктері мен сипаттары тұрғысынан беріледі. Осыған сай етістіктің сан қырлы грамматикалық мағыналарын беретін тұлғаларды (формаларды) айырып танымай, сөйлемдегі етістіктерге сипаттама беру мүмкін емес, және, екинші жағынан, сол әрекшеліктерді айырып тануға қажетті теориялық білімді игеру үшін де талдау-жаттығудың орны айрықша.

Осыған орай білім алышының етістікке байланысты білім деңгейін бақылау жолындағы талдау жұмысының нәтижелі болуы оның белгілі бір теориялық мәселелерді игеруімен айқындалады деп есептеледі.

Ең алдымен, етістік лексика-грамматикалық жағынан – *тұбір етістік* және *көмекші етістік* болып бөлінеді. Осы тұста етістіктің тұбір тұлғасы мен оған сәйкес келеді деп есептелеғін 2-жақтық бүйрек райдың айырмашылығын білу қажет. «*Етістіктің тұбір тұлғасы қымылды, іс-әрекетті, процесті т.б. білдіреді және ол – сөз табы ретінде жеке түргандағы семантикалық белгісі, негізгі жағынғрамматикалық белгісі, ал бүйрек райдың 2-жасы сол етістіктің сойлеу процесінде пайда болатын, грамматикалық нөлдік форма арқылы корінетін түрлену магынасы, яғни категориялық магынасы болып табылады.*» (Оразбаева Ф.Ш., т.б. – 306-б.) Екіншіден, етістіктер құрылымы жағынан – жалаң, құрама және күрделі, жалаң етістіктер (тұбір тұлғалы етістіктер) – негізгі тұбір, туынды тұбір (бұл сөзжасамдық қасиеттері), күрделі етістіктер – біріккен (бұлар қазіргі кезде тілімізде бір тұбір болып қалыптасып кеткен (әкел, апар, әкет т.б.), тіркескен (құрама және күрделі болып бөлінеді) және етістік мағыналы тұрақты тіркестер болып келеді. Бұлар жөнінде мыналарды білу қажет:

1) құрама етістіктердің жетекші сөзі есім, еліктеу сөздер болады да, оларға көмекші етістіктер тіркеседі (жақсы кору, ән салу, қиқаң ету, адам қылу т.б.); Бұларды есім мағыналы құрама сөздерден (жақсы адам еди; жүйрік ат болатын т.б.) ажырата білу қажет.

2) күрделі етістіктердің жетекші сөзі негізгі және туынды тұбір етістіктер болып келеді де, оларға көмекші етістіктер тіркеседі. Мынадай жолдармен жасалады:

а) жетекші сынары да, көмекші сынары да толық мағыналы (ген дәрежедегі) етістіктердің тіркесінен тұрады (*барып кел, айтып бар, беріп жібер* т.б.)

ә) жетекші сынары толық мағыналы, көмекші сынары мағыналарынан жартылай немесе толықтай айырлыған көмекші етістіктер болатын тіркестен тұрады (бұларды жалғастыратын жұрнақтар мен көмекші етістіктердің тіркесін аналитикалық форманттар деп атайды, олар қымылдың әртүрлі өтү сипатын, тәсілін және даму сатысын білдіреді: *айта сал, отыра тұр, қойып қал, келген екен, тұра берді.* т.б.);

б) тұрақты тіркестен жасалатын (аудыспалы мағынада) күрделі етістіктер: (*төбе шашым тік тұрды, аяғы жерге тимеді, зәресі зэр түбіне кетті*, т.б.).

Осы тұста көмекші етістіктердің анықтамасы да ескеріледі: «*Грамматикалық дамудың нағылжесіндегі озінің бастапқы лексикалық магынасынан айырылып, грамматикалық магынага көшкен етістік түрі көмекші етістіктер деп аталады.*» (Оразбаева Ф.Ш., т.б. – 308-

б) Көмекші етістіктер беретін мағыналарына қарай толымды және толымсыз деп бөлінеді.

Тағы бір ескеретін нәрсе – сөздердің ауыспалы мағынада қолданылатыны тәрізді қосымшалардың да, соның ішінде етістік тұлғаларының да ауыспалы мәндегі қолданылуы кездеседі. Әсіресе, ауызекі сөйлеуде (көркем әдебиетте бұл ерекшелік кейіпкер тілінде мол пайдаланылады) жактық, шактық, сандық,райлық тұлғалардың ауыспалы мәндегі қолданылуы мол. Бұл, негізінен, сөйлемнің тұтас мағынасынан байқалады. Мысалы: *Тағы да азапты тундер басталды. Ары аунаисың, бері аунаисың, үйиқтай алмайсың* (О.Бекеев). Жас болса келіп қалды, сырт буын тарттық (F.Мұстафин).

Алғашқы сөйлемнің баяндауышындағы II жақтық жіктік жалғауы (-сың) шын мәніндегі II жақтың қимылын көрсетіп тұрған жоқ, қимылдың сөйлеушінің өзіне тән екенин (I жақ) білдіріп тұр. Осы сөйлемнің шақтық мағынасы, сырттай қарағанда, келер шақтық сияқты болғанымен (-й тұлғасы арқылы жасалған), алдыңғы сөйлемнің жедел өткен шақтық мағынасына қарай өткен шақтық мағына деп түсінеміз. Екінші сөйлемнің басыңқысындағы I жақтық көптік жалғауы I жақтық жекелік мағынаның орнына қолданылып тұр. Міне, осындағы тілдік ерекшеліктерді білу білім алушылардың сөз мағынасын терең түсініп, қолдана білуіне жағдай жасайды.

Етістікті грамматикалық түрленісі түргысынан талдау кезінде, *салт-сабақты* болу ерекшеліктеріне назар аудару қажет. Бұл категория қимыл-әрекетті қимыл иесіне тікелей немесе белгілі бір затқа қатысты етіп көрсететіні белгілі. Осы негізде етістіктің етіс түрлері де айқындалады. Оның өзіндік, өзгелік, ортақ, ырықсыз түрлерінің жасалу жолдары мен қызметін білу маңызды. Өйткені етіс жұрнақтарының салттылық және сабақтылық мағыналарын өзгертетін касиеттері бар. Одан әрі етістіктердің болымды-болымсыз түрлері, *райлық* ерекшеліктері, *жасақта*, *шаққа* қатысы, осылардың жасалу жолдары мен арнаулы тұлғалары игерілуі керек.

Ақыр сонында, етістіктің *тұйық етістік* (қимыл атауы), *есімше*, *көсемше* деп аталатын ерекше түрлері мен тұлғалары, олардың қызметтері менгерілуі тиіс.

Әрине, етістікке жаттығу-талдау кезінде оның жеке тұлғаларын ажыратуға, олардың грамматикалық мағыналарын айқындауға болады. Бірақ кейір грамматикалық ұғымдар мен мағыналардың ешбір қосымшасыз *нолдік тұлғада* берілуі, кейде олардың ауыспалы мағынада қолданылуы білім алушыларды шатастыруы мүмкін. Талдау кезінде осындағы ерекшеліктерге аса зор мән беріп отыру қажет.

Етістікке қатысты жүргізілетін талдаудың бірсыптыра үлгісі мынадай:

а) Сөйлемнен етістіктерді тауып мағынасы және құрамы жағынан талдау: Әсем ақ көк атты жайдақ **мініп**, екі торыны жетекке алып, бұл да өзенге қарай **кетіп барады** (F.Mүсірепов).

мініп – дара, негізгі түбір, көсемше тұлғалы (-in), қымылдың қалпын білдіреді, сабактылық мағынада;

жетекке алып – құрделі, құрама (негізгі – жетекке көмекші алып), туынды – көсемше тұлғалы (-ып), қымылдың қалпын білдіреді, сабактылық мағынада;

кетіп барады – құрделі тұлға (аналитикалық формант (-ып бар), қымыл-қозғалыстың басталып, аяқталмаған сипатын білдіреді, салт етістік мағынасында.

ә) Сөйлемдегі етістіктердің тұлғалық құрылымы мен грамматикалық ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз: **Шұбатыла қонған ауылдың орта деңгейінде жеті-сегіз еркек алқа-қотан отыр екен** (F.Mүсірепов).

шұбатыла: шұба – дара, негізгі түбір, салт етістік, -т – өзгелік етіс жүрнәғы, салт етістікті сабактыға айналдырады, -ыл – өздік етіс жүрнәғы сабакты етістікті салт етістікке айналдырады, -а – көсемшениң жүрнәғы, қымылдың сипатын білдіреді, пысықтауыштық қатынас жасайды;

қонған: қон – дара, негізгі түбір, салт етістік, -ған – есімше жүрнәғы, қымылдың өткен шаққа қатысын білдіреді, анықтауыштық қатынас жасайды;

отыр екен – құрделі етістік (отыр – негізгі қалып етістігі, екен – тарихи жағынан есімше тұлғалы көмекші етістік), қымылдың сөйлеу кезіне (осы шақ) қатысты қалпын білдіреді, предикативтік қатынас жасайды;

б) Сөйлемдердегі етістіктерге тән категорияларды, тұлғаларын тауып, мағыналары мен жасалуын көрсетіңіз: **Құдалықта бүгін кешке баратын едік** (“Ана тілі”). **Жұрт ойынмен болып жатыр** (Б.Майлин). **Ішімнен шыққан Құтхсаннан кем кормеймін** (М.Әуезов). **Қысым көрсөндер**, осында **келіңдер** (С.Сейфуллин). **Көп кешікпей біз де қайтып ораламыз** (F.Мұстафин). **Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады** (мақал).

бар-атын еді-к: 1)салт етістік (салт-сабактылық категориясы); 2) негізгі етіс (түбір етістік); 3) есімше (-атын); 4) келер шақ (-атын тұлғасы арқылы); 5) ашық рай; 6) I жақ (-к жіктік жалғауының көпше түрі арқылы).

бол-ып жатыр: 1) салт етістік, 2) негізгі етіс (түбір етістік), 3) көсемше (-ып), 4) сипат категориясы (-ып жатыр аналитикалық форманты арқылы әрекеттің орындалу үстінде екенін білдіреді), 5) осы

шақ (жастыр қалып етістігінің көмекшілік қызметі арқылы), 6) ашық рай, 7) III жақта (жіктік жалғауының нөлдік тұлғасы арқылы);

көр-ме-й-мін: 1) сабакты етістік, 2) негізгі етіс (түбір етістік), 3) болымсыздық (-ма жүрнағы арқылы), 4) ауыспалы келер шақ (көсемше жүрнағы арқылы), 5) ашық рай, 6) I жақ жекелік (-мін жіктік жалғауы арқылы).

қысым көр-се-и-дер: 1) салт (тұракты сөз тіркесі – қысым көрү), 2) негізгі етіс, 3) шартты рай (мезгілдік мағынаны білдіреді, яғни бағыныңқыны басыңқымен мезгілдік қатынаста байланыстырады), 4) II жақтық мағына (-ли жіктік жалғауы арқылы), 5) көптік (-лар жалғауы бастауыштың көптігін білдіреді);

кел-иң-дер: 1) салт, 2) негізгі етіс, 3) келер шақ (етістік түбірі бойындағы нөлдік тұлға арқылы), 4) бұйрық рай (түбірдің бойында), 5) II жақ (-иң көнсленген жіктік жалғауы арқылы), 6) көптік (-лар жалғауы бастауыштың көптігін білдіреді);

қайт-ып: 1) салт, 2) көсемше жасайтын жүрнақ (-ып іс-эрекеттің амалын білдіреді);

ора-л-а-мыз: 1) сабакты, 2) өздік етіс (-ли жүрнағы арқылы, сабакты етістікті салт етістікке айналдырады), 3) келер шақ (-а көсемше жүрнағы арқылы), 4) ашық рай, 5) I жақтық мағына (-мыз жіктік жалғауының көпше түрі арқылы берілген);

қон-а-ды: 1) салт, 2) негізгі етіс, 3) ауыспалы шақ (-а көсемшениң жүрнағы арқылы), 4) ашық рай, 5) III жақтық мағына (-ды жіктік жалғауы арқылы).

В) сөйлемдегі етістіктердің синтаксистік қызметін айқынданызы: *Анда-санда арқама үймелеген сары масаны қазып қалсам, арқам өгіздің жсон терісіндей. қаттар-қаттар болып қалыңдаап алыпты (F.Мүсірепов).*

үймелеген – етістіктің есімше түрі, зат есіммен қабыса байланысып, анықтауыштық қызметте тұр, сұрағы – қандай?;

қазып қалсам – аналитикалық формант арқылы жасалған етістік (-ып қал), мезгілдес бағыныңқылы сабактас құрмалас сөйлем бағыныңқы сынарының баяндауышы, жасырын бастауышпен I жақтық қатынаста қызыса байланысқан;

қаттар-қаттар болып – көсемше тұлғалы құрделі (құрама) етістік, қимыл-сын пысықтауыш қызметінде, сұрағы – қалай?, баяндауышпен қабыса байланысқан;

қалыңдаап алыпты – аналитикалық формант (-н ал) арқылы жасалған құрделі етістік, бастауышпен III жақтық қатынаста қызыса байланысқан баяндауыш, сұрағы – қайтінми?.

Г) Сөйлемдердегі көмекші етістіктерді тауып, қызметтерін анықтаңыз:

Жақсы атының да болмaganын *арман етеді* (Ә.Нұршайыков). Жалт қарап еді, есінен тана жасадады (Б.Майлін). Коштің алды адырдан бері шығып қалыпты (М.Әуезов). Жер құргайын деді (F.Мұстафин).

арман етеді: ет – істе, қымылда мағынасындағы, бірақ жекелей қолданылмайтын көмекші етістік, есім сөзбен (арман) тіркесіп, оны құрама етістікке айналдырып тұр, сұрағы – не қылады?, осы көмекші арқылы сөйлем шақтық (-е), жақтық (-di), райлық (ашық рай) грамматикалық мағыналарға ие болып, аяқталғандық сипат алып тұр;

қарап еді: еді – мағынасы мүлдем жоғалған көмекші, көсемше тұлғалы етістікке тіркесіп, құрделі етістік жасап тұр, сұрағы – қайтіп еді?, осы көмекшінің бойындағы шақтық (-di), райлық, жақтық (III жсақ, нөлдік) мағыналар арқылы сөйлем аяқталғандық, тиянақтылық сипатта ие болып тұр;

есінен тана жасадады: жасадады – мағынасы сакталмаған, сондықтан жеке қолданылмайтын көмекші, етістік мағыналы тұрақты тіркеске (есінен тану) көсемше жүрнағы арқылы аналитикалық формант (-а жасадады) ретінде жалғанып тұр, жетімсіз қымылды, яғни басталып, бірақ аяқталуға жақын қалғанда еріксіз үзілген қымылды, сипатын білдіреді, өз бойындағы шақтық (-ды), райлық (ашық), жақтық (III жсақ, нөлдік) мағыналар арқылы сөйлемнің предикаттық сипатта құрылуына септігін тигізіп тұр.

шығып қалыпты: қалыпты – жеке тұрғанда толық мағыналы, көсемшелермен тіркескендегі көмекшілік қызмет атқарып, аналитикалық формант құрайтын (-ып қал) сөз, етістікке қымылдың аяқталуға жақын екендігін білдіретін сипат үстеп тұр, бойындағы шақтық (-ып), райлық, жақтық (III жсақ, -ты) тұлғалардың мағыналары арқылы предикаттық қатынас құрап тұр;

құргайын деді: деді – жеке тұрғанда айт, сөйле мағынасындағы, етістіктермен тіркескендегі мағынасын жоғалтатын сөз, негізгі етістікке аналитикалық формант (-ын деді) ретінде жалғанып, қымылдың жасалуға бейімделгенін білдіреді, бұл жерде жердің құрғаға бет алғанын білдіріп тұр, баяндауыштың бастауышпен предикаттық қатынас құрап (құрамындағы -ди шақтық мағына және нөлдік жақтық мағына арқылы), сөйлем жасауға септігін тигізіп тұр.

д) сөйлемнен етістіктерді тауып, кешенді талдау жасаңыз: Басқа кісілер әлденеше демалып, ырсылдан шықса, бұның аяғы жерге ти-
мейтін (F.Мусірепов).

демалып – құрделі туынды етістік, түбірі – демал – мағынасы демді алу деген зат есім мен етістік сөздің бірігіп лексикалануы тәсілімен жасалған тынығы мағынасындағы сөз, -ып – көсемшениң журнағы, қымылдың қалыптық сипатын білдіреді, етістікпен қабыса байла-

нысып, пысықтауыш қызметін атқарып тұр, сұрағы – қалай?, бірыңғай мүшениң бір сынары;

ырсылдан – дара туынды етістік, негізгі түбірі – ырс – еліктеу сөз, -ыл – зат есім жасаушы, -да – етістік жасаушы жұрнактар, -п көсемшениң жұрнағы, қымылдың бейнелік сипатын білдіреді, етістікпен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарып тұр, сұрағы – қалай?, бірыңғай мүшениң бір сынары;

шықса – дара, негізгі түбірі – шық, козгалыс мағынасын білдіреді (козғалу етістігі), -са – шартты рай жұрнағы, бұл жерде мезгілдес бағыныңылы сабактастың бағыныңың сынарының баяндауышы қызметін атқарып тұр;

аяғы жерге тимейтін – түбірі тұракты сөз тіркесінен (*тез, шалт* мағынасында) лексикалану тәсілі арқылы жасалған туынды етістік (осы тіркестің тұрақты сөз тіркесі болып, аудиопалы мағынада қолданылуында болымсыздық -ме жұрнағының мәні бар, егер ол жұрнақ болмаса, еркін тіркес болар еді), өткен шақтық (-тін), ашық райлы, III жактық (*нөлдік тұлға*) баяндауыш.

Теориялық білімдерін байкау үшін берілетін сұрақтар:

1. Етістік қандай сөз табы?
2. Түбір етістіктің өзіндік ерекшеліктері қандай?
3. Көмекші етістіктің түрлері және қызметі жайлы не білесіз?
4. Етістіктің аналитикалық форманттары жайында не білесіз?
5. Етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының түрлерін және олардың ортақ және ерекше белгілерін атаңыз?
6. Етістіктің Етістіктің ерекше категорияларына нелер жатады?
7. Етістіктің рай, шақ, жақ категорияларын қандай категориялар деп атайды және олардың қызметін атаңыз?
8. Етістік сөйлемде қандай қызметтер атқарады?

(Ескерту: етістік сөз табы өте курделі және ауқымды болғандықтан, сұрақтар жинақталып берілді, оны оқытушы ынғайына қарай бөлшектеп те коя алады.)

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Сөйлемдердегі етістіктерге талдау жасап, курделі және құранды етістіктерді ажыратыңыздар.

Ол қағаз жазып отыр. Ермек Астанадан келе жастыр. Шал тоқтасызыз сөйлеп отыр. Энуар мектепте де алғар бала еді. Мүгалим сабак айттып түр. Бастық сабырлы да салмақты кісі екен.

2-тапсырма. Салт етістіктерді сабактыға айналдырыңыздар.

Бұқ, бар, жет, піс, көн, қал, қаш, айны, айық, бұлқын, жарыс.

3-тапсырма. Мәтіннен етістікті тауып, мағынасын, жасалу жолын түсіндіріңіз.

- Ана... қызың оқудан келмеген бе?
- Қайдам, о да кешігін жатыр гой.
- Бұл кезде оқу бітпеуші ме еді?
- Келетін уақыты болған, кім білсін, сенің алғі... қайын енең үйіне ажетпесе... (Ә.Нұрпейісов).

4-тапсырма. Сабакты етістіктерді салт етістіктерге айналдырып сөйлемдер құрастырыныз, мағыналарында қандай өзгеріс болғанын түсіндіріңіз.

Айт, бер, айда, апар, жасыр, жама, теже.

5-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерге толық талдау жасаңыз.

...ИӘ, сүйткен болды. Пақыр баланы сол қақсал бауырынан шығармай өбектеп кетті. Көз ашқалы көріп келе жатқаны соның тізгіні мен жетегі. Қаршаадайынан қыз екенін құлагына құйып тастаганы сонша, құп-құрттақандай болып ап үйден аяғын қия басса үлпілден күніп алады. Сондайда бұл өз қызын өзі танымай тосырқап қалатын... (Ә.Нұрпейісов).

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Кешегі қара сұықта балықшылар ауылының бет алдындағы колтық ұстасқан-ды. Соңан артына бірер күн салғасын сыйыра жағалау еніреп қатып, кекше мұз көз үшін асып кетті. Бұғін үйден азанда жын үргандай атып шыққан ұзын қара кісі жана қатқан жас мұздың кісі көтеретін жеріне дейін барған еді де, токтаған еді. Қазір, міне, тұс ауды. Қыска күн кешке тақады; ұзын қара кісі азанда кеп токтаған жерден әлі тапжылған жоқ. Сол баяғы бір орында тұра-тұра табанынан ызғар етті. Тоңазыған дene оқтын-оқтын тітіркеп қалады. Бұл бәрібір тырп еткен жоқ. Келген ізben кері қайтуға бетінен басады. Ал не де болса бұғін ертеңгісін бет алып шықкан жаққа мандай түзеп тарта берейін десе, оған... алды бір аттаса – қара су. Оның арғы жағы булаңып жатыр. Ұлы теңіз ашулы. әсіресе осы жолы өз-өзінен дoldанып, өкпектеп өкіреді... (Ә.Нұрпейісов)

2. ...Жақып олардың бұл отырысын жаратпаған болып, бұртиып жүріп, жалғыз өзі жұмысын жалғастыра берді. Анда-санда көзінің қызығымен қарап қояды. Әлгі екеуі тұрар болмады. Тіпті, екеуі темекіні де қойып, өздерінше бір әңгімеге түсіп кетіпті. Қүйіп кеткен Жақып шенгелдердін түбін көміп жүрген кетпенін тастай салып, өзі олардан қашықтау жерге барып жантая кетті.

Жақып ашуланды-ау деп Ораз да қинала қойған жоқ. Қайта бұл ісіне риза болғандай.

– Жақа-ау, ақыры демалған соң, мына біздің жанымызға келсөнізші. Қарап отырғанша, әнгімелесейік, – деді.

Жақып бұртиып біраз отырды да, ақыры оларға қарай төрт-бес қадам жылжып жақындағы. Осы кездे Жылқайдар да қайта оралды... (Т.Нұрмагамбетов)

3. Сол кезде қыз төсегінің бас жағында, жерде жатқан кітапка назарым ауды. Оның мұқабасында «Жас Вертердің азабы» деген жазу көзіме оттай басылды. Бұл менің соғыстан қайтарда сонау Германияда жүріп оқыған соңғы кітабым болатын. Тері Ментай мұны түні бойы оқып, тауысып, талып барып ұйықтаған-ау. Бітірген соң, бас жағына тастай салған кітабы жерге түсіп қалған болды ғой деп ойладым да, ақырын еңейіп, жердегі кітапты сыйбырлатпай алып, етептө қана Ментайдың жастығының жанына қойдым. Содан соң қыздың мынауғажап, тәтті ұйқысын бұзбайын деп, аяғымның ұшымен бір басып, екі басып, есіке қарай шегіндім.

...Қайтадан көшеге шықсам, айнала бағанағыдан да жарықтанып, төніректің бәрі жадырап, жайнап кетіпті. Бағанағы жатақханаға кірердегідей емес, менің де аяғым қаздан-қаздаң етеді. Жатақхананың дәл жанынан өтетін Ұйғыр көшесіне түсін алып, Алатаудың алыстан көрінген ақ бас шынын бетке ұстап, лағып, тарта бердім... (Ә.Нұршайықов)

Әдебиеттер:

1. Ыскәқов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. –А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

6. Үстеудің де сөз табы ретіндегі өзіндік сипаты мен ерекшеліктерін таныту – морфологиялық талдаудың басты міндеттерінің бірі болып табылады. **Үстеулер – құмылдың іс-әрекеттің мекенін, мезгілін, жай-куйін, мақсатын, сын-бейнесін, себебін білдіріп, грамматикалық жағынан түрленбейтін сөздер**. Басқа сөз таптары тәрізді үстеулер де дара және күрделі, негізгі және туынды, мағыналық жағынан – мезгіл, мекен, мөлишер, сын-бейне, мақсат, себеп-салдар үстеулер болып белінеді. Оның кейір сөз таптарынан басты ерекшелігі – түрленбейтіндігі. Бұл жағынан және сөйлем ішіндегі қызметі тұрғысынан да, ол сын есімге ұқсастау, жақындау болып келеді. Сын есім заттың сыны мен сапалық белгісін білдірсе, үстеу құмыл, іс-әрекеттің әр қылыш белгісін білдіреді. Кейде екесі қызметі жағынан ауысып келе берестіні де

бар. Үстедің күштейткіш деп аталатын түрі сын есімнің шырай категориясын жасауға қатысады.

Тағы бір ескеретін нәрсе – үстеулердің көпшілігі (кей ғалымдардың айтуына қарағанда, барлығы дерлік) әр түрлі жолдармен басқа сөз таптарынан пайда болған. Солардың ішінде, сырттай қарағанда, түбір мен қосымшаға ажыратуға болатындей көрінетін септік жалғаулы түрлері де бар. Септік жалғауы айқын мұндай сөздерді талдаң көргенде, түбірдің де қосымшаның да ешбір мағына бермейтіні, яғни мағынадан мұлде ажырап қалғаны аңғарылады. Мұндай үстеулер ете ерте кезден осылай қалыптасып, тарихи тұрақтаған. Соңдықтан оларды «көнеленген септік жалғаулы үстеулер» деп атау да кездеседі. «Көнеленген септіктер», негізінен, мекен, бағыт, орын мәнін білдіретін барыс, жатыс, шығыс септіктері болып табылады. Эрине, кейінірек басқа сөз таптарынан әр түрлі жолдармен жасалған үстеулер де бар, оларды сөзжасамдық ынғайда морфологиялық талдауға салуға әбден болады. Енді үстеулерді кешенді талдаудың бір-екі үлгісін көрсетейік:

а) Ал, бірақ өкта-текте қатуланып түйілсе, әлі күнге аса зәрлі. Қалың сордың қайғылы елі ұлардай шулап жүр екен (М.Әуезов).

өкта-текте – қосарлану арқылы жасалған күрделі мезгіл үстеу, мезгіл пысықтауыш, сұрагы – қашан?, етістікпен жанаса байланысқан (-та, -те – көнеленген жатыс жалғауын түбірден ажыратуға келмейді);

әлі күнге – тіркесу арқылы жасалған күрделі мезгіл үстеу, мезгіл пысықтауыш, сұрагы – қашан?, етістікпен қабыса байланысқан (-ге – көнеленген барыс жалғауы);

ұлардай – дара, туынды (сын есім жасайтын -дай жүрнағы арқылы жасалған), сын-кимыл үстеу, кимыл-сын пысықтауыш, сұрагы – қалай?, етістікпен қабыса байланысқан. Бұл сөздің үстеу қызметін атқару касиеті оның етістікпен байланысуынан туып отыр. Егер осы сөз зат есіммен тіркесер болса, оның сын есім екені айқын көрінер еді (ұлардай құс болмас). Қазір мұндай құбылысты бір сөз табының екінші сөз табына конверсиялық (лексикалық) тәсілмен ауысыу, яғни сөзжасамның бір тәсілі деген пікір қалыптасты. Бұл әрбір сөздің сөйлем ішіндегі қолданысына қарай мағыналары да, қызметі де ауысып тұратынын көрсетеді.

ә) Кейде үрлық жасауға әзірленіп тұрған кісіше қай-қайдагыға бола олердей қысылатының да содан шығар (С.Мұратбеков).

Кейде – дара, көнеленген жатыс септігі негізінде қалыптасқан, мезгіл мағыналы түбір үстеу, мезгіл пысықтауыш, сұрагы – қашан?, етістікпен жанаса байланысқан;

кісіше – дара, туынды (*кісі* – зат есім, *-ше* сөзжасам жүрнағы), сын-кимыл үстене, сын-кимыл пысықтауыш, сұрағы – қалай?, етістікпен жанаса байланысқан;

өлердей – дара, туынды (*өлер* – етістіктің есімшес түрі, *-дей* – сын есімнің сөзжасам жүрнағы), сын-кимыл үстене, сын-кимыл пысықтауыш, сұрағы – қалай?, етістікпен қабыса байланысқан.

Теориялық белімдерін байқау үшін берілетін сұраптар:

1. Үстене қандай сөз табы, ерекшеліктерін атанаңыз?
2. Үстенеудің мағыналық түрлерін атанаңыз (әрқайсысын жекелей атап сұрауға да болады)?
3. Үстенеулер түрлене ала ма, қандай жағдайда, қалай?
4. Үстене мен сын есімдердің байланысы бар ма?
5. Үстенеулер қандай синтаксистік қызмет атқарады?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Сөйлемдерден үстенеулерді тауып, сөзжасамдық талдау жасаңыз.

Сен жаздай қайда болдың? Оқты жаңбырша жаудырды. Қызып алған өрттің алды дүркіреп ілгері кетіп барады. Қашама қысып сұраса да, үйымдастыруышыларды таба алмады. Меніңше байқамай қалып қойған сияқты. Жұмыс оншаңық сапалы болмады.

2-тапсырма. Төмендегі үстенеулердің жасалу жолына және мағына-сына талдау жасаңыз.

Күндейін, білмейтінше, бекерге, ендігәрі, жүреспінен, баязыда.

3-тапсырма. Мәтіннен үстенеулерді тауып, мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Ал осындаған атусті, жол-жөнекейде шапшаң өлең айтуга бәсеке мен жарысқа да түссе беретін. – Баганадан бері есеміз мына Қекітайда кетіп барады. Осы айтсын. Айт, кәне, шапшаң, – деп, Магаш көзін сыйырайта күліп, өзінің үнемі қатты қалжыңдасатын құрдасы Қекітайга қарады...

Бүгінгі өзен кешие де, онан бұрын да дәл осылай ақты гой. Ұят емес не, тапа-талтусте аядай судан алып шыға алмай түрүп қалғаның!..

Бері жүр, ақылдасатын шаруа бар. Әзірше мынаны ала түр. Сен де бала емессің енді, біз де құр жаттыйық, балам...

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) ...Шалдың мекен-жайы жолдан онша алыс емес екен. Суырдың ініндей бұрма-бұрма бөлмелері мұндаидай көп болар ма... Жарқын баланың қасына барып, көзінсө үңіліп біраз түрді... Жарқын әлденеге ши-

рығып, шын шабытты қалпын қайта тапқандай еді. Ағасының сөзін бөліп, тебірене сөйлеп кетті.

– Байқадын ба, жаңағы шалдың балалары қандай әдемі! Шетінен ибалы, тәртіпті... Беттерінен қан тамып, көздері оттай жанып тұр...

Кейлегі көк, тамағы тоқ дегендей, мына кеңшілік заманда жетіспей тұрған да ештеңе жоқ еді. Қаланың ипподром жақ шетінен екі бөлмелі пәтер алғанына да біраз болды... Құнде таңғы жетіде жұмысқа жөнеледі. Кешкі бесте сол жолмен, сол автобусқа отырып үйге қайтады. Жұмыстан келісімен әйелі кешкі ас дайындал әкелгенше, диванда демалып жата тұрады. Кейде бір тұрмыстың кем-кетігін еске алып, жоқтан өзгеге тарылып, шаш-шұң дауыс көтеретін әйеліне мәу деп айылын жиятын Қозыбай жоқ. Бәдишаның айқай-суреніне әбден еті өліп кеткен... (Қ.Жұмаділов)

2) ...Аққұба жігіттен кейін сен жиналыстың аяғына қарамай ертеек кетіп қалғансын-ды. Қөшенің қарсы бетіндегі дырду да бұл кезде басылған. Бәқизаттың келмесінә көзің әбден жетті...

...Ой, дарига-ай!.. Өткен күнде белгі жоқ. Қазір ол күндер көрген түстей көзден бір-бір ұшты да кетті. Шіркін, ол кездегі өмірдің несін айтасың! ...Кашаган балықты қуып аулаған бұл елдің ер-азаматы ебілсебіл. Қыс демей, жаз демей теніз кезіп тентіреп жүргені, әне!

Бұл өнір жиырма жылдан кейін осылай болып жатыр. Ал ертең ше? Ертең тағы да жиырма, елу жыл өткесін теніз әбден тартылар-ау. Аққұба жігіт анада айтса-айтқандай, тартылған теңіздің түбіне тұз айналып, Арап өнірінің аңызақ алтабы күн-күн, тұн-тұн азынап соғып бергенде не болады? Арап тұзы қазір Қарақалпақ пен Қызылорданы тұншықтырып жатыр. Сол тұз ертең... Ертеңгі күні Қарақалпаққа көршілес жатқан елді тұншықтырмасына кім кепіл?.. (Ә.Нұрпейісов)

3) 1891, қоян жылғы көктем еді. Ел жайлауга жаңа жеткен. Барлық ел емес, астынан су шыққандай, биыл, неге екені белгісіз, малы төлдеп бітер-бітпесте жұрттың алдымен қозғалған Ақымбет ауылы... Коңыр Белдің құнгейіндегі жылы қыстаудан асығыс көтерілді. Келерде көктеме, қайтарда күзек, жан жадырап, еркін тыныстытын кең қоныс – аргы беті көгілдір тау, бергі беті оймауыт көк шалғын, қысаннан тартып, жазанға жайылған әдемі Тұлба көлге де аялдамады. Қөлденең аққан Делунге жетіп әрең токтаған... Енді, міне, арттағы ағайыннан мұлде озғындал, жазғы жайлауга бірден келіп тұсті. Соншама сағыныпты... (М.Мағауин)

Әдебиеттер:

1. ІІсқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.

3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

7. Шылау сөздер – басқа сөз таптарына қарағанда өзіндік ерекшелігімен көрінетін сөз табы. Шылаулар, әдетте, көмекші сөздер қатарына жатқызылатыны белгілі. Шылауларға байланысты талдау-жаттығу жұмыстарын жүргізу үшін, алдымен олардың мынадай өзіндік белгілері мен ерекшеліктері жөнінде теориялық мәліметтер берілуге тиіс: 1) шылау сөздердің толық лексикалық мағыналары болмайды; 2) контексте толық мағыналы сөздердің жетегінде қолданылып, оған қосымша әртүрлі грамматикалық мағына, рен үстейді; 3) шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабактастыра не салаластыра байланыстырады; 4) сөйлем ішінде синтаксистік қызметіне қарай жеке сөйлем мүшесі бола алмайды; 5) шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Осындай мәліметтермен бірге шылаулардың грамматикалық мағыналары мен атқаратын қызметтеріне қарай **жалғаулықтар, септеуліктер** және **демеуліктер** болп бөлінетіні және олардың әрқайсысы іштей мағыналық түрлерге жіктелетіні, жеке түрлерінің қолданылу сипаттарты туралы деректер беріледі. Нақтырақ айтқанда, жалғаулықтар – ынғайластық (мен/бен/пен, және, да/де, та/те, әрі), қарсылықты (бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен), талғаулықты (әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде), себеп-салдарлық (себебі, өйткені, неге десең, сондықтан, сол себепті, өйткені) болып бөлінсе, септеуліктер – атая тұлғалы сөздермен тіркесетін (ушін, сайын, сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, туралы, тұрасында, арқылы, бойы, бойымен, бойынша, жайында, жайлы, шамалы, шақты, қаралы), барыс септікті сөздермен тіркесетін (дейін, шейін, таман, қарай, салым, жусық, тарта, таяу), шығыс септікті сөзбен тіркесетін (кейін, соң, ғөрі, бері, бұрын, әрі, бетер), көмектес септікті сөзбен тіркесетін (бірге, қатар, қабат) болып бөлінеді, ал демеуліктер – сұраулық (ма/ме, ба/бе, па/пе, ше), күштейпелі (-ақ, -ай, -ау, әсірепесе, да/де, та/те), шектеу (тежеу) демеуліктері – (ғана/қана, тек, -ақ), болжалдық (-мыс/-міс, -ау), болымсыздық, қарсылықты, салыстыру мәнді демеуліктер (түгіл, тұрсын, тұрмақ, құрылым), нақтылы мәнді демеуліктер (қой/гой, -ды/-ди, -ты/ти), қомсыну мәнді (екеши) демесуліктер болып бөлінеді. Міне, осындай териялық мәліметтерді алғаннан кейін олардың есте сакталуы мен өмірде қолданылуына үйрететін жаттығу-талдаулар жүргізуге болады.

а) Демеулік шылаулардың түрлері мен қызметін көрсетіңіз:

Ай, құдай-ай! Жанга мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұргыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тын есеп көрмейтұғын жомарттығы – дәр түрлі белгісі бойында тұрмас *на еді?* (Абай).

-ай – демеулік шылау, оның ішінде қүшейткіш демеулік, оқшау сөзге тіркесіп, адамның көніл-куйін білдіріп тұр;

-ақ – демеулік шылау, оның ішінде қүшейткіш демеулік, зат есімге жалғанып, осы сөздің мағынасын қүшеттіп тұр;

на – демеулік шылау, оның ішінде сұраулық демеулігі, болымсыздық есімше мен көмекші етістіктің арасында келіп, әрі болымдылық, әрі сұраулық мағына туғызып тұр.

ә) Шылауларды тауып, түрлері мен қызметіне сипаттама берініз:

Шал есігінің алдына келген *соң*, үйге *не* кірерін, *не* кірмесін білмей дәғдарып тұрып қалды (Р.Сәрсенбаев). Енді қалды *ку мен* сүм, олар өзі *де* қуарттай, сұалттай тыныштық көрер емес (Абай).

соң – септеулік шылау, жасырын шығыс септікті сөзбен тіркескен (келгеннен *соң*), күрмалас сөйлем сынарларын байланыстырып, мезгіл бағыныңқылы сабактастық мағына туғызып тұр;

не – жалғаулық шылау, қайталанып келу арқылы талғаулықты мән туғызып тұр;

мен – жалғаулық шылау, ыңғайластық жалғаулық, бірыңғай мүшелердін арасын жалғастырып тұр;

да – демеулік шылау, атая септіктегі есімдікке тіркесіп, оның мағынасын қүшеттіп тұр.

Сөз таптары ретінде еліктеу сөздер *мен одагай* сөздердің де сөйлем ішінде өзіндік орны бар екені белгілі. Еліктеу сөздер жөнінде окуши олардың әртүрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеуден және олардың бейнесін елестетуден туындаған сөз екенін және олардың сөйлем ішінде көбіне көмекші етістіктермен тіркесіп күрделене қолданылатынын, сондай-ақ басқа сөз таптарының (зат есім мен етістік) жасалуына негіз болатынын, сол құрылымда, кейде жеке тұрып та заттық мағынада қолданыла алатынын білуге тиіс. Мысалы: *Торғайдың үні шыр-шыр етеді. Ол тасыр-тұсырды алыстан естіді. Ала мысық әрі-бері зузу етіп өте шыгады. Ол қираң етіп қайта құлады. Адыңғы жақтан бүркүлдаган шаң көрінді.*

Ал одагайлардың дербес мағынасы жоқ, сөйлемде тұбір күйінде басқа сөздермен байланысқа түспейтін, сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек адамның көніл-куйін білдіретін оқшау сөздер екені белгілі. Оқшау сөз ретінде сөйлемде белгілі бір интонацияға ие болып, соған байланысты тыныс белгілермен оқшауланды. Мысалы: *Жайдары-ау, шіркін, қыз жсаны! Ей, сен аузыңа келгенді айтып бейтілдене берме! Үйбай, қайтеді-еї!* Ух, белі құрғырга не болған бұл.

Бұл соңғы екі сөз табының қызметтері мен ерекшеліктері сөйлем синтаксисі мен және тыныс белгілерімен тығыз байланысты болғандықтан, соларға қатысты талдау үстінде де әңгіме болады.

Теориялық білімдерін байкау үшін берілетін сұраптар:

1. Шылаудың сөз табы ретіндегі сипаты қандай?
2. Жалғаулық шылаулардың қызметі қандай?
3. Септеуілктердің түрлері мен қызметі жайында не білесіз?
4. Демеуліктеге қандай шылаулар жатады және қызметі қандай?
5. Еліктеу сөздеріның өзіндік ерекшеліктері қандай?
6. Сөйлемде одагайлар қандай қызмет атқарады?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Шылауларды тауып, түрін ажыратыңыз.

Жел барған сайын үдей түсті. Бұл батылдықты қала да, ауыл да күтпеген еді. Біресе жсаңбыр себелейді, біресе қар үшқындаиды. Әдейі көзге тұсу үшін жоғары шығып алған тәрізді. Келгені осы-ақ еді, тағы да түйелерін ізден кетті.

2-тапсырма. Тәмендеңі шылаулардың мағыналарындағы өзгешеліктерді сөйлем күрау арқылы түсіндіріңіз.

Соң, сайын, бірге, қарай, таман, дейін, қарсы, тәрізді.

3-тапсырма. Демеулік шылаулардың қандай мағына беріп тұрганын түсіндіріңіз.

Ой, дарига-ай, елдің көркі жаса екен гой! Е, сендерде көз бар да, менде жоқ па, шырагым-ау? – Мына келін жарайды гой, осы кісіні сайлау керек. – Эй, Жамақ-ай, абырои алмай-ақ өлдің-ау!

4-тапсырма. Мына жалғаулық шылаулардың мағыналарына сипаттама беріңіз.

Және, тағы, бірақ, әйтпесе, немесе, біресе, өйткені, себебі, сондықтан, егер.

5-тапсырма. Одағайлардың тыныс белгілерін қойып, түрлерін ажыратыңыз.

Ай обай-ай не болды!? Ойтырмай бүкіл тау аңгарын күнірентіп жіберді гой.

Уай қайдасыңдар, түге, бар болғырлар! – Ой өркенің өссін! – Ой мың жаса! Ән-бәрекелді Келгенің жақсы болды гой.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Анасы шығып кеткесін де біразға дейін өзіне-өзі келе алмады. Кәрі ана бірдене білетін сиякты. Әлгі сумакай бұның көзін ала бере сыйырлап кетпесе не қылсын? Есіктен кірмей жатып «ақ женешелеп» анырап қоя бергенде-ақ, сол кәпірдің ішіне сыймай бара жатқан бір

пәле барын білгенді. Анасына да бірдеңенің шетін шығармады ма? Ашып айтпаса да, дүдемал бірдеңе тілінің ұшынан жасқаншақтан қайтып еді ғой... (Ә.Нұрпейісов)

2) Зересі ұшқан әйел Әзімді қос қолдаپ ұстап жабыса түсті. Суық ұрды ма, әлде, тіпті қорқыныш пен сұық қосылғанда, онсыз да кеудеден әзер шықпай тұрған жан заһарға кетті ме, әйтеуір, сарылы ту ана қара табаннан басталған діріл тұла бойын түгел жайлап, қалышылдатып әкетіп барады. Бұл не? Тұс пе? Өң бе? Кісі қазіргідей шыргалаңға түсіп, басы қатып жүріп, тұс пен өнді ажыратса алмай, шатастырып алуы мүмкін ғой. Иә, иә, әіресе дәл мына қара дауыл, қарлы, қаранғы түнде жүйкесі жүн боп, титығы құрыған шақта бұл да кісінің түсіне кіретін көп сандырақтың бірі болса ше? Иә, тұс болуы мүмкін ғой! Бұнан бұрын да дәл осындағы болмаса да, осыған ұқсас қорқынышты бірденелер түскे кіріп, шырт ұйқыдан шошып ояңбаулы ма еді? (Ә.Нұрпейісов)

3) Бір минут қана осы арада бір көлденен әңгімеге тоқтай кестейін. Лекция жазып отырған кезде қол терлейтіпін, ал қағаздың тер тиген жерінс сия жайылып кететінін, өйтпес үшін он қолдың астына сия сорғыш не бір басқа қағаз төсеп отыру керектігін мен кейін Ментайдан үйрендім. Күні бүгінгі үйде, иә кеңседе отырып газетке мақала немесе очерк жазғанымда бір бет ақ қағазды алып, ортасынан бүктеймін де, он қолымның астына салып, әр жол жазған сайын оны сол студент кезімдегі сияқты тәмен қарай сырғытамын да отырамын. Ал аудандарға командировкага шыққанымда шақтап қойын дәптерімнің ішіне де сондай бөлек қағаз салып аламын. Неге десеніз, мен жолжазбаларымды қойын дәптерге тек қана сиямен толтырамын. (Ә.Нұршайықов)

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі казақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

Біз жоғарыда сөз таптаратының ішіндегі ең күрделі, морфологиялық сипаттары мен ерекшеліктері мол түрлеріне көбірек тоқталып, олардың жеке қасиеттерін талдаپ көрсетудің біршама үлгілерін бердік. Оқу орындарында сөздерді морфологиялық жағынан талдаудың бұдан да ғөрі нақтырақ түрлері, жеке тілдік белгілердің теориясын үйренуге жаттықтыру, есте бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығу-талдау түрлері бағдарламада көрсетілген әр сағат сайын жүргізіліп отырылуға

тис. Бұл еңбекте көбінесse әрбір ірі тақырыпты өтіп болғаннан кейін алынған білімнің каншалықты игерілгенін, оны тәжірибеде қалай пайдалана алатынын байқап, бақылау мақсатында жүргізілетін талдаулардың үлгісін беруге тырыстық. Әрине, бұл жеке тілдік белгілерді игерту мақсатындағы жаттығу-талдаулардан бөлек нәрсе емес, солардың жалғасы, солардың негізінде құрылатын талдаулар болып табылады. Сондықтан, еңбекте берілген талдаулар арасында жеке тілдік белгілерді анықтауға қатысты талдаулардың кездесіп отыруына тандауна болмайды.

Енді бүкіл морфология курсынан алынған білім деңгейін бақылау мақсатында жүргізілетін кешенді морфологиялық талдаудың үлгісін беруге болады. Мысалы:

...Сонда, Құнанбайдың жалғыз сай көзі оның көтерінкі жал-тұмсығының сол ишігіна шығып алып, қалғымай сақшыдай бағып, осы өнірде қалт еттей күзетіп тұрған сияқтанауды (М.Әуезов).

сонда – көмекші сөз, көнеленген жатыс септік жалғаулы үстеуден пайда болған шылау, ұштастырғыш жалғаулық – осы сөйлемді алдыңғы сәйлеммен мезгілдік жағынан ұштастырып тұр;

Құнанбайдың – қосымшалы сөз: Құнанбай – күрделі, біріккен (Құнан+бай), туынды, деректі түбір зат есім, жалқы есім, адам есімі мағынасында, -дың – ілік септік жалғауы, меншік иесі мағынасын білдіріп тұр, сұрағы – кімнің?, анықтауыш қызметінде;

жалғыз – қосымшасыз (тарихи-этимологиялық тұрғыда туынды, салыстыруға болады: жал-қы//жал-ғы-з), дара, негізгі мөлшер үстеу, сандық мағынадағы сөз, сұрағы – қандаі?, анықтауыш;

сай – қосымшасыз, дара, негізгі, сапалық сын есім, адамның жай-күйін білдіреді, сұрағы – қандай?, анықтауыш;

көзі – қосымшалы сөз: көз – дара, негізгі түбір, деректі, адамның дene мүшесінің атаяуы, жалпы зат есім, -и – III жақтық тәуелдік жалғауы, меншіктілік мағынаны білдіреді, сұрағы – несі?, бастауыш;

оның – қосымшалы сөз: ол – негізгі түбір, жекеше III жақтық жіктеу есімдігі, сөйлеуші мен тыңдаушыдан бөгде жақты білдіреді, -ның – ілік септік жалғауы, меншік иесін білдіреді, сұрағы – кімнің?, анықтауыш;

көтерінкі – қосымшалы сөз, дара, туынды, қатыстық мағыналы сын есім: көтер – негізгі түбір, II жақ бұйрық райлы, қымыл мәнді етістік, -іңкі – сөзжасам жұрнағы, етістіктен сын есім тудырып тұр, сұрағы – қандай?, анықтауыш;

жал – қосымшасыз, дара, негізгі түбір зат есімнен лексикалық тәсілмен жасалған (адъективтенген) сын есім қызметіндегі сөз, сұрағы – қандай?, анықтауыш;

тұмсығының – қосымшалы, дара, негізгі сөз, адамның дene мүшесінің атауы ретіндегі мұрын сөзінің синонимі: **тұмсық** – түбір, деректі, жалпы, ауыспалы мағынадағы зат есім, -ы – III жақтық тәуелдік жалғауы, меншіктілікті білдіреді, -ның – ілік септік жалғауы, меншік иесін білдіреді, **сұрағы** – *несінің?*, анықтауыш;

сол – қосымшасыз, дара, негізгі түбір сын есім («оң» сөзінің антонимі) лексикалық тәсілмен жасалған зат есім қызметіндегі сөз, **сұрағы** – *қай?*, анықтауыш;

иығына – қосымшалы сөз: **иық** – негізгі, дара, түбір сөз, зат есім, деректі, жалпы, тұра мағыналы, адамның дene мүшесінің атауы, -ы – тәуелдік жалғауының III жағы, меншіктілікті білдіреді, -на – барыс септік жалғауы, қымылдың бағытын білдіреді, **сұрағы** – *қайда?*, пысықтауыш;

шығып алып – негізгі және көмекші етістіктердің тіркесінен тұратын курделі тұлғалы (аналитикалық формантты – *-ып ал*) амалдың ету сипатын білдіретін қосымшалы сөз: **шық** – негізгі, тұра мағыналы, қозғалысты білдіретін, салт етістік, **-ып** – көсемшениң журнағы, негізгі етістікті көмекші етістікпен жалғастырады әрі аналитикалық форманттың бір сынары, **ал** – көмекші етістік түбірі, аналитикалық форманттың екінші сынары (*-ып ал* форманты қымылдың субъектінің өзі үшін жасалғанын білдіретін мән жамайды), **-ып** – көсемшениң журнағы, сабактас құрмаластың бағыныңқы баяндауышына тиянақсызыңдық мағына беріп тұр, **сұрағы** – *қайтіп?*;

қалғымай – қосымшалы негізгі сөз: **қалғы** – қалыпты білдіретін, дара, негізгі, тұра мағыналы түбір етістік, **-ма** – етістіктің болымсыздық мағынасын жасайтын журнақ, **-й** – көсемшениң журнағы, осы журнақ арқылы етістік қымылдың сипатын білдіретін үстене қызметінде (адвербиалданып) тұр, **сұрағы** – *қалай?*, пысықтауыш;

сақышыдай – қосымшалы, туынды сөз: **сақ** – негізгі түбір, сапалық сын есім, **-ши** – сын есімнен зат есім туғызатын журнақ, **-дай** – зат есімнен сын есім туғызатын журнақ, туынды сын есім үстене қызметінде тұр, **сұрағы** – *қалай?*, пысықтауыш;

бағып – қосымшалы, негізгі сөз: **бақ** – әрекетті білдіретін, дара, тұра мағыналы түбір, сабакты етістік, **-ып** – көсемшениң журнағы, өткен шақтық және бағыныңқы сейлемнің баяндауышына тиянақсызыңдық мағына үстеп тұр, **сұрағы** – *қайтіп?*, баяндауыш;

осы – қосымшасыз, дара, негізгі, тұра мағыналы, сілтеу есімдігі, адъективтеніп сын есім қызметінде тұр, **сұрағы** – *қай?*, анықтауыш;

өңірді – қосымшалы, негізгі сөз: **өңір** – дара түбір, негізгі, дерексіз, тұра, жалпы мағыналы зат есім, **-ди** – табыс септік жалғауы, қымылдың затқа (объектіге) тұра қатыстылығын білдіреді, **сұрағы** – *нені?*, толықтауыш;

қалт етпей – қосымшалы, туынды (сөздердің тіркесуі арқылы жасалған: *еліктеуіш+көмекші етістік*) сөз: *қалт ет* – кимылдың қалпын білдіретін курделі (курама) салт етістік, *-не* – етістіктің болымсыздық мағына жасайтын жүрнағы, *-й* – көсемше жүрнағы, қимылдың сипатын білдіреді, сұрағы – *қалай?*, пысықтауыш;

күзетін тұрган сияқтанады – қосымшалы, туынды (сөздердің тіркесуі арқылы жасалған: *етістік+көмекші етістік+модаль сөз*) сөз: *күзетін тұр* тіркесінің негізгі түбірі – *күзет* – сабакты етістік, *-in тұр* – аналитикалық формант, амалдың бір қалыпты өту сипатын білдіреді; *-ған сияқтанады* – автордың іс-әрекетке субъективтік көзқарасын (субъективтік модалдық) білдіретін курделі (аналитикалық) тұлға, *сияқтанады* сөзінің түбірі – *сияқты* – модаль сөз, *-н* – өздік етіс жасайтын жүрнақ, *-а* – көсемшениң жүрнағы, ауыспалы осы шақ мағынасын үстейді (осы жүрнақтың ықпалымен түбірдің сонындағы *ы* дыбысы *а-ға* айналған), *-ды* – III жактық жіккіг жалғауы, бастауыш пен баяндауыштың предикативтік қатынасын қамтамасыз етіп, сөйлемді аяқтап тұр.

Морфологиялық талдау кезінде тілдік тұлғаларды белгілеуге ынғайлы келетін арнайы таңбалар пайдалануға да болады. Мысалы, 1) сөз таптары өздерін атайдын сөздің бас әріпперімен таңбаланады: зат есім – З, сын есім – С, сан есім – Сн, есімдік – Ес, етістік – Е, үстенеу – Ў, шылау – Ш, одағай – О, еліктеу сөздер – Ел, модаль сөздер – М; 2) қосымшалар: септік жалғаулар 1,2,3,4,5,6,7 сандарымен, тәуелдік жалғаулары ТжI, ТжII, ТжIII белгілерімен, көптік жалғауы – Кж, жіккік жалғаулары ЖжI, ЖжII, ЖжIII белгілерімен белгіленеді; жүрнақтар: сөз жасаушы – сж, сөз түрлендіруші – ст болады. Одан әрі іштей бөлінетін түрлерін де осылай белгілеуге мүмкіндік бар (мысалы: осы шақ – ош, өткен шақ – өш, келер шақ – кш, көсемшес – к, есімше – ем, т.б.). Егер нөлдік тұлға болса, оны Ø таңбасымен белгілеу қажет. Сондай-ақ, математикалық амал таңбаларын, басқа да қосымша таңбаларды пайдалануға әбден болады.

Енді осы белгілерді сөйлемді морфологиялық талдауга қолданып көрсейік: *Тәкежсан, Майбасар, Ысқақтармен ақылдастын, Шұбар жаңа сайлау алдында ел аңгарын түймек болған* (М.Әузөзов). 3,3,3+Кж+7 || Е(3+сж) + ст(к), || 3+1 || С || 3+Ø → көм.+ТжIII+5 || 3+Ø || 3+ТжIII+4 || Е+ст(ем) → көм+ст(ем). Бұл үлгінің ауызша түсінігі мынадай: 1) бірынғай зат есімдердің соңғысына көптік жалғауы мен көмектес септігінің жалғауы жалғанған, 2) сөзжасам жүрнағы арқылы зат есімнен жасалған етістікке сөз түрлендіруші көсемше жүрнағы жалғанған, 3) атав септікті зат есім (1-ді нөлдік тұлға таңбасымен ауыстыруға да болады), 4) сын есім (сапалық), нөлдік тұлғалы зат есімге тәуелдік жалғаудың үшінші жағы және жатыс жалғауымен түрлен-

ген көмекші есім тіркескен күрделі сөз, 5) нөлдік тұлғалы зат есім, 6) тәуелдік жалғаулы, табыс септікті зат есім, 7) сөз түрлендіруші есімше жүрнағымен түрленген етістікке сөз түрлендіруші өткен шақтық есімше жүрнағы жалғанған үшінші жақтық нөлдік тұлғалы көмекші етістік тіркесіп күрделі етістік жасап тұр. Міне, окушы алдынғы үлгіні жазумен бірге оны осылай түсіндіріп бере алуға дағдыланса, өтілген теориялық мәселелерді есінде сактап, ұмытпайтын болады.

Сонымен, морфологиялық талдау – ауқымының кеңдігіне байланысты мектепте де, жоғары оку орындарында да ең жиі қолданылатын, окушылар мен студенттердің теориялық білім деңгейлерін бақылап, бағалаудың және оны тереңірек есте бекітуге жаттықтырудың бірден-бір негізі болып табылатын талдау түрі. Бұл талдаудың нәтижелі болуы алдында өтілген фонетика, лексика, әсіресе, сөзжасам салаларының материалдарын білім алушының қаншалықты игергенімен тығыз байланысты болумен бірге, алда өтілетін синтаксис материалдарын менгеруге де жол салады.

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А., 1991.
2. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002.
3. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. –А., 2005.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А., 2005.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

VI. Синтаксистік талдау

Тіл білімі ғылымында синтаксис ең күрделі де ауқымды сала болып табылады. Себебі, жоғарыда аталған талдауларға арқау болған тілдік бірлік – сөз өзара синтаксистік қатынаска тұсу арқылы тіркесіп сөйлем құрайды, ал сөйлем осы арқылы ойды жеткізуін, адамдардың өзара қарым-қатынас жасауының қуралына айналады. Осыған байланысты синтаксистің өзін іштей *сөз тіркесінің синтаксисінде және сөйлем синтаксисінде* деп, ал сөйлем синтаксисін *жай сөйлем синтаксисінде және құрмалас сөйлем синтаксисінде* деп жіктелеп қарастырылады. Сөз тіркесінің синтаксисі сөздердің өзара еркін тіркесу (байланысу) түрлері мен тәсілдерін, олардың тілде орныққан басқа тіркес түрлерінен ерекшеліктерін қарастыраса, ал сөйлем синтаксисі өзара тіркескен сөздердің сөйлем құрайтын мүшелерге айналу сипаттарын, яғни сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктерін және түрлерін, олардың жасалу жолдарын қарастырады. Оку орындарындағы қазақ тілінен жүргізілетін синтаксиске байланысты талдау-жаттығу жұмыстары осындағы теориялық материалдарды игертуге бағытталады.

1. Сөз тіркесіне талдау. Сейлемді сөз тіркесіне талдау үшін, ең алдымен, «сөз тіркесі», «түйдекті тіркес» және «тұракты тіркес» деген терминдерді бір-бірінен ажыратса алу керек. «Сөз тіркесі – бұл синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабактаса байланысқан тобы» (Ф.Калиев, 304-б.). «Түйдекті тіркес – сөз тіркесінің бір сынары қызметінде жұмсалатын лексика-грамматикалық сөздер тобы. Оларға: 1) күрделі етістіктер тобы (*оқып жастыр, оқып келе жастыр*), 2) есім мен көмекші етістіктер тобы (*құлақ тігу, қол қюю*), 3) қосарлы есімдер тобы (*куннен-кунге, ыдыс-аяқ*), 4) күрделі есімдер тобы (*аяқ астынан, жұмыс басында, бала сияқты*), 5) тұракты тіркестер тобы (*уреій үшү, тіс қаққан, беті бері қарау*) жатады». (Ф.Калиев, 334-б.). Сонда, тұракты тіркестер – түйдекті тіркестің бір түрі болып табылады да, мағынасы жағынан аудиоспалы, құрамы жағынан тұракты, қызметі жағынан сөз тіркесінің бір ғана сынары болатын сөздер тобы болып есептеледі.

Сөз тіркесіне талдауда еркін тіркес негізге алынады. Өйткені, сырттай қарағанда түйдекті тіркес те, тұракты тіркес те еркін тіркеске ұқсаганымен, олар тобымен бір ғана мағынаға ие болады да, бір ғана сөз орнына жүреді, сейлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады, басқа сөздермен еркін тіркестің бір сынары ретінде тіркеседі. Екіншіден, сөздердің байланысуы тәсілдерін (жолдарын) – *аналитикалық* және *синтетикалық* тәсілдерді білу қажет. Аналитикалық тәсілге сөздердің интонация, орын тәртібі, шылаулар арқылы байланысы жатса, синтетикалық тәсілге сөздердің өзара жалғаулар (септік, тәуелдік, жіктік және көптік) арқылы байланысуы жатады. Ушіншіден, сөздердің байланысу түрлерін (формаларын – қысыу, менгеру, матасу, қабысу, жанасу) және олардың жасалу жолдары мен тәсілдерін менгеріп алған орынды.

Сондай-ақ, әрбір тіркескен екі сөздің бірі бағыныңқы, бірі басынқы сынар болуымен бірге, басынқы сынарының есім не етістік болуына қарай «есімді сөз тіркесі» және «етістікті сөз тіркесі» болып атала-тынын, бағыныңқысының ынғайына қарай «предикаттық қатынас», «анықтауыштық қатынас», «толықтауыштық қатынас» және «пы-сықтауыштық қатынас» құрайтынын да білу орынды болады.

Тағы бір ескеретін жай – сөйлем мүшелері мен сөз тіркесі сынарлары үнемі сойкес келіп, бірдей бола бермейді. Мысалы, сейлем ішіндегі бір сөйлем мүшесі бірнеше сөз тіркесінен тұратын күрделі мүше (оралымдар) болуы да мүмкін. Сондықтан, сөз тіркесінде тек сөздердің лексикалық мағынасы ынғайында сөйкес келіп тіркесуі ескеріледі. Әрине, сөз тіркесінің сынарлары да күрделі құрылымда болуы әбден мүмкін. Мұндайда ол сөздердің бір ғана лексикалық мағынада колда-

нылуы (күрделі сөздер, күрделі атаулар, тұрақты тіркестер, кейде осы мағынадағы мақал-мәтеделдер) есте болуы қажет.

Соңғы кездерде мектеп бітірушілердің басым көпшілігі сөз тіркесіне талдау жағынан шорқақ келетіні байқалып жур. Осыланысты, сөз тіркесінің байланысу түрлері мен тәсілдері жөнінде қысқаша мәлімет берे кеткенді жөн көрдік.

Қызыу – бастауыш пен баяндауыштың жақтық, сандық жағынан сәйкес келіп байланысуы (Мектеп грамматикаларында атау тұлғада тұрған бастауыш сөздің, жіктік жалғауындағы баяндауыш сөзбен жақтық, сандық жағынан мағыналық сәйкестікте келіп тірке-суи ескерілгендейді, оларды сөздердің байланысу түрлерінің біріне жатқызады. Сондай-ақ, ғылыми еңбектерде бұл тіркестерді сөйлемнің ен кіші құрылымдық түрі (жалаң сейлем) ретінде де қарайды. Себебі, бірнешіден, мұнда басыңқылық қызметті соңғы сынар емес, алғашқы бастауыш болып тұрған сынар аткарады. Екіншіден, бұл екі сөздің тіркесі бастауыш-баяндауыштық – предикаттық – қатынас құрап, сөйлем бола алады. Сондықтан, сөз тіркесінің бұл түрін сөйлем синтаксисінде қарастырады. – Ж.С.). Қызыу екі түрлі тәсілмен жасалады: жалғау арқылы және интонация арқылы.

Матасу – ілік септіктің сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысуы, жалғау арқылы жасалады, анықтауыштық қатынас құрайды.

Менгеру – барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктің сөздердің басқа сөздермен байланысы, ол септік жалғаулары және шылау арқылы жүзеге асады, толықтауыштық және пысықтауыштық қатынас құрайды.

Қабысу – сөздердің өзара ешбір жалғаусыз (түбір күйінде), іргелес тұрып байланысуы, орын тәртібі арқылы жасалады, анықтауыштық және пысықтауыштық қатынас құрайды.

Жанасу – сөздердің ешбір жалғаусыз алшақ тұрып (арасына сөз салып) байланысуы, орын тәртібі арқылы жасалады. (Соңғы екі байланыс түрін ғылыми еңбектерде онша ажыратса бермей, «қабысу» деген бір ғана терминмен атау кездеседі), пысықтауыштық қатынас құрайды.

Есімді тіркестер қызыса, матаса, менгеріле, қабыса байланысады да, етістікті тіркестер қызыса, менгеріле, қабыса байланысады.

Сөз тіркесіне талдау кезінде әр сөздің сөйлемдегі мүшелік қызметі емес, толық мағыналы сөздердің өзара мағыналық сәйкестігі негізіндеңдегі байланысы ескерілетіндіктен, сөйлем басындағы алғашқы сөздің келесі сөзбен мағыналық байланысынан бастап талдау жүргізіледі. Алдымен әр дара, күрделі сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін жеке-жеке санмен белгілеп, оны сөздің жанына немесе төбесіне жазып алған

дұрыс болады. Бұл бір сөйлем ішінде қанша сез (сөзтүлға, ал сөзтүлға дара да, күрделі де болады) бар екенин біліп алу үшін қажет. Бұлай етпеген жағдайда оқушының қай сезбен қай сөзді байланыстыру қажеттігін бірден табуы қын болады.

Сөйлем талдау үлгісі мынадай болады. 1-мысал: *Биқ(1) төсек жасында(2) дөңгелек(3) столға(4) шынтақтап(5), оңаша гана(6) отырган(7) Абайға(8) есіктен(9) кірген(10) самал да(11) жайлыш(12) (М.Әуезов).*

1. *биқ → төсек*: бағыныңқысы – *биқ*, басыңқысы – *төсек*; есімді тіркес (сын → зат); байланысу тәсілі – орын тәртібі арқылы, іргелес; байланысу түрі – қабысу, анықтауыштық қатынас;

2. *төсек жасында → отырган*: бағыныңқысы – *төсек жасында*, басыңқысы – *ottyрган*; етістікті тіркес (зат → етістік); байланысу тәсілі – жалғау арқылы (жатыс септік); байланысу түрі – менгеру, пысықтауыштық қатынас (мекен);

3. *дөңгелек → стол*: бағыныңқысы – *дөңгелек*, басыңқысы – *стол*; есімді тіркес (сын → зат); байланысу тәсілі – орын тәртібі арқылы, іргелес; байланысу түрі – қабысу; анықтауыштық қатынас;

4. *столға → шынтақтап*: бағыныңқысы – *столға*, басыңқысы – *шынтақтап*; етістікті тіркес (зат → етістік); байланысу тәсілі – жалғау арқылы (барыс септік); байланысу түрі – менгеру; толықтауыштық қатынас;

5,6. *шынтақтап, оңаша отырган*: бағыныңқысы – *шынтақтап*, *оңаша*, басыңқысы – *ottyрган*; етістікті тіркес (етістік, үстене → етістік); байланысу тәсілі – орын тәртібі арқылы, іргелес; байланысу түрі – қабысу; пысықтауыштық қатынас (қымыл-сын);

7. *отырган Абай*: бағыныңқысы – *ottyрган*, басыңқысы – *Абай*; есімді тіркес (стістік → зат); байланысу тәсілі – орын тәртібі арқылы, іргелес; байланысу түрі – қабысу; анықтауыштық қатынас;

8. *Абайға жайлыш*: бағыныңқысы – *Абайға*, басыңқысы – *жайлыш*; есімді тіркес (зат → сын); байланысу тәсілі – жалғау арқылы (барыс септік); байланысу түрі – менгеру; толықтауыштық қатынас;

9. *есіктен кірген*: бағыныңқысы – *есіктен*, басыңқысы – *кірген*; етістікті тіркес (зат → етістік); байланысу тәсілі – жалғау арқылы (шығыс септік); байланысу түрі – менгеру; толықтауыштық қатынас;

10. *кірген самал*: бағыныңқысы – *кірген*, басыңқысы – *самал*; есімді тіркес (етістік → зат); байланысу тәсілі – орын тәртібі арқылы, іргелес; байланысу түрі – қабысу; анықтауыштық қатынас;

11. *самал да жайлыш*: басыңқысы – *самал да*, бағыныңқысы – *жайлыш*; есімді тіркес (зат → сын); байланысу тәсілі – жалғау арқылы (атау септік және тәуелдік жалғауының III жағы); байланысу түрі – қызысу; предикаттық (бастауыш-баяндауыштық) қатынас.

Осы талдау ішінде кездескен мынадай екі нәрсеге назар аудара кетуді жөн көрдік: 1) *төсек жасы тіркесін түйдекті тіркес ретінде алғып отырмыз*. Себебі, ғылымда *жасы, қасы, маңы, іши, тысы, сырты, арасы, басы, т.б.* тек тәуелдік жалғауында келіп, ілік жалғаулы сөзге тіркесіп қана қолданылатын бір топ сөздерді «Көмекші есімдер» деп атау тұракталған. Көмекші есімдер жөнінде «Қазақ грамматикасында» (2002) мынадай пікір айтылған: «Көмекші есімдер де зат есім сияқты нақтылы бір ұғымның аты, атауышы болатын сөздер. Бірақ біздің түсінігіздегі кәдімгі зат есімдерден олардың айырмашылығы мағынасы дерексіз болып келеді және семантикалық тұрғыдан алғанда, нақтылы бір ұғымды өзінен бұрын тұрган есім сөзге тіркесу арқылы, соның шылауында айтулу арқылы ғана көрсете алады...» (449-б.). 2) Сөйлем ішіндегі шылаулар – *гана, да* – демесуліктер болғандықтан, сөздерді байланыстыруға қатысы жоқ, сондықтан оларды талдаудан тыс қалдырса да, не бағыныңқы сынарға тіркестіре қараса да болады. Одан келетін өзгеріс жоқ.

Өтілген тілдік зандаулықтарды ғезірек есте қалдыру және жазуды ықшамдалап, уақытты үнемдеу мақсатында жоғарыдағы толық мағыналы эр сөздің жанына қойылған сандарды және қыскартуларды (сөздердің басқы әріпперін не буындарын) пайдалануға болады. Талдау кезінде қолданылатын ұғымдардың толық атауларын мынадай түрде қыскартып қолдануға болатынын білім алушыларға алдын-ала ескертіп қоюға да болады: **бс** – басынқы, **бғ** – бағыныңқы, **ес.т.** – есімді тіркес, **ет.т.** – етістікті тіркес, **о.т.(ірг./ал)** – орын тәртібі (іргелес/алшак) арқылы байланыс, **ж.(а.с.)** – жалғау(атау септігі) арқылы байланыс, **ж.ж.3** – жіктік жалғауының 3-жағы, **т.ж.3** – тәуелдік жалғауының 3-жағы, **қб** – қабысу, **жн** – жанасу, **м** – менгеру, **мт** – матасу, **қс** – қызысу, **а.к.** – анықтауыштық қатынас, **б-б.к.** – бастауыш-баяндауыштық қатынас, **т.к.** – толықтауыштық қатынас, **п.к.** – пысықтауыштық қатынас т.б.

Жоғарыдағы сөйлемді «ықшам талдауға» салып көрейік:

- 1 → 2 – ес.т., о.т.(ірг.), қб., а.к.;
- 2 → 7 – ет.т., ж.(ж.с.), м., п.к.;
- 3 → 4 – ес.т., о.т.(ірг.), қб., а.к.;
- 4 → 5 – ет.т., ж.(б.с.), м., т.к.;
- 5,6 → 7 – ет.т., о.т.(ірг.), қб., п.к.;
- 7 → 8 – ес.т., о.т.(ірг.), қб., а.к.;
- 8 → 12 – ес.т., ж.(б.с.), м., б-б.к.;
- 9 → 10 – ет.т., ж.(ш.с.), м., т.к.;
- 10 → 11 – ес.т., о.т.(ірг.), қб., а.к.;
- 11 → 12 – ес.т., ж.(а.с.) + ж.ж.3, қс., б-б.к.

2-мысал: Қарагандының(1) қары(2) биыл(3) бұлқан-талқан(4) күрт(5) еріп еді(6) (F.Mусірепов).

- 1 → 2 – ес.т., ж.(іл.с.)+т.ж.3, а.қ.;
2 → 6 – ет.т., ж.(а.с.) + ж.ж.3, қс., б-б.қ.;
3 → 6 – ет.т., о.т.(ал.), жн., п.қ.;
4 → 6 – ет.т., о.т.(ал.), жн., п.қ.;
5 → 6 – ет.т., о.т.(ірг.), қб., п.қ.

3-мысал: Ноянның екінші аты – «басқарма» (К.Сарсекеев).

1. **Ноянның аты:** бағыныңқысы – Ноянның, басынқысы – аты, есімді тіркес, байланыс тәсілі – жалғау арқылы (ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесі), байланыс түрі – матасу, анықтауыштық қатынас;

2. **екінші аты:** бғ – екінші, бс – аты, ес.т., о.т.(ірг), қб, а.қ.;

3. **аты – «басқарма»:** бғ – «басқарма», бс – аты, ес.т., инт, қс., б-б.қ.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Сөз тіркесіне ұқсас тіркестердің қандай түрін білесіздер?
2. Есімді және етістікті тіркестер жөнінде не білесіз?
3. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері қандай?
4. Сөз тіркесінің байланысу формалары қандай?
5. Сөз тіркесі болу үшін қандай шарттар болу керек?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Мәтін ішіндегі сөз тіркестерін анықтап, жасалу тәсілдерін түсіндіріңдер.

Не болғанын білмеді. Былай шыға қасқа дөненге қамши бағыт кеп. Ұшқыр дөнен үшіктина шауып жүйткіп берді. Қоп жыласа керек. Неге екенін білмейді. Кебе баставан көз жасының жсолақтары бетін айқыш-ұйқышы жыбырылатып барады. Қолының сыртымен көзін уқалап тұр.

2-тапсырма. Төмендегі тіркес сөздердің сөз тіркесінің қай түріне жататынын анықтаңыз.

Жарық бөлме, су жүрек, жиырма бес, көк ала, су жаңа машина, жүрек жұтқан жігіт, қызыл ала койлек, келе жатыр, жүгіріп бара жатыр.

3-тапсырма. Сөйлемдердегі жалғау арқылы байланысқан сөздерді талдаңыз.

Бұл үйдің бар жасына қадірлі көрінген қонақ Дәт болатын. Дәт дүелі Магаш, Әбсеметке қайырлы болсын айтты. Торы жорға аттың жеңістін, бәйгестің құттықтады. Сойтес бере Магашқа қасындағы жолдасын мәлім етті.

– Мынау – менің жолдасым...

4-тапсырма. Мәтіннен менгеріле байланысқан тіркестерді тауып, жасалуы жолына талдау жасаңыз.

Сапар сөзін бітірді де, сұыған шайын жұтта салды. Байбол қолын қойыныңа тығып жіберіп, қолтық қалтадан ескі шүберек алып шықты. Шүберектің ішінен дөңгелек мөрдің жұқа резинкасын шыгарды. Оны әуелі түкірікпен, оған жарымаган соң, тілімен жалап, сия қарындашты езді де, ақ қағазга баса берді.

5-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, мағыналық әрі тұлғалық үйлесімі бар сөз тіркесін жасаңыз және олардың қалай байланысын тұрғанын түсіндіріңіз.

Жүрек, биік, шынар, көк, табиги, космос, ардақтау, ұлы, ер, сайлау, сыйлы, сыйымды, қыын, тың, даңқ, қигаш қас, бұлақ құйрық, ақ тәбел.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Ол өз еркінен тыс көрші үйдің терезесіне көз жіберді. Бір заматта бұған тұспа-тұс балконның есігі ашылып, тыска жап-жас келіншек шықты. Ұйқысын аша алмай ұзақ есінеп, аппақ білектерін басынан асыра керілді. Келіншектің екі бөлмелі үйде жалғыз тұратынын Әбдірасыл осы соңғы күндері ғана байқап жүр. Байқағанда, сырттай торуылда, бақылаған бұл жоқ, келіншектің өзі көлбендеп көзге жи түседі... Жалғыз тұратын болған соң кімнен именсін, жас әйел өз үйінде қалай болса солай, кейде іш кейлекпен, кейде тіпті пляж формасында да жүре береді. Көлденен көзде жазық жоқ, соның бәрі шам жарайғында карсы жаққа ап-анық көрініп тұрады. Не сиқыры барын кім білсін, , әйтегір, сол бір кымбат люстра жанатын тап-түйнектай таза бөлмеден бұл әрқашан жанға жайлы бір жылы леп сезгендей болады. Сол жаққа көз қығы түсे берген Әбдірасыл өзінен-өзі қуыстаннып, ішке кіреді... (Қ.Жұмаділов)

2) Шашубайдың жаны мұрнының ұшына келді. Құлдырап ойдағы ауылға, қырдағы ауылға шапты. Құлдырап аудан асып кетті. Көрінген-нен машина, трактор сұрап, тапқан затын үйнен жеткізу де бір әуре.

Олай-бұлай жеті күн жұғіргенде Шашубайдың ши калпағының мандаійы желкесіне қарап, ала шалбардың екі балағы бірдей конышының сыртына шығып кетті.

Қолы босаса-ақ балаларын әңгімеге қарық қылып, етіп бара жатқандардан насыбай сұрап, екі аяктың балшығын кезек-кезек сілкіп тұрып, кергіп сейлесетін күндер адыра қалды. Ауданнан титықтап шаршап бір есік, бір терезе алып келген күні қарауїдің дәл есігінін аузында шай ішіп отырып қалғып кетіп, әйелі төрге сүйреп апарып жатқызыпты. Оны өзі де білмейді... (Т.Нұрмамбетов)

3) Осындаі бір серпілістен кейін бойы сергіп, жан сарайы жуған шәйідей ашылып, нөсерден кейінгі аспандай тазарып қалатыны бар. Осындаі бір серпілістен кейін өнгө жүртпен де ара катынасы жай-

ма-шүақ қалыпқа түсіп, окушылармен де шығарға жаны ғана бөлек болып, тіл табысып қалатыны бар.

Бұның сабақтарын шәкірттері өліп-өшіп тыңдайтынын өзі біледі. Орта мектеп тәмәмдаған соң тарихшы боламыз дәп шетінен құлшынып жүрсе, көңілің қалай қош болмас!

Осындағанда бір серпілістен кейін табиғат пен Андрейдің «арасы» жымдаса қабысып жаразтық табатын. Ондай кезде күн болса күлімдеп тұрады, ай болса маужырап тұрады, аяз болса шыңылтыр таза болады, өмірге деген құштарлық арта түседі, бөлмесін де жұтындырып қояды... (Ә. Тарази).

Әдебиеттер:

1. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – А., 1997.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
3. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – А., 2003.
4. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
5. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Оқу құралы. – А., 2012.
6. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

2. Жай сөйлем синтаксисіне катысты талдаулар.

2.1 Жай сөйлемді құрылымдық ерекшеліктеріне қараңыз талдау.

Сөйлемді зерттеуші ғалымдар оның құрылымын үш түрлі бағытта қарастырады: 1-ден, сөйлем қандай да бір хабардың тұтас мазмұнын құрайды, ал мазмұн (немесе сөйлем мағынасы) алдымен ойда қорытылады, сондықтан сөйлем білдіретін ой мазмұнының (мағынаның) өзіндік құрылымы болады, ол құрылым ой бөліктерін атап көрсететін логикалық мүшелердің (субъекті, объекті, предикат, атрибут) өзара қатынасынан тұрады және бұл мүшелер сөйлемнің грамматикалық мүшелерімен бірде сәйкес келсе, бірде сәйкес келмейді (бұл сөйлемнің логикалық, мағыналық немесе семантикалық құрылымы деп аталауды); 2-ден, сөйлем адамдар арасында қарым-қатынас қуралы қызметін (коммуникативтік қызмет) атқаратындықтан, белгілі бір хабардың көрінісі болып табылады. Сондықтан, оның құрылымы екі-ақ мүшеден : 1) хабарға негіз болатын ойдың тақырыбы, қазығы – темасы, 2) тақырыпқа байланысты жеткізілестін жаңа хабарды баяндайтын бөлік – рема (мұны сөйлемнің коммуникативтік құрылымы деп атайды); 3-ден, сөйлем ойды сыртқа шығаратын синтаксистік бірліктердің, яғни сөйлем мүшелерінің (бастауыш баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) өзара қатынасынан тұрады (мұны сөйлемнің грамматикалық құрылымы деп атайды). Міне, осы үш бағыт қазіргі сөйлемдерді талдауға да негіз болып жүр.

Сөйлем түрлеріне талдау дәстүр бойынша олардың үш түрлі принцип негізінде топтастырылуына сай жүргізіледі: 1) сөйлемнің мағынасына немесе айтылу мақсатына қараңыз (О.Төлегенов) түрлері: *хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті*; 2) құрылышына қараңыз түрлері: *жасақты, жасақсыз, толымды, толымсыз, жалаң, жайылма, атаулы сөйлемдер*; 3) құрамына қараңыз түрлері: *жай, курделенген және құрамалас (салалас, сабактас, аралас)*. Бұлар біздің осы күнге дейінгі оқулықтарымызда беріліп келе жатқан топтастыру және жіктеу түрлері. Бұл топтастырудың ішіндегі сөйлем мағынасына немесе айтылу мақсатына қараңыз түрлері жөніндегі көзқарастар мен пікірлер қазіргі кезде біршама қалыптасқан, тұрақтаған деуге болады. Сондықтан бұл жөнінде арнайы талдау түрін бермей-ақ, синтаксистік әдебиеттердегі теориялық мәселелерді біліп алуды ұсына отырып, талдауға байланысты кей мәліметтің тынысы белгілеріне талдау барысында айтылатынын еске саламыз.

Ал, 2-түріндегі сөйлем түрлерін топтастыруда негізге алынатын межелер (критерийлер) мен олардың өзіндік белгілерін нақты айқындауда әлі де болса даулы мәселелер жеткілікті. Бір ғана мысал келтірейік. Сөйлемді «жақты», «жақсыз» деп ажыратуда бастауыштың (яғни грамматикалық бас мүшениң) бар-жоқтығы межеге алынып кел-

гені белгілі. Профессор М.Балакаевтің өзі бір кездे «жаксыз» деп аталағын сөйлемнің өзінде логикалық түрғыда жақ (субъект) бар екенін әлдекашан ескерте отырып, тек грамматикалық бастауышы жоқ, оны табуға да, қоюға да болмайтын ерекшелігіне сай аныктама берген болатын. Ал «жақты» сөйлемдер тек бастауышы бар, жоқ болғанның өзінде баяндауышка қарай оны қоюға болатын сөйлемдер ретінде танылып келеді. Бірақ, 50-60 жылдардан бері «белгісіз жақты» және «жалпылама жақты» деп аталағын бастауышсыз жақты сөйлемдер бар екені анықталып, бұл пікір академиялық грамматикалардан орын алды. Міне, осындай қайшылықтар сөйлемнің құрылымдық ерекшелігіне қарай (құрамына қарай) топтастырылуын қайта қарауды қажет етті. Бұл мәселелер тіл ғылымында сөз де болды (К.Аханов, О.Төлегенов т.б.), бірақ оқулықтарға айтартылғанда нақты өзгерістер енген жоқ. Осыған байланысты біз (О.Төлегеновтің жіктеуін басшылыққа ала отырып) өз көзқарасымыз бойынша талдау түрін ұсынамыз:

1) Ең адымен, сөйлем – мүшеленетін және мүшеленбейтін сөйлемдер деген екі үлкен топқа жіктеледі. Өйткені қазіргі кезде тілімізде синтаксистік мүшелеуге келмейтін, бірақ логикалық құрылымы (мазмұны) жағынан белгілі бір пікірді білдіретін сөйлемдер ретінде қарастыруға болатын құрылымдар бар екені анықталып отыр;

2) Мүшеленетін сөйлемдердің өзі: а) грамматикалық бас мүшелердің қатысына қарай – екі негізді (екі құрамды, екі бас мүшелі), бір негізді (бір құрамды, бір бас мүшелі); ә) субъект-жақтың қатысына қарай – екі негізді сөйлемдер: нақты жақты, жалпылама жақты, жақсыз бол бөлінсе, бір негізді сөйлемдер: белгілі жақты, жалпылама жақты, белгісіз жақты, жанама жақты, жақсыз сөйлемдер; б) грамматикалық сөйлем мүшелерінің қатысына қарай: жалаң, жайылма, ықшамдалған (парцеляцияланған) сөйлемдер; в) сөйлемнің жалпы мағынасына (ойға) қажетті мүшелердің қатысына (предикативтік, атрибутивтік, обьектілік) қарай: толымды, толымсыз;

3) мүшеленбейтін сөйлемдер – а) атаулы. ә) сөз-сөйлемдер деп жіктеледі.

Енді осы сөйлем түрлеріне қысқаша анықтама-түсінік беріп, мысалдар келтіре кетейік.

1) Екі негізді (екі бас мүшелі) сөйлем деп бастауыш пен баяндауыштың предикативтік қатынасына негізделіп, бас мүшелері нақты, айқын берілген сөйлемдерді айтатыны бұрыннан белгілі. Бұған мына сөйлем түрлері енеді:

а) нақты жақты сөйлем (бастауышы 1,2,3-жақтық есімдіктермен берілген және өз бетінше қимыл-эрекет жасап өніп, есе алатын жанды заттар мен қозғалысқа түсken жансыз заттар болатын сөйлемдер): Мөнке мен Төлеу ау қарап қайтты (Ә.Нұрпеісов). – Екеуіміз оңаша

сөйлесерміз (З.Шашкин). Тура сөзде айып жоқ (М.Әуезов) т.б.

б) жақсыз сөйлем (іс-әрекет иесі айтылмай, іс-әрекет объектісі бастауыш бастауыш қызметін атқаратын ырықсыз етіс тұлғасы арқылы жасалған сөйлемдер): Шөп шабылды., Конырау согылды. Ата-аналар жиналысқа шақырылды т.б.

ә) жалпылама жақты сөйлем (мағынасы жалпылық болғанымен, бастауышы айқын берілетін контекске қатысты сөйлем): Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзінен қалар дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек не едің? (Абай).

2) **Бір негізді** (бір бас мүшелі) сөйлемдер деп бір ғана бас мүше – баяндауыштың негізінде жасалып, сөйлемнің жалпы мағынасы грамматикалық бастауыш мүшениң болуын қажет етпейтін сөйлем түрлерін айтамыз. Олар: а) белгілі жақты сөйлем (бастауышсыз айтылған, жақтық мәні баяндауыш мүше құрамындағы 1,2-жақтық жалғаулар арқылы берілген сөйлемдер): - Не деп тұрсың. Алжығанбысын?.. (М.Әуезов). – Не айтам? Ойланайын... Қабыргаммен кенесейін (Е.Домбаев);

ә) жалпылама жақты сөйлем (бастауышсыз айтылған, жақтық мән 2-жақтағы, ішінәра 1,3-жақтағы жіктік жалғауының ауыспалы түрде, үш жаққа бірдей жалпылық мәні арқылы берілген сөйлемдер): - Мәңгі жасаитындаи алысасын. жұлысасын... Дүниеге не үшін келдің. не үшін кеттің? (Д.Исабеков). Айттас жерде тіліңді тарт (мақал);

б) белгісіз жақты сөйлем (бастауышсыз айтылған, жақтық мән 3-жақтағы ауыспалы белгісіздік жақтық мәні арқылы берілген сөйлемдер): Анамен алыспайды да. атыспайды да. (F.Мусірепов); - Ойбай-аутонап кетті гой. тонаң!. (Д.Исабеков).

в) жанама жақты сөйлем (бұрынғы “жақсыз” сөйлемдердің жақтық мәні септік жалғаулы сөздермен берілген түрі): Менің ешкімді сүйгім келмейді (Д.Исабеков). Маган үйге соза кету керек (Д.Исабеков).

г) жақсыз сөйлем (бұған бұрынғы «жақсыз» сөйлемнің ешбір жаққа қатыссыз айтылған түрі жатады): ...Бізде пысықтарға көп көңіл бөлінеді (С.Досанов). Хат жазуға тиым салынған (Д.Исабеков).

Бір және екі негізді сөйлемдердің қай-кайсысы да **толымды** және **толымсыз** бола алады. Толымсыздық бір негізді сөйлемдерде тұрлаусыз мүшелердің, әсіресе толықтауыштың түсірілуімен байланысты байқалса, екі негізді сөйлемдерде кез келген сөйлем мүшесінін түсірілуінен көрінеді. Екі сөйлем түрі де **жалаң** және **жайылма** құрылымда бола береді.

3. Мүшеленбейтін сөйлемдер – грамматикалық жағынан мүшелеге келмейтін жеке тұрып сөйлемдік мағынаға ие бола алмайтын, тек контексттік ынғайда мағынаға ие болатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын сөйлемдер. Оның мынадай түрлері бар:

а) атапты сөйлемдер (контекст басында келетін атап есім сөздер мен сөз тіркестері): *Ауыл. Үй саны жиырма шақты* (Б.Майлин).

ә) ықшамдалған сөйлемдер (парцеляция) (контекст соңынан келіп, алдыңғы сөйлемдегі ойды айқындай түсін көлданылатын сөйлем түрі): *Желіден аулагырақ аударайық...* *Былайырақ!* (Г.Мусірепов). – *Қайда барамын?* – деді Ваня. – *Кейінгі жақта! Батареяга!* (В.Катаев).

б) экспрессивті-эмоциональдық лепті (вокативті) сөйлемдер (адамның көніл-куйін білдіретін, одагай, қаратпа, макұлдау, жоққа шығару т.б. мәндерді білдіретін жеке сөздерден тұратын сөйлемдер): – *Ассала-умәликім, Абай аса!* – деді (М.Әуезов). *Мәссаған! Жоқ, жолдас, жаррамайды...* (М.Шонбаев).

Енді сөйлем түрлеріне талдаудың бірнеше түрін берейік. *Қайырбаев* бұл сөзді зор мақтандыспен айтады. – жай сөйлем, екі негізді, нақты-жақты, толымды, жайылма сөйлем.

Тас көмір заводында да жерді құдықша тесін. «Шаң» қазады. Оган тақтай қызын шегенден тастайды. Алғашқы сөйлем: құрмалас, екі сынары да бір негізді, магыналық жағынан екеуі де белгісіз жақты, бірінші сынары толымды, жайылма, екіншісі – жалан. Екінші сөйлем: жай сөйлем, бір негізді, белгісіз жақты, толымды, жайылма сөйлем.

Келесі күні талан-таражға түскен түкімдіқ астықты қайта жинауга кірісілді – жай сөйлем, бір негізді, белгісіз жақты, толымды, жайылма.

– Тезірек балаларды жеткізу керек екен гой...

– Я, тезірек әкелу керек... (А.Макаренко).

1-сөйлем: жай сөйлем, бір негізді, жақсыз, толымды, жайылма.

2-сөйлем: «Я» – макұлдау мәнді мүшеленбейтін сөйлем (өйткені бұл сөз өзінен кейінгі сөйлем айтылмаса да, сол сөйлем беретін мағынаны білдіреді), соңғы сынары (қайталанған сөйлем) – бір негізді, жақсыз, толымсыз, жайылма.

Сөйлем құрылсына қарай жай, қурделенген және құрмалас болып бөлінетіні жоғарыда аталған. Жай сөйлем жоғарыдағыша талдауды. Ал «курделенген сөйлем» термині өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері қарай профессор Қ.Есенов арқылы қазақ тіл білімінде көлданылып, жай сөйлемдер мен құрмаластардан өзгеше сөйлем түрлері ретінде қарастырылып келеді. Бұл бағытта осы сөйлем түрлеріне қатысты бірнеше диссертациялар қоргалды. 2002 жылы жарық көрген «Қазак грамматикасында» арнайы сөйлем бір түрі ретінде енгізілді. Соңдықтан, мектеп грамматикаларына әзірше ендіріле қоймаған (жақын кезеңдерде енгізілдер деген үміт бар) бұл сөйлем түрлері жөнінде қосымша айта кеткен орынды болады. Профессор Қ.Есеновтің айтуынша, жай сөйлемнің курделенуінін іштей бірнеше

түрге бөлінестіп екі жолы бар: 1) айқындауыштық қосалқы сөйлемдер арқылы; 2) синтаксистік оралымдар арқылы.

Онашаланған айқындауыштық қосалқы сөйлемдер қатарына ғалым белгілі бір сөйлем мүшесін айқындаپ, сол арқылы айтылар ойды толықтырып, нақтылап тұратын, қосалқы ғана мәні бар сөйлем не сөйлемге ұқсас конструкцияларды – онашаланған айқындауыш сөйлем, қыстырма сөйлем, қыстырынды сөйлем және бірыңғай мүшел сөйлемдерді жатқызды. Мұндай сөйлемдердің өзін іштей қай сөйлем мүшесін анықтап тұруына қарай бастауышты айқындаитын, баяндауышты айқындаитын, толықтауышты айқындаитын т.б. деп жіктеп көрсетеді. Енді осыларға бір-бір мысалдан келтіріп көреік:

1) *Жас ет, үйткен қойдын еті болған да, мына табаққа тағы да өзгеше дәм бітіріп нәр берді* (М.Әуезов). Сөйлемдегі бастауышты (ет) одан кейін келіп тұрған асты сызылған онашаланған сөйлем айқындаپ, сөйлемді мағыналық жағынан күрделенедіріп тұр.

2) *Қыстауымыз – Шу өзенің томенегі жасағындағы Қамқалы* (*Қазір мойынқұм орналасқан жер*) (Т.Кәкішев «Қызыл сұңқар»). Сөйлемдегі баяндауышты (Қамқалы) жақшаның ішіндегі асты сызылған сөйлем айқындаап тұр.

3) *Шынында да Сәкен осындаи кітаптарды бір танысы арқылы «қалалық кітапханадан» алып көп оқытын* (*Бұл кітаптар семинария кітапханасынан бізге берілмейтін*) (Т.Кәкішев «Қызыл сұңқар»). Сөйлем соңындағы жақшага алынған онашаланған сөйлем толықтауыш мүшени (кітаптарды) айқындау арқылы сөйлемді күрделенедіріп тұр.

4) *Кален... самауыр құйып отырган жас келіншектің* (*Алдабергеннін былтыр үйленген үшінші айелінің*) жасына, тері тұлаққа тізе бүкті (*Ә.Нұрпейісов*). Мұнда онашаланған сөйлем анықтауышты (келіншектің) айқындаап тұрғаны айдан анық.

5) *Надандықты казір мына ауылда, мына уезде отырып та, жоюға мұмкіндік мол* (*Х.Есенжанов*). Бұл сөйлемде пысықтауыш мүшес айқындалған.

Қыстырма сөйлемдер арқылы күрделенген жай сөйлемдердің ерекшеліктері мынада: «...қыстырма сөйлем негізгі сөйлемнің ыңғайына қарай айттылып, айтушының түрліше көзқарасын, ықылас-тілегін білдіріп тұрады... Бұл сөйлемнің мазмұнын күрделенедіріп, құрылышын аумакты қыла түседі. Осыдан барып сөйлемнің ішінен тағы да бір «сөйлем» бөлініп жатқандай болады. Алайда, соңғы «сөйлем негізгі сөйлемнің модалдық катынасын білдіруші ғана.» [6,33-34]. Сырттай қарағанда сабактасқа ұқсас болғанымен, аталған ерекшелігіне қарай, осындаи сөйлемдер күрделенген жай сөйлем қатарына жатады. Қыстырма сөйлемдер әртүрлі жолдармен жасала береді. Бірнеше мысал келтірейік: – *Жоқ, шынын айтсан,*

маган олда аз еді (Б.Бұлқышев). Алдын ала айта кетуіміз қажет, Сәкен көркем прозада поэзиядашып шебер болмады (Т.Кәкішев «Қызыл сұңқар»). Шоқанның келүіне байланысты, бұл жасагана іші жасасулы бірнеше ақ үй тігілді (С.Мұқанов). Кітаптың қызығына түскендіктен бе, немесе әкесін күткендіктен бе, оның отырысы бұл жолы күндеғіден ұзақша созылды (М.Иманжанов). Осы сөйлемдердегі қарамен терілген қыстырма сөйлемдердің әртүрлі тәсілдермен жасалуына байланысты, олардың сөйлемге қосар мағыналары да әр басқа. 1-сөйлемдегі қыстырма шартты рай тұлғалы болып келіп, сөйлеушінің өз ой-пікірін білдіретін модалдық мән қосып тұр. Ал 2-сөйлемнің баяндауышы етістікке модаль сөздің тіркесуі арқылы жасалып, сөйлеушінің бір нәрсеге көзі жеткенін, сенімін білдіретін мән қосып тұр. Қалған сөйлемдердің де осындай ерекшеліктері байқалады. Соңдықтан сөйлем түрлеріне талдау кезінде, біріншіден, құрделенген сөйлем мен құрмалас сөйлемді ажыратса білу қажет, екіншіден, құрделенген сөйлемнің жасалу жолдары мен соған сай мағыналық ерекшеліктерін де ажыратса білу қажет.

Құрделенген сөйлемдердің келесі бір түрі – **қыстырынды сөйлемдер** арқылы жасалатын түрі. Қыстырынды сөйлемдер де қыстырма сөйлемдердің ерекше түрі. Оның ерекшелігі – тұтас сөйлемге немесе сөйлем ішіндегі бір сөзге сөйлеушінің көзқарасына сай түсінік, ескертту жасап кетіп отырады. «Дәлірек айтқанда, негізгі сөйлемдегі ойдың жанама түсінігі» (Қ.Есенов, 45-б.). Мұндай қыстырынды сөйлемдер – **алдынала және сонына қыстырынды сөйлемдер** болып бөлінумен бірге, әрқайсының бірнеше жасалу тәсілдері, қосатын мағыналары бар. Бір-екі мысал келтірейік:

Олар солай бара берсін, біз оқырманга Сатыбалды шоқындының кім екенін баяндаи тұраітың (С.Мұқанов). Негізгі сөйлемнің алдында келген қыстырынды сөйлем негізгі сөйлемде жаңа бір ойдың басталағынды турали мән қосып тұр.

Жас патшаның бұл қызығын алденеше сақта жүгірткен жүрт (солардың ішінде Шоқан да бар) көп талқылаудың аяғын бір пікірге әкеп тіреді (С.Мұқанов). Сөйлем ортасында келіп, жақшы арқылы бөлінген қыстырынды сөйлем қосымша мәлімет беретін мән қосып тұр.

Құрделенген сөйлемнің келесі бір түрі – құрделі синтаксистік мүшелердің бірынғайласып келуі арқылы жасалады. Мұны проф. Қ.Есенов бірынғай мүшелі құрделенген **сөйлемдер** деп атайды. Мысалы: **Ал шешем орысқа күйеуге шыққанымен, көп жыл қазақ арасында тұрганымен, біраз жағдайлда озбек салтын қолданатын** (С.Мұқанов).

Үлгі келсе, **Мұратын ермек етеді, ертек айтып береді, ойнатады** (Т.Ахтанов). Бұл сөйлем, сырттай қараганда, салалас құрмалас сөйлем тәрізді, бірақ бірынғай баяндауышты құрделенген сөйлем деп есептеледі.

Жоғарыда айтылғандар қосалқы айқындауышты күрделенген сөйлем түрлеріне қатысты болса, ендігі айтарымыз **синтаксистік оралымдар арқылы күрделенген сөйлем түрлеріне қатысты болады**.

Профессор Қ.Есенов: «Оралым дегеніміз – сөйлемдік дәрежеге жетпеген, негізгі сөйлемнің мазмұн желісін айқындаушы әр түрлі амалдық түсініктеме ретінде синтаксистік конструкция», – дей отырып, мұндай сөйлем түрлеріне «соңғы кездерге дейін қазақ тіл білімінде есімше, көсемше және шарттырай тұлғалары арқылы жасалған ортақ бастауышты сабактас құрмаластар не болмаса үйріл мүшелі сөйлемдер деп танылып келген конструкциялық топтар жататынын» ескертеді де, мұндай топтардың қызметі – «сөйлемдегі негізгі түйіннің мазмұн барысын әр түрлі сапалық, қымылдық дәрежеде саралап көрсете отырып, сөйлемдегі ойға шарт, мезгіл, амал тәріздес мән қосу болып табылады», – деп есептейді (Қ.Есенов, 65-б.). Фалым оралымды сөйлемдерді **қабыспалы және жанааспалы оралымдар** деп екіге бөледі. Қабыспалы оралымды сөйлемге үйріл мүшелі сөйлемдер жатқызылса, жанааспалы оралымдыға ортақ бастауышты бағыныңқылы сөйлемдер жатқызылады. Жасалу тәсіліне қарай қабыспалы оралымды сөйлемдер: 1) есім қабыспалы, 2) есімше қабыспалы деп бөлінсе, жанааспалы оралымдылар: 1) көсемше оралымды, 2) есімше оралымды, 3) шарттырай тұлғалы оралымды және 4) қымыл есімді оралымды деп бөлінеді. Енді осыларға мысалдар келтірейік: *Жидебай мен сай-саласы агашиқа толы Орда тауы мұндаілық зор апатқа ұзақ жылдардан бері ұшырап көрген жоқ болатын* (К.Оразалин). Бұл – есім қабыспалы оралымды күрделенген жай сөйлем. Себебі, қарамен терілген жартылай предикатты сөйлем (немесе оралым) асты сызылған бастауышқа анықтауыштық қызмет атқарып тұр.

Әжесі құшақтаган бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды (М.Әуезов). Бұл – есімше қабыспалы күрделенген жай сөйлем. Қарамен терілген сөйлем тұтасымен Абай сөзіне (бастауыш) анықтауыш болып тұр. Кейде бір сөйлем ішінде бірнеше оралымдар болып, олар әр түрлі мүшени анықтайды (әсіресе, бастауыш пен толықтауышты) және олар аралас оралымды да болып келе беруі мүмкін.

Қара сақалды, ұзын, арық денелі Раҳмет үйіміздің қасына атымызды тоқтатқан бізді үйінен шыға құрметтеп қарсы алды (С.Мұқанов). Бұл сөйлемдегі алғашқы оралым есім қабыспалы болса, екіншісі есімше қабыспалы болып табылады.

Жоғарыда берілген теориялық мәселелер қазақ тіл біліміндегі окулықтарға еніп үлгірмеген жаңалықтар ретінде ғана ұстаздардың на зарына ұсынылып отыр. Бұл мәселелер, негізінен жоғары оку орын-

дарында сөз болып келеді. Соңдықтан енді орта мектеп көлемінде өтілетін сөйлемді дәстүрлі грамматикалық құрылышы тұрғысынан талдауға көшеміз.

2.2 Жай сөйлемді мүшелік құрылымына, түрлеріне қарай талдау үшін білім алушылар (окушылар) жай сөйлемнің құрылышына қарай жақты, жақсыз, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, атаулы болып белінүінен және олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктерінен хабардар болуға тиіс. Соңда: 1) **жасаты сөйлем** – бастауышы бар, жоқ болса, орнына қоюға болатын сөйлем; 2) **жасақсыз сөйлем** – бастауышы жоқ, оны қоюға да болмайтын сөйлем; 3) **жалаң сөйлем** – бастауыш пен баяндауыштан не тек баяндауыштан ғана тұратын сөйлем; 4) **жайылма сөйлем** – тұрлаулы мүшелерден басқа тұрлаусыз мүшениң бірі қатысқан сөйлем; 5) **толымды сөйлем** – ойға қатысты мүшелері толық сөйлем; 6) **толымсыз сөйлем** – ойға қатысты мүшелері түсірілген, бірақ оның мағынасы контекст (мәнмәтін) арқылы белгілі болатын сөйлем; 7) **атаулы сөйлем** – мағынасы мәнмәтін арқылы түсінетін атауыштың мағынадағы сөзден не тіркестен тұратын сөйлем екендігі туралы алдын ала толық мәлімет берілген болады. Сөйлемнің осы аталған түрлерін ажыратуда, байқап отырғанымыздай, сөйлем мүшелері негізгі рөл атқарады.

Сөйлемді грамматикалық құрылышы тұрғысынан талдай білу үшін оның өзара *тұрлаулы* және *тұрлаусыз* болып топтасатын бес мүшесін (*бастауыш*, *баяндауыш*, *анықтауыш*, *толықтауыш*, *пысықтауыш*), олардың сөйлем ішіндегі тәртібін, құрамын, жасалу жолдарын (сөз таптарына қатысын, морфологиялық белгілерін), сұрақтарын, т.б. ерекшеліктерін біліп алу, соңдай-ақ, сөйлем мүшелерінің орын тәртібін, құрделі мүшелер мен үйірлі мүшелердің, бірыңғай мүшелердің, анықтауыш пен айқындауыш мүшелердің, сөйлемде кездесетін оқшау сөздердің, төл сөз, төлеу сөз, автор сөзі, есім баяндауыш пен етістік баяндауыштың ерекшеліктерін және айырмашылықтарын білу қажет. Соңдай-ақ, бір сөз табының әр түрлі орында әр сөз табымен тіркесуіне қарай әр түрлі мүшелік қызмет атқаруын да білген жөн. Өйткені қайсібір сөздерді бірде бір сөз табына, бірде екінші сөз табына жатқызу, оның қызметінің ауысуына (конверсияға) байланысты деген пікірлер бар. Осы құбылыстың шекарасын ашу әлі өз шешімін толық таппаған мәселе. Талдау кезінде осындай мәселелерге де назар аударып отырудың маңызы зор.

Сонымен сөйлемді сөйлем мүшелерінс талдау көрейік.

1) *Ол бұдан кейін жазу столына қайтып отыра алмады (К.Жұмадилов).*

отыра алмады – негізгі және көмекші етістіктен жасалған құрделі баяндауыш, сұрағы – *не істеді? қайтты?*

ол – жіктес есімдігінен болған бастауыш, жалқы есімнің (зат есім) орнында тұр, сұрағы – кім?

қайтып – көсемшеден болған сын-қымыл пысықтауыш, сұрағы – қалай?

жасу столына – күрделі мекен пысықтауыш, сырттай қарағанда толықтауыш болуға тиіс сиякты көрінгенімен, онымен байланысатын етістіктің (отыра алмады) мағынасына сәйкес қызметі өзгерін тұр, сұрағы – қайдар?

бұдан кейін – күрделі мезгіл пысықтауыш, сұрағы – қашан?

2) – *Қап! Барғанда дұрыс болатын еді, – деп Базарқұл көшениң жисегінде тұрган машинасына қарай аяқдады.*

аяқдады – баяндауыш, етістік, сұрағы – не қылды?

Базарқұл – бастауыш, зат есім, сұрағы – кім?

машинасына қарай – күрделі пысықтауыш, сұрағы – қайдар?

кошениң жисегінде тұрган – үйірлі анықтауыш, сұрағы – қай?

– *Қап! Барғанда дұрыс болатын еді, – деп – үйірлі сын-қымыл пысықтауыш, сұрағы – қалай?*

Енді бір сәйлемді толығырақ талдап көрейік:

Әр үйдің алдында аңға шығып қайтқан жарада аттар қаңтарулы түр (М.Әуезов).

тұр – дара баяндауыш, қалып етістігі, III жақтық, нөлдік тұлғада, сұрағы – жоқ (отыр, тұр, жатыр, жүр қалып етістіктері нөлдік тұлғада тұрып баяндауыш болғанда арнайы сұрақ қойылмайды, ал көмекшілік қызметте негізгі етістікке сұрақ қойылады да, қалып етістігі соган тіркесіп айтылады. Мысалы: оқып отыр – не істеп отыр?, кетейін деп жатыр – не қылып жатыр?, жүргелі тұр – қайткелі тұр? т.б.).

аттар – дара бастауыш, көптік жалғаулы зат есім, атау тұлғалы, сұрағы – нелер?

қаңтарулы – дара, қымыл-сын пысықтауыш, туынды сын есім орын тәртібіне қарай үстедін қызметінс аудықсан, сұрағы – қалай?

жарада – дара, сапалық анықтауыш, қымыл есімнен (тұйық райлы) сын есімге аудықсан, сұрағы – қандай?

аңға шығып қайтқан – үйірлі анықтауыш, соңғы есімшес (қайтқан) формалы сөз бүкіл тіркестің анықтауыштық қызмет атқаруына себепші болып тұр, сұрағы – қандай?

әр – анықтауыш, есімшес зат есіммен тіркесу барысында сын есім қызметін атқарып тұр, сұрағы – қай?

үйдің алдында – күрделі мекен пысықтауыш – өзара матаса байланысқан негізгі және көмекші есімнің жатыс жалғауында келуі арқылы жасалған, сұрағы – қайдар?

Бұл сөйлемнің жалпы мағынасы мынадай логикалық мүшелердің өзара қатынасынан тұрады: мазмұнның негізін құрайтын екі мүше – объекті (*аттар* – грамматикалық бастауышқа сәйкес келін тұр) және олардың қандай қалыпта тұргандығын білдіретін предикат (*тұр* – грамматикалық баяндауышқа сәйкес келін тұр), сонымен бірге бірі объектіні, екіншісі предикатты айқындайтын атриуттар (қимылдық – *аңға шығып қайтқан*, сындық сапаны – *қаңтарулы* және мекенді – *әр үйдің алдында*). Сөйлемде субъекті, яғни объектінің белгілі бір қалыпта тұруына ықпал жасайтын адам (аттарды байлаушы кісі) көрсетілмеген. Өйткені сөйлеушінің мақсаты тыңдаушыға аттардың қалпын ғана жеткізу болған. Соңдыктан, сөйлемнің жалпы мағынасын былай түсінуге болады: сөйлеуші белгілі бір объектінің қимылдық және сындық сипаттағы қалпын мекендік орынға сай көрсеткен. Міне, осы мазмұндағы ойды беру үшін адам өзінің ұғымында қалыптасқан сөздерді автоматты тұрде іріктең, соған тән сөздердің тіркесін тіл арқылы сөйлемге айналдырады.

Енді жоғарыда аталған сөйлем түрлерін осы сөйлем мүшелерінің катысы ынғайында талдан көрейік.

1. *Таңшолпан өр шешенің бірі еді* – жай сөйлем, жақты сөйлем, бастауышы айқын – *Таңшолпан* (кім?), баяндауышы күрделі – *шешенің бірі еді* (кім еді?), *өр* (қандай?) – анықтауыш.

2. *Сыбаганы Күңкеге әкелгізіп отырганымыз жоқ* – жай сөйлем, жақты сөйлем, бастауышы жасырын тұрған – *біз* (кім?) (оны орнына қойғаннан зиян жоқ), баяндауышы күрделі – *әкелгізіп отырганымыз жоқ* (не қылып отырганымыз жоқ?), *сыбаганы* (нені?) – тұра то-лықтауыш, *Күңкеге* (кімге?) – жанама толықтауыш.

3. *Сауын биені онда апарып байлауга болмайды* – жай сөйлем, жақсыз сөйлем, бастауышы жоқ, баяндауышы күрделі – *байлауга болмайды* (қайтуге болмайды?), *сауын биені* (нені?) – күрделі толықтауыш, *апарып* (қайтіп?) – қимыл-сын пысықтауыш, *онда* (қайда?) – мекен пысықтауыш.

4. *Балалар ай тұғанша отырды. Тарагай келмеди*. Алғашқы сөйлем – бастауыш, баяндауыш, пысықтауыштан тұратын жайылма сөйлем, екіншісі – тек бастауыш, баяндауыштан құралған жалаң сөйлем.

5. *Намазшам кезі. Салқын түскен. Бала біткен ауылдың жағарғы жасағындағы білк төбениң басына жиналған*. Өрістен қайтқан малды күтіп алмақ. Мәтіннің алғашқы сөйлемі – атаулы сөйлем; екіншісі – жақты, жалаң сөйлем; үшіншісі – жақты, толымды, жайылма сөйлем; төртіншісі – жақты, толымсыз (бастауышы түсірілген), жайылма сөйлем.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Сейлем мүшелері дегеніміз не?
2. Сейлем құраудағы тұрлаулы мүшелердің орны қандай?
3. Тұрлаусыз мүшелер деп қандай мүшелерді айтамыз, олардың сейлем құрауға катысы қандай?
4. Бірыңғай мүшелердің қандай ерекшеліктері бар?
5. Үйірлі мүшелер мен күрделі мүшелердің айырмашылықтары қандай?
6. Онашаланған мүшелер, оқшау сөздер сейлем құрылышында қандай қызметтер атқарады?
7. Жақты және жақсыз сейлемдердің ерекшеліктері қандай?
8. Толымсыз сейлемдер қалай жасалады?
9. Атаулы сейлем қалай жасалады?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Сейлемдердің бастауышын тауып, қай сөз табынан болғанын көрсетіңіз.

Адам ең алдымен жерді сағынады. Жерді анаға теңеу содан шыққан. Сендер елі жассыңдар, не білесіңдер? Туган жердің топырағына дунау кісіні бур жасартады. Әсіресе шаттана күліп, жүрек сырын шерте сөйлеген – Дамеш (З.Шашкин).

2-тапсырма. Сейлемнен күрделі бастауыштарды тауып, қалай жасалғанын түсіндіріңіз.

Мусекең өзі таңдан алып берді. Құрыш қую – үлкен өнер. Бас инженер аяңдан жарық қоюмен жүріп келеді (З.Шашкин). Үңгір іши қараңғылана түсті (М.Иманжанов). Бұл келе жатқан Мейірхан еді (М.Әuezов).

3-тапсырма. Көркем шығармадан алынған мәтін ішіндегі сейлемдердің тұрлаусыз мүшелерін тауып, жасалуын талдап көрсетіңіз.

4-тапсырма. Көркем шығармадан күрделі баяндауышы бар сейлемдер терін, баяндауыштардың жасалуын түсіндіріңіз.

5-тапсырма. Мәтіндегі сейлемдерді сейлем мүшесіне талдау арқылы сейлем түрлерін анықтаңыз.

Ауылдың солтустік жасагы *теп-тегіс* жасыл алақап. Қызылаша егілген. Екеуі жолсызben төтелей тартты. Жолсызben. Сұлтанның астындағы жетаған торы ат жүргіш екен. Тарагай мінген қазан ат ере алар емес. Қалып қоя береді. Тебінсе, желеді. Лоқылдақ. Жүрісі де, желісі де мазасыз (Ә.Тарази).

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) – Сен не сандалып тұрсың осы?!.. Туган жылың не осы сенің қайта-қайта? Сен түгілі, сениң әкен де туган жылың білмей-ақ өткен дүниеден... Ал мына сенікі не былдырақ? Әкен Бөрібай ма? Бөрібай...

Шешен Өрбике ме? Өрбике... Куә болуға мына біз жүрміз әлі басымыз қалтактағ. Ал не керек енді? Күмән келтірген адамды маған ертіп келші... Сөйлесейін!

...Күлжамал орнынан тұрды. Тікесінен тік жүрген адамның төбесі тірелердегі үйінің ішінде жан-жағына алақтай қарады. Не іздегенін өзі де білмейді... Күлжамал ошақ жанында тұрған қара құманды қолына ұстады. Бірақ оны неге ұстағанын өзі де білмейді. Орнына қайтадан қойды.

...Ол теңселе басып сыртқа шықты. Таң енді ғана атып келеді екен. Үй маңына көз салды. Бастырма жанында Ерекенің балтасы, күрегі сүйеулі тұр. Әнебір жерде қонышынан шұлғауы шыққан етігі де тұр екен (Т.Нұрмамбетов).

2) Тарагай тұс көріпті. Тұсінде екі қолтығында екі бума қамыс. Үйге кіріпті. Үй дегені қаңыраған бас сарай ма, немене? Құңгірт. Үлкен бір пеш қана көрінеді. Түтеп, бықсып тұр. Қолтығындағы қамысты отқа салды. Үй ысы тұсті. Қүйіп барады. Қамыс сатырладап жанады. Сарай іші өртеніп барады.

Ол пештің алдында тұр екен. Маңдайын от күйдірген сайын, шеғіншектегісі келеді. Табаны жерге желімделіп қалғандай. Жылжи алар емес. Енді көрді. Сытырладап жанып жатқан қамыс емес екен. Жылан екен. Денесі қамыс, басы жылан. Бала қорықпайды. Бедірейіп, жыландарға қаралты да қалыпты...

Тарағай оянып кетті. Сері Сұлтан үстіне төніп тұр екен.

—Азаматым, тұр енді. Жолға шығалық, — дейді.

Анадай жердегі қазыққа ерттеулі екі ат байланыпты. Сері Сұлтан солардың қасына барып қалған. Құнқілдеп сейлеп жұр... (Ә. Тарази).

3) Сыртқа шашықтым. Кеш жаң батқан. Аз-маз желтең екен. Қөшедегі ағаш атаулыға жан біткендей көрінеді. Ал тас тротуар алабажақ жапырақ көленкесімен тербеліп жатқандай. Табандағы тиянақ сенімсіз. Басым айналатын сияқты болып, әрен қелем...

Сынықтан басқаның бері жұғады деген осы. Саржандікі жөн. Мұсінге сұқтанды. Жаңа бір үлгі, жаңа бір мектеп тапты. Менікі не?..

Десе де... Саржандікі не? Үлкен жұмысқа кірісер алдындағы өзгеше дайындық ресімі ме. Мені қайран қалдыру үшін ойдан шығарылған қияли әңгіме ме...

...Осындағы тоқтамға бекуге тырыстым. Әйткенмен, көнілім алаң еді. Дәл бүгін менің өзім тұс көрүім мүмкін. Жатқым келмейді... (М. Мағауин).

Әдебиеттер:

- Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – А., 1997.

2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
3. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – А., 2003.
4. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оку құралы. – А., 2005.
5. Сәдуақасулы Ж. Сәдуақасова Г. Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері. – Қызылорда, 2004.
6. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – А., 1995.
7. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Оку құралы. – А., 2012.
8. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

2.3 Құрмалас сөйлемдердің кемінде екі сөйлемнен қуралып, құрылымдық, мағыналық тұрғыдан салалас, сабактас, аралас дег атаптын топтарға бөлінуі ертеден белгілі. Талдау кезінде, ең біріншіден, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары еске түсірілуі қажет. Олардың ұқсас жақтары: 1) жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де тілдің қарым-қатынас бірлігі; атқаралының кызметтері бірдей; 2) жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де предикативтік, модальдік қасиеттерге ие; 3) Екеуінде де тиянақты интонация бар; олар сөйлемді аяқтап тұрады. Айырмашылықтары: 1) жай сөйлемде бір ғана предикативтік орталық болса, құрмалас сөйлемдерде екі не одан да көп предикативтік орталық болады; 2) жай сөйлемде бір ғана ой берілсе, құрмаласта құрделі ой беріледі; 3) жай сөйлемде тиянақсыз интонация сөйлем мүшелерін бөліп тұrsa, құрмаласта предикативтік топтарға бөліп тұрады. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, ғалымдар оларға түрлі-түрлі анықтамалар берген. Алайда солардың бәрі мынадай ортақ анықтама беруге негіз болады: құрмалас сөйлем де екі не одан да көп предикативтік компоненттердің өзара лексика-семантикалық, грамматикалық тәсілдердің комегімен мағыналық, құрылымдық, интонациялық біртұтастық жасап бір-бірі арқылы құрделі ойды білдіруге қызмет ететін коммуникативтік бірлік түрін айтамыз. Оқытушының осы анықтамадағы терминдік ұғымдарды (предикативтік компоненттер – жай сөйлемдер, сынарлар, коммуникативтік бірлік – қарым-қатынас құралы немесе сөйлем) қарапайым түсініктемен жеткізуіне де болады. Осы анықтамада көрсетілгеніндей, құрмаластардың жасалу жолдарымен бірге, жоғарыда аталған түрлерінің өзіндік ерекшеліктері, ішкі мағыналық топтары, олардың байланысу сипаттарына (жалғаулықты, жалғаулықсыз) аса мүқият мән берілуі тиіс. Себебі, қайсы бір жағдайда тұлғалық жасалу ерекшеліктері мен мағыналық ерекшеліктері сәйкес келсе бермеуі мүмкін. Соңықтан да болу керек, құрмалас сөйлемді талдауға шәкірттер, тіпті ұстаздардың өздері де қиналып қалатын кездері жиі ұшырайды.

а) **Салалас құрмалас сөйлемдерді** талдау кезінде, ең алдымен, олардың анықтамасы еске түсірілуі қажет: *предикатив сынарларының*

баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, белгілі бір лексика грамматикалық тәсілдер арқылы мағыналық, құрылымдық және интонациялық тұтастық құралас сөйлем түрін салалас құрмалас сөйлем дейіміз. Анықтамадан белгілі болғанындей, талдау кезінде сала-ластар құрамындағы жеке сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктері, мағыналық байланысы, яғни компоненттер арасындағы ой тұтастығы, ұласымдылығы, әр компоненттің өзара жалғаулық шылаулармен де, шылауларсыз да байланыса алатыны ескеріледі. Осындай ерекшеліктеріне қарай соңғы грамматикаларда («Қазақ грамматикасы» және Р.Әмір, Ж.Әмірова) салаластарды жалғаулықты және жалғаулықсыз деп, жалғаулықты түрінің өзін шылаулардың қатысуынан туындаитын мағыналық ерекшеліктеріне қарай ыңғайлас, себептес, қарсылықты, түсіндірмелі, талғаулы деп жіктеу қалыптасқан. Ал жалғаулықсыз түрлерін Р.Әмір жіктеу компоненттерінің мағыналық байланысы мен интонациясына қарай бір ғана «іргелес салалас» деген атаумен салаластың жеке түрі ретінде береді де, оларды әуелі «тұрақты іргелес» және «ауыспалы іргелес» деген екі топқа жіктеп, одан әрі әрқайсысын іштей бірнеше мағыналық түрлерге ажыратады (оқытушы осы жаңалыктармен таныс болуы қажет). Жалғаулықты мен жалғаулықсыз (іргелес) салаластардың мағыналық жағынан орайлас келуіне байланысты іштей жіктелген атаулары да бір-бірімен сәйкес келіп жатады. Мысалы: Қазір екі жұз мыңдай халық жиналды, жұздеген үйлер салынды (*F.Мустафин*) – жалғаулықсыз ыңғайлас салалас сөйлем, екі компоненттегі іс-әрекеттің орындалуы мезгілдік жағынан өзара орайлас, өте жақын – бұл баяндауыш формасынан көрінеді (жиналды, салынды – жедел өткен шакта). Осы сөйлемді жалғаулық шылаулар арқылы (да/де, та/те, және, әрі) жалғаулықты салалас етіп құруға да болады. Мысалы: Қазір екі жұз мыңдай халық жиналды да, жұздеген үйлер салынды. Бұл жерде «да» шылауының да белгілі бір грамматикалық мәні барлығын ескерген дұрыс. Ол екі сөйлем арасындағы ой тұтастығын бекіте түседі, екі пікірдің біртұтас күрделі тұлғаға айналуын интонациялық жағынан нығайта түседі.

Асқардың ойынша, жұмысшылардың жұмыстан бас тартуы дұрыс, себебі өте ауыр халде тұрады (*С.Мұқанов*) – жалғаулықты себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем. Алғашқы компоненттегі іс-әрекеттің (жұмыстан бас тарту) себебі екінші компонентте(өте ауыр халде тұрады) айқындалған, дәлірек айтсақ, жұмысшылар өте ауыр халде тұру себепті жұмыстан бас тартқан.

Ректорат мынаны еске салады: студентаңдерді ерте бастан ғылыми еңбек жазуға төсөлдірү керек (*С.Шаймерденов*) – түсіндірмелі (жалғаулықсыз) салалас құрмалас сөйлем. Бірінші жай сөйлемдегі іс әрекетке қатысты сілтеу етістігі арқылы берілген объектінің мазмұны

екінші жай сөйлемде түсіндіріледі. Нактырақ айтсақ, екінші компонент болмаса, бірінші компоненттің мазмұны түсініксіз болып калар еді. Түсіндірмелі салалас сөйлем әр уақытта жалғаулықсыз болып келеді. Міне, осылай салаластардың кай түрін де талдай беруге болады.

Осы тұста бір ескерте кететін нәрсе – мектеп тәжірибесінде салалас құрмалас түрлерін олардың арасындағы тыныс белгілері арқылы ажыратса салу кездеседі. Бұл қебінесе түсіндірмелі салаласты ажыратуда байкалады. Салаластың бұл түрінің сынарларының арасы қос нүктемен бөлінетіні рас. Бірақ, қос нүктесе басқа да салалас түрінің сынарлары арасына қойылуы мүмкін. Мысалы, *Өзенниң бұл тұсынан өте алмаймыз: әрі терең, әрі қайық жоқ*. Бұл – жалғаулықсыз себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем. Өйткені, алғашқы сөйлемдегі іс-әрекеттің жүзеге аспау себебін екінші сөйлем дәлелдей тұр. Бұл ерекшелік екі сөйлемдегі ойдың өзара мағыналық байланысынан туындаиды. Сондықтан, салаластарды мағыналық түрлеріне қарай ажырату, талдау кезінде компоненттердегі ой мазмұндарының өзара байланысын басшылыққа алу бірінші кезекте тұру қажет. Бұл қағида сабактас құрмаластарды ажыратуда да басты назарда болады. Ал, тыныс белгісі – бұл шартты белгі ғана. Осы тұста тағы бір ескеретін жай – түсіндірмелі салалас сынарлары әр уақытта шылаусыз байланысады, ал себеп-салдар салалас сынарларының арасына шылаулар қоюға болады (*Өзенниң бұл тұсынан өте алмаймыз, себебі әрі терең, әрі қайық жоқ*).

ә) **Сабактас құрмалас сөйлемдердің** компоненттері өзара бағыныңқы және басыңқы ынғайда, яғни олардағы пікірлер өзара тығыз, бір-біріне тәуелді, күрделі ойдың жеке бөліктері ретінде байланыстыны белгілі. Анықтамалар да осы мазмұнда беріледі. Бағыныңқы сынар баяндауышы тиянақсыз болып келеді де, басыңқы сынардың баяндауышы әр уақытта тиянақты болып келеді. Сырттай қарғанда басыңқы сөйлемді өз алдына толық ойды білліретін жеке сөйлем ретінде қарауға болатын тәрізді болып көрінгенімен, бағыныңқы сөйлемсіз ойдың аяқталмағандығы, толымсыздығы, жетімсіздігі айқын байкалып тұрады.

Бағыныңқы сөйлем баяндауышының тиянақсыздығы оның әртүрлі құрылымдық ерекшеліктерімен айқындалады. Мысалы, тиянақсыз баяндаушылар көсемше, септік жалғаулы есімше, шартты рай т.б. тұлғалардың қатысуымен жасалады. Бұл тұлғалардың сабактас құрмалас сөйлем түрлерін жасауда белгілі бір қатысы болғанымен, сол мағыналық түрлерді ажыратуда, негізінен күрделі ойды құрап тұрган сынарлардың өзара семантикалық (мағыналық) байланыстары ескеріледі. Өйткені, бір тұлға кейде бірнеше сабактас түрлеріне ортақ бола беруі мүмкін. Осындай ерекшеліктеріне сай сабактастардың мынадай түрлері белгілі: шартты бағыныңқылы, карсылықты бағыныңқылы, мез-

гіл бағыныңқылы, салыстырмалы бағыныңқылы, амал (сын-қимыл) бағыныңқылы, себеп бағыныңқылы, мақсат бағыныңқылы сабактас сөйлемдер.

Сабактас күрмалас сөйлемдердің түрлерін ажырату үшін жиі қолданылатын әдіс – сұрақ қою әдісі. Сабактастың басынқы сынарын оқи отырып бағыныңқы сынарының баяндауышына (дұрысы – тұтас сөйлем мазмұнына) сұрақ қойылады. Әдеттегі пысықтауыш мүшениң сұрақтарымен бірдей болып келетін бұл сұрақтар сабактастардың мағыналық түрлерін де айқындайтын бір белгі болып есептеледі. Сондай-ақ, сабактастардың байланысу ерекшеліктеріне қарай жарыспалы және сатылы болып, сыңарларының санына қарай көп бағыныңқылы және көп басынқылы болып белінетінде белгілі. Бұларды, әсіресе аралас құрмаластардан ажыратада білудің маңызы зор.

Сабактастардың әрқайсысына мысалдар келтіріп көрейік:

1) Сендер белгіленген уақытта келгенде, біз ендігі жол бойында болар едік. Өзің тезірек келсең, бәрі де орнына келер еді. Алашағым қолыма тимей, елге қайта қоймастын (F. Mұсірепов).

Бұл үш сөйлемнің үшеуі де шартты бағыныңқылы сабактастар: 1-сөйлем бағыныңқысының баяндауышы жатыс септікті есімшешден (келгенде) болған, сұрағы – қайткенде?. Бірақ осы тұлғаның мезгіл бағыныңқылы сабактас жасайтын кездері де бар. Бұл сөйлемнің шартты бағыныңқылы екенин тек сыңарларының мағыналық байланысынан ғана ажыратуға болады, яғни жолаушылардың жол бойында ертерек болуының шартты басқа жолдастарының белгіленген уақытта келуі болып табылады. Алайда, осы сөйлемнің бағыныңқысына қашан? деген сұрақ қою арқылы оны мезгіл бағыныңқылы деуге де болатын сияқты. Бұл екі сөйлемді ажыратудың бірден бір жолы – ғалымдардың айтуынша, бағыныңқының алдына «егер» шылауын қоюға немесе баяндауышты шартты рай журнағы арқылы айтуга (келсөңдер) болатын болса, онда мұндай сөйлемді шартты бағыныңқылы деп есептеу керек. Мына сөйлем осы қағидаға сәйкес келеді. 2-сөйлемнің бағыныңқысының баяндауышы шартты райдың -са журнағының жіктеліп келуі арқылы жасалған, сұрағы – қайтпесең?. 3-сөйлем бағыныңқысының баяндауышы кесемшеге біткен, сұрағы – қайтпей? Осында тұлғалы сөйлемдер бірде қарсылықты, бірде сын-қимыл бағыныңқылы мағыналық қатынасты білдіруі мүмкін. Бұл жерде де сабактас түрін мағыналық байланыс шешеді. Яғни, субъектінің елге қайтуының бірден-бір шарты – қолына алашағының тиоі болады.

Олжабек қоса күлсе де, қай күлкі екенин аңдамады. Кейір сұрақтары бола тұра, Сырбайдың создерін Естай бөлген жоқ. Өзі қораши болғанмен, осы тобенің аты зор (F.Мұстафин). Осы үш

сөйлемді де біз құрмаластың бір ғана қарсылықты сабактас түріне жатқызамыз. 1-сөйлемнің бағыныңқысынаның баяндауышы осының алдында талданған шартты бағыныңқылы сөйлемге ұқсастығына қарамастан, мағыналық байланыс ынғайында қарсылықты бағыныңқылы сабактас болып тұр. Сөйлемдегі қарсылықты мән екі сынардың өз бойындағы болымдылық және болымсыздық (-ма жүрнағы арқылы) мағынадан туындаған. Ал 2 және 3-сөйлемдердің бірі көсемшесе (бала тұра), екіншісі көмектес септікті есімшесе (болғанмен) арқылы жасалғанына қарамастан, екеуі де қарсылықты мәнде құрылыштың түрі. Бұл сөйлемдердің осындай мағынада құрылудына, біріншіден, баяндауыштардың жасалу жолының қатысы болса, екіншіден, сынарларындағы қарсылықты мәнді сөздердің әсері болғанын байқау қыын емес. Бір сөзben айтқанда, осы үш сөйлемнің де баяндауыштардың қосымша тұлғаларын өзара синонимдер етіп пайдалануға әбден болады (мысалы: күл-се де, күл-е тұра, күл-генмен), бұдан мағыналық байланыс өзгермейді. Құрмалас сөйлемдерді мағыналық, құрылымдық түрлеріне қарай талдау кезінде осындай ерекшеліктерді барынша есте сақтау керек.

Озі кінәлі болғандықтан, Олжабек күмілжіп ештеңе айта алмады (F.Мұстафин). Иван агрономның келетінін біліп, үлкен де болса кішідей қалбақтай бастады (F.Мусірепов). Бұл екі сөйлемнің екеуі де себеп бағыныңқылы сабактастар деп есептеледі. Себебі, басыңқыдағы іс-әрекеттің орындалу-орындалмауының себебі алдыңғы бағыныңқысынарларда айқындалған. Сабактастың бұл түрінің де жасалу тұлғалары алуан түрлі және басқа түрлерімен сырттай ұқсас болып жатады. Бірақ, мағыналық жағынан және *неліктен?*, *не себепті?*, *неге?* деген сұрақтарды қою арқылы сабактастың басқа түрінен ажыратуға болады.

Сабактас құрмаластардың осылар тәріздес басқа да түрлерінің бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері мен жасалу жолдарын грамматикалық оқулықтардан тауып алуға болады.

Сабактас құрмаластарға жаттығу, талдау жұмыстарын жүргізу кезінде олардың көп бағыныңқылы және көп басыңқылы түрлеріне, көп бағыныңқының сатылы және жарыспалы түрлеріне, осы сабактастардың өзіндік ерекшеліктеріне назар аударылып отырылады. Осы тұста сабактастың мұндай түрлерінің құрамы кем дегенде үш сөйлемнен келетіні және әр сөйлемнің өзіндік жеке-жеке бастауышы мен баяндауышы болатыны басшылыққа алынады. Мысалы:

Ол келсе, Гүлнардың әкесі Алматыға шақыртылып, Байжанса хаттастап кеткен екен (С.Мұқанов).

Үш жай сөйлемнен тұратын құрмалас сөйлем, сатылы көп бағыныңқылы: бірінші саты – *Ол келсе, Гүлнардың әкесі Алматыға шақыр-*

тынып – мезгіл бағыныңқылы сабактас; екінші саты – *Гүлнардың әкесі Алматыға шақыртылып, Байжанга хат тастап кеткен екен* – себеп бағыныңқылы сабактас. Үлгісі: 1 _____, → 2 _____, → 3 _____. Бұл сабактас компоненттерінің мағыналық түрлері де, сұрақтары да олардың сабактасу тұлғаларына сай келмейді. Сабактас түрлерін айқындау таза семантикалық ынғайда және сұрақ қою арқылы шешіледі. Мәселен, бірінші компонент баяндауышы шартты рай журнағына біткенімен, екінші компоненттегі іс-әрекестің орындалуы алдыңғы сөйлеммен мезгілдік мағына тұрғысынан байланыса алады (сұрағы – қашан?). Сол тәрізді, екінші мен үшінші компонент те өзара көсемше тұлғасы арқылы байланысқанына қарамастан, амалдық қатынаста емес, себептік қатынаста байланысқаны айқын аңғарылады (сұрағы – не себепті?). Яғни, *Гүлжанның әкесі Алматыға шақыртылу себепті Байжанга хат тастап кеткен*. Құрмаластар компоненттері арасындағы тұлғалық байланыстар мағыналық байланыстарға өзара сәйкес келе бермейтінің бір көрінісі – осы.

Таң серігі – бозторгай шырылдан, көл табанында құс шулап, жылқы пысқырып, кісінеп, тоңірек әдемі үнге толды. Бұл – төрт жай сөйлеммен тұратын жарыспалы көп бағыныңқылы сабактас құрмалас сөйлем. Алдыңғы үш амал бағыныңқылы сынарлардың әрқайсысы бағындықтың жеке-жеке байланыса алады:

Таң серігі – бозторгай шырылдан, → *төңірек әдемі үнге толды.*
көл табанында құс шулап, → *жылқы пысқырып, кісінеп,*

Үлгісі: 1 _____, → 2 _____, → 3 _____, → 4 _____.

б) Арасындағы құрмалас сөйлемдер де кем дегендеге үш жай сөйлеммен тұрады. Бұл жағынан ол көп компонентті сабактастарға ұқсас. Алайда, олардың айырмашылығы бар, ол – компоненттерінің өзара салаласа да, сабактаса да байланысуында. Мысалы: *Бүгін жұмысқа кім шықпай қалса, соны көнбекенге санаймын және ол бүгіннен бастап жұмыстан босатылады* (*F.Мұстафин*). Бұл үш жай сөйлеммен құрылған құрмаластың 1- және 2-жай сөйлемдері өзара шартты мағынада сабактаса байланысқан сөйлемдер болса, 2- және 3-жай сөйлемдері өзара мезгілдес (ынғайлас) мағынадағы салаласа байланысқан сөйлемдер. Орны жағынан бұлар алмасып та келе береді. Соңдықтан, мұндай сөйлемдерді басқа құрмаластар түрінен ажырагата білу қажет.

Сөйлем талдау кезінде сөйлемді мазмұндық, мағыналық жағынан көнектіп, жайылмаландырып тұратын, бірақ сөйлемнің грамматика-

лық мүшелерімен ешбір байланысқа түспейтін, өзінше бөлек, оқшау тұратын сөздер болады. Оларды тіл білімінде «оқшау сөздер» деп жалпы атап, іштей «қаратпа», «қыстырма», «одағай» деп жіктейді. Бұлар айтылу кезінде ерекше интонациямен айтылатындықтан, арнайы тыныс белгілерімен ажыратылады да, талдау кезінде олардың ерекшеліктері аталаپ, орын тәртібіне қарай немесе интонациясына қарай тыныс белгілерінің қойылу себептері түсіндіріледі. Ал кейбіреулері (одағай мен қаратпалар) сөйлесу барысында сөйлемдік сипатка ие болып, мүшеленбейтін сөйлемдер ретінде талданады.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен, курделенген сөйлемдерден айырмашылықтары мен ұқсастықтары қандай?
2. Салалас құрмаластың ерекшеліктеріне сипаттама берініз.
3. Салаластың қандай түрі жалғаулықсыз байланысады?
4. Сабактас құрмаластың өзіндік ерекшелігі қандай?
5. Сабактас құрмалас компоненттерінің байланысу жолдары қандай?
6. Сабактас құрмаластың қандай түрлері бар?
7. Көп компонентті құрмаластардың құрылымы қандай болады?
8. Арапас құрмаластың ерекшеліктері неде?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Құрмалас сөйлем түрлерін ажыратыңыздар.

Таңғы тамағымды асығыс ішіп, жаңа бір жұмыс бастадым... Эрі-сәрі екі-үш күн откізіп, келесі әңгімелеге кірістім. Жинақтап келгенде он күндік шаруа еді, балталап бір ай отырдам... Мәселе ұзагында емес, істің қишуы қашқанында. ...Мәшиқке олишемімен қырық бетке тартқан қолжазбаны бүктең үстап, ұмына бердім де, тартының қалдым. Қолың жүргемеген жоқ, қиналасаң да тоқтасыз жазды, бірақ қанша ышқынсаң да, жеріне жеткізе алмадың (М.Магаун).

2-тапсырма. Көркем шығармадан салалас құрмаласқа мысалдар теріп, жасалу жолын түсіндіріңіз.

3-тапсырма. Сөйлемдердегі жалғаулық шылаулардың салалас құрмаластарды не бірынға мүшелерді байланыстырып түрғанын ажыратыңыз.

Мен осы жолы алып кетем, не бәріңмен ат құйрығын кесіп кетем. Қалисаның өз үсті-басы да сондай: оның денесінде не сәнсіз тігілген, не салаң күтілген бірде-бір күй көрінбейді. Кейде қара түннің қарны жарылып кеткендей бырқ-бырқ етіп қалады да, кейде түннің ішегі салбыраң түсіп келе жатқандай қызылды-жасылды ағып жүрген оқтар көрінеді. Бұл үйдің маңында им те жоқ, тауық та жоқ.

4-тапсырма. Жалғаулықтар арқылы байланыскан бес сабактас күрмалас сөйлем құрастырып, сабактастын қай түрі екенін түсіндіріңіз.

5-тапсырма. Көркем шығармадан аралас құрмалас пен көп көмекпөнентті сабактас түрлеріне мысаладар теріп, айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Басы айналып, жүргегі лоблыды. Жарамсыз не жедім деп ойлады. Ештеңе жемеген. Таң атқаннан нәр сызбаган. Ертемен бір шынығана қара шай ішіп еді. Бәлкім, қарны ашканнан шығар деп ойлады. Шайқалактай түрегеп, ауыр басып жүріп кетті. Баяғыдан әлдеқайда сиреп қалған биік ағаш арасымен, жылғалап су аккан көгалды кесіп өтіп, тротуармен қапталдаст түзу аллеяға шықты. Сол қанатта – бұл көргеннен бері мызғымай, бір орында тұрған бес қабат сұр үй, алда – Ресейдің өзі талақ еткен, ал қазақ елінде әулие есебінде қалған Калинин теке сақалдың көшесі. Жасыл жарық. Асыға басып, жансыз тас көшени кесіп өтті.

Кесіп өтпек. Бес қадам. Он қадам. Жиырма қадам. әуелгі бес қадамда күн ашық еді. Одан соңғы он қадамда оқыс бұлттанды. Тағы үш қадамда тұман түсті. Төңірек түгел буалдыр тартқан. Кісі бұлт пен тұманның басы шыңылдаپ, ауа райының соншама тез құбылғанына таңырқап тұрып қалды... (М.Мағаун)

2) ...Киімі де, өзі де сұрықсыз, ілміген арық біреу есіктен кіре сала диванда жатқан бұны көрмесе де, үй болғасын, біреу болмаса, біреу болу керек қой деп ойласа керек, елп етіп басын иді.

– Бері жүр! – дедін өған.

– Аа... Ну, ну, мына жақта жатыр екенсіз гой? Сәлеметсіз бе? Мен сіздің елдегі ағаңыздың әйслінің жисенінсін туған...

Қалбалактаған арық жігіт басынан қылышығы қырылған мыж-мыж құлақшының жұлып алды да, қос шенғеліне қысып умаждай бастады. Сен әзір түгіне түсінген жоқсың. Бірақ, әйтеуір сұы тартылған теңіздің ойдан, қырдан кесіп іздел тентіреп жүрген бұ да бір төлі шығар деп ойладың да диваннан басынды қөтердің.

– Иә, сөйле!

– Сөйлегенде... Ну, ну, біз қазір Целинный крайда тұрамыз. Баяғыда целина қөтеруге барған едік. Енді, аға, ну, ну... жағдай солай. Бұнда тоғыз құмалақ ойнауга келіп едім. Сосын, былай... сізге сөлем бере кетейін деп... Женгей қайда? Үйде ме?

– Ол кісі қазір үйден гөрі дүкенде көбірек жүреді... (Ә.Нұрпейісов)

3) ...Қазір бәрі басқаша. Рақат! Жоғарыға есеп беру деген қалды. Ауданда қанша мал бар, көктемде қанша төл алынды, әр қойдан неше киле жұн қырқылды? Сұрайтын бір пенде болсайшы! Қоғамдық мал-

ды соясың ба, сатасың ба немесе бартерге айырбастап жібересің бе, ешкімнің шаруасы жоқ. Демократия, еркіндік... Құдауанда, қолдағы қазына-байлығына есеп жүргізбейтін де үкімет болады екен! Ана бір жылдары жоғары жақтан: «Бізде ауылшаруашылық өнімдері тым қымбатқа түседі. Оны өндіргеннен гөрі, мұнайға не алтынға сатып алған әлдекайда тиімді» деген бір сөз тарады ғой. Сол сөзден кейін-ақ бұл жүрт мал мен астықты байлық деп санауды қойған. Бірден ханталапай басталды. Иесіз, есепсіз дүние тез құриды екен ғой. Бұрын малды ғана кәсіп еткен осы Бөрілі ауданында, ірі қараны қоспағанда, 300 мындағы қой болушы еди. Қазір содан не қалды? Әр түрлі бірлестігін, жеке қожалығын қосқанда, ей, 30 мындан аса қоймас... (Қ.Жұмадилов)

Әдебиеттер:

1. Балақасв М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – А., 1997.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
3. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – А., 2003.
4. Оразбаева Ф.Ш., т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оку құралы. – А., 2005.
5. Сәдуақасұлы Ж. Сәдуақасова Г. Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері. – Қызылорда, 2004.
6. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – А., 1995.
7. Оразақынова Н.А., т.б. Сатылай комплексті талдау (морфология, синтаксис). Әдістемелік құрал. – А., 2005.
8. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Оку құралы. – А., 2012.
9. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

VII. Тыныс белгілеріне талдау.

Сөйлем талдауда тыныс белгілерінің ерекше орны бар. Мектеп грамматикаларында тыныс белгілері туралы негізінен синтаксиске байланысты тақырыптарды өту кезінде айтылады да, синтаксистің сонына қарай арнайы тақырып ретінде беріледі. Тілімізде жазу мен айту кезінде ең көп қолданылатын тыныс белгілері мыналар: *нүктес(,), утір(,), қос нүктес(:), нүктелі утір(;), көп нүктес(...), сыйзықша(-), сұрақ белгісі(?), леп белгісі(!), жақша (түрлөрі: дөңгелек – (), тік – //, пішинді – {}, сынық – < >), тырнақша(«», «»), сыйзықшық(-).* Тыныс белгілерді қою үшін сөйлемнің үш түрлі белгісі негізге алынатын есте болу қажет: 1) синтаксистік ерекшелігі, 2) мағынасы, 3) интонациясы. Сондай-ақ, тыныс белгілерінің сөйлемнің сыртына қойылатын және ішіне қойылатын түрлерінің болатыны және кейбір тыныс белгілері сөйлемнің ішіне де сыртына да қойылатыны ескертіледі. Мұндай жағдайда сөйлемнің мазмұн-мағы-

насына қарай бір тыныс белгісі әр түрлі қызмет аткарып тұра береді. Мысалы, сөйлем сыртына қойылатын нұкте, сұрау белгісі, леп белгісі тәрізді тыныс белгілері сөйлем интонациясына сай оны айтылу мақсаты (мағынасы) түргышынан ажыратса, осылар кейде басқа бір қосалқы жағдайларға байланысты да қойылып жатады. Ал үтір сөйлемнің белгілі бір бөліктегін бір-бірінен ажырату үшін қолданыла отырып, ол бөліктегі интонациялық ерекшеліктерін де айқындауда көрсету үшін пайдаланылады. Сонымен бірге, бір сөйлем ішінде бір тыныс белгінің қойылу орны көбейіп кеткен жағдайда оның кейбіреуін басқа тыныс белгісімен ауыстыратын жағдай да болады. Қалай болғанда да, тыныс белгісі туралы арнайы емделік қағидаларды білудің маңызы зор. Бұл сөйлемді мәнерлі, ыргакты, түсінікті етіп оқумен бірге, айтылар ойды ауызша да, жазбаша да дұрыс жеткізу не месе окушының ойды дұрыс ұғынуы үшін де маңызды. Сонымен, әр тыныс белгісіне жеке-жеке тоқталып жатпай, бір-екі сөйлемді тыныс белгісіне қарай талдап көрейік:

Кемпір жау қайтарғандай-ақ ентігіп келіп, терезе алдындағы орындыққа отыра кеткен. Демін басар баспастан:

— Ал, қзне, айтты, бұу не? Қайда қаштақ болдың? — деген (Ә.Тарз). Мұнда қыскა сызықша (дефис) (1) негізгі сез бен демеуліктің арасына қойылған, үтір (2) – сабактас құрмаластың сынарларының арасына қойылған, нұкте (3) – сөйлемнің соңына қойылған, қос нұктес – автор сезінен кейін қойылған, сызықша (4) – төл сөздің алдына қойылған, екі үтір (5) – сөйлем ортасында келген қаратпаның екі жағынан қойылған, үтір (2) – құрмаластың компоненттерінің арасына қойылған, екі сұрау белгісі (6) – сұраулы сөйлем соңына қойылған, сызықша (4) – төл сөздің соңына қойылған, жақша (7) – мәтіннің авторы жақшага алынады, нұкте (8) – қысқарған сөздің бас әрпінен кейін қойылған, соңғы нұкте сөйлем аяқталғандығын билдіреді.

Әрине, тыныс белгілері сан жағынан ете аз болғанымен, олардың қызметі алуан түрлі. Бір ғана тыныс белгісі әр сөйлемде, тіпті бір сөйлемнің ішінде әлденеше кайталынып, бірақ әр түрлі қызмет аткарады. Сондықтан, сөйлемнің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктеріне қарай оған қатынасып түрган тыныс белгілерінің қызметін айыра білу – нағыз сауаттылықтың бірден-бір кепілі болып табылады. Жоғарыдағы сөйлемде кездескен тыныс белгілердің өзі – осының айғагы.

Тағы бір-екі мысал талдайық: *Салтан даусы шыққан жаққа көзімізді құдап түрганда, қамыстың арасынан екі адам көрінді: бірі – ересектеу ер бала, екіншісі – Ыбекең.* Үтір (1) – сабактас құрмаластың сынарларының арасына қойылған; қос нұкте – түсіндірмелі салалас құрмалас компоненттерінің арасына қойылған; сызықша – (1)

бастауыш пен баяндауыш арасына қойылған, сзырыңша (2) – бұл да сол; үтір (2) – салалас құрмалас арасына қойылған, нүкте – хабарлы сөйлем соңына қойылған.

Сүлейменнің қасында екі жігіт тұр: бірі – орыс, екіншісі – қазақ.

– Ау, Арқаттысың, қалың қалай? – деді басында айыр қалпағы бар, ұзын бойлы, мұртты жігіт бұған жылды шырай білдіріп. – Кешеден бері көрінбей кеттің гой? (Қ.Жұмаділов). Алғашқы сөйлемде қос нүкте – түсіндірмелі салаластың алғашқы сынарынан кейін қойылған, сзырыңшалар салаластың бас мүшелерінің (бастауыш пен баяндауыш) арасына қойылған, нүкте – сөйлем соңына қойылған. Келесі сөйлемнің алдындағы сзырыңша – төл сөздің алдына қойылған, алғашқы үтір – сөйлем басындағы оқшашау сөзден (қаратпа одағай) кейін қойылған, одан кейінгі үтір салаластың сынарларының арасына қойылған, сұрау белгісі – сұраулы сөйлем соңына қойылған, сзырыңша – төл сөздің аяғына қойылған, содан кейінгі үтірлер бірынғай мүшелердің арасына қойылған, нүкте – сөйлем соңына, сзырыңша – төл сөздің жалғасына, сұрау белгісі – сұраулы сөйлем соңына, жакшы – автордың аты жөнін білдіру үшін, нүкте – сөйлем соңына қойылған. Байқалып тұрганындей кей тыныс белгілері бірнеше жағдайда қойыла алады екен.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. Нүкте сөйлем соңынан басқа қандай жағдайларда қойылады?
2. Үтір қандай жерлерге қойылады?
3. Сұрау, леп белгілері қандай жағдайларда қойылуы мүмкін?
4. Төл сөз автор сезімен аралас келгенде қандай тыныс белгілері қалай қойылады?
5. Төл сөздің тырнақшасын басқа қандай тыныс белгімен алмастыруға болады және қандай жағдайда?
6. Тыныс белгілері қандай жағдайда қабаттаса қолданылады?
7. Бұйрықты сөйлем мен лепті сөйлемге қойылатын леп белгілерінің айырмашылықтары бар ма, себебі не?
8. Бірынғай мүшелерге үтір қандай жағдайда қойылмайды?

Талдау-жаттығу тапсырмалары:

1-тапсырма. Сөйлемнің тыныс белгілерін қойып, түсіндіріңіз.

...Біздің республикамызда сұырлар Жоңгар Іле алатауында Оңтүстік Алтайда Сауыр Тарбагатайда мекендейді Бұл дүние жүзінде сирек кездесетін аң Барыс тау тұргыны Олар арқар таутекелерді азық етеді т.б.

2-тапсырма. Оңашаланған мүшелерді тауып, тыныс белгілерін қойыңыз, түсіндіріңіз.

Қыстауга қонғалы қазіргі қалың қыстың ортасына шейін Абай Араптобеде Әйгерімнің іншаша қыстауында кітап соңында уақыт откізетін. Өзі әни, өзі сұлу Байтасқа екеуі де бірі кәрі, бірі жаса бала қызгана да, тамашалай да қараган еді. Машинадан қолдарына бір-бір дорба үстеган бір ерек, бір әйел Нияз бен Маруся шыға келді. Абай соңғы кездері әсіреле осы соңғы тұнде өзіне бұрын даядылы болмаган бір халде. Т.б.

3-тапсырма. Көркем шығармалардан оқшау сөздер кездесетін сейлемдер теріп, тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңіз.

4-тапсырма. Сызықша қойылған мақал-мәтелдер терін, тыныс белгінің қойылу себебін түсіндіріңіз.

5-тапсырма. Тыныс белгілеріне талдау жасаңыз.

— Ассалаумаләйкум, Абай ага!

— Уаләйкүмассалам! Е, жігіт, не гып суыт келесті?

«Қареке, халіқ қалай, шаруа-жай жақсы ма?» деп, атынан түсег қол алысып, шүйркелесе кетті.

Мен жандарынан өтіп бара жатыр едім, біреуі:

— Ағай! — деді маган бұрылып. Мен кілт тоқтадым.

— Асандікіне барып келеміз, ол бір тулкі үстап алыпты, соны көрдік. — деді аптыга сөйлеп.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1) Әйел кеткен соң, бұлардын хәлі тіпті киындал кетті. Бастары төмен салбыраған күйі әркайсысы әр жерде отыра қалды.

— Бұлдірдіңдер! — деді бір кезде Жылқайдар дауысы зілдей болып.

Ешкайсысы Жылқайдарға жауап қата алмады.

— Бұлдірдіңдер акыры!.. Жака, сіз де дап-дардай болып, сөйлер сезінізді білмейді екенсіз. Біссімілденан қой союдан бастағаныңыз не?

— Енді өздерің-н...

Жақып күмілжіп, сөйлей алмай қалды.

— Қой, мен ол қатынның ашуын басып келейін, — деді Ораз бір кезде.

Ешкім де «бармай-ақ қой» деген жок... (Т.Нұрмамбетов)

2) ...Тоқта, бұл қайтер екен. Қайтушы еді: табалдырықтан талтаңдал кірсе де, бірақ соナン әрі аспай, есік алдында қалт етіп тұра қалды; кеше Жуан Жақайым екеуі басы-қасында журіп ілдірген картаны құдды жаңа көргендей, айран-асыр болғанын қараш; өзімен бірге шалғайласа кірген алды кандидат, арты кандидаттығын енді қорғайын деп жүрген жігіттерге бұрылды:

— Эй, не көріп тұрындар? Бері... бері келіңдер. Ал мынау ғажап! Академик Әзімнің сыйлыққа ұсынған картасы бар деп еді; сол осы болмағай!?

– Болса, болар...

– Болары не, дәл өзі. Бұндай карта онан басқа ешкімде жок. Ал енді, мынау – казақ топырағында бұрын болмаған жаналық, – деп бағын шайқады, эй, жаса! Тусаң ту! Ал енді шедевр! (Ә.Нұрпейісов)

3) Жауырыны қакпактайдай дейтіннің өзі екен. «Мынау Махамбет қой». Көзі қандай! Боталап тұр. Көз дегенім көз емес, тұнгі даға екен ғой! Көз дегені көз емес, қорықта жанған шырақ қой. Лап етіп тұтана берді де, лып етіп өшे калды. Ақынның көзі.

– Ал, жолдарың болсын! – Бұл – Жәнгір. Таққа жана отырған кезі, кейіпі де жуас, көзі де жуас. – Балаға мұқият бол.

– Құп, таксыр! – Бұл – Махамбет. Ақындық арынға енді ғана ер салған көзі...

– Ал, жолың болсын, Зұлқарнай! – Хан иіліп ханзаданың маңдайынан иіскеді... (Ә. Тарази)

Әдебиеттер:

1. Мұсабекова Ф. Қазақ тілі пунктуациясының мәселелері. – А., 1991.
2. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – А., 2000.
3. Қыдырниязов А.Б., Карина Л. Орфография және тыныс белгілері. Оқу құралы. 2-бас. – Астана, «Фолиант», 2010.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – А., 2003.
5. Орта мектептің «Қазақ тілі» оқулықтары.

Жалпы грамматикалық кешенді талдаудың үлгілері:

1. *Оның бұл сөзі көңілге жақпады, Қазыбек қарт тұнере түрегелді.* (Ә.Әбішев): *құрылысы жасынан* – екі жай сөйлемнен құралған жалғаулықсыз ынғайлас (мезгілдес) салалас құрмалас сөйлем, хабарлы сөйлем.

а) Бірінші сөйлем – *Оның бұл сөзі көңілге жақпады* – екі негізді, нақты жақты, жайылма, толымды сөйлем.

Сөз тіркесі: оның сөзі – есімді тіркес, байланысу түрі – матасу, тәсілі – жалғау арқылы;

бул сөзі – есімді тіркес, байланысу түрі қабысу, тәсілі – орын тәртібі арқылы;

сөзі жақпады – етістікті тіркес, байланысу түрі – қиысу, тәсілі – жалғау арқылы;

көңілге жақпады – етістікті тіркес, байланысу түрі – менгеру, тәсілі – жалғау арқылы.

Сөзформалардың қызметі мен құрамы: сөзі – бастауыш, зат есім, жалпы есім, тәуелдеулі атау тұлғада, жекеше;

жакпаоды – баяндауышы дара, болымсыз мағынадағы салт етістік, 3-жақтық жедел өткен шақ тұлғасында тұрып, бастауышпен предикаттық қатынас құрап тұр;

көнілге – жанама толықтауыш, тәуелдеулі барыс септік тұлғалы зат есім, дара, жекеше, баяндауышпен объектілік қатынаста тұр;

бұл – анықтауыш, сілтеу есімдігі, дара, жекеше, бастауышпен атрибуттық қатынаста;

оның – анықтауыш, ілік септік жалғаулы жіктеу есімдігі, дара, жекеше, бастауышпен атрибуттық қатынаста тұр.

ә) Екінші сөйлем – *Қазыбек қарт тунере турегелді* – екі негізді, нақты жақты, жайлма, толымды сөйлем.

Сөз тіркесі: *Қазыбек қарт* – есімді тіркес, байланысу түрі – қабысу, тәсілі – орын тәртібі арқылы;

қарт турегелді – етістікті тіркес, байланысу түрі – қысыу, байланыс тәсілі – жалғау арқылы;

тунере турегелді – етістікті тіркес, байланыс түрі – қабысу, байланыс тәсілі – орын тәртібі арқылы.

Сөзформалардың қызметі мен құрамы: *Қазыбек қарт* – бастауыш, күрделі, қосалқы айқындауышты зат есім, жалқы, атау тұлғада, жекеше;

турегелді – баяндауыш, біріккен етістік, болымды, салт етістік, 3-жақ, жедел өткен шақ тұлғасында тұр;

тунере – амал пысықтауыш, көсемше тұлғалы етістік.

Тыныс белгілері: *ұтір* – салалас құрмаластың сыңарларының арасына қойылған; *нұкте* – сөйлем сонына қойылған; *жаса* – автордың аты-жөнін көрсету үшін қойылған; жақша ішіндегі *нұкте* – қыскарған есімнің бас әрійнен кейін қойылған.

2. *Таң алдында бір сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді үй-қысыз өткізді.* (М.Әуезов) Бұл сөйлем *құрылышы жасынан* – бұрынғы грамматикаларда қарсылықты бағыныңқылы сабақтас ретінде қаралып келді. Профессор Қ.Есеновтің зерттеуі тұрғысынан алсақ, шартты рай тұлғасы арқылы жасалынған қарсылықты оралым мәнді күрделенген жай, хабарлы сөйлем. Себебі, бастауышы – екі іс әрекетке ортақ субъекті. Алдынғы компонент (оралым) негізгі сөйлемдегі ойды толықтыра, нақтылай түсү қызметін атқарып тұр. Оралымның өзі жартылай предикаттық қатынасқа құрылатындықтан, синтаксистік мүшелегуге болады:

а) Бірінші сөйлем – *Таң алдында бір сағат мызғығаны болмаса – тиенақсыз күрделі баяндауышты* (шартты райлы құрама етістік арқылы жасалған), грамматикалық бастауышы жоқ (логикалық бастауыш – *Оның* немесе *Абайдың*) бір негізді жанама жақты бағыныңқы сөйлем.

Сөз тіркесі: таң алдында – есім көмекшілі қүрделі мезгіл пысықтауыш;

бір сағат – қүрделі мөлшер пысықтауыш.

таң алдында мызығыданы болмаса – жанаса байланысқан етістікті сөз тіркесі;

бір сағат мызығыданы болмаса – қабыса байланысқан етістікті сөз тіркесі.

ә) Екінші сөйлем – *Абай бұл тұнди үйқысыз откізді* – екі негізді, нақты жақты, толымды, жайылма басыңқы сөйлем.

Сөз тіркесі: Абай откізді – етістікті тіркес, байланысу түрі – қысу, байланысу тәсілі – жалғау арқылы;

үйқысыз откізді – етістікті тіркес, байланысу түрі – қабысу, байланысу тәсілі – орын тәртібі арқылы;

тұнди откізді – етістікті тіркес, байланысу түрі – менгеру, байланысу тәсілі – жалғау арқылы.

Сөзформалардың қызметі мен құрамы: *Абай* – бастауыш, зат есім, жалқы есім, атау тұлғалы, жекеше; *откізді* – баяндауыш, өзгелік етіс журнасты сабакты етістік, 3-жақтық жедел откен шақ тұлғасында тұр;

тұноді – тұра толықтауыш, табыс септік жалғаулы зат есім;

үйқысыз – амал пысықтауыш, зат есімнен жасалған туынды қатыстық сын есім үстеудін қызметінде тұр;

бұл – анықтауыш, сілтеу есімдігі.

Тыныс белгісі: *утір* – сабактас құрмаластардың сынарларының арасына қойылған; *нұкте* – сөйлем сонына қойылған; *жакша* – автордың аты-жөнін көрстіп тұр; *жакша ішіндегі нұкте* – қысқараган есімнің бас әрпінен кейін қойылған.

VIII. Стилистикалық қателер: түрлері мен себептерін анықтау, болдырмау жағдандары

1. Тіл нормасы және стильдер туралы. Жоғары оқу орындарында сөйлемнің стильдік құрылымы, стильтүрлері мен олардың өзіндік ерекшеліктері, әдеби тіл, оның нормалары мен оны қолданудың мән-манзы турали сөз болатын арнайы пәндердің (Стилистика, Тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық талдау т.б.) оқытылуына, мектептерде осы мәселелердің элементтері жөнінде мәліметтердің берілуіне карамастан, қазіргі адамдардың, есіресе жаңтардың сөйлеу тілінде де, жазба тілінде де алуан түрлі ауытқушылыштарды – сөздерді немесе олардың косымшаларын орынсыз қолдану, сөздердің мән-мағынасын терен түсінбей тіркестер жасау, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс сактамау т.б. қателіктерді молынан кездестіруге

болады. Мұның өзі оқыту кезіндегі жіберген кемпіліктеріміздің – сөйлемді (мәтінді) стильдік жағынан талдауға, дұрыс сөйлеп, жаза білуді үйретуге аса мән бермегеніміздің жемісі екенін жасыруға болмайды. Сондықтан сөйлем талдау барысында олардың стильдік түргыдан дұрыс құрылуына да назар аударып отырудың мәні зор.

Әдette, ауызша сөйлеуде де, жазуда да қалыптаскан норма (өлшем) бар екені белгілі және тілдің қарым-катаңас құралы болу қызметінде осы нормалардың сақталуы талап етіледі. Ал сол нормалардан ауытқудың кайсысы болса да, стильдік қате деп есептеледі. Қазақ тіл білімінің даму тарихында қазақ тілінің стильдік ерекшеліктері, әдеби тіл нормалары, тіл (сөйлеу) мәдениеті, оған үйрету жолдары жайында ең алғаш және ең көп сөз қозғаған, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған алғашқы окулықтың жазылуына мұрындық болған профессор М.Балақаев болатын (қараңыз: Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манаасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –А., 1966). Фалымның осы тақырыптағы еңбектері жинақталып, «Қазақ тіл білімінің мәселелері» сериясымен 2008 жылы «Арыс» баспасынан жарыққа шықты.

Кейінгі кезде казіргі тіл қолданысындағы стиль (функциональдық стиль) түрлері, олардың нормалық сипаттамасы және сол стиль түрлеріне байланысты болуы мүмкін қателер туралы белгілі ғалым, профессор Б.Шалабай айналысып, бірнеше оқу құралдарын жарыққа шығарды. Фалымның «Көркем әдебиет стилистикасы» (Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1999), «Қазақ тілінің стилистикасы» (Алматы, Республикалық баспа орталығы, 2006) атты еңбектері қазіргі кезде еліміздің оқу орындарында кеңінен пайдаланылып келеді. Кітаптың осы бөлімін жазуда аталаған еңбектердегі теориялық тұжырымдар мен практикалық мәселелер басшылыққа алынды. Себебі, стилистиканы теориялық жағынан зерттеген М.Балақасвтан артық, стильдік талдаудың практикалық жағын зерттеуде студенттер мен мектеп оқушыларының шығармалары негізінде мүмкін болатын қателіктердің түрлерін саралап көрсете білген Б.Шалабайдан артық жаңаша бірнэрсе айтудың өзі қынын. Сондықтан бұл бөлімде профессор Б.Шалабайдың соңғы еңбегіндегі теориялық және практикалық мәселелерді басшылыққа алдық.

Сонымен, мектеп оқушыларын, студенттерді дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге үйретуде сөйлемді, мәтінді стилистикалық түргыдан талдай білудің, нақтырақ айтқанда, сөйлемнің құрылымы мен магынасындағы нормага сай келетін айшықты қолданыстармен бірге олқылықтар мен қателіктерді де тауып, оның себептерін анықтай білудің мәні зор. Эрине, талдау кезінде мәтін ішіндегі сөйлемнің стильдік жағынан дұрыстығын тану ондағы қателіктерді анықтаумен қатар жүреді. Сондықтан алдымен қате құрылымдарды анықтай білудің маңызы зор.

Егер жазу, сейлеу барысындағы стилистикалық олқылықтар, негізінен, қалыптасқан тілдік нормаларды, қағидаларды сақтамауда байқалды деген қагиданы ескерсек, онда алдымен «тіл нормасы» дегеннің не екенін біліп алу қажет.

Тіл нормасы жөнінде М.Балақаев: «...Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп заңдылыққа бағындыру. Ол тәртіпті орнататын да, оның иін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылышы – бәрі атам заманнан келе жатқан заңды ерекшеліктерге негізделеді...» дей отырып, ғалым «тіл нормасы» дегенді осы заңдылықтарды сақтай отырып жазу не сейлеу деп түсіндіреді (М.Балақаев, 227-б.). Ал ғалым Б.Шалабай «тіл нормасын» «стилистикалық норма» ретінде әдеби тіл нормасының бір көрінісі деп түсіндіреді: «Әдеби тіл нормасы – белгілі кезеңде тілдік құралдарды қоғамдағы барлық адамдарға ортақ орнықты түрде қолдану үлгісі... Сондықтан оған жүйелілік, реттілік, баршага міндеттілік, функционалды-стильдік жіктеліс тән. Осы тұрғыдан әдеби норманы функционалды стиль нормаларының біріккен жүйесі деп қарасақ, стилистикалық норманы әдеби норманың функционалды стильтеге қатысты көрінісі деуге болады... (Б.Шалабай, 31-б.)

Сөйлемге, мәтінге стильдік талдау жүргізу үшін әр стильдің өзіндік нормасымен таныс болудың да мәні зор. Қазіргі уақытта стильдің түрлері мен ерекшеліктері жайында қалыптасқан ортақ тұжырымдар бар. Соның бірсыньярасы төмендегідей:

Ауызекі сейлеу стиліне тән ерекшеліктер ретінде мыналарды атап болады: адамдардың өзара еркін қатынас жасауы барысындағы әңгіме кезінде сөздер мен сөз тіркестері ешбір даярлықсыз қолданылады, сондықтан онда қаралайым сөздер басым болып, сөйлемдер көбіне сұраулы, лепті болып, негізінен диалогқа құрылады. Сөйлемдер кейде шұбаланқы болса, кейде тақ-түқ қысқа, тілгі аяқталмаған болып та құрыла береді. Бірақ айтылар ой жалпы контекстен айқындалып жатады. Мысалы:

- *Мереке құтты болсын!*
- *Рахмет, саған да ұлыс құтты болсын!*
- *Отбасыңа береке-бірлік, амандық тілеімін!*
- *Тілегің қабыл болсын. Өзіңде осыны тілеімін!*

Фылыми стильде, ғалымдардың айтудынша, сейлем құрылышы өзара тығыз байданысты, көбіне құрмалас сөйлемдер түрінде болады, жай сөйлемдер болғаның өзінде олар жайылма күйде келеді. Бұл стильге дәлдік, тілде бар сөздерді, әсірессе терминдерді. өз орнында, тұра

мағынасында колдану тән. Диалектизм, жаргон, қарапайым сөздер, әсірелеу, шенеу, мысқыл мәнді сөздер мүлде колданылмайды. Шартты белгілер мен қыскартулар мол болады. Мұнда тілдің эмоциялық, экспрессивтік зертлі болуы емес, мағынасы айқын, тұжырымы дәл болуы көзделеді. Мысалы: *Экспрессивті құралдарга тілдің экспрессивті-эмоционалдық бояуга тән құралдары жетады... Ол бояулар сөздердің контекстен тыс жағдайына да табиғи түрде тән болып келеді...*

Ресми стильдің (іс қағаздары стилінің) ғылыми стильтеге синтаксистік деңгейде біршама ұксас жақтары бар: сөздердің орын тәртібі тұракты, негізінен тура мағыналы сөздер, арнаулы ресми сөздер, өзіне тән қоғамдық-саяси терминдер, т.б. қолданылады. Ресми стильдің қолданылатын орны алуан түрлі болуына байланысты олардың өзіндік мәнді айырмашылыктары да болады. Мәселең, ресми өкілдердің саяси кездесулеріндегі айтылатын сөздер мен ресми іс қағаздарына тән сөздердің өздеріне тән ауқымы мен қолданылу тәртібі болады. Мысалы:

Өтініш

Мени емханадан ем алу үшін бір күнге сабактан босатуыңызды сүраймын.

Көркем сөз стилінің нормасы өте кең, тіпті ол әдеби тіл нормасы ауқымынан шығып кете алады. Көркем әдебиет тіліне жазба және ауызша тілдік құралдардың бірігуі тән. Тек мынаны ескеру керек, біріншіден, көркем шығармада кез келген әдеби емес тілдік бірліктер қолданыла отырып, бірақ олар өнер құбылысының зандалықтарына бағынады, әдеби-эстетикалық өндеуден өтеді. Екіншіден, көркем шығармада жазушының өзіндік дүнистанымы, көзқарасы бейнеленеді, шығарманың жанрлық, такырыптық т.б. ерекшеліктері көрініс табады әрі әр жазушының өзіндік тілдік талғамы болады. Сондықтан көркем шығарма тілінде әр жазушының стильдік дараалығы, өзге де қайталанбас сөз қолданысы бейнеленеді. Оған экспрессивтілік пен эмоционалдылық тән. Осы жайларға байланысты көркем сөз стилінің басқа стильдерге қарағанда өзіндік ерекшелігі болады.

Әрине, бұл айтылғандардан көркем сөз стиліне норма тән емес де-ген корытынды шықпайды. Бірақ көркем сөз стилі нормасына әдеби тіл нормасы түрғысынан келе беруге де болмайды. Мысалы:

...Аспанда ұзақ алаулаган күн көзіөз қызыуна өзі шыдамай, ол да салқын теңізге бауырын төсеп, тыныстаған тарізді. Бір сәт көлдің бетін өрт жайлалғандай, дүние қызыл бояуга толып кеткен. Тек, күн табагы біртінде суға батып, ең соңғы қызығы көзден таса болғанда гана, айнала төңірек сұыған темірдей күңгірт тартты...

Публицистикалық стильде жоғарыда көлтірілген стильдерге тән ерекшеліктердің барлығының да қосасы бар деуге болады, ол мынаған байланысты: бұл стильдің жанры әр алуан және жазбаша да, ауызша да көріне береді. Оған хабарлау және әсер ету функциялары тән. Осы жағдайлар оның тіліне де ықпалын тигізеді. Сондықтан онда ақпарат тасушы және экспрессивтілікке не құралдар бірліктे қолданылады. Сонымен қатар бұл Бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) тілі болғандықтан, терминдерді, сез тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруда әдеби тілге және өзіне тән дәстүрлі қалыптасқан, әбден тұракталған (стандартқа айналған) құрылымдарды қатаң сақтайды. Мысалы: ...*Биылғы жыл ТМД елдерінде Туризм жылы болып жарияланды. Сонымен бірге «Достастықтың мәдени астаналары» бағдарламасы аясында 2014 жылы ТМД-ның мәдени астанасы Алматы қаласы болды. Осы орайда оңтүстік шаһарымызды түрлі мәдени шаралар атқарылады деп жоспарлануда...*

Сонымен, әрбір функционалды стиль өзіне тән сез, форма, құрылымға не болып келеді.

2. Стилистикалық кате және оның түрлері. Стилистикалық кате – белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын катенің түрі. Тілді жұмысауда күнделікті өмірде түрлі нормадан тыс ауытқулар болып жатады. Мысалы, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық тұлға-бірліктерді өзінің негізгі мағынасына сәйкес өз орнымен қолданбаудан болатын қателіктер т.б. Бұлардың барлығы – әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық нормаларының сақталмауынан болатын тілдік катенің түрлері. Стилистикалық кате көп жағдайда тілдік талғамның төмөндігінен болады. Тілдік талғам – тілді, сөзді жұмысап үйрену, жаттығу арқылы қалыптасатын қасиет. Стилистикалық катенің өзге кате түрлерінен басты ерекшелігі де осында – тілдік талғамсыздықтың көрінісі болуында. Сол себептен де стилистикалық катенің болмауын қадағалайтын стилистикалық норма тілдің қатысымдық сапаларының қатарына жатады. Сондықтан да ондай қателер алдымен сөйлеу тілінен орын алады да, біртіндеп жазба тілге ауысады.

Тілде неғұрлым жиі ұшырасатын нормадан тыс ауытқулардың алдын алу үшін грамматикалық кателер (Б.Шалабаев еңбегінде «стилистикалық емес кателер» деп берілген, біздінше, «грамматикалық» деген термин дұрыс тәрізді – Ж.С.) мен стилистикалық кателерді ажыратып алу керек. Мұнда жекелей алынып отырған «грамматикалық кателердің» өзі, айналып келгенде, сөйлем мен мәтіннің дұрыс құрылмауына, сол себептен мағына түсініксіздігіне алып келеді. Ал

бұл кемшілік сөйлемнің стильдік құрылымына да кесірін тигізіп жатады. Сондықтан осындай қателіктерді болдырмаудың басты жолы, алдымен қателіктердің түрлерімен, оның себептерімен таныс болу деп есептей отырып, бұл екі кателік түрін бір-бірімен байланысты құбылыстар ретінде бір бөлімде қарастырды (Грамматикалық және стильдік қателердің түрлері мен оларды анықтаудың мысалдарын көрсетуде Б.Шалабай енбегі негізге алынды. Өйткені осы мәселені арнайы зерттеген галымның пікірі нактырақ және дәлелдірек болады деп есептедік). Жалпы, кез келген сөйлеушінің, жазуышының тілінде кездесуі және бір сөйлем ішінде олардың түр-түрі қабаттасып та келуі мүмкін болатын мұндай қате қолданыстарды бірден байқау оңай-ға соқпайды. Оны анықтау және қолданыста болдырмау оқырман мен тыңдарманның таным деңгейі мен біліктілігіне байланысты болады.

Грамматикалық қателер:

1. Сөздің мағынасын білмей не толық түсінбей қолданудан пайда болған лексикалық қателер:

1) *Барінен де шиеттей баланы далага тастамай, өсіріп адам қылғанын айтсаши.* Бұл сөйлемдегі кателік «шиеттей» сөзінің «үй-елмелі-сүймелі, көп» деген смық мағынада қолданылатындығын, арнайы «бала-шага», «жсан», «жетімдер» тәрізді бірлі-жарым ғана жалпылық мәндегі сөздермен тіркесіп қалыптасқандығын білмеуден болған.

2) *Қырық құлаш қыл шылбырдан аттың мойнына тұзақ салды.* Кеше ғана осы университет есігін аттаганда... Алғашқы сөйлемде қылдан шылбыр емес, арқан есілеттінін, яғни шылбыр мен арқаның мағыналарын ажыратса алмаудан тіркес қате жасалған. Екінші сөйлемде «есік» сөзі мен «табалдырық» сөзінің қызметтің ауыстырудан қате тіркес құрылған: «университет есігін аттаганда» емес, «университет табалдырығын аттаганда» болуға тиіс еді.

3) *Жігіт жігерлене жұтынды...; ...ұйқылы көзбен сабаққа келіп, аузын ашып сабақ айтады, айтпаса ол да жоқ.* Бұл сөйлемдердегі қаррамен терілген тіркестер құрамындағы сөздердің мағыналары дәл емес.

2. Тұрақты тіркестерді (фразеологизмдерді) қолдануда кететін қателер:

1) *Жазушылар сұрақты қардай жаудырды.* («қардай боратты» болуға тиіс). Ауыр қылмысқа адамды омір суру құқығынан қио жатады («құқығынан айыру» болуға тиіс). Сөйлемдерде тұрақты тіркес құрамындағы сөздердің мағынасына жақын келетін басқа сөздермен ауыстырылып қолданылған.

2) Қысылтаяң қатал жағдайда, қайрат, егеп, «сөз тапқанга қолқа жоқ» дегендегі ерге, елге медет болып, адамның ақиқат пен шындықта, ақылдылық пен қайраттылықта меңзеліп отырады. Бұл сөйлемдегі қателік тұрақты тіркестің контекске сай келмейі, сонымен бірге жалпы сөйлемнің өзі стильдік жағынан да дұрыс қорылмаған.

3. Морфологиялық қателер:

1) *Шаштары имтің жүндөріндегі үйисын қалған*. Сөйлемдегі қателік жекелік тұлғада тұрып көптік мағына беретін зат есімдерге көптік жалғаудың тұлғасын қосып жазудан көрінеді.

2) *Біз бұл өмірде бақытты болу үшін туылдық; ХХІ ғасырдың маңында осы өмірде сау сәбіоді өмірге келтіру, ішімдік пен есірткіден аулақ болу* – септік жалғауларды дұрыс қолданылмаған.

3) *Бас Хатышының Баяндаасы проблеманың барынша тереңдігін және байыптылығын алғаш көрген БҰҰ-ға мүше мемлекеттер өкілдерінің ерен жерін тұгызғанын атап кеткен ләзім*. – сын есімнің шырайлары орынсыз қолданылған.

4. Синтаксистік қателер:

1) *Қылмыс – елеулі маңызы бар немесе мемлекеттік қауіпсіздікке және адам өміріне зиян келтіретін әрекет не әрекетсіздік*. Сөйлемде сөз тіркестірудің нормалары сақталмаған; бағының мен басыңы сынарлардың араларының тым алшақ болуынан мағына байланысның нактылығы көмексілген.

2) *Ең алғаш мектепте оқып жүргенде арман етіп, қиялдан жүрген Алматы қаласына келдік, армандаган маман иесі болуымызға аз уақыт қалды*. Қателік – етістіктің шақ тұлғаларының бір-біріне сәйкес қолданылмауында. Сондай-ақ, бұл сөйлемдегі «арман етіп, қиялдан жүрген» деген есімше тұлғаларының басыңы «Алматы» сөзімен байланысы да орынсыз.

3) *Біз қолдан келгеннің бәрін істеп жатырық* («жатырмыз» болуга тиіс). Елбасы тапсырмасын мерзімінде орындау керекпіз («орындауымыз керек» болуға тиіс). Дәл осындағы баставуыш пен баяндауыштың киысуында көпші жіккіт жалғауларының дұрыс қолданылмауы тәрізді ауызекі сөйлеуде кездесетін қате қолданыстар тілімізге бес-он жылдың шамасында еніп, қазіргі кезде кең етек алғып бара жатыр. Сондықтан мұндай тілбұзарлықты тоқтатуға күш салу барша оқытушы ұстаздардың міндеті болуға тиіс.

4) *Бірынғай мушелі сөйлемдерді қолдануда мына сияқты қателер кездесуі әбен мүмкін*:

а) сыңарларының мағыналық сәйкестіктерінің болмауы, бір-ыңғай мүше тұлғаларының біртектес келмеуі: *Халық ауыз әдебиетінің көпшілігі халықтың мұғын жырылаған. Сол дәуірлердегі теңсіздіктерді, жасолсызықты қөпшілігі ауыз әдебиеті арқылы білдірді;*

ә) есім сөздер мен олардың орына колданылатын жіктеу есімдігінің бірыңғай қолданылуы: *Қазіргі кезде қылмысты жасаітын адамдар, олар негізінен жас балалар.*

4) Есімше, көсемше тұлғалы сөздердің орын тәртібінің сақталмауы, жұрнактарының орынды жалғанбауы: *Сіздің БҰҰ-ны жсан-тәніңізben қолдайтыныңыз ушін өзімнің шынайы құрметімді жеткізгім келеді.*

5) Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы: *Көшеде бір қарапайым өзімен-өзі кетіп бара жасақан адамды полиция қызметкерлері көріп қалады.*

6) Есімдіктерді орынсыз қолдану себебінен сөйлем мағынасының құнгірттенуі: *Қазіргі кезде қылмысты жасаітын адамдар, олар негізінен жас балалар. Олардың қылмыс жасау себептері отбасында әкесінің немесе шешесінің жоқтығы не тәрбиесін көрмеуі. Қауырт өткен көпжасақты келіс-сөздер мен пікірталастар нәтижесінде шешімдер пакетіне қатысты келісімге қол жетті. Олар 11 мамырда дауыс берусіз қабылданды. Егер елдің экономикасы төмен болса, қылмыстың жасасалуы көп болады, ейткені халық жоқтықта омір сүрсе, ол өзіне керек затты алу ушін әр түрлі әрекеттерге барады, кейде адам өлтіруге дейін барады.*

7) Бастауыштың кайталанып, үстемеленіп жүмсалуы: *Бұл адам мұны өзі білмей калды*. Менің *Білтынсариннен алған жерім, яғни Білтынсариннің бізге қалдырган онеге өсінеті бізге үлкен бір ганибет. Өлді деуге бола ма, ойланғаршы, - дегендей *Білтынсарин, яғни ұстаз атамыз біз ушін тірі.**

8) Құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттердің орын тәртібінің сақталмауы: *Оның билгір достары, оған демеу бола тұра, болашагына зор ықпал етті.*

9) Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында логикалық-грамматикалық байланыстың болмауы: *Ол сырды біз оқып, түсініп, түйсігімізде сақтап, ұғынып мойындаған кезде гана жетімді деп ойлаймын. Әр адам ол сырды әрқалай шеше алады. Сол екі ауыз сөзін бізге жеткізуғе ата-бабаларымыз әбден тырысқан. Бірақ бұл салт-дәстүр алі жасалғасуда және үрпақтан-үрпаққа әрі жасалғасып, одан әрі дамып, коркем тіліміздің тағы да коркейе түсеміндігіне сенімдімін. Мұндаидай қазақ елінің байлығын ешқандай да жолмен жоғалтуға болмайды.*

ды және үрпақ жеке айтпайды. *Мақал-мәтедер көп болғандықтан, егіншілік кәсібіне де байланысты мақал-мәтедер аз емес.*

10) Құрмалас сөйлем компоненттерінің тым шұбаланқы болуы; сөйлемге қажетті сөздерді тастанап кетудің салдарынан сөйлем мағынасының құнгірттенуі: *Қылмыс дегеніміз – заңмен бекітілген, заңмен тыйым салынған және жазаланатын, мемлекетке, жеке меншікке немесе адам басына, қоғамга (қарсы) заңсыз әрекет жасау.* Себi жарыққа (дүниеге) шыр етіп келгеннен бастап, өмірден жылу алушы армандаиды. Бұл екі сөйлемнің алғашқысының құрамындағы бірынғай мүшелердің берілуінде де қателер бар екенін көргө болжады.

11) Дәйексөздерді колдана алмаудың салдарынан болатын қателер: *Коп жағдайда қылмысты тәрбие алмаган жастар жасайды.* Сол ушин ата-бабамыз айтпақшы, *“Болар бала – бозынан”* демекші, бала жастайынан әке-шешесінен сыйластықты, ар-намысты, *Отанга деген сүйіспенішілікті, сабырлықты, “улкенге құрмет, кішіге ізет”* деген түсінікпен тәрбие алып өсүі керек. Мұндай қателер көбіне дәйексөздердің мағынасын түсінбеуден, негізгі оймен байланыстыра алмаудан туындал жатады.

12) Мәтін ішіндегі сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық та, грамматикалық та байланысының болмауы, байланыстыруыш конструкцияларды білмеуі. Соның салдарынан ойдаң құнгірттенуі:

Қазақ табигатында ақын, шешен халық. Оның осы бір ерекшелігі тиілінде айқын көрініс тапқан. әр сөзінде тайга таңба басқандай дәл, нақты, мағыналы ойлар туғылсан. Ендеше, осындағы қасиеті ерте заманнан бері жетіліп, дамып, жылдан-жылға өркендеуде. Бұл – тіл табигатындағы заңды құбылыс”. Осындағы «ендеше» сөзінің орынсыз қолданысы сөйлемдердің тұтас логикасын бұзып тұр. алғашқы үш сөйлем мен кейінгі екі сөйлемдегі автордың айтайын деген ойы екі түрлі. сол себепті соңғылары алдынғы үш сөйлемнің тұжырымы бола алмайды.

Стилистикалық қате түрлері:

1. Қазақ тілінің стилистикалық ресурстарын толық менгермеудің салдарынан болатын қателер:

1) Сөздік қорының жетіспеуі:

а) Бір контексте бір сөздің немесе түбірлес сөздердің себепсіз қайталауды: *Біз бұл өмірде бақытты болу үшін туылдық, сол себептен біз өзімізді бақытты қылууымыз керек. Осы жерден басталып екейіміздің таныстығымыз басталды.*

ә) Плеоназм мен тавтологиялық (дыбыстық құрылышы, мағынасы жақын сөздердің қайталануы – Ж.С.) сөз қолданысының салдарынан сөйлеу тілінің көріксіз, кедей болуы:

15 сәуір күні біздің *университет* ұжымы жылдагыдай наурыз мерекесін Алматы қаласының орталық базындағы стадионда тойлады. Осындағы «университет» және «ұжым» сөздері бірін-бірі то-лықтырып тұрған сөздер болса да, автор оларды қайталап қолданып, көпсөзділікке жол берген. Сондай-ақ, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі де сакталмағандықтан, «жылдагыдай» сөзі «наурыз» сөзіне катысты мағынаны нұскап тұр.

Мысалы, оған біреудің мұлкіне қол сұқса, үрласа, тонаса, біреудің өміріне қасақана не болмаса абаисызыда нұқсан келтіру жетады немесе қылмысқа әрекетсіздік жетады. *Мысалы*, дәрігер науқас адамға жардем етіп комектеспесе соның нәтижесінде науқас қаза болса... т.б.

2) Штамп сөздердің қолданылуы: *Міне, көзді ашып-жұмғанша татылжыған көктемнің екінші айы да келіп жетті. Кар еріп, жер қарада бастаған күннен-ақ әр тіршілік иесі өзіне тиесілі жұмыстарымен айналысады*.

3) Қыстырма сөздерді орынсыз қолдану: Қылмыстың алдын алу үшін мектеп қабыргасында дұрыс тәрбие беріп қадағалап, және де діни сабактар жүргізу және де инспекторлар қою керек. Ауыр қылмыс *негізінен* үлкен, жауапты құқық бузушылық болғанда, яғни ауыр қылмысқа жаза қолданылады. *Негізінде* женіл қылмыс немесе құқық бузушылық үшін де *негізінде* елімізде адамның белгілі бір құқығынан айырады.

4) Әдеби тілге жатпайтын сөздерді себепсіз қолдану: *Арман алысты арымай, тереңге тегеуінмен түссең, тубі мұратыңа айналмай қоймайды*.

5) Тілдің көріктеу құралдарын ретсіз қолдану: *Әрине, әр адамның өзі біртуар, қайта келмес даналары болады. Бұл адамзаттар ел үшін күрескен, сонымен қатар бізге туындыларын қалдырып кеткен данышпандар болмақ*.

2. Тілдік стилистикалық талғамының тәмендігінен болатын катедлер:

1) а) Бояма сөздерге, әдемілік үшін ойланбай қолданылған сәтсіз метафоралар мен теңеулерді, бейнелі сөздерді орынсыз қолдануға құмар болу: *Осы өлеңді оқысымен жүргегім дұр сілкінді. Мақал мәтеді оқығанымда сөздің құдіретін терең меңгеріп қана қоймай, санамы-*

зда мәңгілікке жатталады. Кеудесін керіп, тосін тоңкере жайылған кең жазық бетінде де көз тірер бір нүктө болса шы.

5) Сындық мәні бар сөздерді дұрыс тандай алмау: Осы жолмен журоп келе жатқан әрбір елдің достығының шында. Ол болашақта оз мүдделері және күллі адамзат мүдделері үшін тиімді еңбек етеріне шынайы уміттеміз.

2) Түрлі стильдің лексикасын пайдалану, соның ішінде ауызекі, кітаби тілге тән лексиканы себепсіз қолдану: Студенттердің қорқытылып қойса болғаны екен. Көрмеген кітапхананың есігін ашип, өмірінде ұстамаган кітапты ұстап көреді.

3. Функционалдық стиль нормаларын ескермеуден жіберілстін қателер:

1) Ресмилік мәні бар сөздерді орынсыз қолдану: Бұл жылдар сені аңсай сағыну, тосу жылдары еди. Мен бұл кезеңде адамдардың жүреп-гіндеге мәңгі-бақи өшпейтін бір сезім болатынын, ол – маҳаббат сезімі екенін ұқыттым. Сабак «Ақша қарыңмен!» деп құттықтау айтқым келді. Сол себептен баяу аяңдап келіп, үйреншікті бұрыштан сені іздейдім.

2) Ғылыми емес мәтіндерде термин сөздерді орынсыз қолдану: Ананың мейірім мен маҳаббаты шексіз. Ақын-жазушылардың романдарын оқығанда ананың жасанаышырығы, балага деген сүйіспен-шілігі асерлі суреттеледі. Себебі оның бір элементі болса да өмірден алынган.

3) Өзге стиль элементтерін орынсыз қолдану: Үлкендердің алдын-ала ойластырылып жасаған бұл жаиспарларының тамаша нағызнесі болғаны жүртқа жақсы белгілі. Ұстаздардың арамдық пен аярлыққа, әділетсіздік пен жалғандыққа, крепостнойлық тәртіпке қарсы аңы сындар айттып, мысқыл сөздерді боратуы қадеттердің ой өрістерінің дамуына, өмірге, қогам құбылыстарына қатысты біршама дұрыс көзқарастарының қалыптасуына едәуір ықпал етті.

4. Контекстік мағынаны ескермеуден болатын қателер:

Бұған, әсіресе, жалпы шығарма мазмұнының функционалдық-стилдік тұтастығына қатысты қателіктер жатады: шығарма мазмұнының тақырыпқа не тақырып атап көлемнің түгіндегі әлі жат-жасыл, таң атып, күн шығып келе жатыр. Таңертеңгі түскен

шықтың тамшысы қызарып шығып келе жатқан күннің саулецине шағылысын, өсімдіктердің басы күмістей жылт-жылт етеді. Қалың тогайдың арасынан ирек-ирек болып ақсан жіңішке өзен-нің үстінен көтерілген бұлышыңыр тұман шықпен буланып, маңдайы терленіп, төмен қарап тұрган талдар, талдың арасымен сылдырап ақсан өзеннің сұры көз алдыңа елестейді. Қоқтің жузі көкпенбек теңіз сияқты. Шөптің басы қимылдарлық жес жоқ. Тып-тыныш. Табиғаттың барлық нәрсеге ықылас көзбен күліп тұрган күні еди.

Осындағы күз мезгілінің бір күні, бір сәтіне (таңертенгі) құрылған шығарманың тақырып атауының “Күз” деп аталуы нақтылықты қажет етіп тұр. Күзгі таңының сурстін қанша әдемі елестете алғанмен, автор бұл жерде ойын шашыратып алғанға ұксайды. Ол үшінші сөйлемде әсіресе байқалады. Қеністікті, ондағы заттарды суреттеудегі бірізділіктің әлсіздігі ондағы сөздердің жиі қайталануынан көрініп тұр. Қатенің бұл түрі көп жағдайда автордың баяндау тілінің тақырыптың стилистикалық мәнеріне, эстетикалық әсеріне, көңіл-күйіне сай келмеуінен болады. (Б.Шалабай, 32-41-б.б.)

Сонымен, жоғарыда келтірілген кемшіліктер кез келген жастагы білім алушылардың сөйлеуі мен жазуында кездесіп отырады. Ұстаң бұған оқушының жас кезінен көніл аударып түзетіп отырмаса, жыл өткен сайын қалыптастып кеткен қателіктерді кейін түзету қын болады. Төменгі сыныптарда арнаулы стилистика пәні өтілмесе де, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабактарындағы осы мәселелеге қатысты тақырыптардың басты міндепті осындай кемшіліктердің алдын алу, болдырмай болып табылады. Алдын ала жасалған осындай дайындықтар мектептің жоғарғы сыныптарында, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында өтілетін осы пәнді тез игеруге мүмкіндік береді.

Ал жағары оқу орындарында оқылатын стилистика пәнінің арнаулы оқу құралы болғандықтан (Б.Шалабай) және онда әдебиеттер, бақылау (тест) сұрактары берілгендейтін, біз оларды қайталауды артық көрдік.

Теориялық білімдерін байқау үшін берілетін сұрақтар:

1. «Стиль» ұғымын қалай түсінесіз, оның түрлері қандай?
2. «Тіл нормасы» деген ұғымға М.Балақаев қандай анықтама береді?
3. «Стиль» мен «норма» арасында қандай байланыс бар?
4. Ғылыми стильдің ерекшелігі қандай?

5. Публицистикалық стильдің көркем әдебиет стилінен айырмашылығы неде?
6. Грамматикалық қателердің стильдік қателерге қатысы қандай?
7. Стильдік қателерге қандай қателер жатады?
8. Стильдік қателерді болдырмаудың қандай жолдары бар және оның маңызы қандай?

Озіндік жұмыс тапсырмалары үшін қажетті мәтіндер:

1. ...Сонымен қатар жасөспірмдер қылмысының басым көпшілігі жеке мүлікке, сондай-ақ жеке тұлғага қатысты болып отыр. Және тонау да алдыңғы орында. Жуырда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданараптың сотында жабық сот отырысы етті. 20 жастағы актөбелік жігіт пен 18 жастағы қызылордалық екеуіне үкім шықты. Олар өз істерінің қоғамға қауіпті екенін біле тұра, адам тонауға барған. Атап айтқанда, С. мен кәмелетке толмаған Р. Сөүір айында Қызылорда қаласының орталығында орналасқан сауда үйінің жанында өзінің жолдастарымен кездеседі. Осы жерде Р. Оларға қаладағы ойын клубтарын күш көрсету арқылы тонауды ұсынып, барлығы қылмыс жасауға үағдаласады. Сөйтіп олар компьютер клубын нысанаға алады. Осылайша сотталушылар компьютер клубына заңсыз кіріп, күзетшіге күш қолданып, денесінің әр жерінен бірнеше рет соққы беріп, жарақат салған. Осы кезде төрттіктің құрамындағы Мадияр деген жігіт диллер қыздың қолын қайырып, жерге құлатып жіберіп, ақша талап етеді. Ол қорыққанынан кассадағы 10 мың тенгені ұстата салады. Содан соң Р. жәбірленушіні шашынан тартып, үстел үстіне апарып бірнеше рет ұрган... (Мақаладан үзінді «Халық» газетінен алынды).

2. ...Торы жорға жолды өндіріп таstadtы. Қызын мол жайып, жазғы күн де арқан бойы көтеріліп қалған. Шал жолға таңертең костюмінің сыртынан барқыт шапанын киген. Ыссылай бастады. Бірақ шешінген жоқ. Шырағданнан аса尔да жанға жайлы салқын самал соғып, Мұқаның бойы сергіп қалды. Торы жорға да сол қарқынынан таяр емес. «Таудың етегіне түсе бере бұлақ басына ат шалдырып, демалып, ары қарай жүріп кетсем, бесін ауа Талтоғанға жетіп қалармын», – деп ойлады шал. Қазір ол бетте елдің жоқ екенін Мұқа жақсы біледі. Жалғыз сиыр фермасы бар еді. Оны да өткен жылы көшіріп әкетті. Бұл жайды осы фермаға қожалық ететін ұлы Белжігіттің аузынан шал анық естіген. Әрине, жаз жайлап жүрген бірлі-жарым үй болған күнде де, шалдың ат басын бұрар ойы жоқ. Өйткені жас әйелі

жолға жетерлік етіп тамақтарын көнелеу қара сөмкеге салып жатып: «Кездескен үйге ассалаумалайкөм деп бас сұға берме. Тамақтарынан ұшынып қалып жүрерсің», – деп дайындағаны тағы бар... (Т.Нұрмамбетов).

3. Соңғы кезде сөз тіркестері туралы еңбектерде оның обьектілері туралы теориялық талас пікірлер көбеюде. Ондай пікірлердің бірқыдырыуы сөз тіркестерінің тілдің басқа категорияларынан, атап айтқанда, сөз, күрделі сөз, сөйлем және синтагмалардан айырмашылығы. Бұл мәселе түркі тілдерінде оның ішінде қазақ тіл білімінде де соңғы кездеғана сөз бола бастады әрі ол жайындағы пікірлер де әр алуан. Сонымен бірге күрделі сөз тіркесінің әрбір сынарының күрделі сөз, қос сөз, біріккен сөздерден т.б. айырмашылығы да айқындалады. Өйткені күрделі сөздерді біліп алмай, күрделі сөз тіркестерінің әрбір сынарының жалан немесе күрделі екендігін білу де қыын. Соңдықтан күрделі сөз тіркестерінің жасалу ерекшелігін анықтау анықтау күрделі сөздердің жасалу жолдарын айқындауды қажет етеді. Оның үстіне сөз тіркестері синтаксистік қызметі жағынан да айқындалатыны белгілі. Жалпы күрделі сөз бар да күрделі сөйлем мүшесі бар. екеуі де синтаксистің обьектісі болғанымен, бірі сөз тіркесінің, бірі сөйлем мүшесінің ыңғайнда қарастырылады. Соңда күрделі сөзді құрайтын элементтердің барлығы да бірдей бір-ақ сөйлем мүшесі болама, жоқ па деген мәселе келіп шығады... (Ғылыми әдебиеттен).

Әдебиеттер:

1. Балақаев М. т.б. Қазақ тілінің стилистикасы. – А., 2005.
2. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оку құралы. –А., 2006.
3. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – А., 1995.

ҚОРЫТЫНДЫ


Бұл шағын еңбекте сөйлемді тілдік талдаудың әр түрі қазақ тілі бағдарламаларында көрсетілген ірі тараулар бойынша, сол тараулардағы басты теориялық қағидаларды игеруге негізделіп берілді. Өйткені, теорияны оку үстінде менгеру бар да, оны ұзақ уақыт есте сақтап, құнделікті өмірде қолдану бар. Практикалық жаттығулар арқылы қайта-қайта жаңғыртылып отырмаған теория есте ұзақ уақыт сақталмайтыны белгілі. Ал тілдің құнделікті өмірде ең көп әрі жиі қолданылатын қажетті қағидалары мен заңдылықтарын ескермеу не шала білу – тілдің қолданыс аясын тарылтуға, тіл байлығының қызметін әлсіреуге әкеліп соқтырады.

Әрине, сөйлемді талдай білу үшін ереже, заңдылықтарды білу қажет, бірақ ғылымның өскелен дамуы барысында сол заңдылықтар үнемі толығып, жаңғырып отырады. Бұл – табиғи құбылыс. Адам ойының дамуы, құнделікті қоғами қатынас жаңа сөздер мен тіркестерді туғызып, оларды қолданудың, сөйлем құраудың ерекше, жаңа түрлерін, өмірге әкеліп жатады. Оларды бұрынғы ережелерге сай талдау, түсіндіру мүмкін болмай қалады. Осыған байланысты жаңа идеялар мен көзқарастар дүниеге келеді. Талдау кезінде бүндай жаңа заңдылықтарды ескеріп отырудың мәні зор. Осы арқылы жас ұрпақ тіл ғылымындағы өзгерістермен таныса отырып, өзі де тілді ғылым ретінде тануға, оны зерттеуге бой ұрады.

Сөйтіп, жас ұрпақтың қазақ тілін пән ретінде игеруі кезінде сөйлем талдай білуі біздің ұлттық тіліміздің одан әрі өркендей, өссе түсіү үшін қажетті фактор әрі тілдің теориялық та, практикалық та дамуының қайнар көзі болып табылады.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:


1. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. А., 1997.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. А., 1991.
3. Балақаев М., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. А., 1997.
4. Әбұханов Ф. Қазақ тілі (лексика, фонетика, морфология, синтаксис). А., 1982.
5. Исаев С., Бектұров Ш. Сөйлемді грамматикалық талдаудың түрлері (методикалық талдау). А., 1985.
6. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. А., 1974.
7. Бектұров Ш., Серғалиев М. Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне арналған оқу құралы. А., 1979.
8. Серғалиев М. Қазақ тілі. Жоғары класс оқушылары мен абитуриенттерге арналған көмекші құрал. А., 1992.
9. Достанов М. Қазақ тілі сөздерінің фонетика-лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері. А., 1991.
10. Тұймебаев Ж. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. А., 2005.
11. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
12. Сәдуақасұлы Ж., Сәдуақасова Г. Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері. Оқу құралы. Қызылорда, 2004.
13. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., 2005.
14. Орта мектептің «Қазақ тілі» окулықтары.
15. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
16. Оразакынова Н.А., т.б. Сатылай комплексі талдау (морфология, синтаксис). Әдістемелік құрал. –А., 2005.
17. Оразакынова Н.А., т.б. Лексикалық материалдарды сатылай комплексі талдау. Оқу құралы. –А., 2005.
18. Оразбаева Ф.Ш.т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – А., 2005.
19. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –А., 2012.
20. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің вариантылығы. – А., 1996.



II бөлім.

МАҚАЛАЛАР

Жинаққа сонғы он жылдықта ғылыми және әдістемелік баспаларда, республикалық газеттерде, басқа да бұқаралық ақпарат құралдағында жарық көрген мақалалардың, түрлі конференцияларда, жиындарда жасалған баяндамалардың таңдаулылары енгізілді.



Қазақ тілі пәнін жоғары оқу орындарында жаңаша оқыту мәселелері

Оқу жүйесінің қай саласында болмасын қазақ тілін мамандық пәні ретінде оқытудың мәні, есіреле қазіргі таңда барынша артып отыр. Оған мынадай бірнеше себеп бар: 1-ден, еліміз бодандықтан босап, тәуелсіздігін алды, “Қазақстан республикасы” деген атқа ие болды, қазақ тілі осы мемлекеттегі барлық азаматтардың тілі ретінде занды құқықты иеленді; 2-ден, осындай биік те құрметті дәрежеге көтерілген қазақ тілін тек қазақтарға емес, осы мемлекетте тұратын барлық ұлт өкілдерінің құрметтеге, игеруі қажеттігі пайда болды; 3-ден, кеңес дәүірі тұсында қолданылу аясы барынша тарылып, отбасылық деңгейге дейін төмендеген ана тіліміздің өмірдің барлық саласында қолданылу ауқымын кеңейту мүмкіндігі туды, соған сай тілдің байлығын молайту қажеттігі пайда болды; 4-ден, қазақтардың орыстілденіп кеткен белгінің, сондай-ақ, басқа ұлт өкілдерінің де, қазақ тілін менгеруіне жағдайлар жасала бастады; 5-ден, жас ұрпақты жаңа заманың талаптарына сай тәрбиелеу – ана тілінің ғасырлар бойғы жиналған байлығын игеруге, сол арқылы ұлттық сезімдерін оятып, ұлт патриоттарын тәрбиелеу, жаһандану кезеңінде Қазақстанның мемлекет ретінде сакталып калуының бір негізі тілді сактау екенін үйрету қажеттігі басым міндетке айналып отыр. Міне, осы атапған себептердің салдары өз нәтижесін беруі үшін қазақ тілін жоғары оқу орындарында жаңаша оқытудың маңызы айрықша.

Кырық жылға жуық қазақ тілін оқытуда аткарган ұстаздық жолымында әр кезеңде пайда болып, жаңа деп танылған әдіс-тәсілдерді барынша қолдануға тырыстық. Кеңес кезеңінің оқу жүйесінде кең қолданылған алдыңғы қатарлы педагогтар (Ш.Аманашвили, С.Лысенкова, В.Шаталов, Е.Ильин, И.Лернер, М.Махмутов т.б.) ойлап тапкан әдіс-тәсілдер, сол тұста жаңа деп есептелген оқыту технологиялары өз жемістерін берді. Тіпті, қазіргі кездің өзінде солардың бірсыптырасы оқу процесінде әлі күнге дейін қолданылып келе жатқанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Әрине, белгілі бір кезеңде пайда болған небір алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің өзі жаңа бір кезеңде жаңғыртуды, жаңаша ой толғауды қажет етеді. Оған қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен елдің ғылыми, экономикалық және мәдени дамуындағы жетістіктер де әсер етпей қоймайды. Оның үстіне, Кеңес дәүірі тұсындағы саясатқа байланысты халықаралық шектеулер де казір келмеске кетті. Қазақстан дүниежүзінің барлық мемлекеттерімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алдып отыр. Еліміздің алдында таяу арада дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылу міндеті тұр. Осыған байланысты елде білім беру жүйесін халықаралық стандартқа сәйкестендіру бағытындағы реформа-

лар басталып та кетті. Осындай түбөгейлі өзгерістер оқыту процесіне де әсерін тигізетін даусызы.

Жалпы, қай кезеңде де оқыту процесіне қатысты ой-пікірлер мен оның әдіс-тәсілдері жөніндегі жаңалықтар көп жағдайда оқытудың тәменгі сатыларына – балабакшалар мен мектептерге қатысты болып жатады да, ал оларға қызмет ететін мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарындағы дидактика мен тәрбие мәселесі назардан тыс қалып отырды. Кеңес дәүірінде де осылай болып, тек өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап кана бұған орыс педагогтары көніл аудара бастады. Содан бергі ширек ғасыр көлемінде бұл проблема шешіле калды деуге әсте болмайды. Өйткені, Кеңес үкіметі құлағанға дейінгі 15 жыл тоқырау кезеңі болғаны белгілі. Ал одан кейінгі 15 жылдың алғашкы уақыты ТМД құрамындағы елдер үшін, оның ішінде Казахстан үшін де өтпелі, киын-қыстау кезең болды. Мінс, енді ғана бұл мәселеге жаңа қоғам, жаңа даму жағдайында назар аударылып отыр. Сонымен, қазіргі таңда қазақ тілін жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытудың өзіндік мынадай түйіні шешілуге тиіс мәселелері бар деп ойлаймыз.

1-ден, қазақ тілін оқытуды жаңа технологиялар негізінде жүзеге асыру. “Оқыту технологиясы” деген терминнің өзі орыс педагогикасына өткен ғасырдың 70-80-жылдарында ғана батыстан (АҚШ) келіп енді. Сол тұстағы орыс педагогтары бұл терминге әр түрлі анықтамалар бергенімен, олардың бәрінде бір ортақ ой болды. Оны формалды түрде былай түсінуге болады: оқыту технологиясы деп оқу ақпараттарын қалыптастыру, өңдеу, қабылдау, түсіну, есте сақтау және қайта жаңғырудан тұратын, нақты мақсатқа бағытталған динамикалық процесті айтамыз. Егер осы анықтама дұрыс деп есептер болсақ, оқыту технологиясында білім алушы мен білім беруші арасында тығыз байланыс болуға тиіс. Яғни, оқу процесінің негізгі элементтері болып табылатын оқытудың мақсаты, жоспары, бағдарламасы, оқыту мазмұны, әдістері мен тәсілдері, түрлөрі мен құралдары, студенттердің оқу және ғылыми бағыттағы іс-әрекеттері, оқытушының педагогикалық және ғылыми әрекеттері – бәрі өзара тығыз байланыс-бірліктен болуға тиіс деген сез.

70-жылдары поляк ғалымдары Ч.Куписевич пен Ф.Янушкевич оқыту технологиясының тоғыз түрлі сипатын белгілеп берген болатын. Олар:

- 1) оқытудың заман талабына сай болуы;
- 2) аз күш, аз уақыт жұмсап, жоғары сапалы білімге қол жеткізу;
- 3) пәнаралық байланыстың болуы;
- 4) оқыту мазмұнының, әдістерінің, құралдарының және оқытудың ұйымдастырудың тиімділігін зерттеу, ғылыми негіздеу;

- 5) оқыту процесі мен тиімділігінің қайталаамалығы;
- 6) оқушы мен оқытушының іс-әрекеттерін бағдарламалап отыру;
- 7) оку құралдары мен материалдарын пайдалану;
- 8) оку ортасын материалдық жағынан тиімді үйымдастыру;
- 9) оку нәтижелерін сапалы бағалау.

Осы аталған сапалардың қай-қайсысы болмасын ос кезге дейін өз құнын жойған жоқ. Алайда, олар қазіргі заманғы ғылым мен техниканың дамуына сай жетілдіруді, толықтыруды қажет ететін болар.

Қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқытудағы тағы бір өзекті әрі аталған сапалардың біріншісіне тікелей қатысты мәселе – оқыту процесінде компьютердерді пайдалану, соған байланысты электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын жасау. Қазіргі таңда адам өміріне, қоғамның барлық саласына деңдеп енген компьютерсіз жеке пәндерді оқытуды да елестету мүмкін емес. Мәселе – осы техниканы қазақ тілі пәнін оқытуға қалай, қандай деңгейде пайдалануға болатындығында болып тұр. Себебі, мамандардың айтуынша, әзірге қазақ тіліндегі оқи алатын бағдарламасы бар компьютерлер жасау тек жоспарда ғана бар тәрізді. Дегенмен, оқытушылар өз мүмкіншіліктері көлемінде оны пайдалану жолдарын қарастыруда. Оған арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға талпыну үстінде. Бұл тұрғыда шет ел тілдерін оқытуда жинақталған тәжірибелерді пайдалана отырып, қазақ тіліне арналған бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар жасау басты міндеттердің бірі саналады. Бұл іске біз де өз үлесімізді қосамыз ғой деп ойлаймыз.

Келесі мәселе де осымен сабактасып жатыр. Қазір елімізде білім берудің халықаралық жүйесіне көшудің алғышаррттары басталып та кетті. Орта білім берудің 12 жылдық, жоғары білім берудің үш сатылы (бакалавр, магистратура, докторантурасы) түрі мен оқытушының кредиттік жүйесіне енүе республиканың қоғамдастырылған мектептері мен жоғары оқу орындарында өз нәтижелерін беруде. Міне, осы жана жүйеге енуге байланысты да оқулықтар мен оқу құралдарының осы жүйені қанағаттаныратын түрлерін жасау қажеттігі туады. Мұнда да сол жоғарыда көрсетілгендей, жаңа оқыту технологиялары мен электрондық құралдарды пайдалану басты орында тұрады. Соңдықтан, қазақ тілін мамандыққа сай пән ретінде оқыту осы талаптан қалып қоймауға тиіс. Тілші ғалымдар мен педагогтарға да қоғамдағы осы өзгерістер тұрғысынан талап қойылады.

Сонымен, Қазақстандық педагогика ғылымы жаңа кезеңге – ғаламдық деңгейдегі даму кезеңіне аяқ басты. Осыған байланысты әлемдегі алдыңғы қатарлы педагогикалық ой-пікірлерді, идеяларды талданап, таңдалап өмірге енгізу арқылы ғана дүниедегі мықты елдердің қатарына қосылу мүмкіндігіне ие боламыз. Оның үстінде, қазақ халқының ұлттық

сипатын, тілін, дінін, ділін сактай отырып, онын жаһандану толқыны на жұтылып кетпеуі үшін құресетін ұлттық патриоттарды тәрбиелеу де педагогтарға жүктеледі. Ұлттық тәрбиеде, әсіресе ана тілі байлығының орны айрықша екені белгілі. Сондықтан, казақ тілін оқытуда оның тәрбиелік жағына да аса мән беру, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу біздің алдағы міндеттеріміздің бірі болып табылады.

(КР Педагогикалық ғылымдар академиясының Ҳабаршысы,
№ 6, 2006 жыл. 73-77-бб.)

Қ.Нұрмаханов аудармаларының тілі

Қазақ даласы үшін зұлымдығы да, зұлматы да көп болған XX ғасырдың басында жұлдыздей жарқырап тез сөнген Фани Мұратбаевтай біртуар азаматты дүниеге келтірген Қазалы қаласы көп ұзамай Кеңес үкіметінің құрылғанына 10 жыл толу қарсанында тағы бір ұлдың кіндігін кесіп, елінің көркі, халқының адаптацияның көп үзілдіктерінде алыс киянға аттандырып салған еді. Балалық, жастық шағы, жігіттік кезені казақ халқының басына түскен қаһарлы да, зұлмат кезеңдер – ашаршылық, репрессия, соғыс, одан кейінгі таршылық жылдарға сәйкес келген Қалжан да ұзак өмір сүре алмай, ерте солғаны бәрімізге аян. Алайда қамшының сабындағы қысқа ғұмырында артына өшпес мұра қалдырып, өзін білікті сынши, танымал аудармашы ретінде көрсетіп кеткені тағы да белгілі.

Откен ғасырдың орта тұсынан аяу бергенде әдебиетте екінің бірі жүрегі дауалап бара бермейтін сыншилық бағытты ұстанған, сөйтіп әлем әдебиетінің бетке ұстар ғұлама жазушыларының сәнбектерін талдап баға бере білген, қала берді сол тұстағы «азуы алты қарыс» қазақ әдебиетінің өкілдеріне де «тіс батыра» бастаған балан сыншины кім жақтырысын, кім елей қойсын. Әйттеір көзінің тірісінде оның шығармашылығы жөнінде жан-жақты пікір айтып, қолдау білдіргендер аз болғаны байқалады. Дегенмен, «ештен кеш жақсы» – мына заманның дұрысталған кезінде бүгінгідей көрсетіліп жатқан құрметке шүкіршілік жасап, құтты болсын дейміз.

Қалжан Нұрмакановтың қазақ әдебиетін былай қойғанда, шығыс, араб, түрік, еуропа әдебиетін терең білгені, түрік тілін өз бетінше үйренип, еркін түсінетін дәрежеге жеткені, орыс, қазақ тілдерінде бірдей жазатыны, сондай-ақ, принципшілдігі мен әдлілігі, қарапайымдылығы мен адалдығы жөнінде белгілі жазушы, Қалекенің досы М.Әлімбаев осыдан 20 жыл бүрін жазған «Қазалының Қалжаны – қазағының Қалжаны» деген мақаласында сүйсіне баяндаған еді. Осы бір еске алу сөзінде айтылған Қалекенің аудармашы-жазушылық қабілетінің дәлеліндегі болған, әлемге танымал қыргыз жазушысы

Ш.Айтматовтан аударған повесть, әңгімелерінің тілдік ерекшеліктерін бүгінгі баяндамамызға арқау етуге тырыстық.

Қырғыз Халық жазушысы Ш.Айтматовтың 2006 жылы «Балауса» баспасынан шықкан жинағына Қалжан Нұрмаханов аударған «Бет-пе-бет», «Алғашқы ұстаз» повестері мен «Ақ жауын» әңгімесі еншті. Егер осы жинақтың басында «Ш.Айтматов» деген автордың ат-жөні және тақырып тұсындағы «аударған» деген сөздер жазылмаса, онда кітапқа енген осы үш шығарманы кез келген оқырман казақ жазушысы Қалжан Нұрмакановтың енбектері деп қабылдар еді. Себебі, шығармалардағы колданылған сөздер, лексикалық байлық (арагідік кездесетін қырғыз тіліне тән ономастыкалық атаулар мен жергілікті сөздерді коспағанда) түгелімен казақ тілінің сөздік құрамында бар, жалпыхалықтық сөздер. Әрине, казақ тілі мен қырғыз тілінің тарихи туыстық, ұқсастық жақтары да мол екенін жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, қазақ тілінің өзіне тән ерекшелігін терең түсініп, орынды колдана білудің арқасында ғана қазақ оқырмандарына, әсіресе қазақ балалары мен жастарына етene жақын шығарма болып шыққан. Мәселен, қазақ тілінің сөздік құрамына енетін байырғы сөздік қордағы сөздерді есептемегендеге, қазақ тілінде жазушы өмір сүрген кезенде қолданылып, кейін тілден ығысқан бөкпен, быламық, мизам, жарғақ т.б. тәрізді көнерген сөздер, бешпент, куртеше, азан т.б. тәрізді диалектлік сипаты бар жергілікті ерекшеліктер, сондай-ақ сол кезенде тілімізге молынан енген станция, фонарь, эшелон, вагон, семья, сумка, посылка, сельсоветтің председателі, телеграмма, колхоз, президент, почта, комсомол т.б. сияқты орыс сөздері мен ғылыми-техникалық атаулар, терминдер, сөз тіркестері жай кездеседі.

Аудармаларда қазақ әдебиетіне тән тілдік қолданыстар, көркемдегің құралдар ретінде қолданылатын тілдік бірліктердің бәрі де бар.

Мысалы, аудармашы қазақ әдебиетіне Абай арқылы еніп, ақын-жазушылардың шарықтаған шабытын байқататын поэтикалық сөздер мен сөз тіркестерін, яғни троп пен фигураның түрлерін (эпитет пен теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, градация, синоним, омоним, антоним) де осы шығармаларда молынан пайдаланған. Мысалы, бір ғана жесел және терек сөздерінің алуан түрлі мінезі мен сипатын мынадай тіркестер арқылы береді: ызгарла жесел, сұраптыл жесел, сұық жесел, долы жесел, үйтқыған жесел, шилер басын сипай соққан жесел, жұлдыңған жесел, өкси ысқырган жесел, ызыңдаган жесел; зәзуим терек, биік терек, алып терек, қайран терек, асыл терек т.б. Осыған ұқсас мейіреу түн, сұраптыл согыс, сұық сөз, дымқыл жсон, ызгарлы бұлт, қара түн, күс табан, жарғақ алақан т. б. толып жатқан тіркестер шығармалардың өн бойына арқау болып, олардың тілдік жағынан шебер де көркем жазылған шығармалар болуына септігін тигізіп тұрға-

ны ақиқат. Сондай-ақ, шығармаларға өң беріп, олардың көркемдігін қүштейтуде аудармашы қазақ тіліндегі молынан кездесетін астарлы сөздерді, сөз тіркестерін жиі қолданады: жұзінен қаны қашу, айыбынан ақталу, арманына қолы жесту, жсаны жай табу, маңдағынан мұздай тер бүрк ету, жүргегі қысылу, тықыр таялу, сыр алдырмау, бас саугалау, қанын ішіне тарту, жсаны келіге қамалу, араны ашилу, басына қара күн туу т.б. тіркестер осының айғағы.

Енді осындай тіл байлықтарын аудармашы қалай пайдаланып, қалай ойнатар екен, соған да назар аударайық.

«*Биіктына соққан ызгарлы жесел айдаған жасатырақтар кішкене станцияның сығырайып жсанған жалғыз фонарына соғып, лезде үтіреіген қараңғыга сүңгиді де, көзден гайып болады.*

... Қара түннің көрпесін айқара жамаған Қаратай шатқалы тастай қараңғы. Оның етегіндегі станция төңірегі одан бетер қараңғы, көзге түртсе көргісіз. Станциядан әрі-бері поездар өткенде, айналаны зілдей басып жасатқан түн жарыққа көзі шағылышып, болар-болмас селт етеді де, қайтадан бұрынғы меніреу қалтына енеді. Поездар отіп кеткеннен кейін станция маңайын өлі тыныштық қайтадан басады.»

«Бетпе-бет» әңгімесінің кіріспесі ретіндегі бес-ақ сөйлемнен тұратын осы бір абзаңтың алдыңғы сөйлемінде адам сезіміне қолайсыз әсер ететін «қаранды» деген сөз бұдан былайтын сөйлемдерде біртіндеп әр алуан экспрессивті-эмоционалды сөздермен тіркесіп немесе басқа бір синоним сөздермен алмасып, адамның тұла бойын түршіктіретін қаһарлы сөзге айналады. Автор қараңғылық сипатын біртіндеп қоюлату арқылы соғыс кезіндегі әр ауылдың басынан кешкен қындықты дәл тауып көрсетеді. «үтіреіген қараңғы, қара түн, тастай қараңғы, одан бетер қараңғы, көзге түртсе көргісіз, айналаны зілдей басып жасатқан түн, өлі тыныштық» деген тіркестер қай оқырманды болмасын бей-жай қалдырmasы айқын. Мына бір сөйлемдерге де көніл аудара кеткеннің артықшылығы болмас : «Онан жерге жсан түскен жсоқ ... ауылда тірі жсан білмейді. – Көтек-ау, бойыма бітіп қалған ба?» – деген сөйлемдердегі «жан» – «адам» орнына, «бойына біту» – «екіқабат» болу орнына ауспалы мағынада қолданылып тұрса, «көтек» сөзі – ауыл әйелдері көбірек қолданатын жергілікті ерекшелік. Бұл соңғы сөз ертеректе жоғарыда аталаған кеткен «быламық», «бөкпен» сияқты сөздермен бірге Қалекенің тұган жері Қазалыда және оған іргелес жатқан Арада көбірек қолданылатын еді. Қазір көнергендегі сөзге айналып кетті десе де боларлық.

Сондай-ақ, «Алғашқы ұстаздан» мына бір үзіндіні алайық: «... Талай бақтар бар, бірақ бұл тереңтердің бір естен кетпес қасиеті – олардың үні мүлде басқа, бейне тілі бар тірізді. Күні-туні тынбай,

әрдайым жасырақтары дірілде, шайқалған бұтақтары айқара құшақтаса, теректер сан алуан үнге салып шуылдайды. Бірде жиекке соққан ерке толқындай естілер-естілмес қана сыйдырлап, бірде тым-тырыс ойга шомып, сагынышты санага батқандай әлденеге мұңдана күрсініп, жұлқынған жел бұлттарды айда, бұтақтарын қасарыса игенде, теректер тіресе өжет қарсыласып, «бізді жыға алмайсың» дегендей өршелене, қаһарлана туследі». Байқайсыздар ма, осы үзіндігे арқау болып отырган қос теректі автор адамға тенейді. Оларда «ун бар, тіпті тілі бар тәрізді, бұтақтары құшақтасады, шулайды, сыйбырлайды, ойга шомады, мұңдана күрсінеді, өжет қарсыласады, өршелене, қаһарлана туследі». Осы аталған сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұрған етістік сөздердің бәрі адамға ғана байланысты айтылатын сөздер. Автор шығарманың басында келтірген үш абзацта осындай сөздерді астарлы, ауыспалы түрде қос терекке қатысты беру арқылы мәтіннің осы бөлігін бұдан былайғы үақығаның дамуында басты кейіпкерлер болып табылатын ұстаз – Дүйсен мен шекірт – академик Сүлейменованаң бастарынан өткен өмір жолдарын бейнелеудің сырлы құлпына айналдырады. Ал ол құлыптың кілтін оқырман мәтіннің кейінгі өн бойынан тауып, біртінде ашатын болады.

Мәтін демекші, қандай мәтін болмасын сөйлемдерден, солардың мағыналық жағынан өзара қилюласқан тізбегінен тұратыны белгілі. Ал кез келген сөйлем ондағы мүшелік қызметті атқаратын сөздердің мағыналық байланысына негізделеді. Бұл тұста сөйлем мүшелерінің яғни сөйлем құрауға қатысатын сөздердің орын тәртібін ескерудің айрықша мәні бар. Жазушының өзіндік қолтанбасы, стильдік ерекшелігі, оның шығармасына берілетін баға көбінесе осыған байланысты болады.

Қазак тілін алғашқы зерттеушілер сөйлемді құрайтын синтаксистік бес мүшениң өзіндік орны бар деп есептейді де, одан ауытқу сөйлемнің стильдік, мағыналық жағынан бұзылуына әкеліп соқтырады деген тұжырым жасайды. Дегенмен кейінгі зерттеулер сөйлемнің баяндауыш мүшесінің ғана орны тұракты болатынын, ал қалған мүшелер, соның ішінде бастауыш та, орнын өзгерте алатынын, тіпті кей мүшелер әдейі түсіріліп, оның қызметін көршилес мүше тұлғасын өзгертпей-ақ атқаратынын, ал мұндай өзгерістер автордың баянда еркіне, нақтырақ айтқанда, сөйлемді қандай семантикалық құрылымда беруіне байланысты болатынын көрсетеді. Сондай-ақ, басқа сөйлем мүшелерінің баяндауыштан кейінгі позицияға шығарылуы да, өсірепе бұйрықты сөйлемдерде жиі кездесетін тілге таңсық емес. Мұндай тұжырым аргы-бергі жазушылардың енбектеріне жүргізілген көптеген тілдік талдаулардан кейін жасалып отыр. Мысалы, «Дүйсен оқытқан он шақты баланың ішіндеғі естияры мен болатынмын. Сондықтан

сабакты дұрысырақ білгені де мен болым гой демін» деген сөйлемдердегі бастануыш болып сөйлемнің басында тұруға тиісті «мен» сөзінің баяндауыш позициясынан орын алуының себебі не? Мұның себебі, қазак тіліндегі сөйлеуші арқылы берілетін хабардың тыңдаушының назарын аударатын негізгі бөлігі (сөзі) осы баяндауыштың орнында немесе соның алдында болады. Осы жерге екпін басымырақ түседі деп есептеледі. Бұл – түркі тілдерінде калыптасқан ортақ заңдылық. Сондықтан, сөйлеуші балалардың ішіндегі естияры, сабакты дұрыс игергені басқа емес, өзі екенін нақтылап, анықтап, басқалардан бөліп көрсету үшін осы құрылымды таңдайды. Әйтпесе, осы сөйлемді «Мен Дүйсен оқытқан он шақты баланың ішіндегі естияры болатынмын» деп те құруға болар еді. Мұндай жағдайда назар «естияры» деген сөзге ауады да, сөйлем семантикасы өзгереді. Енді мына сөйлемдерге назар аударайық: «Ауылдың жосарғы жасындағы адырда мен бала кезден білетін екі зәулім терек қазір де сол жерде. ... Бірақ әңгіме басқада.» Бұл сөйлемдерде баяндауыштар түсіріліп, оның орнына пысықтауыш болуға тиіс «сол жерде» және толықтауыш болуға тиісті «басқада» деген жатыс септігіндегі сөздер тұр. Егер сөйлемдерді баяндауышпен толықтырсақ, «... терек қазір де сол жерде тұр», «... Бірақ әңгіме басқада болып тұр» дегендегі құрылымда болар еді. Баяндауыштың бұлай түсірілүін кей ғалымдар кеңес дәүірі тұсындағы орыс тілінен аударудың әсері деп есептейді. Ал біздінше, тілдегі «экономия» немесе «эллипсис» деп аталатын бұл құбылыс қазақ тілінде бұрыннан бар. Ойды ықшамдаپ, көп ойды аз сөзге сиғызып айту біздін айтулы билерімізде, шешендерімізде, солар қалдырған ұлығат сөздер мен мақал-мәттерімізде молынан кездеседі. Сондықтан, атадан қалған мұра іспетті Калжан ағамыз қолданған бұл тәсілдер шығармаға әр бермесе, нұқсан келгіріп тұрган жоқ деп есептейміз.

Осы тұста тағы бір көніл аударатын ерекшелікке назар сала кеткіміз келеді. Кейде сөйлемді құрауға қатысып тұрган жеке лексикалық сөздердің мағынасы ғана емес, басқа тілдік тұлғалардың да, әсіресе шақтық және жақтық тұлғалардың да ауыспалы қолданыстары кездеседі. Олар осынысмен сөйлемнің экспрессивтік мәнін аша тұсуге қызымет етеді. Шығармаларда көп болмағанымен, осы тәсілдер де қолданылған. Бір ғана мысал келтірейік. «Бетпе-бет» повесінде ауылсовет председателі Мырзакұл келіп майданға кеткен Байдалының әйелі Тотайға «агаштарың қаулап осіп кеттіпти, артық бұтақтарын кесіп, бұтап алындар» деп ақыл айтып тұр. Сонда: «Ашуланған Тотой оған таңда на қарады:

– Өскенмен оның кімге керегі бар? Өзі жоқ болған соң, тал түгіл басқасы да көзге күйік болып көрінеді. Колхозда жұмыс істе, масақ теріп, балаларды бақ! Қайсысына жетерсің! Мына екі үйіміз аза-

маттардың не олі, не тірі екенін білмей отырымыз! – деп ернін ти-стеді де теріс айналды.» Осы үзіндідегі жалпы мазмұн бойынша және сөйлеу ситуациясына қарай сөйлеп тұрган адам өз жағдайларын өздері тарапынан жеткізіп тұрганы айқын. Оны 1-жактық көшпе тұлғадағы «білмей отырымыз» баяндауышынан аңғарамыз. Алайда осындағы «Колхозда жұмыс істе, масақ теріп, балаларды бақ! Қай-сысына жетерсің!» деген екі сөйлемнің бірі 3-жактық тұлғамен, екіншісі 2-жактық тұлғамен берілеген. Әйтте де біз мұны ойдағы мазмұн құрылымына қарай «Колхозда жұмыс істейміз, масақ теріп, балаларды бағамыз! Қайсысына жетеміз!» деген мағынада ұғынамыз. Яғни мұндай аудиоспалылық сөйлем мазмұнына әсер етіп тұрган жоқ, қайта тындаушыға немесе оқырманға сөйлеушінің қазіргі күнін халінен, шарасызыдығынан хабар беріп тұр.

Аударманың мәтіндері тілдегі бар сөйлем түрлерін молынан камтыған. Ең алдымен, шығармалар автордың баяндауына құрылғандықтан, оларда хабарлы сөйлемдердің басым болуы заңды. Ал сөйлемнің сұраулы, лепті, бұйрықты түрлері максатқа қарай ретті жерінде төл сөздер ретінде де, диалог сөйлемдер ретінде мәтін ішінде жиі қолданылады. Бір-екі мысал келтірейік: « – Сен бе едің? – деді лезде тамагы кеүіп, демі тарылған Сейде.

– Т-с-с! Үндеме! – деді Ісламайыл қараңғыда көзі жалтылдан. Ол әйеліне жақындалап, ауыр дем алды. – Үндеме, шаруаң болмасын!» Немесе: «...Біз ешір күмән келтірмей кейде: «Агай, Ленинге сәлем бергенде, қол алысын амандастыңыз ба? – деп сұрап қалатынбыз. Онда біздің оқытуши басын шайқап: «Жоқ, балалар, жұз корісіп жолыға алған жокұрын», – деп, соган өкініп күрсінетін.» Алғашқы үзіндіде сұраулы сөйлем мен лепті сөйлем диалог ретінде берілсе, соңғы үзіндіде сұраулы сөйлем мен хабарлы сөйлем төл сөз ретінде автор сөзінің ішінде келтірілген. Мұндай сөйлемдер мен қолданыстар шығарманың стильдік жағынан шебер де көркем құрылуына кызмет етеді.

Шығармаларда жай сөйлемдер мен олардың құрылымдық түрлері болып есептелетін бір негізді, екі негізді, толымды, толымсыз, жақты жақсыз, атаулы сөйлемдердің бәрі де кездеседі және олар мәтінді мағыналық жағынан дұрыс құруда ретіне қарай орынды қолданылады. Сонымен бірге, сейлем құрамында кездесетін оңашаланған мүшелер мен оқшаша сөздердің (қаратпа, қыстырма, одагайлардың) да орынды қолданылуы шығарма мазмұнын айшықтай түседі.

Жалпылай алғанда, аудармаларда жоғарыда біз көрсеткен еркешеліктерден басқа әсіре қызыл, қалың бояулар, оқырманды жалықтырар ұзын-ырғақ сипаттаулар кездеспейді. Қазақтың қай жастағы азamatы оқыса да сүйсіне оқып, еркін түсінетін әдеби тілде жазылған шығармаларда жалпылама халық тілінің ерекшеліктері де, тіпті қа-

жетті жерінде ауызекі тілге тән алғыс, қарғыс, кейіпкер мінезіне сыйбылтылының жеке сөздер де молынан және орынды пайдаланылған.

Бұл шағын мақалада біз Қалжан аудармаларын толық және жан-жақты талдауды мақсат түтпәдік. Оған, эрине уақытта, біршама ізденіс те керек. Бұның бөрін келешектін еншісіне қалдырып, сөз соңында мынаны айтқымыз келеді. Қалжан Нұрмаханов аудармаларының көркем де шынайы жазылып, қазақ оқырмандары көңілінен шықпасқа амалы да жоқ еді. Оған себеп – 1-ден, шығармалардың идеясы сол кездің өзіндегі кеңес одағында атағы белгілі бола бастаған, болашағынан зор үміт күттіретін жазушы Ш.Айтматовтікі еді. 2-ден, ол шығармалардың тіл қашаннан қазақ елімен іргелес, қоңы болып, құдандалы жеке жағ болған, түбі бір туыстас әрі кейінгі тарихта өзара сөз алмасып аралас-құралас болып кеткен қырғыз тілі болатын. 3-ден, Қалекен екі тілді де тен мәндерген, туыстас екі халықтың да тіршілігі мен психологиясын қояғынан мықтап түйген азамат еді. Оның үстінен ол Орта Азия мен Шығыс халықтары әдебиетіне зор ықпалын тигізген орыс, батыс әдебиетімен де етене таныс болғанын білеміз. Міне, осы факторлар Қалжан Нұрмаханов аудармаларын халықтық дәрежеге көтерді деуге негіз бар.

Корытта айтқанда, бұл шығармалар қырғыздың Ш.Айтматов сынды аты әлемге әйгілі болған дарабоз жазушысын қазақ халқына алғаш қазақ тіліндегі таныстырған, табыстырған шығарма болып қазақ әдебиетінен мәнгі орын алды. Қалжан Нұрмаханов шығармашылығын зерттеу, оны халқына етене таныстыру болашақтың, бірақ ұзаққа созуға болмайтын мәселеін дегіміз келеді.

(Журнал: «Тілтаным», 2008 ж., № 2. 11-16 бб.)

Құрделі омонимдес жүрнақтардың құрамы мен сөзжасамдық қызметі жайында

Қай тілдің де байлығы сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туынды сөздердің молдығымен айқындалатыны белгілі. Тіпті, тіл-тілдің лексикасында байырғы мағыналы көне бір буынды сөздердің өзі, түтеп келгенде, туынды сөз ретінде танылып жатады. Осыған байланысты сөздің этимологиясымен айналысадын ғалымдар қазіргі тілімізде түбір сөздер ретінде қолданыста жүрген бір және екі буынды сөздердің көпшілігін бір ауыздан тарихи туынды сөздер деп есептейді.

Мысалы, *кел* және *кем* етістік түбірлердің туынды екендігін, біздіңше былай дәлелдеуге болар еді: бұл сөздердің ортақ жалпы мағынасы – қозғалысты білдіру (қозғалыс етістігі); алайда олардың бір-бірінен айырма мағынасы да бар: ол – *кем* – субъекттің айтуышыдан ары қарай алшактау қозғалысын білдіреді, *кел* – субъекттің айтуышға қарай

жакындау козгалысын білдіреді. Сонда осы соңғы айырым мағына-ны білдіріп түрған бөліктер -л және -т о бастағы *ке-* түбіріне кейін қосылған қосымша немесе, нақтырақ айтқанда, сөз тудыруши жұрнақ болып шығады. Сонда жалпы козгалыс семантикасын білдіретін, қазіргі кезде өлі түбір атанип жүрген *ке-* түбірі кейін екі етістік сөздің шығуына себеп болған бастапқы түбір деуге әбден болады. Сондай-ақ, қазіргі *кун* (зат есім), *куй* (етістік), *кул* (етістік), *кул* (зат – оттың қалдығы) тәрізді сөздерді де бір түбірден тараган деуге әбден болатын тәрізді. Өйткені осы сөздердің мағыналарында жалпы бір жақындық бар екені айқын: *кун* – от тәрізді күйдіреді, бұл қасиет *куй* және *кул* сөздерінің бойында да бар, ал соңғысымен омонимдес *кул* етістігінің бойында от жаққанда жарық болатыны тәрізді ашық, жарқын болу мағынасы бар. Сонда әр сөздің жаңа мағынаға ие болуы олардың соңғы дыбыстарының өзгеруімен байланысты екені анғарылып, ол осы дыбыстарды сөзжасам жүрнектары ретінде қарауға мүмкіндік береді (Осылай сез мағынасын өзгертуге себепші болатын дыбыстар қазіргі грамматикаларда фонема ретінде қарастырылып жүр). Сонда *ку-* көне түбір сөз болып қалады. Олай болса, *ку-* түбірі басында ыстық, от мағынасын жалпылай білдіретін сөз болған, бұдан *куи* зат есімі мен *куй* және *кул* етістіктері пайда болған. Ал *кул* зат есімінің пайда болуы беріректе ұқсату заңдылықтарына байланысты ауыспалы мәнде пайда болған деуге болады.

Сөздердің буын саны көбйіген сайын олардың жасалу жолы да күрделене беретіні анғарылады. Мұндай күрделілік бастапқы түбірде де, қосымшаларда да байқалып отырады. Мысал ретінде қазіргі кезде сез тудыруши аталып жүрген бір ғана жүрнак – *-қыр* (*-кір*, *-ғыр*, *-ғір*) туралы сез қозғап көрейік.

Бұл күрделі жүрнақ қатарына жатқызылып, қазақ тілі грамматикаларында есім (сын есім) туғызатын жүрнақ ретінде де, етістік туғызатын жүрнак ретінде де көрсетіліп жүр. Бірақ екеуінін күрделену жолы екі түрлі деп есептеледі. Алдымен біз етістік жасайтын түріне тоқталайық.

Бұл жүрнақ тілімізде етістік сез табына жататын *ақыр*, *бақыр*, *шақыр*, *өкір*, *шыңғыр*, *жекір*, *екір*, *секір* т.б. етістік сөздер жасауға қатысумен бірге *барқыра*, *сарқыра*, *арқыра* жарқыра, *бұрқыра* т.б етістік сөздердің құрамында кездеседі. Осы жүрнақтың тарихи қалыптасуы және оның сез тудыру сипатты жөнінде бірізді пікір жоқтың касы.

Ен алдымен айтарымыз – бұл жүрнак негізінен еліктеуіш сөздерге тікелей жалғанып етістік сез табын жасайды. Осы қасиетімен ол көне ескерткіштердің бірі М.Қашғаридың «Түрк сөздігінде» де кездеседі. Онда: «*Сықырды* – *ысқырды*, *ун шыгарды*. *Күш* *сықырды* – *Күс* *айрады*, *ун шыгарды*. *Кіші* *сықырды* – *Кісі* *ысқырды*.

Қықырды – қышқырды. Ер қықырды – Кісі қышқырды; яғни біреуді шақырганда дауысын көтеріп, қышқырын шақырады» – деп көрсетілген [1, 104-105]. Осындағы **сықырды**, **қықырды** сөздерінің **-қыр** бөлігі, сөз жок біз тілге тиек етіп отырган жүрнәк екені даусыз. Сонда көне түбір **сы-** және **қы-** дыбыстық еліктеуіштер болғаны.

Профессор А.Ысқақов осы жүрнәктің көне дәуірден келе жаткан жүрнәк екенін айта отырып, казіргі кезде бірде есім сөздер (*даңғыр*, *дүңгір*, *куңғір* т.б.), бірде етістік сөздер (*бақыр*, *кеқір*, *шақыр*, *жекір*, *өкір*, *түшкір*, *пысқыр*, *ысқыр* т.б.) жасайтын жүрнәктар қызметінде жұмсалатынын ескертеді. [2, 234]. Бірак ғалым жоғарыда келтірген кей мысалдарын **-ар**, **-ер**, **-р** косымшасына катысты да қайталап, *бақыр* сөзінің түбірін **бақ-**, косымшасын **-ыр**, *шақыр* сөзінің түбірін **шақ-**, косымшасын **-ыр** деп көрсетеді. Мұнда ғалым **-қар**, **-кер** косымшасының құрамындағы **-ар** бөлігі **-қыр** косымшасының құрамындағы **-ыр** бөлігімен бір деп қарайтын тәрізді. Сондай-ақ, ғалым аталмыш жүрнәктің еліктеуіш сөздерден етістік жасайтын түрімен бірге (*пыс-қыр*, *ыс-қыр*, *қыш-қыр*), етістіктен сын есім жасайтын омонимдес түрі де бар екенініне *ұшиқыр*, *блігір*, *откір* тәрізді мысалдар келтіреді [2, 179]. Бұл жерде автордың осы жүрнақ жөніндегі нақты көзкарасын аңғару қыын.

Академик Т.Қайдар да жоғарыдағы сөздердің туынды екеніне мынадай дәлелдер келтіреді:

Бақыр : бақ – ыр - кричать, орать [3, 191];

Шақыр: шақ – ыр – кричать, звать, приглашать [3, 298];

Шыңғыр: шың – гыр – произительно кричать [3, 318];

Қышқыр: қыш – қыр – кричать, орать [3, 256];

Жекір: жек – і – р – зыкнуть, крикнуть [3, 214];

Өкір: өк – ір – реветь (о воле, быке) [3, 267].

Бұл тұста ғалымның үш түрлі көзкарасы байқалады: 1) **-қыр**, **-ғыр** – еліктеуіштерге жалғанып, жаңа сөз жасайтын тұтас жүрнәк (*шың-ғыр*); 2) түбірінің соңғы дыбысы **қ** және **к** болып келетін сөздерге жалғанып жаңа сөз тудыратын **-ыр**, **-ір** жүрнағы (*бақ-ыр*, *шақ-ыр*, *өк-ір*); 3) жек сөзіне жалғанып, қазіргі кезде екі вариантты сөз туғызған **-і** (*жекі*) және **-р** (*жекір*) – жеке косымшалар. Бұл мысалдардан байкағанымыздай, ғалым «**қ**» дыбысын түбірдің құрамында қалдырып, **-ыр** косымшасын бөліп алады. Бірақ артынша *бақ*, *шақ* сияқты түбірлерді екінші туынды түбір деп есептейді. Егер ғалымның осы талдауларын дұрыс деп есептесек, бір-біріне мағыналық жақындығы бар, яғни дауыстың әртүрлі семантикалық сипаттын білдіретін осы жүрнәктардың түбі о бастағы көне **-қ** және **-ыр** жүрнәктары болғаны. Сонда, *бақыр* сөзін **ба-** (дыбыстың бір түрі), **ба-қ** (дыбыстың екінші жаңа түрі), **ба-қ-ыр** (етістік) деп жіктеуге болады.

Бастапқы түбірге жаңадан қосылған әр дыбыс жаңа мағына туғызған себепті оларды жұрнақ деп есептеуге болады.

Осы бастапқы жеке дыбыстар болып есептелген жұрнақтар тарих бойында тұтасып та (-*қыр*), жекелей күйінде де (-*қ*, -*ыр* және -*i+p*) әр түрлі түбірлерге жалғану арқылы жаңа сөздердің жасалуына септігін тигізіп отырған.

Аталып отырған жұрнақ *барқыра*, *сарқыра*, *арқыра*, *шұрқыра*, т.б. етістіктер құрамында кездеседі. Қазіргі грамматикаларда бұл сөздердің түбірі *барқ*, *сарқ*, *арқ*, *шұрқ* еліктеу сөздері деп беріліп жүр. Э.Қайдар бұл түбірлердің өзін де екінші туынды түбір деп атаған. Шындығында, егер жоғарыдағы пікірімізді және Э.Қайдардың пікірін ескерсек, бұлардың өзі туынды сөздер екендігінде дау жоқ. Бастапқы түбірлер – *бар-* (бар ете қалу), *сар-* (сар ету), *ар-* (ар ете қалу), *шұр-* (шұр ету) болады да, ал -*қ* жаңа мағыналы туынды сөз (жана еліктеу сөз) жасайтын жұрнақ болады. Бұл түбірге келіп қосылған *-ыр* және *-а* қосымшалары етістік жасау қызметін бірлесіп атқарып тұр. Өйткені бұл жердегі *-ыр* қосымшасының қызметі, алдында көрсетілгендей (*бар-қ-ыр*), жана мағына жасау емес, түбірге аздаған семантикалық рең (созылыңызық) қосу болады да, сез жасаушылық қызметті *-а* етістік жасаушы жұрнақ қызметін атқарады. Сондыктан бұл соңғы екі жұрнақты құрделі жұрнақ ретінде (*-ыра*) атаяға тұра келеді (*бар-қ-ыра*).

Қазак тілі граммаикаларында *-қыр*, *(-қір*, *-ғыр*, *-ғір)* қосымшасы етістікten сын есім жасайтын (*алғыр*, *ұшқыр*, *тапқыр* т.б.) өнімсіз жұрнақ ретінде де аталағы. Профессор А.Ысқақов бұл жұрнақтың өзі жалғанатын сөзден жана мағыналы сөз (етістікten сын есім) жасай отырып, оған, бейімділік, қабілеттілік, тілек я қарғыс тәрізді семантикалық рең жамайтынын да ескертеді [2, 179]. Сөзжасамдық қызметті тұрғысынан келгенде, бұл жұрнақтың алдыңғы жұрнаққа (етістік туғышынан келгенде, бұл жұрнақтың алдыңғы жұрнақ болып есептелгеннімен, құрамы жағынан алдыңғыдан мүлде басқаша – *-қы* және *-р* болып келеді. Мұндағы *-қы* – сын есім туғызатын жұрнақ екені, ал *-р* – семантикалық рең беретін жұрнақ екені тілде дәлелденген.

А.Ысқақов өзінің «Морфологиясында» етістіктерден зат есім туғызатын өнімсіз жұрнақтар қатарында *-р*, *-ыр*, *-ір* жұрнақтарын атай отырып, *үңғір*, *шұқыр* т.б. сөздерді мысалға келтіреді [2, 156]. Бұл жерде автор өзі түбір деп есептеп отырған, *үңгі*, *шұқы* сөздерінің де туынды сез екенин ескермей отыр. Біздінше, бұл екі сөздің бастапқы түбірлері *үң-* және *шұ-* болуға тиіс, оны *үң-іреі* және *шұ-ңыл* сөздерімен салыстыру арқылы табуға болады. Сонда *үңғір* және *шұқыр* тәрізді зат есім сөздердің құрамында кездесетін *-қыр*, *-ғір* жұрнақтарының да қалып-

тасу тарихы алдында айтылған сын есім тұғызатын жүрнақпен бірдей болып шығады. Ал зат есім мен сын есімдердің табиғаты бір-бірімен өте тығыз байланыста екені, сондыктан олардың бірінін орнына екіншісінін колданыла алу сипаты тілде әлдекашан дәлелденген.

Сонымен, корыта айтқанда, біріншіден, тілімізде казіргі кезде бөлшектеуге келмейді деп есептелініп жүрген бір немесе одан да көп буынды морфемаларды тарихи тұрғыдан бөлшектеу арқылы көне түбірден жасалған екінші және үшінші туынды сөздерді анықтауға әбден болатындығын байқадық. Екіншіден, казіргі тілімізде тұракталып қалыптасқан әр түрлі сөз таптарын жасауға қатысатын омонимдес күрделі жүрнектарды тілдегі бар басқа дара жүрнектарға ажырату арқылы олардың сөзжасамдық қабілетін айқындауға болады. Ондай тұлғалардың ең болмағанда бір бөлігін қазіргі сондай бар тұлғалармен салыстыра қарап, қалған бөліктерін ажыратса отырып табу мүмкіндігі бар екенине жоғарыдағы мысалдар күә бола алады. Яғни, сөздердің елі түбір аталып жүрген мағынасыз бөліктерінен жаңадан әлденеше түбірлер жасалғанын, сөйтіп тіліміздің лексикалық байлығы үнемі байып отырғанын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қашқарі М. Түрік сөздігі. Ауд.: А.К.Егеубай. –А.: «Хант», 1997.
2. Үсқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –А.: «Ана тілі», 1991.
3. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – А.: «Наука», 1986.

(«Профессор Н.Оралбай және тіл білімі мен әдістеме ілімі» – Фалымның 80 жылдығына арналған Халықаралық гылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 17 мамыр 2008 ж. 48-52-бб.)

Қазаққа ұлттық жазу таңбасы керек

Қай халықтың болмасын басқа халықтан өзіндік ерекшелігін танытатын белгілерінің ішіндегі ең бастысы оның тілі екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Сондықтан да халықтың өмір сүру, тұрмыс-тіршілік жолындағы күрестерінің ішіндегі ең қасиеттісі де осы тілді сактау жолындағы күрес болып қала береді. Тілі сақталған халық қана өзінің халықтығын да, ұлт ретіндегі басқа белгілерін де сақтай алады. Ал, тіл жоғалған халықтың өзінен өзі құртыны жөнінде талай ғұламалар айтып кеткен.

Тіл үшін күрес қазақ халқының өміріне де үнемі серік болып келе жатқанына біздің ата-бабаларымыз, біздер және біздің үрпақтарымыз

куә. Құрес заман озып, қоғам өзгерген сайын жалғасын тауып, жаңа сипатка ие болып отырады. Соған байланысты қазақ тілі үшін кешегі күрестен бүгінгі күрестің өзгешелігі бар екенін тануға әбден болады. Өткен ғасырдың өн бойында қазақ зиялыштары тілміздің жоғалып кетпеуді үшін жанталасса, бүгінгі күні солар сактап қалған тілді жат күбылыстардан арылтып, қазактық, ұлттық сипатқа бейімдеу, оның байлығын молайтып, қолданыс аясын көңейту, сейтіп осы тілде сөйлейтін халықты төрткіл дүниеге паш ету жолында құресу қажеттігі туып отыр. Бұл бағытта істелініп жатқан іс те аз емес, атқарылуға тиісті іс те жетерлік. Сол атқарылуға тиісті істердің бірі ретінде көтеріліп жүрген мәселе – қазақ жазуында қазіргі қолданылып келе жатқан орыс графикасын басқа қазаки таңбамен ауыстыру. Бұл мәселе тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ іле-шала сөз болып, талай пікірлер айттылған, талай ұсыныстар болған. Алайда, екі-үш жылдың көлемінде өз-өзінен сейіліп қалып еді. Жақында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының II құрылтайында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөйлеген сөзінде осы мәселеге назар аударылғаннан кейін қайта жанданып отыр.

Елдің елдігін, мемлекеттігін таныту қажеттігінен туындаитын рәміздері – халықтың қалауымен қабылданған таңбалары (Елтанба, Ту, Әнұран) болса, ал халықтың өзімен бірге жасасып, оның айнымас белгісі бол қалыптасқан тілдің де халық қабылдаған таңбасы – әріп болып табылады. Нақтырақ айтқанда, әріп те рәмізben бара-бар. Ол да тілмен айтылғанды кейінгі ұрпаққа жеткізу қажеттігінен туындаған. Қазақ халқы өз тарихында, түркілік дәүірді қоспағанда, үш түрлі әріп – араб, латын және орыс (кириллица) әріптерімен таңбаланатын жазуды бастаң кешірді. Өткен ғасырдың 30-жылдарына дейін қазақ халықының басым көпшілігінің қолы жетпеген, бірақ азын аулақ болса да қазақтың алғашқы зиялыш азаматтарының шығуына септігін тигізген араб әріп қолданылды. Сол зиялыш топ ортасынан шыққан ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы бұл әріпті қазақ дыбыстарына лайықтап, ықшамдап қазақтың тұнғыш әліппебін жасады. Бұл кеңес дәүірінің алғашқы жылдарында бүкіл қазақты сауаттандыруға қызмет етті. 1920 жылы Қазақ АССР-інің құрылуы қазақ зиялыштарын бір қуантып таstadtы. Мұны шын бостандық деп түсінген олар Қазақ Республикасының өзіне тән әріп болуы керек деген оймен, араб әрпін алу керек пе, әлде латын әріп дұрыс па деген ынғайда айттыс жүргізді. Араб әрпінің ынғайлалығын түсіндіруге тырысқан Аханцың сөзі өтпей, латын әрпіне көшу енгізілді. Мұнда сол тұстағы мелекет саясаты көп рөл атқарды. Көп ұзамай коммунистік жұмысқы саясат орыс әрпіне көшіріп тынды. Өзінің жетпіс жылдық ғұмырында қазақ халқы үшін бұл әріптің пайдасы да болды, бірақ зияны одан да көп болғанына көзіміз кейін жетті. Сол зиянкестік жемісін әлі күнге теріп келеміз. Міне, тәуелсіздік таны атқан

бүгінгі күні бұл мәселеге тағы да айналып соғып отырған жағдайымыз бар. Тағы да сол талас-тартыс, алуан түрлі пікірлер, ойтолғамдар бас-пасөз бетінен көптеп орын алада.

Бұдан он-он бес жыл бұрынғы пікірталастарда әріптің орхон, араб, латын және кириллица түрлеріне негізделген көптеген һұсқалары ұсынылған. Бірақ, ол кезде де көшілік пікірінің басым жағы латын және орыс әрпі төнірегінде болса, қазіргі пікірлердің де басым көшілігі осы екі әріптің біреуін қазақ дыбыстарына лайықтап, ықшамдаپ пайдалана жөнінде болып отыр, мұнда, әсірессе латын әрпі жөніндегі пікірлер басымырак тәрізді. Елбасының өзі де осы әріпке көшуді ойластыру жөнінде атап айтқан болатын. (Әрине, қазіргі әріпті еш өзгеріссіз қалдыру туралы ойлар да бар екенін жасыруға болмайды.).

Тілші-маман ретінде біздің оймызыда да сол тұстағы (бұдан он шақты жыл бұрынғы) түрлі көзқарастарды салыстыру, оларға өз түсінігіміз түрғысынан талдау, баға беру болған еді. Бірақ ол пікірлерімізді жария етуді артық көрдік, себебі бұл мәселені көтерудің уақыты пісіп жетелмегеніне көзіміз жеткендей болды. Міне, енді оның да кезегі келген тәрізді.

Қазақ жазу таңбасы ретінде орыс әрпін (кириллица) калдыруды қалайтындар, ең алдымен, бұл әріптің халықта 70-80 жыл қызмет ете отырып, тұтас қазакты саутандырып шыққанын, оның бірнеше үрпағын ғылым-біліммен сусыннатуга септігіп отырғанын тілге тиек етеді. Сондай-ақ, қазақ халқының бүкіл тарихы, соның ішінде әдеби, мәдени мұралар осы әріп арқылы хатқа түскен. Егер басқа әріпті калар болсақ, яғни әріпті мұлдем жаңаласақ, онда сол қыруар байлықтан келер үрпақ айырылып қалмай ма дегендей күмән білдіріледі. Өйткені, соншама мол мұраны шашпай-төкпей тез арада түгелдей жаңа әріпке аударып шығу мүмкін бола кояр ма екен. Оның үстіне, бұл жұмыс көп уақытты да, қаржыны да қажет ететін болар. Қаржы демек-ші, бұл көзқарастағылар, әріпті жаңарту мемлекет үшін көп қаржылық шығынға әкеліп соғатынын да еске салады. Ақыр соңында олардың біразы осы әріпті ықшамдаپ, қазақ дыбыстарына ыңғайлап қолдансақ калай болады деген тоқтам айтады. Бұл уәждердің қайсысы да кез келген қазақты ойландыратыны ақықат.

Ал, жазу таңбасына латын әрпін лайық көретіндер (олардың ішіне өзімді де қосамын) не дейді? Олардың ойынша, біріншіден, қазақ халқы орыстың коммунистік саясатының бодандығынан мұлдем азат болғаннан кейін, оның бодан болуына себеп болған кез келген белгіден де азат болуы керек, соның бірі – осы орыс әрпі, сондықтан оны басқа жазу таңбасымен ауыстыру орынды. Яғни, жазуды да азаттандыру керек. Екіншіден, бұл жазу таңбасы қазақ тілінің ғасырлар бойында калыптасқан занылыштарын (әсірессе, айтылым занылышын) бойына

еркін сиғыза алатын, дыбыска әріптің саны сәйкес келіп, жазуға да ыңғайлы болатын таңба болуға тиіс. Үшіншіден, ен бастысы, қазіргі заманғы ғылым мен техниканың дамуына барынша сәйкес келетін. Еліміздің халықаралық деңгейде көрінуіне септігін тигизетін таңба болуға тиіс. Міне, осы үдеден шығатын әріп – латын әріп.

Ал енді бұл әріптің қандай артықшылықтары бар дегенге келер болсақ, оны жактаушылардың ойынша, біріншіден, бұл әріп бүкіл әлемдегі елдердің басым көпшілігі өздерінің ұлттық таңбалары ретінде пайдаланатын халықаралық жазу таңбасы болып отыр. Екіншіден, осы елдердің ішінде бірсыныра түркі туыстас халықтар да (түрік, әзіrbайжан, өзбек) бар. Үшіншіден, бұл таңба қазақ үшін де жат емес. Қазір Қазақстанда ағылшын тілін (осы әріпті өз таңбасы ретінде пайдаланып отырған бірден-бір тіл) оқытпайтын бір де бір мектеп жоқ. Төртіншіден, бұл әріп дүниедегі дамыған, дамуға ұмтылған елдердің ешқайсысы тыс қала алмайтын электронды техниканың жазу таңбасы болып отыр.

Сонымен, не керек, екі жақтың да өз дәлелдері, өз уәждері бар. Алайда, біздің ойымызша, ұлттың, елдің келешегін ойлаған, көзі ашық, көкірегі ояу азamat соңғы бағытты қаласа керек деп ойлаймыз. Бұл жерде үйрену қыындығы, қаражат қыындығы, тағысын-тағылар екінші кезекке қалдырылу қажет те бірінші кезекте елдің, тілдің тәуелсіздігі мен содан туындағының қажеттілік және тәуекел түруы керек. Әрине, қай уақытта да өтпелі кезенің қыындығы болмай түрмайды. Оның талайын халқымыз қара нардай қайыспай көтеріп алған, бастан өткізген, әлі де өткізіп келеді. Алайда, осыдан он жыл бұрынғыға қарағанда әлдекайда жақсымыз, шүкіршілік жасауға болады. Әріп өзгертудің алғашқы кезенінде де түрлі қыындықтар болуы әбден заңды. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынулы да «Араб әліпбійн жақтаған баян-дамасында» (Қызылорда, 1927 ж.) былай деген болатын: «...Латын әрпін бірден алып, бірден соған түсіп кетуге, көп қаржы мен қайрат керек. Бірден мұғалімдердің бәрін латынша үйретіп, баспаханалардағы әріптерді латынға айналдырып, адамдарын латынша үйретіп, оқу кітаптарын латынша бастырып, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырып жіберу адамның керек қылуын былай қоя тұрғанда да, оншакты құнде, оншакты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес. Солай болған соң әріп алмастыру деген женіл мәселе болып шықпайды. Бұл – ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске ала отырып шешетін мәселе. Үстін қарап, ат үстінен айтқандай, сөзбен, жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе.» Әрине, осы сөздің айттылған уақыты мен сол тұстағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын қазіргімен салыстыруға мүлдем келмейді. Шүкір, ғұлама

айтқан көптеген қынышылықтарды болдырмау, болып жатса, тез арада жену мүмкіншіліктері бізде әлдекайда мол. Тек, Ахаңың соңғы сөздерін қарпімізге ала отырып жұмыс істеуіміз қажет тәрізді.

Сонымен, қазақ үшін әріп ауыстыру болмай қоймайтын құбылыс және оған латын әріп ғана лайықты деп есептеймін. Бұл ойымды түсіндіріп, дәлелдеп сөзегейлік көрсетуді артық деп санаймын. Тек айтарым – бұл жұмысты ұйымдастыруды, жүзеге асыруды үкімет өз қолына алуы қажет және орындалуы Елбасының бақылауында болуға тиіс. Меніңше, бұл мәселені ендігі жерде көп талқыға сала берудің қажеті жоқ. Тек әріп ауыстыруды бүгін-ертең бірден шешіп тастанағынымызбен, уақыт ұттырмай, ұйымдастыру ісіне кіріскеңіміз абзal.

Ең алдымен, үкімет тараپынан екі бағытта жұмыс істейтін арнаулы маман ғалымдардан жасақталған мемлекеттік комиссия құрылуы тиіс. Комиссия төрағасы Білім және ғылым министрінің өзі немесе вице-министрлердің бірі болғаны дұрыс. Алғашқы кезекте құрамында филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Жунісбек тәрізді қазақ тіл фонетикасымен, латын әрпінің қазақша нұсқасын ұсынумен, сөздердің айтылым, жазылым занылыштарымен тікелей айналысып жүрген мамандар бар бірінші топ құрылғаннан бастап алғашқы үш ай мерзімде әріп таңбасын нақтыладап, қазақ дыбыстарына сәйкестендіріп, айтылу және жазылу нормаларын белгілейді және оны парламенттің қабылдауына ұсынады. Екінші кезекте осы топқа оқу-әдістемелік құралдар, окулықтар, нұсқаулықтар т.б. даярлаудан тәжірибесі мол педагог мамандар қосылып, қалған тогыз ай көлемінде барлық қажетті құралдардың үлгілерін даярлап біtedі және бескітіп баспаға ұсынады.

Екінші топ алғашқы топпен қатар жұмыс істеп, әріп ауыстыруға байланысты кететін барлық шығынды есептейді, қаражатты қайдан алу жолдарын қарастырады. Бірінші топпен жұмысты бірге аяктап, екі топ та бір жылда істелген жұмыстарының қорытындысы бойынша комиссия төрағасына есеп береді. Ал комиссия төрағасы Парламент алдында немесе Президент алдында есеп береді. Берілген есеп бойынша шығарылған шешімде жаңа әріпке жаппай көшу мерзімі анықталады немесе қажетіне қарай дайындық жұмыстарының мерзімі ұзартылады.

Осы тұста тағы бір ескеретін нәрсе мынау – осы бір жыл мерзім ішінде дайындық жұмыстары бітті дегеннің өзінде жаңа әріпке түпкілікті көшуді тағы бір жылдан соң бастаған дұрыс деп ойлаймыз. Себебі, осы екінші жыл ішінде республика халқын түгелдей осы өзгеріске даярлау қажет. Бұл ең алдымен кадр даярлаудан басталады. Әуелі Астана және Алматы қалаларынан, ондағы жоғары оқу орындары жанынан қысқа мерзімді курстар ашылып, онда облыс орталықтарындағы оқу орындарынан келген қазақ тілі мамандарын оқытып, сертификат беру қажет. Олар келіп облыстығы оқу орында-

рында ашылған курсарда аудандардан көлгөн мамандарды оқытады. Мамандарды барынша төзірек, ері көптеп шығару арқылы мұндай курсарды әрбір мекемеде ашуға болады. Сонымен бірге мектептерде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында «Латын жазуы» атты курсар, пәндер енгізу орынды болады. Осындаи пәнді оқу арқылы оқушылар мен студенттер отбасындағы ересек азаматтарға да көмектесе алады. Сөйтіп осындаи жүйелі жұмыс арқасында халыкты жаңа әріпке тез-ак үйретіп алуға әбден болады.

Осы бір жыл ішінде республикадағы барлық баспаханаларды ең қажетті деген оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, нұсқаулықтарды, әсіресе қалта әліппесін шығаруға жұмылдыру қажет. Осы жылда ұйымдастыру шараларын тағы да сүзгіден өткізіп, байқалған кемшіліктер болса, түзетіп те алуға болар еді. Сөйтін, бар-жоғы екі, ары кеткенде үш жылдан кейін жаңа әріпкес көшіп алу мүмкіндігі пайда болады. Бірақ мұның өзінде де мектеп оқушыларына жетерлікей оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар дайындалмайынша, әріп ауыстыруға көшу қыын болады. Осы жағын ескермеу қателікке ұрындыруы әбден мүмкін. Жаңа әріпкес көшкеннен кейін бірден барлық баспаларды бұрынғы орыс әрпімен басылған жәдігерлерді латын әрпіне көшіруге жұмылдыру қажет. Бұл айтылғандардың бәрі, әрине, өзіміздің субъективтік көзқарасымыздан туған ұсыныс іспетті пікірлеріміз ғана. Ой-пікірлеріміздің осы бір ұлы іске кішкене де септігі тиер болса, мақсатымыздың орындалғаны деп түсінеміз.

*(Кызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті,
14 қаңтар, 2009 ж.)*

Қызылорда облысының топонимикасы (қысқаша шолу)

Адам баласы тіл арқылы қарым-қатынас жасай бастағаннан бастап өздері қоныс еткен жерлерге ат қою үрдісі қалыптасқан және бұл адамның сана-сезімі, тіршілік әрекеті, қозғалыс аймағы артқан сайын молайып отырған. Бұл – қай халықта болмасын ғасырлар бойы жүріп келе жатқан, қалыптасқан үрдіс. Бірақ бұған тарихи даму, қоғамдық өзгерістер өз әсерін тигізеді. Соған байланысты олар белгілі дәрежеде әр түрлі уақыт мөлшерінде елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Көбіне мұндай өзгерістерге түсстін ұсақ жер-су атаулары (микротопонимдер). Себебі, біріншіден, мұндай атауларды халық белгілі бір кезеңдерде өздері қояды да, әр түрлі объективті себептерден ол жерлерді тастан кетуге мәжбүр болады, сейтіп ол атаулар жойылады немесе басқа бір нысандарға ауысады. Екіншіден, оған жер бетіндегі табиғи өзгерістер, халықтың әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуындағы

өзгерістер де ықпал етіп жатады. Мысалы, Арап теңізінің құрғап, оның айналасындағы елдің басқа жаққа қоныс аударуы салдарынан көптеген елді мекен, жер-су атаулары жойылып кетті. Бұл – табиғи апаттың салдары. Ал Қенес дәуірі тұсында жүзденген жаңа атаулар пайда болып, олар еліміздің әртүрлі бағыттарғы карталарынан орын алды және үкімет тараапынан заңдастырылып отырылды. Жаңа атаулардың басым көпшілігі сол тұстағы саяси-қоғамдық дамудың көріністеріне, талаптарына сай (мысалы: Коммунизм, Интернационал, Екпінді, Алғабас, К.Маркс, В.И.Ленин, КПСС XXII съезі т.б.) қойылды және көптеген бұрынғы атаулар жаңа саясат ыңғайында ауыстырылды. Бұл тұста облыста коммунистік идеологияға тән атаулардың басым болғанын айта кеткеннің артықтығы болмас. Тұрғындардың көпшілігін қа-зактар қурайтын облыста, бұрынғы қазақи атаулардың бірсынырасы ескішілдік ретінде жойылып, тіпті кішкене ғана слід мекендердің өзіне коммунистік қоғамды, партияны, оның саясатын, партия басшыларын дәріптейтін ондаған атауларды былай қойғанда, бұрын бұл маңайды көрмеген, табаны тимеген орыс қайраткерлерінің, ақын-жазушыларының аты-жөндері атау ретінде берілді (Мысалы: Ленин, К.Маркс, Энгельс, Калинин, Жданов, Киров, Дзержинский т.б.) немесе орысша бұрмаланып жазылды, колданылды.

Қазіргі таңда еліміздің егемендік алуы халқымыздың тарихи да-муды жолында өздері қойып қалыптастырыған атауларын қайта қалпына келтіруге барынша жағдай жасалуда. Осыған байланысты егемендік кезеңнің аздаған жылдары ішінде көптеген жер-су атаулары бұрынғы немесе жаңадан қойылған қазақи атауларын тапты. Бұл – қоғамдық да-мудың әсерінен болған өзгерістер. Мұның өзі – микротопонимдердің табиғатында өзгермелі болатынын заңдылық.

Әр кезеңде жасалған Қызылорда облысы карталарындағы топо-нимдер мен географиялық нысандарды жинақтап, мынадай үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1) *Гидрографиялық нысандар*: бұларға көлдер мен көлшіктер, өзендер мен бастаулар, бұлақтар мен құдықтар т.б. жатады. Мысалы: *Айғырбулақ* – бұлақ, *Айдарлы* – көл, *Арап* – теңіз, *Аңықұдық* – құдық, *Шамты* – құдық, *Дәуқазған* – арық, *Қорлан* – канал, *Қараманәйт* – бөген (су жинайтын орын), *Ескідариялық* – Сырдарияның ескі арнасы, *Қосарық-Баян* – арық, *Шолақ* – өзенше т.б.

2) *Орографиялық нысандар*: бұларға таулар мен қырattар, жота мен жон-төбелер, сайлар мен шатқалдар т.б. жатады. Мысалы: *Айғырбайтал* – төбе, *Баршақұм* – құмды алқап, *Жұмбас* – тау (қырат), *Жанту* – тақыр, *Коктырнақ* – түбек, *Қаратұма* – шығанақ, *Қаржасаубай* – жота, *Дарбас* – құм, *Жосалы* – дала, *Суықбет* – қырат, *Іңқардария* – құргақ арна, *Бөрійнақ* – жота, *Егізқара* – қыратты тау жұрнағы, *Ор-*

татуғынан – құрғак арна, Қатыншоқай – құм, Қаратай – Карагатаудың сілемі, Қатынқамал – тарихи үңгір, Теріскей – тау т.б.

3) *Саяси-әлеуметтік және мәдени нысандар (ойконимдер):* бұларға қалалар мен кенттер, ауылдар мен елді мекендер, қыстаулар мен жайлалуар, аудан орталыктары т.б. атаулары жатады. Мысалы: Арап – қала, Егізек – қоныс, Ерімбетжаса – қыстау, Қөнту – темір жол бекеті, Қарағеген – елді мекен, Қосжар – ауыл, Қызылжар – Райым ауылдық округінің орталығы, Сазантобе – ежелгі бекініс орны, Тебіренбес – темір жол бекеті, Жалпақ – ескі қоныстар орны, Қызылжыңғыл – тарихи қоныс орны, Әйтеке би – кент, аудан орталығы, Ақтайлақ – жайлай, Алтынасар – көне қала орны, Бабышмола – қоныс, Байқоңыр – қала, ғарыш айлағы, Жетіасар – көне қоныстардың орны, Шірікрабат – көне қыстау орны, Барынкент – көне қала орны т.б.

Осы көрсетілген географиялық нысандардың қай-қайсысы да белгілі бір кезеңдерде, белгілі бір жағдайларға байланысты тиісті дәрежеде осындай атауларға ие болған. Оларды мағынасы жағынан төмендеңгідей етіп топтастыруға болады:

1) *Кіңі есімдері негізінде жасалған атаулар:* Маңғал, Манаңбай, Мұсіреп, Нұрлыйбай, Сапақ, Қонысбайқұм, Шәкен, Қармақшы, Наурызбай, Сүйіндіксай, Ақмәмбет т.б.

2) *Ру-тайна аттары негізінде жасалған атаулар:* Байелі, Палуаншік, Төртқара, Боттай, Матай, Серкеш, Ошақты, Қожақазған, Қарасары, Байсивік, Қытишакадыр т.б.

3) *Өсімдіктерге байланысты қойылған атаулар:* Жыңғылды – көл, Изендіарал, Шағырлы, Жосалы, Қамысты, Жалагаш, Торанағыл, Қаңбақты, Қосуғенекі т.б.

4) *Жан-жануарларға (малдар, аңдар, құстар, балықтар т.б.) қатысты атаулар:* Айғыrbайтад, Жыланды, Лақалы, Үйрек, Тұлқілі, Бөрійнақ, Қаязды, Бірқазан, Бөрітескен, Шошқалы т.б.

5) *Географиялық нысандардың түсіне байланысты қойылған атаулар:* Ақбауыр, Ақбөгет, Ақеспе, Аққдық, Қөкарап, Қөкшекөл, Қөкшоқы, Қараалып, Қарабиік, Қарадүзген, Бозқөл, Қызылжыңғыл, Сарыбұлақ, Ақтайлақ, Байқоңыр, Қызылтам, Сарыапан т.б.

6) *Нысандардың түріне, бедер-белгісіне, кескін-кейілтеріне, сын-сипаттарына байланысты қойылған атаулар:* Аиықұдық, Бұралған, Жақсықылыш, Жалаңаши, Жаманакай, Жіңішкеқұм, Кеміксуат, Кіши тубек, Қашқансу, Конды, Аранқорған, Алтынтақан, Аиының саїы, Бұзықұала, Жалтыркөл, Қандыөзек, Қаттыағар, Соңкөл, Сұлу, Тасарық т.б.

7) *Сандық ұғымдардың қатысы арқылы жасалған атаулар:* Алтықұдық, Бірқонай, Егізек, Жетікөл, Қосарал, Ұшиоқы, Қос-

құдық, Қосмола, Бестамқала, Жетіасар, Жұзқұдық, Қосқөл, Егізқара, Жалғызқұм, Бестам, Жаңғызжал, Қосқарақұм, Мыңбұлақ, Сегіз т.б.

Облыстағы топонимдердің көбі байыргы төл сөздерімізден тілдің сөзжасамдық занждылықтарына сай жасалғандығын және бұл атаулардың Қазақстанның қай аймағына болсын түсінікті танымал екендігін айтқан жөн. Мысалы: Айдарлы, Ақбөгет, Арапқұм, Ашықөл, Жиделісай, Жыланды, Жынығылды, Изендиарал, Ашының сайы, Қонысбайқұм, Қосқұдық, Қосмола, Сарыбұлақ, Жуантөбе, Карабұлақ, Тақырқұдық, Тасарық, Жаңаталап, Қарамолда, Қандыөзек, Ақтайлак, Жаманқоныс, Жаңақала, Шенгелді, Аққыр, Ақжар, Байқоныр, Қекшоқы т.б. атауларды еліміздің қай облыстарынан болса да кездестіруге болады.

Бұл ерекшелік Қызылорда облысының географиялық орналасуымен де, ол жерде өмір сүріп келе жатқан халықтың тарихымен де тығыз байланысты. Облыс қашаннан үш жүздің басын қосқан аймақ: мұнда Ұлы жүздің конеден келе жатқан белгілі тайпалары Үйсін, Жалайыр тәрізді тайпаларымен бірге Албан, Суан, Дулат тайпаларынан тарайтын руладың өкілдері, Кіші жүзден Байұлы, Жеті ру, Әлімұлы тайпалары, Орта жүзден Аргын, Қыпшак, Наймандар тұрады. Бұлай болуының тарихи себебін ғалымдар өте ерте кезде Сыр бойын осы күнгі қазақ халқының негізі болған оғыз, кейінірек қыпшак тайпаларының мекендеуімен де байланыстырады.

Әрине, қазіргі тарихқа жүгінсек, қазақ халқын бұрынғы тарихтарда айтылатындағы үнемі көшпелі, тұраксыз, мекені жоқ халық деу өте орынсыз. Әсіресе, өзен бойындағы, бұрынғы Жібек жолы бойындағы халықтар отырықшы болған. Көшсе, шаруашылық ынғайына қарай жаз жайлауга, қыс қыстауға көшкен. Сонымен бірге айта кетерлік нәрсе – қазақ халқы қаншалықты жүзге, руға бөлінгенімен, біртұтас халық ретінде ерте заманнан-ақ жаз жайлауы, қыс қыстауы араласып, құдандалы-жекөккеттес болған және әртүрлі жаугершілік заманда немесе халық басына тәнген табиғи наубеттердің кесірінен де Қазақ жерінің басқа аймағын мекендейген ру-тайпалардың өкілдері ығысып келіп, осы өнірді панарап, Сыр бойының тұрақты халқына айналып кеткен.

Қызылорда облысы патша үкіметі тұсында да, Кенес үкіметі кезінде де, қазір де Қазақстанның басқа облыстарымен – батысында негізінен Кіші жүз ру-тайпалары мекендейтін Манғыстау, Ақтөбе, солтустігінде Орта жүз ру-тайпаларына мекен болған Қостанай, Қарғандау, бұрынғы Жезқазған облыстарымен, онтүстік-шығысында негізінен Ұлы жүз ру-тайпалары отаны болған Онтүстік Қазақстан облысымен үнемі шекаралас, көршилес, аралас-құралас болып, тығыз байланыста өмір сүріп келеді. Сондықтан да болу керек, Қазақстанның аталған

облыстарында бар жер-су атаулары, барлық тілдік ерекшеліктерімен мұнда да кездесіп отырады. «Сыр – алаштың анасы» деген аталы сөздің тегін айтылмағандығын осыдан байқауға болады.

Сонымен бірге осы аймақтың өзіне ғана тән, басқа жердің халқы түгіл осы жердің тұрғылықты халқы да түсіне бермейтін, этимологиясы киын, көпшілігін қазіргі ие болып отырған нысаны тұрғысынан түсіндіру мүмкін емес көнеден келе жатқан атаулар да кездесіп қалады. Мысалы: Алтыншоқысу, Дерім, Қөткырнақ, Қарамыс, Тайобай, Ухайтам, Шампы, Арықдығыр, Дарабас, Қекқызықималы, Қенкес, Илемрат, Абыла, Шірікрабат, Аламесек, Құштоқы, Докилан, Наганай, Шаган, Надалы, Қайпақ т.б.

Облыс топонимдері ішінде басқа тілден енген сөздер арқылы жасалған атаулар да кездеседі. Алайда олар аз және дені – XIX ғасырдан бері қойыла бастаған орыс атаулары болса, бірлі-жарымы көнеден келе жатқан түркілік, монголдық сөздер. Жалпы алғанда, кірме сөздерден жасалған атаулардың саны байырғы төл сөзімізден жасалған атаулардан әлдекайда аз. Бұл атауларға талдау жасау, осындай атаулардың жасалу кезеңдеріп анықтауға да себін тигізеді. Осы негізде облыстағы топонимдерді басты үш кезеңге бөліп қарастағы болады:

1) Кенес дәүіріне дейінгі кезең – бұл кезең ежелден келе жатқан байырғы қазақ тіліне тән атаулар (бұлар облыс топонимдерінің басым көпшілігін құрайды) мен көне түркі, монгол, жонғар, араб-парсы сөздерінен жасалған кірме атауларды қамтиды (бұлар салыстырмалы түрде алғанда өте аз). Мысалы: Ақшатау, Арап, Барсакелмес, Жақсықылыш, Жанқожа, Жыланды, Кержығылған, Қамбаш, Катынказған, Құланды, Аранқорған, Бошай, Басықара, Сағыр, Күйіккала, Қарманәуіт, Ханқазған, Ханшыққан, Ақтайлақ, Алтанасар, Бабышмола, Жалпақасар, Жосалы, Коркыт, Шірікрабат, Аламесек, Егізкара, Тектүрмас, Аңламас т.б.

2) Кенес дәүірі кезеңінде, негізінен, бұрынғы атаулардың кеңестік саясатқа сай өзгеруі мен осы бағыттағы жаңа атаулар және қазақ атаулардың орыс тілі заңдылықтарына сай бұрмаланып қойылуы арқылы жасалған атаулар енеді. Мысалы: Абай, Жанақұрылыс, Мәдениет, Өркендеу, Мұратбаев, Жаңаталап, Ленинск, Возрождение, Чернышев, Комсомол, Комсомолское, Жаңақала, III Интернационал, Калинин, Ленин, Жамбыл, Сейфуллин, Коммунизм, Прогресс, Кенес, Талап, Таң, Колос, Александровское т.б.

3) Жаңа кезең еліміз Егемендік алып, жаңаша өмір сүрген жиырма жылдың көлемінде қызыл империя саясатына сай қойылған атаулардың біртінде жойылып, байырғы қазақ атаулардың қайта келуімен және ұлттық сипатымызды танытатын жаңа атаулардың пайда болуымен айқындалады. Мысалы: Жалаңтөс батыр ауылы (бұрынғы Қызылту

кеншары), Пірімов ауылы (бұрынғы Құмжисек, кейін Ленин кеңшары болған), Жанқожа батыр ауылы (бұрынғы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеншар), Байқоңыр қаласы (бұрынғы Ленинск қаласы), Иіркөл ауылы (бұрынғы Молотов ұжымшары, кейін Октябрь кеңшары), Көмекбаев ауылы (бұрынғы Жанақала кеңшары), Тұрмағамбет ауылы (бұрынғы Ленин кеңшары), Теребай би ауылы (бұрынғы Жосалы кеңшары), Сәрке батыр ауылы (бұрынғы Ақсу кешары), Жақаев ауылы (бұрынғы Коммунизм кеңшары), Қалжан ахун ауылы (бұрынғы Амангелді кеңшары), Мәлібаев ауылы (бұрынғы Қызыл дихан кеңшары), Тоқмагамбетов ауылы (бұрынғы Қызылту кеңшары), Ілиясов ауылы (бұрынғы Қазақ ССР-ның 50 жылдығы атындағы кеншар), Манап ауылы (бұрынғы Талап кеңшары), Талсугат ауылы (бұрынғы Александровское елді мекені) т.б.

Жер-суға ат қою, әдстте адамдар арқылы жүзеге асатыны айқын. Бірақ бұл үдеріс аталған үш тәсілмен қалай болса, солай орындала қалмайды. Мұнда қойылатын атаудың нысанның мазмұнына сай болуы басты назарда ұсталады. Бұл жерде ат қоюшы логикасының жүйріктігі, қажетті сөздерді тілдік байлықтан тез тауып алуға деген тапқырлығы шешуші рөл атқарады. Әрине, жер-суға ат қою алғашында бір адам тарапынан болғанымен, уақыт ете келе оның есімі ұмытылып, атау халықтық болып сақталып қалады. Алайда нысан мазмұны мен формасына барынша толық сәйкес келген, тұтынушы халықтың неғұрлым көп бөлігінің қолдауына ис болған атауғана ұзак сақталады, өміршен болады. Әрине, атаудың ұзак сақталуының бұдан да басқа факторлары бар. Дегенмен, атау мазмұны, оның этимологиясы бірінші орында тұрады.

Жер-су атауларының мағыналарын (этимологиясын) айқындау екі түрлі ынғайда – *тарихи-этимология* және *халықтық этимология* ынғайында қарастырылады. Әрине, тарихи этимологиялық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тарихи деректерге, нақты дәлелдерге сүйенілетін болғандықтан, көбінесе шындыққа бір табан жақын келеді. Ал халықтық этимология – бұл көбіне ұзак уақыттан бері ел арасында ұрпактан-ұрпакқа ауызша жеткен аныз-әнгімелерге сүйенеді. Сондықтан уақыт еткен сайын атаудың ертедегі мағынасынан алшактап кетуі, атаулар неғұрлым жақын кезеңде қойылған болса, оның шындыққа сай болуы – занды құбылыс. Әрине, облыстағы жер-су атауларының этимологиясын түгелдей дерлік осы еңбекте талдаң беру мүмкін емес, міндеп те емес. Сондықтан атаулар тарихының жоғарыда аталған алғашқы (Кеңес дәүіріне дейінгі) кезеңінен біршама мысалдарға беріледі.

Абыла – ауыл, темір жол бекеті. М.Қашқарі сөздігінде «ав/аб» сөзі «ау» мағынасында беріліп, оған «-ла» қосымшасы қосылу арқылы

«авла/аула» сөзі (аң аула, балық аула) шыққандығы көрсетілген [1, 111]. Шығыс Қазақстанда «абылау» сөзі диалект ретінде айтылады, мағынасы – коршаша. Бұл да жоғарыдағы сөзбен мағыналас, яғни аулап ұсташа, коршап ұсташа. Орыстың «облава» сөзі осы түркі сөзінен алған деп есептеуге болады. Біздегі «Абыла» атауы да сол кезден қалған көне сөз. Балық немесе аң аулайтын жер екендігін білдіреді.

Ақеспе – Арап ауданындағы ауыл. Екі түбірден тұратын атаудың алғашқы түбірінің мағынасы (ақ) түсінікті. Ал екінші сынары «еспе» сөзі арқылы жасалған атаулар Қазақстанның біраз жерінде кездеседі және әр жерде әр түрлі мағына білдіреді де, жергілікті тіл ерекшеліктеріне бейім келеді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» [2, 3] «еспе» - «акпа, сусымалы, бос, борпылдақ деген мағынаны білдіреді» деп көрсетілсе, «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» [3, 245] «еспе» сөзі Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш аудандарында «құмды жерден ашып су шығару», ал Актөбе облысының Ойыл ауданында «тайыз құдық» мағынасында айтылады» деп берілген. Белгілі топонимист F. Конкашбаевтың айтуынша: «Көктемде тасыған кезде арнасын орып кететін дала өзені, бірақ ол кейіннен құргап калып қақта айналып кетеді». Жалпы жер астындағы сумен коса ағатын бос топыракты да халықтың «еспе» деп атайдыны белгілі [4, 24-41]. Е. Қойшыбаев сөздігінде: «еспе қөптеген елді мекендер мен жерлердің атауы ретінде жазық, далалы аудандарда, әсіресе қатты жел соғып, құмдар сусып тұратын жерлердегі мекендерге қойылатын атау», – деп тұжырым жасайды да, ол сөздің мағыналық ерекшелігіне мән бермейді [5, 70].

Корыта келгенде, Арап ауданына карасты Ақеспе ауылының атауы да сусымалы, көшпелі ақ құмды жерге орналасуына байланысты қойылған деу орынды.

Ақкорғанболтық – төбе, бұрын ақ саздан (балшықтан) соғылған корған болған, қазір ол жоқ болып, төбеге айналған (тығылғын) деген мағынада болуы керек. Олай дейтініміз – «болтық» сөзі («бұрын болған, кейін тығылған (жоғалған)» мағынасында) қазіргі қазақ сөздіктерінде жоқ, біздінше ол «қолтық» сөзімен тұлғалас. «Қол+тық» – қолдың иықпен шектескен буынының астындағы көрінбейтін (тығылып жатқан) жер. «Бол» түбірінің Ә. Қайдар үш түрлі мағынасын келтіреді, соның бірі – «бір нәрсениң болуы, жүзеге асуы». «Тық» сынары «тығылу» сөзімен түбірлес [6, 194].

Алтай – Қазалы ауданындағы құм. 1837-1847 ж.ж. Кенесары хан басқарған көтерілісте қаза тапқан Алтай батырдың есімімен аталған. Құм ішінде батырдың бейіті бар.

Арап тенізі – теніз. Ақад. Ә. Қайдар көне «ар» («ар жақ» дегендегі) түбірінен жасалған қазіргі сөздердің 11 түрін көрсетеді. Осы түбірдің біреуі көне түркі тіліндегі «ар» (отделять – бөлу) түбірімен сәйкес

келетін сөздердің жасалуына негіз болғанын айтады (ара < ар+a, арап < ар+ал) [6, 186]. Сонда «арал» атауының шығуы жөнінде мынадай болжам жасауға болады: айнала сүмен қоршалған құрғақ жер. Бұдан «Арал теңізі» атауы жөнінде екі түрлі болжам пайда болады: 1) айнала ұсақ аралдармен қоршалған (не ұсақ аралдар жиынтығынан тұратын) теңіз немесе 2) ұлы теңіздермен байланысы жоқ олардан бөлініп қалған, жан-жагы құрлықпен қоршалған арап-теңіз.

Арал – қала, Арап ауданының орталығы, темір жол стансасы. Бұрынғы Арап теңізінің солтүстік шығысындағы ірі портты қала. 1905 жылы темір жол құрылышына байланысты жұмысшылар тұрағы болып, 1938 жылдан қала атанған. Бұрын ол жерде «Алтықұдық» аталағын елді мекен болған. Қазір осы аттас теміржол бекеті бар. Яғни бұл – Арап қаласының бұрынғы аты. «Алтықұдық» аталауының мәні мынада: бұрынғы теңіздің шалқып жатқан мол кезінде оның жағалауынан кез келген жерді қазғанда 1,5-2 м. жерден (теңізден қашықтаған сайын құдық терендей береді) тұщы су шығатын. Тіпті, теңіз ортасындағы аралдардан да осындай құдықтар қазылатын. Теңіз айналасындағы балықшылар осы тұщы суларды пайдаланатын. Кейін теңіз тартыла бастағаннан-ақ құдық сулары да ашы бола бастады да, балықшыларға ауызсу дариядан (Әмудария, Сырдария) тасылды. Міне, «Алтықұдық» елді мекенінің аты да сол жердегі бірқауым елді ауызсұмен қамтамасыз етіп отырган осындай құдықтардың санына байланысты қойылған.

Аранды, (Арандықыр) – төбे және **Аранқорған** (Аранқұрган) – елді мекен орны және сол жерден Кенес дәүірі тұсында қазылған артезиан құдығының аты. Осындағы «аран» сөзінің этимологиясы жөнінде Е.Койшыбаев сөздігінде: «Типологиялық сипаттағы (түрік-иран тілдеріне ортақ) бір буынды «ар» («шұқыр») түбіріне + ан + «-ды» қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау» – десе [5, 256], Өтеуіл Ә.Ж.: «Біздің экспедициялық материалымыз бойынша, «аран» - ежелгі (алғашқы) аң аулаг күнкөріс кезіндегі топтық адамдардың жерді ұзынынан терен етіп қазып, бетін шөппен т.б. жауып, соған қарай андарды үркітіп, күып ұстап қорек ететін жер қақпандары. Бұны ойлап тапқан аталақ аты – «Ар» болуы да мүмкін. Сол аталақтан өсіп-өнгендер кейін «Ар» этномініне айналуы ғажап емес. Мысалы, Арғын – ар+ғұн тайпаларының біріккен атауы, керейттердің ұраны – Ар бөрі. Бұған т.б. дәйектемелер баршылық», – дейді [7, 70]. Әрине, Ә.Жақыпұлының соңғы пікірі әлі де дөлелдеуді қажет ететін болар, ал «ар» түбірінің казіргі «ор» (шұңқыр) сөзімен түбірлес екенінде дау жоқ. Сондай-ақ сөздің «ан» бөлігінің «аң» сөзімен дыбыстық жағынан сәйкес келуі де кездейсоқ емес тәрізді.

Байқоңыр – Қармақшы ауданына қарайтын ғарыш орталығы, кент. Т.Жанузаков «Байқоңыр» атауы адам есіміне байланысты қойылған

деп есептейді. Ғалымның айтуынша: «Казакта Байқоныр, Қоңыrbай және Қоңыр есімді адамдар жиі кездеседі. Соңдай-ақ қоңыр сөзінің катысуымен жасалған топонимдер Қазақстанның кез келген жерінен, тіпті Алтай өлкесінен де кездеседі. Қоңыр сөзі бірнеше мағынада колданылады: 1) тұс (қоңыр, кара қоңыр, күрен), 2) ауыс мағынада: қоңыр үн – төмөнті дауыс (жұмсақ, жанға жайлы үн), қойдан қоңыр адам (жуас адам), 3) ауыс мағынада: қоңыр жел – жазғы салқын жел, қоңыр күз – салқын күз. Монгол тілінде осыған ұқсас хонор сөзі бар. Мағынасы – үйме, жеке. Сонымен бірге ұзыниша, биік, тамаша жер мағынасындағы хонор тұмасах тіркесі бар. Бұдан Байқоныр атауының екі мағынасы сәйкес келетінін байқауға болады: 1) салқын, суық, таза желге бай жер, 2) биік тәбелер мен үймелерге бай жер. Қоңыр сөзі кейде өсімдікке байланысты да айтылады. Осылардың бәрін ескере келгенде Байқоныр атауы жерінің түсі қоңыр келетін ұсақ тәбелерден тұратын кең аймақ дегенді білдіреді» [8,296].

Барсакелмес – Арап тенізіндегі бұрын жан-жағы сумен қоршалған арал, қазір тубек. Тарихи аңыздардың бірінде сол аралды қыстап шығуға барған адамдардың қапелімде күн жылып, мұз түсіп кетіп, қайта алмай қалғандығы туралы айтылады. Екінші бір аңызда ертеде жүқпалы, жаман ауруға ұшыраған адамдарды апарып тастантын жер болған дейді. Кеңес дәүірі тұсында бұл арап қорыққа айналды. Себебі, көптеген жылдар бойы арапта мұз үтімен өтіп, жазда қайта алмай қалған аңдардың алуан түрі мекенде жерсініп кеткен. Әсіресе, тұқымы әлдекашан құрып кеткен құлланың осы жерде сақталуы ғалымдарды қызықтырған. Қалай болғанда да, аралдың «Барсакелмес» аталауына осы «барып, қайта алмау» мағынасы себеп болған төрізді.

Баршынкент – Сырдария ауданындағы ортағасырлық қала орны. Академик Ә.Марғұлан Баршынкентті «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршынның есімімен байланыстырады [9, 159].

Бірқазан – көл атауы, зоотопоним. Қызылорда қаласы әкімшілік аумағында орналасқан.

Халықтық этимологиясы: Ешбір адам ауламай, еш ит-құсқа жем болмай жыл сайын жұмыртқалап, балапанын шұбыртып жүрген Бірқазанды көрген халық келді «Балапанды Бірқазан» атап кеткен. Бірқазанның жейтін тамағы – балық. Бірқазаннаның балапандары жиналып келдін ортасын толқындастып, толқынмен қоса балықты жағаға қуады екен. Сол кезде жағаға жақын жүрген бірқазан балықты тұмсығымен іліп алып, балапандарына лактырып беретін болған.

Достың бұлағы – Қазалы ауданындағы бұлақ аты. Бұл жөнінде ел арасында мынадай әңгіме бар: «Дос деген кісі атақты бір рубасы болса керек. Бір жылдары елде қуанышылық болып, құдықтардан су шықпай, мал қырылуға айналады. Сонда Дос ешкімге сыр ашпай, екі күн дала

кезіп келеді де, ауылын бір жерге көшіріп келеді. Сол жерден ауылдың жігіттерін жауып құдық қаздырады, бірақ жуық арада су шыға қоймайды. Түс кезінде жігіттер демалып отырған сэтте құдықтан су атқылап коя береді. Сөйтіп осы бұлақ Достың бұлағы аталыпты».

Егізқара – Жалагаш ауданындағы қырат. Н.А.Басқаков «егіз» сөзін көне түркі тіліндегі «эес (егис) егиз – «бiiк» деп караса. Э.Мурзаев қырғыз тіліндегі «эгиз» – «бiiк, бiiк таудағы жайлай» сөздерімен байланыстырады. Яғын атау «бiiк төбе, шоқы» деген мағынаға жақын келеді. Дегенмен, атаудың бірінші сыңарындағы «егіз» казақ тіліндегі «қос, екі» мағынасында бұрыннан бар екенін ескерсек, Егізқара – тіліміздегі «Костебе, Қосшокы» атауларымен де мәндес екенін байқауға болады [10, 538].

Жақсықылыш – Арап ауданындағы жота. «Жақсы мекен» ұғымындағы атау. «Жақсыға» қосарланған «қылыш» сындары: «тар өткел», әйтеуір сондай бір тар, қысталан, қылтала жерге тән ұғым. Қазақша «қылы» сөзіне кішірейткіш «-ша» қосымшасы жалғанған тұлға (диал.), келе-келе аяққы «а» дыбысының жартылай естілуі немесе соңғы дыбыс әсерінен мулде естілмей (айтылмай да) қалуы – занды құбылыс. Қылыш (а) – «тар арық» [10, 539]. Осы аттас кент (Кенес дәүріндегі атауы – Арапсульфат кенті), темір жол бекеті бар.

Жанкент – Қазалы ауданына қарасты ортағасырлық қала. Шынғысхан шапқыншылығына дейін қала өркендей, Оғыз мемлекеттік бірлестігі билеушілерінің қысқы ордасы болған қаланың парсыша аты – Дех-и-Нау, арабша – әл-Каръят әл-Хадиса, түрікше – Янгикент, қазақша Жанкент, демек «Жана қала» дегендегі білдіреді [9, 221]. «Кент» – сөзі түркі тілдеріне иран тілінен енген «қала» мағынасын білдіретін сөз [11, 199-202]. Бұл сөз Қазақстанның онтүстігіне шығыс иран халықтарымен қарым-қатынастардың нәтижесінде VI ғасырларда еніп, сол тұста салына бастаған қала аттарының қалыптасуына негіз болған.

Жаңақорған – кент, аудан орталығы. XIX ғасырға дейін Шеппіқорған (Дінқорған) аталған, XIX ғасырдың I жартысынан бастап қоқандықтар келгеннен кейін Жаңақорған аталған. «Қорған» сөзі Қазақстан топонимдерінің құрамында жиі кездеседі. Осы сөздің қатысы арқылы жасалған атаулар Қазақстанда да, Ресей жерінде де (Курган қаласы) кездеседі. Сөздің түбірі «қор», оған «-ы» жүрнағы қосылу арқылы етістік «қоры» сөзі жасалған, оған есімшениң «-ған» жүрнағы қосылып есімші пайда (қорыған – „күзету” сөзімен синонимдес) болған да, осы сөздің заттануы (субстантивтенуі) негізінде «қорған» зат есім сөзі пайда болған.

Кемесалған – Қармақшы ауданына қарасты жер аты және темір жол бекетінің атауы. Халық азызы бойынша, жер бетін ұлы топан су басқанда Нуһ пайғамбар осы жерде кеме жасап, жер бетіндегі

мақұлдұқтардың бір-бір жұбын алып, аман сактап қалған көрінеді. Бұл аныздың шындығына көз жеткізу киындау болар, ал кешегі XIX ғасырда Арап қаласынан Сырдария бойымен Перовск (казіргі Қызылорда) портына дейін кеме катынап тұрғаны анық. Бұл сөз де есімшениң заттануы негізінде атауга айналған.

Көктонды – Жалағаш ауданындағы ежелгі дәуірден сакталған көне оба. А.И.Макшеевтің айтуынша, қарақалпактар дәуірінде бекініс болған, осы жердегі құм төбебе Көктонды деген кісі жерленген. Академик Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр-аныздар» атты кітабында: «...Қанлылар ол кезде Жетісу, Іледен бастап Арап теңізіне дейін, солтүстікте Қарақұрымға дейін қоныстанған. Қанлылар хандарының аты ол кезде Көктонды деп аталатын», – деп жазады [10, 268]. Егер осы мәліметтерге сүйенсек, атау қанлылар дәуірінен қалған болса керек. Галымдардың дәлелдеуінше, «кек» сөзінің қазіргі түсті білдіру мағынасы «аспан» сөзімен, ал ол «тәнір» сөзімен байланысты екені белгілі. «Тон» көне түркі жазбаларында жалпы киім атауын білдіргенімен, біртіндеп сырт киім мағынасына ауысқан. Сонда Қанлылар ханы лауазымына сай қара халықтан ерекшелену мақсатында кек киім (кек тон) киетін болса керек. «Көктонды» ханға халық қойған лақап есім болуы да әбден мүмкін.

Қазалы – Сырдария өзенінің жағасындағы қала, XIX ғасырдың екінші жартысында форт, кейінірек уезд орталығы болған.

Бұл атау жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Халық арасында сакталған аныздардың бір-екеуі мынадай.

Шежіреші қарт Өмірзақ Ахметов пен журналист-жазушы Шайхыслам Серікбаевтардың айтуынша, он екі ата Байыұлының бірі – Алтынның Құсқұл, Қазалы, Шұңғыр және Жапалақ атты төрт баласы болыпты. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі ел босып кеткен жаугершілік заманда Алтынның бір баласы – Қазалы әuletтері бір рулы ел болып Сырдың жағасында, қазіргі Қазалы қаласының орнында отырған. Олар шағын сауда-саттық базарын ашып, қалашық салады. Қалашық сол ру атынан «Қазалы» атанип кеткен.

Екінші бір анызда былай айттылады: «Бұл өнірде сонау ерте заманда өзінің әділ қазылығымен халыққа жақкан бір адам тұрған. Сол себепті осы кісі тұрған ел «Қазы елі» атанип, айттыла-айтыла «Қазалы» болып қалыптастып кеткен.

Келесі бір анызда ертеде осы өнірде шалқыған көл көп болған. Көл беті жүзген акку мен каздан көрінбейді екен. Осыған байланысты осы жерде қоныстанған ауыл «Қаз елі» атанип, бірте-бірте «Қазалыға» айналған.

Осы әңгімелердің ішінде көбірек тілге тиек болатыны және шындыққа жақын келеттіні де – «қаза» деген балық аулайтын құрал атынан

шыкқандығы. Сырдария өзенінің бойын мекен еткен халық қамыстан тоқылып жасалған «қаза» деген құрал арқылы балық аулап күн көрген және бала-шағаларын аштықтан сақтап қалған. Сондықтан осы жерге турактаған халық қыстау салып, отырықшылыққа айналған. Кейін осы қыстау-қалашиқты «Қазалы» атаған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «қаза» сөзінің екі түрлі мағынасы берілген: 1) «Қаза – ар. зат. Өлім-жітім; ажал» және 2) «Қаза – зат, кәсіб. Балық үстәу үшін нар қамыстан қошқармуйіздендіре кең ғыл токыған қоршау; шыпта», деп түсінік беріліп, бірнеше мысалдар келтірлес [12, 495-496], диалектологиялық сөздікте де дәл осындай анықтама берілген [3, 392]. Бірақ А.Әбдірахманов бұл туралы басқаша ойда. «Бұл атау, біздінше Арабтың «газал» (орысша – газел, қазакша – киік) деген сөзі мен көне түркі тілінің туынды сын есім жасайтын -лы жүрнагы қосылуы арқылы жасалған (газал+лы)» – дейді де, ондағы түбір сөздің дыбыстық өзгешеліктеріне тілдік дәлелдер келтіреді [13, 115]. Алайда, теңіз, көл, өзен жағасында өмір сүріп, тіршіліктері балық аулаумен тығыз байланысты болған адамдар үшін мекендеріне балық аулау құралына сәйкес «Қазалы» атауын қоюы ғана шындыққа бір табан жақын келетін тәрізді. Екіншіден, ерте кездे киік тек Қазалы маңында ғана көп болды деген сенимсіздеу көрінеді. Себебі, кешегі қүнге дейін бүкіл Қаракүм мен Қызылқұм қаптаған киік – қарақүйрық, ақбекендер болатын. Үшіншіден, тағы да атаудың түбірін өз ана тілімізден іздемей, шет тілінен – араб тілінен іздейтініміз неліктен деген сұрақ туады. Әрине араб тілінен сөз енгенін жоққа шығара алмайтынымыз рас, алайда «газал» сөзі қазаққа шығыс әдебиеттері арқылы таныс болғаны болмаса, тілімізге еніп, айналысқа түспеген сөз емес пе?

Ал алдыңғы анықтардың да шындыққа жақын келе қоймайтыны рас. Себебі, 1-ден, қазақ халқы өз баласының атын еш уақытта өлім-жітімді білдіретін сөз бен атамас еді; 2-ден, акқу қаздардың да дәл сол жерде ғана мол болғаны ақылға қона қоймайды. Өйткені ондай шалқыған көлдер Сыр бойында өте көп болды және олардың бәрінде де құстар мол болғаны белгілі.

Қаракүм (Арал Қаракүмы) – құмды шөл. «Кара» сөзінің тарихи түбірі «қар» сөзімен байланысты деп есептейді акад. Ә.Қайдар. Ғалым «қар» түбірінің казіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген 12 түрлі мағыналы сөзге ортақ екенін айта отырып, оның бір мағынасын «не-что высокое, возвышенное», «возвышенность, высокая местность» деп көрсетеді [6, 240]. Яғни «Қаракүм» «биік құм» дегенді білдіреді.

Қараөзек – Сырдарияның одан бөлініп барып қайта қосылатын бір арнасы, Сырдария ауданындағы елді мекен атауы.

Ежелде көктем кезінде өзек тасып, жағада отырган халық көп қынышылық көреді екен. Көктем шығысымен көтеріліп келе жатқан суды көрген халық «Қара келе жатыр» деп сақтана бастайды екен. Содан өзек «Қараөзек» деп аталаپ кетсе керек. Аныз осылай дейді.

«Қараөзек» атауының тарихи этимологиясына Д.Жұнісов «Өзен-көл атаулары» деген еңбегінде былайша түсінік береді: «Қараөзек» – ете ертеден келе жатқан атау. «Қара» - ежелгі түркі тілінде «биік» дегенді білдірсе, *уз, ус, өз* – су дегенді білдірген, қазіргі монгол тілінде де де суды *ус, усу* дейді, *ок/өз*/ көне дәуірдегі түркі халықтардың тіліндегі алғаш «ана» деген кейін «тайпа, ру» деген мағына берген. Бұл бойынша өзек атауы *уз+ок-усок-осек-өзек* болып қалыптасып, «су-ана» деген мағына береді. Осы екі сөздің бірігуінен «биіктен, жотадан ағатын ағын» деген мағына шығады [14]. Алайда, Сырдарияның бір тармағы ретіндегі қазіргі Қараөзекті «биіктен, жотадан ағатын ағын» деуге келе қояр ма екен. Оның есесінен «қара» сөзінің мағынасын тілімізде бұрыннан айтылып келе жатқан, су тасып, елді мекендерді басып қалғанда айтылатын «қарық болу» (дария тасып, мол су келгенде үнемі осылай болып отырган) тіркесіндегі «қарық» сөзімен төркіндес деп қарауга да болатын тәрізді (кар+а және қар+ық).

Қалмаққырылған – жазық алқап, Сырдария ауданындағы жер атауы. «Қалмаққырылған» жазығы «Қарөзек» кеңшарының солтустігінде орналасқан болса, одан өрі карай бұрынғы Жезқазған облысының «Қалмаққырылған» өзені ұласып жатыр. Тарихи дерек бойынша Д.Жұнісов өзінің «Өзен – көл атаулары» атты еңбегінде: «Тарихи дәректерден қазак жасактарының жонғар басқыншыларына 1728-1729 жылдары ойсыратса соққы бергені белгілі. Сол жылдардың күесі, халықтың ұлт-азаттық құрестегі ерлік істерінің ескерткіші ретінде Жезқазған облысының жеріндегі ірі өзендердің бірі – бұрынғы «Білеуті» өзені «Қалмаққырылған» деген атқа ие болды», – дейді [14]. Олай болса Жезқазған облысындағы «Қалмаққырылған» өзені мен Қараөзектегі «Қалмаққырылған» жазығының атауларын бір кезде туған бір атау деуге болады.

Қарғалы – Шиел ауданындағы елді мекен атауы. Осы текстес өзен, елді мекен, жайлау, қыстау, т.б. аттар Қазақстан жерінен басқа Батыс Монголия, Сібір, Тува және Европаның Солтустік атыраупарына дейін тараган. Бұлар – Қазақстанда тек таулы-тасты жердің өзендері. «Қарға терминінің осындағы ұлан-асыр аймақта сіністі болуы таңдандырмайды», – дейді. Э. және В. Мурзаевтар. Бұл атаулар бүкіл Еуразия елдерінен табылады. «Әрине өзімізге таныс «қарға» сөзіне + «лы» жүрнагы жалғанған көне түр. «Қойтас» немесе «Қарғалық» атаулары сондай тастардың мол үйліген жері» деген мағынаны береді. Алайда «Қарға-

лы» дөлінетін қасиетті және этнонимдік жер-су атаулары да бар екенін ескерген де дұрыс.

Қармақшы – кент, аудан орталығы. Шамамен 1630-1710 жылдарда өмір сүрген әулие кісінің есімімен аталған. Ел аузындағы аныз-әнгімелерде Қармақшы ата (шын есімі Жұсіп, кейде Дәлен деп те атайды) Сыр бойының жағасынан жеркепе казып, қармақ құрып, балық аулаған, сол табан акы, мандай терімен тапқан азығымен (балығымен) еліне қорғаныш болған, аш-жалаңаштарға, жүргінші мұсәпірлерге кол ұшын берген қайырымды адам болғаны айтылады. Сөйтіп осы маңайға пайда болған елді мекен сол кісінің лақап атымен аталса керек. Қазір аудан орталығынан 1-2 шақырым жерде сол кісінің мазары сақталынған [9, 114].

Қатынқазған – Арап ауданындағы құдық. Халық аузында мынадай аныз сақталған: «Ертеде Түркімендер казақ ауылына шабуыл жасап елдегі ересек адамдардың бәрін қырып, құдықтарды көміп кетсе керек. Бұл шапқыншылықтан далада тезек теріп жүрген бір әйел ғана тірі қалыпты. Шабылған жұрт орнына келген әйел бірлі-жарым тірі қалған жаралы адамдар мен балаларды ғана көреді. Су болмаса бұлардың қырылатынын білген әйел жалғыз өзі құдық қазуға кіріспі, бірнеше күнде одан су шығарады. Осылай «қатын қазған құдық» кейін де талай жыл адамдарға қызмет етіп, маңайына ел үйріліпті». Аныздың шындыққа қаншалықты жанасатынын кім білсін, алайда ер-азаматтар жаугершілікте жүргенде, басына қын-қыстау күн түскенде ерлерше еңбек еткен, ұрпақтарын сактап қалу жолында құрсанған жауга қарсы шапқан талай аналардың болғаны шындық қой.

Қатынқамал – тарихи үнгір, аныз бойынша Жонғар шапқыншылығы кезінде әйелдер мен жас балалар жасырынған. Қазақ жауынгерлері жеңілген соң, жоғарлар үнгірді тауып алып, қатын-балаларды қырып тастаған. Бұл атау да жаудан қорғану жолында балаларын үнгірге қамап, өздері жауга қарсы тұрған, сол жолда құрбан болған аналардың ерлігін паш еткен атау екені байқалады.

Қосарық-Баян – Жаңадария арнасының оң жағалық аңғарындағы арық. XIX ғасырдың басында қазылған. Қариялардың айтуынша, Баян атты қызы сол жердегі жігітке ғашық болыпты. Қыздың экесі: «Талас тудырған жерден арық қазып берсөн, қызымды беремін», – депті. Жігіт арықты ұрымтал жерден қазып, бір сағадан екі жарманы бөлектеп, бірін ғашығы Баян ауылына, екіншісін өз ауылына бұрыпты. Арықтың қазылуына себепкөр болған Баянның және жігіттің арықтары бірігіп, ел оны Қосарық-Баян деп атап кетіпти. Сол арықтың ізі әлі де байқалады [9, 325].

Мақта қашқан, Келес – Сырдария өзенінің бір тармағы болып табылатын Көксудың ескі және жаңа салаларының арасындағы жер

аттары. Аңыз бойынша, бұдан 200 жылдай бұрын Макта деген кыз ата дәстүрін аттап, айттырып койған жеріне бармай, сүйген жігітімен қашады. Қолға түсіп қалатын болған соң, атқа мінгескен күйі тәуекел етіп, «өлсек, бірге өлейік» деп атты дарияга салады. Аты қарулы болып, аман-есен аргы жағалауға шығып құтылады. Содан бері осы жер «Макта кашкан» аталады. Бұлардың өжеттігіне тан қалған ел кейіннен екі жасты қосып, екі жақ құдаларды келістірген еken. Осы келіскен жер «Келіс» аталыпты. Бірак кейін белгісіз себептермен «Келес» аталағы кетіпти.

Мұрсаі – құдық, «Мұр» сөзі казақ тіліндегі «мор, морлау» сөздерімен түбірлес болуы мүмкін. Ал бұл сөздердің мәні «қоидың қын тұтатып, үстіне дымқыл көң, қи үйіп, бықсытып жаққан оты бар, қазылған шұнқыр жер» дегенді білдіреді. Бұл – мал баққан ата-бабала-рымыздың өздерін және малды маса-шыбыннан қорғау үшін тұтіндік салатын әрекеті. Демек, құдық аты «терен қазылған шұнқыр, сай» не-месе «тұтіндік салатын жері бар сай» деген ұғымды білдіретін жер атауына байланысты қойылған.

Саралжынықусай – Қазалы ауданындағы жер аты, маңында осы аттас бейіт бар. «Саралжын – басы бұтақты, бүрлі болып өсетін сипартқылық қурай» [15, 170]. Ә.Қайдар «қу» түбірінің 12 мағынасын береді. Оның екеуі осы өсімдік түрімен мағыналық жағынан тіркесуге бейім: 1) сухой, высохший, сухостой; 2) қуыт – құу+ыт: құм-қуыт – масса, множество; полно. Осының соңғысы біртабан жақын төрізді. Яғни «көп, қалың саралжын өскен сай» мағынасындағы атау болып шығады. Эрине, алдыңғы мағынаны да қолдануға болады. Ешқандай қол тимеген шөп жылда-жылда еліп, қурап қалатыны да шындық.

Сұлутөбе – Шиелі ауданындағы Мұстафа Шоқай ауылының (бұрынғы Сұлутөбе кеншары) шығысындағы биік құм төбе. Ертеде бұл тәнірек су табаны болып, су ортасындағы биік арал тебеге құстар қонағын болған. Әсіресе олардың ішінде акқулар көп болса керек. Сондықтан «Күтөбе» деп те аталған. Кейіннен су тартылып, жер құрғап, айналасына ел қонып көріктенген кезде «Сұлутөбе» аталған. 1905 жылды осы жерден темір жолдың өтуіне байланысты осы аттас темір жол бекеті салынған.

Сығанақ (Сунак) – Жанақорған ауданындағы тарихи қаланың аты. Сығанақ каласының тарихы туралы акад. В.В.Бартольд былай деп жазды:

«В XII веке впервые упоминается город, расположенный гораздо ближе к Саурану, в местности, орошенной проведенным из Сырь-Дарьи Тюмен-арыком. В настоящее время здесь находятся развалины крепости Сунак курган; по произношению киргизов (т.е. казахов –

А.А.), название города было Саганак; правописание средневековых рукописей и даже более поздних официальных документов указывает на другое произношение – Сыганак, Сунак или Суганак; лингвистические тоже было бы трудно объяснить образование такой формы, как Сунак (современное название крепости), из Саганак»... «Еще в Абдулла-Намэ о Саганаке говорится, что он «издревне был столицей ханов кипчацкой (т.е. киргизской) степи» [16, 149].

Бұл ескі қаланың маңындағы тұрғын қазақтар өздерін «Сунакатының тұқымымыз, біз қазаққа қосылмаймыз» дейді. Мұның да тарихи мәні бар сөз. Өздерін «Сунак» деп атайдындардың тегі ескі Сығанак қаласымен байланысты екенін бірнеше автор айтқан болатын [17, 122, 136, 137].

Зерттеуші Т.А. Жданко «қарақалпақ» этнонимі алғаш рет Бұқар ханы Абдолланың грамотасында 1598 жылы кездесстінін, оның өзі Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Сығанак қаласының маңында екенін айтады [18, 12]. «Сунақ» этнонимі қарақалпақ халқының құрамында бар. Олардың шекіресі бойынша қарақалпақтың құрамындағы он төрт рудың бірі – «қазаяқлы» атанады. Ал «қазаяқлының» атасы – Сунақ. «Қазаяқлы» атануы оның таңбасы қаздың аяғына үқсас.

Т.А.Жданко былай жазды: «Прозвище легендарного предка казахов – «Сунак», вероятно, связано с городом Сыгнак на Сыр-Дарье, где каракалпаки обитали и были под политическим влиянием Бухары упоминавшиеся нами «сыганакские документы» [18, 42]. Сөйтіп бұл айтылғандардан Сыганақ қаласының аты мен Сунақ этнонимі арасында тығыз байланыс бар екенін көрдік.

Төртқара – Арап ауданындағы құдық. Бұл атаудың құдыққа атая болып қойылуын екі мағынада түсінуге болады: 1) төрт төбе не төрт қарайған шоқысы бар жердегі құдық, 2) Әлім аталығының Төртқара руының ауылдары мекендерген (жайлаган) жердегі не сол рудың адамы қаздырған құдық. Асылы соңғысы дұрыс болар. Себебі, Ақтөбе облысының шығыс аудандары мен Қызылорда облысының батыс аудандарында Төртқара руынан тараған көптеген тайпалар тұрады. Төртқаралардың негізгі мекені Ақтөбе облысы болғанымен, өткен ғасырларда олар шығысқа қарай жылжыған. Сондықтан сол кездерде қазылған құдыққа ру аты берілуі әбден мүмкін.

Моншақ – Қазалы ауданындағы елді мекен (қыстау). Бұл жердің аталуы жөнінде мынадай аныз бар: «Ертеде белгілі бір байдың Моншақ атты қызы болады. ол өте сұлу, көрікті сонымен бірге ер жігіттерге тән батырлығы да бар қызы болышты. Құндердің құнінде елге жау шапқанда, Моншақ та батырларша киініп, жаумен шайқасуға шығады. Сол ұрыста адам шығыны көп болып, ақыры екі жақ мәмілеге келеді.

Сонда бік төбенің үстінде жеке тұрған Моншакқа жау жағынан белгісіз біреу жасырынып, ту сыртынан оқ атады. Сол арада батыр қызы қапыда қаза болады. Өлген батырдың қызы бала екенін білген жаудың қолбасшысы оқ атқан өз батырын ат құйрығына сүйретіп өлтіріпті-міс. Моншактай батыр қыздың өліміне қайғырмаган жан болмаған көрінеді. Содан бері осы жер «Моншақ» аталып кетіпті деседі».

Мұсіреп – Арап ауданындағы құдық. Бұл атауды халық XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген батырлығымен де, байлығымен де елге сыйлы болған, кейін казактың алып жазушысы F.Мұсіреповтің «Ұлпан» повесінің кейінкере болған Мұсірептің атымен байланыстырады.

Шаған – Қазақстанда жиі кездесетін атау. Облыстың Сырдария ауданындағы елді мекен атауы. Семейдің төменгі сол жағында Ертіске құятын өзен мен Жайық өзенінің он құйылысындағы өзен атаулары да, Мұғалжар тауының онтүстігіндегі ағатын өзен аты да осылай атлады. Сары Шаған – Іле өзенінің он құйылысындағы өзен, Шағанбұғы – Жонғар Алатауындағы тау аты. Шағаноба – Шығыс Қазақстандағы өзен, Шағанши – Оңтүстік Алтайдағы жер аты т.б. F.Қоңқашбаевтың пікірі бойынша «Шаған» монголдың «щаган» (ақ) деген сөзінен бұрманған атаяу [19, 96]. Монголша-казакша сөздікте цагаан сөзі «ақ» деп аударылыған [20, 321].

Монгол тіліндегі ң дыбысының қазақ тілінде ш дыбысына ауысуы занды құбылыс: цай-шәй, цацаг-шашақ цулбуур-шылбыр т.б. Ал қазақ тілінде «Шаған» атауы айтылғанда, оның монгол тіліндегі мағынасы мүлде ұмытылып, тек жер атауы есебінде ғана түсініледі.

Мұнда мағыналық информация жоқ. Сол себептен де Сары Шаған атауы орын алған. Сонымен Шаған сөзі – монгол тілінен кірме атаяу».

Бұл пікірге қосымша мына деректерді де келтіре кеткен орынды болар. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» [21, 81]. «ШАҒАН зат. Биқ дәрі діңі тузу. бұтақсыз болып өсептін агаши», «ҚСЭ» - де: «ШАҒАН - өзі аттас туысқа жататын көп жылдық өсімдік. Биіктігі 50-100 см, сабағы түкті, түп жағы көбінесе түксіз не қыска түкті. ...Орта Азия, Батыс Сібір, Батыс Қытай, Қазақстанда дала шабындықтарында... өседі» [22, 161]. Осы сөздікте Семей, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Ресейдін Орынбор облыстарында «Шаған» атты өзендер бар екені көрсетілген. Бұл өзендердің осылай аталуының өзі олардың жағасында жоғарыда аталған шөптің (Шаған) өсүіне байланысты емес пе екен деген ой туады. Бұл ойдың Шаған ауылының аталуына да қатысы бар деген тұжырым жасауға әбден болады. Өйткені Сырдария бойы осындағы бұталар мен есімдістердің қалың өскен аймағы екені қашаннан белгілі.

Шөлман – Арап ауданындағы құдық. «Шөл» сөзінің мағынасы «ештеңе шықпайтын, суы жоқ, тіршілік етуге қын құмды жер» дегенді білдіретіні белгілі. Ал «ман» сөзінің мағынасын тілші ғалымдар

әр түрлі қарастырады: 1) көне түркі тіліндегі «мал – қой» (Малқыстау) сезімен, 2) монголдың «маң – қой» сезінің мағынасымен (Манғыстау), 3) «мың» сезінің дыбыстық өзгерісімен (мың – мал), 4) Манғыт руның атымен (М. Қожандұлы), 5) «үлкен, кең, ұлан байтақ, мол» сездерінің мағынасымен (М. Тұрсынова) байланыстырады. Осы соңғы пікірді Ә. Қайдардың пікірі дәлелдей түседі: «Маң – нечто широкое, простирающееся, просторное: маң дала – бескрайная степь», – дейді Галым [6, 258].

Осының негізінде «Шөлман» атауын «Шөл дала» деп түсінуге, ал құдықтың атын осы шөл даладан қазылған құдық болғандықтан атап десе болады.

Шынар – темір жол бойындағы Қараөзек көлдер жүйесінің бір көлі. Көлдің аталуы жөнінде ел арасында мынадай әңгіме сакталған: «Қазақтың үш батыры Бұқарбай, Наурызбай, Ағыбайлар көркіне ақылы сай Шынар атты қызға ғашық болып қызы алдына келгенде, қызы өзінің тапқырлығымен Наурызбай мен Ағыбайды елдеріне қайтарып, Бұқарбайды таңдайды. Бұқарбай батыр осы көлдің жағасына барып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Міне, осыдан көл Шынар көлі атап кеткен».

Шірікрабат – көне қала орны. «Шірік» сезінің мағынасы – шіру, бұзылу, бүліну, қирау, құру деген ұғымдарда қолданылады. Ал «рабат» қоқандықтардың тілінде «рабада» деп айтылып, сол кездегі ел басшыларының қала сыртындағы дем алатын, аң аулайтын, серуен құратын қосымша мекен (қазіргішке саяжайға ұқсас) деген мағынада қолданылса керек. «Қазақ тілінің түсіндірмे сөздігінде»: РАБАДА зат. сөйл. **Рабат**. Рабада қала сыртында. Даққаның жазда серуен құрып, аң аулап, айлап жатар мекені (Д. Досжанов, Тұлпар.), – деп көрсетілген [15, 39].

Қызылорда облысының топонимикасы жайындағы қысқаша ғылыми-танымдық пікірді жинақтай келіп, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Облыстағы жер-су атауларының барлық түрлері дерлік еліміздің басқа облыстырындағы атаулармен сәйкес, мағыналас, ұқсас, тіпті кей атаулар бірдей болып келеді. Бұл қазақ елінің қашаннан біртұтас ел болып келендігін, онда өмір сүріп жатқан үш жүздің қарамағындағы ру-тайпалардың қай-қайсысы да бір-бірімен аралас-қуралас, құдандалы-жеккет, бір кісінің баласындаі, біртұтас халық екендігін көрсетеді. Әсіресе, Қызылорда облысы халқының құрамы осындай біртұстасығымен көрінеді. Соңдықтан да облыс «Сыр – алаштың анасы» деген атауға әбден лайық.

2. Облыстағы атаулардың ішінде ерте дәуірдегі түркілік кезеңнен калған атаулармен бірге, монгол, қалмақ шапқыншылығы кезеңдерінен

қалған атаулар сирек те болса кездеседі. Оның есесіне, халқымыздың еткен дәуірлердегі тұрмыстық өміріне көтүсті атаулар мен Кенес дәуірі кезіндегі атаулар мол. Сондай-ақ, егемендік кезеңнің жаңа атаулары да біршама барышылық және олар жылдан-жылға көбейіп келеді.

3. Этимологиялық жағынан алғанда жер-су атаулары екі түрлі үнғайда қарастырылды: 1) тарихи этимологиялық жағынан, 2) халықтық этимология тұрғысынан. Кей атаулардың этимологиясын таңбада біршама қындықтар бар. Сондықтан оларды іздестіру алдағы уақыттың еншісінде.

Әдебиеттер:

1. Қашқарі М. Түрік сөздігі. 1-т. – А., 1997.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3-т. – А., 1978.
3. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. –А., 2007.
4. Конкашпаев Г. Казахские народные географические термины. // Известия АН КазССР. Серия географическая. 1951. В.3.
5. Орталық Қазақстан жер-су атаулары. – А., 1989.
6. Кайдаров А.Т. Структура односложных Корней и основ в казахском языке. – А., 1986.
7. Өтеуіл Ә.Ж. Қазақстан топонимикасы (оку құралы). – Қызылорда, 2002.
8. Джанузаков Т. Материалы древней топонимии Казахстана как база этимологических исследований. // Проблемы этимологии тюркских языков. – А., 1980.
9. Сыр елі. Энциклопедия. – А., 2005.
10. Жеріннің аты – еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – А., 2006.
11. Байпаков К., Ерзакович Л. Древние города Казахстана. – А., 1971.
12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-т. – А., 1980.
13. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – А., 1975.
14. Жұнисов Д. Өзен-көл атаулары. – А., 1988.
15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-т. – А., 1985.
16. Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. – СПб., 1914.
17. Якубовский А.Ю. Развалины Сыганака (Суганака). Сообщения ГАИМК, II. – Л., 1929.
18. Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. – М.-Л., 1929.
19. Конкашпаев Г. Географические названия монгольского происхождения. // Известия АН КазССР. Серия филология и искусствоведения. Вып. I. 1959.
20. Хобшай С., Мініс Ә. Монголша-қазақша сөздік. – А., 1954.

21. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10-том. – А., 1986.

22. Қазақ совет энциклопедиясы. 12-т. – А., 1977.

«Қазақ ономастикасы: басым бағыттары мен улгілі үрдістер»
– Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Талдықорган, 7 желтоқсан 2010 ж.»

Мәтін құрылымындағы ой мен тіл бірлігі

Қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы – кеңжелеу қолға алынған, шешімін толық таппаған, қыры көп мәселелердің бірі. Соңғы кездері бұл мәселе қазақ тілімі үшін өзекті мәселеге айналып, осы бағытта белгілі ғалымдар М.Серғалиев, Б.Шалабай, Ж.Жақыповтардан бастап, тағы да біршама ғалымдар зерттеу нысанына айналдарды.

Тіл білімінде мәтінге мынадай анықтама беріліп жүр: «Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі» [1,208 б.]. Мәтіннің басты белгісіне оның тұтастығы, яғни мағына бірлігіне негізделген белгілі бір сыртқы құрылымының болуы алынады. Осындай тұтастық сейлемде де, сөйлемдердің тіркесінен тұратын құрделі синтаксистік тұтастықта да немесе бірнеше синтаксистік тұтастықтан тұратын абзацта да, бірнеше абзацтан тұратын тұтас шығармада да болғандаған ол мәтінге барабар болады.

Осы тілдік бірліктердің ішінде мәтін құрылымын түсіндіруде көбінесе құрделі синтаксистік тұтастық аудыншып жүр. «Құрделі синтаксистік тұтастық деп бірнеше сөйлемдердің тізбегінен жасалып, мағыналық және құрылымдық жағынан тұйықталған, белгілі бір құрделі ойды білдіретін синтаксистік бірлікті айтамыз» [2,735]. Құрделі синтаксистік тұтастыққа мынадай белгілер тән: ең алдымен, ол бірнеше сөйлемнің мағыналық жағынан өзара жақын келіп тіркесуінен құралады, екіншіден, бұл сөйлемдер тобы толық аяқталған, тұйықталған ойды немесе ой бөлшегін білдіреді. Сондай-ақ, синтаксистік тұтастық құрайтын сөйлемдердің өзара тіркесуінің тәсілдері мен интонациялық бірлігі болады, әр сөйлемнің тұтастық ішіндегі негізгі бір қызметі болады, сол арқылы тұқтастықтың құрылымы түзіледі. Нактырақ айтқанда, бір сөйлем (негізінен, алғашқы сөйлем) бүкіл ойды жинақтап, соган бастау болып тұрса, ал бір сөйлем (есіресе, соңғы сөйлем) сол ойды тиенақтап, корытып, тұжырымдап тұрады. Яғни, бірінші сөйлемді ойдың темасы деп, ал соңғы сөйлемді ойдың ремасы деуге болады. Ал, осы екесінің арасында ойдың жалпы дамуына, оның көлемі жағынан өзгеруіне септігін тигізетін сөйлемдер болады. Тұтастықтың осындай құрылымын жай сөйлемнің предикаттық қатынастағы бастауыш-баяндауыштық және тұрлаусыз мүшелер қатынастарын құрылымымен салыстыруға болады.

Енді осы тұрғыда мәтінді (күрделі синтаксистік тұтастықты) құрылымдық жағынан калай талдауға болады? Оны ІІ. Алтынсарин-ның «Аурудан аяған күштірек» деп аталатын шағын әңгімесін талдау арқылы көрсетейік.

Сейіт жол үстінде жүгіріп бара жатып, бір арбага келіп, аңгарусыз соғып кетіп, аяғын сындырып алыпты. Ойбайлап жысалап жатқан баласын көріп, шошынганнан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шыгармапты, қабагын да шытпапты. Сонда сыннықша кісі:

— Аяғың ауырмай ма, қабагыңды шытпайсың, — деп сұрапты. *Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сыннықшыга сыйырлап:*

— Ауырмақ түгіл, жсаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жаңымның қиналатының көрсе, әжемінің жсаны онан жаман қинала ма деп сабырлық қылып шыдап жатырмын, — депті.

Мәтін тақырыбына зер салсақ, адам сезімінің екі түрлі күйі (ауру және аяу) беріледі де, соның екіншісі (аяу) біріншіге қараганда басым, күшті болатыны ұғынылады. Енді неге бұлай болатыны мәтін сөйлемдерінің өзара тіркесі арқылы шешімін табуга тиіс.

Алғашкы сөйлем мазмұнында Сейіттің «аяғын сындырып алуы» баяндалады. Сынған аяктың ауыратыны белгілі. Аяғы ауыратын бала-ның «ойбайлап жылайтыны» да белгілі. Осы сөйлемнің баяндауышы арқылы берілген «аяктың сыннып қалу» әрекетінің себебін білдіретін тілдік бірлік – «аңғарусызыз» сөзі. Аңғарымсыздық – балаға тән қасиет. Екінші сөйлемнің басындағы «жылау» әрекеті – баланың жан күй-зелісінің көрінісі. Бұл да балаға тән қасиет. Ал бауыр еті баласының мұндай жан күйзелісі қай анаға әсер етпейді. Мұны көріп, «Шошынған шешесі есінен танып қалады». Бұл ой екінші сөйлем мазмұны арқылы баяндалған. Нактырақ айтқанда, «жылау» «шошынудың», «шошыну» «естен тандың» себепші болып түсініледі. Яғни, бір сөйлемдегі ой мазмұны екінші сөйлемдегі ойдан тууына себепші – негіз болып, тығыз мағыналық байланыста тұр. Бұл мағыналық байланыстарды туғызуға негіз болатын екі сөйлемде де жеке сөздер бар екені белгілі болды.

Енді осы екінші сөйлем мазмұнына байланысты келесі бір жаңа тың мазмұн пайда болады, ол – «баланың жылағанын қоя қойып, дыбыс шығармауы». Бұл әрекетке себепші болып тұрған баланың анасының талып калғанын көрүі. Бұл үшінші сөйлем арқылы берілген. Төртінші сөйлем мазмұны да осы үшінші сөйлем мазмұнымен байланысты туындаиды. Сыннықша баладан «жылағанын қойып, дыбыс шығармауының» себебін сұрайды. Бесінші, соңғы сөйлем (баланың жауабы) – бұкіл мәтіннің қорытындысы, «аяғы ауырса да, шешесіне

аяушылық білдіріп, дыбыс шығармауы» – әңгіме тақырыбын ашатын кілт.

Бес сөйлемнен тұратын қурделі синтаксистік тұтастық бір ғана абзатты құрайтын, «дene ауруын анаға деген аяушылық сезім – журек сезімі женуге тиіс» деген мағынаны білдіретін ойға құрылған тұтас мәтін болып шықкан. Бұл – мәтіниң мағыналық тұтастығын айфактайтын мысал.

Енді осы мағыналық тұтастықтың болуы үшін мәтін ішіндегі негізгі сөйлемдердің өзара қандай тәсілмен байланысқанын байқап көрейік.

Уакиғаға бастау болған алғашқы сөйлемдегі аурудын шыққан көзі, негізі «сындырып алу» етістігінің мағынасымен – сөйлемнің баяндауыш мүшесімен тығыз байланысты. Ал «аяғын» сөзі (толықтауыш мүше) сынған қай мүше екенін дәл көрсету үшін қажет. Сонда сөйлемдегі негізгі ой «Сейіт аяғын сындырып алыпты» деген құрылымнан тұрар еді. Бұл жағдайда, Сейіт – тема, аяғын сындырып алыпты – рема болады.

Екінші сөйлемнің мазмұны уақиғаға екінші кейіпкердің қатысқа-нын, соның әрекетін баяндауды. Яғни, шешесі бұл уақиғаны көзімен көргеннен кейін оның бойында балаға деген сүйіспеншіліктен тұған сезім әрекеті пайда болады. Бұл мағына «шешесі есінен танып қалыпты» деген предикаттық қатынас (сөйлем) арқылы беріледі. Сонда осы екі сөйлемді негізгі мағыналарын білдіретін құрылымы ынғайында тіркестіріп көрсек, былай болып шығады: *Сейіт аяғын сындырып алыпты. Шешесі есінен танып қалыпты.*

Осы екі жай сөйлем белгілі бір жеке ойды білдіретін тиянақты құрылымдағы сөйлемдер болғанымен, осы екі ойды тұтас бір үлкен ойдың белшектері етіп көрсететін және оларды жалғастыратын бір тетік, дәнекер керек екені байқалады. Ол – екінші сөйлемдегі қурделенген сөйлемнің бағыныңы сынары – «Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп» деген сөйлем болады. Егер осы сөйлем болмаса, шешесінің есінен тану әрекетінің жүзеге асуы да негайбыл болар еді. Сейітіп, екі сөйлемдегі ойдың мағыналық байланысына екінші сөйлемнің құрамына енетін тұтас сөйлем дәнекер болып тұр деуге әбден болады.

Ал екінші сөйлем мен үшінші сөйлемдегі негізгі ойларды (Сейіт дыбысын шығармапты, қабағын шытпапты) дәнекерлеуші тұлға үшінші қурделенген сөйлемнің бірінші сынары болып табылатын «мұны көрген соң» сөйлемі болады. Егер осы сөйлем болмаса, Сейіт жылауын жалғастыра берер еді, жылауы тоқтамаған болар еді.

Төртінші сөйлем (сынықшының сұрағы) үшінші сөйлем мен бесінші сөйлемді мағыналық байланыска түсіру үшін тұтастай қызмет етіп тұр. Егер осы сөйлем болмаса, баланың жылауын тоқтату себебі анықталмас еді, әңгіме тақырыбы да ашылмай қалған болар еді. Соғы сөйлемнің негізгі ойды білдіретін құрылымы – *Сейіт (бастауыш)*: –

Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қиналатынын көрсе, әжемнің жаны онан жаман қинала ма деп, сабырлық қылып шыдап жатырмын, – депті (баяндауыш) сөйлемі болып табылады. Енді осы әңгіменің тұтас құрылымын мынадай үлгіде көрсетуге болар еді:

1. Сейіт... аяғын сыңдырып алыпты.

Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп,

2. ...шешесі есінен танып қалыпты.

Мұны көрген соң,

3. Сейіт... дыбысын шығармапты, қабағын шытпапты.

Сонда сынықшы кісі: – Аяғың ауырмай ма,
кабағынды шытпайсың, – деп сұрапты.

4. Сейіт...: – Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қиналатынын көрсе, әжемиң жаны онан жаман қинала ма деп сабырлық қылып шыдап жатырмын, – депті.

Сонда бұл мәтіндегі тұтас ойды білдіруге қатысы бар негізгі сөйлемдер (алғашкы және соңғы) өзара жалпы ойды толықтыруға қатысы бар басқа бір сөйлемдер арқылы байланыскан болып шығады. Бұл – мәтін ішіндегі сөйлемдерді байланыстырудың бір ғана тәсілі.

Сонымен, мәтін талдау оны құрайтын сөйлемдердегі мағыналық байланыстарды дұрыс табумен, ол мағыналарды беретін сөйлемдердің құрылымдық элементтері мен оларды байланыстырушы тілдік бірліктерді дұрыс анықтаумен тығыз байланысты болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қалиев F. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005.
2. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.

«Қазақ тілін коммуникативтік, функционалдық бағытта зерттеу және оқытуудың инновациялық технологиялары» – Профессор Р.Әмірдің 80 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция матеріалдары. Алматы, 26-27 наурыз 2010 ж.»

Бай тіл, шешен тіл, мәдениетті тіл – журналистің жан серігі

Құрметті біздің телерадиокомпанияның қызметкерлері! Қымбатты конактар, тыңдарман қауым!

Сөзімді «біздің» деп бастауымның артықтығы жоқ қой деп ойлаймын. Себебі, бұл компания мына отырған біздер бір бөлшегі болып табылатын бүкіл Сыр бойы халқының қызметшісі болса, нактырақ айтсақ, ол облыс тұрғындарының құнделікті тұрмыс-тіршілігінен бастап бүкіл қоғамдық өсу-өркендеу жолын паш етіп отырса, ол елімізде сағат сайын ғана емес, минут сайын болып жатқан өзгерістер мен жетістіктерден бізді хабардар етіп отырса, еліміз ғана емес, бүкіл төрткіл дүниедегі дүбірлі жаңалықтардан, саяси, тарихи, еларалық мәселелерден құлағдар етіп отырса, тіпті, ел азаматтарының, енбеккерлердің – мына отырған біздердің әркайсымыздың көксандық арқылы халықпен қауышуымызға себепші болып отырса, «біздің» демей, не дейін. Тіпті сол «біздің» дегеннің ішінде «менің» дегеннің де бар екенін жасырғым келмей тұр. Өйткені, менін де өмірімнің соңғы 20 жылы осы облыстық телерадиокомпаниямен тығыз байланысты өтіп келеді. Олай дейтін себебім, менен дәріс алған талай шәкірт осы компанияда қызмет етіп, сонымен бірге өсіп-өркендеуде. Олардың бойындағы әрбір бетбұрысты, жақсыға ұмтылуышықты көріп қуану мен үшін бір ғанибет. Олар да мендегі әрбір жаңалықты қалт жібермей халқыма таныстырып отырады, келелі кеңестерге шақырып, сұхбаттар алып, елмен еркін араласуға мүмкіндік жасайды. Тіпті, жақынжының, дос-жарандар «Сізбен теледидар арқылы кездессетін болдық қой» деп жатса, көшедегі қарапайым танымайтын адамдардың өзі «Сізді кеше теледидардан көрдік» деп жатады. Соңда «менің» демегенде, не дейін. Сондықтан да, «менің телерадиокомпаниям», «біздің телерадио-компаниямыз» жасасын, мерекеміз құтты болсын, ағайын!

Біз сейлесек, тіл туралы сөйлейтініміз, соның жырын жырлайтынымыз белгілі. Сондықтан тележүргізушилерге қажет болар, олардың қызметтерінің жемісті болуына септігін тигізер деген ниетпен бірнеше ұсыныстар айтқым келіп тұр.

Қазақ тіл ғылымында соңғы жылдары «тілдік коммуникация», қазақша «тілдік қатынас» деген ұғымға баса назар аударылып, тілді оның қатысымдық қызметті тұрғысынан зерттеу қолға алынуда. Міне, соңғы 2-3 жылдың ішінде жоғары оку орындарының стандартына «Тілдік қатынас негіздері» атты пән де еніп үлгірді. Бұл пәннің негізгі мақсаты адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалай жузеге асатынын жөнө онда тілдік бірліктердің орны қандай екенін анықтау, түсіндіру, жас үрпақты сөйлей, жаза білуге үйретудің негізін қалау болып табылады.

Адамдар арасындағы тілдік қатынас оның үш құрамды бөлігінің өзарға бірлігі арқылы жузеге асады деп есептелінеді. Оның біріншісі –

«баяншы» деп аталады, яғни белгілі бір хабарды жеткізуші, сөйлеуші, жазушы т.б. хабар иесі адам, субъекті. Егер оны дәл қазіргі жағдаятқа жақыннатсақ, ол теле, радио хабарларын жүргізушилер, журналистер. Екіншісі – «тұлғалар» деп аталады, яки хабарды жеткізуде пайдаланылатын тілдік бірліктер немесе тілдік тұлғалар: оған сөз (немесе лексикалық байлық, оның ішінде тұрақты сөз тіркестері, макал-мәтелдер, терминдер т.б. бар), сөйлем және мәтін жатады. Үшіншісі – «кабылдаушы» деп аталады, яғни хабарды қабылдан алушы тыңдарман, оқырман т.б. субъектілер. Осы үш құрамды бөліктің бірі болмаса не біреуінде әлдекандай кемшілік болса, қатынас жүзеге аспайды не басты қызметін өз мәнінде атқара алмайды. Нактырақ айтқанда, бұл үш бөліктің бәрі де телевизия мен радио үшін аса маңызды.

Егер біз телевизияны, радионы хабар беруші құрал деп түсінсек, онда оның құлағында отырған әрбір қызметші, әсіреле журналистер – сол хабарды халыққа тіл арқылы жеткізушилер, баяншылар. Сонда, ең алдымен хабарды тыңдаушыға өз мәнінде жеткізу үшін не қажет дегенде, тіл қажет деп жауап береміз. Ал сонда, тыңдарманнан жақсы баға алыш, оның сүйкітісіне айналу үшін журналистиң тілі қандай болу керек? Осы тұрғыда үш төрт мәселеғе назар аударғымыз келеді.

Біздің ойымызша, біріншіден, журналистиң тіл байлығы мол болуы қажет. Бұл тұста белгілі бір жазбаша дайындалған хабарды оқып беру диктор үшін аса қын бола қоймас, бірақ оның да өз қындығы бар, ол жөнінде кейінрек айтартмыз. Алайда, жеке бағдарламаларды жүргізуде, сұхбаттар алуша аузында еркін сөйлеу тұсында журналистердің ұзақ сонар жолға түсіп, қазығына қайтып келе алмай жататының себебі не? Мұның өзі журналистиң сөз байлығының аздығынан, лексиконының жұтандығынан болады. Ал тілді байытудың басты жолы – ғасырлар бойы қалыптасқан қарапайым синоним сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін, макал мәтелдерді көп білу және қазіргі қоғамдық өзгерістерге байланысты туындаған жаңа сөздер мен терминдер арқылы тіл байлығын молайтып отыру. Бұл істе ұлттық тіліміздің қайнар бұлағы – ауыз әдебиеті үлгілері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер мен көркем әдебиет, сонымен бірге қазір шығып жатқан түрлі сөздіктер көмекке келе алады деп ойлаймыз. Дәлірек айтсақ, журналист өзіне үнемі оқу, дайындалу, тілін байлығын жетілдіріп отыру талабын қойып отыруы тиіс.

Екінші мәселе – бойында бар тілдік байлықты – сөзді орынды қолдана білу. Бұл сөздің грамматикалық ерекшеліктерімен байланысты. Хабар беру үшін немесе, ғылыми тілде айтқанда, сөйлесім әрекеті жүзеге асу үшін хабаршы хабар мазмұнын алдымен ойда сарапқа салады. Мәселен, хабар кімдерге арналып отыр: жалпы көрерменге ме немесе жеке бір топтарға, мысалы, балаларға, ата-аналарға, қарттарға,

әйелдерге, инженерлерге, мұғалімдерге т.б. арналып отыр ма? Содан соң, хабардың түрі қандай: саяси-қоғамдық мәселелерге арналған ба не әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерге арналған ба? т.б. Өзі таңдаған мәселені тыңдарманға үгініңкі жеткізуі үшін журналист ойында сарапталған мазмұнға сай тілдік бірліктер іріктеледі, олар қалыптасқан грамматикалық заңдылықтар негізінде тіркестіріліп сөйлем құралады. Бұл жерде тіркесстін сөздердің өзара мағыналық сәйкестігінің болуы, оларды байланыстырытын қосымшалардың, көмекшілердің, мағына кеңейту үшін оқшау сөздер мен көркем сөздердің орынды қолданылуы ерекше рөл атқарады. Қазіргі ауызша тілдесу кезінде жастан да, көрінің де, жұмысшының да, қызметкердің де, оқушының да, тіпті ұстаз берілген журналистің де ауызынан «бара жатырмыз», «тұрмыз» дегудің орнына «баратырық», «тұрық» деген сияқты сөздердің шығуы немесе «мынадай мәсселе қаралды» деудің орнына «мынадай сұрақ қаралды» деп, «бардық» деудің орнына «бардымыз» деп, «айтуымыз керек» тіркесінің орнына «айту керекпіз», «барлығы» дегеннің орнына «барлықтары» деген сияқты қалыптасқан заңдылықтарға қайшы қолданыстардың жи естілуі осы грамматикалық заңдылықтарды білмеуден туады.

Ойда белгілі тақырып мазмұнына сай нақты, дәл, айқын жеткізе білу тек жеке сөйлемдерді дұрыс құрастырумен шектелмейді. Өйткені сөйлем бір шағын ойда немесе ой бөлшегін ғана білдіреді. Соңдықтан сөйлемдердің өзі бір-бірімен жүйелі мағыналық байланыста болып, тұтас мәтін құрауға негізделіп құрылады. Осы тұста сөйлемнің алуан түрлі құрылымдық, мағыналық түрлері де пайда болады және сол сөйлемдердің жынытығы қарастырылып отырған тақырыпты ашуға тиіс.

Үшінші мәселе – жоғарыда кейінрек тоқталамыз деп ескертілген мәселе, бұл – ауызша сөйлеу техникасы мәсесесі. Мұнда, алдымен сөйлеу интонациясының рөлі айрықша. Дикцияның тазалығы, ашықтығы, сөйлем бунақтарына сай дауыс ырғағын, дауыс құйылысын, дауыс үзілістерін орынды қолданудың мәні бар. Осыған байланысты қазіргі тілде айтылым дәстүрінің, яки орфоэпия заңдылықтарының мүлде ұмытылып бара жатқанын, ауызша сөйлеуді орфография заңдылықтарымен алмастырып алғанымызды естерінізге сала кеткім келеді. Соңдай-ақ, сөйлеу кезінде қажетіне қарай қолдың, бет ауыздың құбылыс-қимылдары қосылып жатса құба-құп. Бірақ өкінішке қарай, сөйлеу-сөйлесу кезінде осы жағының кемішін түсіп жататынын қалай жасыра аламыз. Бұл ерекшеліктерімен де тығыз байланысты болып жатады. Біреу екпіндесте, ешіре сөйлейді, ойын жеткізу үшін алашапқын, қызылкенірдек болады. Қарсыдағы сұхбатасының алдына түсіп алғып жосылғанда, тыңдаушыға айттар сөз де қалмайды. Біреу ойланып сөй-

леймін деп баяулыққа, сылбырлыққа жол береді де, ойынан жаңылып, нүктесін қоя алмай жатады. Сөйтін тыңдаушысын жалықтырып алғанын да сезбей қалады.

Осы айтылғандардың бәрі, айналып келгенде, тіл мәдениетіне, сөйлеу мәдениетіне келіп тіреледі. Өйткені, тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, сөйлеу мәдениетінің шыңына қол созатын адамның ерекеті. Ал мұндай адамның нысана етер жарық жұлдызы – әдеби тіл. Өйткені, «әдеби тіл – екшеген, сұрыпталған мәдени тіл, белгілі қалыпқа түсken стандартты ресми тіл, халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусындаған, көркем, өткір тіл. Осылардың бәрі жалпыхалықтық сипат алып, тілдік нормалар біршама тұрақталады, жаңа нормалар пайда болады, стильдік жүйелер сарапанып, қоғамдық қызметі кеңейеді», – дейді профессор М.Балақаев. Әдеби тілге тән осы ерекшеліктерді молынан игеруге жәнсигілікті іс-әрекетін пайдалануға ұмытылу кісіні тіл мәдениетіне жетелейді. Ал тіл байлығы мол, сөйлеу мәдениеті жоғары адам мәдениеттің басқа түрлерінен де құралашқан қалмайды. Жеке кісінің мәдениеттілігі қоғамда алатын орнымен, білім дәрежесімен, өнерге қанықтығымен өлшеніп қана қоймайды, өзінің жүріс-тұрысымен, адамдармен қарым-қатынасымен, әсіресе тіл жұмыссау дағдысымен де айқындалады.

Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту – сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ. «Бал тамған тілден у тамар» демекші, сөз сырын менгеріп сөйлей білген кісі қалайда ойын дәл жеткізеді. «Әйтеуір түсінсе болды» деңгеге салынып сөздерді қалай болса солай қолдану – олақтық болады. «Олақтың сөзі орынсыз жамау сияқты» дегенді осындалларға айтады. Ал мұндай мысалды жүзделеп келтіруге болады. Мәселен, кез келген теларнаны ашып бір сағат тыңдалап көрсөніз бұған әбден көзінің жетеді.

«Тіл – адам ойының айнасы» екендігін талай ғұламалар айтқан. Адамның тіл жұмыссау дағдысынан оның ойы, мінез-құлқы, жалпы мәдениеті қандай екенін білуге болады. Әдетте, ойы айқын кісінің сөзі де анық, жүйелі болып келеді. Астарлы болса да мірдің оғындағы дәл тиіп жатады. Ойы таяз, пікірі күнгірт кісінің сөзі де берекесіз болады. «Ауызынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрган» мінгірлерді ешкім де сыйламайды. Көмекейі бүлкілдеп, көсіле сөйлеген, біліп, тауып сөйлеген адам ғана жұртқа шешен ретінде танылады. Бірақ осындағандақты орынсыз айтқан бір сөз тас-талқан етеді, тыңдаушыны өзінен алыстатады. «Ине көзінен сынады, шешен сезінен сынады», «Жақсы тауып айтады, жаман қауып айтады», «Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі» деген тұжырымдар осындауда айтылған. Бір сөзбен айтқанда, журналист әдеби тілді еркін менгерген, шешендейкке бой ұрган, мәдениетті сөйлейтін және сол арқылы өзі де мәдениетті көрінетін жан бо-

луга тиис.

Осы айтылғаннан туындастын журналист білуге тиісті тағы бір басты нәрсес – өзі не сейлесс де, қандай мәселе туралы сөз қозгаса да, ол туындарман үшін екенін, сол теледидар алдында отырған мындаған көрермен арқылы ғана өз қызметтін, іс-әрекеттің бағаланатынын сезіну, халық алдында өзін мәдениеттің, білімділіктің, тәрбиелліктиң үлгісін көрсететін ұстазбын, тіл жанашырымын, ұлт патриотымын деп түсінү. Сонда ғана ол өз қызметтін ләззат ала алады, туындарманды да ләззаттандырады, сол арқылы сиірген еңбегі бағаланады.

Бұл айтылып отырған мәселелер, былай қарағанда, жаңалық та емес. Алайда, осы төңіректе әлі де жетіспей жатқан, толықтыруды қажет ететін олқылықтарымыз бар екенін көріп, естіп жүргендіктен, қайталай еске салуды жөн көрдік. Сөзім дүздікты болу үшін, мұндай мерсекслі күнде ешкімің атын атап, түсін түстемей-ақ, бір ғана мысал келтіре кетейін. Телевизорларда титрмен жарнама беріліп жатады. Еріп жүрген қате. Және жарнама мәтініне жарнама берушіні жауапты етіп қояды. Осы қателерді телевизор құлағында отырған азаматтарымыз жарнама берушіге ескертү арқылы жөндейп отырса болмас па еді. Біздіңше, бұл журналист үшін де, жарнама беруші үшін де, көрермен үшін де абырайлы іс болар еді деп ойлаймыз.

Корыта келіп, бәріңізді де қос мереке – Егемендігіміздің 20 жылдығы және онымен тұспа-тұс келіп отырған облыстық телерадиокомпанияның 20 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Алдағы уақытта да жақсы-жақсы хабарларының бен халқымызды қуанта берулеріңізге тілектеспін!

(«Қазақстан-Қызылорда» облыстық телерадиокомпаниясының 20 жылдық мерейтойында сөйленген сөз)

Қызылорда облысы топонимдерінің жасалымдық сипаты

Жер бетіндегі жағырапиялық атаулардың бәрі де белгілі бір себептерге байланысты қойылатыны анық. Олардың ішінде каншама ғасыр өтсе де еш өзгеріске түспейтіндерімен бірге қоғам өзгерісіне, заман ағымына сай дүниеге жаңа сапалық атаулардың келетіні де, сейтіп саны жағынан үнемі молайып отыратыны да белгілі. Бұл өзгерістердің көбі сол жерді мекен еткен халықтың тұрмыс-тіршілігімен де, мәдениетімен де тығыз байланысты болып жатады. Мұндай мәселелер бұрын-соңды жазылып, баспадан шыққан ономастикалық енбектерде, зерттеу жұмыстарында кеңінен айтылып келеді.

Осы тәріздес ой-пікірлер Қызылорда облысының жер-су атаулары, оның этимологиясы жайында сөз болған азды-көпті енбектерде де

кездеседі. Біз бұл мақалада осы атаулардың сөзжасамдық сипатына тоқталмақпыш.

Әдетте, қазақ тіліндегі лексикалық байлықтың дені жасанды сөздер, яғни кейін пайда болған деп есептеледі. Нақтырақ айтқанда, сөздік құрамның басым бөлігін осы жасанды сөздер құрайды. Мұны жер-су атауларының құрамынан да айқын аңғаруға болады.

Қазақ тіл білімінде сөздердің жасалуының үш тәсілі бар деп есептеледі: семантикалық (лексика-семантикалық) тәсіл, синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, аналитикалық (синтаксистік) тәсіл. Қызылорда облысындағы жер-су атауларының жасалуы да осы үш тәсілді тоқық қамтиды.

1. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған атаулар.

Сөздердің лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалуы деп сөздің дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, жаңа мағынада қолданылуын айтамыз. «...Сөздің тек мағынасында өзгеріс болатындықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл аталаған. Бұл сөзжасамдық тәсіл көне заманнан бері қарай қызмет етіп келеді.» [1: 207]

Қызылорда облысындағы жер-су атаулары ішінде осы тәсілмен жасалған сөздер біршама мөлшерде кездеседі. Олардың басым көпшілігі адам есімдерімен аталаған атаулар болып келеді. Олай болатын реті де бар. Себебі, ерте кезден мал бағып көшіп-қонуды әдет еткен қазақтар қыс-қыстауын не жаз жайлауын, оның маңындағы өзен суларды, немесе қазылған құдықтарды соларға қатысы бар адам есімдерімен (кейде ру, тайпа есімдерімен) атауды дәстүрге айналдырган. Осылайша адам есімдерінің жер-су атауларына айналуы пайда болған. Мәселен, бір ғана суға (гидронимдерге) байланысты осындағы атаулардың өзі облыстың әр ауданында жетіп артылады. Облыста адам есімімен аталаған көл, бұлақ, ескі қолдан қазылған құдықтар мен артезиан құдықтары ете жиі кездеседі. Мәселен, Арап ауданында Дәуқара (бұлақ), Баян (көл), Мақпал (көл), Айтбай (құдық), Досжан (құдық), Жанқожа (құдық), Рай (құдық) т.б.; Қазалы ауданында Бошай (бұлақ – артезиан), Дауынбай (бұлақ – арт.), Миңзали (бұлақ – арт.), Қарнакөз (көл), Садыrbай (көл), Нарымбай (құдық), Қарақызы (құдық) т.б.; Қармақшы ауданында Желдібай, Мақан, Сактаған атындағы артезиан құдықтары (бұлақтар), Мұрсай, Ізтілеу аталағын көлдер; Сырдария ауданында адам аттары қойылған көптеген артезиан бұлақтары мен Жидебай, Шынар, Келдібай, Кенжебай, Тобақабыл аталағын көлдер жүйесі бар. Мұндай атаулар облыстың басқа да аудандарында молынан кездеседі. Бұл атаулардың әрқайсысының қойылуы жөнінде ел арасында аныздар мен нақты деректер жеткілікті.

Адам атаулары тек гидронимдерге ғана қатысты емес, жер бедеріне де байланысты (оронимдер – төбе, қырат, қойнау, асу, құм, т.б.) кой-

ылган. Мәселен, Арап ауданында Дәуіт, Нұрлыбай т.б. тәрізді төбе атаулары, Каржаубай атындағы жота, Бутаков атындағы шығанак болса, Қазалы ауданында Алтай (күм), Матай (төбе), Дайрабай (құрғақ арна), Қарамолда (бейіт) т.б. атаулары бар. Қармақшыда Шараабай аталатын күм, Қорқыт атындағы кешен, Қожахмет аталатын бейіт т.б., Жалағаш ауданында Әлменай (шоқы), Байсиық (төбе), Созақбай (бейіт) т.б. атаулар молынан кездеседі.

Адам атауларымен аталатын елді мекендер, коныстар да (ойконимдер) баршылық. Әсірессе, еліміз егемендік алған жылдар ішінде Кенес дәуірі тұсындағы коммунистік идея ықпалымен қойылған елді мекендерге бұрынғы халық жадында сақталған ескі атауларын қайтарумен бірге, ұлттымыздың аргы-бергі ұлық ұлдарының атын қою арқылы жаңғыру да үрдіске айналды. Солардың бірсыптырасын ғана атап кетейік. Мысалы, Арап ауданында Тоқабай, Райым т.б. ауылдар, Ақберген, Жалмұрат, Қазанғап, Мырзаш, Науша т.б. қыстау орындары, Сапақ атында бекет болса, Қазалы ауданында Абай, Ажар, Жанай, Мералы, Тұктібаев т.б. атындағы ауылдар, Ботпай, Моншақ аталатын қыстаулар, Алтай аталатын бекет бар.

Сондай-ақ, Қармақшы ауданында – Тұрмагамбет (ауыл), Ақай (қыстақ), Қорқыт (бекет), Қамбар (ескі қорған) т.б.; Жалағаш ауданында – Шаменов аталатын ауыл, Тенізбай аталатын қоныс т.б.; Сырдарияда – Амангелді, Мәлібаев, Сейфуллин, Илиясов атындағы ауылдар, Айзада қыстағы мен Баршынкент аталатын ескі қала орны бар. Осы тәрізді Шиелі мен Жанакорған аудандарында да Балаби, Ботабай, Жақаев, Нартай, Әбдіғаппар, Байкенже, Қожамберді, Манап т.б. адам атымен аталған ауылдар баршылық.

Міне, жоғарыда біз келтірген мысалдар бір кездегі кісі есімдерінін кейінгі тарих бедерінде жер-су атауларына айналғандығына нақты дәлел бола алады деп кесептейміз.

Сонымен бірге адам есімдерінен басқа түбір күйіндегі сездердің де өз мағынасын өзгертіп жер-су атауына айналуы сирек те болса кездеседі. Мысалы: Ұяралған (етістік), Қаска (сын есім), Сандал (етістік), Келте (сын есім), Қеуек (сын есім). Суық (сын есім). Талас (етістік), Байелі (ру аты), Серкеш (ру аты), Жайна (етістік), Қалмас (етістік), Қантару (етістік), Келте (сын есім), Шолақ (сын есім). Орта (зат есім), Топырақ (зат есім), Қараша (зат есім), Жаураған (етістік), Шаршаған (етістік), Сұлу (сын есім), Тарғыл (сын есім), Балапан (зат есім), Тоқта (етістік), Шақша (зат есім), Шөміш (зат есім), Тогай (зат есім), Тобыр (зат есім) т.б.

Байқап отырғанымыздай, адам есімдерімен бірге зат есімнің жалпы есім түрлері, басқа да субстантивтенген сын есімдер, етістіктің есімше, қимыл атауы түрлері де жер-су атаулары ретінде қолданылған.

Ендігі бір ескерте кететін жай – 1-ден, бұл атаулар сл аузында кейде жалаң күйде айтылса, кейде «ауыл», «қыстак», «бекет», «көл», «төбе» т.б. тәрізді атауыш сөздермен қоса айтылады; 2-ден, жер-су атауларының туынды түрлерінің қай-қайсысы да (дара туынды түбір болсын, күрделі сөздер болсын) айналып келгенде, бір ғана заттық мағынада қолданылатындықтан, бұлардың бәрі де лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөз болып шығады. Өйткені негіз сөз мейлі басқа сөз тапттарынан жасалсын, мейлі күрделі сөздерден жасалсын, әйтеүір бір лексикалық мағына білдірестін жер-су атауына айналады. Төмөнде біз осындағы атаулардың негіз сөздерінің басқа да жасалу тәсілдеріне қысқаша шолу жасаймыз.

2. Негіздері морфологиялық тәсіл арқылы жасалған атаулар.

Сөзжасамның бұл тәсілі тіл ғылымында ең көп қолданылатын және ең өнімді тәсіл деп есептеледі. Осы тәсіл арқылы жасалған жер-су атаулары зат есім сөз табына, оның ішінде туынды зат есімге жатады есептеледі. Ал туынды зат есімге А. Ысқақов: «Қазіргі кезде түбір морфемага және қосымша морфемага (жұрнақ) бөлшектенетін, демек, түбір сөзден жұрнақ арқылы жасалған заттық атауларды айтамыз», – деген анықтама береді [2: 148]. Яғни бұл тәсіл арқылы сөз жасалу үшін екі нәрсе – түбір сөз (немесе негіз сөз деп те аталады) және сөз жасаушы жұрнақтар (сөзжасам жұрнақтары) қажет екен.

Негіз сөз кез келген дара түбір де, күрделі түбір де, кез келген сөз табы да бола беруі мүмкін. Бірақ мұндай туынды сөздер көп болғанымен, оларды жасайтын жұрнақтар саны санаулы ғана. Дара түбірден жасалған туынды атаулардың жасалуы төмөндеғідей:

1) Туынды жер-су атауларының ішінде ең көп кездесетін – -ды//-ди (-лы//-ли, -ты//-ти) жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдер: Қанды, Жыланды, Айдарлы, Қонды, Жиделі, Ұялы, Қамысты, Желді, Ка-язды, Қарғалы, Шошқалы, Қанбакты, Коржынды, Құланды, Аранды, Тұлкілі, Қияқты, Сазды, Қоғалы, Жосалы, Шенгелді, Үркінді, Алмалы, Екпінді т.б.

2) Ал бұлардан басқа -ма//-ме жұрнағы арқылы (Сулама, Қоспа, Жайылма, Ақжарма), -дық (-лік) жұрнағы арқылы (Сауысқан-дық, Бірлік), -кей жұрнағы арқылы (Теріскей), -ек жұрнағы арқылы (Егізек), -ақ (-қ) жұрнағы арқылы (Тастақ, Қосақ, Маймақ), -шы жұрнағы арқылы (Қарақшы, Қармақшы). -шил жұрнағы арқылы (Ортақшыл) жасалған тағы да басқа бірен-саран атаулар кездесіп қалады.

3. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі атаулар.

Ертеректегі грамматикаларда морфологияның сөз құрамы тарауында қарастырылатын күрделі сөздер кейінгі кезде сөзжасам саласында синтаксистік тәсілі арқылы жасалынған сөздер ретінде қарастырылып келеді.

Негізінен, сөз жасаудың үш тәсілі, соның ішінде күрделі сөздердің (біріккен, қосарланған, қысқарған сөздер) де сөз тудырудың бір тәсілі екені сонау алғашқы академиялық грамматикада-ақ айтылған [3: 192-205].

Ал одан кейінгі грамматикада (1967, I т.) күрделі сөздердің түрлери мен ерекшеліктері теориялық тұрғыдан біршама терең берілген [4: 21-38].

Ал соңғы шыққан академиялық грамматикада күрделі сөздер қатарына тіркесті күрделі сөздер қосылған [1: 253].

Сонымен, жер-су атауларының ішінен осы аталған күрделі сөздердің бәрін де кездестіруге болады.

1) Біріккен, кіріккен сөздерден жасалған атаулар:

а) *гидронимдер* – Айғырбұлақ, Жарлепес, Кендірлібауыр, Қарадүзен, Тұғискен, Ақшатау, Қарашалаң, Үлкенқаратұп, Дөңқазған, Кержығылған, Қатынқазған т.б. (Арал ауданы); Жанаарық, Қаттыағар, Сұңқарбұлақ, Табандықайнар, Ащықөл, Жақсыжармода, Өулисқұдық, Қожақазған, Жетімшағыл, Қекқызықималы, Тақырқұдық т.б. (Қазалы ауданы); Жауымбайбұлақ, Косөуіт, Қырсаrbұлақ, Тектұрмас, Тартар-көл, Айыртабан, Алтынқұдық, Әзерынты, Қарайқуандық, Сарытабан, Ұракұдық т.б. (Кармақшы ауданы); Жаңадария, Көңдала, Майлышек, Тайлақкеткен, Жаңаркөл, Маманкөл, Алтыбайқұдық, Ақбақалы, Та-баққалған, Түбекбұлақ т.б. (Жалағаш ауданы); Жамансу, Жасқайрат, Майжарма, Сүйіндіксай, Лайкөл, Телікөл, Дариятам, Қазансынған, Тұщықұдық т.б. (Сырдария ауданы); Бөрітескен, Жындытөбе, Иркөл, Қексентір, Ақдала, Жаңақұдық, Жұматаіащи, Қарақазған, Қатынқұдық, Өгейлібұлақ т.б. (Шиелі ауданы); Ақұйық, Бесарық, Келінтөбе, Токтамыссай, Қөлтөған, Қарсыаққан, Шұқырой, Қандымсай т.б. (Жаңақорған ауданы).

ә) *оронимдер* – Ақтабанқұм, Ақшатау, Алтыншоқысу, Баршакұм, Қекшоқы, Қелқарашоқы, Қекарал, Мергенсай, Талдыесспесай, Барса-келмес, Қектырнақ, Қаратерен, Қекжетпес, Қақақұлан, Қаратұп т.б. (Арал ауданы); Арықдығыр, Жаманқостам, Жолжарған, Кескенкүй-ікқала, Сұлуқаска, Ханшыққан, Қраманәуіт, Адамата, Жусанқатын, Саралжынқусай т.б. (Қазалы ауданы); Жаманқоныс, Жуантөбе, Қекүй-ық, Қекшоқы, Қарашокат, Сенгіртам, Суықбет, Үштағантөбе, Ескіда-риялық, Жаңадария, Іңқөрдария, Байқоныр т.б. (Қармакшы ауданы); Аққорғанболтық, Балапанқызы, Бөрійнақ, Егізқара, Құштоқы, Жалғы-зқұм, Қарасары, Созықтабан т.б. (Жалағаш ауданы); Арысқұм, Қексентір, Қоныстөбе, Төбекорған т.б. (Сырдария ауданы); Ақмая, Ақтау, Қа-рамұрын, Қасқатас, Құмжарған, Молдатбелгі, Оңтолағай, Сасыққара, Іргекұм, Сарысу, Нәнсай, Қекткел т.б. (Шиелі ауданы); Қаратау, Өгізмүй-із, Тоқпақсалы, Қатынқамал, Ақбикеш т.б. (Жаңақорған ауданы).

б) *ойконимдер* – Ақеспе, Алтыңдық, Ақбауыр, Ақжар, Аманеткел, Жаксызылыш, Жаңақұрылыш, Қамыстыбас, Құмбазар, Сарыбеткей, Үкілсай, Ерімбетжага, Көкқабак, Тастубек, Сазантөбе, Ұзынқайыр т.б. (Арал ауданы); Алтынгапқан, Бұзыққала, Қарақуыс, Бозкөл, Майдакөл, Тасарық, Шөлкүм, Жаңаталап, Қожатакыр, Өтізбөгет, Қүйіккала т.б. (Қазалы ауданы); Ақжар, Ақсу, Ақтөбе, Диірментөбе, Кемесалған, Жаңақала, Омартамы, Шірікрабат, Жетіасар, Қараасар, Қоскорған т.б. (Қармақшы ауданы); Ақарық, Ақыр, Ақсу, Аламесек, Жалағаш, Жаңаталап, Қаракеткен, Мақпалкөл, Қосарық, Сарапеткен, Көктонды т.б. (Жалағаш ауданы); Ақжарма, Арыснұра, Жартықүм, Бірқазан, Жетікөл, Керкелмес, Қабылкөл, Теренөзек, Ногайқара, Сарыапан т.б. (Сырдария ауданы); Алғабас, Бәйгекүм, Бидайкөл, Жуантөбе, Майлытогай, Тартогай, Ақжарбұлак, Биіксарықүм, Жетімтау, Қиікмола, Қыпшакадыр, Телікөл, Үрмекүм, Белеңана т.б. (Шиелі ауданы); Ақжол, Аққұм, Ақкорған, Апанқалақ, Жаңақорған, Қайнарбұлак, Қосүйенкі, Төменарық, Келінтөбе т.б. (Жаңақорған ауданы); Ақжарма, Белкөл, Иркөл, Қарауылтөбе, Қызылжарма, Қызылорда, Талсугат, Тасбөгет, Бестамқала, Құмқала т.б. (Қызылорда әкімдігі аумағы).

Міне, байқап отырғанымыздай, облыстағы жер-су атауларының дені, тіпті 70-80 пайызы біріккен сөздерден жасалған деуге болады. Бұлардың ішінде атаулар ішінде сирек те болса үш сөзден жасалғаны да кездеседі.

2) Атаулар ішінде қос сөзден жасалғандары өте аз, бірен-саранғана. Мысалы: Былай-былай (арт. құдығы – Қазалы ауданы), Қосарық-Баян (көне арық – Қармақшы ауданы).

3) Тіркесті сөздер арқылы жасалған атаулар. Бұлардың да саны соншалықты көп емес. Көбісі еліміз егемендік алғаннан кейін қойылған ауыл атауларына байланысты.

а) *гидронимдер* – Арал теңізі, Дәуқараның тұзы (Арал ауд.); Қарабас көпірі (Қармақшы ауд.); Жогарғы Мұсабай (Жаңақорған ауд.);

ә) *оронимдер* – Арал Қарақұмы, Жаман Ақай (Арал ауд.); Ащының сайы, Кәмектің сайы (Қазалы ауд.); Торанғыл сай, Әлттай бауы, Бәйтін көпірі. Қетібар белгісі, Құлболды ишан (Сырдария ауд.); Баршаның құмы, Бекмырза құмы, Айшаның бейіті, Базар арығы, Есабыз ата, Қыш ата, Оқшы ата (Шиелі ауд.); Өтіз мүйіз (Жаңақорған ауд.);

б) *ойконимдер* – Кердери мазары, Арал қаласы (Арал ауд.); Ақтан батыр ауылы, Әйтексе би кенті, Бекарыстан би ауылы, Жалантөс батыр ауылы, Жанқожа батыр ауылы, Мұратбаев ауылы, Пірімов ауылы, Тұктібаев ауылы (Қазалы ауд.); Алдашбай ахун ауылы, Төребай би ауылы, Тұрмамбет ауылы, Қамбар қорғаны (Қармақшы ауд.); Бұқарбай батыр ауылы, Мырзабай ахун ауылы, Шаменов ауылы, Кішкене ойлар (Жалағаш ауд.); Артық ата, Қалжан ахун ауылы, Сейфуллин ауылы,

Токмагамбетов ауылы, Ілиясов ауылы (Сырдария ауд.); Балаби ауылы, Үұланбай бауы, Досбол ауылы, Жакаев ауылы, Нартай ауылы, Мұстафа Шоқай ауылы, Бәтеш қыстауы (Шиелі ауд.); Актас қыстағы, Сұнақ ата (Жанақорған ауд.); Махамбетов ауылы (Қызылорда әкімдігі).

Сонымен, Қызылорда облысы топонимдеріне қатысты жинақталған толық емес материалдардың өзі олардың жасалымдық ерекшелігі жалпы тілдең тарихи қалыптаскан, дәстүрлі сөзжасамдық белгілердің бәрін қамтиды және жер-су атауларының лексика-семантикалық сипаты мен жасалу тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар деген корытынды жасауға негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
2. ҰІсқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
3. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. I т. Морфология. – Алматы, 1967.

(«Тіл және қоғам» – Альманах, № 1, 2011 ж.)

Абай аудармаларындағы тілдік қолданыстар

Орыстың ұлы ақыны А.Пушкинді қазақ даласына таныстырыған ғұламалар ішінде ұлттымыздың ұлы ақыны Абайдың орны айрықша екенін әр қазақ білсе керек. Яғни, ұлыны ұлы таныды, оны сол өзі таныған күйінде халқының сүйіктісіне айналдыруға ұмтылды. Соңда ақын ақынды қай сипатына қарай білді. Қандай ерекшелігін бағалады? Біздің ойымызша, оның екі негізі болуға тиіс. Бірінші, Абай Пушкинді оқи отырып, өз заманының бағытын, халқының әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс тіршілігін қалыптызған түсініп, ой елегінен еткізе білген, оған өз көзкарасын, таным-пайымын айта білген ақынды білді. Екіншіден, Пушкин – өз халқының тілін сүйіп, соның мол байлығын жетік мен-герген, өз таным деңгейін сол тілмен жеткізе білген, шебер суретші ақын екенін пайымдады. Өз замандастары ішінен ақыл-ойы, зеректігі, халық мұғын өзіндей түсініне білген адамдарды сирек кездестірген Абай Пушкинді, Лермонтовты т.б. орыс ақындарын оқу арқылы өзімен пікірлес, сырлас достар тапты. Осылардың ішінен Пушкин мен Лермонтовты көбірек аударуының мәні де, мәнісі де солардың жоғарыда аталған ерекшеліктерін мол тани алғандағында жатса керек.

Абай орыс ақындарын аудару үстінде өзі де халық тілінің мол қазынасынан еркін пайдаланды. Әрбір сөзге философиялық мән беріп, олардың байырғы мағынасын өзіндік шеберлікпен түрлендіру арқылы

тіл байлығының қолданыс аясын көніте түсті, сөзді ақындық, шешен-дік шеберлікпен ойната білді. Сейтіп, тілі де, діні де ұстанымы да өзге ұлт өкілдерінің шығармасын өз халқының түсінігіне, таным-зердесіне жақындана білді. Осының арқасында оның өлеңдерінде небір жана мағыналы сөздер, жана құрылымдағы сез тіркестері мен сөйлем түрлері де пайда болды.

Біздің бұл макаламыздағы талдауға Абайдың Пушкиннен аударған «Евгений Онегин» романының үзінділері ғана арқау болды.

Татьянаның бірінші хатында мынадай ауыспалы қолданыстар кездеседі: ...*Қоймады дертің күйдірмей.*

Не салсаң да тартамын...

...Келмесен егер сен бізге,

Сау болмас па ем албетте?..

...Болмасам ашина мен сізге,

Түспес ем мұндай бейнетке...

Осы үзінділердегі *дерт* сезі ғашықтық орнына, оны науқасқа ба-лау ретінде қолданылса, *сау болу* тіркесі де осыған байланысты айттылған. Ал үшінші үзіндіде ғашықтық дертине шалдыруды *бейнетке түсу* деп есептейді. Сонда осы бір үш сөйлемде казақ тілінің байырғы сөздері жаңа бір мағынада қолданыска ие болады. Аударманың өн бойында мұндай қолданыстардың талайын кездестіруге болады. Мысалы, адам мағынасында алынған бір ғана *жүрек* сезінің алуан түрлі сипатына байланысты *асау жүрек, жас жүрек, сұм жүрек, жүректің отты шагы, кірсіз жүрек, ақ жүрек, мұз жүрек, жүрекіме түсті өрт* деген тіркестерде айтылған сөздердің бәрі өзінің қалыпты тұра мағынасында емес, ауыспалы (метафоралық) мәнде қолданылу арқылы әрқайсысы жаңа бір қолданыстық мағынаға ие болып тұр. Нактырақ айтсақ, бұл тіркестер адамға тән психологиялық сипаттарды білдіретін тілдік ерекшеліктер ретінде танылады. Осы тәрізді *тәтті дүние, сынық жсан, соқра дерт, сынған ер, арам ас, шынышыл тіл, мінсіз тіл, баянсыз еркек, ықтиярсыз мұңды сезім, өлі бой*, т.б. тіркестер де казақтың байырғы сөздерін жаңа мағынада қолдану ыңғайында пайда болып, тек Абайға ғана тән тапқырлықтың жемісі ретінде өз орындарын тауып тұр. Бұл қолданыстардан біз тарихи қалыптасқан тілдік зандылықтарды да айқын көреміз. Осы тіркестердің бәріне тән бір ортақ ереже – сез тіркестерінің орын тәртібі арқылы қабыса байланысусы болып табылады. Есім сөздердің өзара қабыса байланысусы сез мағыналарын ауыстырып қолдануда жиі пайдаланылып, әдебиетте көркемдегіш құралдар ретінде іске асатыны белгілі нәрсе. Сондықтан осындай қолданыстардың Пушкин ойын қазақ халқына нағымды да түсінікті етіп жеткізуде Абай тілінде орын алуы және молынан кездесуі заңды құбылыс деуге болады.

Пушкин шығармаларындағы айтылар ой, мол мазмұнды елге етеп не етіп жеткізуде Абай халық тілінде әбден қалыптасқан тіркестер мен сөздердің мазмұнын сақтай отырып, бірақ басқа да синонимдес сөздер мен тіркестерді батыл пайдаланады. Мысалы, «*Тәңірімнен келген бұл жарлық, ием – сенсің өлгенше*» дегендегі алғашқы қатар, әдетте, *алланың бүйрығы, құдайдың жазуы* деген тәрізді тіркестер күйінде айтылатыны белгілі. Мұнда автор *құдай* сөзін халық ұғымындағы қонеден келе жатқан *тәңір* сөзімен, ал *бүйрық* сөзін кейінірек енген *жарлық* сөзімен алмастырады. Немесе, «...*Жас жүрек жайып саусагын, талпынған шығар айға алыс*» деген үзіндінің алғашқы қатарындағы *саусагын жаю* тіркесі, *алақанын жайып, бата, тілең тілеу* мағынасында айтылып тұр. Өйткені, жаңа туган айға қарап тілек тілеу дәстүрі қазақта бар. Осы тіркестің алдындағы *жас жүрек* тіркесінде *жас* сөзінің келуі бата, тілек тілеушіні жас балаға (бөбекке), оның қолын алақанын жайғанда басы бірікпейтін нәресте саусағына тәңеп тұр. Ал екінші қатардағы «талпынған шығар айға алыс» деген тіркес-сөйлемде, «аспандағы айды аламын» дейтін аңқау жастың талпынысын, немесе осындағы талпыныстың нәтижесіздігін көрсететін «Арыстан айға шауып мертігіпті» деген мәтедлің мағынасы жатыр. Сөйтіп ақын жастар арасындағы махаббатқа ұмтылысты, көзсіз сүйіспеншілікті айға ұмтылған жас балаңың әрекетіне тәңдейді.

Сондай-ак, «...*Өз қораның қақпасын сен*

Қатты жаптың, не айтайын...» – деген шумақтың негізінде «Қайта кірер есігінді қатты жаппа» деген халық мақалының мазмұны жатыр.

Ақын аудармасында басқа да мағыналы сөздер мен тіркестердің түр-түрін кездестіруге болады: олардың орынсыз қолданылған бірі жоқ және халық ұғымымен астасып жатады. «Көнілсіз сүйін келіңсіз», «Болмасам ашина мен сізге», «Жақтырмай бұзсан нұрымды», «Жүректің толқыны», «Сауыга алмас сынган ер», «Ескі жара білтелеу», «Өлі бойға қан жүгірді» «Тайды аяғым ескі серттен», «жар есігін бермедің» т.б. тіркестердегі сөздердің бәрі де әдеттегі қазақтың байырғы тіл байлығында бар және жиі қолданылатын сөздер. Егер осы тіркестерді мәтіннен даралап бөліп алып, тұра мағынасында түсінер болсақ, Абайды ақын демек түгіл, есінен адасқан біреу деуге келер еді. Алайда, Абайды Абай еткен, ұлылыққа жеткізген мәтін ішінде осындағы сөздерді, тіркестерді қолдану арқылы тілдік қолданысты жаңа арнаға түсіру болып табылады. Яғни, Абай жеке сөздер мен тіркестердің мағынасын қалай болса солай қолдануға емес, өзі айтайын деген ойды жеткізуге бағындырады. Поэзиядағы ақынның осындағы жаңашылдығы оның аудармағана емес, басқа өлеңдерінде де жиі кездеседі. Абай осындағы жаңашылдығымен де, бір жағынан,

өз замандастарының көбіне жұмбак болса, кейінгі ізбасарларын тыңナン жол табуға, қазақ тілінің байлығын мол пайдаланып, қолданыс ауқымын көңейтеп түсуге үйретті.

Абай аудармаларындағы сөздерді тіркестіру мен сөйлем құруда мол кездесетін тағы бір ерекшелік – ықшамдау әдісін жи қолдануы болып табылады. Ақын бұл ынғайда жеке қосымшаларды, сөздерді, тіпті тұтас тіркестерді қысқарту арқылы сөйлемдерді, оның шіндегі мүшелерді барынша ықшамдаپ жібереді. Бірақ, бұдан ақынның айтайын деген идеясына, хабар мазмұнына нұқсан келмейді, қайта окушыны ойлануға, шығармадағы әрбір сөздің мәнін ақылмен түсінуге жетелейді. Эрине тілдегі ықшамдау – тарихи қалыптастырылған құбылыс. Осы бір халықтың аузы әдебиетінде кен қолданылатын ерекшелікті Абай еркін және жеріне жеткізе пайдаланады. Мысалы, «...Білдірмен дедім өлсем де...» дегендегі «білдірмен» – «білдірмейін» сөзінің, «...Шыдар ем күйіп мен жаңып...» дегендегі «ем» – «едім» сөзінің, «...Тенің емес мен сенің...» дегендегі «емес» – «еместін» сөзінің, «...Мен сынық – жсан...» дегендегі «жсан» – «жсанмын» сөзінің, «...Жетпедім, не жасырамын...» дегендегі «не» – «несін» сөзінің ықшамдаған түрлері.

Сондай-ақ, аудармада «...Әлде мені қорғадын?...» деген сұраулы сөйлем «ба» сұраулық шылауының түсірілуі арқылы, «...Не қыласың, ерік өзінде...» деген сабактас құрмалас болуға тиис сөйлем бағыныңқыдағы баяндауыштың жіктелуі және «да» жалғаулық шылауының түсірілуі арқылы салаласқа айналдырылып берілген. Кейбір көп компонентті құрмаластарды аз сөзге көп мағына сыйғызып берудің нағыз үлгісі десе боларлық. Мысалы:

...Тіл буынсыз, бой – таза гул.

Ақылы артық, ары зор.

Ол – перизат, ойла, озің біл.

Не болады, болса қор... – деген бір шумақ өлеңде 9 жай сөйлемнен тұратын көп компонентті салалас құрмаластың әр компоненті тек қана бастауыш пен баяндауыштың қатынасына құрылған. Осы құрылыммен-ақ ақын Татьянаның асыл бейнесі және ол жөніндегі Онсгиннің уайымын толық жеткізе білген. Немесе:

...Тәңірі добы – бұл гаріп бас,

Кетті амалсыз, қорлама!

Қайта қақты, қайла болмас,

Келді, тусты ордаңа... – деген шумақ та осындаид ықшам қолданыстың көрінісі екені даусыз.

Міне, аз ғана шығарманың көлемінде жалпылай айтылған осы ерекшелітердің өзі Абайдың халық тілін қишлоғында терең меңгеріп, оны ұлттық дәрежеге қалай көтергенін көрсетуге жетіп жатыр. Ал мұндай тілдік сипаттар мен жана қолданыстарды Абайдың кез келген шығармасынан молынан кездестіруге болады.

Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін, оның жаңашылдығын, өзіншілігін, мемлекеттік дәрежеге көтеру талабы қойылып отырған уақытта тағы да бір саралып шығудың артықтығы болмайды.

(«Мемлекеттік тіл және аударматандырылған өзекті мәселелері» – Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 19 мамыр 2011 ж.)

Базар жырау шығармаларының лексикалық қабаттары

Қазақ тіл білімінде Қенес дәүірінен келе жатқан бір ізгі дәстүр – әдеби шығармаларды тілдік тұрғыдан зерттеу. Әсіресе, өткен ғасырдың екінші жартысында бұл жұмыс біршама биікке көтерілді десек, артық айтқандық емес. Бұл кезеңде ұлы Абайдан бастап, Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден тәрізді алдыңғы толқын классиктердің, бірсызыра солардың ізін баса шыккан кейінгі толқын ақын-жазушылардың шығармалары тілдік тұрғыдан арнайы зерттеудердің нысанына айналды.

Осылардың ішінен қазақ тіл білімі ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосып, өзінің санаудың тұрғыдан түрлендірілген оның ғылымға арнау арқылы қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі дәрежесіне жеткен, сексенниен асса да қаламының қарымы қайтпаған, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабига Сыздықты ерекше атауга тұра келеді. Себебі, ол алғашқылардың бірі болып ұлы Абайдың шығармаларына тілдік талдау жасап, соның негізінде 1968 жылда «Абай шығармаларының тілі» атты ғылыми-зерттеу монографиясын жарыққа шығарған еді.

Осы кітаптың кіріспе белгілінің Абай өмір сүрген тұстағы әдебиет түрлерінің бірін былай сипаттайты: «2. Қазақтың тарихи көркем әдебиет үлгілерін әрі алып барған жеке ақындар шығармалары. Бұлар идеологиясы жағынан әр алуан. Халықтық-демократиялық мұдделерді жырлаған және заман қайшылықтарын сынап, халыққа бүйрекі бұрган мотивтері күшті Шөже, Сүйінбай, Құдери, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлышқожа, Нұрим, Арыстан, Орынбай, Кемпіrbай т.т. тәрізді ақындар мен феодалдық-реакцияшыл идеологияны қостаған Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Әубекір Кердері т.б. ақын жыраулар». [1; 16-б.] Осындағы соңғы аталған ақын-жыраулардың қай-қайсысы да Қенес дәүірінің идеологиясына жат көзқараста деп есептелгендей, мұлдем ауызға алынбады. «Зар заман ақындары» деп аталған бұлар тек өткен ғасырдың 80-жылдары ғана ақталып, ауызға алына, зерттеу нысанына айнала бастады. Осылардың ішінде

Кеңес дәуірінің алашқы кезінде шығармалары алаш ардактыларының аузына ілінгенімен, кейін солармен бірге «қызыл қырғынға» ұшыраған, бүгінде біз макаламызға арқау етіп отырған Сыр бойы жырауларының алыбы Базар жырау Оңдасұлы да бар.

Еріне, жоғарыдағы сөзі үшін тіл ғылымының майталман маманы Рабига апамыздың кінәлаудың еш орны жоқ. Сол кездегі қофамның идеологиялық талабы солай болды. Оған көнбекендердің басынан қандай нәубет өткенін біз білеміз.

«Елу жылда ел жаңа, жуз жылда – казан» демекші, осы еңбек жарықта шыққалы, міне, елу жылдай уақыт болыпты. Еліміз егемендік алды, жаңа заман орнады. Жаңа қофам әдебиетшілеріміздің де, тілшілеріміздің де алдына «өлгенімізді тірілтін, өшкенимізді жаңдыру» талабын қойып отыр. Өз алдымызға отау тігіп, өркен жая бастаған 20 жылдың көлемінде бұл бағытта біршама шаралар жасалды. Әсіресе, «зар заман» ақын-жырауларын жарықта шығаруға алдымен әдебиестіші ғалымдарымыз білек сыйбана кірісті. Сонымен бірге жеке авторлардың шығармаларын тілдік жағынан зерттеу де өзінің жалғасын тапты. Соның бір дәлелі ретінде филологияғы ғылымдарының докторы, профессор Б.Момышнованың Шәкәрім шығармаларының тілін лексика-функционалдық түрғыдан зерттеп, 2008 жылы «Шәкәрім поэзиясының тілі» атты еңбегін баспадан шығарғандығын айтуда болады. Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеттің түлегі Өтемісова Гүлмира 2010 жылы біздің жетекшілігімізben «Сыр бойы ақын-жыраулары тіліндегі көнерген аталымдардың функционалды-семантикалық сипатты (Нұртуған Қенжеғұлұлы және Ерімбет Қөлдейбекұлы шығармалары бойынша)» – атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл жұмыс Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларын тілдік жағынан ғылыми айналымға түсірудің басы десек те болады.

Біз тақырып етіп отырған Базар жырау шығармалары да ширек ғасыр бойы жинақталып, екі рет (1986, 2008 ж.ж.) баспадан шықты және әдеби талдауға түсіп, зерттеу нысанына да айналды. Бірақ тілдік талдауға түскен емес. Міне, мақала осы бір олқылықтың орнын толтырудың алғашқы тырнакалды еңбек ретінде ұсынылып отыр. Материялдар Базар жыраудың 2008 жылы шыққан «Жамиғы қазақ бір туған» атты жинағынан алынды.

Базар жырау шығармаларының тілін зерттеуді оның лексикалық кабагтарын анықтаудан бастаудың өзіндік жөні бар деп есептейміз. Оған себеп, ең алдымен жырау өмір сүрген орта мен қофам болса, екіншіден, сол ортада қолданылған тілдік бірліктерді автордың қалай пайдаланғандығын анықтау, сол арқылы оның тілдік (лексикалық) байлығын саралу болып табылады. Өйткені, Базар да сол тұста өмір

сүрген өз замандастары (Абай, Майлышқожа, Жамбыл, Құлышшак т.б.) тәрізді бұрын қолданылып, кейін қоданыстан шығып қалған көне сөздерді, мұсылман діні арқылы енген араб-парсы сөздерін, орыс бодандығы кезінде келе бастаған орыс сөздерін, түркі халықтарына ортақ байырғы сөздерді, диалектілік ерекшеліктерді т.б. толып жатқан сөздерді қолдануы әбден мүмкін ғой. Сондықтан біз де бір кезде Р.Сыздық таңдаған осы бір дәстүрлі жолды таңдадық.

Р.Сыздық Абай шығармаларының лексикасын үш қабаттан тұрады деп есептейді. Олар: казақтың төл сөздері (яғни түркі тілдік), араб-парсы сөздері, орыс сөздері. [1; 72-б.] Ал кейінгі ғалымдар да (Ф.Ш.Оразбаева, Г.Сағидолда) лексикалық байлықтың үш қабаттан тұратынын атағанымен, оны былайша жіктейді: 1) жалпытүркілік қабат, 2) казақтың байырғы төл сөздерінен тұратын қабат, 3) кірме сөздер қабаты. [2; 10-б.] Соның жіктеу қазіргі ғылым талаптарына жауап берे алатындығын айтқымыз келеді.

Осы бір мақала көлемінде Базар жырау шығармаларының лексикасын осы қабаттар тұрғысынан толықтай талдаپ көрсетіп беру мүмкін емес екені өзінен өзі түсінікті. Мақала мақсаты жырау шығармаларының тілімен оқырманды таныстырудың алғашқы бастамасы болғандықтан, осы тілдік қабаттарға қысқаша шолуғана жасалады. Ал оларды этимологиық, қызметтік ерекшеліктері тұрғысынан терен талдауларға салу, қолданылу аясы мен мағыналық-стильдік сипаттарын анықтау келешектің ісі болмақ.

Қазақ лексикасын зерттеушілердің қайсысы болмасын кірме сөздер қабаты араб-парсы, монгол және орыс тілдерінен сөз енү арқылы пайда болатынын айтады. «Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасамдық тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер... Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) монгол тілі, 4) орыс тілі» [3; 135-б.] Осы жағынан алғанда, өз замандастары мен тұстас ақын-жыраулар тәрізді, Базар жырау шығармаларында да ең көп қолданылатыны араб-парсы тілдерінен енген сөздер болып табылады. Соның ішінде, әсіресе дінге байланысты сөздер басым орын алады. Мысалы: *Alla, құдай, тәнір, пайғамбар, періште, көләм, ібіліс, жалған, жалғаныш, қәтір, кітап* (құран мәғынасында), *маһшар, шаригат, тір, мұрті* (мұрут). *ұжмақ, сират* көтір, үмбет, зиярат т.б.

...*Басы жұмыр пендесін*

Жаратқан жалғыз құдайым

Не қүйлерге салған жоқ... (44-б.)

...*Сүйген досты Алланың –*

Пайғамбary өтіп жалғаннан,

*Артында қалған сахаба
Қойдай шулап қамалған... (61-б)*

*...Хан мақтанаар жұрты бар.
Пір мақтанаар мұрті бар... (113-б.)*

*...Шаригаттың бүйрөгі
Кәләмйнан таралған... (125-б.)*

Жырау шығармаларында негізі араб-парсы тілдерінен ертеде еніп, төл сөздеріміздей жалпыхалықтық қолданыска еніп кеткен алуан түрлі сөздер молынан кездеседі. Олардың бәрін бірдей тізіп көрсетуді мақала көлемі көтермейтіндіктен, бірсыныра үзінділер келтірумен шектелеміз. Мысалы:

*...Халқына басы қадірлі,
Кейбір жерде жігіттің
Көрінсе көзге зайыры... (38-б.)*

*...Атамыз алыс болғанмен,
Жамиғы қазақ бір туган... (38-б.)*

*...Ісірапыл соққанда,
Тау қаңбақтай домалап,
Тас бүршиақтай жұмалар... (44-б.)*

*...Бай да өткен, батыр да өткен, патша да өткен,
Тұбіне жұмла жансың өлім жеткен... (89-б.)*

*Ажалдың тұра құрығы түскен күні,
Пенденің қол-аяғын серметтеген... (90-б.)
...Кунаhar гаріп пендеңмін,
Рахым айлан ел де,
Қате ісімді өзің жат... (124-б.)*

Осы үзінділердегі карамен терілген сөздер ішінен зайыр, жамиғы және жұмла сөздерінің мағыналары бізге бұрын тек сөздік арқылы белгілі болатын (зайыр – жарқын, анық, айқын, тамаша, көркем; жамиғы – жалтылық, ортақтық; жұмла – жишинтық, бәрі, қосынды) көне сөздер қатарына жатса [4; 55, 62, 65-б.б.], қалғандарының қазақ тілінің ішкі зандылықтарына сәйкес кей дыбыстық өзгерістерге ұшырап, күнделікті жиі қолданылатын өз сөзімізге айналып кеткені анық. Тіпті, бұрын көне сөздер қатарындағы діни сөздер де қазіргі кезде Ба-

зар жырау тұсындағыдай жіңі колданылатын дәрежеге жетсе, ал *зайыр* сөзі казіргі біздің жаңа қоғамымыздың мақсат-мұддесіне сайса терминге де айналып үлгірді (*Қазақстан – зайырлы мемлекет*).

Шығармада монгол тілінен сөздердің бар-жоктығын арнайы зерттеу арқылы анықтау кажет.

Базар шығармаларында орыс тілінен енген сөздер өте аз, тіпті жоктың қасы десек те болады. Оның да өзіндік себебі бар. Жалпы жыраудың орыс бодандығына қарсы болғандығы шығармаларынан айқын көрінеді. Жырау оларды барынша жек көрген. Бұған жыраудың мына сөздері дәлел бола алады:

...Бағындырып озіне,

Иландырып сөзіне

Ерлерге ыза шектірді.

Атанаң мекен қонысын

Кәпірлер алып, жерленіп.

Азаттыққа қару жсоқ,

Қарусыз жасауга бару жсоқ –

Бала асырап, мал бағыт,

Тіршілікті қыламыз

Енді қалай күн көріп?! (66-б)

Немесе:

... Тек көкіректе бір арман –

Діні басқа қәпірге

Бір «қәлима» дегізбей... (69-б.)

Тағы да:

...Шаш пен мұртын өсірген,

Ықпалы өрлең есірген,

Қолайлы қоныс жерінен

Қазақты қүштеп қөшірген –

Солардан кейін бұл жерге

Келімсектердің кем-кемнен

Жиналыш басы құралды.

Қолдан келер амал жсоқ,

Тырп етуге мақсал жсоқ –

Қәлимагәйдің баласы,

Арманда кетіп барамыз,

Бір шақыра алмай ұранды!.. (81-б.)

Міне, жыраудың жат елдін жат сөзін өз тіліне көп дарытпауыншын, ондай сөзді жиңі пайдалану сөз саптау сапасын төмендетеді деп түсінуінші себебі оның осы көзкарасынан болса керек.

Өйтсе де, өлеңнің мағыналық, ұйқастық ретінен қарай бірлі-жарым орыс сөздерін колданғанын көреміз. Мысалы:

...Адамизат атамызы
Көп болған жазық күнәйі.
Заманага көз салсақ,
Заң мен закон өзгеріп,
Айналған теріс сыңайы... (53-б)

...Жау десе орыс тартады барабанын,
Жүргізіп бет-бетіне аламанын... (146-б.)

...Ауылыш әсәрмекенің базарындаій,
Бейшітің кірсек іші ажарындаій... (152-б.)

...Мінгізіп пәйтөн арба сейселемен,
Жайларды жсан көрмеген аралатты... (152-б.)

...Өзге мал өз кеуліме қыны емес,
Сурікте састырып түр жуз сом ақша... (165-б.)

Базар жырау шығармалары тілінің түркілік қабаты казактың байырғы төл сөздерін құрайтын қабатпен тарихи ұштасып жататындықтан, мақала ауқымын және алғашқы қабаттың тарихи-салыстырмалы зерттеді талап ететіндігін ескере отырып, түркілік қабатқа арнайы тоқталмай, байырғы төл сөздерге жалпы шолу жасаумен шектелеміз.

Казіргі грамматикаларда тілдің бұл қабатына мынадай анықтама берледі: «Байырғы төл сөздер дегеніміз қазақ халқының өмір тіршілігі мен шаруашылығына,, тұрмысы мен мәдениетіне, дүниетаннымы мен түсінігіне байланысты жалпыхалықтық сипатта калыптастан, оның өзіне тән сөздері» [3; 132-б.] Егер осы анықтаманы басшылыққа алар болсақ, жырау өмір сүрген кезде және оған дейінгі дәүірде қолданылған байырғы төл сөздерді қолданылу сипатына, стильдік-семантикалық ерекшеліктеріне қарай алуан түрлі топтарға бөлуге болар еді. Біз солардың бірсыптырасына ғана тоқталамыз.

Тіл білімінде жалпыхалықтық сөздерді қолданылу аясына қарай актив және пассив сөздер деп ажырату бар. Актив сөздер күнделікті қарым-қатынаста ауызша да, жазбаша да жиі қолданылатын, мағынасы қазақ тілінде сөйлейтін азаматтардың бәріне түсінікті сөздер екені белгілі. Ал пассив сөздерге көнерген не көнере бастаған, сөйтіп күнделікті қолданыстан шыға бастағанымен, әдеби шығармаларда қолданыла беретін және тілге жаңадан ене бастаған сөздер жатады. Пассив сөздерді ғалымдар архаизм, неологизм, термин сөздер деп бөліп қарастырады.

1) Базар жырау шығармаларында сол тұстарда тілде жиі қолданылған, бірақ кейінгі кезде қолданыстан шығып қалған немесе шығуға

жакын біршама көне сөздер (архаизм, историзм) кездеседі. Жалпылай алғанда, оларға мынадай сөздерді жатқызуға болады: *найза, садақ, жебе, қылыши, дұлыға, алмас (қылыши), болат, қынап, берен, айбалта, сардар, кереге, уық, қанат, күлдіреуіш, үзік, бақан, тундік, безбен, байрақ, кермиық, шандоз, назбедеу, кіре, дар, жасақ, мажсал, өре, аран, жыға т.б.*

Шығармалардан алынған үзінділерге жүгінейік:

...*Асыл туган назбедеу
Қаптай шапқан көп дудан...* (39-б.)

...*Батырлар жауға шапқанда,
Қолына жасыл ту алар.
Найзасын қарға асынып,
Алмасын қанға суарар...* (43-б.)

...*Балдағы алтын ой болат
Керегеде ілүлі –
Кімдерден иесіз қалған жсоқ?!*. (45-б.)

...*Дар құргызып, ту тігін,
Жауға жасақ саілаган...* (61-б.)

...*Мына шолақ дүниеден
Бай олмейді дер едім:
Бұқар шығып пұл алған,
Пұлына сатып құл алған...* (63-б.)

...*Күдері баулы көк шыбық,
Сытырма қылышы қынаппен...* (65-б.)

...*Белгілі бір өзенде бір күзер бар,
Кетпейтін керуендердің соқпаң жолы...* (74-б.)

...*Айбалтана мұқатқсан
Қайыңда қатты без болар...* (79-б.)
...*Елу жасас салмағыңды сәл кемітер,
Аугандай таразыны басып безбен...* (82-б.)

...*Хан мақтана пар жүртты бар,
Пір мақтана пар мұрті бар...* (113-б.)

...Ақ жүрген, екі тізгін сағалдырық,
Маңдайша, босага мен табалдырық.
Кереге сегіз қанат, бес буда уық.
Шаңырақ, күлдіреуіш оған жусық.

Екі үзік, бес туырлық, жаңғызың тұндік.
Барлығын бір арқанмен қойған буын... (169-б.) т.б.

Үзінділердегі карамен терілген сөздердің бәрі дерлік Базар жырау түсінінде жалпыхалықтық сипат алғып, тілімізде молынан қолданылған сөздер. Алайда, олардың кейбіреуі сөз, атау ретінде әдебиетте қолданылғанымен, тұрмыс-тіршілікте қолданылудан шыға бастаған заттардың атаулары еді. Соңдықтан да ондай сөздер кешегі Кеңес дәуірі түсінінда-ақ қолданыстан шығып, көне сөздерге айналды (*найза, дар, жасасақ, күл, күдері, айбалта, күдері, хан, пір, мурит т.б.*). Ал кейбірі, мысалы киіз үйге қатысты атаулардың бірсыптырыласы жаңа мағынаға – мемлекет салған тас үйлердің бөліктерінін атауларына енсе (табалдырық, босаға, маңдайша), бірсыптырыласы киіз үйдің қолданыстан шыға бастауына байланысты өте сирек қолданылатын дәрежеге жетті (ке-реге, уық, күлдіреуіш, үзік, туырлық, тұндік). Қазіргі кезде жойылып барып, кайта тірліліп, қолданыска енген сөздер де бар: олар – *жасасақ* және *шаңырақ* сөздері. Егемендігіміздің арқасында *жасасақ* сөзі әскери терминге айналса, *шаңырақ* сөзі ұлттың символы ретінде мемлекеттік рәміздерімізден орын алғып, саяси терминге айналып отыр.

2) Тілші ғалымдар казак тілінің қазіргі кезде ең бай, ең оралымды тілдердің катарынан орын алудың оның үнемі жаңа сөздермен байып отыруымен байланыстырады. Бұл үдеріс ер кезенде, ер дәуірде байырғы төл сөздердің негізінде солардың мағыналық жағынан кеңеюі, ер түрлі қосымшалардың қосылуы және сөздердің өзара тіркесіп жаңа мағына-ларға ие болуы арқылы жүзеге асады. Ондай сөздер пайдада болған кезін-де жана сөздер аталғанымен, кейінрек жалпыхалықтық қолданыска ие болып, қазақтың байырғы төл сөзіне айналады, сонын санында, сапасын да молайтады. Ал кейбірі қолданыста қанатын кең жая алмай, кейін тілден шығып та қалуы мүмкін. Дегенмен, ондай сөздердің өзі, уақытша болса да, сол кезең үшін жаңа сөздер болып қала береді.

Тіл ғылымында жаңадан сөз жасаудың үш түрлі жолы, тәсілі (лектика-семантикалық, синтетикалық, аналитикалық) бар деп есептелеуді. [5; 202-203-б.б.] Жырау шығармаларындағы жаңа сөздерді де, қысқаша болса да, осы түрғыда топтап көрсетуге болады.

Ескерте кететін бір жай – жаңа сөздерге басқа тілден енген сөздер де жатады. Бұндай сөздерге жоғарыда арнайы тоқталғандықтан, бұл жерде оған айрықша көніл бөлінбейді.

Базар жырау шығармаларындағы төмендегідей сөздердің сөзжасамдық тәсілдер арқылы пайда болған жасалымдық бірліктер ретінде түсінуге болады деп ойлаймыз.

а) Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер:

...Ділуар болды бұл күнде
Дым білмей тұрған *анайы*... (53-б.)

...Алыстайды қасынан –
Күйі жақсы күнінде
Қадірлес болған *сыбайы*... (53-б.)

.. Кеулімді қостым талай *алтайыга*,
Әлде де өзімді-өзім *сынайын* деп... (72-б.)

...Жаманнан қорлық жетісер,
Жар досың жылжып *кетісер*... (80-б.)

...Қаса бөрі қалған жсоқ,
Қайырылып қайғы жегендей,
Қақпанға түссе *жұбайы*... (53-б.)

...Айтқан *сөзі-ай екі үшты*,
Көбейген *аяр, мұдәйі*... (52-б.) т.б.

Бұл үзінділердегі қарамен терілген *анайы, алтайы, жаман, аяр, мұдәйі* сөздері негізгі мағынасында сын есім сөздер болып табылады. Бұл жерде олар зат есім қызыметінде, яғни субстантивтеніп тұр. Оның себебі сын есімдер тіркесуге тиісті зат есім сөздерінің (*анайы адам, алтайы түлкі* – бұл жерде *де кісі мағынасында, аяр, мұдәйі кісі*) түсіріліп айтылуына байланысты. Ал *сыбай* сөзі ерте-ректе *жолдас, дос* мағынасында айтылғанымен, қазіргі кезде *сыбай-салтаң, сыбайлас* түрінде қолданылады. Жырау сол көнерген сөзді жаңартып қолданған. Сол тәрізді қасқырдың *қанышығы* орнына адамға байланысты айтылатын *жұбай* сөзін пайдаланған.

Сондай-ақ, Базар жыраудың өзі жаңынан шығарды деуге тұрарлық, қазіргі оқырманға жекелей алғанда мағынасы түсініксіз, бірақ мәтінді, сөйлемді оку барысындаған мағынасын ажыратуга болатын сөздер де жиі кездеседі. Бұлар ерте кезде қолданылған көне сөздер болуы да не кірме сөздер болуы да әбден мүмкін. Ол арнайы зерттеуді қажет етеді. Мысалы:

...Айтқан сөзі-аіп екіштү
Көбейген аяр, мұдәні... (52-б.)

Араны жүріп тұрганда,
Байтаққа дәрпі шашылған... (77-б.)
...Атымын таптай іс қылса,
Қайратқа сеніп күш қылса... (79-б.)

... Біреулер малға ғани – бай болып жүр.
Дарияның іірім тартқан кемешіндей... (82-б.)

...Төрінен қызыба құлақ өлеңдетіп,
Жош етіп қызыл тілім, сен желіктің... (92-б.)

...Гұмірә демі бітсе, пендे гаріп,
Мысалы сүр киқтей мерген тосқан... (117-б.)

ә) Қазақ тілінің сөз байлығының басым көпшілігі сөзжасамның морфологиялық (синтетикалық) және синтаксистік (аналитикалық) тәсілдері арқылы жасалған сөздер екені жөнінде ғалымдар арасында алшак пікір жок. Әсіресе сөздің жүрнектар арқылы жасалуы ең өнімді тәсіл деп есептеледі. Базар жырау шығармаларында мұндай сөздердің алуан түрін кездестіруге болады. Олардың ішінде жалпыхалықтық тілге еніп кеткендері де, тіпті жыраудың өзі жасады дерлік сөздер де жеткілікті. Мысалы:

...Таланды ерге тап болар
Ақылга дана арулар,
Талибыбықтай бүралған... (50-б.)

...Қадірлеп қаниша бақсаң да,
Ере алмас қырсау қатарға
Ерқашты болған қамишыдан... (59-б.)

...Адамизат атамыз,
Көп болған жазық-**кунәні**... (53-б.)

...Затсыздан күтпе жақсылық,
Не айтарын білмейтін... (57-б.)
...Жігіт жсауға шаптай ма,
Толғаулы наїза бір атпен.

*Күдері баулы көк шыбың,
Сыпирма қылыш қынаптеп... (57-б.)*

*...Жанга жайлыш жақсы сөз
Татаусыз таза тыңдауга
Жауқазындаи арышыган... (59-б.)*

*...Серлемтім создің түрлерін
Әр саладан қамтылған... (60-б.)*

*...Келімін таптай сөз айтын,
Ретке келмес лаққан... (65-б.)*

*...Жарлылық пен жалғыздық
Дүшпанына қылар мат... (110-б.)*

Осы үзінділердегі асты сызылған сөздердің барлығы да белгілі бір сөз таптарынан жұрнақтар жалғану арқылы жасалған жаңа сөздер. Мысалы, *талаң* – зат есім + *-ды* – сын есі түдіратын жұрнақ, *зам* – зат есім + *-сыз* – сын есім жасайтын жұрнақ, *жақсы* – сын есім + *-лық* – зат есім жасайтын жұрнақ, *сер* – зат есім + *-ле* – етістік жасайтын жұрнақ т.б.

б) Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған сөздерге қурделі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін жатқызар болсақ, оған мыналарды дәлел етуге әбден болады:

*...Тұлпардаң толмайды оясы,
Сұлыққа сүйеп пардамен,
Тізгінін орап қақтырмай.
Оқтын-оқтын жаздырып,
Ойтаңдау жермен аңтармай... (40-б.) (кос сөз)*

*...Рәттін көрмей тіріде,
Ақырында жер тартқан... (41-б.) (тұрақты тіркес)*

*...Келімі келген кермиық,
Сагагынан үзілген
Кімдерден жесір қалған жоқ!.. (45-б.) (біріккен сөз, тұрақты тіркес)
...Кемтеген кімдер кіжініп
Кемтарышылық зарынан... (60-б.) (біріккен, туынды сөз)
...Ерлерге ыза шектірді.
Атанаң мекен-қонысын
Кәпірлер алып, жерлерін... (66-б.) (тұрақты тіркес, қос сөз)*

...Шөл қылмазай құдайым,
Байтақтың күзөр-сұатын... (111-б.) (қос сөз)

... Жетім-жесір мұғұлы мен
Fарптердің панасы... (125-б.) (қос сөз) т.б.

Базар жырау өз шығармаларында халықтық мақал-мәтеддерді еркін пайдаланған. Мақал-мәтеддердің синтаксистік құрылымы өлең-жырдың құрылымына қарай синтаксистік құрылымы бұзылғандары болғанмен, мазмұны толық сақталынған. Үзінділерге назар аударайық:

...Өнбейтін даудың ізінен
Өспейтін жігіт қуалар... (43-б.)

Жанастырмайды жанына
Жабы, шіркін, қорсылдат,
Мойнында тутам жал болса... (54-б.)

...Атың барда ел танып,
Ерді сыйла ас барда... (57-б.)

...Ер көгерсе алғыспен,
Жер көгерер деген бар
Жаңбырмен жауған тамшыдан... (60-б.)

...Қанагат қылса, кісінің
Тойғызар қарның деген бар
Қайғысыз жеген жарты нан... (60-б.)

...Өлинеулі демі біттесе,
Қырық жыл қыргын болғанмен,
Ажалаи жестеп ер өлмес... (67-б.)

...Әр кемелге – бір зауал... (78-б.)

...Аласы малдың сыртында,
Айыру қыын адамның
Ішіндең қылаңды... (80-б.) т.б.

Сондай-ақ, жыраудың өз жанынан шыққан, кейінгі үрпакқа үлгі боларлық, мақал-мәтеддік мәні бар тіркестер де кездеседі. Мысалы:

...Басында іспет бермесе,
Ағармас күнде бет жуған... (39-б.)

...Безенген жігіт сыналар
Қарындастың дауында-ай... (41-б.)

...Алладан аухал келгенде,
Батырлар тұрмас бағында-ай... (42-б.)

...Қадірлең қанша бақсаң да,
Ере алмас қырсау өттарға... (59-б.)

...Жолдас болсай нәмәртқа,
Аунатар бір күнде батпаққа... (74-б.)

...Құлазыған далага
Құладын тұрмас, байлласаң... (79-б.)

...Тозаңнан – жер, тамышыдан – теңіз болар,
Кірпіштен қаланбай кент істеле ме?.. (84-б.) т.б.

Сонымен, макалада Базар жырау шығармаларының тілдік қабаттарына қыскаша шолу жасау арқылы біз оның қазақ тіліне тән тілдік байлықтың қай түрін болса да, еркін пайдалану арқылы, заманға, замандастарына деген көзқарасынан туындаған ойын тыңдаушысын тәнти етер небір оралымды сөз қолданыстары арқылы дөл жеткізе билгенін аңғарамыз. Бұл жағынан келгенде, жыраудың өз замандастарынан озық тұстарын да, кейбір ортақ ерекшеліктерін де байқауға болады. Ал мұндай тілдік ерекшеліктерді теориялық тұрғыдан теренірек зерттеп, ғылыми айналысқа түсіру алдағы уақыттың еншісінде деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 1968.
2. Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., т.б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2005.
3. Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006.
4. Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. – Алматы, 1979.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

(«Базар жырау» – республикалық әдеби, ғылыми-танымдық журн. №1, 2012ж.)

А.Байтұрсынұлы және қазақ синтаксисі

(Қызылорда, «Болашақ» университетінің доценті, аға оқытушы Г.Ж.Садуахасовамен бірге)

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы жайындағы зерттеудердің басын алаштың сүйікті ұлы, ғұламағалым Ахмет Байтұрсынұлы есімін атаумен бастау қазақ ғалымдарының дағдысына айналғанына бар-жоғы ширек ғасырдай ғана уақыт болды. Кешегі Кеңес дәүірінің тұсында қазақ тілінің тарихы жайында немесе қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы туралы жазылған зерттеудердің басында орыс тілін зерттеуші ғалымдардың, қала берді орыс тілді түркітанушылардың аттары аталатын да, ал қазақ ғалымдарынан, сонын ішінде, өсіреле өткен ғасырдың 40-жылдарынан кейін шыққан ғалымдардың аты-жөндері ғана тілге тиек етілетін. Алайда зұлмат жылдардың құрбаны болған ұлылардың ақталып, жарықта шығуы қазақ ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы өз ғұламаларымыздың да болғанын, қазақ тіл ғылыминың дамуының Кеңестік кезеңінде олардың аты аталмаса да, ғылыми бастамаларының айрықша орны болғанын күмәнсіз дәлелдеп отыр. Соның бірі – А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімін, оның бір саласы ретіндегі синтаксис ғылымын қалыптастырударғы ой-пікірлері мен тұжырымдары деуге толық құқылымыз. Бұл оймызды ғалымның 1925 жылы Қызылордада баспадан шыққан «Сөйлем жүйесі мен түрлері» аталағын «Тіл – құралының» З-кітабы айғақтайды.

Алдымен синтаксистік ұғымдар атауын жасау яғни терминжасам тәсіліне келсек, автор өзіне дейінгі орыс ғалымдары қолданған шет елдік терминдердің бірде-бірін қолданбайды, бәрін қазақша баламамен ауыстырады – қазақша терминдер жасайды. Оны кітаптың «Сөйлем жүйесі мен түрлері» деген атауының өзі-ақ байқатады. Сол тұстағы синтаксис туралы ғылыми түсінік бойынша сөйлем ен жоғарға тілдік бірлік ретінде танылатындықтан, орыстың «предложение» сөзін «сөйлем» деп аударады да, осы сөйлем туралы ғылым саласы болып есептелеғін «синтаксисті» «сөйлем жүйесі» деген атаумен атайды. Сөйтіп, сөйлемге «сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой» деген анықтама бере отырып, сөйлем құраудың амал-тәсілдерін түсінік береді. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейтінін», «сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінкті етіп құрастыру туралы сөз табигатынан шыққан түрлі заңдар бар» екенін айта келіп, ол білімдерді «сөйлем жүйесі» деп атайды. Ғалым сөйлем жүйесін екіге бөлінеді деп есептейді: бірі – сөйлем ішіндегі сөздер турасындағы білім яғни сөйлем мүшелері, екіншісі – сөйлем түрлері туралы ілм. [1; 263-264].

Сөйлем мүшелерін «тұрлаулы, тұрлаусыз» деп бөліп, тұрлаулы мүшелерді «бастауыш» және «баяндауыш», тұрлаусыз мүшелерді «анықта-

уыш», «толықтауыш», «пысықтауыш» деп ажырата ат қою да, сондай-ақ пысықтауыштың өзін де мағыналық жағынан жіктең атап (сын, себеп, мақсат пысықтауыштар) алғаш А. Байтұрсыновтан басталады.

Сонымен бірге автор сөйлем ішінде кездесетін «аталған сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін «бұратана сөздер» де болатынын» айтып, оларды а) «қыстырма сөз» және ә) «қаратпа сөз» деп атайды.

Сөйлем түрлерінс байланысты А. Байтұрсынұлы әуелі «жалпы түрлері» деп алады да, оны «болымды сөйлем», «болымсыз сөйлем», «толымды сөйлем», «толымсыз сөйлем», «жалаң сөйлем», «жайылма сөйлем» деген түрлерге бөліп, анықтамаларын береді. Ал «айтылуынша айырылатын түрлерін» «сұраулы сөйлем», «лепті сөйлем», «тілекті сөйлем», «жай сөйлем» деген атаулармен атайды. Сондай-ақ, «құрылуынша айырылатын түрлерін» атаған кезде «іргелес сөйлемдер», «құрмалас сөйлемдер», «сыйысулы құрмалас», «салалас сөйлем», «сабақтас сөйлем», «басыңқы сөйлем», «бағыныңқы сөйлем» т.б. терминдерді қолданады. Бұл терминдердің бәріне де өзіндік ұғым-түсінігімен анықтама береді. Галым ұсынған осы атаулардың басым көшілігі өзінен кейінгі және қазірге дейінгі барлық синтаксистік зерттеулерде, ғылыми грамматикаларда, окулықтарда қазақша тілдік терминдер ретінде тұракталды және болашақта да солай болып қала береді деп сеніммен айтуга болады.

Әрине, кейінгі зерттеушілер бұл терминдер мен берілген анықтамаларды өз ізденістеріне негіз ете отырып, ғылым жетістіктеріне сай үнемі толықтырып, жетілдіріп отырды. Мәселең, алғашқы ұсыныс өзгертулерді профессор К. Жұбановтың еңбегінен кездестіреміз. Оған сол бір кездегі дүрбелең уақыт, солақай саясаттың әсері де, қазақ тілін ғылыми түрде зерттеудің жолға қойылмай жатуы да себеп болды. Бұған дейін өзінің саяси көзқарасы мен ұлттық ұстанымы үшін талай түрмеге жабылған А. Байтұрсынұлы 1936 жылы ақырғы рет ұсталып кеткеннен кейін де, оның «Тіл – құралы» тыйым салынғанына қарамастан пайдаланылуда болған. Сол тұстағы қазақ тіл ғылымымен айналысып жүрген мамандарымыздың бетке ұстары, қазақ тіл білімінің қалыптастыруна ерекше үлес қосқан ғұламаларымыздың бірі К. Жұбановтың өзі солақай саясаттың ықпалынан ерікіз шыға алмай, А. Байтұрсынұлы еңбегінің кемшін тұстарын қатты сынай отырып, оның еңбегін жоғары бағалауға мәжбүр болады. Бұл жөнінде галымның мына бір сөзін еске сала кестейік: «... Қысқасы, бүтінге дейін қазақ тілін тексерулерімізде А. Байтұрсынұлының дәрежесінен әлі көш жер кейін жатырмыз... Біз әлі тек айқайлаумен, құргақ сөзбен, бет алды құла дұз боктаумен, мінеумен жүрміз... Шынында неге осы уақытқа дейін Байтұрсынұлының кітаптары қолданылып келеді? Неге оның тіл құралдары 1-басқыштан бастап жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де жарап

жүр. «Тіл – құралмен» оқыту тыйылған бола тұрса да, мұғалімдеріміз неге әлі күнгө дейін оны құрандай қолтықтап, сабакқа сонан даярлана-ды? Кім бұған айыпты? Әлде, сол мұғалімдер ме? – Жок. Бұған біз, тіл зерттеушілері айыптымыз. Бұғінге дейін қазақ тілі жайында жазылған жолбасшы кітаптарымыздың бәрі де «Тіл – құралдан» кем болған. Біздің шығарған кітаптарымыздың кеудесінс нан піскендей мен-мен-дігі болғанмен, іші қуысырақ соққан. Білімге сусаған қалың мұғалім бұлардан шөлін қандыра алмаса, бірқатар жоғы «Тіл – құралдан» та-былып тұрса, ол сусынды содан ізdemей, қайдан ізdesін?...» [2; 34-35] Міне, осындай олқылықтың орнын толтыруды максат еткен Қ. Жұба-нов қазақ тілінің ғылыми курсын даярлауға бел шешіп кіріседі. Осы бағытта «Тіл – құрал» жөнінде, әсіресе оның теориялық жағының әл-сіздігіне қатты сын айтқан ғалымның өзі де Байтұрсынұлы қолданған терминдерді қолданбай тұра алмады және кей терминдерге өзгерістер енгізуге тырысуышылығы болғанымен, кейін олардың кейбірі тіл ғылы-мында орныға да алмады. Мәселен, ғалымның «Жаңа грамматиканың жаңаңылдықтары жайынан» деген 1937 жылғы мақаласында тұrlаусызы мүшелердің бәрін бір ғана «айқындауыш» деген атаумен атау қажетті-гін өзінше дәлелдей отырып, оны іштей «анықтауыш», «толықтауыш», «пысықтауыш» деп жіктеуге мәжбүр болады. [2; 320] Сондай-ақ, ға-лым А. Байтұрсынұлының сөйлемді «айтылуынша айырылатын түрлері» деп бөлген түрлерін сөйлемді дауыс сазына қарай «хабар сазы», «леп сазы», «сұрау сазы» деп атау қажеттігін ұсынған болатын. Жоғарыда аталған «айқындауыш» та (кейін ол басқа мағынадағы тер-мин ретінде қолданылатын болды), «саз» сөзі де кейінгі тілшілердің қолданысынан қолдау таба алған жок. Мысалы, С. Аманжолов мағы-на жағынан сөйлемді «хабарлы сейлем», «сұраулы сейлем», «лепті сейлем», «атаулы сейлем» деп бөлсе [3; 63], алғашқы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» академиялық грамматикасында: «Олар (сөйлемдер) жұмса-лу мақсатына, айтылу сазына қарай мынадай негізгі уш салаға бөлі-неді: хабарлы, сұраулы, лепті» делінеді де, одан әрі «хабарлы сей-лем», «сұраулы сейлем», «лепті сейлемдер» деп аталып, анықтамалар беріледі (бөлімді жазған – М. Балақаев). [4; 369] Мұндағы «мақсатына қарай» деген тіркес кейінгі зерттеулерге арқау болды. О. Төлегеновтің зерттеу енбегінде «мақсат мәнді сейлемдер» ретінде «хабарлы сей-лем», «сұраулы сейлем», «бұйрықты сейлем», «лепті сейлем» деген атаулармен арнаійы бөлек зерттеу нысанына айналады. [5; 78] Бұдан кейінгі барлық грамматикаларда осы терминдер қолданылып келеді.

Бұдан шығатын корытынды – осыдан бір ғасыр бұрын А. Байтұр-сынұлы қалыптастырған синтаксистік терминдердің басым кепшілі-гі кейінгі ізденімпаз ғалымдардың арқасында мағыналық жағынан толығып, қолданыс тұрғысынан кемелдеіп, құрылымдық жағынан жаңартылып, қазіргі қазақ тіл білімінің ұлттық ұғымдары ретінде қа-

лыптасты. Қайсыбірі қолданыстан шығып та қалды. Бұған мынадай мысалдар көлтірге болады:

1. «Салалас құрмаластың қызысы 5 түрлі болады: жиылышыңы, қайырыңы, айырыңы, сұйылыңы, қойылыңы.» [1;302] Қазіргі кезде де «салалас құрмалас» термині өзінің ұғымына сай қолданылады, бірақ оның түрлері мағыналық-құрылымдық түрғыдан мүлдем басқаша аталады.

2. «Сабактас сөйлемнің белгісі – бірнеше сөйлемнің бірігіп, біріне-бірі сабакталып, байланысып айтылуы. Сөйлемдер сабакталып біріккенде, бірі басыңы болып, екіншісі бағыныңы болып бірігеді.» Мазмұны қарапайым болса да, қазіргі сабактас құрмаласқа сәйкес келеді. Ал оның сынарларының бағыныңы, басыңы болып аталауды қазіргі грамматикамызда сакталған. Сондай-ақ, бағыныңының түрлері ғалымда мынадай атаулармен беріледі: «бастауыш бағыныңы сөйлем», «анықтауыш бағыныңылы сейлем», «толықтауыш бағыныңылы сөйлем», «мезгіл пысықтауышының бағыныңысы», «мекен пысықтауышының бағыныңысы», «сын пысықтауыштың бағыныңысы», « себеп пысықтауышының бағыныңысы» т.б. Бұлар да сөл өзгеріспен кейінгі грамматикаларда қолданылып келеді.

3. «Қыстырынды сөйлем» – қазіргі қыстырма сөздер мен сөйлемдер, «көлтірінді сөйлем» (Ғалым бұны екіге бөліп көрсетеді – төл сөз бен төлеу сөз. Қазір де осы соңғы атаумен қолданылады).

4. «Орамды және өрнекті сейлем» – кейін жай сөйлемдердің күрделенген түрінің, күрделі синтаксистік тұтастықтың арнайы нысан ретінде зерттелуіне алғып келді.

Ғалымның ұлтжандылығы негізінде тіл терминдерін түгелдей қазақшалау ниетінен тұған, өз түсінігі мен өз ұғымы бойынша берілген атаулардың барлығы дерлік ғылымнан орнын тапты десек, қателескен болар едік. (Оның бірсынырасын жоғарыдағы мысалдардан да көруге болады.) Әйтседе атауларға берілген анықтамалар сондай мағынадағы тілдік заңдылықтар мен ерекшеліктердің қазақ тілінде бар екендігін көрсустемен бірге, кейінгі тіл ғылымының теориялық түрғыдан жан-жақты дамуына, көптеген салалардың пайда болуына бағдаршам болғаны рас. Мәселен, «іргелес сөйлемдер» деген атаумен берілген мысалдарда «ой ірғесімен жанасқан» бірнеше жай сөйлем беріледі. Бұл қазақ тіл білімінде кейінгі кездеған зерттеу нысанына айнала бастаған «мәтін» (текст, контекст) мәселесінің зерттелуіне жол ашты десек болады.

Жоғарыда аталған «сөйлемнің жалпы түрлері» деп аталатын болымды, болымсыз, толымды, толымсыз, жалаң, жайылма сөйлем түрлеріне А.Байтұрсынұлы бір-бір сөйлеммен ғана анықтама береді де, мысалдар көлтіреді. Бұл сөйлемдердің жасалу жолдары мен тәсілдері, қолданыстағы ерекшеліктері жөнінде ешбір мәлімет берілмейді. Тіпті кейірінің анықтамасы екіншісінің анықтамасымен ұқ-

сас та болып жатады. Мысалы, «толымды сөйлем» мен «толымсыз сөйлем» анықтамаларын салыстырып көрейік. Толымды сөйлем: «Тұрлаусыз мүшелері бар сөйлем толымды деп аталады». Жайылма сөйлем: «Тұрлаулы мүшелерінен басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем жайылма деліп аталады». Алғашқысында тұрлаулы мүшениң болу-болмауы жөнінде әңгіме жоқ. Ал тұрлаулы мүше болмаса, сөйлем қалай толымды болады? Егер анықтамаға бұл екеуінің болуы жөнінде ой қосылса, онда анықтама екінші анықтамамен бірдей болып шығады. Сондай-ақ, екі тұрлаулы мүшениң не оның бірін жоқ деп есептесек, онда толымсыз сөйлем анықтамасы болып шығады. Жогарыда аталғандай К.Жұбановтың сынауы да осындай олқылықтар төңірегінде болды. Міне, осы тәрізді қайшылықтары бола тұра біз А. Байтұрсынұлын қазақ тіл білімі ғылыминың барлық салаларының, соның ішінде синтаксистің де негізін салушы деп есептейміз. Оның бірнеше себептері бар.

1-ден, ол қазақ тіл білімінің барлық салалары бойынша қазақша тілдік терминдерді қалыптастыруға зор енбек сінірді; 2-ден, сөйлем синтаксисінің бір-бірімен байланысты әрі өзіндік ерекшеліктері, зан-дышылықтары бар екі ірі саласын – сөйлем мүшелері мен сөйлем тұрлерін айқындалап берді; 3-ден, сөйлем мүшелері мен сөйлем тұрлеріне байланысты айтқан ойлары мен берген анықтамалары қаншама ғылыми еңбектердің, жаңа теориялық ой-пікірлердің дүниеге келуіне жол ашты, бастама болды.

А.Байтұрсынұлының синтаксиске қосқан тағы бір үлесі – сөйлемнің тыныс белгілері туралы айтқан ойлары мен олардың таңбалары туралы пікірі. Фалым белгілеген тыныс белгілерінің атаулары мынадай: 1) кіші сзызықша (тіркестіру белгісі) – қазіргі дефис, 2) үлкен сзызықша (жұмақтау белгісі) – қазіргі сзызықша, 3) ноқат-нұктес (ұлы тыныс) – қазір нұктес, 4) үтірлі ноқат-нұктес (орта тыныс) – қазіргі нұктелі үтір, 5) теріс үтір (кіші тыныс) – қазіргі үтір, 6) қос ноқат-қос нұктес (бәшелеу белгісі) – қазіргі қос нұктес, 7) сұрау белгісі, 8) леп белгісі, 9) көп ноқат-көп нұктес, 10) қабат үтір (қабатша қос тырнақ) – қазіргі тырнақша, 11) жакшы (қамау белгісі).

Міне, фалым көрсетіken тыныс белгілерінің осындай 11 түрі мен олардың қолданылатын ережесі туралы пікірі қазіргіден алшақ емес. Алайда, қазіргі кезде бұлар саны жағынан да, қолданылу ережелері турасында да жетілдірілген, толықтырылған. Тыныс белгілерін зерттеген арнайы зерттеу жұмыстары да жеткілікті. Сондықтан А.Байтұрсынұлы бұл бағытта да қазақ тіл біліміне өлшеусіз үлес қосты деуге болады.

Сонымен, қазіргі қазақ тіл білімінің синтаксис саласындағы қандай да бір жетістіктер мен жаңалықтар болса, қазақ халқының адаптация, алаш көсемдерінің бірі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының

идеясынан бастау алады. Бұл идея әлі де талай тілші-ғалымдардың жарқырап шығуына, қазақ тіл ғылыминың өрістеп, өркендей түсуіне жолашар болатындығы сөзсіз.

Пайдаланылған әдебистер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А.: «Ана тілі», 1992
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А.: «Ғылым», 1999
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы. – А.: «Санат», 1994
4. Қазіргі қазақ тілі. А.: «ҚССР FA-ның баспасы», 1954
5. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – А.: «Мектеп», 1968

(«*А.Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі*» – Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 19 ақпан 2013 ж.)

М.Дүйсенов шығармаларының кейбір лексикалық ерекшеліктері

Біз білетінде, Мырзабек Дүйсенов – өз шығармашылығын балаарға арналған әңгімендегі бастап, әдебиеттану ғылыминың зерттеушілік бйігіне жеткен жазушы-ғалым. Жастану кезімізде жазушының қаламынан туындаған әңгіме, повестерінен, әсіресе балаларға арналған шығармаларынан нәр алып өссек, студент кезімізде және кейінгі ұстаздық қызметімізде де оның ғылыми енбектерімен сусындалған жетілдік. Осы кезге дейін М.Дүйсенов шығармалары негізінен әдебиеттану тұрғысынан зерттеу нысаны болыпты да, ал тілдік тұрғыдан арнағы қарастырылмаған еken. Осы бір олқылықтың орнын толтырудың бастамасы болар деген ниетпен 1984 жылы жарыққа шыққан «Біз – күн перзентіміз» атты повестер жинағына енген «Әлемнің шырағы» атты бір ғана повесінің тіліне лексикалық тұрғыдан аз-кем сипаттама беруді мақсат еттік. Мүмкін, біздін ойларымыз келешек ғылымға бой ұрған жас талапкерлерге жазушы шығармаларын тілдің әр саласы тұрғысынан зерттеу бағытында нысана болар деген ойдамыз.

Повестің бас кейіпкері – алты жасына дейін атасы мен әжесінің колында өсіп, қазір ғылыми қызметкер экесі мен дәрігер анасының колында оқып жатқан, қазақша мен орысшаны жетік білетін, енді ағылшын тілін үйреніп жүрген, олардан басқа араб, парсы тілдерін де менгеруді мақсат тұтқан білім мен ғылымға ынтызар окушы – Даужан.

Осы бір талантты бала-кейіпкердің көрген түсі шығармаға арқау болады. Шығарманы жай таза көркем әдеби шығарма дегеннен ғері, ғылыми стилде жазылған, қажетіне қарай көркем де бейнелі сөздер-

мен өрілген аралас стильдегі шығарма деп есептеу қажет тәрізді. Міне, бұл ерекшелік оның тіліндегі лексикалық бірліктердің қолданысынан айқын көрінеді.

Тілдің лексикалық байлығын құрайтын бірліктер ішінде ғылыми терминдер мен сол терминдерді ғылыми атап ретінде дүниеге келтірген және оны пайдалана білген ғалымдардың есімдері – **антропонимдердің** орны ерекше. Біздің әңгімемізге арқау болатын да осы тілдік бірліктер.

Повесть лексикасының негізін, алдымен ғылымның түрлі салаларына қатысты **терминдер** құрайды. Ал бұл терминдердің ішінде қазақ оқырманына бұрыннан белгілі атальнымдар да, ғылым жетістіктеріне байланысты кейін жаңадан пайда болған сөздер де бар. Бұл атальнымдар білімге құштар оқушыға түсіне енген ұстазы мен түрлі мамандық іелерінің арасында болған әңгіме арқылы жеткізіледі.

Шығармадағы терминдік атальнымдарды топ-топқа бөліп жатуды болашақ ізденушілерге қалдышып, кейіпкерлердің сөйлеуі барысында қолданылған терминдерге сипаттама берумен шектелуді жөн көрдік.

Кітаптың алғашкы бетінен-ак негізгі кейіпкердің сөздерінде *космонавт, салмақсыздық, теледидар, спортшылар, олимпиада чемпионы, дәрігер, гипноз, ғылыми конференция, симпозиум, ғылыми қызыметкер, радио, транзистор, музыка, академия, магнит лентасы, микрофон т.б.* тәрізді терминдік сөздер кездеседі. Осы терминдердің қай-қайсысы да Кенес дәүірі түсіндеғандаған тілімізге енген сөздер болғанымен, олардың ішіндегі басым көпшілігі – мысалы, *космонавт, салмақсыздық, теледидар, олимпиада чемпионы, симпозиум, транзистор т.б.* сияқтылары өткен ғасырдың 60-жылдарынан кейін, нактырақ айтқанда, кітап уақығасына сәйкес мезгілге жақын уақытта пайда болған, сол кезең үшін жаңа терминдер болғанында сөз жоқ. Автор жас кейіпкерінің ауызына еп дегеннен осында жаңа сөздерді салу арқылы оның болашағынан зор үміт күттіретін азамат болып шығатынына сенеді. Сондай-ақ, жазушы бұл ойын баланың түс көруі кезіндегі ғалымдардың айтқандарын зейін қоя тыңдауы, қажетті жерінде олардың сөздеріне араласуы, сұрақ қойып, жауап алту арқылы терендете түседі.

Мәселен, кейіпкердің түсінде ұстазы кездесуге атасын және екі ғалымды шақырыпты. Ұстазы «айналадағы тіршілік, жаратылыс, т.б. құбылыстардың болуы ненін құдіретімен?» деген алғашқы сұрагын мұның атасына қояды да, оған «Бәрі де құдайдың құдіреті ғой» деген жауап алады. Осы тұста, шығарманың алдында Кенес үкіметінің атеистік саясатын материалистік идеямен дәлелдеу максаты тұрғанын да жоққа шығармауымыз қажет. Өйткені бұл саясатты қолдау, нактырақ айтқанда, «социалистік реализм» әдісімен жазу – Кенес Одағы жазушыларының бәріне де ортақ міндет болды.

Яғни, жазушының дінге сенетін ақсақалдың сөзін жокқа шығару мақсагында екі ғалымды кейіпкер етіп алуы да осы міндеттен туындаиды. Бұл үшін жазушыны жазғырудың еш реті жоқ. Бізді қазір шығарманың бұл саяси жағы қызықтырмайтындықтан (әрине, қазіргі саясат, жаңа көзқарас тұрғысынан бұл жағын да арнайы зерттеу нысаны етуге болады), негізгі тақырыбымызға көшейік.

Ақсақалдың сөзіне қарсы жауап ретінде геофизик ғалымның алғашкы сөзі былайша басталады (экранда жарылыс пайда болып, одан жан-жакқа ұшқындар шашырайды):

«— Бұл — әлем, ғылымда абсолюттік кеңістікті — вакуум дейді. Әлем дегенді бәріміз де ұшы-қырына көз түгілі ой жеткісіз шалқар кеңістік, бос қуыс сияқты сезінеміз. Осы кеңістікте тарыдай шашылған заттық дүние бар, олар: жұлдыздар, планеталар, космостағы газ — тозаңың бөлшектері, атомдық ядролар, олардың айналасындағы электрондар... Әлемнің шекіздігіне қараганда, бұлар оның қасында көзге көрінер-көрінбес болмашы түйіршікттер ғана. Ал физикалық теорияга дең қойсақ, осы бос қуыс сияқты көрінетін кеңістіктің әр нүктелерінде уздіксіз заттық процестердің алмасуы жүріп жетады...» Бұдан әрі ғалым вакуумның бос қуыс емес екендігін дәлелдеуге байланысты «жарық сауле», «фотон бөлшектері», «кванттық механика», «микроскофиялық бөлшектер», «материя» деген ұғымдарды қолданады. Осы ұғымдардың бәрі де физикалық, химиялық терминдер ретінде мектеп окульптарынан басты кейіпкерге таныс. Алайда, жазушы мақсаты — ұғымдарды атап қана қою емес, сол атаулардың шығу себептері, осындай атауларға ие болған түрлі құбылыстардың өзара әрекеттесуі арқылы дүние жаратылысина әсері, яғни түрлі ғылымның пайда болуы мен дамуы жайлыштасынан беру. Бас кейіпкер Дәужанның ғалым айтқан сөздерден ұққаны — аспандағы өзіне кішкентай кезінен атасының айтуы арқылы таныс болған «*Ұшарқар*», «*Шайтантаразы*», «*Қөкшашқапақ*», «*Үркер*», «*Есекқырган*», «*Ақбоз ат*», «*Қөкбоз ат*», «*Жемітқарақшы*» аталатын жұлдыздар осылай пайда болған. Одан әрі халқымызға талай ғасырлар бойы әрі таныс, әрі далалық өмірде белгілі дәрежеде қызмет етіп келе жатқан осы жұлдыздар жайында атасы айтқан аныздарды, әжесі айтқан «*Шым шытыр*, *шидей қотыр*», «*Тауыққа тары шаштым*» сияқты жұмбақтарды еске түсіру барысында бала қиялы одан әрі шарапқтай түседі, білуге деген құштарлығы артады.

Шын мәнісінде де жұлдыздарға қойылған қазақша атаулардың біразы кезінде халық қиялынан тұганына қарамастан (мұны тілде «халықтық этимология» деп атайды), ғылыми атауларға — астрономиялық терминдерге — айналғаны ақырат. Халықтық этимология демекші, қазіргі «жұлдыз» терминінің шығуына да қазақ халқының «аспанда жарқырап, сәүле шашып тұруына қарай жұлдыздарды күн-

нің жұлдынған бөлшегі» деген қарапайым түсінігі негіз болған тәрізді. Мұны тарихи этимология түрғысынан да дәлелдеуге болады. Мысалы, «жұлдыз» сөзінің түбірін «жұл» етістігі деуге, ал «-дыз» қосымшасын «құндыз», «балдыз» деген сөздерде кездесетін сөз тудыруышы жүрнақ деуге әбден болады (ізденушілерге бағыт).

Ал енді аспан әлемін зерттейтін астрономия ғылымының терминдеріне айналған Күн, Альфа Геркулес, Күн жүйесі, планета, астероид, метеорит, комета (құйрықты жұлдыз), Меркурий, Марс (Кызыл жұлдыз), Венера (Шолтан), Юпитер(Есекқырган), Сатурн, Уран, Нептун, Плутон, Жер (оның серігі – Ай) жұлдыздарының атауларымен, олардың өзіндік ерекшеліктері және өзара карым-қатынасы жайындағы деректермен жас кейіпкер ғалымының бұдан кейінгі әнгімелері арқылы таныс болады. Осылардың ішінде Күн-нің ерекшелігін танытар тұста ғылымда оның «Желтый карлик (Сары ергежейлі)» аталағындығы, оның себебі түсіндіріледі. Сондай-ақ, әңгіме барысында бұрын аталаған басқа да термин сөздер тілге тиек етіледі. Мысалы: масштаб, сәуле жылдамдығы, сутегі, гелий, плазма, температура, галактика, экватор, күннің осі, полюс, фотосфера, хромосфера, күн тәжісі, кіші планета, космос кораблі, ракета, орбита т.б. Осы терминдердің бірсынырасы бірнеше ғылымға ортақ терминдер ретінде колданылатыны бізге орта мектеп бағдарламалары мен оқулықтарынан белгілі.

Бұдан әрі әңгіме тікелей Жерге ауыскан кезде де талай бұрыннан белгілі де, жаңа да терминдер қолданысқа еніп, кейіпкерді ғана емес, оқырманды, әсірессе жастарды ғылымның тереніне тарта түседі.

Мәселен, Жердің пайда болуы жөніндегі әңгімеде бу, су, мұхит, тау, құрлық, тозақ, газ, жазық, өзен, тас, шарттылыс заңы, көмір қышқылы, көміртегі, сутегі, оттегі, күкірт т.б. қазақи және аударма атаулармен бірге организм, атмосфера, геосфера, мантия, ядро, субядро, магниттік оріс, инфра қызыл сәуле, кратер, магма, радиоактивтік энергия, экватор, геохимиялық жарылыс, вулкан, аминқышқылдар, белоктар, азот, фосфор, молекула, микроскоп т.б. шетел тілінен енген немесе сондай сөздерге қазақша аударма сөздер тіркескең күрделі атаулар молынан кездеседі. Бұлар Жер бетінің және ондағы тіршіліктін алғашқы жаратылуын дәлелдеу үшін қолданылған физикалық және химиялық өзгерістерді атауға байланысты терминдер болып табылады.

Енді әңгімеге биолог ғалым кіріседі. Оның сөзінде Жер бетіндегі тіршіліктің дамуына байланысты өзгерістер ғылыми тілде тәптіштеп баяндалады және соған сай шығармада жаңа терминдік атаулар пайдаланылады. Мәселен, бір клеткалы дүние, балдырлар, шылаулар, бұлышықтар, сезім мүшелері (үіс, көру, есту), дene мүшелері (бас, аяқ, қол, құйрық т.б.), хомореңеторлар, нерв системасы, ми, түйсік, эй-

озей, палеозей, мезозей, бронтозавр(кесіртке), динозавр, ихтиозавр, кайнозей т.б. толып жатқан атаулар қазіргі кездегі биология, физиология, психология, тарих, полинтология, геология т.б. ғылымдардың ортақ пайдаланатын терминдері болып саналады.

Ендігі бір топ атаулар адамның пайда болуына байланысты айтылады. Мысалы, *полизиадапис* – адамның арғы ата тегі, *сүтқоректілердің* бір тармағы; одан соң *шала маймыл*, *маймыл және антропоидтар* тарайды; *антропоидтардан адам тектес маймылдар* және *гоминидтер* бөлініп шығады; адам тектес маймылдар кейінірек *орангутандар*, *гibbonдар*, *гориллалар*, *шимпанзелер* болып бөлінеді; *гоминидтерден дриопитектер, рамопитектер, австралопитектер* тарай бастайды. Галымдар адамдардың арғы тегі *рамопитектер* болуға тиіс деген болжам айтады.

Міне, осы бір мәтін ішінен тарих, антропология, сондай-ақ археология ғылымына да қатысты ортақ терминдердің байқап отырығанда-рыңыз айқын. Мұның өзі автордың көп оқыған, талай ғылым сала-сынан хабардар, терең білімді жан екендігін көрсетсе керек.

Шығармада бұл ерекшелік кейіпкерлер тараҧынан айтылатын тарихта болған не бір білімпаз адамдардың есімдерінен, олардың еңбектерінен анғарылады.

Повестің басында бала кейіпкер Дәужанға ағасы көп тілді білудің маңызы жеңінде айта келіп, мынадай бір мысалдар келтіреді: – *Чер-нышевскийдің еңбегін түт нұсқада оқу үшін Карл Маркс орыс тілін әдебі үйренген гой*, – деді. *Лениннің де бірнеше тілді үйренгенін, ол Маркстың «Капитал» деген зерттеуін түтнұсқадан оқығанын айтты*. Осы бір үзіндіде келтірілген есімдердің кай-қайсысы да өз ке-зенінің «ұлы» ойшылдары ретінде тарих саҳнасына шықкан адамдар. Эрине, қазіргі біз құрып жатқан қоғам үшін олардың саяси бағыттары аса маңызды болмаса да, тіпті, іс-әрекеттері аса қауіптілігімен көрін-се де, олардың кейбір адами, рухани сипаттарының үлгі боларлық жағын жоққа шығара алмасақ керек. Сондықтан тарихта болған осын-дай кіслердің жағымсыз сипаттарымен бірге жағымды жактарын да жастарға қатар айтып отырығаның зияны болmas деген ойдамыз.

Шығармада діни көзқарасқа қарсы шығып, «жер жұмыр шар си-яқты, айналып тұрады» деген Италия ғалымдары *Галилео Галилей мен Джордано Бруноның* аттары атальып, діншілдерден қысым көрген Галилейдің өз пікірінен қайтқаны үшін аман қалғаны, ал Джордано Бру-ноның пікірінен қайтпағаны үшін отқа жағылғаны баяндалады.

Сондай-ақ, құйрықты жұлдыздар мен меторларды «жер сияқты планеталардың құйреуінен пайда болған» деп есептейтін Кенес ға-лымы *C.B. Оловстың*, жұз жиырма алтыншы астероидқа көне грузин-дердің әйел патшасының есімі деп есептелетін «Тамара» деген атты беретін Австрия ғалымы *И.Пализаның*, жер туралы алғашқы теріс

түсініктеге сенемін деп, ақырында женіліске үшыраған Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлкарнайын), Жерді күннің сынығынан пайда болған деп болжаған XVIII ғасырдағы француз табиғат зерттеушісі Лекрек де Бюффоның, оған карама-карсы «жер әу бастағы әр түрлі формадағы астероидтар мен метеоройдтардың біргуінен құралған» деген болжам айтқан Кеңес геологы Б.Л.Личковтың, осыған жақын пікірдегі О.Ю.Шмидтің есімдері аталады.

«Шолпан яғни Марста тіршілік болуы мүмкін» деген мәселеге байланысты болжамдар айтқан италиялық Скиапареллидің, Америка астрономы Ловелдің, онда тіршілік жоқ екендігін кесіп айтқан Кеңес ғалымы Ф.Г.Фесенковтың, «Айда өмір бар деген» пікірдің иесі ағылшын астрономы К.Фламарионның пікірін айта алғаш табан тигізіп, іс жүзінде жоққа шығарған американцы космонавтар Н.Армстронг пен Э.Олдриндердің. Жердің айналысы, формалық өзгерістері, басқа да құрылымдық ерекшеліктері туралы түрлі болжамдар айтқан В.В.Белодуров, А.Клеро, Е.В.Тышанов, Л.Пухляковтардың тағы да басқа әлемдік ғалымдардың есімдері де қазіргі жас үрпақты қызықтырмай қоймаса керек.

Жазушының шеберлігі – осыншама аталған терминдік мәні бар сөздерді, осындағы сөздердің шығуы мен қалыптасуына үлес қосқан әлемдік ғалымдардың аты-жөндері мен ой-пікірлерін еркін пайдалана отырып, оқырманды, әсіресе жас үрпақты ғылымға жетелейтін шағын да болса, күрделі, мәнді шығарма жаза білуінде десек орынды болады.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе мынадай тұжырымға келдік:

1-ден, шығарманың жоғарыдағы біз нысанда еткен тілдік ерекшелігі автордың жай ғана көркем тілді жазушы емес, ғылымның әр саласынан хабардар, әсіресе тарих тереніне молынан сұнгіп, қажетіне жарата білген ғалым-жазушы екендігін дәлелдейді. Әсіресе, тарихи нақты дерекке сүйенілген шығарма жазу үшін осы қасиет қажет-ақ. Осыған байланысты «Егемен Қазакстан» газетінің «дәңгелек үстелі» басында болған әнгімеде (27. 07. 2013 нөмірінде басылған) жазушы Ә.Сарай айтқан мына сөзді келтіре кеткеннің артықтығы болmas дедік. Ол: «Біз тарихты жазып жатырмыз дейміз, алайда, игеру былай тұрсын, мұртын да сындыра алмадық. Ғұн, түрік дәуірлері туралы біліміміз сәл-пәл кеңейді. Сол дәуірлерден бірдене сұраса айта алатындағы жағдайға келдік. Ол да біздің жазушыларымыздың қайратының арқасында. Тарих туралы алғашқы кітаптардың бірін Мырзабек Дүйсенов жазып еді,» – дейді.

2-ден, шығарманың жас үрпақты тәрбиелеуде өлшеусіз құндылығын айтпасқа болмайды. Әсіресе, оның жас кейіпкерінің алдына көп тілді менгеруді мақсат етіп қоюын кездейсоқтық емес, көрегендік десек болады, Өйткені Егемен еліміз, Елбасымыз қазіргі жастар

алдына дәл осы міндетті қойып отыр. Сонымен бірге, шығарманың ендігі техниканың қарыштап өсken дәүірінде, жастарды кітаптың емес, техниканың құлы болудан сақтандырып, оларды кітап оқуға, барлық ілім-білімнің, ғылымның негізі кітапта екеніне көздерін жеткізуде зор маңызы бар. Оның үстіне, қазіргі қоғамда өз тарихымызды өзіміз жаңадан жазу талабы қойылып отырган кезде, мұндай деректерді білудің мәні айрықша екені тағы да даусызы.

З-ден, М.Дүйсенов шығармаларын тілдік тұрғыдан жаң-жақты зерттеудің мезгілі енді ғана келген тәрізді. Тек тілдік тұrғыдан ғана емес, философиялық, педагогикалық тұrғыдан, ең болмағанда, дипломдық жұмыстар деңгейінде болса да, зерттеу қажет деп есептейміз. Бір ғана мысал: осы шығармадағы бір кейіпкер – Дэужаннның атасы. Ол шығарманың сонына дейін «дүниені құдай жаратты» деген сөзінен танбайды. Яғни, шығармада келтірілген материалистік бағыттағы қаншама деректер оны иландыра алмайды. Расында да, барлық дәлелдер «дүние жаратылысының басы бір клеткалы зат» дегенге саяды да, ал сол бір клеткалы зат қайdan пайда болды дегенге жауап бере алмайды. Кешегі материалистер мен идеалистер арасындағы саяси курсес бұл күнде басқаша сипат алғаны бәрімізге де аян.

(«М.Дүйсенов және қазақ әдебиеттану ғылымның өзекті мәселелері» – Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Қызылорда, б желтоқсан 2013 ж.)

Тіл байлығы туралы тендессіз еңбек

(Академик Ә.Қайдардың этнолингвистикалық сөзділігінің
I томы жайында)

Қазіргі қазақ тіл ғылымында «антропоцентризм» идеясының пайда болғанына да біршама уақыт болды. Бұл еліміздің егемендік алып, еркін өмір суре бастауымен бірге келген құбылыс десек те болады. Өйткені қоғам дамуының басты тетігі АДАМ екендігі рас болса, оның осы жолдағы барлық әрекеті тіл арқылы ғана жүзеге асады, тілде ғана көрініс береді. Қазіргі кезде тілді зерттеудің алуан түрлі жаңа бағыттары бойынша көптеген еңбектер жарық көруде. Солардың қай-қайсында да АДАМ – орталық, басты нысан. Олай болуы қай қоғам үшін де заңды. Біздің жағдайымызда бұл – жаңа қоғамның белсенді мүшесі, соны орнықтыруши, дамытуши адамды – жас ұрпақты ұлттық тілдің нәрімен сусындана отырып тәрбиелеу, ана тілінің мемлекеттілігін, оның қолданылу аясын барынша кеңейту, елімізді мекендейтін барлық ұлттардың ортақ тіліне айналдыру қажеттігінен туындал отырган мәселе. Бұл туралы, әсіресе, ұлттық рухты азаматтарды тәрбиелеуде

тілдің аткарап рөлі жайында Елбасымыздан бастап талай тіл жанашыларды сез қозғап келеді.

Алайда, құнделікті қарым-катаынаста, тәрбиелу мен білім беру үдерісінде тіліміздің алтын қорындағы сөздердің мағынасын бәріміз бірдей барынша байыбына барып түсінін, ретіне қарай орынды қолдана алып жүрміз бе? Осыны ойланатын уақыт келген тәрізді, келген емес-ау, өтіп бара жатқанын да байқамайтын сияқтымыз. Бұны бізден тәрбие, білім алды жатқан қазіргі шәкірттеріміздің, тіпті шәкірттеріміздің ғана емес, ел ағасы дәрежесіндегі азаматтардың да, бірнеше оку орнын бітірген ұжым басқарушы шенеуніктердің де қазақша ойлау жүйесінен, ауызекі сез саптауынан-ақ (*окып отырық, айту керекніз, осының барлықтары т.б.* тәрізді қолданыстардан) ангаруға болады. Мұның себебі – біз әрбір сөздің мағынасы халқымыздың дүние танымының жемісі екенін, оны қолдану да сол танымдық сипатта болуы қажеттігін естен шығарып алғандығымыздан болса керек. Ал ол үшін сез этимологиясын, оның халықтық (этностиқ) ұғым-түсінігін барынша терең менгеруіміз қажет. Эрине, лексикалық байлықты құрайтын барлық сөздердің қолданыстық мағынасын түгелдей біліп қолдану мүмкін емесі де анық. Бірақ еліміздің казіргі дамуы жағдайында оны барынша молырақ білуге тырысу әр азаматтың міндеті деп ойлаймыз.

АДАМ-ды басты нысан ету осы күнгі лингвистикалық зерттеулер мен еңбектерде молынан көрініс беруде. Мұның өзі қазіргі заманың тілші ғұламаларының бірегейі академик Ә.Т.Қайдардан басталған де-сек, артық айтқандық емес. Фалым бір кезде «Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тіл жоқ жерде этнос болмайды» деген қағиданы ұстана отырып, қазақ этнолингвистикасының теориялық негіздерін анықтаған еді. Қазақ этнолингвистикасының ғалым көрсеткен бірнеше өзіндік ерекшеліктерінің ішінен бір-екеуін тақырыбымызға қатысты болғандықтан, аттай кеткенді орынды санадық. Ол: «...3. Қазақ этнолингвистикасы қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкін болғанша (жетер жерінә жеткізе) түгел қамтып, індете зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын үстіңгі қабатындағы мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын) сез маржандары арқылы да жаңғыруға тырысады. Этнолингвистикалық зерттеулердің өзіндік бір ерекшелігі – әдеттегі (түсіндірме, екі тілдік, терминдік, этнографиялық т.б.) сөздіктерге ене бермейтін құнтарлы да сапалы, бейнелі де көркем, көне де байырғы сез өрнектерін, гітті айтуға тыйым салынған үят сез деректерді де, әзіл-қалжындарды да қамтуында.

4. Қазақ этнолингвистикасының тағы бір принципі – лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностиқ таным түрғысынан толық ашу, этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды

деректерді түгел сейлету, тілдің өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем суреттеу...» – деп жазған еді. (Қайдар Ә. Этнолингвистика // Қазақ тілнің өзекті мәселелері. – Алматы, «Ана тілі», 1998)

Міне, өзі көрсеткен осы ерекшеліктердің жанды көрсеткіші, айғағы қолымызға жақында ғана тиғен ғалымның «Этнолингвистикалық сөздігі» болып табылады. Ғалымның «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш томнан тұратын «Қазактар ана тілі әлеміндегі» атты этнолингвистикалық сөздігінің бірінші томы оқырман иғлігіне енді ғана айналып отыр. Осы бір алтынға бергісіз асыл кітаптың да нарық қыспағына түсіп, кешеуілдеп шығып жатқанына қынжыламыз. Әттең, ширкін, осындай кітап біздің әрбір жастарымызben бірге жасамыстарымыздың да жастанып жатып, жаттап алатын иғлігіне айналса гой деп армандайсың. Бірақ, амал нешік, бар-жоғы 1000-ак данамен шыққан, дүкендегі бағасы екі жарым мың теңге тұратын кітапқа кімнің қолы жете берсін!

Кітапты оқи отырып, оның біз үшін, біздің ұрпағымыз үшін қаншалықты зор пайдасының бар екенине алғашқы беттерінен-ақ көз жеткіздік. Әрине, бұдан бұрын да ана тіліміздің жалпы байлығын көрсеттін түсіндірме сөздіктер болған. Бірақ бұл сөздіктің ерекшелігі – әр сөздін, сөз тіркесінің, мақал-мәтелдердің қалай шыққанын, олардың түпкі мағынасын, халықтық, ұлттық ұғымын тілдегі бар, осы кезге дейін сақталып келе жатқан тілдік материалдар (сөз, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер) негізінде жете түсіндіріп беруінде. Сөздіктің әр бетін ашқан сайын ғалымның тіл байлығының молдығына, әр сөзді түсіндірудегі ой оралымын жеткізу шеберлігіне таңдана отырып, қазіргі қазақтар тілінде осындай байлықты пайдалану мүмкіншілігінің азайып бара жатқанына жаңың ашиды.

Кітаптың «Адам» аталатын 780 беттік (49 баспа табақ) 1-томы 8 тараудан тұрады. Ә.Қайдар адамға қатысты атаулар мен олардың ұлттымызға тән, қазаки (этностик) ұғым-түсініктерін осы тарауларда арнайы тақырыпшалармен береді. Біз «Адам табиғаты» және «Тіл әлемі» аталатын тараулардан біршама ғана мысалдар келтіру арқылы-ақ осы шағын макалада кітаптың маңыздылығын, онда берілген тілдік бірліктердің, түсініктердің тәрбиелік, білімдік құндылығын көрсетуге тырыстық.

Әдette, біз (ұстаздар, үлкендер) ұрпак тәрбиелеуде олардың бойына жақсы адамға тән сипаттарды етуге тырысамыз. Бірақ қоғамда жаман адамдар да бар екені белгілі. Жастарды жақсы адамнан үлті алуға, соларға үқсатуға, ал жаман адамға ұқсамауға, оларға еліктемеуге үндейміз, соның жолдарын қарастырамыз. Сондықтан да бір адамдарды «ой, ол бір жақсы адам» деп жер-көкке сыйызыбай мактаймыз, ал бәз біреулер жөнінде «ой, ол бір онбаган, жаман адам» деген даттаулар айтамыз. Әрине, адамға бұлай баға беруде көбіне субъективтік көзқа-

растар басым болады. Біреуге ұнаған адам екінші біреуге ұнамауы әбден мүмкін. Дегенмен, көп адамдардың ортақ қөзқарасына сай жақсы қасиеттері аталаپ бағаланып жатады. Жаман қасиеттер жөнінде де солай. Бірақ біздің қай-қайсымыз да сол қасиеттерді танытатын сөздер мен тіркестердің, мақал-мәтедердің жеті-сегіз, әрі кеткенде он шақтысын ғана атаудан әрі аса алмаймыз және оны тілдік деректермен түсіндіруіміз де өз деңгейінде шыға бермейді.

Осыланысты ғалым: «Міне, сондықтан да *ол жақсы адам десек, иә, жақсы адам* деп құптай салу оңай, бірақ ол *нендей жақсы қасиет-қадірімен жақсы?* деген саяулға ойланбай жауап беру оңай емес, біз олардың *жақсылығын* да, *жамандығын* да нақтыладап, санамалап айта алмаймыз, айтсак та сөз жүйесіне, белгілі бір жағдайға қарап жобалап айтуымыз мүмкін. Адам бағасы, әдетте, оның инсанды қасиеттеріне (ақыл-парасатына, мінез-құлқы мен іс-эрекетіне, сын-сымбатына, өнегесі мен өнеріне т.б. зиялды белгілеріне) қарап беріледі» – дей келіп, «жақсы» және «жаман» сөздерінің де, олар білдіретін ұғымдардың да танымдық қасиетке ие екендігін айтады. Сөйтеді де, адамдарды ұш топка: 1) «жақсы» сипатқа ие адамдар, 2) «жаман» сипатқа не адамдар, 3) «жақсы» да, «жаман» да сипатқа ие адамдар деп бөліп, осы сөздер білдіретін ұғымдардың қазақ тілінде қалыптасқан тілдік бірліктермен, әсіресе сөз тіркестерімен, мақал-мәтедермен қалай берілстінін, олардың халық ұғымындағы түсінігі қандай екенин талдап көрсетеді. Мысалы: «**Жақсы әйел – жігітке бақ, Жақсы жер – құтты қоныс, алтын тақ**» деген мақалды автор былай түсіндіреді: «әйелдің төресі саналатын, ақылды да парасатты, сұлу да сымбатты әйел – қазақ ұғымында: ер адамның бағын ашатын, асыл арманына жетелейтін иғі жаса. Ал мұндай әйелдің жақсы қасиетін құтты мекен, жайлы қоныс жер аpanың қасиетіне балау да әйелге деген ең жогарғы баға болса керек. Жатып жастық, тұрып төсек бола білетін, керегінде ақылышы да, қамқоршы, асыл жар, абзал дос бола алатын әйел парасаты, ана болып, үрпақ жалғастыруышы әйел қасиеті – бәрі-бәрі осы бір «жақсы әйел» деген сипатқа сыйып тұрған аса биік баға болса керек.» Міне, «жақсы әйел» тіркесін қазақ әйелдеріне тән ен асыл да құнды сөздерден теріліп берілген осы түсініктен артықша ұғындыру мүмкін емес деп ойлаймыз.

Ғалым «**Жаман адамнан жарты қасық ас қалады**» деген мақалды «...тамақты аяғына дейін тауысып ішпей, түбінде сарқыт қалдыру жаман әдет, тіпті адамның жаман қасиеті деп саналған. Оның басты себебі: алдыңа қойған адай асты ададан жеп қоймай, табақ түбінде қалдыру – арам ойдың, асты жақтырмадың нышаны; қалған асты итке төзуге тұра келеді; ондай ыдыс-аяқты жуу да ыңғайсыз.» – деп таратады. Осы бір адамға тән жаман әдетке де осыдан артық түсінік беру екінің бірінің қолынан келе бермесі анық.

Тағы бір «Адамның жақсысы көзінен білінеді, Адамның жаманы сөзінен білінеді» деген мақалдың мазмұнын ғалым былай тұжырымдайды: «...себебі: көз – адамның жсан дүниесінің айнасы; оның ақыл-парасатын да, зейінділігі мен зеректігін де, көкейнде тұрган пікірі мен көңіліндегі ойын да өмір көрген тәжірибелі жсандар көз жсанарынан-ақ тани алатындығында; сондай-ақ адам қасиетін анықтаптын екінші бір белгі – оның өз ойын мәнерлі де мәнді етіп жеткізуінен, сөз саптау мәнерінен байқалады. Адамның бір аудыз сөзінен-ақ қандай адам екенін білемін қазақтар аудынан сөзі, қойнынан бөзі түспін тұрганды «жасы адам» санатына жатқыза алмайды.»

Осы тараудың «Адамның зиялы қасиеттері» деп аталағын тараушасында Адамның зиялы қасиеттерін білдіретін тіліміздегі бір топ атаулар мен одан туындаған тұракты тіркестердің, мақал-мәтелдердің мағына-мазмұны ашылып, адамға тән зиялы қасиеттер жайында қалыптаскан халықтық ұғым-түсініктердің этнолингвистикалық сырыйбындалады.

Мәселең, автордың айтуынша, адамның зиялы қасиеттеріне байланысты шамамен 250-дей атаулар бар екен. Сол сөздердің бәрі бірдей біздін түсінігіміздегі зиялы адамдарға тән жағымды қасиеттерді білдіре бермеуімен бірге, кейбір атаулар адамдардың танымына сай қолданылу барысында жағымсыз қасиеттерді де білдіріп жататын тәрізді. Дегенмен, зиялы адамдарға катысты аталғанда ол сөздер сол адамның асыл қасиеттерін көбірек білдіріп тұратын көрінеді. Ғалым осы сөздердің ішінен нағыз зиялы адамдарға тән 50-60 сөзді теріп алып, соларға түсінік берген және ол сөздер барынша түсінікті болу үшін соған қарама-қарсы мағынадағы сөздерге де салыстырмалы талдаулар келтірген. Мысалы, адамның жақсы зиялы қасиеттері халық ұғымында мынадай сөздер арқылы беріледі екен: *абырой, адалдық, адамдық, ақыл, алғырлық, ар, арман, әдел, әдептілік, әділет, әздік, бақ, бақыт, баянды, бейнет, бейім, білгірлік, білім, білік, галымдық, гашықтық, гибрат, ғуламалық, даналық, дана, даныштан, дарын, достық, дуниетаным, діл, дін, ділмар, еңбек, ес, естиярлық, еркіндік, ерлік, ерік, естілік, жасақсылық, жомарт, зейінділік, зерде, зерек, ибальық, иман, кеменгер, көреген, көсем, қанагат, парасат, рахым, рух, талім, тәрбие т.б.*

Осылардың ішінен зиялы адамға тән бір қасиет «**адалдық**» болса, «адал адам» деп қандай адамды айту қажеттігін түсіндіру үшін оның халық ұғымындағы мазмұнын былай береді: «*Қазақ дастурінде адал адам деп қандай жағдайда болмасын өзінің өмірлік мұрат-мұддесіне, атқаруга тиісті адамгершілік міндеттіне, өзіне ғана, жақын туystарына ғана (сүйген жарына, тәрбиелеп өсірген балаларына т.б.) емес, сонымен қатар дос-жаран, замандас, қасіптең, қызметтес т.б. адамдарға да, берген уәде мен сертке де (сөзіне, антына, біреудің*

аманатына т.б.) адап, берік, бірсөзді, жсаны таза, тек аділеттілікті, шындықты қалайтын әділ адамдарды ғана есептейді. Бұл азбал қасиетті халық хан мен билерден де, қарапайым жүрттанды да бірдей талап етеді, әркім-ақ озінше адап болуга тырысады.»

Міне, осы түсініктен кейін ғалым «адап/адалдық» дегендердің «арам/арамдық» дегендермен катар жүретін ұғымдар екенін тоқталады. Фалымның айтуынша, «Алдыңғысы (адап) – жсақсы адам дегенді, соңғысы (арам) – жасаман адам дегенді білдіреді. Адап адам ешкімнің ақысын жемейді, біреудің ала жібін аттамайды. Таза еңбегімен күн көреді. Гайбат сойлемейді, кісіге қиянат жасамайды. Ал арам адам дүние мұлікті еңбексіз, ұрлық-қарлықпен, құлық-сұмдықпен, алдау-арбаумен табады. Ол – обал-сауат дегенді білмейтін, жынысқы, екі жұзді адам.»

Ең дұрысы – не тапсаң да адап еңбегімен табу; кісінің жетім-жесірдің ақысын жемейу.»

Осы бір түсініктегі жас үрпақтың санасына орнығар болса, қазіргі кезде ұмтылып бара жатқан асыл мұраттарға жету жолы да, жемқорлық пен сыйбайластықка карсы қарес те онайырак болар еді-ау деп ойлаймыз.

Мұнан кейін автор осы «адап» сөзінің Абайдағы қолданыстарын (Адап бол – бай бол, Адам бол – мал тап. Алдау қостай адап еңбегін сатқан қол өнерлі – қазақтың дүлиесі сол.) келтіру арқылы ол қолданыстардың қазіргі кезде де өміришіндегін мегзейді, осы сөз арқылы жасалған біршама сөз тіркестерін, мақал-мәттедерді келтіріп, оларға да мазмұнды түсініктегі береді.

Автордың көрсетуінше зиялды адамға тән тағы бір қасиет – «адамдық». Бұл жөнінде ғалым: «...Адамга тән қасиеттер өте көп, сан алушан. Бірақ «Адамдық» деп атапттың қасиеттің ауқымы олардан әлдеқайда кең, мәні терең, маңызы зор және олардың өлшемі мен критерийі де мұлдем басқаша.

Адамға қойылатын ең басты талап – кең магынасындағы адамдық, адамгершілік... Ал бұл талап-критерийдің ауқымына адам бойына тән қасиеттерден ең алдымен: адамгершілік, ар-намыс, ақыл-парасат, ұят, жүрек, ой-пікір, ынсан, сабыр, зерде, сана, зейін, дарын, талап, өжет, қоңыл, ықылас, ерлік, еркіндік, жомарттық, т.б. осы сияқты зиялды ұғымдар енүі тиіс.

«Адамдық» атты қасиеттерге осы атапттың құбылыстардың түгелдей қатысы бар, ол солардың бейне бір жиынтығы, қорланған үй-тұқысы сияқты. Осы қасиеттерге ие Адам – қазақ ұғымында – көп адамның бірі ғана емес, озінің елден ерекшелеге қасиеттімен қатар топтан оқ бойы озып тұратын, ойы жүйрік, тұғыры бишік азамат, жеке тұлға...» – деп түсіндіреді.

Адамдаболатын осыған карама-карсы қасиет ретінде ғалым «ағзындық» атапттың сөзді келтіреді. «Ағзындық – қазақ ұғымында адамға

қатысты айтылатын ең жаман сөз. Бұл сөз о баста «азу, азыт-тозу» мағынасынан туындалған, адамның тұрмыс-тіршілік қындығынан, әртурлі қайғы-қасиетінен (ашырудан, киім-кешектің жоқтығынан т.б. себептерден) болатын жүдеп-жадауды, көңіл күйінің пасеңдеңуін білдірсе, бара-бара ол дами келе адамның рухани дүниесінің қула-зып, бұзылып, адамгершілік тұргысынан екінші бір күгеге енүін, яғни моральдық-этикалық індеге шалдығуын, адам табигатына тән сатқындық, тогышарлық, енжарлық, патуасыздық, ұятсыздық, ын-сансыздық т.б. толық жатқан пендешіліктеге душар болғандығын сипаттайтын өте курделі үгымга айналды. Демек, азғындық «қарны ашудан, қадірі қашудан» гана емес, моральдық-этикалық тұргыдан жадап-жүдеде, адамдық абзal қасиеттерден жүрдай болу, ұлттық салт-санадан, менталитеттен алыстан, қогамга, этнос болмысына жат қылықтарға барған адамның моральдық (рухани) бейнесі.»

Сондай-ақ, ғалым адам баласының ең жақсы қасиеттерінің бірі – **ақкөңілділік** екенін айта отырып: «Ақкөңіл адамның жасы таза болады. Ақкөңіл адамдар өзгенің жетістігіне өз жетістігіндей қуанады; өзінің бақытынан өзгенің бақытын жозары қояды. Ақкөңіл адамдар – басқаның ісі ілгері бассын, көңіл ессін деп тілейтін адамдар. Ондай адамдар сұраптай-ақ басқаларға көмектесуге, оларды қындықтан құтқаруға әзір тұрады. Олар бір нәрсені жасаырып қалу дегенді білмейді. Ақкөңілділіктің жасауы – **кунилдік**» – деп тұжырым жасайды да, осы бір жағымсыз қасиеттің катарына бақастық, іштарлық, көрек мауыштық, баққумарлық, менмендік, тәкаппарлық, сараңдық сиякты жаман қылықтарды да жатқызады.

Бұдан әрі, **ақыл**, оның тұрлери мен оған қатысты ұғымдар, **амал**, **аманат**, **ант**, **ар** т.б. қасиеттерге қатысты қазақ ұлттық ұғымдар реттесімен, жүйе-жүйесімен тілдік бірліктер арқылы түсіндіріледі.

Мәселең, ғалымның ойынша (әрине, барша қазақ осылай ойласа керек), «Ақыл – адам баласының ең абзal, оның Адам болып жер басып, жұмыр басты пенде болып, саналы өмір сүріп, тіршілік етуінің алғышарттарының бірі саналатын сан қырлы, терең мәнді, әмбебап зиялы қасиет». Ал осы қасиеттің адам бойындағы көрінісі жөнінде аталарымыз қаншама құнды ойлар, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қалдырған дессенізші. Осындағы көптеген мақал-мәтедлерге автор дәл де нақты түсініктер береді. Бір-екі мысал: «**Ақыл көпке жеткізер**, **Өнер көкке жеткізер** – ақыл мен өнер қосылып көпке белгілі етеді, атагыңды көкке көтереді; олай болса, ақылды, өнерді бол дегенге сайды» немесе «**Ақыл көркі – тіл, Тілдің көркі – сөз** – адамның ақылдылығы – тілінен, тіл шеберлігі – сөзінен көрінетін рас; бұл ишіндық (ақықат)» т.б.

Кітапта «Аманат» сөзін түсіндіруде «аманатқа қиянат жасамау» да адамның құнды, абзal қасиеті екенін билай түсініреді: «Аманат

— сақтау үшін, я болмаса екінші бір адамға тапсыру үшін берілген зат, нәрсе, сәлем хат т.б. Ол – аманатты алушы адамға парыз, міндет, борыш болып саналады... Кейде тіпті өлім аузында жатқан адам жсан досына бала-шагасын да аманаттайтын болған. Әдемтте аманат ақысыз, тұлсыз біреуге тапсырылады. Ол міндетті турде орындалуға тиісті. Өйткені аманаттың жол – ауыр жол. Аманатты орындауда аманаттаушының алдында гана емес. Құдай алдында да күна болып есептеледі. Егер саған біреу аманат тапсырса, сен оны қабылдама. Ал қабылдаган екенсің, қайткен күнде де оны орындауга тиістісің. Ата-бабаларымыздың (халқымыздың) әуелден келе жатқан салт-дәстүрі, жоралғысы солай. Аманатқа қиянам жасауға болмайды. Ал **аманатты орындау** – адамдықтың, имандылықтың, инабаттылықтың көрсеткіші. Жетесіз, санасыз кейбіреулер болмаса, аманатты мойнына алған адам қайткен күнде де оны орындауга міндетті. Себебі аманатты беруші оны саған сеніп тапсырды. Сен оны орындауга тиістісің. Орында масаң, ол сенің мойныңа қарыз болып табылады.» т.б. Міне, күнделікті өмірде, адамдардың бәрі бірдей көніл бөле бермейтін «аманат» сөзінің мәнін бұдан артық түсіндіру мүмкін емес те шығар. Әсіресе казіргі кезде әрбір жастың да, жасамыстың да бойынан табылуға тиісті қасиет бұл.

Ғалым «Тіл әлемі» тарауында ТІЛ-дің биологиялық, терминологиялық және ауыс мағыналарының анықтамасын бере отырып, оның адамдардың катынас құралы, пікірдің көрінісі болу қызметтеріне байланысты туған көптеген мақал-мәтеддер, ұлығатты сөздер, сөз тіркестерінің мазмұнын ашады. Олардың қай-қайсысы да казақ тілін сүйеттін, оны қадірлеп, құрметтейтін азаматтар үшін маңызды. Мәселен, «**Ата тілін алмаған баладан без, Бала бағу білмеген анадан без**» деген ұлығатты сөзге «1. Ата-ана тілін алмай, жүмсаса азар да безер болатын, бедірепін ескен бала ешкімнің де тілін алмайтын болады; сондай-ақ бала туса да, сол баланы дұрыстап бага алмайтын, жонді тәлім-тәрбие бере алмайтын ана да болады. 2. Ауысп. Ата-ана тәрбиесін ала алмаған бала да, баласына тәрбие бере алмаған ана да барабар; екеуінің айыбы бірдей» деген түсінік берсе, «**Бал тамған тілден у да тамады**» дегенді «тіл ойды жеткізгенде көңқырлы болып жүмсалады. Адам тіл арқылы жсаныңа жайлы балдай тәтті сөзді де айта алады. Түрлі жағдай, түрлі әрекет үстінде жсанга жайлы сөзben қатар, адам у тамғандай етіп жсанга жайсыз сөзді де айта алады. Ауысп. Әдемтте тілінен бал таматын, яғни жылы-жылы сөйлеп, жсаныңды тебірентетін, бетіңе мақтап, мадақтап, беделіңді көтеретін адамның тілі, қажет жағдайда аиы сөз айтып, тілін тигізуі де, сүйк сөзben қоңліліді сұтытуы да, сыртыңнан гайбаттап, өсек-аянды жаудыруы да әбден мүмкін. Демек адам тілінің мүмкіншілігі зор: ол аиы да, тәтті де бола алады де-

ген сөз – деп түсіндіреді. Немесе Қ.Мырза Әлидің «Бала тілі бола алмаса ана тіл, ана тілі бола алмайды ешқашан» деген сөзінің мағынасы туралы мынадай қорытынды жасайды: «себебі: ана тілі аナンың озі үшін ғана емес, ол ең алдымен өз баласын тәрбиелу үшін, баласының бойына сол тіл арқылы ата-бабаларының асыл рухани мұрасын сіңіру үшін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. танымдық мәні зор дүниесін үркету үшін қажет; ана тілі бала тілі болғанда ғана откені мен бүгін қажет болашагы бар халықтың тілі бола алады дегенді аңғартып тұр.»

Тағы да, «*Тәрбие басы – тіл*» деген макалдың мазмұнын: «*Бұл – көне түркілер дәуірінен келе жатқан сөз. Махмуд Қашқаридан алынған. Әр отбасында ана тілінен нәр алыт, ана тілімен тәрбиеленбеген адам сол ұлттың баласы болуы негайбіл. Сол ұлт тілінің өкілі бола тұра, ана тілін білмегендерді атаган «шалақазақтар» тіркесі XX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ қауымында пайда болған. Тіл баланың бойына тәрбиемен бірге сіңіу керек. «Бала өз ана тілінде тәрбиленбесе, өз ұлттына қызмет ете алмайды» дегенді көзінде қазақтың азаматы Жүсінбек Аймауитов айтқан еken. Мұны қазақтар еш уақытта естен шығармаганы дұрыс*» – деп тұжырымдайды.

Тіл, оның қызметі жөніндегі ғалымның осы ой-пікірлері еліміздің қазіргі дамуындағы тіл саясатымен де, оның өзекті мәселелерімен де, жас ұрпакты тәрбиелеудегі тілдің маңызымен де астасып жатқанын түсіну киын емес.

Кітаптың «*Өмір-тіршілік*», «*Тұыстық-жақындық*», «*Азық-түлік*», «*Денсаулық*», «*Тіл әлемі*», «*Kіci аттары*», «*Өлім-жітім*» аталатын тарауларының барлығынан да кез келген азамат үлгі аларлық АДАМ-ға катысты мағлұматтар жетерлік.

Қалай болғанда да, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы сақтап, жоғалтпай жеткізген ана тілін, ұлттымыздың дәстүрі мен салтын қастерлеп келесі ұрпакқа жеткізер ұлтжанды азамат тәрбиелегісі келетін әр ұстаз (ата-ана, басшы) қазақ сөзінің мән-мағынасын өзі де терең түсініп, басқа да, әсіресе жас ұрпакқа, жеткізе білуі парыз десек, бұл істе сүйенер тірегіміз де, ақылшымыз да осы сөздік болатынына көміл сенеміз. Бұл тұрғыда өзінің бүкіл саналы ғұмырын Ұлттық тіліміздің өркендереп өсуіне, ғылыми негізде зерттелуіне арнал келе жатқан қарт ұстаздың тенденсіз, мәңгілік мәні бар зор еңбегін бағаламаска хақымыз жоқ. Кітаптағы жинақталған байлықтың әлі талай зерттеулерге арқау болары да сөзсіз. Сол үшін де ұстазымызға зор денсаулық, ұзак ғұмыр тілей отырып, еңбектің екінші және үшінші томдарын асыға күтеміз.

(«...Проф. Т.Әбдігалиеваның 70 жасқа толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Астана, 2014 ж.)

Ә.Қоңыратбаев – көркем тілдің шебері.

Басқаны қайдам, өз басым, кейінгі кезге дейін өз өмірінің жартысына жуығын біздің университеттеге ұстаздықпен өткізген Әуелбек ағайдың мұғалімдерге арналған әдістемелік енбектерімен, түркітану, соның ішінде қазақ әдебиетіне байланысты ғылыми енбектерімен бірге Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактика» және «Қорқыт ата Кітабына» байланысты аудармашылық қызметін ғана танып көліпін. Ал ол кісінің жазушылық, ақындық қырын, тіпті драматургиядан да хабары бар екенін жүз жылдығына қарсы шығарылған он томдық жинағынан білдім. Мүмкін бұл мениң тіл ғылымы жолын таңдал кетуіме де байланысты болған шығар. Қалай болғанда да, ағамызды басқа қырынан, жазушылық қырынан – көркем шығарма жазуда тілдік бірліктерді шебер қолдана білестін тілшілік қырынан – көру мен үшін жаңалық болды.

Сонау Қеңес дәуірінің алғашқы жылдарында жазылған әңгімелерінен бастап, кейінгі жылдарда жазылған аудармалары мен естеліктерінің қайсысы да Әуелбек ағамыздың өзі кезіндегі аралас, пікірлес болған қазақ зиялыштары тәрізді жан-жақты болғандығын айқын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның зерттеуге тұрарлық қырлары баршылық екен. Соның бірі оның шығармаларын тілдік тұрғыдан зерттеу деп білеміз. Біз бұл қысқа мақаламызда ғалымның бірсыныра әңгімелері мен «Қорқыт ата кітабының» аудармасы бойынша алдағы уақытта істерлер үлкен істің алғышарын ғана жасап көрмекпіз.

Ә.Қоңыратбаевтың он томдығының сегізінші томына біршама әңгімелері топтастырылған. Олардың негізгі тақырыбына сол тұстағы қазақ кедей-жатақтарының өмірі мен олардың тұрмыс-тіршілігі, сүйгендеріне қосыла алмай малға сатылған қыздардың аянышты өмірі, кейір қазақ зиялыштарының ағартушылық қызметі т.б. өзекті мәселелер арқау болған.

Әдетте, көркем шығарманың тілі дегенде, алдымен лексикалық байлықтың қолданылуы ескеріледі. Осы тұрғыдан алғанда, жазушының қай шығармасы да, қазақ тілінің терең тұнығынан сүзіліп алынған сөз маржанымен көмкеріле берілген.

Сөзіміз дәлеледі болу үшін «Жалшы күні» әңгімесінің бас жағынан Сыр бойының табиғатын суреттеген бір үзінді келтірейік: «Әдеттегі дей биыл да сыр бойына қар түспеді. Анда-санда сіркіреп өткен жаңбырдың жерді жібітуге шамасы да келмеген. Соңдықтан жер бетіне тоң тұрмай, шаң-топырақпен айтыздалып, қана қойған. Балқөңедегі құмды өзектің жағдайы да осы текстес. Жел үйірген құмдар балалар жасырынбақ ойнайтын жердей үйдім-үйдім бол төмпешік құрса, олардың ара-арасы асық ойнайтында тап-тақыр. Батыс жақтағы доңғал жары да биік көрінеді. Қызылқұмға кіре беріс есік болып саналатын бұл Доңғалдың ойдым-оидым қамысы, ажырығы, орталығында қара-

баркын, жыңғыл өскен кебірі, теріскейде шабыры, тұстігінде құм шырпысы бар. Шөп жокта бұлар ірі қара мен түйеге азық.» Бұл шағын үзіндіні оқыған осы өнірдің тумасы болып саналатын кез келген азamat қай өнірде жүрсе де, туған жердің табиғатын бар шындығымен көз алдына келтірер еді. Өйткені бұл шындық сол азаматтың шыр етіп жерге түскенен бергі естіп, құлағына сіңісті болған – ата-баба қалыптастырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген сөздері арқылы берілген. Жазушының басты шеберлігі осы сөздерді орынды киуластырып, ойын оқырманға дәл жеткізуінде.

Жазушы Ә.Қоңыратбаев прозасында тілдің лексикалық байлығының қай түрі кездеседі және оны қалай колданған деген мәселелеге келсек, оның барлығын бажайлап баяндау бір баяндаманың жүгінен әлдекайда ауыр болады. Сондыктан кейір мәселелеге ғана тоқталамыз.

Жазушы шығармаларында біз үшін көне болып есептелетін арханизм және историзм сөздер молынан кездеседі. Бірсынырасына ғана талдау жасап көрейік. Мысалы: «*Өткен жазда көк шықпагандықтан, жерде іске кке ілінер шөп түқымы жоқ*» деген сөйлемде *іске к* сөзі берілген. Қазіргі тілімізде бұл сөз колданылмайды. Брак осыған ұксас (түбірлес десе де болады) *Істік* сөзі бар. *Істік* – ұшы ұшқір темір не ағаш, оған ет, балық т.б. шанышып отка пісіріп жеуге болады. Ал *іске к* сөзі, сөйлем мазмұнына қарағанда, шепкे қатысты айтылып тұрғандықтан, сол тұста шөп жинау үшін айыр орнына қолданылған, мүмкін ағаштан жасалған айыр төрізді құрал болуға тиіс.

Шығармаларда осыған ұксас қазіргі кезде қолданыста жоқ немесе сирек қолданылатын талай сөздер молынан кездеседі. Мысалы: *жұт, шидем шекпен, дамбал, құрт тортасы, шом, малақай, сырмалы шекпен, сөлкебай, бақыр, мір* (соңғы уш сөз ақша атаулары), *шілі, нұліш, мақпап* (матта атаулары), қанталапай, қақшақұл, жузік жасырмак (ойын түрлері), жетақ, ояз, пәуеске, ұлық, итарышы, қалың мал, тутын ұл, бодау (жасалған қиянаттың ақысы мазынасында), тұлақ, айылғыр (түйенің тартасы), бесік құда, бел құда, төтен құда т.б. Осы сөздердің қай-қайсысы да халқымыздың тарихи дамуындағы белгілі бір тілдік қолданыстардың көрінісі, тіл тарихының жемісі. Осындағы сөздердің талайы белгілі бір кезеңде кайта тіріліп, жаңа бір қолданыста өмірге кайта келуі әбден мүмкін. Оны егемендік алғаннан кейінгі кезде пайда болған жаңа сөздер дәлелдей алады. Сондыктан осындағы сөздерді білу – ұлтын, оның тілін сүйетін жас ұрпақтың парызы болуға тиіс.

Әуелбек ағаның шығармаларынан тағы бір үлгі аларлық тілдік ерекшелік – шешендік сөздердің, мақал-мәтедердің қолданысы. «Тұнгі оқ» әңгімесінде осы Сыр бойындағы болыстар мен би-шешендердің аттары аталаып, солардың аузынан айтылды делінетін талай сөздер берілген. Соның бірі Әуекеннің аузынан былай беріледі: «Ескінің көзі болған Досбол өзінің шешендігімен бүкіл Сыр бойына аты жай-

ылған адам болатын. Тоқсанға келген шағында төсек тартып ұзақ жатты. Бір жолы оған Байсын, Нұржан, Саудағұл бастаған бір топ адам көніл сүрай барады. Ас желініп, адамдар тарқауға қарағанда, Байсын:

— Уа, Досбол ага, ат жалын тартып мінгелі екі аяқтыға қызыл тілдің бәйгесін бермей, ұшқан құсты ауызбен ілдіңіз. Атағыңыз Қыр мен Сырға бірдей жетті. Енді, міне, сіз де кәрілік торына түсіп отырсыз. Кой жасындағанда өмірініз қалыпты. Сонда о дүниеге не деп бармақшысыз? – деп сауал қояды.

Өзінін жолы мен орнын білетін Досболға мына сөздер жақпай қалады. Байсын кім? Ал, оның соңына ерген жарапандары кім? Ауыздарын буған өгіздей тіл білмейтін жарамсақтар, сол жарамсақтықпен кісі болғандар. Оның үстіне Байсын соқыр, Саудағұл таз, Нұржан пұшық болатын. Сөзге дархан, тапқыр Досбол мыскылға басып:

— Уа, Байсын шырақ, келгендеріңе алла разы болсын! «Қаз жұлғанда семіреді» деген емес пе, ете қуаныш қалдым. Шүкір, артым бар екен. «Қылышқа бергісіз ара бар, алаяққа шара бар» дейді қазақ. О дүниеге мені не деп барады дейсін? Баяғы әруақты ерлердің басына қонатын бақ құсы бұл күнде қара шыбынға айналды. Ол ұшып соқырдың көзіне, таздың басына, пұшықтың мұрнына қонды деп барсам керек, – дейді.» Осы бір үзіндіде жас ұрпақ ұшин үлгі боларлық бірнеше тілдік ерекшеліктер бар. Бірі – би мен шешеннін ауызынан шықты деп есептелеңтін, жазушы колданған тұрақты тіркестер. Мәселен, ескінің көзі, ат жасын тартып міну, екі аяқтыға қызыл тілдің бәйгесін бермеу, ұшқан құсты ауызбен ілу, кәрілік торына тусу, қой жасындағы өмірі қалу, ауызын буган өгіздей т.б. тіркестер қазақтың қай би-шешендеріне де тән ауыстырып, тұспалдап айтудың көрінісі. Екінші – шешеннін ауызынан шықкан жауап сөз, көрекендік сөз, ейткені бақ пен тақтың нағыз иесін таппай адасып жүруі кез келген қоғамда болған, қазіргі біздің қоғамда да кездеседі десек, артық айтқандық емес. Шыншісі – шешеннін ауызынан айтылған екі мақал. «Қаз қиғанына семіреді» ризашылығын, қанағатшылдығын білдірсе, «Қылышқа бергісіз ара бар, алаяққа шара бар» дегені – сендердей алаяқтарды тезге салатын қылыштан кем түспейтін тілім бар дегені болар. Шынында, ар-ұяты, намысы бар ер азамат жаңағыдай сөзден кейін тірі өлік болып, ел бетіне қарай алмаса керек.

Енді осылай талдағ қөрсетпесек те, шығармада кездесетін мақал-мәттелдердің біразын тізіп қөрсетейік: «Жақсыдан ат қалар, молдалардан хат қалар», «Жаңа байығанин, жаңа кісі болғаннан сақтанды», «Үлкен бақ – біреуге құт, біреуге жұт», «Ел – жүрттымен түгел», «Кеден кеден болды, кер неден болды», «Кіслік ақылдыны адам етеді, ақылсызды наған етеді», «Атаң өлсе де, атаңың көзін көрген өлмесін», «Ен әдәлет шала естіні жынды қылады», «Сынса, байдың көзесі, төгілсе, байдың көжесі», «Аяр есек таяқпен ақылды

болады», «Жаманның торінен жақсының есігі», «Елді қортық, қойды шартың бұзады», «Жалғыз қаз келгенмен, жас болмайды» т.б. Байқап отырғанымыздай, бұл макалдардың бірсыпрыасы бұрыннан тілімізде бар жиі қолданылатын макалдар болса, кейбіреуі өте-мөтө жиі айтыла бермейтін, тіпті жазушының өзі өмірден алып құрастырғандай, бірақ мағыналы да, мәнді, өміршен макал-мәтелдер болып табылады. Өміршендігі – осы макалдардың қай-қайсысы да «болашағымыз» деп отырған қазіргі жас үрпактан бастап ел басқарған азаматтарға дейін үлгі боларлық, жол көрсетерлік сөздер.

Шығармаларда, сондай-ақ, орыс тілінен енген вагон, паравоз, инженер, пойыз, губернатор, генерал, паусеке, поселке, цивилизация, ауылнай, мұжың, пристав, помещик, романтика, желеткі, атбекет т.б. тәрізді сөздер қолданылған. Бұлардың бірсыпрыасы орыс шенен-уніктерінің аузынан шықса, бірсыпрыасы орысша сауатты тілмәштардың, автордың өз аузынан, тіпті кейбірі қарапайым шаруа, жұмысшылардың аузынан шықкан сөздер. Мұндай сөздердің қолданылуы темір жол құрылышының салынуымен тығыз байланысты болып, Сыр бойында да жұмысшы табының қалыптасып келе жатқанын да білдіреді.

Сонымен бірге шығармаларда аракідік жазушы туып өскен Акмешіт, Шиелі аймағына тән жергілікті ерекшеліктер де байқалып қалады. Мысалы: дембіл-дембіл, шөжік (қамыстың шөжігі), ойсан болу (олқы болу), дәп қылу, сата, кепкір, шымшиуыр т.б. Әдетте мұндай жергілікті ерекшелігі бар сөздерді жазушы кейіпкер аузына салады. Ал Әуекен шығармаларында бұл сөздер автор сөзінде кездесіп отырады. Мұның, біздінше екі себебі бар: біріншіден – тұғаннан үлкендерден естіп, көкірегінде жатталып қалған бұл сөздердің автор үшін басқаша варианты жоқ, екіншіден, жазушының бұл әңгімелері әрі көркем, әрі деректі шығармалар. Уақыттардың бел ортасында соларды көзімен көріп, күэ болған, көргенін кейінгі үрпакқа жеткізгісі келген автор әрі басты кейіп кер де. Сондықтан диалекті сөздердің автор сөзінде кездесуі заңды деп есептеуге әбден болады.

Ендігі азғантай сөз Ә.Қоныратбаевтың аудармасы арқылы жұртқа та-
нымал болған «Қорқыт ата Кітабының» тілдік ерекшеліктері жайында.

«Қорқыт ата кітабының» алғы сөзінде Әуекен былай дейді: «Қорқыт кітабын» аудару мәселеінің төңірегінде оны түпнұсқа-
дан дәл аударып, логикалық тілмен берген жөн дейтін тікірлер бол-
ды. Асылында журналистика мен ежелгі фольклор стилі бір емес.
Осыны ескеріп, бұл жырды фольклор (эпос) тілінде аударған едік,
өйткені жыр тілінде макал-мәтел, афоризм, метафора, диалог, моно-
логтар өте көп. Немістер бастырығанда Қорқыттың «Аталар сөзінде»
400 макал-мәтелдер болса, солардың көпшілігі жыр тіліне енген.
Сол стильді сақтау мақсатымен: «Тұрап жеген ет жақсы, шөлдеп іш-
кен су жақсы», «Сайдың шөбін жекен білер, қырдың шөбін бөкен

блер» десек, бұл тіл өлеңге бергісіз, макалға жақын. Соның бәрін В.Бартольд балама сөйлеммен берген. Бұл тұста оның стилін алғаным жоқ, мендегі тіл шешендік сөз, эпос тіліне ете жақын. Сондықтан ол оқырманға әрі жақын, әрі тартымды болар деп ойлаймыз». Фалымның өзі айтқан осы пікірі айна-қатесіз екеніне шығарманы оқи отырып көз жеткіздік.

Ең алдымен, шығармадағы сюжеттердің қай-қайсысы да оқырманға белгісіз бір баяндаушы субъекті-жак аузынан белгісіз бір ханға (тындаушы жаққа) бағытталып айтылған. Бұл – фольклордағы ең неғізгі стиль – ауызша баяндау стилі, ертегі, аңыз, жырларды жеткізу стилі. Осыған байланысты жырлардың басталар, аяқталар тұсындағы сөйлемдер оқиғаның бұрын өткендігін білдіретін шактық тұлғалармен (кесемшениң -ып, есімшениң -ған) беріледі. Мысалы, «*Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сүегей адам болыпты... Ел оның барлық өсіметін (бүлігін) бұлжыстай орындаған*» т.б. ал жырлардың ішіндеңі жеке оқиғаларды, іс-эрекеттерді баяндар тұста жедел өткен шақ формасымен (-ды) береді. Бұл оқырманға оқиғаны көзімен көргендей, жаңа ғана болып өткендей, соған қалтқысыз сенетіндей етіп беру үшін қажет болған деп ойлаймыз (*Оғыздардың Дирсехан атты бегі бар еді. Булар Шокли патша еліне келіп жетті т.б.*)

Кітаптың беташары, кіріспесі ретінде алынған Қорқыттың нақыл сөздері түгелімен келер шақтық, ішінара осы шақтық мағына туғызатын тұлғалар арқылы берілген. Сол арқылы біз, дана қарттың ұрпақтары, оның өсіметтерін өз аузынан естігендей боламыз, көргендері мен түйгендерін болашағына, кейінгі ұрпағына арнағанын айқын байқаймыз. Бұл да ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтел, шешендік жыр-аңыздарға тән стиль. Сондықтан болар, Қорқыттың көп өсімет сөздері немесе соның бір тіркестері халық аузында мақал-мәтелге айналып, қазірге дейін қолданылып келеді. Мысалы, «...тозған мақта боз болмас, ежелгі жсау ел болмас», «*Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағым алмажан ұл жаман*», «*Ұлдың кімнен тұганын ана білер*», «*Иесінің исін ат білер*», «*Жұктің ауыр-жәелін есек білер*» т.б.

Кітапта айқын сақталған ауыз әдебиеті стиліне тән тағы бір ерекшелік – қайталаудардың мол кездесетіндігі. Олар жеке сөздер мен сөз тіркестерін былай қоғанда, тұтас сөйлем, тіпті тұтас абзац қуйінде де кездеседі. Сондай-ақ, ертегі, аңыздарға тән ұлғайту (гипербола), кішірейту (литота) тәсілдерін де автор жіңі пайдаланады.

Көркем шығарманың, әсіресе фольклорға тән шығармалардың мағыналық, стильдік құрылымында сөздердің ауыспалы қолданыстарының яғни троп түрлерінін мәні зор. Бұлар кітаптағы жырлардың бәрінде де кездеседі және жекелей де, бір-бірімен қабаттаса, астаса да қолданылып жатады. Жырдан бір мысал келтіре кетейік: «...*Бәнү-Шешек өзінің ақ көйлегін тастап, қара көйлек киді, күздің піскен алма-*

сындағы беттерін жүздө. «О, менің қызыл ерімнен сүйген жарым! О, менің ақ жүзімнің сәні, басымның бағы! О, менің патшам, ер тұган жігітім! Сұңқар болып тұган сүйген жар! О, хан сүйекті жігітім, жүзің қарап, тоймай қалған жігітім! О, жсан жарым, ерім, мені жалғыз тастап қайда кеттің? Қозімді ашқалы өзіңнен басқаны көрмедім, жүргегімнің жалғыз сүйгені сен едің. Тар төсекте басымыз қосылмаган жсан-жарым, мақсатына жетсе алмай кеткен жсан-жарым! Қазан бектің орнын басады деген жсан-жарым! О, бұқіл оғыз елінің байтерегі болған жсан-жарым» деп жылады Бәнү-Шешек.

Осы үзіндідегі «ақ көйлекти қара көйлекке ауыстыру» (каралы кісінің әрекеті), «бетті құздың қызыл алмасына» теңеу, «бетті жүзге» ауыстыру (метафора), «жүзіне қарап, тоймай қалу» (эпитет), жігітін «жүзінің сәніне, басының бағына» теңеу, «туғалы» дегенді «көзімді ашқалы» деген тұрақты түркеспен ауыстыру т.б. толып жатқан бейнелі сөздерді қолдану шығарманың ажарын кіргізіп тұрғаны анық.

Шығарманың мазмұнын айқын жеткізуде жоғарыда аталған лексикалық ерекшеліктердің айрықша орны бар десек, бұл, екінші жағынан, сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктерімен де, түрлерімен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда да аталған еңбектің өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Шығармада қазіргі тілімізде бар сөйлем түрлерінің бәрі де кездеседі және олар фальклордың тілдік ерекшеліктеріне, стиліне бағындырылған. Мәселең, Корқыттың нақыл сөздеріндегі сөйлемдердің басым көпшілігі жай, хабарлы сөйлемдер болып келеді. Құрмаластың ішінде салалас түрі басым да, сабактас түрі өте аз және оның өзі де күрделі емес. Сондай-ақ, сөйлемдердің бәрі дерлік бастауыш-баяндауыштық қатынаска негізделген белгілі жақты, толымды сөйлемдер. Толымсыз, жақсыз сөйлемдер кездеспейді немесе өте аз, ал мүшеленбейтін сөйлемдер мұлдем қолданылмаған. Мұның өзі шығарма мазмұның құрайтын мәтіндердің көнелігін, о баста ауыз әдебиетіне тән болғандығын байқатады. Мысалы, «Тәңірге сиынбаган адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңіріңі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі маңдайына не жасаса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық кормейді, ажас келіп, олмейді... Менмен, тәкәнтар адамды тәніріңі суймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаган адамдарға тәңірі бақ бермейді...» т.б.

Кітаптағы жырлардың сөйлемдік құрылымы осындай шағын болып келуі көбіне нақыл сөздерге тән. Басқа сөйлемдер де өте-мәте күрделі күйде беріле бермейді, алайда ойды еркін әрі толық жеткізу мақсатында оқшау сөздер, айқындауыштар, қайталаулар қолданылған. Әсіресе, монологтар мен диалогтар қатысқан күрделірек сөйлемдер мол және олар төл сөз ретінде беріліп, жоғарыда аталған лексикалық бірліктер осындай сөйлемдерде жиі кездеседі. Мысалы, Қазан мен қойшының арасындағы диалог сөйлемдердің әрқайсысы «қойши ұлым» және

«Қазан жеке» деген қаратпалардан басталып отырса, «Уа, бектерім», «О, ұлым, балам», «О, анам», «О, ғауірлер» дегендей қаратпалар әр жырда жиңіз кайталанып отырады.

Сондай-ақ, жеке сөздердің де әр сөйлем сайын кайталанып келуі бар. Мысалы, ғәүірлер Ораздың аяқ-қолын байлап дар тубіне әкелгенде, ол ағашпен сөйлеседі. 13 жай сейлемнен тұратын осы монологта «агаш» сөзі 13 рет кайталанады. Осының бәрі – ауызша сөйлеу тіліне, әсіресе ауыз әдебиетіне тән қолданыстар.

Кітаптағы жырлардың көбісіне тән тағы бір ерекшелік – әр жыр «Хан ием» деп басталады да, жырдың оқиғалары жақсылықпен аяқталып, арты тойға ұласады. Осыған байланысты уақиғаны баяндаушы сөз корытындысын «Сол тойға Қорқыт атам келіп күй шертіп, жыр айтты» деген сөзben бастап, ханға бағышталған Қорқыт атандың батасымен аяқтап отырады. Бұдан Қорқыттай ұлы данандың сөзін ауызша жаттап, кейінгі ұрпакқа жеткізуші шәкірттерінің болғандығын, олардың терең ойлы, құйма құлақ, шебер тілді жыршылар екендейін байқасақ, ал осы жырды пәлен ғасырдан кейін жазба түрде казакша сөйлеткен Ә.Қоныратбаевтың да халық тілінің тұнбасынан терең суындал, оны осы кітапта еркін қолдана білген нағыз жазушы болғандығын аңғарамыз. Яғни, шығарманың барлық ерекшелігін сақтау, сол арқылы мазмұнды оқырманға дәл жеткізу ауыз әдебиеті стилине тән лексика-грамматикалық байлықты терең игерумен тығыз байланысты екенін ғалым о бастан-ақ түсінді, сол максатын шебер жазушы ретінде орындал та шықты.

Мінеки, біздің ұстазымыз, ғұлама ғалым, әлемге танымал түркітапшы, қазақ әдебиеті тарихының білгір маманы, аудармашы, жазушы, нағыз педагог Эуелбек Қоныратбаевтың көркем-әдеби шығармаларының тілдік ерекшеліктері жөнінде қысқаша айттарымыз – осы.

(Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 75 жылдық мерейтойына арналған конференцияда жасалған баяндана).

Абыз ғалымның тендессіз еңбегі жайлы бірер сөз

*(Академик Ә.Қайдардың «Этнолингвистикалық сөздігінің»
II, III томдарына қысқаша шолу)*

Тіл ғылымына өткен ғасырдың орта тұсында санаулы ғана қазақ түркітанушыларының бірі ретінде келіп, езінен бұрынғы ғұламалардың салып кеткен сара жолынан таймастан өмірінің 60 жылын түркі және қазақ тіл ғылымның дамуына арнаған, талай жас тілші ғалымдардың ғылыми да, рухани да әкесіне айналған академик Әбдуали Туганбайұлының 90

жаска толу тойы – тек қазақстандықтардың ғана емес, бүкіл түркі жүртінің тойы. Өз өмірінің үштен екі кезеңінде тіл ғылымының алуан түрлі салаларына қалам тарта отырып, оларды бар ғұмырының езегіне айналдырган осы бір салиқалы да салмакты, қарапайым да қайратты азаматтың заманында ғылымға келіп, ағаның ақыл-кенесінен сусындаған, ол басқарған Тіл білімі институтының ғылыми Кенесінде кандидаттық докторлық диссертацияларын қорғап тілші-ғалым атанған талай азаматтың бірі болған өзімді бакытты санаймын.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ғалымның сан-салалы еңбегінің ішіндең қазақ тіл білімі үшін кезінде жаңа бір бағыт болып қосылған этнолингвистика саласы болса, оған ғалымның 30 жылдан астам уақыт жұмысаганы, оны өзіндік ғылыми мектепке айналдырганы белгілі. Ал оның қорытындысы – бұрынырақ шыққан «Қазақ қандай халық?» атты зерттеу еңбегінің жалғасы болып табылатын, жақында ғана қолымызға тиғен З томдық «Қазактар ана тілі әлемінде» деп аталатын этнолингвистикалық сөздігі. Қазақ тіл біліміне өзіндік құрылымымен, ерекше сипатымен қосылған осы бір еңбектің құндылығы жайында сөз көзғауды жөн көрдік.

Сөздіктің «Адам» аталағын 1-томы 2009 жылы жарық көріп қолымызға тиғен соң, Астана қаласында өткен республикалық бір конференцияда алғашқы жүрекшарды пікірмізді білдіргеніміз бар еді. Енді, міне, 2 және 3-томдары («Қоғам» және «Табиғат») жарық көріп, толық жинаққа не болғаннан кейінгі әсеріміз туралы да пікір білдіруді өзіміздің парызымыз санадық.

Қазіргі біз құрып жатқан зайырлы қоғамның басты талабы келешек осы қоғамды басқарып баянды ететін, ғылымның жетістіктерін терең менгерген білімді де зерек, ақылды да тәрбиелі азаматтарды тәрбислеу екені баршамызға аян.

Үш томнан тұратын бірегей еңбектің мазмұнына мұқият зер сала отырып, жас үрпақты осы бағытта тәрбиелеу жолында еңбектің мұмкіндігі мол екенине көз жеткіздік. Сейтіп, осы бір шағын мақаламызда еңбектің мынадай құндылықтарын атап көрсетуді мақсат еттік: 1) еңбектің ғылыми маңыздылығы, 2) еңбектің білімдік маңызы, 3) еңбектің тәрбиелік мәні.

Ең алдымен, бұл еңбектің өзі белгілі бір мақсат-мұддені көздеген, сол мақсатқа жету жолында көп жыл бойы қазақ халқы жүріп өткен жолда жасалған тарихи, әдеби, мәдени мұраларды, олар туралы ғылыми еңбектерді талдаپ, саралап, талмай жүргізген ғылыми ізденістердің жемісі екендігін айтқанымыз орынды. Мұны автордың мына сөзінен айқын аңғарамыз: «...Сөздіктің мақсаты – қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-параметологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мағына-мәнінше, қолданысына түсініктеме беретін, жүзеген тақырыптардан тұратын еденицаларды жинақтап, жүйелеп беру.

Тіл байлығы ондағы сөздердің санынан емес, жоғарыда көрсетілген еденицалардың сапасына, яғни мәні мен мағынасына байланысты де-ген қағидаға сүйенсек, қазақ тілінің байлығы жарты миллиондай сөз бер тұрақты тіркестерден тұрады дегенді білдіреді. Бұл байлық тілдің мәртебесін ғана көтеріп тұрган жок, сонымен қатар сол тілді менгеруіші халықтың биік рухын, ақыл-парасатын, рухани-мәдени байлығын да көрсетпекші... Адамның болмыс-бітімін, табиғатын сипаттауға арналған бұл кітап тілдік және этнолингвистикалық деректер негізінде жазылып отыр. Оның басты себебі әрбір сөз бер сөз тіркестерінің, идиома-фразаларының, мақал-мәтелдерінің өз мағыналарынан басқа сол ұлтқа тән қосымша мән-мағыналары, ұғым-түсініктері болады. Оны тіл ғылымиında этностың тіл білімі, яғни этнолингвистика деп атайды» [1;4].

Еңбекте адамды дүниедегі жаратылыстың жоғары сатысына қойып, оның танымы негізінде пайда болған сөздерге түсінік беру барысында талай-талай тың ойлар мен болашақ ғылым үшін қажетті пікірлер айтылады. «...Адамзат баласы қай кезде де, қандай саяси-табиғи, әлеуметтік ортада өмір сүрмесін, ол сол қоғамды құрушу, да-мытуши, сол қоғамның құрамдық бөлшегі болып саналады» – деп есептеген ғалымның 2-кітабы «Қоғам» деп аталағы. Қоғамды даму тұрғысынан «ру-тайпалық, ұлыстық, халықтық, ұлттық, мемлекеттік қоғамдар» деп жіктеген ғалым осы қоғамдардың ең көне әрі тұрақты үйтқысы – этностық қоғам деген қорытындыға келеді де, оған анықтама береді. Осыдан туындағын қазақ қауымы, қазақ қоғамы деп аталағын ұғымдарды да атап, олардың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді [2;3]. Осы бір жана атальмадар мен түсініктердің өзі-ак, бір жағынан ғалымның кең ауқымды, жан-жақты білімдар зиялы азamat екенін көрсетсе, екінші жағынан кітаптың да нағыз ғылыми ізденістер негізінде танылған дәлелдер мен деректерге сүйеніліп жазылған шығарма екенін дәлелдейді.

«Табиғат» аталағын 3-кітапта да ғалым: «Қазақ халқының өмірі де – өздерінің тіршілігіне тірек болып отырған жерімен, даласымен, тау-тасымен, өзен-суымен, бір сөзбен айтқанда, табиғатымен тығыз байланысты», – дей отырып [3;3], табиғатқа байланысты пайда болған тілдік бірліктерге түсінік беру арқылы жаңа ізденістерге арқау болар пікірлерін жалғастырады. Қалай десек те, «ошақтың үш бұтындар» бірінің-бірі жалғасы, бірін-бірі толықтыратын бұл кітаптар тұтастай бір толыққанды ғылыми еңбек ретінде қазақ тіл білімі ғылыминың қорынан мәнгіліке орын алатындығында сөз жоқ.

Екінші бір байқағанымыз – осы үш кітаптың әрбір тарауы, әр та-раушасы жаңа ғылыми ізденістердің тақырыбы болуға сұранып тұр. Нақтырақ айтқанда, «осы сөздіктердегі берілген сөздер мен тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер қазіргі жазба әдебиетімізде, аузызекі сөйле-

уімізде, БАҚ құралдарында, ғылыми зерттеулерде т.б. орындарда қандай деңгейде қолданылып жүр, әртүрлі жағдайларда, түрлі аймақтарда осылардың қайсысы басым қолданылады немесе қолданудан шығып бара жатыр не жаңа мағыналарға не болуда» деген тәрізді мәселелер алдағы уақытта теренірек қарауды қажет ететін сөзсіз. Еңбектің ғылыми маңыздылығы дегенді осы тұрғыда түсінген дүркіс болады.

Ал сөздіктің білімдік жағына келсек, шындығында еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейінгі өзін қазақтың, Қазақстан азаматтымын деп есептейтін білімге құштар, тілді сүйстін, тілдік байлығын молайтысы келетін әр адам осы кітаптардан ізdegенін таба алады және қазақы (этностық) ой-түсінігін молайтуға жол ашады. Сондықтан бұл еңбек алдымен ұстаз-тәрбиешілердің, қала берді, қарапайым халықтың стол үстінде тұратын, жанынан ажырамас асыл дүниесі болуға тиіс.

Екі-үш мысал келтіре кетейік. Мектеп оқулықтарындағы хрестоматиялыш материалдар мен жаттығуларда «*адал адам, арам адам*» деген тіркестер кездесетіндігі сөзсіз. Адамның осындай қасиеттері жөніндегі оқушылардың ұғымы жалпылай пайымдаудан аспайды. Тіпті, ересек адамдардың өзі «*адал, арам*» сөздерін жалпы түрде ғана – бірін «*жасы*», екіншісін «*жаман*» қасиеттер дегеннен артық түсінікке бара бермейді. Ал сөздікте «*Адал адам ешкімнің ақысын жемейді, біреудің ала жібін аттамайды. Таза еңбегімен күн көреді. Гайбат сөйлемейді, кісіге қиянат жасамайды. Ал арам адам дүние мұлқіті еңбекіз, ұрлық-қарлықпен, құлыш-сұмдықпен, алдау-арбаумен табады. Ол – «обал-сауат» дегенді білмейтін, жылымыскы, екіжүзді адам*» деген түсінік беріледі. Яғни, оқушыға ұстаз осылай түсінірсе ғана оқушының білім көкжиегі ашылып, біліктілігі артады, жалпылама түсініктен ғорі нақты білімі кенеиді.

«Қазақ этносының шежіресі» аталатын тараудан басталатын 2-кітаптың алғашқы беті шежіргеге байланысты көптеген атаулар мен терминдерге түсінік берумен басталады. Мысалы, «*ұш жуз, жұзғе бөліну*» деген тіркестерде кездесетін «*жуз*» сөзінің мән-мағынасын сөздік былайша түсінірді: «*Қазақ жерінде ежелгі замандардан бері мекен еткен кошпелілердің тарихи тағдыры және шаруашылық қасібі өзара тектес қауымдастықтардың бірігүйен 15-16 гасырларда қалыптасқан ру-тайпалық бірлестік. Мұндай бірлестіктердің пайда болуына олардың шаруашылығы мен күнделікті күн-көрісінің сипаттары, сиртқы жаулардан қорғану, жаңа жерлерді игеру мақсаттары айтарлықтай ықтап еткен*». (2;14) Әрине, мұндай түсінікті тарихпен тығыз байланысы бар адам білу мүмкін, бірақ кез-келген адамның бұл сөзді дәл осы тұрғыда ұғына бермейтін, тіпті оны басқаша түсінікте қабылдайтындардың да бар екенін жасыра алмаймыз.

«Табиғат» кітабында «*өлара*» сөзінің мағынасы туралы «*аспан бұлтсыз болса да, ай бейнесі көрінбейтін екі-үш тұндей кезең. Бұл ке-*

зен әдемтө ескі (14 күн толған айдың) аяқталып, жаңа айдың басталу аралығындағы қараңғы түндер. Өларадан кейін жаңа айдың орагы сыйаттанып көрініп, күн сайын колемі жұмырланып өсе бастайды да, ал 7 күннен кейін оның дөңес жасағы енді оңға қараган жарты дөңгелекке айналады. Осылай қайталана береді. «Өлара кезінде қыста – қар-боран, жазда – жауын-шашын көп болады» деген наым бар», – деп түсіндіріледі [3;103]. Шынында, «айдың өларасы» туралы қарт кісілер мен табиғат сырларымен айналысатын арнайы мамандар болмаса, жастар жағының біле бермейтін де анық.

Сонымен, осы азғантай деректердің өзі-ақ бұл сөздіктін адам білімін молайтуда қаншалықты маңызды екенін көрсетсе керек.

Әрине, сөздіктің тәрбиелік мәніне келер болсақ, бұл жағынан да енбектің нағызы тәрбие құралы бола алатынына көз жеткізу қын емес. Алаш ардактыларының бірі, тұнғыш қазақша «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны... Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені орындасын...», – дей келіп, баланың тәрбиесіз болуы тәрбиешіден деген корытынды жасайды [4;9]. Қазіргі кезде де ата-аналар мен ұстаз-тәрбиешілерден балаларға осы тәрбие түрлерін егу талап етілетінін мойындасақ, онда академик ағамыздың жоғарыдағы еңбегі бала тәрбиесімен айналысатын ата-анаға, тәрбиешілерге таптырмас көмекші құрал бола алатынына кәміл сенеміз.

Енбекте тәрбиелік мәні бар жеке сөздерді былай койғанда, қанша мақал-мәтелдер мен би-шешендердің, ұлы адамдардың ұлағатты сөздеріне алуан-түрлі мағыналық түсініктер беріледі. Солардың бірнеше інен мысалдар келтірейік.

Ғалым, «ақыл» деген сөзге «адам баласының ең абзал, оның Адам болып жер бетін басып, жұмыр басты пендे болып, саналы өмір сүріп, тіршілік етуінің алғышарттарының бірі саналатын сан қырлы, терең мәнді, әмбебеп зиялды қасиет» деген аныктама бере отырып, осы қасиетке байланысты көптеген мақал-мәтелдер келтіріп, олардың мәнін түсіндіреді. Мысалы: *Ақыл – адамды аздырмайтын ем, Білім – таусылмайтын кен* деген билер сөзін «ақыл – адамзат баласының киесі.ол саған біреуге қиянат жасастанайды (адамды аздырмайды); білім – кен, ала білсең одан пайдалы нәрсені көптеп табуга болады» деп түсіндіреді; «*Құлық* (кейде «құлқы» деп те аталауды) – адамга тән біраз қасиеттердің, атап айтқанда, ниет, пигыл, пейіл, ықылас сияқты қасиеттердің жиынтығы немесе қосындысы...» – дей келіп, Абайдың «*Құлықсыз құлақ – ойга олақ*» деген сөзін «ақыл-кеңесті тыңдауға ниеті, құйып алуға қабілеті жоқ адам өз тұсынан ой қорытып, біреуге пікір айтуга да қабілеті жетпейді» – деп түсіндіреді.

Яғни, бірнәрсөні орындауга құлқы бар адам – жақсы адам да, істі орындауга құлықсыз адам – нашар адам.

Сонғы кездері жиірек айтылып жүрген жағымсыз құлықтың бірі *мәңгүрттік* болса, оған «өзінің ата-тегін, салт-дәстүрін, әдем-гүрпін, тілін, ділін, дінін, мәдениетін білмейтін, мойында майтын адам» деген түсінік бере отырып, осындай құлықтан аулақ болудың жолын 2-кітапта анық көрсетіп береді. Мұндағы барлық тараулардың мазмұны қазақ халқына (қазақ этносына) тән жеті атасын білу, мемлекет, ел қорғау, қазақ елінің шаруашылық, салт-дәстүр, тұрмыс-салт, ұлттық мәдениет пен өнер т.б. мәселелерді түсіндіруге арналған.

Бір-екі мысал: *Жеті атанаң җөнін біл, жеті рудың тілін біл – ата-тегіңді, түқым-түқияныңды, жалпы халқыңың тарихын жақсы біл, олардың әдем-гүрпін, салт-дәстүрін сақтай біл деген өситет сөз; Ал «жеті жүрттың тілін біл» – онымен бірге өзіңнен басқа халықтармен де аралас, түсініс деген сөз. Ел іші – алтын бесік – 1. Бесік – сәбі ушин өте ыңғайлы нәрсе. Бесіктегі жатқан бала әрі жылы, әрі құргақ, әрі таза жатады. Сонымен қатар бесік қорған да бола алады. 2. ауысп. Бөлініп-жарылмай, халық арасында жүрсөң, қауіп-қатерден тыс боласың. Өз елің бесіктегі қорған бола алады, тұган халқың анаңдай мәпелей алады; т.б.*

Сонымен, осы бір қысқа мақаламызда қолымызға жақындаған толық күйінде тиіп, біріміз біліп, біріміз білмей жатқан, қазақ тіл ғылыминың қазынасына жаңа бір леппен баға жетпес байлық болып қосылған енбектің маңызы мен мәніне азын-аулақ мысалдар арқылы қысқашаған сипаттама беруге тырыстық. Қалай болғанда да, бұл енбектің қыры мен сыры әлі де талай зерттеулерге арқау болары қақ. Әттең, шығарылым санының аздығы кедергі, әйтпесе бүкіл еліміздің әрбір отбасына жетіп, жастарымыздың игілігіне, ұстаздарымыздың қолынан түспектің құралына айналатын-ақ енбек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазактар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). I том. Адам. – Алматы, «Дайк-Пресс», 2009. – 784 б.
2. Қайдар Ә. Қазактар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). II том. Қоғам. – Алматы, «Сардар», 2013. – 728 б.
3. Қайдар Ә. Қазактар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). III том. Табигат. – Алматы, «Сардар», 2013. – 608 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, «Ана тілі», 1992

(«Ғылымдағы ғұмыр: ана тілі және түркі әлемі» – Академик Ә.Қайдардың 90 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2014 ж.)

Бұрынғы айтыстардағы кірме сөздер қолданысы.

Айтыс – қазақ халқына Алланың берген ерекше сыйы, ұлттық белгісінің бір көрінісі іспетті. Олай дегімізге негіз бар. Кезінде халқымыздың өнері мен мәдениетін зерделеп, оның өсіп-өркендеуіне өлшеусіз улес қосқан жазушы F.Мұсірепов өнердің бұл түрінің қазактан басқа ешбір халықта кездеспейтіндігін айтқан болса [1;176], ал айтыстығылыми турде арнайы зерттеген ұлы жазушы М.О.Әуезовтің енбектерінен айтыс өнерінің бұл түрінің ерте кездерде Азия халықтарының, тіпті Еуропа халықтарының біразында болғанын, бірақ дәл қазақ халқындағыдан сақталмағандығын білеміз [2;423].

Қазақ айтысының Кеңес үкіметінен бұрын болғандарының талайы құйма құлақ ақындар мен жыршылар арқылы және сол айтыстың өзінен тікелей қатысқан ақындардың өздері арқылы жетті. Кеңес дәуірінің кезінде де айтыс өнері белгілі дәрежеде жалғасын тапты және ол Кеңес идеясын қолдаушы, халыққа жеткізуіш құралға айналды.

Айтысты ауыз әдебиетінің үлгісі ретінде жинал бастырушылар Кеңес өкіметі орнағанға дейін-ақ болған болса, оны ғылыми түрде зерттеушілер осы үкіметтің алғашқы жылдарынан бастап көрініс берді. Сөйтіп, өткен дәуірлердегі Жанақ, Тубек, Кемінрбай, Шөже, Сүйінбай, Орынбай, Шерніяз, Нұрым, Бақтыбай, Кащаған, Молда мұса, Манат қызы, Ырысжан, Біржан, Сара, олардың өнерін жалғастырып, кейінгі үрпаққа жеткізген, Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Нартай, Кенен, Саядил, Бұдабай, Иса т.б. көптеген ақындардың айтыстары хатқа түсіп, талай рет жинақ болып басылып шықты.

Өткен ғасырдың соғығы ширегінде елеусіз қалып, біргіндеп өшүге айналған бұл өнер түріне еліміз Егемендік алғалығана қайта жан енді. Бұл кезде алғашқылардың бірі болып айтыс сахынасын ашқан Манап, Әселхан, Әсиялардан бастап, олармен қатарласа, іздерін баса шыққан Аманжол, Айтақын, Куаныш, Балғынбек, Айбек, Әүлесткерей, Мұхамеджан, Айнұр, Ринат, Серікзат т.б. көптеген айтыскер ақындар халықтың ризашылығына бөленип, айтыс өнерін жаңа қырынан танытты, тәуелсіз еліміздің жаңа тарихын ашуда өз үлестерін қости, қосып та келеді.

Әр дәуірдін айтысы өз кезеңінің насиҳатшысы, сол дәуірдегі халық түрмисының айнасы десек, соған байланысты қолданысқа түсін тілдік ерекшеліктері де болды және бұл ерекшеліктер көбінесе лексикалық тілдік бірліктерден айқын анғарылып отырды.

Мәселен, қазақ тарихындағы айтыстарды үш кезеңге – Кеңес дәуіріне дейінгі, Кеңес дәуірі кезіндегі және Егемендік алғаннан кейінгі – деп бөліп қарар болсақ, атап қезеңдердегі айтыстың лексикасында елеулі айырмашылықтар бар екенін байқаймыз.

Мұның өзі сол кезеңдердегі айтыстың мақсат-мұddeлерінен туындаиды. Бұл жөнінде белгілі ғалым Р.Сыздық: «Айтыс – атының өзі айтып тұрғандай, сайыс болғандықтан, оны тудыратын үәждер, көздейтін мақсат болу керек. Бұрынғы атақты айтыстарда елдік, әлеуметтік мұddeлермен қатар, адами қасиеттердің жақсысын үгіттеп, терісін түзетуді қозғайтын сөз жарыстары болды... Сонымен қатар екеуара сөзжығысқа шығатын оңаша айтыстар да, шағын бір топтың талап-мұddeсін көздейтіп «ортанқол» айтыстар да, қыз бен жігіттің, әйел мен ер адамның, жәзде мен балдыздың, «бірін-бірі жібермейтін» құрдастардың сөз сайыстары да айтыс деген үлкен дүниенің түрлери мен тарамдарын көрсетіп өтіп келді, өтіп келеді», – дейді [3,5].

Міне, осындай пікірлерден кейін айтысқа қатысқан ақындардың жекелей де, ортақ та сөз қолданыстарының болуы заңды деп есептейміз.

Әрине, қай айтыстың да арқауына халқымызың тіл қазанындағы сырлар бойы қайнап піскен байырғы төл сөздеріміз – айшықты эпитеттер мен терең мағыналы тенеулер, ұлтқа тән ұлағаты мол мақал-мәттедер мен шешендік сөздер, тіпті халықтың ауызекі тіліндеған қолданылатын, айтыскердің жеке басын кемсітетін дөрекілеу сөздер де орынын тауып қолданылып жатады. Алайда, мақала мақсаты барлық кезеңдегі айтыстардың ерекшеліктерін түгелдей егжей-тегжейлі баяндау емес, соңдықтан Егемендіккес дейінгі кезеңдегі айтыстың кейір лексикалық ерекшеліктеріндеған тоқталамыз.

Ақындар айтысының қай кезеңінде, қай түрінде болмасын сол дәуірдің әлеуметтік, экономикалық жағдайына байланысты тыстан еніп, халық жиі қолданатын тілдік элементтерге айналған сөздер болады. Солардың бірі – «кірме сөздер» аталағын лексикалық бірлік болса, соның ішінде алғашқы кезеңге тән басты ерекшелік – араб-парсы тілінен енген, әсіресе дінге байланысты сөздер болып келеді.

Мысалы, «Жанақ пен Тубек» айтысындағы Тубектің сөзінде қайыр-зекет (... Малынан бермесе де қайыр-зекет...), Жанақта әруақ (... Өлең айтсаң әруақ сенен қашты...) деген сөздер кездессе, осы тәрізді сөздер «Шәже мен Кемпіrbай» айтысында да мол қолданылған. Мысалы:

Кемпіrbайда:

...Бабамның әруағы маған қонды..

...Құдай-ау бергеніңе сансыз тауба...

– Бес намаз, он екі иман жанға пайда...

... Бұл елде қожа, молда құрып қап па?

... Өзіне күтірлік сөз күна емес пе?..

...Қалтырап топ ішінде пақыр болдың... – деген жолдар кездессе, ал Шеженің жауабында:

...Баласы Жаныс мырза – Сәтбай марқұм,

Орнына дұза оқыдым сыйлап рухын...

...Алланың не қылса да еркі өзінде.

...Мұктасар сөзім майда тақтасында... – деген жолдар кездеседі.

Сондай-ақ, «Шәже мен Тезекбайдың» айтысында Тезекбай өздері отырған үй иесіне қаратып:

Шоқпар-ау, ...

...Мұның жөні *кітапта* қалай екен,

Шаригаттың мәнісін айт, не білесін?

...Бұл жалғанда соқырға қайыр берме,

Таңда мақшар күнінде танып кетер, – десе, Шәже:

...*Тәңірім* қылды соқыр көрмесін деп,

Жамандықтың сонына ермесін деп.

Садақаны соқырға мен сиякты

Кандай *кітап* айтады бермесін деп, – деген жауап қайтарады.

Осы тәрізді «Кемпіrbай мен Әсет» айтысында (*шипа, патша-құдай, бәйіт, Әзірейіл, ғаріп т.б.*), «Бақтыбай мен Тезек төре» айтысында (*аруақ, пайғамбар, ләпсі т.б.*), «Сүйіnbай мен Тезек төре» айтысында (*зұлзәләл, байгүс, сайтан, пері, періште, иман, құдай, қазына т.б.*), «Тұбек пен Құлмамбет» айтысында (*мәлім, тақсыр, зәнталақ, жады, ақырет, зират, бейіш т.б.*), «Жамбыл мен Досмағамбет» айтысында (*пір, аруақ, дүние, тәңір, зәнтар, күмән, галым, молда, аят, зікір, жаңаза, педия, шаригат, құран, зекет, ұжмақ, күпір т.б.*) тағы да басқа сөздер молынан кездеседі және ақындар бұл сөздерді өздерінің қарсыластарын жену мақсатында түрлі мағынада, түрлише жағдайда қолданады. Мәселен, өзінің құлқындарын ғана ойлаган кей ақындар мұндай сөздерді өздері мақтап-мадактап отырған байлардың байлығын, дүни-е-мұлкінің молдығын, басқа байлар мен ру алдындағы беделін көрсету және сол арқылы өздері сый-сияпат алу мақсатында қолданса (мысалы – Тұбек, Кемпіrbай, Тезекбай, Тезек төре, Досмағамбет т.б.), ал қарадан шығып, халық атынан сөйлеген ақындар (мысалы – Жанак, Шәже, Бақтыбай, Сүйіnbай, Жамбыл т.б.) қожа-молдалардың шаригатты біле тұра істейтін теріс қылықтарын, қарапайым халыққа көрсетіп отырған кияннаттарын бетіне басу үшін пайдаланады. Қалай болғанда да, бұл ақындардың бәрі де діннен ауызша болсын, жазбаша болсын хабары бар, араб-парсы тілдерінен енген сөздердің мән-мағынасын жете түсінетін адамдар болғаны анық.

Сол тұстағы айтыстарда кездесетін «кірме сөздің» тағы бірі – орыс тілінен енген сөздер. Бірнеше ғасыр бойы орыс бодандығында болған қазақ еліне XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап капитализм элементтерінің, сауда-саттықтың, ел басқаруға байланысты жана үлгілердің ене баставу қазақ тілінде орыс сөздерінің немесе кейір жаңа терминдік сөздердің қолданылуына жағдай жасады. Демек, айтыскер ақындар да бұдан құралақан қалған жоқ. Мысалы, Шәжемен айтысында Тезекбайдың:

Он жеті атан актауға кіре салдым,
Жүктің бұтын бір сомнан жәмшик алдым...
...Үй салдырған мен мұндай көпес емес,
Нашарлықпен наз айта келе қалдым. – деген, Шәжениң:
...Екі мың тоғыз жуз сом тарткан болсан,

Кәне, көрсөт, подписька қағазыңды... – деген сөз сайысындағы бұт, жәмшик, көпес, сом, подписька дегендер сол кездің колданысына еніп сініскең сөздер екені мәлім.

Сондай-ақ, Кемпіrbай Әсетпен айтысында – жандарал, Бактыбай Тезекпен айтысында – панаr, поднос. Тұбек Тезекпен айтысында – керует, Жамбыл Досмағамбетпен айтысында – пар, пристав, кінэз (князь), шенеунік (чиновник), Ыбырай Доскеімен айтысында – кастер-трико, патирос, устел, Әудабай Молда Мұсамен айтысында пәмешінік (помещик) сөздерін колданады. Мұндай сөздерді басқа ақындардан да аз-мұз кездестіреміз.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, өздерінің айтыскерлік таланттарын ұштаған кедей ақындардың бірсынырасы XX ғасырдағы Кеңес өкіметінің орнауын қуана қарсы алғып, соның идеологтарына айналды. Сонымен бірге көптеген ақындар айтыс өнеріне бет бұрып, жаңа қоғамның жаңағының, жақсылығының, халыққа деген «камкорлығын» жырлауға көшті.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдардан бастап-ақ айтыстың алуан түрлері ауызша да, жазбаша да жанданып жүре берді. 1921 жылы «Кете Жүсіп пен Қалыш», 1923 жылы «Рахымжан мен Үбыраш», «Шағырай мен Қарсақ», 1925 ж, «Керімқұл мен Бибайша», «Иса мен Куаныш» айтыстары дүниеге келген болса, бұл өнер соғыска дейін де, соғыс кезінде де, соғыстан кейін де жыл аралатпай етіп, еткен ғасырдың 60-70-жылдарына дейіп жалғасып келді. Бұл кезеңнің бір артықшылығы – айтыс әдебиеттің бір жанры ретінде арнайы зерттеу нысанына айналып, әр жылдарда бірнеше жинақтар баспаға шықты. Жазба айтыс түрі өріс алды.

Кеңес дәуірі түсіндағы айтыс лексикасында да айта қаларлықтай өзгерістер болды. Ендігі жерде айтыскерлер тілінде араб-парсы тілінен енген сөздердің ішінде басым көшілігі Аллаға, құранға, қожа-молдаға қатысты атаулар емес, тұрмыс-тіршілікке қатысты қазақ тілінде баламасы бар қарапайым сөздер ғана пайдаланылатын болды. Орыс тілінен енген жаңа сөздер мен атаулар басымдыққа ие бола бастады. Бұл ерекшелік айтыскерлердің алғашқы легінен-ақ байқалды. Мысалы, 1921 жылғы болған қармақшылық ақындар «Кете Жүсіп пен Қалыштың» айтысында Жүсіп шаһар, мұддага, баһам, байғұс, гайбат, ошал, бақас, мұдде т.б. араб-парсы сөздерімен бірге форма, атлас, право, декрет, Октябрь тәрізді жаңа сөздерді қолданады. Бұл Жүсіптің екінші де, жаңаша да сауатты болғандығын

анғартады. Калыш та өз кесегінде *ансат, пәр, мүбәда* деген тәрізді кітап сөздерімен бірге орыс тілі арқылы енген минут сөзін қосады. Осындай сөздерді пайдалана отырып, ақындардың Кенес үкіметінің мақсат-мұддесін көздел жырлағандығына Жүсіптің мына жауабы да дәлел бола алады:

Сакталып сандығымда сансыз ұдай,
Калышжан келіп еді айтылынбай.
«Жойылсын қалын мал» деп заң шыккан соң,
Өмірді өткендегі жаздым сынай.
Әйелдер *право* алды *декреттен*.
Таңында *Октябрьдің* алтын шырай.
Әркімдер тендік алып тәңін тапты,
Енді жок нәпсікүмар бұрынғыдай! (Кармақшы, 1921 ж.)

Ал 1925 жылғы атақты ақындар Иса Байзаков пен Қуаныш Баймағамбетовтің айтысында ертеден еніп, қазақ сөзіне айналып кеткен *саламат, жамағат, құрмет* тәрізді сөздер болмаса, діни сөздер мұлде колданылмайды. Оның есесінен Кенес үкіметінен бұрынғы айтыскерлер тілінде кездеспейтін жаңа сөздер, оның ішінде орыс тілі арқылы енген термин сөздер де, казактың байырғы сөздерінің негізінде жасалған жаңа мағыналы сөздер де мол кездеседі. Мысалы, Исаңың сұраптарына берген жауабында Қуаныш мынадай сөздерді тілге тиек етеді: *тан, теңдік, Ленин, Қазақстан, право, қызыл ту, кеменгер, көсем, партия, т.б.*

1936 жылы жазба түрде айтысқан Саяділ мен Майсалар да елдегі «социализмнің женісін» елге паш ету максатында жоғарыдағыдай сөздерді колданумен бірге *социализм, машина, Марксің ғылымы, бент (винт), СССР, орак, пен балға, жұмыскер, коммунизм, газет т.б.* жаңа сөздерді пайдаланады.

Айтыс Ұлы Отан соғысы кезінде де тыйылған жоқ, кайта өрши түсті, халықты жеңіске жұмылдырудығы үгіт-насихат құралына айналды. Осы тұстағы ең бір көлемді де, маңызды да айтыстың бірі Шашубай мен Қошеннің айтысы еді. Балқаштың атынан сөйлеген Шашубай осы жердегі кен орындарында шығатын түрлі металдардың жауды жену үшін қажеттілігін тілге тиек етсе, Карагандылық Қошен де өз жерінен шығатын кара алтын – көмірдің маңыздылығын жырға қосады. Соғыс жылдарында жеңісті жақындау жолындағы осы өндіріс орындарының, онда енбек еткен адамдардың ерлік істерін жыр еткен бұл айтыста да талай орыс тілінен енген терминдер мен атаулар колданылған. Айтыс мәтінінен екі айтыскерге де ортақ мынадай сөздерді кездестірдік: *завод, машина, молибден, танкі, партия, фашист, тонна, техника, бомба, автомат, пулемет, «Катюша», шахта, механизм, мотор, домна (пеш), Бомбовоз, самолет, трест, цех, фабрика, Наркомат, авария, ТЭЦ, вагон, штраф, план, станция, ста-*

нок, экскаватор, вагонетка, горкомхоз, барақ, транспорт, телефон, трубка т.б. Бұлардан басқа Қенес дәуірінен бұрын қолданылмаған аударма арқылы жасалған қашшама жаңа мағыналы сөздер бар. Мұндай сөздерді қолдана білу, бір жағынан айтыскерлердің жан-жақты сауаттылығын, жеңіс жолында кемшілікті болдырмай, жетістіктерді бұрынғыдан да молайта түсін халықты жұмылдыруға барынша күш салғанын, екіншіден, өздерінің тіл шеберліктерін көрсету мақсатында сол кездегі жаңа лексикалық бірліктерді орынды жұмсай білгендігін көрсетеді. Мұндай сөздер соғыс кезіндегі айтыстардың бәріне ортақ десек, артық айтқандық емес.

Байқап отырганымыздай, Қенес дәуірінің алғашқы кездерінде гі айтыстарға қарағанда соғыс кезіндегі айтыстарда кірме сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да молайғанын байқау қын емес. Ал соғыстан кейінгі кезеңдегі айтыстарда осындаі кірме сөздер саны бұрынғыдан да көбес түспесе, азайған емес. Мысалы, Қызылордалық ақындар Тілеген мен Сейітқасым, Рахмет пен Әбділда, Әблахат пен Файзоллалардың, тағы да басқа облысаралық, қалааралық айтыстарда сөз жарыстырған ақындардың тілдерінде жоғарыда аталған сөздермен коса жаңадан қосылған процент, Октябрь, газет, цифр, совхоз, бюро, коммунист, плотина, парк, Ильич шамы, коллектив, монтаждау, овоцъ, миллионер, клуб, грузовой, помидор, шифр, кино, медпункт, гараж, радио, ясли, гектар т.б. ортақ кірме сөздер жеткілікті.

Сонымен, Еліміз егемендік алғанға дейінгі айтыстарда кездескен кірме сөздерге қысқаша жасалған шолу Қазан төңкерісіне дейінгі айтыстардың көбінес ауызша жүргізілгені және бұл кезеңде айтыскерлер тілінде араб-парсы тілінен енген кітаби сөздердің басым болғаны айқын анғарылады. Дегенмен, бірнеше ғасыр бойы орыс патшасына бодандық орыс тілінен сез енүіне де ықпал етпей қойған жоқ. Алайда, бұл айтыстардың Қенес дәуірі тұсындаған баспаға түсін салдарынан кірме сөздердің бәрі де айтылым заңдылығына емес, жазылым заңдылығына бағындаралғаны анғарлады. Расында, ауызша айтылған айтыстардағы кірме сөздердің айтылым заңдылығына бағынуы, Ахмет Байтұрсыновша айтқанда, «жанышылып, сындырылып» алынуы тиис еді [4;395].

Қенес дәуіріндегі айтыстарға тән кірме сөздерді қабылдау, пайдалану орыс бодандығының шектен шыққан астамшылығын көрсетті деуге болады. Бұл тұстағы жазба айтыстың басымдық алуы, осыған байланысты шығарылған жазылым ережелері кірме сөздерді орыс тіліндегі құрылымынан ешбір өзгеріссіз қабылдауға мәжбурледі. Осы тұстағы Алаш алыптарының шырылдаған жан дауысы ескерусіз қалды. Баспадан шығарылған кез келген айтыс жинақтарындағы кірме сөздер жазылым заңдылығына бағындырылды. Әрине, басқа тілден сез енү, әсіресе ғылыми, терминдік сөздердің көптеп келуі тілімізді байытқаны, байытатыны рас. Дегенмен, ұлттық тіліміздің

ұлық заңы – айтылым (үндесям) заңы құрдымға кетті. Соның салда-рынан тіліміз де жапа шекті. Оның зардабын әлі қунге шегіп отыр-мыз. Сірә, біразға дейін шеге де беретін шығармыз.

Әдебиеттер:

1. Мұсірепов F. Суреткөр парызы. – Алматы, 1970.
2. Әүезов М. Шығармалары. 11-т. – Алматы, 1969.
3. Сыздық Р. Айтыс – ауызша әдеби сөздің ерекше түрі. – Интернет-тен алынған материалдан.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.

**Жанқожа батыр туралы жырлардың кейбір
тілдік ерекшеліктері**

Әдетте, қандай шығарманың болса да тілі жөнінде сөз еткенде, оның алдымен лексикалық ерекшеліктеріне назар аударылады. Өйткени шығарма авторының шеберлігі де, оның оқырман көкейінен ұзақ уақыт орын алуы да ұлттың даму тарихы бойында жинаған тіл байлығын, яғни лексикасын қаншалықты терең менгере отырып пайдалануымен айқындалады. Осы түрғыдан алғанда, Жанқожа батыр жайындағы жырларды шығарушылар да қазақ халқының бұрыннан келе жатқан фольклорлық дәстүрін пайдалана отырып, өздерінін шеберлік шама-шарқын көрсете білген. Бір өкінішті – батырдың бүкіл өмірін, курсес жолдарын толық көрсетерліктең бас-аяғы бүтін жыр сақталмаған. Біз мақаламызға «Сырдария кітапханасы» сериясында (Жанқожа батыр туралы жырлар. Тарихи шығармалар. Астана, 2007. 83-147 б.б.) жарияланған қазалылық белгілі жырау, Кеңес үкіметінің алғашқы көзөндөрінде Қазалыда алғаш «Қызыл отауды» ұйымдастырып, ауданда көркемөнер мен мәдениеттің дамуына зор үлес қосқан қайраткер Нұрсұлтан Жұбатұлы жырлаған «Жанқожа батыр» дастанын арқау еттік. Себебі бұл жырдың толық нұсқасы сақталмағанмен, жарияланған нұсқасының өзінің көлемі ұзақтау, уақығаны баяндау түрғысынан бұрынғы жырларға жақын, тіл байлығын еркін қолдану жағынан да өзіндік ерекшеліктері мен ақындық шеберлік айқын байқалады.

Сонымен, жырдың лексикалық ерекшеліктеріне талдау жасағанда, алдымен бұрыннан бар сөздік қорымыздың құрамы жағынан молаю мүмкіншіліктері, нақтырақ айтқанда сөз байлығын құрайтын тілдік бірліктерге назар аударылады. Ал ондай бірліктердің мағыналық жағынан, қолданыс түрғысынан штей бөлінестін алуан түрлері бар. Оның бәрін бір мақала ішіне сыйғызу мүмкіндігі болмағандықтан, бірсыныра түрлеріне ғана тоқталамыз.

Жырдың негізі, әрине, байыргы заманнан қазақ халқының өзіне ғана тән болып, ұлттық сипатта қалыптасып, үнемі қолданылып келе

жаткан атауыш сөздер арқылы берледі. Олардың бәрін жіктеп атая жатудың да қажеттігі аз. Солардың ішінде ерекше атауға тұрарлық сөздер – есімдер тобы (антропонимдер). Мәселен, жырдың тақырыбы етіп алынған Жанқожа батыр жөнінде айтпас бүрын жырау оның ата-тегін шежірелік ретпен айтып береді. Ол былайша тарқатылады: *Кіши* жұз, *Алишын*, *Қыдуар*, *Қарақесек*, *Әлім*, *Жаманақ*, *Шыңғыс*, *Баубек*, *Өріс*, *Есеналі*, *Кішкене*, *Құттық*, *Майдан*, *Нұрымбет*, *Жанқожса*. Жырда тек осы есімдер ғана емес, Өрістен бермен қарай тарайтын басқа да қазір ру, аталақтардың атауына айналып кеткен немесе тарихта ізі қалған адамдардың да есімдері молынан аталады. Мысалы, Есенәлімен туысқан – *Айдарбек*, *Бөлек*, Кішкенемен туысқан – *Палуан*, Құттықпен туысқан – *Күрманай*, Нұрымбетпен туысқан – *Өтеген*, Жанқожамен туысқан – *Ақмырза*, *Жауқашар*, *Бек* т.б. толып жаткан батырлардың, хандардың, билердің, тігіт қазақ үшін жау саналған басқа ұлт өкілдерінің есімдері де мол. Бұл шежіреде аталған есімдердің ғылым үшін ғана емес (мысалы, тарих, этнография, лингвистика т.б.), қазіргі кезде жас үрпақты ұлттық және патриоттық рухта тәрбиелеуде де қаншалықты маңызды екенін айта кеткеніміз артық болмас.

Жырда, сонымен бірге мемлекет, хандық, жер-су атаулары да жеткілікті. *Қазақстан*, *Еуропа*, *Орыс*, *Монгол*, *Қытай*, *Хиуа*, *Буқар*, *Қоқан*, *Қарақалпақ*, *Сарыарқа*, *Сыр*, *Хорезм*, *Қазалы*, *Айқайқөл*, *Тербенбес*, *Қарлан*, *Қойкешкен*, *Баужисде*, *Арба қалған*, *Ақирек*, *Үстірт* т.б. атаулар бұған айғақ бола алады.

Осы есімдер мен атаулардың бәрі дерлік бірі ілгері, бірі кейін пайда болып, біздің лексиконымызды үнемі байытып отырды. Тілдік құрамы жағынан бұлардың қай-қайсысы да әр кезде түрлі жолдармен, тәсілдермен жаңадан жасалған сөз ретінде қалыптасқан да, сөздік қордың молаюына септігін тигізген. Мысалы, жоғарыда аталған кісі есімдері бір кезде тек сол кісіге қойылған есім болса, ал жылдар өткеннен соң халық олардың атын кейінгі үрпаққа мәнгі қалдыру мақсатында ру, тайпа, жағырапиялық атауларға айналдыры. Өйткені олар өздерінің өлшеулі өмірінде халық үшін, үрпак үшін қандай да бір ұмытылmas іс-әрекеттер жасады. Сөйтіп, бұрынғы кісі есімдері енді сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі негізінде жаңа атальмадарға – аталақ, жер-су, ауыл, қала, көше т.б. атауларға айналды. Бұл, бір жағынан атаулардың этимологиясын айқындау арқылы кейінгі үрпаққа тәлім-тәрбие беру мәселесімен де тығыз байланысып жатады. Мәселен, жастар бүгінгі күні 240 жылдық тойын тойлап отырган, аты ауыл, көше, мектептерге берілген батыр бабамыз Жанқожаның кім екенін осы атаудың тарихын білу арқылы ұғынады.

Сондай-ақ, кез-келген жер-су атауларының да тарихын, этимологиясын адамдар осы түргыда тани алады, сол арқылы білімін молайтады.

Тағы бір мысал – жырда «Арба қалған» атауының қалай пайда болғанын жырау былай сипаттайды:

...Қазақпенен жау болып,
Қарақалпақ кошті буліне.
Қазақ деген көп халық
Жетпеді күші іріге.
Үдере көшкен қарақалпақ
Көрмедин тыным күніге.
Күні түгіл түніне.
Арбасы сынып қирады,
Қызылдың қия дөңінде.
Арбасын тастап кеткен жер
«Арба қалған» аталағы

Қарақалпақ бұлғен кезінде... Бұл – бір ғана атаудың автор берген этимологиясы болса, ол тілдік құрамы жағынан «арбаның қалған жері» тіркесінің ықшамдалуы арқылы жасалғаны айдан анық болса, екінші жағынан тұтас бір халық тарихынан мәлімет береді. Осы атаудың қайдан шыққанын зерттеген тарихшы онын «Қазақ пен қарақалпақ соғысында женілген елдін қашқан кезіндегі басынан өткен уақығасының негізінде калыптасқанын» беледі. Осы сияқты Қазалы, Ақирек, Айқайқөл, Тербенбес, Қаралан, Қойкешкен, Баужисде тағы да басқа атауларды осылай тарихи тілдік талдауга салуға, олардың этимологиясын анықтауға обден болады. Өйткені осы атальмдарды құрайтын сөздердің бәрі дерлік көне заманнан қолданып келе жатқан байырғы сөздер болғандықтан, олардың жаңа мағыналарында ата-бабалармыздың танымында қалыптасқан бұрынғы мағыналардың ізі қалайда сакталады. Сөйтіп, байырғы сөздердің сөзжасам тәсілдері арқылы лексикалық байлықты молатудағы айрықша рөлін айқын көреміз.

Тілімізде лексикалық байлықты құрайтын бірден-бір сөздер тобына қазақтың ел қорғау, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүріне қатысты пайда болған атальмдар жатады. Мұндай сөздер жырда өте көп. Мысалы: *найза*, *қылыш*, *балдақ*, *кіреуке*, *сауыт*, *ок*, *садақ*, *мылтық*, *пілте*, *қанжар*, *қалқан* т.б. – жаугершілікке қатысты сөздер болса, *ат*, *тазы*, *сұңқар*, *нар*, *домбыра*, *қобыз*, *аяқ* (*ыдыс*), *шөміш*, *марқа* (*қозы*), *матта*, *бояқ*, *бөз*, *тамырыши*, *тәүіл* т.б. толып жатқан сөздер аңшылыққа, өнерге, тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрыпқа байланысты сөздер. Жырау бұл сөздердің бірде осы күйінде қолданса, бірде анықтауыш сөздерімен бір тіркесте, кейде бұл сөздердің орнына олардың анықтауышын субстантивтік ынғайда қолданады. Мәселен, *ат* – *жүйрік ат*, *арғымақ ат*, *бедеу ат*; *қылыш* – *кескір қылыш*, *алмас қылыш* немесе *алтын балдақ*, *шар болат*; *мылтық* – *қырлы мылтық*, *сирақты мылтық*, *пілтелі мылтық*; *сұңқар* – *алғыр сұңқар*; *тазы* – *құмай тазы* т.б. болып қолданылумен бірге, аттың орнына – *арғымақ* не *бедеу*, *қылыштың* орнына

– алмас, мылтыкты – қырлы; тазыны – құмай, тұлқіні – алтайы деген тәрізді сөз ауыстыра қолдану, яғни эпитет, тәңеу, метафора, метонимия тәрізді тіл шеберлігін байқататын бейнелік қолданыстар жиі кездеседі. Бұған төмендегі үзінділер күэ бола алады:

Нұрымбет жайлалаушы еді Айқайқөлге,
Ауылын қондыратын бишік жерге...
Коршілес ағайынды дос тұтынып,
Жарқын жісуз жаман емес бері келге.
Жүйрік ат, құмай тазы, кескір қылыш,
Оқ садақ ғуес еді мылтықпен де.
Кіреуке, сауыт-сайман, өткір қанжар
Ітулі тұруши еді керегеде...
Қызыл нар, аргымақ ат, алғыр сұңқар –
Қымбатты алушы еді болса кімде...
Жазында құмай тазы, қыста сұңқар.
Бедеу ат жазы-қысы белдеуінде...

Немесе:

Естіп мұны Нұрымбет,
Тұрғелді орнынан...
Алмасын асыт беліне,
Қырлысын асты мойнына
Дәл тиетін қырымнан.
Тербенбеске бет алды
Шашақ құлақ құмайды
Қалдырмай ертіп соңынан...

Жырау көркемдегіш құралдар ретінде негізгі және туынды сын есімдердің жиі қолданады. Оны Жанқожа батырдың бейнесін сипаттайтын мына бір үзіндіден анғаруға болады:

...Шарайна көзді мұзбалай,
Беті қалың қабақты.
Мойны жуан шүйделі.
Маңдайы жалпақ, қасқабас.
Тақтайдай тегіс қабақты.
Тұлғасы бітеу жүп-жұмыр.
Жаурыны жалпақ сымбатты.
Артынан еңкек көрінер.
Алдынан қайқы шалқақты.
Балтыр еті бөп-болек,
Толтырады балақты.
Арты шөмек, алды кең,
Жолбарыс жонды, кеуделі,
Таңдандырды жсан-жсақты...
Артық туган ер Жәкен,

Адам болмас демеңдер,
Қатарынан **талаңты**.
Жасынан-ақ Жанқоқса
Көп тыңдайды аз сойлеп,
Мінезі **ауыр салмақты**...

Осы үзінділердің өзі-ақ біздің сөз байлығымыздың соншалықты молдығын көрсестүмен бірге жыраудың да лексиконының ауқым-дұлдығын және жыраулық шешендігі мен шеберлігінің жоғары екендей-гін дәлелдесе керек.

Сондай-ақ, жырда осы аймаққа тән жіңі айтылатын кейбір жеке тілдік ерекшеліктер ретінде танылатын (говорлық) жүдә, жөңбай, өнемейін, дегдар, кеүілі, аспай, шарқы, сайлас (*сай*), аламат т.б. сөздермен бірге қазіргі кездे қолданылмайтын немесе қолданылуы азайып бара жатқан хан, сұлтан, барымта, жастақ, ақырап, жона, пақыр, жасасауыл, сарман, безбен, мұзбалақ, балдақ, сауын, бұлу(буліну). дат, бокжасама т.б. тәрізді ескі сөздер де, аздаған кірме сөздер де (мысалы, жуырхан – қ.к. көрпе, порым – ор. форма, шәйнек – ор. чайник, дорақ – ор. дурак) кез-десіп қалады. Мына бір үзінділерге назар аударсақ, оған көзіміз жетеді:

Кіши жұз Алишин бидің Қыдуары
Болыпты тентек кісі қоңыласқа...

Мылтығын алып қолына
Пілтесіне от берді...
Коржынга салды **куржілден**...

Айша жасты төсекте
Жуырқанга оралын...

Жиырма жеті ат болды.
Суытылып жараган.
Кү жонамен ерленіп,
Мінгізген жесеніл баладан.
Ақи्रектің шыңайтын
Каракышыга қалаган.
Жиналтып келген **аламан**,
Қылышбай мен Өтеген –
Тогашы тойға осылар
Аузына халқы қараган...

Осында аталған қоңыс, **куржілден**, **кү жонамен**, **шыңайтын**, **тогашы** тәрізді сөздер де ойымызға дәлел болады. Бұлардың қай-қайсысы да халқымыздың сөз қолданысында бұрынғы кездері орын алғанымен, қазіргі қолданыста жіңі қолданыла бермейтін лексикалық бірліктер болып табылады.

Бір таңқаларлығы – бұрынғы Қенес дәуіріне дейінгі жырларда жи кездесетін дінге байланысты араб-парсы кірме сөздері бұл жырда мұлдем қездеспейді. Бұған басты себеп – жырдың пайда болу кезені Қенес үкіметінің «дінді апияны» ретінде танып, оны жоюға ниеттеген большевиктік саясатымен сәйкес келуінен екені айдан анық.

Сонымен, қорыта айтқанда, «Жанқожа батыр» жырының тілдік ерекшеліктері ондағы лексикалық бірліктердің қаншалықты оңтайлы да бейнелі қолданылуымен, сол арқылы автордың шешендік шеберлігінің жан-жақты көрінісімен айқындалады.

(«Ұлт азаттығы қозгалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда оқылған баяндама. Қызылорда, 15 қазан 2014 ж.)

Сөз саптаудағы самарқаулық

Тіл мәселесі, тілдік бірліктерді дұрыс қолданудың жолдары мен тәсілдері ұлттығымызды сақтап қалудың басты құралдарының бірі ретінде қай кезеңде де ғылым сахнасынан түскен емес. Әсіресе еліміз дамуының жаңа кезеңінде тілге көзқарас мұнды жалпы ұлттық мәдениетті еркендетудің бөлінбес бір бөлшегі ретінде қарастыру қажеттілігін айқын көрсетіп отыр. Өйткені Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтан бастап, үкімет қостап, бүкіл Қазақстан азаматтары бір кезде «Тілі жойылған елдің өзі де жойылады» деп жар салған алаш ардақтыларының өлмес өсіетін нысана етіп, АНА тіліміздің Қазақ Елінің ұлттық таңбасы (символы) екендігіне, солай болып қала да беретіндігіне ден қоюда. Бұл жолда атқарылып жатқан шаралар жөнінде жөнінде айтып жату артық болар. Қазір әуелі «қазақ пен қазактың қазақша сөйле-суи қажет» екендігі де, одан соң елімізде тұратын әр азаматтың қазақ тілін білуге міндептілігі де әркімнің-ақ қөкейінде. Алайда, сөйле-у-сөйлесу кезінде тіл мәдениетін, тілдік бірліктерді орынды қолдана білуді жүрттың бәрі бірдей ескере береді десек, қателесеміз. Әсіресе, тіліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік заңдылықтарын сақтауға келгенде, қателіктер молынан кездесіп жатады. Мұнды сауатсыздық десек артық айтқандық, көпке топырақ шашқандық болар. Алайда, осындаі олқылықтардың орын алып бара жатқаны – шындық. Мұндай қателіктер тек жастаңдардың тіліндеған байқалса, мұнды отбасындағы тәрбиеден, мектептегі білім беруден кеткен кемшіліктер ретінде де қарастаға болар еді. Бірақ сондай кемшіліктер жастаңға үлгі болар үлкендерден, жоғары білімді азаматтардан – басшылардан, журналистерден, тіпті қазақ тілінен сабак беретін маман ұстаздардан кездесіп жатса, не дерсін?

Қазір «Қазақстандық патриотизм» дегенді көп айтамыз да, оның мәні елді. Отанды сую, соның дамуы, өсіп-әркендеуі жолында қаның-

ды да, қажет болса, жаңынды да аямау деп түсінеміз, жас ұрпакты да осы бағытта тәрбиелеуге тырысамыз. Әйтсе де, патриотизм ішінде тілге деген сүйіспеншіліктің – «тілдік патриотизмін» де бар екеніне назар аудара бермейтін тәріздіміз. Әрине, «тіл жана шырлары» аталатын азаматтар (Біздінше, тілге жаңы ашып қана қою аздық ететін тәрізді, сондықтан «тіл патриоттары» немесе «тіл күрестерлері» десек жарасады-ау деп ойлаймыз.) тарапынан сөйлеудегі кейбір ауытқушылықтар, айтылым-жазылымдардағы олқылықтар туралы баспа беттерінде аз айтылып келе жатқан жоқ. Бірақ, бірсыныра жағдайда, сол айтылғандарды көрер көз, оқыр сауаттылық, орындар намыс табыла бермейтін сияқты.

Біздін бұл жолғы мақсатымыз – қазіргі кезде ауызекі сөйлеуде кен етек алғып бара жатқан кейбір кателіктеді теориялық жағынан дәлелдеп көрсету, олай айтуға, жазуға болмайтынына назар аударту. Жалпы тіл ғылымы да математика т.б. ғылымдар тәрізді өзіндік қалыптасқан ереже қағидалары бар ғылым фой. Сол ережелердің бұзылуы тілдің бұзылуына әкеліп соқтырады. Тіл тазалығы үшін күрес дегеніміз де осы ережелерді сақтау жолындағы күрес болып есептеледі.

Қазіргі тілдік қолданыстағы өрекел кателіктің бірі – етістікке жалғанып көптік мағынаны білдіретін *-қ/-қ* жіктік жалғауының орынсыз қолданылуы. Мәселен, тілімізде ғасырлар бойы қалыптасып, қолданылып келе жатқан «бара жатырмыз»-дың орнына – «бара жатырық», «оқып отырмыз»-дың орнына «оқып отырық», «келіп тұрмыз»-дың орнына «келіп тұрық», «барып жүрміз»-дің орнына «барып жүрік» болып айтыла бастағанына біраң уақыт болды. Бұл кателіктің етек алғаны сонша, үлкен де, кіші де, ұстаз да, шәкіртте, қарапайым қызметкер де, басшы да, журналист те, тіпті жаңадан шығарыла бастаған қазақ телесериалдарының кейіпкерлері де (олардың сценарийін, сөздерін жазып дайындаушылар бар фой) еш ойланбастан қолдана беретін болды. Алда-жалда, естіп қалған жерде ескертке қойсан, «жүрттың бәрі солай айтып жүр фой» деген немісқұрайды жауап аласын. «Мынауымыз ұят болған екен» деп қысылғандығын білдірген бір жанды әзірге кездестіргеніміз жоқ.

Әрине, атальыш жіктік жалғауының да, жіктік жалғауының басқа түрлерінің де өзіндік занды қолданылатын орындары бар. Мектептегі оку құралдарынан бастап, барлық грамматикаларда бұлардың ережелері (теориялық анықтамасы) анық, айқын берілген. Мәселен, қай кітапта болса да, етістік сөз табының 1-жақтағы жекелік көрсеткіші (формасы, жалғауы) рай және шақтың ынғайына қарай *-мын//мін, -м, -айын//-ейін*, көшшелік тұлғасы *-мыз//міз, -айық// -ейік, -қ/-қ* екенін көреміз. Осындағы *-айық// -ейік* тұлғасы тек қана бүйрек райының 1-жағында осындей құранды қосымша ретінде [-айы(-алы)+қ] қолданылатынын және оның осылай қалыптасуына тіл дамуының тарихы күз екенін ғалымдар әлдекашан дәлелдеген (Ісқақов А. Қазіргі қазақ

тіл. Морфология. А., 1991. -318-319-бб., Томанов М. Тіл тарихы тура-лы зерттеулер. А., 2002. 410-411-бб. т.б.). Ал жалаң -*к//к* тұлғасының қолданылуы тек екі жағдайда: 1) ашық райдың жедел откен шақ (-*ы*) тұлғасынан кейін, 2) шартты рай жүрнағынан (-*са//се*) кейін болуга тиіс.

Жоғарыда көлтірілген қате мысалдардан байқаганымыз – -*к//к* көпше жіктік жалғауы әзірше қазақ тілінде «қалып етістіктері» деп аталатын *отыр*, *тұр*, *жатыр*, *жұр* сөздеріне ғана (*отырық*, *тұрық*, *жатырық*, *жүрік*) жалғанып тұр. Бұл сөздер тілімізде бірде негізгі (мен *отырмын*, *біз отырмыз*), бірде көмекшілік (мен *барып жүрмін*, *біз барып жүрміз*) қызмет атқара отырып, іс-эрекеттің дәл сөйлеу жағдаятында орындалуын (нақ осы шақ) білдіреді. Екі жағдайда да бұл сөздерге -*к//к* қосымшасы жалғана алмайды. Бұл қосымша осы сөздерге және басқа да етістіктерге тек қана іс-эрекеттің сөйлеу жағдаятынан сәл ғана бұрын болып откенін білдіру үшін (жедел откен шақ) қолданылады (мен *отырдым*, *біз отырдық*). Бұлай болмаған жағдайда тіл занылығы бұзылған болып есептеледі де, сөйлеуде құлаққа тосын дыбысталу, мағына өзгешелігі байқалып, тыңдаушының қабылдауына қындық келтіреді. Мұны мына сөйлемдерді салыстыра оқу арқылы байқау қын емес: 1. *Сіздің тапсырмаңызды орынданап отырмыз гой / Сіздің тапсырмаңызды орынданап отырық қой.* 2. *Бір сағат бойы орнымызда тапжылмастан тұрмыз / Бір сағат бойы орнымызда тапжылмасстан тұрық* т.б. Мұндай ерсілік әзірше ауызекі сөйлеуде ғана кездесін жур. Бірақ айтыла-айтыла жазуға да (әдеби тілге) еніп кете ме деген қауіп бар.

-*к//к* жалғауына байланысты бір қателік оның шартты райдың (-*са//се*) жүрнағынан кейін қосылып қолданылуында байқалып жүр. Шартты рай жүрнағының басты қызметі (басқа қызметінін бұл мәселеғе қатыс аз) – сабактас құрмалас сөйлемнің бағыныңың сынарының баяндауышы қызметін аткарып, оның шартты бағыныңылы түрін жасау. Яғни сабактас құрмаластың екінші сынары білдіретін іс-эрекеттің орындалуы алғашқы сынарындағы іс-эрекеттің орындалуына байланысты, дәлірек айтқанда, екі іс-эрекет шарттас болады. Мысалы: *Мұнданай қындығын ертерек білсек, істі бастамаган да болар едік.*

Қазіргі жастарымыздың тілінде (соның ішінде тележүргізуішілеріміз де бар) осындағы сөйлемнің екінші сынарын айтпай, алғашқы сынарының баяндауышын тұлғалық өзгеріске түсірместен, сол күйінше жай сөйлем етіп айта салу да жиі орын алғып барады. Мәселен, «*Экранга назар сударайық*», «*Мына суретке көз салайық*», «*Кітаптагы мәтінге қарайық*» деген сөйлемдерді «*Экранга назар аударсақ*», «*Мына суретке көз салсақ*», «*Кітаптагы мәтінге қарасақ*» деген күйде айту түк болмай қалды. Сөйлемді осылайша айтуда ойдың аяқталмай қалғаны, тыңдаушының одан әрі не болатынын (ой жалғасын) күтіп отыратыны жөнінде сөйлеушінің хабары жоқ, өзіне түсінікті болса жеткілікті

тәрізді. Бұл жерде сөйлеуші жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің жасалу, айтылу заңдылықтарын, өзіндік ерекшеліктерін білмейді не ескермейді деген қорытынды шығаруға болады.

Жіктік жалғауы қосымшасының қолданылуына байланысты соңғы кезде жирик байқалып жүрген тағы бір қателік – «керек», «қажет» т.б. кейір модаль сөздердің көмекшілік қызметте қолдану кезінде жіктік жалғауын жалғап айтуды (мысалы: *Бұл істі тезірек орындау қажеттіз; Сен кітапты уақытында әкелу керексің т.б.*). Әдетте, тілде берілестін хабар мазмұнына сөйлеушінің түрлі көзқарасын білдіре отырып түрлендіре сөйлеудің модальділік (сөйлемнің предикативтілік сипатымен бірлікте келетін басты белгісі) деп атайды. Сөйлем модальділігі, ғылымда объективті және субъективті деп бөлінеді де, соның субъективті түрінің жасалуында көмекшілік қызметтегі модаль сөздердің орны айрықша болады және олар семантикалық жағынан да түрлі-түрлі мән береді (болжал мәнді, міндептілік мәнді, ойды костау, растау мәнді т.б.). Тіл дамуының тарихы бойында модаль сөздердің қолданылуының да белгілі бір заңдылықтары тұрақталып, сол заңдылықтар негізінде тіліміздегі модаль мәнді сөйлем турлері калыптасқан. Енді жоғарыдағы модаль сөздердің қолданудағы қателіктердің көрсету мақсатында бірнеше салыстырмалы мысал келтірейік: *Ақ тайдың асау екенин ұмытып кетсек керек (кетсек керектіз, кетсе керексің емес); Оқуға қызындықпен түскен екенбіз, енді жсақсы оқуымыз керек (оқу керектіз, оқу керексің емес); Сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуің қажет (білу қажеттің, білу қажетсің емес) т.б.*

Жақша ішінде берілгендей қолданыстың пайда болуының түп та-мыры осы сөздердің орысша қолданысын қазақшаға тұра аударуда жа-тыр деп ойлаймыз. Нактырақ, айтқанда, орыс тіліндегі «мы должныны говорить...» деген тіркесті «біз айтту керектіз» түріндегі тікелей аударып қолданудамыз. Бұл қателік те тілімізге деңдеп еніп алды десек, қателеспейміз.

Модаль сөздердің (жалпы көмекші сөздердің) о баста толық мағыналы сөздерден жасалғаны ғылымда дәлелденген. Соңдықтан кей модаль сөздер бастапқы тегіне тартып, толық мағыналы сөздер қызметінде қолданылады. Оны мына мысалдардан көреміз: *Бұл – маган керек (қажет) кісі; Бұл кісі маган керек (керек екен, қажет екен); Мен саған керектің (қажеттің); Сен маган керексің қажетсің* т.б. Көріп отырғанымыздай, мұндай қолданыста бұл сөздер есім сөздер қызметін аткарып, жіктік жалғауын кабылдап тұр және одан сөйлем құрылышына ешқандай нұқсан келіп тұрган жоқ. Соңдықтан алдындағы қолданыс пен соңғы қолданыстардың айырмашылық заңдылықтарын біл-меу қателікке ұрындырады.

Тіліміздегі ендігі бір кемшілікті жеке сөздердің түп мағынасын түсінбей орынсыз қолданудан көреміз. Егемендік алғаннан бастап

тіліміздің лексикалық байлығына аударма арқылы болсын, түрлі жолдармен жасалу арқылы болсың, көптеген жаңа сөздер енде. Бірақ осы жаңа сөздердің барлығы дерлік орынды, ұтымды пайдаланылып жүр деу қын. Солардың бір-екеуіне ғана мысал ретінде тоқтала кетейік.

Ертеректе «тәраға» (жиналыс тәрағасы) деген жаңа сөзді ер адамға ғана тән деп түсінген кей білгіштеріміз, қазақ тілінде сөздің «родка» бөлінбейтінің қарамастан, әйел адамдарға қатысты «тәрайым» сөзін енгізген болатын. Осы сөздің «тор»-і түсінікті болғанымен, «айым»-ы «ага» сөзіне балама бола алмайтыны ескерілген жоқ (еркелету мәнінде «айым», «күнім» сөздері тек әйелге қатысты айтылмайды ғой). Сонымен, бұл сөз жөнінде кезінде әңгіме болғанымен, көшілік қолданысқа түсініе байланысты үйренешкіті сөзге айналып, қазірге дейін қолданылып келе жатыр. Сол тұста орыс тіліндегі «секретарь», «секретарша» сөзін аудара келін, алдыңғы ер адамға қатыстысын «хатышы» деп аудардық, ал екінші әйел адамға қатысты сөзді аудара алмай, ақырында сол «хатышы» сөзін қолданыста қалдырыдық.

Қазір осыған ұқсас «мырза», «ханым» сөздері кең қолданылуда. Бұл сөздердің тілімізге қайта оралуына қарсылық жоқ, бірақ кілтипсан сол сөздердің ретті де, ретсіз де қолданыла берестіндігінде болып тұр.

Бұл сөздердің орысшасын (гостодин, госпожа) Кеңес дәүірінен бұрын орыс зиялымлары қолданатын болған. Кеңес дәүірінде бұлардың орын «жолдас» сөзі басты. Қазақ тілінде де бұл сөздер ертеден бар және бірнеше мағынада қолданылатын сөздер болатын.

«Мырза» сөзінің түсіндірme сөздікте екі түрлі мағынасы берілген: 1. *Күрметтеуді, сытайыгерлікті білдіру мақсатында сауатты, білімді адамдардың есімдеріне және әмірші әuletteri аттарына қосылып айтылатын сөз.* Мысалы: Хан әuletі – төре, би әuletі – шора, әмір әuletі – мырза (М.Магауин).

2. *Қолы ашиқ, жомарт адам.* Мырза екен, қолындағысын бересалды (газеттен).

Ал «ханым» сөзіне берілген түсініктеме мынадай: 1. *Ханның әйелі, зайыбы. Ханның сол қол жағында ханымы жайғасыты (Ә.Кекілбаев).*

2. *Шет елдік біреуге қаратса сөйлегенде оның тегі мен атагына қоса айтылатын сытайы түрдегі қаратса сөз.* Сапра ханым машинаны маңынан бір қадам шығармай қойды (Адамбеков). (Қазақ тілінің сөздігі. – А., 1999.)

Қазіргі қолданыста аталмыш сөздердің қай-қайсысы да унемі және дәл түсініктемелерде көрсетілгендей мағыналар мен соған сай орындарда қолданылып жүр деп айту қын. Теледидардағы бағдарламаларда жүргізуілер өздері сұхбатасып отырған адамдарының кез келгенінің аты- жөніне осы сөздерді қосақтап айтуды әдетке айналдырып алған. Өздерінше сытайыгерлікті сақтағаны болар, бірақ кей жағдайда тыңдаушыға (көрерменге) сұхбат берушіні мазақ етіп, мысқылдан отырғандай сезіліп қалады. Өйткені сұхбат берушінің не жасы, не білімі,

не қызметі, не атағы осы сөздерді бағыттауға сәйкес келмей жатады. Осындай сәйкессіздіктер жиындардағы басшылардың өз қарамағындағы адамдарға бағыттаған сөздерінде де кездесіп қалады.

Сонғы кездері кез келген артистер, әншілер журналист қызметін атқарып, сұхбат жүргізе беретін болды гой. Олардың сөз қолданыстарынан «қаншасы?» дегеннің орнына «қаншауы?», «нешеуі?» дегеннің орнына «нешесі?» деп сөйлейтіндерді де кездестіріп жүрміз. Осы тәрізді жеке сөздердің, сөз тіркестерінің орынсыз қолданулары телесериалдардың ауызша аудармаларында тіпті еріп жүр. Соңда халықты ана тілін шүрайлы сөзімен сусыннататын БАҚ-тың, үрпағымызды үлттық құндылықтарды қастерлеуге үртетеп сауатты да, салиқалы азаматтарымыздың, ата-аналарымыздың сөз қолданыстарында осындай кателіктер кездесіп жатса, карапайым жастардан не күтүге болады.

Қыскаша айтқанда, сейлер сөзімізді түзейік, ағайын. Ол ушін «бүйректен сыйрақ шығармай», тіліміздің қалыптасқан заңдылығын сактап сөйлеуге тырысайық, жастарды дұрыс сөйлеуге баулыық. Бұл істе, біріншіден, мектептегі ұстаздар жауапты болуға тиис. Екіншіден, ата-ана да жауапкершілікten тыс кала алмайды, өйткені қазір сауатсыз ата-ана жоқ, олар, ең болмаганда, орта мектеп бітіргендер. Үшіншіден, үлкендер тарапынан жастарға мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабактарына барынша көніл қоюдың, әдеби кітаптарды оқып түсінудің, мазмұндан айта білудің қазіргі жағдайда қаншалықты маңыздылығын түсіндіріп отыруымыз қажет.

(«Ана тілі» газеті, 13 наурыз 2014 ж.)

Балаға ат қою және қазақша құжаттандыру – жауапты іс.

Адамзат тарапынан дүниедегі заттар мен құбылыстарға ат қойып, айдар тағу тілдің шығуымен бірге пайда болғаны белгілі. Алланың жаратуымен «Адам» аталған Атамыз бен «Хая» аталған Анамыздан бастап бүкіл адамзат атаулы өз үрпақтарына ат қойып, есім берумен келеді. Қазіргі кезде дүниеде қанша халық болса, солардың бәрінде балаға ат қою бар және сол халықтың емір сүру ортасы, даму ерекшеліктеріне байланысты ат қоюдың да өзіндік қалыптасқан салт-дәстүрі мен рәсімі алуан-турлі. Әр баланың атында оның ата-анасының арманы, мақсаты, тілегі, тұрмысы мен тіршілігі жатыр. Олай болса, адам аты халық тарихымен де, қала берді, қогам дамуымен де, оның өзгерісімен де тығыз байланысып жатыр десек, артық айтқандық емес.

Қазақ халқы да балаға ат қоюға қалай болса солай қарамаған. Мұнда әр отбасының өзіндік бір наным-сенімі, ырым-жоралғысы, үміті болуы әбден мүмкін. Мысалы, көптен балалы болмай жүріп, тұнғыш көрген балаға Қуаныш, Алдаберген, Құдайберген, Тұнғышбай, Алдажар т.б. деп ат қою, балалары тұрмай жүрген отбасының ендігі

баласынан үміт күтіп Үміт, Тұрсын, Тұрсынай, Тұрғанқұл, Тұрар, бірыңгай қызды болып, енді ұл күткен ата-ана баласына Тоқтасын, Жаңыл, Ұлмекен, Ұлберген, Ұлжалғас, Ұлдана, т.б. тәрізді есім беруі – ғасырлар бойы қалыптасқан, қазақ халқының тарихында үнемі жалғасын тауып келе жатқан құбылыс. Сондай-ақ, ұрпағымыз ел басқарған хан, ел сыйлаған би, тілінен бал тамған шешен, ел қорғаған батыр болар ма екен деген зор үмітпен сондай ұлық адамдардың есімін қою, бай болып дәүлеті шалқысын, гулдей жайнап қатарының алды болсын, елінің еркесі болсын деп “бай”, “гүл”, “ерке” сөздерін косып ат қою, тіпті дінге байланысты пайғамбарлардың аты-жөндерін, құран аяттарында кездесетін небір жақсы мағыналы сөздерді есім етіп қою да дәстүрге айналған.

Заманың, қоғамның, саяси көзқарастың өзгерісі де ат қоюға эсер етпей қоймаған. Кешегі кеңес дәүірі тұсындағы саясат, коммунистік тәрбиенің әсерінен халықтық дәстүр ескіге саналып, қазактарды ба-лаға жаңаша ат қоюға бейімдеді. Сол тұста Мэлс, Ким, Октябрь, Колхозбек, Сиез, Мая, Индира, Анжела т.б. толып жатқан жаңа кірме есімдер дүниеге келді. Бұл сол тұстағы жаңа қоғамда адамдар санасына синген, оған барынша сенген жаңалықтардың әсері екені рас. Сонымен бірге Азат, Аман, Амангелді, Женіс, Женіскүл, Салтанат, Шаттық т.б. қазақи жаңа есімдермен бірге атакты ақын-жазушылардың (Абай, Мұхтар, Сәбит, Габит т.б.), олардың шығармаларындағы жағымды кейіпкерлердің аттарын (Асқар, Ботагөз, Ұлпан, Амангелді т.б.) қою да дәстүрге айналғалы қашан. Қазіргі егемендік тұсында елімізде дүниеге келген талай ұрпақтың Нұрсұлтан, Әбіш, Бибігүл, Фариза, Роза, Тоқтар, Мақпал т.б. осындаі ірі тұлғалар есімдерін иеленуі де сол дәстүрдің заңды жалғасы деп есептейміз.

Балаға ат қою – ата-ана үшін жауапты іс. Өйткені ертеңгі күні бала өз атынан өзі ұялмайтындей, атын мақтандыш тұтатындей, соған қарап ой түзеп, өзін-өзі тәрбиеслітіндей, ата-ананың өзі де кейін өкінішке қалмайтындей болуга тиіс. Әрине, алдыңғы тағдырын кім болжап білгендей? Баланың дүниеге келгенде армандал, үміт күтіп қойған атына сай болмай, ата-ананы, тұган-тусты, қала берді жалпақ елді жерге қаратып жүргендері аз ба? Ондай кезде «Жаман иттің атын Бөрібасар қояды» деп, қазақ бірін-бірі табалап жатады. Әр ата-ана жаңа тұған баласына ат қояр кездегі өзінің арманын, ұрпағынан нендей үміт күткенін баланың бұдан байлайғы дамуы кезінде де күн сайын, сағат сайын естен шығармаганы абзал-ау, шамасы. Тіпті, балаға бір нөрсені ырым етіп көнілге қонымсызыдау ат қойғаның өзінде де ата-ана одан жақсылық күтеді, оның қатарының алды, адап азамат болып өсуін тілейді. Осы тілектиң орындалуы да тікелей ата-ананың өзіне, отбасынан көрген тәлім-тәрбиесіне байланысты деп ойлаймыз. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді дана халық. Өзіне қойылған есімнің қонымсызыдығын баланың өскендегі жақсы мінезі, адамгершілігі, халқы-

на, туыстарына, ата-анасына жасаған қызметі мен сүйіспеншілігі жуып-шайып кетеді де, ақылы бар азамат ата-ана қойған есімге арланбайтын болады. Бұған ата-ананың жас кезінен балаға мұндай есімнің неліктен берілгенін түсіндіріп отыруы да септігін тигізсе керек.

Кей ата-ананың балама елде жок ат қоямын, жұртты таңдандыра-мын деп шектен шығып кетіп жататынын да құлақ естіп, көз көріп қалады. Мәселен, бір отбасының өз баласына бүкіл дүние жүзіне лан-кестігімен танымал болған Бен Ладеннін аты-жөнін есім ретінде бергенін естігеміз бар. Осындай дарақылық баланың келешегіне кері әсер етпесіне кім кепіл. Сонымен, қалай болғанда да, ұрпағының ке-лешегіне зор үмітпен қарайтын әрбір ата-ана баласына қойылар есімді де «он ойланып, жұз толғанып», талғап-таңдалап койғаны орынды-ау.

Балаға ат қойылғаннан кейінгі тағы бір жауапты іс – оны құжаттан-дыру мәселесі. Бұл мемлекеттің және ондағы жазу-сызудың дамуымен байланысты шыққандықтан, осыған қатысты қалыптасқан белгілі бір занылықтар мен ережелердің орындалуын қажет етеді. Баланы аза-мат, өзі Әмір сүріп отырған қоғамының занды мүшесі ретінде таныта-тын алғашкы құжат – оның «Тууы туралы күзелігі» мен кейін кәмелет-ке толғанда оны ауыстыратын «Жеке төлкүжаты».

Кеңес дәуірінә дейін патша үкіметіне қызмет атқарған ірілі-ұсақты шенеуніктер мен бірсыпыра оқыған азаматтардың ішінде болмаса, жалпы қазактарда төлкүжат деген болмағаны белгілі. Алайда, үкіметтің саясатын жүргізушилер – болыстар, ауылнайлар – ауыл азаматтарын тізімдеп, тұтін санын есептеп, хатқа түсіріп отыратын болған. Бұл салық жинау тағы да басқа мемлекеттік істер жүргізу үшін қажет болды. Тізімді жүргізушилер – шала сауатты қазактар немесе орысша оқыған, бірақ қазақша жаза алмайтын аудармашы-тілмаштар еді. Ал оларда белгілі бір тілдік занылықтарды, әсіресе қазақ тілінің зан-дылықтарын ескеріп жазу мүмкіндігі болған жоқ, өйткені ондай зан-дылықтардың өзі де болмаған еді. Сондықтан, мемлекеттік құжаттар орыс тілінің занылықтарына бейімделсе, ауылдық, болыстық жерлерде қалай болса солай, еркін жазылды.

Кеңес дәуірінде де құжаттарды толтыруды орыс тілінің занылықтарына бағындыру басым болғанын ешкім жасыра алмайды және оның зардабынан әл де толық құтыла алмай келе жатқанымыз рас. Дегенмен, бұл тұста қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуының арқасында қазақ есімдері, мағынасы мен қойылуындағы салт-дәстүрлер, олардың айтылу-жазылу занылықтары мен ережелері, т.б. мәселелер біршама тыңғылықты зерттелді, бірсыпыра енбектер жарыққа шықты.

Казіргі кезде, еліміз егемендік алғалы бұл мәселеге жаңаша қаруа колға алына бастағаны бізді қуантады. Алдымызыда, 1-ден, қазақ балаларына келешегінде өзі ұялмайтындаидай, оған кір келтірмей алып жүргүре лайық қазақша есім беру, 2-ден, Тууы туралы қуәліктен бастап барлық құжаттарды қазақ тілінің занылықтарына сай толтыруды бір

ізге түсіру мәселелері тұр. Әрине, мұнда төлкүжаттың халықаралық денгейде қолданылу мүмкіндігі де ескеру қажет екенін естен шығаруға болмайды. Алғашқы мәселені әр отбасының құқығына қалдырып, екінші мәселе жөнінде өз пікірмізді білдірейік. Өйткені, бұл жөнінде бір токтамға келу созылыңырап бара жатқан тәрізді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын осы мәселе баспасөз бетінде біраз талқыға түсіп, әлденеше ұсыныстар болған. Соның нәтижесінде үкімет тарапынан құжатқа адамның аты-жөнін толтырудың үш түрлі варианты туралы накты ұсыныс берілгені есімізде. Мүмкін, қазір құжаттандырушылар тарапынан осы ұсыныстар орындалатын да болар. Бірақ баспасөз беттеріне қарасақ, кей авторлар өз ата-тектеріне «тегі», «убірі» тәрізді сөздерді, «әл-», «-дан (-ден)» тәрізді қосымшаларды қосып, типті ортағасыр оқымыстыларына елікеп, ұзынынан-ұзақ ата-уларды тізіп жазу көріністері байқалады. Оның үстіне, соңғы кездері бұрынғы қалыптасқан күрделі сөздерден (біріккен сөздерден) тұратын атасы, экесі не өзінің аттарын беліп қосарлап жазу (дефис арқылы) әдеті пайда болды. Сонымен, кейінгі кездердегі баспа беттерінен аты-жөнін жазудың мынадай түрлерін көрдік:

1) бұрынғы кенес дәүірінен қалған орысша түрі: А.Мамин, И.Тасмагамбетов, М.Расалин, Б.Ахметова, С.Өтеуғалиева т.б.;

2) бұрын бірен-сарап ізі болғанымен (Б.Момышұлы тәрізді), қазір кен етек жайған түрі: Ш.Әлдібекұлы, Б.Қалиұлы, Р.Әділбекұлы, Д.Белдеубайұлы, Н.Жоямергенқызы, Е.Кәпқызы т.б.;

3) қазіргі ең көп қолданылып жүрген түрі: Исраил Сапарбай, Темірхан Медетбек, Мырзан Кенжебай, Рабига Сыздық т.б.;

4) соңғы кезде пайда болған сирек кездесетін және бұрынғы қалпы бұзылған түрлері: О.Бекжанұбірі, Мырзабекten Сапархан, А.Мектептегі, Бегуллағ Ә. ибн Алдамжар әд-Дөйти, Қадір Мырза-Әлі, Х.Қожа-Ахмет, М.Тәж-Мұрат, т.б. Бұлар жөнінде біздің жеке ойымыз төмөндегідей.

Бірінші түрінен, оның иесі қандай лауазымда екеніне қарамай, тез арада құтылуымыз, дәлірек айтқанда сол кісілердің өздері құтылуы керек. Ұлт тағдыры, оның болашағы үшін солай еткен орынды деп есептейміз. Біздің ең жоғары денгейдегі мемлекеттік қызмет атқарып жүрген азаматтарымыздың басым қөпшілігі дерлік аты-жөндерін осы күйінде өзгертуестен сақтап келеді. Оның да бірнеше себептері бар-ау деп ойлаймыз. Кейбір кісілердің, әсіресе мемлекеттік, қоғамдық қызметтері мен халықаралық денгейде лауазымы бар адамдардың аты-жөндері шет елдерге де сол күйінде танымал болғандықтан, оларды өзгертуін қындығы болуы әбден мүмкін. Ал кейбір кісілер (ғалымдар, ақын-жазушылар, кәсіпкерлер, облыс, аудан басшылары тағы да басқа шенеуніктік лауазым иелері ішінде кездесуі мүмкін) өзін «халыққа бұрыннан танымалмын, аты-жөнімді өзгертсем танылмай қалуым мүмкін» деген оймен де өзгертуге құлықты болмайды. Ал бір-

сыпырасы – орыс тілінің бауырынан толық шыға қоймағандар немесе мүлдем шыққысы келмейтіндер болуы мүмкін.

Екінші түрін өзіміз қолдайтын болғандыктан, төменде арнағы токтalamызы.

Үшінші түрі қазақылыққа бір табан жақын келетін тәрізді болғанымен, қайсысы өз есімі, қайсысы әкесінің не атасының есімі екені белгісіз болуына байланысты, нақты төлкүжат иесін тануға қызындық келтіреді (мүмкін, атасының, әкесінің, баласының аттары орын тәртібі түрғысынан қалай жазылатыны заңдастырылса, мұны да қабылдауға болады).

Тәртінші түрінің ешқайсысын да қолдауға болмайды деп есептеймін. Әсіреле, аттары бүкіл казакка танымал атакты ақын Қадір ағамызынан, жазушы Бегділдәнің, саясаткер Хасеннің т. б. осындай ұлт, тіл жанашыры болып жүрген азаматтардың өз аты жөндерін осылай бұзып жазуы көнілге конбайды-ак. Оның есесіне Мырзалиұлы, Алдамжарұлы, Қожахметұлы т.б. деп жазса жарасымды әрі түсінікті болмас па еді? Әрине, мұндай ерекше есімдер әзірігे көп емес. Солай бола тұрса да (аты-жөнін қалай жазу әркімнің өз құқығында әкесін, осындай ел қадірлесген азаматтарға жөн айтқан тәрізді болуымыз әбестік те болуы мүмкін екенін біле тұрып), мұндай ала-құлалық жас үрпаққа үлгі болып етек алып кете берсе, арты жақылыққа апармайды-ау деген күдігімізді жасыра алмағандыктан, казак тілінің болашағы үшін, оның айтылу-жазылу (орфографиялық, орфоэпиялық) ерекшеліктері мен зандылықтарын жүйеге түсіру мақсатында оймызды білдіруді жөн санадық.

Сонымен, біздің оймызыша, біріншіден, азаматтық құжатқа жазылатын міндетті есім, ең алдымен, әкесінің және өзінің аты. Ол, мысалы, ер бала болса, Қайрат Асанұлы немесе Асанұлы Қайрат, қыз бала болса, Ләzzat Омарқызы немесе Омарқызы Ләzzат болып жазылады. Егер, атасының немесе арғы аталарапының бірінін (тіпті, руының не ең соңғы жақын аталағының) есімін жазу қажет деп тапса (бұл баланың жеті атасын, ең болмағанда, өз атасын ұмытпауы үшін де керек болар), ең алдына сол үшінші есімді тубір күйінде жазу қажет. Соңда былай болып шығады: *Есенбек* Қайрат Асанұлы, *Ақылбек* Ләzzат Омарқызы немесе *Аққиіз* Қайрат Асанұлы, *Табын* Ләzzат Омарқызы (мұндағы Есенбек, Ақылбек аталарапының аттары болса, Аққиіз, Табын аталақ есімдері – бұлар айтқанда да, құжаттан басқа жерлерде жазғанда да орындарын өзгертпейді, ал әкесі мен өз атының орындарын ауыстырып қолдана беруге болады). Құжаттардан тыс жағдайда қысқартып жазу қажет болғанда, атасының немесе ру аталағының атын мүлдес жазбай-ак, өз атының баскы әрпін ғана қысқартып (К. Асанұлы, Л. Омарқызы) жазуға әбден болады.

Екіншіден, құжат халықаралық деңгейде қолданылатын болғандықтан, оны үш тілде (казак, орыс, ағылшын) толтырудың мемлекет-

тік комиссия бекіткен, ережелері мен анықтағышы шығарылуға тиіс. Онымен Қазақстанда тұратын азаматтардың бәрі таныс болатындай жағдай жасалуы қажет.

Ушіншіден, құжат толтырушылар осы ережелердің жетік білетін арнағы мамандандырылған кісілер болғаны абзal. Олар кезекелген жағдайда құжат иелеріне кеңес беріп, көзін жеткізе алатын болулары керек.

Корыта айтқанда, елміздің қазіргі дамуына сай қоғамда электрондық техниканың мүмкіндігі есіп отырған жағдайда үрпағымызға заманға лайық дұрыс есім қою да, азаматтық құжатқа ол есімді дұрыс жазудың да мәні аса зор. Құжатта жіберілген бір ғана әріп қатесінің адам өмірінде, құнделікті тіршілігінде кері әсері болуы мүмкін екенін қазірдің өзінде жиі кездестіріп жүрміз. Осы жағын құжат толтырушы мекеме қызметкерлері де, әрбір азамат, әр отбасы да естен шығармағаны абзal-ау. Ал құжатқа есім толтырудың зандалығы жөнінде бір тоқтамға келуді құзырлы мекемелер тез шешеді деген ойдамыз.

(Ертеректе жазылып, жарияланбай қалған мақала.)

Дәстүрлі әдістер мен жаңа технологиялар сабактастығы

Еліміз егемендік алған 20 жыл ішінде білім беру жүйесіне көптеген жаңалықтар енгізіліп, оны жаңа қоғамдық даму мақсатына сай мазмұнмен қамтамасыз етуге қол жетіп келеді. Мұндай жаңалықтар Мемлекеттік стандарттарға, оқу бағдарламалар мен оқулықтарға енгізіліп, білім беру мекемелерінде тәжірибеден өткізілуде. Өйткені әлемдегі өркениет пен мәдениетті игеру, дүниежүзілік білім кеңістігіне ену, сол бағытта жас үрпаққа сапалы білім беріп, жан-жақты да-мыған дара тұлға қалыптастыру, есіресе біздін еліміз үшін аса өзекті мәселе болып отыр. Өсіп келе жатқан үрпақты ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейін биік, дуниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеу – осы мәселені шешудің басты жолдарының бірі. Осыған байланысты еліміздегі білім беру жүйесін әлемдік өркениетке сәйкестендіру бағытында Елбасының тапсырмаларынан туындаған, үкімет қаулы-қарапарларымен негізделген көптеген іс-шаралар атқарылуда.

Солардың ішінде білім беру үрдісіне жаңа оқыту технологияларын көптең енгізуге баса көніл аударылып отырғаны белгілі. Бұл бағытта біз білім беруде жиі пайдаланылып жүрген Д.Б.Элконин мен В.В.Давыдовтың «дамыта оқыту технологиясы», В.Ф.Шаталовтың «оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы», М.Чошановтың «проблемалық модульді оқыту технологиясы», В.Монохов пен В.Беспалконың деңгейлеп оқыту технологиясы», В.Дьяченконың «оқытудың ұжымдық тәсілі»,

Ж.Караевтың «оқытуды дербестендіру мен ізгілендіру үстанимда-рына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы» т.б. тәрізді әдістер мен технологияларды білеміз. Бұл республика-мызыдағы білім беру жүйесінде саннын гөрі сапаға, формадан гөрі мазмұнға баса назар аударылып отырғандығын көрсетеді. Мұның өзі елімізде Білім беру мен дамыту тұжырымдамасында көрсетілгендей, «қазіргі мақсат білім алғып, білім мен машина қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – акпаратты өзі іздең табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сұру және жұмыс істе-уге» үйресту, дағыландыру екенін айқындайды.

Алайда осы бір жаңа технологиялардың бастауы сонау бір кездерде дәстүрлі оқытудың негізін қалаған, қазақ топырағында ұлтты тану мен сапалы білім берудің тың үлгісін жасаған, ғасыр жүргін арқалаған өзіміздің ұлы тұлғаларымыздың – Ыбырай Алтынсариннің, Ахмет Байтұрсынұлының, Жұсінбек Аймауытовтың, Магжан Жұмабаевтың, Құдайберген Жұбановтың, Мәулен Балақаевтың әдістемелік ой-пікірлерінде, енбектерінде жатқандығы, ол енбектерді тереңірек зерделей зерттесе, олар қолданған оқыту жүйелері мен ұсынған әдістерге де «технология» деп ат койып, айдар тағуға және қазіргі жаңа ғылыми мұралармен қоса пайдалануға болатыны көп ескеріле бермейді. Осы бір олқылықтың орнын толтыруға ұмтылыс Қазақтың Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетті Қазақ тілі және әдістемесі кафедрасының ұжымы арқылы қолға алыныпты. Ұжым профессорларының жоғарыда аталған ұлылардың енбектері бойынша ізденістері мен ой-тұжырымдары 2009 жылы шыққан «Педагогикалық ғылыми мұра: дәстүрлі әдіс және жаңа технология» атты кітапшада жинақталып беріліпті. Кітапша 500 ғана данамен шыққан. Менің бүгінгі баяндамада алға қойған мақсатым – сіздерді осы кітапшадағы кей пікірлермен таныстыра отырып, өзімнің де осы бағыттағы көзқарасынды білдіру болып отыр.

Қазіргі ұғымда оқыту технологиясы дегеніміз – бұл оқытудың тиімділігін арттыру мақсаты, амалы, тәсілі, дидактикалық талабы мен білім беру үрдісін зерттеу негізінде оку үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалардың жүйелі тәсілі. Басқаша айтқанда, педагогикалық технология – оку-тәрбие үдерісіндегі шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі.

Осы қағиданы басшылыққа алған В. Құлмагамбетова өз мақаласын «Ахмет Байтұрсынұлының танымдық-тағылымдық технологиясы» деп атап, бұл ойын ғұламаның педагогикалық енбектері арқылы дәлелдейді.

Ең алдымен, автор қазіргі қоғам талабына сай жан-жақты, зерделі, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі

мемлекеттік істің ең маңыздысы екенін, ондағы мұғалімнің айрықша ролін баса көрсете отырып, бұл мәселеге А.Байтұрсынұлының да аса зор мән бергенін айтады.

Шындығында да, «...Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы... Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көніл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланы тұғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кірестінін білерге керек. Баланың ісінс, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болуы керек», – деген А.Батұрсынұлы өзі де нағыз «ұстаздардың ұстазы» болғандығы белгілі.

А.Байтұрсынұлының әдістемеге қатысты еңбектерін зерделей отырып, оның әдістемелік мұрасын шын мәнісінде «танымдық-тағылымдық технология» деп атамасқа шара жоқ екенін көреміз. Өзінің «Тіл – құралы» туралы: «Тіл – құрал деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат...» дей отырып, сол жаңа нәрсенің қазақ болашағында зор маңызды болатынына сеніммен қарайды. Расында да, білім беруде казір қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің, технологиялардың алғашқы кезде жат, түсініксіз көрінетіні рас. Бірақ қолданыла келе, бұлардың пайдалы жақтары ашыла түседі. Сондықтан да болар, акад. Р.Сыздық бұл еңбекке «...қазақ мәденистінде бұрын болмаған соны құбылыс», - деп қарай отырып, еңбектің танымдық, тағылымдық, этнографиялық, ұлттық-мәдени ерекшелігін бағалай келіп, «Кітап бетінің тәмнегі тұсында сілтемеде хат таныту жолы көрсетіліп, сабак әдісі қоса берледі. Барлық әріптерді етіп болған соң, танымдық материалдар ұсынылады», - деп көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының бұл енбегі, өзінің айтуынша, «дыбыс әдісі» мен тұтас оқу» әдісін қатар қолдануға болатындей етіп жазылған және ондағы мысалдар, қазақтың түрмис-тіршілігінен, ауыз әдебиетінен алынған сөздер мен сөйлемдер болып келеді. Фалымның «тұтас оқу» әдісі бүгінгі таңдағы жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, ептілік, дағдыларды тексеру тәрізді бөліктерден тұратыны, оны әр мұғалім өз сабагында күнделікті қолданып жүргені белгілі.

Ұстаздың ерекше назар аударған, болашақ ұрпаққа танымдық-тағылымдық маңызы бар мәселенің бірі – қазақ тіл білімінің терминдерін жасауы. Осы күні қолданылып жүрген қазақ тіліне қатысты лингвистикалық қазақша атаулардың бәрі дерлік – А.Байтұрсынұлының. Ол атаулардың бәрі де қазақтың байырғы, күнделікті қолданып жүрген сөздерінің негізінде жасалған. Сондықтан қазіргі

ұстаздардың басты мақсаты – қазақ тілінен әр тақырыпты өтер кезде оның аталау тарихына да шолу жасап, окушыларды танымдық, тағылымдық мәні бар құндылыктармен таныстырып отыру болу көрек деп есептейміз. Мысалы, *әліппе, дыбыс, әріп, буын, бунақ, түбір, жалғау, жұрнақ, зат есім, сын есім, есімдік, етістік, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалассөйлем т.б.* толып жатқан терминдік атаулардың қайдан, қалай, кім арқылы шыққанын әр тақырып үстінде түсіндіріп айттып отыруы кажет. Мұның болашақ ұрпақ үшін мәні зор.

А.Байтұрсынұлы окушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын танымдық тағылым түрлерін айқындау ұстанымы бойынша окушыларға қажетті мәтіндер мен тапсырмаларды ірікте беріп отырған. Ол сөйлеммен лепес (сөз, лебіз) жасату, жаңылтпаши жасату арқылы танымын көнегітіп, жылдам ойланып жауап беруге баулиды. Сондай-ақ, әрбір ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлемдерді, мақалдарды үлгі етіп ала отырып, олардың ішінен ережеге келетін жерлерін балалардың өз бетінше табуына жетелеп отырған. Мұндағы барлық тапсырмалар *дагдыландыру, сынай* деңгән екі бағытта жүзеге асады. Мұнда ұстаз балалардың бір ережені менгеріп болғаннан кейін ғана келесі ережеге көшүін басшылыққа алады. Яғни сатылай оқыту арқылы дамыту жүзеге асады. Осылай оқыту қазіргі кезде де қолданылады және жақсы нәтижелер беріп жүргені де анық.

Қазақ тіл ғылымында алғаш рет араб графикасы негізінде әліп-би құрастырған ғалым, осы әріптерді құрастырып оқи білудің де әдістемесін жасады. Ол: «Дыбыстарды айырту, құрастырып сөз қылу дұрысталып істеліп, балалар әбден әдісін алған болса, сол дыбыстардың әріптерін құрастырып, сөз қылып оқуға балалар қиналмайды. Бірекі сөзді әріптерден құрастырып оқығаннан кейін, тез әдісін алады. Алғашқы кезде сөзді ылғи буындалап қостырып оқытады. Содан буындалап оқып әдеттенеді, буындалап оқуға жаттыға барып қалыпты оқуға түседі» - деп ескертеді. Демек, дұрыс окудың негізі буындалап окумен байланысты болып, балалар әріп термей, буындалап оқуға жаттықтырады. Ал бұл әдістің де өміршешендігін, қазірге дейін қолданылып келе жатқанын дәлелдей жату артық болар.

А.Байтұрсынұлы тіл үйретуде басты назар аударатын мәселелер деп:

- 1) оку үйрету;
- 2) жазу үйрету;
- 3) сөйлеу үйретуді көрсеткен.

Осы әрекеттерді жүзеге асыруда ғалымның әнгіме әдісі, сұрак-жарап әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, берілетін білім көзі деңгейіне сәйкес түсіндіру әдісі, салыстыру әдісі, тіл дамыту әдісі, окулықпен жұмыс істеу әдісі, ойын әдістерін шебер қолданғанын анық аңғаруға болады. Сондай-ақ, қазір жиі қолданылатын дамыта оқыту технологиясын да,

жүйелеп оқыту технологиясын да, деңгейлеп оқыту технологиясын да, топтық, ұжымдық жұмыс түрлерін де сол кездің езінде еркін пайдаланғанын көреміз. Яғни А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұраларының негізі – танымдық тағылымнан сусындаған келешек ұрпақтың сөздік қорын кеңейтіп, өз ойын толық жеткізе алатын дәрежеге жеткізу. Сабактың берілу амал-тәсілдері мен әдістемелік жағынан ұтымды болуын көздеген ол – қазак тілінің қай саласынан болсын өз ізін қалдырыған, тілдік проблемаларға қатысты түбесейлі өзгерістер жасап, іргелі жаңаңықтар ашқан ғалым-тілші.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының танымдық-тағылымдық негізде жасалған әдістемелік көзқарастары бірнеше мәселелерді қамтиды:

1. А.Байтұрсынұлы қандай оқулық жазса да, сол оқулықтарды сабакта қолданудың үлгісін көрсететін әдістемелік нұсқауды оқулықпен қатар жазып, баспадан бірге шығарып отырған. Мұның өзі ұстаздың оқу мен оқыту ісін біртұтас жүйе деп танып, екі процесс қатар жүргендегендегендегенде ғана пайдалы болатындығын әуел бастаң-ақ көрегендікпен білгендейді.

2. Ғалым оқыту процесін халықтың, елдің әлеуметтік құйімен, оның болашағымен тікелей байланыста қарады. Ұстаз: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алыу керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімі мен шеберлігінің керек орны: ол өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оқай ету үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыруы үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындалап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру үшін қажет» деп, оқытуға, үйретуге қатысты белгілерді анықтап береді. Сөйтіп, «оқытудың әлеуметтік мәніне ерекше көніл бөлу қажет» деп есептейді. Осы тұрғыдан ғалым сонына «Елді түзетуді әуел бала оқытуды түзетуден бастау керек» деген нақыл сөзін қалдырыды.

3. Ғалымның пікірінше, жақсы мұғалім деген атка түрлі әдістерді менгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана емес, сонымен қатар сабак ерекшелігіне қарай өз таралынан ұтымды ұшқыр пайдаланғанда ғана жетуге болады. Оның танымдық-тағылымдық технологиясының маңыздылығы да осыларда жатыр.

Осы айтылған пікірлердің өзектілігін казір өмірдің өзі дәлелдей отыр. А.Байтұрсынов өзінен кейінгі педагогтар үшін маңызды болатын танымдық-тағылымдық мәні бар бірнеше кеңестер ұсынады. Олар:

- тілдік материалды жснілден ауырға, онайдан киынға, карапайымнан күрделіліге қарай оқыту керек деген дидактиканың принципін өте тиляқты ұстаған жөн;

- оқушыларға арналған материалдар аса түсінікті болуы шарт;

- мәтіндер, көрнекілік, суреттік (иллюстративтік) материалдар қазақ баласының халықтық ұғымына таныс, жақын болуы тиімді;

- тілді оқытуда тіл ұстартуға, көркем сөзге ден қойған дұрыс;
- тілді үйрету ана тілінің сөз, сейлем жүйесін білгізумен катар жүруі тиіс;
- тілді үйрету үшін мұғалім бірнеше әдісті менгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білуі керек;
- мұғалім балаға білімді өз тәжірибесі арқылы жинактауға жағдай жасап, тілді тез үйренуге үнемі бағыт-бағдар сілтеп отыруы қажет. Бұл қағидалардың барлығы да танымдық тағылымға жетелейтін А.Байтұрсынұлы негізін салған сара жол деуге болады.

Ғалым-тілшінің «сапалы оқытудың кілті – іздену, тиімді әдістерді тауып, пайдалана білу» дегенге саятын ой-пікірі кез келген әдіскерге қажет. Сабак барысында мұғалім түрліше әдістерге сүйеніп қана қоймай, оқытушы мен окушы арасындағы тен дәрежедегі қарым-қатынасты іске асырушы ретінде де енбек етуі қажет. Қазіргі педагогика саласындағы ең маңызды талантардың бірі – осы. Бұл көзқарастар, әсіресе, қазіргі уақытта қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайтамыз, оны Қазакстанда тұратын өзге де ұлттардың қарым-қатынас құралына айналдырамыз, басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін жедел үйретудің тиімді жолдарын табамыз деген ізденістер болып жатқан кезде аса пайдалы.

Міне, Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінің бір топ педагог-ғалымдары көтерген бұл мәселе тек А.Байтұрсынұлы енбектерімен шектелмейді. Мысалы, Магжан Жұмабаевтың «Жеке тұлғаны қалыптастыру технологиясы» (Ү.Адырбекова), Жусінбек Аймауытовтың «Пәнаралық байланыс арқылы ынталандыру оқыту технологиясы» (К.Базархан), Үбірай Алтынсариннің «Тілдік дағдыны жетілдіру технологиясы» (Л.Бақтыбасва), Құдайберген Жұбановтың «Дамыта оқыту технологиясы» (Ә.Садықова), Мәулен Балақаевтың тіл мәдениетін дамыту технологиясы» (А.Сарбасова) деген атаулармен берілген мақалалар да шын мәнісінде біздің педагогикамыздың тарихында осындай оқыту дәстүрлерінің болғандығын, сол арқылы қазақтың талай зиялды азаматтары білім алғып, тәрбиеленіп шыққанын, ондай оқыту дәстүрлерінің негізі қазақтың атақты ғалым-оқытушыларының енбектерінде қаланғанын және қазіргі білім беру үрдісінде бұл дәстүрлердің белгілі дәрежеде орын алғып отырғанын дәлелдейді. Олай болса, қазақ тілін оқытатын әр ұстаздың білім беру әрекетінде тек шет ел, орыс педагогтарының ғана емес, олардан асып түспесе, кем түспейтін жоғарыда аты атапған қазақ педагогикасы тарихында өз орындары бар ғалым-ұстаздардың да да білім беру технологиялары өз аттарымен аталағып, қолданылса деген тілегіміз бар.

(*Корқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Әдістемелік семинарында оқылган баяндама.*)

Сардары синтаксистің – Сайрамбаев

1967 жылы бұрынғы Н.В.Гоголь атындағы педагогтік институттың (казіргі Қорқыт ата атындағы университет) Филология факультетіне Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша окуға түстім. Окуға түскен бойда күріш оруға баратын болдық. Ол кезде мұғалімдермен әлі таныса қойған жоқ едік. Шакырған күні танертең қашық-қалталарымызбен жиналып тұрган бізді деканымыз Н.Жұнисов екі кісімен таныстырыды. Бірі – Әбжаппар Аблаков, екіншісі – Талғат Сайрамбаев. Әбжаппар ағай жоғарғы курстарға, Талғат ағай біздерге жетекшілік жасайтын болды. Міне, менің Талғат ағаймен таныстырым осылай басталған еді.

Ағайдың 1965 жылы біз атын естігенмен, көзіміз көрмеген атақты профессор М.Балақаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғағанын да, үйленбеген, бойдақ жігіт екенін де осы кездерде білін алдық. Алғашқы курстарда Талғат ағай бізге сабак берген жоқ. Өйткені ол кісі дәріс оқитын синтаксис пәні кейінгі курстарда жүреді екен. Дегенмен, факультеттегі түрлі жұмыстар барысында араласып, ағалы-інілдей болып жүрдік. Сол түстарда студентке артылатын қоғамдық жұмыстар да көп болатын және ондай жұмыстарды орындауда студенттердің белсенелілігі де өте жоғары, жауапкершілік те басым болатын. Мерекелерде өткізілетін факультеттішлік, институттішлік, тіпті қалалық деңгейдегі іс-шараларды өткізуде студенттерге басшылық жасау жас ұстаздарға, біз сияқты ересек, белсененді студенттерге тапсырылады. Осындай жұмыстардың басы-қасында біздің ортамызда ақжарқын ағайымыз Тәкен жүрер еді. Тіпті, студенттермен бірге анда-санда концерттерге қатысып, өлең айтып қоятыны бар еді.

3-курсқа келгенде Талғат ағай синтаксистен сабак берे бастады. Бұл кезде бір-екі жылға болса да есейіп қалған біздер ағайымыздың қаншалықты білімді екенін де біле бастадық. Әсіреле, сөз тіркесіне байланысты тақырыптарды өткен кезде күлшына сөйлеп кететіні сондай, 90 минуттік сабактың қалай өткенін де байқамай қалатынбыз. Ондай кезде кей оқытушыларды сөзге тартып, әңгіме арнасын қысыр сөзге бұрып жиберетін студенттер де қозғала алмай қалатын. Екі қолы, кейде бет-аузы да бор-бор болған ағайымыз өз сөзінен өзі ләззат алғандай күлімсіреп шығып бара жататын. Шынында ағайдың өзі ғана емес, біз де сол ләззаттың дәмін татқандай болатынбыз. Ағайымыздың бұлай ететін реті де бар екен: бұл тақырып өзі кеше ғана ұнғыл-шұнғылына дейін зерттеп, диссертация қорғаған ғылыми жұмысы екен. Осы кездерде біз профессор М.Балақаев, оның еңбектері жайында да мол мәліметтер алдық.

Талғат ағай соңғы курста бізге куратор болып тағайындалды. Бұл тұста оның тек ұстаздық қана емес, ағамыздай қамқорлығын да көп көрдік. Әсіреле, қашық ауылдан, тіпті басқа облыстардан келін оқып

жатқан студенттер стипендияға жете алмай қиналған кездерде оларға ақшалай көмек бергеніне талай күә болғаным бар. Сөйтіп журіп институтты да бітірдік. Сол жылы жазда ағай Алматыға көшетін болды. Біз, бір екі жігіт көшеден машина ұстал, заттарын тиеп вокзалға шығарып салдық.

Бұдан соң арада біраз жылдар өтті. Мен мектептен институтқа ауысып, ғылыми жұмыспен айналыса бастаған 80-жылдардың бас кезінде Тәкенмен тағы кездестік. Арада өткен оншақты жыл арамыздығы бұрынғы катынасқа көленкे түсіре алмапты. Тағы да ағалы-інілідей болып кездестік. Бұдан кейінгі Алматыға жол түскен қандай да бір сапарымда жұмысына соғып сәлем беріп кететін болдым. Ара-тұра әңгімені менің ғылыми жұмысыма қарай бұрып, бағытымды бағдарлап қоятын. Менің Талғат ағайдың ғылыми жұмыстарымен терең танысуым да осы кезден басталған болатын.

Талғат Сайрамбайұлының ғылыми еңбектерімен таныса келе байқаганымыз – өзі таңдаған тақырыпты барынша терең, жан-жақты, бүгешігесіне дейін қалдырмай талдал зерттейтіні. Оның айғағы бір ғана «Сөз тіркесі» тақырыбына, мақалаларын есептемегендеге, бірнеше монографиялық еңбек арнауы болып табылады. Сонын бір-екеуіне ғана қысқаша талдау жасап көрейік.

1981 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Казіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері» атты енбегі сол тұстағы институт оқытушыларының қолына тиген бойда-ақ ғылымға бет бұра бастаған жас ұстаздардың да, студенттердің де сөз тіркесі жайындағы бұрынғы білімдерін көңейте, толықтыра түсетін құнды оку құралына айналды.

Монографияның «Сөз тіркесінің ерекшеліктері» атлатын кіріспе бөлімінде осы мәселенің орыс, түркі және қазақ тіл білімінде зерттелу жайына шолу жасау үстінде әр түрлі тілдердің өкілдері болып табылатын көптеген зерттеуші ғалымдардың пікірлерінде кездессетін ұқсастықтар мен кайшылықтырды салыстырмалы түрде дәлелдей көрсетіп, мынадай тұжырымға келеді: «Көптеген ғалымдар сөз тіркестерін түсіндіруде сөз тіркесі мен тіркес сөздерді бір-біріне шатастырып келеді. Олардың еңбектерінен не сөз тіркесі, не тіркес сөз екенин анықтау қыын. Әрине, сөз тіркесі мен тіркес сөздердің бір-бірінен айырмашылықтары бар. Сөз тіркесі ойдың кішкене бір бөлшегі бола отырып, олар толық мағыналы екі не одан да көп сөздерден құралады. Оның әрбір сынары белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалса, ал тіркес сөздерде ондай қасиет жоқ. Олар сол тобымен жинақталып сөйлемнің бір-ақ мүшесі қызметін атакарады» [1, 22-б.]. Осы тұжырым кітаптың келесі тарауларының бағдаршамына айналады.

«Сөз тіркесінің синтаксистік құрылымы» тарауында сөз тіркесінің басқа тілдік бірліктермен қатынасы жайында айта келіп, күрделі сөзден айырмашылықтарының жеті түрін салыстыра отырып атап көрсетеді де, одан әрі сөздердің күрделену әдіс-тәсілдерін түрлі ғалымдар-

дың пікірлерін негіз ете отырып терең талдап көрсетеді. Мұнда, автор сонау бір ертерек кездерде С.Аманжолов тілге тиек еткен «сөздердің тізбектелуі» мәселесін (Ғалым сөздердің «...қатарласып, бірнеше сөз бір мағынаға ие болып журуін тіл ғылымы сөз тізбегі деп атайды», – дей келіп, оларды 1) лексикалық тізбектер және 2) синтаксистік тізбектер деп бөледі де, қысқаша ғана мәлімет береді [2, 65-66-бб.]) және еткен ғасырдың орта тұсында М.Балақаев көрсеткен «түйдекті тіркес» мәселесін (Ғалым 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» академиялық грамматикасында сөз тіркестерін 1) тізбекti тіркес және 2) түйдекті тіркес деп бөледі де, олардың жасалу жолдарына қысқаша ғана сипаттамалар берумен шектелді [3, 377-385-бб.]) нысанага ала отырып, одан әрі терендете, жан-жақты зерттеу нысанына айналдырады. Сөйтіп, езі мақсат еткен қурделі сөз тіркестері, олардың құрылымдық түрлері мәселесін түбекейлі қопара зерттеуге жол ашады. Енбектің «Курделі сөз тіркестерінің құрылымдық түрлері» деп аталағын негізгі бөлімі осылын арналған.

Бұл тарауда автор қурделі сөз тіркестерін әуелі: 1) «Есімді қурделі сөз тіркестері» және 2) «Етістікті қурделі сөз тіркестері» деп бөліп алады да, сөз таптаратының қурделенуін негізге ала отырып, сөздердің байланысу түрлері ыңғайында әрқайсысын жеке-жеке (мысалы: қабыса байланысқан есімді қурделі сөз тіркестері, менгеріле байланысқан есімді қурделі сөз тіркестері, т.б.) талдап қарастырады.

Талдаудың ерекшелігі мынадай: әуелі белгілі бір сөз табын құрайтын дербес мағыналы сөздердің, содан соң көмекші есім, етістік сөздердің, шылаулардың, модаль сөздердің, фразеологиялық тіркестердің т.б. тілдік бірліктердің қурделі тіркестерді құраудағы қызметтері мен мағыналық ерекшеліктері толығымен айқындалады және әрқайсынына жекелей қорытынды тұжырымдар жасалып отырады. Мысалы, көмекші сөздер жайындағы бір қорытынды тұжырым былай беріледі: «Қорыта айтқанда, сөз тіркестердің аясын кенейтудегі көмекші сөздердің қызметі олардың мынадай ерекшеліктеріне байланысты:

- 1) белгілі мағынасы жок, сондықтан әрдайым белгілі сөз таптарына қатысты;
- 2) өзіндік синтаксистік қызметі жок, бірақ басқа сөздермен тірке-скенде ондай қызмет айқын байқалады;
- 3) морфологиялық өзгеріс кейде болады, кейде болмайды;
- 4) бағының-басының қызметте жұмсалмайды;
- 5) басқа сөздерге тіркескен кезде оны грамматикалық жағынан өзіне бағындырады;
- 6) толық мағыналы сөздердің мағыналық мәнерін айқындауда басты тұлғаға айналады» [1, 53-б.]. Модаль сөздердің қызметі жайында да осында 10 түрлі қорытынды тұжырым беріледі.

Қурделі сөздердің құрылымдық түрлерін айқындауда ғалым жеке сөз таптарының өзіндік тұлғалық түрлену ерекшеліктерінің де орны

бар екендігіне оқырманның көзін жеткізу үшін әр тұлғаның қызметіне тоқталып мысалдармен тиянақтап отырады. Бұл еңбекте есімді курделі сөз тіркестері қабыса, матаса, менгеріле байланысу түрлеріне қарай топталып, олардың әрқайсысының сөз таптарының ынғайында қандай мағыналық қатынастарда қолданылатыны жеke-жеke талдауға алынумен көрінеді. Мысалы, зат есімді курделі сөз тіркестерінің 8 түрлі мағыналық қатынаста (1. Заттың неден, қандай заттан жасланын білдіреді; 2. Салыстыру, теңеу мағынасында жұмысалады т.б.) жұмысалатынын дәлелдеу мақсатында өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлерін салыстыра отырып, шындықтан алшақ көзқарастардың бетін ашады.

Сондай-ақ, сын есімнің тіркес қураудағы рөлін айту үстінде «...кейір жұрнақты түрлерінің курделеніп, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарында жұмысалуын арнағы сөз етіп отырмыз», дей келіп, -лық (-lɪk), -лы (-lɪ), -ғы (-gi) т.б. жұрнақтармен жасалған сын есімдердің қызметі мен мағыналық ерекшеліктерін даралап көрсетеді [1, 103-113-бб.] .

Ал етістікті курделі сөз тіркестерін қабысу және менгеру ынғайында топтастырып, олардың да өзіндік ерекшеліктерін әрбір сөз табы ынғайында және септік жалғаулы сөздердің тіркесі ынғайында жанжақты ашып, тілдік фактілермен дәлелдей береді.

Сонымен, осы бірегей еңбектің жалпы мазмұнына қысқаша ғана шолу жасай отырып, «бұл еңбек несімен құнды, еңбектің өзіндік ерекшелігі неде, ғылымға не берді?» деген тәрізді сұрақтарға жауап бермей кетсек, автордың еңбегін дұрыс бағалай алмағандығымыздың белгісі болар еді.

Біріншіден, автор әрбір тақырып бойынша алға қойған мақсатын орындауда нақтылықка, дәлдікке жүгінеді. Сол үшін де әрбір айтыла мақ ой-пікірін өзінен бұрынғы орыс, түркі, қазақ ғалымдарының ойларымен, көзкарас, тұжырымдарымен тұздықтап, дәлелдей отырады. Сонымен бірге, олардағы қайшылықтарды дәл тауып, өзіндік уәж, тұжырым айтады. Оған сенбеске амал қалдырымайды.

Екіншіден, жоғарыда көрсеткеніміздей, өзінен бұрынғы осы тақырыпты қаузаган ғалымдардың ешқайсысының еңбектерінде курделі сөз тіркесі деген атау да, дәл осындағы терең де жан-жакты талдау да болған емес. Бұрынғы «тізбекті тіркес» аталағы келген осы мәселе жаңаша «курделі сөз тіркестері» деген атаумен аталады. Яғни, автор терминді жаңартады және осы курделі сөздер бір сыңары болып келетін сөз тіркестеріндегі олардың мағыналық қолданыстарын айқынайды. Сонымен бірге, тіркескен сөз саны көбейген сайын олардың мағынасында да өзгешеліктер болатыны сөзсіз екендігін мысалдармен айғақтайты. Бұл жерде Т.Сайрамбайұлы өзінін ұстазы М.Балақаевтың бір кезде айтқан: «Көп құрамды сейлемдердегі сөз тіркестерінің әр компоненті, кейде бір сөз тіркесі түгелімен басқа сөз тіркесінің құрамына еніп, олардың саны да, мағынасы да түрлене береді» [3, 377-б.]

деген сөзін басшылыққа алып, оны практикалық тұрғыда дәлелде-генін аңғарамыз.

Үшіншіден, бұл кітап – ғылыми еңбек қана емес, мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының ұстаздары үшін таптырмас көмекші құрал. Өйткені, оқу орындарында сөз тіркесі тақырыбын оқыту кезіндегі сөйлемді сөз тіркесіне талдауда көптеген қындықтар кездесіп жатады. Мәселең, күрделі сөздерді сөз тіркесінен айыра алмағандықтан, олардың құрамындағы әр сөзді жеке бір мүше ретінде талдау, күрделі сөз құрамындағы көмекші модаль сөздерді, магыналы модаль сөздерден айыра алмау сияқты қателіктер мұғалімдердің өздерінде де жиі кездесіп қалып отырады. Сол қындықтарды шешудің жолдарын ұстаздар осы кітаптан таба алады.

Корыта келгендे, шығармашылығының басым көпшілігінде бір ғана тақырыпты ізденіс нысаны ету арқылы алған мақсатқа жету жоғында ондаған ғалымдардың еңбектерін қарап, оларға зерделі түрде талдау жасау, көптеген көркем шығармаларды, баспасөз материалдарын оқып, одан керекті мысалдарды іріктең ала білу сияқты жүйекені жұkartатын іспен жалықпай айналысу – бұл ғылымды сүйген, ғылымдағы өз жолын айқындан алған нағыз ғалымның ғана қолынан келетін іс. Ал, мұндай іспен Талғат Сайрамбайұлы – өмірінің акырына дейін айналысқан ғалым. Міне, соңдықтан да, Талғат Сайрамбайұлын Қазак тіл білімінің, соның ішінде синтаксис саласының қалыптасуы мен дамуы тарихында өзіндік өшпес із қалдырган ғалым десек жарасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы: «Мектеп», 1981. – 200 б.
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994. – 320 б.
3. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: «ҚАССР FA баспасы», 1954. – 564 б.

(Ф.ә.д., профессор Т.Сайрамбайұлының тұганына 80 жыл то-луына орай өткен «Жаһандық бәсекелестік жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты Халықаралық конференцияда оқылған баяндама. Туркістан, 20 ақтап 2017 жыл.)

Алаш арысы Халел Досмұхамедұлы тіл туралы

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы өлара кезеңде өздерінің патшалық Ресейде алған білімдерін әлі де болса үйқыдан толық ояна алмай жатқан бұйыры халқының болашағы үшін арнауга бел буган,

осы бір ұлы жолда талай қындықты бастан өткізе отырып, соңдағына саясат пен тарихтың, ғылым-білім мен мәдениеттің кай саласынан болмасын өшпестей мұра қалдырыған, ақыры «Сталиндік қызыл қыргынның» құрбанына айналған, бүгіндегі өзіміз «Алаш арыстары» атап, енбектеріне бас иіп тағым ететін Элихан Бекейханұлы, Бақытжан Қаратаев, олардың сонын ала қатарға қосылған Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Елдес Омарұлы, Міржакып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жусіпбек Аймауытұлы, тағы да басқа біртуар тұлғалар болды. Солардың бірі және бірегейі Халел Досмұхамедұлы еді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы алғашкы оқыған азаматтардың бірі болған ағасы Дәүлетумбеттің нұсқауымен он бір жасында Оралдағы әскери уилиштің дайындық курсында оқып, одан соң Петрбордағы Императорлық Әскери-медициналық академиядан білім алуы, қарапайым казақ даласынан шықкан Халелдің жастайынан зерек, алғыр бала болғандығын көрсетсе керек. Академияда оқыған тұстағы, ғасыр басында Ресейде болып жатқан саяси тұрақсыздықтар, түрлі толқулар мен революциялық қақтығыстар, сонын нәтижесінде пайда болған алуан-түрлі партиялардың іс-әрекеттері және олармен үнемі күресте келе жатқан демократиялық қезқарастар болашақ дәрігердің азаматтық қалыптасуына әсер еткені белгілі. Соңдықтан да Халел оқыған, білімді азамат ретінде осы тұстағы қым-куыт шаруаларға ерте араласқан. Қазан төңкерісіне дейін негізгі мамандығына байланысты дәрігерлік қызмет атқара жүріп, қазақ даласындағы түрлі аурулармен күресудің жолын көрсеткен көптеген құнды енбектер жазып қалдырыды. Бір танқаларлығы – осы кездегі жоғары білімді оқыған, зиялышқа қазақ азаматтарының қай-қайсысы да ұлт азаттығы, оның болашағы жолында өздерінің әмбебаптық қабілеттерін таныта да, жұмсай да білгендер еді. Әсіресе, олар төңкерістен кейин-ақ іле-шала еліміздің болашағы үшін аландап, патшалық Ресейдің бүрйиннан жынысқылықпен жүргізіп келе жатырган басқыншылық саясатынан қазақ халқын, оның ұлттық символы болып табылатын қазақ тілін сақтап қалудың жолын жандарын сала іздестіре бастады. Олар жана құрылған Қазақ автоно-миясының басқарушы органдарында қызметтер атқара жүріп, заман талабына сай әрқайсысы бірнеше мамандықтың иелеріне айналды. Солардың бел ортасында жүрген Халел де тек дәрігерға емес, ол – тарихшы, әдебиетші, тілші, медицинаның түрлі салаларын менгерген галым, биолог, табигаттанушы, баспағер, педагог-ұстаз, оқулықтардың авторы, тұнғыш профессор болды. Біз Х.Досмұхамедұлының тілшілік қырына аз-кем тоқтала отырып, оның осы бағыттағы айтқан ой-пікірлерін қазіргі қезқарас тұрғысынан пайымдауға тырысайық.

Бүгіндегі біз, сол бір ұлылар аңсаған арманға жетіп, Тәуелсіз Қазақстан атандық. Егемендіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ, осы

күрес жолында құрбан болған арыстарымызды еске алып, солар бастан кеткен жарқын істерді, солар мұра еткен ой-пікірлерді таразылай, еліміздің ұлттық сипатына қажеттілерін іріктей отырып, жаңа қоғамға аяқ бастық. Соның ішінде алғашқы ең ірі мәселе – құрдымға кетуге айналған тілімізді сақтап қалуғана емес, оны мемлекеттік қолданыс дәрежесіне жеткізу, елдегі басқа да ұлт өкілдерінің ортақ игілігіне айналдыру еді. Осы бағыттағы ігі істердің ең соңғысы және келешекте орындалуы міндетті болып отырган басты құжат – Елбасының «Болашаққа бағдар: ұлттық жаңғыру» атты мақаласы. Онда Н.Ә.Назарбаев: «...Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзben айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиис», – дей келіп, таяу жылдардағы міндеттерді айқындаң берді. Соның басында «қазақ тілін біртіндеп латын әліпбіне көшіру» мәселесі тұр [1].

Бұл мәселемен, шындығында, осыдан бір ғасыр бұрын біз тілге тиек етіп отырган ғұламалар да айналысқан болатын. Латын әліпбіне көшу 1925 жылы өткен Қазақ білімпаздарының тұнғыш сиезінің басты бір мәселесі болды. Осында А.Байтұрсынұлы бастаған біраз азаматтар түрік әліпбін (араб әрпі негізіндегі) жақтап оның артықшылықтарын дәлелдесе, Нәзір Төрекұлұлы латын әлінбійнің қолайлығын дәлелдеуге тырысады. Бірақ Ахметтің жобасын жақтаушылар басым дауыс алады. Осыған қарамастан біршама дайындықтан кейін бұл мәселеге кейінгі бір сиезде қайта оралу қажет деп табылады [2, 72-94 бб]. Дайындықтың бірі латын әрпіне негізделген жаңа әліпбидің жобасын жасау болып, оған Халел де тартылады. Өз жобасы жөнінде: «Түрік халықтарына араб хәріптерін тастап, латын харпін алу керек деген сөз көптен бар... Өзіміздің осы күнгі хәріптерімізді бірден тастай салып, латын хәріптерін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамызыдағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та, латын хәріптерін біз де тілімізге үйлестірін көру керек. Топқа гүсетін болсақ, біз де өзімізге лайық жобамен тұсу керек. Пән ретінде қолдану тағы керек (бұл жерде терминология мәселесін айтып отыр – Ж.С.), – дей келіп, одан әрі латын хәріптерінің қазақ дыбыстарына сәйкес келетіндері, сәйкес келмейтіндерінің орнына қандай хәріптерді қалай өзгертил алған жөнінде толық мәлімет береді. Сонында: «Хәріптерді латынша таңбалаганда біздің тұтқан жолымыз: таңба туралы ауропалықтардан алысқа кетпеске; шама келгенше латын хәрінтерінің Ауропада қолданған мағынасын жоймасқа, белгісіз шатастыратын жаңа таңбалар кіргізбеске; жазуға қындық беретін хәрінітің үстінен, астына нокат, сәкін секілді қосымшалар қоймау болды. Латынның өлген хәріптері қолданылмайды.

Біздің қолданған хәріптердің бәрі де Ресейде бар. Жаңғыз «п» санырау ноннан басқаның бәрі де Ташкентте бар», – деп қорыта келе сонынан жобаның үлгісін береді [3, 197-199 бб].

Ғұламаның осы соңғы сөздеріне, әсіресе, ең соғы абзаңтағы айтылған пікірге байланысты бізге мынадай ой келеді. Шамасы, сол тұстағы Ресей қарамағындағы мұсылман халықтары қолданып келген араб нұскалы әлнібійн (А.Байтұрсынұлы жасаған) латын хәрфіне ауыстыру жөніндегі идея да бұрыннан қалыптасқан империялық жымысқы саясаттың жалғасы болар-ау. Өйткені, кейін біртіндеп орыс графикасына көшіруге араб графикасынан гөрі латын графикасы қоллайтырақ болатыны өзінен-өзі айқын. Себебі, кириллицаның да негізі сол латын графикасында жатыр. Қазақ зиялышарының басым көшілігі осыны түсінген сияқты. Алайда, қашаннан ұсақ ұлттарды ұсынан шығармай, езгілеп келе жатқан алып машинаға қарсы келер кауқар казакта кайдан болсын.

Ал казіргі Егемен сліміздің жеке отау тігіп, жаңа қоғам құруға бет алған кезеңінде латын әліпбіне көшу идеясының алға қойылуының бұрынғыдан өзіндік ерекшелігі бар. Ол жөнінде Елбасының мақаласында да, идеяны қолдауышы қазіргі ғалымдар мен ел азаматтарының пікірлерінде де дәлелді түрде айқын айтылуда.

Сол алғашқы сиездегі мәселелерді талқылауда шығып сөйлеген сөздерінде де, басқа мақалаларында да Халел дыбыстарды дұрыс жазуға байланысты, жат тілдерінен бұрын әуелі өз тілімізді толық зерттеу қажеттігіне байланысты, жат тілдің пән сөздерін (терминдерді) қалай енгізу жөнінде құнды пікірлер білдіреді.

Х.Досмұхамедұлының қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі жөніндегі ойлы пікірі оның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заны» деп аталатын мақаласында айтылады. Бұл макалада айтылған көптеген пікірлері кейінгі ғалымдардың ғылыми еңбектері мен қазақ тілі оқулықтарына арқау болған және қазіргі өмірімізге де қатысты десек артық айтқандық болмас. Сөзіміз дәлелді болу үшін біршама деректер келтірейік:

«...Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жүрттардың тілі бай болады...

Осы күнгі қазақтың әдебиетінде («әдеби тіл» деп жазу тілін айтса керек – Ж.С.) шеттеп кірген сөздер өте көбейіп кетті... Топан суындағы қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей ұмытылуға айналған тіліміздің (қазақ тілі туралы сол кездің өзінде осындағы ой болған – Ж.С.) бір негізгі занын еске салғымыз келеді.

Түрік тілі – жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді... Қазақ-қырғыз сөзінін түбірі не соламайымен жуан айтлады, не соламайымен жіңішке айттылады... Қазактың негізгі жалкы сөзінің түбіріндегі жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстар араласып ұшырамайды. Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) үйқасып айттылуын білім тілінде сингармонизм дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, үйқастық деген мағынада...

Біздің ойымызша, сөздегі дауыссыздар я жарты дауысты дыбыстар үнсіз, мұлде сақау емес, бұлардың аз да болса дауысы бар... Сондықтан біз «дауыстылар гәрмәниесі» дегенниң орнына «дыбыстар гәрмәниесі» деп айтқанды дұрыс көреміз...

Қазақ-қырғыз тіліндегі сөздердің түбірі еш уақытта өзгермейді. ...өзгергенде аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді.

Тіліміздегі қосымшалар: 1) жалғау, 2) жұрнақ, 3) жіктеу болып бөлінеді. Сөздің түбірі жуан айтылса, жалғанған жалғау да жуан айтылады. Сөздің түбірі жінішке айтылса, тіркелген жалғау да жінішке айтылады. Сондықтан жалғаулар қос (вариантты – Ж.С.) болады...

Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ. Сингармонизм тілімізді үйренуге, үйретуге же ілдестіп тұр, жана сөздер тудырып, сөздер қосып, тілімізді байытқанда лактырмайтын (ылағып кету, басқа жаққа ауытқып кету – Ж.С.), адастырмайтын қарақшылы даңғыл қара жол болып тұр...

Қазақ-қырғыз тіліне сіңіп кеткен жат сөздер көп: қала, молда, шілде, әкім... самауыр, Бәселеj, Шодыр, жәшеник, лампы, корпys...

Қазақ-қырғыз тіліне сіңу үшін бұлар танымастай өзгерген. Өзгергенде бұлар қазақ-қырғыз тілінің заңдарына бағынатын болып, алдымен сингармонизм заңына көніп өзгерген. Өзінің заңымен өзертеп қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл – ақиқат нәрсе...

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтеніше жақсы сөйлесен, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтеніше жақсы сөйлесен, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беру зор қата. Бұл оқығандардың һәм окушылардың есінен шықпауы керек.» [3, 165-185 бб].

Осы тұстан тоқтата тұрғанының өзінде мақала көтерген мәселениң дәл қазіргі уақытта латын әліпбіне көшу мәселесін көтеріп отырған біз үшін маңызы өте зор екендігіне сөз жоқ.

Қазақ зерттеушілерінің қай-қайсысы да қазақ тілінің сингармонизм заңы арқылы дамып қалыптасқанын мойындаиды. Бірақ етken ғасырдың 40-жылдарынан бастап кириллицаға ауысу кезінде сөздердің айтылуы (орфоэпия) мен жазылуының (орфография) заңдылықтары қағаз жүзінде арнайы бекітілгенімен (Басында Қ.Жұбанов ұсынған 12 ұстанымның 11-ін Мәскеу бекіткен, кейін әр кезеңде өзгертіліп отырған – Ж.С), бертін келе сырттан келген сөздердің, терминдердің көптеп енуіне байланысты жазу заңдылығына баса назар аударылды. Әсіресе, орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілінен енген сөздердің сол тілде қалай жазылса, солай оқылуы басымдық рөлге ие болды. Бұл ез кезеңінде ұрпақтардың дыбыстыау аппараттарының да біртіндеп өзгеруіне алып келді. Осылайша, бір кезде орыс ғалымдашының өзін тәнті еткен қазақ тілінің үнділігі өз қасиетінен айырылды деуге болады. Ендігі мақсат латын әрпін қабылдау кезінде осы син-

гармонизм заңын басшылыққа алу, соны негіз ету міндеттін іске асыру болуға тиіс деп ойлаймыз.

Ал ен соңғы пікірі (куйініш) туралы айтсақ, бұл – біздің кеңес дәүірінде жұқтырыған, жазылуы қызын ауыруымыздың бірі. Қазіргі кездегі тіл мәселесіне байланысты кедергілердің бірі де осындайлар тарапынан болуда.

Қазақ терминологиясының тарихында өзіндік орны бар Н.Төрекұлұлының «Жат сөздер туралы» деп аталатын Мәскеуде 1926 жылы жарық көрген кітабына пікір білдірген макаласында Халел кітаптағы араб-парсы және орыс тілдерінен енген сөздердің жазылу заңдылықтары жөніндегі ойларынан мысал келтіре отырып, автордың бұл пікірлерін қолдайтынын білдіреді. Мысалы, «Біздің тілегіміз – жат тілдерден кірген сөздердің өзгеру заңын табу... Біз білген тілдерде жат сөздерге қойылған серт заңдай казақ та өз тіліне белгі, көше салып қою керек. Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазактың тұмағын киіп, жалпак қазақ сөзі болып кірсін» деген сөздеріне мән бере отырып қолдау білдіреді. Өйткені бұл Ахмет, Халел, Міржақып т.б. ойшылдардың ортақ пікірі болатын. Халел автордың бұрынғы қазақ тілінде жоқ араб дыбыстары арқылы енген сөздердің қалай өзгергенін тексерे отырып, жат сөздің өзгеру заңдылығын (жазылу заны) шыгарғанын макулдайды. Оған көптеген мысалдар келтіреді және қорытындысында: «Нәзірдің осы кітабы – қазақ әдебиетіне артықша олжа. Бұл кітап әр бір жазушының, тіл тексерушінің, газет-журнал шығарушының, оқытушының қолында болуы керек. Нәзірден енді араб-парсының сөзін тізіп, қазакшаға аударып, бір тілмәш жасап бер деп өтіну керек. Сонда қай сөздің қалай жазылатынын білін алар едік», – деген тілек білдіреді [3, 201-205 бб].

Халел Досмұхамедұлы М.Қашқаридың «Диуан лұғат ат-турк» сөбігі жөнінде де алғаш пікір білдірушінің бірі болды. Онда осы кітаптың қалай табылғаны, оның қай дәуірде жазылғаны, кітаптың авторы жөнінде мәліметтер келтіре отырып, кітаптың Иусуф Хас Хажибтің (Баласағұн) «Құдатқу білік» кітабымен бір шамада жазылғанын айтады. Одан ері кітаптың мазмұнына шолу жасай отырып, сол тұстағы тарихи уақығаларға көз жүгіртеді, салыстыра қарайды.

Сонымен, Халел Досмұхамедұлы өткен ғасырдың басталар тұсындағы орысша оқыған, онысын жеке басының қамы үшін пайдалануға тырысқан кей қазақтың бірі емес, алған білімін қазақ халқының жарқын болашагы үшін арнаған, Кеңес дәуірінің алғашкы кезінде қазақ елінің жеке мемлекет болуы жолында, оның ұлттық қасиет-болмысын, мәдениеті мен салт-дәстүрін (Елбасымыз айтқандай – ұлттық кодты), тілі мен әдебиетін, жалпы ғылымын өркенде туде бар ғұмырын арнап, сол жолда басын бәйгеге тіккен көп тілді (полиглот) ұлылардың бірі болды. Сталиндік зұлматтың құрбаны

болып, еңбектері 70 жылдай тас құлыпта қамалған арысымыздың есімі Тәуелсіздік арқасында ғана ұлықталуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан», 12 сөүір 2017 жыл.
2. Қазақ білімпаздарының тұнғыш сиезі. Баспаға даярлаған Ш.Құрманбайұлы. – Алматы, 2005. – 144 б.
3. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. – Астана: «Астана-Полиграфия», 2008. – 400 б.

(«Саяси құғын-сүргін және ашарышылық құрбандарапын еске алу күніне» арналған «Тарихи жады және тағыым – рухани жаңғырудың негізі» атты Халықаралық форум аясында откен конференцияда оқылған баяндама. Қызылорда, 30 мамыр, 2017)

Рухани жаңғырудың басты кілті – латын әліпбііне көшу

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Егемен Қазақстанда» жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын оқып талқылай отырып, саяси, экономикалық жаңғыру барысында әлемге өзін барлық жағынан танытуға қол жеткізген еліміздің жаңа болашаққа нық қадам басуының тағы бір басты шарты «рухани жаңғыру» екенине сенімді түрде көз жеткіздік.

Нұрсұлтан Әбішұлы мақаланың кіріспесінде Егемендік алып, еңсесін көтергеніне ширек ғасыр ғана болған еліміздің қол жеткізген табыстарына шолу жасай келе, ендігі басты мақсат – ұлттымызды үй-истырудың басты жолы болып табылатын «тұтас қоғамның және әр-бір қазақстандықтың санасын жаңғырту» екенін атап көрсетеді және еліміздің бұдан байлайғы дамуы әлемдегі дамыған елдердің қатарына ілесуімен, соларға терезесі тенелуімен байланысты екенін баса айтады. Ал бұл жағдайда өткен қоғамда қалыптасып қалған ескі сананы жаңаша өзгертудің мәні зор. Алайда, еліміздің болашағы тек сананы өзгертумен ғана емес, сол өзгерісті елдің дамуы жолында қандай істерге, қандай міндеттерді шешуге пайдалану қажеттігі де осы мақалада айқын көрсетілген. Соның ішінде Елбасы «латын қарпіне» көшу мәсеселесін бірінші орынға қояды да, ол іске биылғы жылдан бастап кірісу қажеттігін үкіметке жүктейді [1]. Бұл тіл мәсеселесімен айналысып келе жатқан және осы мәселе козғалған кезден бергі кезеңде үнемі оны қолдаушылар жағында болған тіл жана шырларын қуантып-ақ таставды.

Латын әліпбііне көшуді қолдаушы ретінде біз де кезінде Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің 2009 жылғы 14 қаңтардағы нөміріне «Қазакка ұлттық жазу таңбасы керек» деген мақала жариялаптыз. Бұл

мақала Елбасының Қазақстан халықтары Ассамблеясының II құрылтайында осы мәселеге назар аударуына байланысты жазылған еді. Осында айтылған кей пікірміздің қазір де маңызын жоймағандығына өкірманның назарын аударғым келеді. Мақалада әр мемлекеттің дербестігін айқындайтын рөміздері – Елтаңба, Ту, Әнұраны болатыны тәрізді сол мемлекеттің иесі болып табылатын халықтың ұлттық тілін жазбага түсірептін өзі таңдаған әліпби таңбасы да болуға тиіс екендігін айттыптыз. «Латын қарпіне көшү не үшін қажет?» деген сұрақ қойып оған: «1. Қазақ тілінің басқа да ұлттардың тілі тәрізді дербес тіл екендігін және мемлекеттің өзінде әлемдегі кез келген тәуелсіз мемлекеттердің бірі екендігін айғақтау үшін; 2. Қазақстанның әлемдік дамудан өз орнын алуды үшін қажет; 3. Тұыстас түркі әлемімен барынша жақын қарым-қатынас жасау үшін; 4. Еліміздегі түрлі ұлттардың өкілдерін мемлекеттік тілді үйрену арқылы топтастыра тұсу үшін; 5. Ғылым мен техниканы терең менгерген, тілін, елін сүйестін, Қазақ мемлекеттің келешек тірегі болатын қазіргі жас үрпактың болашағы үшін қажет» – деген жауаптар берілпіз [2]. Мүмкін, бұл ойымызды қазіргі кезеңге сай толықтыруға да болар, ейтсе де, негізінен, бұдан 8 жыл бұрын айтылған осы шікірмізден қазір де айнымайтынымызды білдіргіміз келеді және жоғарыдағы сұрақты, басқа бір қырынан «Латын қарпіне көшуден не ұтамыз?» – деген ыңғайда қойып көрсек, оған былайша жауап береді:

1. Қазақ тілінің қалыптасуы ауызша айтылумен байланысты болған-дыхтан, дыбысталуы жағынан үнділігі басым болған. Сондықтан дыбыстардың үнгे жақын жұмсақ айтылуынан құлаққа жағымды, түсінуге женіл, жүрекке жылы тиетін сөздер құралған. Кезінде бұған орыс миссионерлерінің өздері де таңқалғаны белгілі. Осы жағынан келгенде басым көбі қатаң дыбыстардан тұратын кириллицадан гөрі, латын әріптерінің дыбысталуы бізге жағын келеді. Осы арқылы тіліміздің байырғы дыбысталу қалпын тез болмаса да, жылдар өткен сайын біртіндеп қалыпқа келтіру мүмкіндігі пайдалады.

2. Кезінде кириллицаға көшү барысында жасалған жазу және айтылым заңдылықтары дұрыс сақталмады. Жазу заңдылықтары әр кезеңде өзгерумен болды және ол мезгіл өткен сайын қалай жазылса, солай айту белен ала берді. Осының әсерінен біздің тіліміз үшін ең қажетті болып табылатын айтылым заңдылығы мүлдем сақталмаға айналды. Біздіңше, латын әрпіне көшү барысында жазуға қатысты басы артық ережелер қысқарып, айтылым заңдылығына басымдық беріледі. Ол қазақ дыбыстары мен буындарының үндесімдік касиетін (сингармонизм заңы) сактауга көмектеседі.

3. Бір ғасыр бойы пайдаланылып келе жатқан кириллица қазақ халқының дыбыстау аппараттарын мүлдем өзгертіп жіберді. Сол дыбыстау аппараттарын да біртіндеп қалыпқа келтіруде латын әліпбійінің әсері болады деп есептейміз.

4. Осы негізде жаңадан енген шеттілдік терминдердің де қазақша оқылып айтылуына жол ашылады.

Әрине, бұл айтылғандардың бәрі де болашақта іске асуға тиіс болжамдар болғандықтан, басқа жүртты күмәнді ойларға жетелуеі әбден мүмкін. Сондықтан да, осы мәселе алғаш сөз болғаннан бастап «әрі тарт та, бері тарт» талай көзкарастар мен қарама-қайшы пікірлер болғаны есімізде. Тіпті, карсылық білдіріп, Елбасының, Парламенттің, бүкіл қазак халқының атына 66 адамның қолымен Ашық хат жазған зиялыш қауым тобы болғанын да білеміз. Ондай пікірдегілер, мәселенің шешілудің күмәнмен қараушылар қазір де бар. Ол күмәндердің бірсыншырасы әріп пен тілді шатастырудан пайда болған. Ал бірсыншырасы қарапайым халықты ойландыратын ортақ күмәндар. Олар мыналар:

1. Латын әліпбіне көшу ана тілін оқып үйренуге кедергі келтіреді, қыындық туғызды, ана тілінен айырылып қалуға әкеледі.

2. Ұлттар арасын алшақтатады, тіпті бір қазақтың езін екіге бөлінуге алып келеді, өйткені орыс тілді қазақтар әлі де баршылық.

3. Кириллицамен оқытындар (орыс мектептері) қалай қылады?

4. Ұрпақ әдеби-мәдени байлықтарымыздан ажырап қалады.

5. Мамандар жоқ, әдеби байлықтарды кім аударады?

6. Көп қаражатты қажет етеді, онсыз да халық тұрмысы жақсарып кеткен жоқ.

7. Бұл жеке бір адамдардың (ғалымдардың) ез атақ-абыройын, дөрежесін сақтап қалу үшін жасап отырган әрекеттері т.б.

Жаңалық болған жерде мұндай күмәндердің, қарсы пікірлердің болуы да заңды. Бірақ осы күмәндердің бәрін де сейлтетіндей уәжді Елбасының макаласын тереңірек талдап түсініп окуға тырысу арқылы табуға болады. Бір ғана мысал – Елбасының «жаңа әліпбіге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады» деген сөзі. Онда уақыттың шегі көрсетілмеуінің өзінде мән бар.

Біздің оймызыша, ұлттың, елдің келешегін ойлаған, көзі ашық, көкірегі ояу азamat латын әліпбіне көшу идеясын қаласа керек деп ойлаймыз. Бұл жерде үйрену қыындығы, қаражат қыындығы, тағысын-тағылар екінші кезекке қалдырылу қажет те, бірінші кезекте елдің, тілдің тәуелсіздігі мен содан туындағының қажеттілік және тәуескел тұруы керек. Әрине, кай уақытта да өтпелі кезеңін қыындығы болмай тұрмайды. Оның талайын халқымыз қара нардай қайыспай көтеріп алған, бастан өткізген, әлі де өткізіп келеді. Алайда, осыдан жиырма жыл бұрынғыға қараганда әлдекайда жақсымыз, шүкіршілік жасауға болады. Әріп өзгертудің алғашқы кезеңінде де тұрлі қыындықтар болуы әбден заңды. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынулы да: «...әріп алмастыру деген женіл мәселе болып шықпайды. Бұл – ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске ала отырып шешетін мәселе. Устін қарап, ат үстінен

айткандай, сөзбен, жесіл шеше коятын мәсселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәсселе», – деген болатын [3, 401-б.]. Әрине, осы сөздің айтылған уақыты мен сол тұстағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын қазіргімен салыстыруға мүлдем келмейді. Шүкір, ғұлама айтқан көптеген қыншылықтарды болдырмау, болып жатса, тез арада жесу мүмкіншіліктері бізде әлдекайда мол. Тек, Аханың жөнс оның замандастарының осы бағытта айтқан кей ескертпелері мен ұсыныстарын да жұмыс барысында кеперімізге ала отырғанымыз артық болмайтын тәрізді.

Сонымен, қазақ үшін әріп аудиостору болмай қоймайтын құбылыс және оған латын әрпі ғана лайықты екені анықталды және оның орындалу мерзімі мен атқарылар жұмыстар да Елбасы тарарапынан белгіленіп берілді. Ендігі мақсат уақыт оздырмай іске кірісу. Истің басталуы латын графикасына негізделген жаңа қазақ алфавитін жыл аяғына дейін бекіту екені белгілі. Осылан байланысты да өз пікірімізді білдіре кеткенді орынды санаймыз.

Осы кезге дейін бізге, Х.Досмұхамедұлы ұсынған ең алғашқы жобаны ескермегендеге (1926 ж.), академик Ә.Қайдардан басталған талай жобалар таныс. Алайда, олардың ішінен белгілі ғалым Әлімхан Жұнісбектің жобасын жеке өз басым құптаймын. Себебі, біріншіден, жобаның авторы филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Жұнісбек өзінің ғылыми өмірін тек қана қазақ фонетикасына арнап келе жатқан, өзіндік мектебін қалыптастырыған бірден-бір фонетист-ғалым. Ол – біз пайдаланып келе жатқан кирилл әрпінің де қыр-сырын түгел тексеріп қаныққан, соның нәтижесінде қазақтың айтылым фонетикасын жаңа технология негізінде зерттең дәлелдеген ғалым. Сондықтан, «тауық сойғызысақ та, қасапшыға сойғызғанымыз» дүрыс деп ойлаймын. Екіншіден, бұл жоба бір кезде А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы т.б. алаш арыстары қолдаған әліпбіге, саны жағынан болсын (26 дыбыс), қазақтың төл дыбыстарының үніне сәйкестігі жағынан болсын (қатаңнан гөрі үнді дыбыстар басым), жазуға ықшамдылығы жағынан болсын барынша жақын келеді және казіргі компьютерлік техникаларда пайдалануға сәйкестігі тұрғысынан да ынғайлы. Әрине, мұнда күмән туғызатын екі дауыссыз дыбыс – Й (ЫЙ) және Ү (ҰҮ) бар (Бұл жерде ғалым алаш арыстарының пікірлерін ескерген, өйткені дәл осы екі дыбыстың ерекшелігі туралы жоғарыда аталған алғашқы сиезде көп талқыланған болатын), оны жазуда айтылу заңдылығына сәйкес етіп жазу ережесі арқылы (мысалы: қый-ын, кій-ін, ұу-ық, ке-ліу т.б.) реттеуге болады.

Ал, соңғы ұсынылған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының жобасы да, түптен келгенде, Ә.Жұнісбек жобасын негізге алған. Оның ерекшелігі – орыс тілінде кездесетін төрт дыбыстың – В, Ф, Х, Ч дыбыстарының қосылуында. Бұл жо-

баның иелері, шамасы, біріншіден, қазір арамызда кездесетін орыс тілді қазақтарға және орыс тілін пайдаланатын басқа ұлт өкілдеріне «жанашырлық» білдіруге тырысқан сыңайлы. Екіншіден, шет тілдерінен енген терминдердің жаңа әліпбі арқылы айтылып, жазылуына күмән көлтіргендіктен де, соны шешудің жолын осылай реттеуге тырысқан болуы мүмкін. Біздің ойымызша, біріншіден, осы жоба латын әліпбіне көшу турасындағы дауды өршіге түспесе, кеміте алмайды, онсыз да сылтауы көп «желөкпелердің» қолтығына су бүркіп жіберуі әбден мүмкін. Екіншіден, атапмыш төрт дыбысты, қазақтың байырғы айтылу зандылығы негізінде қалыптасқан, Ә. Жұнісбек жобасында бар дыбыстармен алмастырып айтуда да, жазуға да болады. Ойткені, біздің жаңа әліпбиге көшүдегі мақсатымыз – шет тілдерінен енген қандай сөз болмасын, ауызша айтылу негізінде қалыптасқан (дәстүрлі фонетика) ынғайында айтып, жазуға бейімдеу. Мысалы, *самауыр, бәтіңке, үтік, керует, Мәскеу, болыс, шенеунік т.б.* сияқты. Осыған байланысты, бұл мәселеге қатысты ой білдірушілер алдымен, осы іске әу бастан етене араласып, жанашырлық білдіріп жүрген филологияғылымдарының, докторы, профессор Ш. Құрманбайұлының баспаға даярлап ұсынуымен шығарылған «Қазақ білім-паздарының тұнғыш сінезі» атты (Алматы, 2005) кітапты оқып, ондағы осы мәселеге байланысты Алаш ғұламаларының пікірлерін және олардың соңғы кезде баспадан шығып жатқан еңбектерін бір шоюп етсе дұрыс болар деп ойлаймыз.

Әліпби бекітілгеннен кейінгі кезекті және ең қындығы мол, даулы мәсселе – айтылу және жазылу ережелерін мен зандылықтарын даярлау болып табылады. Мұны даярлау кезінде де авторлар Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақша сөз жазушыларға» [3], Халедің «Қазақ-қыргыз тіліндегі сингармонизм заңы» [4, 165], Нәзірдің «Жат сөздер туралы» [5] тағы да баска сол тұстағы арыстардың осыған ұқсас еңбектерінде айтылған ой-пікірлерін сын көзben таразылай отырып, қажетіне сай ескерген дұрыс болар деп есептейміз.

Осы жұмыстардың эрі қарай үзіліссіз жалғасын табуы, айналып келгенде, кадрларды даярлауға келіп тіреледі. Әліпби бекітіліп, жазу емлесі даярланған алғашқы күннен кадр даярлауды қолға алу қажет. Ол үшін жоғары және орта арнаулы оку орындарында, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, тілдерді үйрету орталықтарында арнаулы, электропроекторлар, семинарлар ашылуға тиис. Жұмыс алдымен мектеп мұғалімдерін арнағы курстардан өткізуден басталуы қажет. Онда латын әрпін, жазу ережелерін менгерген мұғалімдер өздерінің сабактарындағы практикалық жұмыстардың 5-10 минутын оқушыларына осы әрпіті жаттығу үстінде үйретуге және сабактан тыс уақыттардағы қосымша (факультатив) сабактарда үйретуге арнаса болар еді. Осы жұмыс бұрынғы қалыптасқан кириллицалық жазу жүйесімен қатар

жүріп отыrsa, латын әліпбійн тез үйренін алу қиындыққа сокпайды деп ойлаймыз. Осындай жұмыстар арнаулы орта және жоғары оқу орнының білім алушыларына да жүргізілсе құба-құп.

Сонымен, еліміздің, ұлттымыздың болашағы үшін бір ғасыр бойы арман болып келе жатқан қажетті де маңызды іс басталды. Ал оны байыбына барып, «бір жағадан бас, бір жеңін қол шығара» отырып, жетесіне жеткізе орындауда өз үлесін қосу Қазақ елінің әр азаматының міндетті деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. // «Егемен Қазақстан», 12 сәуір 2017 жыл.
2. Сәдуақасұлы Ж. Казаққа ұлттық жазу танбасы керек. // «Сыр бойы», 14 қаңтар 2009 жыл.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 б.
4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. – Астана: «Астана-Полиграфия», 2008. 400 б.
5. Төрекұлұлы Н. Жат сөздер туралы. – Астана, 2006. – 72 б.

Мазмұны

Тенізде туып, қырда өскен...	3
------------------------------	---

I бөлім. Ғылыми-зерттеу және әдістемелік еңбектер

Қазақ тіліндегі бір негізді сөйлемдер (етістік бас мүшелі түрлери мен типтері)	10
Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	173
Қ.Жалайыри: Жами-ат Тауарих (Жай сөйлем синтаксисі)	227
Тілдік талдау практикумы (Оқу құралы)	267

II бөлім. Мақалалар мен баяндамалар

Қазақ тілі пәнін жоғары оқу орындарында жанаша оқыту мәселелері	384
Қ.Нұрмаханов аудармаларының тілі	387
Күрделі омонимдес жүрнақтардың құрамы мен сөзжасамдық қызметі жайында	393
Қазаққа ұлттық жазу таңбасы керек	398
Қызылорда облысының топонимикасы (қысқаша шолу)	402
Мәтін құрылымындағы ой мен тіл бірлігі	421
Бай тіл, шешен тіл, мәдениетті тіл – журналистиң жан серігі	425
Қызылорда облысы топонимдерінің жасалымдық сипаты	429
Абай аудармаларындағы тілдік қолданыстар	435
Базар жырау шығармаларының лексикалық қабаттары	439
А.Байтұрсынұлы және қазақ синтаксисі	452
М.Дүйсенов шығармаларының кейбір лексикалық ерекшеліктері	457
Тіл байлығы туралы теңдессіз еңбек	463
Ә.Қоңыратбаев – көркем тілдің шебері	472
Абыз ғалымның теңдессіз еңбегі жайлы бірер сөз	478
Бұрынғы айтыстардағы кірме сөздер қолданысы	484
Жанқожа батыр туралы жырлардың кейбір тілдік ерекшеліктері	490
Сөз саптаудағы самарқаулық	495
Балаға ат қою және қазақша құжаттандыру – жауапты іс	500
Дәстүрлі әдістер мен жаңа технологиялар сабактастығы	505
Сардары синтаксистің – Сайрамбаев	511
Алаш арысы Х.Досмұхамедұлы тіл туралы	515
Рухани жаңғырудың басты кілті – латын әліппиіне көшу	521

Жеңіс Сәдуақасұлы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРИ

*Fылыми-зерттеу, әдістемелік
еңбектер мен мақалалар жинағы*

Тех. редакторы Б. Қосдаулетов

Теруге 24. 08. 2017 берілді.
Басуға 10. 09. 2017 қол қойылды.
Пішімі 60x84. 1/16. Офсеттік басылым.
Карп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 30,7
Таралымы 500